




Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім
министрлігі



«ӘЛИХАН ОҚУЛАРЫ – 2023

АЛАШ МҰРАСЫ: ТАҒЫЛЫМ ЖӘНЕ САБАҚТАСТЫҚ»
Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы

The International scientific-practical conference

"ALIKHAN READINGS - 2023

ALASH HERITAGE: KNOWLEDGE AND SUCCESSION

Семей

14.04.2023

Semey

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY**



**«ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ОҚУЛАРЫ - 2023» АЛАШ МҰРАСЫ:
ТАҒЫЛЫМ ЖӘНЕ САБАҚТАСТЫҚ»**

халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдары

The International scientific-practical conference
**«ALIKHAN BOKEIKHAN READINGS-2023 ALASH HERITAGE:
KNOWLEDGE END SUCCESSION**

**ZHARDEM
SEMEY
2023**

УДК 94 (574):061.3
ББК 63. 3(2)6
Ә 54

Жалпы редакциясын басақарған «Alikhan Bokeikhan University» білім беру мекемесі
ректоры, саясаттану ғылымдарының докторы, профессор,
Құрманбаева Ш.А.

Ф.ғ.д. Әбікенова Г.Т., ф.ғ.к. Төлебаева Қ.Т., ф.ғ.к. Доскеева Ш.А., ф.ғ.к. Секей Ж.,
ф.ғ.к.Әбікенова Г.Т., PhD Мүрсәлім Г.О., PhD Садықова Р.Т., ф.ғ.к., Айтова Ж.Ж., аға
оқытушы Құдайбергенов А.Қ., аға оқытушы Кәкімжанова Ә.Л.

РЕЦЕНЗЕНТ:

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
доценті, филология ғылымдарының кандидаты Қалиева А.Қ.

Ә 54

«Әлихан Бөкейхан оқулары - 2023» Алаш мұрасы: тағылым және сабақтастық»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдары. «Alikhan Bokeikhan
University» білім беру мекемесі. Абай облысы Семей қаласы. Семей: «Zhardem»
республикалық баспа компаниясы. 14 сәуір 2023 жыл, - 584 бет.

ISBN 978-601--337-756-5

Жинаққа «Әлихан Бөкейхан оқулары - 2023» Алаш мұрасы: тағылым және
сабақтастық» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдары енді. Алаш
қайраткерлерінің әдеби, тарихи, ғылыми мұралары және Әлихан Бөкейханның шығармалық
мұрасын зерттеудің және қоғамдық-гуманитарлық, экономикалық ғылымдар саласында,
білім беру технологиясы мен оқытудың өзекті мәселелерін көтерген.

Жинақ материалдары жоғары оқу орындары оқытушылары, ғылыми қызметкерлер,
студенттер, магистранттар мен докторанттарға арналған.

The collection includes materials of the international scientific and practical conference
«Alikhan Bokeikhan readings-2023» legacy of Alash: science and continuity». He raised topical
issues of studying the literary, historical, scientific heritage of Alash figures and the creative
heritage of Alikhan Bokeikhan in the field of social and humanitarian, economic sciences,
educational technologies and training.

The materials of the collection are intended for teachers of higher educational institutions,
researchers, students, undergraduates and doctoral students.

*Конференцияға жіберілген материалдар өңделмейді, пікір берілмейді және
қайтарылмайды. Конференция жинағына келген материалдар тікелей көшірілгендіктен,
баяндама материалы түпнұсқа болып есептеледі. Редакция алқасы авторлар ұсынған
мақаланың мазмұндық сипатына жауап бермейді.*

*Materials submitted to the conference are not processed, reviewed, or returned. Since the
materials included in the conference collection are directly copied, the report material is
considered original. The editorial board is not responsible for the content of the article submitted
by the authors.*

ISBN 978-601--337-756-5

УДК 94 (574):061.3 ББК 63. 3(2)6

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ
«Zhardem» республикалық баспа компаниясы. 2023

ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗ

*Қадірменді зиялы қауым!
Құрметті қонақтар!*

«Әлихан Бөкейхан оқулары – 2023» Алаш мұрасы: тағылым және сабақтастық» атты конференцияға қош келдіңіздер!

Қазақ үшін «Алаш» сөзі тәуелсіздік, азаттық ұғымдарымен астасып жатыр. Себебі, еліміздің Алаш мұрасымен қауышып, Алаш қайраткерлерін ақтай бастауы, білім және ғылым кеңістігінде кеңінен қолдануы егемендік жылдарымен келген жарқын сәттер.

XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының ұлттық жаңғыруы мен жалпыхалықтық серпіліс кезеңі – Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш қозғалысымен тікелей байланысты. Әлихан Бөкейхан өр тұлғасының ұлттық масштабтағы мемлекеттік қайраткер деңгейінде қалыптасуында Семей–Алаш қаласының да орны айрықша.

Кешегі Әлихан бастаған Алаш қайраткерлерінің арманы халықты білім мен ғылымға, мәдениетке баулу болды. Және де саналы ғұмырларын осы жолда сарп еткен ұлт зиялыларының төңкеріске дейінгі және кейінгі қызметі ағартушылық бағыттан айныған емес.

Бүгінгі конференцияның мақсаты, Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш зиялыларының ұлтына қызмет ету жолындағы тарихи тағылымын насихаттау, үзілген сабақтастықты жалғастыруға ықпал ету деп білеміз.

XX ғасыр басындағы Алаш мұрасын қазіргі Жаңа буынның талабына сай қажетіне жарату мәселелесінің бағыт-бағдары қандай деген сұрақтың жауабын профессионал алаштанушы ғалымдарымыз ортаға салды.

Кезінде Әлихан Бөкейхан «Қазақ» газетінде Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовқа арнап: «Күнді көре білетін ұрпақ сендерді зор құрметпен, ризашылықпен еске алатын болады», - деп жазды. Сол дәуір перзенті айтып кеткен «Күнді көретін» рухани биіктікті жаңаша ой елегінен өткізудің өзектілігі сөзсіз. Ұлт ғұламасының есімін иелену – университет үшін ұлтқа қызмет қылудың өміршең өнегесі, үлкен жауапкершілік.

«Алаштану» ғылыми-зерттеу орталығы Семей қаласында өткізілген Алаш қозғалысына қатысты ауқымды іс-шаралар мен жарық көрген іргелі ғылыми еңбектердің негізгі үйлестірушісі екенін атап айтқым келеді. Қазіргі уақытта «Алаштану» ҒЗО аясында университет ғалымдары өңірдің XX ғасырдағы ақтандақ тарих беттерін зерделеуге атсалысуда. Университетіміз Әлихан Бөкейхан тұлғасына қатысты ғылыми зерттеулер салмағы еселене түсуде. Бүгінгі конференция да осындай игі шаралардың жалғасы болып отыр.

Конференцияның тақырыбы, оған қатысушы зиялы қауым өкілдерінің жоғары деңгейі - бұл ғылыми бас қосудың табысты болатынына үлкен сенім ұялатады. Конференция жұмысына сәттілік тілеймін!

Alikhan Bokeikhan University ректоры Ш. Құрманбаева

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС БАЯНДАМАЛАРЫ

**БАТЫСТА ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН МЕН АЛАШ
ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР, ЖАҢА ДЕРЕКТЕР**

*Гүлжанат Құрманғалиева-Ерджиласун**,
тарих ғылымдарының докторы,
Анкара Қажы Байрам Уәли университетінің профессоры,
Анкара, Түркия

Бұл мақалада Алаш және Әлихан Бөкейхан туралы Батыста жүргізілген және жарияланған зерттеулер қарастырылады. Мақалада мағлұматтар хронологиялық ретпен беріліп, алдымен қазірге дейін беймәлім болып келген ең алғашқы деректер талданады. Сондай-ақ, кейінгі жылдарда Батыстағы ғылыми орталарда кеңінен таралған таңдамалы кітаптар тілге тиек етіледі. Батыста жарық көрген көптеген еңбектерде Алаш қозғалысының тарихы, ұлт-азаттық қозғалысының негізін салған көшбасшылары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы сынды зиялылар туралы дерек, мәліметтер жазылған.

Аталған тақырып аясында ұзақ уақыттан бері жүргізілген ізденіс нәтижесінде (Құрманғалиева-Ерджиласун, 2021: 43-47) жуықта тағы тың мағлұматтарға қол жеткізілді. Бұл деректер 1929 және 1937 жылдарында Алаш арыстарының Батыста танылғанын айғақтайды. 1929 жылғы ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлына байланысты құнды дерек Алманиядан (Германиядан) табылды. Германияда құрылған *Zeitschrift der Deutschen Morgenländischen Gesellschaft* атты Неміс Шығыс қоғамы журналының 2-санында жарияланған *Шығыс халықтарын зерттеу қоғамы кітапханасы қорына 1929 жылының ақпан-мамыр айларында қосылған жаңа кітаптар нұсқаулығы* (“Zugangsverzeichnis der Bibliothek der D. M. G. Februar bis Mai 1929”) өте қызықты. Бұл каталогқа енген жаңа кітаптардың арасында “Түрік халықтары” деген тақырыпша берілген. Осы тізімдегі кітаптар арасында Ахмет Байтұрсынұлына тиесілі екі кітап бар. Бұл кітаптардың алғашқысы – Ахмет (Ақымет) Байтұрсынұлының 1924 жылы Орынборда басылған «Тіл-құрал» атты қазақ тілінің грамматикасына қатысты еңбегі. Екінші кітап болса, 1925 жылы Орынборда басылған Ақымет Байтұрсынұлы мен Телжан Шонанұлының 412 беттік «Оқу құралы. 3.-4. жылдарда оқылатын кітап» (*орфография сақталды* – ГКЕ) атты еңбегі. Бұл каталогтың маңыздылығы – ұлт ұстазының басына іс түсіп, Сібірге жер аударылған 1929 жылына тұспа-тұс келуі. Дәл осы жылдары Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми еңбектерінің КСРО шекарасынан тысқары жерлерге таралғаны және Германиядағы шығыстану тұрғысынан аса маңызды кітапхананың қорына енгені өте мәнді.

Ал 1937 жылғы Батыс Еуропада жазылған Алаш туралы мағлұматқа келетін болсақ, Йоханнес Бенцинг (1913-2001) деген неміс ғалымының *Die Welt des Islams* (Ислам әлемі) журналында жарияланған *Түркістан халықтарының тәуелсіздік күресі* (“Das turkestanische Volk im Kampf um seine Selbständigkeit”) атты мақаласы. Ақиқатында, бұл Батыстағы алғашқы зерттеулердің бірі деп санауға болатын тарихи маңызы зор, өте құнды еңбек. Осы мақалада автор Абылай хан, Кенесары хан сынды мемлекет қайраткерлерінің қазақ тарихы тәуелсіздік күресіндегі рөлі туралы да сөз қозғайды (Benzing, 1937a: 97-98). Мақаласында алдымен патшалық Ресей дәуіріне, сосын 19 ғасырдағы саяси ұлт-азаттық күрестерге тоқталады, содан кейін Түркі халықтарындағы ішкі өзгерістерге, қоғамдағы модернизация процестеріне, 20 ғасырдың басындағы баспасөзге және зиялылардың халықты ояту үрдісіне көңіл аударады. 1916 жылғы көтеріліс тақырыбына ерекше назар аударып, жалпы Түркістан халықтарындағы бұл қозғалысқа баға береді. Мақалада автор 20 ғасырда орын алған

* Ankara Hacı Bayram Veli Üniversitesi, g.ercilasun@hbv.edu.tr; Orcid ID: 0000-0003-3945-7238

оқиғаларға, Алаш қозғалысы мен Алаш зиялыларының саяси қызметі мен зерттеулеріне де тоқталып, талдау жасаған.

Зерттеуші Йоханнес Бенцинг: “1916 жылдың көктемінде-ақ патша үкіметі осы уақытқа дейін әскери қызметтен босатылып келген халықтарды әскерге шақыруды жоспарлап отыр деген қауесет тарайды. Бұл мәселе 1916 жылғы 25 наурызда Мемлекеттік Думаның жасырын отырысында талқыланған деседі. Бірақ қазақтардың жаяу әскерге немесе атты әскерге қосылуы туралы мәселе ‘Қазақ’ газетінің 1916-жылғы 25-қаңтардағы санында талқыланғанына қарағанда, бұл іс одан да ертерек жоспарланған сияқты. Бұл жөнінде мағлұмат алу үшін Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсын және Н. Бейімбет 3 ақпанда Петерборға барып, әскери министр Поливановқа жолықты”, – деп жазады. Еңбектің тағы бір жерінде мынадай пікір білдіреді: “Алаш қайраткерлері... қазақтардың әскери қызмет атқаруын, еуропалық қару-жарақ пен ұрыс әдістерін білулерінің өте маңызды екенін білді... Наурыздың 9-ы күні қазақтардың әскери қызмет атқарса елге пайдалы болатынын, 8-сәуірде болса бұл мәселені тез арада шешу керектігін жазды” (Benzing, 1937a: 116-117). Зерттеуші қолына жеткен материалдарды игере отырып, Батыс Еуропаның ғылыми қауымына өзінің тұжырымын білдіріп, патшалық Ресей отарлауындағы Түркістан халықтарының өміріне баға берген. Сонымен қатар, мақалада патшаның соғысқа алу жарлығына қарсы жазда көтеріліс толқынының бірте-бірте жайыла бастағаны жайында айтылады. Осыдан кейін “1916-жылы 30-тамызда Байтұрсын мен Бөкейхан Орынборда Торғай, Орал, Ақмола, Жетісу облыстарының ‘Алаш Орда’ өкілдерінің конференциясын шақырып, ахуалды және қабылданатын шараларды талқылаған болатын”, – деп жазады (Benzing, 1937a: 124-125).

Бір қызығы, Бенцинг 1916 жылғы оқиғаларда да “Алаш Орда” терминін қолданады. Бұған қоса мақалада Алаш қозғалысы, оның басылымдары, зиялы қауым өкілдерінің есімдері жиі аталған. 1937 жылы Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынұлы сынды қазақтың біртуар азаматтары ату жазасына кесілген еді. Тура сол уақытта Германияда шыққан ғылыми мақалада олардың есімдері аталып, күрестерінің талдануы да аса ерекше маңызға ие. Кеңестік билік Алаш арыстарының атын, мұрасын ұмыттыруға тырысқанымен, шет елдерде олар туралы алғашқы әрі көлемді зерттеулер жазылып, ғылыми зерттеу нысанына айналып кеткен еді. “Алмас пышақ қап түбінде жатпайды” деген қанатты сөздегідей, Алаш зиялыларының еңбектері мен күресі шет елдік ғалымдарды да қызықтырған.

Йоханнес Бенцинг “Bolschewismus, Turkvölker und Islam. Ein Beitrag zur Nationalitätenpolitik des Bolschewismus” (Большевизм, түркі халықтары және ислам. Большевизмнің ұлт саясатына әсері) атты мақаласында түркі халықтарының ішінде қазақтардың жағдайы туралы да айтып өтеді. Кеңес Одағында «ұлтшылдар» мен «пан-исламисттер» деген айыптаулардың жалғасып, оларға қарсы жаңа науқанның қайтадан үдей түскенін жазады (Benzing, 1937b: 188, 193-194).

Осы орайда, зерттеуші Йоханнес Бенцингтің бұл мәселелерге қалайша қанық болғаны да қызығушылық тудырады. Бенцинг Берлинде тұратын түркістандықтармен (орта азиялықтармен) және Еділ-Жайық өңірінен келген татар оқығандарымен танысып, олармен тығыз ғылыми және достық қарым-қатынас орнатқан. Сонымен қатар, олардан түркі халықтарының тілін, мәдениетін, фольклорын үйренген. Осы достарының арасында белгілі татар зиялысы Аяз Исхакидің қызы, атақты түрколог ғалым Саадет Исхаки Чағатайдан татар тілін үйреніпті. Неміс ғалымы 1939-жылы докторлық диссертациясын тәмамдап, кейін атақты түрколог және дипломат болған (Yüce, 2020: 184). Кезінде Йоханнес Бенцингдей танымал түркологтың докторанты болған профессор Невзат Гөзайдын (Gözüydin, 2001) мен ғалымның жақын танысы әрі әріптесі болған Нұри Йүже (Yüce, 2020) Бенцинг туралы құнды естеліктер мен өмірбаяндық сипаттағы шолу мақала жазған болатын.

Әлихан Бөкейхан және Алаш қозғалысы туралы Батыста зерттеулер жалғасып отырған. Бұл тақырыптағы ең көлемді және терең зерттелген еңбектердің бірі – 1964-жылы Парижде жарыққа шыққан “*La Presse et Le Mouvement National chez les Musulmans de Russie avant 1920*” (1920-жылға дейінгі Ресейдегі мұсылмандар арасындағы баспасөз және ұлт-азаттық қозғалыс) деп аталады. Кітаптың авторлары – Александр Беннигсен (Alexandre

Bennigsen) және Шанталь Лемерсиер-Келькеджей (Chantal Lemercier-Quelquejau). Бұл еңбекте, жалпы Алашқа, әсіресе Әлихан Бөкейханға қатысты өте көптеген мағлұматтар бар. Мысал үшін: Алаш идеясы туралы түсінік және талдау жасалған, “Қазақ” газетінің қазақ қоғамындағы рөліне үлкен баға берілген. Сондай-ақ, бұл кітапта “Қыр баласы” – Әлихан Бөкейханның псевдонимі деп белгіленген. Аталған кітапта Әлихан Бөкейханның публицистикалық қызметтеріне де ерекше көңіл бөлінген. Әлихан Бөкейханның туған жылы, туған жері және дүниеден өткен жылы сияқты ғұмырнамалық мәліметтерде олқылықтар болса да (Bennigsen – Lemercier-Quelquejau, 1964: 148), мағлұмат беру жағынан, сондай-ақ, талдау жағынан, бұл кітап – маңызды еңбектердің бірі. Әсіресе, бұл кітап таралымы және көп оқылуы жағынан айрықша орынға ие.

Александр Беннигсен және Шанталь Лемерсиер-Келькеджей жазған бұл іргелі еңбекте иллюстрациялар бар. Бұл қосымшада ХХ-ғасыр басындағы түркі халықтарында саяси және ғылыми қайраткерлігімен тарихтан ойып тұрып орын алған алты аса көрнекті тұлғаның суреті берілген. Бұл жерде Әлихан Бөкейхан мен Міржақып Дулатұлының суреттері де орын алған.

Bennigsen, Alexandre – Chantal Lemercier-Quelquejau, “*La Presse et Le Mouvement National chez les Musulmans de Russie avant 1920*”, Paris: Mouton & Co, 1964: 160 және 161-беттер арасы, X-сурет.

Александр Беннигсен мен Шанталь Лемерсиер-Келькеджей Алаш туралы мағлұматпен қалай танысқан деген сұраққа жауап іздер болсақ, авторлардың Баймирза Хаиттің 1950-жылы Мюнстер университетінде қорғалған “*Die nationalen regierungen von Kokand (Choqand) und der Alasch Orda*” (Қоқан мен Алаш Орданың ұлттық үкіметтері) деген докторлық диссертациясы, Зәки Уәлиди Тоганның еңбектері, баспасөз және т.б. көптеген еңбектер арқылы танысқанын байқауға болады (Bennigsen – Lemercier-Quelquejau, 1964).

Алаш туралы, қазақ зиялылары туралы біраз мәлімет беретін, кеңінен таралған тағы бір еңбек Элизабет Бэкон (Elizabeth A. Bacon) жазған, Нью-Йоркта басылған “*Central Asians under Russian Rule*” (Ресейдің үстемдігі астындағы Орта Азиялықтар) атты кітап. Бэкон мынадай талдау жасайды: Қазақ инженерлері, дәрігерлері және басқа да мамандық иелері -батыстық түсініктегі сияқты- өздерінің ұлттық болмысын сақтап қалу үшін күресті. Алаш Орда уақытша республикалық үкімет құрды. Большевиктердің күш жинауымен бірге орыс үстемдігінің жаңа қатері пайда болды, [зиялылар] осыған қарсы күресті (Bacon, 1968: 117). Алаш туралы берілген мәлімет қысқа болса да, бұл автордың еңбектері көп оқылады.

АҚШ-та Орталық Азия бойынша танымал білімпаз Эдуард А. Оллуорт (Edward Allworth) – “*Central Asia 130 Years of Russian Dominance: A Historical Overview*” (Орталық Азияда Ресейдің үстемдігіне 130 жыл: тарихи шолу) кітабының авторы. Кітапта Беннигсен мен Лемерсиер-Келькеджейдің еңбектеріндегі мағлұматтар да қолданылған, бұған қоса өз анализдерін қосқан. Эдуард А. Оллуорт: “Шортанбай Қанайұлының айналасында құрылған Зар заман тобына Базар мен Мұрат-ақын сияқты ақындар кірді. Бұл ақындар орыстарға тікелей қарсылық көрсеткендіктен, кеңестік тарихта олар артта қалған, пантүркіст феодалдар ретінде сипатталды. Дәл осындай теңеулер З. Нұралиқанұлы, С. Шорманұлы, Д. Иманқұлұлы, әсіресе Әлихан Бөкейханұлы үшін қолданылды”, – деп жазады (Allworth, 1994: 409).

Қазақстан тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейін Алаштану ғылымына шетелде қызығушылық одан әрі жалғасты және жалғасуда. Стивен Сейбол (Steven Sabol), Ксавие Алле (Xavier Hallez), Марта Брилл Олкотт (Martha Brill Olcott), Ян Кэмпбелл (Ian Campbell), Питер Роттиер (Peter Rottier), Джон Глен (John Glenn), Джереми Смит (Jeremy Smith), Арн Хауген (Arne Haugen), Майкл Рывкин (Mychael Rywkin), Р. Чарлз Уеллер (R. Charles Weller),



сияқты ғалымдардың еңбектерінде де Әлихан Бөкейхан және Алаш туралы біршама мәліметтер берілген. Элен Каррер д'Анкокс (Hélène Carrère d'Encausse), Адеб Халид (Adeeb Khalid) сияқты танымал ғалымдардың еңбектерінде де аталған тақырыптарда аздаған мағлұмат берілген (Құрманғалиева-Ержиласун, 2022: 40-43).

Бұл жаңа буын ғалымдардың ішінен Стивен Сейболдың еңбектерін ерекше атап өткен абзал. Ол “*Russian Colonization and the Genesis of Kazak National Consciousness*” (Ресей отарлауы және қазақтың ұлттық санасының генезисі) атты кітабында қазақ зиялылары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы және Мұхаметжан Сералинге бір-бір тарау арнаған. Кітаптың “Алаш Орда” деп аталатын эпилогтық бөлігінде де құнды талдаулар жасаған. Стивен Сейбол кітабында Әлихан Бөкейханның белсенді саяси өміріне тоқталып, оның жазушылық және баспа өміріне: [Ол] “орысша да, қазақша да бірдей еркін жазды. Ол – өз заманындағы әділетсіздікті тарих арқылы көрсеткен жазушы”- деп баға береді (Sabol, 2003: 91-92). Сейбол (2019) басқа да кітап, мақалаларында Алаш арыстарын зерттеп, дәріптеп жүрген ғалым.

Қорыта келгенде, Батыста 1929-жылдан бастап Алаш арыстары туралы деректер кездеседі. 1937-жылы Алманияда танымал журналға шыққан түрколог ғалым Йоханнес Бензингтің мақаласында Алаш қозғалысы мен Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлындай Алаш зиялыларының күрескерлігі туралы айрықша аталуы, ғылыми талдау жасалуы – ұлт тарихы үшін аса маңызды дерек. Бұл – Алаш зиялыларының және олардың саяси күресі мен модернизациялық қозғалысының әлемдік деңгейде танылғандығының тағы бір айғағы. Міне, осы жылдардан бері Алаш қозғалысы, саяси күрес жетекшілерінің өмір жолы, шығармашылық ғылыми мұрасы мен пассионарлығы, Алаш идеясы – Батыс ғылымының тарих, саясаттану, әлеуметтану, тіл білімі, әдебиеттану, журналистика және т.б. салаларында әлі күнге дейін жан-жақты зерттеліп келеді.

Алаш зиялылары қудаланып, оққа ұшқаннан кейін Кеңес Одағында еңбектерін оқу тұрмақ, зиялылардың аттарын атауға болмайтын кезеңде Батыста көптеген еңбектерде арыстардың күрескерлігі зерттеліп, еңбектер шыққан. Тәуелсіздіктен кейін бұл тақырыптарда жазылған зерттеулер, еңбектер тіпті көп. Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның белсенді саяси және шығармашылық өмірі, тарихтағы орны, тарих жазған және жасаған рөлі шет елдерде де үлкен қызығушылық тудырған. Әлихан Бөкейханның күреске толы өмірі, шығармалары Батыстағы еңбектер арқылы да шет елдерде жас буындарға жетіп, үлгі болған. Қазақ тарихына, ұлы тұлғаларға көңіл бөлініп, зерттеулер жүргізілген, ғылыми тұжырымдама мен анализдер жасалған. Неміс, ағылшын, француз, түрік тілдерінде жазылған еңбектер әлемдегі басқа көптеген мемлекеттерде де кеңінен тарап, оқылады. Алаш тақырыбының неғұрлым көп зерттелуі де, сырт көзбен қарағандағы талдаулардың да, кеңес дәуірінде ондаған жылдар бойы жабық тақырып болған бұл тақырыптың әлі де көмескі тұстарының зерттелуіне өзіндік үлес қосары сөзсіз. Отыз жылдық отандық Алаш зерттеулері тәжірибесіне, Қазақстаннан тысқары мемлекеттерде жүргізілген бұл зерттеулер мен жарияланған еңбектердің өзіндік қосар үлесі мол.

Әдебиеттер:

Bennigsen, Alexandre – Chantal Lemercier-Quelquejay. *La Presse et Le Mouvement National chez les Musulmans de Russie avant 1920*, Paris: Mouton & Co, 1964.

Benzing, Johannes. “Bolschewismus, Turkvölker und Islam. Ein Beitrag zur Nationalitätenpolitik des Bolschewismus”, *Die Welt des Islams*, cilt. 13, No. 3, 1937b: 187-194.

Benzing, Johannes. “Das turkestanische Volk im Kampf um seine Selbständigkeit”, *Die Welt des Islams*, No. 19, 1937a: 94-137.

Campbell, Ian. *Knowledge and the Ends of Empire: Kazak Intermediaries and Russian Rule on the Steppe, 1731–1917*, Ithaca: Cornell University Press, 2017.

Carrère d'Encausse, Hélène. *The Great Challenge: Nationalities and the Bolshevik State 1917-1930*, New York: Holmes & Meier, 1992.

Glenn, John. *The Soviet Legacy in Central Asia*, London: Palgrave Macmillan, 1999.

- Gözyayın, Nevzat. “Türkolojinin bir dağı daha göçtü ...”, *Türk Dili*, No: 593, 2001: 569-577.
- Hallez, Xavier. “Le Ralliement des Kazakhs au pouvoir Soviétique (1917-1920): Convictions politiques, système tribal et contexte russe”, *Cahiers du Monde russe, Médiateurs d'empire en Asie centrale (1820-1928)*, Vol. 56, No. 4, 2015: 705-752.
- Haugen, Arne. *The Establishment of National Republics in Soviet Central Asia*, New York: Palgrave Macmillan, 2003.
- Khalid, Adeeb. *The Politics of Muslim Cultural Reform: Jadidism in Central Asia*, Berkeley, Los Angeles, Londra: University of California Press, 1998.
- Құрманғалиева-Ержиласун, Гүлжанат. “Алаш тақырыбы мен Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығының Түркияда және Батыста зерттелуі”, “Ахмет Байтұрсынұлы – ұлт ұстазы” атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары, ред.: Кенжехан Матыжанов ж.б., 11 қараша, Алматы: Баянжүрек, 2022: 39-44.
- Құрманғалиева-Ержиласун, Гүлжанат. “Алаш туралы Түркиядағы және Батыстағы зерттеулер”, *Елдік ұстаным және тәуелсіздік нысанасы*, (жауапты редакторлар: Д. Қамзабекұлы – Д. Махат), Нұр-Сұлтан: Л.Гумилев ЕҰУ, 2021: 43-47.
- Olcott, Martha Brill. *The Kazakhs*, Stanford: Hoover Institution Press, 2. ed., 1995.
- Rywkin, Michael. *Moscow's Muslim Challenge: Soviet Central Asia*, rev. 2. ed., New York: Routledge, 2015.
- Sabol, Steven. “Revolution and Civil War in the Steppe: Alash Orda and the Struggle for Kazakh Independence”, *The Global Impacts of Russia's Great War and Revolution, 1. Kitap: The Arc of Revolution, 1917–24*, Bloomington, Indiana: Slavica Publishers, 2019: 477-500.
- Sabol, Steven. *Russian Colonization and the Genesis of Kazak National Consciousness*, New York: Palgrave Macmillan, 2003.
- Smith, Jeremy. *The Bolsheviks and the National Question, 1917-23*, London: Palgrave Macmillan, 1999.
- Weller, R. Charles. “Modernist Reform and Independence Movements: Central Asian Muslims and Koreans in Comparative Historical Perspective, 1850-1940”, *The Journal of American-East Asian Relations, Theme Issue: The Great Game and Great Reforms of Asia, 1850-1950*, Vol. 21, No. 4, 2014: 343-372.
- Yüce, Nuri. “Benzing, Johannes”, *TDV İslâm Ansiklopedisi*, Ek 1. Cilt, 2. baskı, Ankara, 2020: 183-185.
- “Zugangsverzeichnis der Bibliothek der D. M. G. Februar bis Mai 1929”, *Zeitschrift der Deutschen Morgenländischen Gesellschaft*, Harrassowitz Verlag, vol.: 83, No: 2, 1929: 21-35.

ӘЛИХАН ЖӘНЕ СҰЛТАНМАХМҰТ: АЛАШТЫҚ ҰСТАНЫМ

Еспенбетов А.С.,

*Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
филология ғылымдарының докторы, профессор
Шәкәрім университеті*

Алаш арыстары басты мақсатқа жету жолында жанқиярлықпен еңбек атқарған. Ахмет Байтұрсыновтың: «Жол ұзақ, ғұмыр қысқа, осы аз ғұмырда елге қызмет жасайық», – деген көсемдік толғамы халқының қамы жолында бел шешіп өрелі істерге араласқан ақиықтарымыздың ортақ ұранындай.

Әңгіме ауанына тартылғалы отырған Ә.Бөкейхан мен С.Торайғыров сынды тұлғаларымыздың арасындағы жібi үзілмеген сыйластық, бір-біріне құрмет жас мөлшеріндегі алшақтыққа қарамай біртуар азаматтардың іштей табысуына кедергі келтірмеген. Ә.Бөкейхан – ұлт көсемі, С.Торайғыров – ұлт ақыны. Еліне қасық қаны қалғанша қызмет жасау – өмірлік мақсат-мұраттары.

Ұлттың оянуы, жетілуі, өркениетті жұрт санатынан орын алуы қай халықтың болса да ежелгі аңсар-арманы. Қазақ әзелден еркіндікті аңсаған, бостандыққа қол созған халық.

Қазақтың ХІХ ғасырдағы әдебиетіндегі отарлық езгіге қарсы күрес, ұлттық мүдденің аяусыз тапталуына қарсылық ХХ ғасырдың бас кезінде қоғамдық ойда зор серпіліс туғызды.

Ұзақ сонар ұйқыдан арылу, ұлттық ояну идеясы әдебиет көкжиегінде қоюлана түсті.

Міржақып, неге отырсың қалам тартпай,
Бәйге алмас болғанменен жүйрік шаппай.
Шамаңды қадари хал көрсетсеңші,
Байғұс-ау, оянсаңшы қарап жатпай, –

(Міржақып)

деп қамшылайды өзін.

Ұйқышыл жұртты,
Түксиген мұртты,
Обыр обып, сорып тұр,
Түн етіп күнін,
Көрсетпей мінін,
Оятқызбай қорып тұр,
Обыр болса қамқорың,
Қайнағаны сол сорың!

(Ахмет Байтұрсынов)

Жаралы құба жонда кім зарлаған?
Қансырап, қанын жұтып кім сарнаған?
Қайғылы сар даланы күңіrentкен,
Зарына адам шыдап тұра алмаған?
Бұл – қазақ, тәңірге зар еткен қазақ!
Қиналып, қанды азап шеккен қазақ.
Әйтеуір қанды азаптан құтқарар деп,
Оқыған азаматын күткен қазақ.

(Мағжан Жұмабаев)

«Оян, қазақ!», «Масаға» ілесе Байбатыр Ержановтың «Тұр, қазақ!» (1911) Әбілқасым Арғынидың «Жатпа, қазақ!» (1918), Ғалимолла Ғалымжановтың «Есіл жұртым!» (1913) кітаптары дүниеге келді.

Қоршаған ортаға, азғындаған қоғамға, екіжүзді заманға өшпенділікпен, сенімсіздікпен қарау белең алды. Бодандық қамыты тырп еткізбей қылқындырғанымен азат ойға ұмтылу, күлліалаштық асыл идея төңірегіне топтасу ниеті айқындалып келе жатты. Осы кезеңнің алтын бағанасындай ірі суреткер Сұлтанмахмұт Торайғыров еді. Күні кеше арамыздан өткен Әбіш Кекілбаев: «С.Торайғыров тым ерекше тылсым тұлға: мына дүниеге таң қалуға емес, таң қалдыруға келгендей», - деп қалай әдемі айтқан?!

Өзі өлсе де, сөзі өлмей, есімдері өлең өлкесінде мәңгі бақи қалып қоятын ақын мыңның бірі ғана. Уақыт алға қарай зымырай жүйткігенімен, ғасырлар тозаңы жасыра алмайтын, саф алтындай жарқырап, айналасына нұрлы сәулесін шаша беретін өміршен тұлғалар болады. Солардың бірі – қазақ өлеңінде мәрмәр тастан қашалғандай Сұлтанмахмұт ақын есімі.

С.Торайғыров – төтенше өзгерістер мен дүрбелең сілкіністер дәуірінде тарих сахнасына көтеріліп, ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде өзіндік жол салған, шығармаларына тұтас бір дәуірдің шындығын сыйғызған суреткер. Ол артына өлмес те өшпес мол мұра, қымбатты қазына қалдырған ұлы ақын.

Ұлттық санаға қозғау салған, шырт ұйқыдағы қазағын оятқан поэзия сардарларының бірегейі Сұлтанмахмұт Торайғыров. Сұлтанмахмұт түркі жұртының алтын тәжі – Алтайдың қақ төрінде тұрып қазақтың тағдырына қатысты шерменді ойларын ақтарған ақиық.

Алаш қамын естен шығармай, ұлттың рухани самғауын басты нысанда ұстап, еліне емірене қызмет қылуды өмірінің мақсаты санаған қаламгер мұрасы егеменді еліміздің зерделі, көшелі азаматына айналып келе жатқан бүгінгі буын үшін тіпті де қымбат, бағалы.

Ә.Бөкейхан мен С.Торайғырұлы өткен ғасырдың бас кезінде қазаққа танылған, есімдері халықтың жүрегіндегі жандар еді. 1917 жылы төңкеріс дүмпуі оларды ортақ көзқарастағы сенімді серік ретінде жақындастыра түсті. Сұлтанмахмұт шығармасында бұл үрдіс тайға басқандай.

1917 жылдың 20 наурызында Петроградтан Әлихан, Мұстафа, Міржақып «Алаш ұлына» атты мақала жолдап, онда: «Азаттық таңы атты. Тілекке құдай жеткізді. Күні кеше құл едік, енді бүгін тенелдік. Қам көңілде қаяудай арман қалған жоқ. Неше ғасырлардан бері жұрттың бәрін қорлықта, құлдықта ұстаған жауыз үкімет өзгеге қазған оры өзіне шағын көр болып, қайтпас қара сапарға кетті», – деп көңілдегі қуанышты зор шаттықпен хабарлады. «Алаш ұраны» – 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін іле шала жазылған шығарма. Рухы биік, мақсаты ізгі, бітімі оқшау туынды. Міне рухани туыстық.

«Алаш ұраны» – Алашорданың гимні. «Алаш ұраны» – «Алаш» партиясының, адамзат баласының көзі көріп, құлағы естімеген өзгерістерді басынан өткеріп жатқан исі қазақтың ұраны еді. Сұлтанмахмұт елін емірене, жұртын тебірене сүйген ұлтжанды азамат. Атар таң, батар күнде тек қана ел қамын ойлап еңіреген, ұлтына жан-тәнімен қызмет жасауды мұрат еткен Торайғыровтай перзенттің аласапыран уақытта бұлқынып тарих сахнасына көтерілуі заңды құбылыс.

Сұлтанмахмұт қуанышты хабарды құшақ жая қуанып қарсы алды. Патшаның тақтан құлауын бостандыққа, теңдікке жету деп ұқты. «Алаш ұранындағы»:

Құрт аурудай жайлаған,
Құртпаққа бізді ойлаған,
Қанымызға тоймаған,
Қолымызды байлаған,
Елімізді лайлаған,
Ерімізді айдаған,
Жерімізді шимайлаған,
Өшті залым қарасы

Жасасын, алаш, жасасын! – деген шаттыққа толы тіркестер дүйім жұрттың көңіл-күйін өрнектейді.

Төңкерістен соң қазақ жерінде кеңінен өріс алған автономия алу, өз алдына жеке ел болу идеясы «Алаш ұраны» өлеңінің өзекті түйіні, кесікті байламы.

Алаш туы астында,
Күн сөнгенше сөнбейміз!
Енді ешкімнің алашты
Қорлығына бермейміз!

Жасасын, алаш, жасасын! – деп ақынның жігерлене жыр кестелеуі сол заман ақиқатын көз алдымызға елестетеді. «Жасасын, алаш, жасасын!» рефрені бостандық, азаттық идеясының жасампаздығына ақынның қалтқысыз сенетіндігін көрсететін жанды айғақ.

С.Торайғыровтың ұлт көсеміне тікелей арналған шығармасы «Әлиханның Семейге келуі». «Сарыарқа» газетінің екі санында баспа көрген (1917, 30 қазан, №18; 1917, 13 қараша, №20). Мақала – репортаж. Қазақ публицистиксындағы өзгеше құбылыс.

«Кешке, жақын Семейде, 21 октябрьде, бұрынғы жандарал мекемесі, «Бостандық үйіне» қарай топ-тобымен ағылған қазақ еді. Семинаристер бір рет, гимназистер бір рет, курсистер, мұғалімдер бір рет, саудагерлер, қырдан келгендер де бар. «Сегіздегі бала, сексендегі шал да қалмай» дегендей, тойға бара жатқандай бәрінің де мерейлері үстем, еңселері көтеріңкі, жүздері жарық, көздерінен, қозғалыстарынан қуанғандықтары көрініп тұрушы еді. Бір-біріне жолыққанда қуаныштан аман-сәлемді де ұмытып сөздері: «Поезд қашан келеді деу ғана» еді. Бұлар кімді тосады?», - деп шалқи сөйлейді автор. Мейрамға жиналғандай халық нөпірін суреттеп, лек-легімен лықси толқыған топтың шыдамсыздана күткені кім-екендігін өзі ашып береді: «Бұл қазақтар бұрынғыдай еріксіз «қанын сорған битін» тосып жиылған қазақтар емес, ерікті қазақтар, елге еңбегін сіңірген, ерін тосып жиылған қазақтар еді. Ол ері кім еді? Ол ері: елі үшін құрбандыққа жанын берген, бит, бүрге, қандалаға қанын берген, көрдей сасық ауа, темірлі үйде алаш үшін зарығып бейнет еткен, болса да қалың тұман, қараңғы түн, туатын «бақ жұлдызына» көзі жеткен, түймеге жарқылдаған алданбаған, басқадай бір басы үшін жалданбаған, «қайткенде алаш көркейер» деген ойдан басқа ойды өмірінде малданбаған Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов еді».

Ә.Бөкейхан мен Ә.Ермековтің 1917 жылы қазан айында Томскідегі Сібір автономистерінің жалпысібірлік съезіне қатысып қайтқан беті болатын. Кездесу сәтін әрі қарай таратып әңгімелейді: «Сөйтіп отырғанда поезды тосып автомобильмен алып келуге жіберген екі кісінің (Мұстақым һәм Тарабаев) басы көрініп, күтіп отырған құрметті еріміздің келіп қалғаны білінді. Ал жұрт қадыр кісісін көргенде мұндай сүйсінбес. Әркім түрегеліп аяқ басқан жерінде қуаныштан бір-екі минут есінен айырылып па, әйтеуір дағдарыңқырап тұрды. Әлихан жұртқа аман сәлем қылып отырған соң қара халық атынан Шынжы Мұсатаев келгеніне құтты болсын айтты. Онан соң, комитет атынан Ахметжан Қозыбағаров сөйледі. Онан соң учительдер атынан Мәннен Тұрғанбаев айтты: «Сүйікті басшымыз! Еңбегің жанды. Ұлтыңыздың жандана бастағанын көзіңіз көрді. Өзінің оқытушы екенін жасырып жүретін оқытушылар мынау отырған. Бұрынғы келгендеріңізде дидарыңызды көрсетпей жауып қойған да уақыт та болып еді. Жүзіқаралардан қорқып біз де бүйтіп көрініп алдыңыздан шыға алмаушы едік. Құдай бізді бүйтіп қарсы алуға жеткізді. Біз оқытушылар, пікіріңізді жайып, еліңізді тірілтуге даярмыз. Жаса, біздің биік басшымыз! Сізді көрумен өзімізді бақытты санаймыз». Сонан соң жалпы жастар атынан С.М.Торайғыров келуін былайша құттықтайды:

«Көш бастаған еріміз
Қуанышта еліңіз.
Төбеміз көкке жеткендей,
Көкіректен бүгін кеткендей.
Сізді көріп шеріміз!
Еліңіздің бұл шағын.
Алаш туын һәм бағын,

Көзбен көріп төленді,
Көптен бергі теріңіз.
Алаш туын қолға алған,
Қараңғыда жол салған
Арыстаным келіңіз!».

Онан соң, оқушылар атынан Аймауытов сөйледі:

«Қараңғыдан қан жылап қаңғырған күнде басыңды алаш жолында құрбан қылған ағамыз, асқар беліміз!

Сізді көргендегі жүректің қуанышын тіл айтып жеткізерлік емес! Өміріңді жіберген жолың, біз, інілеріңе, жағып қойған шамшырақ. Жасасын сүйреген алашың! Жаса, сабазым!»

Құттықтаулар аяқталған соң Ә.Бөкейхан қарсы алғандарына рахмет айтып «Бостандық үйіндегі» салтанатты кездесу аяқталады. Ертеңінде Ә.Бөкейхан мен Ә.Ермеков сөздерін тыңдамақ болған қалың жұрт Алаш қаласына ағылды. Алаш қаласындағы кездесуге халық көп жиналып, шағын ғимаратқа сыймай далада өтеді. Мұнда да шешендер сөз тиегін ағытып, соңынан Әлихан мен Әлімхан Сібір съезі жөнінде біраз ақпарат береді. Ә.Бөкейхан баяндамасының түйіні: Онда «Автономия үш түрлі: 1) қаны біргелік; 2) жері біргелік; 3) шаруасы біргелік» - екендігін халыққа жеткізді Ә.Бөкейханов. Қазақты түзу жолға осы үш бірліктің бастайтындығына кәміл сенді.

Қазақ зиялыларының ғана емес, тұтас қазақ халықының рухани көсеміне айналған Бөкейханұлы Әлихандай сабаздың тарихи қызметін С.Торайғыров елең – алаңда танығандығы көрегендік.

Ә.Бөкейхан бейнесін шыншылдықпен нақты көрсеткен туындысы – «Таныстыру». «Таныстыру» поэмасы Алашорда басшыларын дәріптейтін, ал «Айтысы» байшылдық-ұлтшылдық пиғылды әспеттейтін зиянды шығармалар деген ат қойылып, айдар тағылып тұтқындық күй кешті. Әдебиет тарихындағы ақтаңдақтар жойылып келе жатқан бүгінгі таңда «Таныстыру» мен «Айтыстың» қалың оқырман қауыммен қайта қауышуы қуаныш. «Таныстыру» 1917 жылдың күзі мен 1918 жылдың қысында Сұлтанмахмұт Абай елінде болған кезде жазылған. Ақпан төңкерісінен кейін Орынборда (1917, шілде) Советтердің Бүкілқазақстандық I съезі, сол жылдың желтоқсанында тағы да Орынборда II съезі өтті. Қазақстан облыстарында қазақ (қырғыз) комитеттерін сайлауға қызу дайындық жүріп жатты. Семей облысы қазақтарының съезі 1918 жылдың 14 (1) наурызына белгіленді. Төңкерістен соң елді жаңа жолға бастайтын азаматтар кімдер деген сұрақ тұрды. С.Торайғыровтың «Таныстыру» поэмасы осы сауалға тура жауап бергендей еді.

Ақынның таңдап алған формасы да қызық. Поэма қара қазақ пен оқыған зиялы адамның диалогына құрылған.

Туғанда құдай иіп мұндай заман,
Сұрайтын бір сөзім бар сенен балам.
Тап біздің осы Семей облысының
Көш басшы адамдарын айтшы маған.
Біз дағы жоспарлайық өзімізше,
Десе де түк білмейтін қазақ надан.

Қара қазақ сауалы. Шындығында заман өзгеріп, уақыт аумалы-төкпелі қалыпта тұрғанда болашағын ойлайтын әр адамның қоюға тиісті сауалы. Сөз кезегі тиген оқыған да әңгіме тиегін ағытады:

Ешкімнің Әлиханға бар ма сөзі,
Демейді қандай қазақ оны оң көзі.
Семей тұрсын, жеті облыс бар қазақтан,
Талассыз жеке дара тұр ғой өзі...
Түймеге жарқылдаған алданбаған,
Басқадай бір басы үшін жалданбаған.
Көркейер қайткенде алаш деген ойдан,

Басқа ойды өмірінде малданбаған.

Поэманы оқығанда, өлеңмен жазылған мінездемелермен танысып отырғандай әсерге бөленесіз. Есімдері поэмада аталатын қазақ зиялыларының жарқын бейнелері іс-қимылымен, кескін-келбетімен, мінез-құлқымен көз алдыға келіп тұра қалады. «Бірі күн, бірі шолпан, бірі ай» Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов ел-жұрты тарыққанда жол сілтейтін көсем, халық тағдыры безбенге түскенде көмекейлері бүлкілдеген шешен, тар заманда тәуекелге бел байлайтын перзенттер екендігін қара қазақ айтқызбай-ақ ұғады. Алты миллион қазақты сондарынан ергізе алатындықтарына кәміл сенеді.

«Таныстыру» поэмасында сыдыртып оқып шықпай, тиянақты тоқтауды тілейтін бір жағдаят бар. Қазақ зиялыларының жұртына жөн сілтер сын сағаты 1916 жылғы дүрбелеңмен байланысты туған еді. 1916 жылғы патша жарлығына бағынбай, қол бастап, қарсы шыққандарды бірыңғай мадақтап келдік те, ақылмен іс қылғандар көлеңкеде қалып қойды.

Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов «Алаштың азаматына!» үндеу-хат жариялап, елді бекерге қырылып қалудан сақтандырған еді: «Біздің жұртқа айтатынымыз: бұған көнбеске болмайды, мұны бұрын да сан рет айттық. Көнбейміз деушінің сүйенгені жан тәттілік болса, салыстырып қаралық: көнгенде жұртқа қандай ауырлық бар, көнбегенде қандай ауырлық бар? Көнгенде, шаруаға кемшілік те келер, барған жігіт қазаға да ұшырар, бірақ елдің іргесі бұзылмас (қазаға ұшырар деп ауру-сырқаудан болған қазаны айтамыз, әйтпесе солдат қылып алмайды, соғыстан өлмейді). Көнбегенде көретін ауырлық – бағынып тұрған хүкіметтің жарлығынан бас тартсақ, жау жағадан алғанда, бас қорғап үйде қаламыз деп мемлекетке қамшымыздың ұшын бермесек, хүкімет бізге құр өкпелеп қоймас күш жұмсар, ол күшті законге сүйеніп істер».

1916 жылғы жарлықтың өртке ұласқан тұсында көрегенділіктерін ашық көрсетті алаштың ардақтылары. «Бұл күнде алынар жігіт алынды, күйзелер шаруа күйзелді. Құдайдан қорықпаған, адамнан ұялмаған имансыздар қазақты тойғанша жем қылды. Ақырында халық опа көрмеді. Ұл жеп жайына, қыз жеп байын кетті. Енді жалғыз-ақ келешегімізді ойлау ғана қалды. Өткен жыл ұмытпастай сабақ берді», - деп жазды Мадияр «Тарихи жыл» мақаласында. Ә.Бөкейхан бастаған алаш қайраткерлері көсемдігімен танылды.

Бүгінше әңгімеміз дөңгеленіп қалғандай.

**АЛАШОРДАНЫҢ БАТЫС БӨЛІМІНІҢ ЖЕТЕКШІСІ, ЗАҢГЕР ЖАҒАНША
ДОСМҰХАМЕДОВТЫҢ ЕҢБЕГІНІҢ ТАРИХЫ МЕН
ТАҒЫЛЫМЫ**

Сүлейменова Д. Д.

*Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры,
Жаһанша Досмұхамедов атындағы «Қайраткер» қоғамдық қорының президенті.
Астана қаласы*

Жаһанша Досмұхамедов Орал қаласындағы әзірлік курсы аяқтаған соң, 1906 жылдың 22-інші тамызында император атындағы Мәскеу университетінің ректорына өтініш хат жазады.

Бұл өтінішінде өзінің Орал қаласындағы Орал әскери-реалды училищесін бітіргенін және Орал облыстық басқармасының степендияты екенін хабарлап, Император атындағы Мәскеу университетінің заңгерлік факультетіне оқуға түскісі келетіні туралы жазған. Жаһаншаның бұл өтініші қанағаттандырылып, Жаһанша Досмұхамедов 1906 жылы Мәскеу қаласына оқуға түседі. Бұл дерек Орал қаласының тарихи өлкетану музейінің қорында сақталған [1].

1906-1910 жылдар аралығында Жаһанша Досмұхамедов Император атындағы Мәскеу университетіндегі оқуын аяқтап шығады. Осы оқу жылдарында Жаһаншаның саяси-құқықтық көзқарастары қалыптасып, елдегі қоғамдық-саяси мәселелерге араласып, қатыса бастайды. 1906-1907 жылдар Ресейді дүр сілкіндірген революцияның әсерінен оқу орындарында қатаң тәртіптің орнығуына қарамастан, дискуссиялар, диспуттар жиі өткізіліп, қоғамның саяси дамуы туралы түрлі пікірлер ашық, батыл айтылып жатқан кезең болатын. Университет, басқа да оқу орындар сияқты халық ағарту министрі А.А.Кассоның жеке бақылауында болатын, әсіресе шығыс тілдер факультетінің студенттері қатаң бақылауға алынды [2].

Университет студенттерінің арасында ұлт аймақтарынан келген студенттер сирек кездесетін, дегенмен олар оқуда, қоғамдық кездесулерде, пікірталастарда белсенділігімен көзге түсетін. Олар Ресейдегі Столыпин реформасы туралы, революция жөнінде әңгімелер айтатын. Жаһанша Досмұхамедов және оның Орта Азия мен Шығыс аймақтарынан келген әріптестері Столыпиннің жер реформасын патша үкіметінің отарлау саясатының басты құралы деп түсінді. Осы кезде Жаһанша Досмұхамедов Петербургте Императорлық әскери-медициналық академияда оқып жүрген Халел Досмұхамедов, Нұрғали Ипмағамбетов және Қазан қаласында оқыған Ғұбайдолла Бердиевтермен байланыста болды. Мәскеу университеті Жаһанша Досмұхамедовке тек құқықтық көзқарасын шыңдауға әсер етіп қоймай, оның адами қалыптасуына, ержетіп, қанатының қатаюына зор ықпал етті. Жаһаншаның түсінгені: заңгерлікке үйрену Ресейде басқа европалық елдерден орасан көп кеш басталғандығы. Римде заңгерлік мектепті біздің заманымыздың I ғасырында Собин ұйымдастырған болса, Ресейде заңгерлік лекциялар ХҮІІІ ғасырдың екінші жартысында кейбір оқу орындарында алғаш оқыла бастаған. Сол ерте замандағы римляндар юстининның кодексін тұрмыста, мемлекеттік өмірде қолданса, Ресейде ХІХ ғасырда ғана заңдылық, құқықтық бастамалар туралы алғашқы ұсыныстар жасалынды.

Орыс профессорлары: заңгер С.Е.Десницкий және И.А.Третьяков «Адам басқарудан заңмен басқаруға» яғни, кереге биліктен заң ережелеріне сүйеніп, ел басқаруды ұсынды.

Жаһанша Досмұхамедов А.Менгердің «Құқық социализмі» іліміне ерекше мән бере оқыды. Бұл ілімде капитализм дүниежүзілік заңдылықтардың нәтижесінде, оны қабылдаудың әсерінде социализм деңгейіне жететіні жөнінде айтылады. Университетте заңгер-профессорлардың лекцияларынан басқа, Жаһанша Батыс Еуропа елдері заңгерлерінің еңбектерін оқып, оған қоса Ресейде шығатын «Вестник права» (1899-1906), «Тюремный вестник» (1893-1917) журналдары, «Право» заңгерлік газеттерді оқып білімін шындай түсті. Сонымен қатар Жаһанша шешендікке бала кезінен құмар болды. Ол Сырым Датұлының барша қазаққа әйгілі болған нақыл сөздерін жатқа білетін. Сырым батыр Жаһаншаға нағашы

болып келетін,анасының туысы еді. Ол табиғат берген қабілетіне қоса,университет қабырғасында орыс тілінде шешендікке жаттығумен айналысып,нағыз шешен атанды. Тіпті сөз шеберлігімен орыстарды таңғалдырды[3].Жаһанша шығыс тілдері факультетінде өтетін лекцияларға өз бетімен барып тыңдап,бұрын-соңды естімеген деректерге көңіл аударып, Қазақстан,Орта Азия халықтарының Ресей империясының қол астына бағыну тарихымен және ол аймақтардағы ұлт-азаттық қозғалыстар жөніндегі ғылыми-зерттеу жинақтарын іздестіріп тауып оқыды. Жаһанша Досмұхамедовтың университет қабырғасында оқыған пәндерінің сағат сандары,тапсырған емтихандары,қосымша оқыған семинар сабақтары толық жазылған мәліметтер бар. Ол Азаматтық құқықтан,Рим құқығы тарихынан,қылмыстық заңдар процестерінен мамандырылған заңгер екені жөнінде жазылған. Жаһанша Досмұхамедов оқыған Император атындағы Мәскеу университетінің жалпы Жарғысы 1884 жылдың 23 тамызында 77-інші статья негізінде ашылған оқу орны болатын. Жаһанша осы оқу орнынан №175 санды диплом алып шыққан және 1910 жылдың 4 наурызы делініп,мөр басылған.(бірақ осы күнге дейін дипломның түпнұсқасын таба алмай жатырмыз.авт.Сұл.Д.) [4].

Жаһанша заңгер болудың басты шарты сөзге жүйрік,шешен болу деп түсініп,өз алдына мынадай мақсатты қағидаларды қойған:

- халық алдында сөйлеген сөзің сұлу болып,оны жұрт ықыласпен тыңдасын;
- сөз өнерін меңгеріп,биік дәрежеге көтерілгеніңізді жұрт сөйлеген сөзініңізден білсін;
- халық адамның қандай дәрежеде екенін сөйлеген сөзі арқылы біледі,керісінше сөз дәрежесі арқылы білмейді,өйткені әр адамның шама-шарқы сөйлеген сөзінің астарында,мәнінде жасырын жатады;
- сөздің оңы мен терісіне,өңі мен астарына айырықша мән беріп,мағыналы етіп сөйлеу;
- сөйлеген сөзіңнің мағанасына мән бермесен,сен тотықұсқа теңсің;
- сөз жай нәрсе емес,сөздің құнын бағалай біл;
- сөз үйренуден жиренбе,көп біліп аз сөйле,аз біліп көп сөйлеме;
- сөйлегенде әрбір сөзің нысанаға дәл тисін т.б.

Осылайша,Жаһанша Досмұхамедов заңгерлік өнердің қыр-сырын тиянақты меңгере бастады [5].

1910 жылы 4наурызда Мәскеу университетінің заңгерлік факультетін тәмәмдаған дипломын алып,Жаһанша Досмұхамедов елге оралады. Бұл кезең Орал қаласында да саяси жағдайлардың шиелініскен кезеңдерінің бірі болатын.

Жаһанша Досмұхамедов елдегі саяси жағдайды көзімен көргенен кейін,қызметке орналасуға талпынады. Сөйтіп, 1911 жылы Жаһанша Досмұхамедов Орал қаласында құрылған «Көш-қон басқармасының» қарамағында статистикалық комиссиясының құрамына мүше болып кіреді.Бұл басқарма Ақмола,Торғай,Орал облыстарындағы қырғыз (қазақ) шаруашылықтарының есеп жинақтарын алу жұмыстарымен айналысты.Осы жұмыста істеп жүріп 1911 жылы Орал қаласында шығатын «Уральский листок» газетінің қаңтар айында жарық көрген үш нөмеріне (№9, 14, 20) сандарында «Несколько слов о Киргизском обычном праве и народном суде» деген мақаласы жарық көреді. Бұл мақалада: жергілікті жағдайда сот істерін жүргізуде заңгерлердің,сот қызметкерлерінің қазақ халқының байырғы қылмыстық, азаматтық істерді атқарудағы халықтық дәстүрлермен тағылымдарды қажетті жағдайда қолданудың тиімділігіне көңіл бөлуіне байланысты ізденіске түскендігін ескертіп, заң ғылымын игерумен айналысып ж.рген Жаһанша Досмұхамедов өзінің көрген,естіген, сұрастырған материалдарын осы еңбегінде баяндайды. Ресей үкіметі тарапынан «Бұл кезде қазақ даласында ел басқару туралы заң болмаған, себебі,қазақтың мемлекеттік құрылымы жөнінде мәліметтер жоқ, оған дәлел қазақ жерлерінің иесіз жатуы» деген сол кездегі отаршылдық саясаттың пікіріне,Жаһанша өз түсінігінше қарсылық білдіреді және ХҮІІІ ғасырдағы Савиннің тарихи мектебіндегі қалыпты құқық жөнінде, Коркуновтың дәрісінен «Жалпы құқықтық» теориясынан, Якушкиннің «Халықтық құқық» жөніндегі зерттеулерін мысалға келтіре отырып, қазақ жерінде Ресей отаршылығына дейін қазақ халқының

Қалыптық құқығы қалыптасты деп өз пікірін білдіреді. Бұған дәлел ретінде қазақ жерінде жүргізілген бірнеше зерттеу экспедицияларының жазбаларын көрсетеді. Мысалға: Левшиннің жазбаларын, генерал Крыжановскийдің салыстырмалы қырғыз (қазақтар) туралы берген мәліметтерді айтып өтеді. Қазақ жері бұл жазбаларда Алтайдан Еділге дейінгі аралықты алып жатқан ұланғайыр территория екіндігі туралы жазады. Және бұл далада түркі тайпаларының өмір сүргенін, моңғол мемлекетінің астанасы болғандығы, Орал облысы қазақ жеріне енетін батыс қақпасы деген тұжырымға келеді. Жоңғар шапқыншылығы кезінде Орал жері жоңғарларға қарсылық көрсеткен екінші қақпасы болған жер деген пікірін жазған.

Сонымен қатар, «Қалыптық құқық» қазақ жерінде Левшиннің зерттеуі бойынша Тәуке ханның «Жеті жарғысында» анық айқын көрсетілгендігін жазды. «Уральский листок» газетінің №20 санында Тәуке ханның «Жеті жарғысына» толықтай тоқталып, Левшиннің зерттеулерін алға тарта отырып, құн төлеу заңы туралы толық түсінік берген және ер адам мен әйел құқықтарының арасындағы айырмашылықтарын көрсеткен. Сондықтан, орыс мемлекетінің араласуына дейін қазақ халқының өзіндік «Қалыптық құқығы» туралы заңы болғандығын дәлелдейді. Олай болса қазақ жерінде өзіндік мемлекеттік құрылысы да өмір сүргендігі айқындалады.

Бірақ, Жаһанша Досмұхамедовтың бұл еңбегі аяқталмай қалған. Осы еңбегінде Жаһанша өзінің іс-тәжірибесінің аздығын, құқықтық заңдар туралы болашақта көптеген зерттеу жұмыстарын жүргізетіндігін, содан кейін осы еңбегін аяқтайтындығын баяндайды [6].

Жаһаншаның осы мақаласы үкімет адамдарына өткір сыны ұнамаса керек. Көп кешікпей оны елден, халықтан қол үздіру мақсатында Орал облысынан кетуге мәжбүр етеді. Жаһанша Досмұхамедовтың мақаласы жарияланған «Уральский листок» газетінің мақала шыққан номерлері Орал қаласынан, Орынбор қаласынан, Алматы қаласынан жинақталынып алынып, сол жылдары Мәскеу қаласының архивіне жөнелтілген. Ғылыми ізденіс жұмыстарының нәтижесінде, «Уральский листок» газетінің мақала жарияланған номерлері 90 жылдан кейін Химки қаласындағы архивтен табылды.

Жаһанша Досмұхамедов 1912 жылы Орал округтік сотында жұмыс істеп жүргенде бақылауда болады, кейіннен Барнауыл уезінің 10 учаскісінде судья міндетін атқарады. Бұл Омбы судьялық палатасына қарайтын. Ал 1913 жылы.

Жаһанша Змейногорск уезінің 1 учаскісіне жұмысқа ауыстырылады. Осы жылдың күзінде Барнауыл қаласына шақырылып, прокурордың көмекшісі қызметіне тағайындалады, ал 1914 жылдың наурызынан Томск округтік сотының прокуроры жолдасы қызметіне тағайындалып, Каинскі уезі бойынша жауапты болып есептеледі. Томск сот округінде жолдастық прокурор қызметін атқара жүріп, Жаһаншаның сол кездегі әскери шені генерал юстиций деңгейінде еді. Ол 1917 жылға дейін осы қызметте істеді.

1917 жылдың 5-інші сәуірінде Жаһанша Томск округтың сот прокурорына арыз жазып, екі айға еңбек демалысына шығып, елге оралады. Кейіннен Мемлекеттік Әділет министрлігіне өтініш жазып, еңбек демалысын тағы 2 айға ұзартады. Бұл Ресейде саяси жағдайдың қатты шиеленіскен кезеңі еді.

Осылайша, Жаһанша Досмұхамедов туған еліне оралады. Жаһанша Досмұхамедовты Томскі округтік прокуроры қызметтен 4-інші қаңтар 1919 жылы ғана босатқан. Көп ұзамай Жаһанша Досмұхамедовтың атқарған жұмысына риза адамдар қатары көбейіп, «Қолынан бәрі келетін заңгер» атанған. Жаһанша Досмұхамедов Омск, Троицк, Санкт-Петербург қалаларында өткізілген талай процестерге қатысып, абырой үстіне абырой, беделге қоса бедел иеленеді. Жан-жақты, қабілетті, терең білімді, орыстың айшықты әдеби тілін еркін меңгерген, сөздері өткір әрі дәл, әсіресе өзін толғандыратын мәселеге келгенде қызып кетіп, шешен сөйлейтін Жаһанша ортақ заңдылықты мойындамаушыларға, сот жүргізушілердің озбыр әрекеттеріне қарсы болды.

Жаһанша Досмұхамедов қазақ жұртынан шыққан тұңғыш прокурор. Бұл жөнінде ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілді. Атап айтсақ: Д.А. Аманжолова., В.В. Рыскулов «Председатель Западного отделения Алаш-Орды. Д. Досмұхамедов и судьбы казахской интеллигенции в

период Сталинских репрессий» [7] және Ш.Забих «Возвращение Ж.Досмухамедова» [8], Р. Мажитов «Жаханша Досмухамедов» [9] т.б.еңбектер жарық көрді.

Жаханша Досмухамедовтың заңгерлік істі атқаруда ұстанған басты қағидалары мынандай еді:

- *Адам тағдырын аса жоғары бағалап, ақиқатқа жүгініп, үкім-шешім шығарарда кітапта, заңда жазылғанына қарап емес, өз көрегендігіне, іс-тәжірибесіне сүйену;*
- *Айып істеген кісіден кешірім сұрауды талап ете отырып, адам жазаға лайықты іс қылса, оның кінәсінің ауыр, жеңілдігіне қарап жаза беруге болады;*
- *Ақыл-парасат биігінен қарап, жазаланушыға қатал болмай, мейірімділікке, биязылық шапағатты ұстанады [10].*

Қазақ халқының көшбасшысы болған зиялылар жаңа қоғам құру сәті келгенін айқын түсініп, жаңа жағдайдағы саяси күрес жолына шықты.

Әдебиеттер:

1. Батыс Қазақстан Орталық Мұрағаты. №23377-В қор.
2. Ақбай Ж. Жаханша страницы истории // Приуралье, 1997.13.12.
3. Сүлейменова Д. Жаханша Досмухамедов һәм Қазақ автономиясы. Алматы. 2018ж.
4. Мәскеу орталық тарихи мұрағаты № 418-қор.320-тізбе.529-іс,8-парақ.
5. Ақбай Ж. Жаханша. Орал. 2008ж.
6. // Уральский листок. 1911ж. №9,14,20 қаңтар.
7. Аманжолова Д.А., Рыскулов В.В. Председатель Западного отделения Алаш-Орды Ж.Досмухамедов и судьбы казахской интеллигенции в период сталинских репрессий. 2004г.
8. Забих Ш. Возвращение Ж.Досмухамедова // Заң мен заман. 2003ж. №4.
9. Мажитов Р. Жаханша Досмухамедов. Алматы. 2008г.
10. Сүлейменова Д. Батыс Алаш арыстары. Орал. 2017ж.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАННЫҢ ЕРКІНДІК ФӘЛСАФАСЫ

Шаңбай Т.Қ.

философ-әдебиеттанушы,

Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығының директоры

Еркіндік – адамның болмысының басты феномені. Қазақ фәлсафасының дүниетанымдық мәселелердің ішіндегі өзгеше басымдыққа ие болатын метабағыт, ол – еркіндік фәлсафасы.

Дүниетанымдық ғылымда еркіндік ұғымы бізге көбінесе философия арқылы жақын таныс. Басқасын айтпағанда, алдымен еске түсетіні Н.А. Бердяевтің «Еркіндік философиясы». М.Хайдеггер, Ж.-П.Сартр, А.Камю, Э.Фром, т.б. философтар еркіндік мәселесіне әр қырынан келді. Философияда еркіндік ұғымы көп талқыға түсті де, негізінен екі бағыт айқын көрініс тапты: «Еркіндік Жаратушыдан», немесе «Жаратушыдан тыс еркіндік», т.с.с. Бұл танымдардың айналасында полемика көп.

Қазақ түсінігінде, атамекенде өмір сүрген адам – еркін адам. Сыртқа үркіп кеткен адам өмір бойы атамекенін аңсаумен болған. Оған қазақ әдебиеті мен өнерінде мысал көп. Көне Грекияның «жеті данышпанының» бірі Солон «Исток свободы личности – полис, его земля» дейді. Атамекенде өмір сүрген адам – еркін адам. Ал, атамекенде өмір сүрген адамға, жұртқа, этносқа басқыншы келсе қалай болмақ. Өз жерінде, атамекенінде өмір сүре отырып бодан болса, еркіндікке «шідер» салынбақ. Ондай жағдайда, еркіндік үшін күрес керек. Бұл – күрес, басқыншылық емес, еркіндік үшін күрес жолы. Полис ұғымы – атамекен ұғымына жақын. Атамекенді азат ету – қасиетті харекет болмақ.

Алаш алыптары жоқты іздемеген, жоғалғанды іздеген. Қазақ даласы Ресейдің басқыншылық кезінде Елдік еркіндіктен айырылғанымен, «еркіндік рухын» жоғалтпаған. Қазақ дүниетанымында еркіндік рухы қашан да барлық таласынан биік тұрған.

Атамекендегі ойшылдықтың бастауы – әділдік. «Бас кеспек бар болса да, тіл кеспек жоқ». Бұл – дала демократиясының көрінісі. Әділдіктің анасы – еркіндік, еркіндік жоқ жерде – әділдік жоқ. «Әділдік келгенше, қайыр кете тұрады» дейді Ахмет Игүнеки. Қайырсыз қоғамның күні қараң, адамзаттың шайтандық жолға түсіп кету қаупі бар. Қайырсыз қоғамда «Әділдіктің өзі кетіп, исі қалады» дейді Жүсіп Баласағұн.

Алаш алыптарының барлығы еркіндік үшін ашық майданға шықты. Осылайша еркіндік танымына жол ашылды, бұл – еркіндік фәлсафасы болатын. Алаштың еркіндік жолының көшбасшысы, пассионарлық тұлға – Әлихан Бөкейхан болды.

Барлық фәлсафасының басы, яғни барлық саланың бастауы – еркін ойлау, сол арқылы еркіндікке қол жеткізу екенін Әлихан Бөкейхан терең танып, оған ғұмырын арнап, арыстанша арпалысты. Халқына жол көрсетті, нағыз көсем болды.

Әлихан Бөкейхан қазақтың еркіндік фәлсафасын ерекше биікке көтеріп, қазақтың еркіндік санасын әлемге танытқан бірегей тұлға. Оның еркіндік фәлсафасы қазақ саяси фәлсафасын қалыптастыруда айқын көрініс тапты. Әлихан Бөкейхан фәлсафаға құрметпен қарап, оны білімнің ең қиыны екенін айтқан.

Әлихан Бөкейхан фәлсафасының негізі – елге, жұртқа қызмет ету, адамзат баласына еркіндік рухының дәнін себу, яғни, энциклопедиялық масштабтағы дүниетаным. Әлихан Бөкейхан фәлсафасының субстанциясы қазақ халқының еркіндігі. Әлихан Бөкейханның еркіндік рухының фәлсафасы субстанциялық дүниетанымында анық көрініс тапқан: «Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын!». Бұдан нені байқаймыз, тұлғаның шаһиттік өмірге (ұстараның жүзі) саналы баруы, өмірінің мәні – халқына жол көрсету. Елге, жұртқа ғұмырын арнау шешіміне жігер еркіндігі бар тұлға ғана бара алады. Фәлсафада жігер еркіндігі – тұлғаның өз харекетін өзі айқындауы, өзінің харекет ету жолындағы еркіндігі мен мүмкіндігін өмір фәлсафасына айналдыруы. «Хан баласында қазақтың хақысы бар еді» – бұл не? Бұл фәлсафалық танымда – рефлексия, тұлғаның өткенді саралап, көкжиектің көркем болуын мақсаттауы. Мақсат, елдік дәстүрді

жалғастыру: «Тірі болсам, қазаққа қызмет етпей қоймаймын». Әлихан Бөкейхан елге, жұртқа қызмет етудің үздік үлгісін рефлексиялық жолмен тарихи сананы жаңғырта еске түсіреді.

Әлихан Бөкейханның тарихи-фәлсафалық еңбегінен тарихи сананы жаңғыртуға арналған екі мысалды келтірейік: а). «Самый популярный среди киргизовъ, названный ими ханомъ, Абылай, тщательно избегалъ подчинения киргизовъ чужой власти»; [1]. ә). «Въ сороковыхъ годахъ XIX века Киргизская степь въ последній разъ спомнила старину. Внукъ Абылай-хана Кенесары Касымовъ, затмившій въ народныхъ сказаніяхъ славу своего популярнейшаго деда, собралъ несколько тысячъ наездниковъ изъ представителей недовольныхъ и, объявить себя возстановителемъ былого величія киргизскаго народа, пытался поднять подъ свое знамя весь киргизскій народъ» [2].

Осы екі мысалдың алғашқысында Абылай ханның даналықпен ел, жұрттың еркіндігін ұстап тұрғанын көрсетсе, екінші мысалда, арыстан жүрек Кенесары ханның еркіндікке құштарлығын көрсеткен. Әлихан Бөкейхан – осы екі мағынада да елдікке ұмтылған еркіндікті фәлсафа контексінде жалғастырушы бірегей тұлға. Әлихан Бөкейханға дейін саяси фәлсафа контексінде еркіндік үшін, ел тәуелсіздігі үшін күрестің жолын ешкім көрсете алмады. Әлихан Бөкейханның саяси дүниетанымына Еуразия кеңістігінде іштен де, сырттан да «жаулар» көп болған. Оған себеп, оның еркіндікке құштар ерлік мінезі, терең білімі және ақсүйекке тән бас имейтін асқақ тұлғалық табиғаты және аса қуатты саяси концепциясы болатын. Абылай хан, Кенесары хан дәстүрін жаңа форматта саяси жолмен жалғастыру – тәуелсіздік санасының оралуы үшін, еркіндік үшін күрес болатын. Әлихан Бөкейхан жоқты іздемеді, жаңа жолмен жоғалғанды іздеді. Әлихан Бөкейхан саяси жолмен еркіндікті іздеген кезең, аса ауыр кезең еді. Хакім Абайдың сөзімен айтқанда «Өзімдікі дей алмай өз малыңды, Күндіз күлкің бұзылды, түнде – ұйқың» дегеннің асқынған шағы еді. Әлихан Бөкейхан – фәлсафаның түйіні – елдің ертеңіне деген құштарлық болатын, басқаша айтсақ, жоғалып кетпеу фәлсафасы, яғни, бар болу танымы. Бар болу неден? Әлихан Бөкейхан – соған жауап іздеген, саяси фәлсафаға ойшылдықпен келген. Қайтсем халқымды еркіндікке шығарам деген жолда фәлсафалық-танымдық ізденісте болған. Барды қалай жоғалтқан, бодан күйге қалай түскен, адамзат баласына ғажап өркениет әкелген түркі әлемі осыншама неге құлдыраған, одан шығар жол қайсы? – деген сауалдарға жауап іздеген.

Осы ізденіс жолында Әлихан Бөкейхан – мінез фәлсафасына ерекше ден қояды. Әлихан Бөкейхан – «Қазақ» газетінде Досмайыл ақсақал хатына қаратып жазған «Ашық хат» атты мақаласында фәлсафалық ой толғаған. Онда Әлихан Бөкейхан «Адам баласы қылып жүрген іс ой-ақыл болып басталады, адамды бала тапқан қатындай қинап, сөз болып сөйлетеді, я жазылады, ақыл-сөз сонан соң барып іске айналады. Не жұмыс қылсақ осы үш: ақыл, сөз, іс – сырат көпірінен өтпей жұмысқа айналмайды»[3] – дейді. Әлихан Бөкейханның фәлсафалық танымы өте терең: «ақыл – сөз – іс» үштік танымның бірлігін шығару «кыл көпірден» өткенмен тең екенін айтады. Осындай фәлсафалық үштік таныммен басталған еңбегінің түйін сәтінде өзгеше терең ұғым мінезге тоқталады: «Балқан соғысында екі жүз мыңнан аса адам өлді, бұл соғыс білімсіздіктен емес. Ұлтына, жұртына қызмет қылу білімнен емес, мінезден. Адам баласын өзіндей жақсы көр, сүй деген мінез айтылғалы екі мың жыл болған, онан бері білім отарба, телеграм, телефон, айроплан шығарды, жақсы мінезге тоқтаған адам аз, білім біліммен, мінез – мінезбен. Көп оқыса, зейінді болса, білімді болмақ, мінезі жақсы бола ма, жаман бола ма, мұны құдай білер. Неше түрлі залалды қазақ мінезі бұзық орысша, мұсылманша хат білетіндерден көріп жүр. Бұлар өзге қазақтан білімді, білімнен жақсы мінез шықса, бұл қалай?»[3]. Әлихан Бөкейхан – мінез мәселесіне адамдық (адамшылық) қасиет тұрғысынан келіп, оған жауап іздеген. Өз мақаласындағы негізгі мақсат Досмайыл ақсақалдың сөзіне жауап беру болғандықтан Әлихан Бөкейхан өзі қойған терең сауалдың жауабын ашық қалдырған. Мақаланың түйін сөзінде Әлихан Бөкейхан былай дейді: «Бүгін Досмайыл ақсақалдан сөз айыруға қысқартып жаза салдым, құдай бұйырса, тағы неше бұл сөзге айнармын». Әлихан Бөкейханның «бұл сөзге неше айнармын» деуі мәселенің тереңдігін көрсетіп отыр. Автор мақаласында «Адам баласын өзіндей жақсы көр,

сүй деген мінез айтылғалы екі мың жыл болған» дей келе, сол мінезді білім де түзей алмауы неліктен деп ізденіске түскен.

Бұл тереңдігі жағынан Шәкәрімнің «Білімділерден бес түрлі сөздің шешуін сұраймын» сауалына ұқсас. Шәкәрімнің бесінші сауал-сөзі мынадай: «Заман өткен сайын адамдардың адамшылығы түзеліп бара ма, бұзылып бара жатыр ма?». Оған академик-ойшыл Ғарифолла Есімнің фәлсафалық-толғау жауабы жарық көрді. Бұл қазақ фәлсафасындағы жаңа сөз болды. Соған назар аударайық: «Бұл Шәкәрімнің өз заманындағы қазақ оқығандарына қойған соңғы бесінші сауалы. Бұл сауалдағы негізгі проблема адамның адамшылығы туралы. Мен адамшылықты не жақсы, не теріс дей алмаймын, ол бәрін қамтитын – феномен. Шәкәрім анық біліп отыр. Заман озған сайын білім молығып, адамдар білімді бола бастайды. Бірақ, мәселе сонда, сол білім адам табиғатын кемелдендіретін, яғни адамшылық ізгі қасиеттерді молықтыратын қуат бере ала ма? Әлде білім молыққан сайын адам болмысы қақпанға түсіп, оның басы дауға қала ма? Демек, Шәкәрім сауалы да заман озған сайын әр хакімнің айтқан тұжырым-ойларымен толыға түспек, бірақ сірә де толық жауап бола қоймас, себебі адамның соты адам емес, оның Жаратушысы болғаны табиғи түсінік пе деген пікірдемін» [4]. Шәкәрімнің сауалы да, оған Ғарифолла Есімнің жауабы да антропологиялық фәлсафаның мәселесі. Біздің айтпағымыз, осы мәселені ХХ ғасыр басында Әлихан Бөкейханның да көтергені болып отыр. Ол да субстанциялық мәселерді, оның ішінде мінез мәселесін көтерген мақаласын мына сөздермен түйіндеген: «Көп оқыса, зейінді болса, білімді болмақ, мінезі жақсы бола ма, жаман бола ма, мұны құдай білер» [3].

Өкінішке орай, Әлихан Бөкейханның кеңес дәуіріндегі торға қамалған арыстандай болған өмірі ойшылдыққа қайта оралуына мұрсат бермеді, мол мұрасы «жабулы қазан» астында қалды. Алаштың алыбы Әлихан Бөкейханның ел еркіндігі туралы жазғаны ғана емес, «ойлағанына» дейін бақылауда болды. Сондықтан, Әлихан Бөкейханның дүниетанымы қазақ фәлсафасының қалыптасуына сол аласапыран кезеңде ұйтқы жол бола алмағанымен, еркіндік алған жылдары қазақтың еркіндік фәлсафасының басында тұрды. Негіз болды. Әлихан Бөкейхан тұлғасы әлемдік саясат пен мәдениет тарихында үлкен құбылыс. Әлихан Бөкейхан қазақтың ғана емес, адамзаттың еркіндік жолындағы ұстазының бірі десе артық айтқандық емес. Саяси еркіндікке жетудің жолын көрсетті. Бүгін қадірі білінбегенмен ертең білінер. Осы тұрғыдан алғанда Әлихан Бөкейхан қазақтың саяси фәлсафасының негізін қалаған ірі тұлға ретінде ғана емес, адамзатқа ортақ саяси қайраткер, ойшыл-ғалым ретінде қарастырған дұрыс. 1905 жылы Қарқаралыда көтеріліс болды, оны жаншып тастау қажет деген желеумен империялық жүйені арқаланған генерал-губернатор күш көрсетуге қазақ даласына казактардың отрядын жібергенде, азулы аждаһаға арыстандай айбат көрсеткен Әлихан Бөкейхан болды: «Казахи пока не знают и не чтутъ имена, величія борцовъ за свободу Россіи, начиная отъ Пестеля, кончая настоящими узниками Шлиссельбурга. Не умножайте свои преступленія, могильшики приказного строя! Ваши дни сочтены. Съ вами мы разсчитываемся въ русскомъ представительномъ собраніи» [5]. Әлихан Бөкейхан – бұл жерде қазақтың ғана емес, тұтас Россияның танымал тұлғасы ретінде сөйлеп тұр. Халықпен от ойнаған мемлекеттік жүйеге «сен қылмыскерсің, сенің күнің қаран» сендермен демократиялық жолмен басқаша сөйлесеміз деп айта алу асқақ мінезді, терең білімді, сол кездегі тұтас Россияға танымал ірі тұлғаның, көрнекті саяси қайраткердің ғана аузынан шығатын – сөз. Тұрақты әскердің өзін «жендетке, жаналғышқа» айналдырдыңдар деп өткір айтқан да Әлихан Бөкейхан болатын: «Армія развращается правительствомъ. Вместо защитника родины изъ арміи делаютъ ея палача» [6]. Әлихан Бөкейхан мемлекеттік жүйенің демократиялық танымнан соншалықты алшақтағанын ашып көрсете білген. Осындай қиын кезеңде «Қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деген ұстанымдағы Әлихан Бөкейхан өз мақсатын іске асыру харекетіне жүйелі түрде кіріскен. Алып империяға мінезбен, біліммен қайрат көрсеткен. Әлихан Бөкейханның «Қарқаралы петициясын» ұйымдастыруы, «Қазақтар», «Қазақ тарихы» тағы басқа жүздеген іргелі еңбектерінің жарық көруі қазақ даласына саяси күштің келгенін, оның пассионарлық қуатты басшысы барлығын Еуразия кеңістігіне танытты.

«Бөліп ал да билей бер» саясатының бет пердесін ашып, ел болып бірігудің жолдарын әр еңбегінде халқының жүрегіне еге білді: «Мұнан бұрын «Қазаққа» жазылған еді: «Учредительное собрание» құдайдан соңғы күшті, мұның ісін бұзатын үкімет жоқ, – деп. Бұл барша Россия мемлекетінің негізгі заңын басқарады, – деп. Мұнда барша қазақтың да ісі қаралады, – деп. Біздің алаштың баласы «Уредительное собрание»-ге партия жасамай, барша алаштың шешенін, білгішін, таза пікірлесін сайлағаны алаштың пайдасы болады. Осы ақыл жұрт пайдасы-ау деп біз, Жалпықазақ сиезінің бюросы қазақ жұртынан депутат болатын жігіттердің атын атамақ болдық. Бұл жігіттер Жалпықазақ сиезіне салынады. Сиез ұнатқан жігіттерді тәмам қазақ бөліп алып сайлайды. Енді депутат сайлауға облыс, ояз, болыс, туған жер арасы жоқ» [7].

Әлихан Бөкейхан әрбір сәтті тамыршыдай дәл тани білді, алаштық таным, алаштық сана арқылы әр алаштықтың рухын оятты: «Қара жарыста озғанды жұрт қалап бәйгеге қосар. Біздің іздегеніміз – Алаштың аты бәйгеден келгені. Тірі болсақ, алдымыз үлкен той. Алаштың баласы бұл жолы болмаса, жақын арада өз тізгіні өзінде бөлек мемлекет болар. Бұл болып тұрған заман Алаштың азаматына үлкен жүк. Бізді бірлік болып, іс қыла білетін шебер табылса, Алаштың баласы бақыт жолына түсті. Кейінгі үрім-бұтақ не алғыс, не қарғыс бере жүретін алдымызда зор шарттар бар. Осыны аңғар, жұртым қазақ!» [7]. Еркіндіктің мәнін осылай ашады. Саяси еркіндік күреспен, хакім Абай айтатын ерік күшімен келетінін айтып отыр. Әлихан Бөкейханның көпқырлы дарынына, көкжиектің көркем болатынының көре білген «ақыл көзіне» таңырқамасқа амал жоқ. Кейінгі үрім-бұтақтан не алғыс, не қарғыс алмас үшін не істеу керек, соның жолын көрсетіп отыр. Алаш Елі «жақын арада өз тізгіні өзінде бөлек мемлекет болар» деп көрегендікпен айтып, ол үшін бірлік керек дейді. Әлихан Бөкейхан ел тағдыры үшін отқа да күйді, суға да түсті. Жасымады, сондай кездің өзінде мінезбен, біліммен өзін қамаққа алғандардан биік тұрды: «Мой арестъ носить характеръ личной мести со стороны генерала Сухотина, не разъ послужившаго благодарнымъ матеріаломъ для моихъ корреспонденцій въ дни свободы, когда предлагаль отдать его подъ судъ за нарушенія 1 пункта Манифеста 17 октября. У насъ нетъ ни суда, ни судей, ни закона, а всехъ ихъ заменяють кругъ овалъ-плетка» [8]. Еркіндік үшін күрескен алаш көсемі Әлихан Бөкейханға өшіккен Сухотин кім еді? Ол сол кезде Дала өлкесінің генерал-губернаторы, Сібір әскери округі әскерінің басшысы, Сібір казак әскерінің атаманы болатын. Қазақ даласы, Сібір өлкесі, тіпті тұтас Еуразия кеңістігіндегі Әлихан Бөкейханның беделінен түнде түсінде көріп шошып оянатын, күндіз ас батпайтын Сухотин осындай биліктің иесі еді. Әлихан Бөкейхан еркіндік жолында негізгі күш саяси санада деп білді.

Ұлы Даланы мыңдаған жылдар мекендеген түркілердің ұрпағын ұйытатын ұран – Алаш ұраны екенін де жақсы білді. Сондықтан оны саяси фәлсафаның туы ретінде халқына ұсынды: «Партия ұраны десек, бабамыздың «Алаш» ұранынан артық ұранды іздесек те таба алмаймыз. Сөйтіп қазақ саяси партиясының атын «Алаш» қою ойлап әуре болмастан ауызға түсіп тұр. Жалпықазақ сиезінің қаулысын қабыл етіп, қазақ өз алдына саяси болуын қостайтындар, сайлауда кандидат списогін «Алаш» партиясының списогі деп жүргізулері керек» [9]. Әлихан Бөкейхан екі оттың арасынан (ақтар мен қызылдардың) халқын аман алып шығу үшін небір саяси амал-тәсілдер қолданды. Адамас үшін, кімнің кім екенін дер кезінде атап, халқына жеткізіп отырды: «Ленин жолдастарымен неміс жалдаған болып шықты, өзі қолға түспей Германияға қашып кетсе керек. Бірнеше жолдасы абақтыға алынды, сотқа берілді» [10]. Кейіннен «идеалға айналмақ» тұлғаның кім екенін көрегендікпен халқына жеткізу ел болашағының ойлағандықтан, ақиқаттың негізін, субстанциясын тануға, сондай-ақ, болашақ өмірдің айнасын талдап көрсетуінде жатыр.

Әлихан Бөкейхан көсемсөз фәлсафасының негізін қалады. Көсемсөз фәлсафасы медиялық құралдың ажырамас бөлігі, негізі ретінде өз арнасында фәлсафалық танымның мәдениеті мен методологиясын қалыптастырады. Көсемсөз фәлсафасының негізін қалаған Әлихан Бөкейхан бұл саланың халық өміріндегі мәнін терең түсініп, өзі де тікелей араласқан: «Өзінің ғұмырында Әлихан төңкеріске дейін 4 газет, оның үшеуі орыс тілінде: «Иртышъ», «Омичъ» және «Голось степи» газеттеріне өзі редактор болса, қазақ тілінде тұңғыш

жалпыұлттық «Қазақ» газетін ұйымдастырды. Төңкерістен кейін қазақ тіліндегі «Темірқазық» және «Шолпан» журналын шығарып, 1925 жылдан бері шыға бастаған «Жаңа мектеп», «Әйел теңдігі» және «Сәуле» журналдарын ашуға мұрындық болды. «Жаңа мектеп» журналының кейін «Қазақстан мектебі», ал «Әйел теңдігі» журналының «Қазақстан әйелдері» басылымына айналғанын ерекше айта кеткен маңызды» [11]. Сондай-ақ, мақала авторы Әлихан Бөкейханның мерзімді басылымда жарық көрген еңбектерінің географиясы Еуразия кеңістігін қамтитынын, тіпті, француздардың ықпалды «Фигаро» газетінде жарық көріп тұрғаны туралы мәліметтердерді де келтіріп өткен» [11]. Әлихан Бөкейхан қазақ фәлсафасының негізгі құндылық-арнасы жер-ландшафт фәлсафасының негізін қалады. Ландшафтық ойтаным әр этностың өсіп-өнген жерімен(туған жер, туған ел) тығыз байланысты. Ландшафтық ойтаным жоғалса этностың жан тамыры үзіледі. Әлихан Бөкейхан фәлсафасындағы ландшафтық ойтаным – субстанциялық тереңдігімен, реминиценциялық санасымен, пассионарлық ұмтылысымен ерекшеленеді. Адам мен жер – мың тамырмен байланысқан феномендік құбылыс. Ана-Жер-Ана деген ұғым бар, бұл бекер емес. Оған Асан Қайғының «Жер-Ұйығықты» іздеуін қосыңыз. Жер тіршіліктің тірегі. Қазақ жері қазақтың болашағы екенін терең түсінген Әлихан Бөкейхан оған алдымен қазақтардың өзінің құрметпен қарауын талап етті. Фәлсафада – жер фәлсафасы, ол – үрей фәлсафасы деген де түсінік бар. Ол да бекер емес. Жерден айырылған халықтың күні қараң. Соны терең түсінген Әлихан Бөкейхан жер фәлсафасына өзгеше жауапкершілікпен келіп, халқына түсіндірген: «Жер туралы көрген зорлық көп. Жер десе дірілдемей болмайды. Сонда да жер мәселесі негізгі ғұмыр мәселесінің ең зоры. Жер ісін «ала қашты, тартып алды, тиіп кетті» қылмай, ақылмен, сабырмен атқарған оң» [12]. Осы қысқа сілтемеде қанша фәлсафалық ой жатыр: зорлық көп, дірілдемесе болмайды, ғұмыр мәселесі, ақылмен, сабырмен атқарған оң. Фәлсафалық терең байламдар. Әлихан Бөкейхан жер мәселесіне аса жауапкершілікпен келу қажеттігін айтып отыр. «Байбаламның» қауіптілігін де ескерткен. Бүгін де қазақ жерін байбаламсыз мінезбен, біліммен көздің қарашығындай сақтау керек. Ол ең алдымен билік басындағылардың басты міндеті. Әлихан Бөкейхан өз кезінде қазақ жерін мың желеумен ресей империясы «тырнақ батырып» алып жатқанда, үндемей қалу өліммен тең екенін халыққа ескертіп, оған қарсы күресудің жүз тарап жолын үйреткен, өзі бел шешіп жер үшін күрескен: «Мұжыққа жер алғанда «артық» деп алып отыр. Қазақ жұрты бұған дауласу керек» [13]. «Қазақ жерін мұжыққа алғанда қазаққа көп кемшілік келтіреді, бұрын жерді қазақтан жері жоқ мұжыққа береміз деп алушы еді. Енді қазақтан алған жерді Еуропада өз жері көп дворян-помещиктерге беріп жатыр» [13]. «Казахамъ нужно землеустройство при участіи самихъ казаховъ и ихъ земства» [14].

Ғылым фәлсафасы ХХ ғасырдың екінші жартысында өз орнын фәлсафада нық алса, «ғылым фәлсафасы» ұғымының ғылыми айналымға енгеніне ғасырлар өткен. Әлихан Бөкейхан оны анық білді. Жоғарғы оқу орны болса ғылым болатынын және ол қоғамның негізгі басым бағыттарын алға шығаратынын терең білді: «Край нуждается въ открытіи высшаго сельскохозяйственаго и ветеринарнаго института, такъ какъ земледеліе и скотоводство состовляютъ краеугольный камень его экономического благосостоянія; отсутствіе же ученыхъ и практиковъ-спеціалистовъ по этимъ отраслямъ отзывается весьма неблагоприятно какъ на ихъ теперешнемъ состояніи, такъ и на ихъ дальнейшемъ развитіи» [15].

Әлихан Бөкейхан қоғамның дамуының негізгі тірегі білім, әрі ғылымның алғышарты да білім екенін анық танып, осы салада өзі бел шешіп еңбек етті, әрі үлкен насихат жүргізді. Әлемдік білім фәлсафасының дәстүріне сай Алаштың білім фәлсафасы институционалды тұтастықта дамыды. Ұлы дала төсінде мектептер, басқа да білім ошақтарын ашу, оқулықтар жазу, газет-журналдар ашу, білім мен тәрбиеге қатысты танымдық-әдістемелік мақалалар жазу, түрлі бірлестіктерде білім мәселелерін, білім теориясы мен концепциясын талқылау, т.б. көптеген мәселелерді қарастыра келіп, соның нәтижесінде ұстаздық фәлсафаның жаңа бағыттарын көрсету, теориялық білімнің іргелі құндылықтарын ашу, Алаштың білім фәлсафасының метаконцепциясы болды. Әлихан Бөкейхан білім мәселесін сол қоғамның басты құндылығы ретінде қарастырды: «Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктердің көбі

түзелгенде окумен түзеледі. Бұл күндегі үлкендердің көбі біздің жаңалық ісімізді жатырқап, жаңалық пікірімізге түсінбей, айтқанымызды тыңдамай, істегенімізге қосылмай – өтер. Олар өтіп кейінгі жастардың да заманы жетер. Жаңалыққа жастар мойнын бұрып қайырылар, халық түзелуінің үміті: жастарда. Сондықтан жастардың қалай оқып, қалай тәрбиеленуі бәрінен бұрын ескеріп бәрінен жоғары қойылатын жұмыс» [16].

Әлихан Бөкейхан жастарға үміт артты, өз халқының қабылетіне ерекше сенді, генетикалық дарындылығына күмән келтірмеді: «Қыр халқы... өздері ғылым-білімге көңіл бөлген себебінен кешікпей-ақ жақсылықты біліп, еңсесін көтеруге аяқ басар, өздерінің сүйектеріне берген ақыл-санасы болған соң...» [17].

Әлихан Бөкейхан білім саласында болып жатқан әр жаңалықты қағыс жібермей, содан қазақ халқының сусындағанын қалаған. Петербор қаласында өтпекші мұғалімдер сиезінен қазақ мұғалімдері қалмауы керек деп халыққа қаратып сөз айтқан, оның мәнін түсіндіріп берген: «Алдымызда осы қыс Петерборда мұғалімдердің бас қосуы – сиезі болады. Бұл сиездің басында неше білгіш ғылымды профессорлар болады. Оқуды жақсылап оқытатын Жапон, Америка, Норвегия сияқты жұрттардың қалай бала оқытып отырған үлгісін жиылған мұғалімдерге көрсетеді. Біздің қазақ мұғалімі бұл сиезге бармаса болмайды. Халық болып көп аз демей қазына жиып, талапкер қазақ баласын оқытатын мұғалімдерді Петербор сиезіне жіберу үлкен мақсат. Мұғалімдерді Петербор сиезіне жіберетін ақша қазақтан табылмаса, міне жұрттан қалғанның белгісі. Қиналып тапқан ақылды, толғатып сөзге аудардым. Енді бұл сөзді іс қылмақ, оқушы жұртым, қазақ өз мойныңда!» [18].

Геродоттан бастау алып, Вольтер ғылыми айналымға енгізген тарих фәлсафасы бүгінде тарихи танымның методологиясын айқындауда басым бағытқа ие. Алайда, отандық тарих ғылымына негізделе жазылған тарих фәлсафасы туралы іргелі еңбек бүгінде жоқтың қасы. Оған көп жылдар алаш танымының жабық болуы кері әсерін тигізді. Ұлттық тарих фәлсафасының басында Әлихан Бөкейхан тұрды: «Тарих – елдің айнасы, тарихтан ел өткен уақыттағы мінін көреді. Айна жоқ болса адам бет-аузын көре алмайды. Тарих жоқ болса – ел өткен күнін һәм мінін көре алмайды. Мінін көре алмаған соң, өмірін оңдай алмайды. Оңдамаған соң мәжнүн болып, құдыққа құлайды. Олай болса тарих қажет. Тарих болса ел өсіп, өнеді. Тарих болмаса ел жоғалады. Бұл хақ нәрсе» [19].

Тарих философиясының ақиқаттығын Әлихан Бөкейхан осылай ашып көрсеткен. Тарихтың этнос өмірінде, оның адамзат тарихында алатын орнын айқындаудағы ролі туралы айтқан пікірі де бүгінде өзектілігін жойған жоқ: «...біздің қазақ халқының асылы тексеріліп, тарихы жазылған жоқ. Бұ күн Азия картасының төрттен біріне ие болып тұрған қанша миллион қазақтың тарихы көмескі қалыпта тұрған жайы бар» [20].

Әлихан Бөкейхан тарих ғылымына, тарих философиясына жүйелі түрде барған. Елден тыс ғылыми ортада оның тарихи танымы ерекше белгілі болған. Әлихан Бөкейхан тарихтың генезисіне өзінің іргелі еңбектерінде ерекше тоқталған: «Остановимся несколько подробнее на памятникахъ этого древняго народа. До нас дошли, какъ мы уже сказали, остатки городовъ курганнаго племени. Это небольшія сооруженія изъ глины, дерева(срубы) и камня: такія «городища», открыты во многихъ местахъ – по берегамъ Иртыша, Тобола и Ори, по берегамъ Илека и Урала. Въ нихъ найдены медныя и бронзовыя орудія и разнообразныя глиняная и бронзовая посуда(чаши и урны); последняя всегда изукрашена различными узорами. Некоторые городища имели видъ укрепленій и помещались на неприступныхъ местахъ (например въ окрестностяхъ Каркаралинска); другія расположены по берегамъ рекъ и озеръ и имели деревянныя и земляныя постройки. Находили въ городищахъ шорныя изделія (удила и стремена съ бронзовыми и медными насечками и пр.) и орудія для обработки полей. Но особенно развито было горное дело. ...Много осталось и памятниковъ религознаго культа. Въ этомъ отношеніи богатый материалъ даютъ курганы и могильгики» [21].

Әлихан Бөкейхан өзінің іргелі «Қазақ тарихы» мақаласында мәдениет фәлсафасына да методологиялық жол ашқан: «Осы ғасырдағы әлем жарығына қазақ көзін ашып, бетін түзесе, өзінің қазақшылығын жоғалтпағандай, және өзінің шарқ әдетіне ыңғайлы қылып «Қазақ

мәдениеті» (Казакская культура) құрып, бір жағынан «Қазақ әдебиеті» (Казакская литература) тұрғызып, қазақшылығын сақтамақшы» [20].

Тағы бірде Әлихан Бөкейхан былай дейді: «Оқымай мәдениет жоқ. Мәдениетсіз ел қандай көп болсын, күшті болсын, ұлтшыл болсын, ұлттығын сақтап табанды ел болып тұра алмайды» [21]. Мәдениеттің этнос өмірінде алатын орнын анық ашып берген, мәдениетін сақтамаған, қадірлемеген халықтың «ел болып тұра алмайтынын» анықтап айтқан.

Әлихан Бөкейхан фәлсафасының өзекті саласы – тіл философиясы. Тіл – ой мен білімнің кілті. Мәскеуде сөйлеген сөзінде тіл мәселесіне заң тұрғысынан келіп өзекті мәселені көтерген, әрі үлкен саяси маңыз берген: «Ближайшей нуждой киргизовъ является свобода въ употребленіи родного языка, особенно необходимая въ виду предстоящей выборной агитаціи, и я присоединяюсь къ предложению техъ товарищей, которая просили съездъ высказаться за немедленную отмену всехъ ограниченій въ правахъ местныхъ языковъ» [22].

Әлихан Бөкейхан энциклопедиялық білімнің иесі ретінде аса күрделі дін фәлсафасына да ерекше батыл, әрі терең талдау жасай отырып барған. Діннің халық өмірінде алатын маңызды орнын талдап көрсеткен, сондай-ақ, «шала молла дін бұзарын» да білген. Әлихан Бөкейхан мынадай терең танымды сөз айтқан: «Молла – міндетті халыққа білім беруге» [23]. «Молла міндетті» деп кесіп айтқан. Бірақ, сол міндет ойдағыдай ма, міне мәселе осында. Сондықтан, халыққа түсінікті болу үшін өмірден алып, дін мәселесіне қатысты көптеген еңбектер жазған. Соның бірі, Әлихан Бөкейханның: «Қ. оязындағы моллалардың баяны» мақаласы: «Қырда кім болса да сол молла болады. Аз ғана оқу білетін қазақ я қашқын ноғай, я сарт, я тәжік. Сол адамдар бек надан һәм нәрсені білмейді һәм солар надан болған соң, қазақтарға ауып, оларды мейлінше бұзады» [23]. Дін саласындағылардың қатып қалған догмамен жүрмеуін, діннің тереңіне бойлап дұрыс түсіндіруін де талап еткен еңбектер жазды: «что среди наших магометанъ есть такіе хамелеоны, которые въ совещаніяхъ идутъ с народомъ за одно, а когда разойдутся по домамъ начинаютъ стоять задругое. Для этой цели они не останавливаются ни передъ чемъ: совершенно превратно толкуютъ стихи Корана и поученія Пророка, возстають безъ всякихъ границъ противъ мусульман-прогрессистовъ, проклинаятъ всехъ, кто стоитъ за науку и за светское образованіе» [24].

Олардан дінді ғылым мен білімге қарсы қоймауын талап етті, сондай-ақ, тіпті басқа дін өкілдерінің адамдық қаракеттері бар болса, соны да үлгі етті: «Кедров һәм Тасветков деген екі поп жұталмаған жұрттан ақша жиып, Қостанай оязындағы қазақ жеріне жаңа келіп орныққан мұжықтарға ас пісіріп беріп, өлімтік, үш көтеремін асырады. Әлгі екі поптың апарған дәрігерлері 20-шы марттан 1912-ші жылғы 1-ші августке шейін 8 мың 292 мұжықты қарапты. Көліксіз мұжыққа ат сатып әперіп, кісі жалдап, жерін жырттырғаны үшін 10 мың сом шығарыпты. Үлгі алсаң, қазақ моллалары, осылардан ал!» [25].

Әлихан Бөкейхан өзінің танымында дін фәлсафасының концепциясын талдап көрсетті: «Франсуз, орыс һәм өзге жұрттың тарихынан көрінеді, молла үкіметтен ақша алса, сатылып кетеді, рухани іс аяқасты болады. Жалование алған моллалар үкіметке жетекші болып, еріп кетеді. Біздің қазақ-қырғыз дін ісін көркейтетін болса, үкімет ісінен бөліп қойғаны оң болады. Орысша оны «отделение церкви от государства» дейді» [25]. Әлихан Бөкейханның фәлсафалық танымы кешенділігімен, концепциялық ауқымдылығымен, адамдық қасиетімен ХХ ғасыр басындағы қазақ фәлсафасына өзгеше пассионарлық қуат берді: «Я живу, дышу, существую внутренними делами своей родины, для меня судьбы ея превыше всехъ благъ, какія только можетъ дать жизнь» [26]. Сондықтан Әлихан Бөкейханның еркіндік фәлсафасы қазақ үшін мәңгілік.

Әдебиеттер:

1. Историческія судьбы киргизскаго края и культурныя его успехи. // Букейхановъ, А.Н. и др. Россія. Полное географическое описаніе нашего отечества. Киргизскій край, томъ 18, 156-175 стр. 1903 г. СПб.

2. Историческія судьбы киргизскаго края и культурныя его успехи.//Букейхановъ, А.Н. и др. Россія. Полное географическое описаніе нашего отечества. Киргизскій край, томъ 18, 156-175 стр. 1903 г. СПб.
3. Қыр баласы. «Қазақ», 1913 ж., №2. Орынбор.
4. Ғарифолла Есім. Бес Сауал.// «Шәкәрім» энциклопедиясы. 2008.
5. Ә.Б. «Семипалатинскій листокъ», №264,13.12.1905г. Семипалатинскъ.
6. Букейхановъ, А.Н. Омскъ, 2-го сентябры.// «Иртышъ», №36, 02.09.1906 г. Омскъ.
7. Қыр баласы.Қазақ депутаттары.// «Қазақ» газеті, №235, 1917 жыл. Орынбор қаласы.
8. Алиханъ Букейхановъ. Дзянь-Дзюны казахской степи.//20 февраля 1906 года. Павлодаръ. Тюрма.
9. «Алаш» партиясы.// «Қазақ», қыркүйек, 1917 жыл. Орынбор қаласы.
10. Қыр баласы. Мемлекет халі. Саяси шолу.// «Қазақ» газеті, №237, 20шілде, 1917 жыл. Орынбор қаласы.
11. Сұлтан-Хан Аққұлы. Әлихан Бөкейханның публицистикасы мен бүркеніш есімдері турасында.// Бөкейхан Әлихан. – Толық. екінші бас. – Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2016.
12. Қыр баласы. Жер комитеті.// «Қазақ», №227,1917 жыл. Орынбор.
13. Ғали хан. Петроград хаты.// «Қазақ», №188, 1916 жыл.
14. Букейхановъ, А.Н. Омскъ, 6-го августа. // «Иртышъ», №17, 06.08.1906 г. Омскъ.
15. Историческія судьбы киргизскаго края и культурныя его успехи. // Букейхановъ, А.Н. и др. Россія. Полное географическое описаніе нашего отечества. Киргизскій край, томъ 18, 156-175 стр. 1903 г. СПб..
16. Қыр баласы. Қазақша оқу жайынан. // «Қазақ», 1913 ж., №14. Орынбор.
17. Қыр ұғлы. Баспаханаға хат. // «Дала уалаятының газеті», №24, 16 маусым. 1889. Омбы.
18. Қыр баласы. Мұғалімдер жиылысы.// «Қазақ», 1913 ж., №40. Орынбор.
19. V. Тарих керек. // «Қызыл Қазақстан», 1922 жыл, №10. Орынбор.
20. Түрік баласы. «Қазақтың тарихы».// «Қазақ», 1913 ж., №3. Самар.
21. Әлихан Бөкейхан. Қазіргі керек екі нәрсе.// «Абай», №8,01.08.1918 жыл, жылан. Алаш(Семей) қаласы.
22. А.Н. Букей-Хановъ. «Семипалатинскій листокъ», № 239, 08.12.1905 г. Семипалатинскъ.
23. Әлихан Бөкейхан. Қ. оязындағы моллалардың баяны.// «Дала уалаятының газеті», №19, 12.05.1889 ж. Омбы.
24. Мусульманинь. Изъ семипалатинскаго мусульманскаго міра.// «Семипалатинскій листокъ», №69,18.08.1906г. Семипалатинскъ.
25. Қыр баласы. Моллаларға! // «Қазақ», 1913 ж., №11. Самар.
26. А.Б. 5 августа 1906 года. Омскъ.

АБАЙ И «АЛАШ»

Шанбай Т.К.

философ-литературовед, директор Государственного историко-культурного и литературно-мемориального музея-заповедника Абая «Жидебай-Борили»

Георгий Пряхин

Академик, вице-президент Академии российской словесности, главный редактор издательства «Художественная литература»

Абай и «Алаш». Для казахского народа эти два имени и понятия священны... Абай и «Алаш» неразделимы... Движение «Алаш» появилось в начале двадцатого века. Возникло это национально-освободительное движение для борьбы против политики Российской империи в первой четверти XX века. Его возглавила после первой русской революции национальная интеллигенция. Программным документом стала Каркаралинская петиция 1905 года. Лидеры движения – Алихан Букейхан, Ахмет Байтурсынулы, Мир-Якуб Дулатулы, Мустафа Шокай, Мухамеджан Тынышпаев, Магжан Жумабаев, Халел Досмухамедов, Жаханша Досмухамедов и многие другие известные деятели казахского народа. Их правое дело дало колоссальный импульс всей Великой Степи. Появилась Алашская Автономия, возглавляемая правительством «Алаш-Орда». Все лидеры Алашской Автономии и члены партии «Алаш» были настоящими патриотами и образованными сыновьями Отечества.

Например, Алихан Букейхан окончил Санкт-Петербургский Императорский лесной институт, Мухамеджан Тынышпаев – Санкт-Петербургский железнодорожный институт, Мустафа Шокай – юридический факультет Санкт-Петербургского университета, Жакып Акбаев окончил юридический факультет Санкт-Петербургского Императорского института, Халель Досмухамедов – выпускник Санкт-Петербургской военно-медицинской академии... Многие из них были членами Государственной Думы...

Лидеры алашского движения боготворили Абая. Именно при поддержке Алихана Букейхана в 1909 году в Санкт-Петербурге издано первое собрание сочинений Абая.

«Учитель нации» – так называли в народе Ахмета Байтурсынулы – написал фундаментальную статью о творчестве Абая, которая называлась «Қазақтың бас ақыны» – «Главный поэт казахов». В ней он пишет: «Первый поэт казахов Абай Кунанбаев. Ни в раннем, ни в позднем периоде истории казахов не известно имя поэта, превосходящего его по величию духа» (1913 г.).

Председатель правительства «Алаш-Орды» Алихан Букейхан в 1905 году писал: «Абай, как это покажут его стихи, представляет недюжинную поэтическую силу и составляет гордость казахского народа. Ещё не было казахского поэта, так возвысившего духовное творчество народа, как Абай. Чудные его стихи, посвящённые четырём временам года (весна, лето, осень и зима), сделали бы честь знаменитым поэтам Европы».

Лидер движения «Алаш», поэт и писатель, автор знаменитого манифеста «Оян, Қазақ!» – «Проснись, Казах!» Мир-Якуб Дулатулы писал: «Насколько мы будем удалены от дня смерти Абая, настолько будем сближаться с ним духовно, в этом не может быть и крупинки сомнения. Положение народа не может оставаться неизменным, со временем народ просветится, напитается плодами знаний и искусства, слава Абая будет расти изо дня в день. Потянутся люди к праху Абая, называя его первым своим поэтом, и тогда светом любви продлятся и укрепятся узы между народом и Абаем. Нам не суждено стать свидетелями тех дней, но дух нас услышит и возрадуется» (1914 г.).

Автор гимна «Алаш» поэт Султанмахмуд Торайгыров пишет: «Мы должны теперь освободить язык от головоломных элементов религиозных языков Самарканда, Туркестана, Бухары и Ташкента, создать язык искусства, пропитанный европейской культурой. Образец такого языка нам дал Абай. Надо учить язык Абая...» (1911).

У современных интеллектуалов Казахстана есть выражение: «Алаштың алыптары Абайдың шапанынан шықты» («Лидеры движения “Алаш” вышли из шапана Абая»). Почти все руководители и члены движения «Алаш» боготворили Абая. Он им дал Путь. Путь Абая...

Абай создал в Степи философию Свободы... В своих стихах поэт всегда сетовал на приниженность народа. Абай для алашевцев был знаменем...
О казахи мои! Мой бедный народ!
Жёстким усом небритым прикрыл ты рот.
Кровь – на правой щеке, на левой – жир...
Где же правда? Твой разум не разберёт.
Ты и с виду неплох, и числом невелик,
Почему же, скажи, так обманчив твой лик?
Ты не хочешь добрым советам внимать,
Режет всех без разбора твой серп-язык.
Власть не можешь явить над своим добром,
Спишь тревожным сном и тревожишься днём,
То заносчив, а то с обидой глядишь,
Постоянен в непостоянстве одном.
Всякий подлый, чванливый и мелкий сброд
Изуродовал душу твою, народ,
Не надеюсь на исправленье твоё,
Коль судьбу свою в руки народ не берёт.
Родич с родичем спорит из-за пустяков.
Богом отнят их разум, удел их таков!
Ни единства, ни чести, везде разлад.
Стало меньше в степях табунов, косяков.
Из-за денег и власти кипит вражда.
Ты бессилен, а спор ведут господа.
Если накопи этой не смоешь с себя,
В унижении, в страхе ты будешь всегда.

Перевод С. Липкина.

Абай дал народу главное – свободу мысли. Лидеры движения «Алаш» в начале XX века, подхватив эту мысль, воссоздали национально-территориальное государство казахского народа – Алашскую автономию, с правительством «Алаш-Орда» и со столицей в городе Семипалатинске. Отсюда и второе название города: Алаш-Семей.

ПУТЬ АБАЯ

Всё поменялось... На карте мира появилось новое государство – СССР, которое выбрало путь Ленина. Лауреат Ленинской премии Мухтар Ауэзов показал своему народу – Путь Абая... Он помнил мечту лидеров движения «Алаш», потому что и сам принимал в нём участие... Самоопределение – главное для народа...

Абай стал сквозной темой многогранного творчества Мухтара Ауэзова. Вся свою сознательную жизнь Мухтар Омарханович посвятил Абаю: и в научном, и в художественном плане.

В научном плане он занимался исследованием жизни и творчества Абая. Писал статьи, монографии, первую полную биографию поэта, собирал рукописи, занимался текстологической работой, изданием собраний сочинений Абая. Поднял абаеведение до уровня самостоятельной научной дисциплины.

В творческой ипостаси он писал рассказы, повести, пьесы, либретто, киносценарии и главный свой труд – роман-эпопею «Путь Абая».

Если Абай – крупный представитель казахской культуры XIX века, то Мухтар Ауэзов – яркий её посланец XX века. В глубоком смысле Мухтар Ауэзов продолжил традицию Абая.

Ауэзов вместе с Жусупбеком Аймауытовым в 1918 году откроет и начнёт издавать журнал «Абай» в Семипалатинске. Журнал популяризировал произведения Абая, поднимал насущные вопросы культуры и литературы, искусства и истории. После 11 номеров он был закрыт. А вновь стал издаваться с 1992 года. И благополучно продолжает работу, начатую

Мухтаром Ауэзовым, и в наши дни: пропагандирует литературное наследие Абая и отечественную культуру.

Первое собрание сочинений Абая увидело свет в 1909 году. А когда шла подготовка к изданию собрания сочинений в 1933 году, Ауэзов проделал для этого колоссальную работу. Нашёл многие ранее неизвестные стихи Абая и впервые ввёл в Собрание поэмы «Азим» и «Вадим». Также впервые им был включён исторический очерк «Несколько слов о генезисе казахского народа».

В 1957 году было издано уже академическое двухтомное собрание сочинений поэта; вся подготовительная, издательская и редакторская работа шла под руководством Мухтара Ауэзова, который самоотверженно отнёсся к этой миссии. Был не просто редактором, а непосредственно и кропотливо участвовал в сугубо текстологической работе. Тогда он трудился в Институте литературы и языкознания. Скрупулёзно изучал и анализировал, сопоставлял все рукописи Мурсеита и другие оригиналы и автографы.

Мухтар Ауэзов по крупицам собирал сведения о жизни Абая. Неоднократно издавал научную биографию его, каждый раз её дополняя. В результате в 1967 году вышла в свет фундаментальная монография «Абай Кунанбаев» под редакцией доктора филологических наук Ы. Т. Дуйсенбаева. Сейчас Институт литературы и искусства при Академии наук Республики Казахстан носит славное имя Мухтара Омархановича Ауэзова.

Ауэзов как художник находился порою в сложнейших отношениях со своим временем. Несмотря на господство официальной идеологии, диктата сверху, на происки своих оппонентов, Мухтар Ауэзов сумел не только защитить доброе имя Абая и его творчество, но и научно обосновать «Поэтическую школу Абая».

Вот что писал он о масштабном замысле своего эпического полотна «Путь Абая»: «Собирая материалы, я беседовал и с друзьями, и с почитателями Абая, и с бывшими его врагами и завистниками – или с самими его современниками, или их сыновьями и внуками. В результате этих поисков у меня накопилось такое множество сведений о моём будущем герое, что я часто повторял один из великих заветов Горького: “Пиши о том, о чём не имеешь права молчать”».

Мухтар Ауэзов понимал, что Абай для казахской культуры – как Пушкин для русских – является началом всех начал. Наследие Абая вошло в духовные горизонты всех выдающихся деятелей Казахстана начала двадцатого века и стало достоянием последующих поколений. И в этом несомненная заслуга М. О. Ауэзова.

ХАКІМ ҰЛАҒАТЫНЫҢ ӨМІРШЕҢДІГІ

Әубәкір Ж.М.

«Абай академиясы» ҒЗИ директоры, ф.ғ.к., академик

Қазақ елінің ғасырлар көшіндегі сан қилы тарихы мен атадан балаға мирас болып жеткен бай әдебиетіне, күні кешеге дейін алтын желіні үзбей жалғастырып жеткен ұрпақ тәрбиесінің озық үлгілеріне қарап отырып таңданысың, таңдана отырып тамсанасың! Ауыл ақсақалының бір ауыз сөзіне бағынған, ел сайлаған биінің пәтуалы ойына тоқтаған, үлкеніне құрмет, кішісіне ізет көрсетіп, төс қағысып құда болып туысқан, нағашылы жиенді болып сыйласқан, балдыз бен жезде болып қалжыңдасқан, төркін жұрт пен қайын елге құрметпен қараған халық өміріне қызығасың. Осы бір мамыражай тірліктің шырқы патшалық Ресейдің қазақ елін тізесіне басып, отарлау саясатын пәрменді жүргізуінің, сайқал саясатының нәтижесінде бұзылды. Ел билеушісі де, байы да басқа қалыпқа енді. Жалпы халықтың танымы мен ұстанымы да өзгерді. Билік құмарлық пен шен алғыштық, пәле жапқыштық пен өтірікшілік, өсек айтқыштық пен мал шашпақтық, әсіре мақтаншақтық пен даңғойлық, жалқаулық пен еріншектік белең алды. Терең ойға телміретін, талап тұлпарын мінетін, адал еңбегімен жантасатын, әр дүниеге қанағат қылып ризашылықпен қарайтын рахымды жандар азайды. Есесіне ояз бен ұлыққа деген жағымпаздық, жуанның момынға әлімжеттілігі, жақсының артынан шырақ алып түсетін арызқойлық, елдің шырқын бұзып бір-біріне қарсы қойып шағыстыратын пәлекұмарлық көбейді. Халық заманымен бірге басқа мінезге ене бастады. «Өз қолынан өз ырқы кеткен» қалың елінің осындай күйге түскені өз ұлтын жанынан артық жақсы көрер Абай Құнанбайұлының жан-жүрегін ауыртқаны хақ.

Жақсы мен жаманның парқына мән бермейтін, «бас басына би болған өңкей қиқымның» елінің шырқын ғана емес, өзінің де күндіз күлкісі мен түнде ұйқысын бұзғанын білмес қалыбы, көрсеқызарлығы мен қырттығы ақын жанын жаралайды. Бірлігі мен берекесі кетіп, шынайы пейілден айрылған соң, баққан жылқысы да, тапқан байлығы да сапырылған, күндестіктің дертіне шалдыққан жанның, тіпті жай нәрсеге «бұртың» ете қалатын ағайынның да жанды бейнесі осы өлеңде кеңінен көрініс береді. Ел арасындағы береке-бірлікті, татулықты көздеген Абай Құнанбайұлы оны ең алдымен өз туыстарынан, руластарынан, ауылдастарынан бастап жолға қоюды көздейді. Ел ішінде болатын алауыздықты, көре алмаушылық қасиетті, қызғаншақтықты жоюды көкसेген ақын қалың қазағын ынтымаққа шақырады.

Ақын өлеңдерінде «қайран жұртының» кереғар қылықтары мен оспадар әрекеттерін сынға алып, елін ғылым-білімге, татулық пен еңбекқұмарлыққа үндейді.

Адасып алаңдама, жол таба алмай,

Берірек түзу жолға шық, қамалмай.

Не ғылым жоқ, немесе еңбек те жоқ,

Ең болмаса кеттің гой мал баға алмай, – деп өкінеді.

Біреуі олай, біреуі бұлай қарап,

Түгел сөзді тыңдауға жоқ қой қазақ.

Қазағының өзге жұртқа қарағанда «сөзі ұзын», «шапшаң» болса да, ғибратты ой мен ізгі насихатты шалқақтап, ыржындап жүре тыңдайтын, мінез ерекшелігі бары да қынжылтады. Айтқан сөздің сыртын емес, ішін ойланып түсінсе дейді ақын. Тіпті: «Көздің жасы, жүректің қаныменен Ерітуге болмайды ішкі мұзын», – деп қатты кейіп кететін сәттері де бар Абайдың.

Абай Құнанбайұлы ұлт тәрбиесінің негізі береке-бірлігі жарасқан елде болатындығына басты назар аудартады. Егер елдің өзара татулығы жоғары болса, халық та мамыражай өмір сүретіндігі ақиқат. Байлық та, жетістік те, тыныштық та берекесі жарасқан елде ғана. Бірін-бірі күндемейтін, басқаның артынан шырақ алып жамандық іздемейтін, не көрсек те ел болып бірге жақсылықты көрейік дейтін ниеті бір, ойы ортақ, ғылым мен білімге құштар, ізгі мақсаты табыстырған, асыл армандар жетелейтін халықтың жетістігі де мол болмақ. Туыстық қарым-қатынасы артып, байлығы да көбейіп, ой мен санасы да таза болғандықтан

тән саулығы да, жан тазалығы да жақсарып, ел болып дамудың жарқын жолына түсері де хақ. Абай қызыққан ел де – берекелі ел.

Берекелі болса ел –

Жағасы жайлау ол бір көл.

Жапырағы жайқалып,

Бұлғақтайды соқса жел,- дейді ақын.

Ал, егер, ынтымағынан айрылса ешкімге жақсылық әкелмейтін, түкке де керексіз «суы ашыған батпақ көлдей» жарамсыз болары анық. Береке-бірліктің қадірін ақын қазақы ұғым, күнделікті тіршілік барысындағы ерекшеліктермен түсіндіруге тырасады:

Шындығында да ел бірігіп, берекесі жарасып, барлығы халық болып ұйысқанда ғана жетіктістікке жетері анық. Бірлігі бар ел озса, татулығы жоқ халық тозады. Бұл сан ғасырлар бойы ата-бабаларымыздың нақты шынайы өмірден түйген, ұрпақтан-ұрпаққа екшелініп жеткен нақыл сөздерінде де кеңірек айтылған. «Бірлік болмай тірлік болмас», «Алтау ала болса – ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса – төбедегі келеді», «Ел ішінде дау көбейсе, ел сыртында жау тұрар», – дейді дана халқымыз. Тұрмыс-тіршілік те, материалды тұрғыда жақсару да өзара жақсы қарым-қатынастың арқасында дамиды.

Ағайын жоқ нәрседен етер бұртың,

Оның да алған жоқ па құдай құлқын?

Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ,

Сапырылды байлығың, баққан жылқың.

Ағайын арасында тек татулық болса, сыйластығы артып, бір-біріне деген құрметі жоғарылап, баққан малы да, мамыражай өмірде жаны да көбейе берері сөзсіз. Абайдың да басты мақсаты – елдің береке-бірлікте болуы.

Өкінішпен айтатыны да қазақы қоғамның осы бір құндылықты бағаламай, өзара алауыздықпен ынтымақты бұзуға әуестігі.

Кетті бірлік,

Сөнді ерлік,

Енді кімге беттемек?

Елің – ала,

Отты шала,

Тайса аяғың, кім көмбек?

Ел ішіндегі ұсақ келіспеушіліктің өзі туған-туыстардың арасын ғана алыстатпайды, жалпы халықтың дамуына орасан зор ықпалын тигізеді. Адалдық пен арамдықтың, еңбекқорлық пен жалқаулықтың, ғылым игермек пен надандықтың арасының ажырай бастауында да береке-бірліктің бұзылуының әсері айқын. Қазағының татулықты қойып, жамандық қылса, ол жасағаны өзіне қайыра айналып келерін ұқпауы ақын өлеңдерінде кең көрініс тапқан. Күншілдікпен өткен тірлігің, берекені бұзған пәлекұмарлығың, ағайынның арасына от жағып араздық отын үрлеген арамдығың шайтанға жасап берген қамқорлығың екенін ұқса дейді ақын.

Ел бұзылса, құрады шайтан өрмек,

Періште төменшіктеп, қайғы жемек.

Өзімнің иттігімнен болды демей,

Жеңді зой деп шайтанға болар көмек.

«Бірлік қандай елде болады, қайтсе тату болады – білмейді. Қазақ ойлайды: бірлік аты – ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен дейді. Олай болғанда байлықтан не пайда, кедейліктен не залал? Ағайын құрымай мал іздеп не керек? Жоқ, бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малыңды беріп отырсаң, атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып бірлік қылады. Бірлік малға сатылса, антұрғандықтың басы осы. Ағайын алмай бірлік қылса керек, сонда әркім несібесін құдайдан тілейді, әйтпесе құдайдан тілемейді, шаруа іздемейді. Әуелі біріне-бірі пәле іздейді. Не түсін, не ажарын, не өкпесін бұлдап, ол болмаса, бір пәле салып, қорғалатып, әйтеуір бірін-бірі алдаудың амалын іздеседі. Мұның қай жерінен бірлік шықты?»

Міне, Абай айтқан негізгі бірліктің қайда болмақтығы. Мал дос болып, арам мақсат құрып бірлік жасаудың көк тиындық құны да жоқ. Хакім сөзінің өшпес маңыздылығы да осында. Абай заманында ғана емес, қазіргі таңда да бір күндік пайдасы үшін өтірік дос болып, керегінде пайдаланып, қажетсіз болып қалса сырт беріп айналатын келеңсіз қасиеттерімізді жөндейтін уақыт туды. Ағайынмен мал үшін емес, риясыз пәк көңілмен бірлікте болатын заман қазір. Құлық-сұмдықпен дәулет жиып, мақтанып, есіріп кететін есерсоқтарымыз Абай сөзінің мәніне терең үңги алмаса да, тұшына бір оқып, өз ісіне есеп бере білсе. «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың? – деген Абай сөзі қашан да бағалы.

Қазағымыз хакім сөзінен ғибрат алып, татулықты берік ұстанып, ақылмен барлығы бірлікте болса ғой, шіркін!

Бізге мал дос емес, ақыл дос қажет. «Біріңнің бірің сөйле сөзің тосып» дегендейін, ақылмен бірлесіп, ғылым-білімді аңсап, тереңдікке ден қойса әр азаматтың да, қалың қауымның да, мемлекетіміздің де болашағы жарқын. Ынтымағы жарасқан егемен еліміздің көк байрағы ашық аспанында мәңгі желбірей беруді де береке-бірлікке тікелей қатысты.

Елдің береке-бірлігіне басты кедергі болар Абай Құнанбайұлы сынаған қазақтың кереғар ерекшеліктерінің бірі – партия құрғыштық. Туған елінің жай-күйі мен даму барысына қапалана отырып ой қосқан Абай заманынан қанша алыстасақ та, осы бір келеңсіздік жайлар қоғамнан әлі де алыстай қойған жоқ. Хакім сөзінен халқымыз бүгінгі таңға дейін сабақ алмағаны, әрине, өкінішті. Абай өлеңдерінде жік-жік болып бөлініп, өзара ымыраластар топ құрып, партия болып бөліну үрдісі кеңінен ащы сынға алынған.

*Барымта мен партия –
Бәрі мастық, жұрт құмар.
Сыпыра елірме, сұрқия,
Көп пияншік нені ұғар?*

Ақын «ендігі жұрттың сөзі ұрлық-қарлыққа» негізделіп, «сөзді ұғатын саналы жанның» төңірегінде азайып, «бет бергенде шырайы сондай жақсы», бірақ «сартша сырты» бұзылған, партияға мас болып елірген жандардың аяусыз бейнелерін жасайды. Тіпті «пияншік» деп саналы ақыл-ойдан айрылған, адамшылықтан кетіп сұрқиялыққа жеткен замандастарын аямайды.

*Мұндай елден бойың тарт,
Мен қажсыдым, сен қажсы!
Айтып-айтып өтті қарт,
Көнбеді жұрт, не ылажы? –*

деген өкінішін де жеткізеді. Замандастарына қанша ақыл-кеңесін, дұрыстық жолға шақырған уағызын айтса да, олардың елірме қиғаш сөздің жетегі кетіп, бастары бірікпеулері, әрине, ақынға өте ауыр. «Қажсыдым» деп еріксіз қапаланады да. Партия құрып, елді жан-жақта бұра тартып, берекені қашырап әрекеттен аулақ болуға шақырады.

Халықтың партияға бөлініп, жік-жік болып бірліктен алыстауының негізінде білімнің аздығы, тәрбиенің жетімсіздігі, сананың төмендігі жатыр. Пиртия болып бөлінгенмен, елге оның еш пайдасы жоғын ұғына да алмайды. Қауқылдасып, бірін-бірі мақтап, қарсыласын даттап, тек алауыздық отын үрлеу ел салтына сол кездерден енгені анық. Бірде бата оқып, енді бірде тегін ас ішіп, дүрмектің ортасында салаңдап бос жүру қалыпқа айналады. Іздегені де бірлік емес, дау-жанжал. Шарға таласқан, дауға әуес халқын тыямын деп қажығаны да анық Абайдың. Сондықтан да:

*Қайғы шығар ілімнен,
Ыза шығар білімнен.
Қайғы мен ыза қысқан соң,
Зар шығады тілімнен.*

*Қайтіп қызық көремін
Әуре-сарсаң күнімнен?
Қайрылып қарап байқасам,
Ат шаба алмас мінімнен, –*

дейді ақын. «Қайғылы, қартаң шалдар» Абай айтқандай ел кезбей, ағайын арасы тыныштығын ойлап, жұртына басу айтып, араздықтың отын өшіруге тырысуы керек емес пе!? Бір ауыз дуалы сөзімен рулы елді басқарып отыратын, яки болса жас буынға өнегесін көрсетіп, өткен дәуірден жеткен қисса-дастандарды, көркем жырларды, аңыз-әңгімелерді айтып қалың елді төңірегіне ұйыстыратын бұрынғының үлкендерінің замана ерекшелігімен өзгеріп, дау-дамай қуған, пәлекұмар, партияшыл шалдарға айналуы ақынды қатты тебірентеді. Елінің құты болған қарияларымыз, көкірегі таусылмайтын кенге толы құймақұлақ ақсақал даналарымыз «өз қолынан ырқы кеткен» уақыттан-ақ өзгеріске ұшыраған екен-ау!

Абай сынаған «қозғау салып қоздыратын кезбе шалға» керісінше бірліктің туын көтеріп, елдіктің сөзін айтатын келелі жиын емес, қыңыр кеңес қажет. Кеңесінде туысына ор қазатын, жалаң сөзден жау табатын, жау деп тапқан жақынына қарсы ант беріп тарқайтын замана ерекшелігі еді. Көп адамның аңдығаны да осы.

Осы бір кеңес пен жиынның, яғни анттасудың соңы не? Әрине қарсылас тауып, жақсы болса да жаман деп, партия құрып жабылып, төмпешпеуге дайын тұрып, араздаспаққа серт беріп тарқасу. Өсімге қол жайып, серкешке тай алмаққа қызығу. Азға көптің ықпалын тигізуі де осы топтасудың салдары.

Бес асыл нәрсеге асық емес, керісінше қашық болу керек бес дұшпанға әуестік Абай сынаған надандыққа алып келері анық. Арамдық пен араздық белең алғанда ел ішіне енген надандық та қанатын кеңге жая бастайды. Надандық көзін де, көкірегі де тұмшалаған соң, оның сана-сезімі, қоршаған ортаны сезінуі де жоғалады. «Ақылға сәуле қонбаса, хайуанша жүріп күнелтпек» дейтін жандар қатары да көбейе берері хақ. Өмірдің негізгі мәніне үңіліп, жаратушыны сүйюі, хақ жолымен жүруі, рухани кемелденуі түгілі өз басын алып жүре алмайтын, басқаның жетегіне еріп, тобырдың қатарына енетін де осы надандар. Ақын поэмасында айтылатын көппен бірге жынды су ішіп еліретін де осылар. «Малда да бар жан мен тән, Ақыл, сезім болмаса», – дегендей тереңдік былай тұрсын, іс-әрекеті мен таным-түйсігі саналы адам қатарынан да көрінбей жататын надандық сау ақылдың жоқтығынан, қараңғылықтан. Арзан күлкі мен бас даурықпаға әуестіктік те көңіл көзінің тұжшалануынан. Ал бойында ыстық қайраты, нұрлы ақылы, жылы жүрегі болмаса, саналы көзқарасы, азды-көпті білімі, өмірлік ұстанымы жоқ адамды қалаған жаққа жетектеп әкетіп, айттақтатқанға пайдалану жеңіл болмақ. Надан адамның қоғамға зияндығы да осында.

*Басында ми жоқ,
Өзінде ой жоқ,
Күлкішіл кердең наданның.
Көп айтса көнді,
Жұрт айтса болды –
Әдеті надан адамның.
Бойда қайрат, ойда көз
Болмаған соң, айтпа сөз.*

Алауыздықтың отын үрлер ерекшеліктер де жетерлік. Адам мінезі мен іс-әрекетіндегі, таным-түйсіндегі кереғарлықтар надандықтан басталып, арсыздық пен азғындыққа алып келеді. Ұятты ысырып қойып, адамгершілікке жат мінез-құлық пен жағымсыз қылықтар, арнамысы жоқ пенделерден туары анық. Алты бақан алауыз болып, қазақтың күндестікпен өмір сүруінің негізінде де осылар жатыр.

*Сабырсыз, арсыз, еріншек,
Көрсен қызар, жалмауыз,
Сорлы қазақ сол үшін
Алты бақан ала ауыз.*

*Өзін-өзі күндейді,
Жақынын жалған міндейді,
Ол арсыздық белгісі, –*

дейді ақын. Сонымен бірге: «Партия жиып пара алған, пейілі кедей байсыңдар», – демеске де амалы жоқ. Еріншектік пен көрсеқызарлық, сабырсыздық пен пәлекұмарлықтың да қосылар жолы – арсыздық. Қазақ қоғамындағы қалыптасып келе жатқан билікқұмарлық, пәлежапқыштық белгілерін, яғни өмірдегі ащы шындықты қарапайым сөзбен нақтылап айтып, халқын қанша дұрыстық жолға шақырғанымен де, ақын сөзі өзі айтқандай жартасқа барып, күнде айғай салып, тек «баяғы жартас – бір жартастан» қаңқ еткенмен, түкті байқамайтындардан жаңғырық естігендей жұтыла берді уақытында. «Қайран сөзім қор болды» деп тек жақындарына ғана емес, қара ормандай халқына налиды.

*Өмір жолы – тар соқпақ, бір иген жақ,
Иіліп екі басын ұстаған хақ.
Имек жолда тыянақ, тегістік жоқ,
Құлап кетпе, тура шық, көзіңе бақ.*

Міне Абай ұстанымы. Қазақтың болашағының жарқын дамуына қажетті ғибратты сөз! Қамшының сабындай ғана қысқа өмірде адамдықтың ақ жолымен жүргеннен артық ешнәрсе жоқ. Күншіл болмай, замандасына қиянат жасамай, пәлекорлықтан аулақ болса ғана ел бірлігі де арта бермек. Абай сынаған надандықтың қалдықтарымен қазіргі таңда күресе беруіміз қажет. Хакім сөздерінің ұлағатына сонда ғана жетеміз, нәтиже шығарамыз. Арамдықты болдырмау, елді ғылым-білімге үндеп, ынтымақты өмір кешу біздің міндетіміз. Мәңгілік ел боламын деген қазағымызға қарап «қайран жұртым» деп айту жоғалып, бүгінгіміз бен болашағымызды тек жақсы жағынан көретін, жетістігі мен береке-бірлігін тек мақтап айтатын дәуірлер болсын!

АЛАШОРДА ҮКІМЕТІНІҢ ТОРҒАЙ БӨЛІМІ

Байдалы Р.Ж.

*PhD доктор, А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті,
Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі
Қостанай қаласы*

Алаш ұлт-азаттық қозғалысының тарихын, Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің қызметін толыққанды баяндау, тек қана оның жекелеген облыстар мен уездердегі бөлімшелерінің қызметін жан-жақты талдау арқылы ғана мүмкін болады [1, б. 6] – деген зерттеуші Нұрбек Шаяхметовтың тұжырымымен келісе отыра біз 1917-1919 жылдар аралығындағы әкімшілік-аумақтық бөлініске сәйкес Қазақстанның Солтүстік-Батысындағы бұрынғы Торғай облысы қазіргі Қостанай және Ақтөбе облыстарындағы Алаш партиясы, Алаш үкіметіне қатысты тарихи мәселелердің жиынтығын қарастырамыз.

Сол кездегі әкімшілік бөлініске орай Торғай солтүстігінде Орынбор губерниясымен, батысында Орал облысымен, оңтүстігінде Сырдария, шығысында Ақмола облыстарымен шектесті. Облыс 4 уезге: Торғай, Ырғыз, Елек, Николаевск (Қостанай) болып бөлінді. Облыстың бас басқармасы Орынбор қаласында орналасты. Торғай уезінің орталығы – Торғайда, Елек (Ақтөбе) уездерінің орталығы – Илецкая Защитада, Николаевск уезінің орталығы Тройцкіде орналасты [2, б. 263].

Осылай барлық облыстармен шектесіп жатқан Торғайдағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс Қазақ елінің басқа жерлеріне қарағанда анағұрлым күшті болды. Ресей патшалық державасы оларды жеңе алмады. Сөйтіп бұл қозғалыс Ақпан революциясына ұласты. 1917 жылы ақпанда буржуазиялық-демократиялық революция жеңіске жетті. Ақ патшаның тақтан құлағанын Қазақстан тұрғындары қуанышпен қарсы алды. Олар елде саяси және экономикалық үлкен өзгерістер болатынына үміт артты.

Бұл кезеңде билікті қолына алған Уақытша үкімет ұйымдастыру жұмыстарын өткізіп, жергілікті жерлерде билік органын құрып жатты. Мәселен ескі губернаторлық, уездік, болыстық және аулнайлық басқару жүйелері жойыла бастады. Олардың орнына Уақытша үкіметтің облыстық, уездік комиссарлық басқару жүйесі мен комитеттері құрыла бастады. Осыған орай Әлихан Бөкейханов 1917 жылы 16 наурызда Петроградқа шақырылып, 20 наурыз күні Торғай облыстық комиссары қызметіне тағайындалады [3, б. 239].

Бұған қоса осы Уақытша үкімет тұсында яғни 1917 жылдың наурыз айының екінші жартысынан бастап Қазақ комитеттері облыстық, уездік және болыстық деңгейде құрыла бастады. Қазақ комитеттері Қазақстанның барлық дерлік аймақтарында құрылғанымен тек Астрахань губерниясына қарасты Бөкей ордасында және Торғай облысында ғана құрылған жоқ. Қазақ комитетінің Торғай облысында құрылмауының өзіндік ерекшелігі бар. Бұны Торғай облысындағы жетекші мемлекеттік қызметтерде, соның ішінде облыстық, уездік және болыстық деңгейде қазақ өкілдерінің көптеп болуымен, яғни олардың аймақтағы қазақтардың мәселелерін белгілі бір деңгейде шешіп отыруымен байланыстырамыз деп - тұжырымдайды Ерлан Сайлаубай [4, б. 26].

Біздіңше Ерлан Сайлаубайдың бұл қорытынды сөзі өте қисынды. Олай дейтініміз Әлихан Бөкейхановтың қызметке кіріскеннен кейін уездік комиссарларды тағайындау ісімен айналысқанын байқаймыз. Мәселен, ол 5 сәуірде Ішкі істер министрі Щепкиннің Қостанай уездік комиссарын тездетіп бекіту туралы ұсынысына байланысты, бұл қызметке заңгер Ахмет Бірімжановты, Торғай уезіне мұғалім Омар Алмасовты, Ырғыз уезіне Тобыл округтік сотының мүшесі Ғабдолла Теміровті бекітеді. Ал өзі негізгі қызметімен бір мезгілде Ақтөбе уездік комиссары болып тағайындалады. Облыстық комиссар өзіне көмекке қазақ қызметкерлерін де тарта бастайды [3, б. 242-243]. Келесі С.Қ. Нысанованың келтірген мәліметі бойынша Торғай облысында уездік азаматтық басқарма төрағасы К.Сейдалин болса, облыстық азаматтық комитетте А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Досжанов, И.Бегімбетов секілді т.б. қайраткерлер қызмет етті. Олардың басшылық қызметте жүруі Торғай жерінде

қазақ өміріне қатысты істердің уақытылы шешілуіне игі әсерін тигізгендігін білдіреді деп айтуымызға болады [5, б. 98 – 99].

Біздіңше біріншіден, Семей облысының тумасы Ә.Бөкейханов өз қызметінде жергілікті жердің салт-дәстүрін, ерекшеліктерін білетін азаматтарды, әсіресе қазақтың зиялы азаматтарын мемлекеттік басқару орындарына тағайындауды басшылыққа алса, екіншіден, көзі ашық оқыған азаматтардың саны Торғайда басқа облыстарға қарағанда көбірек еді. Міне сондықтан Уақытша үкіметтің атқару комитетінің құрамында Қазақ комитеті болған жоқ.

Ақпан революциясынан кейін көп ұзамай, яғни 1917 жылдың 18 наурызында А.Имановтың басшылығымен Торғай уезіне қарасты Қаратоғай деген жерде съезд шақырылды. Оған уездің барлық болыстарынан өкілдер қатысып, Торғай уезін басқару жөнінде Уақытша Комитет сайланады. Алайда, Уақытша үкіметтің жергілікті органдары бұл комитетті заңсыз орган деп жариялап, мойындамаған, ақырында Торғай уезіндегі билікті уездік комиссар О.Алмасовтың басшылығымен ескі болыстық басшылар мен ақсақалдарға берген [6, б. 110]. Кейін Ә.Бөкейхановтың қатысуымен 20-28 сәуір аралығында өткен Торғай облыстық орыс-қазақ біріккен съезінде облыстық атқару комитеті сайланды. Оның төрағасына заңгер Ткаченко, орынбасары болып С.Кәдірбаев, мүшелері болып қазақ зиялыларынан А.Байтұрсынов, М.Дулатов және Н.Бегімбетов, мүшелікке кандидат болып С.Досжанов бекітілді. Съезд облыстағы ескі болыстық, ауылдық әкімшілік мекемелерін жойып, олардың орнына атқару комитеттерін құру туралы қаулы қабылдады [7, б. 73].

Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулаттың атап көрсетуіне қарағанда, Әлихан Бөкейханның Орынборға Уақытша үкімет комиссары ретінде барғандағы Торғай облысының ахуалы төмендегідей болды: «Революцияның алғашқы айында Торғай уезінің жағдайы мынадай сипат алды: Торғай, Ырғыз қалаларында, Қарабұтақ, Шалқар, Семиозерный ауылдарында 1916 жылдың күзінен бастап бүлікшілерді тыныштандыратын ескі үкімет жіберген әскер тұрды. Ұрлық пен кісі өлтіру әлі тоқтай қойған жоқ. Облыс комиссары Әлихан Бөкейханов Орынборға барысымен бірінші мамырға Торғай қаласына әр болыстың құрметті қазақтарын шақыртты. Ондағы мақсат бұрынғы және әлі жалғасып жатқан тәртіпсіздіктерді бейбіт жолмен жою еді. Сондықтан уезд қазақтарына еркіндік, теңдік пен бауырластыққа негізделген жаңа үкіметтің мәні мен маңыздылығын түсіндіру үшін Торғай облыстық кеңесінің мүшесі Міржақып Дулатұлын жіберді. Сонымен қатар, бұл съезге Әлихан Бөкейхан көрші Қостанай облысының танымал құрметті екі ақсақалын шақыртады; Олардың бірі Арғын, екіншісі Қыпшақ руынан. Өйткені Торғай уезіндегі бір-бірімен қарсыласқан қазақтар осы Арғын және Қыпшақ руынан болды. Бұл съезге екі тараптың да ақсақалдары теңдей қатысты және дауды төрелік сот арқылы шешті. Төрелік сот бірде-бір жанды Сібірге жер аудартуға да, тұтқындауға да үкім шығармады» [8, б. 184].

Енді біз 1-8 сәуір аралығында Торғай облысының қазақтарының облыс орталығы Орынборда өткізген съезіне тоқталсақ. Мәселен, Кеңес Нұрпейсов өз зерттеуінде Торғай облыстық қазақтары өкілдерінің съезіне толық тоқталып, екі себебін келтіреді. Біріншіден, бұл съезді дайындап, оны басқаруға сол жылғы шілдеде құрылған «Алаш» партиясының жетекшілерінің бірі болған Ахмет Байтұрсынов белсенді түрде араласты; съездің жұмысы Ахмет Байтұрсынов, Сейітдәзім Қадырбаев, Уәлихан Танашев, Омар Алмасов сияқты Алашорда қозғалысының белсенді қайраткерлерінің ықпалымен өтті және онда келешектегі «Алаш» партиясының кейбір бағдарламалық тұжырымдары оған қатысушылардың талқысына түсті. Екіншіден, бұл съезд қабылдаған қарарлар бір ғана Торғай облысына емес, олар бүкіл Қазақстандық мәнге ие болды-дейді. Съезге жалпы алғанда 300 - ден астам адам қатынасты. Олардың қатарында Торғай облысының өздерінен келген делегаттармен қатар Ақмола, Семей, Сырдария, Бөкей облыстары қазақтарының да өкілдері болды. Сондықтан да Торғай облыстық қазақтары басқосулар үшін белгілі дәрежеде үлгі болды деген тұжырым жасайды [9, б. 93].

Келесі Қазақ съездерін зерттеуші Күлпәш Илиясова: Торғай облыстық Қазақ съезінің басқа облыстық съездермен салыстырғанда облыстық деңгейден асып, ұлттық деңгейге көтерілгенін тұжымдаса [6, б. 41]. Әлихантанушы Сұлтанхан Аққұлұлы: «Облыстық деп

жарияланған бірінші жалпы Қазақ съезі Торғайда болып өтті. 1917-1918 жылдар ішінде Дала және Түркістан өлкелерінде, Астрахань губерниясының Бөкей ордасында және Каспий өңіріндегі облыстарда өткен Қазақ съездері мен құрылтайы ішіндегі ең ірісі осы Торғай съезі болып саналады» - деп қорытады [8, б. 197]. Автор қалғандарын хронологиялық ретпен екінші, үшінші деп атайды.

Сонымен съезд А.Байтұрсыновтың ұйымдастыруымен, оны қолдайтын торғайлық қазақ зиялыларының қатысуымен бұрынғы генерал-губернатордың немесе жақында ғана Торғайға комиссар болып келген Әлихан Бөкейханов басқаратын Уақытша үкіметтің ғимаратында өткізіледі. Съезге жоғарыда айтылғандай Ақмола, Семей, Сырдария, Бөкей облыстары қазақтары, Башқұрт, Татар, Өзбектердің мұсылман ұйымдарының өкілдері, Әлихан бастаған қазақтың танымал зиялы қауымы, елден арнайы келген ақсақалдар, мұғалімдер, дәрігерлер, заңгерлер және әртүрлі дәрежедегі патша үкіметі тұсындағы 12 өкіл ал, қыпшақтар жағынан мен ғана болдым дейді Байқадам Қаралдин [10, с. 55]. Съезді кіріспе сөзбен ашқан А.Байтұрсынов қазақ қауымын бірлікке, жаңа үкіметті қолдауға, сөйтіп, елде тәртіп пен тыныштық сақтауға шақырды. Мәжілістің төрағалығына А.Байтұрсынов, орынбасарлығына 1-ші Мемлекеттік Думаның мүшесі А.Кәлменов пен У.Танашев, хатшылығына С.Қадырбаев, О.Алмасов, Ш.Бекмұхамедов сайланды. Съездің атына түрлі қоғамдық ұйымдар мен азаматтар тарапынан құттықтаулар келіп түсті. Мысалы, Киевтегі оңтүстік-күнбатыс майданы комитетінен келген, Қазан қаласындағы мұсылмандар комитеті атынан жолданған және Семей облыстық Қазақ комитетінің мүшесі торғайлық Нәзіпа Құлжанованың атынан келген жеделхаттарды айтуға болады [6, б. 41].

Бұл съезд негізінен патшалық тәртіп құлатылғаннан кейінгі жергілікті өкімет және басқару органдарын құру, жалпы қазақ және жалпы мұсылмандық съездер шақыру, мәдени, шаруашылық, дін ісі, Уақытша үкімет пен ол жалғастырып отырған соғысқа көзқарас, жаңа сот, байланыс жүйелерін қалыптастыру секілді маңызды мәселелерді өз жұмысының күн тәртібіне енгізді. Атап айтқанда, съездің күн тәртібі 14 мәселеден тұрды [6, б. 41].

Сонымен қатар съезд барысында Әбдіғапар Жанбосынұлы мен Амангелді Үдербайұлының қарулы жасағын Уақытша үкіметке бағындыру мәселесі талқыланды. Осы мәселеге араласқан Байқадам Қаралдин әскер жіберіп Әбдіғапар Жанбосынұлы мен Амангелді Үдербайұлының көтерілісін басуға қарсылық танытты. Ол, бұл мәселені Торғай уезінің ақсақалдар кеңесіне салуды ұсынды [10, с. 55 - 56]. Өзі қыпшақ руынан шыққан Жарылғап бидің ұрпағы, Ахмет Байтұрсыновтың мектептегі сыныптасы Байқадам Қаралдин Әбдіғапар Жанбосынұлы мен Әліби Жангелдинді жақсы білетін. Съезд шешіміне сәйкес 1-8 мамыр аралығында Мәскеуде жоспарланған Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне Торғай облысынан 4 делегат таңдалды. Олар: Ораз ақсақал Тәтіұлы, Сейдазым Қадырбайұлы, Аққағаз Досжанқызы және Сұлтанғазы Ысқақұлы [8, б. 209].

Сонымен қатар Торғайда өткен бұл съезде Жалпы Қазақ съезін шақыру туралы шешім қабылданып, оны даярлау үшін «айрықша» бюро құрылған еді.

Орынбор қаласында 1917 жылдың 21 шілдесінде 1-ші Жалпы Қазақ съезі өз жұмысын бастайды. Съезге Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария облыстары мен Бөкей Ордасынан және Ферғана облысының қазақтарынан өкілдер қатынасты. Сырттан қарағанда съезге келген 20-дан астам өкілдердің саны «Жалпы Қазақ съезі» деп ауыз толтыруға олқы көрінсе де, шығарған қаулылары олқы болған жоқ. Оның күн тәртібіне Қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне тікелей қатысы бар аса маңызды 14 мәселе енгізілді [6, б. 136].

Ал, Торғай облысы қазақтарының екінші съезі 1917 жылдың 20-25 тамыз аралығында Ақтөбе қаласында болды. Оған Ақтөбе, Қостанай, Ырғыз, Торғай уездерінен 150 өкіл қатынасты. Съезд төралқасына Мырзағазы Есболов (төрағасы), Сағындық Досжанов, Ахмет Тұнғаншин (серіктері), Тел Жаманмұрынов, Абдулхамид Жүндібәев (хатшылары) сайланды. Съездің күн тәртібіне 15 мәселе қойылды [6, б. 45-46]. Қазақ халқының кең ауқымды мәселелерін қамтыған осы съезде қабылданған қаулыларын Ерлан Сайлаубай былай деп көрсетеді: «Ресейде мемлекеттік құрылым федерация болсын, өлкеде автономия құрылсын,

сондай-ақ жер, дін, әйел теңдігі, сот, земство, халыққа білім беру және жергілікті мәселелерді шешу тездетілсін» – деп қаралды. Съезде сонымен қатар бүкілресейлік мұсылмандар кеңесіне делегаттар сайлануы және қазақ пен шаруашылар депутаттары кеңесіне қатысатын депутаттардың саны анықталды [4. б. 35]. Мәселен 10-шы қыркүйекте Орынборда болатын қазақ және шаруа депутаттары Кеңесінің облыстық съезіне Қостанайдан – 20 өкіл, Ақтөбеден – 13, Торғай мен Ырғыздан – 7 өкілден делегат жіберуге шешім қабылдады [6, б. 45-46].

Сонымен қатар съезде Мұхамедияр Тұнғаншиннің жеке басын ақтау және оны өз орталарына қабылдау жөнінде қаулы қабылданады [6, б. 47].

Мыржақып Дулатов «Қазақ» газетінде бұл съездерді өткізудің мақсаты мен тәртібі туралы, съезд жұмысына мән беру мақсатында мақалаларын жариялады. Мәселен «Орынбор 21 октябрь», - атты мақаласында, зор өзгеріс болды, ескі үкімет жоғалды, Теңдік заманы туды, әр жұрттың тізгіні өзіне берілді. Бұл сөздер неше айдан бері халықтың құлағына сіңулі. Бірақ шын тізгінің қолға алынуы – земство алуымыз. Біздің қазақтың өз арасындағы ісі ілгері баспаса, өз шаруасын өзі басқара алмаса, өнер-білімге өзі ұмтылмаса, теңдікке жетуге өзі талпынбаса, Николайдың айдалғанынан, министрлердің абақтыда жатқанынан, бостандық болды - деп жұрттың шулап жүргенінен түк пайда жоқ. Бостандық жемісінен жұрт қатарлы пайдалану үшін көзіміз ашық, көңіліміз ояу болуы керек. Не нәрсені түсініп пайда-зиянын айырып іске кірісуіміз керек.

Біз енді өз тізгініміз өзімізге тиді деп кеудемізді қаққанда, істейтін ісіміз бұрынғы ескі күшімізді қайта айналдырып кию болса, бізге бостандық болмағаны, бостандықты түсінбегеніміз, - деп негізді тұжырым жасап жұртты мақсатты, саналы әрекетке үндеп ағартушы, публицист ретінде өз міндетін адал, белсенді орындауға күш салды. Бұл тарихи кезеңде Қазақстанда түрлі деңгейде Қазақ съездері өтіп жатты. Әр облыс орталықтарында өткен съездердің өзіндік ерекшеліктері болды [11, б. 81].

8-15 қазанда Томскіде өткен Сібір облыстық Бірінші съезінің жұмысына Қазақстаннан 9 өкіл қатысты. Сол қатысқан делегаттардың толтырған анкеталары мұрағатта сақталған. Сонымен, 1. А.А. Айтленов 45 жаста, қазақ, партияда жоқ, Қостанай уезінен Қостанай қаласы Қазақ шаруалар депутаттары кеңесі ұсынған делегат; 2. Ә.Н. Бөкейханов 48 жаста, қазақ, кадет партиясының мүшесі, Торғай облысы Қазақ шаруалар депутаттары кеңесі ұсынған делегат, білімі – жоғары, журналист; 3. Х.А. Ғаббасов 29 жаста, қазақ, партияда жоқ, Семей облыстық Қазақ комитетінен ұсынылған, Мәскеу университетін бітірген, газет редакторы; 4. С.Ш. Жылкелдинов 41 жаста, қазақ, эсер, Құлынды Қазақ депутаттары кеңесі ұсынған, білімі – үйде оқыған, малшы; 5. Ә.Ермеков 25 жаста, қазақ, партияда жоқ, Қарқаралы уезі Қазақ комитеті ұсынған, Томск политехникалық институтының 5 курс студенті; 6. Е.И. Итбаев 50 жаста, қазақ, «Алаш» партиясының мүшесі, Ақмола облыстық Қазақ комитеті ұсынған, гимназия бітірген, мұғалім; 7. Р.М. Мәрсеков 39 жаста, қазақ, партияда жоқ, Семей облыстық Қазақ комитеті ұсынған, білімі – жоғары, заңгер; 8. А.Д. Сейтов 25 жаста, қазақ, «Алаш» партиясының мүшесі, Ақмола облыстық Қазақ атқару комитеті ұсынған, Томск университетін бітірген, дәрігер; 9. И.Т. Тұрмұханбетов 34 жаста, қазақ, эсер, Торғай Қазақ шаруалары, солдаттар және жұмысшы депутаттары кеңесі ұсынған, білімі – бастауыш, малшы [12, б. 178-179] - деген дәйектер бар. Жоғарыда аталғандардың үшеуі, Торғай облысынан еді. Бұл жерде Ә.Бөкейхан Торғай облысының уақытша комиссары болғандықтан біз Ә.Бөкейханды да Торғай облысына қостық. Міне осы Жалпы Сібір съезінде Ә.Бөкейхан бастаған топ, уақытша Сібір автономиясымен бірге болатындығын мәлімдейді. Съезд бекіткен Кеңеске Торғай облысынан Ә.Бөкейхан мен С.Досжанов сайланады.

1917 жылдың қазан-желтоқсан айларында ашылған жергілікті органдар Торғай облыстық комитеті құрамына Ә.Бөкейхан (төраға), А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, А.Бірімжанов, Ж.Жәнібекұлы, Е.Омаров, О.Жәнібеков, Ғ.Жүндібаев, С.Досжанов, Ғ.Бірімжанов, Қ.Арынғазов, Ғ.Досжанов, Т.Шонанов, Е.Нұрмақамбетов, М.Есболовтарды сайлады [2, б. 213]. Оның орталығы Орынбор қаласында болды. «Қазақ» газеті 14

қарашадағы санында комитетке мүшелікке 14 адам тартылғанын, оның ішінде 10 адам Орынбордан, 4 адам уездерден екендігін, комитет төрағасы Ә.Бөкейханов, орынбасары А.Байтұрсынов, хатшысы М.Дулатов, қазынашысы Ж.Жәнібеков болғандығын жариялаған. Олар арнайы жиналыста сайланған. Сөйтіп, партияның бағдарламасы мен жарлығы жарияланбай тұрып-ақ, оның облыстық, уездік ұйымдары құрылған. Партияның ұйымдарын қазан айынан бастап тездетіп құру істерін, бір жағынан Жалпысібір съезінен кейін қолға алынғанын, өйткені Сібір съезі Қазақ облыстық автономиясын құруды қолдауынан деп түсінеміз, екінші жағынан Құрылтай жиналысына қазақ өкілдері қазақ саяси партиясы атынан сайлауға түседі деп ұйғарылғаннан кейін бұл партияны құру міндеті тұрған-ды [4. б. 37-38]. Алайда 1917 жылдың 25 қазанында билік басына келген большевиктер Уақытша үкіметті әскер күшімен абақтыға жапқаннан кейін өздерінің дегендеріне «көнбеген» халықтарды күшпен, адамын қырғынға, мал-мүлкін талауға ұшыратып жатты. Міне осындай қиын саяси жағдайда тездетіп екінші жалпы Қазақ съезін шақыру керек болды. Бұл елдік маңызы бар жауапкершілікті шара Торғай облысында өткізілді.

Съезге оны ұйымдастыру комитеті тарапынан әр уезд басы екі ақсақалдан, әр облыстық Қазақ комитеттерінен келетін екі өкілден бөлек 30-ға жуық кісіге арнайы шақырулар жіберілді. Бұған қосымша «Сарыарқа», «Ұран», «Бірлік туы», «Тіршілік» газеттері мен түрлі қауымдардан бір-бір өкілден шақырылды. Съезд шақыру жөніндегі комиссия мүшелері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Сағындық Досжанов және Елдес Омаровтың қажырлы еңбегі нәтижесінде осы съезге 80-ге жуық делегаттар қатысты. «...Бүкіл Алаштан съезге 81 өкіл келді, съезде қаралатын мәселелер зор болғандықтан, өкіл емес кісілер де көп келді. Барлығы 200-ден аса адам жиналды» [6, б. 149].

1918 жылдың 22 тамызында Айдархан Тұрлыбаев тапсырған Томск мұрағатындағы 5-13 желтоқсан аралығында Орынборда өткен Жалпықазақ съезінің хаттамасының көшірмесіне тоқталсақ, съезге Бөкей Ордасы, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария, Самарқанд, Алтай губерниясы және әртүрлі қазақ ұйымдарынан өкілдер қатысады. Біз қарастырып отырған Торғай облысынан Сейдазым Қадірбаев, Омар Алмасов, Намазбай Шауменев, Сағнай Ильшин, Сұлтанғазы Исхаков, Кәрім Батишев, Хусейн Бекентаев және Абубәкір Алдияровтар қатысты [13, л. 1]. Осылардың ішінде Қадірбаев пен Алмасовтың есімі Алашқа қатысты тарихи деректерде кездеседі. Ал, қалғандары әзірге белгісіз. Біздіңше Торғай облысының түкпір-түкпірінен келген ел ақсақалдары да болуы мүмкін деген ойдамыз. Ұйымдастырушылары елге танымал, мойындалған тұлғалар еді. Атап айтсақ: Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынов, Елдес Омаров, Сағындық Досжанов және Міржақып Дулатов. Бұлардың ішінде тек Әлихан Бөкейхан ғана Семей облысынан, қалғандарының барлығы Торғай облысынан. Бұның өзі Торғай облысы зиялыларының басқа облыстармен салыстырғанда саясат майданында ысылғандарының көп екендігін білдірсе керек.

Съезде демократиялық жолмен сайлау арқылы төрағалыққа Бақыткерей Құлмановты, серіктестікке Әлихан Бөкейхан, Хәлел Досмұқамедов, Әзімхан Кенесарин, Ғұмар Қарашев, хатшылыққа Дәулетшах Көсепғалиев, Міржақып Дулатов және Сейдәзім Қадірбаев таңдалып алынады [13, л. 2].

Сонымен съезде Ә.Бөкейханның баяндамасы тыңдалып, Қазақ автономиясының мәселесі, милицияны ұйымдастыру және Ұлттық Кеңес жөніндегі мәселелерін жеті адамнан тұратын ерекше комиссияға тапсырып, білім беру ісіне көшті. Бұл сұрақ жөнінде Торғайлық Міржақып Дулатов баяндама жасайды. Оның қаулысын біз қысқаша келтірек: Комиссия 5 адамнан тұрады, олар а) ұлттық метептерге бағдарлама жасайды; б) мұғалімдерге басшылық құрал в) балаларды тәрбиелейтін кітап; г) барлық қазақ мектептеріне халықтық білім жөнінде ереже; д) қазақ жазуын ойлап табу; е) қазақ тіліне пайдалы кітаптар мен еңбектерді аудару... [13, л. 3].

Міржақып Дулатовтан басқа, Түркістан автономиясы үкіметінен келген Мұстафа Шоқайдың айтуынша Сырдария мен Жетісу облысының қазағының Түркістанға әзірге қосылмағанын айта келіп, Қазақ автономиясы жарияланатын болса оған қосылатындықтарын жеткізді. Комиссия мүшелері атынан сөз алған Хәлел Ғаббасов қазақ автономиясының

мәселесі, милицияны ұйымдастыру және Ұлттық Кеңес жөніндегі баяндамасын жасады [14, л. 4]. Баяндама тыңдалып, талқыланғаннан кейін, съезд бір ауыздан қаулы қылды. 10 мәселеден тұратын қаулының мәтіні жинақтарда жарияланғандықтан біз оны қарастырмаймыз.

Съезд өкілдері автономия жариялауға келгенде екіге жарылып, Орал, Сырдария облыстары мен Бөкей ордасының өкілдері тез арада автономияны жариялауды ұсынса, қалған облыстар автономияны кейінге қалдыруды ұсынды. Дауысқа салынғанда 33 өкіл, жоғарыда аталған өлкенің зиялылары азшылықта болды. Автономияны жариялауды кейінге қалдыруды қолдаған топтың саны 42 болды [13, л. 5]. Бұл жөнінде Жапондық зерттеуші Томихико Уяма: 33 өкілден тұратын тез арада автономияны жариялауды қолдағандар:

Орал (13), Бөкей (9), Торғай (7), Сырдария (3), белгісіз (1).

Қарсы жауап берген өкілдер саны 42. Олар:

Торғай (11), Ақмола (10), Жетісу (8), Семей (7), Алтай губерниясы (1), Самарқанд (1),

Белгісіз (4). [14. р 85-86] - деген өзінің есептеуін келтіреді. Біздің қолымыздағы құжаттар 33 және 42 адамның аты - жөні жазылған тізімнен біз Торғай облысының өкілдері екі жақта та да болды. Мәселен, есімдерін айтсақ ол Жүндібаев Әбділхамит және Досжанов Сағындық. Біздіңше олар қазіргі Ақтөбе облысының тумалары болғандықтан, Орал, Бөкей және Сырдариялықтарды қолдаған болу керек. Дегенмен, Алаштың рухани көсеміне айналған А.Байтұрсынов бастаған топ көпшілікте болды.

Съезд өкілдері, көрегенділік танытты. Аумалы-төкпелі кезеңде өмір сүріп отырғанын ескеріп, Азамат соғысы келе жатқанын болжап білді. Оның соңы анархияға ұласатынын түсініп, қазақ ұлтын аман алып қалу үшін милиция мәселесін көтеріп, өте маңызды 13 бөлімнен тұратын шешім қабылдады. Міне осылардың ішінде бізге қатысты Торғай облысындағы милициялардың саны 3000-ға белгіленді. Алаш-Орда үкіметі құрамына Торғай облысынан жоғары білімді заңгер Ахмет Бірімжанов сайланды [13. л. 6]. Міне сол ұлт кеңесі мүшелерінің орынбасарлығына Ахмет Бірімжановтың көмекшісі болып Торғай облысынан Сейдәзім Қадірбайұлы сайланады.

Қазақ зиялылары көп шыққан Торғай облысынан Алаш үкіметінің төрағалығына Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатов неге түспеді? - деген сұраққа жауап іздесек. Сұлтанхан Аққұлұлының көрсетуінше Омбы қаласында 1904 жылы Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы үштігі құрылуымен ұлт-азаттық қозғалыстың құрылымы айқындалып, нақты идеологиялық негіз, іс-әрекеттерінде жүйелілік пен нысаналық дәйектілік пайда болды [15. б. 227] -дейді. Міне осы үштіктің мойындалған көсемі Әлихан Бөкейханның шешімімен шешілсе керек. Сонымен Әлихан Бөкейхан демократиялық негіздегі сайлау жүйесімен Алашорда төрағалығына өтсе, Ахмет Байтұрсынов бастаған Торғай облысының өкілдері Елдес Омаров пен Телжан Шонановтар оқулық жөніндегі комиссия құрамына сайланады. Сонымен Алаштанушы Мәмбет Қойгелдиевтің сөзімен айтсақ Алашорда үкіметін, халық милициясын және ұлт қазынасын және сонымен бірге оқу-ағарту мәселесін енгізді. Соңғы мәселе бойынша Міржақып Дулатұлы баяндамасынан кейін бес адамнан тұратын комиссия құрады. Ахмет Байтұрсынұлы бастаған бұл комиссия құрамына Мағжан Жұмабайұлы, Елдес Омарұлы, Бидахмет Сәрсенұлы және Телжан Шонанұлы сияқты кейіннен бұл салада сіңірген еңбегімен елге аты мәлім болған адамдар енді [3, б. 333]. Қарап отырсақ осы бес адамның үшеуі Торғай облысынан екен.

Алаш Автономиясы жарияланатын Екінші Жалпықазақ съезімен қатар бір уақытта 1917 жылдың 6-19 желтоқсан аралығында Томск қаласында өткен облыстық төтенше Жалпысібір съезінің жұмысына Ресейлік В.Ламин мен М.Шиловтың айтуы бойынша қазақтың ұлттық ұйымдары атынан төрт өкіл қатысты: 1.А.М. Баймұрат, 22 жаста, қазақ, Қостанай уезі ұлттық комитетінен; 2. К.М. Сейдалин, 46 жаста Алаш мүшесі, Торғай облысы азамттық бөлімінен, білімі орта малшы; 3. А.Тұрлыбаев 40 жаста қазақ Алаштың мүшесі, Ақмола облыстық Қазақ комитетінен білімі жоғары заңгер; 4. И.Т. Тұрмұхамбетов, 34 жаста, қазақ, Орынбор шаруалары, солдаттар және жұмысшы депутаттары кеңесі ұсынған, білімі –

бастауыш, малшы [12. б. 181]. Бұл жерде анықтауды қажет ететін бір нәрсе Сейдалинге байланысты. Ресейлік ғалымдар Сейдалинді білімі орта деп көрсетеді. Біз білетін Сейдалиндердің барлығы жоғары білімді. Сейдалин Жансұлтан мен оның немере інісі Сейдалин Жанша екеуі де жоғары білімді және жастары сәйкес келмей тұр. Қай Сейдалин екенін анықтауды болашақ қажет етеді. Қалай дегенмен төрт адамның ішінде үшеуі Торғай облысынан болды. Торғай облысының өкілдері облыстық съездерден де бөлек Сібір съездеріне белсене қатысқанын көреміз.

Келесі Торғай облысы Ырғыз уездік Қазақ съезі 1917 жылдың 28-желтоқсанында өтті. Күн тәртібін айтпас бұрын осы өңірдегі хал-ахуалды білдіретін мына мәліметке көңіл бөлелік. Онда: «...Торғай, Ырғыз уездері қараңғы бір түкпірде жатыр, дүниеде не болып жатқанынан бейхабар. Почта жүріп, Алашорданың бұйрық – жарлығы тараса, біздің ел Алашорданың тілегінен бас тартпас еді, халық қатарынан қалмас еді» делінген. Бұдан бұл аймақта большевиктердің ықпалы күшті болғандығын және оның орталықтан қашықта жатқандығы байқалады [6, б. 111] - дейді Зерттеуші Күлпәш Ілиясова. Шынында да Торғай облысында Әліби Жангелдин бастаған большевиктердің ықпалы болғанын біз де растаймыз.

Алашорда Үкіметі жарияланғаннан кейін, соның шешіміне сәйкес Қостанай қаласында 2-ші қазақ полкі құрылады. Осы тұста Қостанайдағы 2-ші қазақ полкінің құрамы туралы «Сарыарқа» газеті: «...ең алдымен бас боламыз деп учительдер, оқушы жастар жазылып, бұларды көрген соң, қырдағы жігіттер де өз еркімен жазылды», - дей келіп, онда оқу командасының ашылғандығын, құрамында оқыған азаматтардың болғандығын және 29 желтоқсанда полктағы жігіттер Қоңырау станциясына (Орынбор губерниясына) бет алғандығын, сонымен қатар Алашорда тарапынан «әскери бөлім» ашылып, Елдес Омаровтың да бірге кеткенін жазады [6, б. 163]. Бұл деректен көріп отырғанымыздай Алаш үкіметінің Торғай бөлімінде әскери бөлім ашылғанын көреміз. Ал, «Сарыарқа» газетінің 1918 жылғы 4 мамырда шыққан 41-ші санында Хасен Сәрсенбайұлы Қостанайда 1918 жылдың 10-15 қаңтар аралығында уездік съезд болғандығы және онда Орынбордағы съезд қаулылары талқыландығы жөнінде хабар береді. Съезде тыңдалған баяндамалардан жергілікті халықтың басым көпшілігі Алашорда үкіметін және оның ұлт қазынасын жинау туралы қаулысын мақұлдайтындығы, соған орай байлардың алды 10 мың, арты 100-ден, барлығы – 35-40 мыңдай қаржы жиналғандығы аңғарылады. Автор Орынборға большевиктердің келуіне байланысты ел арасында бүліншілік болғандығын жазады. Қостанайда өткен бұл съезден большевиктің ықпалымен жүрген Омар Досжанов сияқты ұлт зиялыларының Орынбордағы жалпы Қазақ съезінің қаулыларын мойындамай, тек большевиктік бағытты ұстанғандары нақтыланады [6, б. 115]. Міне осындай жағдайларға байланысты болса керек Орынбордағы Алаш үкіметінің қызметкерлері Семейге, Алаш қаласына ауысса керек.

Сонымен 1918 жылы 24 маусымда Алашорда өз қызметін ресми бастады. Алашорда төрағасы Әлихан Бөкейханов қол қойған жеделхатта екінші Жалпықазақ съезінің қаулысына сәйкес Алашорданың қызметке кіріскені, сыртқы істерде Башқұрт автономиясымен одақтас екенін, земстволық өзін-өзі басқару органдарымен бөгетсіз қарым-қатынаста болатындығы, милиция жасағын (әскери жасақ) құруды бастайтындығын және оны жергілікті Сібір үкіметі ұйымдары арқылы реттейтіндіктерін, қаржылық мәселелерді шешу қадамдарын бастайтындығын баса атап көрсетеді. Сондай-ақ Алаш әскерінің Сібір уақытша үкіметі әскері және Сібір қазақтары әскерімен бірлесе майдандас тұрғысында күрес жүргізіп жатқанын атап көрсеткен [16, б. 152-153].

Торғай облысының Ақтөбе жерінде осындай басқосу 1918 жылдың 27 тамызында Ақтөбе уезінің Ақбұлақтағы 7 болыс қазағын біріктірген съезд болды. Осы съезде Ақтөбе уезінің Алашорда бөлімі сайланды. Олар: Әбдірахман Мұратжанұлы, Әбдухамит Жүндібайұлы һәм Бейсенбай Тыныштықбайұлы. Уақытша уездной қазақ соты сайланды – деп, бұл съезде тек жоғарыда айтылған мәселе ғана қаралмай, басқа да өзекті мәселелердің талқыландығынан хабар береді [6, б. 114]. Әсіресе, Орскіні қоршау кезінде, - деп жазады З.Валиди, - біздің Қазақстанмен байланысымыз нығайды. Торғай губерниясында Қазақ

ұлттық әскерін құру ісіне Ғ.Бірімжановпен бірге башқұрт офицері Ғ.Ғабитов тағы басқалар атсалысты. Башқұрт әскери басқармасы оларды әскери қару-жарақпен қамтамасыз етті. Самар үкіметі тарапынан Қазақ әскеріне бөлінген қару-жарақ «Башқұртстанның Әскери Шурасы» арқылы жіберілді. Осы кезде башқұрт-қазақ әскери корпусын құруға және оның басшылығына генерал Қажы-Ахмет Ишбулатовты тағайындауға әрекет жасалды [6, б. 156].

1918 жылы қыркүйектің 8-інде болған Орынбор казак әскерлерінің үшінші төтенше съезінде әскери атаман генерал-майор Александр Дутов Алашорданың Торғай облысындағы өкілі Қадырбаевтың құттықтау жеделхатын жариялады. Онда: «Қазақ халқы таяу уақытта казактармен бірге большевиктік бандиттерге қарсы күреске шығады деп сендіремін...» [9, б. 187] - деп жазылған.

Алашорданың төрағасы Әлихан Бөкейханов, Әлімхан Ермековпен және Алашорданың әскери бөлімінің бастығы Хамит Тоқтамышевпен бірге 1918 жылғы шілде және тамыз айларында Самара және Омбы қалаларында Комуч пен Уақытша Сібір үкіметтерінің әскери мекемелерінің өкілдерімен Алашордаға қарулы күштерді құруға көмек көрсету жөнінде келіссөздер жүргізді. Комуч пен Уақытша Сібір үкіметі Алашорданың қарулы күштерін жасақтауына қару-жарақпен, киім-кешекпен және инструктор-офицерлермен көмек беруге дайын екендігін білдірді. Алашорданың Торғай бөлімшесі 300 мылтық пен 20 мың патронға ие болды. Орынбор казак әскерлерінің атаманы Александр Дутовтың тікелей көмегімен Қостанай және Ырғыз уездерінде екі атты полкты жасақтау жүзеге асырылды [9, б. 187-188]

Жоғарыда айтқанымыздай Қостанайдағы келесі уездік съезд шақыру әрекеті большевиктер билігі құласымен жасалды. Алайда, оған жиналғандардың санының аз болуына байланысты уездің қазақ шаруалары мен қоныс аударушы шаруалар өкілдері біріккен мәжіліс өткізді. Мұнда қабылданған қарарлардың Алашорданы ойландыратын мәселелерге қатысы шамалы болды. Сондықтан 1918 жылдың 14-17 қазан аралығында Қостанай уезі қазақтарының төтенше съезі – 100-ден астам өкілдердің қатысуымен болып өтті. Съезді Алашорданың жергілікті жетекшісі А.Алдияров ашып, «Алаш автономиясы туралы» арнайы баяндама жасады. Съезде сонымен бірге Байғариннің баяндамасы тыңдалды. Съезд президиум сайлады. Оның төрағасы болып А.Бірімжанов, төрағаның серігі болып Е.Омаров, хатшылары болып Ғайсин мен Тұяқов сайланды. Съезге Ырғыз, Торғай уездерінің өкілдері қатысты. Бұл төрт күнге созылған съезд Алаш автономиясы, Қазақ полкі, Алашорданың жергілікті мүшелерін сайлау, уездік сот, жер мәселесі, қаржы т.б. мәселелерді қарастырды. Съезд соңында Қостанай уезі Алаш автономиясына қосылады және Алаш үкіметін ғана мойындайды деген қаулы қабылдады [2, б. 243]. Бұл жерде Алаш-Орда үкіметі министрлерінің бірі А.Бірімжанов пен Алаштың оқу-ағарту мәселесі бойынша белсенді мүшесі Е.Омаровтың қатысуынан біз Алашорда үкіметінің Торғай бөлімінің нақты жұмысқа белсене кіріскенін аңғарамыз. Сондай-ақ, Қостанай уездік милициясы құрылып, уезд Алаш автономиясының құрамына қосылғанын көреміз.

Алашорданың Торғай бөлімі қызметіне қатысты мәліметтерді 1929 жылы бірнеше рет алынған тергеу ісі толықтыра түседі. Мәселен: М.Дулатовтың «Енді «Алашорда» үкіметінің желтоқсандағы қаулысын жүзеге асыруға тапсырма алдық. Соның ішінде ең басты мәселе – халық жасағын ұйымдастыру және тұрғындардан қаражат жинау еді. Сол үшін «Алашорданың» облыстық бөлімі құрылды. Бұл кейін Облыстық әскери кеңес деп аталды. Кеңестің төрағасы М.Есболов, ал мүшелігіне А.Байтұрсынов, С.Қадырбаев және мен сайландым. Біз Ақтөбе, кейіннен Қостанай уездеріне барып жасақ құрамына жігіттерді қабылдадық, қаржы жинадық. Қару-жарақ пен әскери киімді Самарадағы құрылтай мәжілісі комитетінің үкіметі арқылы алдық. Ал командалық құрамына Орынбор әскери басқармасы берді» – деген [17, б. 330]. Ал, келесі құжатта: «Қолчак үкіметінің «Алашорданы» тарату туралы ұсынысымен келіспегендіктен де, Торғай қаласына аттанып, «Алашорда» үкіметтің жұмысын сонда жалғастырады. Міржақып Дулатов Алашораның Семейде-Шығыс бөлімі, Оралда-Батыс бөлімі болды. Сондықтан да, біздің бөліміміз – «Алашорданың» Торғай бөлімі деп аталды. «Алашорданың» жасағын Қасымов басшылық етті – дейді [17, б. 364-365].

1918 жылдың 18 қарашасында Омбыдағы дирекция құлап, үкімет билігі адмирал Колчакқа өткен кезде, Алашорда Үкіметі Қазақ съездерінің шешімдеріне сүйеніп, Ресейдің Федеративті құрылымын жақтап, Қазақ халқының Автономиясын мойындатуды көздеп онымен келіссөздер жүргізеді. Алайда, бұл келіссөздерден нәтиже шықпағасын ұлт зиялылары автономияға жетер жолдың басқа бағытын іздей бастады. Бұл уақытта 1919 жылдың басында Башқұрттар Совет үкіметі жағына шыға бастады. Ақтар шегінгеннен кейінгі жағдай туралы Міржақып Дулатов 1929 жылы қарашаның 30-да ОГПУ-дің тергеушісіне өз қолымен жазып берген жауабында былай дейді: «Орынбор мен Орск соғыс аренасына айналғаннан соң біз (яғни Алашорданың Торғай бөлімшесі мен ол ұйымдастырған қарулы жасақ) Қостанай уезінің Денисовка селосына келіп, сонда өз адамдарымызды үйретуді (соғыс өнеріне) жалғастырдық. Алашорданы тарату туралы хабар алысымен Торғай уезіне ауыстық. Осы кезде казак әскери штабынан Орынборға қайту жөнінде бұйрық алдық. Біз оған көнбедік. Сол кезде Торғайда болған Әліби Жангелдин біздің Орынбор казактарымен дау-жанжалда болғанымызды біліп, біздерді келіссөзге шақыртып өз өкілін жіберді» [9, б. 197]. Совет үкіметімен байланысты жандандыру бұл жолы бүкіл Алашорда атынан емес, оның Ахмет Байтұрсынов басқарған Торғайлық тобының атынан жүргізілді [9, б. 197] – дейді Кеңес Нұрпейсов. Осы оқиғалар жөнінде Міржақып Дулатовтың өз сөзін куәлікке тартуды жөн көрдік: «Келісім жүргізу үшін Торғайға Ахмет Байтұрсынов және мен бардым. Келісімнің нәтижесінде біз уақытша Кеңес үкіметі жағына шығатын болдық, ал біздің түбегейлі шешім қабылдауымыз үшін Ахмет Байтұрсыновты Москваға жіберу керек деп шештік, келесі күні Ахмет Байтұрсынов Москваға жүріп кетті. Келісім бойынша Торғай қаласына кірдік, өз отрядымызды жергілікті Қызыл армия отрядымен біріктірдік, біздің біраз адамдарымыз совдептің құрамына кірді. Бұл 1919 жылдың көктемінің бас кезі еді. Торғай уезіне Амангелді Иманов әскери комиссар болып тағайындалыпты» [17, б. 334]. «Бір күні тікелей сым арқылы Шалқардағы Қызыл армия штабынан Торғайдағы біріккен әскерден 24 сағаттың ішінде Шалқарға жетуі жөнінде бұйрық келеді. Ол кез қар еріп, жолдың бұзылған уақыты еді. Мұндай жағдайда әскери керуен тұрмақ жеке салт аттының жүруі мүмкін емес еді. Амангелді Иманов шұғыл мәжіліс шақырып, онда жоғарыдағы айтылған себептерге байланысты дәл сол кезде Шалқарға жету мүмкін еместігін штабқа хабарлайтын болып келісті. ...Бірнеше күннен – штабтың бұйрығын орындауға Алашорда кедергі жасап отыр – деген жалған сөздер айтқанын білдік. Амангелді Имановтың осы арандатуынан кейін Шалқарда, Ақтөбеде Алашорданың торғайлық ұйымы Совет өкіметі жағына шықпақ болған уәдеден бас тартты деген пікір қалыптасты. ...Осыдан кейін біз ыңғайсыз жағдайда қалдық, ақтармен байланысты үзген біздер енді қызылдардың негізсіз сенімсіздігіне тап болдық. Бірде Амангелді Иманов бізді тұтқындайды екен, оның пәтерінде Қостанай жақтан келе жатқан отрядтың барлаушысы жасырытуда екен – деген хабар алдық. Сол күні Амангелді Имановты және оның үйіндегі бейтаныс адамды тұтқындадық. Әскеріміздің бір бөлігін Торғайға Лаврентий Таранның партизан жасағы жақын келіп қалған екен, – деп сонда жібердік. Соңында Амангелді Имановтың үйінде тұтқындалған адам Лаврентий Таранның өзі болып шықты. Біз қызылдар әскерін қарусыздандырып, адамдарын таратып жібердік. Келесі күні кешкісін Торғайға қайтып келгесін қарбалас сәтте осында қалған жасақтың бір бөлігі Амангелді Иманов пен Лаврентий Таранды өлтіргенін білдік» [19, б. 199].

Осы жерде Торғайдағы ұлт-азаттық қозғалыстың жетекшісі Амангелді Имановтың кімнің қолынан немесе сатқындығынан өлгені туралы шындықты ашу болашақтың еншісінде қалып отырғандығын айта кеткен орынды. Бұл жайында Манаш Қозыбаев: «Амангелді батырдың өлімі туралы мәселенің әлі де беті ашық. Бірақ, дау-дамайсыз белгілі дүние де аз емес. Біріншіден, Алаш қозғалысы большевизмге белсеніп, күрес жолына шыққан кезде, Торғай Алаш-Орда билігінің шешімімен Амангелді өлім жазасына кесілді. Ендеше бұл Алаш-Орданың Торғай тобының Әскери Кеңесінің шешімі, оны бір кісіге арқалатуға болмайды. Ол кезде ояз әкімшілігінің билігі Омар Алмасовта болатын, оның белсенді көмекшісінің бірі Мұзафар Қасымовтың есімі сол 1919 жылдың аяғында аталғанды. Екінші басы ашық мәселе Ахмет Байтұрсынов большевиктермен келіссөз жүргізуге Москваға

аттанғанды. Бұл өлімнің жауапкершілігін Ахметке аударуға талай әрекет жасалды. Үшінші, басы ашық іс – ол өкімді орындап, батырдың түрме ішінде мойнына қыл арқан салып, ат құйрығына сүйреткен 18 жасар алашорданың 2-атты полкінің вахмистрі Б.Сисекенов 10 жыл жазасын кейін түрмеде өтеген. Әзірше, біздің қолдағы деректер ойды осы төңіректе өрбітеді. Қалай болғанда да бұл мәселе болашақта арнайы зерттеуді керек етеді [18, б. 188] - деп тұжырымдайды. Ал, Кеңес Нұрпейісов болса Амангелді Иманов Азамат соғысы жағдайында бір-біріне қарсы екіге бөлінудің құрбаны болды [10, б. 200] - деп қорытады. Тұрсын Жұртбай революция мүддесі үшін қызылдардың құпия операциясы емес пе екен?- десе [18, б. 350-351], Майсара Бекмағамбетованың зерттеуі бойынша: Рүстем Әбдұлғапар, Әбдіғапар Жанбосын мен Әліби Жангелдиннің пікірінше, Амангелді Имановтың тұтқындалуына және өліміне негізгі кінәлілер Амангелді Имановтың өз туыстары Балықов Көшімбек пен Үдербаев Бектепбергендер [11. с, 70]- дейді.

Әйтеуір қазіргі күні біз білетін ақиқат – Торғайдан шыққан Амангелді батырдың өлімінен кейін де елінің тағдыры үшін Ахмет Байтұрсынов (өзі жазғандай) Алашорданың Торғайлық тобының өкілі ретінде Совет өкіметімен келіссөз жүргізіп, Кеңес үкіметі құрамындағы автономияға қол жеткізді.

Қорыта айтқанда: Біріншіден, Торғай облысы немесе Қостанай уезі мен Торғай уезінің оқығандары басқа өңірлермен салыстырғанда саны көбірек болды. Екіншіден, 1916 жылғы Торғай жеріндегі ұлт-азаттық қозғалыста қыпшақтардың Әбдіғапар Жанбосынов, Амангелді Иманов, Кейкі Көкімбаулы революцияға дейін танылып үлгерген тұлғалары уақытша болсада қыпшақ руы болып топтасады. Ал, кейін оның соңы Ақпан төңкерісінен кейін қыпшақ большевик, арғын Алаш болып бөлінуі ортақ іске кесірін тигізеді. Үшіншіден, Торғай облысының орталығы Орынбор қаласына Уақытша үкіметтің комиссары болып Әлихан Бөкейханның келуімен Алаш зиялылары осы Орынборда қайта топтасты. Төртіншіден, Торғай облысында басталған съезд басқа облыстарға үлгі болды және облыстық қазақ съездерін бастап берді. Бесіншіден, Бірінші және Екінші жалпықазақ съезі Торғай облысының орталығы Орынборда болды. Және оның негізгі ұйымдастырушылары да Торғай облысының зиялылары еді. Міне осындай ерекшеліктеріне байланысты біз қарастырған Алашорда үкіметінің Торғай бөлімі Қазақ халқын азаттыққа жеткізіп, тәуелсіз мемлекет құруды мақсат ету жолындағы қиын да күрделі, саяси мәселелерді шешуге қадам жасаған орталықтардың бірі болды.

Әдебиеттер:

1. Шаяхметов Н.У. Ел бүгіншіл менікі-ертеңгі үшін, Алматы: 2001. – 149 б.
2. Алаш қозғалысы, Құраст: Е.Тілешов, Д.Қамзабекұлы, И.Нұрахмет. Алматы, «Сардар» 2008. 324 б.
3. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995. – 368 б.
4. Сайлаубай Е.Е. Алашорда үкіметінің шығыс бөлімі: 07.00.02 тарих ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2001. – 179 б.
5. Нысанова С.Қ. Мұхамеджан Сералиннің қоғамдық-саяси қызметі: 07.00.02 тарих ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2008. – 140 б.
6. Илиясова К.М. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. Қазақ съездері. Сәуір 1917 ж. – желтоқсан 1919 ж.: құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2007. – Т. 4. – 352 б.
7. Мекебаев Т.Қ. Уақытша үкіметтің Қазақстандағы билік орындарының қызметі (1917 жылдың ақпаны – 1918 жылдың басы): 07.00.02 тарих ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1996. – 185 б.
8. Аққұлұлы С. Әлихан Бөкейхан. Қазақ жерінің жоқшысы. II том.-Астана: «Алашорда», 2017. – 904 б.
9. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
10. Бекмағамбетова М.Ж. Жизнь и деятельность Байкадама Каралдина: Костанай, 2016.-176 с.

11. Иманбаева С.С. М. Дулатовтың өмірі мен қызметі (1885-1935 жж.): 07.00.02 тарих ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1999. – 186 б.
12. Ламин В. Шиловский М. Сибирские автономисты (областники) и деятели «Алаш-орды» в книге Алаш-таным. Ғылыми мақалалар жинағы, 1-т.-Семей, 2012, - 420 б.
13. Государственный архив Томской области (ГАТО). Ф. Р.72. Сибирская областна Дума г. Томск (январь 1918 г., июнь-ноябрь 1918 г.), Оп. 1. Д. 3. «Протоколы Военного Совета Временного правительства».
14. Tomohiko U. The Geography of Civilizations: A Spatial Analysis of the Kazakh Intelligentsia's Activities, from the Mid-Nineteenth to the Early Twentieth Century (Kimitaka Matsuzato, ed., Regions: A Prism to View the Slavic-Eurasian World. - Sapporo, 2000. – P. 70-99.
15. Аққұлұлы С. Бөкейхан Әлихан. Шығармалары-Сочинения // Қазақ жерінің жоқшысы – Собиратель казахских земель. – Астана: «Сарыарқа», 2016. – Т. 15. - 223 б
16. Сайлаубай Е.Е. Ә.Бөкейханов және Алашорда үкіметі // ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығы мен Әлихан Бөкейханның 145 жылдығына арналған «Алаш мұраты және Тәуелсіз Қазақстан» атты халық. ғыл.-практ. конф. матер. жинағы. - Астана: ТОО «Беркут-Принт», 2011. – Б. 146-165.
17. Жұртбай Т. «Ұраным-Алаш», – Алматы: «Ел-шежіре», 2008. – 472 б.
18. М.Қозыбаев «Жауды шаптым ту байлап», Алматы, 1994. – 192 б.

АЛАШ ӘСКЕРІНІҢ ТАРИХЫ

Сайлаубай Е.Е.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Ел тарихы» ғылыми зерттеу

орталығының директоры

Еркін Рахметуллин

Alikhan Bokeikhan University «Алаштану» ғылыми-зерттеу

орталығының директоры

1917 жылы белең алған саяси өзгерістер Алаш қозғалысына жаңа мүмкіндіктер мен жауапты міндеттер жүктеді. Қазақ халқының тағдырына өздерін жауапты санаған Алаш қайраткерлері 1905 жылдан бері қарай қозғалып келе жатқан автономия мәселесін күн тәртібіне қойды. Ал автономияның басты негізі – ұлттық әскер екендігі анық.

Алаш әскерін құру мәселесі Ақпан төңкерісінен кейінгі жиындарда жиі көтеріліп тұрды. Мәселен, 1917 жылы 21-26 шілдеде өткен бірінші жалпы қазақ съезі. Съез бағдарламасына: «Осы күнгі дайын әскер орнына халық милициясы құрылсын» деген тармақ енгізілді [1, 406 б.].

Тіпті осы съезде қолған алынған Алаш партиясының бағдарламасының жобасында VI тармағында: «Ел қорғау үшін әскер осы күнгі түрде ұсталмауы. Әскерлік жасына жеткен жастар жерінде үйретіліп, жерінде қызмет ету: әскер табына бөлгенде туысқан табына қарай бөлу. Әскерлік міндетін қазақ атты милиция түрінде атқаруы» [2, 44 б.] деп әскер мәселесіне тоқталып өтеді. Алайда бірінші жалпы қазақ съезінде қозғалған милиция мәселесі нәтиже бермеді.

Ұлттық әскер құру ісінде ілгерілік танытқан Семей өңіріндегі жағдай жөнінде «Сарыарқа» газетінде жарияланған «Милиция жасау мәселесі» мақаласында былай сипаттайды: «Бұл Орынбордағы жалпы қазақ сиезінде қаралып шешілетін мәселе. Әзірге тыныштықты сақтап, талаудан аман болу үшін ғана волосной, уездной, обласной милиция түрінде жасала бермек. Қарқаралыда 100, Баян Ауылда 100, Зайсанда 400, Алаш шаһарында 160 бақылаушы дайындалып жатыр. Делегатское собрание мен обласной комиссариат жөн көріп, мылтық әперіп, үйретуші табуға ризалығын берді.

Әр уезд, әр волос милиция жасау үшін күздігүні обласной кеңес бекіткен қаулыны орындауға кірісе беруі жөн. Кісі болса жалдап, болмаса ықтиярымен кірушілерді жазып, әр ел, әр ауылнай тиісті ақшаны жинай беруі керек» [3].

«Сарыарқа» газетінің № 24 санында: «Семей облысында ешкім солдаттан, я басқадан зорлық көрген жоқ. Осы зорлықты, қоршылықты көргендей боламыз ба деп күн бұрын қазақ комитеттері һәм обласной сиез қам қылды. Зайсан уезі басы 100 милиция сайламақ болды. Басқа дуандар ауылнай басы бір-бір бақылаушының қаражатын көтермек.

Осы кезде Семейде 160 қазақ жігіттерін (милицияларын) үйретуге бір офицер алынды. Обласной комиссариат мылтық бермек. Әр үйезде осындай милиция сайлап, оларға да үйретуге офицер алынбақ һәм мылтықты комиссариат тауып беруге уағда қылды» - делінген [4]. Яғни ұлттық әскер құру ісінде 1917 жылы жергілікті өңірлердегі қазақ комитеттерінің ықпалымен біршама талпыныстар жасалды.

“Қазақ” газетінің 1917 жылғы қарашаның он төртіндегі санында жарияланған үндеуде “Өзімізді өзіміз қорғау үшін, бізге жалпықазақ милициясын құру керек... Егер өзімізді өзіміз қорғай алмасақ, бүлікшілдік зорайып, қиыншылық айналғанда, қазақ халқы құрбан болады...” – делінген. Осы мақалада 5 желтоқсанда Орынбор қаласында Екінші жалпықазақ съезін шақыру жөнінде үндеу жарияланып, барша аймақтардағы абыройлы азаматтарға сауын айтылады [5, 146-147 бб.].

Сондай-ақ «Сарыарқа» газетінің қараша айындағы жарияланған санында: «Біз жұмыстың аса керектігі һәм шұғылдығына қарап, жалпы қазақ сиезін жасамақ болдық. Құрметті ақсақалдар, көзі ашық оқығандар, 5-ші декабрьге қарсы Орынборға келе көріңдер, бас қорғаудың қамы – милиция жасауды кеңесеміз... Біздің сиез болатын кезде жалпы казак атаулының әскерлерінің сиезі болады. Сонда біздің де сөйлесуіміз керек» [6] деп Әлихан

Бөкейхан бастаған Алашорда басшылары үндеу тастады. Міне, бұл телеграмда ұлттық әскер құрудың аса өзектілігі және казак әскерлерімен жақындасудың қамы жатқандығы анық байқалады.

Қазақтың қамын ойлаған азаматтар 1917 жылдың 5-13 желтоқсанында өтетін екінші жалпы қазақ съезіне үлкен үміт артты.

Екінші жалпы қазақ съезінде Алаш қайраткерлері автономия жариялау, ұлттық әскер құру және Алашорда автономиясының Ұлттық Кеңесін жасақтау мәселесін күн тәртібіне қойды.

Съездің ең басты нәтижесі – Алаш автономиясын жариялап, Алаш әскерін құру ісінің жолға қойылуы болды. Съез жұмысында әскер түзу мәселесі әр облысқа төмендегідей міндеттелді: Бөкейлік, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, һәм Жетісу облыстарында милиция саны 13500 болуға тиіс. Бөкейлікте – 1000, Оралда – 2000, Торғайда – 3000, Ақмолада – 4000, Семейде – 1500, Жетісуда – 2000 [7].

Мұхтар Құл-Мұхаммед өз еңбегінде: «Екінші жалпы қазақ съезінде халық әскерінің әр облыс, уезд орталықтарындағы саны, оларға соғыс өнерін үйрету, қажетті қару-жарақ, қаржы, көлік және тағы басқа заттармен қамтамасыз ету тәртібі анықталып, «26 500 адам тіркелген халықтық милиция құру қажет» деген қаулы қабылданады. Бұл идеяны Жақып Ақбаев ұсынған болатын» [Құл-Мұхаммед М. Алаш ардагері. Ж.Ақбаевтың саяси-құқылық көзқарастары. Алматы: «Жеті жарғы», 1999. 199б. – 224 б., 29 б.] дерек келтіреді. Алайда аталған еңбекте бұл мәліметтердің сілтемесі берілмеген. Сонымен қатар сол кезеңнің тарихи дерегі болып табылатын «Қазақ», «Сарыарқа», «Жас азамат» газеттері мен «Абай» журналында және Алашорда үкіметіне қатысты мұрағат құжаттарында мұндай мәлімет кездеспейді. Тағы да бір назар аударарлығы, Орынборда өткен екіншісі жалпы қазақ съезіне қатысқан делегаттардың тізімінде Жақып Ақпаевтың есімі кездеспейді.

Орынборда өткен екінші жалпы қазақ съезінің атқарған тарихи миссиясының бірі мемлекеттің тірегі саналатын ұлттық әскер құру ісіне Алаш автономиясы негізінде заңды түрде қолға алынуы болды. Алайда Алаш әскерінің құрылуы саяси оқиғаларға байланысты Қазақстанның әр аймағында әрқилы жүзеге асырылды.

Әскер жасақтау мәселесі Алашорда үкіметін Уақытша үкіметпен, Сібірлік саяси ұйымдармен ымыраласуға итермеледі. Мәселен, Алаш автономиясына қарасты аймақтардан жиналуға тиіс 13500 милицияны үйретуге 135 офицер, 270 инструктор керек болған. Әскер үйретуге қатысты мұндай мамандарды атты казактардан алуға мәжбүр болды.

Алаштанушы Ерлан Сайлаубайдың зерттеулеріне қарағанда: **Семей облысында** Алашорда әскері 1918 жылы қаңтар және мамыр айларында жасақтала бастайды. Екінші жалпы қазақ съезінің қаулысына сәйкес Алашорда үкіметінің Орталық комитеті Семей қаласының Заречная слободка деген бөлігіне 1918 жылдың қаңтар айының бас кезінде келіп орналасады. Заречная слободка Семей жұртшылығы арасында Алаш қаласы атауымен 1917 жылдың желтоқсан айынан бастап белгілі бола бастаған. Міне сол Алаш қаласы маңындағы қырда **I Алаш атты әскер полкының** жасақталу тарихы басталады [8, 11 б.]. Семейде Алаш әскерінің құрылу барасында бүкіл жұртты елең еткізген оқиға – 6 наурыз күні таңертең сағат 9 шамасында Алаш қаласында мылтықсыз жаттығу өткізіп жатқан милиция басшысы Қазы Нұрмұхамедұлының большевиктердің қолынан оққа ұшуы болды [9]. Бұл кезде Семейде Алашордамен қатар большевиктік билік те үстемдікке ие болатын.

1918 жылдың 18 маусымында «Свободная речь» газетінде облыстық қазақ комитеті мүшесінің хабарлауынша, Алашорда басшылары бастаған 300-ге жуық жасақ және 35 орыс офицер-инструкторлары бар топ қалаға келіп кіргені баяндалса [10], сол күні шаңқай түсте Алаш қаласына ұйымдасқан 500 аттылы әскер офицер-инструкторларымен бірге келген. Қала тұрғындарымен кездесуге келген әскерді земство өкілдері жалынды сөздерімен қарсы алды. Бұл топтың арасында Алашорда Кеңесінің төрағасы Әлихан Бөкейхан да болды [11]. Сол кезеңдегі саяси ахуалға байланысты жергілікті аймақтарда үстемдік ету большевиктік үкімет пен Уақытша үкімет билігін арқа тұтқан Алашорда үкіметі арасында алма-кезек ауысып отырды.

Жергілікті «Свободная речь» газетінің кезекті санында: «19 маусым күні кешкі 6-лар шамасында жасақ қалада болып, Никольский шіреуі жанындағы алаңда салтанатты кездесу ұйымдастырылды. Жиында штаб полкы бастығының көмекшісі Папин, штаб адъютанты капитан Виноградов және Уақтша Сібір үкіметінің өкілі Давыдовтар сөз сөйледі. Кездесу кезінде алаңға келген ұлт қайраткері Әлихан Бөкейханның құрметіне подполковник Тохтамышевтың бұйрығымен атты әскер «Алла» деп ұрандады.

Әскердің ақ түсті туында қазақ тілінде «Жасасын Бүкілресейлік және Сібір Құрылтай жиналысы», «Жасасын Отанның адал ұлдары» деген жазу болды. Жалынды сөздер айтылған кездесу отаншылдық рухта өтті» [12] деп баяндалады. Мұндай әскери шерулердің өткізілуі жергілікті халықтың Алашорда үкіметіне деген сенімін күшейту және халық арасында ел қорғау ісіне қазақ жастарын тарту мақсатында болды деп тұжырымдауға болады.

Әлихан Бөкейхан 1918 жылы 25/12 маусымда «Бек тығыз. Семей уезінің земский управасының бастығы Ахметжан Қозыбағарұлына. Семей уезінен болыс басына 30 милиционер алуға қаулы қылынды. Осы жігіттерді тоқтаусыз жиясыз. Жиылған азамат, ат Семейге келеді. Алаш Орда бастығы Ғалихан» [13] деп қойған №2 қатынас қағазындағы нұсқауға орай Ахметжан Қозыбағаров іле-шала 26 маусымда Семей уезінің барлық болыстарынан ат-әбзелдерін сайлап, 30 жігіттен милиция даярлауды қатаң тапсырады.

Алашорда үкіметінің заңнамалық құжаттарындағы Алашорда әскери кеңесін құру туралы 11-24 маусымдағы үкімет төрағасы Ә.Бөкейхан, мүшелері М.Тынышпаев мен Х.Ғаббасов қол қойған қаулыда: «Алашорда жанынан үш адамнан тұратын әскери кеңес құрылсын, оларға әскери министрліктің қызметі кіреді. Алашоданың уездік және облыстық бөлімшелерінің жанынан әскери кеңестер ашылсын. Әскери кеңес большевиктерге қарсы күресте әскер қатарына жігіттерді шақыруға міндеттеледі» [14, с. 109] деп көрсетілген. Яғни әскери кеңес құру арқылы Алашорда үкіметінің әскери жүйесі біршама жолға қойылған.

Жалпы, милицияға ең алдымен еріктілерді, ал егер ерікті азаматтар табылмаған жағдайда міндеттеу негізінде алуды тапсырған еді. Ұлт Кеңесі үйленбеген бойдақ милиционерге айына 60 сом, ал жанұясы бар милиционерге 160 сом жалақы белгіледі [Шаяхметов У. «Ел бүгіншіл, менікі – ертең үшін»: Оқу құралы. – Алматы, 2001. – 149 бет. 113 б.].

Алашорда әскерін жасақтауда Алаш қайраткерлері Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынов, Әбікей Сәтбаев, Ахметжан Қозыбағаров, Бидахмет Сәрсеновтар белсенді атсалысты. Мысалы, Сібір үкіметінің Семейдегі әскери штабында өкіл болып қызмет атқарған Ахмет Байтұрсыновтың орнына Әлихан Бөкейханның бұйрығымен Әбікей Сәтбаев тағайындалды [15].

Алашорда әскеріне қатысты қаулылар мен заңдық күші бар құжаттарда үкімет басшысы ретінде Әлихан Бөкейханның қолы мен Алаш полкының командирі Хамит Тохтамышевтың аты-жөні кездеседі.

Семей Алаш әскерін қаруландыру мәселесі тікелей Сібір үкіметі әскери министрлігінің келісімімен жүзеге асырылды.

«Большевиктен қалған жер Түркістан мен Жетісу еді. Біздің қазақ әскері Жетісуға жүруге Омбыдан қару-жарақ күтіп тұр. Жуық арада Жетісуды большевиктен тазартады» [Абай.-1918-№7.] деп жазды 1918 жылдың ақпан айынан бастап шығарылған, сол кездегі қазақ тіліндегі жалғыз журнал болған «Абай» баспа орны.

Алашорда әскеріне аянбай қызмет етіп, сол жолда құрбан болған қайраткерлердің бірі – Отыншы Әлжанов. Отыншы 1917 жылдың 5-13 желтоқсанын өткен екінші жалпы қазақ съезінде құрылған Алашорда үкіметінің Ұлт кеңесі құрамына қабылданған 15 қайраткердің бірі болды [5]. Азамат соғысы жылдарында Жетісу өңірінде бұқара халыққа қорған болу үшін Алаш әскерінің **Жетісу бөлімін** жасақтады. Шілде айында еліне жолдаған хатында: «мұндағы жұрттың басына қиямет-қайым туды, қатын-баламды алып кетіңдер, бұл ел қан жылап, қырғынға ұшырып жатқанда, мен жан сақтап, бұларды тастап кете алмаймын. Өлсем-тірілсем де бірге көремін» [16] деп өңірде орын алған соғыс сипатын аңғартқан. Жетісу өңірінен Үржар арқылы Қытайға өтіп кетпекші болған Отыншы жасағы Көктұмада

большевиктермен қақтығысқа түседі. Жау әскер Отыншы бекінген диірменді өртеп жіберіп, Алаш қайраткері ерлікпен қаза табады [17, с. 131]. Отыншының қазасы туралы үзеңгілестерінің басылым беттерінде жариялаған қазанамалары қайраткердің Алаш мүддесі үшін орны толмас шығын екендігін аңғартады. Атап айтар болсақ, Міржақып Дулатов «Жас азамат» газетінде жариялаған қазанамасында: «Ұлтың үшін қан жыладың, қамын жедің, қызықты ғұмырың абақтыда, айдауда өтті. Сонда да тауың шағылмады. Қамалға шаптың, қанға боялды, қаза таптың, бірақ, «арманда кеттім, Алаш көргенін көре алмадым», деме. Сендей ұл туған ел ешкімнен кем болмас. Хош, бауырым!» [16] деп егіле жазды.

Жалпы әскер мәселесі автономия жариялаудан бұрын қозғалған болатын. Әскер құру үшін арнайы офицер-инструкторлар мен юнкерлерлер дайындайтын оқу орындарын ашу міндеті тұрды.

Алаш қаласында әскер құру ісіне байланысты қазақ ұлтынан офицер мамандарды даярлау үшін 1918 жылдың күзінде офицерлер дайындайтын медресе ашылады. Бұл медреседе Ғабдолла Қоскеев, Ахмет Әуезов, Смағұл Әмзин, Омар Ермұхаметов, Ғабдолхак Ғабдолрахимов, Хәкім Бейсекеев сынды қазақ жастары оқып, әскери өнерді меңгере бастаған. ікі Офицерлік мектептің ашылуына Хамит Тохтамышев ұйытқы болды. Атап өтерлігі осындай юнкерлік училище Жымпитыда да ашылды [18, 114 б.].

Алашорда тілегіндегі қазақ басылымдары «Қазақ», «Сарыарқа», «Жас азамат» газеттері мен «Абай» журналында әскер мәселесі қозғалған мақалалар жиі жарияланып тұрды.

1918 жылы тамызда Құрылтай жиналысы комитетіне Алаш автономиясын мойындату мақсатында барған Әлихан Бөкейхан Алашорданың орталық басқармасына телеграм жолдап: «Бар күшті ұлт әскерін жасауға салыңдар; Россияны тірілтетін тіреу – бар жұртының әскері; Алаш – Россиядағы одақтас мемлекеттердің бірі; сондықтан тіреудің бір ұшы – Алаш әскері. Алаш полкын, не керегін тауып беріп, таратпаңдар. Керек нәрсені қаншаға болсын қарыздануға қорғанбаңдар. Жеткілікті қару алыңдар. Алаш этрәдының Орал, Торғай шығармақпыз» [19] деп ұлттық әскер жасақтау ісін жетілдіруге шұғыл тапсырмалар берді.

Алашорда әскерін оңтүстік-шығыс майданда елеулі жетістіктерге жеткендігі мұрағат құжаттары мен сол кезеңнің тыныс-тіршілігінен хабар беретін басылымдарынан анық байқалады.

1918 жылдың 6 шілдесінде Әлихан Бөкейханның Башқұрт автономиясының төрағасы Зәки Уалидиге жазған жеделхатында: «Жетісу облысы большевиктерден тазартылды. Қазақтар, казактар мен офицерлер большевиктік әскерлердің қалдықтарын жоюда. Алтай губерниясына біздің әскери жасақтар жіберілді» [20] деп өңірдегі саяси жағдайды айтып өтеді. Атап өтерлігі, Зәки Уәлиди Алашорда төрағасы Әлихан Бөкейханның негізгі одақтастарының бірі болды.

Алашорда үкіметі ел ішінен арнайы нұсқау арқылы жігіттер жинаумен қатар ерікті қазақ жасақтарын да ұйымдастыру ісін қолға алды. Бұл әрекет нәтижесін берді. Мысалы, кейбір осындай ерікті қазақ жасақтары оңтүстік майданда ерлікпен шайқасып жатқандығы орыс тілді басылымдар жариялап жатты.

Осындай қазақ еріктілерінің әрекеттері туралы Алашорда үкіметінің іс басқарушысы Серікбол Ақаев Әлихан Бөкейханға жіберген жеделхатында: «Мұса Сергиопольды алуға қатысты және бір өзі тоғыз қызылдың басын алды. Большевиктер Үржардан қашып кетті. Олардың соңынан Ғабитхановтың жасағы жіберілді» [21] деп Алаш әскерінің кезекті жеңісін хабарлайды.

1919 жылы 11 ақпанда адмирал Колчактың Сібір үкіметімен келіссөз барысында Сібір үкіметі өкілінің «милицияны қалай түсінуге болады?» - деген сауалына Алашорда төрағасы Әлихан Бөкейхан: «Біздің милиция – бұл әскер. Олар іс жүзінде әрекет етуде: біздің 700 жауынгеріміз Жетісу майданында, 540 Троицкіде, 2000 адам Орал облысында. Жетісу майданындағы жеңістер біздің жігіттердің ерен ерлігінің арқасында» [14] деп жауап қатты.

Милицияның керектігі: заман күштінікі, қару-жарақтынікі, атты-тондынікі. Әскер жасап алмасақ, осындай астаң-кестең аударыспақ заманда елімізді, жерімізді, мал

басымызды қорғап ала алмаймыз, көрінгеннің ауызында кетеміз, жұрттығымыздан айырыламыз, бұл - бір.

Сыртқа елеулі ел бола алмаймыз, сыбаға ала алмаймыз, осы күнде ұялғанынан бермейді, қорыққанын сыйлайтын заман – екі.

Милициямыз болмаса, елге айбарлы, әмірін тыңдатарлық, тәртіп, тыныштық орнатарлық үкімет бола алмаймыз, халық бассызданып малша жайылып кетеді – үш [22].

Алаш әскерін жасақтау ісіне Алашорда қайраткерлерімен қатар **елдің ауқатты азаматтары** да үлкен үлес қосқан. Тіпті әскер қажетіне жігіттерді тарту, ат-көлікпен қамтамасыз ету мәселесі де солардың тарапынан өтеліп отырды.

Семей қаласының қазіргі заман құжаттама орталығындағы Алаш қозғалысына қатысты “Список организаторов Алашского конного партизанского полка, участников организации против Советской власти 1918 года Правительства Восточной Алаш-Орды” деп аталатын құжатта Алаш атты әскерін ұйымдастырушылардың қатарында Алаш қайраткерлерімен бір қатарда ел ағалары, қазаққа абыройлы азаматтардың есімдері аталады [23].

Тіпті “Сарыарқа” газетінің 1918 жылғы №44 санында Алаш әскерінің Алтай өлкесіндегі ерліктерін былайша баяндаған: “Алтай губерниясында ұрыс жүргізген Алаш отрядында Тұрағұл Абаев, Биахмет Сәрсенов, Қаражан Үкібаев, Тоқтар Бегметов, Ғабдолла Қаскеев т.б. ерлікпен шайқасты” [24].

Мәселен, Семей өңірінде Алашордаға ниеттес болған Қаражан Үкібаев [25], Ике Әділов [26], Ақкенже Аймағамбетов [27, 239 б.], Ыбырай Ақпаевтардың [27, 452 б.] 1928 жылғы тәркілеуге қатысты жеке істерінде олардың Алашорда үкіметімен байланыстары, Алаш әскеріне қызмет жасағандығы, қаржылық және материалдық тұрғыда қолдау көрсеткендігі негізгі айыптары ретінде көрсетілген.

1918 жылы «Қазақ» газетінің 12 қаңтардағы 259 санында қазақ халқының басын қорғауға милиция (ұлттық армия) құру қажеттілігі, милицияны үйрететін офицерлер керектігі айрықша өзекті мәселе ретінде көтеріліп, осы шараны жүзеге асыру мақсатында ел ауқаттыларына төмендегідей сауын айтылады: «Юнкер школына жастар кіруге әзіріне ең аз боса 30 мың сомдай қаржы керек. Ол ақшаны Алашордасы жасар, школға кіруден бұрын даярлау керек. Қазірінде Алашорданың қолында сиез тарқарда берген Отарбай қажы Қондыбайұлының 12 мың 500 сомнан басқа ақша жоқ. Елден ақша тез жиылмайтыны мағлұм. Солай болған соң байлар Отарбай қажының істегенін істеп, Алаш автономиясын әуелгі кезде көтермелеп жіберулері тиіс еді. Ноғайлар автономия болса, ұлт қазынасына деп, байларынан ақша ағыл-тегіл құйылып қалады. Біздің байлар да әуелі өздері үшін, екінші, ұлт игілігі үшін шабандық қылмай, Алашордасына, ең болмағанда, қарызға қаржы беретін жөні жоқ па?» [Алаш. Алашорда. Энциклопедия / Құраст: Ғ. Әнес, С. Смағұлова. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 544 бет. 508 б.].

Семейдің мұрағаттар қорындағы: «Материалы об организации боевого отряда милиции Все киргизским Народным Советом Алаш-Орды» - деген деректен Семей қаласында жасақталаған Алаш әскеріне Шыңғыс елінен көп азамат қатынасқанын көруге болады:

Аршалыдан – 12, Қызылмоладан – 29, Мұқыр болысынан – 99, Шыңғыс болысынан – 21, Бұғылыдан – 27, Машан, Шағаннан – 26, жиыны 144 адам тіркелген.

Атты эскадронға: Қызылмоладан – 22, Бұғылыдан – 8, Машаннан – 4, Аршалыдан – 12, Шағаннан – 12, жиыны 48 адам өздерінің атымен, азығымен келгені айтылған[28, 113 б.].

Алашорданың батыс бөлімінде әскер жасақтау ісінде Жимпитыдағы 18-23 мамыр аралығында өткен қазақ съезінің өзіндік маңызы бар. Бұл съезде Орал әскери үкіметімен большевиктерге қарсы бірлесіп күресуге келісім жасалды. Келісім бойынша Батыс Алашорда басшылары Орал әскери үкіметіне қаржылай және әскерге керекті ат-көлікпен қамтамасыз етуге міндеттелсе, қарсы тарап Жимпитыда 6 айлық юнкерлік училище ашуға, қазақ жігіттерінен әскери мамандар даярлауға тиісті болды [29, с. 388-389].

Тіпті Алашорда басшылары 1918 жылдың шілде-тамыз айларында Құрылтай жиналысы комитеті және Сібір үкіметі басшылармен болған кездесуде Алашорда әскеріне қажетті көмек алуға қол жеткізді. Бұл туралы «Жас азамат» газетінде: «Қазақтың милиция –

әскеріне қару-жарақ беру жағынан бұлар тоқтау қылатын емес. Жоғарыда Досмұхамедовтер Орал қазағының әскері үшін Самар үкіметінен 600 мылтық, бірнеше пулемет алып, Орынбор арқылы елдеріне жіберді» [30] деп айтылды.

Алашорданың батыс бөлімінде әскер құру ісінде ауқатты азаматтары да аянып қалмаған. Мысалы, Алашорда қайраткері, ауқатты азамат Иса Көпжасаров әскер қажетіне 100 жылқы атаса [31, 39 б.], Сырым Датұлының шөбересі Салық Омаров 1918 жылы ақпанда Орал қазақтарының Қаратөбеде өткен үшінші съезінде Алаш әскеріне өз табынынан 200 бас мініс жылқы бөліп берген [32].

Сонымен қатар, Алаш қозғалысына Маңғыстау өңірінде Тобанияз тобы да тілекші болып, әскери қолдау көрсеткен [33, 91 б.].

Сондай-ақ **Алашорданың Торғай бөлімшесі** 300 мылтық пен 20 мың патронға ие болды. Орынбор казак әскерлерінің атаманы Дутовтың тікелей көмегімен Қостанай және Ырғыз уездерінде екі атты полк жасақтау жүзеге асырылды [5].

Алашорда үкіметінің әскер қатарына 30 жігіттен мобилизация жасауы ІІІ кезеңнен тұратындығы деректер арқылы анықталып отыр.

I-кезең: 1918 ж. 25(12) маусым бұйрығы бойынша әскер қатарына шақырту басталды.

II-кезең: 1918 ж. 25 қазанындағы № 218 қаулыға сәйкес Алашорда Ұлт Кеңесінің мүшесі М. Тынышпаевтың бұйрығымен I мобилизацияға ілінбеген болыстардан жедел түрде 30 жігіттен шақыртуды тапсырды.

III-кезең: 1919 жылдың 1 қазанынан бастап 2-арнайы Далалық Сібір корпусының бұйрығы негізінде капитан Х. Тохтамышевтың бақылауымен және Алашорданың облыстық кеңестеріне жүктелген міндет бойынша шақырту тапсырылды.

III-кезеңдегі мобилизация Колчак үкіметі әскерлерінің Шығыс майдандағы ауыр жағдайына байланысты мәжбүрліктен туындаған шара болатын [**Шаяхметов У. «Ел бүгіншіл, менікі – ертең үшін»: Оқу құралы. – Алматы, 2001. – 149 бет. 112-113 бб.**].

1919 жылдың басында-ақ ұлттық мемлекеттік құрылымдар ақ гвардияшылардан теріс айнала бастады. Ең алдымен татарлар, одан соң башқұрттар әскерімен қоса Кеңес үкіметі жағына өтті. Бұл шынымен де онсыз да әлсіреп тұрған антибольшевиктік күштердің ыдырауына басты себептердің бірі болды. 1919 жылдың соңы мен 1920 жылдың басында Алашорда таратылды. Алашорданың әскери құрылымдары толықтай қызыл әскери құрамына өтті.

Алашорда әскерінің рәміздері. Гүлнәр Дулатова Елдес Омаров пен тұңғыш рет Алаш маршын орындаған Ғаббас Нұрымов жайлы тебірене жазады. Ғаббас Нұрымов – қазіргі Қостанай облысының Қарабалық өңірінде туып-өскен, Міржақып Дулатовтың үзенгілес серіктерінің бірі. Гүлнар апай «Өмір өткелдері» атты естелік кітабында сөз болып отырған Алаш маршы жайлы: «Торғайда төңкеріс қызу жүріп жатқан. Әлі есімде, тәтемдер елге келгенде, өлең-жыр ағылатын. Сонда Ғаббас Нұрымов бастап, қалғандары шырқай қостап, мына өлеңді айтып бара жатты: Ол «Арғы атам - ер Түрік, Біз - қазақ еліміз...» - деген жолдардан басталатын.

Жүсіпбек Аймауытовтың бұл өлеңінен басқа Міржақып Дулатовтың «Алаш гимні», Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Алаш ұраны» өлеңдері Алашорданың әнұраны рөлін атқарған.

Түйін. Алаш қайраткерлері үшін автономия мәселесі қаншалықты маңызды болса, сол мемлекеттік құрылымның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ұлттық әскер құру ісі де басты назарда тұрғаны анық. Содан болар, автономия жариялау барысында ең алдымен әскер құру ісіне аса мән берді. Екінші жалпы қазақ съезінің өзекті мәселелерінің бірі – әскер құру болғандығы құжаттарда айқын көрініс тапқан. Саяси тұрақсыздық белең алған кезеңде Алаш автономиясының 2 жыл үш ай мерзімде өмір сүруіне тірек болған ұлттық әскер екендігі дау турдырмайды.

Алаш әскерінің Алашорда үкіметінің қорғаныс жүйесі, мемлекеттік мәртебесін айғақтайтын негізгі тетік болғандығы ақиқат. Ендеше Алашорда әскерінің құрылған күні, яғни 25 маусым әр қазақтың тарихи жадында Алаштың айбынды рухы ретінде сақталуы тиіс.

Әдебиеттер:

1. «Қазақ» газеті – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 бет.
2. Әлихан Бөкейхан. Шғармаларының 9 томдық толық жинағы. Полное собрание сочинений в 9 томах. / Құрастыран: Жүсіп Сұлтан Хан Аққұлұлы. – Астана: Сарыарқа, 2013. Т. 7. – 530 б.
3. Сарыарқа. 1917. №23. 5 декабрь
4. Сарыарқа. 1917. №24. 12 декабрь
5. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. Алматы: Ататек. 1995. 256 б.
6. Сарыарқа, 1917, № 20, 13 ноябрь
7. Сарыарқа. – 1918. - № 29. – 25 қаңтар.
8. Сайлаубай Е. Алашорда әскері // Абай. 2000, № 1, 11-16 бб.
9. Сарыарқа. 1918. № 34. 18 март
10. «Свободная речь», 19 июня 1918 года, №162.
11. «Свободная речь», 21 июня 1918 года, №164.
12. Свободная речь, 1918., №165.
13. ШҚО ҚЗТҚО. қ.48, тізім 2, іс 1, 139 п.
14. Алаш-Орда: Сборник документов.
/Составитель Н. Мартыненко. – Алматы: Малое издательство «Айқап», 1992. 192 стр.
15. ШҚО ҚЗТҚО. 48 қ, 2-тізім, 1-іс, 139 п.
16. Жас азамат. 1918. № 4, 25 тамыз
17. Альжанова С., Тулемисова Г. Беркут Алаш-Орды. – Алматы, 2008, 180 с.
18. Шаяхметов У. «Ел бүгіншіл, менікі – ертең үшін»: Оқу құралы. – Алматы, 2001. – 149 бет.
19. Абай, № 10, сейсенбі, 25 тамыз, 1918 жыл
20. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Желтоқсан, 1917 ж. – мамыр 1920 ж. Движение Алаш. Сборник документов и материалов. Декабрь 1917 г. – май 1920 г. – Алматы: «Алаш», 2005. Т. 2, 445 б.
21. Газета «Сибирская речь», 1918 года, №32.
22. Абай, 1918, № 8, 1 август
23. ШҚО ҚЗТҚО, қор 1п, тізім 1, іс 21, парақ 7
24. Сарыарқа, 1918, №44.
25. ШҚО ҚЗТҚО 74 қор, 4 тізбе, 71 іс, 14 п.
26. ШҚО ҚЗТҚО 74 қор, тізім 1а, 17 іс, 53-54 б.
27. Нәсенов Б. «Абыралы қанды жылдары (1905 – 1945)». Екінші бөлім. Құжаттар жинағы. Алматы – Новосибирск. 2006 ж. 644 б.
28. Жанболатұлы Молдабек. Тобықты-Шыңғыстау шежіресі: Үш томдық. – Алматы: Курсив, 2004. 1-ші том. 520-бет.
29. История Западного отделения Алаш-Орды. Сборник документов и материалов. Т. 1., Уральск, 2012 – 464 стр.
30. Жас азамат. 1918. № 5, 1 қыркүйек
31. Жетпісбай Н. Қобдалық Алаш қайраткерлері // Қазақстан мұрағаттары. № 3 (11)/ 2009. 34-46 бб.
32. Орал өңірі. 27 қараша. 2008.

1 – СЕКЦИЯ

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЖӘНЕ АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ: ЖАҢА ДЕРЕКТЕР МЕН
ІЗДЕНІСТЕР

TERRITORY AND THE KAZAKH NATION: BORDERING THE ALASH ORDA *Özgecan*
KESICI-AYOUBI, PhD Germany, Berlin

Abstract

This paper argues that the project for establishing the territorial boundaries of contemporary Kazakhstan originates in the late nineteenth century as part of an elite nationalist mobilisation against Russian rule and colonisation of the Kazakh steppes. In particular it notes how increasing Russian settlement and land seizures disrupted the longestablished pastoralist practices of transhumance that defined the Kazakh identity, ecology, and economy, prompting an enterprising Kazakh elite to redefine Kazakh identity in terms of land and territory. It outlines the struggles to define the borders of a contested territory in nationalist terms, once this elite found itself in a political deadlock within the Russian imperial political system, thus specifying and refining the boundaries of the Kazakh nation and the borders of the future Kazakhstani polity. As such, this paper argues that most contemporary borders are the residues of historical struggles and attempts to show this through the excavation of the foundations of contemporary Kazakhstan's borders.

Key words: Borders, Kazakh, Alash Orda, intellectuals, Russian Empire

Introduction

Malcolm Anderson (1996) argued that certain periods in history have made important contributions to the notions on which modern state frontiers are based. These include “the Roman Empire for notions of territoriality, the ‘universalist’ doctrines of the Middle Ages [...] [and] the development of the frontiers of France which prefigured those of other European ‘nation-states’”. (Anderson, 1996: 12). This has led to the current understanding of the world and its state borders, or, as Agnew puts it, the modern geopolitical imagination, by which “one state’s prospects in relation to others’ were seen in relation to global conditions that were viewed as setting limits and defining possibilities for a state’s success in the global arena,” can be understood (Agnew, 2003: 16). However, relations toward territory are constantly in flux, and as this paper will show, the manifestations of territorial borders at a specific point in time can lay the foundations for future territorial claims and ideologies, just as Anderson outlines in his study. One of the most striking phenomena of the world we live in today, is the speed by which impactful ideas can be transmitted globally, finding interest and manifesting themselves in the most improbable contexts. It has not puzzled many historians to see empires expanding and finding themselves creating borders in new fronts each time they annexed new territories. Within these territories, bordering continued between tribes and religious groups and at times, they lived peacefully next to each other. However, the idea of creating national borders in the name of and for a specific nation (Brubaker, 1994) can in many examples be attributed to global trends and the ideas circulated at a specific point in time. This is also the argument Anderson (1996) makes about the Roman notions of territory, which have transcended continents and centuries, albeit in transformed ways, having passed through stages such as universalism and Enlightenment. The reason why I look at a pre-Soviet case study is, because it is through a layering process that nations emerge. In the case of Kazakhstan, the first layer was established by a group of Russian-educated Kazakh intellectuals. Over the course of years, the Soviet Nationalities Policy would add its own layers and nuances (although it should also be noted that some of the nationalist Kazakh intellectuals were involved in this process at the beginning of the Soviet demarcation of the Central Asian lands). The ‘nativisation’ aims of the korenizatsiia policy had its own role to play as well, as the idea of the Kazakh nation continued to develop. Once the Soviet Union collapsed, a new Kazakhstan emerged with multiple ethnicities and two languages

spoken: Russian and Kazakh. Although the spoken languages overlap within different ethnic groups and bilingualism is very common, social entrepreneurs and political actors had to redefine the notions of ‘Kazakhs’ and ‘Kazakhstanis’ (Kesici, 2011). As such, I define nationalism not necessarily as looking toward the past, but as a movement in the name of a nation propagated by proponents, seeking means of political involvement in the name of said nation. That said the aim of this paper is to show how a group of Kazakh elites decided to follow the global trend of establishing a nation for the Kazakhs and the mechanisms behind these global dynamics. Moreover, the paper shows that in propagating nationalism, these intellectuals were not interested in converting back to a golden age, or a time when Kazakhs lived a more noble life, but instead, saw nationalism as an opportunity to modernise Kazakh society and improve their lives by taking examples from France especially. By doing this, I intend to show how the foundation of the notion of the modern Kazakh nation was laid, which, in later years, would be layered with other notions tied to the Soviet ideology, and finally an independent nation-state in an international community. Traditional rule in the Kazakh steppe

One of the most prominent scholars of nationalism theories, Ernest Gellner (1983) argued that nations and nationalism emerged as a by-product of industrialisation and modernisation of societies. Subsequently, borders were drawn around ‘national territories’ in place of imperial ones. However, on the one hand it neglects the social behaviour of key actors on scene, i.e., rendering the social transition deterministic, as well as leaving out a myriad of nationalist movements that took place in parts of the world where industrialisation had not taken place. Moreover, Gellner focused mainly on the British example, having neglected the modernisation processes that took place in Germany for instance, where modernisation was actively propagated by the state in order to reach the British economic development. More importantly, the relationship between territory and the national imagination has largely been overlooked. The main contender of this strand of thinking which emerged in the past decades is the group of scholars known as ethno-symbolists. Ethno-symbolism emerged as a critique towards modernism. They represent a more homogenous group of scholars in contrast to modernists, as they emphasise similar processes in explaining nations and nationalism (Özkirimli, 2010: 143). The core idea of this approach is two-fold: the key role of ethnic groups in the establishment of nations and emergence of nationalisms and secondly, the representation of ethnicities in symbols and their continuous use to reinforce certain identities. Although there is common agreement among ethno-symbolists that nations are modern and very much created by people, they argue that “the emergence of today’s nations cannot be understood properly without taking their ethnic forebears into account; in other words, the rise of nations needs to be contextualized within the larger phenomenon of ethnicity which shaped them,” (ibid.). Consequently, collective cultural identities need to be studied over the *longue durée* (Armstrong, 1982), because ethnic identities do change in a slow process. Most importantly, they reject modernists’ idea that there is a clear discontinuity between the stages of transformation within societies, such as from ‘agrarian’ to ‘industrial’. The key proponent of this approach is A.D. Smith (1987). This approach provides a closer look at the cultural contents of nationalism, yet ignores the wider political mechanisms of border creations. Although the connection between territory and ethnic narrative is made within this approach, it remains insufficient in explaining the changes that can occur within this narrative and the consequences for border making. I propose an approach that looks at both nationalist discourse that ‘layer’ the bordermaking process in a point and time in history, as well as looking at the structural mechanisms of border creation. Creating, and above all, institutionalising national borders is a social transformation that must take into account all levels of action. For this reason, I propose a three-level analysis considers the transmission of ideas through social entrepreneurs, their social practice and institutionalisation of practices. The first level is that of social entrepreneurs, who, through global networks, translate ideas and introduce them to their regions. In this case study, these would be the intellectuals who become the founding fathers of the Kazakh nation. Through educational channels, acquirement of linguistic skills and inclusion into intellectual networks, they acquired the knowledge of how things were being done in other parts of the world. The second level to look at would be the social behaviour of intellectual, or ‘leading’ groups, who bring new ideas to the population. The masses’ reaction, on the other hand, needs

observation as well, as they accept, modify, reject or ignore their ideas. On the final level, the analysis shifts to the institutionalisation of certain practices. In this case, this would be the institutionalisation of national borders and infrastructures. The three levels are interdependent and do not follow a specific order. Socio-economic relationships in the Kazakh steppe The nomadic economy enabled families to produce a wide range of their own basic supplies, such as food, clothing, housing, fuel and transport. Despite that, there was a symbiotic relationship between nomads and sedentary peoples. Nomads couldn't carry much surplus material and benefitted from trading with settled people for the goods they couldn't produce themselves. Sabol puts it as follows: "Trade was beneficial to both groups. Accumulated goods, such as wools, hides, livestock, and so on, which could not be consumed or utilized, or became a burden to transport, had to be jettisoned or traded." (Sabol, 1998: 21).

The social organisation of nomads was devised of kinship ties and blood lineage. It would seem logical that this was a necessary form of organisation, as auls (nomadic bands) moved across large distances in families or kinship groups. The vast area of the steppe meant that one of the main ways of recognising others from different auls could not be limited as in the way European settled people recognised themselves through their vocation, but of their ties to the larger genealogy of all Kazakh people. They were versatile in their skills; they had to be hunter, gatherer and handicraftsman and perform a multitude of tasks in order to survive on the steppe. Moreover, the nomadic nature of the migration of whole family units and auls meant that finding one person in one area in one season, did not necessarily mean that they would be found in the same area the next season, as they had to remain flexible in their migration in order to provide the best grazing lands and pasture for their animals. Kazakhs identified themselves through kinship. In this sense, "genealogies provided the locus of authority between families, auls, ru or taipa (clan or tribe) and zhuz (horde)." (Sabol, 1998: 26). Each tribe was affiliated to one of the three large confederations of tribes, known as zhuz. These were known as the Uly Zhuz (Great Horde), Orta Zhuz (Middle Horde) and Kishi Zhuz (Little Horde). The population of these three confederations used three geographical and climatic zones, which were designated to each zhuz. As such, the Kishi Zhuz controlled the western region, the Orta Zhuz managed the central, northern and eastern regions of the Kazakh steppe and the Uly Zhuz administered mainly the southern regions (Kendirbai, 2008: 68). Originally, the zhuz reflected the principle of seniority, by which the Kazakh social organisation was mainly governed. However, there was no caste system, which stratified members of the zhuz or denied access to any one zhuz. In this sense, intermarriages between the zhuz were common practice and more importantly, the belief of common descent was strong. According to the legend of common descent, all members of the zhuz were the descendants of the mythical father of the Kazakhs, who was known by the name of Alash. Within the zhuz then, the tribes were governed by the rules explained above, with power being divided between the aq suieks (aristocrats) and qara suieks (commons), which were quite fluid, as will be shown below.

Traditional Political Structures

Kendirbai explains that the khans chosen by the sultans and tribal leaders played an important role in military actions and international affairs, whereas in times of peace, the real power was in the hands of tribal leaders, who were typically comprised of biis (traditional judges), batyrs (military heroes), bais (wealthy nomads) and aqsaqals (village eldest), (Kendirbai, 2008: 69). At the aul level, the leadership was mainly in the hands of the aqsaqal, who was revered and thought to be experienced and wise, and the bii. On a tribal level, the khan would traditionally lead Kazakhs of the same tribe (Sabol, 1998: 33). "Leadership [...] was often based upon the ability to render justice, because of wealth and social standing, age, and numerous family ready and able to offer support." (ibid.: 34). Above the aul level, the only symbol of a common political formation among the Kazakhs was the unified Kazakh khanate, which existed from the mid-fifteenth to the late sixteenth century. In the sixteenth century, the Kazakh khanate disintegrated and took over a tripartite system of zhuz (Dave, 2007: 31-2). Russian Annexation of the Kazakh Steppe In the eighteenth century, the Russian Empire ventured into the Kazakh steppe and started to expand into Kazakh lands by constructing a line of forts along its northern region. The first fort was constructed

in 1716 in Omsk, after which followed Semipalatinsk in 1718, Ust'-Kamenogorsk in 1719 and Orsk in 1735 (Rottier, 2005: 35). At that time, a Mongol tribe, the Dzungars, posed a major threat to the Kazakh khans and all of them accepted Russian protection. Abul'khair Khan of the Little Horde signed an agreement with Russia for protection on 10 October 1731 (ibid.: 36). The Middle Horde followed suit in 1740 and the Great Horde in 1742. The Russian Empire subsequently repressed autonomy of Kazakh khans; in 1822 the Khanate of the Middle Horde, in 1824 the Khanate of the Little Horde and in 1848 the Khanate of the Great Horde were abolished. Under the 1868 Provisional Statute the territories of the Middle and Little Hordes were divided into the new provinces of Ural'sk, Torghai, Akmolinsk and Semipalatinsk. The provinces were put under the control of the Orenburg and West Siberian administrations and subdivided into uezds, volosts and administrative auls (Kendirbai, 2008: 70). The statute also introduced a new electoral system by which the old power system was dramatically altered and replaced by a centralised administration, transforming the social and political organisation of the nomads. It is during this time that significant changes took place in the social and political spheres of Kazakhs. These changes started with the Russian education of an elite group of Kazakhs.

Colonisation of the Kazakh steppe and the relationship to territory

Russian peasant settlement on the Kazakh steppes began as a series of illegal migrations at first, which had been triggered by the land hunger and famine in western parts of the Russian Empire. However, the Tsarist government came to adopt resettlement policies that facilitated these migrations. A newly founded Resettlement Administration would aid the process. The local administration was unwilling to disturb natives' use of the lands and provided legislative regulations in order to do so (Rottier, 2003: 69). The central government, however, put pressure on the local administration to provide increasing amounts of land, in an attempt to alleviate overcrowding among the peasant population in European Russia. As a result, a Resettlement Act of 1889 was passed, which permitted peasants to migrate legally to the steppes and settle on lands that the government deemed unnecessary for local nomads (Sabol, 1998: 68-69). Following up on these regulations, "statutory limits were established to limit the amount of land deemed necessary for agricultural production, but many peasants either ignored the law, or simply lacked the skills to demarcate properly their holdings. Consequently, peasant holdings often exceeded the fifteen desiatinii norm allotted by the government." (ibid.: 69). This did not go unnoticed by the nomadic people and created a rising awareness over the loss of a shared habitat, namely land, that had been readily available for centuries in the nomadic traditions. Moreover, the Russian population in the northern oblasts of the steppe region had experienced a significant boost. In 1897, a mere 16 percent of the population was Russian. By 1916, this number had grown to 41.6 percent. Rottier argues that the massive incursion into the steppe had disrupted pastoralist practices, resulting in a more sedentary mode of living among Kazakhs (Rottier, 2003: 68). This, at the time, was not deemed to be a good way of living among Kazakh nomads, as only the poor would settle down for a lack of cattle that they could cultivate. Prior to Russian appropriation, land disputes between Kazakh and Mongolian tribes and hordes had been common and resolved in battles or agreements between tribes. However, as the former indigenous political system had been eliminated and replaced by the imperial administrative system, Kazakhs were left in the dark as to how they would contest the appropriations. An elite group of Kazakh intellectuals believed the only way to rectify the situation in favour of Kazakhs would be by working through political channels. As Russian settlers continued to migrate into the Kazakh steppes the Kazakh elite were faced with the economic demise of Kazakh nomads, whose grazing lands were being appropriated. As a reaction, the secular, as well as the more Islamic-oriented intellectuals proposed for the Kazakhs to become sedentarised and leave the nomadic mode of life behind. They believed that by doing so, more structures would be created around the land and it would become increasingly difficult for Russian administrators to appropriate lands for Russian peasants. As a result, the permanent settlement of Russian people on lands that were freely available before provided a shift in the perception of territory among Kazakhs. The notion that they could freely roam across vast steppes had to be revised in order to accommodate the new circumstances by which lands were no longer freely available. In particular, the realisation

that fertile grazing lands for their herds were becoming sparse in the northern steppes was alarming. Initial attempts at solving the territorial problem The Russian presence on Kazakh lands shattered the traditional relationship of Kazakhs toward their lands. Land had primarily been their habitat, upon which they built their ecosystems and from which their identity had been derived. The notion of territory as private property was foreign to them and the symbiotic relationship that they had toward land had to be revised according to the Kazakh intellectuals. The Kazakh intellectuals form the first level of analysis that was mentioned in the first part of the paper. They were in position to propagate social change, as they were capable of speaking the administrators' language. Randall Collins' (2000) work *The Sociology of Philosophies* argues that through connection to intellectual networks, members acquire cultural capital, i.e., the means by which they can participate in intellectual network rituals. This, in turn, creates emotional energy within the participants, if they participate in an effective manner, which enables them to contribute increasingly more. The Kazakh intellectuals had the cultural capital to negotiate and participate not only in intellectual networks, but also in political and other social networks, which at the time were dominated by the leading and most powerful group; the Russians.

By the early 20th century, some nationalist movements within empires had been forming, either in the name of a dominant nation within the empire, or by colonised peoples. The members of the first-generation secular Kazakh intellectual groups (1830-1880) were involved in Russian intellectual circles and were in contact with notable names, for example Dostoyevsky. Within these circles, ideas from the French Revolution and the Enlightenment period were discussed. The second-generation intellectuals were also involved in the political movements at the time that were in favour of democratising the Imperial system. Alikhan Bokeikhanov, the leader of the Alash movement, became a member of the Central Committee of the Constitutional Democratic (Cadets) Party. He believed that the Russian liberals' oppositional programme would aid Kazakhs in achieving their own political demands. In collaboration with the Cadets and the Muslim Faction of the Russian Empire, Kazakhs were in a position to receive political representation in the First (1906) and Second (1907) Russian Dumas. However, this political power, which had been granted to the Kazakhs as a result of the 1905 October Revolution, lasted only for a short period. Nonetheless, the Kazakhs' urgency for more control in the resettlement programme can be seen by one of the Kazakh deputies of the First State Duma, Bakhytzhан Qarataev:

“We, [the Kazakhs], feel and understand very well the need for land of our Russian brothers – the peasants. But free lands are in a very small number, and the resettlement of the Russian peasants is being accompanied at the moment by the eviction of the [Kazakhs]. [The Kazakhs] are being evicted not only from their lands, but also from their houses.” (Qarataev, 1989, cited in Kendirbay, 1997: 497). The coup d'état of June 3, 1907, relegated the Kazakhs back to their status as inorodtsy, resident aliens, who no longer enjoyed equal rights within the Empire (Rottier, 2006: 7). They were barred from entering the Third and Fourth State Dumas, yet a Kazakh representative, Alikhan Bokeikhanov remained in St. Petersburg and was financed by Kazakhs, to report on the government's policies. He argued that no deputies in the State Duma, including those of the Muslim Faction, were familiar with the Kazakhs' way of life, in order to represent them in a competent manner (Kendirbai, 1997: 497). During budget discussions in 1910, the deputy Dzubinsky had accused the government of being violent toward the Kazakhs. The response he received was as follows, according to Bokeikhanov's report of the Duma session in the newspaper, Qazaq from 1913:

“You're causing a commotion, constantly repeating ‘Kazakhs, Kazakhs,’ just because we moved five or six Kazakhs from their winter camp territories and gave them to muzhiks. Is this the Duma of the Kazakh?” (Bokeikhanov, 1913). Bokeikhanov then states that the Duma left the Kazakhs without any means and no one spoke of Kazakhs in the parliament after this incident (ibid.). It comes to show that the means of protecting the territory was unsuccessful through political channels and that it was impossible for Kazakhs to persuade the government to act in favour of their interests. The Kazakh intellectuals became aware that they had reached a political cul-de-sac and that the Russian administration was not willing to listen to them. At this point, they

came to realise that they were, in effect, second-class members of the Russian Empire. This marks the most important turning point in their struggles, for it is at this point that they had to assert their political claims by means of redefining themselves as on par with the Russians. In order to do so, these intellectuals, set out to prove that Kazakhs were equal to Russians. This could be done most importantly, by modernising the Kazakhs as a people; in their opinion, this meant sedentarisation, education and territorialisation. Moreover, they would prove that the Kazakhs were a modern nation worthy of territorial and political autonomy. Modernising Kazakhness: Sedentarisation The social behaviour of the Kazakh intellectuals changed dramatically as they were excluded from political participation. The second level analysis of the behaviour of Kazakh intellectuals shows how the political dead end had prepared them to make fundamental changes to their modes of life. The movement brought forward by secular Kazakh intellectuals was led by Alikhan Bokeikhanov, who would also become the chairman of the first Kazakh political party established in 1917, Alash Orda. The political movement was named after the mythical founding father of all three Kazakh zhuz, Alash, and aimed at including all Kazakhs. The members of the Alash movement also published a weekly journal, *Qazaq*, in 1913 and continued to do so until 1918 in Orenburg. It quickly became the mouthpiece of the Alash movement's ideologies and policies. It was funded by its readers and reached a circulation of 8,000, making it the most read Kazakh journal of its time (Kendirbai, 1997: 495). It was, however, also closely monitored by the Russian gendarmerie (ibid.). This led to imprisonment of the first editor of the journal, Akhmet Baitursinov, on several occasions. This journal, together with its more Islam-oriented equivalent *AiQap* (1911-1916), which was published in the city of Troisk, were both closely followed by the general population. They provided political news from St. Petersburg, as well as publishing reader's letters, which provided news from different parts of the steppe. The journals also encouraged political debates between Kazakhs, including the sedentarisation debate outlined below. When Kazakhs were ousted from political participation in 1907, Bokeikhanov explained the reason as follows in an article he published in 1913 in *Qazaq*: "As a result of the law [of 3 June, 1907], the Kazakhs have no deputies. It says that the Kazakh people are ignorant and political representation is of no use to them." (Bokeikhanov, 1913). It was in the interest of the Alash members to dispel this perception of the Kazakhs if they were to receive any form of autonomy and political power. Mukhamedzhan Seralin, a contributor to the *AiQap* journal, was convinced that a quick and early transition to sedentarisation would entail education for the Kazakhs. This would then lead to them joining European culture (Kendirbai, 1999: 8). The Alash members on the other hand, propagated a more gradual and informed transition toward sedentarisation, taking into account the climate and the land's conditions that may or may not allow for agricultural economy. In the series of articles in *Qazaq*, under the title *Changing the Economic System* (1915), the author explained the reasons for the nomadic traditions. He defended Kazakh nomadism by arguing that it was due to the arid lands that made it difficult for crops to grow and that a nomadic economy was best adapted for the climate of the Kazakh steppes (Kendirbai, 1999: 9). This was his defence against the cultural stereotyping voiced by Russian administrators who claimed that Kazakhs were nomads, because it was an easier way of life for Kazakhs, as they were inherently lazy. The author further disagreed with Seralin, arguing that sedentarisation was not necessary to civilise Kazakhs. The Alash members in this sense were thinking strategically; by sedentarising Kazakhs, they would be able to establish territorial boundaries. It was critical that they received technical, i.e., agricultural, knowledge, according to the author of the article *Do not mix religious and land problems*, published in *Qazaq* in 1914 (ibid.). Although there was disagreement as to what was necessary to become civilised or closer to European culture, there was a general agreement that sedentarisation was necessary for Kazakhs in order to become a nation. The Kazakh intelligentsia's understanding of nation was similar to that of the Russian intelligentsia: it was teleological. Nomadism was a stage for Kazakhs to pass through in order to reach nationhood. Thus, they argued that sedentarisation would not take them away from their original culture, but move them toward nationhood, or "Kazakhness" (*qazaqtyq*), creating a greater solidarity between each other. Rottier sums this up as follows: "They argued that Kazakhness was not an attribute of the nomadic way of life, but rather, that their identity resonated from the *ata meken*, the Fatherland.

Territory, not tradition, became the cornerstone of the Kazak intelligentsia's argument for sedentarization." (Rottier, 2003: 75). In other words, there was a significant shift in the understanding of Kazakhness from a way of living to one tied to a specifically designated and bordered territory. The idea that territory that was tied to nationhood enabled the intellectuals to convince Kazakhs that they were not forsaking their traditions, but rather, that they were moving toward Kazakhness united within a nation and a bordered territory. This shift in attitude, away from transhumance and land as habitat and toward territory as part of Kazakhness established the cornerstone of Kazakh nationhood. This understanding remained part of the national Kazakh narrative over the decades and forms part of independent Kazakhstan's national narrative today.

Bordering the Alash Orda

As the Russian Empire entered the First World War and the representatives of the Muslims in the Third and Fourth State Dumas did not bring forth any economic or social amelioration to the situation of Kazakh nomads, Alikhan Bokeikhanov and a group of Kazakh intellectuals pushed forward in order to gain control over the lands and obtain political autonomy. Although sedentarisation was seen as a long-term goal and a transition that would take time for most Kazakhs, in the face of the immediate concerns at hand, the Alash leaders decided to act fast in order to improve the Kazakhs' situation and to be heard by the Russian government. For this reason, the February Revolution of 1917 came as a relief to the intellectuals, who believed that through the end of Tsarism, they would finally be freed from the colonial yoke and would be granted rights as a separate nation.

Bokeikhanov sent telegrams to 25 centres in the Kazakh Steppes and called for support of the revolution and the Provisional Government, formed by the State Duma, which had replaced the Tsar's government. Moreover, the Kazakhs were called upon to prepare themselves for the elections of a new parliamentary organ, the Constituent Assembly. Bokeikhanov and 15 members of the Kazak newspaper signed the telegram. They were convinced that the Provisional Government would bring them liberty, equality, fraternity and give them autonomy rights (Gürbüz, 2007: 20).

Establishment of Political Party and the Alash Orda Autonomous Government

Although Bokeikhanov wished for Kazakhs to become a full-fledged independent nationstate, he believed that there was an insufficient number of educated Kazakhs experienced in politics and statecraft, which prevented the creation of a viable independent state. Instead, they would create cultural-territorial republics, which would function within a federal Russian state. For this reason, they decided to create cultural-territorial republics within a federal Russian republic (Sabol, 2003: 140). Thus far, the Alash leaders had allied with the Kadets, as they believed their political goals for a democratic Russian republic were in line. However, by the end of June 1917, it became clear to them that the Kadets were not addressing the land question as they wished. The Kadets were in favour of transferring land into private ownership, which was a problem especially for Bokeikhanov, as he states: "In our situation, transferring the land into private hands will result, as was the case in Bashkiria, plots that will pass into the hands of Russian peasants [mushikter] and Kazaks will become poorer." (Bokeikhanov, 1917 as cited in Sabol, 2003: 140). More importantly, they had turned out to be against national autonomy. Bokeikhanov argues: "We, having raised the banner of Alash, aim to create national autonomy." Lastly, they were opposed to the separation of church and state, which Bokeikhanov strongly supported (ibid.). As a result, in late July 1917, the First All-Kazakh Congress was held and Alash Orda established as a national political party. From the summer of 1917 until the autumn of the same year, the Alash Ordists transformed the party from a loose association into an active political organisation, making sure that the Kazakhs had delegates in the Constituent Assembly. The party claimed to have more than 5,000 members at the time. (Sabol, 2003: 141). The Alash Party Programme was published on 21 November 1917. It proposed the establishment of native courts and the creation of native military units, which would be independent of central control. Another proposal they put forward was a graduated tax system and labour laws in accordance with the program of 'social-democrat Mensheviks'. The programme included further proposals with regards to education in the native language and most importantly, the end of colonial practices in the Kazakh steppe and the return of lands that had been illegally

seized (Sabol, 2003: 143). This was the first step in creating the structures of nationhood for the Kazakhs. The participants of the congress at first rejected the offer put forward by members of the Siberian movement to ally with them and make Alash Orda a part of Siberian autonomy. However, the Alash Ordists accepted to join the Siberian movement by October 1917, seeing as the Red Guards took over the Provisional Government's headquarters in the Winter Palace. Despite the alarm Bolshevik seizure of power caused the Alash members, they proclaimed independence from Bolshevik rule at the Second All-Kazakh Congress in December 1917 (Sabol, 2003: 141-2). The Kazakh autonomous government replaced the colonial administrations of the Orenburg and Astrakhan provinces. The new administration divided the former provinces into western and eastern zones, corresponding to the lands of the Little and Middle Hordes (Esenova, 2002: 18-19), i.e., Ural'sk, Altai, Akmolinsk, and Semipalatinsk (Kendirbai, 1997: 506). By claiming the Syr Darya and Jetysu (Semirech'e) regions of Turkestan (the lands of the Large Horde), the Alash Orda had demarcated the borders of the Kazakhs, etching it into the nation's imagination. It is noteworthy that this territory approximates the territory of present-day Kazakhstan as well. The first structures of the Alash government were formed during the second Congress in December 1917, when the executive bodies were elected. Fifteen Kazakh members were elected to the Provisional Council; the provisional government of the Alash Orda, with Alikhan Bokeikhanov elected as the chairman of the Peoples' Council. Ten further seats of the Provisional Council were designated for representatives of the non-Kazakh peoples (Kendirbay, 1997: 506). However, the contestation for power between the Mensheviks and the Bolsheviks, combined with the effects of the Civil War, undermined the Alash Orda's political power. Another factor that contributed to the weakening power of the Alash government was the takeover of Orenburg (Ural'sk and Torghai) by the Red Army on 18 January 1918, which led to the geographical and territorial division of the government (Gürbüz, 2007: 272).

The Alash Ordists refused to join the Bolshevik efforts and they stated that their programme was not applicable for the Kazakh cause. In a 1917 article, Dulatov wrote that the Bolsheviks ideas of equality and abolition of class differences were all good, but that to achieve this, they would need centuries. Moreover, the sudden seizure of power by the Bolsheviks had caused chaos in neighbouring regions and their actions seemed unpredictable, rendering it difficult to foresee what cooperation would entail for the Alash Orda (Sabol, 2003: 144). The years from 1918 to 1920 were marked by negotiations with the Bolsheviks and fears of prosecution for the Alash leaders. Although the Alash leaders had declared autonomy, the Bolsheviks were reluctant to recognise Alash Orda's autonomy and entrenched them in tit-for-tat negotiations. Promises were made on both sides in order to give and receive autonomy within a federated Russia, however, this proved to be unrealistic over the course of the negotiations with the Bolsheviks. As a result, the Alash leaders had moved from negotiations to full opposition against Soviet authority by May 1918. Sabol summarises Alash' reaction toward Soviet rule as follows: "On 24 June 1918, Alash Orda ruled all Soviet decrees null and void, reiterating its demands that the proclamations of the Provisional Government are valid, particularly those that recognized freedom of conscience, speech, press, and assembly." (Sabol, 2003: 146). On 10 July 1918, the Provisional Siberian Government recognised the autonomy of Alash Orda within a new federated system. The head of government, A.V. Kolchak (1874-1920), had reached agreeable terms with the Alash Ordists and the Bashkir National Committee, which was led by Zeki Velidi Togan (1890-1970), based in Ufa. The Alash Ordists called upon each volost within the Alash Orda to supply thirty men to serve in its militia. Together with the Bashkir leaders, they both formed military units that were officially subordinate to their own national authorities, but they were planned to constitute parts of the planned Siberian Army (Smele, 1996: 296-297). However, this arrangement did not last long, as the relations between the Alash Ordists and Kolchak's government fell apart when he announced that the Soviet government's 'Declaration on the Rights of the Peoples of Russia' would be abolished. This, in turn, meant that national units within the Siberian Army would cease to be tolerated. Moreover, "units already formed were to be merged with existing Russian formation" (Sabol, 2003: 148-149). According to Jonathan Smele, cooperation between the Siberian government and the Alash

government stopped completely when Kolchak ordered native governments to stop mobilising “in view of the insufficiency of financial means” to maintain their conscripts (Smele, 1996: 297). Kolchak abolished the Alash Orda and Bashkort governments on 21 November 1918. As the Red Army seized the Kazakh centres of Orenburg and Ural'sk in January 1919, the Alash leaders had to rethink their strategy in dealing with the Bolsheviks since their cooperation with the Siberian government had been severed. By February 1919, some of the troops moved to the Bolshevik side. Alash Orda members considered joining them too, as they saw no other political alternative. All members of the Alash Orda were promised political amnesty in November 1919. In an attempt to consolidate their superiority against the Whites, the Bolshevik Russian Communist Party decided during their 8th congress in March 1919 to end the war by recognising the national autonomies of the existing Tatar, Bashkort and Kazakh governments (Gürbüz, 2007: 63). By 10 July 1919, Lenin had signed a decree on the “Provisional Regulations about the Revolutionary Committee on Governing the Kyrgyz [Kazakh] Krai”, which included pro-Bolshevik as well as members of the Alash Orda movement (ibid.: 64). By January 1920, all remaining members of the Alash Orda had joined the Bolsheviks. Under Bolshevik leadership, the Kyrgyz [Kazakh] Autonomous Soviet Socialist Oblast had been established, marking the end of the Alash Orda Autonomous Government (ibid.: 274).

Conclusion

Although the Alash Orda failed in maintaining the borders of its own autonomous government, it laid the foundations the Kazakh nation's ties with its territory for the first time. The structures that were institutionalised only lasted for several months and were not recognised by the Bolshevik regime. However, they created a Kazakh border that would comprise the first layer of the Kazakh territorial imagination in the following years. The notion of Kazakh territoriality that was propagated and partly institutionalised by the Alash Orda was continued as the Soviet Nationalities Policy advanced its programmes for the Kazakhs. Moreover, the demarcation of the Kazakh SSR in the 1930s comprised many of the territories that the Alash Orda had claimed for itself. Consequently, it can be seen that borders with limited juridical and military powers can nevertheless have important symbolic power within the modern geopolitical imagination. The borders the Alash Orda attempted to establish was a desperate reaction toward a political cul-de-sac and were intended to become a barrier against Russian settlement in Kazakh lands. However, the institutionalisation of the borders was preceded by a social shift in the understanding and perception of land versus territory. Moreover, ideas of nationhood were actively propagated among the population. Nationhood itself was understood to be modern and bound to a territory, making territorial claims inevitable and necessary for Kazakhs to function as a society and improve themselves vis-à-vis Russian settlers and imperial rule on the Kazakh steppe. A three-level analysis of nationalisms and especially of the structures they create, gives the borderlands scholar, as well as the nationalism scholar, a bird's eye view on the developments on the ground and within a nation. This view invites an understanding of the common beliefs and practices of social actors and peoples, as well as providing insights into the foundations of contemporary borders. This, in turn, enables us to understand how societies relate to their territories and why they may feel a border is necessary or contingent on their societies' needs.

Bibliography

- Agnew, J.A., 2003. *Geopolitics: Re-visioning World Politics*, 2nd ed. Psychology Press, Cornwall.
- Anderson, M., 1996. *Frontiers: Territory and State Formation in the Modern World*. Wiley, Malden, MA.
- Armstrong, J.A., 1982. *Nations before nationalism*. University of North Carolina, Chapel Hill, Carolina.
- Bokeikhanov, A., 1913. *Ushinshi Duma haem qazaq [The Third Duma and the Kazakhs]*. Qazaq.

- Brubaker, R., 1994. Nationhood and the National Question in the Soviet Union and PostSoviet Eurasia: An Institutionalist Account. *Theory and Society* 23, 47–78.
- Collins, R., 2000. *The Sociology of Philosophies: A Global Theory of Intellectual Change*. Harvard University Press, Cambridge, MA.
- Dave, B., 2007. *Kazakhstan - Ethnicity, Language and Power*. Routledge, New York, NY.
- Esenova, S., 2002. Soviet Nationality, Identity, and Ethnicity in Central Asia: Historic Narratives and Kazakh Ethnic Identity. *Journal Of Muslim Minority Affairs*, 22, 1, 11-28.
- Gellner, E., 1983. *Nations and Nationalism*. Cornell University Press, Ithaca, NY.
- Gürbüz, Y.E., 2007. *Caught between nationalism and socialism: The Kazakh Alash Orda Movement in continuity* (Ph.D. Dissertation). Middle East Technical University, Ankara.
- Kendirbai, G., 2008. Challenging Colonial Power: Kazakh Cadres and Native Strategies. *Inner Asia* 10, 65–85.
- Kendirbai, G., 1999. “We are the children of Alash...” The Kazakh intelligentsia at the beginning of the 20th century in search of national identity and prospects of the cultural survival of the Kazakh people. *Central Asian Survey* 18, 5–36.
- Kendirbay, G., 1997. The national liberation movement of the Kazakh intelligentsia at the beginning of the 20th century. *Central Asian Survey* 16, 487–515.
- Kesici, Ö., 2011. The Dilemma in the Nation-Building Process: The Kazakh or Kazakhstani Nation? *Journal on Ethnopolitics and Minority Issues in Europe* 10, 31–58.
- Özkirimli, U., 2010. *Theories of Nationalism: A Critical Introduction*, 2nd ed. Palgrave Macmillan, Basingstoke, Hampshire England ; New York.
- Rottier, P., 2006. *Kazakh Intellectuals’ perceptions of Russians in Late Imperial Russia*. Presented at the 6th Annual International Young Researchers Conference: Orienting the Russian Empire, Miami University, The Havighurst Center, Miami, OH.
- Rottier, P., 2005. *Creating the Kazakh nation: the intelligentsia’s quest for acceptance in the Russian empire, 1905-1920* (Ph.D. Dissertation). University of Wisconsin-Madison, Madison, WI.
- Rottier, P., 2003. The Kazakhness of sedentarization: Promoting progress as tradition in response to the land problem. *Central Asian Survey* 22, 67–81.
- Sabol, S., 2003. *Russian Colonization of Central Asia and the Genesis of Kazakh National Consciousness*. Palgrave Macmillan, Houndmills, Basingstoke, Hampshire ; New York.
- Sabol, Steven, 1998. “Awake Kazakh!”: *Russian Colonization of Central Asia and the Genesis of Kazakh National Consciousness, 1868-1920* (Ph.D. Dissertation). Georgia State University, Atlanta, GA.
- Smele, J.D., 1996. *Civil War in Siberia: The Anti-Bolshevik Government of Admiral Kolchak, 1918-1920*. Cambridge University Press, Cambridge.
- Smith, A.D., 1987. *The Ethnic Origins of Nations*. Wiley-Blackwell, Oxford.

**АЗАТТЫҚТЫ АҢСАҒАН
АЛАШ АЗАМАТЫ – ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ**

Джумалиева Л. Т.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Қазақстан тарихы кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., тарих ғылымдарының кандидаты, Астана қаласы

XX ғасырдың басында қазақтың ұлттық идеясы заман талабына сай сапалық тұрғыдан жедел жетілді. Оны жетілдіруші қозғаушысы Алаш партиясын шынайы қажеттіліктен құрған алаш қайраткері тарихи мүмкіндікті мүлт жіберіп алмау жолында жан аянбай еңбек етті. Бұл ел тарихындағы елеулі кезең турасында тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаев: «XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстанның қоғамдық – саяси өміріндегі Алаш партиясының алатын орны мен қызметін зерттеу Отандық тарихымыздың ең өзекті мәселелерінің бірі. Өйткені кезінде «Алаш» партиясының жетекшілері ұсынған қағидалары күні бүгінге дейін өз маңызын сақтап отыр» - деп, әділ бағасын берді.

Өйткені Алаш халқымызды бесігінде тербетіп, есейіп ат жалын тартып, мінгенде бойында күш-қуат және сенім берген ұлттық идея, ұлттың өзіндік бөлінбес тұтас жері, мемлекет ретінде сезінуі болды. Біз үшін қазіргі кезде ең өзекті мәселе – қазақтың көзқарасын, қазақтың дүниетанымын сақтау. Ал бұл мәселе қазақтың алғашқы саяси тобы Алаш өкілдерінің де басты мәселесі болды. Соның ішінде, XX ғасырдың бас кезінде алаш қауымы арасынан ат төбеліндей азаматтар суырылып шығып, болашағы бұлдыр көшпелі қазаққа бағдаршам болды.

Қазақ халқының өз мемлекеттігін құру жолындағы қозғалысын ұлттық интеллигенция басқарды. Ол топтың басында көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт-азаттық және Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің тұңғыш төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы - Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов тұрған еді.

Әлихан Нұрмұхамедұлы 1866 жылы 5 наурызда Семей облысының Қарқаралы уезіне қарасты Тоқырауын болысының жетінші ауылында дүниеге келген. Ата тегі Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тарайтын төре тұқымы. Әлихан Нұрмұхамедұлы алдымен мұсылманша хат таниды. Содан Қарқаралыдағы орыс – қазақ бастауыш мектебінде оқып, мұнан соң кәсіптік училищесінде білім алады. Одан әрі білімін Омбыдағы техникалық училищеде жалғастырады. Келесі кезекте Санкт - Петербордағы Орман институтының экономика факультетінде оқып, орман экономисі мамандығын алып шығады. Кейін қайтадан Омбыға оралып, өмірінің он төрт жылын өткізеді.

Әлихан Бөкейханның саяси көзқарасының пісіп жетілуіне, кейін белгілі саяси, қоғам, мемлекет қайраткері әрі қазақ ұлт азаттық қозғалысының ұйымдастырушысы және көсемі ретінде танылуына, саяси күрескер ретінде шыңдалуына Омбыдағы күндері ерекше ықпал етеді. 1896 жылдан Әлихан Бөкейхан ғылыми жұмысқа біржола көшеді. Сол жылы Сібір ғалымдарының кепілдемесімен Императорлық орыс географиялық қоғамы Батыс-Сібір бөлімшесінің толық мүшесі болып сайланады.

1896 жылдан 1901 жылға дейінгі уақытта Тобыл губерниясын экономикалық жағынан зерттеу жөніндегі Щербинаның экспедициясы құрамында қызмет етеді. Ол қазақтың жер қауымдастығының тарихын зерттеп, үлкен ғылыми мәні зор жаңалықтар ашады. Сол кезеңде үлкен сипат алып отырған жерді пайдалану мәселесін Әлихан Бөкейхан тарихи деректер негізінде тың әрі көңілге қонымды қорытындылар жасайды [1,316].

Осы Щербина экспедициясы құрамындағы зерттеу жұмыстары нәтижесінде Әлихан Бөкейханның шежіре мен ұлттық тарихы тақырыбына ізденіс етуіне оң әсер етті. Әлихан қазақ жерлері әрбір рудың өз мекені – қыстау-жайлауы, өзен-суы, құдықтары, яғни ол жерлер арғыдан қоныс қылған қазақтың ата жұрты екенін анық көрсетіп, картаға белгілеп, ру басыларының есімімен қатар, олардың жеке шаруашылығының жағдайын сипаттап көрсету арқылы, қазақта иесіз жер жоқ, әрбір жер-судың тұрақты иесі бар екенін көрсетіп берді.

Әлихан Бөкейхан Щербина экспедициясының ғылыми мәнін аса тереңдете түсті. Ол қазақтың тұрмыс-тіршілігін, тарихи мәліметтерін, өлкелердің табиғат ерекшеліктерін, жер бедерін, ауа-райын, халықтың шаруашылық жүйесін толық сипаттап беруге бағыт берді. Соның ішінде, экспедиция мүмкіндіктерін пайдалана отыра, қазақ шежірелерін жинастыру, қазақ руларының ата - тек кестелерін құрастыру, оның атақты тарихи тұлғалары туралы мәліметтерді экспедицияның ғылыми есептеріне енгізе отыруды қамтамасыз етті.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Айгүл Ісімақованың «Бөкейханов ел басқаруды ғылымды дамытудан бастады» атты мақаласында Батыс Қазақстанда, оның ішінде Каспийде қандай құнарлы жерлер бар екенін, мұнай қай кезде шығатынын да Ә. Бөкейханов жазады – деп атап көрсетеді. Қазақ жерін зерттеуге үлес қосқан бұл экспедициялардың сараптамасында Ә. Бөкейхановтың ғылыми дәрежесі өте жоғары бағаланған [2,9 б].

Ал, белгілі ғалым, әрі жақын туысы Сырым Бөкейхановтың «Өткен күнде белгі бар» атты кітабында былай деп көрсетілген – «Қазақстан экспедициясының экономикалық отрядының құрамында Ә.Бөкейханов Қазақстанның ең зерттелген бөлігі – Адай елінің статистикалық – экономикалық және тұрмыстық жағдайы туралы зерттеулер жүргізді – дейді. Біз бұдан Ә. Бөкейхановтың барлық ғылыми еңбектері автордың зерттеу тақырыбын терең білетіндігімен және мұқияттылығын білуге болады.

Әлихан Нұрмұхамедұлының саяси көзқарасына бірінші орыс революциясының әсері де айрықша болды. Патша өкіметінің қазақ даласын отарлау саясатына қарсы күш біріктіруге ұмтылды. Мәскеуде өткен земство және қала қайраткерлерінің съезіне қатысты. Қатысып қана қоймады, жиында сөз сөйледі. Көтерген мәселесі – ұлтының тілі, дін, сайлау және басқалар еді.

Семей облысы қазақтарының атынан 1- Мемлекеттік Думаға депутат болып сайланды. Алайда Дума жұмысына қатысуға мүмкіндік болмады. Дала губернаторының бұйрығымен үш ай Павлодар түрмесіне қамалды. Одан шығып, Санкт - Петерборға жеткенде патшаның жарлығымен Дума таратылған болатын. Бұған наразы болған депутаттар Финляндияның Выборг қаласында бас қосты. Олар үндеу қабылдады. Оған Әлихан Бөкейхан да қол қойған болатын. Осы үшін үш ай Семей абақтысында отырды. Абақтыдан шыққан соң, Омбыда, Санкт - Петерборда жарық көрген кадеттік, меньшевиктік басылымдарда редакторлық қызмет атқарды.

1916 жылғы маусым жарлығы кезінде майданның қара жұмысына алынған қазақтарға, қырғыздарға, өзбектерге және басқаларға көмек көрсету мақсатында Минскідегі земство және қала одақтары жанынан ашылған бұратаналар бөлімінің бастығы болды. Уақытша үкімет кезінде Торғай облысының комиссары және Түркістан комитетінің мүшесі қызметтерін атқарды. Әлихан Бөкейханның көздегені отарлық езгіден көз аша алмай отырған қазағына қол ұшын беріп, халықтың ертеңін ойлап, ұлт мемлекетін қалыптасыру еді. Уақытша үкіметтің де, кадет партиясының да бұл ойды іске асыруға мүдделі еместігін сезінді. Қазақ халқының аса бір маңызды тарихи кезеңінде саяси сахнаға шыққан Әлихан Бөкейхан ұлтының санасын оятуға айрықша әсер етті, оның әлеуметтік-саяси өміріндегі бұрын-соңды болмаған ерекше жаңалықтардың, тағдырлы оқиғалардың басы-қасында болды, оны ұйымдастырды және соған жетекшілік жасады [3,516].

Әлихан Бөкейхан – қазақтың жаңа тұрпатты ұлт-азаттық қозғалысының көсемі. Ол ұлттық мүдделерді көздейтін өз алдына партия құруды мақсат етті. Ол 1917 жылғы Бірінші бүкілқазақтық съезде сөйлеген сөзінде Алаш қозғалысының ұйымдық күшін арттыра түсу мақсатында оны бір орталықтан басқару үшін қазақтың саяси «Алаш» партиясын құру туралы айтқан еді. Ондай партия осы съезде құрылған еді.

Қазақтың арғы бергі төл тарихында терең із қалдырған «Алаш партиясының саяси сахнаға шығуы,

- біріншіден, патшалық Ресейдің Қазақстанды отарлау саясатының терең дағдарысын көрсетті.

- Екіншіден, Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш зиялыларының саяси-құқықтық және рухани мүмкіндіктерін байқатты.

- Үшіншіден, қазақ қоғамын жаңа саяси-экономикалық және әлеуметтік негізде қайта құруды күн тәртібіне қойды. Мұны «Алаш» партиясының бағдарламасы айқын танытады.

Партия бағдарламасы қазақ елінің өзін-өзі басқаратын мемлекеттік жүйесін құру, ішкі Ресейден қоныс аудаушыларды тоқтату, әлемдік озық тәжірибеге сүйену арқасында өмірдің жаңа сұраныстарына жауап беретіндей қазақ қоғамын демократиялық мұраттар бағытында өзгерту, ұлттық білім және мәдениеттің дамуына кең жол ашу сияқты сол кездегі қазақ қоғамы үшін ерекше өткір мәселелерді көтерген еді. Әлихан Бөкейхан бастаған қазақ зиялылары түптеп келгенде, отарлық езгі мен феодалдық мешеулік жағдайында аяқасты болған ұлттық мүддені қорғап, Қазақ елін Еуропаның өркениетті елдері қатарына алып шығатын дұрыс та төте жол - ұлттық мемлекет орнатуды мақсат етті. Бірақ ұлттық мемлекеттілікті қалыптастыру идеясын ғасырлар бойы көшпелі қазақ қоғамының ата дәстүр-салтымен, әдеттік құқық рәсімдері және сан ғасырлық қазақ өмірінде айрықша рөл атқарған билердің ісімен байланыста қарады.

1917 жылғы 24 маусымда «Қазақ» газетінде басылған «тағы жалпы қазақ сиезі» атты редакциялық мақалада қазақтың егеменді мемлекетін құру мәселесі арнайы сөз болады. Өзін-өзі билейтін тәуелсіз мемлекеттілікті қалпына келтіру идеясы 1917 жылдың 5-13 желтоқсанында Орынборда өткен екінші бүкіл қазақтардың съезінде жүзеге асты. Съезд Алаш облыстарын сол кездегі бүліншіліктен қорғау мақсатында 25 кісіден тұратын Уақытша ұлт кеңесі құрылды, оның төрағасы Әлихан Бөкейхан болды. Сонымен қатар, Алаштың көрнекті жетекшілерінің қайраткерлік іс-әрекеттері қоғамдық өмірдің әр саласында, Әлихан Бөкейханның саясаткерлігі, саясат жүргізудегі «батысшылдығы» ерекше көзге түсті [4,1426].

Әлихан Бөкейханов төңкеріс болған бетте өзінің «Сарыарқа» газетіндегі мақаласында билікті қарулы күшпен алғаны мен Уақытша үкімет мүшелерін тұтқынға алғаны үшін большевиктерді қатал сынға алады. Ол жаңа «үкімет билікке найза мен айбалтаның күшімен келді» деп бекіте айтады [5,446].

Әлихан Бөкейхановтың «Қазақ» газеті бетінде жарияланған ғылыми негізі терең, дәлелі тиянақты публицистикалық мақалаларында қазақ оқырмандарына патшалық Ресейдің отаршыл аппаратының зорлығын, жасап жатқан айласын жан-жақты сынап, әшкерлеп, сол арқылы халықтың көзін ашып, әлеуметтік шындыққа жетеледі. Қай заманда болса да қоғамның демократиялық барометрлерінің бірі сайлау жүйесі болып табылады. Өз елінің осы бағыттағы дамуын мұрат еткен Әлихан Бөкейхан өзінің «Сайлау», «Сайлау құқы», «Комитет сайлау» және «Қазақ депутаттары» атты мақалаларында қазақ даласындағы сайлаудың берекесіздігін отарлық саясаттан көрді. Әлихан Бөкейхан – қазақ қоғамының алдында тұрған сан алуан міндеттерді шешу халықтың бірлігі негізінде ғана мүмкін екенін терең түсінген қайраткер.

Халықтың рухани байлығының бірі – көркем әдебиетке, Ә.Бөкейханов көп көңіл бөлген халқымыздың сарқылмас қазынасы – ауыз әдебиеті мұраларын жинап, оларды жіктеп, өңдеп бастырған. «Қазақтың ұлт болып өркениетті ел қатарлы өмір сүру үшін,- дейді ол, ең алдымен, халықтың сана – сезімін оятатын жағдай туғызу керек, қазақтың ұлттық тілін, әдебиетін өрістету керек өз әдебиетін қалыптастыруда табысқа ғана жеткен халық қана азат өмір сүре алады», - деп білген Әлихан Бөкейхан ұлттық әдебиетімізді өркендетуге жан-тәнімен еңбек етеді.

Белгілі ғалым, әлихантанушы Сұлтанхан Аққұлұлы өз сөзінде – «Әлихан 1906 жылдың шілдесінен желтоқсанына дейін газетті шығарып тұрып, Дала генерал – губернаторының бұйрығымен жабылып, тәркіленген «Иртыш» және «Омичь» газеттері 105 жыл бойына беймәлім болып жатты. Оларды Санкт – Петербордан, Мәскеуден, Омбыдан 18 жыл іздеп жүріп, 2010 жылы Үркіт (Иркутск) мемлекеттік университетінің ғылыми кітапханасы мен Омбының мемлекеттік тарихи - өлкетану мұражайынан таптым – деп жазады. Ұлттық намыстан жұрдай, жалған интернационалист, жадағай белсенділердің көрсетуімен ол 1926 жылы екі рет тұтқындалып, түрме азабын тартты. Ол Мәскеуге жер аударылады, зор беделінен қорыққан большевиктер өкіметі оны Қазақстанға жолатпады.

Онда он жыл үй қамауында отырған Әлиханды 1937 жылы тамызында тұтқындап, бір айдан кейін жалған жаламен Мәскеуде ату жазасына кеседі.

1989 жылы 14 мамырда КСРО Жоғарғы сотының қаулысы бойынша әрекетінде қылмыс құрамы жоқ болғандықтан, ақталды. Ол өзінің ғылыми мұрасымен қазақ ұлтына қызмет етудің, қазақты жүрегімен сүюдің үлгісін көрсетіп кеткен асыл ер [4,143б]. Ақын М. Дулатов айтып кеткендей, Әлихан Бөкейханов – заманымызға қазақ үшін өмірін, білімін жұмсап, ауыр жазаларға кіріптар болып, жанын қиып жүрген күллі қазақ халқына бірінші дерлік жан басшымыз - деген екен. Әлихан Нұрмұхамедұлы бүгінгі қазақ қоғамына несімен қадірлі?. Ол «Қазақ үшін Алаш идеясынан, оның бес ұлы нысанынан артық мүдде болуы тиіс емес. Ол идея бүгін де өзінің мүдделі мақсатын жойған жоқ. Қайта тәуелсіздіктің тамыры тереңге кеткен сайын, алдымызға сұрақ болып шығып отыр», - дейді белгілі алаштанушы ғалым Тұрсын Жұртбай [6,18 б].

Сонымен қорытындылай келгенде, Әлихан Бөкейхановтың саяси - әлеуметтік ойлары сол кезеңдегі қазақ зиялыларының ой – пікірлерімен толығымен үндесіп жатты. XX ғасырдың басындағы қазақ халқының тарихы өзінің әлеуметтік және қоғамдық – саяси қайшылықтарымен ерекшеленеді. Рухани азаттық пен демократиялық – ағартушылық идеяларға толы бұл кезең халқымыздың не бір алып ой иелерін жарыққа шығарған шын мәніндегі қазақ ренесансы дәуірі болды. Ширек ғасыр аралығында ғана дамыған қоғамдық – саяси ой-пікірлердің жоғары тұжырымдары бірғасырлық мерзімге жүк боларлық көкейтесті мәселелерді заман сахнасына көтерді.

Осы күрделі кезеңде қоғамның ізгілікті даму бағытын армандаған зиялы азаматтар - өз халқын жалпы адамзаттық биік рухани қағидаларға баулып, өз елін өркениет биігінен көргісі келген нағыз ұлтжанды қайраткерлеріміз қоғамдық – саяси ой-пікірлердің өкілдері реформациялық, жаңару мен бостандық идеяларының нағыз жаршылары ретінде танылды.

Әлихан Бөкейханов – халқына адал қызмет еткен, оның өркениетті ел қатарына қосылуына, тәуелсіз ел болуына айрықша еңбек сіңірген ұлы тұлға.

Оның айтқан идеяларының әлі күнге дейін өз маңызын жоймағаны ақиқат. Осы Әлихан Бөкейхановтың қалдырған, рухани мұрасын сақтау болашаққа зор міндет деп ойлаймын. Бір сөзбен айтқанда, тарих беттерінде шындалып, елеулі орынға ие болғанына көзіміз жетіп отыр. Қазақ зиялыларының жарық жұлдыздай жарқ етіп сөнген, бірақ айрықша мағыналы ғұмырындағы ұстанымдары, отансүйгіштігі бүгінгі азаматтарға, өскелең жас ұрпаққа үлгі етуге әбден лайық деп есептеймін. Олардың елдік мұраттарға адал бай мұрасын танып-білу, қайраткерлік қабілетіндегі ұлттық тамыр іспетті қайнар көзді игеріп, бойға сіңіру бүгінгі тәуелсіздік жастарына өте қажет деп ойлаймын.

Әдебиеттер:

- 1.Озғанбай Ө. Ресей Мемлекеттік Думасы және Алаш қайраткерлері. XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының тәуелсіздік контексіндегі қызметі атты республикалық ғылыми практикалық конференция материалдары, Ақтау, 2013, Б.31-34.
2. Ісімақова А. Бөкейханов ел басқаруды ғылымды дамытудан бастады. Аңыз адам. 2016
- 3.Бөкейханов С. Өткен күнде белгі бар. Алматы, 2008, 51 б.
- 4.Бөкейхан Ә. Таңдамалы. 2- кітап. Алматы, 2003, Б. 142-143.
5. Бөкейханов С. Өткен күнде белгі бар. Алматы, 2008, 44 б.
6. Жұртбай Т. Әлихан Бөкейханов // Аңыз адам. 2016, 18 б.

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ СЕМЕЙ ӨНІРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫ ЖӘНЕ БАСПАСӨЗ ІСІ

Мухамеджанова Р. Ж.

*тарих ғылымдарының кандидаты, тарих және география кафедрасы «Alikhan
Bokeikhan University», Семей қаласы*

XX ғасырдың басы Семейдегі алғашқы мәдениет ошақтары, ғылым мен білімнің дамуы, мәдениет мекемелері мен ғылыми қоғамдардың алғашқы зерттеу жұмыстарының орнығып, нығайған кезі болды. Семей облысының мәдени дамуының белгілі бір кезеңнен өтуінің экономикалық саяси және мәдени жолдары түйіскен бұл кез ескімен - жаңаның арасындағы күрес кезеңі.

Алдыңғы қатарлы Европалық өркениетке, орыс мәдениетіне бет бұра бастаған қазақ оқығандары ұлттық - ерекшеліктеріміздің басты белгісі халықтың тарихи-мәдени мұрасын жинап, ғылыми тұрғыдан зерттей бастаған кез еді. Экономика мен мәдениетті жандандыруда ғасырларға теңдес жолдардан өтті, білімге ғылымға қол жеткізіп, әдебиет пен өнер, мәдени ағару жұмыстары да өрістеді.

Осы кезеңде Алаш партиясының тарихында Семей қаласының алатын орны айрықша. 1917-1919 жылдары Алаш қаласында Әлихан Бөкейхановтың басшылығымен «Алаш» партиясының Семей облыстық комитеті, кейінен Алашорда үкіметінің Семей облыстық кеңсесі құрылып

1917 жылдың 15 маусымынан бастап «Сарыарқа» газеті мен 1918 жылдың ақпан айынан «Абай» журналы шыға бастады.

Семей өңіріне озық ойлы прогресшіл, халық үшін аянбай еңбек еткен прогресс атаулының жаңалық нышандарының қауымды елең еткізген оқиғалардың бірқатары осы Семейдегі қазақ зиялыларының бірі Рахметолла Меңғалиұлының есімімен байланысты болып келеді. Оған мысал: «Оян қазақ» өлеңдер жинағының ұлтты алға басуға шақырған идеясы өкімет орындарына жақпай оның автор Міржақып Дулатовтың жауапқа тартылғанын тарихтан білеміз. 1911 жылдың 23 ші желтоқсанында Семейде болған осы сотқа шақырылған екі адамның бірі семинария мұғалімі Нұрғали Құлжанов болса, екіншісі Рахметолла Елкебаев еді. Семей қаласындағы мұсылмандар мектебінің меңгерушісі, «Халық сөзі» газетінің редакторы, қалалық Думаның мүшесі болған Рахметолла Елкебаев – сол кездегі Ертіс өңірінің қоғамдық-саяси өміріне, халық ағарту ісіне мықтап араласқан адам. Тіпті ол басқарған мұсылмандар мектебінің көптеген оқушылары Қазақстанда тұңғыш құрылған «Ярыш» футбол командасында ойнауы, оның қалыптасуына, өмір сүруіне Елкебаевтың ұйымдастыру жағынан да, қаржы жағынан да көп көмек көрсетуі осы мұсылмандар мектебінен дәріс алғандардың бірсыпырасы кейіннен прогресшіл ниеттегі зиялылар қауымына қосылуы да осы ойымызды дәлелдей түседі. Рахметолла Елкебаев өнерге, білімге жаңалық ашуға құштар болған адам.[1]

Кезінде бұл кісі Семейдегі саяси-қоғамдық жұмыстарға белсене араласқан.

Сол сияқты қазақ зиялылары Райымжан мен Шерияздан Мәрсековтардың да зор қызмет атқарған. Райымжан Петербург артиллерия училищесін бітірген. 1917 жылы алашорда Семей облыстық комитетінің құрамында болған. Семей уездік Земствосының мүшесі. Алаш делегаты ретінде Самарқанда өткен бүкіл ресейлік құрылтай жиналысына қатысқан. Семейде Алаш жасағына командирлікке тағайындалған. Райымжан негізінен әскери адам болған. Соған қарамастан ол әдебиеттен де құр қалмаған. Ол ән шығарған. 1914 жылы Семейде ұлы Абайдың дүниеден қайтқанына 10 жыл толуын еске түсіру кешінде Абайдың өмір жолымен творчествосы туралы да орысша баяндама жасаған осы Райымжан Мәрсеков болды.

Ал, Бияхмет Сәрсенов Орынборда өткен қазақ, қырғыз сезынің делегаты. Сол сияқты бүкіл ресейлік құрылтай жиналысына Семей облысынан барған делегаты, Семей облыстық Алаш орда комитетінің белді мүшесі болған[2].

Бүкіл саналы ғұмыры күреске бағышталып, қуғын-сүргінде өткен есімі ел тарихының төрінен орын алған халқымыздың біртуар перзенттерінің бірі-профессор Әлімхан Әбеуұлы Ермеков. Семей облысы Қарқаралы уезінде туған. Әлімханның әкесі Әбеу өз кезінің озық ойлы, ел сыйлаған қадірлі азаматы болған. Арғы атасы Ермек Байтасов Құнанбайдың замандасы болған. Әлімханды Әбеу 1899 жылы Қарқаралыдағы қалалық училищеге береді. Өзінің ерекше алғырлығы, зеректілігімен бастауыш мектепті үздік бітірген Әлімханды Семейге ерлер гимназиясына ауыстырады. Семей ерлер гимназиясы Әлімхан үшін өмір мектебі болады. Ол осы гимназияда жүрген кезінде орыстың озық ойлы әдебиетімен, мәдениетімен танысты. 1912 жылы жиырма бір жасында Әлімхан Семей гимназиясын алтын медальмен бітіріп шығады. Жиырмамыншы ғасыр басындағы қазақ зиялылары үлкені кішісіне жол көрсетіп, бір-біріне сүйеу болады.

Сондықтан өзінің ұлтжанды мінезімен, жан-жақты білімімен көзге түсе бастаған Ермековке оқыған қазақ зиялылары ақыл-кеңесін айтып, жетістігіне қуанып, арманға қанат бітіріп отырған. Өзінің ерекше таланты, білім зердесімен ерте есейген ол, Әліхан Бөкейханұлы, Мұстафа Шоқай, Мұхамеджан Тынышпайұлы бастаған Алаш қозғалысының қатарына кіріп, аз ғана уақыт ішінде оның көшбасшыларының біріне айналады. Ә.Ермеков Алаш қозғалысына сөзден, үгіт-насихаттан нақты іске көшкен шақта араласты. Алаштың екінші съезіне Ақмола, Семей облысынан ұсынылған 19 делегаттың тізімінде Әлімхан Ермеков болды. Съезде қазақтың білімді, оқыған, халқы үшін жанын пиде етуге әзір тұрған белсенді жастар болды. «Қазақ» газетінің 1917 жылы желтоқсанында шыққан 253 санында Алаш париясының Семей облыстық комитетінің мүшелерінің тізімі жарияланып, онда бірінші болып, Әлімхан Ермековтың аты-жөні көрсетілген. Қазақтың әйгілі ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров «Алашты таныстыру» өлеңінде:[3]

Әлімхан Ермекулы жас жігіттен,
Келеді екінші бол бұл ретпен.
«Қазақта мұндай жігіт көрмедім»-деп,
Ардақты қарт Потанин лепес еткен.
«Ақ жүрек, алғыр ойлы, адал жан»-деп

Тумай жатып, жастарға даңқы кеткен-деп жазуы оның премьер-министрлік қызметіне ғана емес, алаш қайраткерлері арасындағы зор беделін, саяси қызметін жоғары бағалауы.

Ә.Ермеков-Алаш ренессансының бірегей тұлғасы, ол француз,ағылшын,латын, италия тілдерін жетік білген. Қазақ республикасының территориясына Каспий теңізінің солтүстік жағалауы-Астрахань губерниясының Қазақстанға қайтарылғаны тиімді екенін Әлімхан Ермеков Ленинге дәлелдеп бермегенде қазақтың шұрайлы-мұнай мен балыққа бай өлкесі қазіргі Қазақстан территориясынан тыс қалар еді.

Алыстағыны жақындатып, жатты табыстырған арыстарымыздың адал қызметі,алға қойған міндеті халқы алдында орындалды.

Тарихта өз өмірін тарихпен тығыз байланыстырып,халық мүддесі үшін күрескен,оның ой-тілегін аңсаған арманын асқақ шабытпен жырлап, бұқара халықтың сүйіспеншілігіне бөленген қазақ зиялыларының бірі Сұлтанмахмұт Торайғыров болды. Оның ұлылығы халықпен біте қайнасып бірге өскендігінде еңбекшінің жаршысы, ақылшысы, кеңесшісі болғандығында.

Сұлтанмахмұт 1914 жылдың күзінде Семейге барып, орысша оқуға түспек болады. Бірақ ол оқуға түсе алмай, Катон-қарағай жағына оқытушы болып кетеді. Бұл сапары жөнінде Сұлтанмахмұт былай деп жазады. «Катон-қарағайда кеткенім-ызаға шыдамадым, ең шыны күн көру үшін кеттім. Қолымдағы қаражатым Семейде бір ақ ай тұруға жететін болды. Семей қанша айтқанмен қалалы, сынды жер ғой.

Онда кем көрініп, жүргенше парықсыз қазақ арасына кетейін деп ойладым»

Патша үкіметінің 1916 жылғы маусым жарлығына байланысты Катон-қарағай, Зайсан елі қобалжып үркіп Қытайға қаша бастайды. Сол кезде Сұлтанмахмұт Семейге қайтады. Оның осы Семейде болуы жөнінде Мұхтар Әуезов былай дейді. «... Сұлтанмахмұт 1916 жылы Катон-қарағай жағынан қайтып, Томскіге оқуға кетерде Семейде тұрады.Осы орайда

Семейге қазақ оқығандарының бір жиналысы болып, онда маусым жарлығы туралы мәселе қаралады. Жиналыста кейін Алаш орда басшыларының бірі болған Халел Ғаббасов қазақ газеті сілтеген бағыт бойынша «патшаның жарлығына қарсы болмау керек» Майданға жігіт беру керек-деді» Сұлтанмахмұт 1916 жылдың күзінде Томскіге барып, оқуға түседі.[4]

1917 жылдың наурыз айында Семейге келеді. Бұл келуінде ол Семейде бір жылдан артық тұрады. Семейге келісімен Сұлтанмахмұт алашордашылардың жұмысына араласады.

Қазақ комитетінің хатшысы болып істейді, алашорданың ұранын жазады; оның басшыларын дәріптеп бірнеше өлең, мақала жазады; алашордашылар шығарып тұрған «Абай» журналы редакторларының бірі болды, «Сарыарқа» газетінің жұмыстарына қатысады.

Сұлтанмахмұт бұл жылдары алашорданың ұранын жазып, басшыларын дәріптеп өлең шығарса да, олардың кейбір іс-қылықтарына наразы болып жүрді. Бұл жөнінде Мұхтар Әуезов былай дейді: «... 1917 жылы, Семейде алашордашылардың жиналысы болды. Бұл жиналыста Сұлтанмахмұт бастаған жастар оқу-ағарту, әйел теңдігі мәселелері қаралды».

Сұлтанмахмұт қазақ еңбекшілерінің белбаласы, ол кедей табынан шыққан, езілген жарлы, жаршылардың күйінішін көз алдында өткізген ақын.

Осы кезеңде Семей өңіріндегі ұлттық баспасөз тарихы қостілдік проблемасымен тығыз байланысты болды.

Күнделікті баспасөздің Семейдегі алғашқы қарлығашы «Семей облысы бойынша хабарлар» деген айдарымен 1918 жылы орыс тілінде шығып тұрған жарнама болып табылады. Ол негізінен сенаттың указдары мен бұйырақтарын жариялаған. Бірақ бұл жарнаманың ешқандай ұйымдастырушылық та, насихатшылық та рөлі болмаған. Өйткені ол кезде облыстың негізгі тұрғындары жергілікті ұлт өкілдері болды.

Семейдегі қазақ және татар тілдеріндегі шығармаларды басып, шығару мақсатымен «Ярдам» баспаханасы ашылған.[5]

Бұл баспаханалардан шыққан алғашқы кітаптардың бірі – Тайыр Жомартбаевтың романы еді. Ш.Құдайбердиевтің өлеңдері басылды. Сол сияқты Ғ.Мусиннің қазақ-татар тілдерінде жазған повестері де осы баспаханадан өмірге жолдама алды. Бұл кезекте сол кезеңдегі қазақ зиялыларының арасында газет шығару ісіне ең тәжірибелісі 1906-1908 жылдары «Иртыш» және «Голос Степи» сияқты кадеттік газеттерді редакциялаған, Семей, Петербург газеттерімен тығыз байланыстарған Әлихан Бөкейханов болатын. Саяси күресте халықпен жұмыс жүргізу ісінде баспасөздің маңызын жақсы түсінген ол 1906 жылдан бастап қазақ тілінде газет шығаруға бел байлап кіріскен.

«Семипалатинский листок» газеті өзінің 1906 жылғы 5 шілдегі номерінде былай деп жазды: «15 қазан қарсаңында және кейін де Ә.Бөкейханов қазақ тілінде газет шығармақ болып, қазақ халқы үшін алдағы болар сайлау мен қойылар істер жайлы өзінің жерлестерімен ақылдасқан.[6]

Сондай-ақ бұл жылдар М.Дулатовтың да «Оян қазақ» (1909ж.) кітабымен кең мәлім болған кезі. Семейдегі қазақ тіліндегі басылымдардың жүйелі шыға бастауына игі әсерлері болды. Семейде 1917 жылдан кейін «Мәдениет» атты мәдени-ағарту қоғамы пайда болды. Аталған қоғам алдымен аптасына, кейіннен 2 аптада 1 рет татар тілінде шығатын «Халық союзы» атты журнал-газет шығаруды қолға алды. Оның редакторы болып Ғ.Мусин тағайындалды, ал баспагері болып Ф.Айтыкин сайланды.

1917 жылдан кейін Семейде «Свободная речь» газеті шығарылды. Сол сияқты 1918 жылы қазан айында жергілікті «Воля народа» газеті былай деп жазды: «Халық союзы» - татар халқының Сібірдегі тұңғыш баспасөз органы, оған көптеген интеллигенттер ат салысты.

Газет редакциясына басылымға жазылушылардың аздығы қаржының жетіспеуі көп қиыншылық туғызды. Сол себептен бұл «Буржуазияшыл-ұлтшылдық үні» деген атақ тағылып келген басылымдардың бірі Семей қаласында 1917-1919 жылдары шығып тұрған «Сарыарқа» газеті еді. 1917-1918 жылдары Семейде шығарылған «Сарыарқа» газеті «Алаштың тілі болды»... Шынында да қазақ зиялыларының бірталайын маңына

топтастырған, ел болашағы үшін күрестен газеттердің бірі әрі бірегейі-осы «Сарыарқа» болатын Газет беттерінде «Алашорда» үкіметінің қаулы-қарарларына, құжаттарға, алаш жаңалықтарына, ұлт бостандығын нысана еткен, жұртшылықты ғылымға, мәдениетке үндеген көптеген мақалаларға кеңінен орын берген. Онда басылған әрбір материал рухқа толы, жұртшылықтың жүрегінде намыс шоғын үрлеп, жүрек отын лаулататын нышанмен жазылды. Мысалы : Алаш үкіметі жариялағанан кейін Әлімхан Ермеқұлы жазған мақаладан үзінді келтірсек, сол кездегі қоғамдық – саяси ахуалдан хабардар боламыз. Онда Алаш автономиясы туралы былай делінген: «Декабрьдің 12-сі күні түс ауа, сағат 3-те дүниеге «Алаш» автономиясы келіп, азан шықырылып ат қойылды. Ақ ордасы тігіліп, Алаш туы көтерілді. Автономия-бізге өмірлік мақсат еді. Алыстағы жұлдыз еді».

Баспасөз қашанда қаламгер атаулының үнін жеткізуші, ойын білдіруші ғана емес, олардың шеберлік мектебіне айналды. Мұны Мұхтар Әуезовтің ғана емес, үлкенді-кішілі жазушылардың шығармаларынан байқауға болады. Яғни журналистік қызмет ірі жазушылардың алысқа тартар сапарының бастауы іспеттес. Алашорда газеті болып есептелген «Сарыарқаның» беттерінде М.Әуезовтың «Адамдық негізі-әйел» («Сарыарқа» газеті 1917 жылы 5-ші қыркүйек №12) «Оқудағы құрбыларына» («Сарыарқа» газеті 1917 жылы 14 қыркүйек) атты публистикалық шығармалары жарық көрді.[7]

«Адамның негізі-әйел» атты мақала әйел теңдігі мәселесі сөз болады. Автордың айтар түпқазық ойы, ұстанар идеясы-адамзат баласын дүниеге әкелер әйел-ананың басына азаттық, теңдік әперу. Ер жағы қара басынан басқаға қарамай жүргенде, балаларын баулып, асырап, үйлік ұйымның басын құрған әйел» («Сарыарқа» 1917 .5 қыркүйек)

Сөйтіп Семейде шыққан «Сарыарқа» газеті ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің шығармашылық жолына, қоғамдық-саяси көзқарасының қалыптасуына зор әсер етті. Келесі Семейдегі 1919 жылдың 4 желтоқсанында шыққан газет «Қазақ тілі». Бұл газет сол кездегі қазақ еңбекшілеріне қызмет етті. Семей атқару комитетінің органы болып, Павлодар, Өскемен, Зайсан және Қарқаралы уездеріне таратылып тұрды. Газет редколлегияның көмегімен жетісіне үш рет көлемі төрт бет болып шықты.

Национальная идея и его название не являются основной заботой общества. Национальная идея-золотой ключ, открывающий двери успешного мира. Для черного народа главное-стабильность, безопасность, реализация своего восприятия. Что касается идеи Алашорды, то интеллигенция того времени, ее верующая часть, ощущала перед народом свои долги и служила ему. Их главная цель-быть целыми и нужными. Это – созидание экономики, которая удовлетворяет заботу граждан, равноправие, согласие и мир, это-культурное развитие нации, участие представительных органов, общественных структур, вовлечение в процессы не только элиты, но и простое население. Алашордынцы всегда требовали эти идеи.

Идея Алаша-быть, оставаться независимым государством, должна быть одной из основных идей Казахстана.

Литература:

- 1 Фабидалин Ф. Миллатчилиннің бағзи асаслари. - Қазан: Анчъ, 1918. - 40 с.
- 2 Вяткин М.П. Очерки по истории Казахской ССР. - Москва, 1941.- 150 с.
- 3 Брайнин С., Шафиро Ш. К вопросу о роли казахской национальной интеллигенции в 1917 г.
// Большевик Казахстана. - 1933. - № 4. - С. 27-50.
- 4 Брайнин С., Шафиро Ш. Очерки по истории «Алаш-Орды». - Алматы: Казгосиздат, 1935. - 178 с.
- 5 Дахшлейгер П.Ф. О периодизация дореволюционной историй Казахстана // Материалы объединенной научной сессии посвященной истории Средней Азии и Казахстана в дооктябрьской период. - Ташкент, 1955. - 500 с.

**ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ
РУХАНИ МҰРАСЫ**

Байсарина Қ.Қ., т.ғ.д., Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті,

Шакарова А.С.

магистрант, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

Қазіргі таңда қазақ халқы ұлттық жаңғыртуға, егемен мемлекет қалыптасуы мен оның даму барысындағы дүние жүзілік тарихи процесте алатын орнын айқындауда оның өткен тарихын жан-жақты оқып-үйрену мен зерттеудің қажеттілігі артып отыр. Отан тарихында халықтың өзін-өзі тануы, мемлекеттілік мәселесіндегі қиын да күрделі процестерді зерттеу нәтижесінде, әрбір тарихи кезеңдерде ұлттық зиялылар қызметі арқылы жүретіндігі мәлім. Солардың бірі өзінің көп үлесін қосқан елім, жерім деген тұлға Әлихан Бөкейханов болды. Халқымыздың өз еркіндігі үшін күрес жолында мәңгі өлмейтін терең із қалдырған сондай қайраткерлердің бірі - Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов еді. Ел есінде қалған тұлғаларымыздың барлық ерлігін жаңғырта отырып, өскелең ұрпаққа танытуымыз қажет. Олардың патриоттық сезімін ояту жастарға міндет болып табылады. Әлихан Бөкейханов сынды алаш арысының өмірбаяны жөнінде қысқаша баяндап және өмірлік жолында қандай еңбек сіңіргенін мақалада айтылады. Әлихан Бөкейхановтың қайраткер ретінде қалыптасуының екі рухани негіздерін бөліп айту артық емес. Біріншіден, Әлихан еркіндік пен теңдікті жоғары бағалаған ортада өсті. Оның қоғамдық көзқарасының қалыптасуына халықтың бай ауыз әдебиетінің, ұлы Абайдың және басқа ақын-жыраулардың терең ойлы шығармаларының ықпалы болғандағына көз жеткіздім.

Елімізде қалған Әлихан Бөкейхановтың шығармашылық мұрасы және еңбектеріндегі ұлттық идеяның маңызының басталуын 1904 ж. Бөкейханов Ресей императорлық география қоғамының қызметіне қызу араласа бастағанынан көре аламыз. 1896 ж. оның Батыс-Сібір бөлімшесінің мүшесі болды, ал 1901 ж. оның басқару комитетіне сайланды. Ә. Бөкейхановтың тарих саласында жазып қалдырған «Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи» атты еңбегі 1903 ж. «Ресей» «Полное географическое описание нашего отчества» атты көп томды альманахтың 17 томына еніп, Санкт-Петербургте жарық көрді.[1].

Сондай-ақ, Әлихан Бөкейхановтың қаламынан туған «Исторические судьбы киргизского края и культурные его успехи», «Киргизи», «Жағрафия», «Астрономия», «Материалы к истории султана Кенесары Касымова» атты еңбектері халқымыздың өткені мен бүгінгі, көнесі мен жаңасын сабақтастырып жатқан алтын арқау боларлық әдеби, педагогикалық мұра. Бүгінгі таңда ХХ ғ. басында дүниеге келген алаш идеясы Тәуелсіз Қазақстанның мүдделеріне қызмет етуде. Алаш интеллигенциясының өнегелі де ғибратты қоғамдық ойлары, рухани тәжірибесі жылдар өте тарих толқынындағы келешек ұрпақ үшін өшпес ұлттық идея болып қалары сөзсіз [2].

Ол Щербина экспедициясына қатысып, Семей облысына қарасты Павлодар, Қарқаралы, Семей уездері мен Ақмола облысының Омбы уезінде жүргізген жұмыстарына қатысып, алуан түрлі деректі материалдар жинады. Экспедиция біткеннен кейін жиналған. Экспедиция біткеннен кейін жиналған бай материалды іріктеп, өңдеп ғылыми-іорытындысын жазысты. Экспедиция қорытындысы 1903-1905 жылы он үш том болып жарыққа шықты.

Шығармашылық мұрасы. Әлихан Бөкейханның артына қалдырған шығармашылық мұрасының үлкен саласы - орыс тілінде жазылған монографиялық энциклопедиялық сипаттағы ғылыми еңбектері. Бұлардың өз кезінде ең елеулі баспаларда жариялануы авторға деген сол тұстағы ілтипат, құрметті ғана емес, туындылардың сапасын мойындауды көрсетсе керек. Ғалымның негізгі басты еңбектері қазақ халқының тарихына, экономикасына, мәдениетіне, шаруашылық жүргізу тәсілдеріне, ру-тайпалар шежіресіне, тұрмыс-салтына, қазақ жерлерінің отарлану тағдырына арналған. «Қазақ өлкесінің тарихи тағдыры және мәдени өркені» зерттеушінің маңызы айрықша зор. Мұнда қазақ жерінің мыңжылдық тарихы,

өлкені ертелі-кеш мекендеген түрлі ру-тайпалардың, елдер мен ұлыстардың қалдырған заттық ескерткіштері, сәулет өнерінің белгілері жан-жақты сөз болады, Қазақ хандығының құрылуын баяндап, ақырында орысотар кезеңдерін тәптіштей түсіндіреді. «Қазақ» этнономінің қалай шыққандығы жөніндегі аңызды келтіріп, «қырғыз» деген орыстар таңған, қате атау екенін дәлелді көрсетеді.

Қазақ, орыс тілдерінде жазылған мерзімді баспасөзде, әсіресе «Қазақ» газетінде жарияланған мақалдардың идея-рухы, ой-талғамы, пікір-байламы, стиль ырғағы мүлде бөлек, бұларда автор негізінен өткен. уақыттар емес, өззаманындағы көкейтесті мәселелерді талдап, әр түрлі ағымдарға баға берді, өз тоқтаған тұжырымды ортаға салады. Қазақ халқының кешегі өткен дәуірлердегі хандары, билері, батырлары, барша азаматы туган жердің қарыс - сүйемі үшін қасық қаны қалғанша шапқыншы жаумен алысып жан алып, жан берсе, соласыл тұяқтың алтын ұрпағы Әлихан Бөкейхан бүкіл қайратын, ақылын, білімін, мінезін, талантын жұмсап, соңғы демі біткенше ұсталған алтын қазық, биік нысанаата-мекеннің арыстанның аузында, түлкінің тісінде кетпеуі, жерден айырылудегеннің елдіктен, жұрттықтан ыдырап, қайыршыланып, азып-тозып біту екекенін түсіндіру еді. [3, 30].

Әлиханның кейінгі ұрпаққа қалдырғай әдеби мұрасының ең көлемдісі көркем аударма. Аудармаларының ішінде орыстың классик жазушылары Л.Н.Толстой, А.П. Чехов, В.Г. Короленко, Д.М. Мамин Сибиряк сияқты жазушыларымен қатар Еуропаның өркениетті елдерінің қаламгері. Оқу – ағарту мен ғылымның сан салаларын қамтитын мектеп оқулықтары тағы бар. Әлихан Бөкейхановтың көркем аудармаларының басым көпшілігін 20-30 жылдар аралығында яғни 1920 жылдан 1927 жылға дейін КСРО халықтарының Орталық баспасындағы Қазан секциясының әдеби қызметкері болып қызмететіп жүрген кезінде аударғаны байқалады. Оған дәлел ретінде аудармалардың шығу мерзімін атаса да болады: А.Н. Толстойдың, В.Г. Короленканың, А.Чеховтың еңбектерін аударды. Еңбектері «Дала уалаяты» газетінде «Жас қазақ» газетінен бастап; Кеңес дәуіріндегі «Темірқазық», «Жаңа мектеп» және т.б. көптеген мерзімді басылым беттерінде жарияланып тұрды [4,17-20]. Әлихан Бөкейхан қазақ және орыс тілдерінде қатар жазған публицист.

Омбы, Семей, Орынбордағы патша чиновниктері кабинеттерінің табалдырығын тоздырып, ортаға астанадағы талай беделі саяси-қоғам қайраткерін салып, аяғында рұқсат алды. 1913ж ақпапында тұңғыш саны жарыққа шыққан. «Қазақ» газеті соның бірдей. бір жемісі еді. Ахмет Байтұрсынұлы редакторлық еткен бұл газеттің бүкіл қазақ зиялыларының басын біріктіріп, халық үшін атқарған қызметін ерекше бағалау орынды. Бұл газетте Әлихан Бөкейхан 250-ден аса мақалары, ғылыми зерттеулері, аудармалары жарық көрді.

Әлихан Бөкейхан - қазақтың тұңғыш энциклопедисі деуге негіз бар. ХХ ғасыр басында немес: Ф.А.. Брокгауз бен орыс И.А. Ефрон секліді баспашылардың көптомдық «Жаңа энциклопедиялық сөздігін» шығарып тұрға әлім. Қазақ өлкесін танушы ғалым Әлекең осы «сөздікті» әзірлеуге ат салысқан. Пәлендей мақаланы немесе бөлімді Әлихан жазды деп кесіп айтуға орын жоқ. Әйтсе де, «сөздікке» енген қазақтың трихы, қазақтың хандықтары, мысалға Бөкей ордасы жайында, қазақтың көрнекті хан -көсемдері және тағы басқа материалдарды Әлиханның әзірлегені күмән туғызбайды. Энциклопедиялық сөздікті баспаға дайындаған қызметкерлердің тізімінде Әлиханның аты - жөні 4-томнан 21 томына дейін көрсетілген.

Ә.Н. Бөкейхан халықтың рухани байлығының - бірі көркем әдебиетке де көп көңіл ауларған ғалым: Қазіргі заманғы ағылшын зерттеушілерінің пікірінше ол 20 ғасыр басындағы «Қазақ әдебиеті мен баспасөзін дамытуда жетекші роль атқарған, «Халқымыздың сарқылмас қазынасы - ауыз әдебиеті мұраларын жинау оларды жіктеп, өңдеп бастыру, әдебиеттану, көркем аудармаға ерекше көңіл болді.«Қазақтың ұлы болып өркениетті ел қатарында өмір сүру үшін, ең алдымен, халықтың сана - сезімін оятатын жағдай тудыру қажет; қазақтың ұлттық тілін, әдебиетін өрсітету керек. Өз әдебиетін қалыптастыруда табыс қажеткен халық қана азат өмір сүре алады» - деп білген Әлихан ұлттық әдебиетімізді өркендетуде жан - тәнімен; еңбек етеді. Халықтың мәдениетін көтеруде, ой-санасын аятуда, халықты надандыю құрсауынан шығарудағы әдебиеттің баға жетпес орнын ол студенттік

күндерінен-ақ түсінген. Сол мақсатта замандағы қазақтың алдындағы қатардағы зиялылары мен әдебиет өкілдерінің басын біріктіруге ұмтылады.

Оларды халыққа қызмет етуге, халықты «Масадай» шағып «оятуға», білім беріп көзін ашуға шақырады. Сөйтіп Мағжан, Ахмет, Міржақып, Шәкәрім, Ғұмар, Көкбай, Жүсіпбек, Мухаммеджан сынды ақын - жазушылары мен көрнекті зиялыларды жинайды. Әдебиет өкілдерін өркениетті елдердің әдебиетінен үлгі алуға, үйренуге тартады. Әлихан Бөкейханов фальклоршы болды. Ол қазақ эпосы мен фальклорын ғылыми тұрғыдан зерттеген тұңғыш ғалым еді, - деп жазады. Оксфорд университетінің ғалымдары,

М.Жүсіп Көпеев, Әбу-бәкір Диваев, Г.Б., Потанин, А. Байтұрсынұлымен қатар ауыз әдебиеті туындыларын жинауға көп күш салады. Ауыз әдебиеті мұраларын жинауда ол ФА. Щербиина экспедициясы құрамында ел аралап жүрген күндері бастаса керек. Күні бүгін оның өзі жинаған немесе басқаның жинап – терген нұсқаларын өңдеп, ғылыми түсініктерін жазып бастырған бірнеше кітаптарды сақталған. Атап айтсақ олар: В.В. Радлов жазып алған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ер Тарғын» жырының марабай ақынның жазып алған нұсқасы, А. Байтұрсынұлымен бірігіп жинасып, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін өзі дайындағын «Қазақтың 4 ғасырдан бергі», «Жиырма үш жоқтауы» және «Ер Сайын» жырлары.

Әлихан Бөкейхан жағрафия қоғамының сүйемелдеумен кіндік қаны тамған қазақ даласының тарихынан көп зерттейді. Әлиханның тарих саласындағы жазып қалдырған елеулі мұралары – «Исторические судьбы Киргизского края и культурыные услехи», «Киргизы» атты монография 1903 ж «Россия. Польное географическое описание нашего отчества» атты көп томдық альманахтың «Киргизский край» деген ХҮІІ томына еніп, Санкт-Петербургтен жарық көрді. Шығармада қазақ өлкесінің сонау тас, қола дәуірінен бергі тарихы, мекендеген халықтары, олардың мәдени, саяси - әлеуметтік жетістіктері кең көрініс тапқан. Автор, сондай -ақ дала өлкесінің соңғы ғасырлардағы өмір . - «Тарихын сипаттайды, патша үкіментің жүргізіп отырған отаршылдық саясатын да батыл суреттеген. Екінші «Киргизы» («Қазақтар») атты еңбегі алғаш рет «Фермынационального движения в современных –государствах» атты жинақпен 1910ж. Санкт-Петербурдан басылып шығады. «Әлихан бұл - еңбегінде қазақ даласындағы саяси - әлеуметтік жағдайы тартымды етіп сипаттай алған [5, 12.].

Қазақ халқының отаршылдық саясатқа деген көзқарасын, кең далаға көлдей ағылған келімсектермен арадағы қарым-қатынасын, күресін, ұлт азаттық күресінің бағытын, мақсат - мүддесін ашып көрсете алған. Шығармада, сондай-ақ халқымыздың көкейтесті мәселелері - тіл, сөз бостандығы, дін мәселесі де қозғалады. Әлихан қазақ мемлекетінің пайда болуының тарихи кезеңдерін, даму заңдылықтарын да терең зерттесе керек. Әсіресе, кіші жүздің, кейінірек Орта жүз бен Ұлы жүз хандықтарының Ресейдің қол астына енуінің себеп-салдарына көп көңіл бөлгені аңғарылады.

XX ғасырдың басындағы қазақтың ұлт-азаттық қозғалысының көсемі - Әлихан Бөкейханның назарынан Кенесары - Наурызбай көтерілісі де тыс қалмаған. Хан Кенесары қозғалысына «Әлихан алғаш рет жоғарыда аталған «Исторические судьбы - киргизского края» атты еңбегінде қысқаша ғана тоқталып өтеді. Қуатты Ресей империясының отыршылдық саясатына қарсы ашық қарулы көтерілістің әлі де болса заманы тумағындағын ол жақсы түсінді. Теңдікпен ұлттық тәуелсіздіктің төте жолы деп Әлихан өркениетті елдердің мәдениетімен үлгі алу, сөйтіп халықтың ұлттық мәдениетін өркендету, өнер - білімін көтеру, ұлттық сана-сезімін оятуды ұлт-азаттық қозғалыстың жаңа стратегиялық бағыты етіп алған. Оның 1916 жылғы қарулы көтеріліске түбегейлі қарсы шығуының негізгі себептері де міне осында жатыр.

Әлихан этнография саласына қатынасты жазған «Аңқау елге – арамза молда» немесе «О киргизских поминках» атты еңбегі екі тілде қатар жарияланған. Мақаласы назар аударарлық. «Би һәле билік» атты мақаласында қазақтың заңмен билік мәселелерді қарастырылады. Кезінде Әлихан орыстың жағрафия қоғамының ғылыми мәжіліс - жиналыстарында қазақтың мәдениеті, тұрмыс - салты, өнері жайында баяндамалар жасап, дәрістер оқып тұрған. Сондай - ақ, ол орыстың Н. Потанин сынды ғылымдарына халқының

ән-күйін, ою-өрнегін тұрмыстық құрал -саймандарын жинасып, том қаласында қазақтың өлкетану музейін ашуға қол ұшын берген [6, 8].

Сондай-ақ, еліміздің тәуелсіздігі қоғамдық, әлеуметтік, мәдени және рухани санамызға жаңашыл ізденістер мен түбегейлі өзгерістер әкелді. Арғы-бергі тарихты танып-таразылауға, танымал тұлғалардың кезеңі мен қызметін, өмірі мен шығармашылық мұра-мирастарын зерттеп-зерделеуге жаңа мүмкіндіктер ашылды.

Бұл ретте осы ғылыми жұмыс тақырыбымызға арқау болып отырған Әлихан Бөкейхановтың педагогикалық көзқарастарын зерделеу мәселесі көтерілмек. ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының қоғам және мемлекет қайраткерлері қатарындағы аса ерекше тұлға – Әлихан Бөкейханов. Оның есімі ұзақ жылдар бойы сирек аталып келсе, кейінгі ұрпаққа қалдырған орасан мол аманат – мұрасы бір кісінің ғұмырындай уақыт бойы шаң басып жатты. Әлихан Бөкейханов – қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін, шаруашылығын, төрт түлік малын, жер-суын, әлеуметтік-экономикалық жағдайын жан-жақты зерттеген ғалымдардың бірі.

Алаш Орда көсемі Әлихан Бөкейханов «Мен тірімін, дем аламын, туған елімнің ауыр жүгін арқалап өмір сүремін және мен үшін Отанымның жарқын болашағынан асқан бақыт жоқ... Оны ойлағанда түн ұйқым төрт бөлінеді» деп туған халқымыздың ұлттық санасын ояту жолын таңдап, аянбай тер төкті.

Ұлт зиялыларының бірі, отансүйгіштігі мен ұлтжандылығы тұрғысынан биік рухты кемел тұлғалардың үлгісі болар Ә. Бөкейхановтың 1890 жылы Санкт-Петербургтегі Императорлық орман институтына түсерде өрімдей жас кезінде өзінің шығармасында: «Өзгеге жамандық тілеу – өзіңе жамандық жасау, себебі, басқалармен қосылып барлығымыз бір адамзат баласымыз. Адам баласы үшін ең қиыны рухани тыныштық жағдайына жету, оған біз санамен де, байлықпен де жете алмаймыз, тек ілім мен білім жолына түсу арқылы ғана адам баласы толыққанды рухани кемелдікке жете алмақ» деген ойларынан бастау алған оның педагогикалық мұрасы бүгінгі жас ұрпақ тәрбиелеуші ұстаздар үшін баға жетпес құндылық.

Бүгінгі таңда да өз маңызын жоймаған Ә. Бөкейхановтың оқыту мен тәрбиелеу ісі жөніндегі пікірлері ғылыми қағидаға айналған десек те болады.

Әлихан Бөкейхан зерттеулерінде оқыту мен тәрбиелеу бір-бірімен байланыста болатын үрдіс ретінде қарастырады. Тұлғаны қалыптастыруда тәрбиенің атқаратын рөлін Әлихан өз еңбектерінде жан-жақты дәлелдейді. Тәрбиесіз жинақталған білімнің қоғамға тигізер пайдасы болмайтындығын айтады. «Ән өлең хәм оның құралы» – атты мақаласында эстетикалық тәрбие мәселесін көтерген. Автор өнердің тұлғаны қалыптастырудағы рөлін ерекше атап өтеді.

Әлихан өзінің «Ашық хат» атты мақаласында білім беру, оқыту мәселесін былайша жазады: «Ұлтына, жұртына қызмет қылу біліммен емес, мінезден. Адам баласын өзіндей жақсы көр, сүй деген сөз айтылғалы екі мың жыл болған, онан бері білім отарба, телеграмма, телефон шығарды, жақсы мінезге тоқталған адам аз, білім біліммен, мінез мінезбен» [7,43.] – дейді. Адам қанша білімді болса да оның тәрбиелі болуы мүмкін емес екендігін айтқан. Адам білімді болмаса да тәрбиелі, әдепті болуы әбден ықтимал- деген қағиданы ұстанған. Әлихан Бөкейхановтың осы ой талдамасын тәрбие ісіндегі таным, тұлға теориясының негізі деп тануға болады [2,115 .].

Әлихан Бөкейханов мұрасында ерекше орын алатын туындыларының бірі – көркем аударма. Қаламгер аудармаларында тәрбие түрлері жан-жақты берілген. Л.Н. Толстойдың «Сурет кафеканасы», В.Г. Короленконың «Макардың түсі» атты әңгімелерін тәржімалаған Ә.Бөкейханов еңбек тәрбиесін насихаттаған. Балаларға тілі жеңіл мысалдар берген. «Көк кептер мен құмырсқа», «Бүркіт пен тасбақа», «Күзен», «Арыстан мен тышқан», «Ат пен атшы», «Арыстан мен бақа» т.б. әңгімелерінде тәрбиеге жете тоқталады.

Жалпы айтқанда, егемендік кезеңінде «Жалпы ұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу» (1997ж.), «Халықтың тұтастығы мен ұлттық тарих» жылдарының (1998ж.) ғибраттық-тағылымдық қырлары айқындалып, нәтижесінде 31 мамыр – «Саяси

қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні» болып белгіленді, ал «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңның күшіне енуі (1998ж.) халқымыздың тарихи, әдеби-мәдени және рухани салалардағы тарихи тұлғалардың өмірі мен еңбегін, қоғамдық қызметтерін қайта қарап, жаңа қыры мен соны сипаттарын ашу ісінде көп көмегі болды. Яғни, осы бүгінгі өмірінен және ғылыми мұраларымен елімізге еңбек сіңірген қоғам қайраткері Әлихан Бөкейхановтың қаламынан туған «Исторические судьбы киргизского края и культурные его успехи», «Киргизи», «Жағрафия», «Астрономия», «Материалы к истории султана Кенесары Касымова» атты еңбектері халқымыздың өткені мен бүгінгі, көнесі мен жаңасын сабақтастырып жатқан алтын арқау боларлық әдеби, педагогикалық мұра

Әлихан Бөкейхановтың шығармашылық мұрасы мен педагогикалық көзқарастары отанын сүйген болашақ ұрпақ тәрбиелеуде алатын орны ерекше. Жас ұрпақ мемлекетімізге еңбек сіңірген қоғам қайраткерлеріміздің сан алуан ерлігін үлгі тұтып, ғылым мен білімге құштарлығы арта түседі. Бүгінгі таңда ХХ ғ. басында дүниеге келген алаш идеясы Тәуелсіз Қазақстанның мүдделеріне қызмет етуде. Алаш интеллигенциясының өнегелі де ғибратты қоғамдық ойлары, рухани тәжірибесі жылдар өте тарих толқынындағы келешек ұрпақ үшін өшпес ұлттық идея болып қалары сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Нурпейсов К. Қазақстан республикам менің. Қазақ совет мемлекетінің құрылуы./ К.Нурпейсов. – Алматы. 1980. – 75-77 б.
2. Жұртбаев Т. «Алаштың» арын сақтайық // Қазақ әдебиеті. – 1992. – 111-115 б.
3. Әкатай С. Қазақ мемлекеті тәуелсіздік алмай, қазақ халқы азат болмайды. / «Жас Алаш» // 1991. – 103-107 б.
4. Бөкейхан Ә. Шығармаларының толық жинағы[Мәтін] : мақалалар: жазбалар: баяндамалар: үндеулер: ғылыми зерттеулер:әдеби аудармалар: хаттар (ашық хаттар): жеделхаттар (телеграммалар): 1915-1917. VI том. – Астана: Сарыарқа, 2013. –17-22 б,
5. Семей қаласындағы Қазіргі заман тарихы құжаттама орталығы. 185-қор, 01-тізбе, 07-іс.
6. Дала уалаятының газеті. 1895. №23. 18 маусым
7. Бейбембиев Қ.Б. Идеино-политическое мысли в Казахстане в конце XIX в начале XX вв./ Қ.Б.Бейбембиев – Алма-ата. 1961. – 37-43 б.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЖӘНЕ АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ: ЖАҢА ДЕРЕКТЕР МЕН ІЗДЕНІСТЕР

Ерболат Ә. Е.

*«Alikhan Bokeikhan University» білім беру мекемесінің М016 - Тарих мұғалімдерін даярлау мамандығының магистранты,
«Семей» Медициналық колледжі» мекемесінің тарих пәні оқытушысы*

Алаш-Орда қозғалысының саяси сахнаға шығуына Ресей империясының шетінде қалыптасқан саяси жағдай ықпал етті. Қазақ өлкесін ондаған жылдар бойы жүргізілген басқарудың отаршылдық сипаты, шаруашылық және азаматтық езгі, еркін көшпенділікке арналған ата-баба жерлерін тартып алу, қазақтардың мәдениетін менсінбеу, патша әкімшілерінің зорлық-зомбылығы мен аса қатыгездігі. жергілікті халықтың наразылығы.Қазақ халқын патша өкіметінің озбырлығы мен сауатсыз халықты қорғау идеясы көптеген ағартушы қазақтардың санасын жаулап алды. Қозғалыс өз атауын қазақтың мифтік ханы: Алаша ханның атынан алған. «Алаш» атауы бүкіл қазақ жерін бір билеушінің басшылығына біріктіру идеясын да, ұлттық мүддені қорғау жүйесіндегі басты құрал – қазақтың тәуелсіз мемлекеттілігінің арманын да қамтыған болатын. Саяси ұйым құру идеясы Әлихан Бөкейхановтың, Халел Жосмұхамедовтың, Ахмет Байтұрсыновтың сөйлеген сөздері мен қызметінде дамыды. Халықтардың азаттығы мен теңдігі идеялары қозғалыс қатарына даланың көрнекті мәдениет қайраткерлерін – қазақ поэзиясының ақсақалы Шәкәрім Құдайбердіұлын, талантты ақын Мағжан Жұмабаевты және тағы басқа өзгеше тұлғаларды

қамтыды. Қазіргі кездегі басты жаңалықтардың бірі – Қазақстанда 12 желтоқсанда Алаш күнін мемлекеттік деңгейде атап өту ұсынылды. Еліміздің демократиялық партияның жетекшісі Жанболат Мамай Қазақстанның астанасын Алашорда деп өзгертуді ұсынды. Бұл ұсыныс Демократиялық партия баспасөз мәслихатында ұсынған Конституция жобасында бар. «Алаш» партиясы мен Автономиясы, Алаш қозғалысының негізін қалаған Әлихан Нұрхамедұлы Бөкейханның өмірі мен қызметі 1909 жылдан 1917 жылға дейінгі уақытты қамтыған болатын [1, 7-9 бет].

1917 жылы 5-13 желтоқсан аралығында Орынбор қаласында өткен екінші жалпы қазақ съезі Алаш автономиясы деп аталатын Ұлттық мемлекеттің құрылғанын мәлімдей отыра, оның үкіметін сайлады. [2, 5-7 бет] Патшалық Ресейдің отаршылдық саясаты жыл сайын күшейіп, қазақ елін иемдене түсті, соның кесірінен хандық биліктің байырғы құрылымдары жойылып, қазақтың салт-дәстүрі мен мәдениетіне және оның өз жерінде өзге адамдай өмір сүруіне қатерін тигізді. Патшалық биліктің озбыр саясатын жастайынан көріп, өскен Әлихан Бөкейханның бойында отаршыл билікке ғана емес, жан алып, жан беріспей-ақ отарлық қамытты киюге мәжбүр еткен өз халқының сана-сезімі, салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі, шаруашылығы жайлы сыншыл көқарасы ертеден қалыптасты. Тәрбие-тал бесіктен басталады демекші, барлығы балалық шақтан бастау алады. 23 жасар Әлихан Бөкейханның сол кездегі қазақ қоғамы мәдениетінің төмендегін, адами әдеп пен болмыстың жоқтығын өкіне отырып айтады. Халықтың жаппай сауатсыздығы, болыстық билік үшін ру аралас күрес, барымта, байлар мен күштілердің кедейлер мен әлсіздерді аяусыз езуі белең алды деп санайды.

Әлихан Бөкейханның көзқарасынша, қазақ халқы бай мен надан молдалардың және отаршыл биліктің үш жақтап езгісіне ұшырады. Осыған қарамастан Әлихан Бөкейханның қазақтар туралы: «Қыр халқы.. ғылым-білім жайып жатқан һәм өздері ғылым-білімге көңіл бөлген себебінен кешікпей-ақ жақсылықты біліп, еңсесін көтеруге аяқ басар, өздерінің сүйектеріне берген ақыл-санасы болған соң..» - деп жазды. Омбы техникалық училищесін аяқтаған Әлихан Бөкейханның сол кездері жұрт түсе алмай ұмтылған заңгер немесе әскери кәсіпті таңдамай, Санкт-Петербургтегі Орман институтына түсіп, ормантанушы-ғалым дипломын алып шыққан болатын. Кейінен Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне жедел емтихан тапсырып, заңгер дипломына да қол жеткізеді. Міне, осылайша Әлихан Бөкейханның жан-жақты тұлға болған. Ол кісі ғылыми атаққа да, ғылыми дәрежеге де ұмтылмады, өйткені негізгі күш-жігерін саяси күреске жұмсады. Кейде ғылыми жұмыстарын еріксіз саяси күрес барысында жазуға тура келді. Қазақ жерінің отарлануы мен байырғы жер иесі-қазақ халқына сол кездің өзінде тиіп отырған және алда да тигізе беретін аса ауыр зардаптары туралы бірқатар ірі еңбектері Әлихан Бөкейханның алға қойған мұратының жарқын мысалдары бола алады. Әлихан Бөкейханның бұл зерттеулері Семей қаласының түрмесінде сегіз ай бойы отырған кезінде де жазған еді. Әлихан Бөкейханның кезіндегі құдыретті Қазақ хандығының бірлігі мен күш-қуатынан айырылып, отарлық тәуелдікке қалай түскенін егжей-тегжейлі зерделеп шықты. [3, 8-11 бет] Терең білім, ұлтының тарихына, мәдениеті мен салт-дәстүріне деген шексіз құрмет, туған жерін бастан-аяқ зерттеу, халқына кіршіксіз әрі адал қызмет ету, бұқара халқының бостандығы мен құқығы үшін тынымсыз күрес-міне осының бәрі қазақтың 20 ғасыр бостандығы ұлт-азаттық «Алаш» қозғалысының саяси лидері Әлихан Нұрхамедұлы Бөкейханның азаматтық тұлғасының бір ғана қыры болатын. [4, 7-9 бет] Әлихан Бөкейханның туған халқының бостандығы мен жарқын келешегі үшін сарп еткен бүкіл саналы ғұмыры мен жанпидашыл қызметі-ұлтымыздың ұлы ең жарқын үлгісі, өнегесі болатын. Әлихан Бөкейхан «қазақ отырған жерлердің қазақтың меншігі болып саналатынын патша өкіметінен мойындауды» талап еткен Әлихан Бөкейхан «жерсіз мемлекет болмайды» деген ұстанымда болды. Қазақ жерін сақтап қалу және Ресейдің қазақ жеріне орыс шаруаларын орналастыруына жол бермеу олардың негізгі мақсаттарының бірі болатын. Қазақ халқы петицияда қазақ балалары білім алатын барша бастауыш мектепке ана тілі мен жазуын енгізуді, қазақ тілінде газет шығарып, іс қағаздарын қағаздарын қазақ тілінде жүргізуді талап етті. «Алаш» қозғалысының

стратегиялық мақсаттарының бірі-жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін жаппай енгізу болатын. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі енгізілген жағдайда жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі күшейіп, белгілі бір аумақта жиналған салықты мектеп, аурухана, жол және тағы басқа да маңызды әлеуметтік нысандар құрылысын жүргізуге, яғни жергілікті инфрақұрылымды салып, дамыту мүмкіндігі болатын еді. Мемлекеттік Думада тиесілі заң қабылдау арқылы Дала өлкесіне жаппай жергілікті өзін-өзі басқаруды енгізуге ұмтылған Әлихан Бөкейханның түпкілікті көздегені қазіргі қазақ мемлекетін,оның берік іргетасын қалау еді. Осындай стратегиялық мақсаттарға жету жолында ұлттық зиялы қауымға да,қарапайым халыққа да жақын жақсы бір идея ауадай керек еді. Әлихан Бөкейхан қазақтарды руға да,жүзге де жіктемеді, әлеуметтік мәртебесіне де, біліміне қарай да бөліп-жармады.Қазақты біртұтас халық ретінде көргісі келді.Саяси көзқарасы тұрғысынан Әлихан Бөкейхан қазақтан шыққан тұңғыш шынайы демократ, либерал болатын.Шынайы саясатты өзінің бес саусағындай білетін ол өзінің елінің Ресей федеративті парламенттік республикасының құрамында болашағы болмайтынын аңғара білді. Әлихан Бөкейхан қазақтың ұлтшыл «Алаш» партиясын құрудың бастамашысы ретінде белгілі. Қазақстанның тәуелсіздік алуына көп еңбек сіңірген қайраткер Бөкейхан қайғылы қазасына дейін кеңестік мемлекеттік қауіпсіздік органдарының үнсіз бақылауында болып, саяси себептермен қуғын-сүргінге ұшырады. Қазақстанда Кеңес өкіметі орнаған алғашқы күннен бастап-ақ алашордалықтар қазақтың барлық маңызды мемлекеттік органдарында болды, бұл оларға Алашорданың ұлтшылдық мүддесі тұрғысынан тиімді саясат жүргізуге мүмкіндік берді. қазақ халқына ықпал етуіне септігін тигізді [5, 7-10 бет].

Әлихан Бөкейхановтың есімі бізге мектеп қабырғасынан, Қазақстан тарихы оқулықтарынан да таныс. Алаш партиясының лидері Семей облысы Қарақарала болысының Тоқырауын болысына қарасты ауылдардың бірінде дүниеге келген. Оның шаңырағы ауқатты емес еді, бірақ әкесі Нұрмұхамед Бөкейхан қазақтың жоғарғы табының, төре сұлтан Бөкей әулетінің барлық салт-дәстүрін өте мұқият құрметтеп, сақтаған. Рухани, адами, мәдени көзқарастарында ол әрқашан Абай атамыздың философиясына сүйенгенін айта кеткен жөн. Ұлы философпен бұл бірлік Әлихан Бөкейханның кейінгі өмірлік бағдарларын, соның ішінде саяси бағыттарды айқындай түсті. Әлихан Бөкейханның қызметін Алаш Орда тарихынан бөлек қарастыруға болмайды. Біз тәуелсіз Қазақстанның жас ұрпақтарымыз, ал болашақ біздің қолымызда. Біртіндеп алға басып келе жатқан еліміздің жетістіктеріне балаша қуанамын.Демократиялық және еркін елде өмір сүріп жатқан жастарымыздың болашағы жарқын. Елімізде ғана емес, шетелде де білім ала алатын мүмкіншілігіміз бар. Бізде Қазақстанның дамуы үшін маңызды көптеген іс-әрекеттердің жүзеге асыруға мүмкіндігіміз бар. Бүгінде еліміз әлемнің дамыған елдерінің қатарына сенімді түрде қосылып келеді. Қолда барымызды көздің қарашығындай сақтап, ел байлығын арттыру өскелең ұрпаққа аманат, өйткені Елбасымыздың өзі жастарға үміт артады, жастардың бұрын-соңды болмаған жаңалықтарды ашатынына сенеді. Мағжан Жұмабаев кезінде мен жастарға сенемін деген жоқ па. Біздің борышымыз – бабалар аманатын орындау. Аманатқа қиянат жасамауымыз керек. Бізге қалған аманат – осы қазақ жері. Қазіргі кезде білім адамға өмірлік бағыт-бағдар беріп, оның дүниетанымының қалыптасуына әсер етіп, тілдің, салт-дәстүрдің сабақтастығын қамтамасыз етіп, ұлттық болмысын қалыптастырып, ұлттық мәдениеттің сақталуына ықпал етуде. Сонымен қатар, қазіргі қоғамда білімнің әлеуметтік рөлі айтарлықтай артты. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, дәл қазіргі таңда білім беру жаңаны қалыптастырудың маңызды факторларының біріне айналып отыр. Білім туралы ойлағанда, ең бірінші көзге елестейтін нәрсе – білім алу. Білім – адамға білім, дағды, технология, ақпарат беретін, олардың отбасына, қоғамға, ұлтқа қатысты құқықтары мен міндеттерін білуге мүмкіндік беретін құрал деседі. Бұл әлемді көруге көзқарас пен перспективаны кеңейтеді. Қоғамдағы әділетсіздікпен, зорлық-зомбылықпен, сыбайлас жемқорлықпен және басқа да көптеген келеңсіз элементтермен күресу қабілетін дамытады. Білім әлемді өзгертудің ең маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Білімнің жоқтығынан көптеген сауатсыз адамдар кемсітушілік пен әділетсіздікке ұшырайды. Егер барлық адамдар білімді

болса, бұл ақыр соңында қоғамның төменгі қабаттарының экономикалық өрлеуіне әкеледі деп ойлаймын. Білімді адамдарсыз бұл әлем жақсы орын атана алмайды. Сондықтан бұл әлемді жақсы орынға айналдыру үшін дұрыс білім қажет. Осыдан-ақ елдің жақсы дамуы үшін білім берудің сапалы болуы қажет деген қорытынды жасауға болады. Ұзақ уақыт бойы Әлихан Бөкейханның есіміне тыйым салынып, өзі де көптеген замандастары сияқты ресми түрде халық жауы саналды. Бірақ ұзақ уақыт бойы ақталып, оның еңбегі алғысқа толы ұрпақтарының құрметіне ие болды. [2, 10-12 бет] Әлихан Бөкейхан өмір бойы төрт ғылыми-зерттеу экспедициясына қатысып, елу шақты ғылыми еңбек пен мыңнан астам жазбалар мен түрлі мақалалар жазды. Әлихан Бөкейхан артынан өте бай, баға жетпес мұра қалдырды. Ғалым, саясаткер, қазақ халқының игілігі жолындағы күрескер – Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханның ғылыми мұрасы орасан зор, дегенмен оның тамаша еңбектерінің бәрі бізге көрініп тұрғандай, ашық айтылып, пікір айтылмаған. Оның қоғамтану, тарих саласындағы еңбектері, сайып келгенде, саясаткер, мемлекет қайраткері ретіндегі ой-пікірлері бүгінде мүлдем ескірмегені таң қалдырады. Керісінше, олар бұрынғыдан да өзекті бола бастады. Тұңғыш елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өскелең ұрпаққа тәлім-тәрбие ретінде: «Бүгінгі күнді түсініп, болашақты көру үшін өткенге үңілу керек» деп бекер айтпаған. Барлығымыз мектепте тарихты оқимыз. Біреуге ұнайды, біреуге ұнамайды, бірақ оны әркім білуі керек. Көпшілігі, бәрі болмаса да, неге? Біз қазір болып жатқан оқиғаларды жақсы түсіну үшін ең алдымен тарихты зерттейміз. Өйткені әрбір нәрсе бір себеппен болады. Қазір болып жатқан барлық нәрсенің себебі болды. Ал біз ата-бабамызды ұмытпау үшін тарихты үйренеміз. [4,12-15бет] Халқымыздың кезіндегі қателіктерін қайта жібермеу үшін тарихты есте сақтауымыз керек. Біз қандай адамдардың билікке жолатпауымыз керектігін білуіміз керек, қандай заңдарды қабылдауға болмайтынын есте сақтауымыз керек, олардың басталуына жол бермеу үшін соғыстар мен революциялардың неге әкелетінін есте сақтауымыз керек. Тарих – тәжірибе. Жаман немесе жақсы болсын маңызды емес. Егер жақсы болса, онда біз бұл оқиғаларға қалай қол жеткізуге болатынын білуіміз керек. Жаман болса, оны қалай болдырмау керектігін білуіміз керек. Біз ата-бабамыз жасаған ерліктерді ұмытпауымыз керек. Өйткені, кейбіреулерінің арқасында біз қазір осылай емін-еркін өмір сүріп жатырмыз. Тарихты қажетті пән деп айта аламыз. Тарихты еске түсіре отырып, біз белгілі бір оқиғалар арасындағы байланысты анықтай аламыз. Біз ұлы тұлғаларды, маңызды оқиғаларды, соғыстарды, революцияларды еске аламыз. Тарихты үйрену қиын, бірақ ол барлығымызға қажет. Халық өзінің тарихи тамырын, мәдени білімін, тілін, тарихын сақтаған кезде ғана халық болып қалады. Тарих – қай халықтың болмасын тірегі, оны білу, есте сақтау, ардақтау маңызды. Халық тарихы – миллиондаған адамдар мыңдаған жылдар бойы жинаған орасан зор тәжірибе. Бұл тәжірибе олар үшін өте қиын жолмен келді, ата-бабаларымыз барынан айырылды. Біз, олардың ұрпақтары, жақсы өмір сүруіміз үшін көптеген адамдар тіпті өмірлерінен немесе жақындарынан айырылды. Дәл осы тәжірибе, баға жетпес білім, ата-бабаларымыздың ерліктерін еске алу біз үшін тарихи құнды.

Әдебиеттер:

1. Әлихан Бөкейхан Шығармалары Сочинения XIII том Астана 2018. (<https://www.karlib.kz/kz/resurstar/14-zha-aly-tar/4054-likhan-b-kejghan-lt-ma-tanyshy>)
2. Әлихан Бөкейханов Шығармалар-Алматы редакторы Мәткерім Әкімжанов. (<https://abai.kz/post/6560>)
3. Әлихан Бөкейхан Шығармалары Сочинения IX том Астана – 2018. (<https://library-ching.kz/kz/zha-a-basylymdar/141-b-kejghan-likhan-shy-armalary.html>)
4. Әлихан Бөкейхан Шығармалары Сочинения XV том Астана –2018.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ XX ҒАСЫРДЫҢ ЕҢ КӨРНЕКТІ ТҰЛҒАСЫ

Дауіт Ә.

*Р.С.Байсеитов атындағы Семей қаржы- экономикалық колледжі
тарих пәнінің мұғалімі, магистр*

Әлихан Бөкейхан туралы 10 дерек

Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда үкіметінің алғашқы төрағасы Әлихан Бөкейхановтың қазақ ұлты үшін орны бөлек. Қазақ қоғамында Әлихан Бөкейханды XX ғасырдың ең көрнекті тұлғасы деп қарастырады.

1. Шығу тегі

Арғы тегі Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тарайтын Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов 1870 жылы, наурыздың 5 жұлдызында бұрынғы Семей облысы, Қарқаралы уезінде, Тоқырауын болысының 7-ші ауылында дүниеге келген. Бүгінде Шабанбай би селолық округы болып кетті. Әлиханның тегі алғашында Нұрмұхамедов болған деп көрсетіледі, кейіннен жоғарғы оқу орнының соңғы курсына ол өз қалауымен тегін Бөкейханов етіп өзгерткен.

2. Білімі

Әлихан Бөкейханов Қарқаралыдағы ауыл молдасынан арабша тіл сындырады. Кейіннен қаладағы үш сыныпты, орыс тілді бастауыш мектепке ауысады. Оны тәмамдаған соң, 1879-1886 жылдары Қарқаралы қаласындағы қазақ балаларына арналған мектепке қабылданады. 1886-1890 жылдар аралығында Омбыдағы техникалық училищеге түседі. 1890-1894 жылдары Санкт-Петербургтегі Орман технологиялық институтының экономика факультетінде білім алады.

3. Қарқаралы петициясы

1905 жылдан бастап Ресей конституциялық-демократиялық партиясының (кадеттер) мүшесі болады. Осы жылы Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Жақып Ақбаевпен бірге Қарқаралы петициясын ұйымдастырушылардың бірі болды. Петицияға 14 500 адам қол қойған.

4. Тұтқындалған депутат

1905 жылдың күз айында ғалым-публицист Семей облысы қазақтарының атынан Ресей патшалығына 1-ші Мемлекеттік думаға депутат болып сайланады. Алайда ол дума жұмысына қатыса алмады. Себебі, дала өлкесінің генерал-губернаторының негізсіз айыптауымен 3 ай Павлодар абақтасына жабылады.

5. Шетелдегі қызметі

Абақтыдан шыққан Әлихан Бөкейханов сол кезде тарап кеткен дума мүшелерінің артынан Финляндияның Выборг қаласына келеді. Выборг үндеуіне қол қояды. Сол үшін жазаланып, 3 айға Семей түрмесіне жабылады.

6. Шығармашылық жұмыстары

Әлихан Бөкейхановтың мұрасы әр салаға арналған мыңдаған очерктер мен мақалалардан тұрады. Олар Ресей мен қазақ елінің барлық басылымдарында жарық көрді. Зерттеуші ғалымның, көрнекті публицист Әлиханның экономика, әдебиеттану, ормантану, ауылшаруашылық салаларына арналған көптеген жазбалары сақталған.

7. Толқынды 1917 жыл

1917 жылы Әлихан қазақ тарихындағы алғашқы саяси ұйым Алаш партиясын ұйымдастыруға кіріседі, артынша желтоқсан айында Алаш автономиясын жариялайды. Оның үкіметі болып Алашорда құрылады. Қазақ даласындағы тұңғыш үкіметтің төрағасы болып Әлихан Бөкейханов тағайындалады.

8. 20 жылдардағы тұтқындау

1920 жылы Алаш автономиясы тарих сахнасынан біржолата жоғалып, оның мүшелері қудаланады. Әлихан Бөкейханов Мәскеуге жер аударылып, сонда 10 жыл бойы үй қамақта отырады.

9. Ату жазасы

Бутырка абақтысына қамалған Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов 1937 жылы 67 жасында Мәскеуде ату жазасына кесіледі. Әлиханның қабірнің қайда екені жайлы мағлұмат тек 2007 жылы жария етілді. Ол Мәскеудегі Дон бауырластар зиратына көмілген.

10. Отбасы

Әлихан Бөкейханов Яков Севостьяновтың қызы Ольгаға үйленген. 1903 жылы қызы Елизавета, ал 1910 жылы ұлы Өкітай дүниеге келеді. Бөкейхановтың қызы Смағұл Сәдуақасовқа күйеуге шыққан. 1957 жылы ұлы Өкітай жұмбақ жағдайда өмірден озған.

Әлихан Бөкейхан – ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ даласында кеңінен қанат жайған ұлт-азаттық «Алаш» қозғалысының негізін қалаушы және жетекшісі, Алашорда ұлттық аутономиясы Халық кеңесінің төрағасы болды.

«Алаш» қозғалысы жетекшісінің іс-қимылы мен рөліне қазақтың қазіргі заманғы тарихында алғаш рет, 1920 жылдары осылай баға берілді. Қошмұхаммед Кемеңгерұлы (Қошке Кемеңгеров) «Қазақ тарихынан» деп аталатын тарихи очеркінде: «Үкіметтің қара қуғын жасаған күндерінде айдауына да, абақтысына да шыдап, ел үшін басын құрбан қылған ат төбеліндей ғана азамат тобы болды. Бұл топты баулыған – Әлихан», – деп жазды.

ХХ ғасырдың бас кезіндегі саясаткерлердің бірі, тарихшы, журналист, жазушы және драматург Қошмұхаммед Кемеңгерұлы бұл очеркін 1922 жылы аяқтап, 1924 жылы Мәскеудегі СССР халықтарының орталық баспасынан шығарды. Совет өкіметінің қуғын-сүргініне ұшыраған Әлихан Бөкейхан өмірінің соңғы 15 жылын осы Мәскеуде өткізіп, Кремльдің жіті бақылауында болған еді.

ҚАЗАҚ КӨСЕМІ

Әлихан Бөкейхан 1866 жылы 5 наурызда дүниеге келді. Бұл кез отаршылдық саясат салдарынан қазақ халқы ғасырлар бойғы қалыптасқан көшпенділердің дәстүрлі рулық-қауымдық қатынастарынан, жерінен де, оны пайдалану құқынан да ажырай бастаған, көшпенділердің байырғы құндылықтары шеттетіліп, жаңасы қалыптаса қоймаған алмағайып кез еді.

Патшалық Ресейдің отыршылдық саясаты жыл өткен сайын күшейіп, қазақ ішіне дендеп ене түсті, соның кесірінен хандық биліктің байырғы құрылымдары жойылып, қазақтың салт-дәстүрі мен мәдениетіне және оның өз жерінде дербес этнос ретінде өмір сүруіне қатер төнді.

Патшалық биліктің озбыр саясатын жастайынан көріп, түйсініп өскен Әлиханның бойында отаршыл билікке ғана емес, жан алып, жан беріспей-ақ отарлық қамытты киюге мәжбүр еткен өз халқының Әлихан Бөкейхан ауторы әрі редакторы болған «Голос степи» газетінің 1907 жылы қаңтардың 13-і күні шыққан саны.

1889 жылы «Особое прибавление къ «Акмолинскимъ областнымъ ведомостямъ» газетінің қазақ тіліндегі қосымшасы – «Дала уалаятының газетінде» жарияланған өзінің алғашқы мақалаларында-ақ қазақ қоғамының жағымсыз жақтары мен қара халықты қатыгездікпен қанап жүрген надан молда, болыс пен старшынды, тойымсыз байдың сойылын соғып жүрген екіжүзді ақындар мен оқыған қазақтарды аяусыз сынға алды.

«Қырда кім болса да сол молла болады. Аз ғана оқу білетін қазақ, я қашқын ноғай, я сарт, я тәжік. Сол адамдар бек надан һәм нәрсені... білмейді һәм солар надан болған соң қазақтарға ауып, оларды мейлінше бұзады. Қай қазақ моллаға нанбайды, ашық күнді жауын қыламын деп тұрған соң... (Құдайындай иланады)... Бір сорлы қазақ бар ма екен... «жақсы» атанып жүрген қазақтар менен моллалардан көрмеген?.. Сол моллалар надандығыменен дінге қарсы өтірік айтады...» деп жазды «Қ. оязындағы моллаларының баяны» деген мақаласында.

«Баспаханаға хат» атты мақаласында аутор Зұлымбай Қарымбаев секілді қазақ бай-болыстарының, сондай-ақ Мүсәпір Бейшарин тәрізді қазақ кедейлерінің жиынтық кейіпкерін жасады: «Біздің сөзіміздің растығын байқайын дегендер елдегі тілмәштің список жорналын алып, кез-келген жерінен оқып көрсе болғаны, мына жорналдан Зұлымбай Қарымбайұлын көрсе, 15 жылқысы, 100 қойы бар деп жазулы тұрады. Анығы

300 жылқы, 700 қойы болса да һәм Мүсәпір Бейшараұлын көрсе - 50 қойы бар, 5 жылқысы бар деп жазылып тұрады. Ол сорлының іліп алар һеш нәрсесі болмаса да сондай бейшаралар, яғни уақытымен алым бермеймін, һеш нәрсем жоқ деп азар да базар болады.

Ол болыстарды, писарлер мен тілмәштарды «сұм», «залым» адамдар қатарына жатқызды.

Басқа бір мақаласында аутор былай дейді: «Қыр халқы бос жүреді. Бос отырған бастарына ауыр сын тумаған соң мехнат-жұмысқа иленбей, мал шаруасыменен күнелтіп жүрді. Мал бағу өз жөніменен жүре береді. Өлгенге шейін бір қазақ мал бағуды түзеуге ойлаған жоқ, қанша заманнан бері ата-бабаның жолыменен жүреді де отырады».

23 жасар Әлихан сол кездегі қазақ қоғамы мәдениетінің төмендігін, адами әдеп пен ахлақтың жоқтығын өкіне отырып айтады. Халықтың жаппай сауатсыздығы, болыстық билік үшін ру аралық күрес, барымта, байлар мен күштілердің кедейлер мен әлсіздерді аяусыз езуі етек алды деп санайды.

Бұл жылдары, Әлиханның көзқарасынша, қазақ халқы бай мен надан молдалардың және отаршыл биліктің үш жақтан бірдей езгісіне түсті.

Бірақ Әлихан қазақтар туралы: «Қыр халқы... ғылым-білім жайып жатқан һәм өздері ғылым-білімге көңіл бөлген себебінен кешікпей-ақ жақсылықты біліп, еңсесін көтеруге аяқ басар, өздерінің сүйектеріне берген ақылы-санасы болған соң...», – деп жазды.

КҮРЕС ПЕН ҒЫЛЫМ

Омбы техникалық училищесін аяқтаған Әлихан сол кездері жұрт жапа-тармағай ұмтылатын заңгер немесе әскери кәсіпті таңдамай, Санкт-Петербургтегі Орман институтына түсіп, ормантанушы-ғалым дипломын алып шықты. Кейіннен Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне төтенше емтихан тапсырып, заңгер дипломына да ие болды.

Міне, осылайша Әлихан Бөкейхан Дала өлкесі – Қазақстанның халық шаруашылығы бойынша сарапшы маман, ірі ғалымға айналды. Сондай-ақ экономист, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы ретінде танылды. Қазақ егіншілігі мен мал шаруашылығы, соның ішінде қазақтың сиыр, қой және жылқы шаруашылығы туралы іргелі зерттеулер жариялады. Қазақ тарихы, этнографиясы, әдебиеті мен фольклоры туралы жүздеген мақалалар жазып, «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу», «Ер Тарғын», «Ер Сайын» секілді халық ауыз әдебиетінің бірнеше үлгілерін жинақтып, баспа бетіне шығарды.

Ол ғылыми атаққа да, ғылыми дәрежеге де ұмтылмады, өйткені негізгі күш-жігерін саяси күреске жұмсады. Кейде ғылыми жұмыстарын еріксіз саяси күрес барысында жазуға тура келді. Академик Әлкей Марғұланның естеліктерінде, Алаш көсемінің 1925-1927 жылдар аралығында Ленинград мемлекеттік университетінің профессоры болғандығы айтылады.

Қазақ жерінің отарлануы мен байырғы жер иесі – қазақ халқына сол кездің өзінде тиіп отырған және алда да тигізе беретін аса ауыр зардаптары туралы бірқатар ірі еңбектері Әлихан Бөкейханның алға қойған мұратының жарқын мысалдары бола алады. Әлихан Бөкейхан бұл зерттеулерді Семей түрмесінде сегіз ай отырған кезінде де жазған еді.

«Қазақтың суармалы егістік жерлерінің алынуы», «Дала өлкесінің түкпірлеріндегі орыс қоныстары», «Ақмола облысындағы переселендердің жер үлестері» деп аталатын мақалаларының тақырыптарынан-ақ оның қандай өзекті мәселелерді арқау еткені айқын аңғарылады. Әлихан Бөкейхан бұл мақалаларды басқа жерде емес, отаршыл метрополияның дәл жүрегінде – Петербург қаласында, «Сибирские вопросы» журналында жариялады. 1908 жылы, туған жерден жырақта, бостандықтың дәмін татар-татпастан-ақ Самараға айдалып кетті.

САЯСАТКЕР-РЕАЛИСТ

Әлихан Бөкейхан кезіндегі құдыретті Қазақ хандығының бірлігі мен күш-қуатынан айырылып, отарлық тәуелділікке қалай түскенін егжей-тегжейлі зерделеп шықты.

Ол қазақ хандары мен сұлтандарының, ру көсемдері мен билерінің Ресей империясы өкілдерімен жазысқан хаттарын зерттей келе кейбірін газеттер мен арнайы жинақтарда жариялады. Сондай-ақ даланың тағы бір көшпелі элитасы – Кенесары хан бастаған қарулы көтеріліс туралы ел ауызындағы аңыз-әңгімелерді жинақтады. Әлихан Бөкейхан осы ізденістердің арқасында бірнеше келелі тұжырымдар жасап, ой қорытты.

Қазақтың бірлігі мен тәуелсіздігін сақтай алмауының ең басты себебін ол ел тізгінін ұстағандардың, тіпті ең қатерлі кездің өзінде, яғни жоңғар шапқыншылығы кезінде де ел ішінде ауызбірлік орната алмауынан көреді.

Алаш қайраткері Әлихан Бөкейхан шығарған "Иртыш" пен "Омичь" газеттері.

«Бұрынғы билеушілердің көпшілігі, – деп жазады Әлихан Бөкейхан, – күш-қуатының барлығын өзара талас-тартыс пен қырқысқа сарп етті» (Түрік баласы. Қазақтың тарихы. «Қазақ», 1913, № 2.).

Алып Ресей империясымен алысып, байырғы тәуелсіздікті қарулы көтеріліспен қалпына келтіру мүмкін емес деп тұжырған Әлихан Бөкейхан «бұл жолды халықтың жаппай қолдауы да неғайбыл, Кенесары көтерілісінің жеңіліске ұшырауы – соның бір көрінісі» деп есептеді.

Алаш жетекшісі отаршыл империяны саяси тұрғыдан реформалап, федеративтік демократиялы мемлекетке айналдыру арқылы ғана қазақтың әуелі өзін-өзі билеп, кейін толық тәуелсіздікке қол жеткізуіне болады деп санады.

Ол мұның ұзақ та азапты жол болса да, ең дұрыс жол екенін көре білді. Сондықтан да 1905 жылы «Халық бостандығы» немесе Конституциялық-демократиялық партияның (кадет партиясы) Ақмола облыстық және Омбы қалалық комитеттерінің ұйымдастырушылары мен жетекшілерінің бірі болды.

Партия 1905 жылы 23 сәуір мен 17 қазандағы манифестердің аралығында дүниеге келді, бірақ аз уақытта-ақ Ресейдегі ең ірі әрі аса танымал оппозициялық ұйымға айналды. Кадеттердің бағдарламасы мен алға қойған мақсат-міндеттері қазақ халқының арман-тілегіне сай келді. Бұл партия «адамның жеке басына қол сұқпаушылықты; ұлтына, діни сеніміне, тегі мен жынысына қарамастан азаматтардың теңдігі мен бостандығын қамтамасыз етуді; халық өкілдіктеріне де, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына да жалпыға бірдей, тең, төте және құпия сайлау құқығын жүзеге асыруды; жер реформасын заңнамалық тұрғыдан шешуді, ұлттық талаптарды әділ орындауды» талап етті.

ҚАЗАҚТЫҢ САЯСИ ТАЛАПТАРЫ

Тәуелсіздікті байырғы хандық басқару институттары негізінде қалпына келтіруді Әлихан Бөкейхан дұрыс деп санамады. Сол себепті де ол өзгеше стратегиялық мақсаттарды жүзеге асыруға ұмтылды. Бұл ұмтылыстарының бір парасы «Қарқаралы петициясы» деген атпен тарихта қалған 1905 жылғы «Қазақтардың петициясында» көрініс тапты.

«Қазақтардың петициясының» басты ұйымдастырушы және негізгі ауторы Әлихан Бөкейханның қазақ халқының бейбіт саяси талаптарын орыс императорына дереу поштамен жіберуді қолға алғаны туралы оның «Дала өлкесіндегі сайлаулар» деп аталатын очеркінде жан-жақты айтылады.

Әлихан Бөкейхан бұл талаптарды Петербургтің «Сын отечества» газеті мен Омбының «Иртыш» газетінде жариялап, оларды өзі редакциялап шықты. «Қазақтардың петициясының» төртінші тармағында «қазақ отырған жерлердің қазақтың меншігі болып саналатынын патша өкіметінен мойындауды» талап еткен Әлихан Бөкейхан «жерсіз мемлекет болмайды» деген ұстанымда болды. Қазақ жерін сақтап қалу және Ресейдің қазақ жеріне орыс шаруаларын орналастыруына жол бермеу мақсатындағы қажырлы күресті ол Санкт-Петербургтегі оқуынан Омбыға оралысымен бастап кетті.

Қазақ халқы петицияда қазақ балалары білім алатын барша бастауыш мектептерге ана тілі мен жазуын енгізуді, қазақ тілінде газет шығарып, іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізуді талап етті.

Әлихан Бөкейхан кейінірек сырттан таңылған жат заңдармен емес, қазақ халқының салт-дәстүрі мен ұлттық ерекшеліктеріне сай келетін жосын-жоралғылар бойынша үкім шығаратын қазақтың байырғы билер сотын қалпына келтіруді ұсынды. Бұл ретте мысал ретінде Англиядағы сот билігін алға тартты. Ол үшін билер мен билердің сот билігін әкімшілік билікке тәуелсіз ету қажет деп санады.

«Алаш» қозғалысының стратегиялық мақсаттарының бірі – Дала өлкесіне «земство», яғни жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін жаппай енгізу. Земство енгізілген жағдайда жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі күшейіп, белгілі бір аумақта жиналған салықты мектеп, аурухана, жол және тағы да басқа маңызды әлеуметтік нысандар құрылысын жүргізуге, яғни жергілікті инфрақұрылымды салып, дамыту мүмкіндігі болатын еді.

Мемлекеттік Думада тиесілі заң қабылдау арқылы Дала өлкесіне жаппай земство енгізуге ұмтылған Әлихан Бөкейханның түпкілікті көздегені қазіргі қазақ мемлекетін, оның берік іргетасынан қалау еді.

АЛҒАШҚЫ ДЕМОКРАТ

Осынау стратегиялық мақсаттарға жету жолында ұлттық зиялы қауымға да, қарапайым бұқара халыққа да жақын идея ауадай қажет еді.

Әлихан Бөкейхан қазақтарды руға да, жүзге де жіктемеді, әлеуметтік мәртебесіне де, біліміне қарай да бөле-жармады. Қазақты біртұтас халық ретінде көргісі келді. Осы орайда ол ұсынған Алаш атауы ұлтты ұйыстыруға мұрындық болатын тамаша идея болып шықты. Бұл идеяны Әлихан Бөкейхан Алаш қозғалысы пайда болғанға дейін-ақ әрдайым айтып жүрген еді. Сонау 1910 жылдың өзінде-ақ «Қазақтар» деп аталатын тарихи очеркінде қазақтардың соғыс ұраны «Алаш деген мифтік тұлға» екенін атап өткен болатын.

1913 жылы жазған «Қазақтың тарихы» деп аталатын мақаласында Алаш атауына тереңірек тоқталып, Алаш атауының астарында «жетекші» деген мағына жатқанын айтады. «Жошы ханды халық «Алаш» деп атап кетті. Бұл «Алаштың – алаш жұртының басшысы» екенін білдіреді» деп жазады «Түрік баласы» («Қазақ», 1913, № 7).

1917 жылы қараша айында өткен Құрылтай жиналысының сайлауында қазақтардың басым көпшілігі «Үш жүз» партиясын емес, «Алаш» партиясын қолдады, сөйтіп «Алаш» партиясы 43 депутаттық мандатты иеленді. «Алаш» Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан 1937 жылы шілде айында тұтқындалған кезде өз қолымен толтырған анкета. Ресей ФСБ-ның мұрағатындағы құжат. Мәскеу, ақпан, 1995 жыл партиясы Қазан төңкерісінің қарсаңында Ресейдегі елуге жуық партияның ішінде сегізінші орында тұрған еді.

Әлихан Бөкейхан шынайы демократтық жолға түсті. Шынайы саясаты бағамдай білетін ол өз елінің Ресей федеративті парламенттік республикасының құрамында болашағы болмайтынын аңғарды.

Алаш көсемі 1917 жылғы Ақпан төңкерісі кезінде Батыс майданның тылында жүрген болатын. Күтпеген төңкерістен кейін ол Орал облысы мен Бөкей ордасында қазақ сиездерін ұйымдастырып, өткізу үшін майданнан Шафқат Бекмұхамедұлы мен Уәлидхан Танашұлын жібереді. Оларға сиезде қазақтың белгілі ақыны, күйші, Орынбор кадет корпусының түлегі, Әбілхайыр ханның беделді тұқымы Шәңгерей Бөкейұлын жетекші етіп сайлауды аманаттайды.

Аманатты мойындарына алғанда еш қарсылық білдірмеген бұл екеуі неге екені белгісіз Бөкей ордасына барар жолда Шәңгерейге қарай ат басын бұрмаған. (Бұл жайт 1933 жылы Алматы мен Қызылорда қалаларында шыққан, Нұғыман Манайұлы құрастырған Шәңгерей Бөкейұлының өмірі туралы кітаптың алғысөзінде суреттелген).

Әлихан Бөкейхан осы аманат арқылы Орынборда өтетін жалпықазақ сиезінде Шәңгерей Бөкейұлын «Алаш» жетекшісімен тепе-тең жағдайда Алашорда аутономиясы

үкіметінің (Халық кеңесі) төрағасы қызметіне нағыз демократиялық сайлау жолымен дауысқа түсіруді көздеген болатын.

Алайда сиезде онымен бірге басқа екі кандидаттың (тағы да Әлихан Бөкейханның ұсынысы бойынша Екінші Дума депутаты Бақыткерей Құлманов пен Айдархан Тұрлыбаевтың) дауысқа түскені белгілі. Әлихан Бөкейхан бұл ұсыныстарынан Қазақстанда демократиялық сайлау дәстүрінің негізін қалағысы келгені байқалады.

Терең білім, ұлт тарихына құрмет, қазақ халқының азаттығы мен құқығы үшін күрес – «Алаш» қозғалысының жетекшісі Әлихан Бөкейханның кісілік келбетінің бір қыры ғана.

Әдебиеттер:

- 1 Ақпарат дереккөзі: <https://massaget.kz/layfstayl/madeniet/persona/36868/>
2. Бөкейханов Ә.Н. Шығармалар.- Алматы: Қазақстан, 1994.- 384 б.
3. Бөкейханов Ә.Н. Таңдамалы.- /Бас ред.: Нұрғалиер Р.-Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995.-477 б.;
4. Бөкейхан Ә. Шығармаларының толық жинағы. (1889-1903): Омбы-Қарқаралы-С-Петербор-Омбы.Т.1.- Астана: Сарыарқа, 2009561 б.
5. Бөкейхан Ә. Шығармаларының толық жинағы.(1904- 1906): Омбы-Қарқаралы-С-Петербор-Омбы. Т.2.- Астана: Сарыарқа, 2009.- 565 б.
6. Бөкейхан Ә. Шығармаларының толық жинағы.(1907-1913): Омбы-Қарқаралы-С-Петербор-Омбы. Т.3Астана: Сарыарқа, 2009.- 555 б.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЖӘНЕ АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ: ЖАҢА ДЕРЕКТЕР МЕН ІЗДЕНІСТЕР

Мукышева С. А., Еркімбаева З. Е.

Абай облысы, Семей қаласы «М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі»

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан (5 наурыз 1866, Қарқаралы уезі, Семей облысы, Дала Өлкесі - 27 қыркүйек 1937, Мәскеу) - қазақтың мемлекеттік, саяси және қоғам қайраткері, ұлт-азаттық және Алаш партиясының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы.

Біз білмейтін Әлихан Бөкейханов-ең алдымен Алаш қозғалысының стратегиясы мен тактикасын айқындап берген тұлға. Бұған бір мысал келтіретін болсақ,1731 жылы Әбілхайыр хан бастаған Кіші жүз Ресейге қосылған болатын.1750-60 жылдары Орта жүз,тек 19-ғасырдың соңында барып Ұлы жүздің ру-тайпалпыр біртіндеп кірген.Осы кезден-ақ біріккен ұлт емес бөлек-бөлек үш жүз болды.Ал бұл дегеніміз сол кездегі қуатты Қазақ хандығының болмағанын көрсетеді. Сондықтан біз бүгінгі кезде «қазақ құлдыққа ұлт ретінде тұтас,ерікті барған жоқ» дей аламыз.Әлихан Бөкейхановтың 1903 жылы шыққан «История киргизского края»деген кітабын оқып қарасаңыз,»қазақ»деген сөздің қайдан шыққанына үңіледі. Сол кітапта Әлихан Бөкейханов: «қазақтың мифтік атасы бар,ол-Алаш» дейді. Сөйтіп өздері ұлттың басын біріктіріп,тәуелсіз ел ететін партия атауын алаш деп алды. Солайша Патшаға жеке-жекеру боп кірген қазақ құлдықтан шығар кезде бір ұлт болдық,осыны жүзеге асырған Әлихан Бөкейханов.Екіншіден, «өзінің өткен тарихы жоқ халық,халық болмайды» деп,ол кісі бірінші болып қазақтың тарихын жазуға кірісті.1903 жылы сосын 1910 жылы «Қазақ» газетіндегі «Түрік баласы» деген мақалаларды оқып қарасақ,сонда ол кісі қазақ хандарының орыс патшаларымен хат алмасқандары туралы тарихи фактілерді тізіп жазып,тіпті қазақ хандарының Патшаға барып сәлем беріп,сөйтіп оларданн атақ-даңқ пен шен,қымбат сый алғандықтарын, сөйтіп соңында орыстардың қазақты қарумен емес атақ пен ақшаға сатып алғандығын айтады.

Әлихан Бөкейхановтың «оценщик земли» деген тағы бір мамандығы болған.Сол бойынша ол кісі Қазақстанға жасалған төрт экспедицияға қатысып,өз елін бес саусағының

саласындай,өзінің туған баласындай білген болатын.Қазақстанның қай түкпірінде қандай бұта өсіп,қай жердің мал өсіруге қолайлылығын,былайша айтқанда,ауылшаруашылығын да,мәдениетін де,әдебиетін де түгел зерттеп шыққан.1908 жылы Санкт-Петербургте шыққан «Сибирские вопросы» газетіне жазған мақаласында «Қазір Қазақстанға көшіп келіп жатқан келімсектердің көбі мал шаруашылығымен айналыса бастады.Сонда олар сол үшін келіп жатыр ма? Қазақ даласы белгілі бір мөлшерде мал асырауға жарайды,алайда ол малдың саны Қазақстанға қазірдің өзінде жеткілікті.Онда келімсектер Қазақстанға неге қажет?» деп жазады.Ол кісі сондай-ақ қазақ даласын көктемде құлпырып,күзде жалмауыз кемпірдей қорқынышты кейіпке енетінін айтып,әдейі келімсектерді қорқытады.Алайда, бұл тек қорқыбу емес,астарлы шындық та.Себебі қазақ жерінің тек үстіңгі қабаты ғана құнарлы,сондықтан оны жыртса,астыңғы жағынан удың желменен ұшып,даланың құнарсыз шөлге айналатынының ғалым сол кезден ақ білген.Ал біз бұл шындыққа 1954 жылы тың жерді игерудің зардабын әбден тартқаннан кейін ғана көз жеткіздік.Қазақтың жері үшін қаншама тер төккен,тіпті тілімдей жерді де өзгеге бермеуге жанұшыра шырылдаған тұлға да осы Әлихан.

Санкт-Петербургте,Омбыда,Орынборда,Семейде шығып тұрған басылымдарға орысша,қазақша мақалалар жазып, «Ей,қазақтар 15десятина жерден алушы болмаңдар!Қала болам деп құтырмандар! Жерсіз қаласыңдар ! Орыс неге жерді бұлай бөліп,қазақты жарылқап жатыр?Өйткені қалған жердің барлығын алып қойып,өз келімсектеріне бермек.Сондықтан әзірге қала болуға құмартпай,көшпенді болып қалу арқылы кең-байтақ жеріңді сақтап қал», -деп шырылдады ол.

Қорытындылай кетсек Әлихан Бөкейхан — ғұлама ғалым ормантанушы, экономист, мал шаруашылығын зерттеуді ғылыми жолға қоюшы, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, аудармашы, әрі публицист ретінде қазақ халқының саяси әлеуметтік, мәдени рухани тарихында өшпестей із қалдырған ұлы тұлға.

Әдебиеттер:

1. «Алаш зиялыларының соңғы сөзі» Мәриям Әбсаттар
- 2.Әлихан Бөкейханов Шығармалар-Алматы редакторы Мәткерім Әкімжанов.
(<https://abai.kz/post/6560>)
- 3.Әлихан Бөкейхан Шығармалары Сочинения **IX** том Астана – 2018 . (<https://library-ching.kz/kz/zha-a-basylymdar/141-b-kejkan-likhan-shy-armalary.html>)
4. Әлихан Бөкейхан Шығармалары Сочинения **XV** том Астана –2018.

АЛАШ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК МҰРАСЫ

Қундукова М. Т., Есболат А. Е.

«М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі»

Алаш қозғалысы-XX ғасырдың басында Ресей империясының отаршыл саясатына және қазақ халқының бостандығына негізделген ұлт-азаттық қозғалыс болып саналады.

XX-ғасырдың басында біздің қазақ халқымызда қиын-қыстау кезең орын алады. Ресейлік әскери-монархиялық отаршыл басқару жүйесі, қазақ жерлерінің барлығын өздеріне тиесілі екендігін жариялады. Осының әсерінде ішімізге Ресейден қоныс аударушы шаруалардың күрт көбеюі, қазақтардың яғни, қарапайым халықтың егіншілікке жарамды ең құнарлы жерлерін тартып алып оларды ығыстырды. Дәстүрлі қазақ шаруашылығының ауыр дағдарысқа ұшырауы сол ауыр жылдардың нағыз көрінісі болып тарихта қалды. Сол кездегі қазақ қоғамындағы басты мәселе бұл қазақ халқының ұлт ретінде жоғалуы болды. Ресей империясы отарлау саясаты арқылы бізге тиесілі жерімізді, байлығымызды иемденгісі келді. Алайда бұл бастаған ойларының жүзеге асуына біздің батыл арыстарымыз кедергі жасады. Қалыптасқан жаңа саяси ахуалына лайық болған жаңа күрес құралдары және әдіс-айла қажет болды, ең бастысы халыққа оның алдында орын алған ең негізгі мақсат-мүдделерін таныстырып түсіндіру керек, солай да оны заман талаптарына сай болатын күрес құралдарымен қаруландырып, азаттық-тәуелсіздік үшін қоғамдық төңкерістің алдын бастап кетуге күші жететін, мүлдем жаңа саяси-әлеуметтік күш аядай қажет болған еді. Осы саяси күш өзін көп күттірген жоқ. 1905-1907 жылдардағы оқиғалар осының дәлелі болып саналады. Бұл күш саны жағынан аз болғанына қарамастан, саяси күреске тез икемделіп, аз уақыт ішінде тез дами бастаған ұлттық интеллигенцияға айналды. 1905 ж. Қоянды жәрмеңкесінде пайда болып жазылған Қарқаралы құзырхаты (петициясы) оның нақты бағдарламалық құжаты ретінде жарық көрді. Осыдан кейінгі уақыттан бастап Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов басшылық еткен қазақ ұлттық зиялылары енді жанданып келе жатқан ұлт-азаттық қозғалыстарына басты сипат беру үшін газет шығару, азаттыққа үндеу жасайтын кітаптарды шығарып бастырып тарату, Мемлекеттік Дума жанындағы мұсылман фракциясы жұмысына, жалпыресейлік мұсылман, түркішілдік қозғалыстарға атсалысу сияқты қазақ қоғамына негізделген күресті бастады.

Ал 1911 жылдан шыға бастаған «Айқап» журналы, 1913 жылдан жарық көріп, жалпыхалықтық басылымға айналған «Казак», оның артынан жарық көре бастаған, «Бірлік туы», «Сарыарқа», «Ақжол» газеттері ұлт-азаттық күрес идеологиясының қалыптасуына қызмет етті. А. к-ның басты мақсаты қазақ елінің өзін-өзі басқару, яғни ұлттық мүддесін қорғай алатын мемлекеттік жүйе құру құрын метрополияға мойындату, түбінде дербес мемлекет құру, қазақ жерлеріне ішкі Ресейден қоныс аударуға шек қою, әлемдік озық тәжірибені пайдалана отырып, дәстүрлі мал шаруашылығын өркендету, сонымен қатар егіншіліктің, өнеркәсіптің дамуын қамтамасыз ету, рыноктық қатынастарға жол ашу, жеке адам құқын және басқа демократиялық принциптерді қадір тұту, ұлттық мәдениетті өркендету, оқу жүйесінің, тілдің дамуына қажет шарттар түзу болды. Бірінші орыс революциясы жылдарынан бастау алатын «Алаш» ұлт-азаттық қозғалысы 1917 ж. ақпан және желтоқсан айлары аралығында өзінің шарықтау шегіне жетті. Осы жылдың күзіне қарай «Алаш» партиясының, ал сонына қарай Түркістан автономиясы (Жоқан автономиясы) және Алаш-үкіметтерінің құрылуы бұл қозғалыстың нақты нәтижелері болатын. 1917 ж. пайда болған бұл саяси құрылымдар большевиктер тарапынан күшпен таратылғанымен, ұлт-азаттық қозғалыс күштері саяси күрес сахнасынан бірден кете қойған жоқ. Мемлекеттік тәуелсіздік, жер және кезінде алаш зиялылары күн тәртібіне қойған қоғамдық-саяси басқа да басты талабы етіп, ұлт-азаттық қозғалыс жаңа сипатта Т.Рысқұлов, С.Асфендияров, С.Қожанов, С.Садуақасов, Ж.Мыңбаев қызметінде одан әрі өрши түсті. Елде тоталитарлық жүйе біржола орнағаннан кейінгі уақытта енді ол жаңа саяси жағдайға байланысты шетелдік эмиграция күшімен жүргізілді. Мұстафа Шоқайұлының қызметі, оның басшылығымен Берлинде 10 жыл бойы (1929-1939) шығып тұрған «Яш Түркістан» журналындағы материалдар соның айғағы болды [7,32-33].

Қазақ халқы үшін автономия мәселесі аяқ астынан тумағаны айдан анық. Алдымен Сібірге қосылып автономия алдық, одан кейін Бүкілресейлік Құрылтай жиылысында сүт іске асыру мүмкіндігіне ие болып отырғанының негізгі мақсаты бұл-бүкіл Ресейді қамтып отырған мемлекетсіздік қалпы БИ ШЕНСЕТ еді. Ендігі автономияның жариялануынан үзінді келтірсем: «Күш біріктіріп, жұрт болатын заман нақ осы уақыт. Міне, осына һәм жоғарыдағы себептерді ойлап, мемлекет жұртынан елдің бәрі көше бастағанынан кейін, біз Алаш ұранын шақырып, біз де өз тізгінім өзімде деп, автономияны жария қылуға кірісіп отырмыз. Сөйтіп, Алаш туын көтеріп, Алаш

ордасын тігіп отырмыз». Осы уақыттағы келесі басты мәселесі Алаш автономиясының мемлекеттік құрылымы және қызметі болды. Бұл жайлы Х.Ғаббасов былай деп ойымен бөліседі: «Қазақ-қырғыздың уақытша үкіметі - «Алаш-Орда» Алаш қаласына келіп, «Алаш» автономиясын жариялағаннан кейін қазақ-қырғыз балалары бағынған үкіметімізді осы деп түсініп, ант беріп, басқа үкіметті танымай өз үкіметінің әмірін екі қылмай орындау керек» [6,136].

Алаш партиясының қайраткерлері 1917 жылдың жазында орын алған жағдайда социалистік идеологияны, жақтық принциптерге негізделген күрес бағдарламасын қабылдамауға тура келді. Себебі, олардың ойларына қазақ қоғамы ол кездерде бұл жасалған бағдарлама талаптарына әлі дайын емес болды. Сондықтан да, өз күрестерін жалпыұлттық мүддеге арналған «қазақ халқын отарлық езгіден құтқару үшін» деген ұрандарына қарай өзгертіп, жинақтап құра бастады. Бұл мақсаттың жүзеге асырылуының басты шарты - Алаш партиясының құрылуы керек деген мәмле болды [5,16].

Қазақ халқы үшін басты мақсат - ұлттық мемлекеттілігін қайта қалпына келтіру, мәдени құндылықтарын сақтап қалу, ата-бабаларымыздың жерін өзімізге қайтару, нақтылы орындалуға орын алды. Алайда, бұл мақсатымыздың бейбіт түрде дамуына және орындалуына Ресей қоғамындағы үлкен дағдарыс кедергі жасады. Осының кесірінен большевиктер партиясының диктатурасының пайда болуына себін тигізді [5,18].

Қазақ саяси партиясы құрылғаннан кейін оның ұйымдарын ашу бағытында жұмыстар жүргізілді. Ғылыми әдебиетте Алаш партиясының негізін сәуір және мамыр айларында құрылған қазақ комитеттері құрды, ал осы комитеттердің белсенділері Алаш партиясының мүшелері болды деген пікір бар. Қазақ комитеттерінің Алаш партиясына қолдау жасағаны рас, бірақ бұл екі ұйымның өзара жігі бары да анық. Жалпы айтқанда, қазақ комитеттері патшалық билік құлатылғаннан соң уақытша үкіметтің мемлекеттік басқару жүйесінде қазақ елінің ұлттық мүддесін білдіру және қорғау мақсатында пайда болған демократиялық бағыттағы қоғамдық негізде құрылған ұйымдар болатын.

Аса көрнекті Алаш зиялыларының бірі, ұлт көсемі - Әлихан Бөкейхан қазақ халқының мемлекеттік дербестігі үшін ХҮІІІ ғасыр Абылай ханның, ХІХ ғасыр Кенесары Қасымұлының бастауымен жүргізілген күресті ХХғ басында, яғни, жаңа тарихи жағдайда одан әрі жалғастырушы жалпы ұлттық қозғалыстың басында тұрды. Ол жаңа тарихи кезеңде ұлттық мемлекеттік идеясын теориялық тұрғыдан негіздеуші, сондай-ақ, осы мақсатқа жеткізуге тиіс болған жол мен әдіс құралдарды анықтауда жетекші роль атқарып, көзі тірісінде-ақ, ұлт-азаттық қозғалыстың көш бастаушысы ретінде жалпыұлттық деңгейде мойындалды. Әлихан Бөкейхан және оның жақын серіктерінің мақсатты еңбегінің нәтижесінде қалыптасқан Алаш қозғалысы ұлт шежіресіне бүтін бір зиялылар буынының елдік болмыс пен құндылықтар үшін жанкешті азаматтық арпалысты күресі ретінде енді. Басқаша айтқанда, Алаш қозғалысы елдік тарихымызда ұлттық мүддені негізгі мұраты есебінде биік ұстаған ұлттық идеяның сабақтастық дәстүрі болғанының айқын көрінісі. Әлихан Бөкейхан мен оның серіктерінің ұлт тарихы мен мәдениетінде алатын орны ерекше. Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ғұлама ғалым, ұлт азаттық қозғалысының теориялық негізін салушы әрі көсемі, қазақтың тұңғыш саяси партиясын ұйымдастырушы және Алашорда үкіметінің төрағасы болған.

Әлихан Бөкейханның әлеуметтік көзқарасы ашық та анық, ол жоғарғы және төменгі топтардан тұратын Қазақстанда емес, барлық әлеуметтік топтар өздерін шын мәнінде өз отанында тұрып жатқандай сезінетін елді армандады. Әлекеңнің пікірінше, қоғамда білім алуға, мәдениетке жетуге оның барлық мүшелеріне тең жағдай жасалынуы тиіс. Ал қажет деп тапқан қалған нәрселерге әркім өз еңбегі арқылы қол жеткізе алды. Мұндай жүйе, әсіресе, қоғамдағы кедей топтар үшін қажет. Алаш бағдарламасында көрініс тапқандай, мемлекет қоғам өмірін тұтас және ылғи да бақылауға тиіс емес. Мұндай әрекет қоғам өмірінің табиғатына қайшы. Мемлекет үшін негізгі нәрсе - қоғамның экономикалық еркіндігін қалыптастыру, бұл мәселеде, әсіресе, бастапқы кезеңде, қоғамдағы барлық әлеуметтік топтар мүддесі арасында арбитрлік міндет атқару [5,102].

«Алаш» партиясының бағдарламасын жүзеге асыру барысында дәстүр мен жаңашылдықты ұштастыру арқылы бұрынғы қазақ қоғамындағы белгілі қайшылықтардан арылуға мүмкіндік туды. Онда тұжырымдалған өтпелі кезең қағидалары жаңғырту қарекетін біршама жүйелі атқаруға жағдай жасады [5,17-18].

Осы 1917 жыл Алаш қозғалысының тарихында ең маңызды да, шешуші және табысты жыл болып тарих бетінде қалғаны мәлім. Алаш қозғалысының халық тарапынан қолдау алуының өзіндік себептері жетерліктей. Атап айтсам:

1. Алаш қозғалысы және партиясы қайраткерлері қазақ халқының мұң-мұқтажын мұқият түсіне біліп, немқұрайлылық көрсетпеген;
2. Қозғалыс және партия қайраткерлері өз біліктіліктерімен көпшіліктің назарын аудартып олардың үмітері мен сенімдерін әрқашан да (1905 жылдан бастап) ақтаған болып саналады.
3. Қозғалыс қатысушыларының қоғам ішіндегі ағартушылық саласындағы дұрыс және белсенді іс-әрекеттері, олардың қазақ қоғамы арасындағы беделдерінің көтерілуіне көмектесті;
4. Ұлттық бірлік пен халықтың өзін-өзі билеу құқын іске асыруды жолға қою бағытындағы туындатқан идеясының жұртшылыққа кеңінен мәлім болуы және тағы да осы сияқты іс-әрекеттері мен жүргізілген жұмыстары Алаш қозғалысының ел арасындағы жетекшілік позициясы мен орнын нақтылап берді.

Алаш қозғалысы төңірегінде топтасқан қазақ зиялылары және олардың әлеуметтік топтарға жататын жақтастары қазақ өлкесінде жаңа өмір құру ісіне қарқынды түрде араласа бастады. Олардың бұл бағыттағы бастамасы ресми өкімет Уақытша үкімет тарапынан қолдау таба бастады. Өйткені Уақытша Үкімет аса күрделі саяси жағдайда Ресейдің шеткері аймақтарында бас көтерген ұлттық қозғалыстарымен санасу керектігін түсінді [6,133].

1918 жылы 28 қаңтарда «Сарыарқа» газетінде Қазақ автономиясы мәселесіне байланысты бірден екі мақала басылып шығарылды. Бірінші мақала «Жасасын, Алаш жасасын» деген есіммен Әлімхан Ермековтың арқасында жарияланды. Қазақ халқының автономиясы қандай түрде болу керек деген сұраққа осы мақаладан жауап ала-аламын деп ойлаймын. Неге екендігін осы мақала ішіндегі бірнеше үзінділер арқылы дәлелдермен келтірейін: «Желтоқсанның 13-күні, түс ауа, сағат 23-те дүниеге «Алаш» автономиясы келіп азан шақырылып, ат қойылды. Алты алаштың баласының басына ақ орда тігіліп, Алаш туы көтерілді... Жерге, мүлікке ие болып, жұрт қазынасын молайтуына, мәдениет жолында ұмтылып ілгері басу үшін, халықтың ұлттығын, дінін сақтап, әдебиетін түсіндіріп, ғылымын арттырып, адам тарихының бетінен орын алып, ат қалдыруына баршасына автономия қазақ болып табылады». Бұдан байқарымыз қазақ қоғамы үшін автономия ұғымы өте жоғары мақсат болғандығы. Автономия сипаты жөнінде былай деп көрсетеді: «...Біз автономия алғанда жерлік, ұлттық автономия аламыз. Сонда алты алаштың басы қосылып, отырған жеріне ие болады, заңын шығарып, сотын жасап, әкімшілігін жүргізіп өз алдына жұрт бола алады» [6,135].

Бүкіл әлемдік саяси жүйеге өзгеріс әкелген осынау кезеңде Алашорда үкіметі мен оның әскері қазақ халқының болашағы үшін қарулы күрес жолында да батыл қадамдарымен көзге түсті. Алашорда үкіметінің саяси аренадағы іс-қимылдары мен әрекеттерінің түп төркіні қазақ ұлты негізінде төл мемлекетімізді тәуелсіздікке жеткізуге бағытталған бастамасы болып саналады. 1917-1919 жылдары аралығында Қазақстан кеңестігінде елеулі түрде қоғамдық-саяси қызметімен жан-жақты танылған «Алаш» немесе «Алашорда қозғалысы» тарихы - қазақ халқының жарқын болашағы үшін жан-жақты күрес тарихы. Еліміздің XX ғасырдың 90-шы жылдарының бас кезінде қол жеткізген егемендігі мен тәуелсіздігінің ең бір мәнді де мағыналы буындық кезеңі, ол - «Алаш һәм Алашорда тарихы» екені айқын.

Менің білуімше, көптеген тарихшы ғалымдарымыздың есептеулері бойынша, Ресей елінің отаршыл саясатына қарсы 300-ге жақын көтерілістер болған. Егер есептесек бұл әр жыл сайын елде кем дегенде бір көтерілістен болып тұрғанын көрсетеді.

Түркі заманнан жеткен Алаш идеясын қазақ ішінде XX ғасырдың басында ұлттың туына, ұранына айналдырып халықтың көкірегінде қайта тұтатқан.

Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Х. Досмұхамедов, М. Шоқай т.б. болатын. Олар Алаш идеясы үшін азап шекті, шын мәніндегі мемлекеттік үшін мінсіз қызмет жасаған тұлғалар еді. Дегендеріне жете алмағанымен Алаштықтар ұлттық сана сезімді оятып, саяси мәселелерді шешуде көп жұмыстар жасады, арман-тілектері іске аспай қалғандарымен олардың елінің ертеңі үшін жасаған жан қиярлық істері қазақ тарихындағы рухани реннессанстық құбылыс болды [6,320-321].

Қорытындылай келсем, менің ойымша XX ғасыр қазақ халқының тарихындағы ең қиын-қасіретті болған. Осындай кезеңдердегі қиыншылықтардан қорықпай халқымыздың азаттығы үшін Ресейдің отаршыл саясатымен күрескен Алаш зиялыларының арқасында біз қазір бейбіт өмір кешіп отырмыз. Алаштың бізге деген ең басты мұрасы – бейбітшілік деп санаймын. Ол кісілер осы мұра үшін өз өмірлерін құрбан етті. Сондықтан да ендігі біздің мақсатымыз осы мемлекеттік мұраны сақтап дәріптеу, өз құндылықтарымызды ешқашан ұмытпай дамыту, қазақ елін барлық әлемге танытып, өмірлері қиылған арыстарымыздың үмітін ақтау.

АЛАШСКАЯ ИДЕЯ И НЕЗАВИСИМОСТЬ КАЗАХСТАНА

Қанатұлы М., Адильбаева А.С., Сайдахметов Д.К.

Alikhan Bokeikhan University, г. Семей

Учреждение образования «Высший медицинский колледж «Авиценна», г. Семей

Қанатұлы М., PhD докторант, исполнительный директор

Адильбаева А.С., доктор исторических наук, и.о. профессора

Сайдахметов Д.К., врач-интерн

Сегодня идет целенаправленная работа по возрождению исторического сознания общества. Только зная историю своего народа и страны, начинаешь понимать особую ценность обретенной в конце прошлого столетия Независимости. Каждая земля, как известно, рождает своих великих сынов. Казахская степь также гордится славными героями, такими как Кенесары хан, батыры Срым, Исатай, Махамбет и многие другие. История казахского народа показывает, что борьба за свободу и независимость страны никогда не прекращалась. Не последнюю роль в этой многовековой борьбе сыграли и представители национальной интеллигенции рубежа XIX и XX столетий. Появление движения и первой политической партии Алаш, правительства Алаш Орда свидетельствовало о возросшей гражданской зрелости и высоком потенциале казахской политической элиты, способной решать судьбоносные вопросы будущего развития родного народа [1, 13-25].

Сегодня идет целенаправленная работа по возрождению исторического сознания общества. Только зная историю своего народа и страны, начинаешь понимать особую ценность обретенной в конце прошлого столетия Независимости. Каждая земля, как известно, рождает своих великих сынов. Казахская степь также гордится славными героями, такими как Кенесары хан, батыры Срым, Исатай, Махамбет и многие другие. История казахского народа показывает, что борьба за свободу и независимость страны никогда не прекращалась. Не последнюю роль в этой многовековой борьбе сыграли и представители национальной интеллигенции рубежа XIX и XX столетий. Появление движения и первой политической партии Алаш, правительства Алаш Орда свидетельствовало о возросшей гражданской зрелости и высоком потенциале казахской политической элиты, способной решать судьбоносные вопросы будущего развития родного народа.

Деятели Алаш и представители казахской управленческой элиты, научной и творческой интеллигенции заложили фундамент казахской государственности. Сегодня мы, сами того не подозревая, живем в том государстве, границы которого в начале 1920-х годов были примерно очерчены участниками Алаш Орды. Алашские лидеры приняли активное участие в процессе национально-территориального размежевания Средней Азии и воссоединения казахских земель. Представители алашской интеллигенции А. Букейханов, А. Байтурсынов, М. Дулатов, А. Беремжанов, М. Шокай, Ж. Акпаев, М. Тынышпаев, А. Ермеков, а также национал-коммунисты С. Ходжанов, Т. Рыскулов, С. Мендешев, С. Сейфуллин, С. Асфендияров, С. Садвокасов, Н. Нурмаков и другие прилагали все усилия для обеспечения целостности казахской территории. [2, 28-45]

Казахские интеллигенты того поколения были людьми высокого порыва и самопожертвования, формировавшими мировоззрение своей эпохи. Они являются для нас, современников, поистине безусловным образцом нравственности, бескорыстия и преданности национальному и гражданскому долгу. Еще при поступлении в Санкт-Петербургский Императорский Лесной институт весной 1890 г. абитуриент Алихан Букейханов так рассуждал в своем сочинении: «Желать другим зло – значит делать себе, потому что мы с другими составляем то, что называется человечеством, что царит над природой в силу своего ума и без чего нет у нас одних жизни. Самое трудное, что невозможно достигнуть ни умом, ни богатством, спокойствие душевное, доступное только высшей нравственности, присущей только всестороннему образованию, мы почувствуем только тогда, когда ни душой, ни телом не сделаем никому зла».

Позже лидер Алаш Орды Алихан Букейханов проникновенно писал: «Я живу, дышу, существую внутренними делами своей родины, для меня судьба ее превыше всех благ... Я не могу спать спокойно, если не знаю, в каком положении она находится». Деятели движения Алаш боролись за обретение государственности казахов. «Наша цель – предоставить возможность самому народу решать свою судьбу. Только добившись автономии, народ возьмет судьбу в свои руки», - подчеркивал Жанша Досмухамедов.

«Основная цель, которой руководствовались при создании партии Алаш, была судьба казахского народа, создание независимого государства наравне с другими развитыми высококультурными народами, обладающими богатством территории и государственностью», - отмечал Алимхан Ермеков.

Казахские интеллектуалы стремились поднять уровень развития народа в ряд с передовыми странами Азии, такими, как Япония. Поэтому их впоследствии обвиняли в японском шпионаже, объявив «японскими агентами». Ещё 23 октября 1904 года, будучи студентом Санкт-Петербургской Военно-Медицинской Академии Халел Досмухамедов писал своему земляку, уроженцу Гурьевского уезда, студенту Казанского ветеринарного института Губайдолле Бердиеву: «...Когда подумаешь, что кроме тебя, десятки или даже сотни киргизов получают высшее образование, то приходишь к заключению, что и этот народ способен к труду, к прогрессу, что и он, может быть, когда-нибудь займет в мировом господстве одно из почетных мест, что и он может сделаться второй Японией...». [3,17-62]

Алашские деятели подняли национальное самосознание народа на государственный уровень. Партия Алаш стала первой политической организацией казахов, разработавшей комплекс мер для решения проблем общества того времени. Основной идеей алашординцев было единство народа, и этот лозунг актуален и по сей день. В чрезвычайно экстремальных условиях того времени алашординцы проявляли исключительную гибкость, в то же время они были принципиальными политиками. Основными целями движения Алаш являлись создание системы государственного самоуправления, отстаивание права народа на национальное самоопределение, модернизация казахского общества с использованием передового мирового опыта.

В своей книге «В потоке истории» Президент Казахстана Н.А. Назарбаев так охарактеризовал заслуги деятелей Алаш Орды: «В начале XX века задачу выработки казахской национальной идеи взяла на себя духовно-интеллектуальная элита, выдвинувшая идею национальной консолидации. ...Сам факт создания национальной политической организации в нашей отечественной истории не до конца осознается. Тем более, что многие положения, в свое время выдвинутые руководителями партии Алаш, сохраняют свое значение и поныне. Это была не националистическая, а патриотическая организация, которая ставила своей целью постепенную трансформацию казахского общества и ее адаптацию к современным реалиям».

Как известно, история не дала партии Алаш, Алашской автономии и ее правительству Алаш Орде возможности осуществить свою программу создания и укрепления казахской государственности на основе единства всех слоев народа. Отвергая насилие, отрицая классовую природу государства, алашские деятели выступали против диктатуры одного класса в обществе. Непросвещенность масс, оторванность от центра политической борьбы, разрозненность и отсутствие четкой программы политической борьбы явились причиной поражения Алаш в политическом противостоянии большевикам. Вынужденные в сложившихся обстоятельствах победы советской власти признать ее, и приняв предложение большевиков о работе в государственном аппарате, бывшие деятели Алаш Орды стремились придать советской власти национальное содержание, приблизить к интересам коренного населения [4, 11-54].

Деятели Алаш были высокообразованными людьми, истинными эрудитами, обладавшими глубокими познаниями в социально-гуманитарном и естественно-научном знании. Многие лидеры движения Алаш были не только правозащитниками, политическими и общественными деятелями, но и крупными просветителями, публицистами, издателями

газет и журналов, мыслителями, поэтами, педагогами, авторами научных исследований, книг и учебников. Алашордынцы и близкие к ним по духу казахские интеллектуалы и творческие деятели, не были ограничены в своих национальных рамках, как раз, наоборот, - все они были людьми глубоко просвещенными и многогранно талантливыми, открытыми, чуждыми любой замкнутости. Ведь многие из них окончили передовые учебные заведения России, а также ряд из них – и зарубежные учебные заведения (Германии, Польши, Турции и др.). Они были непревзойденными публицистами, организовали выпуск ярких газет и журналов - печатных органов правительства Алаш Орды. Деятели Алаш были феноменами, рождающимися раз в столетие. Каждый из них был маяком, светочем для народа.

Оценивая недавнюю историю, нужно обязательно учитывать все противоречия советской эпохи с ее неоспоримыми завоеваниями и достижениями, победами и трагедиями, бесчеловечным попранием индивидуальных и коллективных прав. Борьба за социальное единство общества и утверждение новой идеологии сопровождалась подавлением национального самосознания и нивелированием самобытности национальной культуры. Казахские интеллектуалы многое сделали в изучении и пропаганде национальной истории, культуры и традиций народа. Однако всякие попытки использования естественного права ранее угнетенных народов на защиту национальных интересов воспринимались тоталитарным режимом как проявления буржуазного или местного национализма.

На самом деле, лидеры казахской интеллигенции не злоумышляли против своего народа, как это трактовалось сталинской идеологией, а стремились облегчить положение простых людей. О главной благородной цели алашской интеллигенции – служении народу – отчетливо излагал в своем письме, известном в истории - «Ұрпаққа хат» (Письмо поколению), из Бутырской тюрьмы в январе 1929 года Миржакып Дулатов: «Я считал своим долгом помочь своему поработанному, угнетенному народу вырваться из этого рабского положения... Не думаю, что смог вовремя предвидеть события в политической сфере; то, что преподносят сейчас, как борьбу против советской власти, всего лишь мое желание видеть казахскую нацию самостоятельной, независимой, счастливой».

«Зарю свободы увидят наши потомки», – мечтали Алашские лидеры. Выпуская в эмиграции юбилейный, сотый, номер «Яш Туркестан», Мустафа Шокай в 1938 году, веря в свою мечту, призывал родной народ к единству и независимости: «...Взойдет солнце освобождения и независимости, и мы, скромные борцы,... будем на родной земле, среди родного народа». Сегодня, в условиях Независимости, с особым смыслом воспринимаются гениальные слова Мустафы Шокая: «Национальная свобода есть следствие национального духа. А национальный дух растет и приносит свои плоды при наличии национальной свободы и независимости». [5, 14-74]

Мечты алашских лидеров сбылись. Идеи и идеалы, положения и принципы, выдвигавшиеся поколением казахской интеллигенции начала XX века, сохраняют свое значение и востребованы поныне. Успешно противостоять новым вызовам времени, в условиях внутренних и внешних угроз, кризиса ценностей цивилизации, отстоять интересы нации – обязанность нынешних поколений. И хотя каждое время ставит новые задачи, но идеи Алаш продолжают жить и вновь напоминают о себе в период кардинальных изменений в стране. Это: равноправие, общественное согласие и мир, культурный прогресс нации, меритократия, государственный язык, привлечение не только элиты, но и широких масс к делам управления государством. Алашскими лидерами на уровне передовых требований своей эпохи, европейских либерально-демократических ценностей выдвинуты принципы демократического, правового, светского, социального государства, идеи системы государственного управления и самоуправления, институтов президентства, парламентаризма, экономической, социальной и политической модернизации общества. В контексте своего времени они призывали к качественному обновлению нации, рывку к прогрессу. И сегодня востребованы такие же известные в истории честь и отвага поколения интеллигенции 20-30-х гг. прошлого века. Современное общество нуждается в новаторских

идеях и мировоззренческих ориентирах, в лидерах, которые способны мыслить оригинально и действовать нестандартно.

Ныне, в условиях Независимости, мы наблюдаем преемственную взаимосвязь между идеями первых казахских интеллектуалов прошлого века и современностью. Стратегия национального прорыва продолжается в инициативах, идеях и деятельности Первого Президента независимого Казахстана и затрагивает все сферы общественной жизни, внутренней и внешней политики государства. В одном из своих выступлений Президент Н.А. Назарбаев, с начала 1990-х годов предложивший идею создания Центрально-азиатского союза, упомянул, что идею единства центральноазиатских государств впервые выдвигал Мустафа Шокай. Идея предков о единстве тюркских народов воплощается сегодня в деятельности Совета тюркоязычных государств, созданного в 2009 году.

Алашские деятели мечтали об образованной нации. Сегодня эти идеи вот уже на протяжении двадцати лет находят отражение в реализации Президентской программы «Болашақ».

Казахские интеллигенты всегда проявляли заботу о судьбе национального, родного языка, как не только культурном, но и политическом атрибуте нации. Вопрос развития государственного и других языков сегодня, как и век назад, является актуальным для суверенного Казахстана. А в то время Ахмет Байтұрсынов подчеркивал, что в условиях нарастающего притока в Казахстан других народностей «перед нами во всем величии вырастает вопрос, вопрос о самостоятельном существовании киргизского (казахского – Ж.К.) народа. Для того чтобы сохранить свою самостоятельность, нам необходимо всеми силами и средствами стремиться к просвещению и общей культуре; для этого мы первым делом должны заняться развитием литературы на родном языке. Никогда не нужно забывать, что на самостоятельную жизнь вправе претендовать только тот народ, который говорит на своем языке и имеет свою литературу». А. Байтұрсынов был обеспокоен тем, что «современная киргизская интеллигенция, получившая образование в русских школах и татарских медресе, уже начинает пренебрегать киргизским языком, разговаривать и переписываться между собой на русском и татарском языках. ...Если этого мы не хотим, то необходимо разрешить этот вопрос в корне и отныне приступить к усовершенствованию киргизского языка и литературы». От этой идеи он никогда не отступал ни на шаг. [6, 28-45]

Критические замечания Ахмета Байтұрсынова возымели побудительное действие. Об этом свидетельствует следующее упоминание Мыржакыпа Дулатова в одноименном биографическом очерке, посвященном 50-летию Ахмета Байтұрсынова: «Благодаря А. Байтұрсынову, хотя бессознательно, но на самом деле поддавшаяся обрусению и отатариванию часть киргизской интеллигенции, живо опомнилась и стала осознавать и исправлять свои ошибки. Даже бывали такие курьезные случаи: учащаяся молодежь в некоторых русских учебных заведениях в целях сохранения чистоты киргизского языка условилась разговаривать между собой обязательно по-киргизски, в случае нарушения кем-либо этого правила виновный за каждое случайно вылетевшее некиргизское слово платил 35 копеек штрафа в пользу ученических кружков».

Казахские интеллектуалы рубежа XIX-XX вв. были полиязычны. По словам внука Алимхана Ермекова - Олега Ермекова, его дед знал пять языков. Мустафа Шокай свободно владел наряду с русским еще и английским, французским, немецким, польским и турецким языками.

И сегодня востребованы выдвигавшиеся алашской интеллигенцией по отношению к кадрам государственного управления принципы чести и долга. Столь жизненны и поныне мысли Шокай о работнике аппарата, чиновнике: «Национальный кадр» для нас – это, прежде всего, слуга нации, выполняющий свой национальный долг ни по чьим бы то ни было приказам, а по долгу совести». Одной из актуальных задач нынешней казахстанской госслужбы является утверждение принципов меритократии (системы заслуг). Как не

вспомнить сегодня как назидательный пример нынешним поколениям управленцев еще об одном факте из истории алашской интеллигенции.

В уже упоминавшемся письме Х. Досмухамедова Г. Бердиеву отмечаются сведения о социальной несправедливости и беззакониях, царящих в Степном крае. Студент Х. Досмухамедов с болью в сердце писал своему другу о развивающихся в степи злоупотреблениях, грязных поступках обирателей, взяточников и аферистов разных мастей, нечистых на руку чиновниках, сеющих раздор и разногласия, их бесчеловечности, бессердечном и безжалостном отношении к народу, произволе, чинимом ими всюду. Автор письма осуждал действия таких администраторов, которые «по приказу», «под видом благотворительности организовали для Красного Креста сбор с баев по 1 барану, с бедняков по 1 рублю и с поступившей суммы оставили начальству 100 рублей». Х. Досмухамедов отмечал, что такая же картина наблюдается и на выборах. Он советовался с другом по поводу кандидатур в волостные правители в родном для обоих округе, предлагая альтернативные кандидатуры вместо кандидатуры Жумакула, «проводника политики ненавистной народу компании Гадучева». Жумакул приходился родственником Халелу. Этот пример также убеждает, что и в студенческие годы Халел Досмухамедов проявлял зрелую гражданскую позицию защитника прав и интересов простого народа, что никогда не поступался принципами правды и справедливости, невзирая на родство. [7, 14-78]

О наличии в истории такого опыта истинного служения народу непрестанно следует говорить молодому поколению. Чем дольше мы будем помнить об алашских деятелях, тем реже будем испытывать горечь разочарования в испытаниях на приверженность справедливости, состраданию и милосердию, способности каждого из нас проявлять личную ответственность за происходящее вокруг, противостоять лжи, мздоимству, не поддаваться соблазну корыстного и алчного обогащения за счет окружающих.

Алашская идея, рожденная в начале XX в., продолжает служить интересам независимого Казахстана. Пройдет время, придут новые поколения, но и в последующие десятилетия и столетия достойное наследие общественной мысли и духовного опыта Алашской интеллигенции будет поддерживать казахстанский народ в потоке истории.

Литература:

1. Бочагов А. К. Алаш-Орда: Краткий исторический очерк о национально-буржуазном движении в Казахстане периода 1917-19 гг. - Кызыл-Орда, 1927.
2. Алаш Орда: сб. документов / сост. Н. Мартыненко. — Кызыл-Орда, 1929. предисл. К. Сарсекеева. - 2-е изд. - Алма-Ата: Айқап, 1992.
3. Аманжолова Д. Партия «Алаш»: история и историография. — Семипалатинск, 1993.
4. Аманжолова Д. Казахский автономизм и Россия. История движения «Алаш». — М., 1994.
5. Нурпеисов К. (казах.)рус. «Алаш» и «Алаш-Орда». — Алматы, 1995.
6. Койгельдиев «Алаш козгалысы» (Движение «Алаш»). — Алматы, 1995.
7. Алашоведение // Казахстан. Национальная энциклопедия. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2004. - Т. I. - ISBN 9965-9389-9-7. (CC BY-SA 3.0)

ҰЛТЫМНЫҢ ҰЛЫ КӨСЕМІ

Наубет Л.

тарих пәні мұғалімі, Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы

Әрбір халықтың тарихында ұмытылмайтын ерекше кезеңдер болады. Қазақ тарихындағы осындай кезеңдердің қатарында Алаш қозғалысы тұр. Бұл ұлт-азаттық қозғалысы 1905жылғы оқиғалардан басталады. Осы жылдан бастап, қазақ оқығандарының отаршылдыққа қарсылық жолында бұрын-соңды болмаған жаңа саяси күрес бағытын таныды. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ж.Ақбаев бастаған елшіл тұлғалар Қоянды жәрмеңкесінде тарихқа «Қарқаралы құзырхаты» деген атпен енген хат жолдады. 12767 адам қол қойған хатта отаршылдық саясат айыпталды. Жерімізге ие болып қалу, дін бостандығы, ана тілінде оқыту, мектеп-медресе мен газет-журналдар ашу, ұлт теңдігі мәселелері көтерілді. Патшалық Ресей үкіметі бұл хаттардығы талаптарды орындаудан бас тартты. Сондықтан сол кездегі қазақ оқығандары саяси күреске шығып, теңдік пен азаттық жолындағы Алаш ұранының астына иісі қазақ баласын ұйыстыра білді.

XX ғасыр басындағы ұлт зиялыларының дербес мемлекет, азат ел болу жолында ұстанған саяси бағытын айқындайтын ұғым. Алаш автономиясының жариялануы, құрылуы күрделі белестерден өтті. Ресей отаршылдығынан арылу жолында ұлт қайраткерлері Алаш Орда атауымен байырғы қазақ мемлекетінің шаңырағын қайта тіркеуді басты мақсат етіп алды.[1.3-4-8]

1917жылы 13 желтоқсанда Орынборда өткен Екінші жалпықазақ сиезінде Алаш автономиясы мемлекеттік құрылым ретінде жарияланды.

М. Шоқайұлы Алаш автономиясы жарияланса, Алаш автономиясын жариялау Түркістандағы жағдайға сәйкес кейінге қалдырылды. Өйткені қазақ қайраткерлері үшін ұлттың және жердің тұтастығы аса маңызды іс болды. Қоқанда жарияланған Түркістан автономиясы немесе Түркістан мұхтарияты 1917жылдың 27 қарашасынан 1918 жылдың 11 ақпанына дейін жұмыс істеп, соңында большевиктердің аяусыз күшімен таратылды.

Орынборда 1917жылы 5-13желтоқсан аралығында өткен тарихи Екінші жалпықазақ сиезінде осы Алаш автономиясын тездетіп жариялау мәселесі дауысқа салынды. Көпшілік, яғни Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М. Дулатов т.б. сынды өзге азаматтар күрделі саяси жағдайға қарап, Алаш автономиясын кейін жариялауды жақтады. Х.Досмұхамедұлы, Ж.Досмұхамедұлы, У. Танашев, Ғ.Жүндібайұлы, Ғ.Қараш т.б. тездетіп жарияламасақ, Түркістан автономиясына кірейік деген пікірлерін білдірді. Нәтижесінде Түркістан қазағын қосып алып, автономия жариялауға бір ай мерзім берілді. Бір ай ішінде қосылу ісі жүрмесе де автономия жарияланатын болды. Бірақ жағдай ауыр еді. Бір ай ішінде қосылу жайы сол күйінде өзгеріссіз қалды. Түркістан автономиясы да амалсыз жұмысын тоқтатты. Қазақ зиялылары автономия жариялау үшін қайта жиналған жоқ.[1.15-17]

Қоқан автономиясы, Түркістан мұхтарияты – 1917ж. 28 қарашада Түркістан өлкесі халықтарының өзін-өзі басқаруын қамтамасыз ету мақсатында құрылған мемлекеттік құрылым. Өлкедегі барлық билікті өз қолына алуға ұмтылған Ташкенттегі Түркістан Халық комиссарлары кеңесіне балама түрде Қоқан қаласында Түркістан өлкесі мұсылмандарының төртінші съезі шешіміне орай құрылды. Түркістан автономиясы Уақытша үкіметінің төрағасы болып М.Тынышбаев сайланғанымен. көп ұзамай оның бұл қызметтен бас тартуына байланысты төрағалыққа Мұстафа Шоқай тағайындалды. 1 желтоқсанда Түркістан автономиясының Уақытша үкіметі өлке халқына арнап үндеу жариялады. Онда халықты қолдау көрсетуге шақыра отырып: «Бұғаудан босаған түркістандықтардың өз жерінің толық қожайындары ретінде өз тарихын өздері жасайтын сәт туды. Біз алдымызда тұрған міндеттерімізді, біздің ісіміздің дұрыстығын сезініп, Алланың ризашылығымен өз жұмысымызға кірістік»- делінді. 6 желтоқсанда Ташкентте «Шуро-и ислам» ұйымының ұйымдастыруымен Түркістан автономиясына қолдау көрсетуге арналған 60 мыңнан астам қатысқан митинг болды. Социал революционерлер (эсерлер) Қоқан қаласында өлкелік съезін өткізіп, Түркістан автономиясын қолдайтынын мәлімдеді. Түркістан автономиясының

жариялануы өлкедегі мұсылман жұршылығының көңілінен шығып, олардың рухын көтерді. Закаспий облысындағы қазақтар Түркістан автономиясын қызу қуаттады. Қоқанға Ж.Мыңбаевты жіберді.

Кеңес үкіметі Түркістан автономиясының құрылуын құптамай, заңнан тыс деп жариялап, күшпен тарату жөнінде шешім қабылдады. Кеңестердің осындай шешім қабылдауына сәйкес Түркістан автономиясының Уақытша үкіметі қорғанысқа көшуді шұғыл қолға алуға кірісті. Түркістан автономиясының әскері 2000 мыңға жетті. Сол тұста Қоқан қаласындағы жұмысшы-солдат депутаттары кеңесі 29 қаңтардағы мәжілісінде Түркістан автономиясын қарусыздандырып, оның әскери ұйымдарын тарату керек деген шешім қабылдап, оны жүзеге асыратын арнайы топ құрды. 6 ақпанда кеңестік қарулы күш Қоқан қаласын зеңбірекпен атқылап, қаланы өртке орады. Қызыл әскерлер бөлімдері мен армян құрамасы қалаға еніп, Түркістан автономиясы мен ұлттық кеңесінің 54 мүшесінің 30-ын тұтқындады. Түркістан автономиясын күшпен тарату кезінде Қоқан қаласының басым бөлігі өртеніп, 10 мыңнан астам адам қаза тапты. Осылайша халық тілегіне сай құрылған Түркістан автономиясы кеңестік биліктің қаруымен құлатылды. [2.15-19]

Әлихан Бөкейхан ата тегі Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тарайтын төре тұқымы. Арғы атасы атақты Сұлтан Барак.

Әлиханды әкесі тоғыз жасында Қарқаралыға апарып, жергілікті молданың қолына оқуға береді. Бірақ зерделі бала молдандан оқығандардан гөрі осындағы мектепте оқып жүргендердің сауаттылығын аңғарып, қаладағы үш кластық бастауыш мектепке өз еркімен ауысып алады. Оны бітіргеннен кейін 1879-1886 жылдары Қарқаралы қаласындағы қазақ балаларына арналған мектепте оқиды. 1886-1890 жылдар аралығында Омбыдағы техникалық училищеде оқып, оны "техник" мамандығы бойынша бітіріп шықты. 1890-1894 жылдар аралығында Санкт-Петербургтегі Орман технологиялық институтының экономика факультетінде оқиды. Мұнда ол студенттік қызу пікірталастарға қатысып, ХХ ғасырдың босағасын аттағалы тұрған Ресейдің қандай жолмен дамуы тиімді болатындығы туралы қайшылықты пікірлер қақтығысына куә болды, өз ойын да шындай түсті. Сөйтіп ол жиырма жасында Дала генерал губернатор кеңсесінің ұсыныс хаты мен қазақ қауымдастығының 200 сом стипендиясын алып, 1894 жылы Ресей империясының елордасы Санкт-Петербургке барып, Орман шаруашылығы институтының экономика факультетіне түседі. Ол мұнда жүріп күнделікті сабақтарына қоса студенттердің саяси, әдеби, экономикалық және тағы басқа үйірмелердің жұмысына қызу араласып, студенттік толқуларға қатысады. Оны екі ғасырға жуық Ресей империясының қол астында отырған халқының ауыр тағдыры қатты толғандыра бастайды. Қараңғылық пен надандықтың шырмауында отырған халқына білім мен мәдениет керек екенін ұғады, елдің тұрмысын, мәдениетін, білімін көтеруді өзінің алдына мақсат етіп қояды. Оқуын бітіріп, Омбыға оралғанда Ә.Бөкейхан Ресей империясының қазақ даласына жүргізген отаршылдық саясатына деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, марксизмнің экономикалық қағидаларымен қаруланған, саяси астыртын күрестің түрлері мен әдістерін үйреніп, білген, күрес тартыстан біршама тәжірибесі бар саяси күрескер болатын. Ол Омбыға келісімен қаланың саяси әлеуметтік, қоғамдық жұмысына белсене араласады. 1905 жылдан бастап Ресей конституциялық-демократиялық партиясының мүшесі, оның қазақ бөлімшесін құру мақсатында Оралда, Семейде жиындар өткізген. Қарқаралыда патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы өткен қозғалысқа қатысып, 14 500 адам қол қойған Қарқаралы петициясын ұйымдастырушылардың бірі болған. 1905 жылы Әлихан Бөкейхан Семей облысы қазақтарының атынан 1-ші Мемлекеттік думаға депутат болып сайланды. Бірақ ол 1-ші Мемлекеттік дума жұмысына қатыса алмады. Өйткені Ә.Н. Бөкейхан өз жұмысын бастаған кезде Дала өлкесі генерал-губернаторының негізсіз жарлығымен, соттың тергеуінсіз, 3 ай Павлодар абақтысында отырды.

1911-14 «Қазақ» газетін ұйымдастыруда және оның жалпы ұлттық деңгейге көтерілуіне зор еңбек сіңірді. Бірі Бұқар мен Түркістан өлкесіне бет бұрған дәстүршіл, панисламшыл ағым, екіншісі негізінен Батыс өркениетін үлгі тұтқан жаңашыл, пантүркішіл ағым. Ол Ресей жергілікті және қалалық қоғам қайраткерлері съезінің делегаты, Ресейдің

I Мемлекеттік думасының және мұсылман халықтары съезінің депутаты, IV Мемлекеттік Думаның мұсылмандар фракциясының Бюро мүшесі болды.[3.10-19]

Ол Ақпан төңкерісінен үлкен үміт күтеді. Бірақ ол үміті ақталмайды. Уақытша үкімет, оның ішінде өзі мүшесі болып жүрген кадет партиясының көсемдері қазаққа автономия беруге қарсы болады. Оның үстіне олармен жер мәселесі жөнінде де ымыраға келе алмайды да, ол бұл партиядан шығып, қазақтан сайланған тоғыз өкілді бастап барып, Томск қаласында Сібір автономистерінің құрылтайына қатысады. Осында болашақ Сібір республикасының құрамында Қазақ автономиясы құрылмақ болады. 1919 жылы большевиктер өкіметінің бұрынғы алашордашыларға жасаған кешірімнен кейін Ә. Бөкейхан қалған өмірін ғылыми зерттеушілікке арнады. Бірақ, ұлттық намыстан жұрдай, жалған интернационалист, жадағай белсенділердің көрсетуімен ол 1926 жылы екі рет тұтқындалып, түрме азабын тартты. Әлихан Бөкейхан Мәскеуге жер аударылады, зор беделінен қорыққан большевиктер өкіметі оны Қазақстанға жолатпады. Онда он жыл үй қамауында отырған Әлиханды 1937 жылы тамызында тұтқындап, бір айдан кейін жалған жаламен 71 жасында Мәскеуде ату жазасына кеседі. 1989 жылы мамырдың 14 КСРО Жоғарғы сотының қаулысы бойынша әрекетінде қылмыс құрамы жоқ болғандықтан, ақталды.

Ә.Бөкейхан XX ғасырдың алғашқы жартысында қазақ эпосы мен фольклорын ғылыми тұрғыдан зерттеген ғалымдарымыздың бірі болды. Ол қарастырған негізгі аспектілер: эпостың тарихилығы, қазақ фольклорының түрлері, шығу мезгілі, жыршы мен оның шеберлігі, қоғамдық ой-сананың жырда көрініс табуы, бейнелер, олардың атқарған идеялық қызметі, үлгінің көркемдік ерекшеліктері т.с.с.- әлі де қазақ фольклортану ғылымында өз маңызын жойған жоқ, және сол дәуірдің жетістігі болып саналатыны сөзсіз. Әлихан Бөкейхан — ғұлама ғалым ормантанушы, экономист, мал шаруашылығын зерттеуді ғылыми жолға қоюшы, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, аудармашы, әрі публицист ретінде қазақ халқының саяси әлеуметтік, мәдени рухани тарихында өшпестей із қалдырған ұлы тұлға. Ә.Бөкейханұлының әдебиеттану тұрғысынан жазылған еңбектері ғалым Д.Қамзабекұлы тарапынан жан-жақты қарастырылады. Әлиханның мұраты-іргелі ел болу еді. Міне, сол мұратқа да жеттік. Әлиханның идеясы-еркіндік пен бейбітшіліктің символы екенін мүлде ұмытпауымыз керек! Әлиханның тағылымы – ұрпақтан ұрпаққа жалғасар мәңгілік мұра. Оны әлем мойындады. Жазушы, тарихшы Тұрсын Жұртбай былай деп баяндайды. Әлихан Бөкейхановтың бес ұстанымы болды. «Тіл үшін күрес неге жүріп жатыр? Қазақ тілі деген не? Қазақ тілінің ар жағындағы жатқан мәселе – жер. Біз мына жерді қазақ болып, қазақша сөйлеп қана қорғай аламыз» – дейді Алашорда өкіметінің төрағасы, қоғам және мемлекет қайраткері Әлихан Бөкейханов. Әлихан Нұрмұхамедұлының негізгі бес ұстанымын әрбір қазақ баласы білмек парыз. Оның өзі жеке басына қатысты емес, ел мен жерге қатысты ұстанымы. Ең бірінші – Алаш ұлттық демократиялық мемлекет болуы тиіс. Ол үшін ең алдымен «жер, жер және жер» болуы керек. Жерсіз Отан жоқ. Бөкейхановтың ұйғарымы бойынша, қазақтың байырғы жерін қашан қазақтың өзі ғылым мен техникаға сүйеніп, толық игермейінше, жер жекеменшікке, қоныс аударушыларға берілмеуі керек. Екінші ұстанымы – Алаш жерінің астындағы, үстіндегі, көгіндегі барлық байлық қазақтың өзіне қызмет етуі тиіс. Бөкейхановтың сөзімен айтсақ, «қазақтың әрбір тасы қазақтың өңіріне түйме болып тағылуы тиіс». Үшінші ұстанымы – Бөкейхановтың жобасы бойынша, қазақтың жерінде өндірілген бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі керек. Яғни, мемлекет толықтай экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізуі тиіс болған. Төртінші ұстанымы – қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тілі, діні, менталитеті өзге ұлттарға қарағанда үстем болуы керек. Бесіншісі ұстанымы - ғылымға, соның ішінде тәуелсіз ғылымға, ұлттық дәстүрге негізделген, заңға сүйене отырып, Жапония үлгісіндегі ұлттық демократиялық мемлекет құрылуы керек еді. Алаш қайраткерлерінің бұл ұстанымының дұрыстығына самурайлық дәстүрге негізделген жапон ұлтының бар-жоғы 20 жылдың ішінде біртұтас империяға айналып шыға келуі дәлел болса керек» [4.7-12].

Сонымен, ХХ ғасырдың бас кезінде екі бірдей – отарлық және феодалдық езгінің қыспағына түскен қазақ қоғамы бір жағынан, ортағасырлық ұйқыдан оянып, басқа елдермен бірге өзіне лайық жол іздеу әрекетіне көшті. Бұл оның азапты тарихындағы сапалы жаңа кезең еді. Өйткені енді ол бұрынғы күйде өмір сүре беруге болмайтындығын, ал жаңа заман, жаңа өмір, жаңа тұрмысқа көшу үшін оған кедергі болып отырған қоғамдық мерездерді жою мәселесін батыл қойып, олардан арылу жолын ел болып іздеу қажеттігін түсіне бастады. Өзін-өзі тану аталатын бұл азапты үдерістің басында қазақ қоғамы үшін жаңа, дербес әлуметтік-саяси күш- ұлт зиялыларының алғашқы буыны тұрды. Басым бөлігі Ресейдің оқу орындарында білім алып, прогресшіл демократиялық орыс интеллигенциясының қуатты ықпалында болып, сол арқылы еуропалық озық оймен танысып, Ұлы француз революциясының принциптерін өз туларына жазған қазақ зиялылары өздерінің бастапқы табиғи міндеті- оқу-ағарту ісімен қанағаттанбай, сонымен бірге білек түріне саясат ісіне араласып, сол арқылы да өз халқына да қызмет жасауды алдына мақсат етіп қойды. Олар кім болды, ағартушы-ғалым ба, жоқ әлде қоғам-қайраткері, саясаткер ме деген сауалға бүгінгі таңда қазақ зиялыларының қызметін кесіп-пішіп бұл жіктеудің бір жағына жатқыза қоятын қоғам танушы-ғалым табыла қоймас. Өйткені, аяқталуға бет алған 20 ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялыларының қызыметінде бұл екі еңбек салалары бірдей көрінеді [4.8-9]. Басқаша болуы да мүмкін емес-тін. Қазақ қоғамының даму кезеңі, соған сай қалыптасқан қоғамдық сұраныс қазақ зиялыларынан туған елі үшін ағартушы ұстаздықты да, болашақ үшін күресе алатын қайраткерлікті де талап етті. Егер біз қазақ зиялыларының қызметін алдын ала дайындалған белгілі бір идеологиялық схемаға салмай нақты деректерге сүйене отырып, объективті негізде халық өмірімен, оның сол тұстағы негізгі табиғи мүдделерімен байланыста қарар болсақ, онда патшалық тәртіп жандарм орындары айтқандай «сепартистік» әрекетті де, большевиктер идеологтар «дәлелдеп» қойған «буржуазиялық ұлтшылдықты» да көрмейміз, қайта империяның темір құрсауындағы елін бостандық, тендік және туысқандық жолына алып шығу үшін өздерінің азаматтық күш-қуатын, адамдық бар қасиетін арнаған ерліктің үлгісін көреміз. Қазақстан өз мемлекеттік дербестігін алғаннан бергі уақытта жаңадан қалыптаса бастаған мемлекеттің сипаты жөнінде айтыс қайта тұтанып отыр. Өтпелі кезеңдерге тән бұл әңгімеде, белгілі дәрежеде, ғасыр басындағы ұлт зиялылары да қатысып отырғандай әсер қалдырды. Қорыта келгенде, Алаш - Қазақ елінің мемлекет құру тәжірибесі мен мемлекетшілдік мүддесінің үзілмеген арқауы. Алаш- Қазақстанның «Мәңгі ел» ел мұратын саясат пен руханият тұрғысынан айқындаған, айшықтаған кезең атауы. Ұлт зиялыларының қажырлы еңбегі кеңестік мемлекеттік мекеменің негізін қалады. Кешегі Алаш идеясы – бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан! Тәуелсіздік алғаннан кейін бұрын тыйым салынған – Алаш қозғалысы тақырыбы қазіргі таңда отандық тарихымыздың маңызды құрамдас бөлігі ретінде қайта зерттелуде. Алаш зиялыларының өмірі мен ісін мұқият зерттеп, олардың жетістіктерін бағалап, қателіктерінен сабақ алу, даналығын бағамдап, олар ашқан ақиқатты пайымдау қажет.

Әдебиеттер:

1. Алаштың ардағы «Руханият» Астана 2010ж
2. Е.Тілешов, Д.Қамзабекұлы «Маңғыстау тарихы» Алматы 2014ж
3. Қайрат Сақ «Алаш мұрасы» Алматы, 2004ж
4. Алаш қозғалысы «Балаларға арналған анықтамалық» 2017 ж
5. Алаш, Алашорда энциклопедия, Арыс баспасы 2009ж
6. Әлихан Бөкейхан энциклопедия Алматы, 2018ж
7. Е.Тілешов, Д.Қамзабекұлы. Алаш қозғалысы. - Алматы, 2014.
8. Құдайбердиев Ш. Шығармалары.- Алматы, 1998.

ҰЛТҚА ҚЫЗМЕТ ЕТУ БІЛІМНЕН ЕМЕС МІНЕЗДЕН

Шамшадинқызы А.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің

1-курс докторанты

XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары күллі қазақ жұртының атынан іс-қимыл жасай отырып, елді рухани және экономикалық дағдарыстан шығару жолын іздестірді, қазақ деген мемлекетті қалпына келтіріп, халықты жалпы адамзат құндылықтарымен хабардар етуге ұмтылды. Көп қырлы талант иесі Ә.Бөкейхановтың: «Бостандыққа апаратын жалғыз жол – ұлттық ынтымақ қана» - деп XX ғасырдың басында хақ жолынан адасқан қазақ халқын бостандыққа апаратын бірден-бір жол ынтымақ болғанын бір сөзбен-ақ айтып жеткізген [3]. «Ынтымақ түбі – береке» екендігін осы Алаштың рухани қазынасымен қоса, ұлттық тұтастық жолындағы елеулі еңбегінен аңғарамыз. Алаштың атымен даңғыл жолға түсіп, ұлы іс бастаған қай тұлғаны алсақ та, құрмет пен марапатқа әбден лайық. Біздің құрметіміз бен марапатымыздың бірден-бір белгісі – қайраткерлеріміздің ұлт алдындағы ерен еңбектерін қастерлеу, оны өскелең ұрпақтың рухани қазығына айналдыру. Бұл – тарихымызды түгендеуге, рухани болмысымызды сақтап қалуға деген ғылыми ізденістен туады. Алаш қайраткерлерінің, қаламгерлерінің еңбектерімен танысқанда, олардың ойындағы гуманистік бедерді аңғармау әсте мүмкін емес. Алаш қайраткерлері тек өз жұртына қызмет етіп қана қоймай, келешек ұрпаққа өздерінің кемел жолдарын өсиет етіп қалдырды. Қозғалыстың өзі – адамға, ұлтқа деген жанашырлықтан туған гуманистік әрекет. Осы гуманистік әрекеттің өзегінде ұлтқа деген сүйіспеншілік, ұлтқа деген риясыз махаббат жатыр. Егер де адамның жүрегінде ұлтына, жеріне деген титтей де болсын жанашырлығы болмаса, ол адам ұлтына қызмет көрсете алмайды. Жаңа Қазақстан құруға жаңа қадамдар жасалып жатқан тұста ұлттық құндылықтарымызды әспеттеп, бүгінгі күні қолданысқа енгізу – үлкен іс. Алаш қайраткерлерінің ұлы мұрасы тек отансүйгіштікке баулып қана қоймайды, сондай-ақ ұлтқа қызмет ету жолында ұлтшыл азаматты тәрбиелеп шығарады. Ұлттың еркіндігі мен азаттығы оны құрайтын жеке адамдардың бақыты мен теңдігінен қалыптасады. Елдегі әрбір түйір адам кемелдікке ұмтылып, өмірдегі өз миссиясын анық біліп, соған жетуге ұмтылса, Қазақстан расымен де жаңарары сөзсіз. Сайып келгенде, өмірде адамды тұлға етіп қалыптастыру тәрбиеге, бағыт-бағдарға байланысты. Осы бағыт-бағдарды біз Алаш зиялыларының болмысынан, мол қазынасынан сөзсіз байқай аламыз. Яғни, бүгінде ұлт аманатын арқалаған Алаш қайраткерлерінің мәңгілік өшпес интеллигенциясын білім беру үдерісінен өшіріп алмауымыз керек. Өйткені, өзге ұлттармен тереземізді тең ұстау үшін өскелең ұрпақтың ойы басқа жолға түсіп кетпеуінің алдын алу мақсатында ұлттық интеллигенцияның қайнар көзі Алаш зиялыларының осы күнге дейін жетіп отырған мол қазынасынан нәр татып, өмірлік сабақ ала алып, әрі бере алуымыз керек. Қазіргі таңда білім беру үдерісінде оқушыларды Алаш зиялыларының өмірі мен шығармашылығын түсіндіру арқылы қызықтыра алу қиындық туғызуы мүмкін. Сол себепті, «Алаш партиясының көшбасшысы – Әлихан Бөкейханов» деген сынды тақырыпта бизнеске, көшбасшылыққа бағыт сынды тақырыппен байланыстыра отырып түсіндіру, түсіндірумен қоса көрсету маңызды. Жаңа Қазақстан қалыптасу үшін жастарға білім берудің жаңа үрдісі де керек екендігін ұмытпау керек. Себебі, заман талабына сай білім беру оны Алаш зиялыларының мұраларымен байланыста ұстау арқылы өскелең ұрпақ өмірлік те, өнегелік те жолдан құр қалмайды.

Ұлт көсемі Ә.Бөкейханов «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес мінезден» деген ұтымды ойы айтқан болатын [1]. Бұл сөздің бүгінгі күнге дейін өзектілігі жойылмай, мән-мағынасы арта түсуде. Себебі, адам мінезі әдебиетте болсын, психологияда болсын өте өзекті тақырыптың бірі, тіпті өмірлік тақырып десе де болады. Демек, ғылыми-шығармашылық ізденістегі бойында қажыр-қайраты тасып тұрған хас талантқа туған халқының рухани кемелденуінің күретамырына қан жүгіртуде шын мәнінде өршіл рухты мінез қажет. Қашан

да ұлттық мұратты ұстанған тұлға бойындағы елдік мінез адам болмысының өзіндік табиғатынан тамыр тартып жатқанымен, туған жер, өсіп-өнген орта рухы мен ата-ана, ұстаз тәрбиесі ерекше азаматтық ұстанымды қалыптастырады. Себебі, ұстаз оқушысына білім берумен қоса, көркем мінезге баулуы, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға дайын болуы тиіс. Ә.Бөкейхановтың да айтып отырғаны осы. Ұлт кеменгерінің бір сөзінің өзінде қанша тәрбие, қанша үлгі-өнеге жатыр. Қазіргі білім беру үдерісінде Алаш зиялыларының руханиятты ұстанымдарын, көшбасшылық пен қайсарлыққа толы шығармаларын негізге алу өте орынды іс болмақ. Мінез – адам жанының айнасы. Жүсіп Баласағұн: «Кісіге екі дүниеде пайдалы ізгі іс - мінезі түзулік. Екіншісі – ұят, үшіншісі – әділдік. Бұл үшеуі арқылы адам шын бақыт табады» - деген [3, 18 б.]. Бұл тұста ұят пен әділдік мінездің сыңары екенін ойда ұстау қажет. Білім ізгілікке жұмсалмаса, оның пайдасынан зияны артуы әбден мүмкін. Ұлт мәдениеті мен руханияты туралы таңды таңға жалғап айта беруге болады. Алаш зиялылары талай аласапыран заманды, тар жол, тайғақ кешуді басынан өткерді. Ұлт ретінде жойылып кетудің алдында қалған сәттер де болды. Бірақ, халқымызды осы зұлмат пен нәубеттерден аман алып қалып отырған бір дүние бар. Ол – ұлттың жады. Ұлттық руханият та, рух та, мәдениет те, тіл де, дін де, тіпті иман, ар-ұят мәселесі де, Алаш зиялыларының мол қазынасы да барлығы осының ішінде. Біздің ата-бабаларымыз үшін «Рух» сөзі өте қастерлі ұғым. Мәңгіліктің синонимі. Сондықтан осы ұлттың жадын мәңгілік қылып сақтау кешегі ата-бабалардан бүгінгі ұрпаққа аманат болып отыр. Ал осы аманатты жаһандану дәуірінде заман талабына сай оқу үдерісінде дұрыс қолдана білу де маңызды іс.

Жазушы, журналист Қоғабай Сәрсекеев өзінің бір еңбегінде: «Өмір ғой бәрі, Әлихан Бөкейханов бейнесі көз алдымда жиі тартылатын болып алды. Тосын бір елес тұлғаның сұлбасы мұнарлана көрініп тұрады да біраздан соң алыстай беріп, сағымға орана жоқ болады. Ертеректе, Ә.Бөкейхановтың 1937 жылы Москваның Бутырка түрмесінде түскен бір суретін көргенім бар еді, дәл сол кейпі... Аяғында керзі етігі, үстінде күпәйке, басында кепкі, жанары солғын, сақал-мұрты өскен, қас-қабағын ақ қырау шалған... Неге бұлай жүдеу тартып жүр, сағым ішіндегі қайран Әлекең өз қазағына әлі нали ма екен, неге анық көрінбейді? Иә, өтті ғой бәрі, кезінде өзіне қазағы қорған бола алмады, қайта кінә тақы, жаққан жала жетеді. Қазір енді, шүкір, ақтандақтар ақталды, ақиқаттың беті ашылып жатыр, өткенді тануға ұмтылыс бар, сонда не гәп? Әлихан Бөкейханов неліктен мұнар арасында жүр, ашық-жарқын көрінбеуінің себебі не?» - дейді [6, 86 б.]. Расымен де, «Алаш алаш болғалы, Алашқа атқа мінгелі, ала шұбар ту байлап, алашқа ұран бергелі, Әлім еді ағасы» дегендей [6, 86 б.], қазақ қазақ болғалы, қазақтың жоғын жоқтап, көш бастаған қазақтың Әлиханының бейнесі өзіміздің қазақтың ортасында көрінбеуі – жат. Ұлт тілінің мерейін асыратын бірден-бір тұлғалар осы Алаш зиялылары екендігін С.Торайғыров та қостайды:

«Түймеге жарқылдаған алданбаған,
Басқадай бір басы үшін жалданбаған.
«Қайткенде алаш көркейер» деген ойдан,
Басқа ойды өмірінде малданбаған.
Заманда басқан аяқ кейін кеткен,
Жасымай алашына қызмет еткен.
Болса да қалың тұман, қараңғы түн,
Туатын бақ жұлдызына көзі жеткен».

«Қандай істі жасағанда Алаш көркейеді?» деген сауалды сол заманда ұлт зиялылары өздеріне қойды, жауабын іздеді, тапты. Ал бүгінгі күні ұлттың көркеюі үшін, дамып, өркендеуі үшін осы сұрақты өз-өзіне қоятын адамды кездестірмейміз десек те артық емес. Қайткенде Жаңа Қазақстан орын алады десек, өзімізден бастауымыз керек, өзімізден бастау үшін білім керек. Ал білім нәрімен сусындататын, сайып келгенде, оқытушы, ұстаздар. Бұл мәселенің бәрі түптеп келгенде білім үдерісіне келіп тіреледі. Ұлт зиялыларының қазіргі білім жүйесіне енгізу керектігін сөз етіп отырғанымыз да сол себепті.

Ә.Бөкейханов туралы халық:
«Елі үшін, құрбандыққа жанын берген,
Бит, бүрге, қандалаға қанын берген.
Ұрыдай сасық ауа, темірлі үйде,
Алаш үшін зарығып бейнет көрген,
Заманда басқан аяқ кейін кеткен,
Жасымай алашына қызмет еткен.
Болса да қалың тұман, қараңғы түн,
Туатын «бақ жұлдызынан көзі жеткен,
Түймеге жарқылдаған алданбаған,
Басқадай бір басы үшін жалданбаған.
«Қайткенде алаш көркейер» деген ойдан,
Басқа ойды өмірде малданбаған.
Әлихан Бөкейханов еді», - деп жыр төккен [6, 87 б.] .

Елі үшін құрбандыққа жанын берген тұлға Ә.Бөкейханов халық ойында да осылай суреттелген. Әйтсе де, Ә.Бөкейханов сол тұста ғұлама замандастары арасында мойны қанша ұзын көрінсе де, мадаққа мастанбай, еткен еңбегін міндетсінбей, қалың тұман, қараңғы түн арасында алда бақ жұлдызының туатынына сеніп өткен.

Әлихан Бөкейхановтың қайраткер ретінде қалыптасуының екі рухани негіздерін бөліп айту артық емес. Біріншіден, Ә.Бөкейхан еркіндік пен теңдікті жоғары бағалаған ортада өсті. Оның қоғамдық көзқарасының қалыптасуына халықтың бай ауыз әдебиетінің, ұлы Абайдың және басқа ақын-жыраулардың терең ойлы шығармаларының ықпалы болғандығы сөзсіз. Оның 1907 жылы тұңғыш рет орыс оқырмандарын Абайдың шығармашылығымен таныстыруды көздеген материал жариялап, ал 1909 жылы ұлы ойшылдың шығармаларының Петерборда жарық көруіне мұрындық болып, өмірінің соңына дейін Қобыланды, Ерсайын, Қозы-Көрпеш – Баян сұлу және басқа көптеген ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, зерттеп және насихаттап өтуін, әрине, кездейсоқ жағдай деп айту қиын. Ә.Бөкейханның ұлт әдебиетінің өз алдына жеке бір саласы – әдеби сынның іргесін қалап кеткен еңбегі және қазақ ауыз әдебиетінің теңдессіз үлгілерін жинақтап, өңдеп бастыруға және зерттеуге қосқан үлесі әлі де болса лайықты бағасын алған жоқ. Ал оның әдеби аударма саласындағы атқарған жұмысы бір төбе болатын. Ауыз әдебиетінің «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу», «Қара қыпшақ Қобыланды батыр», «Ер Тарғын» сынды үздік үлгілерін өңдеп бастырған, өз замандастары Абай, Шәкәрім, Міржақып, Жүсіпбек сынды ақын-жазушылардың шығармаларына әділ де өткір сын жазып, насихаттаған. Батыс Еуропа мен орыстың классикалық әдебиеті үлгілерін аударуға бір кіседей атсалысқан Ә.Бөкейхановтың алға қойған ең басты мақсаты – қазақтың ежелгі ауыз әдебиетінің үлгілерін сақтап, дүниежүзінің маңдайалды әдебиетін үлгі-өнеге тұта отырып, қазіргі заманның ұлттық әдебиеті мен мәдениетін қалыптастырып, дамыту болатын. Бүгінгі күннің білім үдерісінде де халық ауыз әдебиеті пәнін қосу, не болмаса, әдебиет үлгілерінің ішінде осы халық ауыз әдебиетіне ерекше леппен қарау маңызды деп ойлаймын. Себебі, халық ауыз әдебиетінің сонау заманнан бері ауыздан ауызға тарап, бүгінгі күнге дейін жетіп отырған ұлттық құндылық екенін, осы құндылықтың құндылығын түсінбейтін жастар қоғамда баршылық. Бұл – қазақтың ортақ қазынасы. Шетел азаматтары өздерінің ұлттық шығармаларына қандай ілтипатпен қараса, біздің елдің де қоғамы, өскелең ұрпағы әдебиетке дәл сондай ілтипатпен, ізгі махаббатпен қарауы, түсінуі тиіс. 1889 жылы «Дала уалаяты» газетінде жарияланған алғашқы мақаларының бірінде Әлихан: «Қазақ халқының өз алдына өлеңдері бар. Кім білмейді: қазақтың ақындары Шортанбайды, Шөжені, Орынбайды, Найман баланы, Шерниязды... Құланбайды һәм хайриларын. Қазақтарға осы ақындардың қайсысының сөзі күшті екенін білдіруге жөні бар ма?! Шерниязды ойласақ, қызыл тілінің арқасымен жаны қалған. Шөже Қарымбай секілді сараң кісіден сый алған», - деп орынды атап көрсетіп, бір жағынан, өткен дәуірдің ақындары мен олардың поэзиясын мақтан еткендей болса, екінші жағынан оларды өткір сынға алады. Білім бағдарламасын

жаңарту мақсатында Қазақ әдебиетінің сыны пәнін Ә.Бөкейхановтың да сыни деректерін негізге ала отырып, дәстүрлі түрде насихаттап, студенттің сыни түрде ойлауына Алаш зиялыларының ұлттық идеологиясын пайдалансақ, мейлінше жақсы көрсеткіштерге жетуге болады. 23 жастағы Әлихан өз жағынан ақылсыз ақындарды сынаумен шектелмей, «Дала уәлаяты» газеті арқылы бүкіл қазақ қоғамын жақсыдан өнеге алып, жаманнан безуге үндейді, көрген-білгені көп қариялар мен ақсақалдарды өскелең жастарға үлгі-өнеге көрсетуге шақырады: «Сіз, текті қариялар, газетке көмек беріңіздер, көрген жақсыларыңызды бәрін айтыңыздар! Өздерін жазғы күні кешке таман айтатын, төбенің басында, құдықтың қасында отырып я қысты күні – ауылдастарының үйінде қонақта отырып айтқандарыңды, көргендеріңді – қазақтың жақсыларымен бірге жүріп, қалайша атақты билердің билік қылғанынан, дау бітіргенінен – жарылқап, Алшынбай, Мұса, Құнанбай һәм ғайри жақсылардың пара алып, жібек шапанға, қалтасының пайдасына қызықпағандықтарын, осы күнгі билерге, лай судан балық ұстаймыз деп жүрген, өсиет етіп, ғибрат беріңіздер!»

1899 жылдың күзінде «Дала уәлаятының газетінде» шыққан келесі мақаласында автор қазақ халқының ежелден келе жатқан бірқатар салт-дәстүріне талдау жасап, ол салт-дәстүрлердің осы күні бастапқы мәні мен мағынасының адам танымастай бұрмаланғанын әшкерелеп жазады. Мысалы, қонағын күту дәстүрінің қалай өзгергенін Ә.Бөкейхан былай сипаттайды: «... қазақ халқының не әдеті өзгермеді? Қазақ халқының бір көңілді көтеретін әдеті – қонақ күтуі де жылдан жылға бұрынғыдай болмай барады. Бұрын қонақтарды таңдамай қалдырады екен, тек жолаушыменен болса. Осы күнде қонақтарды таңдап сыйлайды. Жақсыларды, күміс ер-тоқымдыларды, бөлек атшы алып жүргендерді ғана қондырады. Қондырған уақытта көп арамдық-қулық, алдаушылықтар бар - бұрынғы уақытта болмаған. Бұл күнде қонақ байы алдап, бай қонағын алдайды. Бір-бірін жақсы біледі. Сонда да қонақ ойлап отырады: «Сендердің жайың мағлұм – менің үстімде жібек шапаным болмаса, иттей қылып қуып жіберер едің!», - деп. Сонда бай ойлап отырады: «Сен маған келген жоқсың ғой, қымызым мен қойыма келдің ғой!». Қазақ отбасына тән абзал қасиеттердің бірі - ежелден бері келе жатқан қонақжайлылық. Қонақ болу үшін оның таныс болуы, діндес, теңдес болуы шарт емес. Әрбір жолаушы кез келген қазақ үйінде қонақасыны «бөлінбеген еншім» деп талап етуге еркі болған. Қонақ асыны «бөлінбеген енші» деудің өзі қазақ арасына кең тарап, дәстүрге айналып қалыптасқан халық жоралғысы екенін көрсетеді. Ә.Бөкейхановтың: «Қазақ халқының бір көңілді көтеретін әдеті - қонақ күтуі де жылдан жылға бұрынғыдай болмай барады...» - деп айтуы тегіннен-тегін емес. Шынтуайтына келгенде, бүгінгі таңда бір үйге бірінен соң бірі қонақ артылып келу, амандық-саулық сұрасу, көрші-қолаңның жиналуы сиреп барады. Қазақтың ұлттық құндылығының бірі – қонақжайлылық бүгінгі күні қалалы аймақтар тұрмақ, ауылдық аймақтың өзінде белең алмай кеткен тәрізді. Автор да соны меңзеп отыр. Қазақтың өзіндік сыпайылық, жомарттық сияқты қасиеттерінен көрініс беретін қонақжайлылық дәстүрін қазіргі таңда өскелең ұрпаққа түсіндіру, насихаттау шарт. Себебі, бұл дәстүр жылдан-жылға бәсеңдей берсе, қазақ ұлтының ұлттық сипаты да құлдырайды. Біздің асқа елдерден ерекшеленуіміздің басты себебі де осы – дәстүрлеріміз. Салт-дәстүрді сөйлету оқытушы-ұстаздардың қолында, мектеп бағдарламасын жаңарту мақсатында әр мектеп «Салт-дәстүрлер сөйлейді» не болмаса «Салт-дәстүр – ұлттық құндылық» деген тақырыпта заманауи тренингтер ұйымдастырып отырса, келешегіміз жарқын болмақ. Автордың пікірінше, қазақтың ежелден қалған тағы бір сүйкімді әдет-ғұрпы – жылудың мән-мағынасы да көп адам танымастай бұрмаланған. «Жылу да мейлінше жөнсіз болып кетті. Бұрын зиян көріп қалғандарға көмекті ықыластарымен береді екен: қулық-зұлымдық ойламай. Жақындарын аяғаннан осылары мейлінше жақсы әдет еді. Осы күнде көмек бергізген пара берушідей болып кетті. Қазақтар бұл күні біреуге жылу берсе, берген кісінің қандай екенін байқайды, байлығының қандай екенін, бұрын мұндай ойламаушы еді. Кедейлерге көмек беруге ар көреді һәм пәлен бір уақытта қайтарып алу қиын деп ойлайды. Бірақ кедейлерге оны-мұны берсе, соның ақысына жұмыс қылдырмаса, олай қылмайды» -

дейді. «Жылу» дәстүріне түсінік бере кетсек, жылу – дәстүрлі қазақ қоғамындағы ауыр тұрмыстық жағдайға душар болған адамға көрсетілетін жәрдемнің бір түрі. Мұндай жәрдем жұт болып, малы қырылғанда, үй-жайы өртеніп, баспанасыз, киім-кешексіз қалғанда, шектен тыс қарыздар болғанда жеке адамға туған-туысқандары, көрші-қоландары, ауылдастары тарапынан көрсетіледі. Жылу ақшалай, заттай, мал, т. б. түрінде беріледі. Жылу ағайын ақсақалы немесе ауылдың беделді адамының айтуымен жиналады. Бұл дәстүр бүгінгі таңда жойылып бара жатса да, кейбір сарқыншақтары қалды деуге де болады. Яғни, аздап бұрмаланған. Бүгінгі күні жұртымыз аман, еліміз тыныш, ешқандай жұт, аштық заман болып жатқан жоқ. Есесіне әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасылар жетіп артылады. Өмірден түрлі теперіш көріп жатқан, не болмаса қаржылай, не денсаулық жағынан қиындық көріп жүрген адамдарға бүгінгі күні көмек волонтерлық жағынан да, әлеуметтік желілерде түрлі «сбор» жинау арқылы да жүзеге асып жүр. Бірақ, бұл дәстүрдің түпкі мағынасы – жақынына, туған-туысына керек кезде қол ұшын бере алу деп те ойлаймын. Себебі, қазіргі таңда көп адам тек өз жеке басының қамын ойлайтындығы белгілі нәрсе, күйбең тіршілікпен арпалысып жүріп, жақын адамдарымыздың хал-жағдайын сұрауға да уақыт таба алмай жататын сәттер болады. Салт-дәстүрдің «жылу» деп өз атауының да айтылып тұрғанындай, кез келген адамға, жақынына болсын, жәрдемге мұқтаж болып тұрған адамға болсын жылулық, мейірімділік таныту шарт. Бүгінгі күннің келелі мәселелері Алаш қайраткерлерінің бір ауыз пікір-сөздерінен аңғарылып отырғаны әрине қуантады. Алайда, бұл мәліметтерді бірі білсе, бірі біле бермейді. Оқу бағдарламасында Ә.Бөкейхановты тек Алаш азаматы ретінде ғана танытпай, қайраткер туралы жан-жақты мәлімет бере білу, әрі оқушының қызығушылығы оянтатындай етіп түсіндіру – оқытушылардың басты міндеті.

Әйтсе де Ә.Бөкейхан қазақтың тұрмыс-тіршілігінде кездесетін әлгіндей жаман әдет-ғұрыптың барлығы халықтың ежелгі салт-дәстүрін бұрмалаудан туып жатыр деп ойламайды. Бір кезде сүттей ұйыған қазақ арасына жік салып, бұқара халықты алдап та, арбап жеген жаман әдептің көбі сырттан келіп сіңіп жатқанын атап көрсетеді: «Біздің қырға бір жөні жоқ ғадат неше заманғы рәсімдер жүреді. Біреуді күшті кісі я күшті тұқым деп адал-арам болса да жалпылдатып жүреді. Біздің заманның заңымыз, ұлығымыз жоқтай, мақұлықпен қаңғырып жүргендей күшті тұқымдар нашар тұқымдарды ренжітеді» [4]. Жалпы, ең алғашқы шағын әңгімелерінде Ә.Бөкейхан қазақ қоғамының кертартпа күштері болып келген шынжыр балақ, шұбар төс бай-болыстардың бейнесін нақыштап сомдай білген. Мысалы, «Ықтиятты болыс» атты әңгімесінде мұңын айтуға келген кедейді болыстың қалай қабылдаған сәтін Әлихан ащы сарказммен былайша суреттейді: «...арызқор кедей бағанадан босағада отыр еді, арыз айтатын уақыт болды ғой деп сорлы қуанып, еңбектеп төрге таман жылжыды. Болысқа жақындап, төмен қарап болыстың бетіне тік қарауға бата алмай, арызын айта бастады. Айтып отырғанда аз уақыттан соң кедей болсын көтеріп маңайына қаранып, бір іске қайран қалыпты: қараса, алдындағы болысы ұйықтап жатыр дейді [4, 42 б.]. Алаш серкесі сонау бастан-ақ туған халқының жарқын болашаққа жететініне кәміл сенді, әсіресе жас ұрпаққа зор сенім артты: «Қыр халқы ғылым-білім жайып жатқан һәм өздері ғылым-білімге көңіл бөлген себебінен кешікпей-ақ жақсылықты біліп, еңсесін көтеруге аяқ басар, өздерінің сүйектеріне берген ақыл-санасы болған соң, ол сол заманда болған балаларымыз бізден ақылды болып, біздің заманымыздағы аталарымыздың қылғандарын көріп таң қалар я ойламай қатырар» [4, 210 б.]. Шынымен де, қыр халқы ғылым-білімге етене кіріссе, бірлікке ұмтылса, тау қопарардай мықты күші бар. Сәйкесінше, білім деңгейін көтеру үшін оқу бағдарламасын жаңарту, Алаш қайраткерлерінің рухани мұрасын дәріптеу, ұлтқа қызмет ететін ұрпақты тәрбиелеу елеулі іс болмақ. Қазақ ауыз әдебиетінің сан-алуан эпикалық және лирикалық жырларының ішінен «Қара қыпшақ Қобыланды» эпосын қарастырып отыруының себебін бірауыз сөзбен түсіндіре келіп, зерттеуші оны қазақ пен қалмақтың қырғын соғысы жылдарында туған болуы керек деген болжамын ортаға салады. Ә.Бөкейхан, сондай-ақ эпостың қазақ халқы өзінің көне сенім-нанымы «Тәңіршілдіктен» исламды жаппай

қабылдап жатқан кезеңінде дүниеге келгенін дәл нұсқап және сонымен бірге халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігінде көне сенім-наным нышандарының әлі көп сақталып қалғанын нақты мысалдармен дәлелдейді. Ескі наным-сенім нышандарының эпостағы ең алдымен Аналық, Қарлығаш, Құртқа, қарлыға сынды әйел бейнелерінде сақталғанын, көне дәуірде еркіндікте жадықтанған қазақ әйелінің тағдырына қатыгез ислам заңдарының ауыр тигенін жан-жақты ашып береді. Оған мысал ретінде автор Қобыландының қарындасы Қарлыға мен сүйген жары Құртқаның және ислам заңы жайыла бастаған қазақ қоғамына тап болған тіпті өзге нанымның өкілі – Қарлығаның трагедиялық бейнелерін келтіреді. Қысқасын айтқанда, қазақтың ауыз әдебиеті туындыларындағы әйел бейнесін Ә.Бөкейхан терең де кең қарастырған зерттеу, кешегі күнді айтпағанда, осы күні де жоқтың қасында. Бүгінгі күні Ә.Бөкейхановтың қазақ эпосындағы «әйел» бейнесін танытатын зерттеулерді меңгеру, жазу саликалы іс болмақ. Себебі, келешек ұрпақ Алаш қайраткерлерін тек қозғалыс жаршысы ретінде танып қана қоймай, рухани құндылықтарды дәріптеуші кеменгер тұлға болғандығын, рухани мол қазынасын оқып-біліп жүруі шарт.

«Ән-өлең, күй адамның анық тілі, шын тілі, көпке бірдей ұғымды тіл – бұл тіл жанға хас, жүрек тілі, сезім тілі, күй тілі: неше түрлі рахат татқан адам дана осы тілмен сөйлейді, һәм түрлі үндерді осы тілмен сұлулап, майлап қояды, қуаныш-шаттық рахатын сыртқа білгізеді, адам мехнатын, ауыр ісін жеңілдетеді, қайғы-хафасын шығарады...

«Қара таудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Қарындастан айрылған жаман екен,

Мөлдіреп қара көзден жас келеді», - деген өлең қазақтың бұрынғы қиыншылық, таршылық хафаға түскенін мұң қылып көрсетіп тұр» - дейді арыс ұлы Ә.Бөкейханов. Алаш қайраткерінің ән-өлеңге де ерекше ықыласпен қарағандығын, мән-мағынасын тереңнен түсіне білгенін айқын аңғаруға болады. «Ән адамның бар ет тамырын, сүйек-сүйегін қозғайды, бәрін ерітеді, елжіретеді: өлең айтып ән салғанда біреуді аңдысаң көрмеймісің, жүзінің құбылғанын, бетіне қызарып қан құйылғанын, көрмеймісің көзінің жанарынан, байқаусызда шығып кеткен дауысынан тағы жымжырттана қалғанын... Жаңа туған бала жылау әні, солқылдау әнімен дүнияға амандасады. Адам жан шығар алдында «А-а-а» деп ән салып дүниемен хоштасады. Осы елі бас ән, ақтық әннің арасында адам бірін көтеріп, бірін созып өлең қосып, бір өлеңді бір өлеңге қосарлап, іштен шерін шығарып күйін тарқатады...» - дейді автор [2, 153 б.]. Ә.Бөкейханов ән – халықтың ажары екендігін де осы сөздерімен дөп айтып отыр. Данышпан Абайдың «Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денең» - деген сөздері қазақ өмірінің бүкіл тыныс-тіршілігі өлеңмен өрнектелетінін айқын көрсетеді. Шындығында сәби дүниеге келгенде «бесік жырымен» әлдилеп қарсы алып, адам дүниеден өткенде «жоқтау» айтып шығарып саламыз. Қадым ғасырлар қойнауынан басталатын осы тамаша дәстүр әлі күнге дейін жалғасын тауып келеді. Бүгінгі күн жастарының тойы да «жар-жар», «беташармен» өтетіні ата-баба салтына адалдықтың айқын көрінісі іспеттес. Орыстың тамаша ғалымы Г.Потаниннің «Маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай көрінеді» - деген сөзі қазақ тұрмысының осындай даралығынан туған тұжырым болса керек [2, 157 б.]. Ұлтымыздың аса бай ән өнерін дамытуға Абай бастаған, Біржан сал, Ақан сері, Мұхит, Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай, Әсет, Естай, Нартай, Кенен сияқты халық композиторлары өлшеусіз үлес қосып, оны сапалық жаңа биікке көтерді. Олардың мол шығармашылық мұрасы қазақ операсы мен балетінде және классикалық музыкалық туындыларда кеңінен пайдаланылып, әлемнің ең әйгілі музыкатанушылары тарапынан жоғары бағаға ие болды. «Ән-өлең, күй адамның анық тілі, шын тілі, көпке бірдей ұғымды тіл – бұл тіл жанға хас, жүрек тілі, сезім тілі, күй тілі: неше түрлі рахат татқан адам жаны осы тілмен сөйлейді, һәм түрлі үндерді осы тілмен сұлулап, майлап қояды, қуаныш-шаттық рахатын сыртқа білгізеді, адам мехнаттын, ауыр ісін жеңілдетеді, қайғы-хафасын шығарады, мауқын басады. Сол себептен ән-өлең адамның еніп қараңғы жер астына кіргенге шейін айрылмас

досы, жолдасы» - деп ән-өлеңге деген түсінік-танымын Ә.Бөкейханов осылайша жеткізеді [2, 160 б.].

Өткенді зерделеп, жақсы мен жаманды, ақ пен қараны айырып, оны бүгінгі күннің қадесіне жарату – қоғам алдында тұрған ең өзекті мәселелердің бірі. Өйткені, тәуелсіздігіміз, егемендігіміз осы тарихты тандауға тікелей байланысты: өткенді білмей, болашақты анықтау мүмкін емес. Осы орайда, Ұлт руханиятында бедерлі бетбұрыс болған Алаш арыстарының мұрасын зерттеу ісі «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасынан кеңінен көрініс тапты. Бұл игілі іс болашақ үшін ұлттық идеологияны насихаттай отырып, тарихты танытуда келешек ұрпақ тәрбиесінің бірден бір құралы десек артық болмас. Бұл ретте осы мақала тақырыбына арқау болып отырған Әлихан Бөкейхановтың педагогикалық көзқарастарын зерделеу мәселесі, білім үдерісінде қолдану тақырыбы көтерілөп отыр. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының қоғам және мемлекет қайраткерлері қатарындағы аса ерекше тұлға – Әлихан Бөкейханов болғандығын жоғарыда келтірілген деректерге сүйене отырып анық айта аламыз. Оның есімі ұзақ жылдар бойы сирек аталып келсе, кейінгі ұрпаққа қалдырған орасан мол аманат — мұрасы бір кісінің ғұмырындай уақыт бойы шаң басып жатты. Әлихан Бөкейханов – қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін, шаруашылығын, төрт түлік малын, жер-суын, әлеуметтік-экономикалық жағдайын жан-жақты зерттеген ғалымдардың бірі бола білді. Алаш Орда көсемі Әлихан Бөкейханов «Мен тірімін, дем аламын, туған елімнің ауыр жүгін арқалап өмір сүремін және мен үшін Отанымның жарқын болашағынан асқан бақыт жоқ... Оны ойлағанда түн ұйқым төрт бөлінеді» - деп туған халқымыздың ұлттық санасын ояту жолын таңдап, аянбай тер төкті. Ұлт зиялыларының бірі ретінде, отансүйгіштігі мен ұлтжандылығы тұрғысынан биік рухты кемел тұлғалардың үлгісі болар Ә. Бөкейхановтың 1890 жылы Санкт-Петербургтегі Императорлық орман институтына түсерде өрімдей жас кезінде өзінің шығармасында: «Өзгеге жамандық тілеу – өзіңе жамандық жасау, себебі, басқалармен қосылып барлығымыз бір адамзат баласымыз. Адам баласы үшін ең қиыны рухани тыныштық жағдайына жету, оған біз санамен де, байлықпен де жете алмаймыз, тек ілім мен білім жолына түсу арқылы ғана адам баласы толыққанды рухани кемелдікке жете алмақ» - деген ойларынан бастау алған оның педагогикалық мұрасы бүгінгі жас ұрпақ тәрбиелеуші ұстаздар үшін баға жетпес құндылық. Сол үшін де, бүгінгі таңда өз маңызын жоймаған Ә. Бөкейхановтың оқыту мен тәрбиелеу ісі жөніндегі пікірлері ғылыми қағидаға айналған десек те болады. Ол практикалық әдістің лабораториялық әдіске жақын екендігін дәлелдейді. Оның ойынша, практикалық әдіс мұғалімнің басшылығымен сабақты бекіту кезеңінде қолданылады. Әлихан Бөкейхан оқушының қажетті білім алуы мұғалімнің шеберлігіне байланысты екендігін айтады. Ол былай деп жазады: «Баланы баулыған оқытушы ісіне шебер болса, өзі де, балаларды табиғатты әліпбидей оқып, аты бәйгеден келіп, бүркіті түлкі алып қызыққа батады да, қуанады. Бала оқуға күйі түскен қаршығадай, түлеп ұшады» [5, 78 б.]. Автор ең қажетті лаборатория ол қоршаған ортаны, табиғатты көзбен көру деп есептейді. Лабораториялық әдісті оқушылар табиғат құбылыстарын ұзақ бақылау арқылы іске асырады. Ғалым-педагог оқыту мазмұнын ұлттық психологиямен байланыстыруға ерекше мән берген. Ол оқушыларға өздерінің өмірлерімен, күнделікті тыныс-тіршілігімен байланысты соған қажетті материалдар беріп отырған. Әлихан Бөкейхан 1926 жылы орта мектеп оқушыларына арнаған астрономия оқулығын жазып шығарған. «Астрономия» - деген сөздің мәнін ол былайша түсіндіреді: «Астрономдар астыр-грек тілінде жұлдыз, номос-заң, осы екеуінен, екі сөзден жұлдыз заңын зерттеуші деп астрономды шығарған» [5, 94 б.]. Сондықтан да ол мұғалімдерге жас жеткіншектердің бойларына диалектика - материалистік көзқарастарын қалыптастыру мәселесін алға қойған. Әлихан Бөкейхан зерттеулерінде оқыту мен тәрбиелеу бір-бірімен байланыста болатын үрдіс ретінде қарастырады. Тұлғаны қалыптастыруда тәрбиенің атқаратын рөлін Әлихан өз еңбектерінде жан-жақты дәлелдейді. Тәрбиесіз жинақталған білімнің қоғамға тигізер пайдасы болмайтындығын айтады. «Ән өлең һәм оның құралы» - атты мақаласында эстетикалық тәрбие мәселесін көтерген. Автор өнердің тұлғаны қалыптастырудағы рөлін

ерекше атап өтеді. «Ән адамның бар ет тамыр, сүйек-сүйегін қозғайды, бәрін ерітеді, елжіретеді» - деп жазғанын жоғарыда атап көрсеттік.

Әлихан Бөкейханов мұрасында ерекше орын алатын туындыларының бірі – көркем аударма. Қаламгер аудармаларында тәрбие түрлері жан-жақты берілген. Л.Н. Толстойдың «Сурет кафеканасы», В.Г. Короленконың «Макардың түсі» атты әңгімелерін тәржімалаған Ә.Бөкейханов еңбек тәрбиесін насихаттаған. Балаларға тілі жеңіл мысалдар берген. «Көк кептер мен құмырсқа», «Бүркіт пен тасбақа», «Күзен», «Арыстан мен тышқан», «Ат пен атшы», «Арыстан мен бақа» т.б. әңгімелерінде тәрбиеге жете тоқталады. Тәрбие теориясын оқыту теориясымен байланыста қарастыру мәселелерін қозғаған педагог-ғалым Ә.Бөкейхановтың сол кезеңде айтқан «оқытуды ана тілінде жүргізу керек» деген пікірі күні бүгінге дейін өз мәнін жойған жоқ. Сол кезеңде Алаш көсемі көтерген ана тілінде оқыту мәселесі бүгінгі таңда мемлекеттік стратегиялық құжат болып бекітілді. Мемлекеттік тұрғыда бекітіліп қойғанымен, бүгінгі таңда тіл мәселесі өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Мектеп бағдарламаларын жаңартқымыз келсе, білім деңгейін көтеріп, ұлттық ерекшілігімізді сақтап қалғымыз келсе, ең алдымен «тіл мәселесін», «оқу үдерісін ана тілімізде жүргізу» мәселесін шешу орынды болмақ. Әлихан Бөкейханов қаламынан туған «Исторические судьбы киргизского края и культурные его успехи», «Киргизи», «Жағрафия», «Астрономия», «Материалы к истории султана Кенесары Касымова» атты еңбектері халқымыздың өткені мен бүгінгі, көнесі мен жаңасын сабақтастырып жатқан алтын арқау боларлық әдеби, педагогикалық мұра. Осы педагогикалық мұраны педагогтар оқу үдерісінде орынды қолданса, нұр үстіне нұр болары сөзсіз.

«Қазақ» газетіндегі Ә.Бөкейхановтың қызметін де айтпай кетпеске болмайды. XX ғасырдың алғашқы ширегінде басылып тұрған сол кезеңдегі мерзімді басылымдардың бірі «Қазақ» газеті бізге Ә.Бөкейхановтың қызметі туралы нақты мәліметтер беретін анық. Олай дейтініміз «Қазақ» газеті Ә.Бөкейхановтың тікелей араласуымен өмірге келгені баршамызға белгілі. Қазақ газетіне келер болсақ бірінші редакторы А.Байтұрсынов, екінші редакторы М.Дулатов, бастырушы «Азамат» серіктігі Хұсаинов-Каримов баспаханасында басылып тұрған. Жалпы алғанда Әлихан Бөкейхановтың «Қазақ» газетіндегі мақалалары екі жүзге жуық ең түйінді деген мәселелеріне тоқталған. XX ғасырдың басындағы қазақ елінің саяси әлеуметтік өмірінің ең түйінділеріне, қазақ шаруашылық жағдайына, жер мәселесіне, басқа елдермен қарым-қатынасына оқу-ағарту, бала тәрбиесіне, әдебиет пен шежірге арналған мақалалары жарияланған. 1917 жылғы 21 қарашадағы санында Ә.Бөкейхановтың басшылығымен құрылған «Алаш» партиясы программасының жобасы «Қазақ» газеті арқылы бізге жеткен құнды дерек екендігін мойындау керек. Ә.Бөкейхановтың «Қазақ» газетінде басылған сын мақалаларында мол тарихи-этнографиялық мәліметтер бар. Шәкәрім Құдайбердиевтің 1912 жылы жарық көрген кітабы, «Қалқаман-Мамыр» туралы сын мақаласы газеттің 1915 жылы 121-санында жарияланған. Сондай-ақ Шәкәрім Құдайбердиевтің «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» атты кітабына газеттің 1913 жылғы 12-санында мақала арнайды. Бұл мақалада қазақ елінің тарихы, шыққан тегі туралы құнды деректер молшылық. 1914 жылы орынборда «Үміт» баспасынан жарық көрген «Қарақыпшақ Қобыланды батыр» кітабына сын мақаласын газеттің 1915 жылғы 126-129 сандарында жариялайды. Осы мақалада Ә.Бөкейханов Абай өлеңдеріне, Шәкәрім Құдайбердиевтің «Шежіресіне» Шоқан Уәлихановтың ғылыми еңбектеріне сілтеме жасай отырып, жырдың көркемдігі туралы, тарихы туралы көптеген құнды мәліметтер келтіреді.

Әлихан Бөкейханов - қазақтың тұңғыш кәсіби журналисі және жаңашыл редакторы болғандығы бәрімізге белгілі. Бүгінгі күнге дейін дәл осы тақырыпқа қалам тербеп, ізденген ғалымдарды қарастырғанда, Әлихан Нұрмұхамедұлының журналистік қызметі туралы тарихшы, профессор Мәмбет Қойгелді аздап сөз қозғаса, сондай-ақ ф.ғ.д., профессор, марқұм Үшкүлтай Сұбханбердинаның, т.ғ.д. Қырықбай Алдаберген мен тілші-ғалым Ғарифолла Әнестің, алаштанушы ғалымымыз Қайрат Сақтың Алаш көсемсөзі мен ондағы Әлихан Бөкейханның рөлі және оның кейбір лақап есімдері туралы жазған бірқатар

дүниелерді таба алдық. Ал ф.ғ.к., профессор Шолпан Забихтың «Әлихан Бөкейхан – саясаткер, публицист, журналист» атты кітабы – осы тақырыптағы сүбелі еңбектің бірі. Дәл қазіргі кезде Әлихандай арысымыздың кәсіби журналистік қырын тиянақты түрде жан-жақты зерттеп жүр деп әлихантанушы-ғалым – Сұлтанхан Жүсіпті айта аламыз. XX ғасырдың басында бодандықтан зәразап болған қазақ ұлты еркіндікке ұмтылса да, оның сенім білдірер ауызбірлігі, үміт артар әскері, арқа сүйер жақтастары, иек артар материалдық жағдайы мен айқындалған шекарасы болмады. Осы қысылтаяң шақта ұлтына темірқазықтай болып жол көрсеткен біртуар арыстарымыздың жалғыз сүйенері – елді жұмылдырып, санасын оятатын баспасөзі еді. Алдымен, Әлихан Бөкейханның кәсіби журналистік қызметін зерттеу біздің қоғамға не үшін қажет деген сұраққа жауап іздеп көрсек. Біріншіден, тарихқа деген адалдық танытып, ұлттық азаттыққа жету жолында баспасөзді қару еткен арыстар туралы бүркеулі жатқан талай шындықтың бетін ашып, жаңа буын алдында әділеттілік принципін берік ұстану үшін. Екіншіден, үлкен талаптарға жауап бере алатын, еліміздің «кәсіби журналистикасының бастауын Кеңес Одағынан алатынын» санаға сіңіріп келген тарихи бұрмалаушылықты жоққа шығару үшін. Үшіншіден, Әлихан Бөкейханның осы қырын зерттейтін жас ғалымдардың қызығушылығын арттыру арқылы әлі де беймәлім жатқан жаңа тарихи деректерге қол жеткізу үшін. Төртіншіден, ұлттық журналистиканың төл моделін елеп-екшей отырып, оның ұлттық дүниетанымға сай өрілген нұсқасын жаңа заман мазмұнымен толықтырып, жаһандық журналистикада көшірме, еліктегіш бейнеден өзіндік жолы мен бет-бейнесі бар бірегей дара, ең бастысы, елдің келешектегі ізгі мақсаттарына сай жолмен жаңғырта алу үшін. Бүгінгі күні білім беру үдерісінде қазақ журналистерін даярлау кезінде Алаш тұлғаларының журналистік жолын бағамдап ұстансақ, қателеспесіміз анық. Адам құқын, қоғам мүддесін жоғары қоятын зайырлы, құқықты, азаматтық қоғам тәуелсіз журналистика мықты болған кезде ғана қалыптасатыны анық дүние. Бұл мәселе бүгін де өзекті дей аламыз. Өйткені, ол жоқ жерде ақпараттық қауіпсіздікке нұқсан келіп, шығармашылық ізденіс жоғалып, халық ақпарат көзіне сенуден қалады. Біз Әлихан Бөкейхан бастаған арыстарымыздың осы идеясын бүгінгі күнде жаңғырту арқылы ғана құқықтық мемлекет құра аламыз. Мойындасақ та, мойындамасақ та, болашағымыз - қоғамдық негіздегі тәуелсіз журналистикада. Алаштықтар аңсаған, бүгінгі ел боп қолтаңған «Мәңгілік ел» идеясы -БАҚ-тың рөлі дербес институт ретінде көрініс тапқанда ғана ел игілігіне сай жүзеге асар асыл мұрат. Сол мұратқа жету жолында Ә.Бөкейханұлындай ұлыларымыз көрсетіп берген шамшырақты жолды ұстансақ, адаспасымыз анық.

Қорытындылай келе, мақалада Ә.Бөкейхановтың рухани мұрасын жан-жақты талдай отырып, Алаш қайраткерінің тек қазақтың тұңғыш саяси партиясын ұйымдастырушы және Алашорда үкіметінің төрағасы ретінде ғана емес, ғұлама ғалым, ұлт азаттық қозғалысының теориялық негізін салушы әрі көсемі, сонымен қатар әдебиетімізге зор еңбек сіңірген тұлға екендігіне көз жеткіздік.

«Ешкімнің Әлиханға бар ма сөзі,

Демейді қандай қазақ оны оң көзі.

Семей тұрсын, жеті облыс - бар қазақтан,

Талассыз жеке-дара тұр ғой өзі», - деп С.Торайғыров айтқандай, Әлекең әрқашан да қазақ жүрегінде жеке дара тұлға болып қала бермек [1]. Ғұмыр бойы күресті күндерді басынан кешірген Алаш қайраткерлерінің арқасында көш түзелді, бүгінгі күні ел егемендігі баянды болып келеді. Ендігі кезекте өзге дамыған елдермен тереземізді теңестіріп, өркениетті елдердің қатарынан орын алу – жаңа Қазақстанның мақсаты. Бұл мақсатқа жету үшін білім үдерісін танымы мол, тағылымы терең ойлардың иесі Алаш қайраткерлерінің интеллигенциясы негізінде жаңартуға тиіспіз.

Әдебиеттер:

1. Әлихан Бөкейхан: Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2018. – 784 б.
2. Бөкейханов Ә. Таңдамалы. 2-кітап. – Алматы: «Өлке», 2003. – 224 б

3. Бөкейхан Ә. Шығармаларының библиографиялық көрсеткіші. – Астана: «Алашорда», 2018 б. – 484 б
4. Бөкейхан Әлихан. Шығармалары. 8-том. – Астана: «Алашорда», 2018. – 600 б.
5. Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі. Арыстар тұғыры. - Алматы: Ғылым, 1998.- 280 б.
6. Сәрсекеев Қ. Алаштың Әлиханы (филологиялық эссе)

ALAŞ İDEASI YOLUNDAKİ HASAN ORALTAY’IN SOSYAL VE SİYASİ HİZMETİ

Askar Kumar

Öğretim Görevlisi, Karagandı Endüstri Üniversitesi, Temirtau, Kazakistan,

Tarih araştırılırken toplumsal-siyasi (ekonomik, halkın durumu), bölgesel (uluslararası, cumhuriyet, eyalet, bulunduğu yer vb.) arkeoloji, medeni-etnografi (folklore, örf-adet, medeniyet, yazı ve çizgiler), biyografik (Tarihi olayı başlatan, olay içinde toplumsal ve siyasi mücadelesi veren, mirası, hatıraları) vb. konular incelenmektedir.

Bu araştırmamızın konusu, Hasan Oraltay’ın (1933-2010) toplumsal ve siyasi mücadelesi, kültürel mirası ve Alaş idealidir. Biyografik ve kronolojik verilerin temeli kendi hatıralarından alınmıştır [1].

Hasan Oraltay’ın biyografik tarihini 6 başlık altında değerlendirmeye çalışacağız.

Araştırmamızın **birinci bölümünde**, «Hasan ORALTAY kimdir?», Hasan Oraltay’ın toplumsal ve siyasi mücadelesi, özgürlük ve Alaş ruhu nasıl oluştu? Ve Hasan Oraltay’ın kültürel mirası olan «Alaş» hareketinin başlangıcı, gelişim süreci ile verilen mücadeleleri araştırmak ve özgürlük mücadelesinin gençlere nasıl aktarıldığı sorularına cevap vereceğiz.

Araştırmanın ikinci bölümünde,

- a. Doğduğu yer ve ailesinin toplumdaki yeri;
- b. Çocukluk yılları, ilk dini eğitim aldığı yer ve çalışmalar;
- c. Çocukluk dönemindeki değişiklikler, toplumun gelişmesine etki eden faktörleri ele alacağız.

3. bölümde, Araştırmanın ilk adımlarındaki 1. ve 2. Soruların cevaplarını ve 2. bölümün 3. kısmında toplum ve siyasi değişiklikler içinde Hasan Oraltay’ın sahip olduğu bilgileri:

- a. Kazakistan’da yaşanan zorluklar, açlık ve siyasi sürgünler ve komünizmin siyaseti konusundaki görüşlerini;
- b. İki kızıl imparatorluk (Çin ve Rusya) komünizmini mukayase ederek, Doğu Türkistan’ın siyasi tutumunu;
- c. Atayurdun bağımsızlık mücadelesinin kahramanlık ve vatan aşkıdan oluştuğu hususundaki düşüncelerini;
- d. Gençlik hayatının bir anda zorluk ve sıkıntıya dönüşmesi, kaygı ve üzüntü içinde göç edenlere şahit olmasını;
- e. Özgürlük ve bağımsızlık özleminin günden güne artması ve Türk Dünyası’nın kudretine inanması;
- f. Alaş önderleri ile, gazilerin hayatı ve hizmetleri hakkında bilgilere ulaşması ve araştırması;
- g. Ülkü haline dönüştürdüğü Alaş ruhunu yaşatma ideali ile yapmış olduğu ilk araştırmaları ve ilk yazıları hakkında bilgiler sunacağız.

4. bölümde, Hasan Oraltay’ın Türkiye’nin toplumsal-siyasi hayatında ve hizmetlerinde yeni bir dönemin başlaması ve tarihe izler bırakan olaylar ve nedenleri:

- a. Alaş ruhunu yaşatmak - A.Bökeyhan, M.Çokay, A.Baytursunulı, M.Dulatov, M.Jumabay, C.Aytmatov, B.Maylin, S.Seyfulin, ve diğer Alaş önderlerinin arkasında bıraktıkları kültürel mirasları yaşatmak;
- b. Tarihi tanım ve tanıtım - Kazak Türk Toplumunu ile bir araya gelerek, Sovyetler birliğine karşı ayaklanmanın temelini oluşturma çalışmaları, «Abılay», «Alaş - Doğu Türkistan’daki Türk

halkının özgürlük mücadelesi», «Ötüken», «Milli hareket», «Türk Halkı», «Töre» gibi dergilerde makalelerini yayınlamaya başlaması;

c. Ortamın düzelmesi - Ahmet Zeki Velidi Togan, Alparslan Türkeş, Turan Yazgan, vs. birçok aydınlar ile bağlantılarının gelişmesi ve «Azattık» radyosundaki hizmetleri ve istifade ettiği kişiler (Karıs Kanatbai (bu kişiden M.Çokay hakkında bilgiler aldı), Maulikeş Haybaldı, Veli Zunun (Abdulla Tolegen), Daulet Tagıberli, Jakebai Bapış vb);

d. Kazakistan'ın Bağımsızlığına katkıları - Aralık vakıasının olgunlaşması, Sovyetler Birliğine karşı «Kalamdı Karu» (yani kalemi silah olarak kullanmak) kullanarak olayların aydınlatılmasına katkıları, «16-17 Aralık 1986 olayları» adlı kitabının yayınlanması, Kazakların sesini dünyaya duyurulmasına katkıları, Bağımsızlığın beklenmesi ve bağımsız Kazakistan'ın geleceğine katkıları.

5. bölümde Hasan Oraltay'ın tarih konusundaki çalışmaları, sosyal ve yayın hayatı hususundaki fikirlerinin ve temel hizmetlerinin kronolojik olarak oluşmasından:

a. 1950-1960 yılları arası:

- İlim ocaklarını araştırarak Türkiye'ye gelmesi;
- İlk makalelerinin gazetelerde yayınlanması;
- Avrupa'daki tarih, edebiyat alanlarında Alaş tarihi ve önderleri hakkında araştırmaların yapılmasında ve onların kültürel mirasının muhafaza edilmesindeki çabaları;
- Uluslararası alanlarda tecrübe kazanması.

b. 1960-1970 yılları arası:

- Türkiye'deki Kazak Türkleri hakkındaki ilk kitabının yayınlanması;
- Kazak Halkının tarihi ve kültürünü tanıtmının en önemli yollarından birinin yayın ve gazeteler olduğunu anlatması;
- Örf-adet ve kültür gibi milli değerlerin yaşaması için verdiği mücadele;
- basın hayatına adım atması («Azattık» radyosu);
- Sovyetler Birliğinin zalim siyasetini tanıtmak için çaba sarfetmesi;
- Alaş önderleri hakkında gazetelerde yazılar yazması ve milleti bilgilendirmesi.

c. 1970-1980 yılları arası:

- Saka-İskitlerden Alaş olaylarına kadar dönemi kapsayan tarihi sırlar ve eski yazılarla beraber bir çok belge toplayın ilgililerin istifadesine sunması;
- Kazakistan yayın-basın organlarında yayınlanan makalelerdeki tarihi-kültürel konular ve Alaş önderleri hakkında belgeleri takip edip, Türkiye'de tanıtılmasını sağlaması;
- «Abilay», «Alaş» çalışmalarının kitap olarak yayınlanması.

d. 1980-1990 yüzyıllar arası:

- Radyo yayınlarındaki «Kazak» bölümünün gelişimine katkıları, - Sovyetler Birliğinin Dağılması «Aralık Olayları», yayın organlarını bağımsızlık ateşi için kullanması;
- Genç gazetecilerle işbirliği yaparak, gençlerin içindeki özgürlük ruhunun gün yüzüne çıkmasına vesile olması.

e. 1990-2010 yılları arası:

- Kazakistan'a ilk gidişi ve halkla kucaklaşması;
- Vatanını ve milletini savunmak için hazır bekleyen kazak gençlerinin gözlerindeki özgürlük ateşinden gurur duyması;
- 70 yıl boyunca Sovyetler Birliğinde zorluklar altında yaşayan Kazakların çektiklerini dünyaya haykırması;
- Kazakların bağımsızlık kararını dünya basınına duyurması;
- 40 yıllık hizmetinin, Bağımsız Kazakistan tarafından takdir edilmesi ve anılması;
- Kazakistan halkının ilk bağımsızlık kutlamalarına şahit olması ve yerli halkla kucaklaşması;
- Emekliliği;
- «Azattık» radyosunun fonksiyonunun değiştirilmesi toplumsal-siyasi hizmeti geliştirerek yeni plan ve programların açılmasına gayret etmesi;
- «Halkım diye geçen ömür» adındaki kitabının hazırlanması;

- Kazakistan'daki vatan ve milletini seven müstasna şahsiyetlerle bağlarının artması;
- kütüphanesini ve el – yazıların Kazakistan Milli Akademi kitap hanesine bağışlaması;
- Hastalığı.

6. bölümde, hayatını geçirdiği coğrafya olan 4 ülke:

1. 1933-1951 yılları arası: - Çin Halk Cumhuriyeti:

a. 1933-1949 yılları arası. Doğu Türkistan (Kazak halkının ecel ki yurdu 1984 yılı Çin sınırlarına giren) - Altay - Tarbagatay - Altın Emel - Erenkabirga - Barköl (çocukluk çağı);

b. 1949-1951 yılları arası. Çin'den Hindistan'a göç - Barköl - Tanrı Dağları - Kara Dağ - Taklamakan Çölü - Lop-nor Gölü - Gasköl yeri - Tibet yaylası - Gimalay - Kaşmir (Gençlik çağın ilk dönemleri).

2. 1951-1954 yılları arası Hindistan Cumhuriyeti:

a. Kaşmir - Srinagar - Kaşmir (dini eğitimden sonra, İngilizce öğrenme çağı, zorlu ve çileli dönemde babası Alibek Hakim'in himayesinde yetişmesi).

3. 1954-1967 yılları arası. Türkiye Cumhuriyeti:

a. Kaşmir - Pakistan - Irak - Suriye - İstanbul - Tuzla - Zeytinburnu - Manisa - Salihli - İzmir (Sovyetler birliğinin zulmünü ortaya çıkarmak, ona karşı mücadele etme yollarını araştırması, Alaş ruhunun aevlendiği gençlik yılları).

4. 1967-2010 yılları arası . Almanya:

a. 1967-1995 yılları arası. Tüm dünya - Avrupa - Almanya - Münih - Radyo aracılığıyla Sovyetler Birliği - Kazak Sovyet Sosyalistik Cumhuriyeti - Bağımsız Kazakistan Cumhuriyeti («Azattık» radyosunda 28 yıl boyunca Alaş önderlerini haykırması);

b. 1995-2010 yılları arası. Münih Şehri (Geçmiş hayat ve emeklilik yıllar);

c. 14.04.2010 yıl. Münih - Salihli (Son yolculuk, babası Alibek Hakim'in yanına defnedildi).

Son ek 7. Bölümde, Dünyanın dört ülkesinde hayatını geçirmesine rağmen, sadece bir ülkenin bağımsızlığını hayal etti. Ve hayali gerçek oldu. Bu, bağımsız Kazakistan Cumhuriyeti idi.

Hasan Ortalay'ın 77 yaşına kadar, Kazakların tarihi ve kültürüne hizmet edip, milletin asli değerlerin korumak için gösterdiği çabaları elyazıları ve eski baskılardaki belgelerde görebiliyoruz.

Türkiye'ye geldiği andan itibaren Kazakların müziğine, folkloruna, örf ve adetlerini Türkiye'deki kardeşlerine tanıttı. Bu çalışmaları Türkiye'de dostlar edinmesine vesile oldu. ve bu dostları onun fikirlerini desteklediler. Bu dostlarından olan Özdemir Atalan'la yaptığı bir röportaj, Türkiye Türkçesi ile İzmir'de çıkmakta olan «Ege Ekspres» gazetesinde yayınlandı [2]. «Himalaya Destanı-Komünizm pençesi altındaki kazak Türklerinin akıbeti (Anlatan: Hasan Hakim. Yazan: Özdemir Atalan)» başlığıyla 9 Eylül -11 Ekim 1957 tarihlerinde 32 bölüm (tefrika) olarak, Kazak Türklerine Çinlilerin zulmunu anlattı.

Her makale, komünizme karşı ayaklanma olarak yazılsa (Korkunç Komünist Mezalimi Başlıyor [3], Komünistler Yeni Hilelere Başvurmakta [4], Kızıllar Boyun Eğmek Zorunda Kalıyor [5], Canımhanı Yakalayıp Zindana Attılar [6], Kızıllar ile Sert Çarpışmalar [7]), gibi yazılarla Kazakların Türkiye'ye göçünü basına taşıyan yine Hasan Oraltay idi. (Aç Ve Susuz Hayvanlarımız Bize Saldırdı [8], Yoğun Kafilemiz Nihayet Gaş Gölüne Vardı [9], Uyurken Öldürülen İnsanlar [10], Çok Müşkül Durumda İdik [11]) adlı makaleler buna örnektir. «Himalaya» adlı 322 bölümlük yazı dizisi, gazetede yayınlanmadan önce, Hasan Oraltay'nın babası Alibek Hakim'in resimlerinin olduğu ve Kazakların yaşantısı ve gelenekleri hakkında bilgiler veren duyurular yapılmıştır [12, 6s.]. Yazıda milli kıyafetler ile ilgili bilgiler de verilmiş, pek kişinin fotoğraflarının yanı sıra annesinin ve babasının da fotoğrafları yer almıştır.

İstanbul'da çıkan «Ötüken» ve «Milli Hareket» İzmir'de çıkan «Türkeli» dergilerinde Alihan Bökeyhan'ın toplumsal-siyasi hayatı bilgileri resimleri ile birlikte yayınladı.

1970 yıllarında Almanya'da çalışırken, Türkiye ile bilimsel bağlantılarını geliştirdi. «Töre» dergisinde «Altaylılar» [13, 14-18 s.], «Altın Elbiseli Adamdan Haberler» [14, 20-26 s.], «Çin işgalinin 25. Yıl dönümünde «Doğu Türkistan» [15, 50-54 s.] vs.) gibi makaleleri yayınlandı. Bu makalelerden genç bilim adamları istifade ettiler. Örneğin: Samimi ve yakın dostu Ahmet Bican Ercilasun ««Abilay» destanın okuyan talebem Ferhat Tamir bu konu üzerinden doktora tezi

hazırlamıştır» demektir. Alibek Rayimbekov'ndan öğrendiği, Kazakların yaşam tarzı, kültürü ve tarihi hakkındaki bilgileri «Töre» dergisinde «Kazaklar arasında» [16, 38-42 s.] başlığı ile yayınlamıştır.



«Kazak» gazetesi 110 yıl önce bugün yayın hayatına başladı. Prof. Dr. Ömirhan Abdimanoğlu «Gazetenin tarihi 3 döneme ayrılarak incelenmeli ve 2. Dönemi tamamen Hasan Oraltay'a ayrılmalıdır» demektir.

1950 yıllarının ortalarından itibaren «Azattık» radyosunda her yıl «Alaş günü» düzenlendi. Böylece oradaki aydınlarında dikkatini bu konuya çekmiş oldu. Hasan Oraltay bu dönemde Alaşlılar ile ilgili pek çok özel program hazırlayarak «Azattık» radyosunda yayınlamıştır. Münih'ten Prag'a taşınan radyo 1995 yılına kadar bu kaynaklardan istifade ederek yayınlarına devam etmiştir.

Alaş Orda hükümetinin 50. yıl dönümü kutlamaları 1967 yılında ilk defa Azattık radyosu binasında değil, şehrin büyük bir kutlama merkezinde Hasan Oraltay tarafından organize edilen programla gerçekleştirilmiştir. «Alaş» günü kutlaması, 8-13 Aralık tarihleri arasında kutlama haftası olarak sürdü. Kutlamaya, başta Türk dünyasının önderi Zeki Velidi Togan olmak üzere, akademisyen dostları büyük katkı sağladılar. «Azattık» programı zamanla yaygınlaştı. 1986 yılında meydana gelen olaydan sonra, 27 Aralık Mustafa Çokay'ın ölüm yıldönümü dahil, yapılan programlar batı basınında, akademik çevrelerde, «Azattık Radyosundaki» haberlerde çokça yayınlanmaya başladı. Bunun da kronojisinin tutulmasında fayda vardır.

Sovyet Birliği'nin zayıflaması ile Hasan Oraltay, doğduğu topraklara imkanı buldu. 1990 Türk Dünyası Araştırmaları Vakfı Genel Başkanı Prof. Dr. Turan Yazgan'ın düzenlemiş olduğu 120 kişilik heyetin Kazakistan ziyaretinde, Hasan Oraltay da bulunuyordu. Bu seyahatte, Muhtar Şahanov'a, Aralık Olaylarının batı basınında yayımlanan haberlerinin de bir listesini vermiştir. Hasan Oraltay'ın topladığı tüm bilgileri, toparlayıp kitaplaştırmak ve gün yüzüne çıkarmak faydalı olacaktır.

1990 yılı başlarında, «Azat» hareketi içinde bulunan Jumaş Kenebay'ın hatıralarında yazdığı gibi, Kazakistan'a ilk gelişinden itibaren, yaptığı tüm çalışmaların toparlanması da önemlidir.

Hasan Oraltay, ünlü şair Abay'ın Karaul'da düzenlenen 150. yıl dönümü kutlamalarına katıldı. Halk tarafından büyük abir coşku ile karşılandı ve kendisine, ilçenin onur konuğu ünvanı verildi. Karaul Tepesinde bulunan birkaç köyü ziyaret etti. Magjan Cumabayoğlunun evine, torgaylıklar diken Alihan ailesine, ulu yazar ve hemşeri olan Abay köyünde bulundu. Kuran-Hatimleri indirtti. Karaul Tepesinde, Jidebay'da vakit geçirdi ve ibadet etti. Bu bilgilere, Semey şehrinde yaşayan Hafız Matayev'in günlüğünden ulaştık [17]. Şakerim'in 150. Yıl dönümü kutlamalarına katılması ve daha pek çok ilmi toplantılar, görüşmeler hepsi kayda değer faaliyetler ve önemli bilgi kaynaklarıdır.

Hasan Oraltay'a hayatta iken, Kazakistan'da ilim, yayın ve edebiyat alanlarında büyük onura layık görüldü.

Türk halkı için,
Gece uyumadım.

Gündüz oturmadım («Külteğin» Destan'ından). Bu sözler Türküm diyen liderlerde görülen özelliklerdir. Tabii ki, Hasan Oraltay'ın da hayatını özetlemektedir. Tüm Dünya'ya Türk halklarının değerlerini tanıtan bu gibi kişiler, 20. yüzyılında Alaş uranı olarak ortaya çıkmıştır.

«Alaş» kelimesi, kardeşlik, akrabalık, birlik beraberlik anlamına gelir. Hasan Oraltay, Türk halklarını «kökü bir Türk» olarak kabul etmiş, birbirinden ayırmadan hayatının sonuna kadar tüm Türk Dünyasına, Türküm diye haykırmıştır.

Son söz olarak, Gerçek Türk, Altay'ın göz bebeği, Alaş'ın asillerinden Hasan Oraltay layık olduğu şekilde araştırılarak, hak ettiği yere oturtulmalıdır diyoruz.

Kaynaklar:

1. Oraltay Hasan, Elim-aylap ötken ömir. Almatı, 2005. 632 s.
2. //Ege Ekspres. 9.Eylül 1957 - Tefrika №1.
3. //Ege Ekspres. 13.Eylül 1957 - Tefrika №5.
4. //Ege Ekspres. 17.Eylül 1957 - Tefrika №9.
5. //Ege Ekspres. 25.Eylül 1957 - Tefrika №17.
6. //Ege Ekspres. 28.Eylül 1957 - Tefrika №20.
7. //Ege Ekspres. 5.Ekim 1957 - Tefrika №27.
8. //Ege Ekspres. 6.Ekim 1957 - Tefrika №27.
9. //Ege Ekspres. 7.Ekim 1957 - Tefrika №28.
10. //Ege Ekspres. 8.Ekim 1957 - Tefrika №29.
11. //Ege Ekspres. 9.Ekim 1957 - Tefrika №30.
12. //Ege Ekspres. 3.Eylül 1957.
13. //TÖRE –Aylık fikir ve san'at dergisi. Kasım-1975.
14. //TÖRE –Aylık fikir ve san'at dergisi. Nisan-1975.
15. //TÖRE –Aylık fikir ve san'at dergisi. Ekim-1974.
16. //TÖRE –Aylık fikir ve san'at dergisi. Kasım -1974.
17. //«Egemen Kazakistan» gazetesi. 9 agustos 1995.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАННЫҢ БҮРКЕНШІК ЕСІМДЕРІ

Байсеитова А.Ж.

Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің оқытушысы, білім магистрі, Көкшетау қ. (Қазақстан)

Бүркеншік есім - автор өз шын есімін ауыстырып, шығармаларында қолданылатын, ойдан шығарылған есім. Жазушылар бүркеншік есімді әртүрлі мақсаттарда қолданады. Бүркеншік есімді жазушылар мен ақындар жаңа жанрға көшу үшін, сондай-ақ өзінің жазушылық қызметін жарнамаламау үшін қолданады. Әлемге белгілі әдеби бүркеншік есімдер арасынан бірнеше есімді бөліп алуға болады. Олар: Вольтер, Александр Грин, Андре Моруа, Даниэль Хармс, Джордж Санд, Марк Твен және т.б.

Псевдонимнің әуелгі мақсаты оқырмандарды шығарманың авторына емес мазмұнына көңіл аударту болған. Сонымен қатар өз есімін жасырып қалу арқылы автор өзінің белгілі бір әлеуметтік табын, ортасын, шығу тегін де жасырып қалады. Сондықтан оқырман тек қана шығарманың өзін ғана қабылдайды. Бүркеншік атты пайдаланудың тағы да бір себебі қазақ зиялыларының үкімет тарапынан қысым көруі.

Алаш зиялылары өз кезінде көп қысымға ұшыраған. Олардың шығармаларын патша жандармериясы кейін кеңес үкіметі цензурадан өткізіп, қатал бақылауда ұстаған. Осы себептен де көптеген зиялылар бүркеншік есімдерді (псевдоним) жиі пайдалалған. Мысалы,

Ж.Аймаутов пен М.Әуезов «Екеу», Ә. Бөкейханов «Қыр баласы», «Арысұлы», С. Садуақасовтың «Сауықшыл», «Біреу» және т.б. есімдерді пайдаланған.

Қазақ халқына қажетті, әрі саяси маңызы бар мақалалар сол кездерде бүркеншік есім авторлығымен жазылды. Ол мақалалдың, шын мәніндегі, авторы тек қана санаулы адамдардың тобына ғана белгілі болды. «Заманын түлкі болса, тазы боп шал» демекші, ХХ ғасырдың қазақ зиялылары халыққа шындықты ашу үшін осындай амалдарды қолданған болатын.

Алаш зиялыларының көсемі Әлихан Бөкейханов та өз мақалаларының көбін бүркеншік есімдермен жариялаған еді.

«Жас Әлихан ең алғашқы бір топ мақаласын бүркеншек есімімен жариялады. Оған 1889 жылы «Особые прибавления къ «Акмолинскимъ областнымъ ведомостямъ» газеті мен оның қазақша қосымшасы «Дала уалаятының газетінде» жарық көрген бірнеше туындысы, атап айтқанда қазақ және орыс тілдерінде қатар шыққан «Қ. оязының молласының баяны», «Ықтиятты болыс» немесе «Бұрынғыдан қалған жақсы мұра» айдарлы мақалалары куә болады», - [1, 3].

«Жас қаламгер тағы бір топ үлкенді-кішілі мақаласын «Қыр ұғлы» немесе «Қыр ұлы» деген жасырын лақап есімдерімен берді. Қыр ұғлы мен Қыр ұлы - Ә.Н.Бөкейханның алдымен 1900-1901 жж. «Киргизская степная газета» мен «Дала уалаятының газетінде», 1913-1918 жж. «Қазақ», «Сарыарқа» газеттерінде және 1922-1927 жж. аралығында Мәскеу мен Қазақстанның өз ішіндегі мерзімді қазақ басылымдарында кең пайдаланған әйгілі, аңызға айналған екінші аты-жөні десек те артық айтпағандық болады (Алаш көсемінің жүзін көрмеген қалың бұқара қазақ Әлихан Бөкейхан емес, Қыр баласы келе жатыр дегенде жақсырақ танитын болған. Автор.). Оған қоса қаламгер Әлихан осы үш есімімен 1889-1927 жж. аралығында жарық көрген публицистік шығармаларының орыс тіліндегі үлгілерін бір «Сын степей» деген лақап атымен таңбалап келді», - [2,1].

Ә.Бөкейхановтың бұдан басқа «Қыр ұғлы», «Қыр баласы», «Ғали хан», «Әлихан», «Ғ.Б.», «Ә.Б.», «Арыс ұлы», «Түрік баласы», «Қалмақбай» [2, 4] бүркеншік есімдермен мақала бергенін байқаймыз.

Осы үзінділерді саралап қарайтын болсақ, Әлихан Бөкейхан бүркеншік есімдерді көптеген мақалаларында пайдаланғанын байқаймыз. Оның себептерін жоғарыда айтып кеттік. Сонымен қатар, автордың ең белгілі есімдерімен қатар (Мысалы, «Қыр баласы», «Ғали хан», «Арыс ұлы»), көпшілікке белгісіз есімдері де бар екен (Мысалы, «Қ. оязының молласының баяны»).

Алаш көсемі бүркеншік есімдерден бөлек, өзінің шын есімін де екі түрлі нұсқада пайдаланған болатын. Жазушы алғашқы туындыларын «Ғали хан Бөкейхан» деген атпен жариялаған болатын. Ал кейінгі шығармаларында, қазіргі көзіміз үйренген, «Әлихан Бөкейхан» есімін, яғни аздаған дыбыстық өзгеріске ұшыраған есімін қолданған болатын. Оны мына үзіндіден көре аламыз: «1917-1919 жылдары ұлт көсемі Халық кеңесінің (үкіметінің) орыс тіліне аударылған заңнамалық қаулыларына, бүкілресейлік уақытша үкіметтерге («Сібір автономиясы», Комуч, «Уфа директориясы» және т.б.) жолдаған хат-хабарларына «Алихан Бөкейхан» деп қол қойған екен», - [3,4].

Омбының техникалық училищесін «техник» мамандығымен бітірді деген 1890 жылы маусымның 14 күні табыс етілген аттестат: «Сұлтан Әлихан Нұрмұхамедұлы» атына толтырылған.

Ал «Ә.Н.» және «А.Н.» есімдеріне келетін болсақ оған мынадай тарихи факті келтіруге болады. «ОТУ-дың 3-курсының соңы мен 4-курстың бірінші тоқсанында оқып жүріп басып шығарған бір топ мақаласын 24-ке енді аяқ басқан қаламгер осы аты-жөнінің «Ә» және «Н» деген бас әріптерін ғана көрсетіп берді десек, қателеспейміз» [2,4]. Бұл есіммен жарыққа шыққан мақалаларында жергілікті қанаушы болыс-старшындарды, шала қожа-молдаларды, дарынсыз ақындарды қатты сынға алып жазады. Ол өзінің айналасындағы өмір шындығын ашық айтқандықтан, өз есімін толық жаза алмады.

Қазіргі ғалымдардың тұжырымына сүйенсек, Омбының «Степной край» газеті мен Семейдің «Семипалатинский листок» газеттерінде «Читатель» деп қол қойған мақалалары бар. Ал оған дейін «Степной край» газетіне «Читатель» деген лақап атпен В.И. Ленин өз мақалаларын жариялаған болатын. Мүмкін бұл есімді пайдаланудың бір саяси маңызы болған шығар.

Әлихан Бөкейханов бүркеншік есімін тек қана мақалаларында ғана емес, сонымен бірге ғылыми оқулықтары мен аудармаларын жариялағанда да пайдаланған. Мысалы, «Қыр баласы» деген атпен «Астрономия әліп-биі» (К.Фламарионнан аударған. Мәскеу, 1924), «Дүниенің құрылысы» (Д.Граведен аударған Мәскеу, 1926), «Жердің қысқаша тарихы» (Т.Тутковскийден аударған. Мәскеу, 1926), «Мұғалімдерге хат: Пыланеттер» (Ж.М., 1926) деген еңбектері жарық көрген.

«Қыр баласы» астрономиялық атауларды бергенде сол зат қазақ тұрмысында болмағандықтан сипаттамалы, түсіндірмелі әдістерді пайдалана отырып және оның қазақша баламасын да беруге ұмтылыс жасайды. Мысалы: «Пыланеттердің көбінің ерткен қосшысы бар. Пыланеттер күннен айналғанда қосшы жолдастары көлеңкедей еріп пыланеттерден айналады да жүреді. Біздің жердің қосшы жолдасы айдың қылғаны да осы». «Жұлдызды бақылап-бағып зерттеуге осы күні өзгеше үй салады. Бұл үйдің орыс тіліндегі аты обсерваториие. Латын тілінде обсербы - қараймын, бақылаймын, бағамын деген сөз. Олай болған соң, бұл үйдің қазақша аты қарауыл үй болады ғой» [4, 2].

«Астырономшылардың аспабы, қырағы түтік - телескоб. Жұлдызшы бір түтікке қарап суретін салатын аспанның аймағына телескопты бұрмалайды. Екінші түтікте сурет салып алатын аспап бар».

«Күнмен ғана жарық болады, пыланеттер аспан кеңдігінде дөңгелек сызық жолмен күнді, қазықтан айналған арқандағы аттай, айналады, соны мен пыланеттердің бұ жолын, орыс латын тілінде дөңгелек - орбыйта дейді» [4, 2].

Автор европаның тілін қазақтың өз түсінігіне бейімдеп ғажап сөйлеткен. Ол қазақ тілінің сөздік қоры мен ішкі мүмкіншіліктерін кеңінен пайдаланған. Оқулықтарының көбі қазақтың ұлттық ғылым тілін дамытуға үлес қосқан, астрономия, география, физика ғылымы салаларының тарихында өзіндік орны бар еңбек екендігі белгілі.

Ұлт көсемі, «Қыр баласы» лақап атын пайдаланып, 1915 жылы «Қазақ» газетінде «Қара Қыпшақ Қобыланды» жыры жайында жабылған мақаласын жариялады. Мақала Қобыланды батырдың, ойдан шығарылған фольклорлық образ еместігін, керісінше XIV ғасырда өмір сүрген тарихи тұлға екендігін дәлелдейді. Қобыланды батырдың қолынан қаза тапқан Ақжол би (шын есімі Дайырқожа) Әбілхайыр ханның кезінде өмір сүрген атақты билердің бірі болған. Оны келесі үзіндіден көруімізге болады. «Шәкәрім айтқаны дұрыс болса, Қарақыпшақ пен әз Жәнібек қазағы Қобыланды үшін араз болған. Қобыландының атысқаны Қызылбас та, қалмақ та болмай Жәнібектің жұрты Арғын һәм өзге қазақтар болып жүрмесін» [5, 89], - деген пікір қозғап, эпостың тарихқа қатысы жөнінде болжам айтады. Мақалада Қобыланды батырдың салынып жүрген суреттеріне дейін сыналады. Оның астындағы аты түр-келбеті, қару-жарағы қазақтың батырына сай болу керек деген ойларын айтады.

Қорыта айтқанда, Әлихан Бөкейханов қазақ үшін біртуар азаматтардың бірі болды. Оның мұралары күн өткен сайын өз құндылығын жойған емес. Қандай бүркеншік есімді пайдаланса да, қандай баспасөз беттерінде жарияласа да оның шығармалары дараланып, ерекшеленіп тұрады. Бұл бір жағынан оның асқан шеберлігін көрсететін болса, екінші жағынан оның жазушы ретінде, ғалым ретінде өз атын ойып тұрып салып кеткендігін аңғарамыз.

Әдебиеттер:

1. Д. Қазабекұлы «Алаш тұлғаларына ықыласты болуымыз керек» www. Abai. kz. 2009 ж
2. Сұлтан Хан Аққұлы «Әлихан Бөкейханұлының публицистикасы мен бүркеншік есімдері турасында» www. zhebe.com 2015ж

3. Алаш көсемінің есімін «Бөкейханов» деп жазу неге қате? www.inform.kz 2015ж
4. Ә.Бөкейханов «Астрономия оқулығы». Дала мен қала газеті №3 www. Abai. kz. 2015 ж
5. Т. Кәкішев Қазақ әдеби сынының тарихы (оқу құралы) – Алматы «Санат» 1994. - 448 бет.

АЛАШТЫҢ АРЫСТАНЫ ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ

*Сәрсекова Гүлжжан К., Фабдылжанатова А.
М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі*

Бұл ғылыми жобамның өзекті мәселесі ол Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханов халқында зерттеу жүргізген ғалымдар мен тарихшылардың мағлұматтарына сыни көзбен қарап оларды бір ізге түсіріп реттеу. Сонымен қатар Қазақ елі біле бермейтін ақпараттар мен құжаттар және деректермен бөлісе отырып, Әлихан Бөкейханов туралы тың деректерді көпшіліктің назарына ұсынып насхаттау. «Хан баласының мойнында қазақтың өтелмеген қақысы бар еді, соны ақтауға тырысам, қазаққа қайтсем де қызмет қылам» деген Әлихан Бөкейханов тірісінде қандай жан еді? Айтқан сөзін орындай алды ма? Бұл сұрақтың жауабын тарихтың қатпар беттерін ақтарып отырып табамыз. Иә, ол өзінің алға қойған мақсатына жетті. Қазақ елінің тағдыры талқыға салынған сын сағатта оқыған азаматтардың басын қосып, тұңғыш Қазақ Республикасының негізін қалады. Ол құрған Алашорда үкіметінің ғұмыры ұзақ болған жоқ. Бірақ сол аз уақыттың өзінде талай дүниенің басын қайырды. Қазақтың қазақ екендігін, азат ел бола алатындығын көрсетті.

Әлихан Бөкейхан – қазақтың басын біріктіріп, ерікті ел болуын көксеп, сол мақсатқа жету жолына өз бойындағы бар қасиетін: ақыл-ойын, өнер-білімін, жігер-қайратын, бар саналы өмірін арнаған адам. Егер ол өзінің бас пайдасын ғана ойлап, патша заманында мансапқор болып, шен-шекпенге қызығып, ұлық болғысы келсе, өзі ақсүйек, хан әулеті әрі оқымысты Әлихан Бөкейханға ол жол оңай еді. Бірақ Әлихан қара басының қамын ойлаған жоқ, туған халқының қамын ойлап, белін бекем байлап, ел үшін еңбек ету жолына түсті. Әлихан – қазақ тарихында демократиялы баламалы түрде сайланған Алаш Орда – Ұлт кеңесінің тұңғыш төрағасы!» Ал оны үлгі ету үшін әр адамның санасына Әлиханның қандай намысшыл, ұлтын сүйген ұлы адам екенін жеткізу керек. Осы жолда кішкене болсада өз үлесімді қосу парыз деп санадым.

Алаш» зиялыларын бастап Әлихан қазақ елін Батыс Еуропа өркениеті деңгейіне жеткізуді түпкілікті мақсат етіп алды. Осы мақсатқа ол мәдениеті мен әлеуметтік-экономикалық болмысы жағынан қазаққа бір табан жақын жапондардың әйгілі «Мэйдзи төңкерісі» тәжірибесі мен оның жемістерін ден қоя зерттеді.

Әлихан Бөкейханов публицист ретінде тану, оның жеке тұлға ғана емес, үлкен ірі қоғамдық тұлға екендігін көрсетеді. Оның өмір баяны, жүріп өткен жолдары, өзіндік дүние танымы барлығы сол уақыттың сол қоғамның тыныс тіршілігін аңғартқандай. Әлиханның өз заманының жаршысы тегеуірінді публицист екендігін баяндамас бұрын, нені публицистика және кімді публицист деп айта аламыз. Біз Әлиханды еске алғанда көз алдымызға сонау ХХ ғасырдың басы, сол кездегі тыныс-тіршілік жалпы, қоғам көз алдымызға елестетеміз. Әрине бір перзентіміздің бойынан бүкіл біз уақытпен қоғамды көз алдымызға елестету ұлы істің жемісі міне, Әлихан турасында бір ауыз сөзбен айтар болсақ әйтсе де сөзіміз дәлелді болуы үшін оған жан-жақты кеңінен тоқтала кетсек.

Әлихан Бөкейханов замандастары Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мағжан Жұмабаев, т.б. сынды биігінде ел таныған азаматтарымызбен терезесі тең әрі өзіндік ерекшеліктері де, бар біртуар дара тұлға. Олай дейік себебіміз Әлиханның публицистика әлеміндегі өзіндік қолтаңбаларының аса сауаттылығы мен қоса оның өміршеңдігі. Яғни оның еңбектерінің уақыт талабының ауасындай құндылығында.

Ә.Н.Бөкейханның қазіргі қазақ әдебиеті тарихында қалдырған бірден-бір өшпес ізі-ұлы, кеменгер ақын, ағартушы Абай туралы жазып қалдырған еңбегі. Ұлт әдебиетінің өз

алдына жеке бір саласы-әдеби сынның іргесін қалап кеткен еңбегі және қазақ ауыз әдебиетінің теңдессіз үлгілерін жинақтап, өңдеп бастырған және зерттеуге қосқан үлесі де зор. Ауыз әдебиетінің «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қара қыпшақ Қобыланды батыр», «Ер Тарғын» сынды үздік үлгілерін өңдеп, бастырған, өз замандастары Абай, Шәкәрім, Міржақып, Жүсіпбек сынды ақын-жазушылардың шығармаларына әділ де өткір сын жазып, насихаттаған.

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан-қазақтың 20-сыншы ғасыр басында ілгерішіл ұлт зиялыларының лидері болды. Ол қазақтың өлкетану ғылымының негізін қалаушы, қазақ халқының төл тарихы, әдебиеті, фольклоры, этнографиясы, Қазақ өлкесінің экономикасы мен халық шаруашылығы бойынша жүздеген ғылыми ізденіс пен зерттеудің авторы есебінде, ғұлама ғалым, дарынды публицист ретінде кең танылды және өмірінің соңғы сәтіне дейін ғалым болып қалды.

Алаш зиялыларының ұлт мүддесі жолындағы қызметтері сан қырлы. Қазақ ұлтының тарихи санасын көтеру жолында аянбай қызмет етті. Ә. Бөкейханов Ресей императорлық география қоғамының қызметіне қызу араласты. 1896 жылы оның Батыс-Сібір бөлімінің мүшесі болды, ал 1901 жылы оның басқару комитетіне сайланды. Оның тарих саласында жазып қалдырған «Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи» атты алғашқы еңбегі жарық көрді. 1903 жылы «Россияполное географическое описание нашего отечества» деген көп томды альманахтың 17-ші томына еніп, Санкт-Петербурда жарық көрді. Шығармада қазақ өлкесінің тас дәуірінен бергі тарихы көрініс тапқан. Сонымен бірге қазақ даласының соңғы ғасырлардағы өмір-тарихын сипаттаған. Бөкейханов қазақ мемлекетінің пайда болуының тарихи кезеңдерін, даму заңдылықтарын да терең зерттеген.

Әлихан Бөкейхан сол кезеңдегі қоғамдық-саяси ахуалды өте терең әрі жақсы түсінген: «Қазақ жерінде қоныс аударушы орыс шаруалары мен орыс казактарының саны басым әрі олардың қолында қару бар. Және билікте солардың жағында. Біз әуелі оларды ішке тартып, біз сендерді ешқайда қумаймыз, сендерге жаулығымыз жоқ, бірігіп мемлекет құрайық, бірлесіп әрекет етейік деп оларға түсіндірейік. Сосын барып, тәуелсіздікті жариялайық», - деген. Тарихшы Мәмбет Қойгелді «Алаш» сол кездегі еуропалық үлгідегі ұлттық демократиялық партия болған. Партияның басты құжаты саналатын бағдарламасының өзі сол тұстағы батыстағы кез келген партияның бағдарламасынан кем болмаған», - дейді.

«Алаш» ұстанымы - халық ұстанымы, ұлт ұстанымы. Қазақ қанша өмір сүрсе «Алаш» сонымен бірге өмір сүретін болады. «Алаш» идеясы - халықтың құндылықтарын сақтау, оны ұрпаққа жеткізу идеясы. Ал біз үшін ең үлкен құндылығымыз ол біздің атамекеніміз - қазақ жері, оның асты-үсті байлығы. «Алаш» идеясы сол қазақтың асты-үсті байлығын ұрпаққа жеткізу үшін жасалған идея. «Алаш» зиялылары ондаған жыл бойы осы мақсат үшін күресті. «Алаш» зиялылары қазақ халқының өз мемлекет тәуелсіздігін алу үшін тер төкті. «Алаш» көсемі Әлихан Бөкейхановтың: «Мемлекеттігі жоқ халық - жетім халық» деген қанатты сөзі содан қалса керек-ті. Мемлекеттігі жоқ халық, қорқақ халық, жалтақ халық деген сөз. «Алаш» зиялылары мемлекет үшін, ұлт үшін күресті. «Алаш» зиялыларының мақсаты қазақ деген халықтың барлық рухани құндылығын, салт-дәстүрін ұрпаққа жеткізу болды.

Алаш зиялылары Еуразия кеңістігіндегі Қазақ Елінің мәртебесі биік болып, әлемдік өркениеттен өзіне тиесілі орынды иеленуі үшін өз өмірлерін арнады.

Әлихан Бөкейханов – жұртшылықтың, халықтың қаламгері. Оның публицистік шығармашылығы ұлт тағдыры мен болашағының, оның ғұмырнамасының айнасы. Ол сол жолда, сол бағыт-бағдарда, сол мұрат-мақсатта еңбек етіп келе жатқан публицист. Ол өз буын, өз ғұмырнамасын жазушы ғана емес, сол арқылы тұтастай ұлттың атынан сөз айта алатын дәрежеге көтерілген ірі тұлға. Сондықтан болар оның қаламынан туған кез-келген туындыны оқырман ыждаһатпен қабылдайды. Өйткені ол қай жанрда жазса да барлығын дерлік өзіндік қалыптасқан дара стильмен, көркем шұрайлы тілмен жазады.

Ә.Бөкейханов публицистикасы қазақ баспасөзінің дамуына ғана емес, қоғам санасының өрлеуіне де зор үлес қосты.

Ешкімнің Әлиханға бар ма сөзі,

Демейді қандай қазақ оны оң көзі.
Семей тұрсын, жеті облыс - бар қазақтан,
Талассыз жеке-дара тұр ғой өзі, –
деп С.Торайғыров айтқандай, Әлекең әрқашан да қазақ жүрегінде жеке дара тұлға болып қала бермек.

Әдебиеттер:

1. "Егемен Қазақстан" газеті, 2015 жылғы 24 қараша
2. К. Нұрпейісов «Алаш һәм Алашорда» А., 1995 ж.
3. «Алаш азаматтары жайлы деректер» Ақиқат.1993 №4
4. Бөкейхан Әлихан. Шығармалар / Ә.Бөкейхан.-Алматы: Қазақстан, 1994.-384 бет.
5. М. Қойгелдиев «Ә. Бөкейханов» А., 1994 ж.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Кидралиева А. Б.

педагогикалық ғылымдарының магистрі, Академик Е.А.Бөкетов атындағы

Қарағанды университеті, Тарих факультеті,

*Қазақстан тарихы және Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының оқытушысы
(Қарағанды қ.)*

1917 жылы 5-13 желтоқсан аралығында Орынбор қаласында өткен екінші жалпы қазақ съезі Алаш автономиясы деп аталатын Ұлттық мемлекет құрылғандығын мәлімдеп, оның үкіметін сайлады. Әлемнің алтыншы бөлігін алып жатқан Ресей империясы көлемінде бұл аса зор оқиға болғанымен, отарлық езгідегі қазақ қоғамы үшін оның тарихи маңызы ерекше еді. Өйткені мұның бәрі қазақ елінің XVIII ғасырдан бергі өз бостандығы мен теңдігі жолында орыс империясына қарсы жүргізген азапты күресінің қорытындысы болатын.

Тарих сахнасына Алашорда-Халық Кеңесі үкіметін алып келген жалпы ұлттық күрестің басында ұлттық интеллигенция тұрды. Олардың ортақ түсінігі бойынша отарлық езгі мен феодалдық мешеулік жағдайында аяқ асты болған ұлттық мүддені қорғап, қазақ елін басқа өркениетті елдер қатарына алып шыға алатын жалқы жол-ұлттық мемлекеттік құрылымның болуы еді. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысының басшылары осындай батыл қорытындыға келген.

Міне осыған байланысты қазақ ұлт-азаттық қозғалысының қайраткерлерінің бірі халқымыздың өз еркіндігі үшін күрес жолында мәңгі өлмейтін терең із қалдырған-Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов.

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан (1866-1937 жж.)-XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының, қоғам және мемлекет қайраткерлері қатарындағы аса ерекше тұлға.

Әлихан Нұрмұхамедұлы 1866 жылы бұрынғы Семей облысы Қарқаралы уезі Тоқырауын болысының жетінші ауылында дүниеге келген. Қазіргі әкімшілік-аймақтық бөлініс бойынша бұл елді мекен Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Нүркен ауылдық округі құрамындағы ауыл Қараталға қарайды. Әлиханның әкесі-Нұрмұхамед, анасы-Бегімханым оқу-білімге жақын, парасатты адамдар болған. Әлиханның үлкен атасы-Бөкей, ол атақты көкжал Барақ сұлтанның ұлы. 1816 жылы бес мейрам-арғын Уәли билігін мойындамай, Орта жүзде екінші хандық құрады. Хан етіп сескеннен асқан қарт Бөкейді сайлайды. Бөкейдің тоғыз ұлының бірі-Батыр сұлтан. Батырдың ұлдары Мырзатай мен Рүстем. Мырзатайдан Нұрмұхамед туады. Бөкейден соң Қарқаралы дуанының білігі немересі Жамантайға ауысқан. Жамантай мен Рүстем, Мырзатайлардың арасында әскер және ел билеу ісіне байланысты басараздық болып, соның нәтижесінде Рүстем мен Мырзатай Қаратау жаққа ығысқан. Бірақ олар көп ұзамай қайта оралып, Кенесары қозғалысына ат салысады.

Әлихан Бөкейханның қайраткер ретінде қалыптасуының екі рухани негіздерін бөліп айту артық емес. Біріншіден, Әлихан еркіндік пен теңдікті жоғары бағалаған ортада өсті. Оның қоғамдық көзқарасының қалыптасуына халықтың бай ауыз әдебиетінің, ұлы Абайдың және басқа ақын-жыраулардың терең ойлы шығармаларының ықпалы болғандығы сөзсіз. Оның 1907 жылы тұңғыш рет орыс оқырмандарын Абайдың творчествосымен таныстыруды көздеген материал жинап, ал 1909 жылы ұлы ойшылдың шығармаларының Петерборда жарық көрінуіне мұрындық болып, өмірінің соңына дейін Қобыланды, Ерсайын, Қозы-Көрпеш-Баян сұлу және басқа көптеген ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, зерттеп және насихаттап өтуін, әрине, кездейсоқ жағдай деп айту қиын.

Болашақ қайраткердің өмір жолының қалыптасуына отарлық езгіге қарсы Кенесары бастаған жалпыұлттық көтеріліс (1837-1847) туралы ел арасындағы әңгіме, аңыздардың айтарлықтай ерекше әсері болғандығын аңғару қиын емес. Мұны біз Ә.Бөкейханның 1923 жылы Ташкентте жарық көрген кітапшасына алғы сөз орнына жазып, әкесіне арнаған екі шумақ өлеңінен де байқаймыз:

За годом год хромали годы,
Прошло их много с той поры,
Как, вольный сын степной свободы,
Казнен батыр Кенесары.
Но дух его бунтарской воли,
Его борьбы кровавый след,
Был маяком киргизской голи
До дней свободы, дней побед

Екіншіден, ХХ ғасырдың басында озық ойлы Европа мәдениеті мен дәстүрінің ықпалынсыз Ә.Бөкейхан сияқты ірі қайраткерлердің қалыптасуы, әрине, мүмкін еместін. Оның өмір жолын айқындауда, әсіресе, Ұлы Француз революциясының және орыс азаттық қозғалысы мен гуманистік әдебиетінің орны ерекше болды. 1917 жылдың жазында Уақытша өкіметтің комиссары қызметінде жүріп жазған мақаласында ол: «Бостандық, теңдік, туысқандық 18-ші ғасырдан бері жарыққа шыққан таза пікір. Мұны майданға салған Франция жұртының саяси ерлері. Осы үш түрдің бәрі біздің тарихтан, інжілден, будда оқуынан, Лев Николаевич Толстой философиясынан табылады, көзі ашық талапты ер іздесе. Бұл үш ұраннан бөлек адам баласының бақыт, махаббатына жол жоқ. Бұл жолдан шыға жайылған хайуандыққа қайтқан болады»-деп жазды [2, 8 б.].

Бала Әлиханның ұлт тізгігін қолына алған дара тұлғаға айналған кезеңдерінен бастап жат жерде атылған тұрлаулы тағдырын жан-жақты тереңнен қозғап жазған Ә.Бөкейханның туған інісі Смахан төре Бөкейханның естелігі жан толқытады. Санаткердің қайраткерлік күреске толы жылдарындағы арман-аңсарын, мұрат-мақсатын «...Әлиханның ойы қазақтың елін, жерін, суын, қалай өмір сүруін білу үшін аралаған. Қала салып, егін салып, бала оқытып, бай-кедей демей-ақ жеткіземін деген ойға кезіп жете алмады [1, 4 б].

Әлекең «оқыдым» деп басына пайда қылмаған, мал жимаған, үй салмаған, үй тігіп, бие байлап, қымыз ішіп, қазақша дәурен сүрмеген. «Қазағым, елім!»-деп кеткен. Пара алмаған, қазақтың елін, жерін аралап көрген. Өмірін «қазақты ел қыламын» деп сарп еткен...» деп жеткізеді.

Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш элитасы-жаһандық деңгейдегі саяси тұлғалар, руханият марғасқалары. Мәселен Әлімхан Ермекулының Әлихан Бөкейхан хақында Жайық Бектұровқа «Білім жөнінен мамандығы орман шаруашылығы, оның экономикасы болса да, ол Петербургтің, жалпы Россияның сан алуан адамдарымен тікелей араласты. Алғашқы Думаға депутат болып, орыс, европа елдерінің көркем әдебиетін зерттеді. Көптеген оқымыстылардың, революционерлердің, кадеттердің, үкімет мүшелерінің қалың ортасында жүрді», Қалкен Мәкенбаевқа «Ол кісі Санкт-Петербург Орман техникалық институттың экономика факультетін тәмамдаған. Заң факультетіне Ленинмен қоса экстернат болып емтихан тапсырған. Терең, дария-мұхит білімді ғалым болатын. Шет елдердің тоғыз тілінде еркін сөйлеп, жаза білетін...» деген жан сырында айтылғандай, оның саяси және ғылыми,

рухани және мәдени ортасында ұлттық һәм адамзаттық өркениет тығыз тоғысып жатты. Шетелдік соның ішінде орыс қайраткерлерінің түрлі жанрдағы мемуарлық мұраларында қазақты рухани кемелділік пен саяси теңдікке жетелеген Алаш ұлдарының жарқын бейнелерінің барынша әділ әрі шынайы түрде сомдалғаны сүйсіндіреді. 1913 жылдың маусым айында Ә.Бөкейхан туған Семей облысы Қарқаралы уезі Тоқырауын болысында қазақ ертегілерін жинау мақсатында арнайы сапармен болған Григорий Потаниннің (1835-1920) естелік жол жазбалары негізінде Томскіде Сібірді зерттеу бойынша Омбыдағы Географиялық одақтың Батыс Сібір бөлімшесінде оқылған «На притоке реки Токрау» баяндамасы өміршеңдігімен өрелі (Қараңыз: Сибирская жизнь.-Вторник, 22 апреля 1914 года.) «Сібірдің әлеумет басшысы, ақ жүрек азаматы, білгір саясатшысы» (Міржақып Дулатұлы) Г.Н.Потанин «Летом 1913 года я посетил среднюю часть Каркаралинского у., Семипалатинской области. Я прожил весь июнь месяц в ауле Ермековых в местности Былкылдак; так называется небольшая река, один из левых притоков другой более значительной реки, Токрау, которая течет по направлению к озеру Балхаш... Мой выбор пал на этот уезд потому, что в нем кочует родственник моего друга Алихан Букейханов, на содействие которого я мог рассчитывать; в чем я не ошибся» деп ұлы тұлғалар өсіп-өнген қазақ өлкесінің табиғатын суреттейді. «В 90 верстах моей стоянки на Былкылдаке живет брат Алихана Букейханова Смахан. Так как г.Ермеков предложил служить мне переводчиком при записывании сказок, то я остановился на житье в его ауле и не доехал до Смахана, но он, услышав о моем приезде, сам приехал в Былкылдак. Его брат Алихан, постоянно живущий в Самаре, не мого этим летом приехать в Каркаралинский уезд, но он прислал письма в край, благодаря которым я познакомился с его друзьями: Хасеном Акбаевым, Якубом Акбаевым, Хасеном Биджановым и др.» деп Х.Ақбайұлы, Ж.Ақпайұлы, Ә.Ермеқұлы, Х.Бижанұлы сынды өлке өрендерінің өзіне жәрдемедесудегі өрелігін құрметпен еске алады. Ұлттық оянудағы «Айқап», «Қазақ» басылымдарының өрісті ықпалын деп көрсетеді [1, 5-6 бб.].

Ә.Бөкейхан ХІХ ғасырдың 80-ші жылдары империяның шығыстағы ірі саяси орталықтарының бірі Омбы қаласында техникалық училищеде оқыды. Бірақ оның шын мәніндегі үлкен саясаттың не екенлігін түсінген кезі, әрине, С.-Петербургте орман-техникалық институтында оқып жүрген жылдарына түс келеді. ХХ ғ. босағасынан аттағалы тұрған Ресейдің қандай жолмен дамуы тиімді болатындығы туралы қайшылықты пікірлер қақтығысына куә болды, өз ойын да шыңдай түсті. Ә.Бөкейханның бұл жылдардағы рухани ізденістерінен хабардар автор: ... В бытность студентом лесного института примыкал к крайней левой. Во время разгара споров о марксизме очень энергично отстаивал тезисы экономического материализма»-деп жазды [2, 9 б.].

Ә.Бөкейхан институтты бітірген бетте ішкі Ресейден қоныс аударушылар жағдайын зерттеу үшін ұйымдастырлағн Половцев экспедициясына қатынасу үшін 1895 жылдың жазында Омбыға келіп, экспедиция жұмысына рұқсат берілмеген соң сонда қалып қояды. Омбыдағы орман шаруашылығы училищесіне математика пәнінен оқытушы болып орналасқан ол, тура осы мезгілде социалистік бағыттағы «Степной Край» газетінің қызметіне белсенді түрде араласа бастайды.

«Степной край» газетін бұл кезде шығарушы қызметкерлер негізінен түрлі бағыт ұстанған социалистер болды. Ол басқа Сібір газеттерінен де сонысымен айырмаланды. Ә.Бөкейхан Севастьянов, Соколов сияқты халықшылдармен, Беляков сияқты марксистпен бірге газеттің редакция алқасы құрамына енді. Оның осы кезеңдегі көзқарасынан жақсы хабардар ескі досы, проф.С.П.Швецов былай деп жазды: «Никакой «радикальной интеллигенций», как представителя особого направления, в составе «Степного Края», как думает т.Виноградов, не было. А.Н. Букейхан, которого он относит именно сюда, представлял собою марксистское направление в газете и был, несомненно, наиболее ярким его выразителем. Я бы сказал даже-единственно ярким. Не случайно было то обстоятельство, что Якубович-Мельшин и Гоц-Рафаилов, желая вплотную примкнуть к «Степному Краю», нашли нужным предварительно вступить в переговоры и соглашения не с кем другим, а именно с ним. Со своими единомышленниками-народниками им не нужно было никаких

предварительных переговоров, так как и без переговоров все было ясно. Иное дело-представители другого, чуждого им течения социалистической мысли-марксизма: здесь нужен была ясность и полная доверенность в отношениях».

1896 жылы үкімет орындарының шешімімен Ақмола, Семей және Торғай облыстарындағы жер жағдайын зерттеп, қазақ даласына орыс шаруаларының пәрменді түрде қоныс аударуына қажет ғылыми негіз жасап беруге тиіс болған Ф.А.Щербина бастаған экспедиция ұйымдастырылды. Ә.Бөкейхан экспедиция жұмысына қатысуға мүдделілік танытқандардың бірі болды. Оның ойы бойынша бұл жұмыс сол тарихи кезеңде қазақ жұрты үшін ең зәру мәселеге айналған-жер қатынастарын тереңірек түсініп, белгілі бір тұжырымдарға келуге жағдай жасауға тиіс еді [2, 10 б.].

Экспедиция алдына мынадай міндеттер қойылды: 1. Көшпелі шаруашылықтың жер пайдалану әдіс-тәсілдерінің заңдылықтарына көз жеткізу; 2. Қазақтарды ауылдық қауымға бөліп, оларды шаруашылық жүйе бойынша жіктеу; 3. Сол жеке шаруашылықтарға қажет төрт түлік малдың көлемін есептеп шығару; 4. Әр түліктің керекті жайылым мөлшерін яки жер нормасын анықтау; 5. Этикалық жағынан, жағрапиялық ерекшелігі мен тарихи даму тұрғысынан зерттеу.

Жұмыс мерзімі 1896 және 1903 жылдар аралығын қамтыған Щербина экспедициясы шын мәнінде қыруар шаруа бітіріп, аталған облыстарда он екі уездерден жиналған материалдардың негізінде 13 томнан тұрған ғылыми зерттеу еңбегін бастыртып шығарды. Экспедиция жұмысына қатынасу барысында Ә.Бөкейхан қазақ даласына байланысты Ресей империясының көздеген мақсатын бұрын өзі байқай бермеген жаңа қырынан көрді және орталық биліктің таяу жылдары ірі шараларды іске асыруға даярлық жасап жатқанын байқады.

XX ғасырдың басы, аңғырақ айтқанда 1905-1910 жылдары Ресейдің переселен саясатында, сол арқылы оралдың шығыс бөлігін отарлау саясатында жаңа кезең болды. Оған мынадай фактілер арқылы көз жеткізу қиын емес. Егер 1864-1885 жылдар аралығында Оралдың шығыс жақ бетіне қоныс аударушылардың саны 300 000 адам болса, бұл сан 1885-1910 жылдары-2,5 миллионға өсті.

Міне осындай жағдайда патша өкіметінің отарлау саясатымен күрес жүргізу де жеңіл-желпі іс еместін. Жалпы саяси деңгейі төмен, оқыған азаматтары саусақпен санарлық қазақ қоғамы үшін бұл ауырдың ауыры еді. Студенттік жылдары және омбылық өмірінің алғашқы кезеңінде марксистік бағытта тұрған Ә.Бөкейханның, саяси платформасының біртіндеп өзгеріске ұшырау себептерін, мейлінше, осы жағдайдан іздеу орынды болатын сияқты. Басқаша айтқанда, қазақ даласын ашықтан-ашық отарлау саясатына білек түрініп керіскен патшалық жүйемен пәрменді күрес жүргізу үшін, әуелі бүкіл қазақ жұртының басын біріктіруді көзеген әрекеттер жасап, сонымен бірге орыс қоғамының ішінде ресми билікке қарсы оппозицияда тұрған саяси күштердің қолдауына сүйену керек еді. Ал мұндай сипаттағы іске, біріншіден, жалпыұлттық м.ддені түсінуге көтеріле алмаған қазақ жұртын таптық негізде бөлшектейтін, екіншіден, Ресей жағдайында ашық, ресми саяси күшке айналмаған марксистік партия бағытын ұстану тиімсіз болды.

Қалай болғанда да, Ә.Бөкейханның көзқарасының Щербина экспедициясына қатысқанын кейінгі кезеңде үлкен өзгерістерге ұшырағандығы анық. Дегенмен, Ә.Бөкейхан сияқты қазақ оқығандарының саяси көзқарасының мүлдем жаға сапаға көтерілуіне тұңғыш орыс революциясы ерекше ықпал етті. Патшалық отарлау аппараты өзіне қызметке даярлаған түрлі мамандық иелері арасынан шыққан қазақ зиялылары елде жаңа сипат, жаңа өрлеу ала бастаған ұлттық қозғалысқа саналылық, ұйымдасқан сипат беру жолдарын қарастырды. Осы бағытта газет шығару, күреске шақыратын кітаптар бастыртып тарату, көкейкесті қоғамдық-саяси талаптар қойған петициялар ұйымдастыру сияқты бұрын қазақ тарихында болмаған саяси күрес құралдарын иегер бастады. Сан жағынан аз, әлеуметтік-саяси күресте жинаған тәжірибесі мардымсыз ұлттық интеллигенция үшін бұл жеңіл-желпі емес істерді көтеріп алып кету оңайға түспегендігі анық. Осы тарихи кезеңінде ол атқарған жұмыстар арасынан мыналарды бөліп айтуға болар еді. Олар: Қарқаралы петициясын

ұйымдастыру және өлкеде Россиялық конституциялық демократиялық партияның жергілікті филиалын құру жолында жасалған әрекет. Сол тұста жалпы қазақ қоғамының саяси өмірінде жаңалық есебінде болған бұл оқиғалардың Ә.Бөкейхан қызметіне тікелей қатынасы болғандықтан, олардың тарихи және қоғамдық-әлеуметтік астарына қысқаша тоқталып өтейік [2, 12 б.].

1905 жылы 25-26 маусымда Қоянды жәрмеңкесінде ерекше оқиға болды. Үш жүз қазақтарының өкілдері бас қосқан үлкен жиындарда бүкіл халық атынан Ресейдің ең жоғарғы билік орындарына жолданған бірнеше құжаттардан белгілі. Құжаттар Ресей императорына, Министрлер Кеңесінің төрағасына, ішкі істер министріне жолданған. Петицияларды дайындап, халық өкілдеріне қол қойғызғандардың ішінде қазақ зиялылары Әлихан Бөкейхан, Жақып Ақбаев, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Көлбай Тоғысов, Ахметқали Аяғанов бар.

Бұл патша өкіметінің отарлау саясатына ашықтан-ашық петиция арқылы наразылық білдірген қазақ қоғамы атынан ұлт-азаттық өкілдерінің алғашқы қадамдары еді.

1905 жылы шілде айында Қоянды жәрмеңкесінде патша өкіметінің жүргізіп отырған саясатына қарсы Мақсұт Бекметевтің басшылығымен үнпарақ (листовкалар) таратылды. Ол Омбыдағы студенттердің, почта-телеграф қызметкерлерінің де ереуілдерін ұйымдастырушылардың бірі еді. Патша полициялары мен жандармдары тарапынан революциялық үгіт жүргізгені үшін М.Бекметев қуғындалып, 1906 жылы абақтыға жабылды, айдауда жүріп 1912 жылы қайғылы қазаға ұшырады.

Бүкіл ресейлік саяси ереуілдің әсерімен Қазақстан аумағында: Семейде, Қарқаралыда, Қарағандыда, Өспенде, Спасскідіе т.б. жерлерде манифестациялық толқулар кең өріс алды. Қарқаралыда почта-телеграф қызметшілерінің ереуілі болды. Патша өкіметінің Қазақстанда жүргізіп отырған отаршылық саясатына қарсылық білдіріп, әр жерден петициялар жіберіле бастады. Соның бірі-жоғарыда айтылған Қоянды жәрмеңкесінен жолданған петиция [3].

Екінші бір патшаның атына жазылған жолдама-хат болып табылатын «Дело об агитации среди киргиз Каркаралинского и Павлодарского уездов о посылке в Петербург депутации для представления от Киргизского народа петиции к царю» атты құжатына Қарқаралы уезінен сайланған 42 өкіл қол қойды. Петиция 47 пункттен тұрады. Бұл петиция өкімет орындарын ерекше абыржытып, әуре-сарсаңға салған. Өйткені, оған қол қойғандар түгелге жуық ел билеуші қазақтар еді. Ондаған жылдар бойы айтқанына көніп, айдағанына жүрген момын, қараңғы, «бұратана» халықтың бұлайша оянуынан үкімет қатты сескенген еді.

Осы құжаттың жасалуы туралы мәлімет жетісімен Омбыдан Қарқаралыдағы уезд басшысына петицияны ұйымдастырушыларды анықтап, іс қозғау жөнінде Дала генерал-губернаторының канцелярия бастығы Лосевскийден шұғыл түрде құпия жеделхат жіберілді. Сондай-ақ, 8 қазанда Омбыдағы сот палатасының аға басқарушысы А.А.Кобылинге Дала генерал-губернаторы Н.Н.Сухотиннен петицияны ұйымдастырушыларға тез арада Омбы сот палатасының іс қозғауы қажет деген жеделхат салынды. Петицияға қол қойған 42 адамның аты-жөнін анықтап, бақылауға алу туралы бұйрық беріледі. Құпия түрде жүргізілген тексеру бойынша петицияны ұйымдастырушы Ә.Бөкейхан екені анықталды. Бұл туралы «...петицияны Омбыдан Петербургке осы жылдың 28 шілдесінде Ә.Бөкейхан жіберген, ол осы уездің қырғыздарымен тығыз байланыста, қырғыздардың арасында оның беделі жоғары», -деп жазады штаб-ротмистр Оссовский өзінің дала генерал-губернаторына жіберген ақпаратында [4].

Осы ақпаратта жеделхаттың түпнұсқасын жасаушы және оның Омбыдан Қарқаралыға құпия түрде жеткізуші Омбы сот палатасының сот ісінің кандидаты Ж.Ақбаев екендігі де айтылды.

«Қарқаралы, Семей, Павлодар уездерінің қазақтарынан Патша ағзамның атына жіберілген тілекке қоса, Сіздің қарап шешуіңізге мынандай нақты мәселелер қоямыз» деп басталатын құжатты Ішкі істер министрлігінің құзырындағы, мысалы, мешіт және оның жанынан медресе ашуға рұқсат беру, баспа ісімен әркімнің айналысуы құқығын қамтамасыз

ету, іс қағаздарын қазақша жүргізу, салықтар ерікті түрде төленетін болсын, қазба-байлықтар, ашылған кен орындарды, заводтар мен кеніштер-қазақтардың ұлттық байлығы болып саналсын, ормандар, өзендер мен көлдер, олардың байлығы да қазақтың ұлттық байлығы болып бекітілсін, соңғы 20 жылда қазақтардан тартып алынған жерлер өздеріне қайтарылсын, көшпелі қазақтар мен орыс шаруаларының, қазақ-орыстардың құқығын теңгеру сияқты мәселелер көрсетілген.

Енді Ресей үкіметіне жазылған құжатқа қысқаша тоқталайық. Онда ар-бостандығын беру, халықтың өз тілінде білім алуын ұйымдастыру, келімсектерді қоныстандыру саясатынан бас тарту, жер қорының жергілікті халыққа тиесілі екендігі туралы арнайы заң актісін қабылдау, «Далалық ережені» және өлкені әкімшілік басқару жүйесін қайта қарау, азаматтық және сот ісін қазақ тілінде жүргізуді заңды бекіту, отарлаушы аппарат чиновниктерінің санын қысқарту, генерал-губернаторды орталықтан тағайындаудан бас тарту, жоғары билік органдарынан отарланушы өлке депутаттары үшін үлес беру талаптары қойылды [5]. Министрлер Кеңесінің төрағасына жолданған петицияға 12767 адам қол қойған.

Петиция қазақ және орыс тілдерінде жазылған. Оның қазақ тілінен орысшаға Семей облысының Қарқаралы, Семей, Павлодар уездері қазақтарының сенімді өкілі Темірғали Нүркенов тәржімалайды.

Белгілі саяси қайраткерлер-Ә.Бөкейхан, М.Дулатов, Ж.Ақбаев, А.Байтұрсыновтардың бірлесе отырып жасаған петициялары саяси партияның қайнар көзі деп алуға болады.

Сонымен, 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы кезіндегі Қазақстандағы саяси оқиғалар, әсіресе, жұмысшылардың, шаруалардың және зиялылардың бой көрсетулері, ұлт-азаттық қозғалыс және т.б. олардың әлсіздігіне және бытыраңқылығына қарамастан жергілікті еңбекшілер үшін үлкен саяси мектеп болды, бұл тәжірибені олар ұлттық және әлеуметтік азаттық жолындағы бұдан кейінгі күресінде пайдаланады.

1902-1907 жылдары патша үкіметінің атына жазылған талап-арыздар ішінде «Қарқаралы петицасының» маңызы ерекше. Петицалық қозғалыстар қазақ халының саяси сана-сезімінің күшейгенін, ұйымшылдықтың артқанын, батылдығын көрсетеді.

Қаһарман қарқаралылықтардың қолымен дүниеге келген, тарихқа "Қарқаралы петициясы" деген атпен мәңгілік болып жазылған, оянған халықтық сана үнін білдіретін, кезінде Қоянды жәрмеңкесіне жиналған 14.500 адам қол қойған бұл шағым-хатты шын мәніндегі қаһармандық құжат деуге болады. «Қарқаралы петициясын» айналымға қосу үшін Алашорданы, оның айтулы көсемдерін, Алаштың шын азаматтарын ауызға алуға тура келетін. Міне, оянған сананың бір тамаша куәсі Азиядағы қазақ жерінде, оның Қарқаралы атты ежелгі қаһарман өлкесінде, осы жердің қаһарман азаматтарының, осында дүниеге келген Алашорда белсенділерінің, шын мәнісіндегі Ардагер Алаш азаматтарының төңкерісшіл, жаңа заман құруды аңсаған, мұрат еткен идеалдары негізінде жазылған. ХХ ғасыр басындағы қабылданған маңызды тарихи құжат 1917 жылы «Алаш» қозғалысы және «Алашорда» үкіметінің пайда болуына түрткі болған оқиға еді. Осы тарихи құжат қазақ халқының бостандыққа ұмтылудың бастамасы болды. Бұл петицияның тексті Санкт-Петербургтегі Орталық тарихи архивте сақтаулы тұр. Оның сәл ғана қысқартылған нұсқасы кезінде Ресейдің орталығында шығып тұрған "Сын отечества" басылымында (№ 173, 1905 жыл, 4 қазан) жарияланған [6].

Қазақстанның саяси-құқықтық тарихында тұңғыш рет Қарқаралы петициясында конституциялық-демократиялық идеялары мен жобалары кеңінен, жан-жақты талдау жасалынған.

Саяси күрес жолына енді түсе бастаған ұлттық интеллигенцияның осы кезеңдегі саяси-әлеуметтік бағдары, белгілі дәрежеде, Ресейдің радикалдық-буржуазиялық партиясы-кадеттердің ұстанған бағытымен тоғысқандығы да шындық. Өзінің бастапқы саяси күрес кезеңінде самодержавиялық билікті ұтымды сынға алып, оған қарсы оппозицияда болған конституциялық-демократиялық партияның Қазақстанда бөлімін ашуға ынта білдіргендердің қатарында Ә.Бөкейхан да болды. Ол 1905 жылдың соңында басқа да қазақ

интеллигенттерімен бірге Оралда бес облыстың делегаттық съезін өткізіп, «Қазақ конституциялық-демократиялық партиясын» құру шарасына қатынасады.

Ал келесі 1906 жылы маусым айында осындай жиылыс Семейде қазақ сайлаушыларының бірінші съезі болып өтті. Оған 150-ден астам адам қатынасты... Әңгімені Ә.Бөкейхан бастап, ол жиылысты «народная свобода» партиясының программасымен таныстырып, отырғандар оған қосылу турасында қаулы қабылдады» деп, жарыссөзде ол партия туралы Шәкәрім Құдайбердиев және басқалар сөйлегендігін келтірді.

Қазақ кадеттерінің бағдарламасымен таныса отырып, оның жалпы ұлттық мәселелерді саяси мақсат ретінде күн тәртібіне қойғандығын байқаймыз. Партия бағдарламасы сол кезде Оралда Камиль Тухватуллиннің басқаруымен шығып тұрған «Фикер» (Пікір) газетінде жарияланған. Онда қазақ жерін бүтіндей сол елдің меншігі етіп жариялайтын заі қабылдау, ішкі Ресейден көшіп келіп қоныстану толқынын тежеу, кедей жұмысшыларға еркіндік, теңдік беру, оларға пайдалы заңдар шығару қазақ балалары үшін мектеп, медресе, университеттер ашу т.с.с. талап-тілектер айтылған. Бұл мақсаттардың сол кезде іске аса қоймағандығы мәлім, дегенмен 1905 жылдың өзінде алдына осындай міндеттер қойған саяси партия нұсқасы пайда болуының өзі қазақ қоғамы үшін ілгері басумен тең еді.

Сонымен бірінші орыс революциясының кейінгі кезеңде қазақ оқығандарының алғашқы ізденіс нәтижесінде жасаған тұжырымы-қазақ қоғамын ортағасырлық мешеуліктен алып шығатын жол Россия арқылы жеткен дамудың батыстық нұсқасы, басқаша айтқанда, буржуазиялық қатынастарға жол ашу еді. 1910 жылы жарық көрген мақаласында: Ә.Бөкейхан ол туралы былай деп жазды: «Таяу болашақта далада қырғыз арасында қалыптасып келе жатқан екі саяси бағытқа сай екі саяси партия құрылуы ықтимал. Олардың бірі ұлттық-діни атанып, мақсаты қазақтарды басқа мұсылмандармен біріктіру болмақ. Екіншісі-батыстық бағытта... Алғашқысы үлгі ретінде мұсылман татар партияларын алса, соңғысы-орыс оппозициялық, мәселен «халық еркіндігі» партиясын алуы мүмкін».

Ә.Бөкейхан қазақ жұртын батыстың озық мәдениетімен үйренуге шақыруын бұдан кейінгі жылдарда да қойған емес. 1933 жылы марксизм институтының қазақ филиалында өткен дискуссияда сөйлеген сөзінде С.Асфендияров бұл мәселеге қатысты мынадай естелік айтқан болатын: ...Алашорда лидерлерінің «батысшылдығы», «түрікшілдігі» жөнінде де басын ашатын нәрсе баршылық. Менің есімде, 1912 жылы күзінде Петербургтағы қазақ, татар, өзбек студенттері арасында Балқан соғысына байланысты Түркияны қолдаған үлкен қозғалыс болды. Болгар студенттері бізбен жұдырықтасудың сәл алдында тұрды. Сол кездері болып тұрған бас қосулардың бірінде Ә.Бөкейханға «біз Түркияға барамыз», «нағыз ұлтжандылықтың белгісі осы болмақ» сияқты ойларымызды айттық. Ол Түркия құлағалы тұр, оған ешқандай да үміт артудың қажеті жоқ дегенді айтып, бізді батысқа бағыттады».

Әрине бұл арада ешқандай талдаусыз жалпы Батысты меңзеумен шектелсек ағаттық болар еді. Егер Ә.Бөкейханның «Қазақ» газетінде жарияланған публицистикалық мақалаларына зер салсақ, оның батыстың, Ресейдің, демократиялық дәстүріне жақын болғандығын ажырату қиынға соқпайды [2, 16 б.].

Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның Конституциясынан өзінің шешімдерін тапқаны нақтылы фактілермен ғылыми негізде расталды. Бұл үрдіс Қазақстанның конституционализмнің тарихы негізінде ХХ ғасырдың бас кезеңінде қалыптасқанын растай түседі.

Міне, осыған байланысты ХХ ғасырдың бас кезінде қалыптасып, дамыған реформаторлық идеялар мен қозғалыстарды және конституциялық дамуды зерттеу, ұлт зиялыларының тәуелсіздік үшін атқарған жан-жақты қызметтерін санаға сіңіріп, білу және мақтан тұту халқымызды тәрбиелеудегі рөлі өлшеусіз. Себебі, «Тәрбиенің басы-тарих, сол арқылы патриотизмді күшейту-бүгінгі күн мұраты. Патриотизмі жоқ ұлттың ұлт қауіпсіздігі өте осал, әлсіз».

Әдебиеттер:

1. Естеліктегі Алаш: Әдеби-танымдық басылым./Құраст.С.Б.Жұмағұл/1-басылым/-Қарағанды, ЖІШС «TENGRİ Ltd», 2018.-676 б.

2. Қойгелдиев М. Бөкейханов Ә. Шығармалар.-Алматы: Қазақстан, 1994-384 б.
3. Орталық Қазақстан. Әлихан және Қарқаралы петициясы. 30 тамыз, 2016 жыл.
4. Смағұлова С. Қарқаралы петициясы. Қазақ тарихы журналы. 1996. №1.
5. Қазақтар, Көпшілікке арналған 9-томдық анықтамалық. А. 1-т.1998.115-б.
6. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы.-Алматы: Санат, 1995.-368 б.

«АЛАШ» - ҰЛТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ТАРИХИ АҚИҚАТ

Мақсұтова А.Ә. – Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ докторанты, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, тарих және география кафедрасының аға оқытушысы
Жұматайұлы С. - Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ докторанты

Алаш қозғалысы – ХХ ғасырдың басындағы қазақ жерінің барлық өңірін қамтыған ұлт-азаттық қозғалыс. 1905 жылы қазақ оқығандары ұйымдасқан түрде саяси шараларды қолға ала бастайды. 1905 жылы 26 маусымдағы «Қарқаралы құзырхаты» деп аталған Қоянды жәрмеңкесінде Ресей патша үкіметінің министрлер кабинетіне сөз бостандығы мен ана тілінде оқу, діни еркіндік тағы басқа мәселелерді көтерген 12.767 қазақ азаматы қол қойған құжат осы қозғалыстың бастауы болып табылады.

ХХ ғасырдағы Қазақстан тарихының едәуір бөлігі Кеңес Одағының құрамында болуымен, оның экономикалық, әлеуметтік-саяси және мәдени өмірінің тоталитарлық кеңестік жүйеге толық тәуелділігімен сипатталады. КСРО құрамындағы Қазақ КСР 15 одақтас республиканың бірі болғанына қарамастан, іс жүзінде большевиктік Кремльдің билігі Ресей империясының отаршылдық билігінің жалғасы болды. Кеңес Одағы кезеңінде қазақ халқының білім, мәдениет, өнер, ғылым жетістіктері тек Батыстық, Ресейлік өркендеу стандарттары арқылы келді деген евроцентрлік дүниетаным мен көзқарас үстемдік құрды. Жаңа көп томдықта авторлар тарихи шындықты бейнелеуде объективтілік принциптерін басшылыққа алады. Қазақ халқының ішкі ресурстары мен ұлттық әлеуетінің республиканың әлеуметтік-экономикалық өркендеуіне қаншалықты үлес қосқаны туралы өзекті мәселені шешу қажет болады.

ХХ ғасырдың басында, 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін, Қазақстанда автономияға қол жеткізіп, либералдық-буржуазиялық қоғам құру мүмкіндігі пайда болды. Алайда 1917 жылғы Қазан төңкерісі Қазақстанның прогресс жолында даму мүмкіндігін жоққа шығарды. Азаттық идеологиясын басшылыққа алған ұлттық қозғалыс пен «Алаш» партиясы большевиктік партияның кеңес қоғамын құру жөніндегі саясатына еріксіз бағынды. Қазақ интеллигенциясының жекелеген көрнекті өкілдері большевиктік партияның жұмысшы табы мен кедей шаруалар мемлекетін және әлемдегі ең әділетті қоғам – социализмді құру жөніндегі идеясына сенді. Олар Қазақстандағы кеңестік құрылысқа белсенді қатысты. Өкінішке орай, олар да барлық алаш қайраткерлері сияқты, большевиктік сталинизмнің қуғын-сүргін саясатының құрбаны болды.

Осы оқиғадан кейін Қазақстанның көптеген өңірлерінен патшалық билікке құзырхаттар жолдана бастайды. Осы жылы қарашада Мәскеуде қазақ халқының жағдайы жөнінде Ә.Бөкейхан, автономшылар сиезінде М.Тынышбаев сөз сөйлейді. Аталған жылы Орал қаласында қазақ облыстары өкілдерінің сиезі ұйымдастырылып, «Қазақ конституциялық-демократиялық партиясын» құру жөнінде шешім жасалып, партияның бағдарламасы қабылданады. Зиялылардың осындай саяси әрекеттері Алаш қозғалысын 1905 жылы бастауға мүмкіндік береді [1, 544-б.].

Ұлт зиялыларының бірінші, екінші мемлекеттік Думаға депутат болып сайлануы оларды бір-бірімен таныстыра, жақындастыра түсті. Думаға сайланған Ә.Бөкейхан, А.Бірімжанов, А.Қалменов, Ш.Қосшығұлов, М.Тынышбаевтар Ресейдің заң шығарушы ең жоғары органына қазақтың мәселесін көтеріп, оны саяси биліктегілерге жеткізуге күштерін салды. Думадағы қазақ депутаттары ел ішіндегі беделді, белсенді азаматтармен тығыз

байланыста жүріп, олар қалың бұқараның қолдауы мен сеніміне ие болды. Яғни, ел ішіне олар көтерген теңдік пен азаттық идеялары жылдан-жылға кең тарай бастады. Қазақтан мемлекеттік Думаға депутат сайлануы олардың Мұсылман фракциясына енуіне мүмкіндік берді. Сөйтіп, қазақтың елшілі азаматтарының Ресей империясына отар болған мұсылман халықтарының алдыңғы қатарлы өкілдерімен бірігіп жұмыс істеуіне де қолайлы жағдай туғызды. Мұндай парламенттік фракция құрамына Б.Қаратаев, Ы.Жаманшалов, С.Лапин, А.Жантөрин, Е.Оразаев, А.Өтегенов сияқты зиялылардың енуі ұлттық мүдденің көтерілуіне маңызды ықпал жасады. Жалпы Алаш қозғалысында діни-рухани мәселе басты мәселелердің біріне айналды. Қозғалыстың тарихында хазіреттердің, ишандардың, молдалардың рөлі жоғары болды. Қозғалыстың келесі кезеңінде зиялылардың халық өмірін танып, оны жігерлендіру, ояту қарекеттері байқалады. Айталық, «Оян, қазақ!», «Қырық мысал», «Маса», «Бала тұлпар» жинақтары, «Айқап» журналы, «Қазақстан» газеті қозғалыс ұрандарын қалың бұқараға таратқан мәдени-рухани құбылыстар болды. Осы кезеңде ұлт мүддесін бірлесіп шешу үшін жалпықазақ сиезін ашу мәселесі туындады. Оны алғаш көтерген Ж.Сейдалин болатын. Оның 1911 жылдан бастап «Айқап» журналында сиез ашу мәселесіне арналған мақалалары қазақ зиялыларының ортасында үлкен пікір тудырды. Ж.Сейдалиннің сиез ашу жөніндегі осы мақалаларына Б.Қаратаев, Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Б.Сыртанов, М.Тынышбаев, Е.Қасаболатов тағы басқалар алдымен сол «Айқап» журналының өзінде, кейінірек «Қазақ» газетінде пікірлерін білдірді. «Қазақ» газетінің жарық көруі, оның ұлтшылдық бағыты – халықты оятудан тұтастыруға бейімдеді [2, 304-б.].

«Қазақ» ұлттың қазір қандай жағдайда екендігін, қай жолмен жүрсе, қалай болмағын нұсқап, зиялылардың ең көкейтесті ойларын жариялады. Ең бастысы – газет қазақ жерінің барлық өңірін қамти отырып ұлтты оятты, қазақ баласының пікірін, ойын, мақсатын тұтастырды. Яғни, ұлт-азаттық қозғалысы пікір жүзінде де, іс барысында да ортақ мүдде әрекетімен өрістей түсті, дамыды. Осы жылдарда зиялылардың өзара ұйымдасуы, қауымдасуы күшейе түсті. Қозғалыстың өрістеу эволюциясының бағыты мен қарқыны, азаттық қайраткерлерінің мүмкіндіктері мен дайындықтары 1917 жылы Ақпан төңкерісінен соң бедерлене байқалды. Атап айтқанда, сәуірдің алғашқы күндерінен бастап облыстық қазақ сиездері өткізіле бастады. Орынборда, Алматыда, Оралда, Омбыда, Семейде өткізілген Торғай, Жетісу, Орал, Ақмола, Семей облыстық сиездері, Ташкентте өткізілген Түркістан Мұсылмандарының Бірінші құрылтайы Алаш баласының азаттыққа шындап бағыт алғандығын байқатты. 1917 жылдың 2 сәуірінде Орынбор қаласында Ахмет Байтұрсынұлының төрағалығымен басталған Торғай облыстық қазақ сиезі Алаш қозғалысының «Алаш» партиясына, Алашорда үкіметіне ұласар кезеңінің ең алғашқы айтулы оқиғасы болды. Сиездің ұйымдастырылуы мен өткізілуінің басында Ахаңмен бірге Алпысбай Қалменов, Уәлитхан Танашев, Сейдәзім Қадырбаев, Омар Алмасов, Шафқат Бекмұхамедов сияқты ұлт зиялылары тұрды. Бұл сиез «Қазақ» газетінде «қазақтың тұңғыш сиезі» ретінде бағаланды. Торғай сиезінен кейінгі Жетісу, Орал, Ақмола, Семей облыстық сиездері Алаш қозғалысының қазақтың барша даласын қамтығандығын байқатты. Жетісу облыстық сиезінде Ы.Жайнақов, Ғ.Ордабаев, А.Құдайбергенов, А.Шегіров, Н.Жақыпбаев, Ғ.Үдербаевтардың, Орал облыстық сиезінде Б.Қаратаев, Е.Әлібеков, Д.Күсепқалиев, Х.Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедұлы, Е.Жетпіспаевтардың, Ақмола облыстық сиезінде Е.Итбаев, А.Тұрлыбаев, М.Дулатов, М.Саматов, А.Сейітов, М.Жұмабаев, Е.Тоқбайұлылардың, Семей облыстық сиезінде Ж.Ақпаев, Х.Ғаббасов, Р.Мәрсекөв, М.Боштаев, Б.Сәрсенбаев, Ә.Ермеков, Ы.Оразалин, М.Малдыбаев, Ш.Ақпановтардың белсенділігі байқалды. Облыстық қазақ сиездері мен қазақ комитеттері қазақ зиялыларын одан сайын ұйыстыра бастады. Осы өңірлік саяси шаралар ел ішінен қайраткерлерді шығарды. Сөйтіп, Алаш мұраты үшін ерен істерге дайын сандаған азаматтар – күрескерлер, қайраткерлер деңгейіне көтерілді. Бұл сиездердің қай-қайсысы да ұлттың қордаланған мәселелерін күн тәртібіне қоя отырып, оны шешудің жолдары мен амалдарын белгіледі. Облыстық сиездерде қауымдасқан зиялылар жалпықазақ сиезін ашудың алғышарттарын жасады [3, 139-б.].

Мұндай сиез көп кешікпей шілде айында Орынбор қаласында өтті. Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Әлмұхамед Көтібаров, Міржақып Дулатов, Асылбек Сейітов және тағы да басқа Алаш қайраткерлерінің басшылығымен һәм ұйымдастыруымен өткен осы Бірінші жалпықазақ сиезінде қазақ қоғамы үшін іргелі 14 мәселе қаралды. Оның ішінде қазақ автономиясы туралы, қазақ саяси партиясы туралы, дін туралы және тағы да басқа ұлт тағдырының зор мәселелері болды. Бұл сиез ең алдымен қазақ зиялыларының бас қосып, түсініп, ортақ мүдде жолында аянбай қызмет істей алатындығын дәлелдеді. Сонау хандық заманның ең дәуірлеген кезеңдерінен бері барша қазақтың игі жақсылары бас қосқан ұлық жиын бола отырып, сиез ұлттық тәуелсіздік мәселесін көтеруімен де тарихи маңызға ие болды. Сиезде «Алаш» партиясының құрылуы да оның зор тарихи мәнін айғақтады. Бірінші жалпықазақ сиезі Алаш қозғалысына үдемелі қарқын дарытты, осы сиезден кейін бүкіл қазақ даласы азаттық пен теңдік рухына бөленді, желтоқсанда өтетін Екінші жалпықазақ сиезіне дейін барлық өңірлерде дерлік «Алаш» партиясының комитеттері ашылды. Алаш автономиясын жариялаған, Алашорда үкіметін сайлаған Екінші жалпықазақ сиезі ұлттық мемлекет қажетті атрибуттарын жасады. Осы тарихи сиезде Алаш автономиясы жарияланды, оны басқаратын Ұлт Кеңесі, яғни Алашорда үкіметі жасақталды. Алашорданың төрағасы болып баламалы негізде Ә.Бөкейхан сайланды. Осы сиезден соң қозғалыс жаңа қарқынға ие болды. Алашорда үкіметінің іс қимылдары қазақ халқының саяси жағынан да, білім-ілім жағынан да, мәдени-әдеби жағынан да өзін-өзін басқара алатын әлеуетті ұлт екендігін байқатты. Ел басқарудың, ғылыми мектеп қалыптастырудың, әскер жасақтаудың, шаруашылық жүргізудің, өнер игерудің үлгілерін көрсетті. Қозғалыс тұсында қазақ зиялыларының бірнеше толқыны қалыптасты. 1920 жылдың 5 наурызында Әскери-революциялық комитет Алашорданы таратуға арнайы шешім қабылдағанға дейін Алаш қозғалысы ұлт-азаттық қозғалыс ретінде біртұтас, мақсатты саяси, әлеуметтік, мәдени үдеріс болды. [4, 432-б.]

Қорыта келе, қазақ мемлекетін құру сәтсіздікке ұшырағанымен, Алаш қозғалысының азаттық идеялары, мәдени, ғылыми басқа да дәстүрлері кенестік жылдардың өзінде қазақ қоғамында өмір сүріп жатты. Осы ұлттық тарихымыздағы ең ірі, ең ұзақ ұлт-азаттық қозғалыс мұраттары тәуелсіздік жылдарында қайтадан жаңғырды.

Әдебиеттер:

1. Алашорда: энциклопедия. Ғ. Әнес, С. Смағұлова. - Алматы: Арыс, 2009. - 544 б
2. Алаш қозғалысы: құжаттар мен материалдар жинағы (сәуір 1920-1928 жж.). 3-том, 1-кітап Е. М. Грибанова, А. Е. Жүсіпова, А. С. Зұлқашева. Алматы: Ел-шежіре, 2007. - 304 б.
3. "Алаш" қозғалысы: тарих және қазіргі заман. М. Әбілова, А. Нурсейтова.- Алматы, 2005. - 139 б.
4. Алаш қозғалысы: құжаттар мен материалдар жинағы. 2-ші том. Е. М. Грибанова, А. Е. Жүсіпова, А. С. Зұлқашева ж. б. - Алматы: Алаш, 2005 - 432 б.

XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ СЕМЕЙ ӨңІРІНДЕГІ ХАЛЫҚ АҒАРТУ ІСІНІҢ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІ

Мухамеджанова Р.Ж. т.ғ.к.,

Әлихан Бөкейхан университетінің тарих және география кафедрасы

Бальшинов А.У. тарих пәнінің мұғалімі

Семей қаласының № 10 мектебі

XX ғасырдың бас кезіндегі саяси ахуал жаңа саяси-қоғамдық сипатқа ие болса да, ұлт зиялыларының қай кезеңде болмасын ең басты арман тілегі қайтсем ұлтымды білім нәрімен сусындатсам, қалай ғылым мен мәдениет жолына түсірем деген арналарға тоғысып жатқан. Сол тарихи кезеңде мәдени-ағарту саласында ұлт-зиялылары оқу-білімнің пайдалылығын насихаттап қана қоймай, нақты іс-шараларды жүзеге асырды. Қоғамның

рухани негізі ретінде ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыруда зиялы қауым ұйымдастырушылық, педагогикалық - шығармашылық қызметтеріменде белсенділік танытты. Қазақ зиялыларының ұлттық білім беру жүйесін қалыптастырудағы ең негізгі міндеті халықтың сауатын ашу, халықты ілім-білім, мәдениет жолына түсіру болса, екінші бір маңызды міндеті-ұлт мектебі арқылы жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру, ұлттық намыстың дәнін себу болды. Бұл туралы «Сарыарқа» газеті Алаш қаласында мұғалімдік курстың ашылуына орай: «...Сәті болып, қазақтың қазақтығын – жұрттығын бастайтын іс басталды.» деп жазса, оны ашудағы мақсат «...Қазақ оқытушыларын шығарып, елге таратып, ұлттық , жұрттық намыстарының тұқымын жас қазақ балаларының жүрегіне егу» болғандығын атап көрсетеді [1;84]. Ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыру жұмыстары зиялылардың тарапынан стихиялы түрде жүргізілген жоқ еді. Себебі, бұрын қажылар, молдалар, ауқатты адамдар мектеп ашып, бала оқытқанда өз беттерінше оқу үрдісін жүргізген болатын. Әрине, бұл жағдай орталық жүйенің қысымымен түсіндірілді. Ал, Ақпан төңкерісінен соң білім берудің бағыты мен міндеттері қазақ съездерінде халықтың талқысына ұсынылып, кеңесіп, ақылдасқан соң ғана негізгелген болатын. Жалпы Ақпан төңкересінен кейінгі кезеңде, сондай-ақ кеңес үкіметінің алғашқы жылдары Семейде ұлттық білім беру жүйесінің негізі оңайлықпен қаланып, құрыла қалмағанын айқын аңғарамыз. Мәселен, 1917ж. 27 сәуірден 7 мамыр аралығында өткен Семей облыстық қазақ съезінде білім берудің жұрт үшін маңыздылығын атап көрсете отырып, төмендегідей мазмұнда қаулылар қабылданған:

-Жалпыға бірдей міндетті тегін оқу.

-Қоғамдық мектептердің бәрінде оқу тек ана тілінде жүруі тиіс.

-Мектептерді халыққа жақындастыру шараларын жүргізу.

-Мектептер Земство және мемлекеттік қаржыға ұсталуы тиіс және жергілікті басқару органдарының қарамағында болады.

-1917-1918 ж. оқу жылының алдында қазақ мектептерінің мұғалімдер даярлау үшін педагогикалық курстар ашу қажет делінген [2;83].

Сонымен бірге, қазақ зиялыларын топтастырған «Алаш» партиясының қоғам мен мемлекеттің барлық саласына байланысты нақты айқындамасы мен бағдарламасы болғаны белгілі. Соның ішінде, тікелей білім беру саласы бойынша, 1917 жылы шілдедегі I жалпықазақ съезінде тұсауы кесілген «Алаш» партиясының бағдарлама жобасындағы IX бапта мына жолды ұсынған: «Ғылым мен білім үйрету. Оқу орындарының есігі кімге болса да ашық һәм ақысыз болу; Жұртқа жалпы оқу жайлы. Бастауыш мектептерде оқуды ана тілде оқу; қазақ өз тілінде орта мектеп; университет ашу; оқу жолы өз алды автономия түрінде болу; үкімет оқу ісіне кіріспеу; мұғалімдер, професорлар өзара сайлану болуы; ел ішіне кітапханалар ашылуы» [3;14]. Алашшыл зиялылардың оқу ісіне байланысты айқындалған бағдарламасының мәніне зер салсақ, ұлттық –рухани құндылық пен демократиялық принципке негізделген әлемдік өркениет жолын таңдағанын білдіреді. Ал, II жалпықазақ съезінде (1917-ж. желтоқсан) мектеп комитетіне А. Байтұрсынов (төраға), Телжан Шонанов, Мағжан Жұмабаев, Елдес Омаров, Бидахмет Сәрсенев сынды ұлт зиялыларының қалыптастырудың негізгі міндеттері мен идеологиялық бағыты белгіленген соң әр аймақта нақты іс-шараларды жүзеге асыра бастады. Сол сынаптай толқыған заманда, яғни, үкімет билігінің алма-кезек ауысып, саясат райының жиі өзгеруіне қарамастан ұлт зиялылары жоғарыда анықталған принциптік бағытын өзгерткен жоқ. Қай кезеңде болмасын білім беру жүйесінің ұлттық сипатын дінгек етіп ұстанады. Алайда, қабылданған қаулы-қарарларды жүзеге асыруда зиялылар көптеген кедергілер мен қиындықтарға тап болды. Сол тарихи кезеңде оқу ісін дамыту мәселесімен көп айналысқан семинарист Мұхтар Әуезов білім беру ісін ілгерілетуге қол байлау болып отырған негізгі кедергілерді былайша айқындап берген: «... ұлт мектебін ашу қазірде біздің алдымызда қиын асудай үш түрлі кедергі тұр. Бірі: бастауыш мектептің бәріне мұғалім жоқтығы; екіншісі: оқу құралдарының жоқтығы; үшіншісі: ілгері оқитын мектептің жоқтығы һәм тез уақытта бола алмайтындығы» [4;83]-деп жазды. Ұлт зиялылары алдымен Семейде оқытушылар ұйымын құра отырып, (1917ж. жазда)

бастауыш мектептер жүйесін қалыптастыру үшін мұғалім кадрларын даярлау ісін қолға алды. Оқытушылар ұйымының төрағасы-Манан Тұрғанбаев, хатшысы-Мұхтар Әуезов болған. Бұл ұйым өз кезегінде ұлт мектептері үшін «Бастауыш мектептегі оқу бағдарламасын» әзірлеп, таратады. Жалпы оқытушылар ұйымы ұлттық педагогикалық кадрларды даярлау,қазақ мектептерін ашу,олардың жұмыстарына басшылық жасау,тағы сол сияқты маңызды мәселелерді көтеріп, үнемі қозғау салып отырды. Сол мақсатқа орай әрбір облыстармен уездерде 2 айлық жедел және 2 жылдық мұғалімдер даярлайтын курстар ашылды.Ең алғаш педагогикалық курс облыстық съезд қаулыларына сәйкес Алаш қаласында 1917 жылы күзде ашылған.

Қазақ ауылдарындағы бастауыш мектеп мұғалімдеріне деген мұқтаждықты ұлт зиялылары осындай тәртіппен шешуге тырысқандығын көреміз.Зайсан уезінің қазақтарының 7-11 қыркүйектегі (1917) болып өткен съезінде «10 болыс зайсан қазағы халықты ағартып,ілгері бастыру жолында мақсаты бар Зайсандағы «Қазақ жәрдемі» қауымына қосылсын.Бастауыш мектепте бала оқытатын жаңашыл жолмен таныс мұғалімдер жоқтықтан Семейде ашылатын мұғалімдік курсына әр волостан екі кісі жіберілсін.Мұғалімдер оқу бітірген соң елінде екі жылдан қызмет қылуға міндетті болсын» деп қаулылар қабылдаған.Бұдан оқу ісін ілгерілету мақсатында жергілікті жерлерде әр бір уезд ішкі мүмкіндіктеріне орай,әрі жүйелі түрде өздері әр-түрлі жолдармен шешіп отырғанын байқаймыз.

Қазақ қоғамында сол кезеңге тән ерекше құбылыс-білім беру мәселесінде қаражатқа мұқтаж шәкірттерге жәрдем беру ісі кедей балаларын ақысыз оқытуға көп мүмкіндіктер жасаған.Аягөз қаласына барған бір сапарында Көлбай Төгісов осы мәселе бойынша қазақ байларының арасында жиналыс өткізіп,мұқтаж студенттер мен шәкірттерге жәрдем беру қажеттігін түсіндірді.Қаланың Р.Сасықбаев бастаған ардақты адамдары сөзін құп көріп,Томск университетінің студенті Асылбек Сейітовке,Қазаннан Құлжан Шантиевке,Варшавада мал дәрігерлікті оқып жатқан Жәнек Сұлтанайұлына ақша жинап берді. «Қазақ» газетінің 1915 жылғы №116 санында Берікбол Малдыбаевтің жазған мақаласына жауап ретінде Көлбай Төгісов осы жиналған ақшаларды кімдерге жібергендігін «Уақыт», «Тәржіман», «Юлдуз» газеттері мен «Айқап» журналына жариялау арқылы халық алдында есеп берген.Көлбай Төгісов «Айқап» журналы арқылы: «Біздің қолымызда тағы да азырақ ақша бар , ақшаға мұқтаж қандай студенттер барлығын біз білмейміз.Сол үшін пақыр қазақ студенттерінен өтінеміз: хат арқылы шаһар Қапалды маған немесе Мұсағалиевке білдірсеңіздер екен»,-деп мұқтаж қазақ студенттерінің хабарласуын өтінді[2.84].

Жер жерлерде осындай ұлт мектептері ашылып,жас ұрпаққа білім беру,ұлттық тәрбие беру жұмыстары жүргізіле бастаған соң,оқу жүйесін, ретке келтіру мақсатында Семейдегі оқытушылар ұйымы ұлт мектептері үшін «Бастауыш мектептегі оқу программасын» жасап,оны қолдану үшін газет бетінде жариялап таратады.Бес жылдық бастауыш мектеп бағдарламасының негізгі мәні мына мазмұнға сайып келеді: 1.Бастауыш мектепте сабақ атаулы қазақ тілінде оқылады. 2.Орыс тілі төртінші бөлімнен басталып,кірме тіл есебінде оқытылады. 3.Бес жылдың әр жылында иман,ғибадат,дін сабақтары, Құран – ал –Кәрім , тарихы бойынша сабақ жүргізу міндетті болған.

Бастауыш мектеп үшін жасалған бағдарламаның мазмұнынан-ақ , оның шын мәнінде ұлт мектебіне сәйкестіндіріп,жасалуы,ұлт зиялыларының жас ұрпақты тәрбиелеудің мәйегі ретінде иман,ғибадат, ислам дінін алуы және ұлттың рухани құндылықтарын негізге ала отырып,осы бағыт бойынша жүргізуі бүгінгі таңдағы қазақ мектептері үшін де өте құнды үлгі болып табылады.Бұл турада М.Жұмабаев сол тарихи кезеңде қазақ ұлтының болашағының іргетасы ұлт мектебі арқылы қаланатынын былайша негіздейді: «Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізге құрылуына барып тіреледі.Мектебімізді таза,сау, берік хәм өз жанымызға (қазақ жанына) қабысатын,үйлесетін негізге құра білсек келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады.Сондай негізге құра алмасақ,келешегіміз күңгірт» [5;318].Жұмабаевтың бұл ойының негізсіз болмағандығын бүгінгі тарих тәжірибесі көрсетіп отыр.

Ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыру бағытында ұлт зиялылары сауатсыздыққа қарсы күресті ұйымдастыра отырып, жасы ұлғайғандар мен қыз балалардың да оқып білім алуын назардан тыс қалдырмаған. Алайда, қыз балаларды оқыту мәселесін жолға қоюда қазақ қоғамындағы патриархалдық психология есебінен әр түрлі кедергілерге тап болып отырған. Бұл туралы М.Тұрғанбаев « Әйелдеріміздің надандығына кінә қоймай, әйелдің қамын жеп, көзін ашқалы Алаш қаласындағы қазақ оқытушыларының ұйымы әйелдерге арнап курс ашты. Ай жарым бұрын газет жүзінде жария қылды. Курсқа келуші болмаған соң дайындалған курс ашылмай қалды» деп, оның себебін былайша түсіндірді: «оқығысы келетін әйел балалар бар, оқытпай қисық оймен қыңы айтып отырған әке-шешелері, баласына жан ашыған мейірімді ата-аналар әйел балаларын оқыту керек». Сондай-ақ, М.Әуезов даярланып отырған мұғалімдерінің білім сапасының жоғары болу қажеттілігін талап ете отырып, курс бітірушілер жайынан былай деп жазды: «Осы шығарып отырған мұғалімдеріміз қандай? Бұлардың жартысы 2-3 айлық курс, жартысы 1-2 жылдық курстарды бітіріп мұғалім болады... барлық керекті пәндерден өзі біреуді оқытатындай білім алуға бола ма? Бұл мұғалімнің алдынан шыққан шәкірт ұлт мектебінен шыққан, ұлт мақсатымен өскен, жақсы тәрбие алған бала болып табыла ма?» - деп, білім сапасын жетілдіру оқу ісін ілгерілетудің мына жолын ұсынады: « Оқу ісіне менің ұсынатын жобам: бірінші, жалпы қазақ-қырғыз съезі сайлап шығарған Алашорданың бөліміндегі бес кісілік оқу комиссиясы тез уақытта іске кірісіп, барлық бастауыш мектептерге һәм курстарға белгілі бір-ақ түрлі программа жасап, оқу құралдарын толықтыру керек. Оқу құралдарын толықтыру үшін арнаулы комиссия жасап, кітапты перевод қылуға отырғызу керек. Бұдан соң саясат ісінде жүрген Семинария бітірген учительдердің бәрін жиып, өзінің түбегейлі пайдалы жұмысын оқытушылыққа белгілеуі керек. Учительский институттарға шәкірттер жіберу керек. Екінші, жаздыгүні сабақтан босаған уақытта барлық қазақ ішіндегі мұсылманша оқыған мұғалімдерге жоғарғы курс ашу керек. Бұл курстағы сабақ лекционный жоғары дәрежелі мектептер сабағынша болу керек. Курста оқытылатын сабақ тәрбие ғылымдары, земство кооператив һәм басқа халыққа пайдалы шара ұйымдарын жүргізу...». Сондай-ақ, Семей облыстық Земство жиналысының 1918 жылы 17-қазандағы II кезектен тыс отырысында Имам Әлімбаев оқу орындарына степендия тағайындалса сапалы білім бере ала ма, жоқ па, осы мәселені біліп отырып қана тағайындау қажеттілігін ескертеді [6;69]. Қазақ зиялылары тарапынан айтылған сындар атқарылған істерді жоққа шығарғандық деп емес, керісінше олардың жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесіне, яғни, ұлттың, мемлекеттің болашағы-жас жеткіншектердің қамы үшін айтылған жанайқайы деп түсінген жөн. Сонымен бірге, қоғамдық сынның өсу білім беру ісінің ілгерілеп дамуына шешуші ықпал еткен фактор болғанын естен шығармауымыз керек.

Семейде кеңес үкіметі орнап, Семей губерниялық революциялық комитеті құрылғанда Мұхтар Әуезов осы комитеттің қазақ бөліміне басшылық жасады. Сол уақыттан бастап Мұхтар Әуезовтың басшылығымен Жүсіпбек Аймауытов, Қаныш Сәтбаев, Ыдырыс Мұстанбаев және тағы басқа қазақ зиялылар ұлттық білім беру жүйесінің негізін қалауға кірісті. М.Әуезовтен кейін 1921 жылы Семей губерниялық атқару комитетінің халыққа білім беру бөлімінің бастығы Жүсіпбек Аймауытов, ал оның орынбасары болып Қаныш Сәтбаев жұмыс атқарды. Мұхтар Әуезов айтқандай ұлттық педагог кадрлардың жетіспеушілігіне бастауыш қазақ мектептері мен оқу құралдарының жоқтығына қарамастан бұл күрделі мәселелерді асқан қажырлықпен шеше білді. 1920 жылдың 1-қазанында Семейде тұңғыш педагогикалық жоғары оқу орны-Семей қалалық білім беру институты ашылып, жұмыс істей бастады. 1921 жылы 19 қызметкер, 129 тыңдаушы болды. Аталған оқу жылында Семей уезінде, соның ішінде Семей қаласында қазақ мектептерінің саны айтарлықтай өсті. Мысалы, Семей және Алаш қалаларындағы № 8 қазақ мектебінде Нұрахман Тұрғанбаев меңгеруші болып істесе, Өзбекхан Оразханов, Сүлеймен Құжабаев, Елена Бродская сабақ берді. Сол сияқты №10 қазақ мектебінің меңгерушісі Айтмұхамет Мусин, мұғалімдері Абзал және Тайба Жиенғалиевтер, №11 қазақ мектебінің меңгерушісі Кәбір Махмұдов, мұғалімдері Ибрагим Сақатаев, Ғани Бұхараев, №12 қазақ мектебінің меңгерушісі Хайролла Ибрагимов,

мұғалімдері Оразбибі Мамұдова, Ғалиакбар Төребаев, Ғали Бұхараев, №13 қазақ мектебінің меңгерушісі Дүйсенбай Иманқұлов болды. Осындағы №11 және 12,13-ші бастауыш қазақ мектептері Семейдің Алаш қаласы бөлігінде жұмыс істеді. Ал Семей уезі бойынша негізінен қазақтар басым тұратын 16 болыс елдің 29 бастауыш қазақ мектебінде, орыстардың үлес салмағы көбірек болып келген 22 болыс елдің 58 бастауыш орыс мектебінде бала оқытылды [7;121].

Қоғамның рухани негізі – ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыру мақсатында Алаш туы мен Алаш Орда үкіметінің құзырына бірге отырып жүргізген қажырлы еңбектердің нәтижесінде ұлт мектебін дамытудың ірге тасы қаланды.

Әдебиеттер:

1. Сыдықов Е.Б. Алаш қаласының тарихы 1 том. Семей. 2017ж. 383 б., 312-315 б.
2. Мұратбек Кенемолдин. Алаш мектептері // Абай. -№4. -83 бет.
- XXI ғасырдағы Алаштың ақ жолы, Астана, 2015ж. -268 б.
3. Нурпейсов. К. Алаш һәм Алашорда. - Алматы: «Ататек», 1995. 265 б.
4. Қойгелдиев. М. Алаш қозғалысы. - Алматы: Санат, 1995. -368 б.
5. Жұмабаев. М., Шығармалары. -Т-Ш. -Алматы: «Білім», 1992. – 318 б.
6. Бекмаханов. Н.Е. Ұлттық буржуазияның қалыптасуы // Қаз ҰУ Хабаршысы. Тар. сер. 2002. - № 1. -29 б.
7. Шаяхметов. Н.У. Қазақстанның –шығыс аймағындағы қазақ зиялыларының қос төңкеріс пен азаматтық қарсы тұру жолдарындағы қоғамдық-саяси қызметі. (Ақмола мен Семей облысының материалдары бойынша 1917-1920 ж.)- Алматы. 2000. -121 б.
8. Л.П.Репина., В.В. Зверева., М.Ю.Параманова. «Тарихи білім тарихы». Нұр-Сұлтан 2020-236 б. 183-186 б.б.

СТАНОВЛЕНИЕ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ И ДЕМОКРАТИЧЕСКОЙ МЫСЛИ В КАЗАХСТАНЕ

Ожерельев О.Е.

Учитель истории КГУ «Гимназия №17» г.Актобе

Термин «интеллигенция», введенный в 60-е годы XIX века П.Д. Боборыкиным (1836-1921 гг.) имеет несколько значений: «понимание, рассудок, способность восприятия, познавательная сила», «идея, понятие, чувственное познание, искусство» и т.д. Кроме того этот термин используется в значении социальной группы, состоящей из образованных людей, обладающих большой внутренней культурой и профессионально занимающихся умственным трудом.

Казахская интеллигенция прошла сложный путь становления, которое осуществлялось через поиски, обретение и потери своей социальной роли и значимости. Возможно, именно поэтому в среде казахских интеллигентов не было единства и целостности взглядов по существовавшим проблемам, которые ставились самой историей. Идеино-политическое размежевание казахской интеллигенции не могло способствовать реализации поставленных задач, а лишь вело к расколу в условиях нестабильности социальных отношений. Всё это получило свое отражение в тех средствах массовой информации, которые существовали в то время.

В конце XIX – начале XX века на казахском языке издавались две газеты «Туркестан уалаятынын газети» – («Туркестанская туземная газета», 1870-1881 гг.) и «Дала уалаятынын газети» – («Киргизская степная газета», 1888 – 1902 гг.). Первая издавалась в Ташкенте и была официальным органом Туркестанского генерал-губернаторства, вторая издавалась в Омске степным губернаторством. В этих газетах печатались в основном распоряжения правительственных органов и материалы о проведении в жизнь политики царизма в крае.

Особое внимание уделялось выпуску газеты «Дала уалаяты» как необходимого печатного издания, которое отражало колониальную политику и беспрекословное выполнение своих директив. Кроме того выпуск газеты на казахском языке способствовал распространению элементов управления и изучению края. Газета состояла из двух отделов: официального и неофициального. В газете печатались ценные материалы, отражавшие влияние имперской России на развитие истории, культуры, общественной жизни, экономики и права казахского народа.

В течение всего периода издания газета должна была придерживаться принципов укрепления и оправдания самодержавного строя, которые были концептуальными в официальном и неофициальном отделах. Этим объясняется правительственное и реакционное направление газеты. Но, несмотря на то, что газета «Дала уалаяты» была официальным правительственным органом, в ней публиковались такие материалы, которые позволяют считать её ценным историческим источником. Это утверждают многие ученые-исследователи, в том числе казахстанский ученый С.К. Козыбаев. Он пишет: «... печатные органы служили целям и задачам царизма. Тем не менее, они объективно сыграли прогрессивную роль в формировании национального языка, письменной литературы, общественной жизни» [1, с. 5].

Представители казахской интеллигенции стали понимать необходимость возрождения народа, национального сознания, осмыслений политических и правовых сторон жизни казахского государства, поиска исторических корней и собственной значимости путем идейного единства и консолидации сил. Они стали единой культурной элитой, многие из них получили высшее образование в центральных престижных университетах России.

В условиях произвола царского чиновничьего аппарата и разгула жестокой цензуры казахским интеллигентам приходилось работать, бороться и выживать. Они пытались разбудить мятежный дух свободы казахского народа. Для себя этот путь избрали А. Байтурсынов, А. Букейханов, М.Ж. Дулатов, и Х. Досмухамедовы, Ж. Акпаев, М. Шокай, М. Жумабаев. Они старались максимально использовать силу печатного слова: раскрывали вопиющие факты беззакония и несправедливости, волокиты и бюрократизма. Все их публикации носили ярко выраженный политический характер, который подрывал авторитет существующего строя и демонстрировал субъектно-объектные отношения метрополии и колониально зависимого Казахстана. Как известно, казахские духовные лидеры не только критиковали действующую систему, но предлагали пути политического развития, активно внедряя их в сознание народа.

Они руководствовались объективными законами национально-освободительного движения, действовали в интересах своего народа. Представители казахской интеллигенции считали, что борьбу с существующим режимом надо вести организованно, планомерно, а для этого необходимо было создание политической партии и просвещение народа. Подобные действия не вызывали одобрения со стороны царского правительства и правящей байской верхушки, поэтому любые прогрессивные идеи пресекались, а лидеры национально-освободительного движения считались инакомыслящими, подвергались жестоким преследованиям, гонениям и даже уничтожению.

Колониальные власти понимали, что пробуждение народа будет иметь необратимые последствия, поэтому всячески стремились укрепить свою власть, принимая антинародные законы и физически, устраняя всех, кто стоит на их пути. Казахская интеллигенция искала пути консолидации и реализации общественно-политических, культурно-просветительских идей в условиях царской цензуры, религиозного мракобесия, нищеты и бесправия казахского народа.

В конце 1910 года царское правительство дало официальное согласие на издание казахского печатного органа, правда, под усиленным цензорским надзором. В ходатайстве М. Сералина было написано: «Киргизу Кустанайского уезда Чубарской волости №5 М. Сералину выдано разрешение на издание в г. Троицке под его ответственность ежемесячного журнала «Эй-Кафъ» по следующей программе: передовые статьи, заграничные вести,

вопросы мусульманской жизни, хроника, фельетоны и стихотворения, библиография и научные статьи, смесь и письма в редакцию» [2, с. 63]. 10 января 1911 года в г. Троицке вышел первый в истории номер казахского национального журнала, который стал детищем учителя М. Сералина, не только организатора и издателя журнала, но и его идейного руководителя, редактора и автора. Первый номер журнала «Айкап» начинается с обращения М. Сералина к читателям, в нем была опубликована его статья «Когда казахи стали подданными России?», написанная с использованием сведений и фактов, содержащих в книге русского ученого Крафта «Принятие киргизами русского подданства». За годы существования журнал собрал наиболее талантливых представителей национальной интеллигенции. Успеху журнала способствовали демократическое направление, утверждение общечеловеческих ценностей, укрепление национального самосознания и самобытности.

Авторами журнала были не только его сотрудники и представители передовой интеллигенции, но и учителя, студенты, которые проводили большую работу по распространению и популяризации «Айкапа» в Кустанайском, Иргизском и Тургайском уездах. Наиболее известными авторами были: А. Байтурсынов, Х. Бекхожин, А. Букейханов, М. Дулатов, М. Жумабаев, Б. Каратаев, Ш. Кудайбердиев, Б. Майлин, С. Сейфуллин, М. Сералин, С. Торайгыров и др. Многие проблемы, поднятые на страницах журнала «Айкапа», выходили за рамки официальной цензуры и полномочий. Кроме того, имело место и восхваление нововведений в различных областях социальной сферы (от просвещения до выборов и судов в пользу царизма), и критика безынициативности, бездеятельности и безответственности собственного народа. На протяжении издания «Айкапа» неоднократно излагались взгляды казахской интеллигенции по отношению к просветительству. Журнал призывал молодых людей выбирать различные специальности и пытаться овладеть ими. К примеру, М. Сералин, придавая первостепенное значение просветительству, подчеркивал, что необразованность и невежество ведут к нравственным порокам, обесцениванию культуры и отсталости народа. Экономика того исторического периода развития Казахстана была представлена сельским хозяйством, поэтому поднимались насущные, жизненно важные проблемы, связанные с землеустройством и землепользованием, вопиющими фактами обезземеливания коренного населения, выселения из родных мест, разжигания междоусобиц, социальной несправедливости и т.д.. Решение этих вопросов, по мнению редактора «Айкапа» – дело государственной важности. Именно государство должно защитить права коренного населения на землю, а для этого правительству следовало отменить законы и нормативные государственные акты по «упорядочиванию» землепользования в Казахстане и изъятию «излишков» земель. Это, в свою очередь, предполагало законное представительство казахского народа в Государственной Думе для защиты интересов коренного населения.

Представительства депутатов к тому времени не было, а если бы они были, то ничего не решили бы. В 1912 году в журнале «Айкап» была опубликована статья А. Байтурсынова. В ней рассматривалась актуальнейшая проблема избрания депутатов-казахов в четвертую Государственную Думу от выборщиков Оренбургской губернии. Несмотря на поддержку ногайского народа, этот вопрос так и не был решен. А. Байтурсынов писал, что казахский кандидат в депутаты не готов к личной ответственности, не говоря уже о защите интересов казахского народа. Он выразил благодарность ногайцам за поддержку и отметил, что в данной ситуации обижаться не на кого, кроме как на самих себя. Р

анее творчество А. Байтурсынова пронизано гражданским пафосом, поиском средств и путей избавления от духовного порабощения и освобождения от происков русского миссионерства. Единственным путем освобождения от пут колонизации А. Байтурсынов считает движение к добру и свету, единству народа. В единстве народа – сила, в единстве народа – спасение. А для этого: «Укреплять веру волей, Закалять волю болью» [3, с. 5]. М. Дулатов пишет, что А. Байтурсынов «поэзию превращает в орудие борьбы с политикой монархической России, угнетавшей казахов» [4, с. 22-23]. Политические убеждения, социально-экономические взгляды и публицистика А. Байтурсынова характеризуются

целенаправленностью, аргументированностью и логической обоснованностью вокруг проблем становления казахского общества, развития языка и культуры.

В 1913 году А. Байтурсинов организовал выпуск первой общенациональной неправительственной газеты «Казах», которая заняла особое место в истории национально-освободительного движения в Казахстане. В первом номере газеты «Казах», который вышел 2 февраля 1913 года, А. Байтурсинов сделал программное заявление о целях и задачах данного издания: «Цель этой газеты – защищать интересы народных масс, способствовать распространению науки и культуры среди казахов, знакомить с жизнью и достижениями других народов. Во имя этой задачи – разъяснять народу суть издаваемых правительством и властями законов, указов и прочих директивных документов; давать сведения о работе Государственной Думы и Государственного Совета; знакомить с новостями, которые происходят у нас и за рубежом; освещать прошлое и настоящее казахов; предлагать советы по торговле, повседневной работе, быту, земледелию и животноводству; направлять работу школ и медресе и оказывать содействие развитию просветительского дела, искусства, языкознания и литературы, пропагандировать медицину и ветеринарное дело» [5, с. 33].

В действительности цели и задачи газеты «Казах» и журнала «Айкап» совпадали, однако идейно-политическое содержание не было четко определено. Это повлекло за собой противостояние двух печатных органов – журнала «Айкап» и газеты «Казах». А.А. Атишев, рассматривая деятельность журнала «Айкап» и его борьбу с идейными установками газеты «Казах», пишет: «...идейные установки газеты «Казах» не отражали намерений и целей даже национальной буржуазии, заинтересованной во всестороннем развитии производительных сил, а не только скотоводческого хозяйства, за которое цеплялись, как утопающие за соломинку, руководители газеты «Казах» [6, с. 142].

Другой исследователь К.Б. Бейсембиев относит издателей газеты «Казах» к представителям консервативно-буржуазного направления и показывает их идейнополитическое поражение по всем жизненно важным вопросам. Он проводит зависимость редакционной коллегии от «октябристов» и «кадетов». Совершенно иной точки зрения придерживается М.С. Бурабаев. Он считает, что идейное содержание этой газеты еще ждет своего исследователя. При сопоставлении публикаций на страницах журнала «Айкап» и газеты «Казах» можно заметить, что социальное направление в них превалирует по сравнению с политическим. Конечно, элементы революционного демократизма были присущи казахской интеллигенции, но с пробуждением сознания трудящихся при сплошной их безграмотности в ее мировоззрении стал присутствовать явный утопизм. Своей главной задачей журнал «Айкап» и газета «Казах», на наш взгляд, считали пробуждение национального сознания и осуждение колониальной политики царизма, так как с конца XIX века стала реальной угрозой самому существованию казахского народа.

Жестокая реальность взаимоотношений метрополии и колонии выражалась в постоянных конфликтах между переселенцами и казахами из-за отбирания лучших пастбищных и плодородных земель, откровенного хищнического грабежа Степного края в годы первой мировой войны, показушной заинтересованности в просвещении народа. Такое положение дел не могло оставить сторонними наблюдателями лучших сынов отечества. Как известно, казахская интеллигенция была ориентирована на свободное выдвижение мыслеформы. В 1913 году А. Байтурсинов и М. Дулатов публикуют статью «Алаш азаматтарыны» («Гражданам Алаша»). В ней авторы анализируют роль печатных изданий – журнала «Айкап» и газеты «Казах» – в деле освещения вопросов культуры и хозяйствования казахских селений. В 1914 году в статье «Алашқа», написанной А. Байтурсиновым, М. Дулатовым и А. Бөкейхановым (псевдоним «Қыр баласы» в соавторстве), указывается пагубное влияние империалистической войны на судьбу казахских сел.

Соратником А. Байтурсинова был М. Дулатов, который принимал активное участие в организации и распространении газеты «Казах». М. Дулатов был талантливым поэтом и прозаиком, автором публикаций на актуальные темы: «Российский империализм и Казахстан», «Аграрная политика самодержавия и переселенческое движение»,

«Взаимоотношения России с иностранными государствами», «Мировая империалистическая война и ее влияние на Казахстан», «Казахская сельская администрация и суд», «Культура и литература Казахстана в начале XX века» и т.д.. Большое разнообразие тем в творчестве М. Дулатова характеризуют его не только как гражданина, но и как политика, историка, просветителя. Всё, что он писал – это отражение жестокой действительности, правды жизни, исторических событий, освободительного движения от колониального гнета к просвещению. В газете «Казах» он занимал активную позицию, будучи публицистом-новатором.

В своих публикациях он писал о нападении Австро-Венгрии на Сербию, начале первой мировой войны, российско-турецких взаимоотношениях, отношениях между Германией и Соединенными Штатами Америки. Это свидетельствует о его политической осведомленности и ориентации в международной жизни. Отметим также, что огромное внимание М. Дулатов уделял не внешней, а внутренней политике: взаимоотношениям между переселенцами и казахами, религиозным и законодательным вопросам и т. п.. Таким образом, мы рассмотрели, в каких условиях происходило формирование казахской интеллигенции, проанализировали влияние первых казахских печатных изданий («Дала Уалаяты», «Айкап», «Казах») на развитие демократической мысли в Казахстане.

Литература:

1. Козыбаев, С.К. Аудитория-весь Казахстан // Очерки истории журналистики. - Алма-Ата: Мектеп, 1984. - 168 с.
2. Зиманов, С.З., Идрисов, К.З. Общественно-политические взгляды Мухамеджана Сералина. - Алма-Ата: Казахстан, 1989. – 165 с.
3. Атабек, А. Читайте сердца наших знаки // Казахстанская правда. - 07.10.1989. - С. 5.
4. Дулатов, М. Ахмет Байтурсынович Байтурсынов: Библиографический очерк // Труды общества изучения Киргизского края. - Оренбург, 1992.- Вып. 3. – С.22-23.
5. Дулатов, М. Ахмет Байтурсынович Байтурсынов: Библиографический очерк // Труды общества изучения Киргизского края. - Оренбург, 1992.- Вып. 3. – С. 33.
6. Атишев, А.А. Политическая мысль Казахстана второй половины XIX - начале XX века. - Алма-Ата: Наука, 1979. – 144 с.

ФОРМИРОВАНИЕ ЦЕННОСТНЫХ ОРИЕНТАЦИЙ ПОДРАСТАЮЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ НА ОСНОВЕ ДУХОВНОГО НАСЛЕДИЯ ПАРТИИ «АЛАШ»

Уксукбаев А.Е.

Учитель истории КГУ «Гимназия №17» г.Актобе

Конкретная социально-историческая ситуация актуализирует определенные духовные тенденции, устраняя или обслуживая другие, не соответствующие ей. Мы живем в эпоху решительной ломки вековых ценностных ориентаций. Процесс смены ценностей, как правило, длителен. Ценностные ориентации, идеалы могут возвращаться, возрождаться или приобретать новый смысл. В условиях социальных потрясений и простые человеческие нормы, и высокие ценности подвергаются критике и изменяются. Аксиологическая проблематика актуальна в условиях модернизационных процессов, так как именно ценности помогают человеку оставаться морально-нравственным, не теряя уважения к самому себе, при этом, оставаясь в эпохе «проекта современности».

Проблема ценностей является одной из самых давно изучаемых в науке. Понятие ценности имеет сложную природу, определяющуюся единством объективных и субъективных факторов. Ценностями в нашем понимании являются любые материальные или идеальные явления, ради которых индивид, социальная группа или общество прилагает усилия, чтобы их получить, сохранить и обладать ими. То есть ценности – это то, ради чего люди живут и что ценят. С социологической точки зрения, ценностное сознание человека, в частности, молодого поколения, определяется и развивается в процессе социализации, когда

им усваиваются ценности в обществе. На их формирование влияют личностный, возрастной, и социокультурный факторы. Другими словами, существует большая зависимость формирования ценностных ориентаций молодого поколения от места рождения, места жительства (город или село), региона, материального положения семьи, социально-политической ситуации в обществе, среды и многого другого.

В современном обществе проблема формирования ценностных ориентаций подрастающего поколения, его вхождения в этот мир, проблема гуманизации современного воспитания звучат особенно актуально. Не случайно новая парадигма воспитания связала цели формирования ценностных ориентаций с воспитанием духовно развитого и свободного человека, способного к творчеству и социальной активности, ответственного за свои деяния перед обществом [1, с. 2].

В психолого-педагогической и социологической науке установлено, что формирование ценностных ориентаций – это сложный непрерывный процесс, протекающий на биологическом, психологическом и социальном уровнях, при котором, с одной стороны, потребности отдельно взятой личности адаптируются к потребностям общественным (или отвергаются ею). Причем формирование ценностных ориентаций носит не пассивный характер, приводящий к конформизму, а активный, при котором индивид добровольно и творчески выстраивает свою роль в обществе, развивая и совершенствуя при этом человеческую природу на уровне генетической памяти. С другой стороны, общество формирует нормы морали и поведения, педагогически целесообразные формы общежития, отношения между людьми в семье, в школе, в учреждениях дополнительного образования, в иной окружающей человека социальной среде.

А.В. Мудрик, рассматривая сущность формирования ценностных ориентаций, подразумевает, что определяющую роль в динамике развития подрастающего поколения играет социальная среда его пребывания, т.е. открытое социокультурное пространство, компонентами которого выступают макро-, мезо-, микрофакторы активно влияющие на данные процессы [7, с. 86]. Процесс формирования ценностных ориентаций – это не только активность формирующейся личности, но и взаимодействие с социальной средой.

Процесс формирования ценностных ориентаций в современных реалиях предполагает активную деятельность личности по усвоению новых ценностей и норм в условиях духовной модернизации общества и формирования национального сознания. Внимание к формированию ценностей и ценностных ориентаций является первоосновой любого государства, общества. Они определяют сферу человеческой жизнедеятельности, интересы, потребности, социальные отношения, критерии оценки значимости, выраженные в нравственных идеалах, установках, что придает для каждого особый жизненный смысл.

Ценности являются не только ориентиром жизни человека, определяющим его цель и стремления, но и выступают в качестве механизма социального контроля для поддержания порядка, демонстрации нравственного образа жизни. В настоящее время в Казахстане проводятся масштабные реформы, страна вступает в новую фазу развития, предпринимаются системные шаги, нацеленные на конкретный результат. Здесь очень важна всеобщая солидарность, приверженность единым целям, стремление каждого на своем месте внести посильный вклад в общее дело. Казахстанцы не на словах, а на деле должны быть патриотами своей страны, испытывать гордость за свою Родину.

Важнейшие консолидирующие национальные ценности еще сто лет назад были сформулированы в программном документе партии «Алаш». Передовые идеи той эпохи: демократия, правовое, светское государство, культурный прогресс, толерантность, гражданственность, всеобщее равноправие, свободы выбора, совести, слова подтверждают, что главной ценностью признавался человек и его интересы [6, с. 55].

В распространении идеи формирования ценностных ориентаций подрастающего поколения, воспитания его в духе патриотизма, демократии и гуманизма большую роль сыграли представители прогрессивной либерально-демократической интеллигенции А. Букейханов, А. Байтурсинов, М. Дулатов, Ж. Аймаутов, М. Жумабаев и другие

последовательные поборники национальной автономии, гражданского общества, правового государства, просвещения, отстаивавшие принципы гуманизма и идеалы общественного развития. Обращаясь к своему народу, они призывали к служению Родине, труду и просвещению, несли идеи верности, долга и гражданственности [4, с. 129].

Лидеры партии «Алаш» были преданы тем вечным ценностям, в которых сегодня мы нуждаемся больше всего: любовь к Отечеству и своему народу, бескорыстие, честность и честь, уважение к труду и знанию, верность долгу, жертвенность во имя высоких идеалов. Несомненно, духовное наследие Алаш – благодатная почва для формирования ценностных ориентаций современного подрастающего поколения [5].

Идеи Алаш очень актуальны и востребованы. В наше время они являются реальной альтернативой и основой формирования национальной идеи современного Казахстана. Секретарь НДП «Нур Отан» Ерлан Карин, выступая на международной научно-практической конференции «Алаш мұраты және тәуелсіз Қазақстан», посвященной 145-летию Алихана Букейханова, сказал: «Если мы будем системно и последовательно пропагандировать благородные дела деятелей движения Алаш, в интересной форме преподносить молодежи, то идеи Алаш найдут достойное место в нашей национальной идеологии» [7, с. 10].

В условиях духовной модернизации казахстанского общества, формирования единого национального сознания, наследие Алаш поистине бесценно, это кладезь передовых идей, которые актуальны и сегодня. Наиболее ценным из его наследия является преданность и жертвенность интересам народа, национальной идее. В современном мире именно эти качества помогут казахстанцам достичь настоящего процветания страны. В книге притчей Соломоновых дается наставление: «Наставь юношу при начале пути его: он не уклонится от него, когда и состарится». Это и есть ключевая идея процесса формирования ценностных ориентаций подрастающего поколения.

Литература:

1. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы. – <http://bt.eduportal.kz>.
2. Алаш Орда: сборник документов / сост. Н. Мартыненко. – Алма-Ата: Айқап, 1992. – 192 с.
3. Аманжолова, Д.А. Истоки национальной демократии. – <http://expertonline.kz/a1876>.
4. Артыкбаев, Ж.О. История Казахстана. – Астана, 2004. – 159 с.
5. Мудрик, А.В. Социальная педагогика: Учебник для студентов пед. вузов. / под ред. В.А. Сластенина. – М.: ИЦ Академия, 1999. – 184 с.
6. Очерк об общественно-политической и научной деятельности А.Н. Букейхана (Букейханова). – <http://www.elimai.kz/zhizn-i-smert-lidera-plash-ordy.html>.

СЕМЕЙ ЖӘНЕ «АЛАШ» ҚОЗҒАЛЫСЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ «АЛАШ» ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ - ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВТЫҢ СЕМЕЙДЕГІ ӨМІРІ

Баймұланов Ш.

Алаш көсемі Әлихан Бөкейханов 1870 жылы Семей облысы Қарқаралы уезінің Тоқырауын болысына қарасты № 7 ауылында, яғни қазіргіше айтқанда, Жезқазған облысы Ақтоғай ауданының бұрынғы “Қаратал” кеңшары аумағында өмірге келген. Әлихан Нұрмұхамедұлының туған жылына қатысты, мәселен, белгілі алаштанушы ғалым Мәмбет Қойгелдиев өз зерттеуінде 1866 жыл десе, ал ағылшын ғалымдары еңбектерінде 1869 жыл деген деректер келтіреді.[1] 1937-1938 жылдардағы сталиндік саяси қуғын-сүргіннің куәсі болған қарт қаламгер, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Жайық Бектұров «Енеден ерте айырылған төл секілді...» атты естелік-кітабында Әлихан Бөкейханов 1870 жылы туды деген жоғарыдағы деректі растай келіп, «Ә.Бөкейханов жасында Семейде медреседе оқиды. Одан кейін Омбыда орысша техникалық училище бітіреді. Осы қалада орыс генералының

қызына үйленеді. Тоқсаныншы жылдары Петербургте орман шаруашылығы институтын тәмәмдап, экономика саласынан диплом алады. Ол содан былай әдеби, ғылыми, қоғамдық, мемлекеттік жұмыстарға белсене араласа бастайды” дейді. [2] Ал енді оның жас кезінде Семей медресесінде оқыған-оқымағанын білмедік, жалпы Әлихан Бөкейхановтың өмірін зерттеуші ғалымдар М.Асылбековпен Э.Сейітовтер «ол 7 жасында Қарқаралы Зариф молданың медресесінде мұсылманша білім алды” дегенді айтады. [3] Осыдан біраз жыл бұрын Алматы жақтан біреулер Әлихан Бөкейхановтың зайыбы Елена Яковлена Севестьянова 1920 жылдары Семейде кайтыс болып жерленіпті деген деректі іздестіріп келіп кеткенін естіген едік. Қалай десек те, Алаш арысы Әлихан Бөкейхановтың өмірінде Семейдің алатын орны айырықша екенін атап айтуымыз керек.

Ә.Бөкейхановтың 1890 жылдары Семей және Ақмола облыстары уездерінде қазақ пайдалануын зерттеумен айналысқан Щербин экспедициясына қатысып, бірқатар ғылыми құнды еңбектерді жазуы, ұлы ақынымыз Абайдың әдеби бай мұрасымен етене жақын таныс болуы, өзінің Омбы кезеңінен жақсы білетін досы, орыс ғалымы Иван Филиппович Гусевтің айтуымен Шәкәрім еңбектеріне баса көңіл бөліп, кейінде «Қазақ» газетінде «Қалқаман-Мамыр» поэмасы туралы пікір білдіруі, тағы басқа оқиғалар оны (үнемі шетте Омбы, Петербор қалаларында оқып, қызметте жүрсе де) Семей зиялыларымен барынша жақындата түседі. Әсіресе, данышпан, хакім Абайдың өліміне байланысты алғаш баспасөз бетінде суретімен қоса өмірбаянын (қазанама) жазып жариялауы, сондай-ақ Абайдың немере інісі Кәкітай Ысқақұлымен бірге ұлы ақынның өлеңдерін жинақтап, баспаға әзірлеуге кірісуі оның Семейдегі өмірінің ең ұмытылмас сәттері болды.

Ұлы ақынға деген бұл сүйіспеншіліктің соңы Әлихан Бөкейханов пен Абай балалары, жалпы Құнанбай кажы ұрпақтары арасындағы үлкен сыйластыққа, достыққа ұласқаны белгілі. Әлихан Нұрмұхамедұлы Кәкітайдың қаза болғанын естіп «Қазақ» газетіне жазған мақаласында оның азаматтық тұлғасына тоқтала келіп, екеуінің алғашқы таныстығы, достығы туралы: “...Әуелі Кәкітайды 1900 жылы күзді күні көрдім, қасқырдың бөлтірігіндей тоғыздағы баласы Біләлді гимназияға берем деп Семейге келгенде. 1904 жылы Абай марқұмның өлеңін кітап қылып басыңдар деп балаларына хат жаздым. 5 жылы апрель аяғында Кәкітай Абайдың жазба кітабын алып, Омбыдағы маған әкелді. 1905 жылы жазғытұрғы саясат ісі не екенін біздің «Қазақты» оқығандар білер. Кәкітай біздің үйде бірер жұма жатты. Абай, Пушкин, Лермонтов сөздерін бірге оқып, мәз-мәйрам болдық. Анық таныстық. 5 майда Семейге қазақпен саясат ісін кеңесуге мен бұғып бардым. Параходта Кәкітаймен бір жүрдік. Сонан бері саясат ісінде бір одақ болдық. Январь басында 1906 жылы Керекуден Семейге баруға шыққан мені ұстасын деген Семейге хабар келген. Марқұм Омарбек пен Кәкітай һәм өзге аты теріс достар мені қашыртпақ болып, маған қарсы үш атпен «Б»-ны жіберген. Бұл мен ұсталған Тұз қалаға бір көш қана жетпей, ұсталғанды естіп, кейін қайтты. Бірақ ол күні мен Б-ға жолықсам да, қашпақ емеспін. Мен онда қашсам, қырға отряд шығып, қазақты қор қылмай ма?

Мен осы шартпен 1908 жылы Семей келдім. Мен Семейде абақты борышын күтіп жүргенде Шәкәрім, Кәкітай, Тұрағұл әдейі қалаға келіп, тағы біраз күн көңіл көтеріп, шат болған едік. Мен абақтыда жатқанымда олар тағы келіп амандасқан. Бұған өзге қазақ жарамды-ау деймін. Мен абақтыдан шыққан соң, бір күн Қаражан үйінде бір болып, мені Қарқаралыға Омарбек, Кәкітай шығарып салып, хош айтысқан жерде, құшақтасып жылады. Жауға бел бермеймін деп, карысып, тістеніп, буындырған құсаны сыртқа шығармадым. Бекер жыламаған екенмін, тастан қатты деп ойладың ба? Есіл ер шырақтарым-ай! Сонан бері Омаш, Кәкішті көргенім жоқ. Арманды кестелеп жазуға қалам шіркін шорқақ!- деп өкінішпен қайғырып еске алады.[4]

Кәкітайдың қазасына байланысты «Қазақ» газетінде жарық көрген осы мақаланың өзі-ақ Әлихан Бөкейхановтың Семейдегі жылдарынан көп мағұлмат береді. 1905-1907 жылғы орыс революциясы қазақ даласындағы ұлттық қозғалыстың бел алуына өз ықпалын тигізді. 1905 жылы Қарқаралы қаласына таяу Қоянды жәрмеңкесінде «Алаш» көсемдерінің бастамасымен қазақ съезі өтті. [5] Онда патшалық Ресейдің отарлық езгісіне қарсы

наразылық білдірген қазақ қоғамының ұлттық мүдде тұрғысындағы басты талап-тілектері айтылды. Жалпы тарихта Қарқаралы петициясы деп аталатын бұл құжаттың авторлары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Жақып Ақпаев, Итбай Ережепов, Көлбай Төгісов болды.

Әлихан Бөкейхановтың өзі жоғарыда Кәкітайға арнаған мақаласында айтқандай, 1906 жылы ақпанда Семейге келе жатқанда Тұз қаласында тұтқындалып, алғашында Кереку, одан кейін Омбы түрмелеріне қамалды. Алайда ол темір торға түссе де 1906 жылы патшалық Ресейдегі I Мемлекеттік Думаға сайлау науқаны кезінде Семей облысы қазақтары атынан депутат болып сайланады. Осы 1906 жылы маусым айында Омбыдағы түрмеден босап қайтқан ол Семейде өз сайлаушыларымен кездесіп жиын өткізеді. Мысалы, М.Қойгелдиевтің «Ұлттық саяси элита» атты кітабында 1905 жылдың соңында Оралда бес облыс өкілдері бас қосқан жалпықазақ съезінде Әлихан Нұрмұхамедұлының Қазақстанда кадеттер партиясын құруға белсене қатысқаны айтылып, ал 1906 жылдың 10 маусымындағы Семейдегі сайлаушыларымен кездескен жиында оларды «Халық еркіндігі» кадеттер партиясының бағдарламасымен таныстырғаны, осыған орай отырғандардың оған қосылуы туралы қаулы қабылданғаны, жарыссөзде Шәкәрім Құдайбердиев және тағы басқалардың шығып сөйлегендігі жайлы деректерге сілтеме жасайды.[6]

1905-1907 жылдардағы Әлихан Бөкейхановтың Семей өңіріндегі қоғамдық-саяси қызметі оның халық депутаты, қазақ кадет партиясы басшыларының бірі ретінде Петербургке I Мемлекеттік Думаның жиынына аттануымен аяқталып, одан ары қарай жанағы Мемлекеттік Думаның тарауы және Финляндияның Выборг қаласындағы “Выборогское воззвание” деген үлкен саяси оқиғалармен жалғасады.

Қазақ ұлттық қозғалысының көсемдеріне қарсы жаңадан қуғын-сүргін басталады. 1908 жылы Әлихан Бөкейханов екінші рет тұтқындалып, Семей түрмесіне қамалады.

Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың Семейдегі жылдарының екінші кезеңі 1917 жылғы патшалық Ресейдегі ақпан төңкерісіне тікелей байланысты болып келеді.

1917 жылғы 21-26 шілде аралығында Орынбор қаласында өткен жалпықазақ съезі қазақ саяси партиясын құру туралы мәселе қарап, “Қазақ халқының өз алдына саяси партиясы болуын тиіс көріп, бұл партияның жобасын жасауды съезд “Шорай исламға” сайланған қазақ өкілдеріне тапсырады. Партияның негізі демократиялық федеративтік парламенттік республикаға құрылмақ...” деген шешім қабылдайды. Съездің соңғы күні жаңа қалыптаса бастаған партияның басшысы Бөкейханов россиялық кадеттер партиясына мүшеліктен шығатынын және оның себептерін мәлімдеді. Партияның ұйымдық тұрғыдан құрылуы күзге, яғни бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттар сайлау науқанына тұстас келді. “Қазақ” газеті (1917, № 244) өзінің бас мақаласында партияның атын “Алаш” қойып, оған тілектестерді Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидаттар тізімін осы партияның атынан жасауды ұсынды. Сонымен бір мезгілде “Қазақ” басқармасынан барлық облыстардағы қазақ комитеттеріне қазақ саяси партиясының атын “Алаш” қою туралы жеделхаттар жіберілді.

“Алаш” партиясының облыстық ұйымдары 1917 жылдың қазан айынан қалыптаса бастады. Бөкейхановтың тікелей ұйымдастыруымен және басшылығымен шамамен қазанның 12-20 аралығында партияның облыстық ұйымдары алдымен Семейде, кейін Омбыда, ал қарашаның 10-на қарай Орынборда ашылды [7].

Алаштың ақиық ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров «Әлиханның Семейге келуі» атты мақаласында 1917 жылдың 21 қазанындағы қазақ өміріндегі осы бір саяси оқиғаға ерекше мән беріп:

“Қош бастаған еріміз!
Төбеміз көкке жеткендей,
Көкіректен бүгін кеткендей,
Сізді көріп шеріміз.
Еліңіздің бұл шағын,
Алаш туын һәм бағын,

Көзбен көріп төленді,
Көптен бергі теріңіз,

Алаш туын қолға алған Қараңғыда жол салған Арыстаным келіңіз!” - деп жырға қоса шабыттана жазады. [8] Әлихан Бөкейханов Семейге келген осы сапарында “Алаш” партиясының облыстық партия комитетінің төрағасы етіп Халел Габбасовты сайлап қайтады.

1917 жылы желтоқсан айының 5-13 күндері Орынборда өткен екінші жалпықазақ съезінде Алашорда үкіметі құрылғаны жарияланып, ал Алашорданың уақытша тұратын орыны Семей қаласы болып белгіленді. Семей ол кезде озық ойлы, прогрессшіл көзқарастағы орыс демократтары Достоевский, Михаэлис, Долгополов, Коншин, т.б. тағлымы мен ұлы Абай мұрасынан ғибрат алып, рухтанған қазақ зиялыларының үлкен бір тобы бас қосып, жиналған еліміздің мәдени-рухани орталығы болды. Алаш үкіметінің ақ туын Семейде көтерген осы жылдары Әлихан, Ахмет, Міржақыптан бастап Мұхтар Әуезов, Мұхаметжан Тынышпаев, Халел Габбасов, Жүсіпбек Аймауытов, Мәннан Тұрғанбаев, Жакып Ақпаев, Қаныш Сатпаев, Ыдырыс Мұстанбаев, бәрі-бәрі ұлт мүшесі үшін жан аямай қызмет етті. Міне, осы 1917 жылдан 1927 жылға дейінгі он жылға жуық уақыт бойы Семейдің Заречная Слободка бөлігі (Ертіс өзенінің сол жағалауында орналасқан қазіргі Жанасемей қаласы) Алаш қаласы болып аталып келді.

Әлихан Бөкейханов Алашорда үкіметінің басшысы қызметіне орай 1918 жылдан бастап Семейде болды. Алашорда үкіметінің басқару жүйесін ұйымдастырып, қалыптастыруда үлкен көмегін тигізді. Алаш автономиясының қарулы жасақтарын: Алаш атты әскер полкін, Алаш милициясын құруда елеулі еңбек сіңірді. Мысалы, Семей университетінің тарих ғылымдарының кандидаты Ерлан Сайлаубайдың Алашорда үкіметінің құжаттары мен іс-қағаздарына байланысты мақаласында “Алашорда үкіметі тарихының ғылыми зерттелу арнасын кеңейтуде әрі аталмыш үкіметтің қызметін жан-жақты көрсетуде Семей қаласындағы “Қазақстан Республикасы Шығыс Қазақстан облысы қазіргі заман тарихының құжатнама орталығы” архив қорларында сақталған құжаттар біршама мүмкіндік береді. Осы құжатнама орталығында Алашорда үкіметінің, Семей облыстық және уездік Алашорда комитеттерінің және жекелеген қайраткерлерінің қызметтеріне қатысты құжаттар кездеседі. Тіпті, құжаттардың нұсқалық болуы олардың ғылыми құндылығын арттыра түседі.

...Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметіне тысты құжаттар негізінен осындағы үкілресейлік Уақытша Үкіметтің Семей облыстық басқарушысы (48-қор), Бүкілресейлік уақытша Үкіметтің Семей уездік басқарушысы қор), Семей уездік земство басқармасы (Р-»-қор), Алаш қалалық қоғамдық басқармасы (Р-133-қор), Алаш жұмысшы, шаруа және “қырғыз” депутаттары Кеңесі (Р-134-қор), Семей губерниялық революциялық комитеті (72-қор), Семей губерниялық жұмысшы, шаруа және Қызыл әскер депутаттары Кеңесінің атқару комитеті (73-қор), Семей губерниялық соты (Р-266-қор), т.б. қорлардағы істерде кездеседі. Аталған мұрағаттық қорларда Алашорда қайраткерлері Ә.Бөкейханов, М. Тынышпаев, Х.Габбасов, Р.Мәрсеков, Б.Сарсенов, Ж.Ақпаев, С.Ақпаев, Ә.Ермеков, А.Қозыбағаров, М.Боштаев, И.Әлімбаев және Х.Локгамышевтың қолтаңбалары қойылған іс-қағаздары сақталған” дей келіп, Әлихан Бөкейхановтың өз қолымен “Бек тығыз Семей уезінің земский управасының бастығы Ахметжан Қозыбағарұлына.

Семей уезінен волос басына 30 милиционер алуға қаулы қылынды. Осы жігіттерді тоқтаусыз жиясыз. Жеткілікті атыменен. Жиылған азамат, ат Семейге келеді.

Алашорда бастығы Әлихан» деп жазған ресми құжаттың түпнұсқасын береді.[9]

Біздің қарастырып отырған мәселеміз Әлихан Бөкейхановтың Семейдегі өмірі мен қызметіне байланысты болғандықтан Алашорда үкіметінің Азамат соғысы жылдарындағы іс-әрекетіне толықтай тоқталмадық. Тек бұл арада енді-енді ғана аяғынан қаз басып тік тұра бастаған Алашорда үкіметі ақ гвардияшылар мен кеңес өкіметі жағынан қыспаққа түсіп, қатты қысым көргенін айтуымыз керек.

1918 жылдың көктемінде Алашорда мен Кеңес билігі арасында өмірлік шындықтан бастау жатқамыз. Бір күні, қыстың орта шені болу керек, Семейден базарлап келген қалашы бізге көңілсіз хабар жеткізді: Әлихан атам мен әкемді Семей түрмесіне қамапты. Үрпиіп

қалдық. Хабарды ести сала Өміртай ағаның ауылынан шықтық. Абай атамның ауылына бір түнеп, сый-құрметтерін көріп, асығыс Семейге жеттік. Келесі күні шешем түрмеге тамақ тасуға рұқсат алып келді. Жұрт - әкемнің қаладағы бай таныстары, оқушы жастар кезектесіп тамақ, темекі жеткізіп тұрды. Кішкентай болсам да, түрмеге баратын күні шешемнен қалмаймын. Осы уақытқа шейін Семей түрмесі көз алдымнан кетпейді...” дейді. Әлиханның жақсы сырлас досы Тұрағұл Абайұлы да, дәл осы 1922 жылы Семей түрмесіне қамауға алынып, төрт ай отырып шығады.

Алаштың ардақтысы Әлихан Бөкейхановтың Семей түрмесінен босап шыққаннан кейінгі өмірі 1937-1938 жылдардағы сталиндік репрессияға ұшырағанға дейін Мәскеуде бірыңғай әдеби зерттеу жұмыстарымен айналысумен өтті...

Әдебиетгер:

1. Асылбеков М.Х., Сеитов Э.Т. Алихан Буке общественно-политический деятель и ученый.- Алматы, 2003.- 24-26 стр.
2. Бектұров Жайық. Енеден ерте айрылға секілді...-Алматы, 2002. 188-бет.
3. Асылбеков М.Х., Сеитов Э.Т. Алихан Буке общественно-политический деятель и уче Алматы, 2003. 50-59 стр.
4. “Қазақ” газеті, 1915,№ 101-163.
5. Назарбаев Н. Тарих толқынында.-Алматы. 159-бет.
6. Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита.-Алз 2004.140-149 беттер.
7. ҚСЭ, том-1.250-254 беттер.
8. ТорайғыровС. 2-т.-Апматы, 1993. 151-бет.
9. Сайлаубай Е. Семейдегі Алашорда үкім; құжаттары мен іс-қағаздары. //Абай.- 1999.-№3.
10. Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита.-Ад 2004.182-183 беттер.
11. Ахметов С. Халел Досмұхамедұлы және Алашорда. “Қазақ тарихы” журналы, 2004.

М.ӘУЕЗОВ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТАРИХЫН ЖАСАУШЫ

Канжекенова П.Б.

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ

М.Әуезов қазақ әдебиеттану ғылымында алғашқылардың бірі болып әдебиет тарихына байланысты зерттеу еңбектер жазып, мол мұра қалдырғаны белгілі. Өйткені жазушы өз мақала, еңбектерінде айтып өткеніндей, әдебиетті тану оның тарихын, осы күнге дейін жүріп өткен жолын, өсу кезеңдерін, түрлі заңдылықтарын білуден басталады деп түсінеді. Жоғарыда қарастырып өткен «Қазақ әдебиетінің бүгінгі дәуірі» (тарихи - әдеби сын) атты мақаладан басқа сол 20 жылдары әдебиет тарихының түрлі мәселелеріне арналған «Ыбырай Алтынсарыұлы», «Халық әдебиеті туралы», «Қобыланды батыр», «Әдебиет ескілігін жинаушыларға» атты мақала мен «Әдебиет тарихы» атты көлемді зерттеу кітабын жариялайды [1].

«Қобыланды батыр» атты мақалада М.Әуезов ауыз әдебиетінің халықтың адамзаттық тарихымен байланысы жайлы өте қызықты, әрі ғылыми тұрғыдан өте құнды ой-пікірлер айтқан: «Бұрынғы заманда неше алуан хандық құрған түрік жұрттарының көбінің тойын бірге шыққан бір ел қазақ елі екені тарих жүзінен белгілі. Нағыз қазақ бірлігі 15 ғасырлар ішінде шықты десек те, сол бірлікті жасаған рулардың көпшілігі ертерек заманда болған. Алтын Орда, Қазақ хандығы, Ноғайлы, Өзбек бірлігі сияқты хандықтардың бәріне де кірген, солармен бірге ыстығына күйіп, суығына тоңып ірі тарих уақиғаларды бастарына бірге көшіріскен» – деп басталады мақала.

Автор жалпы ауыз әдебиеті шығармаларының, соның ішінде батырлар жырының да негізінен ел қиялынан, арманынан туатындығын, бірақ солай бола тұра, олардың өмірлік, тарих белгілі бір негізі болатындығын, «бізге тіпті анық қылып тарих бетіп ашып береді демесек те, сол ескі тарих көлемінде болған ірі мезгілдердің барлығының да ұлы суретін

нобаймен, тұспалмен көрсететіндігін» атап айтады. «Қобыланды батыр» жырына осы тұрғыдан талдау жасай келе, жазушы ел әңгімелерінің тарих «өлшеуінен бірде ілгері, бірде кейін кетіп отыратынын», бұрын-соңды өткен оқиғаларды кейде бір дәуірге, бір кісінің басына жиып қоятын кездерінің болатынын да ескертіп өткен.

Бұл шағын мақалаларда ауыз әдебиеті, әдебиет тарихының кейбір мәселелері, жеке өкілдері мен шығармалары жайлы қысқаша барлау, шолу түрінде көрінген алғашқы қадам жасалса, «Әдебиет тарихы» кітабы жазушы сол ой-пікірлерінің жинақталып, жүйеленген тұңғыш тұлғалы зерттеу еңбектің үлгісі бола алған еді.

М.Әуезов бұл кітапты жазуға үлкен дайындықпен келген деуге болады. 1923 жылы Ленинград университетіне оқуға түскенімен, сол жылдың аяғынан 1925 жылдың қыркүйегіне дейін Семей казпедтехникумында мұғалімдерді қайта дайындайтын курстарда қазақ әдебиетінің сабақ бергені белгілі. /2/ Сол жылдары жазушы "Таң" журналында өзінің көркем шығармалары, мақала-зерттеулерімен қатар ел арасынан жинаған көптеген ауыз әдебиетінің, әдебиет тарихының үлгілерін жариялайды /2/.

Журналдың №1 санында: «Сыбан Сабырбай ақынның Сұлтанбай төреге айтқан сөзі», «Абайдың басылмаған сөздері», «Абайдың кейбір өсиет сөздері», «Жанақ ақын айтуындағы «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырынан үзінді», «Бұхар жырау сөздері», «Бұхар жыраудың Керейге айтқан сөздері. Көкбай ақсақалдан».

№2 санында: «Айтаңсақтың қоштасқаны. Қозы Көрпеш – Баяннан», «Сыбан Ақтайлақ би», Көкбай ақсақал айтуынша «Жаман сарт сарыны».

№3 санында: «Бөрікбай сарыны», «Алтыбай ақынның Тіленшіге айтқан сөзі».

№4 санында: «Абылай орыспен соғысамын дегенде, Бұхар жыраудың айтқан бір толғауы», Күдері қожаның Қарқаралы тауымен қоштасқаны» т.б.

1925 жылы "Қазақ тілі" газетінің 23 сәуірдегі санында "Әдебиет ескілігін жинаушыларға" атты мақала жарияланған [3]. Оған "Семей техникумы" деп қол қойған екен. Мақаланың авторы М.Әуезов екендігін жазушы творчествосының білгірі Қайым Мұхаметханов "Қазақ әдебиеті" газетінің 1971 жылғы 15 қаңтардағы санында архив деректерінен дәлел келтіре отырып жариялады [5]. Ол дәлелдердің нанымдылығы да, мақаланың тілі, ой оралымдары да оның М.Әуезов туындысы екендігі күмән тудырмастай. Оның үстіне мақаладағы негізгі ой жазушының "Әдебиет тарихы" зерттеуіндегі ой-пікірлерімен сабақтасып, тіпті, кей жерлері сол күйінде қайталанып та отырады. Айталық, мақаладағы әдебиет тарихын жинап, зерттеудің маңызы туралы айтылған тұстар кітаптың «Жазушыдан» деп аталатын арнауындағы ойлармен тікелей үйлесіп жатса, мақаладағы Қодар образына берілген мінездеме мен жардын келтірген мысал кітаптың «Қозы Көрпеш-Баянның мәнісі» атты тарауында еш өзгеріссіз қайталанып келеді.

Міне, бұл айтылғандар «Әдебиет тарихы» зерттеуінің сол 1924-1925 жылдары жазушының педтехникумда, курстарда жүргізген дәрістері негізінде дайындалғанынан мағлұмат берсе керек.

Осы арада қосымша ретінде Ленинград облыстық архивінде сақталған М.Әуезовтің студенттік іс-қағаздарынан бірер маңызды деректерді келтіре кетуді жөн көріп отырмыз. М.Әуезов Семей Губерниялық халық ағарту бөліміне казпедтехникумның оқытушы қызметінен босатып, оқуын жалғастыруға мүмкіндік беруге өтініш жазған екен. Сол өтінішінің ішінде: «...Причем считаю необходимым о том что, годовичная деятельность в указанных отрасляхне прошла бесследно для меня, она к полному моему удовлетворению прикрпеило меня надолго и идейно к школе. В данный момент я не мыслю свое будущее вне школы. Это то ценное, что я приобрел в результате годовичной деятельности ...» [4], деген жолдар бар.

Семей губерниялық атқару комитетінің төрағасы Тоқтабаев пен халық ағарту бөлімінің басшылары қол қойып, Ленинград университетінің басшыларына жолдаған қатынас қағазда былай деп көрсетіпті (Жазушының өмірбаян мен еңбек жолынан өте маңызды мағлұматтар беретін бұл құжаттың үзіндіні сол қалпында орыс тілінде ұзақтау келтіріп отырмыз) [4]:

" ... Ввиду отсутствия среды киргиз подготовленных культурных сил, при огромных потребностях туземной школы в подготовленном кадре киргизского учительства ГубОНО оставил тов. Ауэзова в качестве лектора, еще и потому что в среде остального мало подготовленного киргизского преподавания указанного нового предмета. А тов. Ауэзов, благодаря проявленному им интересу к киргизскому творчеству и благодаря своим самостоятельным исследованиям в данной области, являлся единственным кандидатом в качестве лектора киргизской литературы в техникуме. Кроме того, тов. Ауэзов по приглашению АПО Семгубкома вел преподавание по истории революционного движения в России, на киргизском отделении Семгуб. партшколы. Наряду с этими обязанностями тов. Ауэзов, являясь киргизским журналистом по прошлой своей деятельности, был приглашен редакцией журнала «Тан», органа Семгубкома, Губисполкома, в качестве технического редактора последнего, где работал до июля месяца настоящего года.

Со всеми перечисленными обязанностями тов. Ауэзов, еще совмещал краеведческую работу, будучи заместителем председателя Семипалатинского отдела Русского Географического общества. В последний отрасли своей деятельности он являлся одним из организаторов собрания киргизского фольклора и организатором киргизских краеведческих кружков [5].

В настоящий момент в дополнение к перечисленным обязанностям он является лектором летних киргизских курсов по переподготовке киргизского преподавания. Проявляя во всех указанных отраслях деятельности достаточную активность, тов. Ауэзов имеет глубокое уважение к идее народного просвещения, обещает быть одним из ценных работников киргизского края"../6/.

Сонымен, бұл «Әдебиет тарихы» сол 1925 жылдың аяғында жазылып біткен екен, автор қолжазбасына "Ленинград, декабрь, 1925 жыл" деп мерзім қойыпты. Баспадан 1927 жылы шыққан.

Қазақ ауыз әдебиеті нұсқалары XIX ғасырдан, негізінен оның екінші жартысынан жиналып, хатқа түсіріліп, белгілі мөлшерде жүйелене бастағаны белгілі. Бұл салада орыс ғалымдары И.Березин, Н.Ильминский, Г.Потанин, В.Радлов, т.б. еңбектері өте үлкен. Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, Ә.Диваевтер де мол еңбек сіңірді. Дегенмен олардың сол өлшеусіз құнды еңбектері қалың жұртшылықтың, жаңа-жаңа ашыла бастаған қазақ мектептері оқушыларының игілігіне айналып, күнделік қажетін өтей алмағаны өзінен-өзі түсінікті.

Үстіміздегі ғасырдың бастапқы жылдарында, әсіресе кеңес өкіметінің орнаған кезеңінен бастап жер-жерде бірінші басқыш мектептермен қоса біртіндеп орта буын мектеп, техникум, институт, әр алуан мамандық жолындағы курстар ашыла бастады.

М.Әуезов: «Сол себепті қай қалада бастауыш мектептен гөрі жоғарырақ болып ашылған мектептер болса, барлығында ана тілінің әдебиетін ұғынудың талабы байқалады. Ана тілінің іздейтін жаңалығы кең өрісі сол әдебиет болады. Әдебиет мектеп ішіндегі оқушылардың ақыл-сезімін тәрбиелеп жетілуден басқа сол оқушыға қазақ деген елдің өткендегісі мен бүгіндегі пішінін танытуы керек.

Белгілі заманның тарихи шарттары мен кәсіп дағдысынан туған салт, сана, сезім, тілек қандай еді? Елдің өнер туғызған қиялы мен үлгілі сөз туғызған ақыл шалымы, ішкі дүние байлығы қандай еді? Қазақ тілінде әрбір заманда шыққан сырлы сөздердің үлгі түрі қандай, мағына, маңызы қандайлық? Бір-бірінің ортасындағы тарихи байлам, тіркестік қайсы, әрбір жұрнақты туғызған себеп не? Міне, осының бәрін бүгінгі мектеп ана тілінің шеңберіне сиғызып, оқушыға білдірмекке талап етеді», – деп жазады кітаптың «Жазушыдан» деп аталатын алғы сөзінде [6].

Қазақ ауыз әдебиеті нұсқалары XIX ғасырдан, негізінен оның екінші жартысынан жиналып хатқа түсіріліп, белгілі мөлшерде жүйелене бастағаны белгілі. Бұл салада орыс ғалымдары И.Березин, Н.Ильминский, Г.Потанин, В.Радлов т.б. еңбектері өте үлкен. Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, Ә.Диваевтарда мол еңбек сіңірді. Дегенмен олардың сол өлшеусіз құнды еңбектері қалың жұртшылықтың, жаңа-жаңа ашыла бастаған қазақ

мектептері оқушыларының игілігіне айналып, күнделік қажетін өтей алмағаны өзінен-өзі түсінікті.

Үстіміздегі ғасырдың бастапқы жылдарында, әсіресе Кеңес өкіметінің орнаған кезеңінен бастап жер-жерде бірінші басқыш мектептермен қоса біртіндеп орта буын мектеп, техникум, институт, әр алуан мамандық жолындағы курстар ашыла бастады.

М.Әуезов: «...Сол себепті қай қалада бастауыш мектептен гөрі жоғарырақ болып ашылған мектептер болса, барлығында ана тілінің әдебиетін ұғынудың талабы байқалады. Ана тілінің іздейтін жаңалығы, кең өрісі сол әдебиет болады. Әдебиет мектеп ішіндегі оқушылардың ақыл сезімін тәрбиелеп жетілуден басқа сол оқушыға қазақ деген елдің өткендегісі мен бүгіндегі пішінін танытуы керек.

Қазақ елінің жалпы тарихына байланысты берген аз мағлұматта автор бүгінгі таңда «қазақ ескілігінің жазу күйінде сақталып қалған белгісі жоқ» болғандықтан, «елдің ұзын-ырға тарихын кең көлемді қылып, ішкі, сыртқы өмір жолындағы өзгерістерінің барлығымен қатар алып отырып, толық пішінде құрастыру ауыр болып" отырғандығын айтады. «Соңғы заманда қазақ елінің жалпы тарихына мағлұмат жиып жүрген Европа жазушылары мен қазақтың өз тарихшылары» негізінен ел әдебиеті берген дәлелдер мен белгілерге сүйенетіндігін, яғни арғы дәуірдің «біздің заманымызға жеткен белгілері болса, елдің әдет салтында да, өлең жырында, ескілікті ұғымында қалған белгілер болады», - дейді. Бұдан әрі қарай жазушы қазақ елінің тарихын «өз бетімізбен долбар жасасақ», бірінші – ислам діні кіргенге дейін және екінші – ислам діні кіргенге дейін және екінші – ислам діні кіргеннен бергі дәуір деп үлкен екі дәуірге бөліп, әрқайсысына қысқаша сипаттама береді.

М.Әуезов сол халық наразылығынан туған қозғалыс, көтерілістер туралы жырлардың ішінен әзірге қолда бары деп «Кенесары – Наурызбай», «Исатай – Махамбет», «Бекет батыр» жайлы жырларды қарастырып талдау жасайды. Олардың әрқайсысының жеке жеке өзіндік ерекшелік қасиеттерін ашып, анықтай отырып, автор осы тарихи жырларға тән ауыз әдебиетінің басқа түрлерінен, батырлар жырынан өзгешелік, ерекшеліктерін саралап айқындайды. Сол ерекшеліктердің біреуі: тарихи жырлар басқа өлең жырлардағыдай, тұспалмен асыра, жасыра суреттеуге бой бермей, күні кеше ғана болып өткен барлық оқиғалардың бетінде тарих басып өткен жер, сорғалаған қан, сойқақтаған із болып ашық жатыр». Айталық, «Кенесарыларды баяғының батыры қылып қалай жырлайын десе де, олар көбінесе бүгіннің адамы болып тұрып алып, кейін қарай шегінбей қойған». Екінші ерекшелік "тарихи өлеңдердің көпшілігін сол оқиғаның ішінде болып, сол заманды көзімен көргендер жыр қылған. Сондықтан, өзгені елемесе де, дәл мыналардың басынан аттап кету ел хиялына қиынырақ болған" – деп атап көрсетеді. Бұл жырларда ақын хиялы қаншалық шарықтаймын дегенімен «өмір кісенімен тұсалып» бұрынғы өлең, жырлардағы жасырынды сүйетін тұманды сарын сейіліп, әдебиетте жаңа бағыт туғызып, өмірге жанасу жағы басымдау бола берген. Олардағы «өлең тілі құр ғана ұйқасы мен қызуын қуған сөз» емес, сол заманның кестелі сұлу, шешен түрлерінен құралған сом алтындай жұмыс келетін кесек тіл», - дейді.

1926 жылғы есептің (санақ) қорытындысына сүйене отырып, өте сауатты, салауатты демографиялық талдаулар жасаған «Қазақстандағы ұлттар» атты шағын кітапша алғашқы зерттеу еңбек жазған екен [13]. Біз бұл арада кітаптың «Ұлттардың патша заманындағы тұрмысы» атты тарауындағы автордың алғашқы еңбектегі тарихи кезендерге жасаған шолуын жалғастыра, нақтылай түскен дерек, дәйектемелерін келтіре кетпекпіз. Сондағы ойымыз жазушының ілгері-кейінгі жазған тарихи шолуларындағы жалпылама, шамамен, жобамен айта салмай, өзі сөз еткен кезеңнің жай-күйін ғылыми зерттеу тұрғысынан қарастырғанын білдірмек.

1933 жылы М. Әуезовтің М. Жолдыбайұлы, Ә. Қоңырбайұлымен бірігіп жазған 7-класқа арналған «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабы» [6] жарық көрген. Кітаптың «Бектік құлауға айналып, өндіріс капиталының дәуірлей бастаған кездің әдебиеті» деп аталатын М.Әуезов жазған тарауда сол кезеңдегі тарихи жағдайларға шолу жасалды. Әрине, 1930-1932 жылдарғы азапты қамау қаспақтан шартты түрде енді бастап

шыққан қалам қайраткері одан бұрын 1927 жылы жазған кітаптағы көзқарас пікірлерін өзгертіп айтуға мәжбүр болды. Бірақ сонын өзінде ол саясат ынғайына бірден қол қусырып елп ете салмай, сүйегіне сенген тікелей қалып қасиетін сақтай отырып, ғылыми парасатты талдау жасаған.

М.Әуезов: "Халық ақыны Жамбыл - өз шығармаларымен ғана емес, тарихи-әдеби зерттеу тұрғысынан да өзгеге ұқсамайтын дара оқшау бет-бейнесімен де аса зор құбылыс. Ол фольклорды белгісіз ақындардың ғана творчестволық еншісі деп менсінбей, енжар қарауға бағытталған буржуазиялық үйреншікті ұғыды қиратып отыр. Ол сондай-ақ, ауызша және жазбаша, индивидуалдық поэзия деп әдеттегідей тарихи-әдеби бөлушілікті де қиратып отыр" – деп атап көрсетеді.

М.Әуезов сол 1938 жылы бұл баяндамасынан басқа «Ардақты Жәке», «Мудрый певец, нашедший юность свою» атты да мақалалар жазған екен. 1945 жылы ақынның қайтыс болуына орай «Халықтың ғасырлық жыры» атты мақаласын жариялап, 1946 жылы оның жүз жылдық мерейтойына арналған конференцияда «Жамбылдың айтыстағы өнері» атты ғылыми баяндама жасайды. Бұл баяндамасында М.Әуезов айтыс ақынына тән өзгеше бір ерекшеліктерді айқындап, саралай келе, ондай ақындарға халық «суырып салма ақын» деген атақ беретінін, «олардың қынаптан қылыш суырғандай жалт еткіш, отты, өткір өнер иесі» болатынын, «шабыты келген ақпа ақын бабындағы аш қыранға теңдес. Тұрғыдан томағасына тартқанда алғыр қыран бар өңірді сәтте көріп, шолып өтіп, қимыл еткен шөп басын, қыбыр еткен тышқан жүрісін, қылт етіп бұққан түлкі түгін ілезде шалып қалғандай. Айтыс ағымындағы ақпа ақын да сондайлық көмескені көргіш, бұлдырды білгіш болмақ шарт"деп, ұлы ақынның айтыстағы өнерін осы тұрғыдан өте жоғары бағалайды [7].

Бұл аталған баяндама, зерттеу мақалалардан тыс жазушы музейінің архивінде сақталған қолжазбалардың ішінде №248, 249-папкілерде: «Жамбылдың бұрынғы қатты мысқыл өлеңдері», «Айтыстары», «Қатаған – Сүйінбай», «Состязательные песни и искусство импровизация у Джамбула», «Вековая песня народа» деген сияқты қолжазба, тезистер түрінде де материалдар кездеседі. Олардың кейбіріне «1960 жыл, 4 апрель» деген уақыт мерзімі қойылған екен. Соған қарағанда ғалым жамбыл творчествосын өзінің өмірінің соңғы сәттеріне дейін назардан тыс қалдырмай, алдағы жоспарларына да тиек етпек ниетте болған болар. Әрине, әдебиет, ғылым, мәдениет мүлкі санмен, көлеммен мөлшерленбей, санамен өлшенеді ғой. Олай болса, М.Әуезовтің бұл еңбектері өзінің маңыз-мәнін ешқашан да жоймасы анық [8].

Сонымен біз М.Әуезовтің 1927 жылы шыққан "Әдебиет тарихы" кітабындағы ауыз әдебиеті жайлы тарауларын сол туралы кейінгі жазған зерттеулерімен жалғастырып сөз еттік. Оның осы саладағы еңбектері, "Манас" жыры туралы зерттеулері, Шота руставели мен оның "Жолбарыс тонды жортуылшы" дастаны, "Рүстем - Дастан", "Жәңгір жыры" туралы пікірлері өз алдына кең, мол дүние. Фольклорист ғалымының бұл еңбектері өз алдына жеке зерттеулердің арнайы тақырыбы болып келеді, әлі де зерттеле берері сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Ысмақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: Ана тілі. 2007. – 384 б.
2. Әуезов М. Әңгімелер. Алматы: Жалын, 1987.-176 бет. .
3. Мұқажанова Р. М.О.Әуезов және Семей. Алматы- Дарын, 2004 ж-196 б.
4. «Әдебиет ескілігін жинаушыларға»//»Қазақ тілі», 23 сәуір, 1925 ж
5. Мұхаметханов Қ //»Қазақ әдебиеті», 15 қаңтар, 1971 ж
6. Сыздықов К. Әуезовтанудың беймәлім беттері.-Алматы: Қазақстан, 1997- 224 б.
7. ШҚО. ҚЗТҚО.415 қор 1-тізбе. 269-іс
8. Байтұрсынов А. «Әдебиет танытқыш», 1927 ж.

ШӘКӘРІМ ШЕЖІРЕСІ – ТАРИХ ТАМЫРЫ

Аға оқытушы Тұрсынханова Қ.Қ.

Alikhan Bokeikhan University

Қазақ халқының тарихы мен мәдениетінде өзіндік із қалдырған, ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бас кезінде өмір сүрген, ұлы Абай мектебінің дәстүрін жалғастырушы, өзінен кейінгі ұрпаққа сарқылмас мол мәдени мұра қалдырған Шәкәрім Құдайбердиев белгілі гуманист ақын, ойшыл тарихшы-шежіреші ағартушы, ғұлама болды. ХІХ ғасырда туып, бүкіл саналы ғұмырын ХХ ғасырдың алашқы үш он жылдығында жарқырата көрсеткен, артынан келер ұрпаққа мол, жан-жақты рухани мұра қалдырған ақын өз уақытының ерекше құбылысы болды. Шәкәрім Құдайбердіұлы да кез-келген озық ойлы қайраткер, азамат сияқты тарихқа, тарихи оқиғалар мен тұлғаларға үлкен көңіл бөлген, өзіндік қалыптасқан тарихи зердесі бар тұлға екендігін ол қалдырған шығармалардан байқаймыз. Шәкәрімнің тарихшы, философ тұғырындағы тұлғасын «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі», «Мұсылмандық шарты», «Үш анық» атты тарихи-шежірелік, ғылыми-философиялық еңбектері танытады.

Егер біз Шоқанның, Құрбанғали Халидтің қазақ тарихына қатысты еңбектерін зерделеп отыра, оларды тұңғыш қазақ тарихшылары десек, олардан кейін заңды түрде Шәкәрім Құдайбердіұлын айта аламыз. Артықшылығы, ол қазақ тарихының белгілі бір кезеңдерін жүйелеп, ой елегінен өткізіп қазақ тарихын жазуға тырысуында. Ол қазаққа жүйелеп жазылған жазба тарихтың қажеттігін алғашқылардың бірі болып түсінген жан екендігін көреміз. Бұл еңбек шежіре деп дәстүрлі атаумен алғанымен, оны қазақ тарихына арналған үлкен зерттеу еңбек екендігін бағамдай аламыз. Сонымен бірге еңбекті бүгінгі күнгі ресми қазақ тарихы тұрғысынан қарасақ та үлкен алшақтық көрмейміз. Шәкәрім әлі қалыптаспаған қазақ тарихының алдында тұрған үш мәселеге көңіл аударған. Олар: қазақтың халық болып қалыптасуы, қазақ хандығының құрылу тарихы және хандар теологиясы. Бұл мәселелер әлі де өзінің өзектілігін жоймаған сұрақтар. Еңбекті жазу барысында автор ортағасырлық шығыс тарихшылары Махмуд Қашқаридың, Нәжиб Ғасымбектің, М.Х. Дулатидің, Васифидің, Әбілғазы Бахадур ханның және кейінгі заманның білгірлері Березиннің, Радловтың, Аристовтың еңбектерін кең пайдаланғаны және өзіндік ой елегінен өткізгені байқалады.

Шежіре - тарихи құнды ақпарат көзі. Шежіре сөзі арабтың – *«шаджарад»* - *бұтақ тармақ* деген сөзінен шыққан. Шежіре тарату атадан балаға берілетін қазақ руханиятының ажырамас бөлігі. Халқымызда «жеті атасын білмеген жетесіз» деген сөз біздің ұлттық санамызға әбден сіңген. Ел сұрап, жөн сұрап, шыққан тегін сұрау ертеден келе жатқан дәстүр. Бұл дәстүрді қылышынан қан тамған патшалық Ресейде, кеңестік- социалистік идеологияда жоя алмады. Қазақ «у ішсен, руынмен іш» деп бекер айтпаған. Руға бөліну үлкен территорияны алып жатқан қазақтың тілінің, дінінің, ділінің біртұтастығын сақтауына кепіл болып, әкімшілік-мемлекеттік басқарудың бірден бір көмекші құралына айналды. Саяси-әкімшілік басқару рубасылар арқылы іске асты. Ірі тайпалар мен рулар аймақтық орталықтанған жүйені құрап және соған бағынды. Шежіредегі деректерге, аңыз-әңгімелерге сүйеніп жекелеген руларды зерттеу арқылы да этностың психологиялық сипатын құрастыруға болады. Майқы бидің «Кіші жүзді найза беріп жауға қой, Орта жүзді қалам беріп дауға қой, Ұлы жүзді таяқ беріп малға қой» - деген сөзінде үлкен мән жатыр. Қазақ биінің мәтелге айналған бұл керемет сөзінде қазақ халқының тұтас этнопсихологиясы жатыр. Кіші жүз адамдарына тән өжеттілік пен қайсарлық, Орта жүз қазақтарына тән байсалдық, парасаттылық, Ұлы жүзге тән сауда саттыққа деген икемділік, отырықшылық. Қазақ үшін шежіре - киелі ұғым.

Ш. Құдайбердіұлының «Жасында араластың малтымаға» деген өлеңінде мынадай жолдар бар: *«Тырбанғанда тырнақтай ғылым таптын»* дейді. Тырнақтай ғылым деп отырғаны шежіреге қатысты ел-аузынан жинаған аңыз-әңгімелер мен тарихи деректер болса керек. Бұл жерде Шәкәрім жер жүзін шарлап, білім алып келсе де өзіне - өзі көңілі толмай

отыр. Қажы ғылымға қанағатсыз болу керек дейді. Ақынның ұлы Ахат естелігінде Сол кезде Шәкерімнің кітапханасындағыдай кітаптары бар адамды көргем жоқ. Батыс Шығыс ақындарының толық жинақтары, барлық елдің лұғаттары, газет журналдары болатын. Шәкерім бұларды өте ұқыпты ұстайтын. «Мың бір түннің» толық томдары да болатын. Шәкерім жасынан, өзі айтқандай «белін буып,білім қууға» түседі. Қазақ шежіресін жазбақ болады»-дейді [1, 235 б.].

Қазақ халқының қалыптасу тарихын зерттеу жұмыстарына Ш. Құдайбердіұлының осы еңбегін пайдаланған дұрыс. Шежіренің басы баяндау әдісімен басталған. Автор үлкен жауапкершілікпен қарап, қарапайым оқырманға түсінікті тілмен жазған. Шәкерімді осы тұрғыдан кәсіби тарихшы деуге де болады. Шежіреде үш негізгі зерттеу тәсілін байқаймыз.

- 1) Ауыз әдебиеті үлгілері
- 2) Түркі тарихшыларының еңбектері
- 3) Еуропалық тарихшылар еңбектері

Ш.Құдайбердіұлының шежіресі Отан тарихына байланысты қосымша материал іздеген мектеп оқушыларына таптырмас құрал дер едік. Ауызша тарихи деректен және өзге елдердің тарихшыларының еңбегін түгел зерттеп талдаған Шәкерім, шежірені қарапайым оқырман қауымға ұғынықты тілде жазып шықты. Шығармада ойшыл ертегі сықылды, қисынсыз деген тіркесті бірнеше рет қолданған. Шәкерімнің мұнда айтпағы көнеден келе жатқан аңыз-әңгімелер, яғни мифология. Миф арқылы тарихи оқиғаларды баяндау әдісі барлық халықтарға ортақ. Ойшыл зердесінен өткен қытай, араб, парсы шежірелерінде айырмашылықтар, жұмбақ та түсініксіз мәліметтер көп болды. Шәкерімнің шындыққа жанасымдысын алып, қисынға келтіруі зор еңбектің нәтижесі. Этнография, тарихи оқиғалар, хандар жөнінде мол деректерге толы «Түрік, қырғыз-қазақ, һәм хандар шежіресі» қазақ тарихын баяндайтын маңызды шығарма.

Қорытынды сөзді Алашорда көсемі, Әлихан Бөкейхановтың сөзімен тәмәмдасақ: «Мұнан бұрын қазақ шежіресі қазақ тілінде кітап болып басылған жоқ. Шаһкәрімнің бұл кітабы – қазақ шежіресін білмек болған аға-іні іздегенді осы кітаптан табасын. Енді мұнан былай қазақ шежіресін жазбақ болған кісі, Шаһкәрім кітабын әбден білмей қадам баспа. Кітап жиған жері жоқ, көшпелі далада жүріп Шаһкәрім шежіресіндей кітап жазбақ оңай жұмыс емес» [2, 30 б.].

Әдебиеттер:

1. Шәкерім Құдайбердіұлы, Түрік, қырғыз-қазақ, һәм хандар шежіресі. Факсимиле мен көрсеткіштер жазған Ж.О. Артықбаев. Астана «Фолиант» 2007, 384 б.
2. Шәкерімтану мәселелері. Сериялық ғылыми жинақ. I том, (Құрастырған Т.Шаңбай) - Семей-Новосибирск, «Таллер –Пресс», 2006,- 440 бет.
- 3.Шәкерімұлы А. Менің әкем халық ұлы Шәкерім. Шәкерім тұлғалық энциклопедиясы. – Семей: Тенгри, 2008. – 864 б.
4. Сыдықов Е.Б. Шәкерім: ғылыми-танымдық басылым. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2013. – 441 б.

2-СЕКЦИЯ
АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ӘДЕБИ ЖӘНЕ ТІЛДІК МҰРАСЫ

**ҚАЛИХАН АЛТЫНБАЕВТЫҢ «ТЕПЕК БАТЫР», «ҚОЙБАҒАР»
ДАСТАНДАРЫ: ТАРИХИЛЫҚ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК**

Төлебаева Қ.Т.

Alikhan Bokeikhan University, Семей қаласы

Есімі республикасымызға кеңінен танымал, Ертіс жағалауынан, оның ішінде әйгілі Қалбатау атырабынан шыққан шалқар шабыт иесі, тума талант, айтыс додасындағы өткір шумақтары мәтел ретінде таралып, ақындық мінезімен аңызға айналған, суырып-салма ақын Қалихан Алтынбаев.

Қалихан Алтынбаев – біріншіден, суырып салма ақын, айтыс өнерінің хас шебері ретінде танылған ақын. Екіншіден, әдеби мұраны және тарихи шежірелерді жинаушы, Ертіс жағалауынан шыққан ақын-жазушылар және Семей өңірінің әдеби ортасы туралы, абайтануға қатысты зерттеу мақалалар жазған қаламгер. Үшіншіден, ақынның ғибратты шығармашылық мұрасының өзі-ақ қазақ әдебиеті тарихының көркемдік қорын толықтыра түсер сөз байлығымен ерекшеленеді.

Жалпы, әр халықтың тұрмыс қалпы, шаруашылығы, соған орай қалыптасқан көркем өнері, рухани құндылықтары болады. Халықтың ұлттық нақышын танытатын бұндай белгілер сол ұлттың, жоғары да айтқанымыздай, тұрмыс қалпы мен тіршілік көзі шаруашылық ерекшеліктеріне тікелей байлаулы болады. Мәселен, қазақ халқының ғасырлар бойғы негізгі шаруашылығы мал шаруашылығы болғандықтан, ұлтымыздың рухани әлеміндегі өнер түрлерінің басы-поэзия болды. Табиғат ананың бауырында, кең дала төсінде еркін көшіп-қонған елдің қуанышы мен қайғысы, зейнеті мен бейнеті, ой-арманы мен мұң-зары, қысқасы барлық жан әлемі поэзия тілімен өрнектеліп, кейінге мол мұра болып жетті. Сол себептен де қазақ поэзиясында, ұлт фольклорында халқымыздың көшпелі тұрмыс қалпы, соған негізделген дала мәдениеті, көшпенділер өркениеті, ұлттық руханият айқын танылады. Олай болса, халқымыздың ұлттық құндылықтарын поэтикалық көркем тілмен өрнектеген сөз зергерлеріне халқымыз кенде емес.

Сонау өткен ғасырда өмір сүрген жаужүрек жыраулардан бастап бүгінгі күнге дейінгі поэзия әлеміне көз салсақ қазақ халқының бүкіл ақыл-ойы, арман-мұраты, жеңісі мен жеңілісі ең алдымен ақын жүрегінен жарық береді.

Осындай поэтиканың эпика жанрындағы поэма түрі төл әдебиетіміздің өткен тарихында да, оның даму жолында да басқа жанрлармен бірге дамып, айрықша орын алып келе жатқандығын көруге болады. Поэманың алғашқы нұсқалары сонау ерте заманнан бой көрсете бастағаны белгілі. «Ер Тарғын», «Алпамыс», «Қобыланды» т.б. батырлық жырлар, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек» секілді лиро-эпостық жырлар, одан бергі «Қабанбай батыр», «Шақшақұлы ер Жәнібек», «Олжабай батыр», т.б. тарихи жырлар, сондай-ақ Шығыстық үлгідегі қисса-дастандар – терең тағлымды, күрделі құрылымды эпика жанрының көркем үлгілері екендігі белгілі.

Ал, халық ақындары Жамбылдың «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр», Нүрпейістің «Құбағұл», Төлеудің «Ақтайлақтың толғауы», «Кешубай қиссасы», т.б. эпикалық сарындағы жыр-дастандарын да сол ауыз әдебиетіндегі қазіргі қазақ поэмаларының өзіндік бастау түрлеріне жатқызамыз. Осы тұрғыдан алғанда қазақ поэмасы ғасырлар тезінен сұрыпталып, көркемдік дәстүр құрап халықтың рухани қазынасының алтын қорына айналып отыр.

Ұлттық әдебиеттану ғылымында поэма жанрындағы көркемдік дәстүр мәселесі аса күрделі де өзекті мәселелер қатарынан орын алады. Дәстүр тұтастығы әдебиеттану ғылымында өткен ғасырдан бастап кеңінен қарастырыла бастады. М. Әуезов, Ә. Марғұлан, М. Қаратаев, З. Қабдолов, Р. Бердібай, Е. Ысмайылов, С. Қасқабасов, Р. Нұрғали, Ә.

Нарымбетов, т.б. ғалымдар өз еңбектерінде халық поэзиясы мен халық ақындары шығармашылығындағы дәстүр мен жаңашылдық мәселелеріне байланысты жан-жақты ғылыми талдау жасап, тұжырымды пікірлер айтылған.

Әдебиеттану ғылымында эпика жанрының бұл түріне: «Поэма – оқиғаны өлеңмен баяндап айтатын, кейде жыр-толғау түрінде келетін көлемді шығарма. Сюжетті оқиға желісін ширақ өрістетіп, кейіпкердің іс-әрекетін бейнелеуге негізделеді. Поэманың алғашқы нұсқалары деп ауыз әдебиетіндегі уақиғалы жырларды айтуға болады. Олардың баяндау тәсілі, кейіпкерлер бейнесін суреттеу өзгешелігі де ауыз әдебиеті дәстүрлерімен тығыз байланысты» [1, 286 б.], – деген анықтама берілді.

Өз бастауы халық шығармашылығынан нәр алып, кемелденіп, өсіп-өркендеген эпикалық поэма түрі өзіне дейінгі әдеби дәстүрдің ең жақсы, ең озық қасиеттерін бойына сіңірді. Сөйтіп, халық ақындары қазақ халқының ежелден келе жатқан ауыз әдебиетінің эпикалық дәстүрінен, төл әдебиет пен әлем әдебиетінің озық үлгілерінен нәр алып, қалыптасқаны тарихи шындық.

Солардың бірі – лирикалық өлеңдер ғана емес, көлемді көркем шығармалар да жазған эпик ақын Қ. Алтынбаев.

Ақынның эпикалық поэмалары – оның реалистік бейнелеу әдістерін, өмір құбылыстарын нақтылы, айқын көзге елестетерліктей шынайы және типтік дәрежеге көтере бейнелей алатын көркемдік шеберлігін танытады. Қалихан сомдаған образдар алуан түрлі. Оның дастандарындағы кейіпкерлер характері әр алуан. Олардың бойынан батырлық, даналық, ізгілік, адамдық, туған жеріне деген махаббат сезімі сынды қасиеттер айқын танылады. Жалпы, ақын кейіпкер характерін ашуда халық ауыз әдебиет үлгісімен оқиғаларды әрдайым шиеленіскен жағдайда қайшылықты күрес, тартыс арқылы ширыққан драмалық формада жырлай отырып, образдарды күрес үстінде жанды бейнеде суреттейді.

Ежелгі аңыз-шежілерді, эпикалық жырларды мол игерген, жастайынан ауыз әдебиетінен сусындап өскен Қ. Алтынбаев 13-тен аса поэмаларды дүниеге әкелді. Ең алғаш «Тепек батыр», «Қойбағар батыр» атты дастандарын жазады. «Екі айқас», «Мүтедек үкімі» поэмалары азамат соғысы тақырыбына, «Революция семсері», «Дала перзенті» революционер Уғар Жәнібековтің бейнесін жасауға арналса, «Ақырғы айқас», «Мамай батыр» дастандары қазақ батырларының ерлігін мадақтап, дәріптесе, «Соғыс, солдат, балдақ» поэмасының сюжеті Ұлы Отан соғысының оқиғаларынан алынған. Партизандар отрядында болып, жараланып екі жанарынан айырылған қазақ солдатын орыс жұбайы жетектеп келеді. Поэманың кейіпкері – Қалиханның өз ағасы. Қос жанары сөнген батыр солдат туған жер көркін, келбетін бір сәт болса да көруді армандайды:

Армысың, Қапанбұлақ, Балықты көл,
Бармысың бауырындағы халық түгел?
Ей, қызыл күн, қарызға бір минутке
Иненің жасауындай жарықты бер [2], –

деп қиыла сұрайды. Отаны үшін, елі үшін басын өлімге байлаған, қос жанарын болашақ ұрпақтың бақыты үшін соғысқа берген солдат ерлігіне сүйінесің әрі қайсарлық пен қаһармандықты мұрат тұтқан тұтас бір қазақ жауынгерінің ортақ типтік тұлғасын танимыз.

«Тіл құдіреті», «Жекпе-жек», «Байғара қырғыны», «Аттестатты шопан», «Барақ шыққан бауырында», «Екі айқас» сынды – өмірінің соңғы кезеңінде жазған дастандарында тарихымыздың әлі де беймәлім тұстарынан хабар берер ел ауызында сақталған батырлардың ерлік істеріне құрылып, халық дастандары үлгісінде жазылған. Сондай-ақ, эпикалық жанрдың мол мүмкіндігін танытатын ақын туындылары жазба поэзиямыздың көкжиегін кеңітер әдеби-эстетикалық құндылығы биік кесек шығармалар ретінде ерекшеленеді.

Талай тарихи оқиғаға куә болып, кейде мейірі түсіп, ықыластана қарап, кейде мұңая күрсінген Жер-ана өзі ғана білер тарихтың айқара жамылған беймәлім көрпесінің сырын ашқан, көне құжаттардың шаң басқан беттерін дұрыс парақтаған, ауыз әдебиетінің жемісін жете меңгерген ақын ғана өткен өмірді, оның тарихын қайта жаңғыртады.

Қазақ ақындық қасиетті қастерлеген, жыраулық өнерді қадірлеген ел. Ақындық өнердің ұлтымыздың тағдырына ерекше орын алуының бір себебі осында жатса керек. «Мың өліп, мың тірілген» қазақтың басынан өткерген қилы кезеңдер мен сұрапыл шайқастарды ұрпақтан-ұрпаққа қаз-қалпында жеткізіп, ұлттық рухымызды асқақтатуға, еліміз бен жерімізге сүйіспеншілікпен қарауға үндеген ақын, жырауларымыздың дастандары, жыр термелері сонысымен құнды.

Осындай ел тарихын, халық батырларын өзек еткен «Қойбағар батыр», «Тепек батыр» дастандары бұл уақытқа дейін аталып келгенмен, әзірге ешбір басылымда жарық көрмеген және зерттеу назарына алынбаған. Дастандар М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында сақтаулы тұр.

«Қойбағар батыр» дастанында Найман, Сыбан руларының шығу тарихы, Қойбағар батырдың ерлігі, батырлығы баяндалады. Поэма:

Қойбағар ел аузында жүрген аңыз,
Бір талай осы аңызда жатыр маңыз.
Болғанда елі Сыбан, руы Қапан
Туысы Тауасардан сұрасаңыз.
Найманға бұл жақтан болған мәлім.
Көп батыр Қойкеңнен алған тәлім.
Бір жылы Байжігітке аттанбақ боп
Жиылды он екі адам күзге салым [3, 1], –

деп басталып, келесі шумақтарында Тарбағатай өңірінің сұлу табиғаты, оның әсем көрінісі, өрісінің малға жайлылығы былайша суреттеледі:

Байжігіт жалпақ жатқан қытай елі,
Бер жағы Тарбағатай асу белі
Байлығын ауыз бенен айтып болмас
Көшкенде көде сайын қалар төлі [3,1].

Одан әрі ақын Қойбағар батырдың ерлікпен қаза тапқанын, батырдың бейіті осы күні сақталған, Михайловка ауылының жанында жерленгенін:

Қойкең дүние салған қырық бес жаста,
Тағдыры сонен болған әуел баста
Үстінде хан жайлаудың алып келіп,
Қойылған таза арулап сандық таста
Қасында Михайловке ескі мола
Моланың құпия сыр іші толы
Аруағы жебеп-желеп есіркер деп
Үш күндей ой қажадым ерге бола [3, 1], –

деп толғайды.

Төл әдебиет дәстүрінде жазылған поэмада ақын ұлттық нақышты танытар этнографиялық көріністерді былайша суреттейді:

Басқасы ас артынан жатты тарап,
Отырды Манас жалғыз жаурын қарап,
Апырмай, қанжолды боп жүрмелік
«Деп айтты түйісті ғой тоғыз торап [3, 2].

«Жауырынға қарап, болашақты болжау», бұл мифтік ойлау кезеңінде болған. Ерте заманның адамдары табиғаттың қозғалыс жүйесіндегі ішкі сырды, ондағы құбылыс заңдылықтарын, әр мезгілде болып тұратын алуан түрлі өзгерістерді танып, негізгі себептерді толық түсініп кете алмады, өйткені ол адамдардың «мифтік ойлау» кезеңі еді. Сол себепті ол дәуірдің адамдары «табиғат пен адам бір» деген ұғым негізінде өздерін жаратылыс дүниесімен тең орынға қойып, мөлшерледі. Осы таным-түсінік негізінде олар өз өмірлерінің бейнесі болған түрлі мифтерді жарыққа шығарды. «Жауырынға қарап, болар күнді болжау» қазақ халқында әлі күнге дейін сақталған. Поэмада осы жай:

Жігіттер бір жаман түс көрдім дейді,

Түсімде қызыл жидек тердім дейді.
Жетектеп бел астынан алып кетті
Соңынан ұлы атамның ердім дейді.
Оянды Мүсіркеп те қатты шошып
Тұр екен мені осы жол ажал тосып
Түсімде түсі суық біреу келіп,
Айқыра қамшы менен жіберді осып.
Тағы да іле-шала Манас тұрып,
Жігіттер жоры дейді мойның бұрып
Түсімде астымдағы ерім шатынап,
Тұр екен қолымдағы найза сынып [3, 2], –

деп суреттелген.

Көрген түсті жору, жақсыға ырымдау архетиптік мәні бар қазақ халқының наным-сенімі ретінде көрініс табады. Ой категориясы адам психикасында үлкен таңба салғандықтан ұдайы ойлаған әр түрлі пейілдер түсте көрініс табады. Дастанда үш кейіпкер де жамандықты сезіп, соған қарай түс жориды. Дастанда қазақтың осындай ырым-сенімдері молынан ұшырасады. Сондай-ақ, ұлттық этнографиялық салттың бірі – бата беру салты «Қойбағар дастанында» екі жерде көрініс тапқан:

Қалмайық жолымыздан түске нанып,
деді де түрегелді оттай жанып,
«А, құдай! Жолымызды аша гөр» деп
Барлығы мінді атына қайраттанып [3, 3].
Биғозы бата берді қолын жайып,
Балалар жүре көрме жолдан тайып,
Я Қапан, Я Түкі, Я Байыс
Қолдасын жеті Кәміл ерен ғайып [3, 3].

Бата беру – адал ниет, жақсы тілек білдірудің ұлттық дәстүрі. Бата беретіндер, көбінесе, көпті көрген ақсақалдар мен кемеңгер даналар, дуалы ауыз билер болып келеді. Бата қысылғанда-қуат, қиналғанда-медет беріп, әрбір іс-әрекетке даңғыл жол ашып, бәле-жаладан қорғайды деп есептелген. Қазақ халқының ежелден келе жатқан рухани қазынасының бірі – бата сөздер. «Жаңбырмен жер көгерер, батамен ер көгерер», «Көп тілеуі – көл» деп ұққан қазақтар келер ұрпаққа бата беріп, ақ тілек, адал ниет білдіруді дәстүр тұтқан. Бұл жерде жорыққа шығып бара жатқан Қойбағар бастаған азаматтарға жол болсын айтып, бата беру дәстүрі суреттелген.

Дастан тілінің көркемдігі суреткердің әр сөзді орнын тауып, көркем түрде жұмсай білуінен танылады. Ақын сөзді қиыстырып, тиісті жерінде ұтымды қолданып қана қоймай, ойдың түсініктілігін, айқындылығын, дәлдігін беру үшін сөз мағынасын айшықтап, құбылтып қолданады.

Ақын сөзді ойнатып қолдану, тілдік элементтерді таңдап, тауып жұмсау, соны тіркестер, жаңа мағына туғызуда құбылту түрлері, ажарлаулар көптеп кездеседі. Мысалы:

Байжігіт жалпақ жатқан қытай елі,
Бер жағы Тарбағатай асу белі.
Байлығын ауызбенен айтып болмас,
Көшкенде көде сайын қалар төлі [3, 1], –

деген шумақтағы «жалпақ жатқан» тіркесі қытай елінің бай, қуатты, көп ел екенін ажарлап беріп тұр. Ал елінің байлығын, малының көптігін «көшкенде көде сайын төлі қалар деп бейнелейді.

Асуға ары қонып жетіп барды
Жаудырап қарашада қайтпақ қорды.
Көсіліп Тарбағатай тауы жатыр
Көлденең елестетіп шөккен нарды [3, 2], –

деген бұл жолдардан Тарбағатай тауының алыптығын көлденең жатқан шөккен нарды елестете отырып, көз алдымызға әкеледі. Мұнда ажарлаудың бір түрі – теңеу сәтті қолданылып отыр. «Теңеу – суреткер заттың, құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей-ақ, оны басқа затпен, құбылыспен салыстыра суреттеу» [4, 222], – деп академик З. Қабдолов айтқандай, дастанда шәлім шәлкес жол болғандай, самсаған қол болғандай, келеді аққудайын топ-топ болып, қаз ілетін қаршығадай, жалындай жас жігіттер, тайтайдай ту биелер, сақадай боп тұр сайланып сынды теңеулер мол ұшырасады.

Көңілі Қойкеңнің қоңыр күздей
Күрең ат қаз мойынды құлақ біздей.
Асуға алдындағы жөнелісті
Басқасы жылқыны айдап сегіз жүздей [3, 4].

Мұнда Қойбағардың көңілі «қоңыр», аттың түсі де адамның көңілімен шектес түс, ол «күрең», ал мойыны қаздікіне ұқсас. Бұл өлең жолдары ажарлаудың бір түрі – эпитет арқылы берілген. Ал, эпитет немесе айқындау – заттың, құбылыстың айырықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз» [4, 219]. Дастанда жаман түс, қызыл жидек, ұлы атам, түсі суық, қыр мұрынды, қызыл жүзді, көп жылқы, қара мұрты, тар асу, айсыз түн, жан ашу, қанішер Қандығатай, т.б. эпитеттер мол қолданылған.

Қанішер Қандығатай басында деп
Тыныштықпен ішкізбеді асыңды деп.
Қойбағар – кәрі көкжал қолға түссең,
Жұлар ек бір-бір талдап шашынды деп [3, 5], –

деген шумақта Қойбағарды ақын «көкжал» дейді. Одан біз Қойбағардың өр тұлғалы, халқына қорған болатын батыр екендігін көреміз. Ақын поэмаларындағы келесі бір көріктеу тәсілі ауыстыру яки метафора мол қолданылған. Метафора (ауыстыру) – сөз мәнін өңдендіре, өзгертіп айту, суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай түсу үшін, ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас затқа не құбылысқа балау, сөйтіп суреттеліп отырған заттың не құбылыстың мағынасы үстеу, мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейту» [4, 224]. Поэмадағы:

Жел берген Байжігіттің қолтығына
Семейдің жерді құртқан бір ноғайы [3, 5], –

деген тармақтарда қолданылған «жерді жұтқан» деген метонимия сұм, қу адам мағынасын беріп тұр. Бұлайша сөзді алмастырып қолдану метонимия деп аталады. Бұл құбылытудың бір түрі. «Метонимия немесе алмастыру - өзара шектес заттар мен себептес құбылыстардың, өзара байланысты ұғымдар мен шартты сөздердің бірінің орнына бірін қолдану» [4, 230].

Дастанда айшықтаудың бір түрі арнау да көп кездеседі. Қойбағар батырдың Байжігіт елінде қапыда мерт болуы зарлай арнау түрінде былайша бейнеленген:

Бауырым кетті қанталап,
Аруақтар келді анталап,
Ажалдың оғын атты екен,
Қандай бір дұшпан зәнталақ [3, 6], –

Ал, «зарлай арнау – белгілі бір адам қайтыс болғанда аһ ұрып, аза тұтып айтатын өлең» [4, 239] – түрі.

Қ. Алтынбаев – халық тілі байлығын, оның мүмкіншіліктерін кеңінен пайдаланып, әдеби тіліміздің дамуына өзіндік үлес қосып, өзіндік қолтаңбасы мен өрнегін қалдырған ақын. Жекелеген суреткердің жазу мәнері мен стилін өзгелерден даралап тұратын өзіндік сөз қолданыстар десек, ақын стилі мұны толық дәлелдейді.

Ақын дастандарын оқығанда тағы бір байқайтын ерекшелігіміз сөзбен суреттелген өмір, тіршілік құбылыстары, жорықтар бір-бірімен қиюласып, тұтас бір картинадай өтіп жатады. Осы үзілмеген сюжеттер желісі ұтымды, оралымды, көркем әрі шебер қолданылған тіл нақышы арқылы көрініс береді. Мәселен, мына бір шумақта ақын сөз образын өте сәтті көрсете білген:

Аздан соң есін жиып түрегелді

Сенделіп олай-былай жүре берді.
Тағы көл қып-қызыл болып ағып жатыр
Шығыстан келе жатқан күнді көрді [3, 10].

Көл қанға боялып қып-қызыл болып ағып жатыр және сол көл күнді көреді. Ол күн де қызарып атып келеді. Көру, қарау адамға тән құбылыс болғандықтан, ақын бұл жерде жансызға жан бітіру арқылы баяндаған.

Ақынның келесі бір поэмасы «Тепек батыр» дастанында елін, жерін қорғаған батырдың ерлігі баяндалады. Поэмада ақын:

Жау тисе жас арыстан Тепек бар,
Тобына тайсалмастан жаңғыз енген
Мылтық жоқ айла әдіс жоқ заман ғой ол
Жүйрік ат, жуан білек күшке сенген [3, 11], –

дей келе, Тепектің батырлық образын ақын асқан шеберлікпен суреттейді:

Тепектің нар түйедей бойы заңғар,
Ортасы жауырынның жатқан аңғар.
Ұрысы арқасында келсаптай ет,
Көзінде шашыраған тарам қан бар.
Бейне арғынның ақбота балуанындай.
Ойнаған бөлек-бөлек бұлшық сан бар.
Емшегінен келеді елдің бойы,
Кіндігінен аспайды тәштек жандар.
Тақымына басқаны көк шолақ ат,
Қодардың бедеуінде жылқыдан жат.
Арбаңдап алғашында жүгіре алмас,
Бусанып бой қызған соң бітер қанат [3, 12], –

деп Тепектің халық қамын ойлауын, сол жолда ерлік істер жасауын осылай бастайды да, кейіннен оны дамытып әкетеді. Дастанда ақын Тепек батырдың өз образымен қатар оның тұлпарын ақын:

Тоқымына басқаны көк шолақ ат,
Қодардың бесеуінде жылқыдан жат.
Арбаңдап алғашында жүгіре алмас
Бусанып бой қызған соң бітер қанат [3, 17], –

тұрпаты Қодардың бесеуінде, шапқанда қанат біткендей деп әсірелеу тәсілімен бейнеленген. «Әсірелеу немесе гипербола – адам өмір кешкен ортаның шындығы кейде кісі күлгендей, кейде жан шошығандай оқшау халде әдейі өсіріле не өшіріле суреттеу» [4, 235].

Ақын дастанда осындай әсірелеу жолымен Тепек батырдың күштілігін, мықтылығын, алып күш иесі екендігін былайша суреттейді:

Мынаның баласы не айтып тұрған
Деп Тепекең артына мойын бұрған
Жабысқан аш беліне Өгізбайды
Ұстай ап бір қолымен лақтырған
Бейшара қарақұс боп қалқып ұшты
Құшағын жайып барып жерді құшты.
Кемтар боп жығылғанда шаты шығып,
Өмірлік өзегіне қайғы түсті [3, 18].
Қозғасам оқиғасын Тепек ердің
Қозады аруағы Қалба белдің
Бір жылы Тобықтының Аязбайы
Өліпті соққысынан біздің елдің [3, 18], –

деп басталып, желісін бұзбай, бір оқиғадан екіншісі өрбіп, Тепек батырдың ерлік істері толық баяндалады. Осы негізде оның образы сомдалады. Сюжеттегі тартыстың басталуы

Тобықты елінің Найман жұртына шабуылынан көрінеді. Қазақ халқының ұлттық нақышына тән «жершілдік», «намысшылдық» қасиеттерді ақын:

Ай туып білезіктей шалқасынан
Көрінді жұлдыздардың алқасынан
Жершілдік қазақтағы төмен емес,
Орыстың компасы мен картасынан [3, 19], –

деп орыс ұлтының «компасы, картасымен» синтаксистік параллелизм жасап, бір деңгейге қоя суреттейді.

«Тепек батыр» дастанында да этнографиялық детальдар мол. Мұны дастандағы Тобықты елінің Күйісбайы мен Найманның Тепегі араларындағы бітіспес жаулықты ұмытып, құда болуға бел байласқан эпизодтан анық көруге болады. Жалпы бұл дәстүр сонау қазақ-қалмақ шапқыншылығы кезеңінде екі елді бітістіру ниетінен туып, қалыптасқан. Профессор С.Қалиевтің «Құда түсу – қазақ халқы қоғамдық қарым-қатынастарды әдет-ғұрыптар бойынша реттеп, өздерінің достығын қыз алысып, қыз берісіп, құда болу арқылы нығайтты» [5, 140], – деген сөзі бұған дәлел. Дастанда «құн даулау», «бітімге келу» сияқты этнографиялық детальдар да кездеседі.

«Жақсыдан жаман туар, бір аяқ асқа алғысыз, жаманнан жақсы туар, атасын айтса нанғысыз» дегендей Тепек батыр ұрпағы Ахметжан паракор, жемқор болып абақтыға отырады. Бұл жай поэма сюжетінде жарлай арнауы түрінде былайша көрініс тапқан:

Көптің мүлкін қызғыштай боп қорыдым,
Реті келсе қасқырдай боп торыдым.
Байқұс басым ерте білсем бүйтерін
Тауықтай ғып отқа қақтап үйтерін
Ең қызығы тастай қатып жемес қой.
Қайда барсаң өлтіретін өңеш қой
Жіберетін көзімді тым ақитып,
Темір тәртіп қысты бүгін соқитып [3, 20].

Ақынның сөз шеберлігі осы жолдардан анық танылады. Оның «Қызғыштай», «қасқырдай», «тауықтай», «отқа қақтап үйіту», «тастай қату» сияқты теңеулері поэмада сәтті қолданылған.

«Байқұс басым», «темір тәртіп» – эпитеттер. Осы жолдардың ішінде Ахметжанды адам ретінде азғындатып, құртқан бір деталь бар – ол «өңеш» деген сөз. Тілдің лексикалық қабатында пайда болып жатқан жаңа сөздерді, сөз тіркестерін, айшықтау-көркемдеу құралдарын суреткердің түлетіп, түрлентіп қолдануына бұл айшықты айғақ.

Негізінде, дастан шешімі трагедиямен өрілген. Дастанның құндылығы тарихи оқиғаларды эпикалық тұрғыда баяндай отырып, бүгінгі күнмен тағылымды үндестік табуында. Неліктен, олай дейміз. Себебі паракорлық, жемқорлық – бүгінгі күннің де, кезек күттірмейтін өзекті мәселесі.

Сөйтіп, ақын поэмаларында этнографиялық детальдарды тиімді қолданып, ажарлау, құбылту, айшықтау, т.б. көріктеу құралдарын, келісімді тіркестерді сұлу сөзді сюжеттер өзегіне кіріктіре отырып, поэмаларының әдеби-эстетикалық қуатын арттыра суреттеген.

Ақын Қалихан Алтынбаевтың поэма-дастандарында оқиғаның басталуы, дамуы, шиеленісуі шарықтау шегі, шешімі сияқты композициялық бүтіндік қатаң сақталып, шығарма сюжеті бірте-бірте өрби отырып дамиды. Дастандарда жеке адамның, батырдың өмірі, олардың ерлік істерімен қатар, белгілі бір тарихи кезең оқиғалары да өзара байланыста баяндалады.

Ақынның келесі дастаны – әкесі Қалиасқар дүниеден озғанда шығарған «Жоқтау» дастаны. Жоқтау – қазақ фольклорында ғасырлар бойы қалыптасқан лиро-эпикалық түр. Ел аузында жүрген жоқтаулардың кей үлгілеріне қарағанда, жоқтау белгілі бір тарихи адамның кім екені, қай жердікі, қандай рудан екеніне дейін беретін эпикалық баяндауға құрылады. Солардың бірі Қ.Алтынбаевтың «Жоқтау» дастаны:

«Бісміллә» – сөздің бұлағы,

Білгенге иман шырағы.
Бісмилладан бастасаң,
Басылмақ көңіл мұнары.
Пеңденің күні фәниде,
Белгілі бәрібір тынары.
Биіктен өскен дарактың,
Бір күні мағлұм сынары.
Біз жоқтамай кім жоқтар,
Бәйтерегім құлады.
Бақиға көшкен жақсы әке,
Бейште болсын тұрағы [6, 1], –

деп басталып, ары қарай әкесінің шыққан тегі, руы, ата-бабаларының қоныстанған мекені, айналысқан шаруасы жайында жырланады.

Алладан бұйрық осылай,
Ақыры сабыр етерміз.
Жақсы әке, сірә өзінді,
Жоқтай да жоқтай өтерміз.
Қасқалдақ мойын қайырған,
Хандардың ісін айырған –
Безгелдек мойын қайырған,
Билердің ісін айырған –
Жақсы әке, сені жоқтамай,
Фәниде мынау нетерміз! [6, 14], –

деп, фәни жалғанның өткіншілігін, адам ғұмырының өлшемі Алланың жазуында екендігін мойындайтын философиялық салмақты ой қозғайды, дүниенің бір орында тұрмайтын өткінші екенін, ажал ханға да, қараға да бірдей келетінін айта келіп, ақын:

Өмірің бізге өнеге,
Сау болып бала, немере,
Топырағың торқа боп,
Иман болып кеудеңде,
Артыңнан бірсін қайырын! [6, 14], –

деп әкесінің бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлгендігін айтып, әкесінің игі істері артта қалған бала, немерелеріне үлкен өнеге екендігін жырға қосады. Сол қасиеттер ұрпақтарының бойына дарып, о дүниеде әкесінің жаны жәннатта болуын тілейді.

«Жоқтау» дастанында мұңлы-шерлі, зарлы ой тебіреністерінің қайғылы тақырыптық желісінде өмірден өткен әкесінің рухани-адамгершілік тұлғасы дәріптеле суреттелген.

«Әр ғасырда өмір сүріп, әр түрлі тағдыр кешкен басқа да сандаған батырлардың қай-қайсысын алсаңыз да олардың тұлғасын алдымен халық ішінен шыққан өнер иелері көркем сомдауға, әдебиет тілінде жырға қосуға ұмтылған» [7, 159]. Осы орайда айтарымыз, Қ.Алтынбаев «Қойбағар батыр», «Тепек батыр», «Ақырғы айқас», «Мамай батыр» дастандарында елін, жерін қорғаған Қойбағар, Тепек, Боранбай, Мамай батырлардың ерлігін баяндайды.

Қорыта айтқанда, ұлт фольклорынан, төл әдебиет үлгілерінен, Абай дәстүрінен нәр алған Қ. Алтынбаев дастандары ұлттық поэтика өнерінің дәстүрлі арнасын жалғастыра отырып, XX ғасыр әдебиетіндегі халық ақындары шығармашылығында өз көрінісін берген жазба үлгідегі эпикалық дастандардың қатарын толықтырар көркем туындылар ретінде әдеби қордың айтулы мұраларына айналды.

Әдебиеттер:

1 Әдебиеттану. Терминдер сөздігі / Құрастырған: З. Ахметов, Т. Шаңбай. – Семей-Новосибирск, 2006. – 398 б.

2 Туғанбаев Қ. Жүрісіңнен жаңылма, жүйрігім: Ақын Қ. Алтынбаев 60 жаста // Семей таңы. – 1987. – 25 декабрь.

3 ҚРҰҒА. Әдебиет және өнер институты. «Қойбағар», «Тепек батыр» дастандары. 1961 жыл. 280 бума. 1-дәптер.

4 Қабдолов З. Екі томдық таңдамалы шығармалар. Сөз өнері: Монография. – Алматы: Жазушы, 1983. – 2 т. – 456 б.

5 Қалиев С., Оразаев М., Смайлова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы: Рауан 1994. – 152 б.

6 ҚРҰҒА. Әдебиет және өнер институты. «Жоқтау» 1961 жыл. 280 бума. 2-дәптер.

7 Әбдезұлы Қ. Тарих және тағдыр. – Алматы: Қазығұрт, 2004, - 208 б.

ЖАНАТ ӘСКЕРБЕКҚЫЗЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ИМПРЕССИОНИЗМ

Мүрсәлім Г. О., PhD

Alikhan Bokeikhan University, Семей қаласы

Мақала тақырыбын белгілі ғалым, әдебиеттану саласында проза және поэзия поэтикасының тың мәселелеріне назар аудара індете зерттеген Б. Майтановтың цитатасынан алдық.

Жанат Әскербекқызының шығармашылығының ерекшелігі неде?, - деген сауалға филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Майтанов ақынның мифологиялық, тарихи ойлау жүйесінің ауқымды екендігін бірінші орынға қойған.

Мифологиялық және тарихи ойлау жүйесі этникалық-танымдық түпкі ой-санаға негізделетінін ескерсек, Ж.Әскербекқызының өлеңдерінде ұлттық дүниетаным коды тұнып тұрғанын аңғарамыз. Мәселен, ұлттық санада мызғымас орын алатын «Киелі Жер» ұғымы ауқымында туған жеріне арнаған «Баба жұртына оралу», «Марқакөл», «Тарбағатай. Бүрмедегі обалар», «Арғанаты», «Китіңқара», «Сыбанбұлақ», «Айтқаншоқы», «Жалғызтал», «Өскемен», «Алтай», «Маңғыстау», «Өтүкен тауы», «Берел», «Шыңғыстау», «Сауыр мен Сайқан», «Қалбатау», «Тұлпар», «Сұңқар», «Толағай», «Маңырақ», «Барқытбел», «Тарбағатай» атты өлеңдерінде тек табиғаттың сұлулығын жырлап қана қоймай, осы атаулардың тарихи маңыздылығын мифологиялық тылсым сырын ақтару арқылы ашқан. «Қазына боп келеді қай ғасырдан?!» деп риторикалық сауалмен басталатын «Тарбағатай. Бүрмедегі обалар» өлеңінде қиырдың бір пұшпақтағы қыратында қалған Бүрмедегі обаларды көргендегі сезімін өлкенің бағзы тарихын тануға меңзейді.

«Әуелгіде ... осы тұс Патшалық боп,

Ақырында ... оба боп мұнарланды», - деп нақтылай келе,

«Жатқан болар жай тауып өз ұланы,

Жүйріктері жарысқан жазығы әні!

Рух дерсің, шежіре –тарих дерсің

Обаларға көмілген қазынаны...», - деп түйіндейді [1, 17 б].

Бұл өлеңінде ақын терең толғаныспен өлке тарихын тануға ой салады. Өлкенің қазынасы тек алтын іздеу немесе жердегі байлыққа құнығу емес, Жердің қазынасы обаларға көмілген Елін, Жерін қорғаған «өз ұландар» екендігін ескертеді. Сондай-ақ «Қазына» сөзінің ауқымына бойға қуат беріп, рухты оятатын киелі күш - Туған жердің шежіре-тарихы екендігін еске салады. Жанаттың ішкі монологында өлкедегі осынау тарихи-мәдени мұраны саф күйінде келешек ұрпаққа сақтау аманаты бар.

Тарбағатай өңірі ата-бабалардың ежелден қоныстанған мекені. Сондықтан да бұл өңірдегі жер аттары мен қатар ел аузындағы аңыз-әңгімелердегі мифологиялық сарындардың этникалық ғұрыптық элементтері мен дүниетанымдық ерекшеліктері бар.

Тарбағатай - ақынның туған жері. Ж.Әскербекқызының атрибуттары – «Туған жер» – тәу ететін киелі мекен және осы «киелі мекен» ұғымының түбіндегі мифологиялық сана. «Тарбағатайым...» өлеңінде ақын

«Сағым жөңкіген белім аман ба,

Жалпақ жұрт – жайлау төрім аман ба?

Аңыз боп жеткен ата қонысым –
Қос Арғанаты, желің аман ба?...
...Тарбағатайым –тәу етер жерім,
Топырағыңнан өнген дәніңмін», - десе, Тарбағатайдағы балбалдарға келгендегі сезімін «Тас балбал һәм тағдыр» өлеңінде
«Дәуір болып дүбір өтті,
Ақыры бар ғұмыр өтті..
«Лә иллаһа ил Алла» деп,
Балбал мүсін күбір етті» [2. 92-93 бб], - деп, «МЕН-ОЛ» жүйесіндегі кодтық модель ретінде шебер берген.

Ж.Әскербекқызы тек ақын ғана емес, сонымен қатар ғалым, ұстаз. «Миф.Мифология. Мифопоэтика» атты монографиясында: «Шығармашылық адамның мифке көзқарасы мен қарым-қатынасын әр тұрғыда саралап көрсетуге болады. Мифтің негізгі нысаны –адамзат тіршілік етіп отырған әлем, нақтылай айтсақ табиғат. Осы табиғатты нысан ету арқылы әлеуметтік мәселелерді көтеру лирикалық поэзиядағы бір арна болды», - дей келе, қазақ фольклорындағы көнеден жеткен бақсылар сарындарындағы табиғатпен тілдесу және жыраулар поэзиясындағы психологиялық егіздеулерге назар аудартады [3, 299 б].

Тағы бірде Б.Майтанов модернизмнің импрессионистік тармағына хас эстетикаға сай жыр толғайтын ақын деп атап өткен. Импрессионизм термині французша *impressionnisme* (impression- впечатление-әсер) *әсер етуші* деген мағынаны береді [4,336-339 бб].

Жанат Әскербекқызының шығармашылығында тылсым сырлар басым. Сондықтан, «Түн. Жапырақ түс көрді» атты өлеңді тұтас ұсынуды жөн көрдік.

Түн. Жапырақ түс көрді..
...Айнала – жасыл, *жадырап тұр маң*,
Шуақ пен шаттық шаңырақ құрған.
Шақырды мұны ойынға кел деп,
Жапырақ біткен... *жамырап тұрған*.
Билейді бұл да күлкіге бөгіп,
Құп-құйттай бойдан мың тілек өріп.
Терек те бір сәт *сергіп қалғандай*
Тіп-тік тұлғасын *сілкіне керіп*.
Жап-жарық әлем шырайлы неткен,
Жапырақ *сусын сұрайды көктем*.
Кенеттен... *жүзін уайым бүркеп*,
Егіліп тұрып, жылайды көктем.
Сұрғылт түске аспан боялып кетті,
Ғайып боп сәтте той анық кетті.
Мұп-мұздай тамшы *тітіркендіріп*,
Селк етіп жапырақ, *оянып кетті*.
Жайдары, жарқын ұрлап ап күнді,
Түнжырап бұған түн қарап тұрды.
Жасыл реңі сарғайып қапты,
Мизам боп бір сәт мұң қарап тұрды...

Жапырақ қалғып кетті...[5,143 б]. Бұл өлеңде жаңа жанрдың қазақ поэзиясындағы импрессионизмнің таңқаларлық үлгісін көреміз. Түн табиғатын түнгі ұйқымен, ұйқыдағы түс көру әлемінен байланыстыра отырып өрбіткен. Өсіп тұрған теректің бір жапырағының көрген түсіндегі ғажайып әлемді шарлауы мен мұп-мұздай тамшыдан тітіркеніп, селк етіп оянған кезеңін суреттейді. Ұйқыдағы түс көру әлемінің қиялдағы ішкі арман түйсігімен қауышқан тұсын - терек пен жапырақ арқылы әке мен баланың символикалық бейнесін импрессионизм элементтерімен үндестіріп берген. Жапырақ – жадырап тұрған шуақты әлемді күлімдеп қабылдаған, тілегі шаттыққа бағытталған арманшыл бала.

Терек- әке. Жанат әке бейнесін «Терек те бір сәт сергіп қалғандай,

Тіп-тік тұлғасын сілкіне керіп», - деген жолға сыйдырған. Бұдан біз бүгіліп илікпеген, жігері жасымаған, сергек те сезімтал, қандай кезеңде болмасын дүр сілкіне тез шешім қабылдайтын, батыл образды аңғарамыз. Жарық әлемнің шырайлылығын құрметтеу мен жапырақтың сусынды көктен сұрауының астарында өмірді сүю мен Жаратушыдан тілек тілеу тұрғандай.

Ұйқыдағы түс тәтті болғанымен, түсінде сұраған сусынының өңіндегі әлемде көктемнің егіліп жылаған көз жасына; шуақ пен шаттыққа бөленген шырайлы аспанның сұрғылт түске боялуы; билеп жүрген күлкіге бөккен сәтінің мұздай тамшыдан тітіркене, селк етіп оянуы – тағдырдың жазуымен адам ғұмырындағы кезеңдердің алмасу шарттарын жеткізгендей. Жасыл реңнің сарғаюы- кәріліктен қаша алмайтын қағида мен өмірдің соңы мәңгілік ұйқы екенін ескертеді. Алайда жапырақтың қалғып кетуі – өмірдің жалғасын табатындығын, қалғудан соң ояну бар екендігін қаперге алғызады.

Ақын бұл өлеңде адам ғұмырын табиғаттың бір сәттік «қас қағым сәттегі» көрінісімен байланыстыра суреттеуде импрессионистік бағытты шебер қолданған. **Импрессионизм** түсінігі ең алдымен XIX ғасырдың аяғында Францияда сурет өнерінің кескіндеме (живопись) жанрында пайда болған жанр. Бұл терминді ең алдымен сол кезде шығып тұратын «Le Charivari» журналының беделді сыншысы Луи Леруа «Импрессионистер көрмесі» атты фелетон жазып, бұл суретшілердің шығармаларында тек әсер бар деген ойын жазған-ды.

Импрессионизм кескіндеме жанрына өзгеріс әкелуімен қатар адамзаттың санасына, қабылдау өресіне де үлкен әсерін тигізді. Белгілі шеңберге бейімделіп қалған кескіндеме өнерінің өкілдері мен зиялы қауым жаңашыл импрессионист суретшілер Эдуард Мане (1832-1883), Клод Моне (1840-1926) Пьер-Огюст Ренуар (1841-1919), Эдгар Дега (1834-1917) және т. б. шығармашылығын бірден қабылдай қоймады. Айналасындағы дау-дамайға қарамастан суретшілер бағыттарынан айнымай шығармашылықтарын дамыта берді. Бүгінгі күні импрессионистердің картиналары классикалық тұрғыда қабылданып, сұранысы жоғары жанр ретінде әлем мойындалған.

Әдебиеттегі импрессионизмге келсек, әдебиет жанры ретінде XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында импрессионист суретшілердің стилінің әсерінен Европа елдерінде пайда болды. Батыста алғашқы импрессионист ақын ретінде П.Верлен, Ресейде К.Бальмонт және И. Анненскийді атайды.

Десек те, біздің елде импрессионисттік бағытта жазатын ақындардың шығармашылығы жайында нақты зерттеулер мен арнайы еңбектер жазылмағанымен, бұл жанрдың қазақ поэзиясында ежелден бар екенін байқауға болады.

Ұлы Абайдың «Желсіз түнде жарық ай өлеңі» де импрессионистік бағыттағы қазақ поэзиясының биік шыңы. **Желсіз түн, жарық ай сәулесінің су бетіндегі дірілі,** ауыл маңындағы терең сайдағы **тасыған өзеннің гүрілі,** қалың ағаш **жапырағының сыбырласқаны,** жер жүзінің жасыл түске еніп **құлпыруын** сезінуерекше әсерге бөлейтініне ешкім дау айта алмас. Міне, осы өлеңдегі сөздің ерекше құдіреті арқылы айналаны, табиғатты көкірек көзімен сезіп, өмірге деген көзқарасты ықыласпен тануға жетелейді.

Осы орайда ғалым Б.Майтановтың «...Жекелеген ақындар творчествосындағы ашық толғаулардың зор көркемдік – поэтикалық қуатын байқау қиын емес, қазақ өлеңінің мазмұндық табиғаты көкіректегі терең сырды автор алдымен өзіне арнап, ақиқатты тану арқылы халыққа жаю түрінде көріну ерекшелігі басым» деген сөзі ойға оралады [6, 141 б].

Ауызша әдебиеттің түрлі жанрларындағы фольклордан бастап халық әндерінің мәтіндерінен импрессионизмге тән бейнелі сөздерді көптеп табуға болады. Мифтік танымға жетелейтін «Ақ сандығым ашылды, ішінен маржан шашылды (аспан мен аспандағы жұлдыздар) дейтін жұмбақтан импрессионизмге тән элементтерді кездестіреміз. Халық әндеріндегі «Қалқатайдың дауысы-ай», «Бекзатым»-ай» және т.б.

Өлең тақырыбы түн және жапырақтың көрген түсін баяндаған. Ж.Әскербекқызының өзге де өлеңдерінде осы түсініктердің және басқа да тылсымдық мәнге ие атаулар мен сөздердің қолданылуы бір-бірімен циклдық байланыста келеді.

Түн. Түн ұғымын Ж.Әскербекқызы көптеген шығармаларының түпкі ойындағы мифологиялық сарынын кейде символикалық, кейде импрессионистік көркем функция тұрғысында тануға меңзейді. Түннің терезеден қарауы, түнмен сырласу, түнді күту, түнгі сезім, түнгі сезімталдық, түнді қарсы алу, түнді аттандыру, түн –мұхит, аққұба түн, түннің жұмбақ өңі, түннің мойыл көзі, түннің тұнжыраған жанары, телегейдің түбінде бұғып қалған түн, қарашықтағы налыған түн, ойлы түн, бәр сәтке уыз боп ұйып қалған түн, жан-жүйені сыздатқан түн секілді астарлы теңеулер арқылы ақынға ғана тән ішкі монологын түн табиғатымен байланыстыра беріп отырады. Өлеңнің түн мезгілінде туып, ай нұрымен келетін сәуледен төгілетін сәтін былайша тербейді:

«Ай нұрынан ақшыл желек бүркеніп,
Аққұба түн тереземнен тұр төніп.
Мен отырмын, түннің жұмбақ өңінен,
Өлеңіме өзек болар сыр теріп.
Жүрегімді бүлкілдеткен мұң шіркін,
Бұлқынады, дегендей-ақ бір сілкін.
Бетін еппен басып тұрып әйнекке,
Баяу-баяу сыбырлайды сыршыл түн...
Тәні жаурап, сәл естірте күрсініп,
Аймалаған Айға қылып құлшылық.
Ойлы түннің өресіне бөленіп,
Тыныштыққа балқып кетті тіршілік.
Жанарыма құйып беріп мұң-сырын,
Жүрегіме сезім сыйлап бір шырын.
Ұйып қалды, уыз боп түн бір сәтке,
Тыңдағандай жүрегімнің дүрсілін.
Сезімтал тал құлақ тікті елеңдеп,
Ай ұмсынды, маған жақын келем деп.
Жан-жүйемді сыздатқан түн бір кезде
Жүрегімнен үзіледі өлең боп» [7,130 б].

Әсілінде, Жанаттың өлеңдеріне циклдық жүйе тән. Тағы бірде түнді «Түлен түлеген түн,

Күлкі жүдеген түн...
Менен түңілдің бе?!

Түңілме», -деп түнге بازیна айтады. Енді бірде кейіпкер болмысындағы «Түн – әйел»жұмбақ хал кешіп, хаос әлемінде бұлқынады:

«Ай жатыр. Жылжымайды,
Түншығып кім жылайды...
Етегін қымтай түсіп,
Түн-әйел тұнжырайды. ...
...Мүлгітіп айналаны,
Бозарып ай қалады.
Түн-әйел ұйқысырап,
Қыр кезіп, сай барады... » [8, 146].

Жанаттың түні Айлы түн. Бірде жұлдыздары жымыңдаған айлы түн, бірде бұлт бүркеген жабық түн, бірде үрей шақыратын желді түн, бірде жанға жәйлі тымық түн. Табиғаттың тосын мінезі қалай бұла тартса да Ай кейде сығалап, кейде сыбырлап, кейде сәулесін төге ақынға шабыт береді. «Кіммен тілдесем?!» өлеңінде ол түнмен тілдесетінін, түннің жоғалар жарық жақындар сәттегі Айдан жететіндей тылсым сырына жетелелейді.

Ақынның Түнге құштарлығы арқылы әлемді тануға және әлемге астарлы үн қатуға ұмтылысының ой тастау бағыты сопылық танымдағы «Из тьмы рождается свет» қағидасымен өзектес тәрізді. Ал бұл қағиданың сонау замандардан жеткен мифологиялық ой-сананың өресінде тұңғыықтан шығаратын күш екендігі жөнінде көптеп мысалдар келтіруге болады. Шынтуайтында түнді күн, күнді түн алмастырады емес пе.

Қорыта келгенде, Жанат Әскербекқызының түнге құштарлығы мен түнгі әлемінің жұмбағына бойлау үшін ақын шығармашылығының циклдік динамикасына үңілу ләзім.

Әдебиеттер:

1. Әскербекқызы Ж. Қыш тақтадағы сына жазу. Өлеңдер және аудармадар. Тараз: «Сенім» ЖБО, 2019. 144 б.).
2. Әскербекқызы Ж. Ай-Тамғы. Өлеңдер. –Астана: Профи Медиа, 2014. -240 б.
3. Әскербекқызы Ж. Миф.Мифология.Мифопоэтика. Монография. –Алматы: Эверо, 2017-512 б.
4. Майтанов Б. Аспандағы ақиқат. Сөз сыры. - Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2002)
5. Әскербекқызы Ж. Ай-Тамғы. Өлеңдер. –Астана: Профи Медиа, 2014. -240 б.
6. Майтанов Б. Аспандағы ақиқат. Сөз сыры. - Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2002)
7. Әскербекқызы Ж. Ай-Тамғы. Өлеңдер. –Астана: Профи Медиа, 2014. -240 б.
8. Әскербекқызы Ж. Ай-Тамғы. Өлеңдер. –Астана: Профи Медиа, 2014. -240 б.

МАРАЛТАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЛИРИКАЛЫҚ ҚАҒАРМАН

Аитова Ж.Ж., филология ғылымдарының кандидаты

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ

Қазақстан Республикасы, Семей қаласы

Сыншы Әлия Бөпежанова: «Маралтай – әдебиетке еліміз тәуелсіздік алып, бұрынғы қоғамдық жүйе ыдырап, жаңа жүйе қалыптаса бастаған күрделі кезеңде әрі ғасырлар тоғысында келген ұрпақтың көрнекті өкілі»[1,32], – деп бағалап, «Маралтай жырларында өзіндік стратегия бар. өйткені ол біз жоғарыда айтып өткен сырт көз тентектігіне, өміріндегі астан-кестендерге, жүйесіздей көрінетін мінезіне қарамастан өз өмірбаянын жасауға, демек, қазақтың бүгінгі поэзиясын саналы түрде жасауға тікелей өзі қатысады. Ол өмір стилін ғана емес. өз сөз-тағдырын саналы түрде таңдайды. Яғни мұндағы әңгіме саналы стратегия туралы. Сондықтан да ол иерархияны бұзады. Оның жырлары демократияшылдығымен ерекшеленеді – бүгінгі сана соқпағымызды, бүгінгі олайу формамызды және бүгінгі тілдің мүмкіндігін ашуға бастайды. ал ақындық мәдени стратегияларының түп-тамыры жауапкершілікпен суарылған еркіндіктен туындайды. Саналы қажеттіліктен...» - деп жазса, әдебиетші-ғалым Бақытжан Майтанов: «Фәни дүниенің қарға тілегі мен абсалютті ақиқаттың көгершін қалпы антитезалық бітім түзсе, махаббат зәмзәмін Омар Наям, Мағжан Жұмабаев, Сергей Есенин, Поль Верлен, Артюр Рембо сияқты имперсионистік айшықпен қайталанбас таңбалық бейне арқылы дәріптейтін ақынның сері сезімі ең соңғы дәрежедегі дәлдікпен безендірілуге бейім. Қиялмен арғы әлемнің мәңгілік бекінісіне көшіп алған масаң жігітке кір шалған мына тіршілік аянышты»», – деп келтірген «Ай астындағы Кентавр. Маралтай Райымбекұлы» атты кітапты құрастырушы филолог Шакиза Есенқабылова. Бұл жинаққа Маралтай ақынның шығармашылығы туралы жазған 60 автордың мақаласы енген. Осыдан-ақ Маралтай ақынның Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ әдебиетінің алғашқы қарлығашындай кең қанат жайғанын, тіпті символдық дәрежеге көтерілгенін білуге болады.

Маралтайдың «Кентавр» атты өң кітабы «Жалын» баспасынан 2008 жылы жарық көрген. Бұл кітаптың беташары да кітаптың атауына айналған «Кентавр» атты өлең. Және

бұл автордың ақындық ұраны сияқтанады. Оның бір сиқыры сезіледі. Жыраулар поэзиясынан мұраға қалған рух шақыру сарынын жас ақын өте сәтті қолданған.

Тарпаң тұлғалы, кісі бейнелі
Бабалар бүгін түсіме енбейді.
Солардан қалған жүрек қой мынау –
Жүрегім, неге, кісінемейді?
Пұшайман халім өртеді мені.
Қылқобыз кеудем шертеді нені?
Жал бітті...

кенет...

жотама менің,

Оқиғадағыдай ертегідегі.
Ғаламат солай басталып бір сәт,
Құйғытып кеттім тастарды турап.
Атылдым көккке жай сияқтанып,
Тұяғым алтын – Ай сияқтанып...[2,46]

Жан дүниесі торығып, тіршіліктің кедергілерінен жаны жасып жүрген кейіпкер кенеттен жарқырап, рухы жанып сала береді. Ақынмен бірге оқырман да қанаттанып, арқасы қозып, биік арманға қол созады. Маралтай қазаққа өлгені тіріліп, өшкені жанғандай қуаныш сыйлаған Тәуелсіздікке осылай ұран арнайды.

Маралтай өз дүниетанымына фольклорлық сарын қосып отыратыны жарасымды. Лирикалық қаһарман шеңберге сыймастай аласұрған күй кешеді. «Құйын» атты өлеңінде автордың жер бетінде ойнала беретін мәңгілік адамзат драмасын өзіне ғана тән ерекше ақындық қуатпен бергені көзге ұрып тұруы заңды.

Өзім барам!
Сол жаққа қарай-қарай көзім талған.
Кез еді Ер Төстіктей көзім талған –
Құсадан Жер бетілік мезі болған.
Барамын, табамын да жақынымды
Алыста жақындарым заты мұңды.
Жалғанын жұмағына кісенделген
Босатам, дүр-дүр ұшсын пақырымды.

Ақын өлеңдері өз жанын жұбатардай да сезіледі, бірақ рухы жасымайды.

Оның жырының басты сарыны – тағдырға бас имеген өрлік пен ұлттық намыс. Маралтайды Маралтай қылып тұрған да осы мінез.

Өлсем сенің босағанда өлемін,
Ақындарын ардақтаған өр елім.

Иесі бар иттер талап жатса да,
Киесіне шағынбаған бөрі едім.
Тозаң қылған тарихымды тозбасқа,
Ниет қылып күнде шалам бозқасқа.
Ұл қыламын десең сенің құлыңмын,
Құл қыламын десең егер... сөз басқа!

Ақындықтың жүгін құлатпай, парызына адалдық таныту да ақынның өр мінезінен, қалыпқа көнбес, нөқтаға басы сыймас мінезінен екені байқалып тұрады. Қазақ әдебиетінде үлкен-кіші ақын-жазушылардың назарын аударып, Маралтайдың жыр әлемін мойындатып тұрған да осы қасиеті десе болар.

«Маралтайдың тілі – мұңды тіл. Алайда ол сол бір ғажайып мұңды тілмен адамның «мен» деген асқақ қасиетін ешбір төмендеткен емес. Ол мұңданған сайын тереңдей береді. Абыржымайды, адаспайды. Арманының алды кең. Мұңмен ой тудырады, жыламайды», – деп замандас ақын Жарас Сәрсек тап басып жазған.

Қазақ әдебиетіне 2000 жылдары келген жаңа толқынның Маралтай көшбасшысына айналды. Ол тағдырымен де, тұлғасымен сол тұғырға лайық болып шыққанына бүгінде ешкім күдіктенбейді. Өйткені оның поэзиясын баршасы мойындап қойған. Бұл толқын әдебиетте Алтынкөпірліктер деген мәртебелі ат алды. Құлпытастағы аузынан ана сүті кетпеген уыздай бейтаныс жас қыздың суретіне қарап тұрып, жүрегі тебіреніп жыр жазу Маралтайдың қолынан келеді. Ақын өзі ғана тебіренбейді, өзгенің де сезімін қозғап жібереді.

Уа, Әдилә!

Мынау қалың қорымға,

Бір басыма қос Ай қадап кіріп ем.

Сірі деммен серт тайысқан күні мен.

Алғашқысы – аруақтар, соңғысы –

Жасыл өңді ғасыл ғарақ тіріден,

...Е, Әдилә, айналайын Әдилә!

Қапелімде шыға келіп нұрдан сіз –

Мұндана алмас мисыздарды мұнданғыз.

Қара түсті қалампырды құшақтап,

Құлпытастан күліп қарап тұрған қыз.

Ақынның пайғамбар бола аларына Маралтай «Мұхамедті растау» атты отты өлеңінде сенім білдіріп қана қоймайды, өзін солай деп жариялайды. Бұл естіген жанды қуантарлық философия.

Қатер төнсе қазақ дейтін ұлысқа,

Қаламымды айырбастап қылышқа,

Сенің қаның менің қаным болған соң,

Ең бірінші мен кірермін ұрысқа.

Мен туғанмын

ер Мұхаммед өлген күн.

Мен болмасам,

жүрегіңді емдер кім?!

Хақ Мұхаммед айтып кеткен кешегі

Келеді деп...

Келген ақын,

сол – Менмін!

Бұлай деп тек нағыз ақын, мәрт ақын айта аларын мойындау керек. «Бұл әбден қамау мен қақпай көріп, қамытқа жегіліңкіреп келген қазақы өлеңнің еркіндікке шыққан кезеңдегі «тентек баласы». Алыс-жақын әдебиетті, ондағы әлі күнге дейін аты, мінезі мен тағдыры аңызға айналып жүрген, бізге «басбұзарлықтың құпия идеалы» болып келген А.Рембо, Бодлер, Мандельштам, Лорка, Поль Верлендерді ғана емес, ұлы француз өнерін, әдебиетін жасасқан қияли суретшілерді де жақсы білетін «соловей-разбойник». Әрине, қазақтың өлеңінің «бұзығы». Мен Маралтайға ғана қызығамын», – деп жазады белгілі ақын Мейірхан Ақдәулетұлы.

Құдай көкте, мен жердемін.

Жердегі –

Қаламымда тағдырымның кермегі.

Маңдайыма тұрып қалған ағып кеп

Ғасырлардың айғыз-айғыз өрнегі.

Бұлай деп айтқан ақын өз өмірбаянын жасап, өзінің нағыз Кентавр тұлғалы ақын екенін, ежелгі түркілік болмысымыздың жалғасы екенін дәлелдеп берді. Әдебиетті өрге сүйрейтін құдірет-күш дарыған дарын екенін өлара кезеңде танытып берді.

Оның жырларының тағы бір сарыны, сүйікті образы – Ай. Ай да көшпелі қазақ халқымыздың Күннен де артығырақ бағалайтын аспан денесі, рухани өлшемі болатын. Салт-дәстүр, елдік дүниетаным, ата-текке тән киелі дүниенің бәрі Маралтай жырларынан табылып жататыны сондықтан.

Әдебиеттер:

1. Бөпежанова Әдеби сын, пікір. Маралтай Райымбекұлының шығармашылығы туралы жинақ. 7-8 бет. / 222 бет, 115-116 беттер.
2. «Ай астындағы Кентавр. Маралтай Райымбекұлы». Алматы -2019.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАННЫҢ АСТРОНОМИЯЛЫҚ ТЕРМИНДЕРІНІҢ УӘЖДЕМЕСІ

*Гүлжихан Б. К., филология ғылымдарының кандидаты
А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі Институты «Тіл тарихы» бөлімінің
аға ғылыми қызметкері,*

**«Қағаны салып жіберіп, іліп ал да сусында».
Ә. Бөкейхан, 1924 ж.**

Термин тілде пайда болып, қалыптасуы үшін оның оқулықтарда, ғылыми әдебиеттерде жазбаша көрініс тауып және ауызша қолданыс аясында тұрақтануы қажет. Осы орайда оқулықтардың атқаратын орны ерекше. XX ғасырдың алғашқы жартысында жарияланған оқулықтар мен ғылыми аудармалар ұлттық ғылым тілін қалыптастыруда сүбелі үлес қосты.

Біз бұған дейін Ә. Бөкейханды саяси тұлға, қоғам қайраткері тұрғыдан қарастырып, көсемсөз бен әдебиетке қосқан үлесі туралы зерттеп келдік. Енді оның жаңа қыры **Ә. Бөкейханның тілдік тұлғасын зерттеу, терминші ретінде** қарастыру өзекті мәселе.

XX ғасырдың басында астрономия, география, физика салалары бойынша ұлттық ғылым тілін қалыптастыруда зор үлес қосқан ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның төте жазумен жазылған 5 еңбегі бар:

Авторы	Кітаптың атауы	Жылы, баспасы	Еңбектің сипаты
Қыр баласы	Астрономия әліпбиі (К. Фламарионнан аударған)	Мәскеу, Кеңес Одағындағы елдердің баспасы, 1924. –225 бет.	Аударма оқулық
Қыр баласы	«Қанды жауын» (К. Фламарионнан аударған)	Қызылорда, «Жаңа мектеп» журналы, № 7-8, 1926 жыл.	Мақала
Қыр баласы	Дүниенің құрылысы (Д. Граведен аударған)	Мәскеу: Кеңес Одағындағы елдердің баспасы, 1926. –101 бет.	Аударма кітап
Қыр баласы	Жердің қысқаша тарихы (Т. Тутковскийден аударған)	Мәскеу, Кеңес Одағындағы елдердің баспасы, 1926. –102 бет.	Аударма оқулық
Қыр баласы	Мұғалімдерге хат: Пыланеттер	Ж.М., 1926. №14-15. –21-25-бб.	Мақала

Бұл еңбектердің жалпы бағытын:

- астрономия, география ғылым салалары туралы ғылыми-көпшілік стилінде жазылған ғылыми-танымдық аударма еңбектер;

- дәстүрлі сөзсаптам және тұлғалық сөзсаптамды өзара үйлесім тапқан;
- ұлттық таным мен ғылыми танымның ұштасқан тұсы деп тұжырымдаймыз.

Жоғарыда аты аталған аударма еңбектердің «қыр баласының» өзіндік дүниетанымы мен қазақ халқының дүниетанымына тән түсініктерді кездестіреміз. Сол кезеңдегі қазақ оқырмандарының аялық білімін ескере отырып, қазақ дүниетанымына жақын ұғым, түсініктермен беру арқылы ғылыми білім аясын кеңейтеді. Сол үшін күнделікті өмірден, айнала қоршаған ортадан мысалдар алып ұғынықты етіп сипаттаған. Мысалы: *«Бұлыт жоқ ашық түнде жазық далаға шығып аспанды қарастырсақ, тозған қараша үйдің жыртығындай күн жарық жұлдыздарды көреміз. Осылардың ішіндегі ең жарығы қашан қарасаңда бір орыннан көшбеген сықылды көрінеді. Ең жарық, ең сұлыу жұлдыздар қозғалса да матаулы түйедей матауын жазбайды. Осындай матаулы жұлдызды, жұлдызшылар ұйалы жұлдыз дейді. Ұйалы жұлдыздар аспан кеңдігінде шашып тастаған асықтай, шашылып жатыр»*. Осы мәтіндегі **қараша үйдің жыртығындай, матаулы түйедей матауын жазбай, шашып тастаған асықтай** деген сөз тіркестері қазақтың қай баласына да түсінікті әрі көзге елестетуге де оңай.

«Аңшы ауылдан тауды бетке алып шығып аяңдап келе жатқанда, тазысы алды-артын орап айналып жүгіріп отырмаушы ма еді. Жер – аңшы, ай – тазы. Жер өз орбитасында күннен айналамын деп жосытып барады, ай-тазы жерді қуып жерден айналады. Сонда тағы өзінен ай өзі ұршықтай шыр айналып жүреді. Сөйтіп, аспан кеңдігінде ай жерден қалмай еріп жүр, жердің қияметтік досы, жерден айрылмайтын туысқаны, түсе қалса атын ұстайтын құлы, жер не болса со болатын жердің көлеңкесі. Осымен айға «жердің жолдасы» деген ат тағылған» дегенді мәтінді оқысаңыз көз алдыңызға қиял әлеміңіз бен ғылыми біліміңіз өзара ұштасып, сабақтасып кетер еді.


XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген, глобусты өмірінде көрмеген қарапайым қазақ баласына аудармашы Ә.Бөкейхан «жер өз осінен өзі айналады» деген ғылыми түсінікті беру үшін *«жер өзінен өзі ұршықтай айналады», «жер күннен дөңгелек жолымен, арқандағы аттай айналады», «күн жер секілді өзінен өзі ұршықтай шырқ айналады»* деп тұрақты тіркестерді қолдану арқылы қазаққа етене таныс, күнде үй тіршілігінде көріп жүрген ұршық атауы мен арқандаулы атпен салыстырып, ғаламның тілдік бейнесіне жол ашады. Бұл оқырмандардың құбылысты ұғынықты, оңай, әрі тез қабылдауына тиімді әдіс еді.

Атмосфераны түсіндіруі: *«көкпеңбек ауа қазанды жапқан қақпақтай жерді жауып тұр»*.

Күннің жермен салыстырған өте үлкен екенін түсіндіру үшін: *«Үш шелек бидай Күн болғанда, бір бидай Жер болады! Күн мен Жер осы»*.

«Тұтылу» процесін суреттеуі: *«Жердің көлеңкесі (айдың) бетін перделейді – «ай тұтылды» дейміз», «Күн «шала тұтылады», бөркін көзіне киіп қалады»*.

«Жердің бүкірі – көкжиектің шеті» 1-суретте:



Термин жасауда қазақ тілінің ішкі мүмкіндігі мен сөздік қорын молынан пайдаланған:

- ▶ жердің бүкірі,
- ▶ дарияның бүкірі,
- ▶ су бетінің бүкірі
- болмыс,
- болмыс құлы,
- болмыс жетегі,
- таза білім,
- жер добы,
- жердің сабы т.с.с.

Сөздердің тіркесімі арқылы жаңа ұғым пайда болды:

- аспандағы доб,
- аспан кеңдігі,
- от құсқыш тау,
- уақыт кесігі,
- күннің күміс дөңгелегі,
- күннің аспақ дөңгелегі,
- Сатырынның білезік шеңбері,

Бұрын-соңды апельсинді көрмеген қыр қазағының қара баласына «апельсинді» алғаш рет таныстырғанда да қазақ таныма тән сөздерді қолданған: «үлкендігі сақа айғырдың тезегіндей, алманың ағайыны».

Сол секілді Еуропадағы христиан дін өкілдерінің, Рим шіркеуіндегі католиктерді, папа, монарх секілді діни атақ, лауазымдарын өмірінде көзбен көрмеген мұсылман қазақ балалары үшін сол кезеңде «*католік молдалары, полек молдасы*» деп берген әлдеқайда түсінікті болатын еді.

«Қыр баласы» астрономиялық атауларды бергенде сол зат қазақ тұрмысында болмағандықтан **сипаттамалы, түсіндірмелі әдістерді** пайдалана отырып және оның қазақша баламасын да беруге ұмтылыс жасайды. Біздіңше, бұл ұмтылысы сәтті шыққан. Мысалы: «*Пыланеттердің көбінің ерткен қошшысы бар. Пыланеттер күннен айналғанда қосшы жолдастары көлеңкедей еріп пыланеттерден айналады да жүреді. Біздің жердің қосшы жолдасы айдың қылғаны да осы*». «*Жұлдызды бақылаб-бағыб зерттеуге осы күні өзгеше үй салады. Бұл үйдің орыс тілінде аты обсерваторыие. Латын тілінде обсербы – қараймын, бақылаймын, бағамын деген сөз. Олай болған соң, бұл үйдің қазақша аты қарауыл үй болады ғой*».

«*Астырономшылардың асбабы, қырағы түтік – телескоб. Жұлдызшы бір түтікке қараб сүуретін салатұн аспанның аймағына телескобты бұрмалайды. Екінші түтікте сүурет салыб алатұн асбаб бар*».

«*Күнмен ғана жарық болады, пыланеттер аспан кеңдігінде дөңгелек сызық жолмен күнді, қазықтан айналған арқандағы аттай айналады, сонымен пыланеттердің бұ жолын, орыс, латын тілінде дөңгелек – орбыйта дейді*».

Жұлдыздардың кейбір атауы қазақ тілінде бұрыннан бар екендігі белгілі (Темірқазық, Жетіқарақшы, Шолпан, Кемпірқосақ т.б.). Сол себепті автор қазақы ұғымындағы Шолпан жұлдызын батыс біліміндегі Венера жұлдызымен сәтті салыстырады. Мысалы 23-бетте: «*Күннен санағанда екінші, Меркүрдің сыртында күнді айналған пыланет, Ром елі сұлулықтың құдайының атын қойған, Бенере. Бұ біздің Шолпан. Мұны мен күннің арасы 7-де тағыда он бөліктің 2-і (7,2) болады. Аспанда Шолпаннан сұлыу жұлдыз жоқ, күнге еріб жүріб батыста жарқыраб жанады. Күнді бастаб жүріб шығыста, күн батса келе жатыр деб тұрады. Шолпанның жарығы сондай күшті, жерде тас, ағаш, айыуан Шолпаннан да көлеңке тастайды*». «*Жер жазуында (автор географияны айтып отыр – Г.К.) жердің сабының екі ұшын пөліс (полюс – Г.К.) дейді. Темір қазыққа қара қарсы пөлісті терістік,*

түстікке қара қарсы пәлісті түстік дейді» немесе «Күннің жарығы жаңбырдың бұлыттағы сұуынан өтіп аспандағы кемпір қосақты тігеді». «Ұршықты, зырылдауықты ійіріп тақтайға тастай берсе, ұршықта, зырылдауықта сабынан тік тұрб айналмайды, жамбастаб, теңге алатұн жігіттей, жантайа айналады. Жердің де айналатұн сабы (жерде шынында түк саб жоқ, жердің сабы дегенде ой жорыған сабты айтады) жантайыңғы болады. Жердің сабының екі ұшы (бұда ой жорыған ұш) 23інші сұуретте (№) терістік, (S) түстік қарыбтермен таңбаланған. Жер күннен жыл он екі айда айналғанда сабының терістік (№) ұшын жазбай, аспан кеңдігінде бір бетке қойып айналады. О бет – темір қазық».

Ал астрономия ғылым саласын автор былайша түсіндіреді: «Аспан кеңдігін жайлаған жарық – шырақтарды бақылап, бағып тексерген білім бетін – білімді астыроном білімі дейді. Бұ білімге бұл атты гірек елі таққан. Ол елдің тілінде жұлдыз – астер, номос – қалып, заң болады. Осы екі сөзден астыроном білімінің аты шыққан. Ал астыроном білімін өрге сүйіреген жұлдыз, өзге жарық сәулелі шырақтардың жүрісін зерттеген адам астырономшы аталады».

«Дүниенің құрылысы» еңбегі астрономиялық сипаттағы еңбек болғандықтан, бұнда сол ғылым саласына тән терминдер мен атауларды кездестіреміз (қолжазбаның орфограммасы бойынша беріліп отыр): жер, күн, жұлдыз, ай, шырақ, аспан кеңдігі, әуесіз аспан кеңдігі, аспандағы доб, Небтін (Нептун), Ұран (Уран), Сатырын (Сатурн), Ійүпітер (Юпитер), Орбыйта (Орбита), Меркүр (Меркурий), Марыс (Марс), Мердіиен, Жеті Қарақшы, Темір қазық, Кемпір қосақ, Шолпан, пыланет, қолтықтағы пыланеттер, жұлдызшы, ұйалы жұлдыз, егіз жұлдыз ұйасы, он екі ұйалы жұлдыз, құйрықты жұлдыздар, көшбейтүн жұлдыздар, жұлдыз жауыны, тобтанған жұлдыз, ақ жұлдыздар, сары жұлдыздар, қызыл жұлдыздар, дүнийелік тартыу, пызыкеші, майетнік, дөңгелек жолымен айналады, жер добы, жердің сабы, терістік, түстік, күн мен түн теңелетүн, тең уақыт, геугырапыйе, пәліс, күннің жарық сәулесі, бысокос жыл, қалыпты жыл, иуулыиен календары, гірігорійен календері, астырономыйа, жаңа календер, потоспере, кыймыйе, қыромо–спере, күннің ұрасы непіротұбереніс, күн тұтылыб, күннің тажы, гырадыс, әуе, сұу, бұлыт, тыман, айдың сұрғылт сәулесі, ай мен күннің тұтылыуы, тұтылыс, екілібтік, сарос, уақыт кесігі, күннің күміс дөңгелегі, күннің аппақ дөңгелегі, жомарт, ақ шелек күн, күннің жарық сәулесі, күннің бетіндегі секбіл, елійіс, геркүлес, лыйра, комете, ұзын құйрықты үлкен кометелер, комете құйрығы, соқба комете, комете жермен сүзиседі, газ, елібіс, қатерлі пыланет, жылылық, үстіңгі әуе, ұшқыш, дүнийенің тозаңы, метеуір, метеуір темірі, болмыс, жаңа уақыттық жұлдыз, тыман-бұлыттар, жер аударған, жарығы төмендеу, жұлдыз жарығы айнымалы, егізденіп көріну, маталған жұлдыздар, іспектір сыны, күннің іспектірі, қырлы шыны, әмбіліітыуда, шамдал, сатырынның білезік – шеңбері, йінкібізетсііе, электір, магінит, электір-магінит күші, електырон, терістік сәулесі.

Сонымен қатар Ә.Бөкейхан жаңа атау, терминдердің қазақша атауын, баламасын берген.

Геуметірііе (геометрия)	жер өлшеу білімі
Гергырапыйе (география)	жер жазыуы
Обсербатыорыие (обсерватория)	қарауыл үй
Микроскоп	қырағы түтік
Телескоп	телескоп
Компас	құбыланама
Бенере (Венера)	Шолпан
Комете	құйрықты жұлдыз
Күн мен пыланеттер	күн қотаны
Күн, ай, жұлдыз	аспан кеңдігіндегі шырақтар
Жанартау / вулкан	от құсқыш тау

Сол кезеңдегі қазақтың төл сөздерінің де, жаңа терминдерінің де орфограммасы үндестік заңында жазылды. Мысалы: *кітеб, жұуан, сұлыулық, сұурет, тартыу, жаныуар, тартыб, ұстаб, балыуан, кемій, көтеріу, дүнійелік тартыу, сұу, бұу, сұуық, шаңарағы, тұғыззады, ырас, жаратыушы, батса (патша), жанұуарда, ұаделестік, сійрек* т.б.

Н.Төреқұловтың «Қазақ тіліне кіретін жат сөз болса, қазақтың тымағын киіп, жалпақ қазақ сөзі болып кірсін» дегеніндей, ХХ ғ. Басында кірме сөздерді қабылдауда үндестік заңын сақтап жазу басты қағидат болып алынғаны мәлім. Бұл еңбекте де сол ұстаным басшылыққа алынған: *мүліен* (миллион), *келеметір, сыпыр* (цифр), *март, ыйұн* (июнь), *ійұн* (июнь), *сентебір, декебір, пебірел, октебір / өктәбір, менұт, секунт, нөл, геугырапые* (география), *телегыраб, телепон, от арба, тырамбай, пойыз* т.б.

Халық, ел атауларының берілуі: *полек* (поляк), *католык* (католик), *інгіліз / ынғылыз / аңглез* (ағылшын), *гірек, шыбет* (швед), *пын* (фин), *естон, пырансыз, ыиталышелык, Аңгылые, Ыскандынебийе, Апіріке, Түстік Америке, терістік Әміріке, Кіндік Түстік Прансия, Ең-Мұрт, Ақ теңіз қабағы, Еурупа.*

Жалқы есімдердің берілуі де үндестік заңына сай жазылған: *Копернык ұлы Ныиколай, Ром қаласы, Бетыр мен Пабыл* (Петр, Павел), *Жордан Быр Ыунон, Гамылтон тауы, Мысыр, Гершел, Леберыше, Адамс, Бода, Ныйыутон, Пырансұз Пүүко, Парыж, Пырансые, Йіуліі Сезер, Кырыгорый XIII, Айса, Менделейұлы, Үнді мұқыйты, Пілііпін аралдары, Герменіе, Иресеі, Аурупа, Ыстамбұл, Рыга қаласы, Пын түбегі, Бөргі қаласы, Ыйталыа, Пізе қаласы, Галылей, Қам қаласы, Құбан (Кубань).*

ХХ ғасыр басындағы қазақ тілінің ғылыми стилінің қалыптасуына назар аударатын болсақ ғылыми фразеологизмдердің, ғылыми тіркестердің мәні халықтың танымымен байланысты дамығанын көреміз.

Ғылыми фразеологизмдер: *білім тезіне салып тексерелік* – талдау; *білім аты шаппай тұрғанда* – ілім, ғылым дамымай тұрғанда; *білім иелері* – білімпаздар; *химия тезіне салып жіберсе* – химиялық талдау жасалынса; *дәлелді тежсейік те әңгіменің іргесіне тоқтайық* – дәлелді тоқтата тұрып, негізгі бөлімге тоқталайық; *ерлік ұрығы* – сперма; *білім тексере келе* – зерттей келе, *өсімдік баққан ел* – егін шарушылығымен айналысатын ел, *білім тезіне салып сынаған білім иесі* – ғылыми зерттеу жасаған ғалым; *жұқпалы ауруға ұя болады* – жұқпалы аурудың ошағы болады т.б.

Метеорология сөзінің анықтамасын былайша анықтап береді: «Ыстық-суық, жел, тыныштық, ашық-жарық күн райын бағатын білім – **метеорология**».

Өз тарапымыздан мынадай **ұсыныстар** айтамыз:

1. Ғарыш әлемін Әлиханша сөйлету, Әлиханның түсінігімен беру мақсатында **бейне ролик (видео)** дайындау;
2. Аудармашының тілдік тұлғасы, саяси лидердің сөздігі (Б.Момынова апайдың ұсынысы), тұлғаның сөзсаптамы деген ұғым, сөздік түрлері бар, сол секілді **Әлиханның сөз қолданыстарының сөздігін, тезаурустық сөздігін** жасауға болады. Бұл оның тілдіктұлғасын аша түседі.
3. Ә.Бөкейханның қазақ әдеби тілін, ғылым тілін, салалық терминологияны дамытудағы үлесін айқындау;
4. Әлиханша сөйлетіп, ықшамдалған астрономиялық, географиялық білімдер жүйесін мектеп оқушыларына беру;
5. Астронмия арқылы қазақ тілін үйрету, этнографизмдерін, фразаларды түсіндіру, нәрін үйрету.

Егерде Алаш зиялылары қуғын-сүргінге ұшырамағанда, халықтың ғарыштық білімінің желісі үзілмегенде, Ә.Бөкейхан осы астронмиялық ізденістерін жалғастыра бергенде бүгінгі қазақ жастары танымал америкалық өнертапқыш, технологиясымен ғарышқа қанат сермеп жүрген Илан Масктен кем түспес еді. Бүгінгі ғарышкерлеріміз үшеу емес, кемінде отыз болар еді...

Қорыта келе айтарымыз, Әлихан Бөкейханның астрономия бойынша аударып жазған еңбектері қазақтың ұлттық ғылым тілін дамытуға үлес қосты және астрономиялық терминдерге балама тауып, қазақ тілінің ғылыми әлеуетін күшейтті, терминологиялық қорының дамуына үлес қосты. Бұл мақаламыз болашақта атқарылатын зерттеулерге септігі тиер деген ойдамыз.

Әдебиет:

1. Әлихан Бөкейхан шығармалары. 2-басылым. Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2016.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ТЕРМИНДЕРІН САРАЛАУДЫҢ ҰСТАНЫМДАРЫ

Зекенова Ш.З., ф.ғ.к., доцент

К.Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университеті, (Алматы қ.)

Сөз қадірін түсіне білген халқымыз "Атаның сөзі - ақылдың көзі" деп, ерекше көңіл бөліп, қадір тұтқан. Әлемдегі халықтардың ғасырдан ғасырға жетіп, сұрыпталған тіл, сөз құдіреті жайындағы ұлы сөздері мен тұжырымдары ұшаң-теңіз. Бұл ұлағатты сөздер өмір шындығын, тұрмыс-тіршілігін, қоғамның дамуын шебер суреттеп жеткізуімен құнды. Ұлы ғұламалардың тұңғық ойларына, өнегелі сөздеріне көз жүгіртсек, тілге деген парасатты да салиқалы ыстық лебіздерін оқып, сөздің құдіретін, тілдің ұлылығын танимыз. Соның ішінде қазақ тіліне деген зор ілтипатты байқаймыз.

Орыс түркітанушысы С.Е.Малов: "Түркі халықтарының ішіндегі ең суретшіл, образды тіл - қазақ тілі. Қазақтар өзінің шешендігімен, әсем ауыз әдебиетімен де даңқты",- деп жазса, сөз өнеріне ерекше мән берген шығыс зерттеушісі В.В. Радлов: "Қазақтардың тілі әуезді де әсем, шебер де шешен. Әсіресе, сөз сайысына келгенде олардың алғырлығы мен өткірлігі, тауып сөйлейтін тапқырлығы таң қалдырады. Олар мақалдап сөйлейді, жай сөзінің өзі өлең болып құйылып жатады",- деген болатын. Дегенмен де мемлекеттік мәртебесі бар қазақ тілінің бүгінгі күні төрт құбыласы тең емес екендігі баршамызға мәлім. Соның ішінде терминология мәселесі. Қай елдің технологиясы мен экономикасы қуатты болса, сол елдің терминологиялық ықпалы да күшті болмақ. Көптеген ұғымдар мен атаулар қоғамдық өзгеріс-құбылыстарға лайық, әлі талай сараптарға түседі.

Жалпы ұлттық терминологияның қалыптасуына үлес қосқан ғалым А.Байтұрсынұлы еңбектерінің үлесі зор. А.Байтұрсынұлының ұлттық терминология мәселесіне келгенде ең басты ұстанымы - қазақ тілінің өз сөз байлығын барынша пайдалану. Осы тұрғыда А.Байтұрсынұлы: «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айрылып қалуы мүмкін. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылыми кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек. Сонда біздің әдебиетіміздің тілі таза болып, жоғарыда айтылған талғау салтының шарты орындалған болады»- деген екен. Қазақ лингвистикасында тілді дыбыстық жүйеге, сөз жүйесіне, сөйлем жүйесіне бөліп, айдар тағып, қазақ тіл біліміне қатысты терминдерді қалыптастырып, өз үлгісін жасады (бастауыш, баяндауыш, көсемше, есімше, салалас, құрмалас сөйлем сияқты). Қоғамдық өзгерістерге, идеологиялық қысымға байланысты бұл ұстаным ұзаққа бармады.

Қазақ терминологиясын қалыптастырып, зерттеген, алғашқылардың бірі болып ғылыми түрде ұстанымдарды сарапқа салып, анықтаған ғалымдардың бірі - профессор Қ.Жұбанов. Қ.Жұбанов 1933-1937 жылдар арасында терминологиямен тікелей араласты. Қазақ тіліндегі терминдердің дұрыстығын айта келе, орыс тілінен енген терминдердің орфографиясын тілге икемдеп, дұрыстау керектігін айтты. Мұның сыртында Қ.Жұбанов барлық ғылым саласындағы терминдерді реттеп, қосты. Бірақ бұл ұстанымдар заман талабына орай өзгерістерге толы, яғни сол кездегі қазақ тілінен гөрі орыс тілінің мүддесіне қарай іріктелген ұстанымдар.

1940 жылдан бастап қазақ терминологиясының жай-күйі тоқтап қалды. Сондықтан қазақ сөзінің үлес салмағы төмендеді. Сол кездегі саяси-қоғамдық өзгерістердің ықпалынан терминдердің 70-80 пайызын интернационалдық сөздер құрады. Еліміздің егемендігін алып, қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін көрсететін "Тіл туралы" Заң қабылданғалы терминология саласының дамуы да күрт өзгерді. Қазір тілімізде тек орысша қолданылып келген көптеген сөздер мен сөз тіркестерінің соңғы кезде қазақша баламаларының көбеюі, терминдердің қазақша сөйлеуін көптеген басылымдарда, ғылыми еңбектер мен арнаулы сөздіктерде, ақпарат құралдарында қазақша жаңа терминдердің жиі ұшырасуын байқаймыз. Дегенмен де оқырман ол жаңа терминдердің бірін білсе, бірін білмейді, тіпті қай сөз қай ұғымның баламасы екенін ажырату қиын.

Термин жасау мәселесі жөнінде академик Ә.Қайдардың "Қазақ тілі терминологиясына жаңа көзқарас" деген еңбегі жарыққа шыққан. Бұл еңбегінде Ә.Қайдар терминжасамның төмендегі 11 ұстанымын көрсеткен. Олар: 1) терминологияны дамытуға, реттеуге, кеңінен қолдануға мемлекеттік қамқорлықтың болуы; 2) терминжасам ісінде көрініс тапқан бұқаралық ақпарат құралдарындағы жақсы үлгілерін, тиімді де қажетті жақтарын пайдалану; 3) қазақ тілінің байырғы лексикалық байлығын сарқа пайдалану. Ана тілінің мүмкіншілігін пайдаланудың тағы бір жолы - калька тәсілі, яғни орыс не шет тілдерінен енген жеке де күрделі терминдерді тұлғалық, мағыналық, құрамдық ерекшеліктерін сақтай отырып өз тілімізге сөзбе-сөз аудару; 4) туысқан түркі тілдер тәжірибесін іске қосу. Мысалы, самолет: түркіше - ұчак; қазақша - ұшак; 5) интернационалдық терминдерді қазақ тілінің өз ерекшеліктеріне икемдеп алу; 6) орыс тілінен енген термин-атауларды мүмкін болғанынша қазақша аударып қолдану, аударуға келмейтіндерін сол қалпында емес, қазақ тілінің фонеморфологиялық ерекшеліктеріне үйлестіре қабылдау. Мысалы, үстел, кәмпит, жәрмеңке, пошта; 7) сапалық күрделі терминдер мен атауларды қазақ тілінің өз негізінде алғашқы әріптері мен буындары бойынша қысқартып қолдануды заңдастыру. Мысалы, ТМД-СНГ, США-АҚШ, Қазтүсмет-Қазцветмет; 8) көп жылғы тәжірибе арқылы терминдерге тән талаптарды сақтай отырып, дәстүр мен шарттылық заңдылығын мойындау; 9) лексикалық байлығымызды салалық жүйе бойынша жіктеп, саралап пайдалану. Мысалы, лингвистика, тіл білімі, тілтану; 10) тіліміздегі ұлттық және интернационалдық термин- атаулардың сандық және сапалық ара салмағын табиғи қалыпта сақтаудың жолдарын іздестіру; 11) терминдер мен атаулардың емлесін тіл заңына, жазу дәстүріне сәйкес реттеу.

Бұл академик Ә.Қайдардың ұсынған он бір ұстанымының жалпы нобайы. Ал енді осы салада зерттеу жүргізіп, термин қалыптастырудағы құнды жеті ұстанымын көпшілікке ұсынған ғалымдардың бірі профессор Өмірзақ Айтбайұлы туралы айтқан да орынды. Ө.Айтбайұлы Ә.Қайдардың ұстанымдарын қарастыра келе, өзінше сараптама жасап, терминжасамның 7 ұстанымын ұсынады: 1) термин жасамдағы басты ұстаным - ана тіліміздің сөз байлығын барынша орынды пайдалану, байырғы сөздерге терминдік сипат беріп, оларды терминдендіру; 2) қазақ тіліндегі терминденуге бейім сөздер сарқыла бастаған тұста түбірі бір түркі тілдер сөз қазынасына иек арту; 3) интертерминдерді негізінен қазақ тілінің фонеморфологиялық ерекшелігіне икемдеп алу, ал орыс және славян тілдерінен енген терминдерді мүмкіндігінше аудару, аударуға келмейтіні қазақ тілінің фонеморфологиялық ерекшеліктеріне үйлестіру; 4) салалық күрделі терминдер мен атауларды қазақ тілінің өз негізінде алғашқы әріптері мен буындары бойынша қысқартып пайдалануды заңдастыру; 5) көп жылғы тәжірибе негізінде қалыптаса бастаған шарттылықты мойындау; 6) тіліміздегі лексикалық байлығымызды сала бойынша саралап, ұлттық және интернационалдық терминдердің сандық, сапалық салмағын табиғи қалыптастыру; 7) терминдер мен атаулардың емлесін тіл заңына, жазу дәстүріне сәйкес реттеу.

Осы ғалымдардың дайындаған ұстанымдарын сараптасақ, ең алдымен, қазақ тілінің төл және бұрыннан қалыптасқан байырғы лексикалық байлығын сарқа пайдалану ұстанымы ең басты ұстаным болуы керек. Терминологияда жаңа терминдерді жасауда қазақ фольклорынан, соның ішінде әдеби тілімізден іздеген дұрыс. Яғни, біз терминдерді көнерген

сөздермен жаңғыртып, төл терминдерімізді байыта түсеміз. Бұл қазақ тілінің өз сөз байлығын сарқа пайдалану ұстанымына сай келеді.

Бұл ұсынған ұстанымдардың қай-қайсысын алсаңыз да құнды. Сөзжасам мен терминологияны қалыптастыру, яғни бірізділікке түсіру оңай шаруа емес. Осы терминология мәселесі төңірегінде бұрыннан шұғылданып жүрген Р.Сыздықова, Б.Қалиев, А.Алдашева, Н.Уәлиев, Ш.Құрманбайұлы және т.б. сынды тіл мамандарының ізденістері де баршылық.

Жоғарыда аталған ұстанымдарды уақытында ескеріп, орынды пайдаланса, академик Ә.Қайдаров айтқандай, терминология "базарында" бағын сынап жүрген сөздердің нақты тұлғасы айқындалар еді.

Кешегі күні алда тұрған ең басты мақсаттың бірі - қазақ терминологиясының жаңа ұстанымдарын айқындап, термин жасаудың әдіс-тәсілдерін анықтау болатын. Бүгінгі күні бұл мәселе оңынан шешілген. 2004 жылдың 21 сәуірінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік терминологиялық жұмыс тұжырымдамасы туралы" қаулысы қабылданды. Тұжырымдамада ұлттық терминологияны дамытудың негізгі міндеттері, терминологиялық жұмыстың бағыттары, ғылыми қамтамасыз ету жолдары, нормативтік-құқықтық базасы айқындалып, ұйымдастыру іс-шаралары қарастырылған. Мемлекеттік терминологиялық комиссияның құрамына көш басшылары болып: Ө.Айтбайұлы, Ә.Кекілбаев, Ш.Құрманбай, К.Хұсайын т.б. сынды атақты ғалымдар кірген. Сол жылдары бұл топ бүгінгі күннің сауалына сай жоғарыда аталған терминология ұстанымдарына баға беріп, саптай келе, ұлттық терминологияны дамытудың басты 12 ұстанымын анықтады, яғни олар: 1) қазақ терминологиясын реттеу; 2) қазақ тілінің қалыптасқан байырғы лексикалық байлығын сарқа пайдалану; 3) күн санап толассыз туындап жатқан терминологиялық ұғымдарға тілімізден дәл балама табуда да, сондай-ақ жаңа термин-атауларды жасауда да терминге тән нақтылықты сақтай отырып, олардың тілдегі қолданысында болатын белгілі бір шарттылықты мойындау; 4) терминдер мен атауларды қазақ тілінің негізгі ережелеріне, жазу дәстүріне сәйкес реттеу; 5) туыстас түркі тілдерінің тәжірибесін назарға алу; 6) сөз құрау моделінің барлық түрінің термин құрайтын мүмкіндіктерін ашу; 7) баламасыз шетел терминдерін ұлттық тілдің дыбыс жүйесіне бейімдеу; 8) ғылымның нақты салаларына орныққан шығу тегі латын, грек, араб және т.с.с. халықаралық терминдердің белгілі бір көлемін қамтитын жеке сөздік шығару; 9) зерттеу процесінде қолданылатын әлемдік тәжірибені, туыстас тілдердің, интерноционалдық терминдердің модельдері мен терминдік атауларын пайдалану, оларды қазақ тілінің фонемологиялық ерекшеліктері мен ережелеріне сәйкес бейімдеу; 10) орыс тілінен енген терминологиялық атауларды мүмкіндігінше қазақ тіліне аударып пайдалану, аударуға келмейтіндерін мағына жағынан сақтай отырып, грамматикалық тұлға жағынан қазақ тілінің фонемологиялық ерекшеліктеріне бейімдеп пайдалану; 11) терминография бойынша жұмыстарды дамыту; 12) терминология салалары бойынша жүргізілетін кешенді іс-шараларды бұқаралық ақпарат құралдарында жария ету.

Терминологиялық жұмыстар жүргізген кезде осы тұжырымдаманы басшылыққа алып, ұсыныс-пікірлер айтып, бұл мәселе төңірегінде еңбектер жариялап, терминологияны өзгерту, біріздендіру, жетілдіруде өз үлесін қосу – қостілді, әрі көптілді мамандардың ең басты борышы болмақ.

Терминология бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстардың нәтижесі ретінде көптеген терминдер сөздігі шығарылды, мәселен, Мемтерминком бекіткен "Орысша-қазақша - қазақша-орысша терминдер мен атаулар сөздігі" жарыққа шықты.

Бұл сөздікке бекітілген сөздіктерге толыққанды талдау жасалып, жоғарыда айтылған ұстанымдар сақталған. Дегенмен де кейбір терминдердің мағынасы, мазмұны жағынан сөздің ұғымына сәйкес келмейтін тұстары бар (коорупция - құнпарлық, афиша- жарқағаз, прототип - түптұлға, доступная точка - жетімді нүкте, документ - құжат, документирование - документтеу, документоведение - документтану және т.б.).

Жоғарыда айтылғандарды А.Байтұрсынұлының қанатты сөзімен қорытындылағымыз келеді: "Тілдің міндеті - ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше,

көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама - қадырынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын".

Әдебиеттер:

1. Нығмет Ж.Н. Қазақ тілі хрестоматиясы. Алматы, 2003.
2. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. Алматы: Рауан, 1993.
3. Байтұрсынұлы А. Ақ жол. Алматы, 1991.
4. Алдашева А. Қазақ терминологиясына қатысты сөз // 1-СА АВС халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Алматы, 2002.
5. Терминологиялық хабаршы. Астана. 2004. №1.
6. Айтбайұлы Ө., Алдашева А., Сарыбаев Ш., Сыздыкова Р. Сөздік. Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар. Алматы: Ғылым, 1985.
7. Мемтерминком бекіткен терминдер мен атаулар сөздігі. Алматы: Сөздік-Словарь, 2004.

М.ӘУЕЗОВТИҢ ШӘКІРТІ - ҚАЙЫМ МҰХАМЕТХАНОВ

*Айтқожин М. К., бейнелеу өнері және көркем еңбек пәнінің оқытушысы
«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК
Қазақстан Республикасы, Семей қаласы*

Қазақ халқына Ұлы Абайдай дарынды сыйлаған табиғат, сол мұраны көзінің қарашығындай сақтау үшін Қайым атамыздай нағыз ұлтжанды, абайтану мектебінің негізін салушыны да сыйлады. Сондай ұлт ардақтыларының бірі- Қайым Мұхаметханов.

Қ.Мұхаметханов 1916 жылы 5 қаңтарда қазіргі Жаңасемей, бұрынғы «Заречная слабодка» деген жерде дүниеге келген. Кейін бұл жер Алашорданың астанасы болған. Әкесі Мұхамедхан Сейітқұлұлының шаңырағында Алаш көсемдері М.Дулатов, А.Байтұрсынов, С.Торайғыров қонақта болып, шаңырағы Алаш көсемдерінің басын қосып, кеңес құратын ордалары болғаны белгілі. Онда анімал әнші-ақындар өз өнерлерін көрсетіп, бір-бірімен араласып-құраласатын үй болған. Қайым Мұхаметхановтың өмір жолының осылай ұлтжандылық бағытта қалыптасуына осындай мағыналы басқосулардың себебі тигені сөзсіз.

1924-1928 жылдары Жаңасемей қаласындағы бастауыш қазақ мектебінде оқиды. 1929-1932 жылдарда Семей қаласы колхоз жастары мектебінде білімін жалғастырады. 1936-37 жылдары мұғалімдер даярлайтын курста оқиды. Ал 1938-1941 жылдары Семей педагогикалық институтында оқиды. Ғалымның еңбек жолы осы оқу орнымен тығыз байланысты.

Қайым Мұхамедханов – ғалым, абайтануды ғылыми негіздеуші, шәкәрімтанудың негізін қалаушы, текстолог, Семейде Абай мұражайын ұйымдастырушы, әдеби аудармашы, қоғам қайраткері, жүзден астам ғылыми еңбектің авторы.

«Егер Абай ақындар арасында алғашқы болса, Қайым Мұхамедханов абайтанушылар арасында алғашқы ғалым», - деп Алла Белякина айтқандай, Қ.Мұхамедхановты жай ғана абайтанушы дегеннен гөрі, абайтану ілімінің іргесін қалаған ғұламалардың бірі деген орны. Қайым Мұхамедханұлы М.О.Әуезовтың қолдауымен 1939 жылдан бастап бүкіл ғұмырын Абай мұрасын, Абай мектебін, Абай шығармаларының текстологиясын зерттеуге арнаған ғалым. Ғалымның «Қазақ әдебиеті тарихындағы абайтану мәселесі», «Абайдың әдеби мектебі», АқылбайАабайұлының «Дағыстан», «Зұлыс», «Медғат-Қасым», «Еңлік-Кебек», Әубәкір мен Әріптің шығармашылығына арналған еңбектері, Абай шығармаларының текстологиясы, Абай шығармаларына ғылыми түсініктер, Абайдың жаңадан табылған өлеңдері дәлел.

1951 жылы Қ.Мұхамедханов «Абайдың ақын шәкірттері» атты кандидаттық диссертация қорғады. Жетекшісі М.Әуезов болды, бірақ бұл еңбек кесерлі саясаттың құрбаны болды, баспадан шықпай жатып жойылды. 1951 жылы тұтқынға алынып, 1955 жылы босап шығады. 1958 жылы екінші рет «Абай төңірегіндегі ақындар» деген

диссертациясын қорғайды. 1959 жылы басылып шыққан «Абай шығармаларының текстологиясы» еңбегі күні бүгінге дейін абайтанудағы сирек кездесетін еңбектердің қатарында саналады.

Қ.Мұхамедхановтың Абай жаайлы зерттеулері мен еңбектер жинағы:

1. «Абайдың бір өлеңі», «Қазақ әдебиеті» -1986 жыл, 17 қаңтар, 10-бет.
2. «Абайдың аманатын ақтадық па?», «Ертіс өңірі» - 2003 жыл, 10 қаңтар, 28-бет.
3. «Абайды тұңғыш баспасөзде танытқан !лихан Бөкейханов», «Түркістан-

Қ.Мұхамедхановты біз ең алғашқы Абай мұражайын ұйымдастырушы ретінде танимыз. М.Әуезовтің мұрындық болуымен, ерекше көңіл бөлуімен ашылған Семейдегі мұражайдың ашылуына Әрхам Ысқақұлы мен Қ.Мұхамедхановтың еңбегі зор болды. Облыстық мұражайда сақталған Абай мұражайының 1940 жылдардағы жоспары мен есебінің басым көпшілігінде мұражайдың аға қызметкері Қ.Мұхамедханов есімі көрсетілген. Ол құжаттар қазір мұражай архивінде сақталған.

Мұражайдағы Ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығына қатысты құнды заттар, қолжазбалар мен құжаттар жинастырудың маңызды бөлігі Қ.Мұхамедханов еңбегі еді. Осы әдеби құрықтың мұражайға айналуына да ол кісінің қажырлылығы мен табандылығы септігін тигізді[1].

Мұражай тарихында алғашқы ғылыми еңбектің ізін сала отырып, баспасөз беттерінде мақалаларын да жариялай бастады.

М.Әуезов жас Қайымды Абай туралы роман-эпопея жазу барысында түрлі тапсырма орындайтын ғылыми тілші етіп алады. 1930 жылдардың аяғында Абай мұрасы, оның шәкірттері мен ізбасарларына жойылып кету қаупі туды. Абай сөзі бұрмаланды, шығармалары ғылыми тұрғыда зерттелмеді. Қолжазбалары мен жеке заттары жоғалды, өмірінің куәгері болған қариялар азайды.

М.Әуезов қазақ мәдениетінің елеулі бөлігін сақтауға бағытталған бірқатар тапсырманы өзінің шәкірті Қайымға сеніп тапсырды:

Абайдың тұңғыш мұражайын ашуға негіздеме қалау;

Абай шәкірттері мен ізбасарларының мектебін құру және сақтау; ойшыл-ақынның құнды сөзін текстологиялық талдау әдісімен сақтап қалу.

Қайым жүк көлігімен шалғай ауылдарға айлап сапар шекті. Абайды көзі көрген қариялармен, өмірі мен шығармашылығынан хабардар адамдармен әңгімелесіп, тұрмыстық заттардың, киімдер мен кітаптардың, Абай қолжазбаларының шынайылығын нақтылады. Қайым Мұхамедханов 1940 жылы Қазақстанда, Семей қаласында тұңғыш Мемлекеттік әдеби-мемориалды Абай мұражайын ұйымдастыруға өлшеусіз еңбек сіңірді. Қ.Мұхамедханов мемлекеттік Абай мұражайын алғашқы ұйымдастырушы және ғылыми қызметкердің бірі ретінде қазақ әдебиетінің классигі Абайдың өмірі мен шығармашылығына тікелей қатысы бар ерекше құнды қолжазбаларды, мұрағаттық, фольклорлық материалдарды жинақтады. Қайым ғылыми зерттеулердің бағыт-бағдарына жол ашып, кітапхана мен қолжазба қорын елеулі толықтырды; сол кезде стендтерден Абайдың ата-аналарының, қоршаған ортасының, шәкірттері мен ізбасарларының портретін, сирек шығыс кітаптары және қолжазбаларды көруге болатын. Абайдың 100 жылдығын әзірлеу жөніндегі мерейтойлық үкімет комитетінің Ғылыми хатшысы жұмысын атқара отырып, Қ.Мұхамедханов сол кездегі биліктен қолдау болмаса да, ақын мерейтойын лайықты өткізді. Абайдың Жидебайдағы қыстауын қайта қалпына келтіру, ақын және туған-туысқандарының зиратын жақсарту қажет болды. Абай бейнесін мүсін және бейнелеу өнерінде мәңгілік есте қалдыру жұмыстарын ұйымдастыру; заводтарға хат жазып, материалдар іздеу; Абайға және оның айналасына қатысты жерлерде мемориалдық тақта орнату туралы іздену қажеттілігі туындады, - қазір бәрін тізбелеу мүмкін емес. Қайым соның бәрімен айналысты. Сол жылдардағы хаттар мен мұрағат құжаттары – соның айғағы. Қ.Мұхамедханов Абай мектебі ақындарының есімдерін қалпына келтірді, олардың өмірі мен шығармашылығы туралы мәліметтер жинап, толық өмірбаяндарын жазды. Бәрінен бұрын, ол Абай шәкірттері мен ізбасарларының шығармаларын қалпына келтіру бойынша ірі іздестіру-зерттеу жұмысын

жүргізіп, ғылыми түсініктер беріп, баспаға әзірледі. Абай шәкірттері мен ізбасарлары мектебі – ғылымдағы жаңа бағыт, оны, нақты айтқанда, мәдениеттің бір кезеңін анықтап және сақтап қалған Қайым. Қ.Мұхамедханов 1940 жылы тапқан Абай шәкірттерінің еңбегі ғылыми айналымға енгізілген. Қазір Абай шәкірттерінің шығармалары көпке белгілі, бұл еңбектер мектептер мен оқу орындары бағдарламасына енген. Қайым Абай шәкірттерінің шығармаларына әсерін тигізген орыс, батыс және шығыс әдебиеті және мәдениетімен байланыс орната білді. Мысалы, Пушкиннің «Бақшасарай фонтаны» және «Кавказ тұтқыны», Лермонтовтың «Мцыри» және «Демон» поэмалары Ақылбай мен Мағауияның «Дағыстан» және «Медғат Қасым» шығармаларын жазуға; Хаггардтың «Копи царя Соломона» романы Ақылбайдың «Зұлыс» және т.б. шығармаларына әсер етті. Кейіннен, ғалымның әрекет етуімен осы шығармалар мектеп және оқу орындары бағдарламасына енгізілді. Қайым 1940 жылдардан бастап және өмірінің соңына дейін Абай шығармаларының текстологиясымен айналысты. Ол Абайдың барлық өлеңдері мен поэмаларына түсініктеме жазды, сонымен ойшыл-ақынның ерекше сөздерінің тазалығын сақтады. Сонымен бірге, ол Абайдың 31 өлеңін нақтылап, ақынға тиесілігін анықтады, өйткені олар бұрын жоғалған немесе жаңсақ аударылған деп саналып келген еді. Қолжазбалар мен мұрағат материалдарын анықтап, сақтап және зерттей келе Қ.Мұхамедханов Абай, Шәкәрім, Әуезов, Алаш зиялыларының шығармашылығын зерттеудің тұтастай ғылыми бағытына жол салды.

Өзі айтқандай, «Сол дәуірдің кейбір құжаттары- жарты ғасырдан кейін де біреулерге ұнамасы белгілі. Өткен күннің қорқынышы мен пендешілік көңілді бүркемелейді. Бұл ретте онсыз да жала жабылған әкелер ұрпағы өкпелеп қалмай ма? Не істеу керек?.. Жалған жағдаяттар мен этикалық түсініктер салдарынан тарихты жабу, түзету, қайта жазу үлкен күнә. Егер біз халықтың рухани прогресімен санасқымыз келсе, шындықтың бетін ашып, білуіміз керек». Қ.Мұхамедхановтың барлық өмірлік мұратын анық көрсететін осы сөзі қмірлік ұстанымына айналды деуге болады.

Көзі тірісінде де Қ.Мұхамедханов адамзат алғысына бөленіп үлгерді деуге болады, десе де Герольд Белгердің мына бағасы ұлтжанды ғалымның бағасын асыра түседі: «Ғалымның есімі-келешек ұрпағына арнаған сөздері, Абай арқылы, «жылы жүрек және ыстық қайратпен» мәңгілік есте қалуы тиіс. Қазақ интеллегенциясының шынайы өкілі Қайым Мұхамедхановтың соңына қалдырған мұрасы- өміршеңдік, шынайы ақиқат, ерік-жігер, бекзаттық, рухани тазалық, биікке ұмтылу қасиеттері» .

Әдебиеттер:

1. Смағұлова А. Мұхамедханов және Абай мұражайы// Семей таңы. 2009. 18 маусым.
2. Д.Мұхамедхан. «Қ.Мұхамедханов кім еді?» Абай-Ақпарат порталы. 2016. 6 қаңтар
3. Мұхамедханов Қ. Ұлы жазушы, көрнекті қоғам қайраткері. «Семей таңы» газеті.1987ж.

АЛАШТЫ ОЯТҚАН «ОЯН ҚАЗАҚ»

Ақтайлақова Н.Н.,

«М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжінің» 2 курс студенті

Абай облысы, Семей қ., Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі: Маханбет Ақмарал

«Педагогика және психология» пән оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі, «М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі»

Міржақып Дулатұлы (1885 жыл, қарашаның 25 –1935 жыл, қазанның 5) - алаш қозғалысының қайраткері, қазақтың аса көрнекті ағартушысы, қоғам қайраткері, ақын, жазушы, жалынды көсемсөз шебері, либералды-демократияшыл зиялылардың бірі.

Алыстан Алаш десе аттанамын,

Қазақты қазақ десе мақтанамын.

Болғанда әкем қазақ, шешем қазақ -

Мен неге, қазақтықтан сақтанамын?!

Тарихшылар Міржақып Дулатұлының қоғамдық-саяси қызметі 1905 жылы Қарқара жәрмеңкесінде қазақтардың Ресей патшасына тарихи құзырхат жазған кезінен басталғанын айтады. Осы құзырхатты ұйымдастырушылардың бірі Міржақып болған.

Тарихи деректер бойынша, Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ» өлең кітабы 1909 жылы Қазан қаласындағы «Шарқ» баспасынан шыққан. Тарихшы ғалым Мәмбет Қойгелдиевтің айтуынша, «Оян, қазақ» кітабы ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы түрлі топтардың бәрінің көңілінен шыққан.

ҰЛТҚА АРНАЛҒАН ҒҰМЫР

Міржақып Дулатұлы 1917 жылы құрылған Алашорда үкіметінің белді мүшесі, Алашорда үкіметінің бағдарламасын жасағандардың бірі болғаны тарихи деректерден белгілі.

Ол 1916 жылы бірінші дүниежүзілік соғыс зардабын тартып, қырғынға ұшырап, босқынға айналған елге көмектесу мақсатында, Семей қаласында, қазақ тарихындағы ең алғашқы «Жанар» жәрдем қорын ұйымдастырғандардың бірі.

1921-1922 жылғы ашаршылық кезінде Алаш зиялылары аштыққа ұшырағандарға жылу жинап беруді қолға алғанда Міржақып Дулатұлы пен Жүсіпбек Аймауытов осы іске басшылық жасап, бірнеше айда 15 мың бас ірі қара жиып, ашыққан елге үлестірген.

Міржақып Дулатұлы 1928-ші жылы желтоқсан айында қамауға алынып, екі жылдан кейін ату жазасына кесілді. Кейін сот үкімі он жыл абақты жазасымен ауыстырылады. Беломор-Балтық арнасының құрылысы бойында, Сосновск станциясындағы жазалау лагерінде жазасын өтеген Міржақып Дулатұлы 1935 жылы осы лагерде ауыр науқастан көз жұмады.

1928 ж. тергеу кезінде: «ұлтшыл» деп кінә тағылғанда, «біз өз мемлекетіміз өзімізге тиісті болса деп тілейміз» деп түсініктеме берген. 1928 ж. Желтоқсан айының соңғы күндері:

Көзінді аш, оян қазақ, көтер басты,

Өткізбей қараңғыда бекер жасты.-деп бүкіл қазақ жұртын оятпақ болған Алаш қайраткерін ОГПУ қызметкерлері тұтқындап, Алматы қаласының басты түрмесіне түседі. 49 ж. түрмені қайта салып шыққан болатын. Бұл түрмеге 72 адам қамалған болатын. Міржақыппен бірге тағы да алаш алыптары тұтқындалды: А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Жаһанша, Мұхамеджан Тынышбаев, Халел Досмұхамедов, және Мұхтар Әуезов.

Түрмеге М.Дулаов 4-ші болып түседі. Голошокінді атпақшы болған Әділов, оны тоқтатпақшы болған Ж.Аймауытов, Жүсіпов, Дулатов тұтқынға алынады.ОГПУ қызметкерлері 3 жылға жуық тергеу жүргізіп, Алаш қайраткерлеріне бірнеше бап бойынша айып тағады.

1. 1921 ж. Ташкентте Совет өкіметіне қарсы астыртын ұйым құрғаны үшін;
2. Шетелде жүрген ақгвардияшыл З.Уәлидимен байланыста болғаны үшін;
3. Ағылшын кеңес соғысында ағылшындарды жақтаған Ф.Голошокінге теракт жасап, өлтірмекші болғаны үшін айып тағады.

Міржақып әдебиет қызметіне 1906 жылдан бастап кірісті. Оның сол жылдан бастап жазған өлеңі 1909 жылы «Оян, қазақ!» деген атпен басылып шықты.

«Оян, қазақ!» мазмұнына келгенде, бұл – қазақ ұлтшылдарының сол кездегі пурграмы деуге болады. Қазақ ұлтшылдары ұлт туын қолға алып, патша үкіметіне қарсы шыққанда осы «Оян, қазақты!» өздеріне пурграм ретінде қолданылды. «Оян, қазақ!» жарыққа шыға сала, қазақ зиялыларының жәрдемімен, қазақ елінің түкпір-түкпіріне аз уақытта тарап, тіпті, сол кездегі ұлт туын ұстауға ынталы оқығандар «Оян, қазақты!» ел аралатып сатты. «Оян, қазақ!» көп кешікпей қуғынға ұшырады. Жер-жердегі патша үкіметінің полициялары «Оян, қазақты!» іздеп, оны ұстаушыны қузап, сатушыны абақтыға жаба бастады. «Оян, қазақ!» үшін Міржақып абақтыға түсті. Бұл туралы өмір тарихында толық айтылды. Ахмет Байтұрсынұлының «Масасы» ұлтшылдықты қазақ даласына ызыңдаған маса ғана болса, «Оян, қазақ!» аттан салып, айғайға басқан ащы ұран болды. Бұлай болған себебі, ХХ ғасырдың басынан бастап қазақ даласы отаршылдық қысымға қатты түсті. Сол қысылған

даланың «Оян, қазақ!» қайдағы қышыған жеріне барып тиді. Бұдан былай сөзді «Оян, қазаққа!» берейік.

Міржақып «Оян, қазақтың!» басында ең алдымен, бүгінгі отар боп отырған елдің көзіне кешегі хандық дәуірін, екінші сөзбен айтқанда, өз алдына ел болған дәуірін елестетіп алады: «Ол заман үш жүз бірге араласқан, Бағынып еш патшаға қарамастан. Хан шығып, өз ішінен халықты билеп, Билері хукім етіп, өнер шашқан. «Көпсе де мың шақырым жері жайлы, Аққан бұлақ, шалғыны көк орайлы. Тоқты қоздап жүріпті, тай құлындап Жер тар болып көрмепті уайымды».

Бұдан әрі қарай, қазақтың орысқа отар болуы, қазақтың ескі кездегі кейбір адамдары қазақты орысқа сатуы, бертін келе қазақ халқының елдігі жойылуға айналып, қысым көргендігі айтылады. Одан кейін: «Русияда жиырма миллион бар мұсылман Жері жоқ осылардың бір қосылған»,– деп, татарлардың исламшылдық (панисламизм) пікірін жанап өтеді де, «Мәселен біздің қазақ бұл уақытта, Тысқары рухани идарадан»,– деп, қазақтың билеу ісінен тысқары екенін айта кеп, ақырында: «Қазағым көрмегенің әлі алдыңда, Боларсың көне берсең мұнан жаман. Босында аяқ-қолың қимылдап қал, Бір күнде тыпырлауға келмес шамаң»,– дейді. Бұл қарасөзге айналдырғанда: отаршылдыққа қарсы тұр деген сөзі ғой.

Міржақып Дулатұлы «Оян, қазақ!» өлеңі:

Оян, қазақ! Ойлан, қазақ! Бол, қазақ!

Шын бақытқа жеткізетін жол да ұзақ.

Алашағың аз ба мына дүниеден,

Болашағың емес пе еді зор, ғажап?!

Оян, қазақ! Ойлан, қазақ! Бол, қазақ!

Сілкінші бір қанатыңды қомдап ап!

Ауырыңды арқала да, алға бас,

Бауырыңмен не көрінді жорғалап?!

Мен қазақпын, сен қазақсың, ол қазақ,

Ер мінезбен өр рухқа болма жат.

Ортасына жалғыз орыс кіргенде,

Орыс тілде шүлдірлейді он қазақ.

Көзінді аш, оян қазақ, көтер басты,

Өткізбей қараңғыда бекер жасты.

Жер кетті, дін нашарлап, хал арам боп,

Қарағым, енді жату жарамас-ты-деп жырлаған, жиырмасыншы ғасырда өмір сүрген Міржақып Дулатұлының "Оян, қазақ" өлеңіндегі мәселе қазір де орын алайын деп отыр. Бір айырмашылығы қазіргі заманда оқимын десең тегін мектеп, тұрамын десең баспана бар. Демек, ешқандай проблема жоқ. Нағыз проблема қоғам жалқауланып кеткенбе? Ата-бабамыз қаншама ғасырлар бойы өскелең ұрпақ үшін, болашақ үшін жанын қиып, елін қорғады. Қанша жерден қиналса да ешқашан берілмеді. Он жетінші ғасырлардан бастап жоңғарлардан қорлық көріп, екі жарым миллион халқынан айырылды, сонда да елім деп берілмеді. Азаттық үшін күресті. Қарақұмдағы өткен құрылтайдағы Бөгенбай батырдың:

«Біз жаудан кек алуымыз керек, жеңеміз немесе қолға қару ұстап, шайқаста ақ өліммен өлеміз, қарттарымыздың, әйелдеріміздің, балаларымыздың зар-мұңы мен көз жасын көріп тірі жүре алмаймыз...» деген сөзі ше? Осы сөздерден-ақ ата-бабамыздың ерлігін сезінуге болады. Бұнымен бәрі біте қойған жоқ, 1928 жылдан бастап Сталиндік репрессия басталды. Қазағым, деп жаны шыққанша сөйлеген қоғам қайраткерлері мен ақын, жазушыларды жаппай түрмеге қамап, жалған айыппен отбасын да өлтіре бастады. Т. Рысқұлов, Н. Нұрмақов, С. Қожанов, Ұ. Құлымбетов, О. Исаев, О. Жандосов, Ә. Досов, А. Асылбеков, Ж. Сәдуақасов, С. Сафарбеков, Т. Жүргенов және тағы басқаларына 1937-1938 жылдар аралығында «ұлтшыл-шафист» және тыңшы деген кінә тағылды. Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, А. Ермеков, Х. Досмұхамедұлы, М. Тынышбайұлы, М. Жұмабай, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин, С. Асфендияров, Ж. Шанин, К.

Кемеңгеров және тағы басқа да көптеген мәдениет және өнер қайраткерлері, ұлт жанашырларына «халық жауы» деген жала жабылды. Сондағы Ресейдің мақсаты қазақ елін мәңгі құл ету. Осының артынша соғыс басталды. Иә, соғыста да қайран қазағым аз қиыншылық көрген жоқ. Сол замандарда соғысқа тіпті М.Маметова, А.Молдағұлова сынды ержүрек қыздарымыз да қолаң шаштарын қиып, соғысқа аттанды. Бұл оқиғадан соң 1986 жылы "Желтоқсан көтерілісі" болды. Желтоқсан көтерілісі - 1986 жылы 17 — 18 желтоқсан аралығында Алматыда болған қазақ жастарының КСРО үкіметінің отаршылдық, әміршіл-әкімшіл жүйесіне қарсы наразылық іс-қимылдары. Бостандыққа, тәуелсіздікке ұмтылған қазақ халқы тарихындағы елеулі оқиға болып табылады. Желтоқсан көтерілісінде Қ.Рысқұбеков, Л.Асанова сынды ел жанашырлары жанын қиды.

Осы оқиғалардың барлығын негізге ала отырып, Қазақстан тәуелсіздікке ие болды. Ал қазіргі жастар керісінше, артқа жылжып бара жатыр. Неге батырларымыздың ерлігін дәріштеп, әрі қарай елімізді көркейтпеске? Болашақ тек жастардың қолында. Қазіргі заманның өскелең ұрпақтарына "Оян, қазақ" дегім келеді. Бір байқағаным осы заманда патриот болған ұят екен. Мысалы, ғаламторға көк туымыздың суретін салсақ мазақ қылған пікірлерді байқаймыз. Нағыз қазақ сөздерімен сойлесек барлығы түсінбей, қай заманның адамысың деп келемеждейді. Қазақша көйлек кисең ауылбай деп шығады. Неліктен? Мұнда тұрған не бар? Еліне деген сүйіспеншілік болған ұят па? Оян, қазақ!

Әдебиеттер:

1. “Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл. ISBN 9965-26-096-6
2. Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. “Алматыкітап баспасы”, 2009 ISBN 978-601-01-0268-2
3. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, ISBN 5-7667-2949-9
4. Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. 2-басылымы, өңделген. Жалпы редакциясын басқарған тарих ғылымының докторы, профессор Б. Ғ. Аяған. Алматы: Атамұра, 2009. ISBN 9965-34-933-9
5. Қ60 Қойшыбаев Б, Әлихан Бөкейханов. – Алматы: Жеті жарғы, 2001. ISBN 5-7667-5066-8
6. Міржақып Дулатұлы деректі фильмі. <https://youtu.be/TgYIigg0IBs>

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ӘДЕБИ ЖӘНЕ ТІЛДІК МҰРАСЫ

Смагулова А. А., студент

М. О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» бөлімі.

Қазақстан Республикасы, Семей қаласы

Тіл – ұлттың жаны. Тексіздік тілсіздіктен басталады. Тіл – елшінің-қаруы, ойдың шындығы. Ұлттың, тұлғаның, таланттың, әр пенденің рухынан қасиетті және мәңгілік ештеңе жоқ. Дүниенің тұтқасы да сол рух. Ал рух еркіндігінің көрінісі рухани мәдениетінен, өнерінен, әдебиетінен, оның тілінен байқалмақ. Ұлттық даму бағытын мұрат еткен ел оқығандарының тіл тағдырын сөз еткен ой-пікірлері бүгінде бір арнаға тоғысты. Әр қазақ ана тілінің мәртебесін көтеруде, ұлт тілінің тағдырына қатысты мәселеде көшбасшылық танытуы тиіс деген қағидамнан мен де айнымаймын. Алаш зиялыларының саяси және рухани күресіндегі негізгі мақсат, орасан міндет, ол ұлтымызды ұйыстыру, сол арқылы елдігімізді айқындау десек, онда осындай ұланғайыр сауапты істің аясында ана тілімізді сақтау мәселесі тұрды.

Алаш қайраткерлерінің қай-қайсы да тілдің саяси, қоғамдық һәм рухани үлкен күш, ұлтты біріктіруші қуатты құбылыс екендігін жақсы сезінді. Сондықтан да Алаш сияқты аса ірі қозғалыстың рухани тінінде қазақ тілі мәселесі ерекше орынға ие болды. Ұлттың бойындағы сан ғасырлар жинақталған рух пен мұраттың ұлы бұлқынысы болған Алаш қозғалысы ел тағдырына қатысты барша идеяны өзіне өзек еткені бүгінде көбімізге белгілі. Құдайға тәуба, Алаш қайраткерлері күресінің тағылымы да, Алаш қаламгерлерінің мұрасы да жылдан жылға қазақтың рухани-мәдени өміріне еніп, «Алаш» сөзі аяулы ұғым, қасиетті түсінік ретінде қоғамымызда асқақтатыла айтылып келеді. Күнделікті теледидардан, радиодан, газеттерден «Алаш» сөзінің айрықша мән беріліп айтылғанына, жазылғанына куә болудамыз. Яғни, Алланың қалауымен қазақ баласының жаны мен жүрегіне, ойы мен пікіріне, санасы мен сезіміне «Алаш» ұғымы уақыт өткен сайын бойлай түсуде. *«Партия ұраны десек, бабамыздың «Алаш» ұранынан артық ұранды іздесек те таба алмаймыз. Сүйтіп қазақ саяси партиясының атын «Алаш» қою ойлап әуре болмастан ауызға түсіп отыр»* - делініпті «Алаш» партиясы құрылған Бірінші жалпықазақ сиезі жөнінде жазылған «Қазақ» газетіндегі сүйінші мақалада.

Сонау ХХ ғасырдың басында елдің еркіндігі үшін күрескен ерлер қалаған осы қасиетті сөз тәуелсіздігіне жеткен қазақ баласына да соншалықты қымбат, аяулы ұғымға айналуға. Бұл – санамыздың жаңғыруы, тарихи тамырларымызды қастерлеуіміз, елдіктің белгісі, өсер жұрттың өнегесі. Алаш зиялыларының саяси және рухани күресіндегі негізгі мақсат, орасан міндет, ол ұлтымызды ұйыстыру, сол арқылы елдігімізді айқындау десек, онда осындай ұланғайыр сауапты істің аясында ана тілімізді сақтау мәселесі тұрды. Алаш қайраткерлерінің қай-қайсы да тілдің саяси, қоғамдық һәм рухани үлкен күш, ұлтты біріктіруші қуатты құбылыс екендігін жақсы сезінді. Сондықтан да Алаш сияқты аса ірі қозғалыстың рухани тінінде қазақ тілі мәселесі ерекше орынға ие болды. Ұлт-азаттық күрес заманы қалыптастырған зиялылардың ана тілімізге арналған еңбектері, тіл жолындағы алуан күрестері – бүгінгі өзі де азат, тілі де азат күнге жеткен қазақ баласына тағылымды мұра, өміршең өсиет. Алаш зиялыларының тіл төңірегіндегі еңбектерінің алуандығы – олардың ұлт тағдырындағы тілдің төтенше маңызын әрі терең, әрі жан-жақты түсінгендігін аңғартады. Соған орай, Алаштың тілдік мұрасын сан тарапты құбылыс деп бағалай келе, оны бірнеше аспектіде сипаттаудың бірқатар мүмкіндіктерін аңғартпақпыз.

Біріншіден, Алаш азаматтары қазақ ғылымының төлбасы әрі арналы саласы ретінде ең алғаш болып тілтану ғылымының іргетасын қалады. Оның себебіне үңілсек, онда Алаш қайраткерлерінің барлық ұлттық ерекшеліктердің ішінен халықтың болмысын, өткені мен бүгінін танытарлық тіл сияқты ең көрнекті құбылысты таңдауы аса қисынды еді. Қандай ғылым болса да, әлбетте, белгілі бір қолданбалы, жүзелік сипаттан өрістейді. Осы тұрғыдан келгенде, Ахаңның тіл саласындағы еңбектері, кейінірек жазылған Халел Досмұхамедұлының, Телжан Шонанұлының, Елдес Омарұлының еңбектері алдымен оқытуға, білім беруге арналған дүниелер болатын. Айталық, Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы», «Тіл құралы», Телжан Шонанұлының, Елдес Омарұлының оқу-әдістемелік мақалалары осыны аңғартады. Әсіресе, тіліміздің жазу үлгісінің, емлесінің қалыптасуындағы Алаш зиялыларының орны алабөтен. Алаш оқымыстыларының қазақ тіл білімі тарихындағы орнын 1924 жылы Орынбор қаласында өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі де байқатты. Осы алқалы, тарихи жағынан маңызды ғылыми жиындағы А.Байтұрсынұлының, Е.Омарұлының, Н.Төрөкұлұлының баяндамалары, Т.Шонанұлының, М.Дулатовтың, Х.Досмұхамедұлының, М.Тұрғанбайұлының, М.Саматұлының сөйлеген сөздері, ой-пікірлері тілтану ғылымының күрделі мәселелерін шешуде алаштықтардың қаншалықты үлкен еңбек сіңіргендіктерін қаншалықты эрудициясы мен интуициясы бай тұлғалар екендіктерін айғақтады. Осы сиезде, негізінен, әліпби, жазу ережелері тақырыптары баса көтерілгенімен, олар тілдің сан алуан мәселелері төңірегінде сөз қозғауға өрісті ой тудырды. Осындай білімпаздар сиезі, біздің пайымдауымызша, бүгін де қажет сияқты. Себебі емледе болсын, терминологияда болсын, ономастика саласында болсын тілші ғалымдармен бірге басқа ғылым саласы өкілдерімен бірге ақылдасып ортақ уәжге келерлік мәселелер баршылық.

Алаш оқымыстылары қалыптастырған қазақ тіл білімі Ахаңның, Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми-тілдік мектебін қалыптастырды. Бұл мектеп ілгеріде есімдері аталған тілтанушыларды өсірді, бұдан кейінгі кезеңде Ахаңның көзін көрген өнегесін алған қаншама ғалымдар қалыптасса, совет заманындағы қазақ тіл білімі де Ахаңның ізімен жүрді, оның атын атай алмаса да, еңбектерін пайдаланды. Енді тәуелсіздік алған заманда тағы да Ахаң өзінің ұстаздық мінберіне барша тұлғасымен көтерілді.

Екіншіден, Алаш қаламгерлері ХІХ ғасырдың ортасында алғашқы белгілері байқалған ұлттық жазба әдебиетімізді жанрлық жағынан да, стильдік тұрғыдан да қалыптастырды, анағұрлым байытты. Бастапқыда Шортанбай Қанайұлы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Әбубәкір Кердері және тағы да басқа исламдық ағартушылық ағымның өкілдері шығармашылығында, сәл кейінірек тұтастай түрде Ыбырай Алтынсарин, Абай өнернамасында қалыптаса бастаған жазба әдебиетінің көркемдік, стильдік, жалпы тілдік белгілерін іргелендірді. А.Байтұрсынұлы, Ғ.Қараш, М.Дулатов, С.Торайғыров, Б.Серкебаев шығармаларындағы жазба реалистік дәстүр, М.Жұмабаев, Б.Күлеев поэзиясындағы романтикалық жазба дәстүр мәдениетті жазба әдебиетінің қалыптасқандығын байқатса, Ж.Аймауытов, М.Әуезовтердің көркем прозасы классикалық жазба әдебиетінің зор үлгілері болды. Әңгіме, повесть, роман, поэма, баллада, драма сияқты жанрлардың түгенденуі де ұлттық жазба әдебиетіміздің қалыптасу кезеңінен даму биігіне қарышты қадам жасағандығын әйгіледі. Қазіргі кезде ғалымдар тарапынан «Алаш әдебиеті», «Алаш ұранды әдебиет» делініп жүрген әдебиет идеялық жағынан да, тақырыптық жағынан да, тілдік-стильдік жағынан да, жанрлық жағынан да, бейнелілік жағынан да ауызша дамыған сөз өнеріміздің жазба әдебиетке тән деңгейге көтерілуіне өлшеусіз үлес қосты. Бұл тіліміздің бойындағы мүмкіндіктерді барынша көрсетуге, көркем әдебиет стилінің дамуына жағдай жасады. Алаш әдебиеті арқылы ұлттық сөз өнеріміз жаңа деңгейге жетіп, тіліміздің байлығы мен оралымдылығының, мағыналылығының, әлеуетінің мүмкіндіктері мол екендігін паш етті. Сайып келгенде, Алаш қозғалысының өзі сол қаламгерлердің шығармашылық жолын айқындады. М.Жұмабаев, Ж.аймауытов, М.Әуезов сияқты ұлы қаламгерлердің қалыптасуына шешуші ықпал етті. Бұған қоса Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы мақалаларынан басталып, «Әдебиет танытқышқа», «Әдебиет тарихына» ұласқан әдебиеттану ғылымының қалыптасуы да Алаш қаламгерлерінің жазба әдебиетімізді дамытқанын, ғылыми-эстетикалық тілдің де негізін қалағандығын дәлелдеді.

Қалам ұстаған Алаш азаматтарының әдеби тілімізге жасаған осы тарихи еңбегі қазақ тілінің кейінгі өрістеу жолдарын айқындаған өнегелі, өміршең дәстүр болды. Жазба әдебиетіміздің тарихындағы алаштық кезеңді зерттеуде қазақ лексикасының зор мүмкіндіктерін айқындайтын мысалдар жеткілікті. Сөз қолдану, ұғымды беру, тың сөз тіркестерін жасау, бейнелілік тудыру, тілдің стильдік мүмкіндіктерін ашу, құбылысты суреттеу – олардың ұлттық ойлаудың биігіне жеткендігін, сондай-ақ Шығыс пен Батыстың рухани игіліктерін ізденгіштікпен зерделегенін байқатады. Алаш қайраткерлері мен қаламгерлерінің бұл жоралы жолы із-түссіз кеткен жоқ. Оның тамаша дәстүрлері өзінен соңғы советшіл әдебиеттен көрініс тауып жатты. Алаш әдебиетінің рухы Мұхтар Әуезов сияқты данышпан жазушының қаламына қанат бітірді, осы рух Бауыржан Момышұлын, Ілияс Есенберлинді, Мұхтар Мағауинды тағы да қаншама қазақтың ұлыларын, ұлтты сүю мен ұлтқа қызмет етудің жоралы дәстүріне баулыды.

Үшіншіден, Алаш зиялылары ХХ ғасырдың басында ұлт тәуелсіздігі мәселесін көтере отырып, ұлттың рухани-мәдени өрлеуіндегі, саяси ұйысуындағы асыл қазынаның бірегейі тіл екендігін байыптады. Сөйтіп, олар тілді сақтау, дамыту, қолданыс аясын кеңейту міндеттерін көтере келе, қазақ тілінің саяси, қоғамдық, әлеуметтік мәртебесіне ерекше мән берді. Бұл алаштықтар тарапынан тілдің саяси, әлеуметтік маңызын, ұлттың тұтасуы мен өркендеуіндегі орнын сезініп, оған тұңғыш рет берілген толымды баға болатын. Бұл да тәлімі тарихи деуге татитын Алаштың орасан өнегесі болатын. Ресей отаршылдығының саяси, әскери қысымын ғана емес, рухани өктемдігін сезген, көрген Алаш зиялылары тілді, ұлтты сақтап қаларлық қуатты құрал деп қарады, бағалады, соған риясыз қызмет етті. Хандық

мемлекет тұсында тіл билік пен шешендіктің, көсемдіктің, өнебойы отаршылдықта өткен XIX ғасырда қарсылық пен сынның құралы болса, Алаш қозғалысы тұсында тілге ең алғаш рет ұлтты тұтастырушылық ірі қызмет жүктелді. Яғни, қазақ тілі қалың ел, ордалы жұрттың тілі ретінде сақталу керек, сақтала тұрып ұлттың ұлттығын да сақтауы тиісті деп бағаланды. А.Байтұрсынұлы *«Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл»*-деп ұлттық рухтың, болмыстың негізі де, арқауы да, тіл екендігін алғаш аңғартты. Ахаңның осы сөзіне орайлас пікірлерді Алаш зиялыларының көпшілігі білдірді. Айталық, Ғұмар Қараштың: *«Тіл сақтауға мүмкін болғанда, тіл сақталуға тиіс. Біз тілімізді қанша сақтасақ, ұлтымызды да сонша сақтаған боламыз»*, Мұстафа Шоқайдың: *«Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тіл. Кешегі Ресей тіліміздің дамуына жол бермеді. Ол кезде біздің ұлттық басылымдар шығару құқығымыз жоқ болатын»*, Халел Досмұхамедұлының: *«Ана тілін жақсы біліп тұрып бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйініш; ана тілін білмей тұрып бөтенше сөйлесең, бұл – күйініш. Өз тілін білмей тұрып, жат тілге еліктей беруі зор қате. Бұл оқығандардың һәм оқушылардың есінен шықпауы керек»*, Мағжан Жұмабаевтың: *«Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу»* дегендері біздің заманымызға үндес, өзекті пікірлер. Егер біздің тіліміз егемен елдің, дербес мемлекеттің мемлекеттік тілі екендігін, осы мәртебелі тіліміздің өзінің тұғырына толық қонбай жатқанын ескерсек, Алаш зиялылары өсиетінің бағасы да, маңызы да еселеп артатындығына деп қоямыз. Бұл бағыттағы өрісті ойлардың сілемі қалын оқырман қауымға әлі де мәлім бола қоймаған Ғ.Қараштың *«Ұлт һәм туған ел»*, М.Тұрғынбаевтың *«Қазақ тілін іске асыру»* мақалаларынан айрықша аңғарылады. Ұлттық руханияттың өзегі ана тіл екендігін рухани-мәдени тарихымызда алғаш білдіргендер алаштықтар болды. Олар ана тілін ұлт болмысының басты бөлшегі ретінде қарастырып, әсіресе, жас ұрпақ тәрбиесінде оның алатын орнына да ерекше назар аударды. Сондықтан да өз ана тілінде сөйлеу, тілін білу – ұлттық іргелі мәселе екендігін Алаш зиялылары сол кезеңнің өзінде-ақ жақсы ұғынғаны олардың еңбектерінен бедерлене байқалып жүрді. Бұл орайда тағы да бір мәселені айта кеткеніміз жөн. Қазіргі кезде ана тіліміз – қазақ тілі туралы әдеби шығармалар өрісті тақырыптардың біріне айналып отырса, олардың алғашқы үлгілерін дүниеге келтірген де Алаш қаламгерлері болатын. А.Байтұрсынұлының *«Туған тілім»*, М.Жұмабаевтың *«Қазақ тілі»*, С.Торайғыровтың *«Туған тіліме»* өлеңдері – жалпы қазақ әдебиетіндегі тіл тақырыбында жазылған тұнғыш көркем туындылар еді. Алаш қайраткерлерінің тіл турасындағы осы көкейкесті ойлары, рухани күресі азаттық алған бүгінгі қазаққа да жолбасшылық етуде.

Төртіншіден, Алаш қозғалысы тұсында шын мәніндегі ұлттық мазмұндағы қазақ баспасөзі қалыптасты. Бұл құбылыс тиісінше әдеби тіліміздің көсемсөз жанрын дүниеге әкелді. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Ғұмар Қараш, Міржақып Дулатов, Сұлтанмахмұт Торайғыров және тағы да басқа Алаш қаламгерлерінің XX ғасырдың алғашқы жылдарындағы публицистикалық еңбектерін тізбелемегеннің өзінде, «Қазақ» газеті сияқты ұлттың ұлы басылымының өзі публицистикалық стильдің, жалпы әдеби тілдің қалыптасуына өлшеусіз мол үлес қосты. «Қазақ» газеті бетінде жарияланған алуан материалдар сол кезеңнің тынысын, қозғалыстың барысын ғана куәландырып қоймай, сонымен бірге әдеби тіліміздің де өсу, тармақтану қарқынын аңғартты. Бұл газет ұлт көсемсөзінің ғана емес, тіліміздің маржан қорының қойнауында өнген әдебиетіміздің де, сонысымен тіліміздің де айшықтыкөркемдігін, бай бейнелілігін ашты. Сондықтан да заңғар Әуезов: *«Жазба әдебиетте Абайдан соң аты аталатын – «Қазақ» газеті. «Қазақ» газетінің мезгілі әдебиетке ұлтшылдық туын көтерген мезгілімен тұстас. Ол уақыт қазақ жұрты 1905-ші жылдың өзгерісін өткізіп, ел дертінің себебін ұғып, емін біліп, енді қазақты оятып, күшін бір жерге жиып, патша саясатына қарсылық ойлап, құрғақ уайымнан да, бос сөзден де іске қарай аяқ басамыз деп, талап қыла бастаған уақытына келеді»* деген еді /2,350/. Ұлттың мүддесін үндеген «Қазақ» газетінің өзі де, аңғарар болсақ, әдеби тілдік жағынан жылдан жылға өскені байқалады. Әсіресе, газет бетіндегі әдеби тіл тармақтарының саралана көрінуі,

қазақ тілінің бай мүмкіндіктерінің тараулана байқалуы газеттің 1917 жылғы сандарынан айрықша көрініс береді. М.Дулатовтың «Тарихи жыл» мақаласы, Ә.Бөкейханның «Қазақ сиезі», «Алаштың талапты азаматына», редакцияның «Алаш партиясы» және тағы да басқа публицистикалық туындыларда ұлт баспасөзі деңгейінің артқандығы, публицистикалық стильдің ширағандығы кеңінен сезіледі. Алаштың рухани көсемі Аханның еңбегімен, жігерімен дүниеге келген «Қазақ» газетімен бірге, Түркістан көсемі Мұстафа Шоқай шығарған «Бірлік туы» және Алаштың астанасы Семей қаласында Райымжан Мәрсекев, Халел Ғаббасовтар шығарушылары болған «Сарыарқа» газеттері публицистикалық тіліміздің айрықша дамуына іргелі үлестерін қосты. Сөйтіп, қазақ публицистикалық тілі мен стилі Алаш қозғалысы тұсында аяқтанды деп айта аламыз.

Бесіншіден, Алаш оқымыстыларының ғылыми және ғылыми-танымдық еңбектері, әр салаларға арналған оқулықтары арқылы тіліміздің ғылыми және ғылыми-көпшілік стильдерін қалыптастырды. Айталық, Ә.Бөкейханның тарих, фольклортану, әлеуметтану саласындағы ғылыми шығармалары, А.Байтұрсынұлының 1912 жылдан бастап 1928-1929 жылдарға дейін жазылып жарияланған оқулықтары, оқу құралдары, ғылыми мақалалары, Х.Досмұхамедұлының медицина, биология, тілтану саласындағы ғылыми еңбектері, М.Тынышпаевтың тарихи зерттеулері, М.Дулатовтың тілтану, әдебиеттану, математика саласындағы ғылыми шығармашылығы, Ж.Аймауытовтың психология, әдебиеттану саласындағы ғылыми ізденістері, М.Жұмабаевтың педагогика, әдебиеттану саласындағы еңбектері, Т.Шонанұлының тілтану, әдістемеге арналған оқу құралдары мен зерттеулері, сондай-ақ Ә.Ермековтің, М.Тұрғанбаевтың, Е.Омарұлының, С.Асфендияровтың, М.Бұралқиевтың, Қ.Кемеңгерұлының, С.Сәдуақасовтың ғылыми еңбектері ғылым тілінің, қазақтың ғылыми терминологиясының қалыптасуында айрықша белес болды. Қазақ тілінің әліпбиін, емлесін жасаумен, ішкі заңдылықтарын ғылыми дәйектеумен бірге Алаш зиялылары тіліміздің тазалығы, мәдениеті үшін де күресті.

Х.Досмұхамедұлының «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы», М.Дулатовтың «Қазақ тілінің мұңы», Н.Төрөқұлұлының «Ауропа сөздері» т.б. еңбектерде тіліміздің орфоэпиялық, орфографиялық нормаларының сақталуы, басқа тілдердің әсері, тіл табиғатының бұзылмауы, сөзжасам т.с.с. мәселелер айтылып, қазақ тілінің табиғи болмысын сақтау, тіл тазалығы, сөз мәдениеті тақырыбында бүгінде өзектілігін жоймаған ойлар өрістетілді. Алаш оқымыстылары бастаған осы ғылыми дәстүр совет тұсында қанша масұқталғанымен, бәрібір қазақтың ғылыми алқабына себілген дән болып көктеп шықты, өз жемісін берді, бүгінгі бізге де қуатты құнар болуда. Әсіресе, Алаш асылдары қалыптастырған ғылыми терминология әлденеше ғылым саласында орнықты. Олардың термин жасаудағы қағидаттары, қазақ тілінің бай мүмкіндіктерін қолдану әдістері мен дағдылары қазіргі қазақ терминологиясының мектебі іспетті. Алаш санаткерлері қалыптастырған осы терминологиялық қор, біздің ойымызша, ғылыми тұрғыдан қорытылу қажет, соған орай оның қағидаттары мен тұжырымдары осы саладағы барлық мамандарға жеткізілуі тиісті. Сонда біз қазіргі термин саласындағы көптеген, жиі айтылып қалып жүрген ала-құлалықтардан арылмақпыз. Сондай-ақ Алаш ғалымдарының сан салалы ғылыми тәжірибелеріне жалпы таза ғылыми деңгейде лайықты баға беретін де уақыт келді деп ойлаймыз. Әрине, ғылыми мұраны зерттеу, зерделеу жұмыстары сонау 1980 жылдардың соңында, 90 жылдардың басынан бері қолға алынуда. Сандаған мақалалар жазылды, ғылыми деңгейі әртүрлі диссертациялар қорғалды, енді оларды қорыту, соның негізінде жаңа ғылыми бағыттарды айқындау, маңызды мен мардымсыздың жігін ажырату сәті туған сияқты. Бұл мәселенің өзектілігі – ғылым саласында дәстүрлі реттен бас тартып, жаңа жүйені қалыптастырудың қазіргі кезеңімен сабақтас. *Алтыншыдан*, Алаш қаламгерлерінің аударма саласындағы алуан еңбектерінің нәтижесінде қазақ аудармасының негізі қаланды. Бұл арада Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Қ.Кемеңгерұлы және тағы басқалар жасаған көркем аудармалар, Х.Досмұхамедұлы, Ж.Аймауытов, Т.Шонанұлы және тағы басқа қаламгерлер жасаған ғылыми аудармалар, сондай-ақ әлеуметтану, саясаттану, философия

салаларында орындалған аудармалар, әлбетте, саны жағынан да, түрі жағынан да өзіне дейінгі кезеңдерге қарағанда әжептеуір өсу болатын.

Жетіншіден, Алаш қайраткерлері жалпылай келгенде, Алаш қозғалысының барысында, негізінен алғанда, облыстық қазақ комитеттерінің, Алаш партиясының құрылуы тұсында, Бірінші, Екінші жалпықазақ сиездері кезінде, Алашорда үкіметінің қызмет етуі кезеңінде тіліміздегі ресми-іскери стильді қалыптастыра бастады. Алаш автономиясы құрылып, Алашорда үкіметі оның облыстардағы, уездердегі комитеттерінің жұмыс атқару шағында аталған стильдің сандаған үлгілері пайда болғаны белгілі. Бұл қазақ тілінің мемлекеттің тілі болуының алғашқы үлгісі еді. Қазақ тілінің мемлекеттік деңгейде болуына большевиктік биліктің бастапқы жылдарында да Ахаң бастаған Алаш қайраткерлері зор ықпал еткені тарихтан белгілі.

Бізге Алаш зиялыларының тілдік мұрасы осыны үндейді. Ол ұланғайыр мұрамен танысу, білу, біздің ойымызша, бастапқы қадам ғана. Алаштың аяулы азаматтарының еңбегіне лайықты баға беріп қана қоймай, оны жүзеге асырудың жолдарын да ойластырып, әрекет жасағанмыз абзал. Көрнекті алаштанушы Мәмбет Қойгелдиевтің сөзімен айтсақ: *«Халықтың өткен өмірі жалпықоғамдық мәні бар тәжірибе ретінде қорытылып, белгілі бір дәрежеде ұлт игілігіне асқанда ғана құндылыққа айналады. Онсыз өткен тарих қысыр аңгіме ғана. Егер біз Алаш қозғалысын ұлт тарихында ерекше орны бар құбылыс ретінде ғана бағалаумен шектелсек, онда біз оны түсіне алмаған ұрпақ болып шығар едік. Бізге бүгін жалпыұлттық деңгейде қорытылып, жалпыұлттық деңгейде игерілген, яғни, ұлттық дүниетаным мен ұстанымның іргетасы міндетін атқара алатын тарих қажет. Ал Алаш қозғалысы сол дүниетанымдық тарихтың өзегі. Өйткені, Алаш халқымызды бесігінде тербетіп, есейіп ат жалын тартып мінгенде бойына күш-қуат және сенім берген ұлттық идея. Алаш – ұлттың өзін бөлінбес тұтас жер, яғни территория ретінде сезінуі. Алаш – ұлттың аспан асты, жер үстінде өз орны бар ел ретінде өз енісі мен үлесін анықтау харекеті» /3,29/.* Бұл Алаш мұрасы мен мұратын танудың терең толғамы. Алаштың құндылығы хақындағы осы толғамы Алаш қайраткерлерінің тілдік мұрасына да әбден қатысты деуге болады.

Біз бабаларымыздың күресімен өсетін бойымызға сіңіруде, олардың бүгінгі күнімізбен тікелей сабақтас құндылық екендігін әрқашан сезінуіміз қажет. Осы тамырластық дегдар сезім бүгінгі қазақтың азаттығына, ел болуына, ел болу үшін, басқа да мемлекеттік атрибуттармен, істермен бірге ұлт тілінің мерейін асыратын, отаршылдық қалдықтармен күресетін баянды шаруаларға жұмылдыру шарт һәм міндетті. Бағзы бабалардан да, абыз Абайдың да, Алаш зиялыларының да аманаты осында.

**АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРЫ МЕН
АУДАРМАЛАРЫНЫҢ ҰЛТ РУХАНИЯТЫНДАҒЫ ОРНЫ**

Аскербекова Ж. К., 2 курс студенті

М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі

Абай облысы, Семей қ., Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі: Маханбет Ақмарал

*«Педагогика және психология» пән оқытушысы Педагогика ғылымдарының
магистрі, М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі*

Алаш қайраткерлері мен қазақтың әкімшілік элитасы, ғылыми және шығармашылық зиялы қауым өкілдері қазақ мемлекеттілігінің негізін қалады. "Алаш" немесе "Алашорда қозғалысы" - бірнеше құрамдас бөлімдерден тұратын күрделі ұғым. Сондықтан ең алдымен Алаш қозғалысының негізгі ұғымын зерттейтін мәселелерге тоқталу қажет. Біріншіден, саяси партия ретіндегі Алаш, екіншіден, мемлекеттік құрылым түріндегі Алаш автономиясы, үшіншіден, осы автономияны тиісті басқаруға қажетті болған Алашорданың негізін мәселелерінің талаптары. Алаш қайраткерлері Орталық Азияны ұлттық-территориялық межелеу және қазақ жерін біріктіру үдерісіне белсене қатысты. Алаш зиялыларының өкілдері Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ә. Беремжанов, М. Шоқай, Ж. Ақпаев, М. Тынышпаев, Ә. Ермеков, сондай-ақ ұлт коммунистері С. Ходжанов, Т. Рысқұлов болды. С. Мендешев, С. Сейфуллин, С. Асфендияров, С. Сәдуақасов, Н. Нұрмақов және т.б. қазақ жерінің тұтастығын қамтамасыз етуге бар күш-жігерін салды.

Алаш зиялылары рухани сананы қалыптастыруда өздерінің еңбектерінде әр салаға байланысты көптеген мәселелерді қарастырған. Соның ішінде Алаш қайраткерлерінің тарихи-құқықтық көзқарастары мен жастарға арнап шығарған еңбектері өте көп. XX ғасырдың басындағы рухани өрлеудің өзекті сипаты және де Алаш қайраткерлерінің негізгі мәселелерінің бірі- прогреске ұмтылу болды. Қазақ зиялылары әр салада қаламымен, өзіндік-санасымен халыққа қызмет етуге тырысты. Кітапты көбірек жазып, өмірін ағарту ісіне, әдебиетке, жастарды өнер-білімге баулыды. Ұлтының мәңгілігін ойлаған Алаш зиялыларының тарихи аз уақытта қазақ халқына сіңірген еңбектерін бағалау - қазіргі және келешек ұрпақтың жадынан шықпайтын қастерлі борышы деп білуге болады. 1912 жылы «Айқап» журналында (№ 4-5) А. Байтұрсынов «Жазу тәртібі» атты мақаласында оқу құралын дайындау қажеттігін ескертіп, мынадай пікір айтады: «Оқу құралының ең ұлылығы – бала оқытатұғын кітап; оның жақсы болып, балалардың жанын қинамасына жазудың тәртібі болуы шарт...» - дейді. Демек, А. Байтұрсынов қазақ балаларының ана тіліне сауаттандыруда әліпби мәселесін көтеріп, ғылыми пайымдаулар жасап, тығырықтан шығатын жолды көрсетеді. Қазақ халқының «рухани көсемі» А. Байтұрсынов қазақ балаларына арналған алғашқы «Әліппе» мен қазақ тілі грамматикасын танытатын тұңғыш оқулықтардың авторы. А. Байтұрсынов - өз халқының саяси, мәдени рухани және әлеуметтік өмірінің сан саласына көз тігіп, тікелей араласқан ірі публицист, қоғам қайраткері. Сонымен қатар, А. Байтұрсыновтың қалдырған мұрасы: өлең жинақтары «Маса», «Қырық мысал». Әдебиеттану саласынан жазылған ғылыми еңбек «Әдебиетанытқыш» қазақша сауат аштыру мен қазақ тілін пән ретінде оқыту әдістерін баяндайтын құралдардың иесі.

Кезінде А. Байтұрсынов «Ғылыми және практикалық білімнің жиынтығын бойына сіңірген халық қана айбарлы да бай болады» деп санаған. А. Байтұрсынов төл шығармаларын «Маса» (1911) деген атпен жинақтап, азаматтық арман-мақсаты мен ой-толғамдарын, халықтың сабырлы, шыдамдылығын пайдаланып отырған отаршылдардың шырмауынан сарымаса болып ызындап, тыныштық бермей тығырықтан шығар жолды табуға жетелейді. «Масаның» негізгі идеялық қазығы - жұртшылықты ескі үлгідегі оқудан арашалап жаңа үлгідегі мектептерде оқуға, өнер-білімге шақыру, мәдениетті уағыздау, аянбай адал халықтың игілігіне еңбек етуге үндеу, сенгіштікке бой бермеу, елдегі өзгерістерге сақтықпен қарау. А. Байтұрсыновтың жыршылар аузынан алып, өңдеп жазған «Ер Сайын» атты жырын да бірінші бөлімнен кездестіреміз. Ер Сайынның бойындағы отаншылдық сезімі, елі үшін

жасаған ерлігі, Қобыландының әдейі іздеп келіп берген ақ батасына лайықты ер мінезділігі жас ұрпақтың еліне, жеріне, халқына деген сүйіспеншілігін асқақтатып, мемлекет, қоғам, ұлт ретінде өмір сүруге жетелейді. А.Байтұрсынұлы «Ер Сайын» атты жырын орыс ғалымы, фольклортанушы, түркі, моңғол халықтары тарихын зерттеуші, Шоқан Уәлихановтың айнымас досы Григорий Николаевич Потаниннің туғанына 80 жылдық мерейтойына Алаш атынан тарту еткен. Алаш қозғалысының жетекшісі – Әлихан Бөкейханов жырға естеліктерінен былайша қорытынды жасайды: «Қазақты туғанындай жақсы көрді, қазаққа қорған болды. Өз ғұмырында қылған жұмысы, жүріп тұрған мінезі анық әулиенің ісіндей». Қазақтың қос арысының тарту сыйына, арнау сөздеріне ие болған Г.Н.Потанинді өгейсінбейміз, онымен біз де мақтанамыз, оның Алаш тарихына қосқан еңбегін құрмет тұтамыз, Ахмет Байтұрсынов пен Әлихан Бөкейхановтың орыс ғалымына деген ыстық ықыластары, пейілінің кеңдігі, өзге ұлт өкілдерімен достығын өскелең ұрпаққа жеткізіп, ғылым қуып, өрге жүзуде ұлтқа, нәсілге қарамай бір тудың, бір шаңырақтың астында арманы ортақ, достығы мығым біртұтас халыққа айналып, көк байрағымызды мәңгілікке биікке желбірету жолында аянбай тәуелсіз еліміз үшін күресе білуге жетелейміз.

Ахмет Байтұрсынов әдебиетімізге қазақ тарихының төрт жүз жылын қамтыған «23 жоқтау» деп аталатын еңбегін ұсынды. Бұл шығарма арқылы зерттеушінің біріншіден, ауыз әдебиетіне қосқан зор үлесін, екіншіден, жоқтау өлеңдері арқылы тарихи тұлғаларды танытудағы үлкен табысты еңбегінің жемісін, үшіншіден, қазақ тарихының түкпірінде жатқан, ұмытылып бара жатқан жанрлардың әдебиет арқылы қайта жаңғыртылғанын, төртіншіден, адамның жан дүниесін, ішкі сезімін терең ашып көрсетудегі психологиялық ерекшеліктердің өз сәнімен сәтті қолданысын көреміз. Кітаптың екінші бөлімі - «Көсем сөз». Бұл бөлім автордың газет-журнал беттеріне жариялаған әртүрлі мәселелерді қозғайтын маңызы зор, мағынасы терең, адамды селт еткізетін мақалаларынан тұрады. Оқырман Ахмет Байтұрсынов мақалаларының мазмұнымен таныса отырып, Ахмет бабамыздың өзі өмір сүрген қоғамдағы көкейкесті, өткір мәселелерді тереңінен қозғап, өмірдің әлеуметтік, ғылыми, мәдени-ағарту және басқа құбылыстарын жан-жақты тарамдап, талқылап, саралап, философиялық ой-пікірін білдіріп, халқын игілікті іске шақырып, бір мақсатқа жұмылдыра білуге тырысқан ұлтының жанашыры екендігін көреміз. Қай мақаласын оқысаң да қоғамдағы халықтың жайы, байғұс қалпы, елдің қамы үшін әлділерден жасқанбай, ойын еркін білдірген, болашағына алаңдаған автордың мазасыз күйін көреміз. Тәуелсіз ел жастары автордың мақалаларын оқи отырып ойланады, тәуелсіздік таңының сәулесі Ахметтей ұлымыздың өмір сүрген кезінде біліне бастағанына көз жеткізеді. Ахмет сияқты ұлының істеген ісі, ойлаған арманы, сол арман жолындағы күрескерлік өнері біздің егеменді елімізге тірнектеп жинаудан жеткен бақыт тағының оңайлықпен атпағанына көз жеткізеді.

Кітаптың үшінші бөлімі - «Асыл сөз». А.Байтұрсыновтың зерттеушілік өнері мен ізденісінің, адал еңбегінің арқасында қазақ тілі мен әдебиетінің негізін қалап, бүгінгі күні ұстанып жүрген өнердің балынан май тамызған филолог, әдебиетші екендігін дәріштеп, дәлелдейтін, әдебиеттік зерттеулер мен талдаулардан, ғылыми еңбектерден тұрады. Бұл ғалымның жаһандану дәуіріне аяқ басқан адамзат баласы үшін бой тұмарындай қастерлейтін бабамыздың асыл мұрасы. Ел басымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты жарияланған мақаласында: «Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту - еліміздің табысты болуының кепілі» деп ұлыларымызды ұлықтап, қастерлеуді қанымызға сіңген, маңдайымызға біткен ізгілікті жол ретіндегі ұстанымын жүзеге асыруда Алаш ұлының «Ақ жол» атты кітабының маңызы зор. Бүгінгі өскелең ұрпаққа кемел біліммен толысып, ағартушылық идеяны ұстанған, шұрайлы тілге нәр берген, әдебиетті сөйлеткен, қазақтың ертеңі қалай болар екен деп жүрек түкпіріндегі ойларын қағаз бетіне түсіріп, халықтың ортасына шығармаларымен ой тастап, ұлтының болашағы үшін кездескен қауіп қатерлерді түп тамырымен жоюға тырысып, қазақ келешегі үшін өз өмірін құрбан еткен Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынов толықтай тануға негіз болатын «Ақ жол» кітабы ғасырдан-ғасырға жетіп, ұрпақтан-ұрпаққа табысталаып,

«Мәңгілік ел» идеясымен сабақтасып, рухани жаңғыруға тірек болатын құдіретті де қастерлі еңбек. Алаш зиялылары қазақ халқына жасаған ұланғайыр ұлағатты ісі - ұлттық мәдениетті дамыту барысындағы еңбектері әдебиетті, жазба және ауызша тілді, ұлттық педагогиканы, психологияны, тарихты, этнографияны, публицистиканы, баспасөзді, аударма ісін, медицинаны, биологияны, табиғаттануды, ауыл шаруашылығын, математиканы, өркениетті даму жолдарын қамтыды. Мемлекетті ана тілінде оқыту жөнінде «Алаш» париясы бағдарламасының «Ғылым-білім үйрету» атты бабында: «Қазақ тілінде орта мектептер, университеттер ашылады, бастауыш мектептерде сабақ ана тілінде жүреді. Оқу ісі өз алдына автономия түрінде жүргізіледі, үкімет оқу ісіне араласпайды. Мұғалімдер мен профессорлар өзара сыйласу арқылы тағайындалады» - деп жазылды. «Алаш» партиясының жергілікті комитеттер «оқумен баспасөз» мәселесін көтеріп, 1917 жылдың сәуірінде Жетісуда, маусымында Семейде, тамызда Ташкентте, желтоқсанда Орынборда өткен облыстық съездері мектеп ана тілінде болу керек деген шешім шығарады. Ташкентте өткен Түркістан аймағы қазақ-қырғыздарының жиналысы мектептің ана тілінде оқытуын міндеттей отырып, орыс-тузем мектептерінің орнына ұлт мектептерін ашу деп шешеді. Ал, Орынборда өткен жалпықазақ-қырғыз съездерінде оқу мәселесі жөнінде М. Дулатов өз баяндамасында ұлт мектебін көркейтуге оқу-құралының тапшылық көрсетіп отырғанын көрсетеді.

Съезд делегаттары М. Дулатов пікірін қолдап, оқу-құралдарын дайындайтын комиссиясы құрамын бекітеді: А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Е. Омаров, Б. Сәрсенов, Т. Шонанов. Оқу комиссиясына съездің жүктеген міндеттері: ұлт мектептеріне бағдарлама жасау; мұғалімдерге қалай оқыту тәртіптерін үйрететін жолбасшы кітаптар жазу, тәрбие жайынан кітаптар жазу; бүкіл қазақ-қырғызға оқу ісін қалай жүргізу туралы жоба шығару; «Қазақ емілесін» тексеріп, түзету; қазақ тіліне пайдалы кітаптарды аудару негізгі бағыттар болып белгіленеді. Алаш қозғалысының негізгі идеясы демократиялы қоғам қалыптастырып, сөзсіз еркіндік пен дамудың алғышарты ретінде қазақтың ұлттық мемлекетін құру болатын.

Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті - сол идеяның жемісі. Алаш идеясы әсірешіл ұраншыл қазақтың ойы емес, жалпыадамзаттық құндылық этикасын сақтай отырып, отарлық езгінің құрсауында тұншыққан жұртын азаттыққа шақыру болатын. Тарихшы Мәмбет Қойгелді «Тарих - күрес алаңы» кітабында Алаш идеясы жайында: «Қазақ ұлтшылдығының өзекті жібі, діңгекті ойы «менің ұлтым өзгеден ерекше, артық» сияқты мазмұндағы ұран болған жоқ. Ол елім деген қазақтың оқыған азаматының надандық пен отарлық езгінің құрсауында тұншыққан жұртын азаттыққа шығару, өзгемен тең ету жолындағы қызметке әзірлігін білдіретін шешімі және осы мақсат үшін күреске шақырған үндеуі болатын» - дейді. Және сондай-ақ «Қазақ ұлтшылдығының концептуалдық деңгейде және жалпыадамзаттық құндылықтар арнасында қалыптасып, оны ұлт зиялыларының сенім және күрес қаруы дәрежесіне жеткізу ісінде Әлихан Бөкейханов жетекші рөл атқарды» дегенді де М. Қойгелді зерттеулерінде жиі келтіріп отырады. «Әлихан Бөкейхан жай қатардағы ұлт азаттық қозғалысының белсенді тұлғасы емес. Ол - жаңа мазмұн, сипаттағы қазақ азаттық қозғалысының негізін қалаушы көш бастаушысы, лидері. Оның азаттық қозғалысын жаңа интеллектуалдық деңгейге көтеру ісіндегі еңбегін кезінде бүкіл ел-жұрты, патшалық және советтік биліктер мойындаған» - деп жазды алаштанушы ғалым М. Қойгелді.

Алаш үкіметі үшін жетекші рөл атқарған Әлихан Бөкейханның қызметін тіптен қарсыластары да мойындады. Сондай оппоненттердің бірі Бақытжан Қаратаев Бөкейханға жолдаған хатында: «Меніңше жалғыз сен ғана халықтың ықыласына лайықсың. Жалғыз сен ғана халқым үшін қызмет жасадым деп айтуға хақылысың» - деп жазды. Алаш идеясы ұлттық бірігу концепциясына алып келді. Ол тұста қазақтың оқыған, саяси орталықтарда білім алған, мемлекет құрылысын қалыптастыру жөн-жосығын білетін ұлт зиялыларының басын біріктірді. Соның арқасында Алаш идеясын аясында мыңдаған қазақтың басы бірікті. Мұхтар Құл-Мұхаммед «Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы» атты еңбегінде: «Қазақстанның Ресейге бодан болғаннан бергі тарихындағы жиырмасыншы ғасырдың алғашқы ширегін «саяси күрестер мен рухани жаңғыру кезеңі» деп айтуға әбден болады.

Бұл кезеңде саяси күрес сахнасына Ресейдің аса үлкен ғылыми, саяси орталықтарында білім алған, сол кезеңдегі Еуропадағы саяси күрестің бет алыс бағдарларынан әбден хабардар, экономика, құқық тарихы мен теориясын терең меңгерген қазақ зиялыларының үркердей озық ойлы тобы шықты. Олардың басым көпшілігі ғылымға емес - утопияға, демократияға емес - авторитаризмге негізделген большевизм идеясын қабылдамай, баррикаданың арғы бетіне шығып, өз елінде, өз жерінде отырып азап шеккен қазақ халқының мұң-мұқтажын қорғауды мақсат еткен «Алаш» партиясын ұйымдастырды. Ел алдындағы ұлы мақсаттарды жүзеге асыратын атқарушы билік органы - «Алаш Орда» үкіметін құрып, ұлттық-аумақтық негіздегі «Алаш автономиясы» мемлекеттігін жариялауға талпыныс жасады». Бұл идея сол уақыттағы советтік-тоталитарлық жүйеге ұнамады. XX ғасырдың басында қалыптасқан Ұлттық идеяны советтік билік өз қолымен тұншықтырып, саяси көшбасшылар мен ұлт зиялыларын қуғын-сүргінге ұшыратты. «Қазақ халқының ұлттық, саяси санасын қалыптастырудағы ең биік белес болған XX ғасыр басындағы осы бір қазақ зиялылары алдыңғы қатарлы тобының саяси қызметі де, құқықтық көзқарастары да, тіпті ғылыми, әдеби мұралары да ұзақ жылдар бойы жабық тақырып саналып, зерделі зерттеулерге объект бола алмады» - дейді Алаш қайраткерлері тақырыбында сүбелі үлес қосқан ғалым Мұхтар Құл-Мұхаммед.

Әлихан Бөкейхан Тәуелсіз Қазақстан мемлекетін құру идеясы қазақтың ұлттық ерекшеліктерін сақтай отырып, халықтың сана-сезімін оята жүріп, бодандық құрсауын бұзып шығуға болатынын көрсетті. Жемісін Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті көрді. Бүгінгі билік сол идеяны мойындамаса да, Әлиханды ұлт көсемі ретінде тани алмаса да, Алаш көсемінің құрған мемлекетінде өмір сүріп отыр. Ұлы «Орыс идеясы» іспетті ұлттың саналық рухани болмысын анықтайтын «Алаш идеясы» қазақ топырағында қалыптасты. Өркенін жайды. Ұлттық идея негізінен XX ғасырдың басында әлемдегі, Ресейдегі геосаяси жағдайдың өзгеруімен жүзеге асқанымен, оның әлеуметтік, саяси, рухани тамыры ғасырлар тереңінен бастау алғанын ұмытпаған абзал. Алаш бірлігі. «Елге ел қосылса құт» деген халық даналығы бар. Кезінде тағдырдың талайымен атамекеннен жырақ, сыртта қалған қандастарымыздың мәселесі кімді де болса толғандырары анық. Бұл мәселе - Алаш зиялыларын да толғандырған мәселердің бірі. Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның: «Түбі телім болған қазақтар басын қоспай қазақ, қазақ болмайды» - деген сөзінен-ақ Алаштың арманын бөліп-жармай, Алаш ұранды Қазақтың басын біріктіргісі келгенін ұғамыз. Алаш қайраткері Халел Досмұхамбетұлы: «Біздің мақсатымыз барлық Қазақтың басын қосу болатын. Сондықтан Қытайдағы қазақтарды да қосып алуды қарастырдық. Әрине, ондағы қазақтар өздері мекендеп отырған территориясымен Алаш Орда құрамына кіру керек деп есептедік. Бұл жоспар сол қиял күйінде қалды, іс жүзінде ешнәрсе де атқарылған жоқ. Бұған қазақстандық қазақтардың қалай қарайтыны маған белгісіз. Жат жердегілердің жағдайы өте ауыр күйде, өмір сүру дәрежесі төмен, сондықтан бірігуге қарсы бола қоймас деп ойладық» - деп атап көрсетті. Бұл Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның да түпкі мақсаты еді. Осы идеяның жемісі Қазақ газетінің санында да көрініс тапты. Онда алашордашылар саяси эмиграция туралы: «Қазақтың Қазақстаннан басқа отаны жоқ. Сондықтан да қазақ үкіметінің мүшелері қазақ ішінде қалуы тиіс. Егерде біз теңдікке қол жеткізгіміз келсе, онда қазірден бастап тереңдеп ойламасақ болмайды. Бүгін не ексек, ертең соны орамыз» - деген. Бұл - Алаш идеясы мен оның көсемі Әлихан Бөкейханның ұлттық бірігудің басты пәлсафасы. Қазақ ұлтының толықтай бірігу саясатындағы ұстанған идеологиясының бір тарамы. Сондай-ақ Алаш зиялыларының Қытайдағы қазақтар жөніндегі тұжырымды пікірлері Шыңжан қоғамдық ғылымдар институты журналының 2004 жылғы №3 санында Қалиолла Нұртазаұлының «Әнші Әсет» атты мақаласында талданып көрсетіледі. Онда Алаш Орда үкіметінің жетекшісі Әлихан Бөкейханның Қытай қазақтарына үндеу хат жазып, оны Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Райымжан Мәрсеков қатарлы күрескерлерге Шыңжан қазақтарына жеткізуді тапсырғандығы айтылады. Бірақ, мақалада бұл хаттың мазмұны хақында нақты ештеңе айтылмаған. Дегенмен, жоғарыдағы азаматтардың Шәуешек қаласында Құлжа мен Тарбағатай өңірінің игі жақсыларымен жиын өткізуі және Ахмет Байтұрсыновтың Алтай

қазақтарына хат жазып, оны жеткізуді Әсетке тапсыруына қарап үндеу хаттың мазмұнынан байқаймыз. Тек хат, үндеу жазып қоймай, алаш ардақтылары 1918 жылдың жазында Қытайдың Шығыс Түркістан аймағына сапар шегеді.

Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Садық Аманжолов, Райымжан Мәрсековтер бар, жұмбағы әлі де ашылмаған белгілі сапарда олар үш мақсатты көздейді: 1. «Алаш Орда» үкіметінің Шығыстағы эмиграциялық бөлімін ашу; 2. Босып барған ел мен жергілікті қазақтардың басын қосып, Алашорда Үкіметінің азаматтары ретінде Қытай үкіметіне ресми тіркету; 3. Оларды жерге қолықтаса орналастырып, дербес автономиялық басқару жүйесін құру болатын.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. Ұлы даланың жеті қыры. - «Айқын» газеті - 21.11.2018
2. Әбдіқадырова Т.Р. Алаш және ұлт қайраткерлері - Тараз, 2014. - 84б.
3. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда - Алматы, 1995. 5-19б.
4. Аманжолова Д. "Алаш партиясы", - Семей, 1993 жыл.
5. https://kk.m.wikipedia.org/wiki/%D0%90%D0%BB%D0%B0%D1%88_%D0%BF%D0%B0%D1%80%D1%82%D0%B8%D1%8F%D1%81%D1%8B
6. <https://alash.semeylib.kz/?lang=ru>

ШӘКӘРІМНІҢ «НАРТАЙЛАҚ-АЙСҰЛУ» ПОЭМАСЫНДАҒЫ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ ТАРИХИ-КӨРКЕМДІК СИПАТЫ

Кундусбаева Н.Б.

*Шәкәрім атындағы университетінің 2 курс магистранты
Қазақстан Республикасы, Семей қаласы*

Жер-су, елді мекен атаулары халқымыздың бай тілі негізінде жасалып, халық тарихымен байланысты дамиды. Топонимикалық атаулар белгілі бір оқиғалардың мерзімін меңзеуі арқылы тарихи дерек көзінің сырын саралап, танып-білуге септігін тигізеді. Олай болса, топонимдер — «жердің тілі, жазылмаған кітап» қана емес, сонымен қатар жер тарихы мен ел тарихын танытар, оның өмірінен сыр шертер тарихи шежіресі болып табылатыны сөзсіз.

Асыл қазына болып қалыптасқан топонимиканың тарихи- этнографиялық қыр-сырын ашу – тіл білімінің үлкен бір саласы – ономастиканың міндеті ғана деп қарастыру біржақтылық болар еді. Топонимикада халықтың тарихы және тарихи география жөнінде қыруар бай материал, құнды деректер сақталған. Топонимика қойнауында замандар бойы сақталған, талай ғасырдың куәсі болған тарихи сөз — атаулар бар. Олардың поэтикалық көркемдігі бар. Қазіргі сөйлеу тілімізде, сондай-ақ, әдеби тілде қолданудан мүлде шығып қалған сөздер де осы географиялық атаулар құрамынан табылады. Өйткені, олар географиялық атаулар ретінде тұрақталып берік орын тепкен соң, ғасырлар бойы өмір сүріп, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырады. Сол себепті де Шәкәрім өмір сүрген жердің, шығармаларына арқау еткен жер-су атауларының халықпен бірге өмір сүріп келе жатқан көркем сөз арқылы өткен тарихымыз жайлы көп мәлімет аларымыз сөзсіз, сонымен бірге, жер-су атауларына қатысты халықтық этимология көріністері де сақталып қалғандығын айқын байқаймыз.

Кез келген туындыдағы жырланатын оқиға белгілі бір аймақта, жерде өтеді. Демек, әр туындының өз ареалы болады. Сонымен қатар ақындар өзі туып өскен немесе жүріп өткен жерлерін жырға қосады, өзінің ру-тайпасы мекендеген өлкені сөз етіп отырады. Сол себепті де кейде бір шығармадағы кейіпкердің іс-әрекеті ақын өмір сүрген аймақтан басқа да жерде өтіп жатады. Себебі, ақын-жыршылар өзінің және руының тұратын өлкені немесе өзі аралаған жерлерді жырға енгізеді, сонымен қатар осы туындыларында аталған оқиғалардың жерлерін тарихқа сәйкес атап, дәстүрге айналдырады. Бұны академик ғалым С. Қасқабасов

географиялық тұтастану деп атап көрсеткен. Сонымен, Сейіт Қасқабасов классификациясы бойынша «географиялық тұтастану дегеніміз – бір фольклорлық шығармада көптеген жер атауларының бас кейіпкерге байланысты көрінуі болып шығады» [1, 225].

Осы ретте Шәкәрімнің «Нартайлақ -Айсұлу» дастанында да кейіпкердің жүрген жерлері Арқа, Қаранай, Дарасу, Самсы, Балқыбек, Беріктас, Ақтас, Ұйтас, Томан, Бақанас арқылы өтеді. Осы жердегі Самсы, Балқыбек, Бақанас атауларының адам есімінен жасалған жер-су атауларына жататындығы белгілі.

«Бір ұл бар Самсы деген Құрда тағы,
Самсап ұл көбейсін деп қойған-дағы.
Сол атпен аталады күні бүгін
Қаранай, Дарасудың саға жағы» [2], -

түрінде келетін «Нартайлақ- Айсұлу» дастанындағы Самсы адам атауына байланысты жер-су атауының қалыптасуын тарихи негізін атап береді.

Топоним гректің топоним - жер, онома - ат, атау деген сөздерінен құралып, қазақша жер-су аттарын зерттеу деген мағынаны білдіреді. Жалпы ғылымда топонимиканың (географиялық объектілердің атауы, олардың қалыптасуы, өзгеруін зерделейтін ғылым болса, оның негізгі негізгі бөлімдері: гидронимия (өзен, көл, су атаулары), оронимия (тау, төбе, шың, қырат атаулары), ойконимия (елді мекен аттары) , *антропонимика* (адамдардың (жалқы) есімдері) болып сараланатындығы көпшілікке мәлім. Жерімізде кездесетін жер-су, тау тас атауларының мән-мағынасын ашып түсіндіру топонимияның басты мақсаты болып табылады десек те, ойшыл ақын Шәкәрім өзінің шығармаларында кездесетін әрбір өзен мен тау-тастың, қырат-жоталарының қойылу себептері мен беретін мағынасын өте жақсы білгендігін байқаймыз.

Өткенді жырлау арқылы тарих қойнауына құлаш сермей отыра, болашаққа жол сілтейтін көреген көзді ақын өлеңдері мен поэмаларында өзі өмір сүрген өңірдегі әрбір тасына дейін зор сүйіспеншілікпен жырланған. Шәкәрім өз поэмаларында ел мен жердің тағдырын жырға қосуда өзіне дейінгі жыраулардың дәстүріне иек артады. Өзіне дейін қалыптасқан мол халықтық эстетикалық мұраны, ұстазы Абайдың ақындық дәстүрін игеріп, жаңаша жырлайды, тың өрнек береді.

Шәкәрімнің дастандары әралуан сипатта болғанмен, олардың барлығына да Абайдың ақыл-кеңесі мен ұстаздың шәкіртіне берген бадары айқын сезіледі. Шәкәрімнің Абай дәстүрінде жазылған поэмасында ғашықтық, екі жастың махаббат хикаяларымен бірге тұрмыстық мәселелер, реалистік шындық бейнеленеді.

Бұл туралы шәкәрімтанушы ғалым Б. Әбдіғазиев: «Шәкәрім ақын осынау өркенді үрдіске өзге де әріптестерімен бірге атсалыса тұрып, өзіндік даралығын таныта білді. Қазақ жұртының өткен дәуірлерде басынан кешкен кейбір оқиғаларын сюжеттік арқау ете отырып, «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Нартайлақ-Айсұлу» поэмаларын жазды. Оларда Шәкәрім жаңа қалыптасып келе жатқан соны жанр табиғатына өз талантына лайық тамаша көркемдік қасиеттер дарыта білді», - деп атап көрсеткен [3, 212].

Шәкәрім «Нартайлақ-Айсұлу» поэмасының кейіпкерлері де ақынның басқа поэмалары сияқты тарихта болған жандар, шығармада кездесетін, аты аталған жер су атаулары да нақты. Ақын өзі өмір сүрген дәуірге сай ойын, заман шындығын жеткізуде тарихи нақтылықты, географиялық нақтылықты көркем деталь ретінде пайдаланып отырған. Шындығында да өзі тұстас ХХ ғасыр басындағы ақындар секілді Шәкәрім де сол дәуірдегі тарихи шындықтың көркемдік шешімін таба білген: «Әдетте үздік сападағы туындылар ...заман сыңайын, дәуір бедерін уақыт көшінің бір үзік сәтіндей хаттап кетеді. Тіршілік, тұрмыстың көркем өрнектері арқылы кезеңдік заңдылықтарды, диалектикалық типтік құбылыстарды тұтас көзге тосады» [4, 212 б]. Шығармадағы тарихи оқиғалар мен жер атауларын пайдалану арқылы өзінің ақындық және азаматтық ұстанымын паш етеді.

Шәкәрім туындыларының қай-қайсысын алып қарасақ та, ең алдымен көзге түсетін ерекшелік ондағы жер-су атауларының кейіпкерлердің іс-әрекетімен тікелей байланыста

болып келеді. Сюжеттік оқиға желісінің басынан-аяғына дейін кездесетін бас шыққан ортасын белгілеу де этникалық атаумен тікелей байланысты. Атап айтатын болсақ :

Өткен іс ойға түсер әлдеқайдан,
Айтайын аз әңгіме ескі жайдан.
Атақты Әмір Темір заманында
Арқаны мекен еткен Арғын, Найман [2].

Ақын осы жолдар арқылы қазақтың кең Сарыарқасын мекен еткен ұлттың өмір сүрген заманынан сыр шертеді. Бұл тарихи маңызы бар деректер. Арқа– Қазақстанның табиғи – тарихи аймақтың бірі. Арқа – халықтық атау.

Ақын осы шығармасында *антропонимдік* атауларды бөлектей алып, олардың атқарып тұрған қызметін, жыр поэтикасының қуатын арттыратын сипат белгілерін саралап береді.

Қантекең бір ұлы еді Бақанастың,
Бақанас батыры еді барша алаштың [2],- деп

Қазіргі Бақанас мекенінің түп негізінің адам атауымен, ел батырымен байланыстыра кейіпкердің ержүрек батылдығын тілге тиек етеді.

Ақынның:

«Бақанас, Байқошқардың көп сабазы
Жиып ап қыран бүркіт, жүйрік тазы,
Еңбекші ұйым болмай, аңшы болып,
Ойда жоқ бидай менен шөптің азы» [5, 143 б.]-

деп басталатын өлеңінде де поэмадағы «Бақанас» атауын кездестіреміз. Өлеңде Шәкәрім қырдағы елдің қызығы басылмайтын қызу тірлігі, кең даланы еркін кезіп, аңшылық құрып, серілікпен күн кешкен өмірлерін Абай дәстүрімен сынға алып, өзінің ағартушылық идеясын, туған халқын адал еңбекке шақырған азаматтық позициясын жеткізеді.

Жалпы осы «Нартайлақ - Айсұлу» поэмасында суреттелетін топонимдік атаулар деректілік мағына дарытумен қатар, кейіпкердің жол сапарының бағытын, барар жерін, географиялық объектілердің кеңістікте орналасы жайлы мәліметтермен оқырманын хабардар етіп отырады. Осы мәселе жыр сюжетінің өн бойында мен мұндалап, байқалып тұрады. Мысалы:

Балқыбек суы атанған сол атпенен,
Беріктас, Ұйтас, Томан — мол атпенен.

Немесе

Тазқызыл, Балғашоқы арасында,
Аласа Қызылжалға жатты барып.

немесе

Ел қонса Көксеңгір мен Шақпаққа кеп,
Самсы елді шыдатпаған мал ұрлап жеп.

Қаранай сағасында Қараша адыр

Атанған сол себепті «Тектұрмас» деп –

түрінде келтіріп, кейіпкерлерінің сапарын анықтап көрсетіп отырады.

Демек, поэмадағы топонимдік атаулардың пайда болуының өзі де бас кейіпкерлердің басынан кешкен оқиғаларымен тығыз байланыста көрінеді. Шәкәрім өз туындысында баяндап отырған деректер кейіпкер бейнесін ашу мақсатында ғана емес, тарихи орны бар жер- су, ел атауларының да есімі болып, әрі топонимдік, әрі көркемдік қызмет атқарып тұр. Поэманың сюжеттік желісінде кездесетін қарапайым елді мекен атауларының өзіне эстетикалық, көркемдік құндылық дарытып, оларды топонимдік аңызға айналдыру хас таланттың қолынан ғана келері хақ. Ақын дастанда антропонимдік сипаттан тарихи дерекке ауыса отырып, жер-су атауларын тізбектей, асқан сүйіспеншілікпен жырлайды. Бұл өз кезегінде Шәкәрімнің халықтың көркемдік зердесін жақсы түсінген ақындық шеберлігі.

Әдебиеттер:

1. Қасқабасов С. Ой өріс / С. Қасқабасов. - Алматы: Жібек жолы, 2009. - 303 б.

2. <https://bilim-all.kz/olen/1571-Nartailaq-pen-Aisulu>

3. Егеубаев А, Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиетінің көркемдік жүйесі. - Алматы: АБА «Айкос», 1999. - 204 б.

4. Әбдіғазизұлы Б. Шәкәрім әлемі. – Алматы: Паритет, 2008. – 408 б.

5. Құдайбердіұлы Шәкәрім. Жолсыз жаза: Олендер мен поэмалар. – Алматы: Жалын, 1988. – 256 б.

ТАХАУИ АХТАНОВ ӘНГІМЕЛЕРІНІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ-КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Аймакова Ж.С., магистрант
Alikhan Bokeikhan University
Қазақстан Республикасы, Семей қ.*

Тахауи Ахтановтың әдеби мұрасында әңгімелерінің де алатын орны ерекше. Творчестволық лабораториясы туралы жазған «Іздену, зерттеу - басты шарт» деген мақаласында жазғандай, оның қай-қай әңгімесі де үлкен талғампаздықтан, суреткердік қарымды ойдан, әсерден туғандығы көрінеді. Әңгімелеріндегі басты тақырыптық-идеялық ерекшелік - моральдық, өмірлік келелі мәселелердің кейіпкерлер тағдыры арқылы көркем өрнектеуінен байқалса, жалпы жазушы шығармашылығына тән суреткерлік, психологизм, сыршылдық, реализм де айқын аңғарылады.

Жазушы әңгімелері сан жағынан оншалықты көп емес. Бірақ сол аз әңгімелерінің өзі әдеби зерттеулер мен сын мақалаларда арнайы қарастырылып, терең талданбағанмен, жоғары пікірге ие болуда. Мәселен, Т.Ахтанов шағын туындыларының көркемдік даралықтарының бірі жөнінде академик З.Қабдолов: «Тахауи әңгімелерінен аңғарылатын тағы бір сүйкімді сипат – нәрлі, нәзік психологизм. Ол адам бейнесін жасауда бірден адамның ішкі психологиялық иіріміне сүңгіп, характерді сол ішкі сыр-сезім жағынан келіп ашады, көркем тұлға жасау, мүсіндеу биігіне геройдың жан диалектикасының бойымен өрлемек болады. Бұл - әдемі әрекет. Және, өзінің дәл осы әрекетінде Тахауидың сезімі әрі нәзік, әрі сұлу» [1,23],- дейді.

Т.Ахтанов әңгімелеріндегі жазушылық шеберлік туралы ғалым Т.Сыдықов былай дейді:

«Нағыз көркем сөз иесі шағын жанр новелланың өзімен-ақ өмірді үнемі қозғалыста және реалды күрделі болмысымен көрсетеді.

Тахауи Ахтанов - әңгімеге шымыр сюжет құрып, кесек-кесек образдар жасаудың шебері.

Оның кез-келген әңгімесінен «өмірдің шуағынан басқа сызы, сүйінішінен басқа ызасы, күйініші, сәтімен бір татулығынан басқа арпалысы, қиян кескі күресі» мен мұндалап, адам тағдырының қилы-қилы соқпақтарына бастап, тіршіліктің мазмұны мен мәнін, қадірін ұқтырады. Автор өз кейіпкерлерінен тек қана өміршең адамшылық қасиеттерді іздейді» [2, 102].

Адам өмірі өткен кезеңінен құралады десек, сол кезеңнің көңілге жақын қимас сәттерінен туындап жататын өкініштері мен сағыныштары да болады. Сол бір кездің куәсі болған жанмен қайта кездескенде, соның барлығы қайта еске түседі. Бірақ бәрі кеш, зымыраған уақытты кері бұрар күш жоқ. Тағдыр өз дегенін істеген. Т.Ахтановтың 1955 жылғы алғашқы басылымында «Күлкі» деген атпен жарияланған «Алғашқы ән» әңгімесінде өмірдің осындай сырлы, мұнды бір сәті суреттеледі.

Шығарманың бас кейіпкері композитор Серәлі шығармашылық дағдарысқа ұшырап, туған еліне келгенде, бір кездегі жүрек жарды тұңғыш әнін арнаған Гәуһармен кездеседі. Астанадағы жаңа орта, кезіндегі табыс пен даңғаза оны ұмыттырып жіберген-ді. Оған Гәуһардың еш кінәсі жоқ, үзбей-ақ хат жазған және әр хатында жағдайыңды толық жаз деп те өтінген. Сондай хаттардың бірінде, маған хат жаз дейсің, менің хат жазуға еш уақытым

жоқ деп Серәлі қатқылдау жауап қайырғаны да бар. Сөйтсе тұңғыш балауса жүрегін тербетіп, өнер әлемінің сырын ұқтырған, өзін шын сүйген Гәуһарды бағалай алмапты.

Бұл күндері Серәлі үйленген. Әйелі Алмагүл оның шығармашылық жан-күйін түсінетін жандардың қатарынан емес.

«...Елге жүрерден аз күн бұрын түнгі ұзақ жиналыстан Серәлі үйіне қажып қайтты. Мұның соңғы жылдары жазған шығармалары қатты сынға ұшырады. Жұрттың көбісі Серәлінің кейінгі уақытта онсыз да сирек жазылған музыкасынан іліп алар еш нәрсе қалдырмады. Екпіні қатты біреулер мұның бұрынғылары да түкке тұрмайды дегенге барды. Диплом қорғағанда бірінші актiсi жақсы басталған операсының кейінгі актiлерi сұйылып кеткенi де айтылды.

Серәлі басында сынаушылардың сөзіне ыза болып, ашуға булығып, өз жауабын, ызалы өткір сөздерін, ащы мысқылын іштей дайындап отыр еді, біраздан кейін кеудесіндегі ызасы су сепкендей басылып, ауыр қайғыға беріліп, ақыры сөйлемей қалды. Үйіне жүні жығылып, болдырып қайтты. Ұйқыда жатқан әйелін оятып алды. Өз қайғысына ортақ етіп сырласқысы келді» [3, 384].

Серәлі басындағы дағдарысты күй осылай суреттеледі. Туған еліне келіп, Гәуһармен ұшырасуы оның көңілін тағы да шайқап өткендей. Тұнық, сырға берік Гәуһар өз-өзімен арпалысты талай күйді кешсе де, сол бір кездегі асыл сезімін қастерлеп, жүрек түкпірінде сақтап қалыпты. Арада он бес жыл өткен соңғы бүгінгі кездесуде де ол Серәлімен кінәласуды ойламайды. Өмір деген күрделі керуен жолда тағы бір жолығысып, аз-кем сөйлескеніне де риза секілді. Автор кейіпкерлерін шағын әңгімелерінде де өмірдің осындай күрделі тоғысуында алады. Гәуһар сырлы сезімімен Серәліні ғана толқытып өтпейді, оқырманына аяулы бейнесімен терең ой салады. Өмірдің мәні де, құдыреті де осындай қарапайым, бірақ жүрек түкпірінде сақталған шынайы сезімде емес пе екен деп ойлайсың. Гәуһар үшін көкірегін шымырлатқан сырлы дүние бар, ал Серәліде ол жоқ... Жоғалтып алыпты, қадірін білмейті... Туған жердің табиғаты көкірегіне жаңа бір сырымен, мәнімен құйылған Серәлі тағы бір ақиқатқа іштей көзі жеткенде, көптен тұнып, қозғалыссыз жатқан көңілі де толқып кеткендей болады. Әңгімеде жазушы шығармашылық адамының ішкі серпілісін әдемі суреттейді.

Бір адам екінші адамға өз сәулесін түсіріп жатады. Шығармашылық деген де соның сырын танудан бастау алатын болар бәлкім. Жазушы Серәлі көкірегінде оянған шығармашылық табиғатын, түп-төркінін көркем ашады. Кенет оянып жан-жүрегін жаулай бастаған сырлы сезім де Серәлі образын даралай түседі. Ешкімге жаманшылығы жоқ сияқты еді. Біреудің ала жібін аттамаған. Өнерге де адал. Алғашқыда тым жақсы туындыларымен көрініп, атақ-абыройға ие болған ол соңғы кездері жақсы шығарма жаза алмай жүргенін де іштей мойындаған. Ұзақ түнге созылған жиналыста өзін сынаушыларға алғаш ыза болғанмен, кейін сап тыйылып, ұнжырғасы түсіп, қажып сала беруі де сондықтан. Бірақ бүгін ойлап қараса ағаттығы да бар екен, өзін-өзі жеңіл-ақ ақтап алғысы келгенмен, түптің түбінде дулы ортаға барған соң Гәуһарды оп-оңай ұмытып сала беруі – опасыздықпен бірдей екен.

Т.Ахтанов әңгімесінің ерекшелігі – оқырман кейіпкер басындағы жайдан әр алуан ой түюіне болады. Автор өз көзқарасын, танымын оқушы санасына күштеп таңбайды. Өмірдің сырлы сәтін алдыға тартады.

Шағын әңгімеде портрет, пейзажға кең орын беріледі.

«...Дағдысынан жаңылғандай сол жолы Серәлі көңілсіз болды. Жұрттан оқшауланып шоқының баурайын кезіп ұзақ жүрді. Өзеннің арғы бетіндегі тұнып қалған толққындай жоталанып жатқан адырларға көз жіберіп, алыстағы мұнардай көңілін белгісіз бір толқымалы сезім билеп біраз тұрды. Ол балалықпен қош айтысардағы қимастығы ма, әлде көкірегінде жаңа ояна бастаған күйдің үнсіз толқуы, ішкі тебіренуі ме,- ол арасын Серәлі білмеді. Тек туған жердің сәске нұрына малынған тамаша көрінісін жан сезіміне бөлеп көкірегіне сіңіріп алғысы келіп ұйып тұра берді. Кенет... Сынғырлап аққан бұлақтай әсем күлкі еркін төгілді. Дала қызының назы бар тартымды жұмсақ, кәусар күлкісі. Серәлі қыз

үнінің әрбір әсем құбылысын қапысыз жаттады. Оған қапелімде жасынан құлағына сіңген, осы ерке үн осынау төскейден, даланың тыныс алғысы келгенде бір толқып қалған кеудесінен шыққандай көрінді. Осы даланың қойнауы мен адырын талай желпіген шырайлы үн ғой бұл.

Қиялынан сергіп Серәлі жалт қарады. Қасына екі қыз келіп қалыпты. Біреуі өзімен оқитын Гүлжан дейтін денелі, толықша сары қыз. Екіншісі... Серәлі енді байқап қайран болды. Бұрын көріп жүріп не қып аңғармаған. Тасада өскен гүлдей құлпырып шыға келіпті. Алдында мөлдіреген бота көзді, ақ құба талдырмаш қыз тұр. Жаңағы күлкі осы Гауһардікі екенін анық білді. Гауһар аз уақыт жанары дөңгеленіп, көзқарасы тереңдеп, Серәлінің бетіне қадала қарап қалды. Кенет жұқа ерніндегі күлкі нұры тез өшіп, ақша бетіне лып етіп қан жүгірді. Көзін тайдырып әкетті».

Табиғаттың сұлу көрінісі кейіпкердің сырлы сезімімен байытыла суреттеледі. Балаң көңіл жарқын, өмірдің әлі де алға тартар беймәлім сырын білуге құштар болса, табиғаттың бейнесі де ашық бояулы. Кенет сыңғырлап аққан бұлақтай еркін төгілген қыз күлкісімен ұштастырыла берілген дала суреті, дала тынысы да кейіпкердің романтикалы көңіл-күйімен ішкі бірлікте әспеттеледі. Серәлінің енді ұштала бастаған көңіліне тән шығармашылық қиял, құштарлық табиғаттың бейнесін де, соның көзімен берілетін Гауһар портретін де жылы лиризмге бөлеген.

Авторлық баяндауда кейіпкердің ішкі сезімі, қатысы тығыз араласып кетуі жазушы қаламына тән ерекшелік болса, бұл арада тіпті автор тасада қалып кейіпкер қабылдауы алдыңғы кезекке шыққандай. Жазушы тек соған ілесіп отырғандай әсер қалдырады. Бұл – шеберлік, бір қарағанда қарапайым да жеңіл, екіншісі бірінің қолынан келетіндей жай көрінсе де, не нәрсені болсын өз орнында, мөлшерімен қолдана білуде айрықша эстетикалық қуат барлығын жазушы әдемі аңғартады. Гауһар портретіне орай айтылатын теңеуді бейне автор ойлап тапқандай емес, кейіпкердің жан дүниесінен шыққандай әсер етуі де сондықтан: «Тасада өскен гүлдей құлпырып шыға келіпті...» Көркемдік – айшықты сөз, баттасқан бояу емес, сөзді орнымен қолданып, суреттеп отырған құбылысты дәл бейнелеу екенін автор шағын әңгімелерінде көрсетеді.

Әңгіменің алғашқы нұсқасының «Күлкі» деп аталуының себебі бар. Серәлінің алғаш Гауһарды көріп, жүрегіне шок түсуінде қыздың сыңғырлап аққан бұлақтай еркін төгілген күлкісінің әсері мол. Көп жылдан соң кездесіп, сол күлкіні тағы естігенде, іштей шаршап, серпілуді ұмытқан Серәлінің көңілі шайдай ашылып, көптен жоғалтқан күйін қайта тауып, толқып сала береді. Шынайы күлкі қуаты... Таза көңілден ғана риясыз таза күлкі шықса керек. Күлкі – туындының әдемі құлақкүйіне айналған.

«Алғашқы ән» әңгімесіне үлкен жанрға арқау боларлық күрделі өмір шындығы сиып кеткен. Серәлі жан-дүниесіндегі кереғар психологиялық күй де тереңнен шымырлап шыншыл өріледі. Гауһар образы – шынайы да сом тұлға. Оның бойындағы мықтылық пен жасампаздық күш бүкіл өмір-тіршіліктің мән-мағынасына айналғандай. Өмір осындай адамдармен нұрланып тұрғандай. Ол қасыңда жүр. Ол айқайлап, мен мұңдалап кеуде соқпайды. Жазушы осындай қарапайым, бірақ тұғыры биік адам бейнесін әдебиетке әкеледі.

Т.Ахтановтың «Қызғаныш» әңгімесінің кейіпкері суретші Жұмабек те қат-қабат жан сырымен көрінеді. Тау қойнауындағы демалыс үйіне келген оның ойында алғаш пәлендей еш нәрсе жоқ-ты. Өзін біршама көрікті, сал-серілеу санайтын ол бұл демалыс күндерінің қызықты өтетініне бек сенімді. Алғашқы кездесуде-ақ жеңіл қалжыңымен жас қыз, медсестра Розаны қағып өтеді. Қыз да ақжарқын екен. Тек аздан соң оның: «Ермек деген суретшіні білесіз бе?» деп сұрауы Жұмабектің көңіліне ауыр соғады.

Әңгіменің басты бір ерекшелігі – кейіпкер психологиясының терең суреттелуі дер едік. Жазушы Жұмабек психологиясын бейнелеудің кілтін таба білген. Ермек - бәсекелес Жұмабектің жанды жері. Демалыстың қызықты күндерін бірге өткізетін болармын деп дәмеленген қыздың аузынан Ермек атының қайта-қайта естілуі оның жанды жерін шабақтағанмен бірдей еді. Осы түйінді жазушы кейіпкердің жан-дүниесін сөйлетудің негізі етіп, шебер пайдаланады.

Ал әңгіменің екінші кейіпкері Роза Жұмабектің мұндай халінен бейхабар. Іштей биік санап, жақсы көріп қалған Ермектің бүгінгі жағдайын жаңа таныстан білуге асық. Реалистік прозада іс-әрекет дәлелдемесі оқырман көңіліне еш шүбә келтірмеуі тиіс. Осы аралықта Жұмабек пен Роза таныстығының түпкі сыры да ашыла түседі. Ендеше Розаның Жұмабекпен жатсынбай жарқын тілдесуі, біріншіден, ашық мінезінен, балауса таза көңілінен болса, екіншіден, Жұмабектің суретші болуынан екені аңғарылады. Жаңа таныстан қыста демалған суретші Ермектің жағдайын сұрап білмек. Сюжет байланысының салдар-себепін жазушы туындыда осылай шегелей түседі. Мұндай ішкі дәлелдемесіз Розаны қаншама ақжарқын дегенмен, жеңіл ойлы қыздың қатарынан шығара салу қиын еместей.

Реалистік прозада оқиғаның дамуында, кейіпкерлердің өзара қатысында ғалым М.Х.Хамзин жазғандай, «дәлел – мотивировка – көркем негіздеу» [4, 87] үлкен көркемдік қызмет атқарады. Т.Ахтанов та ұлы жазушы М.Әуезов секілді «көркем негіздеуге өнердегі шыншылдықтың бір шарты ретінде қараған».

Жазушы әңгіменің алғашқы бөлігінде-ақ әлі бір-біріне беті ашылмаған екі ұдай сезімді қатар дамыта суреттейді: бірі – Жұмабектің қызықты күндерді аңсаған пенделік ойы болса, екіншісі - Розаның Ермектің жай-күйін білмек болған ішкі сыры. Бір жағдайдағы екі кейіпкер басындағы қарама-қарсы сезім - ә дегеннен әңгіменің ішкі динамикасын күшейте түскен.

Жұмабек образы – сан қырлы. Бір-бірімен байланысып жатқан жайлар кейіпкер сырын тереңдетеді. Жалпы, Т.Ахтановтың әңгімелерінде образдың күрделі ішкі әлемімен көрініп жатуы – басты ерекшеліктің бірі.

Жұмабектің еске алуымен өрістейтін Жұмабек-Ермек қатысында автордың өзге шығармаларында біршама тұрақты көрінетін өнердегі талғам, дарын, халтура проблемасы тағы көтеріледі.

Өзекті мәселенің жазушы туындыларында әр қырынан көрінуінің, әрине, объективті себебі бар еді. Өнердегі адалдық, тазалық жайы қаламгерді о бастан айрықша толғантқан. Тақырып актуальдығын малданып, бір қайнауы ішінде, көркемдігі төмен шығармалардың топан судай қаптап шыға бастауына Т.Ахтанов әл-қуаты жеткенінше бөгет болуға тырысты. Естеліктерде жазылғандай, талай жиындарында қызулана сөйлеген.

«Қызғаныш» әңгімесіндегі суретші Жұмабек образы арқылы автор осы әлеуметтік «дерттің» психологиялық негізін ашады.

Жалаң техниканы игеріп, жылт етері бар картиналарды топырлатып жаза беру шын мәніндегі өнер емес. Талғамсыздық - өнерді орға жығады. Автор Жұмабек ойы, ішкі тартысы арқылы осы басты идеяны тарата бейнелейді.

Ол институтта жүргенде-ақ талай картиналарды тез жазып, тез көрініп, суреттерімен профессорды риза еткендей де болған. Мақтау да естіп жатты. Суреттері көрмеге де қойылды. Айтпаса да институттың маңдайалды дарынды студенті қатарында саналды. Тек курстасы Ермек «Жәмила» атты диплом жұмысын ұсынып, оған профессордың шын толқуы – мұның бүкіл абырой-атағын бір сәтте жуып-шайып кеткендей еді.

«-Қарандаршы,- деді ол толқып, қасында тұрған қазақ студенттеріне. –Мен сіздердің далаларыңызда болып едім. Күнәлымын... Көрмеппін. Сырын ұқпаппын. Қазақ даласын енді ғана көріп тұрмын... –Профессор тағы да кіршіксіз ақ орамалымен көз әйнегін сұртті. Бұл оның қатты толқыған кездегі әдеті екенін Жұмабек жақсы білетін. Профессор көзілдірігін көзіне тосып сығалай қарап, қыза сөйледі. –Ал енді ана қызға қарандаршы. Талай көрген жоқсындар ма сол қызды. Бетінде бәрі сайрап тұр ғой, оқысаңдаршы,- деді профессор өзінің жақсы көретін сөзін қайталап. -Өңіне қарап ынжық деуге бола ма? Жоқ, жоқ. Ол шығыс әйелінің ана сүтімен бойына сіңген сыпайылығы, ибасы. Ал соның аржағында қанша қайрат, қажыр жатыр. Адамды осылай түсінер болар. –Профессор Ермекке бұрылды. –Рақмет, қатты қуанттың,- деді кәрі жүзі қызарып. Содан кішкене аптығын басып, сөз аяғын қалжыңға сайды. –Сен өзің шабандау едің, бала, бірақ асықпай жүріп алысқа кетіп қалмасаң не қылсын. Байқа, байқа, сенің мұрның онша үлкен емес, бірақ сонда да тұмсығыңды көтеруші болма. Бұл тек бірінші қадамың,- деп бітірді сөзін».

Жазушы профессордың осы сөзі арқылы шын өнердің өлшемін алға тартады. Аз жазса да, Ермектің осындай жетістікке жетуі Жұмабектің жанына қамшы болып тигендей еді. Кейін жұмысқа қатар келгенде де, осы жай байқалды. Ермек біраз уақыт үнсіз қалғандай болған. Осы сәтте Жұмабек суреттерін үсті-үстіне жазып, тағы да Ермектің алдын орағытқандай болды. Ал шындығында... Ермек «Туған жер» деген үлкен полотносымен көпшілікті аузына қаратты. Енді бақталасы қыз алдында тағы орағытпақшы... Автор Жұмабектің жан дүниесіндегі қызғаныш отының тұтануын тереңнен қозғап, дәлелді сипаттайды.

Сол сияқты Т.Ахтанов бас кейіпкердің ішкі әлемін бір әуенмен суреттеуден аулақ. Жұмабек басында қат-қабат күй көрінеді. Автордың шеберлігі адам жанының әр алуан құбылысын, бір күйден екінші күйге ауысуын жігін білдіртпей өреді. Мәселен, әңгімедегі Жұмабектің қыз алдындағы желөкпелігінің бірте-бірте басылып, оны ұната бастауы, өмірге басқаша көзбен қарауы да дәлелді берілген.

«Үш күн бойы үзілмей сылбыр ақ жаңбыр жауды. Демалушылар сыртқа шыға алмай, төрт қабырғаның ішінде өздеріне ермек іздеп, дел-сал күйде. Тек преферанс ойнайтындар ғана жалықпайды. Жұмабек карта ойнамайтын, домино, лото сияқты татымсыз ойындар ішін пыстырып, мезі қылды. Коридорда, салонда ызыңдаған жұрттан қашып, көбіне өз бөлмесіне тығылды. Аунақшып төсегін біраз жапырғаннан кейін, терезеге үңіліп, жаңбырға сілейіп, тұнжырап тұрған алма ағаштарына, жерге төнген күнгірт аспанға қарайды. Далада жан жоқ, тек анда-санда зонтик көтерген біреу жылт етеді. Былжырап езіліп кеткен жер, жол шетінде балшыққа батып, жаншылып қалған көк шөп көңілді қамықтыра түседі. Кісінің көңілі зеріккенде жайнап тұрған дүние бар қызығынан жұрдай болмай ма. Қарап отырып сергелдеңге түскен Жұмабек, бүгінгісі былай тұрсын, өзінің өткен өмірінен де көңілін жылытар еш нәрсе таба алмай торықты. Енді байқаса көңілді, дархан өмір сүрдім дегені даңғаз, бейпіл өткен күндер сияқты. Жолдас-жорасы көп тәрізді еді; сыңғырлатып бокалдар соғыстырып, бұрқыраған арақ буымен құшақтасып сүйіскен достары бар еді. Сөйтсе, бәрі жарты. Жаны бір, ойы бір, бір көңілден сарқыла сыйласатын досы жоқ екен. Той-думанның ішінде жүріп жалғыз қалыпты. Татымсыз, жылусыз, қоңылтақ өмір...».

Автор кейіпкер көңілімен өмірдің күрделі философиясын ұсынады. Жалаң айтыла салған дидактика емес, Жұмабектің өткен өмірін қорыта келіп, бір сәт жан-жүрегінен қайнап шыққан шындығы. Сенесің, ойланасың, рас-ау деп құптайсың. Өйткені жазушы сендіре, ойландыра жазады. Пейзаждың, ортаның кейіпкер көңілінің шындығымен үндестігі де назар аударады. Осы шағын үзінді, бір қарағанда жеңіл жазыла салған секілді. Ал үңіле түссек, жазушы суреттеп отырған объекті бейнесі көз алдыға жанды қалпымен келеді. Сен де сол көпшіліктің ортасында жүргендейсің. Сен де жаңбыр суына малшынған табиғат көрінісіне үңіле қарап үнсіз тұрғандай боласың.

Кейіпкердің ішкі әлемінде өзгеріс бар. Алғаш бір-екі жұмыс жобасын ермек үшін ала салған Жұмабек Розамен кездесуден соң, көңілі жаңара түсіп, өмір, өнер туралы енді басқаша ой түйе бастайды. Розаның сүйкімді бейнесінің көз алдында өсіп, өзін бірте-бірте жаулап ала бастауы, жас қызға сезімі арқылы Жұмабектің өзін қайта тануы оны жаңа картина жазуға жігерлендірген. Автор Жұмабек басындағы шығармашылық халді сезімталдықпен суреттейді.

Автор кейіпкер басындағы ішкі өзгерісті динамикалы күйде бейнелейді. Бір кездегі демалыс жайлы жеңіл ойлары адыра қалған. Досы Доғалдың қыз алдындағы «еркіндігі» енді оған басқаша әсер етеді. Оның есесіне Роза бойынан тазалықты, әлдебір ерке сүйкімділікті, әсемдікті тануы бар, өзі де соның ыңғайына ерікті-еріксіз көшіп бара жатқандай. Осындай сырлы сезім Жұмабектің жан-дүниесінде жаңа шығармашылық күш, құштарлық боп оянады. Оның көңілінде күшті сілкініс, өзіншіл күш-қуат бар. Өнер туындысы осы кезге дейінгі құштарлықсыз салынған кей суреттеріндей әншейін ермектен, не жеңіл көшірмеден туындамайды екен ғой, өнер шығармасы күшті әсерден, сол әсердің көңілге орнығып алып, жанды бейнеге айналуынан, қайта қорытылып, берілу жолын іздеуден туындайды екен. Көңіліңе орнығып, тынышыңды алған көркем ойдың шешімін табу - қиынның қиыны. Сол

шешімді тапқан сәттегі Жұмабектің қуанышы, табиғаттың көркем бейнесінің ішкі сезім-сырларымен үндестік тауып, бірін-бірі толықтырып, ашып жатуы – шығармашылық процестің қызықты сәттері. Жазушы Жұмабек образы арқылы творчествоның құпия сырын, ішкі қуатын шынайы суреттейді.

Әңгіменің аяқталуы қызық. Шығармашылық құштарлықпен Жұмабек жаңа полотносын жаза бастаған. Тың туындысына бар ой-сезімін, ішкі рухани потенциалын жұмсаған өзі де Розаға ішкі жан-дүниесімен жақындай түседі. Пенделік көңіл оны өзіне біржола меншіктей бастаған. Сондай сәтте ескі бәсекелесі Ермектің бейнесі тағы көз алдына келіп, оның мысқылды жанарын байқағандай болады. Енді, міне, сондай арпалысты күй кешіп, өзі де кейін шегіне алмай жүргенде, Розаның аузынан Ермек есімінің естілуі Жұмабектің көңіліне оқтай қадалады. Ішкі бір ыза жиылып келіп, Жұмабектің аузынан бұрқ етіп сыртқа шығады.

«-Ермек... Ермек деп... Түсінбеген адам таңырқай береді екен ғой. Ол әншейін, бақ көтерген халтурщик,- деді Жұмабек іштей тістеніп».

Әңгіменің соңындағы осы жалғыз ауыз сөз бүкіл оқиға, тартыс шешіміне айналады. Жалпы, бір-ақ ауыз сөзбен кейіпкердің басындағы түйінді ашып салу - Т.Ахтановтың өзге туындыларында да ұшырасатын тәсіл. «Махаббат мұңындағы» Нияздың да шығарма соңындағы бір ауыз сөзі оның бар болмыс-бітімін жайып салатын. Сол ерекшелік «Қызғаныш» әңгімесінен де көрінеді. Бірақ Жұмабектің соңғы сөзі кездейсоқ айтыла салған сөз емес. Көкірегінде жиылып келіп, қанша бүркемеленгенмен болмаған, сыртқа ытқып шыққан ішкі сезімнің, қызғаныштың көрінісі. Осы кезге дейін Розамен кездесу, танысу арқылы өз ішіне үңілген, көптеген олқылықтарын сезінген, өз-өзіне басқаша қарай бастаған кейіпкер - бәрібір өзінің бастапқы қалпынан ажырай алмайды. Қызғаныш ақыры Жұмабектің көзін байлап, Ермекті сырттай ғайбаттауға, жала жабуға ұласады.

Ғалым М.Х.Хамзин «Қазіргі қазақ тарихи прозасындағы өнер адамдарының бейнесі» деген еңбегінде: «Соңғы жылдар прозасының ерекшелігі сол: әдебиетіміздің тарихи романдармен, оның ішінде басым бөлшегін құрайтын өнер иелері жайлы жазылған туындылармен толығы. Қазақ қаламгерлерінің революцияға дейін өмір сүрген қазақтың өнерпаз жандарына осынша өз туындыларын арнау себебі – сол өнер иелерінің өз творчестволарына демократтық, халықтық сарынды арқау етуі, өздері өмір сүрген қоғамдағы әділетсіздікті, үстемдікті, озбырлықты сынауы, үстем тап өкілдеріне отты тілін қару етіп, қарсы шығуы болса керек» [4, 87-89 бб],- деп жазады.

Ал бүгінгі замандағы өнер адамдарының көркем прозадағы бейнелену жайы қалай деген сұраққа Т.Ахтановтың туындыларынан жауап табуға болатын тәрізді. Қазіргі уақыттағы өнер адамының образын жасаған туындыларда өнерпаздық, шығармашылық процесс, оның қоғамдық мәні жан-жақты суреттеліне отырып, өнер иесінің адамдық болмысына, моральдік келбетіне үңілу байқалады. Мұны жазушыға өмір-тіршіліктегі жағдайдың өзі ұсынады. Бүгінгі қалам иелерінің бәрі бірдей өнер жолына адал ма? «Махаббат мұңындағы» жеңіл жолға түскен ақын Ниязды да, өзгенің жақсылығын көре алмайтын суретші Жұмабекті де жоққа шығара алмайсың.

Әдебиеттер:

1. Қабдолов З. Жебе. Әдеби толғаныстар мен толғаулар.- А.: Жазушы, 1973.- 379 б.
2. Сыдықов Т. Талант табиғаты // Қазақ әдебиеті. 1981, 15 май. Б 23.
3. Ахтанов Т. Бес томдық шығармалар жинағы. Т.1. Роман, әңгімелер.- А.: Жазушы, 1983.- 384 б.
4. Хамзин М.Х. Қазіргі қазақ тарихи прозасындағы өнер адамдарының бейнесі.- А.: РБК, 1993.- 87 б.
5. Ғабдуллин Н. Замандас келбеті. Қазіргі қазақ прозасы жайындағы зерттеу.- А.: Жазушы, 1972.- 130 б.

Ә.ӘЛІМЖАНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ҚАЛА» МЕН «ДАЛА» ОБРАЗЫ

*Байжанова М.Қ., магистрант
Alikhan Bokeikhan University,
Қазақстан Республикасы, Семей қ.*

Қала, шаһар сөздерінің ертеден келе жатқан атаулар екендігі белгілі. Қала, шаһар–тұрғындары өнеркәсіп, сауда, қызмет көрсету орындарында және ғылыми, мәдени, басқару мекемелерінде жұмыс істейтін, халқы тығыз орналасқан ірі елді мекен. Әдетте қала Тұрғындар ауданы, Өнеркәсіп ауданы, Сауда ауданы, кейбірінде Әкімшілік басқару ауданы секілді негізгі аудандарға бөлінеді. Онда ғимарат, көше, бақша секілді негізгі құрылыс нысандары болады. Қалада біршама дамыған қызмет көрсету, сауда жасау, тазалық, тұрғын үймен қамдау, қатынас-тасымал, ойын-сауық кешендері, спорт кешендері қатарлылар болады. Қалалар қала ауданы және қала маңы ауданы деп бөлінеді. Қала жайын суреттеу дәстүрі ертеде, фольклордан бастау алған екен. Мысалы «Қобыланды батыр» жырында Қырлы қала мен Сырлы қала былайша суреттеледі: **Сырлы қала** дейтін қаласы

Қорғансыз сырты ашық-ты.

Қырлы қала дейтін қалаға

Атарман мен шабарма

Бектері басын қосыпты.

Қырлы қала маңынан

Бір жағы судың жағасы.

Алтықабат ор қазып,

Тереңдігін мол қазып»

Бекіткенін қарашы [1,231], – деген жолдардан қала ұғымының есте жоқ ерте заманнан белгілі екендігін байқаймыз. Дәл сол жырдатағы да мынадай жолдар кездеседі: «Бұл қаланың бегі», «Қаладан шығып көп қыпшақ» т.б халықты көптеп топтастыру сонау ата-бабаның заманынан белең алғандығын байқауға болады. Сонымен қатар «Ер Тарғын» жырында да «Азау деген Аз қала», Тарғын «Үш Тарғын деген тауды барып жайлады, әрі қыстауы, әрі сол жерді Мысыр етті» [2,412], – делінеді. Оның жеті жасар кенже баласы Айтқожа, есейгенде «бес қалаға хан болады, бес қаланы билеп мұратына жетеді» жыр соңы осылай аяқталады. «Қарадөң батыр» жырында да мынадай жолдар кездеседі: «Берік қылып салды деп Айтушы еді қаласын.

Барды енді қалаға

Ордасы қонған жер екен,

Жебесін мықты бекіткен.

Болаттан қаққан шеге екен

Жеті қатар жебесі,

Есігін салған темірден

Төбесі екен қарағай» [3, 233]. XV ғасыр мен XVIII ғасырға дейінгі қазақ поэзиясының өкілдері ақын-жыраулардың өмірі мен шығармашылығында да қала жайына байланысты көріністер аз емес. Жыраулардың көпшілігі Еділ, Жайық бойындағы қалалар маңында туып, өсіп, көршілес елдердің шаһарларында болғандығы жыраулар поэзиясынан да белгілі. О замандағы қалалар сақтық шаралары, жаудың тосыннан келіп, қаланы басып алмауына ыңғайланып жасалған. Қандай да бір қамал салса да, оның беріктігі, мықтылығы негізгі жұмыс болған. Дүниенің төрт түкпірінен де сақтанып, қауіпсіздік шараларын жасап отырған. «Жау жоқ деме, жар астында, бөрі жоқ деме бөрік астында» демекші қазақ өте көреген, сақ халық деп айтуға болады. Қазақ поэзиясының алғашқы өкілі Асан қайғы 1450 жылдары Керей, Жәнібек сұлтандардың маңында жүріп, елді әр жерге көшіре бермей, тұрақты бір жерге тұрғызған дұрыс болатынын айтқанын мына жолдардан байқаймыз: «Нәлет біздің жүріске,

Еділ менен Жайықтың

Бірін жазға жайласаң

Бірін қысқа қыстасаң
Ал қолыңды маларсың,

Алтын менен күміске» [2,410]. Доспамбет жырау XV ғасырдың 90-жылдарының орта шенінде Азау қаласында туады (Азов). Дешті-Қыпшақты жақсы білген жыраудың Бақшасарай мен Стамбулда болғандығы деректерден белгілі. Тайпалар аралық шайқастардың бірінде Доспамбет жырау отызға жуық жасында қаза табады. Доспамбет жыраудың жырларынан мына бір шумақтарды кездестіруге болады: «Азау, Азау дегенің

Әл-Ғұсман патша жұрты екен
Дін ісләмнің кілті екен.
Айнала бұлақ басы тең

Азаулының Стамбулдан несі кем» [4, 345]. Сол секілді қалаларды өз жырларына қосқан жырауларды санамалап айтар болсақ аз емес. Тағы бір екі мысал келтіре кетсек Ақтамберді жырау: «Меккені іздеп кетесің,

Әзір Мекке алдында
Пейіліңмен сыйласаң

Атаң менен анаңды!» [4,374], – деп қасиетті Мекке қаласын жырға қосса, Шал ақын «Мекке менен Медина жолдыңұшы, Алыс сапар дейді ғой барған кісі, Ата менен анаңды құрметтесең. Мекке болып табылар үйдің іші» [4,65], – деп тәлім-тәрбие толы жырларын кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырған жыраулар поэзиясынан қалалар туралы осындай жолдарды кездестіреміз. «Ал, қазақ жерінде қала шамамен V ғасырда салына бастағанын, Отырар сияқты қалалардың болғанын ғалымдар анықтағаны белгілі» [4,371]. Рас, қала қазаққа таңсық емес еді. Тарихтың тереңіне үңілсек біздің жерімізде қала сонау түркілер дәуірінде-ақ бой көтерген. Міне, осы мысалдан-ақ қазақтың қолынан қала салу келмеді емес келді, бірақ, еркіндікті тіпті зәулім сарайларға да айырбастағысы келмегендігін байқаймыз. Капитализм кезеңіндегі Қазақстанның қалалары көптеген ғылыми бағыттардағы зерттеушілердің мұқият назарын аударады. Өйткені өнеркәсіп- сауда, материалдық өндіріс, қоғамдық-саяси өмір, этникалық жағынан ала-құла адамдардың қоныстану орталығы болып отырып, сондай-ақ әлеуметтік саяси нормалардың тұрақты сақталу жағдайларында жеке кәсіпкерлік пен өзіндік ерекшеліктері бар рыноктық қатынастардың ошақтары ретінде олар өзара ықпал жасаудың күрделі үрдісінде жандандырушы рөл атқарды» [5,312]. Шынтуайтқа келгенде, бұл келтіріліп отырған мысалдардың барлығы біздің қалаларымыздың ғасырлар көшінде қандай тарихи жағдайларды бастан кешіргені жайлы шолуға негізделген. Осы келтірілген мысалдардан біздің әдебиетімізде қала туралы ойлар қай заманнан бері қарай айтылып келе жатқандығына, ал тарихтан халықтың нақты қай кезден қалаға бет бұрғаны анықталды.

Жазушының ұлттық құндылықтарды өз шығармаларында әртүрлі детальдар арқылы суреттейді. «Дала» концептісіне сиятын ұлттық дүниетанымды айшықтайтын нағыз далаға тән өмір құбылыстарын шынайы бейнелейді. Мәселен жазушының «Шымдан» повесіндегі ұлттық дүниетанымға, қазақы болмысқа тән қоршаған әлемнің құбылыстары ерекше бейнеленеді. *Ауылдағы арайлы таңның бейнесін табиғаттың тылсым күшімен сабақтастыра сипаттайды: «Сонау алыс кемерден асып төгілген шұғылалы нұр өзеннің бетіне құйылып, әп-сәтте мың сан алтын жапыраққа айналады. Екі қапталына кезек аунап, толқын ұрып ойнаған өзен алтын жапырақтарды ақырын лекіте бастайды. Судың беті шымыр-шымыр қайнап кетеді. Шымдан өзі талай бақылаған, бірақ қызығына тоймаған сурет».* [5,316]. Яғни, балалықтың қызығына тоймаған сурет, мың сан алтын жапыраққа айналған арман Шымданның толқын ұрып ойнаған өмірін автор аса шеберлікпен суреттейді.

Автор дала концептісін суреттеуде кейіпкер мен табиғат арасындағы байланысты байқауға болады: *«Ал, Аякөздің арғы жағында жатқан Көгілдір тауының жөні мүлде бөлек. Шымдан осы тауды тамашалаудан жалыққан емес. Күннің сәулесінен Көгілдір мың құбылып тұрады. Ең алдымен таң көгеріп атқанда, алыста, ту-ту сонау көкжиекте бұғып жатқан бір сұсты мақұлық көрінеді. Ебіге басын беріп, төрт аяғын астына бүгіп, мойнын*

ішіне алып жатыр. Шоқтығы шодырайып, көкке тіреліп тұр. Өзінің түсін ажырату қиын. Әлде қара шұбар, әлде көкшіл жыланная. Қайткенде де аса қорқынышты мақұлық. Осындай кезде Шымданның бойы тітіркеніп, бір қанша үрейлі күй кешеді. Бірақ, өзін-өзі жұбатып, ерленіп бағады. Жарық молая, бағанағы мақұлық өзінің сұсынан айрылып, енді кәдімгі тауға айналады. Басы да, аяғы да жоқ. Кәдімгі тау. Тек Ебіге қараған жағы тіктеу. Ойға қарай созылып барып бітеді[5, 317]. Бағанағы шоқтық болып көрінген таудың шыңы екен». Кейіпкердің өмірінің көлеңкелі тұстарын алдын-ала болжағандай таң көгеріп атқанда көкжиекте бұғып жатқан бір сұсты мақұлық деп таудың қорқынышы көлеңкесінен үрейленген Шымданның болашағы көгілдір таудағы мұнар сағымға айналғандай...

«Міне, сағымның қақ ортасында едәуір үлкен қара сызат пайда болды. Бұл тауды бөктерлей ұшқан қыран болуы мүмкін. Соның көлеңкесі. Салден кейін алтын сағым әлденеше жерден кесек-кесек ойылды. Бұл – топ-топ болып жайылымға шыққан киіктер. Әне, кішкентай, жіңішке сызықтар шарқ ұра ойнады. Бұл – киіктің лағы. Асыр салғаны. Көргендерін көкесіне айтатын. Ол ойланып отырып, «Көзің өткір екен, балам, — дер еді. — Рас айтасың, сол жақта да ел бар. Қыран, киік, саршұнақ пен суырдан басқа, әрине. Ол жақта да ел бар. Өмір бар»[5,321]. Автор әрбір табиғатқа тән тіршілік иелерінің бостандықта, еркіндікте, кең далада тыныстай алатынын, өмір сүре алатынын көктегі қыран құс арқылы, жердегі асыр салған киіктің лағы арқылы суреттеді.

Жазушының шығармасынан дала концептісіне тән нақты детальдарды да байқай аламыз мәселен: «Дала... қызыл жалқынға бөленген кешкі дала аяқтың астында көсіліп жатыр. Құлаққа ұрған танадай тыныштық. Батыс жақта кешкі арай тұтана бастаған. Ал, шығыс жақ қою тотияйын түске енген. Қылаңытып ай көрінеді». Автор даланың кеңдігін, даладағы жанға жайлы тыныштықты, батыс пен шығысты жалпы әлемді байланыстырып тұрған құдіретті жерді, көктегі нұрлы күнді, сұлу айды ерекше бейнелейді. Шығарманың көркем суреттелеген тұсы ауыл өмірі: «Ол осы сәт өзенге құлаған мол жылқыны, құрығын қарына іліп айнала шапқылаған жылқышы жігітті, алаулай жанған ошақ пен аспанға шалқып көтерілген жұпар түтінді, кешкі ас қамымен жүрген әйелдерді, тақырда асық ойнаған балаларды анық көрген еді»[5, 326]. Жалпы қазаққа тән дала тіршілігін, ауылдағы күнделікті күйбең, қарбалас өмірді шеберлікпен бейнелейді. Сонымен қатар «**Көрі ат**» әңгімесінен үзінді келтірсек: «Ойбу, қарағым-ай, — деді даусын созып. — Осы далада ешкімге бағынбаған талай асау, басы биік талай саңлақ өткен. Соның бәрін жоқтап жыласаң, көзің суалмай ма? Өксімеңдер, қарақтарым. Өздеріңе өмір тілеңдер. Басқа не дейміз сендерге. Солайы солай зой. Асыл сөз. Бірақ, көз алдыма сол даланың ары іспеттес арса-арса кәрі тұғыр, өткеннің шексіз қайғысын бойына жинаған Тораңғыл қасқа елестегенде, күні бүгінге дейін тамағыма өксік тығылады»[5, 350]. Бұл үзіндіде байқап отырғанымыздай қазақ ұғымындағы жылқы малының қасиетін, төрт түлік малдың ішіндегі ең асылы, елін, жерін жаудан қорғайтын ер-азаматтың астындағы пырағы бітімі бөлек асыл текті жануар екенін оны сол қоғамның өмірімен байланыстыра сипаттаған. Яғни, тұлпарды даланың ары іспеттес деп бағалаған. Бұл мысалды дала ұғымына тән концепті ретінде қарастыра аламыз.

Жазушы – адамның жанын зерттеуші, сол қоғамда тіршілік етіп жатқан адамның сол ортамен байланысы бұл повесте кездесетін «қала» концептілерінен де аңғара аламыз. **Қаланың жалған жарқылы:** «Бұл кезде адамдар жаппай өмірдің қызығын кешуге кіріскен. Алматының орталық көшелері қызыл-жасыл шамдармен сәулеленіп түнгі өмір басталады. Қымбат мейрамханаларға қымбат автомобиль мініп келіп түсіп жатқан, ақылға симас қымбат киім киіп, әшекей тағынған адамдар. Қайырболдының басы айналып қалатын. Әсіресе түнгі кафе-барларға келіп таң атқанша отырып шығарда ақшаны дестесімен төлей салатын бай баласы – көркем қыздар мен көрікті жігіттердің қылықтарын көргенде «апырау, бесіктен белі шықпай жатып қона салған бұл қандай бақ» деп меңірейіп, бір жағы күйзеліп тұрып қалатын. Кедейшілікте, әрбір жапырақ нан санаулы жоқшылықта өткен балалық шақ есіне түседі. Пәтеріне қайтып келіп, осындай көңілсіз оймен күнін өткізген Қайырболды демалмаған күйі қайтадан кешкі жұмысқа кететін»[5, 361]. Яғни, автор

кейіпкер арқылы қаланың сиқырлы арбауына ілескен пенде, көңілін арбаған сәулеленген түнгі өмірге қол созған сананың пәк жүрепкен күресуін керемет сипаттайды. **Қаланың қымбат бейнесі:** *«Медеуге баратын жолдың оң қапталындағы қымбат аудандардың бірінде тұрады екен. Екеуі таксиден түсіп қалың бақтың арасымен бұлдырап ұзақ жүрген». «Ақ, қара, сары, қызыл мәрмәр діңгектер, әр бұрышта зүбәржаттан қашап жасаған алып вазалар, төбеден салбырап тұрған алтын люстралар. Ат шаптырым залда кем дегенде жүз адам сиятын үстел. Ақ дастарханның үсті қисабы жоқ тамақтың, шараптың түрлері... Қайырболдының көзі бұлдырап кетті»*[5,365]. Қаламгер бұл шығарма арқылы қазіргі қоғамға, әсіресе, қала өміріне тән көптеген жүрегі мәрмәр тасқа айналған пенделердің тұрмыс-тіршілігін астарлап жеткізгендей. Қалаға тән қарбалас қым-қуыт өмірді ерекше суреттей білген.

Әдебиеттер:

1. ҚабдоловЗ. Сөз өнері. – Алматы: Санат. 1983. – 231 б.
2. Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 1994. – 412 б.
3. Сүтжанов С. Алаш және түркі руханияты. – Алматы:Санат, 2008. – 233 б.
4. Нұрғали Р. Сөз өнер эстетикасы. Астана: Елорда , 2003. – 345 б.
5. Нұрқатов А. Жалғасқан дәстүр. – Алматы: Жазушы, 1980. – 312 б.

ХАМЗА ЕСЕНЖАНОВ: ЖАҢА ДЕРЕКТЕР МЕН ІЗДЕНІСТЕР

*Ешниязова М. Ж., қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагогика ғылымының магистрі*

*Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының
Бәйтерек ауданы білім беру бөлімінің «Егіндібұлақ «мектеп-бөбекжай-балабақша»
кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Қазақстан Республикасы, Орал қаласы*

«Тағдырдың қасірет қойтастарының арасынан қайсар әдебиет талшыбығы-Хамза Есенжанов жарып шықты да, тамырлы, жапырақты алып бәйтерекке айналды», -деп профессор, ұлағатты ұстазымыз С.К.Шарабасов ерекше баға берген. Осы бағалаудан соң алып бәйтеректің шығармаларын оқып қарамау, зерттеп, зерделеу мүмкін емес. Қазақ кеңес әдебиетінің дамуына зор үлесін тигізе білген талантты жазушы Хамза Есенжановтың ендеше ең бірінші әңгімелері турасында өз ойыммен бөліссем деймін.

Жазушының «Өлеңті жағасында» әңгімесі қазақ жеріндегі азамат соғысының дауылды жылдарындағы Орал өңіріндегі оқиғаны жеткізген. Жымпиты жеріндегі ауыл халқының берекесін қашырған Жайық жағасын қаптаған ақ бандыларға қарсы шыққан жас өкіметтің жас қайраткерлерінен жасақталған қарулы жасақтың ерлігін, бастан өткізген оқиғаларын баяндаған. «Отряд аяқ астынан шыға келетін жаудың жолын бөгеп, уезд орталығын қорғауға кіріскенді. Бастығы: аққұба, ұзын бойлы, жап-жас жігіт. Жауынгерлері өңкей қазақ. Бәрі де оқыған жастар, жас жігіттер» деп қазақ жастарының намысты қолдан бермеген рухты, көзі ашық көкірегі ояу білімді, батыл да батыр екендерін осы жолдардан көрсете біледі.

Әңгіме кейіпкерлері: Халит Мұхамбетов, Зейнедден Ақназаров, Мүти, Қожанияз, жас бала Ербол қайсар мінезді, достыққа адал, қиын тағдырмен күресе алатын жандар. «Дұшпанның алдынан шығып жолын бөгеген жігіттерден бірін-саран аман қалғандар да бар. Солардың бірі мына алдарыңызда тұрған Халит Мұқамбетов. Ол өзін құрбандыққа ұсынып, қасындағы жолдасын хабар жеткізуге жөнелтті. Өзі өлім аузында қалды, көзсіз ерлік етті. Желкесі мен иығын бес жерден қылыш кескілеп, қолтығын оқ тесіп кетсе де, жолда ессіз құлап қалса да бізді қорғау әрекетін істеді. Төзімділігі мен қайраттылығы ажалды жеңіп шықты...» деп елін, туған жерін қорғау жолындағы патриотизмді Халитті айту арқылы барлық жігіттердің бойында бар екенін жеткізеді. «Бізде ерлер көп. Мына бір қабірге

қойылған жетпіс коммунист-сол ерлердің ішіндегі ерлері. Топырағың торқа болсын, халықтың қалаулы ұлдары!.. Бұл сол Өлеңтінің жағасында ерлерге ескерткіш қойған жиналыс еді»-деп әңгіме қаламгердің туған жерінің ерлерінің ерліктерін дәріптеуі және ішкі мақтаныш сезімінің көпшілікке айқын жеткізуімен аяқталады.

«Қызыл құмақ» әңгімесі кеңестендіру кезіндегі қазақ ауылының тағдырын, ауылдың қарапайым адамдарының тұрмыс-тіршілігін кеңес заманындағы келеңсіз оқиғаларды, адамдар арасындағы көреалмаушылық, мейірімсіздік сынды қасиеттерді жинақтаған жағымсыз кейіпкерлер мен қарама-қарсы батыл, іскер, жарқын қадамдардан қорықпайтын жағымды кейіпкерлерді көрсетеді. Сондай ақ, еңбектің қадір-қасиетін, еңбек еткен жанның ерекшелігін, әрбір жеке кейіпкердің психологиялық мінез-құлқын, әлеуметтік мәселелер мен адамдардың қоғамдық көзқарасын қаламгер терең көрсете білген.

Әңгімеде «Көрмей жүрген жұмыс емес, тек жер мен құрал қолға тисін»-деп еңбек етуге құлшынған ауыл адамдарының жігерлі сөздері бүгінгі ұрпаққа да үлгі. Қызыл әскер қатарында болып жаңадан ғана ауылға қайтқан, осы жерден комсомол ұясын ашып, оған өзі хатшы болып сайланған орта бойлы, қара торы Темір дейтін жігіттің үлкен мақсатқа қол жеткізу жолындағы іс-әрекеттерін, арман-тілектерін, батылдығын әңгімеге арқау еткен. «Ол көзсіз бораннан да, бетті қарыған ақшұнақ аяздан да қаймығатын емес» деп қаламгер жігіттің батылдығын одан әрі сенімді әңгімелейді. Темірдің жасынан қолы жетпей, көкейін тесіп келген көктемде қара қошқыл, жазда сарғыш тартып жататын құба жонның арғы жағы ақселеу жамылған кең жазық, бергі арқа беті-бетегелі боз жусанды кең жайылым Қызыл құмақ қазірде өз қолында яғни халық қолында. Бұрындары мұндай нәубет беретін шұрайлы жер о бастан текті, дәулетті, құрал-сайманы жеткілікті жандардың қолында келгенді, жалғыз атты, ағаш соқалы кедейлер қолы жеткен бір бұрышына мәз боп, көже-түйір талшығын айыратын. Ал бүгінде жазушының тілімен айтсақ: «Бәрі ортақ, мал да ортақ, жан да ортақ, ас та ортақ, арба да ортақ. Сенікі, менікі болмайды». Бұл алғаш рет қазақ ауылдарына келген жаңашылдық, жаңа заманның басы еді. Жазушы «Қызыл құмақ» әңгімесінде қазақ жеріндегі тарихи оқиғаның болуы адам өмірі мен тағдырының өзгерістеріне әкелгенін, десе де кеңестендіру науқанының кедей шаруа өмірін ауырлата түскенін кең суреттейді. Екі әңгімеде де адам баласының санасындағы революциялық күрделі өзгерістер мен қазақ даласының шалғай ауылындағы өткен революциялық өзгерістердің тарихи шежіресі шынайы бейнеленген.

«Қарт қазақ» әңгімесі: «Жаз күні еді. Бірақ бұл оқиға жаз жылуы әлі жетпеген салқын Сибирь тайгасының бір түкпірінде болды» деп басталып, алыстағы Ақтөбесін ойлап, оның Елегі мен Қобдасынан көз жазып қалған қарияның мұңды көлеңке жүзін бейнелеумен оқырман жүрегін елжіретіп басталады. Әңгіме шынайы оқиғаға негізделген, басты кейіпкер-Жұмағали Бекниязұлы. Жасы алпыстан асқан, ашаң, арық өнді, бірақ жүзінде ақылдың, сабырлы, өте салмақты мінездің ізі арылмаған кәдімгі «иман жүзді» жан. Жазушы Жүмекеңді «Оның үстіне Әлім елінің келісті сиқы бар адам-ды: ұзынша жақ, жап-жазық кіршіксіз маңдай, орташа түзең мұрынды, жұқа ерінді, кәрілігіне қарамастан әлі тіп-тік және жс жігіттің мүсініндей орта бойлы сұлу дене» деп Кіші жүздегі Әлім руы туралы айта отырып тарихты жақсы білетінін бір байқатады. Шындығында да Хамза Есенжанов шығармалары өзі өмір сүрген дәуірдегі қазақ халқы бастан кешкен тарихи оқиғалар мен қоғамдық дамудың күрделі бір кезеңдері шындығын көркем бейнелеуге арналған.

«Қарт қазақ» әңгімесі өте қарапайым шаруа адамның жан тебіренісін, ішкі психологиялық сезімін, ауыр бейнет арқалап келген өмірін, еңбек жолындағы алға ұмтылған жалынды күшін суреттейді. Жүмекеңнің туған жеріне деген сағынышын өріп жүрген қойдың жайылғанынан көз алмаған көрініспен байланыстырады. Жұмарланып бір жерге үймелей қалып, жыбырлаған қойлар бір кезде ақтарылған тарыдай шашылып, еңдей жөнеледі, қайтадан жиырылады, шөптен-шөпке, шөкеден шөкеге жүгіріп, жер түгін таласа қырқысады, Жүмекең осыларды тамашалап жануарлардан көзін алмай езу тарта берді. Жазушының төрт түлік малдың бірі қойдың қазақ халқы үшін қасиетті екенін көрсеткісі келгені де көрініп тұр және жазушының ауылды сағынған ішкі дауысын осы әңгімеден естуге болады.

Өзге елде жүрсе де жатсынбай еңбек етіп, еңбектің арқасында жетістікке жеткен қарапайым азаматтың қазақ екенін жазушы мақтанышпен жазған. «Ағаш кесуді үйренген жоқ, өмір үйретті, күн көру әрекеті еріксіз жетектеді. Ағаш кесу ғана емес, сал байлау-оны ағызу, ағып келген салды ағытып, өзеннен жағаға шығару жұмысында неше жылы қалды. Ағытқан салдың бөренелерін біріндеп түртіп шанышқымен жылжытып, тырнадай тізбектеп транспортерге иегін іліктіруге де Жүмекең маманданып үлгірген. Ұқыпты адамға, тиянақты еңбек иесіне кім назарын аудармайды. Бір түбектің белгілі Жұмағалиы болды. Ол ағаш шығару, ағаш жинау-штабель текшелеу маманы да атанды. Қырық бес минут ішінде бір вагонды тиеп үлгеруге шеберленген қазақ та осы Жүмекең. Жүмекеңнің бригадасы озат атанбай қалған күні жоқ» - деп қазақ жігітінің еңбексүйгіш, еңбекқор қасиетін бейнелеп, қарт қазақтың ауыр тіршілік мектебінен өткенін көрсетеді. Еңбек турасында әңгімеде: «Арқаны аязға сорғызбайтын, адамшылық қадірді аяқ асты еткізбейтін, бір тілім нанға қайыршылық қолды создырмайтын еңбектің ғана құдіреті еді. Ащы қасіреттің құшағынан да алып шыққан сол еңбек...» деп еңбектің құдіретіне баға берген. Жүмекеңнің еңбекқорлығымен қатар ақылдылығын да жазушы көрсете білген: «Қарт сөйлеген сайын бір тұйықтан бір тұйыққа тірейді әрі қалаған кірпіштей сөзі орны-орнында. Соған орай бір жағынан сөйлеңкіресе екен деген ынта да бар. Оның ұзақ сөйлемейтіні, сөйлей қалса түбірлі пікір айтатыны құнды қасиеті ғой»-деп қазақ қарттың парасатты мінезін суреттеген. Жалпы әңгімеде қазақ халқының тіршілігіндегі ерекшеліктер қоюландырып айқын қарастырылған. Әсіресе мал шаруашылығымен айналысқан қазақтардың төрт түлікті өсірудегі тәжірибесімен бөлісіп, сол жолдағы еңбексүйгіш қарт қазақтың өміріне тоқталған.

«Жайын ілерде» әңгімесі де еңбекке баулып, еңбексүйгіштікке жастарды тәрбиелейді. Әңгіме балаларға арналған. «Қарт қазақ» әңгімесі мал шаруашылығына арналса, «Жайын ілерде» әңгімесі атынан көрініп тұрғандай балық шаруашылығына арналады. Әңгімеде: «Мен атам баласымын ғой-өзінің тізесінен басқа жерге отырtpай, папама да сүйгізбей өсірген баласымын ғой. Сондықтан атам мен әжем алдында балам деу түгіл, бетімнен де сүйіп көрген емес. Оңашада ғана сүйеді. Онда да жан-жағына қарап алып өбеді бетімнен» деп қазақ салтындағы немересін ата-әжесінің бауырына салу көрінісі байқалады. Әкені сыйлаған әкені сипаттау арқылы әке мен бала арасындағы кіршіксіз таза тазалық пен сыйластықты көрсете білген. Әкесімен балық аулауға ілесе барған ұлы әкесінің жылдам жүрісінен қалып қояды. Жүрісі өнбей, арқасы су болып, ертеңгі аяз қолын қарып удай ашытып жанын шығарады. Әкесінің баласын ілестіріп қарамай бара жатуы, «ұлыңды аясаң, аяма» деген мақалды еріксіз ойға түсіреді, әңгімеде әкесі кішкентай ұлын өмірдегі қиындықтарға да қазірден үйретіп жатқандай. Бұл көрініс көптеген қазіргі жас әкелерге бала тәрбиесінде үлкен сабақ болар еді. Әңгіме «Қазір атам мен әжем жоқ. Папам да жоқ. «Не ілетініңді ұстазың айтар» деген сөзді кейін түсіндім: білім ілу. Мен оны ілдім. Бірақ менің ілген жайынымды олар көре алмады. Тілектері мені ұстаз ету еді» деп өзгеше толғаныспен аяқталады. Ата-ананы қадірлеу басты орында және қадірін есейгенде түсіну өмір заңдылығы екенін жазушы оқырманның жүрегіне әсерлі жеткізген.

Хамза Есенжановтың қысқа, әрі нұсқа очерктері әдеби шеберліктің мектебін ашып, шынайылықтың үлгісін көрсете білгендей, түсінікті әрі мағыналы, байқап тұрсаң сол қазақтың қарапайым азаматын жан-жақты ұлы тұлғадай насихаттайды. Жазушының ерекшелігі де осы ма дедім, әр адамның бойынан бір үлкен қасиетті тани білуінде.

Поезд ішіндегі оқиғаны көрсеткен Мысырлық екі жас жігітті сипаттаумен басталатын «Омардың шәкірттері» шығармасы қазақтарды жатырқамай өздеріне жылы тартып отырған Мысырлық бозбалардың іс-әрекеттерін ерекше суреттеген. «Бойшаң, ашық жүзді қоңыр жігіттің аты-жөні бір шумақ-Ғабдур-Рахим Халфе Мухаммед Мұстафа екен, ал екіншісі-аласалау, иықты және шықшыттылау келген бала жігіттің аты жып-жинақты-Мухаммед-Ғали Сайд» деп жазушы тіпті олардың аттарын да анық, дәлелді түрде айқындап айтып өтеді. Бұл айқындық шығармадағы бас қаһарманның шынайы кейіпкер екенін одан әрі сендіре түседі.

Шығарманың басты кейіпкері Қызылорданың Шиелі станциясында туып, училище бітіргеннен кейін комсомол жолдамасымен Братск электр станциясын салысуға аттанып,

құрылыстарда он жыл істеген соң осы Асуанға жол шеккен электросварщик, бригадир, араб жастарына жиырма бес жеткіншекті өз өнеріне жетілдіріп, электрмен болат пісіру, электр станциясын салу техникасына үйретіп жүрген Омар Жетібаев орта бойлы, жігерлі пішінді, қара торы қазақ. Екі жылға шарт жасасып келсе де, осындағылар басшы мамандар жібергісі келмей, әлі де болуын қалайды. «Жүмһурият Қазақстан? Ғұмар. Мусли... Асуан?..» деп балалар Омарды Ғұмар деп атайды. Жас жігіттер асуан құрылысында жұмыс істеп жүріп оқып, үйреніп, жаңа мамандыққа қол созған жігіттер, олардың ұстазы Совет одағынан келген мұсылман қазақ Ғұмар дейтін адам, шәкірттер поезд ішіндегі қазақ азаматтарын өз ұстаздарының жерлесі екенін сезіп, өте-мөте іш тартып, жақындай түседі. Бұл жерде қазақ халқының қандай да болмасын өзге ұлттарды жатырқамай, әрқашан ашық көңілін білдіретінін байқауға болады.

Сондай ақ, «Адам ойын қиял көгіне жетектеген Мысыр! Ертегідей сұлу Ніл алқабы! Аңыз біткен, ертеңгі қойдай өріп, әлемге өрістеген жер! Ғайсадан төрт мың жыл бұрын арғы көне заманда өмірдің тылсым тілін ұққан-мысырлықтар! Геометрия мен астраномия ғылымын жөргектеп, көктегі жұлдыз санын есептеген, оның жүрісін тәй-тәйлеген ел! Ұлылығы мен сұлулығы таңдай қақтырған тәңірі үйлерін салушы Имхотеп инженерді туғызған халық! Қолөнері мен архитектура тілін меңгерген, сурет салу мен жазу-сызу нақышын тапқан жұрт!»-деп жазушы Мысыр елінің сұлулығын екпін түсіре ерекше интонациямен суреттеген. Соншалықты ерекше жерде қазақтың қарапайым азаматының қаншалықты беделге ие екенін мақтанышпен айтып, елді айтса да астарында қазақ азаматының шеберлігі мен ұсталығын жеткізгісі келгені айқын.

Қаламгер өлшеулі ғана шығармашылық ғұмырында көптеген ірі кейіпкерлерді тудырған, соның бірі тарихи тұлға, Найман биі, көп айтыла бермейтін - Сәдубек Найман. 1538-1580 жылдарда қазақ ханы болған Хақ-назар тұсында өмір сүрген, кеңесші әрі ұстаз, би болған. Хақ-назар ханның немересі Ораз-Мұхаммет сұлтанның сенімді өкілі болады. Хақ-назар Ораз Мұқамметке: «Бері кел, отыр, шаһзада. Қазір бектер бегі келеді. Сол кісіні басшы етіп сапарға аттандырамын, шаһзада. Сарайдан аулақ, елден де аулақ алыста жүргенде ер жігіттің ісін істер, жақсыдан үлгі алар, өнерлінің өнерін үйренер деп ойлаймын, шаһзада», - деген сөзінде «сол кісіні басшы етіп» дегені Сәдубек Найман болатын.

Шығармада Хақ-Назар хан немересіне түрлі сұрақтар қойып, сыннан өткізеді, «ұлан байтақ кең жерінді көз алдыңа келтіріп көрші», - дейді хан атасы, немересі: «Жақсы әмірші ата, келтірейін. Бабам билеген байтақ қоныс: ежелгі алтын бесік Іле дариясының алқабынан басталады. Батыстағы Еділ мен Жайыққа ұштасып, Сары-Айшықпен шектеседі. Арқа бетте Есіл мен Нұра екі суды өрлеп, Ақторғай қанаттас Ақшат тауымен Ұлы таулардан әрі Естек еліне тіреледі...», - деп жауап қайтарады, әрі қарай «Үлкен жеріңнің көлі мен өзенін, ол өзен мен көлде қандай балығы барын жатқа біл, далаңның құмды шөлі мен Балқашты тоғайын, оның аңы мен құсын көз алдыңа тұрғандай сана. Айнытпай айтып бер» - деп ұстазым оқытты дейді. Ораз-Мұхаммед сұлтанның да, автордың да туған жеріне деген ұлы сезімін, сүйіспеншілігін осы үзінділерден байқауға болады.

Русь патшалығының біздің тарапымызға жіберген елшілігін Арқа хандығы қолға түсіргенін анықтады. Бұл елшілік қыпшақ даласымен, яки біздің елмен қарым-қатынас жасау ниетін мақсат тұтқан. Ұлық патша біздің құзырымызға өз елінде жасалатын асыл бұйымдар мен бағалы заттардан сыйлық бағыштаған. Болашақта екі ел арасында сауда-саттық ісін жүргізуге елші азаматына қосып үш саудагер аттандырған. Алайда, Қошым ханның Оралым тауынан асырмай жол бөгеуге қойған Мәметқұл ханзада бұл ізгі ниетті орындауға мүмкіндік бермеген. Елшілік керуенін бастаған Третьяк Чебуков мырзаны, оның қасындағы оннан астам қосшыларын дарға асып, бізге жіберген қымбат мүлікті олжа еткен, - деп Хақ-Назар хан найман биі Сәдубекке оң сапар тілейді. Қият Мөңке де: бұл ұлы сапарға ел көрген, жер көрген, ғақыл иесі ғұлама Сәдубек биді сіз қаласаңыз, біздер екі есе қалар едік, - деп қолпаштай түседі. Ғұлама-атада: «Жаушылыққа-елшілік, таршылыққа-кеңшілік» деген Сәдубек бидің сөзі ақыл мен адамшылықтың құралы. Үй ішінен жау шықса-тура қашқан құтылмас, деп ежелден егескен Бұхар әміршісі тағы да талас жолына шықты. Дұрыс

айтасың-Сәдубек би ел мен ел арасына дәнекер. Оның жолы Қошым елінен де алыс патшалықтармен лебіздесу, шырағым,-деп батасын береді. Осындай Сәдубек биге деген қолпаштау сөздер басты кейіпкердің өз заманында кемел ойлы, өткір тілді, зерделі әрі білімді тұлға болғанын көрсетеді.

Сәдубектің әйелі Ақмаралдын: «рахмет мырза, қуанышты хабар әкелгеніңе мың да бір рахмет! Амандық жайды жеткізген лебізің үшін мынау сүйіншім», -деп сандықтан шапан алып Кәденнің үстіне жабады деп қаламгер қазақ халқының кеңдігін және салт-дәстүрдің бір түрін ерекше сипаттаған.

«Сәдубек Найман» тарихи тарагедияда арам ойлы жағымсыз кейіпкерлерді де көрсете білген. Тайшора: «Бүкіл Найман тұтасымен анталап, мына сүппа бөрік киіп, көзі кілмиіп, сарт-садаман жерінде кітап мүжіп, инеліктей бүгіліп жүріп би атанған Сәдубекке қарайды. Қарап қана қоймайды, бүгін оның ашса аузында, жұмса алақанында тұп-тура шырақ шамға үймелеген көбелектей қаптап кетіптей. Бұған зығырың қайнамағанда, неге зығырың қайнар!...», -деп Қарамырзаға кері айдап салып отырады.

Жалпы шығармада өз заманының билік арасындағы тартысты суреттеген, тарихи жағынан нақты, Сәдубек Найманды өрбу, өсу үстінде сомдап көрсеткен.

Мен Хамза Есенжанов әңгімелерін оқи отырып, «Хамза Есенжанов- халық жазушысы, ауылдан шыққан шынайы талант иесі, қайсарлығын, қарым-қабілетін туған еліне, халқына мойындатқан қарымды қаламгер, Хамза Есенжанов шығармалары өзі өмір сүрген қуғын-сүргін уақыттарын қамтиды. Кемел жасын тас қапаста, қиындықта өткізген жазушы шын мәнінде шынайы өмірге деген құштарлығын жоғалтпай аз уақыттың көлемінде қазақ әдебиетіне өз үлесін қосқан дара жазушылардың бірі» деп баға берер едім.

Әдебиеттер:

1. Сүлейменов С.Х., Сүлейменова Д.Д., Ақжайығын аңсаған азамат: Х.И.Есенжановтың туғанына 100 толуына орай естеліктер.-Алматы, 2008.-264 б.
2. Хамза Есенжанов. Көп жыл өткен соң: әңгімелер, очерктер.-Алматы, 1980.-2280 б.
3. Хамза Есенжанов. Публицистикалық мақалалар: Алматы: «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС, 2014.-392 б.

ТЕКТИНІҢ ҰРПАҒЫ – ҒАЗЫМБЕК БІРІМЖАНОВ

Әбдіразақ Ш.Ғ., «тарих» мамандығының 2 курс магистранты.

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ.

Ғазымбек Қорғанбекұлы Бірімжанов туған жері 1896 жылы Торғай облысы, Торғай уезінің, Тосын болысының № 1 ауылында дүниеге келген. Бұл қазіргі Қостанай облысы, Жангелдин ауданы Шеген ауылдық округі. Ғазымбектің шығу тегін халық тудырған тарихи түпдерек көзі шежірені ғылыми тұрда қарастырсақ: онда Арғын – Тәнбісопы – Елемес – Ерман – Шағыр – Аманжол – Шақшақ – Көшей – Қошқар – Жәнібек – Дәуітбай – Мұса – Шеген – Бірімжан – Қорғанбек – Ғазымбек.

«Текіден текті туады, тектілік тұқым қуады, тегі бегзат болғандар, өмірдің мәнін ұғады, тұғырында өмірдің әрқашан биік тұрады» демекші, ата-бабасынан туған зеректік пен тектілік Ғазымбек бойына да туа дарыған. Ол жасынан алғыр, өткір, көрегендік сияқты жалпы қасиеттерімен танылып, өзінің текті әулеттен шыққанын естіп, көріп, біліп өсті. Ел ағалары – ақсақалдардың, билер мен батырлардың әңгімелерін құлағына құйып, санасына сіңіріп ер жетеді.

Ғазымбектің көзін көрген Әбдірахман Мұңайтпасовтың жан-жары Сара Садыққызы Өтегенова-Мұңайтпасова ол туралы «Біз Ташкентте тұрғанымызда газет-журналдарда жұмыс істейтін журналистердің, халық ағарту саласында еңбек ететін қазақ интеллигенттерінің саны көп-ақ болатын. Солардың ішінен ерекше есімде қалған кісі, әкешем қадір тұтатын жас жігіт, торғайлық арғын Ғазымбек Қорғанбекұлы Бірімжановты атағым келеді.

Ғазымбектің бет-әлпеті сүйкімді болатын, ат жақты келген, қыр мұрынды, бидай өнді, орта бойлыға жататын, ашаң денелі сымбатты кісі еді. Жан-жақтай білімдар екені көрініп тұратын. Ғазымбек онша көп сөйлемейтін, бірақ көңілді отырған шақтарында әңгімені жақсы айтатын да, қасындағыларды үйіріп әкетіп, көңілдерін көтеріп, жұрттың назарын өзіне лезде аударып алатын» - деген сөздермен Ғазымбекті толықтай сипаттап, ол туралы жылы лебізін білдіреді.

Заман ағымын андай білген Қорғанбек, келешек-оқыту екенін жақсы түсініп, ауыл молдасынан тілін сындырған Ғазымбекті Торғайдағы екі кластық уездік орыс-қазақ мектебіне оқытып, сауатын аштырады. Оны тәмәмдаған Ғазымбек 1909 жылы Орынборда реалдық училищеге оқуға түседі. Орынбордағы оқу орнына түсу үшін Ғазымбекке бірнеше жыл күтуге тура келді. Ғазымбекке осы оқу орнына стипендия алуға септігін тигізген туған ағасы Ахмет Бірімжановтың Торғай губернаторына жазған хаты. Өз хатында Ахмет Бірімжанов Торғай генерал-губернаторына Ғазымбекке Орынбор реалдық училищесіне оқуға стипендия беруді сұраған. Бұл өтініші жауапсыз қалмай, біраз уақыттан кейін Торғай генерал-губернаторынан қуанышты хат келіп, Ғазымбекке Орынбор реалдық училищесінде оқуға стипендия бөлетінін жазған. Бұл деректер бізге екі ағайындының арасындағы бауырмалдылығын, ағасының інісіне деген жанашырлығын білдіреді.

Ғазымбектанушы Данияр Ихсан қайраткер дәл осы Орынбор реалдық училищесінде оқып жүрген кезінде Алаш қайраткерлері Міржақып Дулатұлымен, Ахмет Байтұрсынұлымен танысты деп, сөздерін: «1910 жылы Орынбор қаласына келген Ахмет Байтұрсынұлы 1911 жылы «Маса» жинағын, 1912 жылы «Оқу құралын» (қазақша әліппе), 1914 жылы «Тіл құралын» (бірінші), 1915 жылы «Тіл құралын» (екінші) шығарған. 1913 жылдың ақпанынан 1918 жылға дейін Орынбор қаласында шығып тұрған «Қазақ» газетінің редакторы болған. Ғазымбек 1929 жылдың 24 қаңтарындағы тергеу көрсетіндісінде: «Дулатов в это время был в Ташкенте. С ним я был еще раньше знаком по Оренбургу. Работал в газете» - деп, Міржақып Дулатұлымен танысқанын айтуына қарағанда, Ахметтей кемеңгермен де осы кезде танысуы мүмкін» деген, деректерді келтіре отыра дәлелдейді.

Ғазымбектің саяси өмірге араласуы осы Орынбор реалдық училищесін тәмәмдағаннан кейін, яғни 1917 жылдың сәуір айынан басталады. Патша өкіметі 1916 жылғы 25 - маусымда Қазақстан мен Орта Азияның тұрақты халықтарын майданға қара жұмысқа алу туралы жарлығы жарық көрді. Жарлық бойынша бұл өңірлерден 19 бен 43 жастың арасындағы ер - азаматтар алынуға тиісті болды. Бұл алудың өзі алаланып жүргізілді. Өкім-байлардың балалары жастарын жасырып, пара беріп, майдан шебіндегі қара жұмысқа алу тізіміне ілікпей, ол тізімге тек кедейлердің балалары ілікті. Кей жағдайда тізімді толтыру үшін бай балаларының орнына жасы ұлғайтылып кедейлердің балаларын жазды. Міне, осы жарлық 1916 жылғы қазақ халқының ұлт-азаттық көтеріліске шығуына негізгі себеп болып табылады. «Қазақ» газетінің төңірегіне топтасқан Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов сияқты либерал-демократиялық бағыттағы зиялылар халықты өкіметке қарсы шықпауға, жарлықты орындауға үгіттеді. Оны орындамаған жағдайда қазақтар қантөгіске ұшырауы мүмкін деп санады және осыған байланысты үлкен алаңдаушылық білдірді.

«Известия» газетінің 192-ші нөмірінде Ғазымбек Бірімжанов осы көтеріліс жөнінде: «1916-шы жылғы күзді күні қазақтың кең даласында атқа мінген, найзалы, айбалтасын тақымына қысып, сойыл сүйретіп топтанған қазақтарды көруге болатын еді.

Өз-өзінен қайраттанып, біреуі сойылын сілтеп, біреуі: «Жігіттер, өлім біреу! Біріміз қалғанша, майданға бармаймыз» деген кісілер де болып еді. Інеш нәрседен қаперсіз, өзін-өзі әуелі құдай, екінші патшаға тапсырып, ұйықтап жатқан халықты алай-дүлей қылғанда не болды? Бұл қазақтың миына қандай пікір құйылып, осынша ызаландырды екен.» деп, халқын аласапыранның аман салып шығуды көздеген Ғазымбек, іс жүзінде қолында темірдің сынығы да жоқ қазақтардың мұздай қаруланған орыс армиясына төтеп бере алмай, тектен-текке соғыстың құрбаны болады деп қауіптенді.

«Патшашыл хүкімет қарап отырған жоқ. «Жизавский», Ульянов, Ритовтардың әскерлері елге шығып, қазақ-қырғызды малша кескіледі, қырды, тонады, киізге орап өртеді.

Қазақтың даласы қызыл ала қан болды. Патшаның «мархаматына» ұшырап, ел-жұрт, жер-су, мал-мүлкінен, туған-туысқанынан айрылып, неше түрлі мүшкіл халге ұшырады, тірілей тұзаққа түсті. Қойша қырылған қазақтың ұшы-қиыры жоқ...» деп ашынып жазғаны, көтеріліс кезінде орын алған қанды қырғын, жүздеген мың адамдардың қаза табуы алаш қайраткерлері қауіпінің негізсіз еместігін дәлелдеді. Осы мақаланың өзі-ақ 1916 жылғы көтеріліс кезінде алаш зиялылары ұлттық мүддеге сатқындық жасады деген пікірдің сыңаржақ тұжырым екендігін көрсетеді.

1916 жылы қазақ жігіттерін майданға мобилизациялау процесі басталады. Қан төгуге қарсы болған Алаш зиялылары, одан да тылдағы жұмысқа бару керектігін, жұмысқа алынған қазақ жігіттеріне көмектесу үшін оқыған азаматтарды тарту керектігін жазады. «Білетіндері, білмейтіндеріне түсіндіріп басшылық етіп, жұмысқа алынбаған Алаш азаматтары алынғандардың жабдығына болуы мойындарына борыш» деген ойды айтып, содан соң мәселе есебінде жігіттердің жағдайына байланысты жұрт алдына екі нәрсені қояды. Олардың бірі жігіттерге барған жерінде бас-көз болып, олардың мұн-мұқтажын тиісті орындарға жеткізіп тұратын орыс және қазақ тілдеріне бірдей, білімді жігіттердің керектігі болса, ал екіншісі, қазақ жұмысшыларына қандай жерде болса да қазақ тамағын жеткізіп тұру жұмысына жарайтын, бұл істің ретін білетін адамдардың қажеттігі еді. Осылайша, «Қазақ» газеті оқыған азаматтарға үндеу жариялап, аты-жөндерін жариялайды.

Осы ретте, Ғазымбек, Әлихан Бөкейхановтың шақыруы бойынша майдандағы қара жұмысқа алынған қазақ жастарына көмек көрсету үшін ол Киев қаласына аттанады. Қазақша, орысшаға жүйрік Ғазымбек «азаматтық міндетім» деп майдандағы қара жұмысқа тартылғандарға көмектесу үшін Киевке, Күнбатыс майданында сәуір айында барған.

Ғазымбек бастаған қазақ оқығандарының көмегі қазақ азаматтарын майданнан қайтып елге жеткізу кезінде аса қажет болған. Өзінің тергеушіге берген көрсетіндісінде Ғазымбек «Мен өзімнің майданға баруымды парыз санадым. Орысша білмейтін қазақтарға ол жақта әлімжеттік көрсетуі мүмкін еді. Мен орысша білетін қазақтардың қатарынан болғандықтан оларға көмектесуді өзіме парыз санадым» - деп баяндаған.

Майданда жүрген жұмысшыларға қазақ зиялыларының көрсеткен көмегі туралы профессор Мәмбет Қойгелдиев: «Осылайша, 1917 жылдың шілдесінің соңы тамыздың басында майдандағы жұмысқа алынған жігіттердің соңынан оларға қызмет көрсету үшін барған қазақ зиялылары тарихының азаматтық ерлікке толы бір кезеңі аяқталған еді. Бұл шын мәнінде елдік үшін, сол елдіктің ертеңі үшін болған аласапыран күрестің жарқын көрінісі болатын. Оның басында саяси күрес жолында кемеліне келген қайраткер Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынов басқарған «Қазақ» газеті тұрды» - деп, Алаш зиялыларының майданда жүрген қарапайым қазақ жұмысшыларына тигізген көмегі шексіз болғандығын айтады.

Майданнан келген бетте 1917 жылдың күз айында Мәскеу қаласындағы Петровско-Разумовский атындағы ауылшаруашылық академиясына оқуға түседі. Жастайынан білім-ғылымға құмар Ғазымбектің бұл оқу орнында білім нәрін алуға сәті түспейді. Оған себеп: Германияда оқығанда жазған автобиографиясына сүйенсек «Мен оқуымды Ресейде азамат соғысы басталған соң тоқтатуыма мәжбүр болдым» десе, тергеушіге берген көрсетіндісінде, «Бұл жерде оқуға ақшада, мүмкіндік те болмады» - деп келтіреді.

1917 жылы наурызда Әлихан Бөкейхан Уақытша үкімет ұйғарымымен Торғай облыстық комиссары болғаны белгілі. Әлихан Бөкейханов 1917 жылы 5 тамызда Орынбор округтік сотының төрағасына Ғазымбек Бірімжановты тілмаштық қызметке ұсына отырып, мынадай мінездеме береді: «...Гр. Беримжанов по окончании реального училища в этом году по моему приглашению ездил на фронт в Киев для эвакуации киргизских рабочих на родину, при этом оказался весьма способным и работающим не за страх, а за совесть работником. По убеждениям, как большинство моих близких знакомых молодых киргиз народник в духе народников 70-х годов. Надеюсь, что гр. Беримжанов оправдает мою надежду и будет хорошим переводчиком Оренбургского Окружного Суда». Осы ретте Әлихан Бөкейхановтың

оң мінездемесінің арқасында Ғазымбек Орынбор округтік сотында тілмаштық қызметке орналасады.

1917 жылы, 21 қарашада «Қазақ» газетіне «Алаш» партиясының бағдарламалық жобасы жарық көрген. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Елдес Омарұлы, Есенғали Тұрмұхамедұлы, Ғабдулхамид Жүндібайұлы, Ғазымбек Бірімжан жасаған бағдарламалық жоба мемлекет қалпы, жергілікті бостандық, негізгі құқық, дін ісі, билік һәм сот, ел қорғау, салық, жұмысшылар, ғылым-білім үйрету, жер мәселесі сынды 10 бөлімнен тұрады.

Бүкіл империя көлемін қамтыған саяси тұрақсыздық жағдайында сол тұстағы Орынборда шоғырланған қазақ оқығандары өзара кеңесіп, кезек күттірмейтін ұлттық мәселелерге байланысты бір тұжырымға келу үшін жалпықазақ съезін шақыру туралы шешім қабылдап, оны ұйымдастыру ісін бес адамнан тұрған комиссия өз мойнына алады. Олар Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Сағындық Досжанов, Елдес Омаров болатын. Кейін бұл кісілерге А. Бірімжанов, Ж. Жәнібеков, Ф. Ғалымжанов, Қ. Арынғазиев, Ғ. Жүндібәев, Ғ. Бірімжанов та келіп қосылады. Комиссия «Қазақ» газеті арқылы қазақ және қырғыз халықтарына арнайы үндеумен қайырылып, съезге шақыру жеделхаттарын жолдайды.

«Алаш ұлы қазақ пен ардақты қырғыз ағайынға!» деп аталатын бұл үндеуде олар елде қалыптасқан төтенше саяси жағдайға байланысты 5 желтоқсанда Орынбор қаласында «қазақ-қырғыз болып бас қосатын бір жалпы съезд өткізіп, онда «анархиядан өзін қорғау үшін» қазақ пен қырғызға әскер жасақтау туралы өзін қорғау үшін» қазақ пен қырғызға әскер жасақтау туралы шешім қабылдау керектігі айтылады.

Қызыл тілге жүйрік болған Ғазымбекті Алаш зиялылары елші ретінде белді тұлғалармен, басшылармен келіссөздер жүргізуге жіберетін болған. Ғазымбектің тергеушіге берген көрсетіндемесіндегі: «Алашорданың Торғай ұйымында мен ресми қызметте болған жоқпын, мені үкімет басқа ұйымдармен байланыс орнату үшін немесе олардың қару-жарақ алу үшін түрлі іс-сапарларға жөнелтіп отырды» - деп айтқан сөздері осыған дәлел.

Белгілі өлкетанушы Қуаныш Орманов «Ол Қазақ АССР-нің Башқұрт еліндегі (ол кездегі астанасы Стерлитамақ қаласы) алғашқы елшісі болған» деп, Ғазымбекті қазақтан шыққан алғаш дипломат деп атап кетеді.

Профессор Д. Аманжолова өзінің «На Изломе. Алаш в этнополитической истории Казахстана» еңбегінде 27 Тамыз күні Орал казактарының және Алашорда өкілдері Колчакқа келгенін баяндап, мынандай деректер келтіреді: «В официальном сообщении о приеме говорилось: «Будучи оторваны от центральной власти, киргизы зауральной стороны пытались создать свое административное устройство. Не имея тенденции к государственному самоопределению и отделению, они вынуждены были содержать за свой счет государственные учреждения – почту, телеграф, воинские формирования, суд, места заключения и пр. Ныне зауральские киргизы тесно связаны с уральскими казаками.» . В их совместном докладе Колчаку содержалась просьба предоставить атаману Толстову право усилить воинские киргизские формирования, объединить управление казачьего войска и Алаш-Орды под главенством атамана, предоставить ему право оплатить расходы Алаш-Орды на содержание госучреждений в размере 6 млн. руб.

В заключение представитель Алаш-Орды вручил Колчаку постановление областного казахского съезда (вероятно прошедшего в июле) о присвоении ему звания почетного акасакала. Поблагодарив делегацию, Колчак обещал вынести поставленные ею вопросы на срочное обсуждение в Совете Верховного правителя».

Ғазымбек өзінің тергеушіге берген көрсетіндісінде 1919 жылдың жаз айларында Асфендияр Кенжин екеуін Алашорда үкіметі Колчакқа келіссөздер жүргізуге жібергенін айтады. Демек, Д. Аманжолова жазып отырған Алашорда өкілдері Асфендияр Кенжин мен Ғазымбек Бірімжанов екені күмәнсіз.

1920 жылы Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетіне «мал дәрігері» мамандығына оқуға түседі. Бірақта бұл аталған университетте оқуға бұл жолыда сәті

түспейді. Оның себебін Ғазымбек өзінің тергеушіге берген көрсетіндісінде «Ташкентте Орта-Азиялық университет ашылғаннан кейін мен дереу Ташкентке келіп оқуға түстім. Одан бөлек Ташкенттің бір мектебінде мұғалім болып және «Ақ жол» редакциясында жұмыс істедім. Газетте жұмыстың көп болуының себебінен, мен оқуымды тастап кеттім»-деп түсіндірген.

1920 жылы 7 желтоқсанынан бастап Ташкентте Түркістан республикасының кіндік басқарма комитеті мен ортақшыл партия кіндік комитетінің атынан «Ақ жол» газеті жарыққа шығады. «Ақ жол» демократиялық мазмұнда жарық көрген санаулы ұлттық басылымдардың бірі. Газет Түркістан өлкесіндегі қоғамдық-саяси процестерді жіті қадағалап, іске асырылып жатқан реформалық өзгерістерді халыққа кеңінен насихаттап отырды. Сонымен бірге, газетте көтерілген ұлттық идеялар биліктің назарына ұсынылды. Газетке автор болып қатысқан ұлттық саяси және шығармашылық элита өкілдерінің жазбалары қоғамдық пікір қалыптастырып, бұқара халықтың қолдауына ие болды.

«Ақ жол» газетіне Міржақып Дулатұлының шақыруымен Ғазымбек жұмысқа орналасады. Ташкентте Міржақып Дулатұлымен бірге тұрып, тығыз байланыста болған.

Интеллект, құштарлық, құзіреттілік сынды журналистке керек қабілеттерді бойына дарыта білген Ғазымбек тез «Ақ жол» редакциясында алдына жан салмай қызмет етіп, өзін көрсете білді. Бұл сөздерге дәлел Дінмұхаммед Әділов көрсетіндісі: « «Ақжол» газетінің ресми редакторы Қожанов болғанымен, барлық жұмысты ол кезде Бірімжанов жүргізетін, беделді тұлға еді...»

Алаш қайраткері, «Қазақ» газетінің редакторы Ахмет Байтұрсынұлы: «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі...» демекші, ұлт тағдырына өзін жауапты сезінген Ғазымбек қазақ халқының мүддесін қорғауда білектің күшімен емес, ақыл-ойдың қарымымен есе қайтарудың жолын таңдап, өзінің өмірлік ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы секілді баспасөздің халықтың сауатын ашудағы маңызын түсіне келе «Газет елдің тамырын ұстап, болған белгілі оқиғаларды түсіндіріп, ол туралы өз пікірін кешіктірмей, уақытында жазып, елдің көзі, құлағы, жүрегі һәм тілі болуы қажет. Соның үшін бізге ел хабары өте мұқтаж... Біздіңше газетті жұрттың бәрі оқуы керек. Газетте түрлі жаңалық хабарлар дүниенің төрт бұрышынан қызғылықты мағлұматтар басылады. Білу үшін емес, тіршілік үшін оқу керек. Жер-сумен пайдалану туралы сияқты жаңа заңдардан ашығып, ит-құсқа жем болып жатқан тугандарыңның жайынан, дүние жүзінде не болып жатқандықтан хабардар болу керек» - деп, баспасөзді халықты қараңғыдан шығарудың бірден-бір жолы дегенге келтіреді.

Қазаққа жаңашыр болған Ғазымбек қырғын ашаршылық заманда «Помгол» (Ашыққандарға көмек) ұйымына кіріп, Бұқара, Ташкенттегі қазақтардан далада ашығып жатқан қазақтарға көмек жинауға үгіттеп, «Ақ жол» газетінің беттеріне қазақ даласын жайлаған аштық жайлы мақалаларын жазып, дабыл қақты. Осы жағдай туралы Алаш зиялысы Байділдин тергеушіге берген көрсетіндемесінде «Қазақстанның бірқатар губернияларында (Орал, Торғай, Қостанай, Ақмола, т.б.) ашаршылық басталды. Бұл мәселеге партия және үкімет органдары өз назарын аудара бастады. Әсіресе бұл мәселеге барлық алашордашылар, жалпы алғанда, бүкіл ұлт зиялылары ерекше көңіл бөлді. Олар бірлесе отырып, аштыққа ұшырағандарға көмек ұйымдастыру жолдарын қозғады.

Осы орайда бірінші бастаманы Аймауытов басқаратын Семейдегі «Қазақ тілі» газеті көрсетті. Одан бөлек С.Хожанов пен Ғ.Бірімжанов басқаратын «Ақ жол» (Ташкент) газетінде, Ташкентте Жәленов, Тоғжанов және Қапін, Омаров, Әділов басқарған Қазақстан студенттері бастамасымен үлкен науқан басталды.» - деп хабарлайды. Бұл сөздер Ғазымбектің жұртты жұт пен індеттен аман алып қалуға жанын салғанының дәлелі.

1922 жылы сәуірде Кеңес өкіметі мен Германия арасында өзара жастар алмасып, жаңа заманға лайық, жаңа қоғам құру ісін жүргізуге алатын тың тұрпатты кадр-инженерлер, агрономдар, адам және мал дәрігерлерін даярлау жөнінде шарт жасасады.

1922-1923 жылдары Түркістан Автономиялық Республикасының басшылары Тұрар Рысқұлов, Абдулла Рахимбаевтың, Бұхара Халық Республикасының басшылары Файзулла Хожаев, Абдурауф Фитраттың басшылығымен Германияның түрлі жоғары және арнайы орта

оқу орындарына жетпістен астам түркістандық жастар Берлин, Дрезден, Бонн, Гейдельберг, Дармштадт қалаларында (қазіргі «Болашақ» бағдарламасы секілді) электротехника, химия, медицина, тоқыма өнеркәсібі, ауылшаруашылығы, кен ісі, социология, экономика, педагогика және т.б. мамандықтар бойынша білім алуға жіберіледі. Солардың ішінен қазақ даласынан оқуға түскен төрт қазақтың бірі болып, Әлихан Бөкейханның жөн сілтеуімен Берлин университетінің ауылшаруашылығы факультетіне Ғазымбек Бірімжанов та аттанады. Сөйтіп, қазақ елінен шетелде оқыған алғашқы толқынның қатарында Ғазымбек Бірімжанов та болды. Немістер жалпы түркістандықтарды жақсы қабылдайды. Оларға орын бөлген үй иелерінен бастап, оқытушы-профессорларына дейін неміс тілі мен оның мәдениетін, мамандықты игеруге жақсы да қолайлы жағдай туғызады. Берлин университетінде оқи жүріп, неміс және ағылшын тілің меңгерді. Жер шаруашылығының қыр-сырын біліп, көкөніс өсіру тәжірибесін алу мақсатында Бразилияда өндірістік практикада болады.

Ғазымбек Берлинде жүрген кезінде тәжірибе жинау мақсатымен Бразилияға да барып келеді. Оған дәлел ретінде Ғұмар Қадышевтың Гүлнар Міржақыпқызына берген сұхбатында : «...Жақаң Берлинде оқып жүрген Ғазымбек Бірімжановтан хат алыпты, агрономдық оқуына бар күшін салып, шет тілің меңгерген көрінеді. Көкөніс өсіру тәжірибесін алуға Бразилияға барып қайтқанын жазыпты» - деп келтіреді.

1928 жылы Ғазымбек Германиядан агроном мамандығын алып елге оралады. Елге келісімен біріншіден, Қызылорда қаласына туған ағасының үй-ішіне көңіл айтуға барады. Одан кейін, көптен көрмеген ағайын-туыс, дос-жараңдарымен жолығып болған соң, Қызылордадағы Казгосторг компаниясының «Масляной отдел» бөліміне «Инструктор по маслу» қызметіне орналасады. Бұл қызметте жүргенде Ғазымбекті 1928 жылдың 8-17 қазан аралығында, өнеркәсіптік май өндірісін ашу мүмкіндігін анықтау үшін Шымкент қаласына 26 қараша айында, сүт қайнату курсына Вологодсктағы сүт-шаруашылық институтына іссапарға жібереді. Вологодск қаласынан келген сәтте, Ғазымбекті 1928 жылдың желтоқсанында ОГПУ үштігінің бұйрығымен тұтқынға алады.

Алаш қайраткері 1937 жылы 9 қазанда екінші мәрте «контрреволюциялық террористік ұйымға» қатысқан деп айыпталып, 1938 жылдың 19 наурызында ОГПУ үштігінің шешімімен атылады. Мүрдесі Мәскеудегі «Коммунарка» кабірінде көмілген.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Серікқали Байменшенің 2012 жылы «Егемен Қазақстан» баспасында жарық көрген «Бесеудің бесігі» атты мақаласында Мәскеудегі «Коммунарка» зиратының «құшағында жатқан» қазақтардың арасында Ғазымбек Қорғанбекұлы Бірімжановтың сүйегі жатқанын мәлімдейді.

Әдебиеттер:

1. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Желтоқсан 1917 ж. – мамыр 1920 ж. Алматы: «Алаш». 2005 – Т.2. – 496 б.
2. Жұртбай Т., «Ұраным Алаш». – Алматы: «Ел-шежіре», 2008. 472 – б.
3. Аманжолова Д.А. «На изломе. Алаш в этнополитической истории Казахстана» - Алматы: Издательский дом «Таймас» 2009. – 412 с.
4. Дулатова Г.М. Шындық шырағы 2 томдық – Алматы: «Мектеп» 2010, 400 б.
5. «Сара сөздің сардарлары». // Темірбек Қожекеев, Алматы - 1995 жыл.
6. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы : оқу құралы. – Алматы, «Санат». 1995. –368 б.
7. «Ғазымбек Бірімжан (1896-1938) Шығармалар жинағы». – Нұр-Сұлтан қаласы: «Қут баласы» баспасы, 2021. – 250 бет
8. Ертай Қарабала, «Азаттық таңын ансаған Алаштың жас қайраткері», Қостанай таңы, 2014 жыл.
9. Орманов. Қ. «Ел мен жер және тұлғалар тарихы» : [өлкетану оқулығы] // Алматы, 2014. – Б. 288 б.
10. Серікқали Байменше., «Бесеудің бесігі» // Егемен Қазақстан., 2012 жыл, 29 ақпан.

НОВЫЕ СВЕДЕНИЯ О ПУБЛИЦИСТИКЕ АЛИХАНА БУКЕЙХАНОВА

*Абдыкаримова С.К.,
преподаватель русского языка и литературы
КГКП «Педагогический колледж им.М.О.Ауэзова»
Республика Казахстан, г.Семей*

Алихан Букейханов являлся ярким и талантливым публицистом начала 20-го века, внесшим огромный неоценимый вклад в развитие казахской периодической печати и публицистики. Он с одинаковым успехом писал и публиковался как на родном казахском, так и на русском языках. Тематика, как и география его публицистики, была чрезвычайно обширна и многогранна.

В его многочисленных материалах поднимались актуальные вопросы казахского общества конца 19-го и начало 20-го веков. Начиная с проблем применения казахского языка, издания газет, журналов и книг на казахском языке, истории и культуры казахов и кончая проблемами внедрения земства в Степном крае и Сибири, а также многими другими проблемами российского общества в целом.

География его публицистики не ограничивалась периодикой регионального уровня, а охватывала популярные и многотиражные издания центра - Санкт-Петербурга и Москвы.

Более того, по одной, еще неподтвержденной версии, живя в Москве в неволе и имея свободу передвижения только до С.-Петербурга (в тот момент Ленинграда) и обратно, А.Букейхан в первой половине 1930-х годов сотрудничал с влиятельной французской газетой «Фигаро» и нередко публиковался на ее страницах. И если учесть его подневольное положение в Москве и ту атмосферу, царившую в период сталинских репрессий по всему Советскому союзу, то нетрудно догадаться, что казахский национальный лидер мог печататься лишь под псевдонимом.

Например, его первая статья на казахском и русском языках, вышедшая на страницах газеты «Акмолинскимъ областнымъ ведомостямъ» датируется 12-м мая 1889г, а последняя его заметка - рецензия на книгу по психологии Жусипбека Аймауытова была опубликована №10-11 казахского женского журнала «Әйелдер теңдігі» (Равноправие женщины) в 1927 г в Ташкенте.

Весьма интересно, что две последние декабрьские заметки автор подписал тогда еще мало кому известными псевдонимами «Сын степей» и «Қыр баласы», которые спустя некоторое время, станут его не менее популярными, чем собственное имя, именами - легендой, которые чуть позже, в устах народа найдут еще большую интерпретацию как «Қыр баласы - Елагасы», «Алаштын улы», что в переводе означает «Сын степей - вожак народа», «Сын Алаша».

Если в ближайшей перспективе версия о сотрудничестве Букейхана с «Фигаро» подтвердится в результате научных поисков, то период его активной творческой деятельности существенно расширится, в чем нет никаких сомнений, а еще одним языком его публицистики станет и французский.

С октября 1927 года А.Букейхан раньше времени был выпровожен на пенсию, но продолжал свои научные исследования, по крайней мере по казахскому языку и литературе.

В своем письме от 27 февраля директор Центрального музея художественной литературы, критики и публицистики В.Д. Бонч-Бруевич, близкий соратник Владимира Ленина, просил Букейхана помочь с организацией фондов музея или передать туда свои воспоминания. Однако каким образом А.Букейхан отозвался на просьбу директора, пока неизвестно, по тому адресу, который был указан на официальном бланке музея - г. Москва, 31. Рождественка, д 5 - этого музея давно нет. Можно предположить, что Центральный музей литературы либо преобразован во что-то другое, либо закрыт, а его фонды переданы в архив или уничтожены.

Но все же, если исходить из письма Бонч-Бруевича, в котором он обратился к адресату, как человеку, (цитирую дословно) «который когда-то близко стоял к газете «Степной край», где было сосредоточено много писателей революционной среды и должны были сотрудничать, и наши социал-демократы той эпохи», то вполне возможно, что Букейхан мог передать фонду ЦМЛ свои воспоминания, документы и свидетельства сотрудничества социал-демократов со «Степным краем».

Свое сотрудничество с периодической печатью А.Букейхан начал еще в годы обучения в Омском техническом училище. Он опубликовал всего 8 статей и заметок.

С 1890 по 1894 гг А.Букейхан студент С-Петербургского императорского лесного института. По еще одной неподтвержденной архивными документами, но не вызывающей сомнения версии. Вместе с дипломом «ученого лесоведа 2 разряда» будущий лидер движения «Алаш» экстерном закончил еще и юридический факультет.

Судя по архивным документам, в студенческие годы А.Букейхан активно участвовал в студенческом движении, более того находился в авангарде студенческих волнений, а также горячо и последовательно отстаивал свои политические убеждения в марксистских кружках.

После возвращения в Омск, в 1895 г. Уже дипломированным ученым лесоводом Букейхан активно включался в общественно-политическую жизнь Омска и Степного края в целом. За короткий отрезок времени А.Букейхан стал ведущим сотрудником городской газеты, ее политическим обозревателем, активно публикуется в в других областных и региональных газетах, журналах и научных изданиях.

С 1906-1907годы насыщены историческими событиями как в судьбе казахского народа и колониальной Российской империи в целом, так и в жизни и деятельности лидера казахского национально-освободительного движения А.Букейхан.

Царский манифест 17 октября 1905 г. подарил передовой российской общественности право на свободу слова, совести, собраний и митингов, а казахскому народу – возможность бороться за более лучшие условия существования на политическом поле. Одним из этих условий явилось то, что казахи получили право избирать из своей среды представителей на первый высший представительный и законодательный орган колониальной империи – Государственную думу. Их было 11 депутатов-казахов, одним из них был А.Букейхан, избранный в Государственную думу от Семипалатинской области. К выборам Во Вторую Думу он просто не был допущен.

Во-вторых, лидер казахов дважды побывал в застенках колониальной администрации Степного края: первый раз с января по 30 апреля 1906 г в Павлодарской, затем в Омской тюрьме без суда и следствия около 4 месяцев.

По судебному вердикту А.Букейханов должен был отбывать наказание 3 месяца, а фактически отсидел все 8. И на этот раз в Семипалатинской тюрьме, куда прибыл добровольно из Омска, подчиняясь решению партии «Народной свободы».

После выхода на свободу он был выслан в Самарскую губернию вплоть до февральской революции 1917 г.

Кстати, находясь в неволе, сидя в семипалатинской тюрьме, А.Букейхан продолжал бороться за права казахов, в частности за их права за земли. Большая часть статей, опубликованная в журнале «Сибирские вопросы», была написана им именно в семипалатинской тюрьме, о чем автор позже оповестил в статье, опубликованной в газете «Қазақ» в 1914 г и перепечатанной в 1915 году в журнале «Айқап».

В-третьих, еще до избрания в Думу лидер казахов предпринимает попытку издать газету на родном языке и уезжает в степь.

После насильственного разгона императором Николаем II в июле 1906 года А.Букейхану удается издать газету, правда на русском языке. Издавая и редактируя сразу 3 газеты А.Букейхан публикуется практически в каждом номере еще одной омской газеты под названием «Степной пионер», целенаправленно и беспощадно критикует реакционную политику нового премьер-министра П. Столыпина, по инициативе которого в России было

установлено военное положение, были внедрены и функционировали военно-полевые суды, возродилась жесткая цензура и прочие атрибуты жандармско-полицейского режима.

Стоит особо отметить то, что в своих критических публикациях А.Букейхан впервые применил такой редко используемый жанр публицистики, как «политическая сатира». В «Степном пионере» он опубликовал 11 статей под общим названием «Обыватель критикан». Ряд своих статей или открытых писем А.Букейхан завершал следующей строкой «Прошу перечитать мусульманские газеты». Поиски привели к столичным «В мире мусульманства» и «Мусульманской газете», в которых, начиная с 1911 года, нередко появлялись материалы из Степного края за подписями «Алихан», «Киргиз-Кайсак», «Ал.Кочевник».

Литература:

1. Полное собрание сочинений «Алихан Бөкейхан», III том, Астана, 2009г, стр 40-56
2. https://alash.semeylib.kz/?page_id=41&lang=ru
3. <https://qazaquni.kz/alash/65605-alikhan-bukeykhan-grani-nacionalnogo>

ОТЫНШЫ ӘЛЖАНОВТЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ МАҚАЛАЛАРЫ

*Қайрат Д., 2-курс магистранты
Әлихан Бөкейхан университеті
Қазақстан Республикасы, Семей қаласы*

Отыншы Әлжанов Омбыда қазақ және орыс тілдерінде қатар шығып, өз заманындағы алғашқы баспа басылымдарының бірі болған «Дала уалаяты» газетінің бетінде алғашқы басылымдарын басып шығарды. Осы басылым беттерінде ол қазақ балаларын тәрбиелеу мәселелері, қазақ әйелінің құқығынан айырылған ұстанымы туралы 40-тан астам мақалалар мен очерктерді жариялады. Атап айтқанда, ол өз мақалаларында халқын «надандық пен сауатсыздықтың ауыр ұйқысынан оятуға» шақырды. Ол өз мақалаларында қазақ балаларын орыс тіліне және сауаттылыққа үйрету мәселесіне ерекше көп көңіл бөледі. Сондай мақалаларының бірі «Дала уалаяты» газетінің №39 санында 1894 жылы жарияланған мақаласында автор осы мақсатқа жету үшін кітаптарды арнайы тізіп береді. Осы кітаптардың ішінде ол автор В.Катаринскийді ерекше атап өтеді. О.Әлжанов мақала-рецензияда Катаринскийдің “Букварь для киргиз”, “Первоначальный учебник русского языка для киргиз”, “Краткий русско-киргизский словарь” деген кітаптарына тоқталып, осы кітаптардың берер пайдасы туралы өз ойларын ортаға салады. Сонымен қатар сол мақаласында ол кирилл әліпбиін қолданып, қазақ балаларына орыс тілін оқытудың өзіндік әдістемесін жасаған ізашар ретінде Ы.Алтынсаринді айтады. Ы.Алтынсариннің әдістемесіне оң баға береді[1]. Газеттің 1895 жылғы № 45 санында жарияланған тағы бір мақаланың маңыздылығын айта кеткен жөн, онда автор әр ірі елді мекенде бір медресе ашуға материалдық көмек көрсеткісі келген жергілікті бес бидің ойындағы бұрылыс туралы ынтамен баяндайды. «Халқының ағартушылығы мен мәдениетін бағалай білген адам тек материалдық жағынан ғана емес, рухани жағынан да бай болады»[2], - деп атап көрсетті ол.

Келесі, «Ғылымға қарай тағы бір қадам» атты мақаласында ол Семейден 30 шақырым жердегі Ақкөл-Қызылкөл қаласындағы медреседегі Авафи Әбішұлы сияқты медресе ұстаздарының маңызы мен тәрбиесіне тоқталады. Сондай-ақ, қазақ ортасынан жас талантты жігіттерді мақсатты түрде дайындау қажет екенін айтады. Осы жерде ол Омбы мұғалімдер семинариясында қазақ жастарының арасынан мұғалімдер даярлауды ұйымдастыру туралы үндеумен жергілікті билікке жүгінеді[3]. 1898 жылғы «Қырғыз балаларының тәрбиесі туралы әңгімелер» деген тағы бір мақаласында автор педагогика тұрғысынан жас ұрпақты тәрбиелеудің жолдары мен әдістерін ашып көрсетеді. Бұл мақаласында ол Абайдың «Жетінші сөзін» еске түсіреді, онда жанды тәрбиелеудің тәнді дамытып, жаттықтыру процесіндегі басымдықтары туралы айтылған. Мұнда ол Абайдың ой-пікірлерін талқылауды

дамытады: «Бала дүниеге келгенде оның тілегі тек ұйқыға, тамаққа, ысырапшылдыққа ғана бағытталады. Бұл дененің қажеттіліктері. Кейінірек ақыл-ойдың қажеттілігі туындайды ол - денені білу, үйрену және ақыл-ойдың қалауына бағындыру. Енді денені ақыл басқарады, ал бала өскен сайын, оның тәрбиешісі соғұрлым оның күш-жігерін жан тәрбиесіне бағыттауы керек, өйткені ең қымбат, ең құпиясы адам жаны». Мәдениет пен білімнің өркендеуінің жақсы үлгісі ретінде ол қазақтардың дамуынан бірнеше есе озып кеткен еуропалық ұлттар мен ұлыстарды айтады. Отыншы Әлжанов XIX ғасырдың аяғында: «Өскелең ұрпақты белгілі бір заңдылықпен тәрбиелеп, дұрыс білім беруге ұмтылсақ, халқымыз биікке көтеріле алады»[4] деп жазды.

Ол өз халқының патриоты болғандықтан, сол кездегі қазақ қоғамының әлеуметтік мәселелерін көтерген мақалаларын жиі жариялады. «Жетімдерге көмек ұйымы» атты мақаласында ауыл-ауылды аралап, арқаларына қайық алып, қайыр сұрап жүрген кәмелетке толмаған жетім балаларды суреттейді. Олардың мүшкіл халін суреттей отырып, ауқатты адамдарды көмекке шақырады. Одан әрі былай деп жазды: «Оларды бөлек үйге жинап, киіндіріп, жылытып, адасып қалмауларына жағдай жасап, ақыл-ойына көмектесетін, оқу-жазуды үйрететін молда тауып берсе жақсы болар еді»[5] деп жас ұрпақтың болашағына өз алаңдаушылығын білдірді.

О.Әлжанов газет беттерінде Бабай-Бүркіт немесе «Орта жүз» деп қолтаңба қалдырған.

О.Әлжанов публицистикалық мақалаларымен қатар қазақтың ұлттық әдеби фольклорына да көңіл бөлді. Қолында 1918 жылы конвоймен бірге жоғалып кеткен халық ертегілері, аңыз-әңгімелер жазылған бірнеше ондаған дәптері болды. О.Әлжанов семинарияда оқып жүргенде-ақ ауызша халық шығармашылығынан: ертегілер, дастандар, нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерді зерттеп, жинақтай бастайды. . Бұлар қазақ батырлары туралы түрлі ертегілер мен аңыздар, әртүрлі наным-сенімдер, діни мерекелер мен әдет-ғұрыптарды сипаттау болды. Оларды ертегішілердің аузынан қағазға түсіріп, өңдеп, атауларын беріп, Омбы қаласындағы мерзімді баспасөзде жариялау үшін орыс тіліне аударып берді. Ол қолжазба нұсқада отбасымен Омбыдан Көкпектіге, одан әрі Лепсінге дейін кезіп жүрген уақытта қазақтың мақал-мәтелдерін көптеп жинаған. 1918 жылы бұл отбасы Қытайға кетуге мәжбүр болғанда, дүние-мүлкі мен барлық құнды заттары бар колонна ұрланған. Қолжазбалары бар үлкен сөмкесін де жоғалтып алды. О.Әлжанов жинаған кейбір аңыз-ертегілерін газет бетінде жариялаған. “Алаша хан һәм оның баласы Жошы хан турасынан қазақ арасында бар сөз”, (1897. №13, 14, 18) “Танабай һәм Бабыр” (1897, №40-43) “Едігенің төресі” (1900, №47) “Байғыз” (1899, №30-40), “Қарға баласын “аппағым” дер, кірпікшешен баласын “жұмсағым” дер” (1899, №13), ”Төрешіден қалмайды айтушыдан қалады” (1899, №49), “Тақ Сүлеймен” (1899, №5, 6), “Құдайдың нақ сүйетін құлы” (1900, №17), “Түлкі мен тырна хикаясы” (1900, №48), “Біреу жамандық қылды деп өзің жамандық қылма, өз жамандығың өзіңе жетер” (1901, №11, 13), “Алдаркөсе мен жылан” (1901, №14), “Қарынбайдың хикаяты” (1894, №17), “Толағай һәм Бөрітастаған деген таулар турасынан бұрынғыдан қалған сөздер” (1894, №29), т.б. ертегі, аңыз, хикаяларда астарлап болса да заман шындығы айтылады. Бұл шығармалардың тәрбиелік, тағылымдық мәні өз құнын жоймақ емес.

Ұрпақтарының естелігі бойынша 1962 жылы О.Әлжанов жинаған ертегілері енгізілген «Қазақ ертегілері» атты көлемді кітап шықты. Ол жинақта қазақтың 17 ертегісі жарық көрді.

О.Әлжанов қазақ әйелдерінің мәртебесіне де қатты алаңдады. Ерекше мұңмен, толқумен қазақ әйелінің өмірін, оның азапты тағдырын, туған-туыстары туралы көлемді очерк жазды. Бұл мақала кездейсоқ жазылмаған. Бұған түрткі болған неке қию істеріндегі қырғыздардың арыз-шағымдары мен өтініштері. Мақаланы «Осы уақыттағы қазақ ұрғашыларының көрген күнінің қайғы-қапалықта екенінің баяны» деп атады. Автор қазақ әйелінің мүшкіл халін қоғамның өзінің тұрмыстық, әлеуметтік және мәдени деңгейінің төмендігімен байланыстырады. Тіпті, ол мақалада қазақ халқының ауыз әдебиеті жырларынан үзінділер бар, онда қазақтың сорлы әйелінің үмітсіз, дәрменсіз өмірі туралы әңгімелейді. Бұл жырда 70 жастағы қарияға төртінші әйел болып тұрмысқа шыққан 16 жасар

қыздың зарлы өлеңі берілген. Қыздың ауыр өмірін сипаттайтын жыр 26 шумақтан тұрады. Осы тектес тағы бір жазбасында ол былай деп жазды: «Мұндай қарым-қатынастардан сөзсіз туындайтын келеңсіз зардаптардың барлық ауыртпалығы, ең алдымен барлық мәдениетсіз халықтар сияқты ең әлсіз, мылқау, құқығынан айырылған қырғыз әйеліне түседі». Очеркінің соңында ол өз тұжырымын келтіреді: «Әйелдер азап шежіресін сипаттай отырып, келесі сұраққа жүгінейік: «Қырғыз әйелі өз тағдырына түсетін осындай қатыгездік немесе, ең жақсысы, менсінбеушілікке лайық па? » Бұл сұраққа оның өзі былай деп жауап береді: «Әйелдің ақыл-ойы табиғаттан дарынды, оның дамуы мен жетілуі ерлерге қарағанда кем емес». Әрі қарай: «Қырғыздардың әйелдерге жасаған қатыгездіктері надандық зұлматына батырылған бүкіл халықтың аянышты жағдайын ғана дәлелдейді» деді[6]. Бұндай қараңғылықтан шығудың жалғыз жолы білім екендігін білдірді.

О.Әлжанов туралы тұңғыш ғылыми мақаланы М.Әуезов атындағы Қазақ КСР ҒА Әдебиет институтының ғылыми қызметкері Б.Биғалиев жариялаған болатын. Мақала 1993 жылы мамырда «Алаштың ардағы» деген атпен «Халық кеңесі» газетінде жарияланған. Мақала Жетісу облысы Лепсін ауданындағы саяси сенімсіздігі үшін жер аударылғанның жеке ісін зерттеу негізінде жазылған.

Б.Биғалиевтің мақаласы кейінгі баспа материалдарының шығуына түрткі болды, мұнда авторлар О.Әлжановты саяси қайраткер – Алаш-Орда үкіметінің мүшесі, сонымен қатар жоғары білімді ұстаз, публицист, халық шығармалары мен ертегілерін жинаушы ретінде сипаттайды. 1998-1999 жылдары «Сары-Арқа», «Арқа-Ажары» журналдарында жас публицист Қ.Кемеңгеровтің де ғылыми мақалалары жарияланды, ол өз мақалаларында О.Әлжановтың публицистикалық шығармашылығына кеңінен талдау жасайды. . 1998 жылы О.Әлжановтың өмірбаянын толығырақ сипаттайтын «Ақсуат» кітабы (авторлары Қ. Алтынбаев, Е. Жұмахан) жарық көрді. Бұл кітапта мұрағат құжаттарына сүйене отырып түзетілген кейбір қателіктер болды. Кешегі кеңестік кезеңде Семей қаласының жергілікті баспасөз беттерінде 1918 жылдың шілде-тамыз айларындағы Үржар мен Мақаншы маңындағы оқиғаларды сипаттайтын бірнеше мақалалар жарияланды[7]. Олар шекаралық аймақта, тікелей Бақты заставасында болған сол әскери оқиғалардың тікелей қатысушылары мен куәгерлерінің естеліктерін келтірді.

Өскелең ұрпақты тәрбиелеу мен оқытуға деген көзқарас әрбір халықта оның әлеуметтік-мәдени дамуының сан алуан мәселелерінің үлкен жиынтығының ішінде маңызды орын алады. Ресейдегі революциялық қозғалыстың өрлеу кезеңінде 1905-1907 жылдары қазақ ағартушылары демократиялық идеяларды белсенді насихаттаушыларға айналды. Олар қазақ халқының мұң-мұқтажын, қазақ халқына білім беру стандарттарын өзгерту қажеттігін басып айтты. Шоқан Уәлиханов (1841-1865), Ыбырай Алтынсарин (1841-1889), Абай Құнанбаев (1845-1904), Ахмет Байтұрсынұлы (1873-1938) сияқты белгілі қазақ ағартушылары Қазақстандағы әлеуметтік-педагогикалық мәселені алғаш көтерушілерден болды. Олар мектепті ұйымдастыру, білім мазмұны, білім беру мәселелері, қазақ жазуын жасау, кітап бастыру, қазақ жастарынан ұлт мұғалімдерін даярлау сияқты маңызды мәселелерді көтерді. Халық ағартушыларының осындай әрекетінен кейін Отыншы Әлжановтың санасында қалың бұқараға толыққанды зайырлы білім беру қажеттілігі туралы идея күшейе түсті. Оның 1894 жылдан бастап (24 жасынан бастап) жүргізе бастаған публицистік қызметі соның жарқын мысалы болды. Алғашқы басылымдарын Омбы қаласында қазақ және орыс тілдерінде қатар шығатын «Дала уалаяты» газетінің беттерінен бастады.

Ол оның тұрақты тілшісі және оның белсенді қатысушыларының бірі болды. Ол кезде Омбыдағы бұл газет қазақтың алғашқы беделді басылымдарының бірі болатын. Оның беттерінде О.Әлжанов әртүрлі мәселелерге арналған 40-тан астам мақалалар жариялады. Оның «Қырғыз халық ағарту мәселесі туралы», «Қырғыздарға арнайы дайындалған мұғалімдердің болуының қажеттілігі туралы», «Қырғыз мектептерін ашу», «Білімге қарай тағы бір қадам», «Қырғыз даласындағы халық ағарту ісінің қажеттілігі», «Қырғыз балаларының тәрбиесі туралы әңгімелер», «Ғылымның әуелгі жарығы», т.б мақалаларында

ағартушылық мәселелері айтылады. Автор оларда қазақ балалары тәрбиесінің жай-күйі мен дамуының өзекті мәселелеріне тоқталып, бастауыш білім беретін мектептердің аз екендігін, мұғалімдер семинариясын бітірген кәсіби мұғалімдердің болуы қажеттігін айтып, іс-тәжірибені насихаттады. Жаңа бағыттағы мектептер ашу мәселесін көтеріп (жаңа әдіс), мұсылман мектептерін оқытудың формалары мен әдістеріне талдау жасады[8]. Сол кездің өзінде ол оқырмандардың назарын қазақтардың орыс тілін үйренуі, орысша білім беру жүйесіне апаратын жол ретінде аудартуға тырысты.

Отыншы Әлжанов өз мақалаларында қазақтар арасындағы отбасы тәрбиесінің әдістеріндегі халықтың дәстүрлі тәжірибесінің артықшылығы мен кемшілігіне көп көңіл бөлген («Дала уалаяты», 1898, №13). Сондай-ақ автор «Бала тәрбиесі жүйесінің жетілдірілуімен бірге өмір де жақсы жаққа өзгереді» деген терең сенімін білдірді.

О.Әлжановтың жарияланымдарында сол кездегі буржуазиялық педагогиканың даму деңгейіне тән ойларды сонымен бірге, халық тәжірибесіне сүйенген білім беру жүйесінің артықшылықтары мен кемшіліктері туралы бірқатар терең пікірлерді кездестіреміз. Мақаладан қазақ балалары үшін қазақ және орыс тілдерін қатар оқытатын мектептер желісін дамыту қажеттігі туралы да баса айтылады.

Ол сонау 1904 жылы Торғай даласында екі жылдық бес орыс-қазақ мектебінің, бір жылдық 11 мектептің, 22 ауыл мектебінің жұмысы туралы үлкен ынтамен жазған. Олардың ішінде 708 ұл, 127 қыз бала болды. Торғай болысында авторлық есеп бойынша 6400 адамға бір оқу орны болса, Ақмола, Семей болыстарында бір оқу орны 25500 және 15700 адамды құрады[4]. Сонымен қатар, ол бұл аудандарда бірде-бір орыс немесе қазақ тілі мұғалімінің дайындығы жоқтығына назар аударды. О.Әлжанов сол кездің өзінде-ақ өз басылымдарында қазақтар үшін ауыл мектептерінің санын көбейту қажеттігін айтқан болатын. Бұл ретте орыс ауылдарынан қазақ балалары орыс балаларымен тіл табыса алатын сыныптық сауат ашу мектептерін ашуды ұсынды.

О. Әлжанов «Қырғыз балаларының тәрбиесі туралы әңгімелер» («Дала уалаяты», №13, 1898 ж.) мақаласында қазақ балаларының отбасындағы тәрбиесінің мазмұнын жан-жақты баяндайды. Мұндай тәрбие, ең алдымен, көшпелі өмір салтының күнделікті аспектілерімен байланысты болды, мұнда әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ата-ананың жеке тәжірибесі негізгі тәрбиелік канондардың негізі болды. Белгілі бір жағымды мазмұнды ескере отырып, автор бұл арада қазақтың қазіргі жас ұрпағын жан-жақты тәрбиелеу тек жаңа стандарттарды ескере отырып жүзеге асатынын түсіндіруге тырысқан. Автор халықтың әдет-ғұрпын, дәстүрін жоққа шығару керек деген ойдан алыс еді. Тек «белгілі бір азаматтылық пен білімділік деңгейіне жеткенде, әдет-ғұрып пен салт-дәстүр тәрбие мен өмірде тәжірибесімен тексерілген, ақылға қонымды ережелермен ауыстырылуы керек» деді. Ал одан әрі сол кездегі тәрбиені үш түрге бөліп көрсетті. Бұл дене тәрбиесі (ол кезде көшпелі халық үшін өте маңызды болған), әдеп-ибадат тәрбиесі һәм ақыл-өнер тәрбиесі, дін. Оның өзі іс жүзінде өз қызметін оқу-тәрбие процесінің соңғы екі формасы – моральдық және психикалық-танымдық түрлерін кеңінен енгізуге арнағанын айта кеткен жөн. Осы үш білім саласы бірігіп жастардың туа біткен қабілеттері мен дарындарының үйлесімді жан-жақты дамуын қамтамасыз ететініне кәміл сенді. Бұған қоса, ол қазақтардың білімнің қажеттігін саналы түрде түсінетінін алға тартты. Мәселе орыс-қазақ мектептеріне деген сенімсіздіктің болуында емес, мәселе қазақтардың көшпелі тұрмысы мен балаларын үйінен жырақта ұстауында болды. Ол қазаққа орысша білім алудағы қиындықтардың себептерін баяндады. «Баланы қалаға апару, пәтер ақысын төлеу, сабақ беру, кітап алу - мұның бәрі жүз сомнан асады, бірақ қырғыздардың ең байларының да малы көп, бірақ қолма-қол ақша жетпейді». Сондықтан да автор «Ашық заң өмірдегі тар, қол жетпес жолға айналады»[4] деп атап көрсеткен.

«Ғылымға қарай тағы бір қадам» («Дала уалаяты», 1896 ж. № 3) мақаласында жергілікті халықтың сұранысымен Семей болысындағы мектептің ашылуына арналған. Онда балалар орысша, мұсылманша оқыған. Бұл осы өңірдегі орыс тілі оқытылатын алғашқы мұсылман мектебі болды. Ол медресеге Омбы мұғалімдер семинариясының түлегі Ауафи

Әбішұғлы мұғалім болып тағайындалды. Бұл туралы Отыншы «Арыз ісін жақсы білетін һәм бала оқытуға түсінген молда алыпты» деп қолдады. Дәл осы мақалада ол Ақкөл-Қызылағаш ауылының тұрғындарын ықыласпен қарсы алып, орыс тілін меңгерген білікті ұстаздың бар болғанына қуанатынын айтқан. Қазақтардың балаларына бастауыш орысша білім беруге ұмтылуын құптады. Одан әрі ол мақаласында қазақтардың мұндай мектептерге деген теріс көзқарасының жоқтығын, тек білікті ұстаздардың жетіспеушілігін жазды. Осы уақытта елде медресе ашуға ниеттілер көп болған, бірақ онда қазақша-орысша білім беретін молдалар жетіспеген. О.Әлжанов мұны үкіметтің іс-әрекетімен қамтамасыз ету керек деп есептеді: «Бұл үшін Омбыдағы учительский семинария медресесінен орын ашса екен. (семинариядан шыққандар бала оқытатын молда болады). Бұл семинарияға осы күнде де түсуге мүмкін, бірақ оған қаражат жоқ. Егерде қауымнан ақша беріп тұрса, мұнда қазақтан оқытындар көбейер еді»[3] деп жазды.

О.Әлжанов «Ғылымның әуелгі жарығы» мақаласында қазақтар балаларын орысша сауаттандыруға кіріскен бойда оқу-білімнің игілігін сезіне бастағанын жазады. Алғашында ноғай ауылында ашылған медресеге ноғайлар балаларын оқытуға қарсы болып, кейін бұл медресе қазақтар тұратын Күзембай ауылына көшірілген екен. Ол жердегі қазақтар оқу-білімге құштарлық білдірген. Олар бұл православие дінін қабылдау құралы емес, қараңғылық патшалығынан шығу құралы екенін түсіне бастады. Бірақ медресе бірте-бірте ашылып жатқанымен тағы сол молда жетіспеу мәселесі алдыдан шыға берген. Қазақша-орысша сауатты молда оқыту керек деген үндеу тасталды. Қазақ балаларының тәрбиесіне қатысты баспа басылымдарының беттеріндегі бұл үн айдаладағы жалғыз жылаған үндей ұзақ уақыт естілмеді. «Қырдағы қазақтардың Россияның ғылымын, тілін үйренбектері үшін жәрдем болудың хисасында» мақаласында да жазушы осы мәселені тағы көтерген. Қазақтардың орысша оқуға ықыласының бар екенін, бірақ, соған қарамастан елде орысша білетіндердің саны аз болып тұрғанын айтып, бұған себеп, елде қазақ-орыс мектептерінің аздығы екенін атап көрсеткен. Қазақ арасында орыстың тілін-ғылымын білетіндердің басқа жұрттан аз екенін, бұған себеп «қазақтардың орысша оқуға ықыласының жоқтығынан емес, балаларын қайда оқытатындықтарын білмегендіктен» деп жазды. О.Әлжанов Қырғыз даласындағы қазақша-орысша оқытатын мектептерді көбірек ашып, онда оқытатын жақсы мұғалімдер даярлау керектігін көрсеткен. «Тым құрығанда патшалықтан жалуна беріп, әр болысқа бір молдадан жіберсе, өз арамыздан оқытатын жер тауып оқытатын едік»[9] дейді.

Жазушы «Қырғыздардың өздерінің арнайы дайындалған мұғалімдерінің болуы туралы», «Қырғыз даласындағы халық ағарту ісінің қажеттілігі», «Қырғыз халық ағарту мәселесі туралы» деген мақалаларында Семей болысындағы оқу-ағарту ісімен Ресейдің Қазан, Уфа, Астрахань, Орынбор, Торғай губернияларын салыстырады.

Ол империяның әр аймақтарында қай жерде, қандай мектептер, қандай қаражат есебінен ашылғанын жіті қадағалап отырды. Ол Омбы болысының бес уезінде қазақ қоғамдарының көмегімен алғашқы жалпы білім беретін мектептердің ашылғанын білгенде, ол бұл бастаманы «қазақтардың ең өзекті қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған жалғыз игі іс» деп бағалады. Одан әрі О.Әлжанов бұл мектептерді ашуға және жөндеуге қазақ байларының атсалысқанын айта келе, бұл бастаманы «қоғам игілігіне лайықты қызмет», «өскелең ұрпаққа саналы түрде көмектесуге деген ұмтылыс» деп бағалап, қол ұшын созған әрбір адамды бұл игі істен болашақта бас тартпауға шақырды. Ол өз пікірлерін «Сіздердің көрсеткен материалдық қам-қарекеттеріңіз жүз еселеніп, ұрпақтарыңыздың алғысына бөленесіздер. Біздің елге дәл қазір қырғыз-орыс мектептері аса қажет. Бізді надандық зұлматынан тек білім ғана алып шығады» деген сөздермен аяқтады. Отыншы Әлжанов тағы бір мақаласында мұсылман дінбасыларының жаңа әдістеме мектептерінің ашылуына белсенді қарсылық көрсеткенін жазды, оның себебі орыс-қазақ мектептерінде молдалардың мұсылман дінін терең оқытуға рұқсат етілмеуімен байланысты болды. Мұндай дайындық мектептері үшін Ы.Алтынсариннің «Ислам шарифаты» кітабы ұсынылды. Сондықтан ескі әдіс мектептері (академистер) мен жаңа әдіс (жәдидшілер) мектептерінің өкілдері өз тәсілдерін алға тартып, бір-бірімен кескілескен күрес жүргізді. Бұл күрес

мұсылман халқының кең топтарын қамтыды, мұнда біреулер біріншісін қолдаса, кейбіреулері екіншісін қолдады. Қазақ зиялылары өкілдерінің және Орталық Ресейдегі орыс-шетел мектептерінің тәжірибесі мен Алтынсарин атындағы жаңа әдіс мектептерінің тәжірибесін алға тартқан оқу-ағарту саласындағы озық идеялардың әсерімен елде белгілі бір өзгерістер болды. Төменгі және орта деңгейдегі патша үкіметінің әкімшілік органдарына мұсылман халқынан білім берудің формалары мен ережелерін (бағдарламаларын) өзгерту немесе теологиялық мектептердегі жалпыға бірдей білім беруді толығымен жою туралы әртүрлі өтініштер түсе бастады. Сондықтан «осы мәселені жан-жақты талқылауға пайдалы деп танып, Ішкі істер министрлігінің рухани істер басқармасы (теологиялық оқу орындарын басқарған). 1907 жылдың аяғында осы мәселені шешуге көмектесетін комиссия ұйымдастыру туралы шешім қабылдады. О.Әлжанов өзі үшін демократиялық ағартушылық жолды таңдады[10]. Ол орыс және еуропалық мәдениеттің негіздерін зерттеу қажеттігін жақтады.

Профессор Т.Кәкішев «Сапараның ұлы» («Сын жолы») кітабында О.Әлжанов есімін Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Асылбек Құрманғалиев, Дінмұхамед Сұлтанғазин, Рақымжан Дүйсебаев сынды белгілі публицистермен бір қатарға қояды. . Бұл қазақ журналистикасының алғашқы өкілдерінің бірі ретінде О.Әлжановқа берілген лайықты баға болды.

Әдебиеттер:

- 1.Әлжанов, О. Қазақтарға пайдалы кітаптар [Мәтін] : ["Букварь для киргиз", краткий русско-киргизский словарь" туралы] / О. Әлжанов // Дала уалаятының газеті. - 1894. - 2 октябрь.
- 2.Жұмасейіт Б. - «Дала уалаяты" газеті: жеке тұлға және адам». – Павлодар. Сытина баспаханасы. 2014. – 396 б.
- 3.Әлжанов, О. Ғылымға қарай тағы бір қадам [Мәтін] : [Семей обл. мектебінде орыс тілі оқылатыны туралы] / О. Әлжанов // Дала уалаятының газеті. - 1896. - 21 январь.
- 4.Әлжанов О. Қырғыз балаларының тәрбиесі туралы әңгімелер [Мәтін] /О.Әлжанов// Дала уалаятының газеті -1898. – (№13)
- 5.Әлжанов О. Шығармалар жинағы /Құраст. С. Әлжанова және С. Смағұлова/ – Алматы, «Алаш», 2004. - 5-18-бб.
- 6.Әлжанов, О. Осы уақыттағы қазақ ұрғашыларының көрген күнінің қайғы-қапалықта екенінің баяны [Мәтін] : [қазақ әйелінің тұрмысы] / О. Әлжанов // Дала уалаятының газеті. - 1894. - (№33, 34, 35).
- 7.Альжанова С., Тулемисова Г. Отыншы Альжанов – «Беркут Алаш-Орды». – Алматы, Фонд А. Сарсенбайұлы, 2008. – стр. 132-134
- 8.Жақып, Б. Отыншы Әлжановтың публицистикасы [Мәтін] / Б. Жақып // Публицистикалық шығармашылық негіздері. - Алматы : Қазақ университеті, 2007.- Б. 163-170.
- 9.Публикации О. Альжанова по проблемам просвещения [Электронный ресурс] // Казахская библиотека : сайт. – Режим доступа : <http://bibliotekar.kz/chitat-knigu-onlain-otyshy-alzhanov-ber/publikacii-otyshy-alzhanova-po-problema.html> (09.02.2017)
- 10.ЛИТЕРАТУРНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ О. АЛЬЖАНОВА [Электронный ресурс] // Казахская библиотека : сайт. – Режим доступа : <http://bibliotekar.kz/chitat-knigu-onlain-otyshy-alzhanov-ber/literaturnaja-deyatelnost-o-alzhanova-so.html> (09.02.2017)

ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ БЕЙНЕЛІК МӘНЕРЛЕГІШ ТӘСІЛДЕР

Мукатова Ж.М., магистрант

Alikhan Bokeikhan University

Қазақстан Республикасы, Семей қ.

Фразеологизмдердің қазақ тіл білімінде алатын орны зор. Аз сөзге көп мағына сыйғызуымен ерекшеленетін фразеологиялық тұлғалар күнделікті тілдік қолданысымызда жиі жұмсалады. Фразеологизмдер жыл өткен сайын жаңа қырынан зерттелуде. Көркем шығарма тілінде қолданылатын фразеологиялық тұлғалардың қызметін зерттеу жұмысы да жыл өткен сайын небір тың деректермен толығуда.

Фразеологизмдердің жалпы тіл жүйесіндегі рөлі, сөйлеу процесіндегі атқарар қызметі көп жағдайда стильге келіп тіреледі. Фразеологиялық тұлғалардың стильдік қызметін саралауда айта кететін тағы бір мәселе – ол әдеби тілдік норма. Әр қаламгер тұрақты тіркестерді өз туындысында қолдану арқылы әр алуан мақсатты көздейді және өзіндік стиль құру ерекшелігіне қарай өзгертіп қолдануға, әсерлі әр, мәнерлі мән беруге тырысады.

Фразеологизмдердің стилистикалық қызметі дегеніміз - тілдік қарым-қатынаста сөйлеушінің белгілі бір жағдайда субъективті көзқарасын білдіруінде оған бейнелі, мәнерлі көрік беріп, эмоционалдық бояуын арттыратын фразеологизмдердің семантика-стилистикалық белгілерінің жиынтығы[1, 131].

Тіл қазынасының бір саласы – фразеологизмдердің стилистикалық қызметі әр алуан. Халық даналығынан шыққан фразеологизмдер, оған жуық мақал- мәтелдер мен қанатты сөздер тілдік қарым- қатынаста ойдың нәрін арттырып, эмоционалдық бояуын күшейтіп, оның әрі мейлінше бейнелі, мәнерлі жеткізілуіне қызмет етеді. Мысалы, *икемсіз, икемі жоқ* деген жай сөз бен *түйе үстінен сирақ ұйткендей* фразеологизмін салыстырсақ, екеуі де бір мағынаны білдіргенімен, кейінгісінің ұғымды күшейту мәні, экспрессивтілігі әлдеқайда әсерлі екенін көреміз. Сол сияқты *алдады* деген сөз бен *жер соқтырды, аузын аппақ қылды* фразеологизмдерінің, *шешен сөзі мен тілінен бал тамған; сылдыр көмей; жез таңдай; сөзі мірдің оғындай* фразеологизмдерінің экспрессивтік, эмоционалдық күші тең емес екенін байқаймыз. *Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама; тар жол, тайғақ кешу* фразеологизмдері ел басына түскен ауырлықты, заманның қиын- қыстау кезін айқын бейнелеп тұр. Р. Сыздықованың пікірін келтірсек, «Жеке суреткер тіліндегі образды фразеологизмдердің азды-көптігін түгендеу үстінде ақынның не жазушының фразеологизмдер саласындағы байырғы қазынаны қаншалықты игеріп, кәдеге асырғанын, қаншалықты жаңаларын ұсынғанын көруге болады»[2, 97].

Фразеологиялық единицалар тілімізді көркем, бейнелі етіп, оған айрықша өң береді. Ол сөйлеу және жазу тілімізде ауыс мағыналы, метафоралы сөз тіркестерін және басқа да бейнелі сөз орамдарының орынын тауып, нақтылы дәл қолданумен байланысты.

Фразеологизмдер өздерінің бейнелік құрылысы жағынан да әр алуан болып келеді. Онда тұрақты эпитет, тұрақты теңеу, тұрақты әсірелеу сияқты поэтикалық тіл үлгілерінің бәрі де бар:

Тұрақты эпитет: қыпша бел, бұраң бел, ай қабақ, сүмбіл шаш, ақ сұңқар, алма мойын, ит жанды, жылқы мінезді, айыр тілді т. б.

Тұрақты теңеу: атқан оқтай, иненің жасуындай, көздің қарашығындай, шөккен нардай, қордың қызындай, есектің миындай, инемен құдық қазғандай, көзге біткен сүйелдей, тонның ішкі бауындай, сөзі түйеден түскендей т.б.

Тұрақты әсірелеу: көл-кәсір, телегей-теңіз, көп түкірсе көл болады, әлемде теңі жоқ, көзі шарасынан шығу, жаны мұрнының ұшына келу, көзді ашып-жұмғанша, кірпік қаққанша, қара қылды қақ жарған, қырық жамау, қырық күн ойын, отыз күн тоын, тебінгіден тер жауып, қабырғадан қар жауып т. б.

Тұрақты литота. Әсірелеуде белгілі бір зат не құбылыс шамадан тыс үлкейтіліп айтылса, литотада, керісінше, өте кішірейтіліп сипатталады. Мысалы: *тізе бүкпеу, бел жазбау, кірпік қақпау, көз ілінбеу, тірі жан жоқ, дүниені бір уыс қылу, бір тарының*

қауызына сыйғызу, иненің жасуындай, темір етік теңгедей, темір таяқ тебендей, түйе сойған ешкі сойғаннан қуырдақтық ет дәметеді, тіс шұқитын шөп таба алмау т. б.

Фразеологизмдерге образдылық мәнер беретін синтаксис, фонетика және ырғақ сияқты көптеген тәсілдер бар. Бұл тәсілдер тұрақты сөз тіркестерін поэтикаға жақындатады. Мәселен, фразеологизмдердің көпшілігі **шендестіру, дамыту, параллелизм, анафора** сияқты поэтикалық синтаксиске құрылған.

Шендестіру (антитеза) жолымен құрылған тұрақты сөз тіркестері: *мың асуға бір тосу, бірде бие, бірде түйе, түздегі май ішсе, үйдегі зәр ішеді, атадан алтау тусаң да, бір жалғыздық* т. б. Антонимге құрылған мақал-мәтелдер: *көп тыңда, аз сөйле, бетегеден биік, жусаннан аласа, еріншек егіншіден елгезек масақшы озады, сенің атың тұра тұрсын, менің атым жүре тұрсын* т. б. Фразеологизмнің ішінде мағынасы бір-біріне қарама-қарсы құрылған антонимдік құбылыстарда фразеологиялық антонимдер байқалады: *жүрек жұтқан, су жүрек, көк ми, маңдайы кере қарыс, ат ізін салмау, күн құрғатпау, көзі ашық, әліпті таяқ деп білмеу, жердің жеті түбі, осы тұрған жер* т. т.

Оксюморон - мағынасы қарама-қарсы, антоним сөздер өзара тіркесіп, бір ұғымды білдіреді: тірі өлік (тірі аруак), тірі жетім, жаман жақсы көру, уәдеден шығу (уәдесінде тұрды деген мағынасында айтылады), жіпсіз байлану, пышақсыз бауыздау, сондай-ақ, қайырсыз пайдадан қайырлы залал, тікеннен гүл, заһардан бал, қарға баласын аппағым дер, кірпі баласын жұмсағым дер, мен – тумаған балаға кіндік шеше, қашпаған қашар сиырдың уызына, өгіз бұзаулағанда, ешкінің құйрығы көкке, түйенің құйрығы жерге жеткенде дегендердің әзіл-ойын аралас келетін сөйлеу тілі фразеологизмдерінің оксюморонға ұқсастығы байқалады.

Дамыту: *оқу – білім, бұлағы, білім - өмір шырағы, тай құнанға жеткізер, құнан атқа жеткізер, ат мұратқа жеткізер* т. б.

Параллелизм: киім кірі жуса кетер, көңіл кірі айтса кетер, гүл өссе жердің көркі, қыз өссе елдің көркі, сүңгінің жарасы бітер, тіл жарасы бітпес, т.б. Бұл құбылыс мақал мен афоризмдерде жиі кездеседі.

Анафора деп сөзді не сөйлемшені сөйлемнің басында бірыңғай қайталауды айтады: *қол-қолды табады, бояушы-бояушы дегенге сақалын бояйды, көре-көре көсем болады, сөйлей-сөйлей шешен болады* т. б.

Эпифорада қайталанбайтын сөз керісінше сөйлемнің аяғында келеді. Мысалы: *жаз шанаңды сайла, қыс арбаңды сайла, аласаны атқа санама, жақыныңды жатқа санама, аштық ас талғатпайды, ашықтық жас талғатпайды, жақсыда кек жоқ, кектіде тек жоқ* т. б.

Қайталаудың бұл түрлері каламбурдың жасалуына негіз болады. Дүниеқор – дүниенің құлы, қашпаған қашар – сиырдың уызы, бояушы-бояушы дегенге сақалын бояйды, жақсыда кек жоқ, кектіде тек жоқ, деген мысалдар түбірлес сөздердің әр түрлі мағынада қолданылуы арқылы жасалған каламбурлар.

Фразеологизмдерге бейнелік, мәнерлік сипат беретін дыбыс үйлесімі – ырғақ және ұйқас болады.

Фразеологизмдердің бірқатары өлең сияқты үйлесімін сақтап, ырғаққа, ұйқасқа құрылған. Мысалы: *сабыр түбі – сары алтын, сабырлы жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа, қысыла-қысыла қыз болдым, айтпа, айтқаныңнан қайтпа, аманат, аманатқа қылма қиянат* т. б.

Фразеологизмдердің өлең тәрізді осындай ырғаққа, ұйқасқа құрылуының өзі кездейсоқ емес. Тұрақты сөз тіркестерінің ұмытылмай ұзақ жылдар «өмір сүру» сырының өзі осы ырғақ пен ұйқасқа құрылуында болу керек. Өйткені ырғақ, ұйқасқа құрылған мақал-мәтелдер мен шешендік нақыл сөздер белгілі бір қалыпта айтылып көңілге қонымды, жаттауға оңай келеді. Бұл - жалпы фразеологияның табиғатына тән қасиет[3, 38].

Жоғарыда келтірілген фразеологиялық бейнелік мәнерлегіш тәсілдердің барлығы да дайын тілдік единица ретінде жұмсалады.

Фразеологизмдер құрылым-құрылысы жағынан екі топқа бөлінеді:

1) құрылым-құрылысы сөздердің белгілі бір тіркесі болып келетін фразеологизмдер.

Мысалы: шақша бас, қарақат көз, ашық ауыз, ала қол,

бүйрек бет, қамыт аяқ, құба жон, қалқан құлақ, мұрты шағылмаған, жауырын құрлы көрмеді, саусақпен санарлықтай, кең иықты, ат жақты, иығы босады, алақанның аясындай, бармақ қазы, езуі жиылмады, тісін басты, қас қарайды, кірпік қаққанша, сақалды басымен, қу тілді, кеңірдектен келді, тұмсығы батпады, еңбегі қатпаған, төбесі тесік, өр көкірек, арқасы бар, бүйірі шықты, мұрынның қанындай т. б.

2) Құрылым-құрылысы жағынан сөйлемге тең фразеологизмдер. Мысалы: бір қолын екі ете алмады, екі иығынан дем алды, үш ұйықтаса, ойда жоқ, ел бетін көрместей болды, табанын жерге тигізбеді, аузына ақ ит кіріп, қара ит шықты, ішкен асы бойына тарамалды, көзіне көк шыбын үймелетті, көрер таңды көзімен атырды, ашса алақанында, жұмса жұдырығында, ішкен асын жерге қойды, аяқ-қолын бауырына алды, басы ауырып, балтыры сыздады, жеңген иттің желкесінен алды, көңілі су сепкендей басылды, қашпаған қара қашардың уызына қарайтын, қой үстіне боз торғай жұмыртқалады, т. б.

Фразеологизмдер – барлық тілдерге тән құбылыс. Сондықтан да осы бейнелі сөз орамдары әлем тілдерінде кеңінен зерттеліп келеді. Соның ішінде қазақ тіл біліміндегі зерттеулердің негізінде бұл құбылыс жан-жақты қарастырылуда. Алайда, фразеологизмдердің өзіне тән тілдік табиғаты, көркемдік нақышы, коннотациясы, бағалауыштық сипаты әлі де нақтылауды қажет етеді.

Фразеологизмдер коннотациясын зерттеудің лингвомәдени, прагматикалық, стилистикалық аспектілері, фразеологизмдердің тілдік бірлік ретіндегі ерекшеліктерін түсінуге және олардың концепті жасауға қатыса алуына мүмкіндік береді.

XXI ғасырда жаңа теориялық-танымдық әдістемеге сәйкес тілді ой-санамен, мәдениетпен және адамның тұрмыс-тәжірибелік қызметімен тығыз байланыста қарастыру қажеттілігі туындады. Мұндай қажеттілік тіл білімінде жаңа ғылыми бағыттың және оның негізінде қалыптасқан антропоцентристік парадигманың дамуын талап етті. Осы орайда прагмастистика қазіргі тіл білімінде және фразеологияда жаңа бағыт ретінде өзінің қалыптасу кезеңінде тұр. Оның зерттеу нысаны, теориялық принциптері мен ғылыми әдістері фразеологизмдерді жан-жақты зерттеуді талап ететін сан-салалы мәселелерді көтереді. Себебі прагмастистика өзінің зерттеу объектісінің көп қырлы аспектісіне байланысты прагматика, коммуникативтік лингвистика, психолінгвистика, мәтін лингвистикасы, лингвистикалық поэтика, логика, когнитивтік лингвистика сияқты тіл білімі салаларының зерттеу мәселелерін өзара байланыстырады. Фразеологизмдер өмір, қоғам, адамның әр алуан қасиеттерін танымдық тұрғыда тұжырымдауға негіздейді. Олардың көркем әдебиеттегі қолданысы әр ақын-жазушының халықтық тіл байлығын пайдаланудағы өзіндік қолтаңбасына байланысты болса, екіншіден, сол дәуір, кезең, қоғам тынысын, адамдардың әлеуметтік жағдайын көрсетумен жиі қолданысқа түседі. Осы тұрғыда фразеологизмдер поэтикалық құрал ретінде автордың шығармашылық даралығын, дүниетанымын, көркемдік әлемін көрсетеді. Фразеологизмдердің бейнелілік қуаты, стилистикалық әсері, прагматикалық ықпалы күшті тілдік тәсіл болғандықтан, кез келген мәтінде стилистикалық категориялардың жиынтығын құрайды. Фразеологизмдер сөзді жандандырып, тілге өткірлік сипат береді.

Көркем шығарма авторлары жалпы халықтық тілдің фразеологиялық құрамынан қажеттісін ала отырып, оларды мүмкіндігінше түрлендіріп пайдаланады, өзіндік қолтаңбаларын да жасайды. І.Кеңесбаев: «Фразеологизмдердің құрылым жағынан қалыптасып, компоненттерінің тіркесу амалдарында бір заңдылық бар. Өмір талабынан туған фразеологизмдер талай дәуірдің елегінен өтіп, құрамы, жасалу тәсілі жағынан, мағынасы жағынан бір жүйеге түскен», - дейді [4, 601б.].

Әр қаламгер халық тілінің бар байлығын, сөз айшықтарын өз шығармасында шығармашылық тұрғыда жұмсай отырып, өзіне ғана тән стиль құрады. Демек, әр жазушының даралық стилі болады және көркем шығармаларда фразеологиялық тұлғаларды таңдап, талғап қарастыру – автордың өзіндік стиль жасаудағы тәсіліне байланысты.

Фразеологиялық тұлғалардың стильдік бояуы жеке сөзбен салыстырғанда әлдеқайда күшті, экспрессивті мүмкіншіліктері анағұрлым мол. Осы қасиеттеріне орай фразеологиялық тұлғалар белгілі бір баяндауға, не сөйленген сөзге стильдік әр береді. Ал фразеологизмдерді орынды жерде орайын тауып, қиюластырып қолдану жазушының сөз саптау шеберлігін көрсетеді.

Фразеологиялық тұлғалар шығарма тіліне айрықша көрік, ұтымды мазмұн, ұлттық әр береді. Халық тілінің бұл қат-қабатты қазынасына барлау жасап, көзін табу, қажетіне жарату – әр қаламгердің өзіндік шеберлігіне байланысты. Халықтың осы бір бай мұрасынан ұлттық мінез, ұлттық нақыш, ұлттық ой өз көрінісін береді.

Р.Сыздықова: «Көркем туындының тілін лингвистикалық стилистика тұрғысынан талдау дегеніміз тілдің жеке бөліктерін (единицаларын) түгендеу емес, сол бөліктердің, айталық, сөздердің, тіркестердің, сөйлемдердің қолданысын, қолданыстағы көрінісін зерттеу болмақ. Нақтылай айтсақ, сол бөліктерді теріп алып, жалаң көрсете салу – көркем тілді зерттеушінің шаруасы емес, сол сөздердің қолданысы қандай мақсатты өтеп тұр, солар арқылы жазушы нені, қалай суреттеп тұр – осыларды тану керек», - дейді [2, 95]. Яғни, қаламгер көркем туындыда фразеологиялық тұлғаларды тек көріктеу құралы ретінде ғана емес, өмірге деген көзқарасын, автордың ойын, кейіпкердің бүкіл болмысын бейнелеуде қолданады.

Әдебиеттер:

1. Болғанбайұлы Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. Алматы 1979, - 131 б.
2. Сыздық Р. Сөз күдіреті. Алматы, 1997, - 224 б.
3. Смағұлова К. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері . Филол. ғыл. докт...дисс.автореф: Алматы, 1998, 38 б.
4. Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімі туралы зерттеулер. Алматы, 1987 -601 б.

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТҰСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

Қанатқызы Ш., 2-курс университеті

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

Орал қаласы

Қазақ халқының тарихында әр ғасырдың басы аласапыран оқиғаларға толы болды. Бұл өз кезегінде тарих сахнасына ірі-ірі тұлғалар мен қайраткерлерді шығарып, түбірлі өзгерістерге алып келіп отырды. Әсіресе, ХХ ғасырдың басы айрықша күрделілігімен, сансыз оқиғалардың сапырылысымен, ұлттық сананың оянуымен ерекшеленеді. Осы тұста қазақ даласында да Алаш ұранын көтеріп, қазақ балаларын азаттыққа бастаған бір топ қазақ қайраткерлерінің ой-пікірі мен іс-әрекеттері жарқырап көрінді. Алашорда қозғалысы мен «Алаш» идеясының пайда болуына тікелей осы аталған тарихи жағдайлар себеп болды. Қазақтың алғашқы оқығандары қазақтың жеке өз алдына ел болып, дамыған елдермен терезе теңестіре алатындай жағдайға қол жеткізуін көкседі. Қазақ баласының бір-бірімен пікір алмасуын қамтамасыз ету үшін мерзімді баспасөз құралын шығарды. Қазақтың тұңғыш журналы «Айқап» пен «Қазақ» газеті ұлттың «көзі, құлағы һәм үніне» айналды. Бұл әрекеттер ұлттық сананы оятуда маңызы орасан зор болды. Кішкентай жылғадан басталған бұл әрекет ұлғайып, арналанып зор халықтық қозғалысқа ұласты. «Айқап» пен «Қазақ» азаматтық тарихымызда тұңғыш рет жаңа заманға сай ұлтты ұйыстыруды түбегейлі қолға алды. Осы тарихи миссиясы орасан екі мерзімді басылым мынадай нәтижелерге қол жеткізді: бірінші, ұлт проблемасын жалпыхалықтық сараптауға, яки талқылауға сала алды; екінші, жақын және алыс болашақтың мақсат-міндеттерін анықтап, оларды кезең-кезеңмен орындауға жұмылды; үшінші, әдебиет пен халық сұранымын, руханият пен ел мүддесін тоқайластыра алды.

Алаш қозғалысы тұсында «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті руханиятқа мол еңбек сіңірді. Басылымдар бір-бірін толықтырып отырды. Түрік бірлігін, тіл тазалығын, әдебиет, тіл

мен халық арасын, келешегін қазақ халқымен байланыстыра білді. Бұл басылымдардың қатарын «Ұран», «Бірлік туы», «Сарыарқа», «Жас азамат», «Абай», «Садақ», «Балапан» атты басылымдар толықтырып отырды. Аталған кезең әдебиетін ғалым, зерттеуші Рымғали Нұрғали «Алаш ұранды әдебиет» деп атап, былайша пікір білдіреді: «Отаршылдықпен шайқас, артта қалушылыққа қарсылық, надандықты мансұқ ету, азат, демократиялық мемлекет құруды биік нысана ету, жалпы ұлт мақсаты үшін күресу, өркениетті нысана тұту – бұл ағымда болған ұлылы-кішілі азаматтардың баршасына ортақ, етене қасиет, сапалар еді», - деп жазады. [2.269]

Алаш қайраткерлері қазақ халқын азат ел ету бағытындағы мақсатты ойларын бес тұғырға негіздеді. Солардың ішіндегі ең бір маңызды тұғырдың бірі – қазақ тілінің мәселесі болатын. Қазақ тілі турасында ғылыми еңбектер мен әдеби шығармалар жазылды. Мектептерде оқытылуы үшін әдістемелік еңбектер жазылды. Қазақ ұлтындағы ағартушылық кезеңдерін сипаттасақ, Алаш қайраткерлерінің еңбек еткен тұстарын сөз етеміз. «Жаңа рухта жазылған кітаптардың дүниеге таралуы – қазақ халқының ішінде де бірлі-жарым ұйқылы-ояу бастарын көтерушілердің барлығына таң қараңғысындай бір ишарат болып көрінсе керек», - деп жазған Мұхамеджан Сералиннің пікірі сөзімізді дәлелдей түседі. [3. 258]

Қазақ қоғамына XX ғасырдың алғашқы онжылдықтарынан бастап адал қызмет еткен, ұлттық санамыз бен ой-пікіріміздің тұтас бір кезеңін танытатын шоқжұлдыздар – Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Халел Досмұхамедов, Жаһанша Досмұхамедов, Бақытжан Қаратаев, Ғұмар Қарашев, Қошке Кемеңгеров, Елдес Омарұлы, Телжан Шонановтар болды.

Қазақ тілінің дамуы мен қалыптасуы тарихында Алаш қайраткерлерінің еңбектері орасан зор болды. Оның ішінде ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының орны ерекше. Ғалымның шығармалары көп зерттелініп, айтылып жүргендіктен, бұл мақалада «Алаш» қозғалысы көшбасшыларының бірі, қазақтан болған алғашқы маман дәрігер Халел Досмұхаммедұлының қазақ тіліне тигізген пайдасы мен шығармаларының тілі туралы да айтып өтуді жөн көрдім. Бір кезеңде қазақ халқының маңдайына біткен - «алыптар тобының» өзге де өкілдері секілді, екі тілде бірдей орысша, қазақша мол мұра қалдырған, ғылым-білімнің бірнеше саласына, қазақ халқының саяси, мәдени өмірінің әр алуан тақырыбына қалам тартқан адам – Халел Досмұхаммедұлы. Халқымыздың тарихы, әдебиеті мен тілі мәселелерін былай қойғанда, зоология, ботаника, анатомия, табиғаттану, медицина салаларынан шағын мақалалардан бастап, көлемді төл оқулықтар мен аударма дүниелер қалдырған қайраткер.

Халел Досмұхаммедұлы өзінің дәрігерлік мамандығына қатысты анатомия, физиология, гигиена сияқты салалардан оқулықтар мен құралдар жазды, неміс ғалымдарынан аударма жасау арқылы өсімдіктердің түзілуі мен тіршілігі туралы және адам денесінің түзілуі мен жұмыс қылуы туралы әңгімелерді, ғылыми мағұлматтарды қазақ тілінде оқуды ұсынды. «Білім алудың жолы көп, көп жолдың ішінде ең төтесі – жақсы мектеп, білімді мұғалім, мұнан қалса көпке түсінікті болып жазылған білім кітаптары», - деп Халел атамыздың өзі айтқандай елді біліммен қамтамасыз ету жолында ең керегі өз тіліндегі оқулықтар болатын [3.259]. Бұл жолда қайраткер ғылым саласы туралы еңбектерді қазақ тілінде жазуды қолға алған болатын. Және бұл туралы өзінің 1922 жылы жазылған «Табиғаттану» атты дәрістік кітабында: «Алдымызда үлгі болмаған соң, «ғылым кітабын» жазу деген өте қиын болды. Қазақ тілі – ғылым жолына шалынбаған, сөздері ғылым ретіне қарай аудару жөндікпеген тіл... Ғылым тіліндегі атаулардан қазақ тіліне дұрыстап түсінікті етіп аудару – өте қиын жұмыс... Сөздің жүйесін келтіріп, көркем қылып жазу да – керекті нәрсе. Ғылым атауларына лайықты атау қою – алғашқы уақытты тым мұқтаж, бүгін ілгері болашаққа жол салатын нәрсе», - деп жазды [3.260]. Мұндағы біздің айтып отырғанымыз – терминология жайы. Мал бағып, аң аулап, ішінара егін салып күн кешкен адамдар үшін жан-жануар мен өсімдіктер дүниесіне қатысты білім-ғылым деректерін қазақ сөздерімен (терминдерімен) жатық баяндауда, әрине, қазақ тілінің сөздері жеткіліксіз болғандығы түсінікті. Бұл ретте ғалым шет тілдік терминдерді пайдаланды, кей тұстарда жасанды

тұлғаларды ұсынды және бұл соңғы амал көбінесе орыс тіліндегі терминдерде қолданылған. Мәселен, қышқылтуым (кислород), сутуым (водород), қышқыл көмір (углерод) т.б.

Ғалымның еңбектеріндегі терминдердің қолданысындағы тағы бір құбылысқа назар аударсақ, ол – терминдік мәндегі сөздердің шет тілдік варианттарын қазақша баламамен немесе түсіндірмемен беріп, керісінше қазақша ұсынылған терминдердің шет тілдік атауын қоса көрсетіп отыруы болды.

Екінші көңіл аударатын мәселе – «жан сөздер» тобы болды. Халел Досмұхамедұлы кірме сөздер туралы пікірлеріне жиі сілтеме жасап, «ол жат сөздермен қазақ тілін шұбарламауды ұсынды, терминдерді қазақтың өз сөздерінен жасау керек» деген принципті ұсынды. Алайда ғалым ғылым тілі болып саналатын латын яғни, еуропа тілінің қатардан қалмайтындығын, қаша алмайтындығын және оған үйренісуі керек екендігін де қоса атап өткен.

XX ғасырдың алғашқы он жылдықтары қазақ әдеби тілінің лексика саласында нормалану процесі жүріп жатқан кезеңі болды. Бұл кезеңдегі жазба үлгілерінде жергілікті ерекшеліктер орын алғаны да бар. Мәселен, Халел Досмұхамедұлының жазбаларында тілдік ерекшеліктерге тоқталып өтетін болсақ: өнемейін (әрқашан, ылғи), жаңғыз (жалғыз), саламайымен (тұтасымен), гүрлеп тұрған заманы (өркендеп тұрған кезең), қараңғы үй (түрме), жұмысты миығдап үстеу сияқты сөздер – Қазақстанның батыс өңіріне тән ерекшелік. Бұл аталған фактілер бүгінгі қазақ әдеби тілінің нормасының қалыптасуы туралы хабар береді. Олар тіліміздің әр кезеңіндегі диалектілерді сақтап жеткізуші болып табылады.

Сонымен қатар, ғалым қазақ тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынұлының жасаған терминдерін қолданған. Оның 1924 жылы жазған «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» атты еңбегінде лингвистикалық терминдердің кездесетіні мәлім. Мысалы, билік рай, үнемді көсемше, ниетті көсемше, ұйғарынды көсемше, жалғау, жұрнақ т.б. сөздер.

Х.Досмұхамедұлының тарихта алатын орны – оның еткен қызметі, сіңірген еңбегі. Ол – тек қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси өмірі мен мәдениетіне, оқу-ағарту ісіне, ғылымына еңбек сіңірген, тер төккен ғалым, қайраткер, ұстаз ғана емес, ана тіліміздің тарихында белгілі із қалдырған, үлгі-өнеге көрсеткен ұлылардың бірегейі.

Міржақып Дулатов – ақын, жазушы, драматург, журналист әрі тәжірибелі баспагер. «Оқу құралы» деп аталатын қазақ тілі мен әдебиетін баяндап оқытатын хрестоматия кітабының, «Есеп құралы» деп аталатын бастауыш мектепке арналған математика оқулықтарының авторы. Ғалым сан салалы білім-танымының ішінде тіл-жазу проблемасы, ана тілінің тағдыры, оны жазу, ол туралы оқулықтар жазуды мақсат тұтқан. «Һәркімнің ізіне түсіп қуған, үйренген бір ісі болады. Сол ісін ол басқалардан артығырақ біледі. Егер оқу, оқытуды машықтап, ол оқытудың һәм оқытқан нәрселерінің асыл тәртібін, түп негізін анық білетін кісілер жазу хақында өз пікірлерін түсінікті етіп жазса, сынаушы деп соларды айтуға болады», - деп автор ғалым Ахмет Байтұрсынұлының ұлттық жазуын қолдап, «Айқап» журналының 1912 жылғы 6-санында «Жазу тәртібі» деген мақала жариялап, онда Ахмет Байтұрсынұлының жазуына қарсы айтылған пікірлерді сынайды. [3.267]

Міржақып Дулатұлы орыс тілін жақсы білмейтін түркі халық өкілдеріне тілді жеңілдету мақсатында түрік-орыс сөздігін жасаған. Бұл сөздікті 1932 жылдың жазында жасап, дайын етеді. Еңбек 4 дәптерден құралған. Бұл сөздікте көне түркі ескерткіштерінің сөздері, «Игорь полькі туралы жырдағы» түркі сөздері және қылмысты істер жөніндегі түркі-орыс терминологиясы жинақталған. Дәптер 43 парақтан тұрса, оның 80 беті жазылған екен. Әрбір беті 23 реестр сөзден тұрады. Олардың түрікшесі мен қазақшасы араб әріпімен жазылған, бірен-саран жерінде орысша баламасы бар. Ақын, жазушы, публицист, ағартушы Міржақып Дулатұлының туған халқына, ана тіліне деген махаббаты туған тілінің дамуына үлес қосуымен, айдауда жүрсе де сөздік жасауымен айқын көрінгендей.

Қазақтың көрнекті жазушысы, қоғам қайраткері Жүсіпбек Аймауытұлы XX ғасырдың басындағы қазақ тілінің ахуалына көңіл бөліп, ғылыми ізденіс жолына айналдырған ғалым. XX ғасырдың басында Ресей империясының отар аймақтарында араб

қарпін өзгертіп, оның орнына латын графикасын енгізу жұмыстары жүрді. 1922 жылы 21 шілдеде латын графикасының заңнамасы бекітіліп, жаңа түркі әліпбиі комитеті құрылып, түркі халықтарына жаңа латын графикасын енгізу жұмыстарын жүргізу басталды. 1924 жылдан бастап латын графикасы мемлекеттік мәртебеге ие болды. Қазақ тілі де латын графикасына негізделіп жасалу керек болды. Қазақ ғалымдарының жаңа латындандыру мәселесіне көзқарастары бірыңғай болмады. Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы сынды танымал қайраткерлер ескі араб қарпін қолдады. Ал, бір топ ғалымдар Нәзір Төрекұлов, Телжан Шонановтар жаңа латын графикасын дұрыс деп таныды. Олардың қатарында Жүсіпбек Аймауытұлы да болды. Мұғалімдік қызмет атқарып жүріп Жүсіпбек Аймауытұлы «Жаңа әліппе. Қазақстан жаңа әліппе қозғалысы» атты мақаласын жариялайды. Мақалада автор Орынбор губерниясындағы, Семейдегі, Қызылжардағы, Өскемендегі т.б. қалалардағы тұрғындар арасындағы латын әліпбиін қолдану аясын зерттеп, жазып береді. Және де өзінің қолдайтындығын айтып өткен.

Сол уақыттағы қазақ тіліндегі басты мәселелердің бірі емле ережелері болды. Орыс тілінің жаппай енуі қазақ қаріптерімен сәйкес келмеуі секілді проблемалар талқылауды қажет етті. Қазақ тілінің емлесі туралы пікір білдіріп «Қазақ тілінің емле ережелері» атты мақала жариялап шығарады. Мақаланың өзі 4 бөліктен құралған. Бірінші бөлікте емле ережелердегі кемшіліктер сөз болады. Екінші бөлімде емлеміздің негізгі принциптері қарастырылған. Бұнда түбірге жалғанатын қосымшалардың дұрыс жазылуы, қос сөздердегі жазылым ерекшеліктері, тілге енген жаңа сөздердің қазақ тіліне икемделіп жазылуы мәселелері талқыланды. Үшінші бөлімде дауысты, дауыссыз дыбыстардың бір-бірімен алмасып естілгендегі жазылулары зерделенеді. Бұл бөлімде қазақ тіліндегі сингорманизм құбылысы заңының сақталуы туралы, жуан және жіңішке дыбыстардың өзгертілуі, дауыссыз дыбыстардың қосымша жалғанғандағы өзгерісі туралы жазылады. Төртінші бөлімде қысаң езулік дауысты «ы-і» - лердің жазылатын орны мәселесі қарастырылған.

Мұғалімдік қызмет атқарып жүрген уақытында Жүсіпбек Аймауытұлы қазақ тілін оқыту әдістемесін көрсеткен. «Қат таныту әдістері» атты мақала жазып, орыс ғылымындағы қолданылатын әдістің қалай жүзеге асатындығы туралы көрсеткен. Яғни балаларды біріншіден қаріптермен таныстырып одан соң сөз, кейіннен сөйлем құрап үйрету. Бұл әдістің дыбыс әдісімен оқытқандағы, тұтас сөз әдісімен оқытқандағы қиындықтар кездеспейді. Қат танытудың оңай жолы осы деп көрсетіп, байқап көру керектігін айтады. Халықты сауаттандыру мақсатында және тілді меңгерту үшін әдістеменің маңызы зор екендігін Жүсіпбек Аймауытұлы жете білген. «Қазақша қат таныту әдістері» атты мақала жариялап, ана тілін қалай оқыту керек деген сұраққа жауап береді. Автор хат танытудың ең бірінші әдісі оқи, сөйлей білуге үйрету деп біледі. Оқушының көрген-білген, әсерленген сәттерін айта білуге, өлең, тақпақ, айтыс айтып, сөйлеуге дағдыландыру мәселесін біріншіге қояды. Екіншіден жазуға, жазу сөзіне жаттықтыруға үйрету керек дейді. Оқушының тақтаға жазған сөзді дұрыстап көшіре білуі. Өз бетімен және өзгелермен бірігіп ұран жаза білуі, суреттерге ат қою, сөйлемді сөзге, буынға, дыбысқа бөлшектей білу мәселесін қарастырады. Үшіншіден, оқушыны қатесіз жаздырып үйрету үшін тілді бақылау әдісін айтады. Бұл әдістің негізгі мақсаты дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату, жуан, жіңішке дыбыстарды ажырату, дәйекшені дұрыс қолдану, тасымалдауды, «у» және «ұ және у» қаріптерін жазатын орындарын білгізу болып табылады. Бұл мақаласын автор: «Қат таныту деген оңай жұмыс емес. Бұл туралы жазу көптік қылмайды. Мұндағы сөздердің артық, кемін өзгелер толықтыруын тілеймін», - деп аяқтайды. [1.623] Әдістеме тақырыбындағы мақаласының тағы бірі «Үлгі мектептері керек» деп аталады. Бұл мақалада автордың көтерген мәселесі ауылдағы оқушылардың білім іздеп үдере көшуі болды. Айтуы бойынша оқушылардың қалаға ағыл-тегіл шұбыруының бір себебі елдегі мұғалімдердің жартымсыздығы. Осыған байланысты қала мектептерін ауыл мектептеріне үлгі қылу керектігін айтқан. Өнегелі жұрт программасы жасалып, оқыту әдісін мектептердің ісіне, тәжірибесіне сүйеіп жасайтындығын айтады. Сыннан өткізіп ең қолайлы, ең дұрыс, пайдалы әдіс үстем болып жеңеді. Топтан торай бермей, озып шыққан

әдіс ең керегі болып табылады. Осындай әдістердің бірі – үлгі мектептерін көрсетіп, тәжірибе алмасу болып табылады. Автордың айтуы бойынша мұндай үлгі мектептері Қазақстанда көп болса үшеу немесе екеу ашылса жарайды, бірі Қызылордада, енді бірі Семей, Ақмола Губерниясының бірінде болуы керек. Өйткені үлгіні әуелі ел мұғаліміне, ел мектебіне көрсету жөн деп ойлаймыз деп пікір білдіреді.

XX ғасырдың басында қазақ қаламгерлері әдеби процесті, әдебиет тарихын өздерінше, білім-біліктері жеткенше саралауға қам жасады. Әдебиетті байыптауда әркім өз білімін басшылыққа алды. Бұл ретте ұлт зиялыларының ағартушылық көзқарасы жетекші ойды құрады. Ал, ендігі кезекте алаш қайраткерлерінің қазақ әдебиетінде сіңірген еңбектерін саралап қарастырып өтсек.

Алаш ағартушыларының көрнекті өкілдерінің бірі Ғұмар Қараш әдебиетке өлеңмен де, қара сөзімен де қызмет етті. Оның бұл қызметі – ұлт дамуына септескені болатын. Тіл мен әдебиет Ғұмар ақынның пікірінше ұлтты сақтаушы күш. «Ана тілін білмей тұрып, ұлт білімін ала алмайсың. Ұлт білімі болмаса, онда әдебиеттің болмайтындығы өзі-ақ белгілі. Әдебиеті жоқ ұлттың өнері де өрлемейді. Біз тілімізді қанша сақтасак, ұлтымызды да сонша сақтаған боламыз», - деп жазады қара сөзінде. [2.198] «Айқап» журналында «Ғ.М.» деген қосымша атпен жариялаған тіл-әдебиет мақаласында қаламгер: «Жансыз кеуде дүниеде жасай алмас. Шіріп, топыраққа айналып жоқ болар. Тілі, әдебиеті болмаған жанның да жансыз кеудеден айырмашылығы болмас», - деп жазады. [2.201]

XX ғасыр басындағы жүйелі әдеби-эстетикалық ағым Әлихан Бөкейханов еңбектерінен басталады. Қайраткердің әдебиет туралы алғашқы еңбегінің бірі – «Қазақ жыры «Қобыландыдағы» әйелдер» атты зерттеу мақаласы. Ол 1899 жылы «Туркестанские ведомости» газетінің 3-нөмірінде жарияланған. Мақалада Аналық, Құртқа, Көкілан (Көктен кемпір), Қарлығаш, Қарлыға бейнелеріндегі ерте дәуірдің таным-тамтықтарын, тарихи шындықтарын зерделейді. Бұл ретте Әлиханның ғылыми тұжырымдары сол уақытта аса көкейкесті болғандығы көрінеді. Ол: «Әрбір эпикалық шығармада, тіпті өлеңде автордың өмірге деген көзқарасы, оның талпынысы мен идеалы – жалпы жеке пікірі көрініс табады. Осыған қарап тарихи шындыққа қаншалықты қатысы бар екендігі анықталады. Бұдан қаламгердің әдебиеттің бір саласы фольклорды жіті зерттелмеген кезеңде, оның танымдық астарына үңілгендігін көреміз.

Әлихан Бөкейханұлының қазақ фольклорлық мұрасын кең көлемде зерттегенін «Қалқаман-Мамыр» атты Шәкәрімнің осы тарихи негіздегі жырын талдауға құрылған мақаласынан көреміз. Ақын кітабы 1912 жылы шыққан. Қаламгердің бар көздегені «Қалқаман-Мамыр» жырын оқушыларға кеңінен жаю екен. Мақаланың басында автор Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығына шолу жасайды.

1914 жылы Қазан қаласында «Үміт» баспасынан «Қарақыпшақ Қобыланды» атты жыр жарық көреді. Аталған жырға 1915 жылы «Қазақ» газетінде пікір білдіреді. Мақаласында Абай Құнанбайұлының «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» атты өлеңінен эпиграф беріп, автор алғаш тарихи Қобыланды кім болуы мүмкін және жырдағы оқиғалар қай дәуірде болғандығын қарастырып, Шәкәрім, Шоқан еңбектеріне сүйене отырып, зерттеу жасайды. Әлихан Бөкейханұлының авторлық әдебиетке айрықша үміт артуы 1905 жылы жарияланған абай Құнанбайұлына арналған мақаласынан бастау алады. Абайды тану мен ианытуға ерекше ықылас қойған. Ақынның тек өзі емес тұңғыш ұлы Кәкітай туралы да өмірбаянын жазып, шығармаларын жинақтап шығарған. Ұлы ақынның ғұмырбаяны алғаш рет мүмкіндігінше толық сипатталғаны Әлихан Бөкейханұлының «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы» мақаласында жарияланған. Осы мақалада автордың әдеби-эстетикалық талғамының аясын – Абайдың ақындық, ғылым мен білімді меңгеру, өлең сөздің қазақ қауымындағы орны, тағдырдың алдындағы қауқарсыз жан хақындағы өлең жолодарын мысалға алуы және оларды қара сөзбен орыс тіліне еркін аударуынан байқаймыз. Ақын өлеңін сараптай келе, қаламгер: «Абайдың шығармашылығында поэтикалық тегеуірін бар. Оның өлеңі – қазақ мақтанышы. Алашта рухани шығармашылықты мұншама асқақтатқан Абайға дейін ақын болған емес», - деп тұжырымдайды.

Әлихан Бөкейханұлының жаңа әдебиетті жүйелеуге күш-жігер жұмсаған еңбегі 1914 жылы жазылған «Роман деген не?» атты мақаласынан көрінеді. Мақалада қазақ әдебиеті үшін жаңа жанр – романның не екені, қашаннан бары, қандай олжа әкелетіндігі туралы жазылған. Сонымен қатар руханият пен өміргше жаңаша қарау. Еуропалық әдебиеттен үлгі алған жаңа жанрдың мәні, мақсаты және бағдары тұңғыш рет талданды. «Романды түсініп оқыған адам бәрін көреді, сондықтан роман – өмір айнасы. Романдан хәліміз жеткенше тәрбие алу керек. Өнер-білім керек, одан да асқан керегі – тәрбие. Қанша оқысақ та, тәрбиеміз кем болса, қасиетіміз аз», - деді ол. [2.223] Қайраткердің бұл мақаласында талданған басты тақырыптың бірі – «Бақытсыз Жамал» романы еді. Мақалада романның негізгі идеясына, бейнелер жүйесіне шолу жасалады, оның жанрға қойлатын талабына сәйкес келуі туралы талқыланған.

Көркем өнерді жете танып, көңіл бөліп, әдебиеттің ішкі мәселесіне терең үңіле білген Әлихан Бөкейханұлы әдебиеттің әр жанры бойынша зерттеулер жүргізіп отырған. Оған дәлел ретінде «Ән-өлең хәм оның құралы» атты мақаласын айта аламыз. Бұл жерде автордың сөзіндегі «ән-өлең» дегенімізді жалпы бір сөзбен «ән» деп түсіндіреміз. Әлихан атамның сурешілік, сыршылдық, ғалымдық қырларын ашық айқындатқан бұл мақаласында қандай болмасын саладағы мықтылығын, біліктілігін көрсетеді. Ән мен жырға, күйге деген шын сезім, махаббаты көрінеді. Мақалада әннің құдыреті, оның қалай дүниеге келетіндігін, қалай тірі жанға әсер ететіндігін айқындап, анықтап жазады. Сонымен қата, мақаласын өзі қадір тұтып, ұлықтаған ұлы Абай атамның «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңімен аяқтаған.

Әдебиеттің қос негізгі жанрлары поэзия мен прозаны үйлестіре білген, қазақтың тұңғыш романын жазған, елге қызмет жасап, ел руханиятын биік деңгейге көтерген қайраткер Міржақып Дулатұлының да әдебиетте орны бөлек. Әйгілі «Оян, қазақ!» атты жинағы ел арасында кеңінен таралып, халықты ілім-білімге шақырды. Алаштың ауыр жағдайын сөз етті. Жинақтың соңғы бөліктерінде қазақтың ұлы ақындары Абай Құнанбайұлын, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Ахмет Байтұрсынұлы т.б. сол секілді ақындардың еңбегін орыс халықтарының ұлы тұлғаларымен тең санап, еңбектерін асқақтатты, олардың қоғамдағы маңыздылықтарын атап өткен.

XX ғасырдың басында халық арасында рухани білімді дамыту үшін Абай Құнанбайұлының шығармашылығын дәріптеу, маңыздылығын түсіндіру өзекті болды. Оған бір дәлел Әлихан Бөкейханнан бастап әр қайраткердің Абай шығармашылығын өздерінше талдап түсіндірулері болды. Міржақып Дулатұлы да өзіндік пікірін көрсетіп 1908 жылы татар халқының «Уақыт» газетінде «Ибраһим ибн Құнанбаев» атты мақаласын жариялаған. Мақалада ол Ресей құрамындағы түркі халықтарына ұлы ақынның мұрасымен таныстырып, өмірбаянын көрсетеді. Бұл автордың бірінші мақаласы болса, оның екіншісі «Қазақ» газетінде жарияланған. Мұнда да ақынның өмірбаянын жазып өткен. Сонымен қатар, Абай Құнанбайұлы туралы еңбек жазып зерттегендер мен жинақтаушылар туралы да атап өтеді. Және мынадай пікір атап кеткен: « Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш – Абай сөзі, Абай аты боларға керек. ...ең жоғары, ардақты орын – Абайдыкі». [2.235]

Қараңғылықтың көгіне күн болып біліммен жарық сыйлауды мақсат тұтқан, Алаш қайраткері Сұлтанмахмұт Торайғыров та XX ғасырдың басында әдебиеттің өркендеп, дамуына сүбелі үлес қосты.

Сұлтанмахмұттың алғашқы әдеби-эстетикалық пайымдаулары «Айқап» журналында жарияланды. 1913 жылы жазған «Өлең хәм айтушылар», «Жаңа кітап» (М.Дулатұлының «Азамат» жинағы туралы), «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» атты мақалаларынан қаламгердің туған әдебиетіне жаны ауруы, бүгінгі мен келешегіне қам жеуі аңғарылады. Сонымен қатар осы еңбектерінде ақынның руханият туралы тұжырымдамасы, әдебиеттегі сауаттылық пен жауапкершілік жөніндегі пікірлері көрініс тапқан.

С. Торайғырұлы ғасыр басында шыққан кітаптардың тілі туралы мақаласында («Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан») да жаңа әдебиет пен көркемдік мәселесіне тоқталып өтеді. Қазақ рухани қауымының жаңалықты қалай күткенін қаламгер былайша бейнелеп

жеткізеді: «Жаңа бір жас иіс туды дегенді құлақтары шалса, қолдарын жайып, құшақтарын ашып, иіскеуге мұрындарын, сүюге ауыздарын даярлап тұрмақ та». Бірақ жаңаның да дұрысы мен бұрысы бар. Сұлтанмахмұт мұны тілі мен көркемдігіне қарап айырады. Ақынның пікірінше, ендігі жерде «шағатай тілі» қазақтың жаңа әдеби тіліне мүлдем жат, «қайта бұрынғыларымыз «хикаят» болса да тілі қазақша, рухы қазақ рухына бейім». Бұл орайда автор не ұсынады? «Пайғамбардың жүрегінен құйылған құрандай, соқыр кісі сыбдырынан танырлық аққұла ашық» Абай жолын үлгі етіп ұсынады. С. Торайғырұлының әдеби-эстетикалық пікірлерін зерделей отырып, мынандай қорытынды жасаймыз: біріншіден, елді жаңарту ісінде әдебиеттің орны алдыңғы қатарда екеніне ақынның шүбәсі болмаған; екіншіден, өз талабымен ағарып, білім жиған, шеберлігін шыңдаған Сұлтанмахмұт әріптестеріне, әдебиетке бет бұрған замандастарына осы жолды нұсқаған және одан әлдеқайда биік Абай жолы барын айтқан; үшіншіден, қаламгер әдеби тілдің тазалығына ерекше көңіл бөлген.

XX ғасырдың 20-жылдарында әдеби бағдарламамен, концепциялармен рәсімделген бағыттардың жалпы әлпеті сол кезеңнің әдеби-тарихи процесін шынайы тануға мүмкіндік береді.

Әдебиет тарихы – ұлт ақыл-ойының, пайым-пікірінің тарихы. Кеңестік жүйе тұсында ол тарих ұлт топырағында тамыры жоқ идеологияға сәйкестендіріліп зерттелінді. Әлем ғаламдық үйлесімділікте өз үні бар күллі ұлтты мойындауға тиіс. Ендеше белгілі бір елдің әдебиет тарихы мен жалпы тарихы шынайы ғылым һәм ұлттық мүдде тұрғысынан зерделенуі ғаламдық үйлесімділікке қайшы келмейді. Біз осы тарапта зерттеу жұмыстарын жалғастыра бермекпіз.

Қылышынан қан тамған заманда өмір сүрген Алаш зиялыларының жанкешті еңбектері әлі күнге дейін өз құнын жоғалтпай, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану, қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі ғылымдарының маңызы жоғары құндылықтарына айналды. Алаш зиялыларының бізге жеткен әрбір еңбегі қазақ ғылымының түп тамыры мен негізі болып саналады. Қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының да өзегі осы Алаштықтардың теңіздей терең еңбектерінде жатыр. Алаш зиялыларының әрбірі өз заманында түрлі сүрлеулерден өтсе де, өлшеусіз еңбектері арқылы қазақ руханияты мен ғылымының нақ шыңынан ойып тұрып орын алады. Әлихан Бөкейханнан Сәкен Сәдуақасұлына дейінгі тұлғалардың әдеби, тілдік концепциялары жаңа ғылым тұғырнамасын қалыптастырды. Бұл ілгерілеудің бәріне жетекші алаш идеясы – ұлттың рухани «меніне» айналды.

Әдебиеттер:

1. XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. 2-кітап. Құрастырған: О.Жұбаева. – Астана: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2018. – 720 бет.
2. Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. – Астана: «Фолиант», 2002. – 474 бет.
3. Сыздықова Р. Қазақтың ғылым әлеміндегі алғашқы алыптар. 13 том. – Алматы: «Ел-шежіре», 2018. – 384 бет.
4. Айтбайұлы Ө. Телтірес (Мемлекет тілді қалыптастыру хақындағы ойлар, сұқбаттар, тұжырымдар, баяндамалар, мақалалар). – Алматы: «Абзал-ай», 2014. – 400 бет.

М.ӘУЕЗОВ ӨМІРІНІҢ СЕМЕЙ КЕЗЕҢІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Нурпеисова Е.Б., қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы

«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК

Семей қаласы

Біздің ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үнінің биік сапалы парасы-Абай даналығы болғанда, рухани кодымыздың сол буыннан бас алатын Алаш әдебиетінің жұлдызы тәуелсіздігіміздің көк туы желбірегенде қайта жарқырады. Алаш қайраткерлері не қиындыққа төтеп беріп, патша заманында да, Кеңес кезінде де ел мәдениеті мен әдебиетін жаңаша дамытуға бар күш-жігерін жұмасағанын бүгінгі қазақ қауымы жақсы біледі. Алаш арыстарының қатарында қазақ ел-жұртының ұлттық рухын оятуға, рухани оянуына айрықша еңбек еткен ардақты тұлға, XIX ғасырдың үздік шығармаларын дүниеге әкеліп, шәкірттік дәуірді басынан өткермей, әдеби майданға білек түре кірісіп, алғашқы әңгімелерінен өзінен-ақ майталмандығы танылып, оң-солы бағамдалмаған қазақ әдебиетіне құбылыс боп енген Мұхтар Әуезов, шынында да, қайталанбас тұлға, жаратылысы бөлек феномен[1].

Бүгінгі мақаламда М.Әуезов өміріндегі Семей кезеңі туралы сөз қозғағым келеді. Семей қаласындағы өмірі, мұғалімдер семинариясы – болашақ жазушының шығармашылығының бастауы, азаматтық көзқарасының қалыптасып, халықпен біте қайнасып, оның мұң-мұқтажын көзімен көріп, жүрегімен сезінген, соларды хатқа түсіріп, қоғам өмірінен мақалалар мен алғашқы шығармаларын жазған ең жауапты да шығармашылық кезеңі.

М.Әуезовтің Семейдегі мұғалімдер семинариясында оқып жүрген кезеңі әр жерде әртүрлі көрсетіліп жүргеніне қарамастан, өзінің айтуы бойынша, арасында ауырып, сабағын үзіп алып, қайта жалғастырғаны шындық, дегенмен семинарияның М.Әуезов өмірінде алар орны ерекше екені сөзсіз. Өзінің тұстасы, семинарияның түлегі, болашақ жазушы Ж.Аймауытов екеуі 1915 жылы «Приказчиктер клубында» өткен Абай кешіне қатысып, 1918 жылы «Абай» журналын бірлесіп ашады. Осы кезеңде М.Әуезов қазақ жерінде шығарылып тұрған «Қазақ», «Сарыарқа», «Таң» газет-журналдарында мақалаларын жариялайды. 1916 жылғы «Алаш» газетінде жарық көрген «Қазақтың өзгеше мінезі туралы» атты мақаласының өзі болашақ жазушының азаматтық позициясын ашық көрсетеді.

Әр адамның тағдыры да, танымы да өзі дүниеге келген, көкірегі оянып, қалыптасқан ортасымен сабақтас. Ұлы Абай шыққан ортада тәрбиеленіп, Абай өлеңдерін жаттап, құдіретіне тәнті болып өсуі де Әуезовтің биік белестерге көтерілуіне ықпал етті. Ол - бесікте көрген тәрбиесін санасына сіңдіріп, ойына түйгендерін өмір тәжірибесінде шебер пайдаланған адам. Бала Мұхтар Абай өскен өлкенің тіршілік болмысы, тарихы, ертегі-аңызы, қисса-дастанына қанық болып сусындап өсіп, туған жерден жиған бұл байлықты болашақ шығармаларына арқау етті[2].

Мұхтар Омарханұлы Әуезов 1897 жылдың 28 қыркүйегінде дүниеге келген. Тоғыз- он жасқа келгенде немере ағасы Қасымбек орысша оқуына қарсылық білдіргендер пікіріне қарамастан Семейге алып келеді.

Ерте кезде-ақ сауда орталығына айналған Семей қаласының рухани тіршілігіне айдауда жүрген Е.П.Михаэлис, Н. Долгополов, С.Гросс, А.Блек, П.Лобашевский сынды прогрессивті бағыт ұстанған орыс интелли-генция өкілдері айрықша әсер еткені, олардың жұмылған әрекетінен бай кітапхана, Ресей Географиялық қоғамының Семейдегі бөлімшесі ашылып, қаланың мәдениеті өркендей түскені мәлім. Қаланың рухани мәдениеті озған шақта, қазақ ояну дәуірін басынан өткерген XX ғасыр басында, бала Мұхтар да Семей қаласына келді[3].

Әуезовтің Семейдегі күндеріне қатысы бар естелік деректердің, құжаттардың мәніне үңілсек, біршама сәйкессіздіктерді ұшыратамыз. Жазушы “ 1915 жылы городское училищесін бітіріп, күз семинарияға түстім” деп, училищені аяқтаған жылы мұғалімдік семинарияға түскенін айтады. Мұрағаттан оның 1915 жылы Семейдің 1-ші ер балаларға арналған жоғарғы бастауыш училищені аяқтағаны туралы аттестат та табылған. 1915

жылдың 22 мамырында толтырылған бұл аттестатта Әуезов Мұхтардың үш сабақтан 5, төрт сабақтан 4 деген баға алып, училищені үлгілі тәртіппен аяқтап отырғаны жазылған.

Әуезов оқыған училище Семей қаласындағы Абай көшесі бойында орналасқан ғимарат маңдайшасында: “ Мұнда 1909-1915 жылдар аралығында жазушы, академик Мұхтар Омарханұлы Әуезов оқыған” деген жазуы бар. Ал Қ. Мұхамедханов болса, архив деректері арқылы М. Әуезовтің жылдары училищенің бірінші курсы тәмамдағанын дәлелдейді. Егер Әуезов 1913 жылы семинарының бірінші курсы аяқтаса, оқу орнын 1916 жылы бітірсе керек еді. Өз өмірбаянында арасында ауырып қалғанын айтады. 1912 жылы дүниеден өткен анасы Нұржамалдың, 1914 жылы дүние салған ағасы Қасымбектің қайғысы, отбасына түскен ауыртпалық Мұхтардың оқуының үзілуіне әкеп соғуы мүмкін, сондықтан да үзілген уақыттар әсерінен оқуын жалғастыру үшін қалаға 1915 жылы келсе керек[4].

Өзінің тұтасы, семинарияда бірге оқып, шәкірт кездерінде де бір пәтерде тұрған Ж. Аймауытов Семейдің мұғалімдік семинариясына 1914 жылы түсіп, оны 1919 жылы тәмамдайды. 1915 жылы “ Приказчиктер клубында” өткен Абай кешіне екеуі де қатысып, 1916 жылы “ Алаш” газетіне “ Қазақтың өзгеше мінездері атты мақаласын жариялайды, ал, 1918 жылы “ Абай” журналын бірлесе шығарады. Яғни, бұл деректерге сүйенсек, Әуезов 1915-1919 жылдар аралығында Семейде болғанға ұқсайды.

Семей семинариясының оқытушысы В. Полов: “ Мен Әуезовпен тұңғыш рет 1916 жылы таныстым. Ол кезде Әуезов бірінші курсына оқып жүр еді” десе З. Кедрин өз зерттеуінде Мұхтар Әуезовтің мұғалімдік семинарияны 1915 жылы бітіргендігі жайлы айтады.

Жазушы К. Оразалин “ Абай ауылына саяхат” атты кітабында 1914 жылы 26 қаңтарда Абайдың қайтыс болуына байланысты әдеби кеш өткізіп, оған Семейдің 5 кластық қалалық училищесінде оқитын Әуезовтің қатысқанын, келесі жылы Семей мұғалімдік семинариясының оқытушылары ерлі -зайыпты Нәзипа және Нұрғали Құлжановтардың ұйымдастыруымен және бір кештің өткендігін айтады. М. Сәрсекенің Абай қызметіне қойылған екінші сауық кешінде М. Әуезов суфлер қызметін атқарын айтады.

5 кластық қалалық училищеде оқып жүрген кезінде М. Әуезов футбол ойынына қатты қызығушылық танытып, “ Ярыш” атты жасөспірімдер командасы құрамында болған. Мұхтар өзінің достары Ишар, Қасым, Дәуке атты қазақ балаларын да футболмен достастырған. Оның құрамында 24 адам болған. Мұхтар командаға 1913 жылы күзінде келген. Өте ерекше ынтымақпен ойнайтын бәрі білген[5].

М. Әуезов 1923 жылы “ Шолпан” журналында жарияланған “ Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі деген әдеби-сын еңбегінде: “ Қазақ” газетінің мезгілі әдебиетке ұлтшылдық туын көтерген мезгілмен тұтас. Ол уақытты қазақ жұртының 1905 жылдың өзгерісін өткізіп, ел дертінің себебін түсініп, емін біліп, енді қазақты оятып, күшін бір жерге жиып, патша саясатына қарсылық ойлап, өз реттелігіне келді.

1917 жылы тамыз айында халық зиялыларының белсенділігі нәтижесінде Алаш партиясы, ал 1917 жылдың желтоқсанында Алаш үкіметі құрылып, ортақ мүдделі азаматтар бір жалау астына топтасқан, халықтың ояну шағында, М. О. Әуезовтің шығармашылық жолы басталды. 1917 жылы классикалық дүние «Еңлік – Кебектің» Шыңғыстың қойнауында, дала сахнасында қаршадай Мұхтардың режиссурасымен қойылуы қазақ драматургиясының тарихындағы айшықты мезет еді. Академик Р. Нұрғали, профессор Т. Жұртбай еңбектерінде «Еңлік – Кебек» пьесасының шежіресі ақтарылғанымен, әлі де анықтап, тәптіштей түсетін жерлері баршылық екенін жазады.

1918 жылдың қазан айында басқа ұйымдармен салыстырғанда әжептәуір беделі бар “ Бірлік” ұйымының ықпалымен жалпы жастар съезі өтеді. М. Әуезов бұл съезде төрағалық еткен. Семей губерниялық атқару комитетінің “ Қазақ тілі” газетінде редакторлық қызметте жүргенде және 1920 жылдың желтоқсанында Халық соты кеңесінің төрағасы боп қызметке тағайындалғандағы анкеталарында да “ Жас Азаматтың” ісіне араласқандығын айтады.

“Бірінші жалпы жастар съезі” атты хабарда Омбы қаласында 5-13 мамыр аралығында жалпы қазақ жастарының съезі, Омбы жастарының “ Бірлік” атты ұйымның

ұйымдастырылғаны, съезге қазақ жеріндегі барлық ұйымдардан өкілдер келгендігі айтылады[6].

М.О.Әуезов 1921 жылы қараша айында Қазақ АКСР-і Орталық атқару комитетінің (ОАК) төралқа мүшелігіне сайланып, онда кадр мәселесімен айналысады. Сол жылы «Қорғансыздың күні» әңгімесі «Қызыл Қазақстан» журналының №3 – 4 сандарында жарияланды. 1922 жылы күзде Ташкенттегі Орта Азия университетіне тыңдаушы болып оқуға түседі әрі «Шолпан» және «Сана» журналдарына жұмысқа орналасады. Осы басылымдарда «Қыр суреттері», «Қыр әңгімелері», «Үйлену», «Оқыған азамат», «Кім кінәлі», «Заман еркесі» («Сөніп-жану») әңгімелері жарияланады. 1923 жылы маусым айында Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) мемлекеттік университетінің қоғамдық ғылымдар факультетінің тіл-әдебиет бөліміне оқуға ауысады. 1924-1925 жылы Семейдегі мұғалімдер техникумына оқытушылыққа қалдырылды. Сонда жүріп «Таң» журналын шығарады. Онда «Кінәмшіл бойжеткен», «Қаралы сұлу», «Ескілік көлеңкесінде», «Жуандық» әңгімелері жарияланды. 1925 жылы Ленинградқа қайтып барып, оқуын жалғастырады. 1926 жылы жаз айында Семейге арнайы ғылыми экспедиция ұйымдастырып, оның материалдары негізінде жазылған «Әдебиет тарихы» монографиясы 1927 жылы кітап болып шығады. 1927 жылы жазда Жетісу өңіріне сапармен келіп, Ілияс Жансүгіровпен бірге болашақ шығармаларына материал жинайды. Ленинградқа қайтып оралысымен, осы материалдар негізінде «Қараш-Қараш оқиғасы» повесін, «Қилы заман» романын, «Хан Кене» пьесасын жазады. 1928 жылы Орта Азия мемлекеттік университетінің аспирантурасына қабылданды әрі Қазақ ағарту институтында сабақ берді.

1930 жылы идеялық көзқарасы үшін тұтқынға алынады. Тергеу ұзаққа созылып, 1932 жылғы сәуір айында үш жылға шартты түрде бас бостандығынан айыру туралы үкім шығарылады. Осы жылғы 10 маусым күнгі «Социалистік Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде М. Әуезовтің «Ашық хаты» жарияланады. Онда Мұхтар өзінің қазақ әдебиетінің тарихы және Абай туралы зерттеулерінен, «Қарагөз», «Еңлік-Кебек», «Хан Кене», «Қилы заман» сияқты шығармаларынан бас тартатынын мәлімдеуге мәжбүр болды. Сонан кейін ғана ол түрмеден босатылып, оқытушылық жұмыспен айналысуға рұқсат алды. Мұхтар Омарханұлы Әуезов 1934-61 жылдар аралығында университетте ұстаздық қызмет атқарды. Қазақ әдебиеті кафедрасының негізін қалады. Осы жылдары студенттерге арнап «Қазақ халқының ауыз әдебиеті», «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Қазақ халқының суырыпсалма айтыс енері», «Туысқан халықтар әдебиеті», «Абайтану» секілді жалпы және арнаулы курстардан дәріс оқыды, бұл курстардың оқу бағдарламалары мен оқу құралдарын, оқулықтарын жазды. Жазушы Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы бұл еңбегінің ҚазМУ-да бірнеше жыл бойы оқыған абайтану атты курстан құралып келген көлемді монография екендігін 1954 жылы 27 тамызда бұрынғы Семей облыстық «Екпінді» газетінің редакциясы қойған сұраққа жауап ретінде арнайы айтты[7].

Қорытындылай келе, М.Әуезов өмірі мен шығармашылығында Семей қаласының алатын орны зор. Алғаш білім алып, азамат ретінде, тұлға, өз елінің болашағын ойлаған ұлтжанды азамат ретінде өсуіне қаладағы білім мен мәдениет ошақтары, мұғалімдер семинариясы, газет-журнал басылымдары, қоғамдық ұйымдар оң әсерін тигізді деуге әбден болады. Біз Әуезовтей әлемдік тұлғаның өз жерімізден шыққанына мақтанамыз, әдеби мұрасын көзіміздің қарашығындай сақтап, оқып-үйренуге міндеттіміз.

Әдебиеттер:

- 1.Р. Мұқажанова М. О. Әуезов және Семей. Семей, 2011
- 2.Р.Бердібай. Мұхтар шыңы, Алматы, Ғылым, 1997.
- 3.Д.Досжанов. Мұхтар жолы. Алматы, 1987.
- 4.М.Қаратаев. Мұхтар Әуезов. Алматы, 1967.
- 5.Т.Жұртбай. «Бесігінді түзе» Ғұмырнамалық толғау. Алматы, Жаазушы. 1997.
- 6.Т.Жұртбай. «Талқы». Алматы. 1997.
- 7.Дүйсенбаев Ы. Мұхтар Әуезов. (мақалалар, естеліктер). Алматы:Ғылым, 1974.

АЛАШ АРДАҚТЫЛАРЫ ЖӘНЕ АНА ТІЛІ

*Накупов А., қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Ә.Бөкейханұлы атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейі
Қазақстан, Астана қаласы*

Қазақ тарихында Алаш арыстарының орны ерекше. Олар Қазақ елінің сан ғасырлық даму тәжірибесін, салт-дәстүрін төңкерістік әдіспен күрт өзгертуді емес, қайта оларды өркениетті елдердің өмір тәжірибесін ескере отырып, одан әрі дамытуды, білім алып, көппен терезе теңестіруін көздеді. Ең алдымен, қазақтың өз атамекеніне ие болуын мақсат етті. Сол жолда күресті. Сонымен қатар елге демократия, білім-білік алып келу үдерісінің бастауында тұрғандар да солар болды.

Алаш зиялылары елшілдік пен Отанға адал қызмет етудің рәмізі. Олар барды көбейтуші, үзілгенді жалғастырушы, жоқты жасаушы.

Алаш қозғалысының тарихи негізі Ресей отаршылдығының қазақ жеріндегі аса асқынған кезеңінен басталды десек те, Алаш идеясы одан әлдеқайда бұрын өмірге келіп, күні бүгінге дейін еліміз, жеріміз деп ұлт болашағын ойлаған әрбір қазақ жүрегінің терең түкпірінен орын тепкен. Өйткені Алаш қозғалысы қазақ қауымындағы отаршылдыққа қарсы бағытталған, прогреске ұмтылған жалпыхалықтық демократиялық қозғалыс еді. [3,47 б]

Ұлттың бойындағы сан ғасырлар жинақталған рух пен мұраттың ұлы бұлқынысы болған Алаш қозғалысы ел тағдырына қатысты барша идеяны өзіне өзек еткені бүгінде көбімізге белгілі. Қазіргі таңда Алаш қайраткерлері күресінің тағылымы да Алаш қаламгерлерінің мұрасы да жылдан жылға қазақтың рухани-мәдени өміріне еніп, «Алаш» сөзі аяулы ұғым, қасиетті түсінік ретінде қоғамымызда асқақтатыла айтылып келеді. Күнделікті теледидардан, радиодан, газеттерден «Алаш» сөзінің айрықша мән беріліп айтылғанына, жазылғанына куә болудамыз. Яғни, Алланың қалауымен қазақ баласының жаны мен жүрегіне, ойы мен пікіріне, санасы мен сезіміне «Алаш» ұғымы уақыт өткен сайын бойлай түсуде. Сонау ХХ ғасырдың басында елдің еркіндігі үшін күрескен ерлер қалаған осы қасиетті сөз тәуелсіздігіне жеткен қазақ баласына да соншалықты қымбат, аяулы ұғымға айналуда. Бұл санамыздың жаңғыруы, тарихы тамырларымызды қастерлеуіміз, елдіктің белгісі, өсер жұрттың өнегесі. [1,206]

Алаш – ұлттың аспан асты, жер үстінде өз орны бар ел ретінде өз еншісі мен үлесін анықтау харакеті. Зиялылардың Алаш атауын таңдауы да жайдан-жай емес еді. Алаш жаңа елдігіміздің, байырғы аймағымыздың рәмізі еді. ХХ ғасырда қазақтың азаматтық тарихында ең ұлы идея қайсы десек, ол – Алаш идеясы деп жауап беруге болады. Бүгінгі тәуелсіздігіміздің негізі де осы идеяда жатыр. Алаш идеясы үшін күрескен кезең – 1907 жылдан 1930 жылға дейінгі 30 жылдай уақытты ғана қамтыған. Аз болса да ғасырға тең уақыт. Алаштың серкелері – Әлихан Бөкейханов, Мұстафа Шоқай, Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Ғаббасұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы. Алаш зиялыларының алдыңғы толқыны болып есептелетін осынау тұлғалардың әрбірі мемлекет басқаруға қабілетті еді.

Қазақ халқының үздік білім алған, кең ойлы патриот саңлақтарының пайда болуымен тұңғыш ұлттық Алаш үкіметі құрылып, қазақтың саяси идеясының негізі қаланды. Алаш қозғалысының лидерлері халықтың өзіндік санасын жоғары көтеріп, ұлттық бостандық идеясын ұсынды, қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғау бойынша бірізді бағыт ұстанды.

Алаш жетекшілерінің ұлт-азаттық ұрандары сол дәуірдің оқыған талапты, талантты жастарын баурап алды. Туған халқының халін сезіп, біліп өскен өрелі жас буын өкілдері ұлт-азаттық қозғалысы қайраткерлерінің идеяларын қолдап, солармен бірге қимыл жасады. Қозғалысқа қатысты құжаттардан Алаш қайраткерлерінің оларды іске жұмылдырып, қажет жерінде тиісті тапсырмалар беріп отырғандығын байқауға болады. Алаш қозғалысына қатысқан 17-25 жас аралығындағы жастардың ішінен кейін көптеген мемлекет, қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар, ғалымдар шыққаны белгілі.

Алаш зиялылары ұлтына пайдалы адамдардың бейнесін былайша сомдаған-ды: Ақ жүрек таза болса. Жұртты я сатып, я алдап кетпейтін болса. Халық үшін ерінбей қызмет етерлік, екі талай жерде жанын қиярлық ер жүректі болса. Өз пайдасынан жұрт пайдасын артық көретін болса. Саясат ісіне жетік болса. Білімді, шешен, көсем, оқыған болса. Халықтың қалпына, салтына, тұрмысына жете таныс болса. Міне депутат болуға осындай адамдар лайық [1,15 б.]. Сонымен қатар, билікке ұмтылу атақ үшін қылатын іс, жолым кетті деп өкінетін жол бұл еместігі, әркім жақынына, облысына, уезіне, ұранына тартса ұлттың болашағы күмәнді болатындығы да Алаш зиялыларының назарынан тыс қалмады.

Ұзақ ғасырларға созылған отаршыл саясат зардабынан руға, жүзге, жерге бөліну тамыр жайды. Алаш зиялылары «бөліп ал да, билей бер» саясатына қарсы күресті. «Үш жүздің баласы бәрің де қазақсың. Алған бәйгең қазақтікі болады, алдарсың да, қазақты алдырасың. ... жақсы болу үшін ел билеуші болу шарт емес. Ел билеуші болу үшін жақсы болу шарт. .. біздің қазақ алаштан шыққан жүйрікке үкі тағу керек. Соның тілегін тілеу керек...»[4,10 б.], - деген мазмұндағы жолдар сөзімізге дәлел. Өрімтал жас атақтың адамға жолдас болмайтындығын әріден ұғынып өсуі шарт. Атаққұмарлық - мәдениеттің қас жауы. Қызылдар ылаңының «мұрасы» болып қалған «рушылдық, жүзшілдік, жершілдік» секілді тексіз қылықтар қазақ мәдениетіне жат екендігі даусыз.

Сонымен, елдік санасы биік ұлт қызметкерін тәрбиелеу үшін тарих тағылымын жас ұрпақ бойына сіңіру қажет. Тарихқа философиялық көзқарас арқылы, тарих, тұлғалар даналығы арқылы өскелең ұрпақ елшіл болып қалыптаспақ. Ақиқатына келгенде, жеке адамның атағы уақытша, ал ұлтқа қызмет еткен істің ғұмыры ұзақ, тіпті мәңгілік деп те айтуға болады. Мағжан ақынша айтқанда: Ел үшін жаннан кешіп, жауды қуған, Ерлерді ұмытса да ел, шөл ұмытпас. Шәкәрім ғұламаша түсіндірсек: Жоба тап, Жол көрсет, Келешек қамы үшін.... Ғибрат алар артыңа із қалдырсаң –Шын бақыт, Осыны ұқ, Мәңгілік өлмейсің! [3, 78 б.]. Елмен ер бірін-бірі жетелейді. Елсіз ер шықпас, ерсіз ел алысқа шаппас.

Ұлт ісін жөндеу ісін Алаш зиялылары айтқандай «Жұрт ісінде кімге де болса жұмыс табылады. Жұрт жұмысының жөні, мақсаты бір, істеу жолы түрліше. Соның әр түрін әркім қолға алып жұртқа керек жөнімен мақсатқа қарай жүргізу керек» [1, 206.].

Алаш зиялыларының саяси және рухани күресіндегі негізгі мақсат, орасан міндет, ол ұлтымызды ұйымдастыру, сол арқылы елдігімізді айқындау десек, онда осындай ұлан-ғайыр сауапты істің аясында ана тілімізді сақтау мәселесі тұрды. Алаш қайраткерлерінің қай-қайсы да тілдің саяси, қоғамдық һәм рухани үлкен күш, ұлтты біріктіруші қуатты құбылыс екендігін жақсы сезінді. Сондықтан да Алаш сияқты аса ірі қозғалыстың рухани тілінде қазақ тілі мәселесі ерекше орынға ие болды. Ұлт-азаттық күрес заманы қалыптастырған зиялылардың ана тілімізге арналған еңбектері, тіл жолындағы алуан күрестері бүгінгі өзі де азат, тілі де азат күнге жеткен қазақ баласына тағылымды мұра, өміршең өсиет. Алаш зиялыларының тіл төңірегіндегі еңбектерінің алуандығы олардың ұлт тағдырындағы тілдің төтенше маңызын әрі терең, әрі жан-жақты түсінгендігін аңғартады. Соған орай, Алаштың тілдік мұрасын сан тарапты құбылыс деп бағалай келе, оны бірнеше аспектіде сипаттаудың бірқатар мүмкіндіктерін айта кетсек.

Біріншіден, Алаш азаматтары қазақ ғылымының төлбасы әрі арналы саласы ретінде ең алғаш болып тілтану ғылымының іргетасын қалады. Оның себебіне үңілсек, онда Алаш қайраткерлерінің барлық ұлттық ерекшеліктердің ішінен халықтың болмысын, өткені мен бүгінін танытарлық тіл сияқты ең көрнекті құбылысты таңдауы аса қисында еді. Қандай ғылым болса да, әлбетте, белгілі бір қолданбалы, жүзелік сипаттан өрістейді. Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы», «Тіл құралы», Телжан Шонанұлының, Елдес Омарұлының оқу-әдістемелік мақалалары осыны аңғартады. Әсіресе, тіліміздің жазу үлгісінің, емлесінің қалыптасуындағы Алаш зиялыларының орны алабөтен.

Екіншіден, Алаш қаламгерлері ХІХ ғасырдың ортасында алғашқы белгілері байқалған ұлттық жазба әдебиетімізді жанрлық жағынан да, стильдік тұрғыдан да қалыптастырды, анағұрлым байытты. Әңгіме, повесть, роман, поэма, баллада, драма сияқты жанрлардың түгенденуі де ұлттық жазба әдебиетіміздің қалыптасу кезеңінен даму биігіне қарышты қадам

жасағандығын әйгіледі. Қазіргі кезде ғалымдар тарапынан «Алаш әдебиеті», «Алаш ұранды әдебиет» делініп жүрген әдебиет идеялық жағынан да, тақырыптық жағынан да, тілдік-стильдік жағынан да, жанрлық жағынан да ауызша дамыған сөз өнеріміздің жазба әдебиетке тән деңгейге көтерілуіне өлшеусіз үлес қосты. Бұл тіліміздің бойындағы мүмкіндіктерді барынша көрсетуге, көркем әдебиет стилінің дамуына жағдай жасады. Алаш әдебиеті арқылы ұлттық сөз өнеріміз жаңа деңгейге жетіп, тіліміздің байлығы мен оралымдылығының, мағыналылығының мүмкіндіктері мол екендігін паш етті.

Үшіншіден, Алаш зиялылары ХХ ғасырдың басында ұлт тәуелсіздігі мәселесін көтере отырып, ұлттың рухани-мәдени өрлеуіндегі, саяси ұйысуындағы асыл қазынаның бірегейі тіл екендігін байыптады. Сөйтіп, олар тілді сақтау, дамыту, қолданыс аясын кеңейту міндеттерін көтере келе, қазақ тілінің саяси, қоғамдық, әлеуметтік мәртебесіне ерекше мән берді. Бұл алаштықтар тарапынан тілдің, саяси, әлеуметтік маңызын, ұлттың тұтасуы мен өркендеуіндегі орнын сезініп, оған тұңғыш рет берілген толымды баға болатын. Бұл да тәлімі тарихи деуге татитын алаштың орасан өнегесі болатын. Ресей отаршылдығының саяси, әскери қысымын ғана емес, рухани өктемдігін сезген, көрген Алаш зиялылары тілді, ұлтты сақтап қаларлық қуатты құрал деп қарп, бағалап, соған риясыз қызмет етті. Хандық мемлекет тұсында тіл билік пен шешендіктің, көсемдіктің, өнебойы отаршылдықта өткен ХІХ ғасырда қарсылық пен сынның құралы болса, Алаш қозғалысы тұсында тілге ең алғаш рет ұлтты тұтастырушылық ірі қызмет жүктелді.

Яғни, қазақ тілі қалың ел, ордалы жұрттың тілі ретінде сақталу керек, сақтала тұрып ұлттың ұлттығын да сақтауы тиісті деп бағаланды. А. Байтұрсынұлы *«Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта, адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы - тіл»* деп ұлттық рухтың, болмыстың негізі де, тіл екендігін аңғартты. Осындай пікірлерді Алаш зиялыларының көпшілігі білдірді. Айталық, Ғұмар Қараштың: *«Тіл сақтауға мүмкін болғанда, тіл сақталуы тиіс. Біз тілімізді қанша сақтасақ, ұлтымызды да сонша сақтаған боламыз»*, Мұстафа Шоқайдың: *«Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тіл. Кешегі Ресей тіліміздің дамуына жол бермеді. Ол кезде біздің ұлттық басылымдар шығару құқығымыз жоқ болатын»*, Халел Досмұхамедұлының: *«Ана тілін жақсы біліп тұрып бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйініш; ана тілін білмей тұрып бөтенше сөйлесең, бұл күйініш. Өз тілін білмей тұрып, жат тілге еліктей беруі зор қате. Бұл оқығандардың һәм оқушылардың есінен шықпауы керек»* Мағжан Жұмабаевтың : *«Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы»* дегендері біздің заманымызға үндес, өзекті пікірлер. Ұлттық руханияттың өзегі ана тіл екендігін рухани-мәдени тарихымызда алғаш білдіргендер алаштықтар болды. Олар ана тілін ұлт болмысының басты бөлшегі ретінде қарастырып, әсіресе, жас ұрпақ тәрбиесінде оның алатын орнына да ерекше назар аударды. Алаш қайраткерлерінің тіл турасындағы осы көкейкесті ойлары, рухани күресі азаттық алған бүгінгі қазаққа да жолбасшылық етуде. Алаш зиялыларының қазақ тіліне жасаған зор, тіпті ұлы еңбектері қай жағынан алсаңыз да тарихи миссия. Оның серпіні бүгінгі күнделікті еңбектеріміздің екпініне ұласуы қажет және міндетті деп ойлаймыз. Бізге Алаш зиялыларының тілдік мұрасы осыны үндейді. Ол ұланғайыр мұрамен танысу, білу, біздің ойымызша бастапқы қадам ғана. Осы орайда, Мәмбет Қойгелдиевтің сөзімен айтсақ: *«Халықтың өткен өмірі жалпықоғамдық мәні бар тәжірибе ретінде қорытылып, белгілі бір дәрежеде ұлт игілігіне асқанда ғана құндылыққа айналады. Онсыз өткен тарих жәй әңгіме ғана. Алаш халқымызды бесігінде тербетіп, есейіп ат жалын тартып мінгенде бойынша күш-қуат және сенім берген ұлттық идея. Алаш – ұлттың аспан асты, жер үстінде өз орны бар ел ретінде өз еншісі мен үлесін анықтау харекеті»*.

Бұл Алаш мұрасы мен мұратын танудың терең толғамы. Алаштың құндылығы хақындағы осы толғамы Алаш қайраткерлерінің тілдік мұрасына да әбден қатысты деуге болады. Бағзы бабалардың да, Алаш зиялыларының да аманаты осында. [6, «Alash24.kz»]

Алаш қайраткерлерінің қазақ қоғамындағы басты ағымдарының бірі – автономиялық басқару жүйесіндегі мемлекеттік құрылыс болса, екіншісі – Мемлекеттік тіл саясаты еді.

Алаштың арыстарының бірі – Ахмет Байтұрсынұлы «Дүниеде ешбір тіл өз-өзінен шықпайды. Тіл деген нәрсе қалың елдің күндегі тұрмыс қазанында қайнап, пісіп дүниеге келеді», - десе, батыс Алашордасының идеологы саналған Ғ.Қараш: «Тіл болмаса, ұлт та болмайды, яғни ұлт бүтіндей өлген, жоғалған ұлт болады. Ең әуелі ана тілі қажет. Егер ана тілін білмесең, онда сен ол ұлттың баласы емессің. Ана тілін білмей тұрып, ұлт білімін ала алмайсың. Ұлт білімі болмаса, онда әдебиеттің болмайтындығы өзі-ақ белгілі. Әдебиеті жоқ ұлттың өнері де өршімейді», - деген.

Батыс Алашорда үкіметі жетекшілерінің бірі Х.Досмұхамедұлы тіл туралы: «Біздің тәжірибемізде қазақ тілі – бай тіл. Тек сөздерін ғылым жолына салып реттесе, ешбір жұрттың тілінен кем болмайды», - деген пікірді айтқан.

А.Байтұрсынұлы – қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына төңкерістен бұрын да көп күш жұмсаған адам. Осы талапты жүзеге асыру үшін, А.Байтұрсынұлы қазақша сауат ашатын тұңғыш әліппе құралын жазды. Ол «Оқу құралы» деген атпен тұңғыш рет 1912 жылы Орынборда шығарылса, 1925 жылы Орынборда 7 рет қайта басылады. Ал 1926 жылы «Әліппенің» жаңа түрін жазып ұсынады, бұл суреттермен берілген оқулық. 1926 жылы Қызылорда Ташкент баспалары бірігіп шығарған.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Осы тұста оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылды.

«Тіл – құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының іргетасы болып қаланды. Онда қазақтың төл дыбыстарын анықтап, санын бекітті: 24 дыбыс бар деді; дыбыстарды жіктеп, топтастырды; қазақша терминдерін жасады. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл – құралдарының» орны айрықша. А.Байтұрсынұлы «Ғылыми және практикалық білімнің жиынтығын бойына сіңірген халық қана айбарлы да бай болады» деп санады.

Алайда алашордашылардың қазақты өз алдына жеке мемлекет етеміз деген игі ойларын сол кездегі тарихи жағдай іске асыруға жол бермеді. Большевиктер басқарған пролетариат диктатурасы орнады. Жаңадан құрылған Кеңес үкіметі Алаш қайраткерлеріне Бүкілресейлік Орталық Атқару комитетінің 1919 жылғы 4 сәуірдегі және 1920 жылғы 15 сәуірдегі шешімімен амнистия жариялады. Бұрынғы Алаш қайраткерлерін кеңестік жұмыстарға тарту мақсаты қойылды.

Алаш ардақтылары Қазақ АССР-ның Қазақ-Қырғыз Білім Комиссиясында жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беруде, халқын мәдениетке сүйреуде жан аямастан қызмет етті. Білім Комиссиясы жұмысына Мағжан Жұмабайұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы, Сұлтанбек Қожанұлы, Жаһанша Досмұхамедұлы, Нәзір Төрөқұлұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Иса Тоқтыбайұлы, Санжар Асфендиярұлы, Халел Досмұхамедұлы т.б. қатысты. Ел үшін еңіреп туған алаш арыстары өз ұлтын көтеру үшін, жаңа талапқа да көніп, білек сыбана іске кірісті.

Оның бір айғағы Қазақ АССР-і орнағаннан соң, 1924 жылы Орынборда маусымның 12-18 аралығында өткен Қазақ (қырғыз) білімпаздарының тұңғыш сиезі болды. Осы сиезде 12-13 жыл бойы қолданылып, орнығып қалған қазақ тілінің дыбыстық табиғатына лайықталып өзгертілген, ресми түрде қабылданған альфавиттің мәні жөнінде, дыбыс әдісімен оқыту ісі жөніндегі мәселелер талқыланды.

Сиезге Ақмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханұлы, Елдес Омарұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Досмұхамедұлы, Нәзір Төрөқұлұлы, Телжан Шонанұлы сынды кеңестік құрылымның әр саласында қызмет істеп жүрген бұрынғы алаш қайраткерлері қатысты. «Сиезде жазу ережелері, әліпби мен қазақша пән сөздер мәселесі, ауыз әдебиетін жию шаралары, бастауыш мектептің бағдарламаларын дайындау мәселелері қаралды». Жеті күнге созылған сиездің бес күні таза тіл мәселесіне арналды.

Жазу ережелері тақырыбындағы басты баяндаманы Елдес Омаров жасады. Баяндамашы алдымен қазақ жазуы дыбыс жүйесі бойынша жазылуы қажет екенін атап өтеді.

«Жазу дыбыс жүйесінше болса, - әр сөз өзінің естілуінше жазылады. Біздің жазуымыз дыбыс жүйесінше. Бірақ қазақша жазу олай дыбыс жүйесінше болғаннан қиындамайды, қайта оңайланады», - деді. Қазіргі көзқарас бойынша Елдес Омарұлы емленің фонетикалық ұстанымын ұсынған болып шығады. Алайда кейінгі қазақ орфографиясы орыс тіліне тән сөз жүйесі бойынша жазуды, яғни морфологиялық ұстаным бойынша, жазуды таңдап алғаны белгілі. Соның салдарынан біз қазір «үкі» деп жазамыз да, «үкү» деп оқимыз.

Лесикамыздағы сөздердің 80 пайыздай сөзі осы морфологиялық принцип бойынша жазылып жүр де, 10 пайыздайы ғана фонетикалық принципте жазылады: жаздыгүні, қолғап, Ботагөз т.б. Бүгінгі күнгі латын жазуына көшу мәселесі көтеріліп жатқан кезде, өте ыңғайлы әліпбиді жасап алғаннан кейін шешетін екінші маңызды іс осы ұстанымдардың қайсысын таңдап алу керек екендігі болмақ. Тіл маманы ретінде айтарымыз, әрине бұдан бір ғасырдай бұрын Елдес айтып кеткен осы фонетикалық ұстанымды таңдап алу керек дер едім.

Елдес Омарұлы екінші ұсынылған «х», «ш», «ф», «һ» әріптерін қазақ әліпбиінен шығару жобасы туралы да өз ойын білдіре кетеді. «Бұл жобаны ұсынушылардың айтатұны: «әріп» азайса, жазу жеңілденеді, - жана бұл төрт дыбыстың төртеуі де қазақ тілінде жоқ..Білім кеңесі бұл төрт әріпті қазақша әліпбиге кіргізгенде, «һә», «харф», «шарт» сықылды жат сөздер үшін кіргізген. Білім кеңесінің онысы қата», - дейді. Осындай бірен-саран кірме сөздерде ғана кездесетін дыбыстардың бәріне әріп керек десек, әріптің саны 24 емес 240 болып кетуі мүмкі екенін ескертеді. Сол кезде көрегендікпен айтылған ескерту екенінде сөз жоқ. Қазіргі әліпбиімізде 240 болмаса да, басы артық 14 әріп бар. Олар: в, е (йе), и, у (дауысты), ф, х, ц, ч, щ, ь, ь (твердый), э, ю, я. Білімпаздар сиезі 1925 жылы әліпбиден алып тастаған әріптер кейінгі ауысқан әліпбилерге қайтадан еніп кеткенін көреміз. Ендігі латын жазуына көшу кезінде бұл кірме 14 әріпке орын берілмеуі керек-ақ деп ұсыныс айтамыз. Оның себебін Елдес баяндамашы 1925 жылы айтып кеткен, біз қайталап жатпаймыз.

Қазақ тілінің өз төл дыбысы «ш»-ны жобаны ұсынушылар да, Елдес те әліпбиден алып тастауға шешім шығарады, алайда кейінгі талқылауларда Нәзір Төреқұлұлы «ш»-ның орнына «ч» әріпін алып тастау туралы дұрыс пікір айтып, сиез Нәзірдің ұсынысын бекітеді. Қаулыда «х», «ч», «ф», «һ» әріптері алынсын деп жазылады.

Сиезге ұсынылған тағы бір жоба орыс тіліндегі дауысты «у» мен «и»-лерді жазуға енгізу туралы болған. Мәселен, «сұу» түбірін «су» деп, «тій» түбір сөзін «ти» деп жазайық дейді. Елдес Омарұлы бұған да қарсы шығады. Бұл мәселе үлкен дауға ұласып, арнайы комиссия сайланып, дауысқа салынады. Нәтижесінде Ә.Бөкейханұлы, Е.Омарұлы, Қ.Досмағамбетұлы, М.Дулатұлы, Н.Шағиұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Тұрғанбайұлы, Е.Алдоңғарұлы, М.Наурызбайұлы, М.Жолдыбайұлы, Р.Ақбайұлы – барлығы 11 адам қазақ тілінде дауысты «у» мен дауысты «и» жоқ деп дауыс береді. Ал Р.Сүгірұлы, И.Арабайұлы, М.Мырзаұлы, Н.Төреқұлұлы, Н.Зәлиұлы, Н.Ералыұлы - алтауы қазақ тілінде дауысты «у» мен «и» бар деп дауыс береді. Көпшілік дауыспен дауысты «у» мен «и» қазақ тілінде жоқ деушілер жеңеді. Әрине, жоқ. Олар үнді дыбыстар болған соң, дауысты деп ұққан және орыс тілінің ықпалы болғаны анық. Алайда осы дауысты «у» мен «и» әлі әліпбиімізде бар, қолданып жүрміз. Бізде екі «у» екі «и» бар. Мектептен бастап, «у» дыбысы дауыстыдан кейін келсе, дауыссыз (м.: тау), дауыссыздан кейін келсе, дауысты (м.: су) деп теріс оқытып келеміз. Біреуі қысқа «й», екіншісі ұзын «и» деп оқытамыз. Профессор С.Мырзабеков дауысты «и» мен «у» дыбыс емес, кірме әріптер деп табады. Оны әліпбиімізге алып келген «кеңестік академиктер» болатын.

Арада қаншама жылдар өткен соң, латын жазуына көшерде, осы кірме әріптерден құтылып алуымыз керек, өйткені, Елдесше айтсақ, «тілдің заңына сай келмейтін ережелер көбейген соң, жазу қиындай бермек».

Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезінде Ақмет Байтұрсынұлы әліпби тақырыбында баяндама жасайды. Сол кезде ұсыныла бастаған латын әліпбиіне көшуге қарсы шығады және қолданыстағы араб жазуы негізді әліпбиді жетілдіру жолдарын атап көрсетеді. «Менің ойымша жақсы әліпбидің қасиеттері мынадай болуға тиіс, - дейді ол:

1) Жақсы әлібби тілге шақ болу керек. Өлшенбей тігілген о жер бұ жері бойға жуыспай, қолбырап, солбырап тұрған кең кийім сияқты артық әріптері көп әлібби де қолайсыз. Бойынды қысып, тәніңді құрыстырып, тырыстырып тұрған тар кийім сияқты әрпі кем әлібби де қолайсыз болады.

2) Жақсы әлібби жазуға жеңіл болуға тиіс. Әліббидің әріп сүгіреттері қыйын болса, мүшелері көп болса, жазуды ұзақтатып, уақытты көп алады.

3) Әліббидің жақсысы баспа ісіне қолайлы болуы тиіс, әрпі тізгенде оңай тізілетін, басқанда орынды аз алатын әлібби баспа сөзді арзандатады.

4) Жақсы әлібби үйретуге де қолайлы болуы тиіс. Әрпі сара жазуға оңай, баспасымен сүгіреті жақын әлібби үйретуге жеңіл болады».

Міне осындай қайраткерлер аман тұрып, ал басқарғанда, Қазақстан қайда кетер еді, кім білсін?! Алайда Кеңес үкіметі күшіне мінгеннен кейін, олардың өткенін ешуақытта ұмыта да, кешіре де алған жоқ. Түрлі әдіспен бүркеленген қудалау ақыры, Алаш зиялыларын жаппай қырғынға ұшыратты. Бұл зобалаңнан аман қалған саусақпен санарлық зиялы қазақ, өмірлерінің соңына дейін Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитеті назарынан тыс қалмады. Ал атылғандардың үрім-бұтақтары да соңғыларының кебін киді

Көріп отырғанымыздай, XX ғасыр басында Алаш қайраткерлері көтерген тіл мәселелесі бүгінгі XXI ғасырдың да ең өзек жарды мәселесі болып отыр. [7]

Әдебиеттер:

1. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылым не дейді? – Алматы 1993 ж. 43 б.
2. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. - Алматы: Атамұра, 2003. - 208 б.
3. Елім деп соққан жүрек / Құраст. Күзембаева В. Қ. А., 2002. - 362 б.
4. Қойгелдиев М. Ол ақырғы деміне дейін адал болды. // Аңыз адам. - 2011. - №20(32). - 15-16 бб.
5. Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. - 1 том. - Алматы: «Жазушы», 2008. - 208 б.
6. Телеш Е. Алаш зиялылары және ұлт тілі. «Alash24.kz» порталы. 21.02.2021.
7. Б. Алаш ордашылар көтерген тіл мәселелері. 25.10.2017.

ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТҮРКІЛІК САРЫН

*Абылкасимова Г.А., докторант
Әлихан Бөкейханов университеті
Қазақстан, Семей қаласы*

Ақын, жазушы, түркітанушы, қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовтің есімі Қазақстанға ғана таныс емес, шетел әліміне де танымал. Белгілі сыншы Л. Аннинский ақын танымалдылығын оның бойындағы қайрат пен энциклопедиялық білімнің және поэтикалық стильдің ассоциативті тоғысуының көрінісі деп есептеді.

О. Сүлейменов мұраларына қатысты зерттеулердің басым бөлігі оның шығармашылығының тілдік аспектілеріне, әдебиеттану мен лингвистикалық талдау әдістерін қамтиды. Бұл тұрғыда отандық және шетелдік зерттеушілер: З. Ахметов, М. Қаратаев, Х. Махмудов, М. Ауэзов, Б. Канапьянов, С. Құттықадам, К. Бұзаубағарова, Р. Утепова, А. Мусаев, Э. Какильбаева, Н. Какишева, У. Калижанов, Т. Алиева, Б. Амалбекова, Н. Джусупов, С. Абдулло, т.б. және Л. Мартынов, А. Вознесенский, С. Марков, Б. Слуцкий, Л. Аннинский, Р. Казакова, Р. Рождественский, Б. Машкова, У. Бактикереева, Н. Вербовский т.б. сынды ғалымдардың нәтижелі зерттеу еңбектерін айта кеткен жөн.

Ақын шығармаларын тек филологиялық қана емес, түркітану саласымен байланыстыра зерттеудің маңыздылығы артуда. Олжас Сүлейменовтің түркітану саласының дамуына қосқан үлесін оның түркілік еңбектері арқылы саралау – зерттеу жұмысының өзектілігін айқындайды.

Қазақ әдебиетіндегі түркілік сарын түркі тайпаларының ежелгі ата қонысының қазақ жерінде болуымен тығыз байланысты. Бұған түркі халықтарына ортақ көне Тоныкөк,

Күлтегін ескерткіштері дәлел бола алады. Түбі бір Түркі әлемі әр ұлт әдебиетінде түрліше көрініс тауып, уақыт өте келе, дәстүрлік, географиялық ерекшеліктерге қарай бөлініп кетті. Қазақ әдебиетіндегі түркілік сарын халық ауыз әдебиетінде мол көрініс табады. «Алпамыс», «Қобыланды-батыр», «Ер Тарғын», «Қамбар-батыр» батырлық жырлары және «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу», «Қыз-Жібек», «Айман-Шолпан» сынды эпикалық жырлар соның дәлелі.

О.Сүлейменовтің шығармашылығының түркі әлеміне қатыстылығын екі топқа бөліп қарастыруға болады. Біріншісі, түркі әлеміне қатысты зерттеу еңбектері болса, екіншісі поэтикалық шығармаларындағы түркілік сарын. О. Сүлейменовтің 1975 жылы жарық көрген «Игорь жасағы туралы жыр» кітабы әлемдік резонанс тудырды. Зерттеу кітабы партиялық аппараттың қатаң сынына ұшырады, идеологиялық тұрғыдан зиянды деп танылды, кітапханалардан алынды және іс жүзінде ғылыми және әдеби-сыни процестен шығарылды. Отыз жылдан астам уақыт бойы ғалымдар мен жұртшылықтың басты назары оның тіл білімі саласындағы алғашқы зерттеуіне аударылды, филология шеңберіне сәйкес келмейді деп танылды. Зерттеуді бағалау әр түрлі болғанымен, О. Сүлейменовтің тіл тарихындағы қызметінің маңыздылығы бүгінгі таңда жоғары бағаланады.

О. Сүлейменовтің «Игорь жасағы туралы жыр» еңбегін – түркітану саласына ғана емес, әлемдік өркениетке қосылған теңдессіз үлес деп танымыз. Зерттеуші өз еңбегінде «XII ғасырда Киев Русінде Қыпшақ тілі қолданыста болды» деген батыл пікір айтты. Шумер мәдениетіндегі Түркілік сипаттарды түгендеп, Түркі дүниесінің түп шежіресін бес мың жылға кейін шегіндірді. «Біздің заманымызға дейінгі үшмыңжылдықта Түркілер: қыпшақтар, қарлұқтар, оғыздар біріге өмір сүрген. Оларды *шумер* деп атаған. Кейін оларды ежелгі Семид көшпенділері жаулап алады. Сөйтіп, олар сол жерде Вавилон сынды қалалардың негізін қалады. Күнге сенгендер – Шығысқа қарай кетті, олар Қытай, Майя тайпалары, ал, Қыпшақтар Шолпанға сенді, сондықтан олар Батысқа кетті. Қазақта бұл Шумерлік сенім сақталып қалды. Ай мен Шолпан деген атаудың жиі кездесуі де осыдан» дейді автор. Бүгінгі қазақ тілі мен ежелгі шумер тілінде ұқсастық көп. Оған О.Сүлейменовтің адам тақырыбына сай келер алпыс ұғымды салыстыруы дәлел. Мысалы: *ата, ана, ана, сіз, біз* сияқты сөздер ежелгі Шумерлер лексиконында болғанын дәлелдейді. Ғалым дәлелдеген тағы бір дәлел: ортағасырларда Киев Русінде екі тіл қолданыста болғандығы туралы болжамға Қыпшақтар мен Киев Русінің айқасын суреттеген «Игорь жасағы туралы жырды» зерттеу арқылы келеді. Жырда «*Се уримъ кричатъ подь саблями половецкыми*» деген жолдарда «*Се уримъ*» деген сөз бар. Мұны аудармашылар «*Се у Римъ*» деп оқыған, яғни шаһар аты деп шамалаған. Зерттеуші бұл сөзді түркінің «*өрім*» (*weaving*) яғни, қыздың бұрымы, шашы деген мағынада қолданған деп көрсетеді. Тарихи түсінікті тарихи факт толықтырады. Қыпшақтар Игорь жорығынан кейін Руське қайта шапқанда жазалаудың бір түрі ретінде әйелдердің шашын кескен. Мұндай дәлелдемелер өте көп, тек өтпелі кезеңдерде өзгеріске ұшыраған. XVI ғасырда бұл мәліметтер пергаменттен қағазға көшіріледі. Сол кезеңде аудармашылар көне түркі сөздерін орысшаға аударған. Олар түркі тілін білген, бірақ мұның астарында саясат жатуы мүмкін. XIX ғасырда көне жазуларды зерттеушілер монотілділер болды сол уақытта көне түркі тілдері түсініксіз болып қалды дегенді айтады. О. Сүлейменовтің бұл тарихи тұжырымын тәуелсіздік заманындағы отандық ғалымдар жокқа шығармайды. С. Ысқақов, М. Саяний, Т. Крупа бастаған ғылыми экспедициясы «Игорь жасағы туралы жырда» баяндалатын оқиғалар қазіргі Украинаның Харьков облысына қарасты аумаққа зерттеу жүргізеді. Ол жерде XI-XIII ғасырларда Батыс Дешті Қыпшақ пен Киев Русі көршілес өмір сүрген. Харьков қаласының бастауы саналатын Донецк қалашығы Киев Русінің, ал Змиёв шаһары – Батыс Дешті Қыпшақтың шекарасы саналған. Осы мекенде Түркілердің салған Шарукан, Сугров қалалары болған. Көне қалалар бұл заманға жетпегенімен, атаулары қалаларды салдырушы Батыс Дешті Қыпшақты XI ғасырда билеген Шару хан мен інісі Сүгірдің есімімен байланысырады. Тек уақыт өте келе Шарукан (Шарухан), Сугров деп орыс тілінің ыңғайына көнген. Бұл қалалардың жырға қатыстылығын тарихи туындыдағы басты

кейіпкер Қоншақтың шыққан тегі растайды. Қоншақ – бүгінгі Кавказ елдері тарихында ерекше орыны бар Артық ханның ұлы, Шаруханның немересі.

Көшпелі және заманауи өркениеттердің байланыс қатынастары контекстінде зерттей келе автор Игорь көшпелі түрік болуы мүмкін деген батыл болжам жасады.

Кітап мазмұнының аспектілері ежелгі түркі дәуіріндегі көне сөздердің, ұғымдардың және таңбаларын инновациялық көзқараспен сипаттауымен ерекшеленеді. О. Сүлейменовтің ғылыми тұжырымдамасы географиялық, ұлттық, мәдени және тілдік дифференциацияларға қарамастан әр түрлі графикалық бейнелерімен және әр түрлі жазбаша, ауызша сөз ұғымына негізделген. Сөздің ежелгі бастапқы көзінің (этимон) адам санасында қалыптасуындағы біртұтас психотәртіпті қалыптастырады. Зерттеу еңбегінде тіл білімінің зерттеудің жаңа әдістерін қалыптастыруына ықпал ететін қосарланған теріске шығару (теріске шығаруды теріске шығару) әдісі қолданылады.

О. Сүлейменов түркі халықтарының ортақ тамырын, шынайы тарихын, ғылыми ақиқатын іздеуді қисынды түрде жалғастыратын басқа да еңбектер жазады. *«Жазба тілі» (Язык письма), «Тоғысқан тараптар» (Пересекающиеся параллели)* еңбегі лингвографиялық зерттеулердің сабақтастығын көрсетеді. Адамзат тарихындағы жазудың барлық түрлері негізгі (доминантты) сызба белгілерін қамтитын әр түрлі халықтарға, ұлттарға, тайпаларға ортақ деген тұжырым жасайды.

О. Сүлейменовтің поэтикалық мұраларында түркі дүниесіне ортақ ұғымдар мол кездеседі. Ол шығармаларын орыс тілінде жазатын нағыз қазақ ақыны. Көрнекті мәдениеттанушы Мұрат Әуез ақынның *«Арғымақ», «Мен көрдім», «Көкбөрілер»* сынды өлеңдерінің өткір жолдарынан «тоталитарлық жүйедегі зорлық-зомбылыққа наразылық» сарыны байқалатынын атап көрсетті. [4] Оның шығармашылығындағы түркілік сарын *«Кочевник», «Песня кумана», «Хромой кулан», «Карагач», «Красный гонец и черный гонец», «Молитва батыра», «Кочевье перед зимой...», «Баллада», «Волчата», «Последнее слово акына Смета»* және тағы басқа өлеңдерінде кездеседі. Жоғарыда атап кеткен түркілік ұғымдармен қатар, ақын шығармашылығында *«көшпенділер»* бейнесі маңызды рөлге ие. Қазақтың зиялы ақыны О. Сүлейменов Хемингуэй сияқты қоғамның гуманистік сипатына әрқашан сенді және өзінің күш-жігерін сыртқы әлемге қазақтың ішкі көшпелі мәдениеті туралы инсайдерлік білім беруге бағыттады. [6] Бұған ақынның *«Арғымақтар», «Бетпақ Дала», «Ақсақ құлан», «Қыс алдындағы көшпенділер», «Құман әні», «Көшпенділер», «Біз – көшпенділерміз»* т.б. сынды өлеңдері мысал бола алады. О. Сүлейменовтің *«Солнечные ночи»* өлеңдер кітабының негізгі тақырыбы да осы – *«дала»*. Мұндағы өлеңдерде ақын даламен көп сырласады, негізгі идея да далаға қаратыла айтылады. Мысалы, жинақтағы *«Ақсақ құлан»* өлеңінде *дала мектебі туралы: жылқылар үйірі, дала заңдылықтары, үйірге төнген қауіптен қалай құтылуды білетін кәрі үйір басшысы* туралы кеңінен бейнеленеді. Ақынның даланың тағы бір бөлшегін шабыттана суреттейтін бірегей туындысы – *«Бөрілер» (Волчата)* өлеңі. *«Бөрілер»* – көне түркі және халықтық ұғымның рухтық сыйпатын айқындайды. Түркі халықтары өздерін көкбөрінің ұрпағымыз деп санап, қанына біткен батырлық пен тәкаппарлықты бөрілік тәрбиімен байланыстырады. Бұл өлеңде ақын: *«...Голодные волчата позабыли, / как властно пахнет в зарослях укроп, / они, прижавшись к ранам, / жадно пили / густую, холодеющую кровь...»* деп тәкаппарлықпен қоса қатігездікті де қатар суреттейді. *«Волчата»* өлеңімен қатар *«Ұлттық сана», «Ұлттық рух», «Ұлттық бояуды»* танытатын өлеңдері қатарына: *«Аргамак», «Догони», «Бетпақ-Дала», «О, Конь», «Расставанье», «Домбра», «Айналайын», «Над пустыней», «Вы меня любите, горы?»* және т.б. өлеңдерін жатқызуға болады. Өлең мәтіндеріндегі: *«шұбат», «ат», «арқан», «әруақ», «арық», «айран», «шапан», «бүркіт»* т.б. сөздердің аудармасыз берілуі, ақын өлеңдерін ұлттық реңкпен ажарландыра түседі.

О. Сүлейменов поэтикасындағы «жалқыдан жалпыға» принципі арқылы жазылған түркілік сарынды шығармаларын әлемдік мәдениет пен өркениетке қосылған зор үлес деп қабылдаған жөн. Оған ақынның мына бір шумақ өлеңі дәлел бола алады. *«По клавишам и закричат! На выручку, быстрее Листа, Из эпоса джигиты мчат, Опаздывая лет на*

триста...» [7]. Бұл туралы өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының соңында Сорбондық профессор, ақын Л. Робель былай деп жазды: «Олжас Сүлейменовке мәдениеттер бауырластығы мен халықтардың өзара байытылуы идеясы ежелден етене жақын. Ол көшпенділер мәдениетін декодтау адамзат тарихына жаңаша көзқараспен қарауына көмектеседі деген пікірде, біз О.Сүлейменовті Гильгамештің мұрагері ретінде танимыз» деген пікір білдірді.

Ақын, лингвист, түркітанушы әлемдік тарихтағы түркі этностарының мәдени-тарихи рөлін айқындап, көне сөздер мен таңбалар жайлы пайымды гипотезалар ұсынды. Бір ғасырдан астам уақыт бойы славян және түркі тілдері бір-бірінен оқшау зерттелінуі этностар арасындағы байланысты алшақтатады деп танып, түркі-славянтану пәні аясында зерттеу қажеттігін ұсынады. Орыс тіліндегі туркизмді деректерді зерттеу М.П. Мелиоранский бастаған болатын. [1] Кеңес ғылымында түркі тілдерінің тарихы айтарлықтай қысқаша баяндалған. Бұны 1970 жылы А.М. Щербак құрастырған геналогиялық үлгіден көруге болады. [3] Тағы бір дәлел ретінде Срезневский, Даль сөздіктерінде түркі сөздерінің өте көп кездесетіндігін көрсетеді. Ресейдің алғашқы түркітанушыларының еңбектері қолданбалы сипатта болды және түркі сөздерінің орыс тілінде лексикалық қолданылуы ықтимал, бірақ олардың саны тым шектеулі болды деп дәлелдейді. Түркі тілдерінен енген сөздер туркизм деп саналғанымен, олардың түркі тілдеріндегі байырғы сөздер болғаны немесе олай емес екені ескерілмегендігін көрсетіп, этимологиялық жағынан дәлелдейді. Мысалы, *мишень* сөзі парсыша *нишан*, түркі сөзі болып кеткен. *Жемчуг* сөзі қытайша *jenchu* сөзінің нақты этимологиясы болмағандықтан, түркі сөзінен алынуы мүмкін деген болжам айтады. О.Сүлейменов түркі сөзінен енген сөздерді үш топқа бөледі: 1. *Нақты кірме сөздер*. Бұл топқа өзге тілден формасын сақтай отырып енген сөздерді жатқызады. Мысалы, киім атаулары: *ортьма*, *япончица* және т.б. бұл сөздер бүгінгі күні қолданыста жоқ сөздер қатарына жатады. 2. *Тануға болатын сөздер*. Ауызекі сөздер арасынан олардың генезисін этимологиялық әдіс құралдарымен қалпына келтіру қиындық туғызбайтын сөздер. 3. *Көрінбейтін сөздер*. Бұндай сөздердің алғашқы формасы мен қосымшалардың қалдықтары ғана қалған. [2] Мысалы, *пиено*, *пиеница*, *солома* сөздері. Кірме лексемада славян тілдеріне тән ерекшеліктер айқын байқалады. Олар құрылымы бөтен сөздерді игерген кезде көрінеді. Мысалы, *отава (ottaw)*, *отара (otar)*, *осина (osen)*, *осика (osik)* сөздерін алатын болсақ, соңғы буын ашатын қыстырма дауысты дыбыс пайда болады. Славян тілін зерттеушілер көне сөздердің атауын ежелгі түркі сөздерімен сәйкес келуін мойындағысы келмейді. Ертеректе пайда болған славян сөздеріне лексикалық сәйкестік жүйесін түркі сөздерінің деректерін ескермейінше түзу мүмкін емес. Бұл пікірге дәлел ретінде *егіншілік*, *диханшылыққа* қатысты түркілік терминдердерді жатқызуға болады. Мысалы, *солма* терминінің тарихы, батыс славяндарда – *слома*, оңтүстік славяндада *слама*, шығыс славяндарда *солома*. Бұл мындаған жылдардан кейін түркі тілдеріне араб тілінен оралған *салам* – «*жазуға пайдаланылатын қамыс*» деген ұғыммен сәйкес келеді. Сөздің басталуы қыпшақтың *sol* «солып қал», *solma* «солып қалған шөп», «*солғын*», «*кеспе*» сөздерімен сәйкес келеді. Ежелгі түркі тілдеріне семантикалық эволюцияның кезеңдері көрініп тұрады. *Sol* 1) «*сол*», «*сол жақ*», 2) «*әлсіз*», 3) «*солып қал*», 4) «*кішірей*», «*әлсіре*», «*азай*», «*жоғал*», «*солу*» дегенді білдереді. Түрік тілінде *sol*, *solmak* – *солу*, «*soluk* – «*солып қалған*», қыпшақ тіліндегі *solma* сөзіне сәйкес келеді. Зерттеуші бұдан әрі түркі сөздерінің славян сөзіндегі заңды өзгерістері зерттегенде буынды қайта құру заңын механизмін меңгеруі шарт деп есептейді. Түркі сөздерінің славян сөздеріне енуін қоныстану ерекшелігі, тарихи жағдайымен байланыстырып, кезең-кезеңге бөліп зерттейді. Өріп грамматикасы, грамматикалық сызық, қосалқы сызық, шығыс сандары, Орхон-Енисей жазбаларындағы шумер сандары мен сан есімдерін Ассирия және Геродот кезеңдерінде болған деген батыл болжам айтып, жазу тарихындағы Кириллицаға дейінгі кезеңге тарихи зерттеу жасайды.

Қорыта келгенде, зерттеуші тіл білімінің дамуындағы жаңа кезең терминологияның және ұғымдық аппараттың жаңаруымен ерекшеленеді деген қорытындыға келеді. Тілдік туыстықтың классикалық анықтамасы, ұғымдардың бірнеше тілдерге ортақтығы лексика мен

грамматикасында айқын көрініс табатындығын көрсетті. «Генетикалық тұрғыдан туыстас» деген анықтаманы сөзсіз қолдануға болатын түркі, славян балтық тілдер тобын бір текке жатқызуға болады деген батыл пікір ұсынады. Нақтырақ айтқанда, жүздеген мың жылдар бұрын пайда болған әлемдегі бес мыңнан астам тіл мен диалектілер жақын туыстас тілдер тегінен: *славян, түркі, герман, семит* және т.б. және алыс туыстас шағын топтардан: *үнді-еуропа, семит-хамит* тілдер тегінен тұрады. Зерттеушінің пікірінше, *тек* терминін *үлкен топ* терминімен алмастыруды ұсынады. Себебі, алыс туыстық салыстырмалы түрдегі бұрынғы қарым-қатынасты, көбінесе мәдени байланыстарды көрсетеді. Үндіеуропалық үлкен топқа тек мәртебесін беру олар тіпті өмір сүрмеген жерлерде топтастыруға мәжбүрлейді, *үлкен топ* термині ежелгі форма идеясына байыппен қарауға мүмкіндік береді деп көрсетеді. Ақынды қуатты жырлары әлемдік кеңістікке қаншалықты алып шықса, зерттеу еңбектері де оны түкітану әлемінің кеңістігіне де соншалықты биіктікте алып шықты. О. Сүлейменовтің түкітану саласындағы еңбектерінің құндылықтары түркілік мәселені төл тарихымызбен байланысты зерттеуімен ерекшеленеді. Зерттеу еңбектер түкітануға жаңаша көзқараспен қарауға ықпал етті. Ақын бір сұхбатында өзі айтып өткендей, дамушы мемлекеттердің қай-қайсысы үшін тілдің қостілділігі мен үштұғырлылығы қауіпті емес. Керісінше біртүлділік – ұлттың біртұтас ерекшелігін өз ішінде ғана танытып, өзге ұлтқа тек аударма арқылы жеткізілуіне тәуелді болып қалмақ. Калифорния университетінің зерттеушісі Наоми Бет Кафе өзінің славян тілдері және әдебиеті бағытындағы диссертациялық еңбегінде: «...көпұлттылық, азұлттылық және қостілділік сынды терминдер кейбір авторларды сыйпаттайды. Өйткені, олар арқылы сол халықты сыйпаттауға мүмкіндік туындайды...» дей келіп, Олжас Сүлейменов шығармашылығын өз зерттеуіне арқау етеді. [5] Бабалар қалдырған ұлы тарих пен ұлан ғайыр даланың туын жықпау – бүгінгі Егемен елдің перзенттеріне мәңгілік парыз. Тәуелсіздік таңына кеңестік кезеңнің қатаң сынынан сүрінбей жеткен О.Сүлейменовтің шығармашылық мұрасын заманауи көзқарастар мен жаңа әдіс-тәсілдер арқылы зерттеп, зерделеудің қажеттілігі мен маңыздылығы қашан да арта бермек.

Әдебиеттер:

1. П.М. Мелиоранский «Турецкие элементы в языке «Игорь жасағы туралы жыр» тіліндегі түркілік элементтер» ИОРЯС, 1902, VII т., 2-кітап. – 302 б.
2. О.О. Сүлейменов «Шығармалар жинағы 4-том. Атамзаманғы түркілер (Тарихқа дейінгі түркілер). – Алматы, 2016. – 384 б.
3. А.М. Щербак. «Енисейские рунические надписи. К истории открытия и изучения. Москва, 1970. – 132 стр.
4. У. Қ. Қалижанов. «Олжас Сүлейменов: түркілік және мәдени код тарихи және әлеуметтік-білім беру туралы пайымдары». 9 Том №4/1, 2017.
- 5.
6. «Олжас Сүлейменовтің шығармашылығы және ұлттық сана мәселелері» көрнекті қазақ ақыны және қоғам қайраткері О. Сүлейменовтің 80 жылдығына арналған халықаралық ғылыми конференция материалдары. 05-06 мамыр, 2016 жыл.
7. Наоми Бет Чаффи. «Славян тілдері мен әдебиеттері бойынша философия докторы дәрежесіне қойылатын талаптарға сәйкес ұсынылған диссертация» – Лос-Анджелес: Калифорния университеті, 2013. (in English)
8. Дүйсен Қасейінов. «Олжас Сүлейменовтің шығармаларын қайта жаңғырту» - Түрксой, 2013 – 264 б.
9. О.О. Сүлейменов «1001 сөз» Әмбебап этимологиялық сөздікке кіріспе. Қолжазба. Париж, 2013.

ҚАЗІРГІ ПРОЗАДАҒЫ ҮРДІСТЕР

*Аубакирова М.А., «Филология» кафедрасының магистранты
«Торайғыров университеті», Павлодар қ.
Ғылыми жетекші, ф.ғ.к., профессор Муталиева Р. М.
«Торайғыров университеті», Павлодар қ.*

XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті рухани жаңғыру дәуірін бастан кешуде. Саяси, экономикалық және әлеуметтік өзгерістердің нәтижесінде ұлт өмірінде қоғамның рухани әлеміне айтарлықтай әсер еткен үлкен өзгерістер жүзеге асуда.

Ширек ғасырда көркем-мәдени құндылықтар өзгерді, қазіргі ұлттық парадигма қалыптасты. Қоршаған әлем туралы идеялар жаңартылды. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі тарихи және әлеуметтік өзгерістер жазушылардың дүниетанымына әсер етіп, замандас бейнесінің деңгейінде көрініс тапты. Тәуелсіздікке дейін жаһандану, қоғамды интеграциялау және жаңғырту процестері, ғылым мен техниканың қарқынды дамуы адамдардың санасына, адамның рухани және адамгершілік мұраттарына үлкен әсер етті. Қалыптасқан дәстүрлер мен моральдық негіздер қайта қарастырылды. Прогрестің күшеюі адам мен қоғам, адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынас мәселелерін бірінші орынға қойды. Зерттеушілер атап өткендей, «XX ғасырдың соңында мәдени-эстетикалық өзгерістер орын алуда», бұл прозалық туындылар мазмұнының өзгеруіне, оның идеялық-тақырыптық мазмұны мен құрылымдық тұрғыдан жаңаруына әкелді [1].

Қазақ туындыгерлері үшін көптен күткен шығармашылық еркіндік белең алған аталмыш кезеңде тақырыбы, жанры, стилі бойынша түрлі прозалық шығармалар жарық көрді. Олардың ішінде: А. Нұрпейісовтың «Соңғы парыз» дилогиясы, М. Мағауиннің «Жармақ», «Қыпшақ аруы» романдары Т. Әбдіқовтың «Парасат майданы» повесі І.Есенберлиннің «Алтын Орда» туындысы, Х. Әдібаевтің «Отырар ойраны», Б. Жандарбековтің «Сақтар», С. Елубаев «Ақ боз үй», А. Алтайдың «Алтай балладасы» роман-мифі, Д.Нақыповтың «Күл шеңбері» романы-интенциясы, Д.Амантайдың «Түнгі жарық» романы, Р.Мұқанованың «Күдірет-кие» повестері, А.Кемелбаеваның «Мұнары», «Майа» роман-повестері бар.

Қазақ жазушыларының көркем баяндау саласындағы жемісті шығармашылық жұмыстары жалғасын тауып отыр. Бұл – терең этнопсихология, философиялық бағыт, көп қырлы тарихи-мәдени проблемалар, этнотұрмыстық мәселелер. Қазақ прозасының жаңашылдығы бірнеше өзара байланысты деңгейде (сюжеттік құрылыста, бейнелі-мотивтік және жанрлық-стильдік жүйеде, тақырыпта) жүзеге асырылады. Бұл ретте қазіргі қазақ прозасының баяндау стратегияларының негізгі үрдістері, концептуалдық негізі: жанрлық-стильдік модификациялар, мифо-фольклорлық дәстүрді дамыту, неомифтерді құру, қаһармандық ая, сюжетті, шығарма композициясын өзгерту, көпқұрылымды баяндау негізін әзірлеу болып табылады.

Көлемді тақырыптарды туғызу көп өлшемді көркемдік көзқарастың қажеттілігін, біздің авторлар қолданатын постмодернизм, реализм, экзистенциализм, «жаңа» барокко сияқты әдістерді талап етеді. Сонымен қатар, жанрдың, көркем бейненің, композицияның, кеңістіктік-уақыттық коннотациялардың және шығарма поэтикасының басқа да маңызды элементтерінің күрделілігімен де ерекшеленеді. Жан-жақты мәселелерді көтерген туындылардың ішінде Ә. Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» [2] туындысын атап кетуімізге болады.

«Соңғы парыз» - туған жерге, адам тағдырына, ұлттық құндылықтарға, әдебиетіміздің басты тақырыбына арналған күрделі шығарма. «Сондай да бір күн болған», «Сондай да бір түн болған» атты екі кітаптан тұратын романда бір күн мен бір түннің оқиғасы енгізілген. Романда көптеген шытырман оқиғалы ішкі монологтар мен авторлық баяндаулар бар. Олардың әрқайсысын романның құрылымынан ажыратуға, оқуға және микроновеллалар немесе әңгімелер түрінде қабылдауға болады.

Ауқымды, көп өлшемді, автордың мақсаты - Арал теңізінің қайғылы тарихы және осы

жердегі адам тағдыры сезімді, өсіп келе жатқан жаһандық дағдарысты, адам жасаған өркениеттік тығырықты сезінуді жеткізу – шығарманың сәйкес көп қырлы полифониялық поэтикасында жүзеге асырылады.

Романға кешенді талдау жасағанда ондағы бірнеше баяндау тәсілін және көркемдік пайымдарды аңғаруға болады:

- XX ғасырдың екінші жартысындағы Арал теңізінің экологиялық тағдырының ел тағдырымен сабақтастығы, Арал аумағындағы ауылдардың тұрмысы, балықшылардың, бас кейіпкер Жәдігердің ауыр тұрмысын бейнелейтін реалистік оқиғалар;

- аян беру, түс жору, аңыз түрінде келген символдық-аллегориялық немесе мифологиялық сипаттың орын алуы;

- адамзаттың моральдық тұрғыдан тоқырауының бастауларын анықтауға бағытталған философиялық-дүниетанымдық, аксиологиялық сипаттың болуы.

Аталмыш сипаттардың барлығы бір оқиға төңірегінде, бір кеңістікте тоғысып жатады және басты кейіпкер Жәдігермен байланысты өрбиді.

Барлық кейіпкерлер мен басты кейіпкерлер, автордың өзі сияқты, парыздарын орындайды: әрқайсысы өз тағдырына, өзінің дүниетанымына және оған берілген өмірді қалай өткізгеніне байланысты. Реалист жазушы Ә.Нұрпейісов «Соңғы парыз» дилогиясында реалистік бейнені жаңа, бірақ ол үшін өте жемісті болып шыққан постмодерндік ресурстармен байыта білген.

Шығармада жазушы сарказм, қылмыстық пиғылдары бүкіл әлемді апатқа ұшыратуға әкелуі мүмкін табиғат «жанашырларына», жалған ғалымдар мен шенеуніктерге қатысты терең ирония әдістерін кеңінен қолданады.

Романның өн бойынан көрініп отыратын әр түрлі мінбедегі сөздер, Жәдігердің, Мұқанның және Арал тағдырына бей-жай қарамайтын басқа да адамдардың ойлары табиғатқа, яғни адамның өзіне саналы түрде зиян келтіріп отырған қоғамға берген қаулысы іспетті. Жаңа ғасырда адамзат атаулысы тап болып отырған лаңкестік, нашақорлық, әртүрлі табиғат зардаптары романда қарастырылып отырған негізгі мәселе – руханилықтың жоғалуы, адамның табиғатпен байланысының үзілуінен деп тануымызға итермелейді.

Автор оқиғалық-хикаяттық және онтологиялық, психологиялық астарды бір-бірімен байланыстыра отырып, көркемдік ойдың аумағын кеңейте түседі. Қазіргі адамның, өзінің шыққан ортасынан, өз негізінен алшақтаған адамның міндетті түрде адамгершілік тұрғыдан тоқырауға ұшырайтыны дәйектелген.

М. Мағауиннің «Жармақ» романына тоқталар болсақ, ғасырлар тоғысындағы қазақ халқының басындағы ауыртпалықты, қордалы мәселелерді көтереді. Автор осы кезеңге тән – өз халқын, ұлтын өгейсіну мәселесін қозғайды. Материалдық құндылықтың рухани құндылыққа үстемдік жасауы, ақшаға бар нәрсені сатып алу мүмкін еместігін және автордың жарқын болашақ туралы армандарын көрсетеді.

Адамның белгілі бір мінез-құлқының себептері, «сана ағынының» екі айрыққа кетуі, «екі жүзді» кейіпкер жолының үмітсіздігі қаһарман әлеміне терең ену арқылы беріледі. Автор бұл мәселелерді жоғары моральдық-философиялық деңгейде шешеді. Нақты авторлық ұстаным қазіргі кеңістік пен уақытты мифологиялық сана, архетиптік есте сақтау, армандар, елестер, кейіпкерді көретін белгілер арқылы, яғни жаңа көркемдік формадағы фольклорлық элементтер арқылы бейнелеуде айқын көрінеді.

Бүгінгі таңда қазіргі заманның өзекті бейнесін көрсететін «Жармақ» романындағы оқиғалардың шынайылығы Мұрат пен Марат бейнелері арқылы қазақ руханиятының деңгейін көрсетеді.

«Жармақ» романының негізгі идеясы – қазақ халқының тарихы және қазақтың ұлттық құндылықтары. Егер қазақ халқының кешегі күні – бұл өз мәдениетін, рухани құндылықтарын игеру, дамыту және байыту мүмкіндігінің жоқтығы, кеңестік солақай саясаттың алдындағы дәрменсіздігі болса, бүгінгі күні тәуелсіз, егемен мемлекет бола отырып, халық әлі де мәңгірттіктен арыла алмай отырғаны, сыбайлас жемқорлық пен парақорлықтан бас көтере алмай жүргені, ал адамдардың қатыгез, мейірімділік пен

қайырымдылықтан жүрдай, бір-біріне жанашырлық танытудан айырылғандығын түйіндейді.

Автордың өзі кейіпкерімен бірге өз халқы ұлтсыздану ауруынан айығып кете ме деген сұраққа жауап іздейді, осы тұйықталған, өкініші көп жағдайдан шығудың шынайы, дұрыс жолдарын іздейді. Мифологиялық принциптерге сілтеме жасай отырып, автор өз шығармасының сюжеттік желісін көп қабатты, көп қырлы, көп деңгейлі, ұлттық дүниетаным мен менталитетті зерттеп, зерделейтіні заңды нәрсе.

Әдебиеттер:

1. Алтыбаева С.М. Казахская проза периода независимости: традиция, новаторство, перспективы: монография. Издание 2-е, с доп. и изм. – Алматы: Ғылым, 2018. – 440 с
2. Нұрпейісов Ә. К. Қан мен тер // <https://adebiportal.kz/kz/retailing/view/332>
3. Мағауин М. Жармақ // <https://alashainasy.kz/proza/muhtar-magauin-jarmak-51165/>

МӘШҲҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ЖАН» МИКРОКОНЦЕПТІСІ

*Ахат А. Д., «Филология» кафедрасының магистранты,
«Торайғыров университеті», Павлодар қ.
Ғылыми жетекшісі, ф.ғ.д., профессор Трушев А.К.
«Торайғыров университеті», Павлодар қ.*

Ежелден адамзаттың ақыл-ойы мен рухани әлемін толғандырып келген жан мәселесін тек әлеуметтік психология тұрғысынан ғана емес философиялық пайымдау тұрғысынан да қарастыруға болады. Осы мағынада түркілік және қазақ ойшылдары арасында бұл тақырыпқа назар салып, өз тұжырымдарын білдірген ойшылдарды атап өтуге болады. Әсіресе, адамзаттың руханиятының дүлдүлдері әл-Фараби, Абай, Шәкәрім сияқты есімдерді атап өткен жөн. Қайырымды қала тұрғындарына арнаған трактатында түбі түркі әл-Фараби бабамыз адам ғұмырында әртүрлі жандардың бір-біріне қатынасының маңызды екеніне, олардың рухани дүниенің келбетін анықтайтынына назар аудартады [1, 45–68 бб]. Кейінгі тарихи кезеңдерде түркі даласының ойшылдары күрделі мәселе ретінде көтерген маңызды аксиологиялық ізденістер мен тұжырымдар, құндылықтық жүйе жіктемелейтін тұжырымдар қазақ ойшылдарының шығармашылығынан да анық көрініс береді.

М.Ж. Көпеевтің ұстазы, алғашқы буын ағасы болған Абай Құнанбаев еді, ол адам өмірінің мәнін анықтарда алдымен «Мен мен менікінің» сипаттарын ажырата білу қажеттігін айта отырып, адамның тәні мен жанының мәндік айырмашылығы бар екенін атап өткені белгілі. Жанның күдіреті адам өмірінің мәнін кіргізіп тұрғаны туралы түсініктерге ақын жақын келеді. Шыныменде «Мен» мен «Менікіні» бір-бірімен ажыратпай, оларды бір-біріне абсолютті түрде таңып қойған пенде бұл дүниенің ұзақтығын «бес-ақ күн деп ойлайды», оның «жалған дүние» туралы түсініктері тереңдей береді. «Адамның барлық ғұмыры денесінің қуаты біткенінше екен» деп Ақиқат туралы терең мағлұматты білмегендіктен надандыққа ұрынады.

Шәкәрім болса жан мәселесіне терең назар аударып, өзінің бұл мәселе бойынша тұжырымдарын таза философиялық трактаттағы нұсқалар ретінде ұсынады. Ол өз еңбектерінде адам болмысындағы жанның әлеуметтік практикадағы нақты көрінісі – ар-ұждан екенін дәлелдеуі шын мәнінде өзіндік бірегей шығармашылық келбеті бар, терең экзистенциалдық философиялық пайымдаулар қатарына жатады. Адамның өзінің арының тазалығын ойлауы оның тұлғалық келбетінің тұтастана, кемелдене түскенін білдіреді.

Өкінішке орай, күнделікті тіршілікте өзінің пендешілік табиғи мүдделерінің жетегінен, инстинктердің сұраныстарын қанағаттандырудан аса алмай жатқан адамдар қаншама. Дегенмен, қалайда әрбір жан ерте ме, кеш пе өмірмәндік сұрақтарды қоюға мәжбүр болады. Кезінде Шәкәрімнің қазақ зиялыларына қойған бес сауалы да осы мәселеге қазақ жұртшылығын жақындатуға тырысушылығы деп білуге болады. Бұл сауалдарға Мәшһүр Жүсіп жауап берді ме, бермеді ме ол туралы толық мәлімет жоқ. Дегенмен, онымен таныс

болуы әбден мүмкін. Ал енді ақынның шығармашылығын зерделей отырып олардың жауаптарын тұспалдауға да болар еді.

Қазақтың кәдеуілгі санасында тіршілік иесінің қимылқозғалысы, қуаты бар болса, онда оның «жаны бар» екен қорытындыға келуі үстірттеу түсінік екеніне мегзейді. «Жаны болу» деген ұғым негізінен тіршіліктің заттық, денелік рухынан гөрі адамға тән қасиетті күштердің қызметін көрсететін, ондағы құдайдан берілетін адамгершілік негіздермен, қырлармен байланыстырылады. Бұл тұжырымдардың терең мағыналы тұстары қазіргі кезеңдегі әлемдік философияның дамуы деңгейінде біршама мойындала бастағанын атап өтуге болады. Бұрынғы материалистік көзқарастардың үстемдігі бірте-бірте ығысып, адамға руханилығы мен табиғи материалдығы өзара кіріккен біртұтас дүние ретінде қарастыру белең алуда.

Ал, енді М.Ж. Көпеевтің «Аспан, жер және адам жаратылысы туралы» деген еңбегінде «Дене қараңғы үй. Жан сол үйдегі жарық қылып тұрған бір сәуле. Әркімнің жаны бір қалыпта, бір түрде болмайды. Сондай болған үшін айтылады: «Арық пен семіздің басы бір ме, жақсы мен жаманның жаны бір ме?» – дейді ... Алайда жан бар, дене бар. Екеуі бірінен-бірі жасырын емес. Адамның денесі өзіне де, басқаға да көріністе тұр. Жан өзі көрінбейді. Бірақ белгісі көрінеді. Жанның барлығы соңынан танылады. Барлық белгісі – адамда бір нәрсені ойына салып ойлау бар, сезу бар. Ойланып сезген нәрсесін орындап, орнына келтіру бар. Жылынады, тынығады, бір нәрсені жақсы көреді, бір нәрсені жек көреді. Міне, осындайлар – жанның барлық белгісі... Денедегі серік болуға жарайтұғын нәрсе – қан» [2, 272–273 бб].

Ойшылдың адам жанының ерекше белгілері туралы айтылған ойлары әзірге гуманитарлық ғылымның бұл құбылысқа қатысты терең қатпаларына жете алмай келе жатқан, шынайы табиғаты әзірге толық анықтала қоймаған нысандардың қатарына жатады.

Ақын өзінің шығармашылығында жан негізінен алғанда адами сезімнің көрінісі екендігін айта келіп, сол жанның жетілуі үшін, кемелденуі үшін, үнемі ол тазарып отыруы үшін барлық сезім мүшелерінің, мидың, ақылдың зор кешенді түрде қызмет атқаратындығын орынды көрсете білген. Әрине, жанның сипатын діндердің барлығы өз тұрғысынан анықтағысы, көркемдеп бергісі келеді. М.Ж. Көпеевтің түсінігіндегі адамның жан дүниесі, рухани әлемі мұсылмандық қағидалар мен ұстанымдардан туындайды және сонымен қатар материалдық игілікті өзіне негізгі бағдар етудің және адамдардың бір-бірінен мін іздеуін, кемшіліктерін тізе бастауын пендешіліктің көрінісі деп бағалайды. Адам алдымен өз халқы үшін «емірену керек, егілу керек!» деген ұстанымды ұлттық идея ретінде алға тартады.

Өз халқының қамы үшін барлық өмірін сарп еткен жандарды дәріптеген ақын, әрдайым көзсіз ерліктен гөрі саналы іс-әрекеттің маңыздылығын алға тартқан. Сондықтан ол сауаттылықтың, терең білімділіктің қазақ үшін қандай қажетті құбылыс екенін жете түсінгенін байқаймыз. Әрине, діни сауаттың өзіндік шеңберлермен шектеліп қалмай ғылым мен білімнің әртүрлі салаларымен байланыса отырып өрбігеніне ақын көңіл қояды. Сондықтан қазақ қоғамындағы жаңашылдық негіздегі мектептердің көбейгенін қалайды. Адамның білімге деген құштарлығының шексіз болатындығына күмән келтірмеген ойшыл қазақ жастарының әрбір бос өткен уақытының өкінішті екенін шығармашылығында өрнектеп отырады.

Ақын дүниетанымы негізінен алғанда «діншіл философ» деген атаққа лайықты және ол ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының көрнекті өкілі екеніне күмән келтіруге болмайды. Сондықтан да болар атеистік бағдарды ұстаған кеңестік заман ойшыл тұлғасын қабылдағысы келмеді, оның қажырлы еңбегін толықтай жоққа шығарған кездер де болды. Дегенмен, оның діншілдігі қарапайым дүмше молдалық кейіпте емес еді, ол шығармашылыққа толы ерекше сипатта болатын, яғни ол діни ережелерді орнықтыруда догмалық деңгейде қалып қоймаған, үнемі шығармашылық ізденістегі, ғылым мен жаңашыл білімнің жетістерін ескертін, жасампаз деңгейдегі діншілдік болатын.

Ондай діншілдік ғылым мен білімнің, мәдениет пен өркениеттің жетістіктерін шеттетпейді. Сондықтан ғұлама ақын ғылымның, ғылыми танымның, психологиялық ұғымдардың қоғамдағы маңызын жете түсінеді және олардың әрқайсысына өзіндік ғылыми

деңгейде сипаттама беріп отыруға тырысады. Сөйтiп, ақын үнемі замандастарын жасампаздыққа, шығармашылыққа қарай үгiттейдi, өзiнiң халық қамын, жастарды болашағын ойлайтын нағыз ағартушы екенiн бiлдiредi.

Сонымен, өткен ғасырдың басында өмiр сүрген қазақ ойшылдары арасында өзiндiк орны болған тарихи тұлға Мәшһүр Жүсiп Көпеевтің дүниетанымы өзiндiк ерекшелiктерге толы. Ол қазақ қоғамындағы ұлттық дәстүр мен болмыстың инжумаржандарын жинақтауда үлкен еңбек сiңiрдi. Сонымен қатар ол өзiнiң дiни-философиялық дүниеге қатынасын ерекше сипатта өрнектей алған қоғам қайраткерi. Жалпы белгiлi гуманист тұлғаның өзiндiк дүниетанымдық жүйесiнiң маңызды қырлары тарих философиясы тұрғысынан сараптаулар әрi қарай жалғасуда. Жасампаз тарихи тұлғалардың дүниетанымының негiзiн гуманистiк ұстанымдар мен рухани құндылықтар жүйесi құрайтыны белгiлi. Осы жағынан алғанда ақынның шығармашылық жолы халқының руханиятын түлетушi, өркендетушi рухани күш сипатында көрiнiс бергенiн атап өту керек.

Әдебиеттер:

1. Мәшһүр Жүсiп Көпеев / Құрастырушылар: С.Е. Нұрмұратов, Б.М. Сатершинов, А.Д. Шағырбаев. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дiнтану институты, 2013. – 359 б.
2. Мәшһүр Жүсiп Көпейұлы. Шығармалары. 13 том. – Павлодар: «Эко» ҒӨФ, 2008. – 385 б.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАННЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ МЕН БАСПАСӨЗІН ДАМУДАҒЫ АУДАРМАШЫЛЫҚ РӨЛІ

*Ахметова С.М., тарих ғылымдарының магистрі,
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ. «Білім тарихы» музейінің меңгерушісі.
Астана қаласы.*

**«...Мақтауға тұрарлық әулиедей,
Оның есімі — ӘЛИХАН...»
Мәшһүр Жүсiп Көпейұлы**

Әлихан Бөкейхан қазақ және орыс тiлдерiнде қатар жазған публицист. Оның қаламынан шыққан мақалалар Ресей астанасының «Сибирские вопросы», «Биржевые ведомости», «Новая жизнь» секiлдi газет-журналдарынан бастап патша үкiметiнiң қас-көзi Жандармерияның қуғын-сүргiн салдарынан көшiп-қонып жүрiп Омбы, Самара, Орынбор, Семей, Мәскеу сияқты қалалардың мерзiмдi басылымдарынан жиi көрiнiп тұрған. Тек қана, «Газета «Казах» достигла очень высокого научного уровня» - деп бағаланған осы «Қазақ» газетiнде Әлихан Бөкейханның 205-ден аса мақалалары, ғылыми зерттеулерi, аудармалары жарық көрдi [1]. Одан өзге оқулықтар да жазды.

Қазiргi заманғы ағылшын зерттеушiлерiнiң пiкiрiнше ол ХХ ғасыр басындағы «қазақ әдебиетi мен баспасөзiн дамытуда жетекшi рөл атқарған», - деп әдiл баға берген [2]. «Көңiл жүйрiк пе, көкдөнөн жүйрiк пе?» дейтiн қазақ. Бәрiнен бiлiм жүйрiк», -деп, қазақ баспасөзiнде жариялап отырған мақалаларында елдiң бiлiмге қызығушылығын арттыратын ойларымен жиi бөлiсiп отырған. Елдегi және сырт елдердегi белгiлi оқиғаларды жұртқа түсiнiктi де ақылға қонымды етiп жазған. Сондай-ақ, Л.Н. Толстой, А.П. Чехов, Д.Н. Мамин–Сибиряк, Ги де Мопассан, В.Г. Короленконың шығармаларын, және Н. Маркестен «Ескi Қырым сөздерiн» қазақшаға аударған.

1914 жылы «Қазақ» газетiнде «Мұсылман сиезi» деген 10 мақаласы шыққан. Ол мақалалар мұсылман рухани iстерi туралы Петербурғда (Ә.Бөкейхан жазбасы бойынша) iшкi iстер министрi қол астында мәжiлiс болғаны хақында баяндалған. «4-шi Государственный Думаның шленi Далғат Дағыстан моллаларымен сиездi таныстырды, - дей келе, Молла төңiрегiнде ой қозғайды: Мұнда молланың үлкен-кiшiсi болмайтұғынын, молла бiлгiш-жүйрiк, жақсы мiнездi болу керектiгiмен және оны қаптама жұрт сайлап қоятындығын

ескертеді. Имам Шәмілді үлгі етеді, Дағыстан молласы өзге халықтан жақсы білімімен, тура жолымен жүрген мінезімен айырылады (ерекшеленеді) дейді. Ал біздің қазақ молласы өзге қазақтан немен айырылады? -деп сауал қояды да, дін ісі ішкі астармен жақсы болмақшы. Астар хукімет қолында емес, ғұмыр жүзінде, жұрт мінезінде дейді. Осы мақалаларында қазақтың рухани һәм оқу ісі не болып жатқандығы туралы ауқымды ойларды қозғайды. 5 күн мұсылман сиезі шешендерінің сөзін тыңдап 149 бабтан тұратын закон жобасын жасайды да жобада рухани мекемелерде қағаз татарша тілмен жазылсын деп көрсетіледі. Міне, осы жерде Әлихан Бөкейхан анық түрік затты халық біздің қазақта деп қазақ ақындарын іштей есіне алып, бір жерде тізе қосып отырған 5 миллион қазақтың тілі қалай жоқ болады, -деп тілге араша түседі. «Біздің қазақ осы тілін тастап татарға мінгескені адасқандық болар, біз – қазақ татар тіліне шорқақпыз, татар тілі деген тіл тағы біреу емес; Кафказ, Қырым ауылындағы татарды Қазақ ауылындағы татармен сөйлестірсе, бірін бірі ұға ма, жұртқа ыңғайлы болу үшін рухани мекеме қағазы һәр облыста һәр жұрттың өз тілімен жазылсын дедік Жаһанша екеуміз», -дейді [3, 284 б].

Тағы бір мақаласында мұсылман школ тақырыбына тоқталады. Мұсылман школын қалыптастыру үшін көп харекет, көп уақыт, көп білгіш өнері керектігін, алайда сиезге школ ісіне жүйрік школ туралы ізденіп жүрген кісілердің көрінбегеніне қынжылады. Енді сиез бекіткен шариат заңының қазаққа қаншалықты керектігі турасында «ресімі жоқ жұрт бола ма?» дейді. Бұл ретте әр халықтың қанына сіңген, тұрмысымен біте қайнап кеткен ғұрпынан айырмау керектігіне мән береді. Мысалы: «Орыс законы кісі өлтірсе жазаға кіріптар қылады. Қазақ кісі өлтіріп, құн төлеп, ана законды жамылып, бір-бірінен кек аламын деп, сотқа барып, өтірік жан беріп қайталап жүр. Мұнда қаншалық мұсылманшылық бар? Ал, шариғат ұрының қолын кесіп таста депті (Ән-мәндәт сүресінің 42 аятында. Ә.Б). Қай қазақ ұрының қолын кесіп алып тастамақ. Бұл ұрының қолын бізге кім кестіремек? Ұрының қолын кессе, мұнан қазаққа қанша бахыт шықпақ? [4, 286 б]. Шариғат жолы мен жұрт ресімі қайшы болса, жұрт арбасы шықырлап, бақыт білегі сынбай ма? Асудың дәл аузында жүк ауып, қом сыпырылып түспей ме?, - деп, халықтың санасына сіңген ғұрыппен санасу керектігін, көзсіз фанатизмнен аулақ болуды ескертеді. Тағы бір ескерерлік жәйт, Әлихан Бөкейхан шариғат заңдарын құранның қай сүресінідегі, қандай аятында екендігін көрсетіп беруі шариғат ілімін терең білгендігінен. Сондай –ақ, аудармаларында өзге діндердің көрінісін қазақ оқырманына түсінікті етіп береді.

Әлихан Бөкейханның шығармашылығы бір-бірін толықтыра, байланыстыра келетінін байқаймыз. Аудармаларының да көпшілігінде оқу, білім алу, түрік тілді халықтардың тұрмыс-тіршілігі, сол замандағы қоғамның тіршілігімен біте қайнасып, көрініс беріп тұрады. Орыстың белгілі прозаигі, драматургі Д.Н. Мамин-Сибиряктан аударған «Қара Қанымда» башқұрт халқының тұрмыс-тіршілігі суреттелетін психологиялық терең астарлы оқиға жатыр. Әңгіме желісі жалқаулық, аштық, ұрлық жайлаған ортадағы екі дін өкілінің - башқұрт молдасы Исая және арнайы шіркеу құжатымен Жүзбас ауылына келіп, қыз балаларды оқытатын мектеп ашқан «Қара Қаным» - Натальяның харекеттеріне құрылған. Натальяның мінез-құлқы христиандық әдет-ғұрыптың мазмұнын ашады. Ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек: «Христиандық ахлақ (мінез-құлық) Тәңірлік ақиқатқа негізделеді. Ол адамды құдайлық қасиеттерге бейімдейді. Адам өз еркімен киеліліктің жоғары сатысына көтеріле алады, сонымен қатар күнә мен жамандықтың шыңырауына да құлап жатады. Соған орай, оның алдында екі жол бар: өмір жолы және өлім жолы. Тура жолды табуда ахлақ заңдары, ахлақ сезімі және санасы маңызды рөл атқарады. Ахлақ заңы – бұл адам рухындағы ұят деп аталатын Құдайдың дауысы. Ұяттық сезім адамзат ахлағының негізі болып есептеледі. Бірақ, бұл ұяттық сезімнің өзі жеткілікті емес, сыртқы бір жол көрсетушіге мұқтаждық бар. Мұндай жол көрсету заңы адамзатқа екі түрде берілді. Олар: дайындық түріндегі Мұсалық заң, екіншісі толық Евангелдік заң. Христиандық сүйіспеншілік – бұл, адамды Құдайға жақындататын сезім. Иса пайғамбар мынадай өсиет қалдырған: «Мен сендерді қалай сүйсем, сендер де бір-бірінді солай сүйіңдер». Бұл өсиет тек достарды ғана емес, дұшпандарды да сүюді уағыздайды. Жақынға деген сүйіспеншілік адамның өзін-өзі

сүюден басталады, ал ол адамның тәңірге деген сүйіспеншілігінен бастау алады. Христианның Құдайға деген сүйіспеншілігі тек ахлақтық жағынан шыңға жетуді емес, қатар оның рухани болмысының негізі делінеді [5]. Әсілінде, Д.Н.Мамин-Сибиряқтың: «Неужели можно удовлетвориться одной своей жизнью. Нет, жить тысячью жизней, страдать и радоваться тысячью сердец – вот где жизнь и настоящее счастье» дейтін ұстанымын Қара ханымның hareketінен табамыз [6]. Қара Қаным Жүзбаста қыздарға деп мектеп ашады. Әуелі шешелері қолынан жетектеп әкелген екі-ақ жалаңаш қызды Қара Қаным киіндіріп, тойғызады. Оны көрген өзге Жүзбастықтар бүкіл қыздарын тықпалайды, сөйтіп отыз қыз мектепке алынды. Қыздар орысша оқиды, тігін тігеді, өрмек те тоқиды. Бірақ жұрт бұл қылығын түсінбей аң-таң. Әсіресе, Тоқтай кемпір оны жалмауыз кемпір ме деп ойлайды. Исай молда, Қара Қанымның қағазы барын, мелісемен сөйлескенін, жалмауыз кемпір емес екенін айтып жұртты тыныштандырады.

Сөйтіп, Жүзбастықтар Қара Қанымды ақымақ деп ойлайды. Ал, Қара Қаным болса ол екі баласынан айырылған соң Құдай берді де өзі алды деп, кезінде қайғы жұтып, өзі де өлген артық деп тапқан еді. Шіркеудің уағызында, олардың құдайы адам баласының бәрін бауыр көр, сүй дейді. Сүйістің өзі – өмір-тіршілік... Мен құдайдан өлім тілеп едім, ол маған тіршілік ет деп әмір етті... Сонан соң, мен де керек жер де бар екен деп сендерге келдім, дейді Тоқтай кемпірге. Үш жыл ішінде мектеп шаруасы дөңгеленіп, Жүзбастағы башқұрлардың да тірлігі түзеле бастайды. Төсек тартып жатқан Тоқтай кемпір Қара Қанымды шақыртып, күнің жетіп сен де өлесің, сонда сенің мектебің не болады деп сұрайды. Сонда Қара Қаным онда, өзге бір Қара Қаным келеді, ол да осыны қылады дейді. Оқиға желісінің астарынан шіркеудің миссионерлік бағытын аңғарамыз. Орыстандыру саясаты, «жабайы» халықтардың психологиясын, тіршілік-тұрмысын әбден меңгерген патша үкіметінің өзге халықтарды өз дінінен бездіру, христиан дініне кіргізу үрдісін аса шеберлікпен атқарғанын байқаймыз. Әлихан Бөкейхан заман тынысын дер кезінде сезген сұңғыла сезімімен қалайда қазаққа құлаққағыс болсын дегендей, қазақшаға аударып бастырған.

Француз жазушысы Ги де Мопассаның «Симонның әкесі» деген әңгімесін қазақшаға аударып, қазақ оқырмандарына ұсынды. Бұнда мектеп жасындағы балалардың әкесіз Симонды басынуы, әлімжеттік көрсетуі айтылған. «Бала маймылдай еліктегіш. Бала үлкен нені істесе, нені айтса, соны сөйлейді. Нені қылса соны қылайды», - дейді. Симонның Анасының аты – Бланшотта, оны Әлекең қазақ оқырманына мағынасы бойынша Ақбала деп атады [7, 378 б]. Әлихан Бөкейхан бірнеше тілді жетік меңгергендігіне тағы да көзіміз жетеді. Симон ұста Филипптің өзіне әке болуын қалайды. Өсекте менің не жұмысым бар, өзің маған тисең, - деп Ақбалаға Филипп ұста сөз салады. Симон да шаттанып, ұста Филипп Реми әкесі екендігін, маған тигендеріңнің үні өшеді деп балаларға қоқиланады. Филипп Ремидей әкесі болса, кім болса да, ханға сәлем бермес еді, - деп аяқталады. Одан өзге Мопассаннан «Старуха Соважды» - «Жарасын алдырған ана», «Ақсақ кемпірді» тәржімеледі.

Көркем әдебиеттен өзге оқу-ағарту мен ғылымның сан-салаларын қамтитын мектеп оқулықтарының аудармалары тағы бар: К. Фламарионның 225 беттен тұратын «Астрономия әліп-биі» (1924), Т.Тутковскийдің 102 беттен тұратын «Жердің қысқаша тарихы» (1926), 101 беттен тұратын Д.Гравенің «Дүниенің құрылысы» (1926) [1, 18 б]. Зерттеушілердің пікіріне сүйенсек, Әлихан Бөкейхан көркем аудармаларының басым көпшілігін 20-30 жылдар аралығында, яғни 1922 жылдан 1927 жылға дейін КСРО Халықаралық орталық баспасындағы Қазақ секциясының әдеби қызметкері болып қызмет етіп жүрген кезінде аударған.

Әдебиеттер:

1. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. Избранное. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995. – 478 б.
2. Общество изучения Средней Азии. Казахи о русских...» - Оксфорд, Англия. 1985 год, репринтная серия №5.

3. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. Избранное. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995. – 478 б.
4. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. Избранное. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995. – 478 б.
5. *Орынтаева А.* Христиан дінінің ағымдары (православие, католицизм, протестантизм). sabaq.kz
6. Мамин-Сибиряк Д.Н. «Қара Ханым»: [rustam_bikbov — ЖЖ \(livejournal.com\)](http://rustam_bikbov.livejournal.com)
7. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. Избранное. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995. – 478 б.

A BRIEF CRITICAL ANALYSIS OF THE DIRECTIONS OF STRUCTURAL, STYLISTIC AND SEMANTIC FEATURES OF PHRASEOLOGICAL UNITS IN THE THEORETICAL STUDIES OF RUSSIAN AND ENGLISH SCIENTISTS

Baltakayeva M. K

Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan

E-mail: Makw.01@bk.ru

In the concept of "Phraseology" (Greek: "phrasis" expression, speech turnover and "logos" concept, teaching") has several meanings. In linguistic terminology, it is used to denote a special field of linguistics that studies stable expressions called phraseological units, as well as to denote a set of similar phrases characteristic of this language.

Phraseology is an integral and unique component of a language, cultural significance and national specificity, capable of consolidating not only the features of a particular language, but also its speakers, their point of view, thinking, mentality, national character and style of thinking.

The study of problems related to phraseological units of different languages has a long tradition. An extensive literature studying phraseology, testified by domestic and foreign scientists, has been devoted almost as much.

On the one hand, this section of the language is very well studied and deeply studied. But with the diversity and universality of theoretical directions, scientists are trying to analyze the data to clarify some properties of phraseological units, to determine their role and functions in the language.

The study of the nature and features of phraseological semantics can still be attributed to the number of issues on which disputes arise. However, it should be borne in mind that a phraseological unit is, first of all, a semantic phenomenon, and an attempt to eliminate it does not lead to any positive results.

Phraseology gives the language brightness, originality and national flavor, which distinguishes languages from each other. However, when it comes to national specifics, one cannot ignore the fact that phraseological specificity exists in all languages and is a fully mature trait.

Phraseology is a special field in the study of any living language. The richness of the expressive means of a language is an indicator of the level of its development and the degree of its maturity. Understanding phraseology when reading fiction, as well as the correct use of phraseological units is one of the indicators of good language proficiency.

Since phraseological turns appear among other important units in the language system, the disclosure of their features and characteristic features requires, on the one hand, a clear distinction between phraseological units from arbitrary combinations of words, on the other - from individual words. Only a detailed and careful consideration of the properties that distinguish the phraseological turnover from an arbitrary combination of words and bring it closer to the word, then allows you to accurately define the concept of "phraseological turnover".

One of the sources of enrichment of national phraseology is the language of the writer. The history of the development of national culture includes figurative expressions of the literary language both from the pages of outstanding masters of the word and from the works of young

жұрттардың ағартушысы» Ильминскийдің халық ағарту министрі Д.Толстой қатысқан қазан-татар семинариясының ашылуында сөйлеген сөзі баршаға белгілі. Ол бұратана мектептің басты мақсаты: бұратаналар арасында орыс православиялық шіркеуінің ықпалын күшейту, бұратаналардың біртіндеп орыстануына жағдай жасау еді. Патша өкіметі өз мақсатын қадағалай отырып, қазақтарға ана тілінде оқуға рұқсат етпеді; рұқсат бергеннің өзінде жағдайды ауырлата түсті. Медреселердің ашылуына орай қазақ тілінде миссионерлік бағыттағы кітаптар көптеп шығарылды, православиялық діннің мифологиялық транскрипциясы алынды. Аз-маз сауаты бар қазақ осы істің басында Ильминский мен Победоносцев, Яковлев, Мироглов және басқалар болғанын, ал өмірде жүзеге асырушылар Алекторов, Васильев, Присне екенін біледі. Осы жолдарды жазып отырған адам бала кезінде ауылда бағынышсыз мектеп болғандықтан пристав келе жатыр дегенде, сабанның астын үңгіп тығыламыз деп тұншығып өліп қала жаздағаны әлі есінде. Міне, осындай мүсәпір қиын кезеңде Ахмет алғашқы болып дауыс көтеріп, қазақ мектептерін бір жағынан, дүмше молдалардан, екінші жағынан, патша миссионерлері ықпалынан құтқару үшін қызмет етті. Болашақ ұрпақты молдалардың дүмше дым білместігінен, сол секілді миссионерлердің жаңашылдығынан құтқару үшін Ахаң жалғыз күресті. Бұл жолда Ахаң жалғыз да алғашқы ағартуша болды. Оның жаңа қазақ алфавитін жасауы іс жүзіндегі ішкі және сыртқы жаулармен күресінің көрінісі болатын біздің тіліміздегі барлық дыбыстарды сақтай отырып, дыбыс үндестігінің заңдылығы бойынша жаңа әріптер белгілеп, ана тіліміздің синтаксисі мен этимологиясын жасап шықты. Қазақ тілінде қолданылмайтын, мүлдем қажетсіз он екі араб әрпін әліппеден алып тастады. Бұл жазу емлеміздегі көптеген қиыншылықтарды жойды. Бұған дейін бізде өз әліппеміз болған емес, дүмше молдалар әліппе жасай алмай, балаларды «әліп-би» шартымен қағаз жүзінде оқытса, ал миссионерлер Васильев, Алекторов Рожинский және басқалар қазақ әліппесін орыс транскрипциясымен берді.

Атасы Шошақ оның немересі Ахмет өмірге келгенде ауыл ақсақалдарынан бата алып, азан шақырып атын қойған. Әкесінің інісі Ерғазы Ахметті Торғайдағы 2 сыныптық орыс-қазақ мектебіне береді. Оны 1891 жылы бітіріп, Орынбордағы 4 жылдық мектепке оқуға түседі. 1895-1909 жылы Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі орыс-қазақ мектептерінде оқытушы, Қарқаралы қалалық училищесінде меңгеруші қызметін атқарады. Ол өте кемеңгер, білімді тұлғаның бірі болған.

Байтұрсынұлының саяси қызмет жолына түсуі 1905 жылға тұс келеді. 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, 14500 адам қол қойған Қарқаралы петициясы (арыз-тілегі) авторларының бірі Байтұрсынұлы болды. Қарқаралы петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, күні өткен Дала ережесін қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру мәселелері көтерілді. Онда қазақ даласына орыс шаруаларын қоныс аударуды үзілді-кесілді тоқтату талап етілген болатын. Сол кезеңнен бастап жандармдық бақылауға алынған Байтұрсынұлы 1909 жылы 1 шілдеде губернатор Тройницкийдің бұйрығымен тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылды.

Ресей ІІМ-нің Ерекше Кеңесі 1910 жылы 19 ақпанда Байтұрсынұлын қазақ облыстарынан тыс жерге жер аудару жөнінде шешім қабылдады. Осы шешімге сәйкес Байтұрсынұлы Орынборға 1910 жылы 9 наурызда келіп, 1917 жылдың соңына дейін сонда тұрды. Байтұрсынұлы өмірінің Орынбор кезеңі оның қоғамдық-саяси қызметінің аса құнарлы шағы болды. Ол осы қалада 1913–1918 жылы өзінің ең жақын сенімді достары Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлымен бірігіп, сондай-ақ қалың қазақ зиялыларының қолдауына сүйеніп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарып тұрды. Газет қазақ халқын өнер, білімді игеруге шақырды.

1913-1918 ж.ж. қырғыз атанған жұртының атауын қайта жаңғыртып, «Қазақ» газетін шығарды. Газеттің ұйымдастырушысы әрі бас сарапшысы қызметін атқарады. А.Байтұрсынов «Қазақ» газетінің бірінші санындағы халыққа арнауын былай деп аяқтады: «Аталы жұртымыздың, адуынды ұлтымыздың аруақты аты деп газетіміздің есімін «Қазақ»

деп қойдық. Ұлт үшін деген күштің ұлғаюына күшін қосып, көмектесер қызмет ету қазақ баласына міндет. Қызмет етем десендер, азаматтықтың зор жолының бірі осы»[2]

Байтұрсынұлының Орынбордағы өмірі мен қызметі Ресей үкіметінің қатаң жандармдық бақылауында болды. Ол «Қазаққа» жабылған негізсіз жала салдарынан абақтыға отырып шықты. Байтұрсынұлы 1917 жылы рев. өзгерістер арнасында өмірге келіп, қазақ тарихында терең із қалдырған Қазақ съездері мен Қазақ комитеттері сияқты тарихи құбылыстың қалың ортасында жүрді, оларға тікелей араласып, «Қазақ газеті» арқылы саяси теориялық бағыт-бағдар беріп отырды[3].

Қазақ халқының қоғамдық ой-санасының дамуындағы барлық саяси қозғалыстар А.Байтұрсыновтың есімімен байланысты. Ол бейбіт ұлттық либерализмнен Октябрь революциясын және Совет өкіметін тануға дейінгі саяси даму кезеңдерінен өтті.

1919 жылғы жаз бен күзде Ахмет Байтұрсыновтың инициативасымен Қазревком өз мәжілістерінде Алашорданың батыс бөлігімен байланыс жасау және оның басшыларымен келіссөздер жүргізу үшін арнаулы өкілдер жіберу мәселесін талай рет талқылады. Қазревкомның және оның төрағасы қызметін көп жағдайда өзі атқарған Ахмет Байтұрсыновтың осы мәселедегі табандылығы Торғайда болған оқиғаларды қайталамау және Алашорданың батыс бөлімінің түгелдей Совет жағына шығуын қамтамасыз етпесе де, оның Совет өкіметіне бейтарап жағдайда болуын жүзеге асыру ниетінен туындаған еді. Түптеп келгенде Алашорданың батыс бөлімін ақтардың одақтасы болудан совет өкіметі жағына шығару Орал өңіріндегі азамат соғысын тезірек аяқтаудың алғы шарттарының бірі еді. Шын мәнінде, Ахаңның және оның серіктерінің Кеңес өкіметі жағына кездейсоқ өтпегені белгілі. Бұл туралы Ахаңның өзі «Жизнь национальностей» журналында 1919 жылы 3 тамызда жазған «Революция және қазақтар» атты мақаласында төмендегідей пікір білдірген еді: «Егер де бұрын бір топ адамдар патша чиновниктері атынан қырғыздарды (қазақтарды) жауапсыздықпен қамап, әр түрлі зорлық-зомбылықтарға жол берген болса, дәл осындай қылықты шет аймақтарда большевик-коммунистер деген атты жамылған осындай және басқадай адамдар тобы байқатты. Патша өкіметі кезінде, бұрын мұндай жағдаймен ымыраға келмеген мен және менің пікірлестерім, енді тағы да осындай істер Советтің Ресейде түгелдей орын алуда деп ойлап ымыраға келмей кеңес өкіметін мойындауғы қарсы болдық. Бірақ монархиялық билік бағытындағы Колчактың пайда болуы осы және басқа билік туралы ойлауға мәжбүр етті. Сонда біз қырғыз (қазақ-Т.О) халқының ежелгі арманы оңшыл ма әлде солшыл ма әйтеуір, жүзеге асар болар дегенге көзіміз жеткендіктен жергілікті большевиктердің іс-әрекеті біздерге ұнамды көріне қоймаса да кеңес өкіметі жағына шыққанды жөн көрдік».

Ахмет Байтұрсынов және оның серіктері, шын мәнінде кеңестік билікті амалсыз мойындады. Бірақ Ахаң ешқашанда қазақ халқының рөлін көтеру және қазақ елін ұлттық тұрғыдан дербес ету идеясынан бас тартқан емес. Ол 1920 жылы 17 мамырда В.Лениннің атына хат жолдап, «... Ресейде коммунистер көп, бірақ нағыз идеялық коммунистер өте аз, оның үстіне олар шет аймақтарда аз немесе мүлде жоқ», — дей келе қазақ жерінің билігін қазақтан шыққан коммунистер қолына беруді талап еткен еді [4,5].

Осы жылдың 12 шілдесінде Ахмет Байтұрсынов тағы да Т. Рысқұлов, Н.Ходжаев, З.Валидов, Ә.Ермеков, Х.Юмагулов тәрізді түркі халықтарының көрнекті тұлғаларымен бірге В.Ленинге хат жолдап, оның бұрынғы отарлаушы ел пролетариаты яғни орыс жұмысшы табы шеткері аймақтардағы отар елдер еңбекшілерін азат етеді деген қағидамен және панисламизмге қарсы күреске шақырған ұранымен өздерінің келіспейтінін ашық мәлімдеді [6].

1920-1922 ж.ж. Өлкелік Халық Комиссариаты жанындағы Академиялық Орталықтың төрағасы қызметін атқарады. Халық ағарту комиссариаты жанынан құрылған Академиялық орталықтың (Академцентр) тұңғыш төрағасы ретінде Қазақ елінің ғылымын академиялық жолмен басқаруды ұйымдастырудың негізін қалады.

1922-1925 ж.ж. Қазақ Халық ағарту Комиссариаты жанындағы Ғылыми- әдеби комиссиясының төрағасы, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының құрметті төрағасы болады.

1925-1928 ж.ж. Қазақ елінің екінші астанасы болған Қызылорда қаласында тұрады, әрі ұлт жұмысының көшбасында болады.

1928 жылы қыркүйекте Алматы Қазақ мемлекеттік университетіне профессор лауазымымен қызметке кіреді. 4-қарашада «Еңбекші қазақ» газеті «Қазақ университетінің ашылуы» атты құттықтау сөзін, «Емле туралы» мақаласын жариялайды. Мұнда 1929 жылдың маусымына дейін қызмет атқарады.

1931 жылы РСФСР қылмысты істер кодексінің 58-бабының ең ауыр тармағы бойынша ату жазасына кесіледі, бірақ үкім қайта қаралып, 10 жылға бас бостандығынан айырылып, екінші рет жер аударылады.

1931-1933 ж.ж. Беломор-Каналда айдауда болады. Жыл соңында Ресейдің Кривошеин ауданына қарасты Жуково елді мекеніне тұрақтауға рұқсат алып, осында әйелімен жылға жуық тұрады. Осы жылы 28-қаңтарда жерлестері «Сарыарқа самалы» басылымында «Жауға түскен жан сөзі», «Қарқаралы қаласына», «Жұртыма» өлеңдерін жариялайды.

1934 жылы «Қызыл крест» қоғамының араласуымен түрмеден босатылып, Алматыға келеді. Осы жылы «Қазақ тілі грамматикасының тарихы» атты ғылыми еңбек жазуды бастайды.

1934 жылы 16-желтоқсанда Орталық мұражайға кеңесшілік жұмысқа тұрады, мұнда 1936 жылдың 21-қыркүйегіне дейін істейді. Осы жылдары суретші В.Н.Хлудовтың қазақ тұрмысы туралы туындыларына «Заключение по картинам художника Хлудова» сараптама пікір жазады.

Өкінішке орай, И.Сталиннің 1925 жылғы 29 мамырдағы «Ақ жол» газеті туралы хаты Ахмет Байтұрсыновты және оның серіктерін «ұлтшылдар» және «шоқаевшылдар» ретінде қуғындауға теориялық негіз қалады. Қазақстандағы қуғын-сүргінді жергілікті басшы Ф.Голощекин жандандыра түсті. Ақырында алғаш Архангельскіде, соңынан Томскіде 1929-1934 жылдары айдауды болған Ахмет Байтұрсынов, көп кешікпей, 1937 жылы қуғын-сүргіннің жаңа толқынына ілігіп жазықсыз атылып кетті.

Қазақтың төл тіл біліміндегі алғашқы зерттеулер халқымыздың тұңғыш тіл маманы – А.Байтұрсынұлы еңбектерінен басталады.

Тіл – халықтың мәдениеті, салт-дәстүрі, қадір тұтатын заттары мен құндылықтар дүниесінің, қоршаған ортаның т.б. өмір сүру үлгілерінен хабардар ететін құрал. Әр ұлттың ана тілінде оның бүкіл өмірі, тарихы, тыныс-тіршілігі, жан дүниесі, яғни, мәдениеті көрініс табады. «Тіл», «сана», «таным» және «мәдениет» ұғымдары бір-бірімен тығыз байланысты, ал жазу – мәдениеттің ең жоғарғы деңгейдегі көрінісі және адамзаттық мәдениеттің дамуын айқындайтын әлеуметтік мәні бар зор құбылыс болып табылады.

XX ғасырдың басында қазақ халқына ұлттық мәдениет пен әдебиеттің туын көтерген, жұртшылықтың санасына демократиялық ойлар сіңіріп, жарқын болашаққа ұмтылған зиялы топ қалыптаса бастайды. Халықтың рухын көтеріп, санасын оятқан осы топтың рухани көсемі – Ахмет Байтұрсынұлы болатын.

А.Байтұрсынұлы қазақ балаларының сауатын ашуда бұрынғы ескі сүрлеу, тар соқпақпен жүрудің ендігі жерде XX ғасырдың басындағы қазаққоғамына қол еместігін көреді. Қазақ баласы енді сауатын 4 бөгде тілде емес, яғни, араб, татар, орыс тілдерінде емес, ана тілінде ашуы керек, білім-ғылыммен қазақ тілінде сусындауы тиіс деп табады. Қазақ мектептерінің болуы, бүкіл оқу-тәрбие жұмысы қазақ тіліне жүруі қажет екенін ашып айтып, күн тәртібіне қояды, өзі де қазақ мектептерінің болуы, ана тілінде оқытылуы үшін күреседі. А.Байтұрсынұлының бұл тұжырымдарын қазіргі кезде де жадымызда ұстауымыз керек. А.Байтұрсынұлы: «Сөзі жоғалған халықтың өзі де жоғалады», – дейді. Тіл – алты-жеті қамалдың ішіндегі ең соңғы құлайтын қамал. Тіл құласа, ол тіл қызмет еткен, сол тілмен бірге аталып келген халық та құриды. Адамдар болғанмен, олар қазақ болмайды. Сол халықтың аты жойылады. Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде», – дейді. Шынында, қазақ халқының сақталуы тілінің сақталуына байланысты. Қазақ тілін сақталуы қазақ мектептерінің сақталуына байланысты. Мектеп табалдырығын аттаған баланың сөйлеген тілі – ана тілі болады. Баланың ең алғашқы көбірек сөйлейтіні, үй

ішінде сөйлейтіні, ойлайтыны, түс көретіні бір тілде болуы керек, үш тілде емес. Сол – ана тілі болуы керек. Мектепте ең болмағанда бастауышта орыс тілінде де емес, ағылшын тілінде де емес, тек қана ана тілінде оқыту керек! Балаға ана тілін бастауыш мектептен меңгертіп, кейін басқа тілді қосу керек. Айналасын ана тілінде танып, әр заттың қазақша атауын білген соң ғана оның орысшасын, ағылшыншасын үйренуі оңай болады. Ана тілі болмаған адамнан ешқандай ақын да, жазушы да, суретші де шықпайды. Ғалым шығар, маман шығар, тіпті атақты адам да шығар. Бірақ онда ешқандай мәдени азық болмайды. Ағылшын тілінде тамаша жазсын, орыс тілінде өлең шығарсын, бірақ ол – ана тілі емес. Сондықтан үкімет, басшылар, оқу-ағарту саласындағылар қазақ мектебін қолға алып, қамқорлық көрсетуі керек. Қазақ мектебіне немқұрайдылықпен қарайтын болсақ, үш ұрпақтан кейін ол тіл құриды... Ахмет Байтұрсынұлы қазақ мектептерін ашып, оқуды қазақ тілінде жүргізу үшін, ең алдымен, ұлттық жазуы (ғылым тілімен айтсақ, графикасы, сол кездегі терминмен айтсақ, әліпбиі) болуы қажет деп біледі. XX ғасырдың 10-жылдарына дейін қазақтың өз жазуы болмаған еді. Бұл кезге дейін өзге көршілес түркі халықтары сияқты, қазақтар да араб таңбаларын қолданып келді, бірақ ол – қазақ жазуы емес, араб жазуы-тын. Халқымыздың әрі қарайғы мәдени-рухани дүниесінде жат жұрттық жазуды қолдана берудің өмір талабына сай еместігін, яғни, араб алфавиті сол күйінде қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сай келмейтінін, бұл таңбалармен қазақ сөздерін дұрыс, сауатты жазуға мүмкіндіктің аздығын, оқыту ісінде келтіретін қиындығын анық байқаған қазақ зиялылары ана тіліміздің өз жазуын жасау керектігін сөз ете бастайды. Бұл әңгіме әсіресе XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында күшейе түседі. Әлеуметтік пікірге «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті де үн қосып, мақалалар жариялайды.

Ахмет Байтұрсынұлының әліппелерінде сөз мәдениетінің төменгі сатысы – тіл дамыту жұмыстарында ауыз әдебиетінің ерекше үлгілері мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаштар кешенді түрде ұсынылған. Тілдік тұлғаның лингвомәдениеттанымдық, коммуникативтік күзiреттiлiктерiн қалыптастыруға негiзделгендiгi байқалады. Оқу-ағарту саласында ұстазы – Ы.Алтынсариннің, орыс педагогі – К.Д.Ушинский, жазушы Л.Н.Толстойдың ана тілін үйрету, адамгершілік тәрбие беру, өмір, еңбек жайындағы білімдерді күнделікті тұрмыста көріп жүрген таныс жайттармен ұштастыру, табиғат жайындағы білімді айналадағы өсімдік, жан-жануар тіршіліктерімен сабақтастыра беру сияқты, яғни, жеңілден ауырға, оңайдан қиынға қарай үйрету жүйесін ұстанған А.Байтұрсынұлының «Оқу құралы» еңбегі қазақ тілін оқытуда негізге алынатын қазіргі инновациялық технологиядан озық мәдени мұра ретінде бағаланады. 1

1926 жылы Баку қаласында өткен Бүкілодақтық Бірінші Түркологиялық съезде түркі халықтарының латын графикасын қабылдау мәселесі ғана сөз болмады. Түркі тілдерінің тарихы, әдебиеті, емле мәселелерімен бірге түркі тілдерін оқыту мәселесі де қаралды. Бұл жөнінде А.Байтұрсынұлы «Түрікшілер құрылтайы» мақаласында құрылтайда қаралған мәселелерді атай келіп, профессор Щербаның «Ана тілін үйрету әдісіндегі жаңа ағымдар», Епенді-заданың «Түрік тілін оқыту әдістері» тақырыптарында баяндама жасағандарын сөз етеді [2, 411]. Әдістеме ғылымы, яғни, қазақ тілін оқыту әдістемесі лингвистикамен байланысты. Қазіргі уақытта лингвистика ғылымында тіл, негізінен екі парадигмада зерттелініп жүргені белгілі. Біріншісі – құрылымдық, екіншісі – антропоцентристік парадигма. Қазақ тілінің мұғалімі білім берудің мазмұнына сәйкес лингвистика ғылымындағы ғылыми анықтамалар мен ұғымдарды, терминдерді, ғылыми мәліметтерді жүйелі меңгеруі тиіс. Бұл ғылыми анықтамалар мен ережелерді білім алушыларға жаттап оқытпай, негізгі грамматикалық тұлғалардың формасы мен мазмұнын меңгерту мақсаты іске асырылады. Соңғы уақытқа дейін тіл ғылымындағы білімдерді оқулыққа енгізу, оны білім алушы санасына жеткізуде құрылымдық жүйе негізге алынды. Оқулық авторлары тіл ғылымындағы «ішкі лингвистика» бағытын ұстанып, тілдің құрылымдық моделі тілдік тұлғаға берілетін білімнің негізгі мазмұны болып есептелінді. Қазақ тілінде сөйлейтін халық, ұлт, тілдік тұлға, коммуникативтік тұлға, мұғалім, оқушы «сыртқы лингвистика» ретінде аталып, екінші кезекте қарастырылды.

Қазақ тілін оқыту тәжірибесінде қолданған жалқылау, жалпылау, дыбысты әдіс, әңгімелесу, жүйелеу, талдау, жаттау, жинақтау, салыстыру, баяндау, сұрақ-жауап, сұхбат т.б. негізгі әдістері сыни тұрғыдан ойлауға үйретуде қазіргі тілді оқыту әдістемесінде интерактивті әдістер қатарында қолданылып келеді.

А.Байтұрсыновтың «Тіл тағылымы» кітабындағы «Қазақша алифба» оқу құралына арналған бөлімінде М әрпіне байланысты 24 мысал берілген.

Ал Орынбор қаласынан 1914 жылы жарық көрген «Ахмет Байтұрсуновдың қазақша алифбеси» оқу құралы түпнұсқасында М әрпіне байланысты 18 мысал берілген. Салыстырмалы түрде қарастырсақ, «Тіл тағылымы» кітабындағы «Қазақша алифба» оқу құралы мен 1914 жылы жарық көрген «Ахмет Байтұрсуновдың қазақша алифбеси» оқу құралы түпнұсқасындағы М әрпіне мысалдар берілуінде біршама өзгешеліктер бар: Алма Мас Там Алмас Маса Тама Алмақ Масақ Тамақ Мық Мол Шам Мұз Молы Шама Мұрт Молық Шамалы Мал, малы, малшы, тамыр, тамыз, құм, құман, құмақ, марқа, малта, мақта, мақбал, марал, жұмсақ. Мыс, мысты, мысқа, мысық, қамыс, таныс. Мал аман. Мас жаман. Тамшы тамар. Малта ашшы. Алтын салмақты. Мамық жұмсақ. Сырмақ қатты. Балық қармақ қабар.

Жалпы алғанда, А.Байтұрсынұлының оқу құралында берілген мысалдардан дауысты және дауыссыз дыбыстар сәйкестігі, фузиялық өзгешеліктер, протеза, архисема, диссимиляция тіркесі көрініс табады. «Оқу құралында А.Байтұрсынұлы жоғарыда аталған сөздерді мысалға ала отырып, нені айтқысы келген?» деген сауалға жауап беретін болсам, дауысты және дауыссыз дыбыстар сәйкестігі заңдылығын негізге ала отырып, сөздердің үйренушіге жеңіл жолмен түсіндірілуіне де назар аударған. Сөздерді буындап бөліп үйренген соң, сөздің әр буынындағы дыбыстарды айырып, тұтас сөздің ішіндегі дыбыстарды білген соң, дыбыстарды қосып сөз айтуды үйрету үшін әуелі дыбыстарды емес, сөздің буындарын бөлек-бөлек айтып, оларды қосқызып сөз айтқызу жөн болып табылғандықтан, үйретуге жеңіл де қолайлы етіп, архисемасы бір сөздерді мысал етіп алған. Сонымен қатар малта ашшы сөзіндегі ашшы сөзін ш аффрикатымен беру арқылы қазақ халқының таза сөйлеу процесі, қазақ халқының табиғаты мен түпсаналық деңгейдегі дүниетанымын қалыптастыру мақсатында берілген мысалдар негізінде ұлттық дүниетанымды қалыптастыру негізге алынған.

XX ғасырдың басында ұлттық тіл білімінің дамуы мен қалыптасуында маңызды орын алатын алаш зиялыларының сан салалы еңбектері қазақ халқының рухани-мәдени өрлеуіне зор ықпал жасады. Олар сол кезеңдегі кеңестік жүйенің адуынды саясатына қарамастан, қазақ лингвистикасының ғылыми дамып, қалыптасуына айтарлықтай үлес қосты. «Қазақ тіл білімінің атасы» саналатын А.Байтұрсынов сынды ұлы оқымысты бастаған қазақ тілтанымы айналасы он-он бес жыл көлемінде тіліміздің дыбыстық жүйесі, сөздік қоры мен құрамы, әдеби тілі, грамматикасы, оқыту әдістемесі, терминологиясына қатысты өздерінің көзқарастарын білдіріп, келешек саналы ұрпаққа сүбелі еңбектері мен ғылыми зерттеулерін қалдырды. Осындай бай мұраға ие болған тілші-ғалымдар уақыт өте келе аталған еңбектердің әділ бағасын берері анық. Бұл туралы алаштанушы Е.Тілешев былай деп ой қорытады: «Алаш зиялылары қалыптастырған зиялы қауым өкілдерінің ана тіліміз – қазақ тіліне арналған еңбектері, тіл жолындағы күрестері сол дәуірдің тарихи мәні бар деректері ғана емес, сонымен бірге өміршең дәстүр қалыптастырар тағылымды мұра болуымен де құнды. Алаш зиялыларының тіл төңірегіндегі еңбектерінің алуандығы осы ұлт азаматтарының ізденімпаздығы мен білімпаздығын байқатады».

Ғалымның ойын ары қарай сабақтар болсақ, алаш зиялыларының қазақ тіл білімінде салған сара жолын төмендегідей жіктеуге болады:

- 1) қазақ тіл білімінің ғылыми негізін жасады;
- 2) қазақтілді ұлттық баспасөзді қалыптастырды;
- 3) тілдің қоғамдық-әлеуметтік, танымдық мәнін айқындады;
- 4) қазақтың жазба әдебиетін қалыптастырды;
- 5) қазақ тіл білімінде аударма теориясының негізін жасады;

б) қазақ терминологиясының ғылыми негізін жасады;

7) ресми-іскери құжаттар стилін қалыптастырды.

Осы тұрғыдан алғанда, мен өз мақаламда негізінен алаш зиялыларының тілтанымдық ой пікірлері мен көзқарастарын сараптауды көздедім.

Алаш зиялылары ХХ ғасырдың басында ұлт тәуелсіздігі мәселесін көтере отырып, ұлттың рухани, әлеуметтік, саяси, мәдени өркендеуіндегі асыл қазынасының бірі – тіл екенін жете түсінді. Олар сол рухани байлығымызды, яғни, ана тілімізді сақтау, дамыту, қолданыс аясын кеңейту міндеттерін алға тарта отырып, қазақ тілінің жоғын жоқтап, оның қоғамдық, әлеуметтік мәртебесіне айрықша мән берді. Олардың тіліміз туралы айтқан тұжырымдары мен пікірлері қазақ тілтанымның қалыптасуына түрткі болды. Өз еңбектерінде олар тіліміз туралы алғашқы танымдық тұжырымдар жасап, осы тіл арқылы бірде қоғамтану, бірде елтану, бірде адамзаттану міндеттерін шешіп, осы ғылыми еңбектерінде жалпы құрғақ сипаттама, жалаң шолудан гөрі тіл біліміндегі өзекті мәселелерді тереңінен түсінді.

Мысалы, А.Байтұрсынов «Тіл – құрал» деген қағиданы басшылыққа ала отырып, оған тек құрылымдық бірлік ретінде ғана қарамай, тіл табиғатын түсіндірудің амалдарын іздестіріп, оны адамзат болмысының өзіндік бір бөлшегі ретінде қарастырады. Оның қолданған сөздері мен сөйлемдері, ол түрлеген қазақ терминологиясы қазақ тілінің төл табиғатынан шығып, ұлттық таным-түсінікті, ұлттық ойлаудың деңгейін қалыптастырды. Қазақ сөзінің қасиетін, табиғатын танытуға тырысқан ғалым тіл туралы былай дейді: «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедағы адамдар тілінен айырылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық түсер еді». Осылайша ой қорытқан ұлт ұстазы тілдің қоғамды, әлемді танудағы асыл қасиеті туралы да мынандай ой түйіндейді: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шамақадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек».

А.Байтұрсыновтың тілтанымдық ойларын қолдаған қоғам қайраткері қазақ тілінің мұң-мұқтажын жоқтап, мәртебесін көтеруді көздеді. Ол өзінің мақалаларында тіл саясатын күн тәртібінің ең басты мәселесі етіп алып, газет тілін қазақыландыруды, емле мәселесін ізгілендіруді, жазушылардың тілін қазақша сындыруды баса айтты. Сол себепті «қазақ тілін іске асырып, қазақ әдебиетін күшейтеміз» десек, мынадай кемшіліктерден арылуымыз керек деп көрсетті.

Олар: 1) дыбыс жүйесі жағынан болатын кемшілік;

2) сөз жүйесі жағынан болатын кемшілік;

3) сөйлем жүйесі жағынан болатын кемшілік;

4) жалпы 172 кемшілік, яғни, «қазақ тілінде жазамын, қазақ тілінде сөйлеймін» деген тұлғаның бойында ниеті болуы керек.

Тіл адамзаттың тек қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар дүниені тану құралы екендігін А.Байтұрсынұлы: «Тіл – құрал», «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі», – деген дәйекті тұжырымдармен түсіндіреді. Ғалым еңбектерінде адам айналадағы табиғатты бақылап, түйсік арқылы сезініп, қабылдап, ойлап, пайымдап, ойын тіл арқылы жарыққа өзіндік танымы, түсінігі аясында білдіретіндігін айтады.

Әлемнің тілдік бейнесінің бірінші қызметін А.Байтұрсынұлы «тысқы ғалам турасындағы сөз», яғни, «тысқы ғалам бейнесінің» тіл арқылы көрінуі деп түсіндіреді. Ал екінші қызметтің орны мен мәнін А.Байтұрсынұлының «ғылым дегеніміз – дүниені, яғни, табиғатты дұрыс тану, ғылым жоқ болса, дүниені тану дұрыс болмайды» деген пікірінен аңғаруға болады. Ғалым әлемнің ғылыми бейнесі де тілдік тәсілдер арқылы жарыққа шығатынын меңзейді. «Дүниені дұрыс танымаған соң, дүние турасындағы мағлұмат жиысатын сана-саңлауы дұрыс болмаған соң табиғаттың күшін, ісін, қасиетін бұрынғылар

теріс танып, теріс әуезе қылған», – деп, әлемнің ғылыми бейнесі де тілге тікелей қатысты екендігін айтады.

А.Байтұрсынұлы сөз өнерін: «Ақыл ісі – аңдау, яғни, нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни, ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату бернелеу, суреттеп ойлау: көңіл ісі – түю, талғау» – деп, барлық танымдық әрекетке сипаттама береді. Мұнда ғалым «ақыл ісі аңдау» деп «адамның қоршаған ортадағы құбылыстар мен заттарды бақылап, түйсік арқылы қабылдап, сезініп, санасында бейнелеп, елестетіп, ол заттар мен құбылыстарды ұғу» деп түсіндіреді. Себебі Қ.Жарықбаев зерттеулерінде зейінді «адам санасының белгілі бір затқа бағыттала тұрақталуын көрсететін құбылыс» ретінде сипаттайды: «Зейін дегеніміз – айналадағы объектілердің ішінен керектісін бөліп алып, соған психикалық әрекетімізді тұрақтата алу».

А.Байтұрсынұлы зейіннің тілге қатысын «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде: «Қара сөзден адам тек ұғым алады», – деп, ғалым ұғымды сипатына қарай «ес ұғымы» және «іс ұғымы» деп екіге бөледі. «Ес ұғымының арқасында дүниедегі нәрселердің бәрін, затын, заңын, сырын, сипатын, мүддесін, мұратын танимыз» «Іс ұғымы арқасында табиғат ісін, күшін, нәрселерін қалай пайдаланатын жолын білеміз», – деп, ұғымның қалыптасуы тікелей зейінге байланысты екенін айтады. «Адамның зейіні бүтін ғаламды тануға жұмсалып, дүниедегі бар нәрсенің барлығын, яки, бар деп ұйғарылған нәрсенің бар-жоқтығын танып, белгілі бір қарарға келгенде, адамға бір үлкен ұғым пайда болады».

А.Байтұрсынұлы тілдің міндетін адам ақылымен байланыстырып, «ақыл ісі – ...нәрселердің жайын ұғу, тану», – деп, тілдің ақыл, дүниені қабылдау мәселесімен тығыз байланыстылығын көрсетеді. Тілдегі таным адамның заттар мен құбылыстарды тануы арқылы, оларға атау беріп, белгілеріне қарай атаулары да ұқсас келеді. Тануды психологиялық тұрғыда Қ.Жарықбаев былай түсіндіреді: «Тану – қайта жаңғыртудың қарапайым түрі. Тану – бұрын қабылдаған және қайтадан кезіккенде көрінетін ес процесі. Тану адамдардың қабылдау саласындағы ерекшеліктеріне қарай түрлі дәрежеде көрінеді. Объектіні дұрыс тану үшін адамның көзі төселіп үйренген, өмір тәжірибесі мол, бақылағыш болуы шарт».

А.Байтұрсынұлы «көңіл ісі» деп адамдардың рухани өміріндегі қуаныш, үрейлену, таң қалу, ұят, т.с.с. түрлі уайымдарды қамтитын адамның эмоциясын, ал «түю» деп адамның мінез-құлқын меңгере алу қабілетін меңзейді. Адамның мінез-құлқын меңгере алу қабілеті танымдық әрекеттің бірі – ерік. «Ерік» деп адамның өзінің психикасы мен қылықтарын саналы басқару қабілетінен көрінетін қасиетті атайды». Сонымен, ғалым: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау» – деген тіл мен ойлау, ақпаратты қабылдау және пайымдау жайында көзқарасын білдіреді. Демек, ғалым қабылдау, ойлау, тану, пайымдау, түсіну әрекеттерінің адам санасының тіл болмысымен байланысындағы басты қызмет атқаратындығын көрсетеді.

А.Байтұрсынұлы тіл таразысында тартылып, ой-санасында таңбаланып қалған мол қазынаны халық танымына сәйкес термин жасау арқылы сөздік қорға қайта енгізіп, ғылыми айналымға ұсынып дәйектейді. Ол терминдердің кейбіреулері ғана стильдік өзгеріске түскені болмаса, тілдің дыбыс жүйесі, сөз жүйесі, сөйлем жүйесі және жазу мәселесі салаларының терминдерінің негізін құрап, барлық қазақ тілі оқулықтарында тұрақты орын алғаны белгілі. А.Байтұрсынұлы байырғы сөздерден термин жасауға болатын терминжасамдағы ұстанымын өз үлгісі арқылы көрсеткен, терминдерді ана тіліміздің сөздік қорынан алған. А.Байтұрсынұлы және алаш зиялылары шетел терминдерін қабылдауға қарсы болмаған. Тілде баламасы жоқ жағдайда шетел терминдерін қабылдауға болатынын ескере келіп, шетел терминдерін қазақ тілінің дыбыстық заңдарына сәйкестендіріп алу керек деп санаған. Алаш оқығандарының жат сөздер және пән сөздері деген атаулары терминдік ұғымдардың ішкі мәнін айқындай түседі. А.Байтұрсынұлы жасаған терминдер бүгінгі таңға дейін маңыздылығын жоймай, әр терминге артылған атаулық мағына мәндік қызметін атқарып келеді.

Әдебиеттер:

1. Имаханбет Р.С. Ахмет Байтұрсынұлы: ғұмырбаяндық деректер. «Алаштың Ахметі»: Респ. Ғыл.-тәж. конф. Материалдары.-Қарағанды: «TENGRİ Ltd», 2013.-382 б.
2. Нұрпейісұлы К. Ғасыр басындағы ұлттық интеллигенция. // Егемен Қазақстан. 1997 ж. 5 желтоқсан. –3-5 бб.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. — Алматы: «Атамұра», 2002. — 768 б.
4. Нұрпейісов. К Алаш һәм Алашорда. — Алматы «Ататек» 1995- 256 б.
5. Омарбеков Т. Қателескен Ленин бе, жоқ әлде қазақ зиялылары ма? // Егемен Қазақстан, 1991. 26
6. Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. Алматы: Қазақ университеті, 2004.-388 б.
7. Е.Қажыбек, Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, жүйелеу және насихаттау, Алматы, 2017,-151-154 б.
8. Е.Қажыбек, Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, жүйелеу және насихаттау, Алматы, 2017,-164-167 б.
9. Е.Қажыбек, Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, жүйелеу және насихаттау, Алматы, 2017,-171-175 б.

ӘДЕБИ ЖӘНЕ ТІЛДІК МҰРАМЫЗДАҒЫ АЛАШ ІЗІ

*Қыдыргалиева Ж. О., қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагогика ғылымының магистрі*

Ә. Бөкейханов атындағы BINOM SCHOOL мектебі, Астана қаласы

Қазақ жазба әдебиетінің ұлттық тарихындағы ерекше жылдар тізбегінде Алаш қозғалысы дәуірінің алар орны зор. Алаш зиялыларының саяси және рухани күресіндегі негізгі мақсат, орасан міндет, ол ұлтымызды ұйыстыру, сол арқылы елдігімізді айқындау десек, онда осындай ұланғайыр сауапты істің аясында ана тілімізді сақтау мәселесі тұрды. Алаш қайраткерлерінің қай-қайсы да тілдің саяси, қоғамдық һәм рухани үлкен күш, ұлтты біріктіруші қуатты құбылыс екендігін жақсы сезінді. Сондықтан да Алаш сияқты аса ірі қозғалыстың рухани тінінде қазақ тілі мәселесі ерекше орынға ие болды. Алаш партиясы құрылған тұста Бірінші жалпықазақ сиезі жөнінде «Қазақ» газетіне жарияланған сүйінші мақалада «Партия ұраны десек, бабамыздың «Алаш» ұранынан артық ұранды іздесек те таба алмаймыз. Сүйтіп қазақ саяси партиясының атын «Алаш» қою ойлап әуре болмастан ауызға түсіп отыр» - делінген. Алаш қайраткерлерінің қай-қайсы да тілдің саяси, қоғамдық һәм рухани үлкен күш, ұлтты біріктіруші қуатты құбылыс екендігін жақсы сезінді. Сондықтан да Алаш сияқты аса ірі қозғалыстың рухани тінінде қазақ тілі мәселесі ерекше орынға ие болды. Ұлт-азаттық күрес заманы қалыптастырған зиялылардың ана тілімізге арналған еңбектері, тіл жолындағы алуан күрестері – бүгінгі өзі де азат, тілі де азат күнге жеткен қазақ баласына тағылымды мұра, өміршең өсиет. Алаш зиялыларының тіл төңірегіндегі еңбектерінің алуандығы – олардың ұлт тағдырындағы тілдің төтенше маңызын әрі терең, әрі жан-жақты түсінгендігін аңғартады. Соған орай, Алаштың тілдік мұрасын сан тарапты құбылыс деп бағалай келе, оны бірнеше аспектіде сипаттауға болады.

Қазақ тіл білімі ғылымының негізін қалап, сан ғасырлық тарихын түбін қопара зерттеп, оның қалыптасуына сара жол салды. Қазақ тіл білімінің өзекті проблемалары, арнаулы салалары Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Міржақып Дулатов, Телжан Шонанұлы, Елдес Омарұлы, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Қошке Кемеңгерұлы, Құдайберген Жұбанұлы, Мұхтар Әуезов, Әлімхан Ермековтің оқу құралдары мен мақалаларында түбегейлі дәйектелді. Олардың қазақ тіл білімі тарихындағы орнын 1924 жылы Орынборда өткен тұңғыш съезд айқындап берді. Осы тарихи маңызы жоғары алқалы жиында сөз сөйлеген А.Байтұрсынұлы, Е.Омарұлы, Н.Төрөкұлұлының баяндамалары,

Т.Шонанұлы, М.Дулатұлы, Х.Досмұхамедұлының сөйлеген сөздері, білдірген пікірлері тілтану ғылымы мәселелерін шешуде алаштық азаматтардың өзіндік қайталанбас рөлін аңғартқанына тарих дәлел. Бұл жиында басты назар әліпби, емле тақырыптарына аударылғанымен, тіліміздің болашағына қатысты ойлардың туындауына әкелді. Қазақ тілінің ұлттық мәртебесін көтеру басты назарда тұрды. Қазақ тілінің әліпбиін жасап, емлесін түзумен бірге Алаш зиялылары тіл тазалығы, тіл мәдениеті жолында күрескерлік танытты. М.Дулатұлының «Қазақ тілінің мұңы», Х.Досмұхамедұлының «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы», Н.Төрекұлұлының «Ауропа сөздері» деп аталатын еңбектерінде тіліміздің орфоэпиялық, орфографиялық нормаларының сақталуы, басқа тілдердің әсері, тіл табиғатының сақталуы, т.с.с мәселелер айтылып, ғылыми еңбектердің тууына ықпал етті.

XX ғасырда ұлт тәуелсіздігі жолында күрескен Алаш арыстары ұлттың саяси ұйысуындағы, рухани-мәдени өрлеуіндегі тілдің айшықты рөлін байыптады. Демек, біз бұдан тілді дамыту, қолданыс аясын кеңейту деген мәселелер күні бүгін пайда болмағанын аңғарамыз. Алаш қозғалысының үні болған «Қазақ» газетінің ең алғашқы сандарының бірінде А.Байтұрсынұлы «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» деп ұлттық рухтың, болмыстың негізі де, арқауы да тіл екенін алғаш аңғартты [2]. Өз ана тілінде сөйлеу, тілін білу ұлттық іргелі мәселе екенін Алаш зиялылары бізге мұра етті.

Тілдің қоғамдық-әлеуметтік мәнін, ұлт өркендеуіндегі орнын айқындап, қазақ руханиятындағы маңызына алғаш баға берді. Алаш қозғалысының белсенді қатысушыларының бірі, көрнекті ақын, педагог-ғалым М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» деп аталатын іргелі еңбегіндегі «Тіл», «Тілдің адам өміріндегі һәм ұлт өміріндегі орны» деген мақалаларында бірқатар өрісті ойларды қозғайды. Ақынның «Қазақ тілі» деген өлеңі де идея тереңдігімен айрықша орынға ие болды. «Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу. Ұлт тілінің кеми бастауы ұлттың құри бастағандығын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат ешнәрсе болмасқа тиісті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады» деуі тіл мәселесіне салғырт қарамау керек деген ойдан туындағанын аңдаймыз. Ал «Мектеп қай тілде болу керек?» деген ойлы сауалмен көптің назарын аудартқан Қошке Кемеңгерұлы өз мақаласында ұлт мектептері, ұлт мәдениеті деген мәселені көтерді. Егер орта мектепте оқу орыс тілінде болса, бізден еш уақытта жеткілікті оқытушы шықпайды. Және басқа түрік ұлттары орта мектебін өз тілінде жүргізіп жатқанда қазақтың өз алдына ауа жайылуы қисынсыз. Орта мектеп орыс тілінде жүрсе қазақ тілінде кітап басылудың қажеті болмай қалатындығын ескертті. «Тілші қайдан шығады?» деген сауалға да: «Тілші елді жан-тәнімен сүйген кісі болу керек. Елді сүймесе, өз ісіне қатынасы жоқ қиянаттардан тартыншақ болады. Елді сүйген тілші елдің ел болуын арман қылады» дей келе тілші сөзінің қазақтың өз тілімен жазылуын, ел тілімен жазылуын және емлемен жазылуын шегелеп айтқан. Әліпби мәселесіне қатысты қазір ескерілмей жатқан көп мәселенің басын да осы ел оқығандарының тұжырымынан бір түйін шығармасқа болмас. [3] Мәселен, Х.Досмұхамедұлының «Жат сөздерді қолданғанда тіліміздің заңымен өзгертіп, тілімізге ылайықтап алу керек. Жат сөзді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деуге болады» деген сөзі – жаңа әліпби түзуде қаперге алынатын басты қағидаттардың бірегейі. Ал М.Дулатұлы «Қазақ тілінің сарфы» деген мақаласында А.Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» еңбегіне талдау жасай келе, «тілімізді қанша сақтасақ, ұлтымызды да сонша сақтаған боламыз» деген кемел ойын білдіреді. Қазақ тілінің, оның ішінде халық тілінің, әдеби тілдің, тіл қолданысының мәселелері М.Әуезовтің ғылыми мұрасынан да ерекше орын алады. «Ана тілі, әдебиетін сүйіндер!» деп мықты азаматтық ұстанымды басшылыққа алған ол: «Кімде кім ана тілін, әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды» деп бір-ақ ауыз сөзбен түйіндеген. [4] Ұғына білген адамға ойлы сөздер.

Қазақ тілді баспасөзді қалыптастыра отырып, әдеби тілдің публицистикалық жанрын тудырды. Қазақ баспасөзі Қазақстан Республикасының мемлекет болып қалыптасуында зор

міндет атқаратын құралдардың бірі. Еліміздегі баспасөз құралдарының, бұқаралық ақпарат көздерінің дамуының қалыптасуын зерттеуде Ә.Кекілбай, Х.Бекхожин, Б.Кенжебаев, Б.Әбілқасымов, С.Исаев және т.б. ғалымдардың еңбектері айтарлықтай үлес қосты. Сонымен бірге қазақ баспасөзінің көрнекті өкілі, ғалым Ахмет Байтұрсынұлының тілдік тұлғасы алыс-жақын шетелдік ғалымдарды да бей-жай қалдырмады. Атап айтатын болсақ, Орталық Азия тілдерін саяси-әлеуметтік қырынан зерттеуші АҚШ ғалымы У.Фиерман (W.Fierman) «Language and Education in Post Soviet Kazakhstan: Kazakh Medium Instruction in Urban Schools» деп аталатын еңбегінде қазақ баспасөзі мен тілінің пост-кеңестік жағдайда дамуына талдау жасады. Ғалым Х.Янковски (H.Jankowski) өз еңбектерінде Қазақстандағы ұлттық тіл білімінің дамуын зерттей келе, түркітану ілімдеріне арналған ғылыми журналдағы «Baytursinuli's Works on the Kazakh Language – an Attempt at Assessment» мақаласында қазақтың маңдайына біткен ұлы ғалымы Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің дамуына, қазақ әдеби тілі мен баспасөз тіліне қосқан үлесі туралы баса айтады. Баспасөзге қоғамдық-саяси өмірде маңызды рөл берілді. 1913-1918 жылдар аралығында Орынборда шыққан «Қазақ» газетінің ұлттық коммуникацияның, халықты түлетудің, оның рөлін сезінудің ауызшашысы болуға шақыруы тегін емес. Редакциядағы жұмысқа ұлт зиялыларының көрнекті өкілдері тартылды. «Қазақ» газетінің саяси бағыты реформаторлық ұлттық партияның талаптарына сай болды. Оның басты мәселесі – қазақ халқының мәдени өрлеуі, ең бастысы – ұлттық тіл мен әдебиеттің дамуы, прогресс, білім, мәдениет, ғылым мәселелерін қамтыды. Газет беттерінде мектептегі оқу-тәрбие мәселелері, саяси-экономикалық өмірдегі оқиғалар туралы материалдар жарияланып, әдебиет пен өнер мәселелері қамтылды. Газетте Әлихан Бөкейхановтың фольклорға, Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілі мен қазақ әдебиетіне қатысты ғылыми зерттеулері жарияланды. Сонымен қатар өткен ғасыр басында-ақ Қошқе Кемеңгерұлы: «Әлиханның қазақ еліне сіңірген тарихи қызметі: әдеби тіл тууына себеп болды», деп жазыпты. Біздің бұл мәселеге ден қоюымызға да Қ.Кемеңгерұлының осы пікірі басты себеп болды. Неге? Өйткені, Қ.Кемеңгерұлы – «Қазақша-орысша тілмаш» (Мәскеу, 1925) тәрізді ғасыр басында жарық көрген едәуір көлемді сөздіктің редакторы болған, «Грамматика казахского языка» (1927) сынды еуропалықтарға арналған оқу құралының және «Жаурапалықтарға арналған оқу құралы» (1-кітабы. Ташкент, 1928; 2-кітабы. Қызылорда, 1929) кітаптарының авторы, тіл мәселесіне арналған «Қотыр сөздер», «Жат тілді оқыту әдісі», «Мектеп қай тілде болу керек?» «Қазақша ай аттары», «Дұрыс па? Бұрыс па?» және басқа да бірқатар мақалалар жазған, тілдің жайын жақсы білген алаш оқымыстысы. XX ғасыр басындағы қазақ тіл білімінің дамуына елеулі үлес қосқан, есімі Ахаңнан кейін аталуға тиіс делініп жүрген Алаш білімпазы. Ахаңнан бастап тіл мәселесін зерттеген замандастарының еңбектерімен жақсы таныс, өзі де солардың қатарында болған білімпаз мұндай пікірді жайдан-жай айта салмасы анық. Сондықтан сол кезеңде өмір сүріп, Алаш мүддесі үшін Әлихан Бөкейханмен қатар еңбек еткен білікті ғалымның пікіріне ерекше мән беру қай жағынан алып қарасақ та негізсіз емес. Ендеше: «Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан қазақтың әдеби тілінің тууына қалай себеп болды?» деген сұраққа жауап іздеп көрелік. Тарихымыздың XX ғасыр басындағы кезеңін Алаш көсемі Әлихансыз елестету мүмкін емес. Өйткені, ол осы кезеңдегі қазақтың тарих көшінің бағыт-бағдарын белгілеп, ел мен жер, тіл мен діл тағдыры, дін мен дәстүр тұтастығын сақтау үшін жұрт жұмысының жауапкершілігін мойнына жүктеп, басын бәйгеге тіккен тарихи тұлға. Иә, бұл кезеңде елге адал қызмет еткен ұлт зиялыларының әрқайсысының тарихымыздағы өзіндік орны, ұлтымыздың оянуына, өркендеуіне сіңірген зор еңбегі бар. Ол айдан анық. Алайда, солардың арасында қайсар мінез, табанды қайраткерлік болмысымен, саяси күрескерлік рухының биіктігімен және жан-жақты білімділігімен, бүтін бір елдің тағдыры мен оның алдыңғы қатарлы зиялы қауымын қалыптастыру, азаттық үшін бірігіп күресу жолында көшбасшылық қасиетімен ерекшеленіп, дараланып тұрған ең көрнекті тұлға – Әлихан. Мемлекет тізгінін ұстаған, ұлт көшін бастаған көшбасшылар мен көсемдердің сол қоғамға, сол халықтың өмір-тағдырына ілгерінді-кейінді ықпалы да зор болатынына адамзат тарихынан мыңдаған мысал табылады. Әлихан қазақ халқының XX ғасыр басындағы көшбасшысы, аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері,

ірі саясаткер. Ал тіл – кез келген мемлекеттің ішкі бірлігі мен сыртқы қарым-қатынасында, ұлттың тұтастығы мен мәдени дамуында негізгі рөл атқаратын басты құрал және баға жетпес рухани қазына. Қазаққа адал қызмет етуді өмірінің мәні санаған, өзі айтпақшы «Жұрт ісін түс көрмей, ояу жүріп іздеген» Әлихандай ірі қайраткер, сұңғыла саясаткер мұны жақсы білген. Сондықтан да, ол Алаш қозғалысының көсемі, Алашорда үкіметінің төрағасы ретінде де, мектепті, училище мен институтты тәмамдап, толық әрі жүйелі білім алған өз заманының ең алдыңғы қатарлы, озық ойлы ұлт зиялысы ретінде де тілдің рөлін терең сезінген. Тіл қадірін, қазақ тілінің қасиетін білмейтін адам «Анық түрік затты халық тілі – біздің қазақ тілі» деген сөзді айта ма? Академик Кеңес Нұрпейісұлы атап көрсеткендей, Әлихан Бөкейхан халқымыздың саяси көсемі. Бір халықтың саяси көсемінің елдің ішкі саясатының ең өзекті мәселесі тілге, тіл саясатына мән бермеуі, оны назардан тыс қалдыруы мүмкін емес еді. Дәлірек айтқанда, ол өзінің саяси жолының алғашқы қадамынан бастап қазақ тілінің ісқағаз жүргізу, сот пен тергеу, білім беру тілі болуын күн тәртібіне қойған, ресми органдардан талап еткен саясаткер. Алаш ардақтысының өмір жолымен, соңында қалдырған мұрасымен танысқан кез келген көзіқарақты жан оның ұлттың тұрмыс-салты мен мәдениетін, тілі мен әдебиетін жақсы білген, бұл рухани құндылықтардың қадір-қасиетін, халық өмірінде алатын орнын терең пайымдай алған өресі биік, зияткер мемлекет қайраткері екеніне көз жеткізеді. Ол Абай мұрасын айрықша қадірлеп, өзі мұрындық болып кітабын шығарды. Алаш қайраткерлерінің ғылыми еңбектері, оқу құралдары арқылы ғылыми стиль, ғылыми-көпшілік стиль компоненттері орныға бастады. Алаш оқымыстыларының ғылыми және ғылыми-танымдық еңбектері, әр салаларға арналған оқулықтары арқылы тіліміздің ғылыми және ғылыми-көпшілік стильдерін қалыптастырды. Айталық, Ә.Бөкейханның тарих, фольклортану, әлеуметтану саласындағы ғылыми шығармалары, А.Байтұрсынұлының 1912 жылдан бастап 1928-1929 жылдарға дейін жазылып жарияланған оқулықтары, оқу құралдары, ғылыми мақалалары, Х.Досмұхамедұлының медицина, биология, тілтану саласындағы ғылыми еңбектері, М.Тынышпаевтың тарихи зерттеулері, М.Дулатовтың тілтану, әдебиеттану, математика саласындағы ғылыми шығармашылығы, Ж.Аймауытовтың психология, әдебиеттану саласындағы ғылыми ізденістері, М.Жұмабаевтың педагогика, әдебиеттану саласындағы еңбектері, Т.Шонанұлының тілтану, әдістемеге арналған оқу құралдары мен зерттеулері, сондай-ақ Ә.Ермековтің, М.Тұрғанбаевтың, Е.Омарұлының, С.Асфендияровтың, М.Бұралқиевтың, Қ.Кемеңгерұлының, С.Сәдуақасовтың ғылыми еңбектері ғылым тілінің, қазақтың ғылыми терминологиясының қалыптасуында айрықша белес болды. Қазақ тілінің әліпбиін, емлесін жасаумен, ішкі заңдылықтарын ғылыми дәйектеумен бірге Алаш зиялылары тіліміздің тазалығы, мәдениеті үшін де күресті. Мысалы, ғылым тілін қалыптастыруға қосқан Ә.Бөкейхан үлесінің бірі ол жасаған терминдер. Аударған оқулықтары мен ғылыми еңбектерінен оның қаламынан туындаған көптеген терминдерді кездестіруге болады. Мәселен, Қыр баласы аударған К.Фламарионның «Астрономия әліпбиі» Мәскеудегі Кеңес Одағындағы халықтардың Кіндік баспасынан 1924 жылы жарық көрді. Осы еңбекте айдың жартылай тұтылысы – частное затмение луны, айдың толық тұтылысы – полное затмение луны, аспан кеңдігі – небесное пространство, аспан тасы – аэролит, ауыспалы жұлдыздар – переменные звезды, жер белбеуі, белбеу – экватор, бұлтшық – облачко, егіз жұлдыздар – двойные звезды, жанартау – вулкан, жантайма – наклон (земной оси), жердің білегі – ось земли, Х.Досмұхамедұлының «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы», М.Дулатовтың «Қазақ тілінің мұны», Н.Төрөқұлұлының «Ауропа сөздері» т.б. еңбектерде тіліміздің орфоэпиялық, орфографиялық нормаларының сақталуы, басқа тілдердің әсері, тіл табиғатының бұзылмауы, сөзжасам т.с.с. мәселелер айтылып, қазақ тілінің табиғи болмысын сақтау, тіл тазалығы, сөз мәдениеті тақырыбында бүгінде өзектілігін жоймаған ойлар өрістетілді. Алаш оқымыстылары бастаған осы ғылыми дәстүр совет тұсында қанша масұқталғанымен, бәрібір қазақтың ғылыми алқабына себілген дән болып көктеп шықты, өз жемісін берді, бүгінгі бізге де қуатты құнар болуда. Олардың термин жасаудағы қағидаттары, қазақ тілінің бай мүмкіндіктерін қолдану әдістері мен дағдылары қазіргі қазақ терминологиясының мектебі іспетті. [5] Алаш санаткерлері

қалыптастырған осы терминологиялық қор, біздің ойымызша, ғылыми тұрғыдан қорытылу қажет, соған орай оның қағидаттары мен тұжырымдары осы саладағы барлық мамандарға жеткізілуі тиісті.

Одан бөлек көркем аудармамен бірге ғылыми, публицистикалық, саяси-әлеуметтік еңбектерді аударып отырып, олар жалпы қазақ аудармасының негізін жасады. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Қ.Кемеңгерұлы және тағы басқалар жасаған көркем аудармалар, Х.Досмұхамедұлы, Ж.Аймауытов, Т.Шонанұлы және тағы басқа қаламгерлер жасаған ғылыми аудармалар, сондай-ақ әлеуметтану, саясаттану, философия салаларында орындалған аудармалар, әлбетте, саны жағынан да, түрі жағынан да өзіне дейінгі кезеңдерге қарағанда әжептеуір өсу болатын.

Алаш қозғалысы тұсында ресми құжаттар стилі қалыптастырылды. Алаш қозғалысының барысында, негізінен алғанда, облыстық қазақ комитеттерінің, Алаш партиясының құрылуы тұсында, Бірінші, Екінші жалпықазақ сиездері кезінде, Алашорда үкіметінің қызмет етуі кезеңінде тіліміздегі ресми-іскери стильді қалыптастыра бастады. Алаш автономиясы құрылып, Алашорда үкіметі оның облыстардағы, уездердегі комитеттерінің жұмыс атқару шағында аталған стильдің сандаған үлгілері пайда болғаны белгілі. Бұл қазақ тілінің мемлекеттің тілі болуының алғашқы үлгісі еді. Қазақ тілінің мемлекеттік деңгейде болуына большевиктік биліктің бастапқы жылдарында да Алаш бастаған Алаш қайраткерлері зор ықпал еткені тарихтан белгілі.

XX ғасырда қазақтың азаматтық тарихында ең ұлы идея қайсы десек, ол Алаш идеясы деп жауап беруге болады. Бүгінде қазақтың елдігі мен тұтастығын аңсаған Алаш қайраткерлерінің идеясы іске асты. Ол ұлы істі жалғаушы ұлт зиялыларының үлесіндегі жауапты іс болды деп білеміз.

Тіл – ұлттың жаны. Тексіздік тілсіздіктен басталады. Тіл – елшінің-қаруы, ойдың шындығы. Ұлттың, тұлғаның, таланттың, әр пенденің рухынан қасиетті және мәңгілік ештеңе жоқ. Дүниенің тұтқасы да сол рух. Ал рух еркіндігінің көрінісі рухани мәдениетінен, өнерінен, әдебиетінен, оның тілінен байқалмақ. Ұлылар қалдырған тілімізді ұмыт қылмай оны әлемдік тілге айналдырып ұрпаққа табыстау уақыт пен біздің еншімізде.

Әдебиеттер :

- 1.Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш.-Алматы: Атамұра, 2003.
- 2.Құдайбердіұлы Ш. Иманым.-А., 2008.
- 3.Елім деп соққан жүрек /Құраст. Күзембаева В.Қ. А., 2002.
- 4.Қойгелдиев М. Ол ақырғы деміне дейін адал болды. //Аңыз адам.-2011.
- 5.Кемеңгерұлы Қошкеш Қазақ тарихынан.-Астана, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ типографиясы, 2015.

КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ ШЫЛАУЛАРДЫҢ СТИЛЬДІК ҚЫЗМЕТІ

Мухаметжанова К.М., «Филология» кафедрасының магистранты,

«Торайғыров университеті», Павлодар қ.

Ғылыми жетекші, ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор Карипжанова А. О.

«Торайғыров университеті», Павлодар қ.

Шылаулардың стилистикалық қызметі жөнінде Д. Әлкебаева: «Басқа сөз таптары сияқты шылаулар да функционалдық стильдердің әрқайсында атқаратын стильдік қызметімен айрықша орын алады. Шылаулардың әрбір қолданысында оның нәзік қырлары арқылы аңғарылатын стильдік белгі, әр түрлі әсерлілік пен сезім сырларын бере алады. ...Шылаулар ауызекі сөйлеу стилінің қолданысында алуан түрлі стильдік бояумен құлпырып кетеді.

Мысалы, да шылауы, солай де шылауының астарында көп мағыналы үнмен айтылғанда көп астарлы ойдың түрлі мақсат әрекеттері көрініп отырады», –деп жазады [1, 180 б.].

Да, де, та, те жалғаулық шылаулары эмоциялық процесті, оған қатысты түрлі іс-әрекет пен құбылысты даралап көрсетумен бірге жұмсалым үстінде түрлі жағымды, жағымсыз реңктерді де білдіре алады. Мысалы, *Соның бірі де, Әзиевтердің Сәмбет байғұсқа жақпақ болған қара күйесі де* (С. Мұратбеков).

Эмоциялық мән үстей алатын шылаулардың бірі – демеулік шылаулар сөздерді де, сөйлемдерді де байланыстырмайды, тек өзі тіркескен сөзге қосымша мағына үстейді.

Ма/ме, ба/бе, па/пе сұраулық демеуліктері есім сөздерге, етістікке, үстеуге тіркесіп қолданылады.

Сұраулық демеуліктердің негізгі қызметі сұраулық мағына беру болғанымен олар қолданыста ренжу, өкпелеу, жақтыртпау, қарсы келу, келіспеу, сенімділік, үміттену, менсінбеу, қомсыну, көңілі толмау, сенбеу, иланбау, еске салу т.б. да эмоционалдық реңктерді бере алады. Мысалы, *Бөкен мен апасы келген кезде басын көтеріп көзін аларта бір қарады да, жақтырмағанын білдіріп тісінің арасынан сыздықтата шырт дегізіп түкіріп қойды. –Автобуспен-ақ бармай ма,–деп күңк ете қалған* (С.Мұратбеков).

Сұраулық демеуліктер арқылы тамсану, таң қалу реңктері де беріледі. Мысалы, *Қатындар: –Құдай берейін десе қиын ба? – деп тамсанысты. «Құтты болсын» айтты* (Ж. Аймауытов). Кекесін мәнін беру мақсатында қолданылуы: *Тігетін кестесі қалып бара ма?* (Ж. Аймауытов).

Нақтылау мәнді **-қой/ғой** демеуліктері тіркескен сөздеріне нақтылау, тұжырымдау мағынасын үстеумен қатар сөйлеушінің айтылып отырған іс-әрекетке, құбылысқа деген бағасын, көзқарасын, эмоциясын да білдіреді. Мысалы, *Көкбайдың машинаны қалай айдайтыны белгілі ғой* (С. Мұратбеков) деген сөйлемдегі ғой демеулігі айтушының бұрыннан белгілі әдетті, іс-әрекетті нақтылап, тұжырымдауымен қатар, бұл іс-әрекетті оның жақтыртпай отырғандығын да, оған деген өзінің жағымсыз бағасын да білдіріп тұр. *Ақбілек өзгеше еді ғой* (Ж. Аймауытов) деген сөйлемде ғой демеулігі арқылы Ақбілекке деген жағымды баға, жағымды эмоция, аңсау, сағыну, тамсану, еске алу реңтері берілген.

Күшейткіш мәнді **-ақ, -ау, -ай**, әсіресе, **да/де, та/те** демеуліктері айтылған ойға күшейту мәнін қосу үшін қолданылады. Мысалы, – *Суығын-айей! У-у... –деп қойды* (С. Мұратбеков). *–Қарағым-ай!–деп Әмір кемсеңдеп құшағын жайды* (Ж. Аймауытов).

Бұл демеуліктердің айтылған ойға күшейту мәнін қосу, айтушының жағымды немесе жағымсыз эмоциясын көрсету, істеліп жатқан іс-әрекетке, құбылысқа, айтылған сөзге баға беру т.б. да қызметтерін төменде келтіріген сөйлемдерден де байқауға болады.

Мысалы, *Дәл ауылда өз үйінде отырғандай-ақ, сел-сел терлеп, орамалымен маңдайын сүртіп қояды* (С. Мұратбеков) –жақтыртпау, жағымсыз баға беру.

-ау демеулігі есім, етістік, одағай сөздермен тіркесіп қуану, ренжу, күйіну, күмандану, ерегесу сияқты түрлі эмоциялық реңк үстейді.

Мысалы, *Әй, осы біздің Көкбай да географияны білмейді-ау* (С. Мұратбеков).

Шектеу мәнді **-ғана/қана**, тек, ақ демеуліктері тіркескен сөздеріне шек қойып тежеу мағынасын үстеу үшін қолданылады. – ақ демеулігі күшейту, шектеу мағынасымен қоса сөйлемде көсемшенің – й формасы жалғанған болымсыз етістік+ақ+қой түрінде қолданылған кезде жағымсыз/жағымды эмоцияны да білдіреді.

Мысалы, *Сара он екіге шығып, ұзын көйлек киіп, бұрымын артына селтитіп өріп қоятын балған екен. Ақбілек оған: – Сен қыз болмай-ақ қой. Басыңды биттетпе! –деп шашын алдыртып тастады* (Ж. Аймауытов).

Қорыта келгенде, шылаулар сөйлеуші мен тыңдаушы үшін аса зор маңызға ие кейбір өте нәзік эмоционалды реңктерді білдіру мүмкіндігін қамтамасыз ете алады.

Көркем мәтіндегі шылаулардың стильдік қызметіне назар салар болсақ:

- күшейтуші мағыналық реңк жамайды - *«Тағы да елі есіне түсті. Тағы да елге қайтқысы келді» (230-бет)*

-ойды әсерлі жеткізу үшін жұмсалады:

Шай ішкенде Ақбілектің қасына отырмай дастарқанның ана басына, анасының орнына, ақсақалдың қасына отырды. Астына төрт қабаттап көрпе де салып алыпты.

Ақбілек екі бауырымен дастарқанның бұ жақ шетінде қалды. Үш бала бір жақ, ана қатын да бір жақ секілді көрінді (290-бет). Ақбілектің көзімен берілген көріністі суреттейді. Көрпе де салып алынды. Сөйлемдегі де шылауы өгей шешенің бұл қылығын Ақбілектің ұнатпағандығын, әрі өгей шешенің бірден билеп төсегендігін білдіреді, де шылауын алып тастасақ, бұл әсерді аңғара алмас едік. Шебер жазушы шылау арқылы оқырман назарын негізгі ойға аударады.

Шылаулар прозада көп жағдайда сөйлемнің бірыңғай мүшелерін жалғастыруда қолданылады, ал құрмалас сөйлемнің сабақтас түрі де, салалас түрі де көбінесе жалғаулықсыз келеді. *Қазы тілгенде, шұжық бүйен қарта қылғанда, мүше бұзғанда, Өрік өзі де қақайып қарап отыратын болды. Негұрлым Өрік қытымыр, құнтақты болған сайын, соғұрлым қатындар да ерегісіп, ұрламайтынды ұрлауға айналды. Бұрынғыдай емес, малышы, құлшы да шөміштен қысым көрді. Есепке кірмей, емін-еркін тиетін ішек-қарын, өкпе, көтен, мойындар да қылға тізілді. Өрік ас салуға да шеберлік көрсетті. Бұрын соғым сойған күні бәйбіше марқұм ауылдың кісілерін шақырып, жылы-жұмсағын асып, бір тойғызушы еді, биыл ол да болмады. Сөйтіп Өрік бір жақ ауыл бір жақ болуға айналды. Мұнда да шылауы белгілі стильдік қызмет атқарып, айтылған сөздің әсерін күшейтіп қосымша мағыналық реңк беру үшін тартылған. Өріктің мінез-ерекшелігін ашуға қызмет еткен. Өрік ас салуға да шеберлік көрсетті - дегенде кекесін мағына беру үшін қызмет етеді. Мәтіндегі да, де шылуын алып тастасақ, Өрік мінезі толық ашылмайды, онда Өрік пысық, қолынан бәрі келетін жақсы кейіпкер болып шыға келеді.*

«Япырмай, орысша оқыр ма еді! Әбділда перуатиіктердей болар ма еді ... Олардың арманы бар ма екен» деген ойлар еді оның басын қатырған. Қартқожа осы ойларды көп ойлайтын болды. Көк құнанына мініп әжесінің сәлемдемесін артына бөктеріп, апасына бара жатқанда да осыны ойлады, қайтқанда да осыны ойлады, бұзауға барса да, тезек терсе де, осыны ойлайтын болды. Әбділда тілмәш оның түсіне де кіретін болды. Түсінде бұ да бір орыспен орышаласып, жеңіп кетті. Қалаға да, барды, қорықпай көп орыстың арасында да жүрді (Ж.А., 29).

Мәтіндегі *да, де*, шылауы - Қартқожаның оқуға деген құштарлығын күшейтетін элемент, әрі үдетпелік қасиетке де ие.

Бірде, біресе жалғаулықтары қайталанып келіп, қимыл әрекеттің, сан – сапаның, құбылыстың алма-кезек орындалып отыратындығын көрсетеді

Мысалы: *Қартқожаның есі шығып кетті, біресе үйге, біресе атына жүгіріп, қамшысын таба алмай сасқалақтады, жан дәрмен күйі атына міне сала жөнелді (120-бет). Қартқожаның сол сәттегі күйін нақты бейнелейді.*

Әр жазушы өмір сүрген кезеңдегі халықтық ауызекі тілін де қолданады, Ж.Аймауытұлы да қарапайым тілмен өз ойын жеткізіп қана қоймай оқырманын баурап ала білді. Жазушы жалпы халықтық тілдегі эмоционалды-экспрессивті сөздерді кейіпкерлер тілінде жиі жұмсайды. Қаламгер кейіпкерлерді сөйлету арқылы тыныс – тіршіліктерінен, өмірге деген көзқарастарынан, мінез-құлықтарынан хабар береді. Кейіпкер тілі арқылы оның образы әр қырынан көрсетіледі. Адамның ішкі дүниесінде борлып жатқан құбылыстарды оның бет-жүзінде бейнелеуі, әрі мұнда юморды сәтті қолдана білуі Жүсіпбек Аймауытовтың шынында да хас шебер екенін дәлелдейді. Мысалы, Құлтуманың ашуланғанын автор оның бет-бейнесіндегі өзгерістермен жеткізеді. Ал енді *«Құлтума бұ жолы қомпайған тұмсығын жинастырып, сабасына түсіріп, пышағының майын бармақтарымен сыпырып жалап, тізесінің астына қойды да, Жұматайдың қолындағы шоқпытты шетінен тартып, икемсіз қара қайыс қолын үйкей берді..»* деген үзіндіде автор Құлтуманың ашуының қайтуын *«қомпайған тұмсығын жинастырып»* деп беруінен көреміз.

Күйеуі Сұлушаитың ұрын келді,

Қисайып жаман тымаққырын келді, дегендей Күнікейдің күйеуі бір күні салша жетіп келді. Қасында үш-төрт жолдасы бар. О да ауылға келмей, анадай жерге түсіп, атын ұстап отырды. Не дегенмен «Шауып келді» алуға балалар да жүгірісті Қараша үйдің қыз-қырқындары да барып, қастерлеген боп ертіп әкеліп, «алтын босаға» аттатты.

Тымағының төбесіне селтiтiп үкi де қадап апты. Көк ала шытпен тыстаған қоңыр елтирi тымағын көзiне түсiре киiп, танауы кержиiп, о да келiп, ақ шымылдықтың iшiне кiрдi.» Бұл үзiндiнi толық алуымыздағы мақсатымыз да шылауының ерекше қызметiн таныту. Әр сөйлемде бұл шылауды қолдана отырып, Ж.Аймауытов Тұяқты күйеу болып келуiн қомсынады. Әрi да, де шылаулары Тұяқты әжуалауға қызмет атқарып тұр. Бұл ретте автор Тұяқтың тымағын сәттi деталь ретiнде қолданады.

Сонымен, жазушы шылауларға стильдiк жүк артып, сол арқылы оқырманға тигiзер әсердi күшейту үшiн, кейiпкердiң ой-түйiндерiн беру үшiн, жазушының эмоциясын бiлдiру үшiн айтылған ойға түрлi эмоциялық, экспрессивтiк сипат бередi.

Әдебиет:

1. Әлкебаева Д. Қазақ тiлiнiң прагмастистикасы. – Алматы: Қазақ университетi, 2008. – 255 б.

М.ӘУЕЗОВ – ҒАСЫРДЫҢ ҰЛЫ ЖАЗУШЫСЫ

*Өмiрбекова Н.С., жетекшi қызметкер
Абайдың мемлекеттiк тарихи-мәдени және
әдеби-мемориалдық музей-қорығы
Семей қаласы*

Мұхтар Әуезов әлем таныған ғұлама ғалым Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының академигi, Абайтану ғылымының негiзiн салушы өмiрiнiң барлық саласының түп-тұңғыығына терең бойлаған қазақ халқының ғасырда бiр туатын ұлы перзенттерiнiң бiрi. Ол көркем әдебиеттiң барлық саласына қалам тербеп, көркемдiгi кемел туындылар жазды. Поэзия үлгiсiндегi дәстүрлi қазақ әдебиетi ХХ ғасырда М.Әуезовтiң кең құлашты роман-эпопеясы арқылы әлемдiк әдебиеттiң биiк шыңына шығып, дүние жүзiне танылды.

Туған халқының тарихын көркем сөзбен шынайы бейнелеген және сол биiктен танылған жазушы М.Әуезовтiң қаламынан шыққан көркем шығармалар бүгiнгi қазақ халқының асыл қазынасы.

Жазушылық қызметiнiң алғашқы жылдарында жазылған «Еңлiк-Кебек» драмасы мен «Қорғансыздың күнi», «Ескiлiк көлеңкесiнде», «Көксерек», «Қыр әңгiмелерi», «Қыр суреттерi», «Жетiм», «Қараш-қараш», «Қаралы сұлу» т.б. сияқты қазақ даласының ұлттық тұрмыс-тiршiлiгiн шынайы бейнеленген әңгiмелер арқылы-ақ ол өзiнiң зор дарын иесi екендiгiн танытты. Қазақ әңгiмесiнiң деңгейiн әлемдiк биiк дәрежеге көтердi.

Мұхтар Әуезовтiң есiмi қазақ халқының соңғы ғасырдағы мәдени, әдеби тарихымен тiкелей байланысты. 1926 жылы қазақтың тұңғыш театры өзiнiң саханасын «Еңлiк-Кебек» пьесасымен ашты. Оның қаламынан туған «Еңлiк-Кебек», «Бәйбiше-тоқал», «Қаракөз», «Түнгi сарын», «Айман-Шолпан», «Қарақыпшақ Қобланды», «Абай» т.б. көптеген драмалық туындылары ұзақ уақыт қазақ театрларының сахнасынан түспей, негiзгi репертуарын құрады. М.Әуезов пьесаларының көпшiлiгi қазақ театр өнерiнiң классикалық туындыларына айналды.

Қазақ ауылын асқан сүйiспеншiлiкпен терең жырлаған М.Әуезов тума дарындылығымен қатар өзi өмiр сүрген дәуiрдiң трагедиялық жағын да танытып кеттi. Ол – жарқын публицист, танымал очеркист, талантты драматург.

М.Әуезовтiң әр алуан тақырыптағы туындыларынан қоғам, кезең шындықтары, өмiр-уақыт тынысы терең сезiледi. Ең бастысы, проза жанрында жазушының жаңа тақырыпқа барлау жасап қана қоймай, сонымен қатар шығармашылық жаңа шешiмге қадам басатыны да байқалады. Сол арқылы ол төңкерiске дейiнгi және онан кейiнгi кездегi қым-қиғаш тарихи оқиғаларды жеке кiсi жасайтын әрекет арқылы буырқанған дәуiрдiң көкейкестi мәселесiн көркем туындыға арқау ете бiлдi. Бұл тұрғыдан келген М.Әуезов өз шығармасында да ескi

өмірдің қиындығын көрсете отырып жаңа заман өзгерісін дұрыс байқата алған. Ұлы жазушының туындыларының ерекше бір болмысы – өмір шындығын көрсетудегі түр жасай білуінде. Әр шығармасында түрліше баяндау мәнері бөлектеніп, орасан бір міндетті атқарып отырады. Сол оқиға арқылы оқырманды еріксіз ынталандырып, қызықтырады. Бұл амал – тәсіл шығармадан шығармаға бұрынғысынан да бетер шыңдалып, шымырланып жетіле дамып, сөз өрнегі зерделеніп, нұрлана, сұлулана түседі. Оны тамсана оқып, сүйсіне қарап, қазақтың ойлау, сөйлеу пайымына таң қаласың! Өзің айтып, жеткізе алмағаныңды заңғар жазушы тілімен өрнектеп жеткізеді.

Жиырмамыншы ғасырға дейін қазақтың халық әдебиетінде драматургияға өзек болатын мол қазына жиналды. Осы байлықты игерген қаламгер – М.Әуезов. Ол халық әдебиетінен нәр алды. Қазақ тұрмысындағы сауық түрлері, қыз ұзату салтанаты, алтыбақан ойындары тұңғыш драмаға енгізілді. М.Әуезов көп ұлтты театрда істеген. Осы тәжірибе оған сахна сырын жете үйретті. Жазушының қаламынан 30-дан аса драмалық шығарма туды. Жеке пьесалардың варианттарын қоссақ, 50-ден асады.

Қазақтың ойшыл-гуманисі Абайдың өмірі мен қызметі жайлы жазу арқылы қазақ халқының өмірлік энциклопедиясын әлем әдебиетіне танымал етті. Өзі де шексіз даңққа бөленді. Ол көшпенділер тарихын шебер суреттеуі нәтижесінде өзін де Абай өмір кешкен дәуірдің заңды жалғасы етіп көрсете білді.

«Абай жолы» – ақынның аса құнды да, асыл мұрасының орасан бай қазынасы, қазақтың тұңғыш эпопеясы, сонымен қатар ХХ ғасырдағы ең үздік шығармаларының бірі. Үздік шығармаға айналған «Абай жолы» М.Әуезовтің бас кітабына айналды. Туған халқынан мәңгілік мұра болғандай ғасырлық туынды сыйлау тек ұлылардың ғана үлесіне тиген. Солардың бірі – Мұхтар Омарханұлы Әуезов. Ол өзінің осынау шығармасын жазып үлгеріп кетті. Жазушының үлкен бақыты да осы еді. Ол «Абай жолы» арқылы отандастарына, тіпті қазақтардың өзіне «қазақ» дегеннің кім екенін танытты. Қазақ халқының ұлылығын оның өткен өмірін, тарихының түбегейлі кезеңдерін, қазақ мінезі қалыптасқан дәуірлерді ғажайып көркемдікпен жарқыратып ашып, жан-жақты айқындап, терең түсіндіріп берді.

Қазақ халқының қазақ екендігін дүние жүзіне «Абай жолы» арқылы танытқан Мұхтар Әуезов «Абай жолы – халық жолы» екендігін түсіндірді. Романда Абайдың ел-жұрты, қоғамдық ортасы, әлеуметтік қоршауы, дәуірі, заманы туралы жазылған. Абай – Әуезов қолындағы шамшырақ. Әуезов сол шамшырақты қолына ұстап, Абай жолы туралы көп жазған.

М.Әуезов замана талабын дұрыс түсінген үлкен ойшыл жазушы. Оның әр жылдарда, әр түрлі жағдайларға байланысты сөйлеген сөздері, жазылған көркем шығармалары мен зерттеулері терең ойларға толы. Олар бір мақала емес, сандаған монографиялық еңбектерге арқау болар дүниелер.

Жазушы Лениндік сыйлық алғанға дейін соңынан бір елі қалмаған қаһарлы қадағалау астында жүріп, ұлт мерейін ғасырлар бойы үстем етер өлмес шығармалар жазып қалдырған!

М.Әуезов әлемі тек әдебиеттану тарихында ғана есімі аталып қоймау керек, қазақ ұлтының заңғар жазушысының есімі бүкіл қазақ халқының ғұмырымен тағдырлас есім. Қазақ ұлтының тіл байлығын, оның ойлау ғылымылығын дәлелдеген суретші туралы ғасырдан – ғасырға жалғас тауып, айтыла беретін, зерттеле беретін, ұлт алдында үлгі болатын алып тұлға.

Мұхтар Әуезов өзінің ғажайып таланты, асқан еңбекқорлығы арқасында халқына қалтқысыз қызмет етті, көркем сөздің шыңына шығып, соңына мәңгі өлмес мұра қалдырды.

Әдебиеттер:

1. М.Әуезов энциклопедиясы. – Алматы, «Атамұра» баспасы, 2011
2. Жұртбай Т. Алаш идеясы. Астана. 2008
3. Әкімов Т. Даналық мәйегі. – Алматы: Ана тілі, 1997
4. Мұхамедханов Қ. Ұлы ұстаз, қамқор аға. Абай журналы. 2 – 2004
5. М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі. – Алматы: Ғылым, 1997

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ ЖӘНЕ ҰЛТ ТІЛІ

Тоқтасынова Ұ. М.

«М.О Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» ҚМҚК

Ғылыми жетекші: Мукышева С. А.

«М.О Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» ҚМҚК

Сөзі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады

- Ахмет Байтұрсынұлы

Алаш зиялыларының саяси және рухани күресіндегі негізгі мақсат, орасан міндет, ол ұлтымызды ұйыстыру, сол арқылы елдігімізді айқындау десек, онда осындай ұланғайыр сауапты істің аясында ана тілімізді сақтау мәселесі тұрды. Алаш қайраткерлерінің қай-қайсы да тілдің саяси, қоғамдық һәм рухани үлкен күш, ұлтты біріктіруші қуатты құбылыс екендігін жақсы сезінді. Сондықтан да Алаш сияқты аса ірі қозғалыстың рухани тінінде қазақ тілі мәселесі ерекше орынға ие болды.

Алаш зиялыларының саяси және рухани күресіндегі негізгі мақсат, орасан міндет, ол ұлтымызды ұйыстыру, сол арқылы елдігімізді айқындау десек, онда осындай ұланғайыр сауапты істің аясында ана тілімізді сақтау мәселесі тұрды. Алаш қайраткерлерінің қай-қайсы да тілдің саяси, қоғамдық һәм рухани үлкен күш, ұлтты біріктіруші қуатты құбылыс екендігін жақсы сезінді. Сондықтан да Алаш сияқты аса ірі қозғалыстың рухани тінінде қазақ тілі мәселесі ерекше орынға ие болды. Ұлт-азаттық күрес заманы қалыптастырған зиялылардың ана тілімізге арналған еңбектері, тіл жолындағы алуан күрестері – бүгінгі өзі де азат, тілі де азат күнге жеткен қазақ баласына тағылымды мұра, өміршең өсиет. Алаш зиялыларының тіл төңірегіндегі еңбектерінің алуандығы – олардың ұлт тағдырындағы тілдің төтенше маңызын әрі терең, әрі жан-жақты түсінгендігін аңғартады. Соған орай, Алаштың тілдік мұрасын сан тарапты құбылыс деп бағалай келе, оны бірнеше аспектіде сипаттаудың бірқатар мүмкіндіктерін талқыламақпын.



Біріншіден, Алаш азаматтары қазақ ғылымының төлбасы әрі арналы саласы ретінде ең алғаш болып тілтану ғылымының іргетасын қалады. Оның себебіне үңілсек, онда Алаш қайраткерлерінің барлық ұлттық ерекшеліктердің ішінен халықтың болмысын, өткені мен бүгінін танытарлық тіл сияқты ең көрнекті құбылысты таңдауы аса қисынды еді. Қандай ғылым болса да, әлбетте, белгілі бір қолданбалы, жүзелік сипаттан өрістейді. Осы тұрғыдан келгенде, Ахаңның тіл саласындағы еңбектері, кейінірек жазылған Халел Досмұхамедұлының, Телжан Шонанұлының, Елдес Омарұлының еңбектері алдымен оқытуға, білім беруге арналған дүниелер болатын. Айталық, Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы», «Тіл құралы», Телжан Шонанұлының, Елдес Омарұлының оқу-әдістемелік мақалалары осыны аңғартады. Әсіресе, тіліміздің жазу үлгісінің, емлесінің қалыптасуындағы Алаш зиялыларының орны алабөтен. Алаш оқымыстыларының қазақ тіл білімі тарихындағы орнын 1924 жылы Орынбор қаласында өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі де байқатты. Осы алқалы, тарихи жағынан маңызды ғылыми жиындағы А.Байтұрсынұлының, Е.Омарұлының, Н.Төрөқұлұлының баяндамалары, Т.Шонанұлының, М.Дулатовтың, Х.Досмұхамедұлының, М.Тұрғанбайұлының, М.Саматұлының сөйлеген сөздері, ой-пікірлері

тілтану ғылымының күрделі мәселелерін шешуде алаштықтардың қаншалықты үлкен еңбек сіңіргендіктерін қаншалықты эрудициясы мен интуициясы бай тұлғалар екендіктерін айғақтады. Осы сиезде, негізінен, әліпби, жазу ережелері тақырыптары баса көтерілгенімен, олар тілдің сан алуан мәселелері төңірегінде сөз қозғауға өрісті ой тудырды. Осындай білімпаздар сиезі, біздің пайымдауымызша, бүгін де қажет сияқты. Себебі емледе болсын, терминологияда болсын, ономастика саласында болсын тілші ғалымдармен бірге басқа ғылым саласы өкілдерімен бірге ақылдасып ортақ уәжге келерлік мәселелер баршылық. Алаш оқымыстылары қалыптастырған қазақ тіл білімі Аханның, Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми-тілдік мектебін қалыптастырды. Бұл мектеп ілгеріде есімдері аталған тілтанушыларды өсірді, бұдан кейінгі кезеңде Аханның көзін көрген өнегесін алған қаншама ғалымдар қалыптасса, совет заманындағы қазақ тіл білімі де Аханның ізімен жүрді, оның атын атай алмаса да, еңбектерін пайдаланды. Енді тәуелсіздік алған заманда тағы да Ахан өзінің ұстаздық мінберіне барша тұлғасымен көтерілді.

Екіншіден, Алаш қаламгерлері XIX ғасырдың ортасында алғашқы белгілері байқалған ұлттық жазба әдебиетімізді жанрлық жағынан да, стильдік тұрғыдан да қалыптастырды, анағұрлым байытты. Бастапқыда Шортанбай Қанайұлы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Әбубәкір Кердері және тағы да басқа исламдық ағартушылық ағымның өкілдері шығармашылығында, сәл кейінірек тұтастай түрде Ыбырай Алтынсарин, Абай өнернамасында қалыптаса бастаған жазба әдебиетінің көркемдік, стильдік, жалпы тілдік белгілерін іргелендірді. А.Байтұрсынұлы, Ғ.Қараш, М.Дулатов, С.Торайғыров, Б.Серкебаев шығармаларындағы жазба реалистік дәстүр, М.Жұмабаев, Б.Күлеев поэзиясындағы романтикалық жазба дәстүр мәдениетті жазба әдебиетінің қалыптасқандығын байқатса, Ж.Аймауытов, М.Әуезовтердің көркем прозасы классикалық жазба әдебиетінің зор үлгілері болды. Әңгіме, повесть, роман, поэма, баллада, драма сияқты жанрлардың түгенденуі де ұлттық жазба әдебиетіміздің қалыптасу кезеңінен даму биігіне қарышты қадам жасағандығын әйгіледі. Қазіргі кезде ғалымдар тарапынан «Алаш әдебиеті», «Алаш ұранды әдебиет» делініп жүрген әдебиет идеялық жағынан да, тақырыптық жағынан да, тілдік-стильдік жағынан да, жанрлық жағынан да, бейнелілік жағынан да ауызша дамыған сөз өнеріміздің жазба әдебиетке тән деңгейге көтерілуіне өлшеусіз үлес қосты. Бұл тіліміздің бойындағы мүмкіндіктерді барынша көрсетуге, көркем әдебиет стилінің дамуына жағдай жасады. Алаш әдебиеті арқылы ұлттық сөз өнеріміз жаңа деңгейге жетіп, тіліміздің байлығы мен оралымдылығының, мағыналылығының, әлеуетінің мүмкіндіктері мол екендігін паш етті. Сайып келгенде, Алаш қозғалысының өзі сол қаламгерлердің шығармашылық жолын айқындады. М.Жұмабаев, Ж.аймауытов, М.Әуезов сияқты ұлы қаламгерлердің қалыптасуына шешуші ықпал етті. Бұған қоса Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы мақалаларынан басталып, «Әдебиет танытқышқа», «Әдебиет тарихына» ұласқан әдебиеттану ғылымының қалыптасуы да Алаш қаламгерлерінің жазба әдебиетімізді дамытқанын, ғылыми-эстетикалық тілдің де негізін қалағандығын дәлелдеді. Қалам ұстаған Алаш азаматтарының әдеби тілімізге жасаған осы тарихи еңбегі қазақ тілінің кейінгі өрістеу жолдарын айқындаған өнегелі, өміршең дәстүр болды. Жазба әдебиетіміздің тарихындағы алаштық кезеңді зерттеуде қазақ лексикасының зор мүмкіндіктерін айқындайтын мысалдар жеткілікті. Сөз қолдану, ұғымды беру, тың сөз тіркестерін жасау, бейнелілік тудыру, тілдің стильдік мүмкіндіктерін ашу, құбылысты суреттеу – олардың ұлттық ойлаудың биігіне жеткендігін, сондай-ақ Шығыс пен Батыстың рухани игіліктерін ізденгіштікпен зерделегенін байқатады. Алаш қайраткерлері мен қаламгерлерінің бұл жоралы жолы із-түссіз кеткен жоқ. Оның тамаша дәстүрлері өзінен соңғы советшіл әдебиеттен көрініс тауып жатты. Алаш әдебиетінің рухы Мұхтар Әуезов сияқты данышпан жазушының қаламына қанат бітірді, осы рух Бауыржан Момышұлын, Ілияс Есенберлинді, Мұхтар Мағауинды тағы да қаншама қазақтың ұлыларын, ұлтты сүю мен ұлтқа қызмет етудің жоралы дәстүріне баулыды.

Үшіншіден, Алаш зиялылары XX ғасырдың басында ұлт тәуелсіздігі мәселесін көтере отырып, ұлттың рухани-мәдени өрлеуіндегі, саяси ұйысуындағы асыл қазынаның бірегейі тіл екендігін байыптады. Сөйтіп, олар тілді сақтау, дамыту, қолданыс аясын кеңейту міндеттерін

көтере келе, қазақ тілінің саяси, қоғамдық, әлеуметтік мәртебесіне ерекше мән берді. Бұл алаштықтар тарапынан тілдің саяси, әлеуметтік маңызын, ұлттың тұтасуы мен өркендеуіндегі орнын сезініп, оған тұңғыш рет берілген толымды баға болатын. Бұл да тәлімі тарихи деуге татитын Алаштың орасан өнегесі болатын. Ресей отаршылдығының саяси, әскери қысымын ғана емес, рухани өктемдігін сезген, көрген Алаш зиялылары тілді, ұлтты сақтап қаларлық қуатты құрал деп қарады, бағалады, соған риясыз қызмет етті. Хандық мемлекет тұсында тіл билік пен шешендіктің, көсемдіктің, өнебойы отаршылдықта өткен XIX ғасырда қарсылық пен сынның құралы болса, Алаш қозғалысы тұсында тілге ең алғаш рет ұлтты тұтастырушылық ірі қызмет жүктелді. Яғни, қазақ тілі қалың ел, ордалы жұрттың тілі ретінде сақталу керек, сақтала тұрып ұлттың ұлттығын да сақтауы тиісті деп бағаланды. А.Байтұрсынұлы *«Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл»*-деп ұлттық рухтың, болмыстың негізі де, арқауы да, тіл екендігін алғаш аңғартты. Ахаңның осы сөзіне орайлас пікірлерді Алаш зиялыларының көпшілігі білдірді. Айталық, Ғұмар Қараштың: *«Тіл сақтауға мүмкін болғанда, тіл сақталуға тиіс. Біз тілімізді қанша сақтасақ, ұлтымызды да сонша сақтаған боламыз»*, Мұстафа Шоқайдың: *«Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тіл. Кешегі Ресей тіліміздің дамуына жол бермеді. Ол кезде біздің ұлттық басылымдар шығару құқығымыз жоқ болатын»*, Халел Досмұхамедұлының: *«Ана тілін жақсы біліп тұрып бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйініш; ана тілін білмей тұрып бөтенше сөйлесең, бұл – күйініш. Өз тілін білмей тұрып, жат тілге еліктей беруі зор қате. Бұл оқығандардың һәм оқушылардың есінен шықпауы керек»*, Мағжан Жұмабаевтың: *«Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу»* дегендері біздің заманымызға үндес, өзекті пікірлер. Егер біздің тіліміз егемен елдің, дербес мемлекеттің мемлекеттік тілі екендігін, осы мәртебелі тіліміздің өзінің тұғырына толық қонбай жатқанын ескерсек, Алаш зиялылары өсиетінің бағасы да, маңызы да еселеп артатындығына деп қоямыз. Бұл бағыттағы өрісті ойлардың сілемі қалын оқырман қауымға әлі де мәлім бола қоймаған Ғ.Қараштың «Ұлт һәм туған ел», М.Тұрғынбаевтың «Қазақ тілін іске асыру» мақалаларынан айрықша аңғарылады. Ұлттық руханияттың өзегі ана тіл екендігін рухани-мәдени тарихымызда алғаш білдіргендер алаштықтар болды. Олар ана тілін ұлт болмысының басты бөлшегі ретінде қарастырып, әсіресе, жас ұрпақ тәрбиесінде оның алатын орнына да ерекше назар аударды. Сондықтан да өз ана тілінде сөйлеу, тілін білу – ұлттық іргелі мәселе екендігін Алаш зиялылары сол кезеңнің өзінде-ақ жақсы ұғынғаны олардың еңбектерінен бедерлене байқалып жүрді. Бұл орайда тағы да бір мәселені айта кеткеніміз жөн. Қазіргі кезде ана тіліміз – қазақ тілі туралы әдеби шығармалар өрісті тақырыптардың біріне айналып отырса, олардың алғашқы үлгілерін дүниеге келтірген де Алаш қаламгерлері болатын. А.Байтұрсынұлының «Туған тілім», М.Жұмабаевтың «Қазақ тілі», С.Торайғыровтың «Туған тіліме» өлеңдері – жалпы қазақ әдебиетіндегі тіл тақырыбында жазылған тұңғыш көркем туындылар еді. Алаш қайраткерлерінің тіл турасындағы осы көкейкесті ойлары, рухани күресі азаттық алған бүгінгі қазаққа да жолбасшылық етуде.

Төртіншіден, Алаш қозғалысы тұсында шын мәніндегі ұлттық мазмұндағы қазақ баспасөзі қалыптасты. Бұл құбылыс тиісінше әдеби тіліміздің көсемсөз жанрын дүниеге әкелді. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Ғұмар Қараш, Міржақып Дулатов, Сұлтанмахмұт Торайғыров және тағы да басқа Алаш қаламгерлерінің XX ғасырдың алғашқы жылдарындағы публицистикалық еңбектерін тізбелемегеннің өзінде, «Қазақ» газеті сияқты ұлттың ұлы басылымының өзі публицистикалық стильдің, жалпы әдеби тілдің қалыптасуына өлшеусіз мол үлес қосты. «Қазақ» газеті бетінде жарияланған алуан материалдар сол кезеңнің тынысын, қозғалыстың барысын ғана куәландырып қоймай, сонымен бірге әдеби тіліміздің де өсу, тармақтану қарқынын аңғартты. Бұл газет ұлт көсемсөзінің ғана емес, тіліміздің маржан қорының қойнауында өнген әдебиетіміздің де, сонысымен тіліміздің де айшықтыкөркемдігін, бай бейнелілігін ашты. Сондықтан да заңғар Әуезов: *«Жазба әдебиетте Абайдан соң аты аталатын – «Қазақ» газеті. «Қазақ» газетінің мезгілі*

әдебиетке ұлтшылдық туын көтерген мезгілімен тұстас. Ол уақыт қазақ жұрты 1905-ші жылдың өзгерісін өткізіп, ел дертінің себебін ұғып, емін біліп, енді қазақты оятып, күшін бір жерге жиып, патша саясатына қарсылық ойлап, құрғақ уайымнан да, бос сөзден де іске қарай аяқ басамыз деп, талап қыла бастаған уақытына келеді» деген еді /2,350/. Ұлттың мүддесін үндеген «Қазақ» газетінің өзі де, аңғарар болсақ, әдеби тілдік жағынан жылдан жылға өскені байқалады. Әсіресе, газет бетіндегі әдеби тіл тармақтарының саралана көрінуі, қазақ тілінің бай мүмкіндіктерінің тараулана байқалуы газеттің 1917 жылғы сандарынан айрықша көрініс береді. М.Дулатовтың «Тарихи жыл» мақаласы, Ә.Бөкейханның «Қазақ сиезі», «Алаштың талапты азаматына», редакцияның «Алаш партиясы» және тағы да басқа публицистикалық туындыларда ұлт баспасөзі деңгейінің артқандығы, публицистикалық стильдің ширағандығы кеңінен сезіледі. Алаштың рухани көсемі Аханның еңбегімен, жігерімен дүниеге келген «Қазақ» газетімен бірге, Түркістан көсемі Мұстафа Шоқай шығарған «Бірлік туы» және Алаштың астанасы Семей қаласында Райымжан Мәрсекев, Халел Ғаббасовтар шығарушылары болған «Сарыарқа» газеттері публицистикалық тіліміздің айрықша дамуына іргелі үлестерін қосты. Сөйтіп, қазақ публицистикалық тілі мен стилі Алаш қозғалысы тұсында аяқтанды деп айта аламыз.

Бесіншіден, Алаш оқымыстыларының ғылыми және ғылыми-танымдық еңбектері, әр салаларға арналған оқулықтары арқылы тіліміздің ғылыми және ғылыми-көпшілік стильдерін қалыптастырды. Айталық, Ә.Бөкейханның тарих, фольклортану, әлеуметтану саласындағы ғылыми шығармалары, А.Байтұрсынұлының 1912 жылдан бастап 1928-1929 жылдарға дейін жазылып жарияланған оқулықтары, оқу құралдары, ғылыми мақалалары, Х.Досмұхамедұлының медицина, биология, тілтану саласындағы ғылыми еңбектері, М.Тынышпаевтың тарихи зерттеулері, М.Дулатовтың тілтану, әдебиеттану, математика саласындағы ғылыми шығармашылығы, Ж.Аймауытовтың психология, әдебиеттану саласындағы ғылыми ізденістері, М.Жұмабаевтың педагогика, әдебиеттану саласындағы еңбектері, Т.Шонанұлының тілтану, әдістемеге арналған оқу құралдары мен зерттеулері, сондай-ақ Ә.Ермековтің, М.Тұрғанбаевтың, Е.Омарұлының, С.Асфендияровтың, М.Бұралқиевтың, Қ.Кемеңгерұлының, С.Сәдуақасовтың ғылыми еңбектері ғылым тілінің, қазақтың ғылыми терминологиясының қалыптасуында айрықша белес болды. Қазақ тілінің әліпбиін, емлесін жасаумен, ішкі заңдылықтарын ғылыми дәйектеумен бірге Алаш зиялылары тіліміздің тазалығы, мәдениеті үшін де күресті. Х.Досмұхамедұлының «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы», М.Дулатовтың «Қазақ тілінің мұңы», Н.Төрекұлұлының «Ауропа сөздері» т.б. еңбектерде тіліміздің орфоэпиялық, орфографиялық нормаларының сақталуы, басқа тілдердің әсері, тіл табиғатының бұзылмауы, сөзжасам т.с.с. мәселелер айтылып, қазақ тілінің табиғи болмысын сақтау, тіл тазалығы, сөз мәдениеті тақырыбында бүгінде өзектілігін жоймаған ойлар өрістетілді. Алаш оқымыстылары бастаған осы ғылыми дәстүр совет тұсында қанша масұқталғанымен, бәрібір қазақтың ғылыми алқабына себілген дән болып көктеп шықты, өз жемісін берді, бүгінгі бізге де қуатты құнар болуда. Әсіресе, Алаш асылдары қалыптастырған ғылыми терминология әлденеше ғылым саласында орнықты. Олардың термин жасаудағы қағидаттары, қазақ тілінің бай мүмкіндіктерін қолдану әдістері мен дағдылары қазіргі қазақ терминологиясының мектебі іспетті. Алаш санаткерлері қалыптастырған осы терминологиялық қор, біздің ойымызша, ғылыми тұрғыдан қорытылу қажет, соған орай оның қағидаттары мен тұжырымдары осы саладағы барлық мамандарға жеткізілуі тиісті. Сонда біз қазіргі термин саласындағы көптеген, жиі айтылып қалып жүрген ала-құлалықтардан арылмақпыз. Сондай-ақ Алаш ғалымдарының сан салалы ғылыми тәжірибелеріне жалпы таза ғылыми деңгейде лайықты баға беретін де уақыт келді деп ойлаймыз. Әрине, ғылыми мұраны зерттеу, зерделеу жұмыстары сонау 1980 жылдардың соңында, 90 жылдардың басынан бері қолға алынуда. Сандаған мақалалар жазылды, ғылыми деңгейі әртүрлі диссертациялар қорғалды, енді оларды қорыту, соның негізінде жаңа ғылыми бағыттарды айқындау, маңызды мен мардымсыздың жігін ажырату сәті туған сияқты. Бұл мәселенің өзектілігі – ғылым саласында дәстүрлі реттен бас тартып, жаңа жүйені қалыптастырудың қазіргі кезеңімен сабақтас.

Алтыншыдан, Алаш қаламгерлерінің аударма саласындағы алуан еңбектерінің нәтижесінде қазақ аудармасының негізі қаланды. Бұл арада Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Қ.Кемеңгерұлы және тағы басқалар жасаған көркем аудармалар, Х.Досмұхамедұлы, Ж.Аймауытов, Т.Шонанұлы және тағы басқа қаламгерлер жасаған ғылыми аудармалар, сондай-ақ әлеуметтану, саясаттану, философия салаларында орындалған аудармалар, әлбетте, саны жағынан да, түрі жағынан да өзіне дейінгі кезеңдерге қарағанда әжептеуір өсу болатын.

Жетіншіден, Алаш қайраткерлері жалпылай келгенде, Алаш қозғалысының барысында, негізінен алғанда, облыстық қазақ комитеттерінің, Алаш партиясының құрылуы тұсында, Бірінші, Екінші жалпықазақ сиездері кезінде, Алашорда үкіметінің қызмет етуі кезеңінде тіліміздегі ресми-іскери стильді қалыптастыра бастады. Алаш автономиясы құрылып, Алашорда үкіметі оның облыстардағы, уездердегі комитеттерінің жұмыс атқару шағында аталған стильдің сандаған үлгілері пайда болғаны белгілі. Бұл қазақ тілінің мемлекеттің тілі болуының алғашқы үлгісі еді. Қазақ тілінің мемлекеттік деңгейде болуына большевиктік биліктің бастапқы жылдарында да Ахаң бастаған Алаш қайраткерлері зор ықпал еткені тарихтан белгілі.

Біз бабаларымыздың күресімен өсетін бойымызға сіңіруде, олардың бүгінгі күнімізбен тікелей сабақтас құндылық екендігін әрқашан сезінуіміз қажет. Осы тамырластық дегдар сезім бүгінгі қазақтың азаттығына, ел болуына, ел болу үшін, басқа да мемлекеттік атрибуттармен, істермен бірге ұлт тілінің мерейін асыратын, отаршылдық қалдықтармен күресетін баянды шаруаларға жұмылдыру шарт хәм міндетті. Бағзы бабалардан да, абыз Абайдың да, Алаш зиялыларының да аманаты осында екенін ұмытпайық.

Әдебиеттер:

1. <https://tilalemi.kz/article/88>
2. <https://termincom.kz/articles/?id=58>

ПОНЯТИЕ ПАРОДИИ В ЛИТЕРАТУРЕ

Мырзекенова С.С.

УО “ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY”, г. Семей

2 курс, группа МФР-224, ОП 7М02304 «Филология»

Научный руководитель: Тулебаева К.Т.

кандидат филологических наук, и.о. доцента

УО “ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY”, г. Семей

«Пародия - это комический образ художественного произведения, стиля, жанра»³. Начало пародийности встречается уже в античной литературе. Первым образцом пародии можно назвать Батрахиомахию («Войну мышей и лягушек»), в стиле которой прослеживаются явные намеки на «Илиаду» Гомера. Отличие лишь в том, что Гомер повествует о героических событиях, а в «Войне мышей и лягушек» речь идет о низком предмете с использованием высокого стиля.

«Пародия - подражание, при котором величественная форма наполняется ничтожным содержанием»⁴, по меткому определению О. М. Фрейденберг.

Дальнейшее развитие пародии наблюдается в эпоху Возрождения. Одно из самых известных пародийных произведений - «Дон Кихот» Сервантеса, пародирующий рыцарские романы.

В России пародия достигла своего расцвета в середине XIX века, когда в художественную литературу стали активно проникать остросоциальные проблемы. Яркий пример - Козьма Прутков, чьи пародии направлены против мещанства, бессмысленных развлечений, чиновничьего произвола и глупости). Истоки же российской пародии нужно искать в произведениях А. П. Сумарокова, позже - А. С. Пушкина, А. А. Шаховского, И. П.

Мятлева.

Особое внимание пародии уделялось в творчестве поэтов и писателей Серебряного века - эпохи модернизма в отечественной литературе (знаменитый сборник «Парнас дыбом»).

Автор пародии создает несоответствие между темой своего произведения и стилем. Литературная пародия может «насмехаться» над изображением действительности в каком-либо литературном произведении, причем даже не столько в самом его изображении, сколько в его форме.

Отличительной чертой пародии всегда являлась ее юмористическая либо сатирическая направленность. Она заставляет критически относиться к предмету изображаемой действительности. Особо следует отметить, что пародийное произведение подчас является ничуть не меньшим шедевром литературы, чем пародируемое.

А. А. Морозовым, в его статье «Пародия как литературный жанр» выделяется три основных разновидности жанра литературной пародии:

Юмористическая пародия. Её особенность в «дружественном отношении к оригиналу», имеет общие черты с комической стилизацией;

Сатирическая пародия, «направленная против пародируемого объекта и исполненная критики ко всему идейно-эстетическому комплексу пародируемого произведения»;

«Пародийное использование». Его основная цель - использование только формы литературного произведения как объекта для создания собственного. В этой разновидности практически отсутствует направленность против оригинального произведения. Пародийное использование, в свою очередь, делится на сатирическое (имеющее яркую социальную направленность) и юмористическое.

Также следует отметить отдельно стоящие пародии на литературные жанры, без отсылки к конкретному произведению, например, пародия на балладу, романс, оду и т.д. Это можно увидеть в древнерусских сатирических произведениях, где пародируется не авторский стиль, а жанры: челобитные, путники, лечебники и др.

Пародия «...рождается шутивным расположением духа». Необходимо понимать, что понятие пародии намного шире понятия литературной пародии, то есть, строго говоря, пародийное описание быта, обстановки, наружности и характера людей - не является литературной пародией. Литературная пародия действует намного тоньше. Для ее существования важно наличие «второго плана» контрастирующего фона», то есть главное в литературной пародии - сравнение «понимающим читателем» с оригиналом. В таком случае возникает вопрос о разграничении пародии и стилизации, подражания. Стилизация, по определению, не несет какой-либо «смеховой» направленности. Можно говорить о том, что она технически копирует черты какого-либо литературного стиля или жанра. Суть стилизации - в копировании синтаксических конструкций, грамматических форм, лексических элементов «донорского» стиля. Словами Ю. Н. Тынянова:

«Стилизация, комически мотивированная или подчеркнутая, становится пародией .

Еще одно сходное с пародией явление в литературе - подражание. «Всякая пародия является подражанием...Однако далеко не всякое подражание будет пародией...». Понятие подражания уже понятия пародии, так как оно ограничивается только внешним сходством, общими чертами с оригиналом. В этом плане пародия идет намного дальше. Не ограничиваясь только лишь стилем или жанром, она захватывает идейное содержание оригинала, и наоборот, разоблачая его идейную сущность (оригинала), в то же время пародирует его художественные средства и, если можно так выразиться, действует комплексно. Этим она отличается от памфлета и других сатирических жанров.

Литературную пародию можно сравнить с художественной критикой, различны лишь средства: если автор использует логические средства, доводы - это критика, а при использовании утрированных, абсурдных художественных средств оригинала (читай - «пародии») критик пытается раскрыть и указать на промахи или недоработки автора оригинала.

Следует отметить, исходя из вышесказанного, что пародия бессмысленна без пародируемого произведения. Она является лишь его отражением так же, как любое литературное произведение является отражением действительности. Таким образом, пародия - это «отражение отражения», по словам А. А. Морозова. Но в этом смысле пародия похожа скорее на кривое зеркало, которое не просто отражает действительность, а преломляет ее, причем, как уже было сказано, это преломление может быть, как шутливым, дружеским, так и открыто враждебным, высмеивающим. В этом плане сатирическая литературная пародия становится грозным орудием против произведений, не несущих эстетической ценности для литературы в целом. В доказательство этой мысли можно привести пример, использованный А. А. Морозовым: пародии, созданные независимо одним из авторов «Нового живописца» Н. А. Полевым и «Альдебарана» Ф. Булгаринным высмеивали одни и те же произведения поэтов пушкинского круга, следовательно, они достаточно объективны.

Смысл литературной пародии в неприятии пародируемого произведения, насмешка над ним либо отдельными его чертами, при этом автор пародии может относиться к оригиналу как дружественно, так и неприятельски. Сатирическая пародия более острая, разрушающая, она использует такие приемы, как гиперболизация, доведение до абсурда путем использования «нагромождения» поэтических шаблонов, подмена традиционных тем и мотивов «неожиданными прозаизмами». Пародия, как высмеивание, стремится лишить оригинал эстетической ценности, указывает на его несостоятельность, слабость. Здесь нужно сказать, что пародируемые авторы часто не остаются безучастными и, понимая, что их произведение вызвало насмешки пародистов, стремятся переработать или не издавать некоторые свои произведения. Так было с «Одой на великолепный карусель» В. В. Петрова, баснями Д. И. Хвостова.

Пародия не делит писателей на «своих» и «чужих». Обращая внимание на пародии и пародистов конца XVIII - первой половины XIX века, то, вслед за В. И. Новиковым можем выделить три условных типа пародии:

Включение небольших пародий в более крупные жанровые формы. Ярким представителем писателей здесь можно назвать И. А. Крылова. Среди персонажей его комедий есть стихотворцы, которым автор приписывает небольшие самостоятельные пародии, используя прием «рассказ в рассказе».

Например, персонаж комедии «Проказники», поэт Тянислов пытается оживить упавшую в обморок героиню явно одическими строками: «Вихрь в твердь вдруг дхнул», которые произнести-то без запинки невозможно, не то, что «воскресить» кого-то. Герой другой комедии «Сочинитель в прихожей» - Рифмохват, напротив, чрезвычайно легко понимает любовную лирику: «Ветер ветра ветром гонит...» Эти пародии весьма общие, без конкретизации пародируемого объекта. Конкретные же пародии распространялись неформально и не были предназначены для печати, по крайней мере, до начала 20 века.

Второй тип пародии - «создание особенной пародийной атмосферы». Здесь следует выделить известное литературное общество

«Арзамас», ритуалы которого были насквозь пародийными: от самого названия кружка и его символа - гуся, до клятвы и переноса ритуальных форм разных эпох в свободное творческое общение. Что касается именно литературной пародии, то самым ярким примером служит надпись к портрету Д. И. Хвостова, одним из авторов которой был В. А. Жуковский:

«Се росска Флакка зрак! Се тот, кто, как и он, Выспрь быстро, как птиц царь, нес звук на Геликон. Се лик од, притч творца, муз читателя Свистова,

Кой поле испестрил российска красна слова!».

Сам В. А. Жуковский, кстати, тоже стал объектом пародий арзамасцев: названия его баллад послужили прозвищами для членов кружка: В. А. Жуковский стал Светланой, К. Н. Батюшков - Ахиллом, С. С. Уваров - Старушкой. Это доказательство высказанной выше мысли о том, что пародия высмеивает чужеродные настоящей литературе элементы, каковыми, по мнению арзамасцев, выступали баллады. Мысль чужеродности некоторых

произведений настоящему искусству подчеркивается В. И. Новиковым: «Истинная серьезность не боится смеха, для серьезности же натужной даже улыбка разрушительна» Часто предметом пародирования арзамасцев, в частности В. А. Жуковского становилась литература как таковая. Несколько протоколов заседаний «Арзамаса» написаны им гекзаметром еще задолго до того, как он возьмется за перевод Гомера. При этом величественность стиля явно противопоставлена обыденности самого повествования. Так, например, в одном из протоколов сообщается, как у Эоловой Арфы, то есть А. Тургенева, забурчало в животе:

«Нечто пузообразное, пупом венчанное вздулось,

Громко взбурчало, и вдруг гармонией Арфы стало бурчанье. Члены смутились. Рейн дернул за кофту Старушку,

С страшной перхотой Старушка бросилась в руки Варвику...».

Пародии арзамасцев намеренно сталкивают литературу и жизнь, стиль и быт.

И, наконец, третий тип пародийности конца XVIII - первой половины

XIX века - пародия ради высмеивания, то есть собственно сатирическая пародия.

Одним из представителей здесь можно назвать А. А. Шаховского с его комедией

«Урок кокеткам, или Липецкие воды», где предметом пародии становится опять же В. А. Жуковский в образе «балладника» Фиалкина, который декламирует строфу своей баллады:

«Пел бессмертный славному Трою, Пел родных Приама чад,

Пел Ахилла жадна к бою,

Пел Элены милый взгляд...».

Здесь очень явно переданы особенности баллады В. А. Жуковского

«Ахилл»: тональность, лексика, синтаксис, игра омонимами, аллитерация. Здесь мы видим пародиста, как откровенного недоброжелателя, цель которого - развенчать, сделать эстетически неприглядным оригинальное произведение. Это уже не имеет ничего общего с безобидной пародией арзамасцев.

Пародия отражает не только литературное произведение, но и историко- культурный процесс. Поэтому для нее важны не замечательные поэты, а герои литературной моды. Природа пародии, как уже говорилось, подразумевает отражение произведения-оригинала, соответственно, чем дальше на временном отрезке создатель пародии от ее читателя, тем меньше сила восприятия. Пародия в таком случае не задевает своей актуальностью и меньше смешит. Таким образом, чем больше должен напрягаться читатель, чтобы узнать литературное произведение, автора или стиль, тем меньше его заинтересует пародия. Вместе с тем грамотного читателя пародия привлекает тем же самым. Она отсылает к давно минувшей эпохе, заставляет задуматься над произведениями прошлого, то есть будит читательский интерес, а это значит, что есть возможность «добить» то, что «уже не пользуется сочувствием публики», а значит, было «натужной серьезностью».

У истоков русской литературной пародии стоят А. П. Сумароков, М. В. Ломоносов, В. К. Тредиаковский. Они стали представителями трех направлений в пародировании: мнительное, озлобленное (Сумароков), горячее до бешенства (Ломоносов) и тонко-язвительное (Тредиаковский).

XVIII век ознаменовался усвоением новых литературных форм и жанров, а это благодатная почва для развития пародии, так как новое несет множество экспериментов, не всегда удачных. Особенностью пародии на этом этапе стала особая целеустремленность, меткость и острота. Литературная пародия XVIII века появилась в составе комедии-памфлета и выполняла роль, в первую очередь, осмеяния персонажей. Так в комедии «Тресотиниус» Сумарокова современники без труда узнавали В. К. Тредиаковского и М. В. Ломоносова - идейных противников автора комедии.

Вообще, Ломоносов часто подвергался ожесточенным нападкам современников-пародистов, благодаря своему стремлению привести поэзию к «разумному» началу. Представление о поэзии как природном чувстве у А. П. Сумарокова и о «холодно и

расчетливо бредящем поэте» М. В. Ломоносова неизбежно приводило к полемике и, как следствие, многочисленному пародированию. Свои критические суждения А. П. Сумароков непременно сопровождает пародированием. В «Трудолюбивой пчеле», основанной А. П. Сумароковым, часто появляются нападки на оды М. В. Ломоносова, пародирующие его стиль и лексику:

«На Севере я вижу полдень, У Колы Флору на лугах...».

Литературное противостояние М. В. Ломоносова и А. П. Сумарокова продолжается и во «Вздорных одах» последнего. А. П. Сумароков пародировал и подвергал нападкам все, что было в одах Ломоносова: старинное велеречие, лирический приступ, напряженность изложения, нагромождение тропов и фигур.

«Обычная для ломоносовских од картина грандиозного столкновения стихий доводится до абсурда с помощью нелепых сочетаний, а отчасти комической реализацией словесных образов и метафорических построений Ломоносова» - пишет А. Морозов. Метафоричность Ломоносова пародируется в крайне жесткой манере: метафора вводится немотивированно, затем развертывается как нелепость, лишаясь своего вторичного метафорического употребления. Сумароков возмущается нелепостью эпитетов, ораторским пафосом и риторическими формулами Ломоносова.

После закрытия «Трудолюбивой пчелы», не без участия М. В. Ломоносова, получившего к тому времени большое влияние в Академии наук, продолжил пародийные нападки на одический стиль М. М. Херасков на страницах журнала

«Полезное увеселение». «Образный строй Ломоносова был во многом чужд рационалистической эстетике классицизма», которая отзывалась пародиями.

Из противостояния пародистов и М. В. Ломоносова видно, что пародируется преимущественно не одно произведение, а стиль, тематика, излюбленные жанры автора в целом. В этом плане поэзия Ломоносова представляла благодатную почву, так как была бурной, возвышенной, в то же время легко доводилась до абсурда. Что вызывало значительный комический эффект.

Ещё одним известным пародистом XVIII века был поэт и академический переводчик Иван Барков. В его произведениях высмеивалась «высокая литература», характерная для классицизма. Особенностью барковской пародии является отличное владение всем языковым, образным и тематическим материалом одического стиля и употребление его самым неуместным образом. А также, что совсем не подходит литературному произведению, И. С. Барков активно использует ненормативную лексику. Он употребляет самые смелые метафоры, образы античных богов, деяния древности, но подменяет одического героя самым низменным предметом, отчего и создается комический эффект. Ещё один пародийный прием И. С. Баркова: перенесение действия из возвышенной обстановки в низкую социальную среду, на чердак, в кабак. Отличие пародий И. С. Баркова от сумароковских «Вздорных од» в том, что здесь только трагестивуется содержание, переносится в другую среду, а не доводится до абсурда весь художественный строй оды. Таким образом, объектом нападения становится не ломоносовский стиль, а трагедия классицизма с ее характерными особенностями. В поэзии И. С. Баркова трагический пафос снижается и развенчивается, его произведения становятся издевкой над жанрами классицизма, показывая реакцию демократических слоев на постепенно устаревающий «реквизит» классицизма.

Середина XVIII века ознаменовалась пародийным «Дифирамвом Пегасу» А. П. Сумарокова. В этом произведении объектом пародирования становится ода «На великолепный карусель» Василия Петрова, неожиданно даже для себя ставшего приближенным поэтом императрицы Екатерины II. А. П. Сумароков, считавший, что одический стиль утрачен вместе со смертью М. В. Ломоносова, сразу же откликнулся на оду В. В. Петрова. Поэт, откликнувшийся на справедливую критику пародиста, значительно переработал свою оду. Это стало первым случаем в истории русской литературы, когда пародия воздействовала на пародируемого и заставила внести изменения в свое произведение.

Вторая половина XVIII века отмечена снижением интереса к пародированию. Появляются отдельные произведения, не носящие системности. Основной отличительной чертой этого периода становится распространение шуточной и сатирической оды, противопоставленной «старой» оде. Здесь можно отметить творчество Н. П. Николева, ориентирующегося на народность языка. Пародирование самого стиля оды в его «Гудошной песне» теряет пародийный смысл, становится неактуальным. Жанр оды используется в этом случае в сниженном, комическом плане, наполненном низким материалом.

В это же время начинает пародироваться жанр элегии. В 1796 году появляется пародия М. И. Попова, в которой насмешке подвергаются элегические мотивы, штампы элегий. По выражению самого М. И. Попова, он «собрал в кучу частое повторение речей», характерных для элегии.

К концу XVIII века в поэзии накопилось много устоявшихся штампов, образов, метафор, сравнений, которые в новых социальных условиях уже не выглядели новаторскими. Следствием этого стало развитие пародии в направлении осложнения жанра «либо в сторону шуточного осмысления знакомых и привычных средств художественного выражения, либо в целях общественной сатиры и политического памфлета». Тем не менее пародия еще долго носила эпизодический характер.

Дальнейшее развитие пародийной борьбы в начале XIX века, ознаменовалось противостоянием лагеря шишковистов и карамзинистов. Первым, воспитанным на старых литературных традициях, стиль Н. М. Карамзина казался нелепостью, его простота производила впечатление искусственности, вычурности. Следствием такого отношения к новому стилю стал новый виток развития пародии: А. С. Шишков включал пародирование как один из полемических приемов в свои критические рассуждения. На его взгляд, слог карамзинистов беден и невыразителен, несмотря на его украшения и неологизмы, которые, кстати, и стали основным объектом пародирования: «Вместо будущее время говорят будущность, вместо настоящее время - настоящность... вместо прошедшее время станут писать прошедшность, вместо человеческое жилище... человечатня, вместо березовое или дубовое дерево... березятина, дубовятина».

А. С. Шишков и его сторонники вовсе не придерживались «славенщизны», как это принято им приписывать. А. С. Шишков, напротив, был за то, чтобы «уметь в высоком слоге помещать низкие слова... не унижая ими слога и сохраняя всю важность оногo». Таким образом, они открывали в низких жанрах дорогу просторечию и в то же время пародировали развитие перифрастического стиля, характерного для творчества карамзинистов. А. С. Шишков пародировал языковую практику и стилистику карамзинистов, которые в свою очередь пародировали его доводы и рассуждения. Дашков, к примеру, высмеивал логику наивных этимологических рассуждений А. С. Шишкова в своих пародийных умозаключениях о «круглости буквы «о». Карамзинисты высмеивали А. С. Шишкова в памфлетах, сатирических посланиях и эпиграммах, но их пародийность не носила систематического характера. Она была скорее «цитатной», вкрапленной во множество других камерных жанров, обобщенной, планомерной, продуманной пародии не было создано ни карамзинистами, ни, позднее, арзамасцами.

правления». Уравнение женщины в правах было одним из самых наглядных лозунгов революции и в то же время утопией. Постепенно исчезали в жизни, литературе, с экрана жертвы мужских страстей, принуждения, как и соблазнительницы эпохи нэпа. Женщина обгоняла мужчину в труде и социальном статусе, становясь «самой передовой». На смену семье приходил диктат государства и партии, на смену семейному патриархату – патриархат «вождей». Психический склад русской женщины, ее самоотверженная работа на разных поприщах служили залогом ее богатейших возможностей, а творчество художников способствовало раскрытию ее потенциальных возможностей.

Литература, являясь средством всеобщей связи между людьми, в силу своей «провидческой» способности, предугадывает будущее, сосредоточивает своё внимание на актуальных явлениях, ещё ждущих своего научного исследования. Особенно это касается тех жанров, которым свойственна подчёркнутая социологизация, изображение человека в конкретном контексте экономических, социальных, политических связей, благодаря чему литературный персонаж приобретает чёткие социально-психологические очертания (очерковая, публицистическая литература). Во многом именно литературные героини немало способствовали переменам в поведении реальных женщин.

Так произошло в начале XIX века в связи с массовым увлечением идеями Ж. Санд и в 60-е годы после появления произведений, показывающих эмансипированных женщин и способствующих появлению нового конструкта женственности. Вопросы, которые литература ставила в своих произведениях, обсуждались в гостиных и салонах: проблема свободного выбора в любви для женщины, самостоятельное определение женского пути. Образ яркой, активной, сильной женщины, описываемый не раз в романах Ж. Санд, сформировал сознание многих российских женщин. В истории русской классической литературы дискурс женственности, идущий от Ж. Санд, прослеживается в таких разных произведениях, как «Бедная Лиза», «Вечера на хуторе близ Диканьки», «Кроткая», «Идиот», «Крейцера соната», «Отец Сергей», «Леди Макбет Мценского уезда» и многих других. Именно под влиянием французской романистки многие русские писатели обратились «к женскому вопросу». А. Дружинин, А. Писемский, А. Островский, Н. Некрасов, В. Белинский, А. Герцен образуют в русском обществе 1840-1850-х годов направление, которое можно было бы назвать «неофеминизмом». В основе литературной репрезентативности женственности лежит, с одной стороны, определенный тип, что несет определенную научно-логическую организацию, с другой – образ, включающий некое личностное, эмоциональное наполнение, идущее от создателя.

Формирование конструкта женственности шло одновременно с развитием культуры, где женщина заявила о себе не только как объект воплощения в образах и типах, а как полноправный субъект, способный сказать новое слово и предстать как один из новых субъектов творческой деятельности в разных ее вариантах. Если в ранних литературных памятниках смысл женского бытия, ее мир, как правило, регламентировался нормами, законами, традициями, сложившимися веками, то с появлением женского голоса на литературном горизонте женщина сама выбирала для себя философию жизни, излагая свое собственное понимание сути бытия, стараясь сделать все, чтобы ее голос был услышан и понят. Философия новой женственности обозначилась как в художественных текстах, где она представлена в качестве объекта авторского во-*ображения*, созданных чаще всего авторами-мужчинами, так и в текстах, где субъектом-творцом является сама женщина.

Однако каким бы общественно-идеологическим содержанием не было наполнено произведение, где женщине отведено вемое место в ходе идейного движения, ценность российской женственности связывалась с другими ее качествами: домовитостью, хозяйственностью, чадолубием. Роль хранительницы домашнего очага – одна из традиционно доминирующих форм идентификации женщины на страницах отечественной классики. Женщина как хранительница домашнего очага – цементирующий центр и опора семьи, от которой зависит настоящее и будущее домочадцев и ее собственное. Не случайно вдумчивыми хранителями и бережными носителями русского фольклора, как правило,

являются женщины. Конструкт «домоводки», опоры семьи выстраивается во многих отечественных литературных текстах от XVIII века до наших дней. Если эта опора рушится, рушатся все ее составляющие, нарушается равновесие в доме. Дом является символом защищенности от всех бурь. Тема дома и бездомья – одна из сквозных в русской литературе, где заглавная роль принадлежит женщине и женственности. Нравственная философия Пушкина, Гончарова, Толстого не утратила своего значения и в XX веке, пример тому – «Прощание с Матерой» В. Распутина, где в образе бабки Дарьи актуализируется «уважение к минувшему», отличающее «образованность от дикости».

Постсоветское время рождает новую женственность, связанную с активной жизненной позицией. Тому свидетельством служит возрастающее число женских организаций, женских политических инициатив, однако не обеспечивающих политического влияния на политику и изменение постсоветского патриархального порядка культуры в целом. В то же время и в женской литературе презентация чрезмерной активности женщины дается с определенным осуждением, в русле традиционных представлений о женственности. Женская проза создала свой особый жанр – исповедального преодоления.

Таким образом, если в социуме всегда существует образ женщины, предлагаемый как идеальный, то поэты и художники, политики и модельеры, кино и театр приносят в мир тот образ женщины, который в данном социуме, в данное время является наиболее предпочтительным.

Литература:

1. Жеребкина И.А. Подчиниться или погибнуть: парадоксы женской субъективации в русской культуре конца XIX века.// Русская женщина и православие. – СПб., 1997. - С. 118–119

ПОЭТ КРЫЛОВ В КРИТИКЕ И ЖУРНАЛИСТИКЕ

Таганияова З.О.

УО “ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY”, г.Семей

2 курс, группа МФР-122, ОП 7М02304 «Филология»

Научный руководитель: Тулебаева К.Т.

кандидат филологических наук, и.о. доцента

УО “ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY”, г.Семей

Творчество молодого Крылова необычайно цельно и проникнуто внутренним единством при всём различии жанров, к которым он обращался. В комедиях, статьях, журнальной сатире Крылов ставит вопрос о несправедливости крепостного строя, о праве человека из народа на личное счастье. В сатирических произведениях Крылова проходит вереница помещиков-самодуров, сластолюбцев-«петиметров», развращённых и пустых жеманниц дворянского общества, хищных стяжателей, вороватых чиновников, криводушных судей, корыстных и глупых вельмож. Все сословия тогдашнего общества находили своё отражение в его сатире.

Особенно яркого расцвета сатирическое дарование Крылова достигло в его журнальной прозе, которая может быть смело сопоставлена с прозой такого замечательного русского прозаика XVIII века, как Новиков. Крылов-прозаик выступает как продолжатель сатирических традиций и принципов Новикова и Фонвизина, нередко переключаясь с Радищевым, чьё «Путешествие из Петербурга в Москву» появилось годом позже «Почты духов». Крылов углубил и заострил ту критику дворянского общества, которая дана была Новиковым и Фонвизиним, расширил рамки этой критики, охватив самые разнообразные сферы русской жизни.

Первую пьесу он создал, когда ему было около четырнадцати лет. Это комическая опера в стихах «Кофейница». Вслед за ней молодой драматург написал ещё несколько произведений для театра. Особенно удачными оказались комедии. В них много остроумия,

весёлости. Вместе с тем уже здесь проявилась сатирическая направленность творчества Крылова. Он хотел показать людям, что достойно осмеяния и осуждения, научить их правильно судить о вещах.

Крылову долго не удавалось напечатать свои комедии и добиться их постановки. Но ещё в XVIII в. он приобрёл литературную известность как журналист, переводчик и публицист.

Сатира Крылова значительна и интересна и по глубине социальной мысли и по своим художественным достоинствам, едкой иронии, сочности бытовых сцен, типичности персонажей, хотя писатель ещё и не преодолел до конца моралистическую «персонификацию» пороков и добродетелей.

Прямым предшественником «Почты духов» следует считать журнал Ф. А. Эмина «Адская почта, или Переписка Хромононого беса с Кривым», вышедший в 1768 году (и переизданный в 1788 году). Этот журнал, издававшийся писателем демократического, антидворянского лагеря, и по своему содержанию и по форме «переписки» между «бесами», рассказывающими о людских делах, предвзял крыловскую «Почту духов», самое заглавие которой указывает на связь между обоими журналами. Письма «бесов» в журнале Эмина связаны друг с другом, являются публицистическим произведением одного автора. В «Адской почте» рисуется испорченность нравов того времени, развращённость дворянского общества, столичных щеголей и щеголих, деревенских помещиков и помещиц. Самый образ дворянского петиметра Кривомысла предвзял крыловского Припрыжкина. Кривомысл также сожалеет, что «Россия поныне ещё не называется Францией». Эмин показывает и всеобщую власть денег, заставляющую мать торговать дочерью, молодого человека ухаживать за богатой сифилитичкой, сына грабить своего отца. Многие из этих мотивов и ситуаций повторит и Крылов. Но по сравнению с журналом Эмина сатира Крылова охватывает гораздо более широкий круг явлений, имеет большую обобщающую силу.

Его «Почта духов», «Речь в память моего дедушки», «Каиб» и другие очерки направлены против крепостничества и деспотизма. Эта демократическая тенденция крыловской сатиры позволила ему подняться над традиционными моральными темами (хотя он не отказывается и от них) и поставить вопросы общего социального порядка.

В характеристике сатирических журналов Н. Добролюбов подчеркнул, что «главные предметы обличения сатиры екатерининского времени были: во-первых, недостаток воспитания, невежество и грубость нравов; во-вторых, ложное образование, то есть французские моды, роскошь, ветренность и т. п., в-третьих, приказное крючкотворство и взяточничество». Эти же темы преобладают и в «Почте духов» и в журнальных фельетонах и статьях Крылова. На связь крыловской «Почты духов» с журналами Новикова и вообще с сатирической журналистикой 60-70-х годов XVIII века указывает и новейший исследователь «Почты духов» П. Н. Берков, считающий, что Крылов стоит как бы между Новиковым и Радищевым, ограничиваясь лишь сатирическим изображением нравов. «Труды юбилейной научной сессии Ленинградского государственного университета», впоследствии они же займут видное место в его баснях. Но вместе с тем в «Почте духов» даётся широкая картина тех отрицательных сторон тогдашней действительности, которые вызывают негодование Крылова и с едким сарказмом осмеиваются им в целой галерее сатирических образов.

«Почта духов» - своего рода галерея нравов и жизни русского общества конца XVIII века, бичующая помещичий произвол, лицемерие и разврат вельмож, взяточничество, неправосудие, дворянскую спесь, ханжество, преклонение перед иностранщиной, процветавшие в дворянской среде. Борьба с «галломанией», ставшая одной из основных тем журнальной сатиры XVIII века, знаменовала не только возросшее чувство национального самосознания, но и имела вполне определённую социальную направленность, отражая недовольство антинациональным поведением дворянских верхов, порвавших связи с народом.

Деятельность Крылова, сатирика и журналиста, сыграла большую роль в последующем развитии русской литературы на путях её к реализму и послужила для самого

автора непосредственной подготовкой к его творчеству как баснописца. Сатира Крылова отличалась той социальной остротой и обобщённостью, тем резким разоблачением дворянских и бюрократических верхов, которые делали его не только продолжателем лучших традиций русской журналистики 60-х годов XVIII века, прежде всего новиковских журналов, но и знаменовали новый этап в развитии русской сатиры.

Крылову близка и основная идея Новикова, идея гражданского долга, отказ от признания за господствующим классом, за дворянством прав на привилегированное положение. Высказывания Крылова о дворянстве в значительной мере продолжают и развивают это положение Новикова. Знаменитый «рецепт» для излечения г. Недоума, предложенный Новиковым, будет впоследствии почти дословно повторён Крыловым: «И самый низкий хлебопашец, исполняющий рачительно должности своего состояния, более заслуживает быть назван честным человеком, нежели гордый вельможа и несмысленный судья». По словам Крылова, «честных людей» гораздо больше можно найти в «простых людях», «не прилепленных ни к придворной, ни к статской, ни к военной службам».

Но Новиков охотно противопоставляет дворянину «честного купца», рачительного чиновника, защищая их от барского самоуправства. Для Крылова же равно неприемлем и помещик-крепостник, и богатый откупщик, и оборотистый купец.

«Почта духов» (1789) Крылова - это журнал одного автора, включающий серию писем-фельетонов, написанных с большим литературным блеском и остроумием, которые касаются различных сторон жизни. Вопрос об авторстве Крылова в «Почте духов» имеет свою историю и неоднократно оспаривался. Внимательный анализ содержания и композиции писем позволяет считать авторство Крылова несомненным. Характеристику этого журнала дал в своё время П. Плетнёв: «...Разнообразие предметов, до которых он касается, выбор точек зрения, где становится, как живописец, изумительная смелость, с какою он преследует бичом своим самые раздражительные сословия, и в то же время характеристическая, никогда не покидавшая его ирония, резкая, глубокая, умная и верная, - всё и теперь ещё, по истечении с лишком полувека, несомненно свидетельствует, что перед вами группы, постановка, краски и выразительность гениального сатирика».

Большое место в «Почте духов» занимает вопрос о государственной власти. Крылов и здесь придерживается точки зрения просветителей. Для него неприемлем деспотический образ правления, «тирания», которая, по его мнению, порождает развращённость нравов и служит причиной порабощения народа. Уже в одном из первых писем «Почты духов» (письмо Дальновида) Крылов, перечисляя представителей различных слоёв современного ему общества, бичевал всех тех, кто благоденствовал за счёт народа. Кто же они? Это государь, который «предаётся без всякой умеренности различным забавам, оставляя своим министрам всё попечение о своём государстве» и «для удовольствования непомерного своего честолюбия разоряет своё государство и приводит в крайнюю погибель своих подданных»; придворные, которые «терзаемы честолюбием», «желанием приумножить своё могущество и страхом лишиться милости своего государя»; «духовные особы», «непрестанно помышляющие о приумножении своего богатства»; «алчные и корыстолюбивые купцы». И далее на протяжении следующих писем Крылов даёт всем этим группам тогдашнего общества беспощадную сатирическую характеристику. Все они заботятся лишь о своём благополучии и поддерживают несправедливый общественный порядок, угнетая и разоряя народ. В ряде писем «духов» Крылов острым пером сатирика нарисовал портреты этих корыстолюбивых и жестоких представителей привилегированных сословий - вельможи, «петиметра», откупщика, судьи.

В описании кабинета вельможи писатель раскрывает бездушную власть имущих, циничное пренебрежение своими обязанностями, их безмерное честолюбие. Знатный вельможа равнодушно проходит мимо толпы бедняков-просителей, отделяясь от них одними лишь обещаниями. Однако богатые «челобитчики» за деньги легко добиваются милостей этого вельможи.

Крылов показывает самые различные социальные прослойки и сословия: аристократию, поместное дворянство, купечество, чиновную бюрократию, судейских, крестьян. Уже эта широта социального охвата свидетельствует о масштабности его сатиры. В «Почте духов» нарисована безотрадная картина всеобщей моральной испорченности, того глубокого разложения, которым охвачено дворянско-крепостническое общество. Крылов обличает продажность и несправедливость, царящие в окружающем его обществе, он стремится показать и экономическую несостоятельность феодально-крепостнических отношений, вред дворянского мотовства и бесхозяйственности для государства.

Крылов решительно выступал против сословных привилегий дворянства, считая эти привилегии нелепыми и смешными. Его критика дворянского общества выходит за пределы моралистической сатиры XVIII века, осмеивавшей «повреждение нравов». Дворянским привилегиям Крылов противопоставляет требование равенства сословий и честного исполнения каждым человеком своего гражданского долга.

Утверждение внесословной ценности человека - вот одна из главных идей, определявших идеологическую позицию Крылова-сатирика.

Рисуя в «Почте духов» обобщённую картину нравов и быта дворянского общества, Крылов показывает моральное разложение дворянства, явившееся, по его мнению, результатом паразитической жизни и утери патриотического, гражданского чувства. В «Почте духов» рассказывается история пустого и ничтожного «петиметра» Припрыжкина - типичного представителя праздной и развращённой дворянской молодёжи, который проводит жизнь в светских похождениях за счёт труда крепостных крестьян. Образ Припрыжкина, кое в чём близкого Иванушке из «Бригадира» Фонвизина, получился чрезвычайно убедительным, несмотря на некоторую схематичность его обрисовки.

Крылову близок горячий протест Руссо против знати и богачей, беспощадное обличение современного ему строя, где на верхних ступенях общественной лестницы сосредоточены богатство и праздность, а внизу - труд и нищета: «горсть могущественных и богатых находится наверху величия и счастья, - писал Руссо, - тогда как народные массы пресмыкаются в невежестве и нищете».

Многочисленные картины такого социального неравенства рисует Крылов в «Почте духов». С исключительной резкостью он разоблачает современное ему «правосудие», всегда карающее бедных и оправдывающее богатых. Горькой и безнадежной иронией проникнута речь бедняка-художника, обращённая к судьям, спешащим сытно пообедать и отказывающимся выслушать его оправдания. В то же время вельможа, выкупающий бедняка-художника, с тем чтобы тот «размалевал» ему паркет в прихожей, оказывается преступником, «покравшим из государственной казны несколько миллионов в золоте и серебре и разграбившим целую врученную ему область». Но этот преступник ценою миллиона «оправдался» в глазах правосудия и почитается честным, сострадательным человеком. И Крылов удивляется, как можно жить «в такой земле, где чуть было не засекали розгами бедняка, не евшего трои сутки, за то, что вытащил он у богатого купца платок; где прежде вешают подобных ему, нежели рассматривают их дела, и где преступникам, обворовавшим государственную казну на несколько миллионов и разграбившим целую область, судьи кланяются чуть не в землю». Обличительная острота этой сцены делает особенно понятной ту злую сатиру на суд, которую Крылов впоследствии выразил в форме басенной аллегории («Крестьянин и Овца», «Щука»).

В письме «От гнома Буристон о болезни адских судей» рассказывается, как безрезультатно гном Буристон ищет справедливого судью, который не был бы глухим, глупым и взяточником. Крылов рисует целую вереницу судей и приказных, наживающихся на обмане и казнокрадстве, всех этих Тихокрадовых, Частобраловых, Хапкиных, одинаково бесчестных и корыстных.

Характеризуя сатиру «Почты духов», исследователь литературы XVIII века Г. А. Гуковский справедливо указывал: «Развивая стройную систему социального мировоззрения, «Почта духов» нимало не отрывалась от злобы дня, от современности. Её сатира - вовсе не

сатира вообще, не «общечеловеческая» сатира; она бьёт по совершенно конкретным фактам социальной жизни России конца царствования Екатерины II; она направлена на разрешение определённых и острополитических вопросов этой эпохи».

2.2 Работа И. А. Крылова на поприще критики

В литературной позиции Крылова исследователи (Д. Д. Благой, Н. Л. Степанов и др.) единодушно отмечают её разносторонний сатирико-просветительский характер. В «Каибе» (1792) высмеиваются классицистические высокопарные оды и сентиментальные идиллии. В «Ночах» (1792) пародируются «Ночные думы» предромантика Юнга, прославленные Карамзиным, а также авантюрно-плутовские новеллы в духе Лессажа и М. Чулкова, а ещё раньше, в «Почте духов» (1789), - скарроновские бурлескные картины нравов. Травестирование - один из характерных приёмов сатирика Крылова, не удовлетворённого ни одним из существовавших литературных направлений, но окончательно не нашедшего ещё своего.

Он мастер принимать и компрометировать различные литературные маски. Его «Речи» (будь то «Речь, говоренная повесою в собрании дураков» или «Похвальная речь науке убивать время», «Похвальная речь Ермалафиду») в пародийной форме высмеивают сентиментализм. Крылов придумал ходячие клички своим литературным противникам: под Ермалафидом, как полагают, выведен Карамзин («ермалафия» по-гречески означает многословную болтовню, чепуху, дребедень); под Антирихардсоном - сентиментальный писатель, автор «Российской Памелы» П. Ю. Львов; под «мнимым Детушем» - В. И. Лукин. «Похвальная речь в память моему дедушке» (1792) продолжает традицию новиковской сатиры, «Письмо уездного дворянина к своему сыну Фалалею» - фонвизинские образы.

В деятельности Крылова есть элементы эклектизма, и всё же она должна быть определена более точно, чем обычно делается.

Борьба Крылова таила в себе попытку проложить путь некоему третьему направлению. И действительно, он борется за приближение искусства к жизненной правде, к русской действительности, за введение в него серьёзного содержания. В 19-м и 44-м письмах «Почты духов» он высмеивал и грубые, извращённые вкусы, и придворную развлекательную оперу. Крылов задолго до Гоголя провозглашал, что «театр... есть училище нравов, зеркало страстей, суд заблуждений и игра разума». И в то же время он вносил (после Новикова) в рецензии на комедию Клушина «Смех и горе» важное уточнение в понятие «публика»: есть публика, щедрая на аплодисменты, «скоропостижные приговоры», на которые никак полагаться не следует.

Крылов приближался к социальному пониманию прекрасного. Он хорошо знал, что о «вкусах» надо спорить и в этом одна из обязанностей критики. Задолго до Чернышевского Крылов сопоставлял различные представления, например о женской красоте, бытовавшие в крестьянской и господской среде: «Быть дородною, иметь природный румянец на щеках - пристойно одной крестьянке; но благородная женщина должна стараться убежать такого недостатка: сухощавость, бледность, томность - вот её достоинства. В нынешнем просвещённом веке вкус во всём доходит до совершенства, и женщина большого света сравнена с голландским сыром, который тогда только хорош, когда он попорчен...».

Некоторые оттенки в этой цитате могут быть правильно поняты, если вспомнить, что доказательства у Крылова идут, так сказать, от противного: ведь на эту тему у него рассуждает некий «философ по моде», старающийся казаться разумным, не имея ни капли разума... Но сопоставление вкусов само собой напрашивалось, и симпатии Крылова, конечно, на стороне «природного румянца».

Вспомним, за что Крылов порицал Ермалафида, т. е. Карамзина. Во многих случаях Крылов «придирался» как классицист, а не как реалист. Он упрекал сентименталистов в том, что они слишком далеко заходят в своей вольности и нарушают старые каноны: у сентименталистов в комедиях «на сцене появляется целый народ в лаптях, в зипунах и в шапках с заломом». Ермалафид может «высокое нравоучение подстроить под балалайку, и

под его только разумные рассуждения могут плясать мужики...». При всей шутливости тона Крылова симпатии его не на стороне Ермалафида и «бородатых».

Крылов-критик был сатирическим реалистом, допускавшим всё большее и большее вторжение социального элемента в искусство. Но ещё сильна у него была оглядка на классицизм.

БӨРІ БЕЙНЕСІНІҢ АРХИТИПТІК СИПАТЫ

Зилькенов С.О.

Alikhan Bokeikhan University

МФК – 225 топ магистранты

Семей қ.

Адам санасының тотемдік түсініктен ада болуы хайуанаттар туралы ертегілердің мазмұнына да түбегейлі өзгерістерді енгізді. Табиғи құбылыстардың алдындағы қорқыныш бұлтын аздап серпе бастаған ата-бабаларымыз бірінші орынға адамды, оның қайсарлығы мен амал-айласын шығарды. Халық санасындағы осындай өзгерістерге сәйкес қасқырлар жайындағы ертегілердің де төмендегідей топтары пайда болды.

- Халық тұрмысынан мәлімет беретін архаикалық ертегілер.

- Ата-бабаларымыздың жаратылыс пен оның құпия сырлары туралы ой-қорытындыларының түйіні – этиологиялық ертегілер.

Архаикалық ертегілердегі қасқырды анық хайуан етіп суреттейді. Оның өзіне тән мінез-құлқы, іс-әрекеті, адам баласына тигізетін зияны көрсетіледі.

Ертегінің екінші тобы – этиологиялық ертегілердегі қасқыр табиғатына ғана тән ерекшеліктер сөз болады.

Ертегілердің бас кейіпкерлері болып табылатын жануарлар – типтік бейнелер. Онда бүкіл хайуан атаулыға тән мінез-құлықтар өріледі. Сондай-ақ, ертегілердің кей түрлерінде олардың бойына қулық, қомағайлық, аңғалдық тәрізді адами қасиеттерді де жинақтап, жан-жануарлардың әрекеттерін адамзаттың іс-әрекеттерімен байланыстыра бейнелейді. Жануарлардың қоғамдық өмірлері, моральдік қағидалары қалыптасқан құқықтық заңдылықтары адамның әлеуметтік қағидаларына сәйкес келеді деген ойды өрбітеді. Осыдан келіп жануарлар туралы ертегілердің танымдық қана емес адамдардың әлеуметтік тәжірбиесін қалыптастырушылық, тәрбиелік қызметі де туындайды. Ертегілердің бұл қызметі, әсіресе, сатиралық сарындағы үлгілерге тән. Бұл топтағы ертегілерде қасқыр негізінен ұнамсыз кейіпкер ретінде алынады. Ертегілерде оның ақымақтығы мен қомағайлығы көзге ұрады. Ғалым Е.А.Костюхин мұндай мінездеулерді жануарлар туралы ертегілердің тәрбиелік қызметін байланыстырады [1].

Жануарлар жайындағы қазақ ертегілеріндегі екінші басты тұлға – қасқыр. Оның сиқы да жалпыға мәлім – ақымақ та ашқарақ. Түлкінің алдағанына иланып, өзінің көтеншегін суыртып, қаза табатын да, ешкі, қой, жылқы, сияқты жануарлардан алданып, қор болатын да қасқыр. Сонымен бірге қасқыр – зорлықшыл, зорлықшыл болғанда, сәтсіздікке көп ұшырайды. Ол әрі сараң, әрі қорқақ. Қасқырдың басын көрсеткен қойдан қорқып, қашатын да жері бар. Тіпті, қиын – қыстау кезеңдерде ақылымен жол тауып кететін қозы мен лақтан әлсіз болып шығады.

Қазақ фольклорында жабайы аңдар жөнінде айтылатын ертегілер де көп. Оның көркем үлгілері «Қазақ ертегілерінде» жарияланып келеді. Қай ертегіні алсақ та, қасқыр аңқау, қорқау, қомағай бейнесінде кездеседі. Мысалы, «Түлкі мен қасқыр» ертегісінде қорқау қасқыр қыс айында түлкіден балық алып жемек болса, ол «балық өзенде көп, суға құйрығыңды салып отырсаң, балыққа молығысың» дейді. Қасқырдың құйрығы мұзға қатып қалып, суатқа келген шаруардан таяқ жейді, құйрығы мұзда қалады.

Қазақ пен моңғолдың мифологиялық материалы фольклордың басқа жанрларының табиғатын дұрыс тануға да баспалдақ болатыны мәлім.

Адам неге ет қоректі, аңдар неге шөп қоректі болып жіктелгендігін айтатын миф бар. «Ертеде адамдар да малға ұқсап, шөп жейді екен дейді. Келе-келе адам баласының ақылы толысып, айлакерлікті үйренген соң, аңдарды қуалап, өрісін тартып ап, өздері ғана иеленіп, мол шөп жинап, қор сақтайтын болған екен. Теперіш көріп, ашыққан аңдар жаратушыға арыз айтып барғанда Құдай оларға: «Ендеше сендер шөп жейтін болыңдар, адамдар сендерді жейтін болсын», - деп, үкім шығарады. Сонда қой алдымен мақұлдап, жаратқанның қолын иіскеген екен. Ал, ешкі қарсыласып, бақырып жіберген. Содан бері қойды бауыздағанда ол үнсіз жатады, ешкіні бауыздарда ол бақыратын болған. Қазақ қойдың басын қадірлеп асып, мұрнын алдымен кесіп жеп, ырым жасайтыны – ол Құдайдың қолын иіскегендіктен киелі. Сол кезде қасқыр: «Адам ет жейтін болса, мен не жеймін?» - деген. Құдай оған: «Сен мойыл же!» - деген. Қасекен: «мойыл жейін бе, мойын жейінбе?» - деп қайталап, жаңылған боп зыта берген. Қасқыр қоралы қойға шапқанда мойнынан ұстап, тамақтайтыны содан болған екен – мыс» [2.17].

Тағы бір аңызда: «Ертеде Тәңірі адамдар мен аңдарға тамақ үлестіріп жатқанда қасқырды ұмытып кетіпті. Содан «Саған арналған азық жоқ, жүз қойдан біреуін жұлып же», - депті. Қасқыр шыға бере, жаңылған боп: «Жүзін жұлып, бірін қалдыр деді ме?!» - деп зыта береді. Содан ол қойға шапқанда жемесе де, тұтас оларды тамақтап, жарақаттап тастайтын болған» [2.18].

Қасқырдың жаңылу ситуациясы қазақта «Мойыл же деді ме, мойын же деді ме?» немесе «Жеті күн елден, бір күн жерден деді ме?» деген түрде кездеседі [2.18].

Міржақып Дулатовтың «Қасқыр қысты қалай өткізеді» деген әңгімесінде қасқырды жауыз, тамаққа тоймайтын қомағай, ашкөз, ашқарақ, ақымақ бейнесінде көрсетеді.

Ызылдап соққан суық жел. Аттының жолын, жаяудың ізін қар басқан, көлдер мен өзендерде мұз толған. Аяз бен боран жан-жануарлардың бәрін де үйіне, қорасына қуып тыққан да, далада тұрақсыз қаңғырып, суыққа дірдектеп, қарны ашып, бұралып кекшіл жүнді қасқыр жүр. Бір жерде де рақатпен жатқызбай тоғайларды, мидай даланы кездіріп мұны қуып жүрген аштық. Сорлыға күндіз де, түнде де дамыл жоқ. Қалың қарда кейде аяндап, кейде жортып, тістерін сақылдатып, қайдан бір тоятын тамақ табылар екен деп жүргені. Ормандағы үлкен аңның бірі аю ол жаз семіріп алып, жылы үйшігіне кіріп бекініп жатып, ұзақ ораза ұстаған кісідей ұйықтап жатыр. Өзіне лайық жып-жылы іні бар түлкі қуда тіпті қайғы жоқ. Көртышқандар да астығы мол үйлерді сағалап, неше бөлме ін қазып алып, уайымды ұмытқан.

Ақылы жоқ бадырақ көз қорқақ қоянға шейін ақ тоншасын киіп алып, бұтақ кеміріп шаттықта жүр. Жалғыз-ақ сорлы қасқырдың басына қыс күні бар бәле орнаған, мұның бір ғана үміті - бекітусіз қора, күзетсіз жылқы.

Осы сияқты қасқырдың көркемдік бейнесін Ахмет Байтұрсыновтың «Қасқыр мен мысық», «Қасқыр мен тырна», «Қасқыр мен қозы» сияқты өлеңдерінен кездестіре аламыз.

Бірақ қасқырға билік қылатын күш – адам. «Көксеректе» осы дүниетанымдық үлгі-нұсқаның көркемдік, философиялық сілемдері әлдеқайда дамытылған күйде фабулалық өрнек түрлерін салады.

«Көксерек» әңгімесінде жазушы қасқырдың мінез-құлқы, өзіне тән табиғи қасиеттерін тақырып етіп алып, айналаны қоршаған табиғаттың өз заңы, өзіндік ерекшелігі бар, оны адамдардың түсіне білуі қажет деген ойды көксейді. «Көксерек» әңгімесінің көк тәңірісіне қарап ұлитын символикасы да, оның тілмен айтып жеткізгісіз трагедиясы да сонда еді.

Фолкнердің «Аю» повесіндегі аңның өлімі — өркениеттің басы көктеп, орман-тоғайды жойып, өзендерді ластап, табиғаттың тозуын бейнелейтін қарғыс тәрізді болса, М.Әуезовте жыртқыштың күйреуі ұлттық тағдырды кестелейді. Бұл сөйлемейтін мұң, қара көзден аққан қанды жас, тексізденуге, тобырландыруға, жаһандануға үкім етілген аз ғана ұлттық қайғы қасіреті мен бейнетін азалайтыны хақ. Көксеректің аталы ана тілге, ата-баба поэзиясына төнген рухани апат болатын, аты-қазақша, баласы-орысша, немересі-ағылшынша сөйлеуге жазған құлдық психологияның зіл-батпан салмағын ауырсынудан туған зарға ұқсайтын. “Көксеректегі” жазушының сүйіп жазған сөзі – көк, көк күшіктер өмірдегі

құштарлықтың тұспалына айналды. Көк сөзі қазақта тәңір, аспан, табиғат, шөп, от, кие, қасиет деген ұғымдардың да синонимі екендігі белгілі.

Құрмаш тұз тағысының құртымдай күшігіне деген ыстық махаббатқа ұқсайды. Көксерек үйге келгенде Құрмаш балалығынан, еркелігінен күрт безінгенде әжесінің қойнынан шығып кетуші еді ғой. Бала Құрмаш жыртқышқа тым биік сезімдермен қарайды. Мұнда дүниедегі жан-жануарлардың бәрін сүйіспеншілікпен қабылдайтын құдайшыл, сәбилік пәк көңілдің, кіршіксіз таза жүректің жылуы мен ықыласы бар. Көксерек ауылдан жоғалған сайын бала көңілі құса еді. “Көксеректің” тұла бойы тұлған поэтика әсіресе, оның азаттық өмірі, үйірмен жүргені, жұптасып жүрген мезеті. Құрмаш үшін көксерек жыртқыш емес, панасыз, қорғансыз хайуан, құдай жаратқан киелі мақұлдығы. Өзі өсірген күшік болған соң өлімге қимақ түгілі қасынан шығарғысы келмейді.

“Лобо” әңгімесі.

Төңіректегі малшылырды қан қақсатып, зар илеткен қандыауыз топтың көкжал басшысы. Саған у, атқан оқ, қосқан иттің бірі дарымайды оған. Өлексеге пысқырып та қарамайды, жарып жейтіні – мал, қулық-сұмдыққа төселіп, жырынды боп алған көкжалға тыйым жоқ секілді. Әбден амалы таусылған, титықтаған аңшы ең ақыры қақпанмен Аққаншықтың сілесін қатырады. Аяғын кесіп алып, әрбір қарға адым жерге құрылған қақпандар маңына із салады. Сыңарын, мұңдасын иісінен сезген Лобо қауіп-қатерді естен шығарып, өлім тырнағына ілігеді.

“Виннипег қасқыры”.

Қызыл өзен бойындағы үңгірде адам қолына түскен сегіз күшіктің біреуінен басқасының түгел қылтасы қиылды. Жетім жалғызды трактиршінің еркебаласы Джим асырайды. Мойнын шынжыр кескен, босап кетсе ауыл иттерінен таяқ жеп ызалы күшік қасқыр боп өсіп келе жатыр. Ұяластарын мерт қылған, өзіне де талай қорлық көрсеткен Польшаның түбіне жетеді ақыры.

Джек Лондонның “Ақ азуы”.

Джек Лондон қасқыр әлемін бейнелеуде Жалғызкөз бен Кичидің күшігін шебер пайдаланған. Көк бөлтіріктің жаңа өмірі индеецтер қолына түскеннен кейін басталған. Ендігі аты – Ақ азу. Джек Лондон қасқыр тірлігін суреттеу арқылы зұлмат орта моралін айыптау, адамдар арасындағы қым-қиғаш сырларға емеурін жасап, меңзеу әсірелеу арқылы ішіне от тастайды, сезімнің, ойың тұтанып жүре береді.

Аталған туындыларда басым түрде кәдімгі елді мекендер, адамдар ортасындағы хикаялар молынан суреттеледі. «Көксеректе» Құрмаш, оның әжесі, әкесінен басқа елеусіз, бірақ көпшілік қауымның ортақ тіршілігін елестету мақсатымен аталып қалатын бала Жұмаш, Бейсембай, Қасен, Арыстанбек есімдері жанамалап қана, тым қысқа сәтке орай әредік ұшырасады. Негізгі нысана – Көксерек және оның әрдайым жоғалып, жаңарып отыратын жортуыл тобыры.

Салыстырып, біріне-бірін байланыстыра қарай бастайсың. Әуендес көріністер, үндес сарындар, рендес бояуларды табу қиынға соқпайды. Бауырда жатқанында емшектестері түгел өлтіріліп, қолға түскен күшік, иттердің кергісінде, мойнында шынжыр кесіп өскен бөлтірік, бөлінер ортасына қайта қашып барып топ бастаған көкжал, кісі жеген қандыауыз, ақыры адам қолынан, ит аузынан опат тапқан қасқыр. Бұл бір жазушы екінші жазушыдан жиендік жасап, оп-оңай көшіріп ала салған дайын сюжет, өзгермес қалып емес, құбылыс сипатынан, объекті ерекшелігінен туған жалпы ұқсастық.

“Көксерек” повесі шағын-шарпы сегіз тармаққа бөлінген. Бұлар дөңгеленіп, аяқталған сом сурет, өз алдына жеке картина іспетті, әрқайсысында әр түрлі баяндау, суреттеу тәсілдері қолданылған.

Адам – бөлтірік – орта. Бұл үшеуін автор диалектикалық байланыста бейнелеу үшін, қажетіне қарай бейнелеу әдісін құбылтып, өзгертіп отырады. Кісі қасында өскен қасқыр күшігінің қалыптасуында қоршаған орта ықпалы бірінші қатарға шығарылады. Әжептеуір жинақталған мотивті Әуезов қазақ топырағына, көшпелі сахара шындығына сәйкес әуенде шертеді.

Бөлтіріктің өсуін бейнелегенде, автор натуралистік, зоологиялық өзгерістерді жіпке тізіп жатпай, мінез ерекшеліктеріне сыртқы ықпал әсерінен болған жәйттерге назар аударады. Көксеректің үлкен иттерден, қатын-қалаштан көрген жәбір жарасы ішіне шемен болып қатып, жалғыз Құрмаш қамқорлығы жүректегі мұзды жібіте алмаған. Қайта шапқан қасқырлар артынан еріп Көксеректің дөң асуы оның табиғатына шәркез қылық еместі. Адасып қалып, жырылып кетіп тепкіден бетер еріксіздік торына түскен қырдың дүлей перзентінің бостандыққа ұмтылуы, ата-бабалары жортқан иен далаға тартуы, ұяластарын іздеуі жаратылыс заңы еді. Бірақ кәсібі бір болғанмен өзге ортада өскен Көксеректі қасқырлар оп-оңай тобына қосып алмасы түсінікті.

Ауылға оралғандағы сұры: “Бұл келгенде Көксерек екі бүйірі суалып ашыққан, өзінің үсті-басы батпақ болып сыбағысқан, сабалақ жүдеу пішінімен келді”. Төртінші тармақтың жартысы, бесінші, алтыншы тармақтар түгелдей Көксеректің кемеліне келген шағын, қанды жортуылдарын бейнелейді. Дауылды қара суықта ауылдан құйрық кесіп, мүлде кеткен Көксеректің түйсігін жазушы кішкентай деталдар – табаннан өткен аяз, езуді, тұмсық ұшын қарыған ызғар арқылы сездіреді. Көп сурет Көксеректің көзімен берілген.

Көксеректің бақытты шағы ақ қаншықпен табысып, кіндігінен ұя өрбітіп, Қарадырдың сай-саласын шулата, ауыл-аула, қарлы, қарағанды далада тайды-тайдай, қойды-қойдай жусататын айла-айбарға толы даңқты күндері.

М.Әуезов дарынының бір үлкен қыры суреттеу объектісі – қасқырға тән көмескі тіршіліктің сан түрлі парақтарын соншалық сенімді білімгерлікпен ерінбей атқаруында. Бұл оқиға, әрекет кеңістігінің аула-аясына қатысты пікір.

Егер біз қасқырды тек қана бірбеткей, қомағай, ашкөз, һәм жыртқыш хайуан деп қарасак, онда сыңаржақ пікірге ұрынып, тым біржақты кеткендігіміз. Әйтпесе қасқырдың да басына күн туып, запыран құсып, айналасынан, әсіресе, адамдардан аяушылық күтіп «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» заманға ұшырайтын кезі де аз емес. Осы айтқанымыз иланымды болу үшін Шыңғыс Айтматовтың «Жан пида» романындағы бірнеше бөлтірігі қолды болып, аналық жүрегінің шуақ-шапағатын кімге шашарын, аналық мейірімін кімге төгерін білмей шарқ ұрып, ақыр аяғында «адамның баласы болса да, бұл да менің бөлтіріктерімдей сәби ғой» деген аналық оймен шопанның кенже баласын алып қашып бара жатып оққа ұшқан Аққұртқа қаншықтың тағдырын еске түсіргейсіз. Ал сәби кезінде қасқырлар ұрлап кетіп, кейін солардың үйірінде өскен маугли-балаларға қатысты әлемнің әр түкпірінде болған аянышты оқиғалардың базбірінен сіздің де құлағдар екендігіңізге біз бек сенімдіміз. Бұрындары ең соңғы қасқырға дейін құртып жіберген елдер бүгіндері табиғаттың осы бір қайсар перзентін қайта түлету жолдарын қарастыруда. Әңгімемізді қасқырға ғана тән тағы бір қасиетпен тәмамдамақпыз. Цирк әртістерінің айтуынша, цирк өнеріне қасқырдан басқа жыртқыш біткеннің бәрін де, тіпті аң патшасы арыстанды да, сонан кейінгі «атаман» жолбарысты да баулуға болады екен. Тек қасқыр ғана адам баласының айтқанына көніп, айдауына жүрмей қойыпты. Расында да, қасқырды көзін ашып, бауырын көтеріп жарытпаған бөлтірік кезінен асырап, қолға үйретуге ниеттенгендер қазақ арасында да ұшырасқан. Алайда ондай жайттардың барлығы дерлік қайғылы жағдай, қанды оқиғамен аяқталып отырған. Мәселенки, Мұхтар Әуезовтің «Көксерегіне» әлгіндей оқиға өзек болған. Сірә, атам қазақ «Қасқырды қанша асырасаң да, түзге қарап ұлиды» деп тектен-тек айтпаса керек. Иә, қасқырдың аты - қасқыр... [3]

Әдебиеттер:

1. Қазақ әдебиетінің тарихы. Т.І. Фольклор редакциясын басқарған ҰҒА толық мүшесі, проф. М.О.Әуезов -А.: Қаз.ССР ҒА баспасы, 1948.-440 б.
2. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. –Алматы: Ғылым, 1987.-368 б.
3. Каскабасов С.А. Казахская волшебная сказка. –А.: Наука, 2012.-258 с.

«ОҒЫЗНАМА» ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЭПОСТАРЫНДАҒЫ ҚАЛЫҢДЫҚ ІЗДЕУ МОТИВИ

Иманбаева З.Ж.

Alikhan Bokeikhan University, МФК – 225 топ магистранты Семей қ.

«Оғыз-намеде» батырлық ертегілерде, эпостарда сөзсіз болатын осы сюжетке (қалыңдық іздеу, оны алу сюжеті) ешқандай мотивировкасыз, мифке не әсерлі шиеленіске әкелетін ешқандай оқиғасыз, жай *хабарлау* түрінде ғана, *атап айту* түрінде ғана берілген. Шындап келгенде, сюжет орнында сюжетті болып өткен нәрсе етіп айту ғана бар, сюжеттің хабар-дерегі ғана бар. Оқиға орнында *сөз* бар [1,65].

Батырлық ертегілерде, эпостық жырларда «батыр қалыңдығын тек бөтен рудан ғана әкеліп қоймайды, әрі ол «атастырылып қойған» «қалыңдық» қыз болуы керек және ең бастысы батыр бір-ақ рет үйленеді, о баста «бұйырылған» не «атастырылып қойған» қалыңдыққа ғана үйленеді. Егер осы салтқа сәл қайшы келетін жер болса-ақ, батырлық ертегілерде қиғаштап келіп те осыған әкелетін мотив табылады. Алтайдың «Алып Манаш» деген батырлық ертегісінде Алып Манашқа ата-анасы Күймчек Аруды алып береді. Атастыру арқылы үйлендіру – батырлық ертегілердің, эпостың негізгі мотиві. Бірақ пенделердің бұл әрекетінен де жоғары тұрған, бұзуға болмайтын бір норма бар: ол – құдай я әулие ұйғарған не бір әулие кітапта жазылып қойған «қалыңдықтар» бар. Пенделер мен құдайлар я керемет күштердің ұйғаруы қатар келгенде, батыр соңғы қалыңдыққа аттану керек. Яғни, *аттандыру мотиві* бірінші кезекке шығады. Мысалы: «Алып Манашта» Алып Манаш ақыл кітабын қарап отырып, мынадай бір жазуға көзі түседі: «жер мен көк түйіскен» мекенде жауыз Ақ Қанның «ақшал атқа мінген» Эрке Қарақчы деген қызы бар: «адамзат жүзін көрмеген, еркек қолы тимеген» сұлу. Алып Манаш екеуі бір мезгілде туған және бірі-біріне аталып қойылған. Ақ Қан қызына құда түсе келген алпыс алып та, жетпіс батыр да кері қайтқан емес. Алып Манаш осы қызға аттанады. Көп уақыт Ақ Қан қолында тұтқында болады. Алып Манаш өліпті деген хабар әкеліп, бұрынғы досы Ақ Көбек Күймчек Аруға үйленбек болады. Көп уақыт өтіп, Күймчек Аруды Ақ Көбек алғалы жатқан той үстіне келіп, Алып Манаш арамдық қылған «досы» Ақ Көбекті өлтіріп, өз әйеліне қайта үйленеді. Ал «Алпамыста» бұл сюжет бар. Алпамыс Тайшық ханның қолында жеті жыл тұтқын болады. Кезінде ұйқыда қолға түсуіне себепші болған хан қызы Қаракөз Айым тұтқында жатқанда Алпамысқа ғашық болғанымен, Алпамыс оны алмай, еліне қайтып оралады. Алпамысты өлді деп санап, Гүлбаршынға үйленбек тойын жасап жатқан Ұлтанқұлды өлтіріп, Гүлбаршынға үйленеді. «Қобыланды батырды» байырғы салтпен қалыңдықты жат жұрттан бір рет іздетіп барып әкелдіреді де, өзіне ынтық болса да, Көбікті қызы Қарлығаға үйленбейді [2,68].

Ал «Оғыз-намеде» дастанында бұл салтқа қайшы шығу бар. Мысалы: «Оғыз-намеде» Оғызды екінші рет үйлендіреді. Сөйтіп, үйлену сюжетінің ізі «Оғыз-намеде» екі рет көрінеді. Алайда ол қалыңдықты қалай алды, ол жолда қандай сындардан өтті баяндалмайды.

Батырлық эпостар мен батырлық ертегілерде бас қаһарманның ендігі әрекеті *жау шапқан елін құтқару* мотиві туғызған сюжетке құрылады. «Алпамыс батырда» мұндай кек алу мотивін туғызған жорық – Алпамыстың өзі жоқта «жылқысын шауып кеткен» Тайшық ханға қарсы жорығы. «Қобыланды батырда» Қобыланды жорықта жүргенде, «Алшағыр хан елін шауып, ата-анасын, жұбайы Құртқаны, ағайын-жұртын тұтқын қылып әкетеді. Қобыландының Алшағырмен соғысы - *кек алу* мотиві туғызған соғыс. Алтайдың «Маадай Қара» эпосында өзі бесікте жатқанда жұртын шауып, әке-шешесін, елін тұтқын қылып әкеткен Қара Құламен соғысы – осы *кек алу* соғысы [3,68].

Батырлық ертегілер мен көне эпостарға тән осы мотив те, осы мотивке құрылған соғыстар да «Оғыз-намеде» жоқ.

«Оғыз-намеде» қалыңдық іздеу мотивінің жоқтығы және осы мотив туғызған қалыңдықты, жау қолынан қайыру соғыстары, елін шауып кеткен жауынан кек алу мотивінің жоқтығы және осы мотив туғызған ел-жұртын, ата-анасын жау қолынан құтқару соғыстарының болмауы «Оғыз-намені» батырлық ертегі мен батырлық эпостан біршама бөлектейді.

Оғыз қағанның бірінші әйелі «көктен түскен көк жарық» ішінде отырса, екіншісі «көл арасындағы ағаштың қуысында» отырады: бірі – көк перзенті де, бірі – жер перзенті. Эпоста екі әйелден туған ұлдар да бөлек-бөлек қасиетке ие болуға тиіс. Оларға қойылатын ат я тегі ескеріліп барып, я болашақ ерлік әрекеті ескеріліп барып қойылуға тиіс.

«Оғыз-намеде» Оғыздың екі әйелінен туған ұлдарына ат шешелерінің тегіне қарап барып қойылады: Көк қызынан туған ұлдарына *Күн, Ай, Жұлдыз* деп ат қояды да, Жер қызынан туған ұлдарына *Көк, Тау, Теңіз* деп ат қояды. Эпос салтынша туған оғул енді «ер» аталады, ел-жұрт оның ерлігіне, күшіне бас қояды. Батыр ұл бірінші кезекте үйленуі керек.

Эпостық жырлар салтында батыр ұл қалыңдықты өзі іздеп табуға тиіс және қалыңдық кереметтей қасиетке ие болуы керек. Ол ғайыптан пайда болуы, қиын жерде кездесуі қажет. Олардың қосылуы алдын ала ойластырылып, шешіліп, ұйғарылып қойылғандықтан, түрлі кездескен кедергілердің қандайын болсын кейіпкер жеңеді. «Оғыз-намеде» осы сарынның сұлбасы ғана бар.

Оғыз қаған дуалы жерде «тәңіріге жалбарынып» отырады. Тәңірі қараңғы түскен кезде «аспаннан күндүн айан, айдан қуғлулуғрақ» бір «көкйарук» түсіреді. Сол жарық сәуле ішінде бір қыз отыр: маңдайында «оттай жарық», «Темірқазықтай» дара бір меңі бар, «күлсе Көк тәңірінің өзі қосыла күлетіндей, жыласа Көк тәңірінің өзі қосыла жылайтындай» көрікті қыз». Осы секілді тылсыммен тілдесу, жалбарыну арқылы-ақ ол үйленеді [1,78].

Эпосты айтушы бір сөзбен «сүйді», «алды», «буаз болды», «үш еркек ұл туды» деп ірі-ірі сюжетке құрылып баяндалатын детальдарды, оқиғаға құрмай, атап өту арқылы ғана баян етеді. Эпостық жырлар салтында болашақ батыр ұл *болып* туып, әке жолын әрі қарай жалғастырып, эпостық шығарманың кейінгі тарауларын құрайтын кейіпкерлерінің әкелерінің туу тарихы сияқты керемет шешеге әкесін телу «Оғыз-намеде» де тән. Және негізгі геройдың бірнеше әйелі болуы (кемінде екі әйелі болуы) және бірінші әйелінің орны, қасиеті, көркі артықша болуы, ал екінші (кейінгі) әйелдерінің кереметі төмендеу болуы - заңдылық.

Оғыз қағанға тән ендігі бір әрекет – батырлық ертектер мен эпоста бала батырдың қалыңдық іздеп шығуы, қалыңдығын табуы сияқты сюжетке жақын әрекет.

«Оғыз қаған бір жерде Тәңірге жалбарынып отырғанда, қараңғы түсіп кетеді. (Сол кезде) көктен күннен аян, айдан шұғылалы бір көк жарық түседі. Оғыз қаған (сол жарық түскен жерге қарай) жүреді. (Келіп) көрсе, осы (көктен түскен) жарықтың арасында бір қыз... Оғыз қаған оны көрген бойда есі кетеді, сүйіп қалады, алады...» [1,79]. Мұнда бірде-бір суретті оқиға жоқ. Оқиға суреті жоқ, нақты әрекет көрінісі жоқ. Тек әрекетті, оның нәтижесін хабарлау ғана бар.

Мұнда жай пендеге кездеспейтін нәрсе: көктен «көк жарық» түсуі, сұлу қыздың осы «жарық арасында» жалғыз отыруы. Басқа жайдың бәрі қалыпты нәрсе.

Қорыта келгенде айтарымыз, эпостық жырларда батыр тумай тұрып не туған соң әке-шешесі өзіне айттырып қойған қызды – қалыңдық қызды алады. Өздерін әке-шешесі қартайғанда зарығып жүріп қалай тапса, бұл қалыңдық қыздар да дүниеге солай келеді («Қобланды»). Немесе батыр ұлға қамқоршы әулиелер не ақсақал қарт «пәлен жерде пәлен ханның қызы бар, сенің қалыңдығың сол» деп айтып отырады. Ал қалыңдық іздеп шығудың, алудың өзі белгілі мотивтер негізінде барып іске асып отырады («Алпамыс»). Ең бастысы бұл қалыңдық біреу ғана болады («Қамбар»).

«Оғыз-намеде» Оғыздың қалыңдық іздеуі де, қалыңдықтың кім болып келуі де бөлекше.

Екі рет Оғыз бір жерде тәңіріге жалбарынып отырады. Бұл жерде «тәңіріге жалбарыну» әрекеті қандай мотивпен келіп барып көрінгені көмескі, эпостың жүйелі желісі тұрғысынан қарағанда аңыз-әңгіменің бұл тұсы қалыңдық іздеу мотивіне өте жақын тұр. Бірақ мотивтік форма өзінің анық белгілерімен дараланып көрінбейді. Аңыз-әңгіменің бұл құрылысынан үйлену Оғыздың ісі емес, тағдырдың өз ұйғарымы екендігі байқалады. Оғыз жалбарынып отырғанда «қараңғылық кеш келіп», аспаннан «көк жарық» (көк сәуле) түсті, сол «көк жарықтың» арасында бір қыз «бар» екен. Бұл – «көк жарықтан» пайда болған Көк тәңірінің қызы. Жарықтан сәуледен жаралғандықтан оның меңі «отты жарық», ол Көк тәңірінің «көк жарықтан» жаратқан қызы болғандықтан, «жердің ел күні көретін» қыз емес, көк тәңірі ортасында жүріп солардың көзімен көрінетін ғана қыз, сол үшін де егер «қыз күлсе, Көк тәңірі қосыла күледі», егер «қыз жыласа, Көк тәңірі бірге жылайды» [1,205]. Аңыз-әңгіме қыз атын атамайды. Себебі, ол адамзат перзенті емес, Көк тәңірінің қызы.

Аңыз-әңгіме Оғыз қағанға осылай Көк перзентін жолықтырып (дәлірегі қалыңдық ретінде ұйғарып), оның «өзін кетіріп» (есін кетіріп) сүйдіреді, алдырады.

Бірінші қыз «көктен түскен көк жарық арасында» – аспандық дүние арасында отырса, ал екінші қыз «көл арасында» «ағаш қуысында» – жерлік заттар ортасында отыр. Жер қызы, ол «жердің ел – күніне» тән, солардың көзімен көрінетін қыз: сол үшін де «жердің ел күні» оның көркін көрсе есінен танып, «сүттен қымыз» боп шамырқанып, қызуы тасып, құмары артып шыға келеді. Аңыз – әңгіме бұл қыздың да атын атамайды. Себебі, ол адамзат перзенті емес, Жер – ананың өз қызы. Аңыз әңгіме Оғыз қағанға осылай Жер – ана перзентін жолықтырып (дәлірегі қалыңдық ретінде ұйғарып), оның «өзін кетіріп» (есін кетіріп), жүрегіне от түсіріп, сүйдіреді, алдырады. Бұл жерде де эпостық жырларда болатын *неке түнінің* оқиғалы суреті жоқ, олар орнында «Оны алды, сүйді. Бірге жатты, тілегі қабыл болды» [1,205] – деген өте сараң хабар сөз ғана бар.

Жер-ананың «көл арасында», «ағаш қуысында» отырған осы қызы Оғыздан «жүкті болып, үш ұл» туады: біріншісін *Көк*, екіншісін *Тау*, үшіншісін *Теңіз* деп атады. Жер-ананың өз қойнындағы қыздан туған балалар осылай жер бетінің үш ең ірі де қасиетті дүниесі *Көк* (күллі өсімдік атаулы), *Тау* (күллі биіктік атаулы), *Теңіз* (күллі тіршілік нәрі су) атымен аталады. Оғыз қағанның үйлену баяны төмендегіше сипатталады:

Күндерде бір күн

Оғыз қаған Көк тәңіріге жата жалбарынады.

Сол сәтте қараңғылық түсті.

Аспаннан бір көк нұр түсті.

Күннен де, шұғылалы айдан да сәулелі екен.

Оғыз қаған оған жақын барып көрді:

Сол жарық сәуленің ішінде

Бір қыз отыр екен.

Ғажайып сұлу қыз екен.

Жүзінде оттай алаулаған,

Бейне бір Алтын Темір қазық шоқ жұлдызындай

Жарқырап тұрған меңі бар екен.

Ол қыздың сулулығы сондай.

Егер ол күлсе – көк аспан қарқылдап күледі.

Егер ол жыласа – көк аспан күңірене жылайды

Оғыз қаған оны көрді де, есінен таңды.

Ақыры барды, сүйді, үйленді [1,205].

Халық жырларында бас қаһарман міндетті түрде үйлену мақсатымен қатерлі де алыс сапарға аттанып, қарулы қақтығыстарды басынан өткерсе, «Оғыз-наменің» олардан айырмашылығы Оғыз жарын басқа бір елден, алыстан іздемейді. Тәңірге жалбарынып отырса, көктен бір жарық сәуле түседі. Сол жарық нұрдың ішінде маңдайында алтын қазықтай (Темір қазық жұлдызын меңзейді) меңі бар сұлу қыз отырады. Ол қыз күлсе, Көк

тәңірінің өзі күлетін, жыласа, Көк Тәңірінің өзі жылайтын еді. Оғыздың тағаты қалмады, сол қызға қатты ғашық болып, үйленіп, одан үш ұлды болады. Олардың атын Күн, Ай, Жұлдыз деп ат қояды. Бұл жерден Күн қызын Тәңірдің өзі жібергенін көреміз. Бақсылық танымда Күн, Ай, Жұлдыз, Шолпан – аспан тәңірлері деп аталған [13, 56].

Күн қызынан мифтік дүниетаным көрінісі байқалады. Көптеген аңыздарда («Дың сұлу», «Домбауыл», Аланкуа ана) күн нұрынан жүкті болған қыз желісі кездеседі. «Нұрдан жаралу» сарыны шығысқа ортақ сюжеттерге құрылған дастандарға негіз болған. Діни түсінік, сенім бойынша Алла Тағала адамды жаратпас бұрын Мұхаммед пайғамбардың нұрын жаратқан. Әл-Фарабидің пайымдауынша, дүние ғалам бір шапағаты нұр сәуледен пайда болған [4,57]. Сол қалдық сәуле – шығыс ұғымындағы әл-мисақ екен.

Помимо всего этого, в повести неоднократно встречаются знаменитые исторические личности, к примеру, Гай Юлий Цезарь и Степан Разин, что дает возможность предположить наличие в повести некоторых историко-философских и политических пластов. Как известно, произведение создавалось в очень непростую эпоху развития России, что не могло не отражаться в творениях Тургенева. Герой-повествователь «Призраков» активно выражает невозможность принятия конкретных форм социальной жизни России и Европы. Обнаружив в «Призраках» отрицание цивилизации буржуазии, Тургенев с заметной резкостью отрицал и дворянско-бюрократический Петербург. Заявив в своем творении об общности исторического пути развития России и Европы, автор в то же время не дал ответа на вопрос, каким именно будет этот путь.

В процессе работы над «Призраками» Тургенев неоднократно высказывал сомнение в их актуальности и состоятельности. Писатель назвал свое новое произведение «фантазией» и опасался, что большинство читателей сочтут ее «несколько детской». Однако, несмотря на опасения автора, и на критику, которая во многом поставила под сомнение талант Тургенева, эта повесть входит в число бессмертных произведений гениального писателя и привлекает уже не одно поколение читателей своей таинственностью и загадочностью.

Литературы:

1. Ветринский Ч. Муза-вампира. Творчество Тургенева. М.: 2000.
2. Могилянский А.П. Кийко Е.И // И.С. Тургенев. Призраки. Комментарии. М.: Наука, – 1981.– Т. 7, – с. 470 – 485.
3. Письмо Ф.М. Достоевского к И.С. Тургеневу от 23 декабря 1863 года. [Электронный ресурс] – Режим доступа. – URL: <http://www.rvb.ru/dostoevski/01text/vol15/01text/425.htm>.
4. Тургенев И.С. Письма. Изд. 2-е, испр. и доп.. М.: Наука, 1988. Т. 5. 1862–1864.

РУССКАЯ ЛИТЕРАТУРА 19 ВЕКА: ТЕМА ИГРЫ И ИГРОКА

Нурикенова Ж.А.

УО “ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY”, г. Семей

2 курс, группа, ОП 7М02304 «Филология»

Карты – определенная культурная реальность. Игра особым образом влияла на национальную культуру многих народов, не обошло это и Россию, в которой игра имела большое значение, существовало множество тайных и явных игорных домов.

Тема азарта, игры в карты была привлекательным мотивом для создания литературных произведений.

Великие русские писатели обращались к проблеме азартных игр, черпая оттуда сюжетные моменты. И, конечно же, больше всех преуспели в этом Федор Михайлович Достоевский и Александр Сергеевич Пушкин, которые могли передать все оттенки состояний души азартного игрока.

Ведь, как известно, помимо гениальности, каждый из них сам был заядлым игроком. И Федор Михайлович, и Александр Сергеевич любили играть в карты, проигрывали серьезные суммы, что приводило их и членов их семейств к нужде.

Федор Михайлович Достоевский посвятил играющему в карты человеку роман «Игрок». В этом произведении четко прослеживаются три линии развития сюжета. Сначала речь идет о том, что такое игра с точки зрения философии, рассматривается ее отношение к высшим силам. Потом на смену размышлениям приходит повествование о том, как погибает душа человека, находящегося во власти азарта, игры. Вследствие гибели души не медлит и гибель физическая. А за физическим умиранием человека, безусловно, подползает полное разорение.

Александр Сергеевич Пушкин использовал сюжет, основанный на азартной игре, создавая «Пиковую даму» и «Выстрел». Его интерес к теме игр носит биографический характер. В повествовании прослеживается сочетание реального восприятия событий и субъективного, внутреннего ощущения героя.

В разное время многие отечественные и зарубежные литературоведы и критики в своих работах касались мотивов игры.

Так, Н.А. Котляревский проводил границу между методом изображения игры в пьесе «Игроки» и предшествующих им произведениях Бегичева, Булгарина, Шаховского, Яковлева.

Ю.В. Манн, анализируя структуру образа игры в литературном произведении, подробно останавливался на поэтике пьесы Гоголя «Игроки», множество замечательных находок по этой теме сделала И.Л. Вишневская.

Еще одним взглядом на азартную реальность была «теория игры» Ю.М. Лотмана. В работе «Пиковая дама» и тема карт и карточной игры в русской литературе начала XIX в.» он представил карты как «определенную культурную реалию», проследил зарождение и развитие этой темы в литературе, а кроме того, спроецировал карточную игру на реальность [1].

В человеческой культуре существует некоторый круг понятий, с которыми люди сталкиваются ежедневно; которые настолько органично присущи человеческому поведению, что человек включает в себя это явление, затрудняясь дать ему адекватное определение.

Одним из таких понятий и является игра. Ее природа остается для нас загадкой, хотя мы безоговорочно признаем частотность и важность этого процесса для нашей жизни, осознаем, что это не только способ развлечения, но и нечто большее.

Игра сопровождала человечество с самой ранней поры его существования. В первобытной культуре игре, например, охотничьему ритуалу, приписывали способность влиять на ближайшее будущее.

С продвижением человечества от примитивной культуры к развитому социуму роль игры не уменьшилась, напротив, в разное время мыслители разных народов усматривали в игре модели цивилизации в целом, социума, искусства и даже судьбы.

Игра является объектом рассмотрения психологии, культурологии, философии, искусствоведения, математики, педагогики и других дисциплин.

Литературовед М.Н. Эпштейн в книге «Парадоксы новизны» осуществил глубокий анализ влияния категории игры на художественное творчество. По его мнению, «игра представляет собой как бы самый срединный слой бытия, где уравниваются и переворачиваются все его крайности: великое и малое, высокое и низкое, белое и черное...» [2].

Хотя исследователь многократно оговаривается, что литература, живопись и музыка не принадлежат к чисто игровым видам деятельности, он признает, что они содержат в своей структуре много игровых элементов.

Особенно это касается литературы, ведь «игра заключена почти в каждом слове, которое одним своим смыслом обращено к наружному восприятию, а другим – к внутренней правде вещей» [2].

М.Н. Эпштейн не только определил место литературы в собственной классификации игр, но и высказал свои соображения об их роли в разных литературных видах: «В лирике заметны признаки игры-импровизации. Переносному значению слова соответствует перевоплощение обозначенного им предмета /.../ Эпическое произведение строится по законам размежевания и соперничества, здесь действуют законы организованной игры» [2].

В драме и театральном искусстве игра достигает своего полного воплощения: «актер играет персонаж не потому, что надо представить его на сцене, а потому, что сам персонаж в своей жизни играет и в какой-то мере является актером» [2].

В художественном тексте, как и в реальном мире, игра – неоднозначная категория, имеющая множество граней и спектров рассмотрения.

Мотивы игры и игровые приемы достаточно хорошо вписались в русскую драматургию.

Впервые эта тема была затронута в «Комедии-притче о блудном сыне» Симеона Полоцкого. Введение в обиход карточной игры в петровское время и сильное увлечение ею в последующие десятилетия сделали особенно злободневной тему «игрока».

П.Н. Берков называет ряд пьес, разрабатывающих эту тему, среди которых подробно останавливается на двух комедиях 1780-го года: «Игроки» П.С. Батурина и «Преступник от игры, или Братом проданная сестра» Д.В. Ефимьева [3].

В обеих пьесах карточная игра изображается причиной или поводом порочных нравов и поступков отрицательных героев. Сфера игры, круг игроков представлены здесь вредной средой, где страсти берут верх над разумом человека.

Ю.М. Лотман в статье «Пиковая дама» и тема карт и карточной игры в русской литературе начала XIX века» показал, что популярность изображения карт в русской литературе имела социальные причины: российская общественная жизнь имела много оснований восприниматься подобием азартной игры: «Азартные игры строятся так, что понтирующий вынужден принимать решения, фактически не имея никакой (или почти никакой) информации /.../ Таким образом, понтирующий играет не с другим человеком, а со Случаем /.../ Уже во второй половине XVIII века сложился литературный канон восприятия «случая», «карьера» как результатов непредсказуемой игры обстоятельств /.../ Игра различных, взаимно не связанных упорядоченностей превращала неожиданность в постоянно действующий механизм...» [1].

Присутствие в искусстве игрового начала обусловлено волевым избранием человеком этого пути. Талантливый писатель, допускающий игру в свой труд, - это мастер, ведущий своих читателей вслед за героями из тьмы игрового мира к прозрению света истины.

Таким образом, тема игры не является неким противоречием теме человека, она напрямую связывается с ней. Творческая интуиция человека вытесняет все наносное, ненужное (азарт, страсть).

В России в карты играли все сословия, но дворянство и купечество, у которых было свободное время и свободные деньги занимали особую нишу.

Настоящая мода на карты началась во время так называемого «золотого века российского», то есть в последние годы царствования Екатерины II.

Истинный расцвет карточной игры пришелся на XIX век. Блюстители морали били тревогу, утверждая, что «ежедневно семь десятых петербургской мужской публики с десяти часов вечера садится за карты. Потребность игры стала столь привычной, что в некоторых кругах оценивают человека по критерию: «он играет», «он не играет»...» [4].

Русская литература буквально пропитана духом игрового азарта! Писатели и поэты, гении русской словесности, играли сами и об игре со знанием дела и с удовольствием писали.

Игра занимала видное место в поэтике выдающихся русских литераторов: И.А. Крылова, Н.И. Новикова, Д.И. Фонвизина, А.С. Пушкина, М.Ю. Лермонтова, А.С. Грибоедова, Н.В. Гоголя.

И.А. Крылов, утвердив в русской литературе игровой по своей природе жанр басни, подготовил почву для всей последующей российской «игрологии».

В комедиях Д.И. Фонвизина образ игры получил более глубокое раскрытие. Здесь Простаковы разворачивают перед Стародумом как бы «потемкинскую деревню», затевают почти театральную постановку, чтобы расположить в свою пользу строгого дядю.

Таковыми же методами будут действовать чиновники уездного города в гоголевском «Ревизоре». Игра заложена и во многих индивидуальных образах «Недоросля»: чего стоит один конюх Вральман, исполняющий роль учителя «по-французски и всем наукам».

Ироничные и горькие размышления игрового несоответствия людей их занятиям найдут свое место в гоголевских «Игроках».

Заядлым игроком был Александр Сергеевич Пушкин. «Пиковая дама» явилась одной из вершин «игровой тематики» в русской изящной словесности.

Тему Игры в этой повести рассматривал Ю.М. Лотман, он очерчивает вокруг сюжета произведения общий фон господства Случая. На этом фоне должен действовать «человек Рока», ассоциирующийся с Наполеоном. Именно ему предстоит вести игру не только с «обычными людьми», «рабами обстоятельств», но и с Неведомыми Факторами, Роком, Судьбой.

Друг Пушкина, Ал. Н. Вульф, записал в дневнике: «Никакая игра не доставляет столь живых разнообразных впечатлений, как карточная, потому что во время самых больших неудач надеешься на тем больший успех, или просто в величайшем проигрыше остается надежда, вероятность выигрыша. Это я слышал от страстных игроков, например, от Пушкина (поэта)... Пушкин справедливо говорил мне однажды, что страсть к игре есть самая сильная из страстей».

Другому приятелю Пушкин как-то сказал: «Я предпочел бы умереть, чем не играть» [6]. Проигрывал он огромные суммы, при годовом жаловании в семьсот рублей ему случалось за одну ночь проиграть несколько тысяч. После гибели на дуэли он оставил 60 тысяч рублей долга, который милосердно погасил из личных средств император Николай I. Более половины этих денег были долгом чести, то есть карточным долгом.

У Михаила Юрьевича Лермонтова в «Тамбовской казначейше» гусар выигрывает в карты красавицу жену хозяина дома, в «Маскараде» также идет карточная игра... Правда, сам Лермонтов на то и «сумрачный гений», что не был азартен, ровно, как и другим страстям подвержен не был. Играл, конечно, потому что стыдно офицеру не играть. Но без удовольствия, а потому и без особого ущерба для кошелька.

А про то, что Федор Михайлович Достоевский был настоящим игроманом, знают теперь уж все: проигрывался в прах, выпрашивал денег у беременной жены, а ее оставлял голодать. И даже роман написал об этом - «Игрок». Впрочем, многие свои романы он писал только для того, чтобы карточные долги выплатить. И говорил: «Если бы русские писатели не играли в карты, то не было бы русской литературы».

Зато поэт Николай Алексеевич Некрасов, воспевавший страдания русских крестьян, играл не только профессионально, но и очень удачно, благодаря игре он и сам жил безбедно, и журнал «Современник» часто спасал от финансового краха очередным выигрышем. «С вами, батенька, играть опасно, без сапог нас оставите», - говорил ему Белинский. Утверждали, что в год он выигрывал до 20 тысяч рублей – огромная по тем временам сумма. При этом страстью своей Некрасов карты не признавал и говорил: «В чем другом у меня не хватает характера, а в картах я стоик» [8]. Осип Мандельштам в «Казино» рассказывает о том, как впадает в легкий транс, находясь в казино, каким чудится ему развлекательное оборудование. 20 век в русской литературе стал временем «игры» писателя с читателем. Каждое произведение – это утонченная игра, в которой читателю предлагают вычленив в постигаемом тексте новые варианты уже знакомых фраз, образов, жестов, типических и архетипических образов и сюжетных поворотов.

В произведениях классиков в карты играют представители высшего общества, игроки играют на деньги, представители высшего общества в произведениях классиков,

Именно от Пушкина и Гоголя пойдут традиции, связывающая в русских сюжетах идею обогащения с картами (от «Пиковой дамы» до «Игрока» Достоевского) или аферой (от Чичикова до Кречинского).

Тема карт существовала в литературе до «Пиковой дамы» — как сатирическая, бытовая или философски-фантастическая. Однако только у Пушкина она приобрела ту принципиальную многозначность, которая позволила ей наполниться неожиданно емким содержанием. То, что один и тот же символ (например, карточной игры) может, наполняясь противоположными значениями, представить несовместимое как аспекты единого, делает произведения Пушкина не только фактами истории искусства, но и этапами развития человеческой мысли. Гоголь не был абсолютным новатором в изображении игры. В своих произведениях он следовал традиции А.С. Пушкина, также рассматривавшего игру как оригинальную модель общественных отношений; во многом его художественные находки в этой области близки к подобным моментам у М.Ю. Лермонтова и А.С. Грибоедова. Фигура Гоголя, обозначившая новую эпоху в отечественной словесности, может стать точкой отсчета и в изучении «игрологии» русской литературы, живого сложного процесса, продолжающегося и в наши дни. Ф. М. Достоевский - гениальный мастер, художник слова, точно и глубоко понимающий внутренний мир своих персонажей. Многие страсти, которые переживал Ф.М. Достоевский, он проецировал на персонажей своих произведений. Однако, работая над образами играющих героев, писатель всегда помогал им преодолеть искушение игрой, умерить стихию бушующих в их душах страстей, подобно тому, как преодолевал их он сам. Полученный опыт он стремился передать читателю. Уважая и любя своих героев, писатель никогда не отказывал им в спасении, не ставил последней точки, избегал крайних оценок, бесповоротных суждений.

В лице Гоголя и Достоевского встречаются две эпохи — эпоха романтическая, эпоха поэзии, осознающей мир через чувство и страсть, и эпоха сомнения, эпоха расщепления и проверки «святых чувств». Гоголевская поэтическая стихия еще не знает разлагающего влияния научного знания, высокомерия ума, дающего неограниченные права страстям идей.

Литература:

1. Лотман Ю.М. «Пиковая дама» и тема карт и карточной игры в русской литературе первой половины 19 века // Лотман Ю.М. Пушкин. – СПб: Искусство-СПб, 1998. – С. 886 – 814;
2. Эпштейн М.Н. Парадоксы новизны: О литературном развитии XIX-XX веков. – М.: Сов. писатель, 1988. – 416 с;
3. Берков П.Н. История русской комедии XVIII века /Отв. ред. Н.Д. Кочеткова, Д.П. Макогоненко. – Л.: Наука, 1977. – 391с.;
4. Званцева Е.П. Об истоках сюжета повести А.С. Пушкина «Пиковая дама»/ Е.П. Званцева// Болдинские чтения. – Горький, 1983;
5. Чхаидзе Л.В. О реальном значении мотива трех карт в «Пиковой даме»/ Л.В. Чхаидзе// Пушкин: Исследования и материалы. – Л.: Наука, 1960. – Т. III;
6. Пушкин А.С. Сочинения: в 3 т./ А.С. Пушкин. – М.: Худож. лит, 1985 – 1986;
7. Достоевский Ф.М. Собрание сочинений: в 10 т./ Ф.М. Достоевский. – М.: Худож. лит. 1956 – 1958;
8. Белинский В. Г. Собрание сочинений. В 9-ти томах. Т. 5. Статьи, рецензии и заметки, апрель 1842 – ноябрь 1843. – М., «Художественная литература», 1979.

**ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІ ЖАЛҒАСТЫРУШЫ ӘКЕ
(Абай Құнанбайұлының шығармашылығы негізінде)**

Ақын Ә. 2-курс магистранты,

«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ, Семей, Шәкәрім атындағы университеті

Құнанбайдай әкеден тәлім алған Абай кім болып шықты? Жақсы әкеден жаралып, ұлағатты анадан, асыл әжеден тәлім алған Абай кейінгі ұрпаққа не деді? Абай тек өз балаларының ғана әкесі емес, барша қазақтың баласына рухани әке болып, әкелік, азаматтық ақылын айтты:

1. Пайда, залалды айыратұғын қуаттың аты - ақыл...
2. Адамның адамшылығы - ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады.
3. Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: Ыстық қайрат, Нұрлы ақыл, Жылы жүрек.
4. Адамзатқа не керек:
Сүймек, сезбек, кейімек.
Харкет қылмақ, жүгірмек,
Ақылмен ойлап сөйлемек.
5. Атымды адам қойған соң,
Қайтып надан болайын.
6. Бес нәрсеге асық бол...
Талап еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс көнесеңіз.
7. Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады.
8. Жас уақытта көңіл - гүл.
9. Жастықтың аты арындап,
Тас қияға өрледің.
10. Жастықтың оты жалындап,
Жас жүректе жанған шақ.
Талаптың аты арындап,
Әр қиянға салған шақ.
11. Жастықта көкірек зор, уайым жоқ.
12. Жастықта бір күлгенің мың қаралық.
13. Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат.
14. Егер ісім өнсін десең - ретін тап.
15. Еңбек - қуаныш, жалқаулық арылмас азап.
16. Еңбексіз мал дәметкен - қайыршылық.
17. Жұмысы жоқтық,
Тамағы тоқтық,
Аздырар адам баласын.
18. Дүниеде жалғыз қалған адам - адамның өлгені.
19. Сақалын сатқан кәріден,
Еңбегін сатқан бала артық.
20. Орынды іске жүріп ой таппаған,
Не болмаса жұмыс қып, мал таппаған.
Қасиетті болмайды, ондай жігіт,
Әншейін құр бекерге бұлғақтаған.
21. Адам болам десеңіз...
Бес нәрседен қашық бол...
Бес нәрсеге асық бол...
22. «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: есітіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді

болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады... Сол естілерден есітіп білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады».

23. Адамның адамшылдығы - ақыл,ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады.

24. Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,

Еңбегің мен ақылың екі жақтап [1].

Шығармаларын оқи отырып Абайдың кейінгі ұрпаққа айтқан тәрбиелік мәні зор өсиетті сөздерімен бұл тізімді ұзарта беруімізге болады.

Абайдың қара сөздеріндегі адамгершілік тәрбиесі тұнып тұр. Мәселен; «Адамзат баласының алдында үш айғақты зор міндет тұр: бірі - бейбітшілікті, екіншісі - руханиятты, үшіншісі - табиғатты қорғау һәм сақтап қалу. Бұлардың қай - қайсысы да біздің тіршілігіміздің басты бағдары. Бір -бірін толықтыратын ұғымдар. Осы үш бастауға Қазақстанның ғана емес, бүкіл әлемнің болашағы байлаулы» деп тұңғыш президент айтпақшы адамзат баласының өмір сүруіне қажет деп танитын осы үш фактор. Мұның ішінде, әсіресе «руханият» ең маңыздысы. Себебі, адам баласы рухани азықсыз өмір сүре алмайды. Жалпы, әлемдегі кез - келген халықты алып қарасақ та ең алдымен тәлім - тәрбиеге, білімге, адамгершілікке үндейді, болашақ ұрпақтың өн бойына рухани азық сіңіруге тырысады. Өйткені тәлім - тәрбиенің, адамгершілік қасиеттердің адам өмірінде алар орны ерекше. Атақты ғұлама ғалым, әлемнің екінші ұстазы Әл Фарабидің де «Тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы» деген аталы сөзі бар. Осыдан - ақ тәрбиенің адам өміріндегі маңызын көруге болады. Осы тұрғыдан келгенде қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының өлеңдері мен қара сөздері халыққа ерекше тәрбие береді, адамгершілікке үндейді. Оңайдан қиынға қарай, жақыннан жыраққа қарай, қызықты, күлкілі жайдан үлкен толғаулы қорытындыға қарай біртіндеп жетектейді. Мұның барлығы адамзатты адамгершілікке жетелеу мақсатында еді. Енді ақынның бірнеше қара сөздеріне көңіл аударып көрелік. Абайдың қара сөздерінің кім үшін болса да, тәрбиелік мәні зор. Әйтсе де білімге ұмтылушы жастар үшін айрықша құнды. Өйткені ғылым да, өнер де жастар үшін. Адамның қолын бақытқа жеткізетін ілім - білімді игеру де жастардың ғана қолынан келетін іс. Қартайған адам қанша ұмтылса да, өндіреті аз болмақ. Сондықтан білімге ұмтылған жастар ұлы ақынның бұл айтқандарын берік есте сақтауы қажет.

Абайдың «Алтыншы», «Сегізінші», «Он бірінші» сөздері жоғарғы ілім - білімге ұмтылуға бөгет жасайтын надандық, мақтаншақтық мінездерді шенеуге арналады. «Бірлік, тірлік» деген сөз ұғымдарының мәнін аша келіп, «Алтыншы сөзінде» Абай: «Бірлік - ақылға бірлік, малға бірлік емес» [2], - десе, сол әңгімесінің екінші жерінде: «Ырыс - алды тірлік» дейді. Жанын қорғалап жаудан қашып, қорқақ атанып, еңбек қылудан, қызмет қылудан қашып, еріншек атанып, ез атанып, дүниеде әлгі айтылған ырысқа дұшпан болады...

«Кеселді жалқау, қылжақ бас,

Әзір тамақ, әзір ас,

Сыртың пысық, ішің нас,

Артын ойлап ұялмас, - болып жүріп, тірімін деме, онан да Алла жіберген ақ бұйрықты өлімнің өзі артық», - дейді. Ұлы ақын осы пікірін өзінің «Үшінші», «Он бірінші» сөздерінде де толықтырып, ұштай түседі. Мал үшін ар - намысын сату, бірінің үстінен бірі арыз беріп жала жабу, ауызбіршіліктің болмауы тәрізді мінездердің бәрі де надандықтан, мәдениетсіздіктен, жалқаулықтан, еңбексіздіктен келіп туатынын дәлелдей келе, ақын өзінің оқырмандарын бұл мінездерден қашық болуға тәрбиелейді. Бұл әңгімелердің идеялық мазмұны да, келешек ұрпақ үшін құндылығы да осында.

Өзінің өлеңдеріндегі тәрізді қара сөздерінде де ұрлық, парақорлық, пәлекорлық, мансапқорлық, тағы басқалар елдің ел болуына зор бөгет екендігін айта келіп, «Қырық бірінші сөзінде» ұлы ақын екі нәрсені ұсынады: біріншісі – «Бек зор үкімет», екіншісі – қаржы. Үкіметтің күшімен қазақтың ұл, қыздарын еріксіз түрде мектепке беріп, оларды ғылымның әр саласынан мамандандырып, ой – санасын жаңаша тәрбиелеп, бұрынғылардан

мүлде өзге психология, өзгеше наным – сенімдегі адамдар етіп тәрбиелесе, сонда ғана елдің түзелетіндігін айтқан.

Абайдың «Он жетінші сөзі» қайрат, ақыл, жүрек, ғылымға арналады. Алдыңғы үшеуі адам үшін өздерінің атқаратын жұмыстарын айта келіп, әр қайсысы өзін бірінші орынға қойып таласады да, ғылымға төрелікке жүгінеді. Ғылым үшеуінің де жақсылы, жаманды қасиеттерін дәл сипаттап, әділ сынайды. Жеке – жеке үшеуінде де кемшілік бар. «...Осы үшеуің басынды қос, оның ішінде жүрекке билет», - деп үкім шығарады. «Егер үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтаймын», - дейді оларға ғылым. Демек Абай жүректі, яғни адам – адамды сүю, адам үшін қызмет етуді бірінші орынға қояды. Бірақ ғылым бойынша да, Абайша да ең идеал нәрсе – осы үшеуінің бірлігі. «Осы үшеуі (ақыл, қайрат, жүрек) бір кісінде менің айтқанымдай табылса, табанының топырағын көзге сүртерлік қасиетті адам сол», - дейді.

Тап осы тәрізді, тағы бір үлкен адамгершілік мәселесін қозғайтын шығармасы – «Отыз алтыншы сөзі». Қара сөз ұят туралы. Өз кезегінде ұяттан, ардан безгендерді сынап келіп, ұят және оның түрлерін сөз етеді. Ұяттың бір түрі – адамның балалық дәуірінде болатын табиғи құбылыста, екіншісі – жасықтық, ынжықтықпен байланысты. «Ұялмас нәрседен ұялған ұялу – ақымақтық, жамандық», - дей келіп, шын мәніндегі ұят қандай болу керек деген сұраққа жауап береді.

«Ұят деген – адамның өз бойындағы адамшылығы, иттігіңді ішіңнен өз мойнына салып, сөгіп, қылған қылмысының аты. Ол уақытта тілге сөз де түспейді, көңілге ой да түспейді. Көздің жасын, мұрынның суын сүртіп алуға да қолың тимейді, бір ит боласың. Көзің кісі бетіне қарамақ түгіл, еш нәрсені көрмейді. Мұндайлыққа жетіп ұялған адамға өкпесі бар адам кешпесе, яки оның үстіне тағы аямай өртендіріп сөз айтқан кісінің өзінің де адамшылығы жоқ десе болар» [3], - дейді.

«Ұят кімде болса, иман сонда» деген қазақтың мақалынан да ұятқа үлкен мән бергенін көреміз. Сондықтан да ұлы ақынымыз Абай да бұл мәселеге аса көңіл бөліп, өскелең ұрпақтың ар – ұяттарын таза сақтауын арман еткен. Бұл қара сөздің бүгінгі таңда да тәрбиелік мәні зор.

«Әкеге тартып ұл туар», «Әке көрген оқ жонар» дейді халқымыз. Абайда болған ақыл-парасат, елім-жұртым деп Едігедей ел қамын жеген халықшылдығы мен қайраткерлігі, сөз жоқ, әке көргендігі.

Саналы ғұмырын Тобықты жерін молайтуға жұмсаған Қажы Құнанбай Абайдың қыстауы - Ақшоқыға жерленді. Қажының жаназасында Байкөкше ақын дүйім жұрттың көзінше: «Құнан кетті - алдынан жарылқасын, артында алтын қалды ат басындай» деп Абайға сенім арта сөйлепті. Қарт ақын қателескен жоқ, Абайдың атағы бірер жылда-ақ қазақ көгінде қалықтады. Заманында Нысан абыз деген ел сыншысы Өскенбайға: «Өзіңнің бағың Қыдырдай болса, балаңның бағы Шыңғыстай болады», - депті-мыс. Дәлді сөз. Бірақ ол күнде Абайға қонған бақ Құнанбайдан әлдеқайда асып түсетінін кім болжаған.

Қорыта келгенде, ұлы ақынымыз Абай Құнанбайұлының дәуірінде айтып кеткен өсиет сөздерінің әлі күнге дейін өз өмірімізге қажеттілігін ұғындық. Оның адамгершілікке баулыған, тәрбиеге негізделген қара сөздері арқылы рухани азық алдық, адамдық сипатта бой түзеуге тырыстық. Демек бұл ақынның халықпен бірге жасағандығы. Ақын мұрасы – халықтың сарқылмас асыл қазынасы.

Әдебиеттер:

1. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қарасөздер. – Алматы: Жазушы, 2002.-260 б.
2. Әуезов М. Абай жолы 1-том. – Алматы : Жібек жолы, 2005. – 478 б.
3. Жолдасова Т. Т. Құнанбай бейнесі: Тарихи шындық пен көркем шындық. // Қазақстан Жоғары мектебі. №2, 2003.

ӘДЕБИ ӨЛКЕТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мусабекова З.К. «Alikhan Bokeikhan University» ББМ,

2 курс, «Филология» ББ

Әдебиет қойнауы – аса бай, сан қырлы, қаба іспетті. Әдебиет қай халықтың болсын өзіндік менталитетін, табиғи тұлғасын, мінезін ашып көрсетері хақ. Халқымыздың әдебиетінде замана сазына бірлесе үн қатып, арман-тілек, мұң-зарына жүрегімен қосылатын алып бәйтеректері баршылық. Солардың ішінде Аякөз ақындарын ерекше даралап айтуымызға болады.

Өлең-жырдың өлкесі атанған Аякөз өңірі – қазақ сөз өнерінің көптеген майталман ақындарының түлеп ұшқан ұясы, отаны.

Тарихи-әдеби мұраға деген көзқарас қандай да бір саяси қоғам немесе саяси ағым тұрғысына тәуелді болса, ол ең алдымен оқырман ұрпақ үшін зиянды болып табылмақ.

Қазіргі рухани тоқырау деп жүргеніміз - әдебиет пен өнердің ұлттық іргетасын бұзудан бастаған. Оған куә - Кеңес өкіметі жылдарындағы тұтас бір дәуір қазақ әдебиетінің мұрасын саяси көкпарға айналдырып, оны талан-таражға салудың нәтижесі тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі қиын-қыстау өмірінен мен мұңдалап көрініп тұр.

Әдебиеттану саласында туған өлкенің, белгілі бір аймақтық әдебиетімен, сол өңірдің әдеби дамуына үлес қосқан жергілікті ақын-жазушылардың өмірін әдеби мұрасын қамтитын әдеби өлкетану саласы бұл күнде кенжелеп келе жатқандығы белгілі.

Алдымен, ұлттық әдебиетіміздің қорын молықтыра түсетін жер-жердгі көркем мұралардың көздерін келер ұрпаққа жеткізуді мансұқ етпеген кеңестік идеологияның кедергісін айтпасақ болмайды. Келесі де осы кеңестік көзқараспен тәрбиеленген ұрпақтар санасында әр аймақтың мұраларын зерттеп, жергілікті ақын-жазушылардың ерекшеліктерін, сабақтастығын көрсетеді. Оларды тек белгілі бір елдің, рудың тіпті атаның шашбауын көтеру деп түсінген, әлі де түсініп келе жатқан таптық көзқарастарымыз әдеби өлкетану деген тіркестің байыбына бара алмай келе жатқан сыңайы. Ал, анығында ұлттық әдебиетімізді танып, бағалай білу осы өзің туған өлкені, осы өңірдегі ақын-жазушыны танудан басталады [1].

XVI-XX ғасырлар аралығы – қазақ халқының рухани-мәдени өміріне өшпес із салған ерекше кезең. Осы тұста Аякөз өңірі ақындарының арасында да аты әйгілі ақын-жыраулар, би-шешендер өмір сүрді. Лоардың бізге жеткен мұралары қазақ әдебиетінің бір арнасы іспеттес сондықтан оны нақты тереңірек зерттеу әдебиеттанудың өзекті мәселесі бола бермек. Осыны ескіріп аймақтық әдебиеттану бағытында біраз еңбектенгенді жөн көрдік. Әрине, бұл жолда едәуір қиындықтар да кездесті. Олардың ең бастысы деп мыналарды айтар едік. Біріншіден, осы уақытқа дейін Аякөз өңірі туралы қазақ әдебиеті тарихында зерттеу жүргізілмеген, оны былай қойғанда ондағы әдебиет өкілдерінің аты да аталмаған; екіншіден ол өлкені мекендеген қазақтардың көркем-әдеби шығармашылығы кейінгі кезге дейін жүйелі жиналмаған.

Біз өз тарихымыздан би, шешен, ақындар өмір сүрген тарихи-әдеби дәуір тынысын аңғаруды, ғасырлар бойына туып, қалыптасқан мұраны әдебиеттану тұрғысынан байыптауды, талдауды, Аякөз өңірі би-шешен, ақын-жазушылардың қазақ әдебиеті тарихында алатын орындарын таразылауды, олардың ұлттық сананың өсіп-өрлеуіне қосқан үлесін көрсетуді мақсат етіп қойдық.

Қайта құрудың оң өзгерістері қазақ қоғамында тың серпін туғызып, ел өміріндегі қиын-қыстау кезеңдердегі ұмыт бола жаздаған ата мұраға – төл тарихымызбен мәдениетіміздің, әдебиетіміз бен өнеріміздің асыл қазыналарына қайта үңілуге мол мүмкіндіктер ашып берді. Халқымыздың елдігін, ұлан-байтақ жеріміздің тұтастығын сақтап қалу жолында ғасырлар бойы азаматтық күрес жүргізіп, елім деп еңіреген ел басшылары – хандар мен камал бұзған қас батырлар, аталы сөз айтып, заманының сыншысы, кемеңгер ойшыл болған дуалы билерге, халық жыршылары-ақындарға деген көзқарас өзгеріп, тарихымыздағы талай бір ақтаңдақтардың сыр-сипаты ашыла бастады. Өткен тарихымызға, әдебиетіміз бен

мәдениетіміздің ойы мен қырына, даму тарихына ұлттық көзқараспен жіті көз тігіп, әдебиетіміздегі орны ойсырап тұрған тұлғаларды түгендей бастадық. Кешегі кеңестік империяның дәуіріндегі идеологияның оқпайынан толыққанды түрде айтылмай келген төл әдебиетіміздің қатпарларына ұлттық көзқараспен жаңаша пайымдаулар жасауға мүмкіндік туды [2].

Аякөз аймағының Сарыарқа өңірі терең тарихы айта қаларлықтай шежіресі бар өлке болғанымен зерттелуі, елге танылуы кеміс болып келеді.

Аякөз өңірінің шерлі шежіресі рухани тоқырау тәрік қылған, қазақ тарихының бір көмбесі. Саясаттың шолақ атына біреу ер салып, енді біреуі жайдақ мініп итіндеп, ирек қамшылаған заманда «жаным –арымның садағасы» - деп, «жана» тарихтан жырақ қалған, бұл жұртта талай-талай жақсы жайсаңның өзі мен сөзі жатыр. Аякөз – ұлылар мекені, қазақ тарихында есімдері алтын әріппен жазаларлық дана тұлғалар осы өңірден шыққан. Ұлы ақын-жырау Үмбетейдің Абылай ханға арнаған толғауында есімі ерекше құрметпен аталатын қазақ елінің XVIII ғасырдағы ірі қоғам қайраткері, дана биі қу дауысты Құттыбай би, оның үзеңгілес серігі әрі батыр, әрі жырау Ақтамберді, Құттыбайдың баласы, атақты шеше Байқара би, одан туған әрі ақын, әрі әділ би, шешен, ел басшысы Ақтайлақ би, оның баласы суырып салма айтыс ақыны Сабырбай, XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің ірі өкілі Дулат Бабатайұлы, айтыста алдына жан салмаған өлең сөздің асқан шебері Түбек Байқошқарұлы, Абайдың таланты шәкірттерінің бірі Әріп Тәңірбергенұлы осы өңір тумалары, және айтарлықтай мақтаныштары. Сонымен қоса, ел еркесі Бұлғақ сері, ақын О.Уәтәйұлы, Тобағұл Мұсабайұлы, Айдос жырау, шешен Балтабек Байсұлтанұлы, Адық Оралбайұлылардың мекен еткен жері. Байғара биден өрбіген дүт ұрпақ он жеті ақынның, оның ішінде Сабырбай, Түбек, Қуандық, Байбала, Сәмет, Бідіхандардың ғибрат сөздері бүгінде ел есіндегі асыл қазына [3]. Десек те, Аякөз өңірінен шыққан ақындар деп есімдерін тізіп айтуға ауыз толарлықтай да, ал мұраларын сүзіп алуға келгенде тығырыққа тірелесің.

Он бес ғасырдан артық тарихы бар «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» сынды әлемдік деңгейдегі жыр күмбезінің кіндігі – Аякөз топырағы, оған етектес жатқан Жарма өңіріндегі ақындар мұраларын жинақтау ісі аз болса да жалғасын тауып келе жатқанымен, ақындардың өлең сөздерін жинақтау, оған талдау жасау жұмыстары біршама кенжелеп қалған. Мәселен, кеңес дәуірінде жұртты ататегіне қарап бөлген сыңаржақ белсенділер Ақтайлақ биді және оның төңірегіндегі ақындардың шығармаларын жинақтауға тыйым салды. Осы бір қиын-қыстау кезеңде бастарын қатерге тігіп, Сіләмшайық Имамұсаұлы мен Ғабділахмет Шәкерұлы сынды ақсақалдарымыз мол мұраны жинақтап, талай жылдар бойына сандықтарына сақтады. Жылдар бойғы еңбектерінің нәтижесінде олар Е.Жұмағұловтың көмегімен «Ақтайлақ би», Ғ.Шәкеровтың «Тәубә», «Сыбан Ақтайлақ би» кітаптарын шығарды. Бұл игі шаралар Аякөз өлкесіндегі әдеби мұралардың анылуына зор септігін тигізгені анық.

Аякөз өңірі тұнып тұрған тарих беттері. Тарихтан белгілі XVII-XVIII ғасырлардағы жоңғар шапқыншылығының ізі аймақ шежіресінде жазулы. Шежіреші қарт Ғ.Шәкерұлының айтуынша Мамырсуда 1757 жылы жоңғар мен қазақтар арасында атақты Қандыжал-Мамырсу бітімі өткен. Бұл жайында Құрбанғали Хамит Аягөзи «Тауарих Хамса» деген еңбегінде : «Абылай хан қалмақпен шайқасып жатқанда қалмақтың Қандыжал деген ханы өледі. Қытайлар жоңғар хандығын жойып, шабылған қалмақ қытайды паналауға мәжбір болады. Ежен хан атынан Қарадүрсін деген Құлжадан көп әскермен шығып, жапа көрген қалмақтар 2000 адаммен Аякөз суының етек жақ Батпақсу жеріне түсіп, Абылайханға елші салады. Абылай да 1000-нан аса қолмен келіп, Лайсу бойында бітім жасаған. Көк қасқа айғр мен қара бас қошқар сойылды, қолдарын қанға батырды, шарт бойынша өткен іс кешірім болып, құн мал дауы болмады, қазақ пен қалмақ бір-біріне зияны тимейтін болады деді. Содан былай суды халық «Мамырсу», «Абылай Ежен» деп атады [4]. «Ежен монғол тілінде хан атағы, демек, Абылайдың билігін қалмақ пен қытайда мойындаған болып шығады. Аякөз аймағында осы жоңғар шапқыншылығы нәтижесінде қалып қойған тарихи атаулар аз емес.

Қазақ жер аты, тау, су аттарын сол ортаның түр сипатына қарай қоя білген. «Қай өлкеге барсаң да, тіпті кішкене бұлақ атауының өзінде қанша мағына, шешілмеген құпия сыр жатады» [5,14] – деп жазады әдебиеттанушы ғалым М.О.Әуезов.

Аякөз - өзен, аудан және аудан орталығының аты. Зерттеуші Е.Керімбаев бұл атау этимологиясы туралы былай деп жазады. “Балқаш төңірегіне көз салсаңыз, - Ай, Айқыз, Аякөз атауын көресіз. Ал ай сөзін тайпа атауы деудің өзі қиын. Өйткені бұл өлкеде және жалпы қазақтың тарихи этностық құрамында ай деген тайпа немесе ру атын кездестіре алмадық. Ай сөзінің «Луна» мағынасына басқа «жақсы» және өте жақсы деген мағынасы бар. Мәселен, Айсұлу деген қыз аты да, «айдай сұлу», сөз тіркесіндегі ай сөзі «жақсы» деген мағынаны білдіріп тұр. Ендеше көне түркі тіліндегі угуз сөзі өзен деген мағынада қолданылатынын ескерсек, Аякөз (Ай-угуз) атауының көне мағынасы «жақсы өзен», «әдемі өзен» болып шығады [6,8] - деп түсініктеме береді. Аякөз атауының қысқаша тарихы осындай.

Күллі тарих - өмір мен өлімнің, ізгілік пен зұлымдықтың, ұғымталдық пен ұмытшақтықтың, өсу мен өшудің арасындағы бітіспес күрестің бітпес шежіресі секілді.

Қорыта келгенде, қазақ әдебиеті тарихында Аякөз өңірі ақындарының үлесі елдерлік екенін айта отырып, би-шешендер, ақын-жыраулар шығармалары аймақтың ұлттық салт-сана, саяси-эстетиканың қалыптасуын, мәдени және рухани, тәлімдік және танымдық дәрежелерін толық ашып бере алатындығын алға тартамыз.

Әдебиеттер:

- 1.Қабдолов З. Екі томдық таңдамалы шығармалар. Сөз өнері: Монография. – Алматы: Жазушы, 1983. – 2 т. – 456 б.
- 2.Ысмайылов Е. Екінші күн. Кітапта: Қазіргі халық поэзиясы. – Алматы, 1963. – 230 б.
3. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2005. – 576 б.
- 4.Әбдірахманова Т. Талантты тани білейік [[Жалын. – 1983. – № 6.
5. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
6. Қирабаев С. Әдебиеттің ақтаңдақ беттері. – Алматы: Білім, 1995. – 288 б.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ АЯСЫ

Бектемирова Л.У.

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, 2 курс, «Филология» ББ

Әлихан Бөкейхан жазып қалдырған мұраның бірі — публицистика. Ол өз алдына көп ізденісті, жан-жақты ғылыми, саяси және тағы басқа тұрғыдан зерттеуді қажет ететін ұшы-қиыры жоқ мол дүние. Оны бірен-саран мақаланың теңірепінде қамтып өту қиын.

Әлихан Бөкейхан — қазақ және орыс тілдерінде қатар жазған көсемсез шебері. Публицистика Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханның «қайтсем де Алашымға қызмет етем, ңайтсек Алашымды ел қылам, оздырам» деген жанқиярлық күресінің басты қаруы еді. Оның алғашқы мақалалары орыс тілінде жазылып, астаналық газеттерден бастап (мысалға «Наша жизнь», «Биржевые ведомости», т. б.) өзі оқуын бітіріп училище мұғалімі, қоныс аудару басқармасының чиновнигі, бір-екі газеттердің редакторы және басқа көптеген қызметтерді атқарып жүрген Омбы қаласының «Степной голос», «Степной край», «Иртыш», «Омичь», «Степной пионер», Самарда шығып тұрған «Речь» газеттері мен Петербургтың «Сибирские вопросы» журналында жарың көріп тұрған. Қазақ тіліндегі мақалалары алғаш рет ғасыр басында, 1888-1902 жылдар аралығында шығып тұрған «Дала уалаяты» газеті мен «Фікір», «Серке», «Қазақстан» газеттері мен «Айқап» [1] журналынан көріне бастағанды. Ондағы кетерілген мәселелердің негізгісі — қазақтың жер-су, саяси, баспа, дін және тағы басқа бостандықтары мәселесі. Мысалға, ол Петербургдың «Сибирские вопросы» журналында жарық көрген бірнеше көлемді мақаласында патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына батыл қарсылық білдіріп, қазақтың құнарлы жерін тартып алып, ең

құнарлы, сулы, ормандысын «қазына» немесе «Кабинет жері» деп жариялап, қалғанын Ресейдің ішкі губернелерінен көшіп келген келімсек ерге үлестіріп беру ісін жүзеге асырып жатқан «Жер бөлу және пайдалану жөніндегі бас басқармасының» (Г. У. 3. и 3. немесе Главное управление земледелия и зем-лепользования) заңсыз да арсыз әрекеттеріне орыстың алдыңғы қатарлы, прогрессивті көзқарастағы зиялыларының пікірін қарсы қоюға тырысады, Ол мақалалар «Русские поселения в глубине Степного края», «Переселенческие модели в Акмолинской области», «Переселенцы в тарских урманах», «Бюрократическая утопия», «Отчуждение киргизских орошаемых пашень» деген және т. б. атаулармен «Сибирские вопросы» [2] журналының 1908 жылғы 11-12, 17-18, 27-28, 33-38, 41-42 сандарында басылған. Әлихан Бөкейхан осы жылдары өзін үлкен қоғам қайраткері және дарынды публицист ретінде танытты. Кейінірек ол өзінің осы публицистік дарынын қазақ тіліндегі мақалаларының басым көпшілігі 1913-1918 жылдар арасында алдымен Орынборда, кейінірек Тройцкіде шығып тұрған «Қазақ» газетінде басылды. Иә, оның осы жылдар арасындағы публицистік жарияланымдары туралы сөз негі-зінен «Қазақ» газетінің төңірегінде ғана болуға тиіс. Себебі, газеттің жарық көруінің өзі Әлихан Бөкейхан есімімен қалай тығыз байланысты болса, оның 1913-1918 жылдар арасындағы өмірі мен барлы атқарған қызметі де, оның ішкіде, аталған көсемсөздік жарияланымдары да бар. «Қазақ» газетімен тығыз байланысты еді. Ал, Ахмет Байтұрсынұлы бас редакторы болып тұрған бұл газеттің бүкіл қазақ халқы үшін атқарған қызметі айтып жеткізгісіз.

Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Дос-мухамедұлы сияқты есімдер барша жұртқа танымал бола бастаса да, кезінде осы азаматтардың басын біріктіріп, бірінің ақындық, бірінің жазушылық, көсемсөздік, ғалымдық және тағы басқа талаптарын уштап берген «Қазақ» газеті мен Әлихан Бөкейхан есімі елеусіз қалып қойғандай сынай байқалады. Өзіміз елемей жүргенде, басқалар, мысалы, ағылшындардың: «Революцияға дейінгі барша қазақ басылымдарының ішіндегі мәндісі Орынборда 1913 жыды февральдан бастап шыққан «Қазақ» газеті. Бірнеше жүз данамен шыққан «Айқап», «Қазақстаннан» айырмашылығы «Қазақ» 8 мыңнан астам данамен жарық көрді. ... Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Халел Досмухамедов және басқа қазақтың белгілі зиялылары оның қызметкерлері болды.

«...Дәл осында Байтұрсын және басқалар қазақ әдебиеті тарихы, ауыз әдебиеті, тіл ілімі туралы зерттеулерін жариялады. Толықтай алғанда «Қазақ» газеті өте жоғары ғылыми деңгейге катерілді» [3], — деп жоғары бағалаған газетте Әлиханның 250-ден аса мақала, зерттеулері жарық көрді.

Осы мақалалардың ішінде жоғарыда айтылған жер-су мәселесімен қатар (мы-салы «Бөкейлік қазағы», «Кабинет жеріндегі қазақтар», «Астрахан қазағының жері» және т. б.), қазақтың ішкі мәселелері, қазақтан солдат алу мен қазақтың мал есебі («Қазақтың солдат ала ма?») «Қазаққа ашық хат» және т.б.), қазақтың тарихы, мәдениеті мен әдебиеті («Қара қыпшақ Қобыланды», «Роман бәйгесі», «Роман деген не?», «Неміс мәдениеті», «Ән, өлең һәм оның құралы» және т.б.) мәселелері қозғалатын; сыртқы мәселелерден соғыс жағдайы, жалпы халықаралық жағдай («Соғыс көлеңкесі», «Жапон һәм Қытай». «Монғол халі» «Стамбул һәм қылилар» және т.б.) өзінің Ресейдің мемлекеттік Думасы қарамағындағы мұсылман фракциясының бюро мүшесі болып жүргенінде жазып тұрған хаттары. («Петроград хаты», «Дума һәм қазақ», «Үшінші дума һәм қазақ», Төртінші дума һәм қазақ» [4] атты сериялы мақалалары), Семейдің мұсылман қазақтары атынан депутат болып сайланып барып, Петерборда болып жатқан мұсылман съезінің жұмысына араласып, одан жіберіп отырған сериялы «Мұсылман сиезі» атты мақалалары немесе патша жарлығымен жер қазу жұмысына алынған қазақ солдаттарының хал-жағдайын білу мақсатымен Күнбатыс майданының алғы шегіне барып, Мырзағазымен бірге салып тұрған «Солдат хаттары» мен «Күнбатыс майданынан» телеграмдары... бар.

Міне, Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханның бар дарынын, талабын, күш-қуатын аямай, халқы үшін бармаған жері, басспаған тауы, көрмеген азабы қалмай қызмет қылып, кейінгі ұрпаққа ден қалдырып кеткен асыл мұрасының бұл шет жағасы ғанә.

Бүгінгі күні Ә.Бөкейханның әр түрлі мерзімді басылымдардан жарық көрген үлкенді-кішілі 8 сыни-ғылыми мақаласы бар. Олардың ішінде жоға-рыда үзінділер келтірілген «Женщина по киргизской былине «Қобланды» және «Батыр Бекет» атты батырлар жырына арналып жазылған сындарынан басқа, Шәкерім Құдайбердіұлының «Қалқаман — Мамыр» дастанынан, ғасыр басында белгісіз автордың бастырған «Қара қыпшақ Қобыланды» дастанына, Әбубәкір Диваевтың ел арасынан жинаған «Мырза Едіге» жырына жазылған «Қазақтың» бетінде әр жылдары жарық көрген «Роман бәйгесі», «Ән, өлең һәм оның құрамы» атты ғылыми мақалалары бар. «Роман деген не?» деген атаумен «Қазақтың» 1914 жылғы 48 санында басылды. Соңғы аталған екі мақаланың астына «Арысұлы» деп қол қойылыпты. «Арысұлы» Ахмет Байтұрсынұлының бүркеніш аты деген болжау айтылып жүр. Бұл болжау қате десек, — ал бұл болжаудың қателігінде дау жоқ, — онда «мақаланың авторы кім?», «Арысұлы кімнің бүркеніш аты?» деген сұрақ тууы орынды. Мұндай сұраққа Әлихан Бөкейхан «Қазақтың» 1915 жылғы 120 санында жарық көрген «Роман бәйгесі» атты мақаласында қайтып дау тудырмастай жауап береді. Ол мақалада былай деп жазады: «...Мир Яғкуб романы «Бақытсыз Жамал» кішкентай ғана кітап. Мен мұны «Қазаққа» сын жазбақ болып қолға алып едім. Екі жұма отырдым. Бұл менің бұрын қылмаған ісім еді. Сонан ба, жоқ, менде сын өнері жоқтықтан ба, оны оқушылар білер» [5].

Қорыта келгенде, Ә.Бөкейхановтың әдеби-сын зерттеулер, рецензиялық мұралары қазақ әдебиеті тарихын зерттеуде ғалымдар басшылыққа алатын бірден-бір құнды дүни екені даусыз.

Әдебиеттер:

1. Бөкейхан Ә. Тандамалы, Избранное. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995.- 478.
2. Аққұлұлы С. Ә.Н.Бөкейханов және XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. //Жұлдыз, 2006, №9.
3. Аққұлұлы С. Әлихан - әдебиетші ретінде. //Жұлдыз, 1997, №5.
4. Бәкір Ә. Алаштың Әлиханы. //Егемен Қазақстан, 2008 жыл, 23-қыркүйек.
5. Кенемолдин М. Қазақтың біртуар ғалымы. //Семей таңы, 2008 жыл, 16-қазан.
5. Кенемолдин М. Ә.Бөкейхановтың Семейдегі жылдары. //Дидаp 2008, 15-мамыр.

3 – СЕКЦИЯ

АЛАШ МҰРАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Ә. БӨКЕЙХАН БІЛІМ ЖОЛЫНДА

*Сұлтанов Ө.С., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент
«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті»
аға ғылыми қызметкері, Астана қ.*

Тумысынан зейін мен зердесі үйлесім тауып, алғыр өскен Әлиханды әкесі Қарқаралыға алып барып, жергілікті молданың қолына мұсылманша білім алуға береді. Ол туралы ғалымдар М.Асылбеков пен Ә.Сеитовтар Смахан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтың естелігіне сүйене отырып «1877 жылы әкесі Нұрмұхамед баласы 7 жасқа толғанда, Қарқаралыдағы Зариф молданың медресесіне берді», деп жазады [1]. Бұл жерде Әлиханның әкесі туралы елдің пікіріне көңіл аударайық. Оның баласы, яғни Әлиханның тұған інісі Смахан өз естелігінде: «Әкеміз қынабы жоқ қылыштай, екі жүзді құрыштай, асығып салсаң қыныңды тіледі, байқамай отырсаң – мықыныңа кіреді, өткір, шешен, ер, мықты еді», - деп жазыпты [2; 70]. Бұдан біз қазақтың «әкеге қарап ұл өсер» дегендей Әлекеңнің әкесінің тектілігін анық байқаймыз. Бұл жерде белгілі алаштанушы-ғалым Дихан Қамзабекұлының «Әлихан Бөкейхан өз тұтқан Нарманбет ақыннан қалған мынандай сөз бар:

Адамға ұят, иман, сабыр - қазық,
Қанағат, рахым, шапағат өмірге азық.
Ақыл-ой – ар-намыстың күзетшісі,
Бұған сенсең кетпейсің жолдан азып.

Текке арналған гимн, немесе тектіліктің гимні – осы», - деп жазуы тікелей Әлихан Нұрмұхамедұлына арналғандай [3]. Әкенің үлгісі балаға сабақ, жалғастыра берсе сабақтастық, әлгі тек тамырыңыздың мықтылығы осыдан көрінеді.

Сабақ, сабақтастық дегенде біз сол алмағайып заманда өмір сүрген әкенің бойынан табылған рух, қайсарлық, өрлік, шешендік, ерлік қасиеттердің кейін баласы Әлиханның бойынан табылуы тектіліктің тереңге кетер қалпынан да болар дейміз.

Сонымен қатар, Әлихан бала жасынан туыстарының, үлкендердің әңгімелерінен қазақтың батырлық эпос - жырларына сусындап өсті. Олардың, және ата-бабаларының ерліктері мен істері туралы айтқандарды тоқып өскені аян. Соның бір ақиқаты, Әлекең кейін өзінің қаншалықты жұмыс басты болғанына қарамай, қазақ ауыз әдебиеті туындыларын жинастырып, ғылыми түсініктерін жазып, кітап болып басылуына бар күшін салды. Олардың қатарында «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» және т. б. бар.

Ал Бөкейхановтар отбасының жеке архивтерін зерттеген М.Әбсеметов Әлихан туралы «ол әкесінен қазақ даласына жер ауып келген поляк революционері Адольф Янушкевич туралы естиді, ал ол 1846 жылдың күзінде олардың үйінде болып, олардың туысы сұлтан Шалғымбаймен жақсы қарым-қатынаста болған» деп жазады [4].

Кейін медреседегі оқуды қанағат тұтпаған Әлихан өз еркімен қаладағы үш класты бастауыш мектепке ауысады. Оның бұл әрекетін бір келгенде әкесі де қолдапты.

Әлихан Қарқаралыдағы үш кластық бастауыш мектеп пен қалалық үш жылдық училищеде 1879 жылдың 16 қыркүйегінен 1886 жылдың 16 маусымына дейін тәрбиеленіп, үлгілі тәртібімен көзге түскен Әлихан емтихандарды «өте жақсы» деген бағамен аяқтап, күәлікке не болады [5]. Бұған қоса етікші мамандығын да алып шығады.

Алайда, мұндай білім мен мамандыққа қанағаттанатын Әлихан ба?! Балапан қанаты ұшса қатайды, ұшпаса түбі бекімей түбіртек болып қалады. Туған жеріндегі оқу орнын 16 жасында үздік бітірген бозбала отбасы, ошақ қасын, ауыл маңайын төңіректемей сол кездегі Батыс Сібір өлкесінің орталығы Омбыға келіп, тамыз айынан бастап жергілікті 4 жылдық техникалық училищеге «пансионер» болып қабылданады.

Міне, осы кезден Әлиханның қоғамдық-саяси ой-санасы да қалыптаса бастаған болар. Өйткені кәмелеттік жасқа толған Әлиханның көзқарасы, үлгі - өнеге, тағлым аларлық әңгімелерді сана түйсігімен саралап, қабылдай алатындай дәрежеге аяқ басқан шақта болатын. Оған әсіресе, отаршылдыққа қарсы шыққан сұлтан Кенесары Қасымовтың қозғалысының (1837-1847) тірі куәгерлерінің әңгімелерін тыңдайтындай сол кезде мүмкіншілік бар еді. Бұл қозғалыстың аумағы Әлихан өмір - сүрген аймақты да қамтып, оның ата-бабаларына тікелей қатысы болғанын айғақтайтын тарихи деректер бар. Өйткені ХІХ ғасырдың 30 - 40-шы жылдарында Қарқаралы округіндегі болыстардың басшылығында Бөкейханның ұрпақтары отырған болатын. Кенесары мен Наурызбай бастаған көтеріліс тұсында олар екіге жарылды, оның бір тобы, көпшілігі орыс бөлігі жағында болса, екінші тобы көтерісшілерді жақтаушылар жағына шықты [6; 2]. Мысалы, Бөкей ханның ұлы Сұлтанғазының баласы Кұдайменде Сұлтан Кенесары Қасымов қозғалысын белсенді жақтаушылардың қатарынан табылды [6; 14].

Міне, осы жағдайлар, халқымыздың ата қоныс жер үшін, тәуелсіздік жолында күрескен батырлар ерлігі Әлиханға жастайынан әсер етіп, кейін қазақ елінің егемендігін аңсаған қайраткерлік қызметіне темірқазық болғандығына шек келтірмейміз. Оның айқын айғағы - Әлиханның жазған еңбектері. Алғашқысы – «Россия. Полное географическое описание нашего отечества» - деген атаумен шыққан, көптомдық кітаптың «Киргизский край» аталатын ХVІІ томында (1903 ж.) жарық көрген «Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи» деген мақаласында (орыс зерттеушілері А.Н.Сидельников пен С.Д.Чадова жазуға қатысқан - Ө.С.) К.Қасымовтың жеке тұлғасына және қозғалысына қатысты деректерді Әлекеңнің жазғандығында шүбә жоқ. Екіншісі – «Материалы к истории султана Кенесары Касимова (Ташкент, 1923) атты Кенесары өмірінің ақырғы күндеріне арналған еңбек. Оны сол шайқастардың куәгері болған қырғыз шалы Қалығұл Әлібековтен жазып алып жариялаған. Бұл естелікке Әлихан алғысөз жазып, эпитафия ретінде екі шумақ өлең жазған. Жалпы осы шағын өлеңге Әлекең көп мағына сыйдырып, «даланың еркін ұлы Кенесары батырдың қаза болғанына көп болса да, оның бүлікшілік ерік-жігері, күрес жолындағы қанды қырғыны, тәуелсіздік күндеріне дейін, жеңісті күндерге дейін қазақтарға жол көрсететін шамшырағы болды» (еркін аударылды - Ө.С.), деуі Ә.Бөкейханның өзінің де ұстанған өмірлік қағидасына, күрескерлік кредосына айналған сенімі болды [7; 78 - 83]. Ал, Әлиханның бұл еңбекті әкеме арнадым деп жазуы, оның ата-баба алдындағы парызын өтеудің бір көрінісі деп қабылдаған дұрыс болар.

Омбыдағы техникалық училищеде оқудың Әлихан үшін өзіндік маңызы бар. Өйткені, жасөспірім Әлиханға бұл оқу орнында білім алу, кейін оған жоғарғы оқу орнына түсуге баспалдақ болды. Бұл училищенің ашылуына сол кезде салына бастаған Сібір темір жолы торабына төменгі техникалық мамандар дайындау қажеттілігі себеп болған еді. Ал бұл темір жолдың іске қосылуы болашақта Сібір атты алып өлкенің өркендеуіне, өнеркәсіп пен сауданың дамуына және Ресейдің орталық аудандарымен байланыстыратын үлкен мемлекеттік деңгейдегі іс - шара болатын - ды. Сондықтан да болар бұл оқу орнына қабылдау талаптары қатаң болыпты. Емтихан тапсыра алмағандардың саны да жыл сайын аз болмаған сияқты. Осыған орай Әлиханның бұл училищеге түсіп кетуі кездейсоқтық емес, өзінің үздік білімі, жақсы дайындығы болғанынан деп білеміз. 1882 жылы ашылған училищені 10 жылда бітіріп шыққан түлектердің әлеуметтік жағдайын қарағанда, олардың 14 % дворян балалары, 3 %-дін басылары, 59 %-қала тұрғындары және 24 % шаруа балалары екен [7; 7].

Осы оқу орнының алдына қойған мақсат-мұраты мен білім беру деңгейін сол жылдарда директор болып істеген Н.Е.Доброхотовтың 1886 жылы тұңғыш бітірушілері алдында «... Қызметтеріңіздің алғашқы кезеңдерінде сіздерге қара жұмыспен айналысуға тура келеді. Бірақ, сіздер оған қобалжымаңыздар, өйткені солай болуға тиіс. Дегемінде, сіздер қоғам үшін жаңа адамдарсыздар, сондықтан да, қарапайым жұмысшыға қарағанда, сіздердің білімдеріңіз әлдеқайда жоғары екенін сіздер өз ерен еңбектеріңізбен дәлелдеулеріңіз қажет. Сіздердің ол артықшылықтарыңыз белгілі уақыттан кейін айқын

көрінеді. Менің сіздерге берер ақылым бел буып еңбек етіңіздер», - деп сөз сөйлеуінен байқауға болады [8].

Бұл училищеде курсанттар дәстүрлі сабақтармен қатар, механика, құрылыс өнері, есеп ісі, сызу сияқты пәндерді оқиды. Сонымен қатар ағаш - өңдеу, шойын - құю мен ұстахана, темір соғу - механика шеберханаларында тәжірибе сабақтарын өтеді. Ал соңғы курста зауыттарға, теміржол шеберханаларында тәжірибелік жұмыстарға қатысады.

Оқумен қатар осы кезеңде Әлиханның публицистикалық, яғни қоғамдық - саяси мәселелерге көзқарасы қалыптаса бастайды. Оның дәлелі жас жігіттің жергілікті баспасөзбен байланыс орнатып, өзінің қоғамдық, - саяси, әлеуметтік-экономикалық сұрақтар бойынша толғандырған жағдайларды жариялай бастайды. Омбыда 1888 жылдан қазақ, орыс тілдерінде шыға бастаған «Акмолинские областные ведомости» газетіне қосымша ретінде басылатын «Дала уалаятының газетінде» 1889 жылы Әлиханның көлемді 9 мақаласы жарық көреді [1; 28]. Онда негізінен қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті мен шаруашылығы сөз болады. Соның ішінде экономикалық тұрғыдан біз үшін маңыздысы соңғы тақырыпқа жазғандары. Әлиханның қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысына, экономикасына, оның ішінде егін шаруашылығына өте көңіл бөлгенін «О земледелии в Токраунской, Котанбулакской и Западно-Балхашской волостях Каркаралинского уезда» деген зерттеуінен анық байқауға болады. Міне осы мақала 19 жастағы Әлиханның келешекте ормантанушы, экономист мамандығына ерекше көңіл бөліп, өзінің шығармаларындағы өзекті мәселе - қазақ шаруашылығы, экономика тақырыбы болып қалыптасуына негіз болып қаланды деп ойлаймыз.

Омбыдағы Әлихан оқыған сол кезеңді зерттеуші К.Безродный былай деп суреттейді: «Училищедегі қатаң, тәртіп кестесі, тәрбиеленушілердің қалыптасқан тақуалық тұрмыс жағдайына қарамай, көпшілігі музыкаға үйір болып, әр түрлі – гитара, скрипка, гармоника, пианино сияқты аспаптарда ойнауды үйренеді. Біразы қоғамдық жиналыс ұйымдастыратын әдебиет жиындарына, халықтық оқу сияқты мерекелерге қатысады» [1; 28]. Әрине, бұл ортадан Әлиханның да шет қалмағанын шамалауға болады.

1890 жылы Әлихан училищені өте жақсы тәртіппен бітіріп, техник мамандығын алып шығады. Оның жақсы оқығанын, емтихан тапсырған барлығы 14 пәннің онынан «5», ал қалған төрт сабақпен практикалық жұмыстардан «4» деген баға алғандығынан - ақ көруге болады [5; 28].

Сонымен, Әлиханның Омбыдағы оқу кезеңі аяқталып, жас маман өндіріске емес жоғары оқу орнында білім алуға бет алады. Біздің топшылауымызша бұның себебі, жас жігіттің білімге деген ерен құштарлығы. Соның күәсі болар, Әлихан институтқа түсуге талаптанады. Оның талабын Омбы техникалық училищесінің (ОТУ) директоры Н.Е.Доброхотов қолдағанын ол кісінің Қарқаралы үйезінің бастығына жазған хатындағы «Әлихан Нұрмұхамедовке қырғыз қоғамының жылына 200 сом болатын стипендиясын беруді жалғастырып, сонымен бірге оған Қарқаралыдан Санкт-Петербургқа жету үшін жол бойы екі аттың бөлінуін рұқсат ету» [5; 15] деген жолдары және «жоғарыда көрсетілген тәрбиеленушінің өте жақсы табыстарға жетуі мен талабы... және оның мүлтіксіз тәртібі Нұрмұхамедовтың жоғарғы оқу орнына түсуіне басты себеп», - деп атап көрсетуі дәлелдейді.

Сөйтіп, техникалық училищені жақсы бітірген Әлихан, 1890 жылдың 18 маусымында Дала генерал-губернаторының канцеляриясынан ОТУ-нің директоры Н.Е.Доброхотовтың Санкт-Петербурдағы Императорлық Орман институты директорының орынбасары профессор И.П.Бородин атына берілген хатын алып Ресей астанасына жол тартады.

1712 жылдан Ресей мемлекетінің астанасы аталған Санкт-Петербург, Ә.Бөкейхан студент болған тұста, патшалық билік аппараты, министрліктер орналасқаны өз алдына, көптеген зауыттар мен фабрикалар шоғырланған елдің ірі өндірістік, экономикалық орталығы болуымен қатар, ірі мәдениет, білім және ғылым ошағы болатын. М.В.Ломоносов іргесін қалаған Ресей ғылым академиясы да осында жұмыс істейтін.

Сол кездегі Ресей империясында тоғыз ғана университеттер (Петербор, Мәскеу, Юрьев, Вильно, Харьков, Қазан, Киев, Одесса, Том) болғанына қарамастан, олар - орыс ғылымының орталықтары болды [9; 187].

Бұл кезеңде жоғарғы техникалық оқу орындарының рөлі арта бастайды. Реформаға дейін, яғни 1861 жылға дейін Ресейде барлығы жеті институт болса, соның бесеуі Петербордағы – Политехникалық және Орман институттары, жол қатынасы инженерлері корпусы, Азаматтық инженерлер институты, жоғары тау училищесі болатын [9; 187].

Бұл институттар қарқынды дамып келе жатқан өнеркәсіппен өздерінің тығыз байланысы арқасында университеттерге қарағанда өмірге жақын болды. Жоғарғы техникалық институттардағы студенттік құрамда университеттерге қарғанда дворяндық элементтер басым болған жоқ. Жоғарғы техникалық мектепте ғылыми еркін өмірді дамытуға кедергі болатын бюрократтық кертартпалық бөгеттер аз еді.

Әлихан білім алған Орман институты 1803 жылы Орман училищесі болып құрылған бұл оқу орны Ресейдегі, тіпті әлемдегі ең көнелердің бірі болып саналады. 1929 жылдан Ленинградтың Ормантехникалық академиясы атанды. Бұл жоғарғы оқу орнының ғылыми мектебінің қалыптасып, дамуына атақты қоғам қайраткерлері Д.А.Лачинов, А.Н.Энгельгардт, П.А.Костычев, Д.Н.Кайгородов, Д.М.Кравчинский, М.М.Орлов, М.Е.Ткаченко, академиктер И.П.Бородин, К.К.Гедройц, Н.А.Максимов, В.Н.Сукачев, В.Н.Оболенский және т.б. еңбек сіңірді [10]. Бұл кездегі Әлихан тек білімнің ғана соңына түспей, XIX ғасырдың 90-шы жылдарында Ресейде тараған Маркстік ілімнің, оны уағыздайтын үйірмелердің жұмысына, көптеген саяси партиялар мен ағымдардың пайда болуына, жұмысшы табының санасының өсуіне, студенттік қозғалыстың күшеюіне бей-жай қарамағаны түсінікті. Әсіресе, студенттік қозғалысқа қатысу Ә.Бөкейханның шешендік өнердің қыр-сырын меңгеріп, саяси сайыстарда шыңдалуына ықпал етті.

90 - жылдардағы негізгі демократтық студенттік ұйымдар жартылай ресмиленген жерлестік қоғамдар еді. Мысалы, Петербор университетінде 1500 студентті қамтитын 20 жерлестік болды [9; 162].

1886 жылы студент А.И.Ульяновтің (В.И.Лениннің ағасы - Ө.С.) қатысуымен Петербордағы барлық жоғарғы оқу орнындағы студенттік жерлестіктердің «Жерлестер Одағына» бірікті. Жаңа Одақ Петербордағы революцияшыл студенттердің қозғалысының орталығына айналды. Студенттік қозғалыс біртіндеп қоғамдық мағынаға ие болды. Бұл «80-шы жылдардың аяғындағы реакцияның орнына келген қоғамдық өрлеу жаңа толқынның» алғашқы шолпылындай болды [9; 164].

Соның бір көрінісі, 1891 жылы сәуірде Петерборда орыстың қоғам қайраткері, демократ, публицист Н.В.Шелгунов қайтыс болған кезде байқалды. Дворян әулетінен шыққан бұл адам 1841 жылы Орман шаруашылығы институтын бітіріп, Мемлекеттік мүлік министрілігінің орман департаментінде қызмет етті. 1850 жылдан Орман шаруашылығы институтының профессоры Шелгуновтың қоғамдық көзқарасының қалыптасуына А.М.Герцен, Н.П.Огарев, Н.Г.Чернышевскийлердің әсері болды. «Русская мысль» журналында жарияланған «Орыс өмірінің очерктері» деген мақалалар циклі оның есімін көпке танытты [11]. Шелгуновты жерлеу жұмысшылардың үкіметке қарсы шеруіне ұласты. Оған бірнеше мың адам қатысты. Егер Шелгуновтың бұрынғы Орман институтының профессоры екенін ескерсек, аталған шеруге Әлихан білім алып жатқан оқу орнының да студенттері қатысуы әбден мүмкін. Ал ол кезде 1 - курс студенті болған Әлихан олардың қатарында болған болмағанын, әрине, айту қиын. Ал кейінгі студенттік толқуларға Әлиханның қатысқаны туралы деректер бар.

Архивтен табылған «О волнениях учащихся молодежи» атты полиция құпия агенттерінің баяндамаларында «...среди учащихся молодежи некоторых высших учебных заведений Санкт-Петербургу замечается сильное брожение... Это является результатом воздействия на своих товарищей некоторых неблагонадежных лиц, стремящихся организовать беспорядки в учебных заведениях» [12]. Бұдан ары қарай құпия агент Орман институтындағы болған толқулар жайлы студенттердің аты-жөнін келтіріп «замеченных в

подстрекательстве своих товарищей к производству общественных беспорядков от 21 ноября 1893 г.; В Лесном институте: студенты Константин Владимиров - Весейков, Максимилиан Иванов - Выходцев, Алихан Букей - Ханов» [12] – деп жазып келіп, әрбір студентке сипаттама береді. Соның ішінде Әлихан туралы «Букей - Ханов Нурмухамедов Али - хан, IV курса, личность сомнительной благонадежности» [12], - деп жазады.

Осы қысқаша келтірілген үзінділерден - ақ Әлиханның қатардағы жәй студент болып қоймай, өзіндік ұстанымы қалыптаса бастаған, әрі студенттік қозғалыстың белсенді мүшелерінің бірі болғанын көруге болады.

Петербордағы кезеңнің Әлихан үшін пайдалы жағы қаланың әдебиет және өнер орталығы болуы дер едік. Астанада көптеген музейлер, үлкен қоры бар кітапханалар, ондаған белгілі газет-журналдардың редакциялары жұмыс істеді. Осындай мүмкіндікті, жан-жақты білім алуды аңсаған жас жігіт Әлихан молынан пайдаланады. Ол осы кезде сол кездегі белгілі ақын-жазушылардың да шығармашылығымен жақын танысқаны ақиқат.

Оны Н.А.Некрасов, И.С.Тургенев, Н.В.Гоголь, А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, М.Е.Салтыков-Щедрин және сол кезде көзі тірі Г.И.Успенский, В.Г.Короленко, Д.Н.Мамин - Сибиряк, Л.Н.Толстой, А.П.Чехов және т.б. туындылары қызықтырғаны сөзсіз. Сонымен қатар атақты шетелдік В.Скот, Ч.Диккенс, У.Теккерей, Стендаль, Ги де Мопассан сияқты жазушылардың шығармашылығымен танысқанын болжауға болады. Өйткені, Әлиханның кейінгі өмір жолына, шығармаларына қарап отырсақ жоғарыда айтылған тұлғалардың еңбектеріне сілтеме жасағанын, зерттегенін де байқаймыз. Әсіресе, оған жақын болған Л.Н.Толстой, В.Г.Короленко, А.П.Чехов, Д.Н.Мамин - Сибиряк, Н.Маркестің кітаптары сияқты. Әлихан кейін осы аталған жазушылардың біраз шығармаларын аударып, алғашқы болып қазақ жұртшылығына да таныстырады. Соның ішінде Л.Н.Толстой еңбектерін айрықша бағалаған. Оны аударумен қатар, өзінің «Роман бәйгесі» және «Роман деген не» (1914 ж.) сияқты «Қазақ» газетінде жарияланған әдеби - сын зерттеулерінде Л.Н.Толстойдың шығармашылығына байланысты пікірін білдіреді. Бұл бекерден бекер емес, бұл оның атақты жазушының қайраткерлік, адамгершілік позициясы гуманистік көзқарасын сыйлағаннан да болар. Мысалы, 1891 жылы Ресейді ашаршылық жайлады, Л.Толстой елді ашыққан халыққа көмек беруге шақырды. Оны студенттер қауымы да белсенді қорғады [13].

Міне, Әлиханның қоғамдық - саяси көзқарасы Санкт-Петербурда оқу кезіндегі болып жатқан санқилы оқиғалардың, әр түрлі кездесулердің әсер, ықпалымен де қалыптасқандығы дау тудырмайды.

Жалпы, Әлиханның Санкт-Петербурдағы білім алу кезеңі, оның келешек қайраткер, дарынды ғалым, бір сөзбен айтқанда замандастарынан озық, кесек тұлға болып қалыптасуына үлкен әсер еткен өмірінің айқын бір белесі болды деп сеніммен айта аламыз.

Әдебиеттер:

- 1 Асылбеков М.Х., Сеитов Э.Т. Алихан Букейхан – общественно-политический деятель и ученый. – Алматы: 2003. - 26-б.
- 2 Смаханұлы Б. Әлекеңнің әулеті // Ақиқат. - 2007. - №2. - 71-б.
- 3 Дихан Қамзабекұлы. Тектілік деген немене? Тексіздік деген немене? // Жас Алаш. - 2003. - № 64.
- 4 Абсеметов М. Пророк в своем отечестве // Центральный Казахстан. – 1992, август - 21.
- 5 Омбы облысының мемлекеттік архиві (ГАОО) / 43 - қор, 1 - тізбек, 492
- 6 Коншин Н. Материалы для истории Степного края. V. К истории Каркаралинских и Аягузских округов в 30-х и 40-х годах XIX столетия // Памятная книжка Семипалатинской области за: 1902. - С. 2.
- 7 Бөкейхан Ә. Таңдамалы (избранное) / Гл.ред. Р. Нургалиев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 433 - б.
- 8 Омбы облысының мемлекеттік архиві (ГАОО) / 43 - қор, 1 - тізбек, 8 - іс, 643 - б.
- 9 История СССР, 1861-1917 // Учебник для студентов пед. ин-тов по ист. спец. / Под ред. Н.Д.Кузнецова. – 5 - е изд., перераб. – М.: Просвещение, 1984. – С. 187.

- 10 Большая Советская Энциклопедия. (В 30 томах) // Гл. ред. М. Прохоров. изд. 3-е. М.: Советская энциклопедия, 1973. - Т. 14. - С. 315.
- 11 Шелгунов Н.В. Қазақ Совет Энциклопедиясы / Бас. ред. М. Каратаев. Алматы: Қазақ Совет Энциклопедиясының бас редакциясы, 1978. – Т. 12. - 237 – б.
- 12 ЦГА РФ. Ф. 102. Ед. хр. 1120. ДЗ
- 13 Россия на рубеже веков: исторические портреты. – М.: Политиздат, 1991. – С. 197.

АЛАШОРДАНЫҢ ӘСКЕРИ КЕҢЕСІН ҚҰРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ СОҒЫС ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТІ

*Жанғалиев У. К. аға оқытушы, докторант.
Alikhan Bokeikhan University. Семей қаласы. ҚР.
kurmetkalievich@mail.ru.*

1918 жылдың маусым айында Орталық Алашорда комитеті атынан бірнеше қаулылар қабылданды. Қаулылар Алаш автономиясының негізінде Кеңестік билік күші жойылғандығы туралы, Алаш автономиясы жерінде земстваны қайта енгізу, Алашорданың әскери кеңесін құру және оның соғыс жағдайындағы негізгі қызметі әскери жасақтарды құру туралы, Алашорданың Облыстық және уездік комиттетерін құру және осы комиттетердің қызмет аясы туралы, демократиялық бостандықтар туралы, жерге иелік ету туралы, мемлекеттік салық туралы, қазақ соты мен тергеу комиссиялары туралы болып келді. Бір сөзбен айтқанда кең ауқымда мемлекеттік іс-әрекеттер жүйесі түзілді және оған қатысты, тиісті нұсқаулар берілді. Осы құжаттарға Алашорда төрағасы ретінде, мүшелер ретінде Ә.Бөкейханов, М.Тынышбаев және Х.Ғаббасовтар қол қойған. Сөйтіп, Алашорда Алаш автономиясының іс-жүзіндегі саяси өмірінің бастапқы көріністерін құжаттар негіздеп берді [1].

Қазақстандағы қоғамдық-әлеуметтік өмірдің ресейлік саяси күштердің билік жолындағы саяси күресінің біртіндеп соғыс жағдайына бет алуына қарай Алашорда әскерін жасақтау ісі қазақ өлкесінің әр аймағында әр түрлі уақытта іске асырылды және ұзағырақ мерзімге созылды. Оны Семейдегі Алашорда әскерінің құрылу тарихынан анық байқаймыз. Семей облысындағы Алашорда әскері алғашқы отрядтары 1918 жылдың қаңтар мен мамыр айлары аралығында жасақтала бастайды.

Алашорданың Орталық және Батыс бөлімінің Кеңес өкіметімен жақындасу және жүргізілген келіссөздерінің нәтиже бермеуі, олардың біртіндеп Кеңестерге қарсы күштермен жақындасуына итермеледі. Бұл қатынастар Кеңестер билігі кезінде жасырын түрде жүргізілген. Алашорда өкілдері Х.Ғаббасов пен И.Әлімбаевтер Кеңес өкіметі мекемелерінде жауапты қызметте жүріп-ақ, Кеңестерден жасырын жүрген кадеттер мен эсерлерге қаражаттық көмек көрсеткен. Оның үстіне қажетті мәліметтермен де жабдықтап тұрған [2].

Көрнекті Алаш қайраткері Б.Сәрсенев поручик Давыдов-Зубаревтің басшылығымен Семей қаласында құрылған эсерлердің әскери ұйымына мүше болып енген. Поручик Давыдов-Зубарев Семей қаласына Барнаулдағы облыстық штабтан келгендегі мақсаты, ол жергілікті Кеңес өкіметіне қарсы көтеріліс ұйымдастыру болды. Алашорда басшылары ортақ жауға қарсы күрес үшін деп поручик Давыдов-Зубаревке Б.Сәрсенев арқылы 29000 сом ақша бергізген. Тікелей көтеріліске Алашорда атынан 100 адамдық атты әскер қатысқан.

Семейдегі Алашорданың әскери санаттағы халықтық милиция жасағын құрудағы Алашорда төрағасы Ә.Бөкейханов, үкімет мүшелері М.Тынышпаев, Х.Ғаббасов, А.Тұрлыбаев, Б.Сәрсенев, Семей уездік земстволық басқарма төрағасы А.Қозбағаровтың қызметтері ерекше болды [3].

Тарихи деректерге қарағанда, Семей облысында Алашорда әскері 1918 жылы қаңтар және мамыр айларында жасақтала бастайды. Екінші жалпы қазақ съезінің қаулысына сәйкес Алашорда үкіметінің Орталық комитеті Семей қаласының Заречная слободка деген бөлігіне

1918 жылдың қаңтар айының бас кезінде келіп орналасады. Заречная слободка Семей жұртшылығы арасында Алаш қаласы атауымен 1917 жылдың желоқсан айынан бастап белгілі бола бастаған.

Саяси оқиғалар шиленіскен 1918 жылдың басында Семейде ұлттық әскер құру ісі қарқынды жүре бастады.

Міне сол Алаш қаласы маңындағы қырда I Алаш атты әскер полкының жасақталу тарихы басталады. Семейде Алаш әскерінің құрылу барасында бүкіл жұртты елең еткізген оқиға – 6 наурыз күні таңертең сағат 9 шамасында Алаш қаласында мылтықсыз жаттығу өткізіп жатқан милиция басшысы Қазы Нұрмұхамедұлының большевиктердің қолынан оққа ұшуы болды [4]. Бұл кезде Семейде Алашордамен қатар большевиктік билік те үстемдікке ие болатын.

1918 жылдың 18 маусымында «Свободная речь» газетінде облыстық қазақ комитеті мүшесінің хабарлауынша, Алашорда басшылары бастаған 300-ге жуық жасақ және 35 орыс офицер-инструкторлары бар топ қалаға келіп кіргені баяндалса [5], сол күні шаңқай түсте Алаш қаласына ұйымдасқан 500 аттылы әскер офицер-инструкторларымен бірге келген. Қала тұрғындарымен кездесуге келген әскерді земство өкілдері жалынды сөздерімен қарсы алды. Бұл топтың арасында Алашорда Кеңесінің төрағасы Әлихан Бөкейхан да болды. Сол кезеңдегі саяси ахуалға байланысты жергілікті аймақтарда үстемдік ету большевиктік үкімет пен Ұақытша үкімет билігін арқа тұтқан Алашорда үкіметі арасында алма-кезек ауысып отырды.

Жергілікті «Свободная речь» газетінің кезекті санында: «19 маусым күні кешкі 6-лар шамасында жасақ қалада болып, Никольский шіреуі жанындағы алаңда салтанатты кездесу ұйымдастырылды. Жиында штаб полкы бастығының көмекшісі Папин, штаб адъютанты капитан Виноградов және Ұақытша Сібір үкіметінің өкілі Давыдовтар сөз сөйледі. Кездесу кезінде алаңға келген ұлт қайраткері Әлихан Бөкейханның құрметіне подполковник Тохтамышевтың бұйрығымен атты әскер «Алла» деп ұрандады [6].

Әскердің ақ түсті туында қазақ тілінде «Жасасын Бүкілресейлік және Сібір Құрылтай жиналысы», «Жасасын Отанның адал ұлдары» деген жазу болды. Жалынды сөздер айтылған кездесу отаншылдық рухта өтті» [7] деп баяндалады. Мұндай әскери шерулердің өткізілуі жергілікті халықтың Алашорда үкіметіне деген сенімін күшейту және халық арасында ел қорғау ісіне қазақ жастарын тарту мақсатында болды деп тұжырымдауға болады.

Ұлттық әскер құру жолында Алаш қайраткерлерінің Ұақытша Сібір үкіметімен арадағы жазысқан іс-қағаздары мен кеңсе құжаттарынан екі тараптың да талап-мүдделерін аңғару қиын емес. Томск мұрағат қорларындағы құжаттарда Алаш әскерін құрудағы талпыныстар төмендегідей сипат алады.

Алашорда өкіметінің Әскери бөлімі 1918 жылдың 26 шілдесінде Әскери Министрлік басқармасына жолдаған № 235 жазбасында былай деп жазылған: «Алашорда өкіметі Ұақытша Сібір өкіметімен большевиктермен күресеміз және елді Құрылтай Жиналысына дейін жеткізеді деп шешті. «Алашорда» өкіметі өз армиясын құру туралы қаулы қабылдады; қару-жарағы, Армияны ұстайтын айтарлықтай қаражаты жоқ. «Алашорда» өкіметі Ұақытша Сібір өкіметінен қазақ армиясын инструкторлармен, қару-жарақпен, және азық-түліктің барлық түрімен қамтамасыз етуді сұрайды.

Жоғарыда аталған Алашорданың ұсыныстарын 29 шілде және 3 тамыз аралығында 4 күн бойы талқылаған Ұақытша Сібір үкіметі ұлттық әскер құру мәселесіне қатысты Алашорда қазақ халқын басқаратын өкімет органы болып мойындалуы, оған түтін салығы және қазына қажеттілігіне салық жинауға, сондай-ақ ұлттық сот құруға құқы мақұлданып, ұлттық әскер жасақтау турасында келесі талаптары сақталды:

1. Қазақ әскери құрылымдары Сібір армиясымен бірге Алаш территориясын қорғайды, сондай-ақ Сібір армиясы қоятын шарттарды орындайды.

2. Алашорда тарапынан әскерге алу Ұақытша Сібір үкіметі Әскери Министрлігінің келісімі арқылы жүзеге асырылады, әскер қатарына шақырылатындар саны Ұақытша Сібір Үкіметі тарапынан бөлінетін қаржылай және материалдық көмекке байланысты.

3. Ұлттық әскер құру территориялық негізде құрылады.

4. Біртұтас федеративті армия құрылғанша Қазақ әскері Сібір армиясының ережелері бойынша басқарылады, алайда жергілікті территориялық ерекшеліктер де есепке алынады.

5. Федеративті армия құрылғанша Қазақ әскері Сібір армиясының бөлінбес бөлігі саналады.

6. Әскери іс-қимылдар уақытында Қазақ әскері Сібір армиясының басшылығына бағынады.

7. Қазақ әскері Алашорда үкіметінің қолдауымен және Сібір үкіметінің көмегі арқылы қару-жарақ, киім, азық-түлікпен және әскери инструктормен қамтамасыз етіледі.

8. Сондай-ақ Қазақ әскерінің басшысы мен бөлімше командирлері Сібір армиясы тарапынан Алашорда үкіметінің келісімімен тағайындалады [8].

Алаш полктері құрылу барысында өздерін Сібір армиясының құрамдас бөлігіміз деп есептеді. Себебі, Ұлттық әскерді басқару екі жақты, яғни Алашорданың келісімімен, Сібір армиясының құзырында болды. Хамит Тоқтамышевтың әскери министрлікке жолдаған катынас хаттарынан осы жағдайды аңғаруға болады.

Сонымен бірге қаражатсыз, қару-жарақсыз, киімсіз, нұсқаушысыз отырған Павлодар қаласында 150 жігіт, Зайсанда 200, Қарқаралыда 250 және Өскеменде 250 жиналды. Хат соңына Әскери бөлім меңгерушісі капитан Тоқтамышев пен подпоручик Марцевич қол қойған.

Әлихан Бөкейхан 1918 жылы 25/12 маусымда «Бек тығыз. Семей уезінің земский управасының бастығы Ахметжан Қозыбағарұлына. Семей уезінен болыс басына 30 милиционер алуға қаулы қылынды. Осы жігіттерді тоқтаусыз жиясыз. Жиылған азамат, ат Семейге келеді. Алаш Орда бастығы Ғалихан» [9] деп қойған №2 катынас қағазындағы нұсқауға орай Ахметжан Қозыбағаров іле-шала 26 маусымда Семей уезінің барлық болыстарынан ат-әбзелдерін сайлап, 30 жігіттен милиция даярлауды қатаң тапсырады. Семей уездік Земство басқармасының тапсырысы жіберілген болыстар мыналар: Айғыржал, Аршалы, Аққұм, Белағаш, Беген, Бесқарағай, Бұғылы, Еңірекей, Делбегетей, Кеңтүбек, Көкен, Қайыңды, Қызыладыр, Қызылмола, Қандығатай, Малыбай, Машан, Мұқыр, Сейтен, Семейтау, Свободный, Төлентай, Шаған, Шыңғыс және Үак.

Алашорда әскері құрамына шақырылуға тиіс 30 адамды кейбір болыстар жібермеген. Мәселен, Айғыржал болысынан даярланған 30 жігіт қосымша шақыруды 1919 жылдың ақпан айына дейін күткен. Олар кейін саяси жағдайға байланысты әскер қатарына шақырудан мүлдем босатылады. Бесқарағай, Кеңтүбек, Сейтен, Свободный, Малыбай, Қайыңды болыстарынан да әскер қатарына ешқандай жігіт алынбаған. Бұлардың түрлі себептері болды. Бесқарағай, Кеңтүбек және Малыбай болыстары тиф ауруының таралуына байланысты әскерге алынатын жігіттерді кейінірек шақыру ұйғарылған. Сейтен және Свободный болысының халқы әскерге жігіттер беруге қарсы болған. Қайыңды болысына катысты нақтылы дерек жоқ.

Семей өңірінде Алаш полктерін құру ісі кедергісіз өтті деуге болмайды. Атап айтар болсақ, Аққұм, Делбегетей және Үак болыстарында ішінара түрлі арандатушылық әрекеттер орын алған. Большевиктік бағыттағылар Алашорда әскеріне жігіттер бермеу үшін азғыру жұмыстарын жүргізген. Өз кезегінде Алашорда үкіметі мен Семей уезі Земстволық басқармасы бірлесе қимылдап, арандатушыларға қарсы тиісті шаралар қолданған [10].

Осындай бөгеттерге қарамастан, I Алаш атты әскер полкін жасақтауға Семей уезінің 18 болысының жасы 16 мен 50-дің аралығындағы жігіттер қамтылды. Шақырудан тысқары өз еріктерімен Алашорда әскері қатарына жазылған жігіттер де болған.

Әдебиеттер:

1. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – А., 1995. – 256 б.
2. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Т.1. – А., 2008. – 480 с.
3. Аманжолова Д.А. Казахстанский автономизм и Россия. М., 1994. – 224 б.
4. К. Илиясова. Алаш әскері. // Қазақ тарихы. 1997. №6, 58-62 б.;

5. Әлихан Бөкейхан. Шығармаларының 9 томдық толық жинағы. Полное собрание сочинений в 9 томах. / Құрастыран: Жүсіп Сұлтан Хан Аққұлұлы. – Астана: Сарыарқа, 2013. Т. 7. – 530 б.
6. Б. Әбдіғалиұлы. Жетісу майданындағы Алаш әскері. // Қоғам және дәуір. 2017. №1, 14-54 б.
7. Симонов Д. Г. Белая Сибирская армия в 1918 году / Новосибирск: НГУ, 2010. – с. 610.
8. Шульдяков В. А. Гибель Сибирского казачьего войска. 1917–1920., 1-том. – М., 2004.
9. Шишкин В.И. Взаимоотношения Алаш-Орды и Временного Сибирского правительства // Известия УрГУ. Серия 2. 2011, №4, – 110-123 б.
10. Гражданская война в России и мусульмане. Сб. док. Сост. С.М. Исхаков. – М., 2014. – 816 с.

DEVELOPMENT OF EDUCATION IN THE CONDITIONS OF SUSTAINABLE DEVELOPMENT OF THE COUNTRY.

*Kodirova D.A., Master of Pedagogical Sciences,
The Ablai Khan KazUIRandWL, Almaty, Kazakhstan*

In each country, the system of social relations and its changes have an impact on education, since it is education that has been assigned the leading role in preparing future generations that meet the needs of the historical period and the needs of economic development. In addition to economic benefits, education creates other social benefits, contributes to the formation of social capital - a society with a large share of civic participation, high social cohesion and integration, and a low crime rate. From a very early age, education plays an important role in the formation of social, emotional, and other vital skills. In the new conditions, the accents in the system of Kazakhstani education are also changing, which have changed from the goals of education, focused on knowledge of the subject, to goals that logically follow the group of the first - focused on the acquisition of key competencies by schoolchildren. In the context of the modernization of education, the teacher is the key figure in putting these ideas into practice as an evolutionary process in the development of education.

The current state of Kazakhstani society, its integration into the global educational space requires an increase in the competitiveness of education, the development of human capital by ensuring the availability of quality education for sustainable economic growth and compliance with the realities of the time of the education system of the Republic of Kazakhstan. At the same time, according to the “State Program for the Development of Education of the Republic of Kazakhstan for 2011-2020”: “Investments in human capital are essential to create a technically progressive, productive workforce that can adapt to a rapidly changing world. The successful economies of the future will be those that invest in the education, skills and abilities of the population. Education must be understood as an economic investment, and not just as a cost to social needs” [1].

The system of social relations and its changes have an impact on education, since it is education that has been assigned the leading role in preparing future generations that meet the needs of the historical period and the needs of economic development. In addition to economic benefits, education creates other social benefits, contributes to the formation of social capital - a society with a large share of civic participation, high social cohesion and integration, and a low crime rate. From a very young age, education plays an important role in developing social, emotional, and other life skills. This is a convincing argument in favor of the further development of the entire spectrum of educational services. Kazakhstan needs a radical modernization of education: a significant and sustainable increase in investment in education, improving its quality [1, p. 3].

In the new conditions, the accents in the system of Kazakhstani education are also changing, which have changed from the goals of education, focused on knowledge of the subject, to goals that logically follow the group of the first - focused on the acquisition of key competencies by schoolchildren. In the context of the modernization of education, the teacher is the key figure in putting these ideas into practice as an evolutionary process in the development of education.

Under these conditions, “the organizational basis for the implementation of the state policy of the Republic of Kazakhstan in the field of education should be the State Program for the Development of Education of the Republic of Kazakhstan for 2011-2020 (hereinafter referred to as the Program), which ensures the continuation of the modernization of Kazakhstani education.

The program as the organizational basis of the state policy in the field of education is a complex of activities interconnected in terms of resources and timing, covering changes in the structure, content and technologies of education and upbringing, the management system, organizational and legal forms of subjects of educational activity and financial and economic mechanisms" [1, p 4].

The implementation of a new approach in education is feasible in the conditions of specialized education. It is profile education that is designed to ensure the social and professional self-determination of the graduate, in the new model of general secondary education. The content of specialized education, models and technologies of education should correspond to its essence, contribute to the achievement of its main goal.

In the history of the development of education, there has always been a desire to create optimal conditions for the development of the content of education by each student, or the satisfaction of their various educational needs. Therefore, in different historical periods, these conditions were different and had their own characteristics. In particular, if we take a look at the history of pedagogical thought, we see that Jan Amos Comenius was one of the first to speak of the need for an individual approach to students in the conditions of collective work [2], namely, he pointed out the need to combine individual and group learning activities in the classroom. lesson system in his Great Didactics.

Thus, in modern conditions, education is increasingly focused not only on the complete information provided, but also on the ability to extract information, comprehend it, transform it, and use it from existing knowledge. It is important to form the need and readiness of each teacher for constant repetition and self-education throughout life. The teacher must know the features of the circulation of information flows in the educational space, be able to design an information educational environment in his educational field, be able to independently search for information, draw attention to various forms and explore it in ways accessible to students for free use in the pedagogical process. the teacher has the necessary knowledge and skills to work with information, he can teach this and his tasks.

“Thus, the existing problems necessitate the modernization of the secondary education system in accordance with modern requirements for the development of Kazakhstani society and the conditions for integration into the world educational space”.

The acquisition of state sovereignty by the Republic of Kazakhstan, the processes of democratization that are unfolding in our society, set the task of comprehending the history of both society itself and its new social institutions. In the current conditions, the task of returning forgotten and forbidden phenomena in the spiritual life of the people is being solved; the actual problem of our time is the revival of the cultural and historical heritage of the past, one of the components of which is folk pedagogy with its richest traditions and experience in educating the younger generation.

The pedagogical views of Abu Nasr Al-Farabi, Korkut, Yusuf Balasaguni, Mahmud Kashgari, Ahmed Yugnaki (Zhuineki), Khoja Ahmed Yassawi played a positive role in the history of the development of education, in many ways they still do not lose their significance. Their teaching is a holistic and original pedagogical system in which many pedagogical problems are reflected, the most important scientific concepts were introduced - general pedagogical, didactic and methodological: visibility in teaching, experience and observation. Kazakh educators paid special attention to the specifics of the various components of education: moral, physical and labor, precisely on the basis of folk traditions.

Researchers have studied many problems and issues related to the history of public education in Kazakhstan. Historical and pedagogical works of T. Tazhibayev, A. Sitdykov, A. Sembaev are devoted to the development of issues related to the history of the development of public education and schooling in Kazakhstan. Developments in the field of culture by V.V. Vostrova, H.A.

Kauanova "Material culture of the Kazakh people"; K.T. Dzhumagulova "I. Altynsarin and the development of the culture of the Kazakh people", in the field of folk pedagogy: A.E. Izmailova "Folk Pedagogy of the Peoples of Central Asia and Kazakhstan", K.Zh. Kozhakhmetova "Kazakh ethnopedagogy".

The foregoing allows us to formulate the research problem of how the history of the development of the school and pedagogical thought in Kazakhstan before joining Russia was embodied in the work of Kazakh enlighteners and contributed to the development of education and upbringing.

Literature:

1. Galskova N.D. Modern Foreign Methodology Manual. 2003 – 193 p.
2. Kolesnikova I.A. The communicative activity of the teacher: textbook. Allowance for students of higher pedagogical institutions / I.A. Kolesnikov; under the editorship of V.A. Slastenina -M.: Publishing Center "Academy", 2007.
3. Perevoznyy A.V. Differentiation as a way to improve modern school education // Profile school. No. 6.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЖӘНЕ СІБІР БАСЫЛЫМДАРЫ

Кенемолдин М., Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Алаш ұлт-азаттық қозғалысының басшысы Әлихан Бөкейханның сан қырлы қоғамдық-саяси қызметіне қоса, оның шығармашылық еңбегі де ерекше назар аударуды қажет етеді. Алаштанушы ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда, Әлихан Нұрмұхамедұлы 19 жасынан бастап газетке мақала жазып, қазақ қоғамындағы әлеуметтік-экономикалық түйткілді мәселелерді батыл көтере білген. Атап айтқанда, оның Омбы қаласындағы «Дала уалаяты» газетінің 1889 жылғы сандарында «Қарқаралы оязының молласының баяны», «Қарқаралы оязының қызметтегі қазақ адамдарының бір қылған ісі», «Хат редакцияға», «Қарқаралы оязының Тоқырауын болысы», «Қотанбұлақ», «Западны-Балқаш елдеріндегі егіннің жайы», «Тұрмыс жайында болған хабарлар», «Ықиятты болыс», «Бұрыннан қалған жақсы мұра», «Хат баспаханаға» атты, жалпы жиыны онға жуық мақаласы басылып шыққан. Бір ерекше назар аударатын жай, дәл осы кезден бастап Әлихан Бөкейхан өз публицистикалық еңбектерін бүгінде баршамызға жақсы мәлім «Қыр баласы», «Сын степей», «А.Б.», «Ә.Н.», «Киргиз-степняк» [1] деген тағы басқадай бүркеншік есімдермен жариялай бастаған.

Әлихан Бөкейхан ХХ ғасыр басында «Иртышь», «Омичь», «Голос степи», «Семипалатинский листок», «Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела Императорского Русского географического общества» тәрізді Омбы және Семей қалалары газет-журналдарының редакцияларымен тығыз шығармашылық байланыста болып, өзінің публицистикалық мақалалары мен ғылыми зерттеулерін шығарып тұрған. Бұл туралы лингвист-ғалымдар Ф.А. Брокгауз бен И.А. Ефронның Жаңа энциклопедиялық сөздігінің сегізінші томында: «Букейханов Алихан Нурмухамедович – лесовод-статистик; род. в 1869 г., принадлежит к султанскому роду Букей (см. Букеевская орда), причисляющему себя к чингисидам. Букейханов учился сначала в медресе, потом в земском техническом училище и лесном институте, который окончил в 1894 г. Принимал участие в статистических работах по Тобольской губернии, затем был преподавателем Омской лесной школы. С 1897 г. по 1904 г. работал в экспедиции министерства земледелия по обследованию степных областей. Сотрудничал со многими сибирскими газетами и журналами. В 1906 году редактировал омские газеты «Иртышь», «Омичь» и «Голос степи», закрытые администрацией. Корреспондировал в столичные газеты прогрессивного направления. Участвовал в земском съезде 1905 г. Арестованный в начале 1906 г., освобожден из Омской тюрьмы в мае, после избрания его в первую государственную думу от киргизов Семипалатинской области. Подписал Выборгское воззвание, за что и отбыл 3-месячное заключение в Семипалатинске» [2], - деген анықтама берілген.

Әлихантанушы ғалым Сұлтанхан Жүсіпов өз зерттеулерінде дарынды публицист-каламгер Әлихан Бөкейханның «Иртыш», «Омич», «Голос степи» газеттеріне редакторлық етуіне қатысты архивтік құжаттармен қатар сол уақыттағы «В мире мусульманства», «Русское богатство», «Русская мысль» секілді тағы басқадай көптеген Сібір басылымдарында жарық көрген шығармашылық еңбектері әлі де болса толықтай табылмай отырғанына қынжылыс білдіреді. Сондай-ақ, әлихантанушы ғалым: «Ескере кететін тағы бір маңызды мәселе: публицистік қызметінің 1889 жылдан шамамен 1927 жылға дейінгі белсенді кезеңінде Ә.Н. Бөкейхан сан-алуан бүркеніш есімін пайдаланды. Олардың ішінде ең белгілі дегендері: «А.Б.», «Қыр баласы», «Сын степей», «V», «Туземец», «Түрік баласы», «Арыс ұлы», «Ал.кочевник». Көпшілікке белгісіз және әрине беймәлім есімдері олардан әлдеқайда көп. Жалпы, оның әзірге анықталған лақап аттарының саны 30-ға жуық» [3], - дейді.

Шынында, Әлихан Бөкейхан бір ғана Санкт-Петербургтен шығатын «Сибирские вопросы» журналында 1908-1910 жылдары аралығында «А. Бөкейханов», «V», «Степной», «Статист», «Старый степняк» деген бүркеншік есімдермен отызға жуық мақаласын жариялады. Мысалы, ол «Қазақ» газетіндегі «Он төрт тоғыз бола ма?» мақаласында: «...мен абақтыда жатып қазақ жері туралы жазған мақалаларымды «Сибирские вопросы» деген орыс журналының мына нөмірлерінде: 16-17, 18, 21-22, 27-28, 33-34, 35-36, 37-38, 45-46, 47-48, 1908 жылғы, V-деп қол қойған. Орысша білетінің оқып қара» [4], - деп айтады. Ол осы орыс журналына өзінің қазақ жері туралы зерттеу мақалаларын Семей түрмесінде сегіз ай қамауда отырған кезде жазған еді.

Әлихан Бөкейхан 1894 жылы Санкт-Петербургтен орман шаруашылығы институтын бітірген соң Тобыл губерниясында статистикалық жұмыстарға қатысады. Оның I және II Ресей Мемлекеттік Думасына Тобыл губерниясынан депутат болып сайланған Николай Скалозубовпен үлкен достыққа ұласқан алғашқы таныстығы осы кезден басталған еді.

Ұлт зиялысы Әлихан Бөкейхан 1897-1904 жылдары аралығында орыс ғалымдары С.П. Швецов, Л. Чермак, Ф.А. Щербина және т.б. басқарған, жалпы жиыны төрт бірдей ғылыми экспедиция құрамында жүріп қазақ жер пайдалануы мен қарашекпендердің қоныс аудару мәселелерімен айналысқан аса тәжірибелі экономист-статист ғалым ғана емес, орыс империясының отаршылдық саясатына қарсы күрескен ірі саяси қайраткер болып та қалыптасты. Ол жайында С. Аққұлұлы «Әлихан Бөкейхан. Тандамалылары» кітабында: «...патша әкімшілігінің тар қапасында, Семей түрмесінде отырып-ақ Ә.Н. Бөкейхан туған халқының құқы үшін күресін, оның ішінде төл жеріне деген құқы үшін күресін жалғастыра берді. «Сибирские вопросы» журналының 1908 жылдарғы сандарында жарық көрген үлкенді-кішілі мақалаларының көпшілігін автор дәл осы Семей түрмесінде отырып жазды» [5], - дейді.

Әлихан Бөкейхан кейінде «Қазақ» газетінің 1917 жылдың 23 желтоқсандағы №256 санында жариялаған «Мен кадет партиясынан неге шықтым?» деген мақаласында бұл солшыл партияның жер, ұлттық автономия, дін мәселелеріне мүлде қарсы екенін, сол себепті одан үзілді-кесілді бас тартатынын айтады. Қазақ елі мен жерінің бостандығы үшін ақтық демі таусылғанша күресіп өтті. Демек, ол туған халқына адалдығын қоғамдық-саяси қызметімен ғана емес, өзінің публицистік-журналистік еңбегімен де шынайы дәлелдеп беріп кетті.

Әлихан Бөкейханның сан-алуан қоғамдық-саяси қызметіне қоса, оның терең танымдық тұрғыдағы шығармашылық еңбектері де қазіргі уақытта әдеби-ғылыми қауымның тарапынан үлкен қызығушылық тудырып зерттелуде. Алайда, Әлихан Бөкейханның ондаған Сібір басылымдарындағы публицистикалық мақалаларына қатысты «ақтаңдақтар» әзірге белгісіз болып келеді. Оның бір себебі, «Иртыш», «Омич», «Голос степи», «Семипалатинский листок», «Сибирские вопросы», «Сибирская жизнь» тәрізді тағы басқадай газет-журналдар сандарының бүгінгі күнге толықтай сақталып жетпеуінде болса, екінші себебі – Әлихан Бөкейхан мақалаларының бізге көптеген беймәлім бүркеншек есімдермен жариялануына байланысты болып отыр.

Әрине, қазақтың көрнекті экономист-статист ғалымының мақалалары патшалық Ресейдің беделді басылымдарында үзбей жарияланып тұрғандықтан, оның әртүрлі бүркеншік есімдері де аз болған. Мысалы, оған Әлихан Бөкейханның 1908 жылы «Сибирские вопросы» журналының №10 және №45-46 сандарында «А. Букейханов», «Старый степняк» деген бүркеншік есімдермен шыққан «Библиография», «Будущая пустыня» сияқты бізге бұрын беймәлім екі бірдей мақаласының табылуы соған нақты айғақ болады.

Әлихан Бөкейхан «Библиография» мақаласында [6] өлкетанушы ғалым А.Н. Седельниковтың «Мерзлая почва в Каркаралинском уезде» атты зерттеу еңбегі туралы бірқатар құнды пікірлер айтады. Бұл арада оның А.Н. Седельниковпен бірге Щербина экспедициясы құрамында қазақ жер пайдалану мәселесін зерттеп, 1903 жылы Санкт-Петербургтен шыққан «Россия. Полное географическое описание нашего отечества» деп аталатын көптомдық жинақтың 18 томында «Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи» деп аталатын тарауды бірлесіп жазғанын ұмытпаған абзал.

Ал оның келесі «Будущая пустыня» атты мақаласында [7] қазақ даласына қарашекпендердің қаптап келіп, мал жайылымдықтарын жыртып, жалпы Торғай өлкесін қуаңшылыққа ұшыратып тоздыра бастағаны, олардың жергілікті халықты ығыстырып, құнарлы жерлерін тартып алып жатқаны туралы баяндалады. Дәл осы 1908-1910 жылдары аралығында ол «Сибирские вопросы» журналы сандарында патшалық Ресейдің қоныс аудару саясатын әлеуметтік-экономикалық тұрғыда айыптаған «Бюрократическая утопия», «Киргизы на совещании Степного генерал-губернатора», «Русские поселения в глубине Степного края», «Ненужное генерал-губернаторство», «Кризис канцелярского переселения» деген т.б. ғылым-зерттеу еңбектерін жарыққа шығарған болатын.

Бір сөзбен айтқанда, Әлихан Бөкейхан Ресей империясының астанасы Санкт-Петербургтен апта сайын жарық көретін «Сибирские вопросы» журналының (редакторы П.М. Головачев, басып шығарушы В.П. Сукачев) жұмысына орыс оқымыстылары Н.М. Ядринцев, Н. Скалозубов, Л. Чермак, С.П. Швецов, И. Серебренников және тағы басқалармен бірге ұдайы атсалысып, көптеген ғылыми құнды материалдарын жариялап отырды. Мысалы, осы журналдың 1908 жылдың 8 тамызындағы №№17-18 сандары мазмұнында Әлихан Бөкейханның «V» деген бүркеншік есіммен жазған «Бюрократическая утопия» атты мақаласы көрсетіліп, онда: «Ближайшее участие в «Сибирских вопросах» принимают следующие лица: Д.А. Клеменць, М.А. Кроль, И.Г. Муромов, Н.Ф. Олигер, Н.Л. Скалозубов, Л.К. Чермак и С.П. Швецов» [8], - деген хабарлама берілген.

Сол кезеңде «Сибирские вопросы» журналында қазақ даласындағы қоныстандыру саясаты туралы Әлихан Бөкейханның ғылыми зерттеу еңбектерімен қатар, мысалы Полуферовтың «Мулла Садык» әңгімесі, Л. Чермактың «Вымирают-ли киргизы?» және «Формы киргизского землепользования», В. Бенькевичтің «Тонкорунное овцеводство в Степном крае», Д. Клеменцтің «Заметки о кочевом быте» тәрізді тағы басқадай авторлардың материалдары үзбей жарияланып тұрды. Осы арада Әлихан Бөкейханның достары Л. Чермактың «Вымирают-ли киргизы?» және В. Бенькевичтің «Тонкорунное овцеводство в Степном крае» атты мақалаларына арнайы тоқталып өткен орынды секілді.

Л. Чермак 1906 жылы «Сибирские вопросы» журналының №2 санында басылған «Вымирают-ли киргизы?» мақаласында: «Изучение хозяйственной жизни киргиз показывает, что они как нельзя лучше приспособляются к новым условиям жизни, отчасти внесенным русскими, и это весьма рельефно иллюстрируется материалами, собранными экспедицией министерства земледелия, исследовавшей во второй половине 90-х годов киргизское население 10 уездов степных и 2 уездов Тургайской области. Работами этой экспедиции мы и воспользуемся».

Необходимо однако сделать оговорку. Может явиться вопрос, распространимы ли выводы, полученные из материалов экспедиции, на все вообще киргизское население России. Я думаю, что это возможно. Экспедиция исследовала почти 200.000 хозяйств, или свыше миллиона душ обоого пола, а все киргизское население исчисляется примерно в 3 миллиона

душ; мы располагаем сведениями, относящимися к целой трети киргизского народа, и свободно можем распространить наши выводы на всех киргиз вообще.

Киргизы ведут скотоводческое кочевое хозяйство. Исследованное экспедицией министерства земледелия население 12 уездов имеет 9.698,858 голов всякого скота, т. е. по 50 голов на 1 хозяйство (всего хозяйств 194.386). Если сравнить обеспечение скотом среднего крестьянского двора 50-ти губерний Евр. России, то окажется, что киргизское хозяйство почти 8 раз богаче скотом, чем крестьянское, в котором, по данным комиссии по оскудению центра, приходится 6,4 головы на двор.

И вот мы видим, что, напр., тогда как вечные кочевники Атбасарского уезда на 2.749 хозяйств имеют всего 10 хоз., имеющих посева, т. е. 0,3 процента, и 321 хоз. или 14,7 процента с промысловыми занятиями, в Актюбинском уезде на 17.689 хозяйств имеется 16.703, или 94,2 процента хозяйств с посевами и 5.871 хозяйство, или 32,8 процента, занимающихся промыслами. При этом в Актюбинском уезде 103.142 десятина пашни, т. е. на сеющее хозяйство приходится свыше 6 десятина посева, или почти 1 десятина (0,99 д.) на душу обоого пола, тогда как по 50 губ. Евр. России на душу обоого пола крестьянского населения приходится всего 0,54 десятина посева на надельной земле.

Сравнивая атбасарского вечного кочевника с актюбинским земледельцем, мы найдем между ними громадную разницу и должны будем признать, что умнее приспособиться к новым условиям жизни обнаруживает в киргиз, кроме, так сказать, пассивной эластичности, значительную долю активности, значительную творческую работу в устройстве своей жизни. Если первый прекрасно приспособил свое хозяйство к вечному кочеванию, то второй, обратившись в оседлого, почти земледельца, не застыл в своем хозяйстве на удовлетворении лишь своих личных потребностей в зерне и стал работать на рынок; в 1899 г. киргизами Актюбинского уезда было продано, по данным экспедиции, свыше 1.100 тысяч пудов проса, кроме пшеницы и др. хлебов» [9], - деп жазады.

Міне, бұл мақаладан өздеріңіз оқып біліп отырғандай, патшалық Ресейдің бұғауындағы қазақ шаруалары, бұрындары орыс шенеуніктері айтып келгендей, соншалықты «бейшара, сорлы» болмағанын көреміз. Анау-мынау емес, патша әкімшілігінің тапсырмасы бойынша қазақтың жер пайдалануын зерттеумен айналысқан экспедицияны басқарушы Л. Чермақтың өзі көшпелі дала шаруашылығының артықшылықтарын осылайша жіпке тізгендей етіп айтып береді.

Ал енді В. Бенькевич болса, 1907 жылы «Сибирские вопросы» журналының №1 санында шыққан «Тонкорунное овцеводство в Степном крае» мақаласында Әлихан Бөкейханның қой шаруашылығын дамыту жөніндегі бірқатар құнды ұсыныс-пікірлері туралы: «В 1904 в №11 и 12 «Сибирского Вестника» появилась обширная статья анонимного автора: «К вопросу о тонкорунном овцеводстве в Степном крае», часть которой приведена в «Материалах». Статья эта в целом, как помнится, свидетельствует о том, что автор изучил степь во многих отношениях очень хорошо, но с его взглядами на будущее тонкорунного овцеводства и на территориальное его распространение я позволю себе не согласиться.

Редакция «Материалов» отчасти соглашается с вышеприведенными мерами, но оговаривается против капиталистического хозяйства и предполагает (стр. 230), «что дело распространения среди киргизов тонкорунного овцеводства могло бы быть достигнуто через приобретение самими киргизами тонкорунных овец и скрещивание их с местной мясной породой для выработки смешанного типа овцы – мясной и в то же время обладающей хорошим руном».

Но тут редакция высказывает важное соображение: «Есть однако мнение, что улучшение киргизской овцы кровью культурной, при нынешних формах киргизского экстенсивного скотоводства, может повести к порче дорогой по своей выносливости, неприхотливости и разной продуктивности киргизской овцы». Это соображение основано на мнениях А. Н. Букейханова (киргиза по происхождению, давшего в цитируемых «Материалах» очень обстоятельную и ценную монографию о киргизском овцеводстве в

Степном крае, основанную на личном изучении и трудах экспедиции по исследованию степей) ...

Желающие детально объяснить себе вышесказанное найдут обстоятельный ответ в работе г. Букейханова о киргизском овцеводстве, помещенной в цитированных «Материалах», откуда я заимствовал цифровые данные с некоторыми изменениями относительно цен.

Г. Букейханов говорит, что овцы, составляющие в общем 19,21 % киргизского стада, дают до 1/2 потребляемого в год кочевниками мяса и сала и до 1/4 молока. Мясо и сало киргизской овцы высокого качества, убойный вес значительный, что всегда обеспечивает этому виду скота широкий сбыт, по постоянно растущим ценам (45 руб. годовалый баран), шерсть весенней стрижки, «джебага», почти вся идет на продажу (4 руб. пуд) за исключением части, идущей на приготовление одеял, одежды и веревок, осенняя стрижка (9 руб. пуд) идет преимущественно на кошму, большая часть которой служит для устройства юрт, идет на потники под седла или на постель.

Годовой же расход на содержание киргизской овцы равен, по Букейханову, всего 29 коп. В среднем, киргизская овца дает дохода от весенней стрижки (4 ф.) – 40 коп., от осенней (2 ф.) – 46 коп., итого 86 коп., кроме этого, дойные овцы за лето дают по 4 ведра молока (маток в стаде около 1/2) по 35 коп. – 1 р. 40 к., итого матка дает в год валового дохода 2 р. 26 к., а чистого 1 р. 97 к. Мериносы же дают валового дохода от 2 руб. 20 коп. до 3 р. 30 к., при расходе в 94 к. на голову, что дает чистого барыша от 1 р. 16 до 2 р. 36 к.» [10], - деген ғылыми талдаулар мен сілтемелер жасайды.

Сонымен қатар Әлихан Бөкейхан Томск қаласында күн сайын шығатын «Сибирская жизнь» газетінен де (редактор-басып шығарушылар И. Малиновский, М. Соболев) өз шығармашылық көмегін аянып қалмаған. Мәселен, Сібірдегі «Народная воля» деп аталатын кадет партиясының баспасөз органы саналатын «Сибирская жизнь» газетін шығаруға сол уақыттағы П.И. Макушин, А.В. Адрианов, Д.В. Алексеев, И. Анучин, Г.Б. Байтов, М.Р. Бейлин, Г.Н. Потанин [11] тәрізді орыс демократ-революционерлері және ғалымдарымен қатар қазақ зиялысы Әлихан Бөкейхан да белсене қатысқан.

Ресейлік ғалым Е.Н. Косых «Сибирская жизнь» атты зерттеу еңбегінде: «Сибирская жизнь» газета. Преобразована из газеты «Томский листок», издавалась в Томске с 1 ноября 1897 года П.И. Макушиным, с 8 ноября 1905 года Сибирским товариществом печатного дела, выходила ежедневно, кроме дней после праздников... В газете сотрудничали профессор Е.Л. Зубашев, Н.В. Некрасов, В.В. Сапожников, В.А. Обручев, М.А. Рейснер, общественные деятели Г.Н. Потанин, П.В. Вологодский, А.Н. Букейханов, М.Б. Шатилов, М.И. Шипицина, Ф.Я. Ког, Е.И. Жемчужникова, С.П. Швецов, В.К. Штильке и другие» [12], - деп жазады. Бір өкініштісі, Әлихан Бөкейханның осы «Сибирская жизнь» газетінде қаншама мақаласы жарық көргені әлі күнге зерттелмей, беймәлім қалып келеді.

Бірінші орыс революциясынан кейінгі уақытта Сібір мен Қазақстанда Ресей кадет партиясы кең қанат жайып құрылғаны мәлім. Әсіресе, 1917 жылғы төңкерістер кезінде Семейде осы аталмыш партияның «Свободная речь», «Дело», «Сибирская речь» атты газеттері молынан жарық көріп, тарала бастады. Сондай-ақ Семей қаласында «Семипалатинский листок» (1904-1906 гг. Ежедневная газета.), «Семипалатинская жизнь» (1906-1907 гг. Ежедневная газета. Редактор-издатель С.А. Косарев), «Прииртышский край» (1907 г., Ежедневная прогрессивная газета. Редактор-издатель К.М. Рычков), «Семипалатинский вестник» (1914 год, Общественно-политическая газета. Ежедневно. Редактор-издатель Ф.А. Мейнгард, инженер-механик), «Семипалатинский голос» (1916 год, Литературная и общественно-политическая газета. Ежедневно. Редактор-издатель Н.П. Софроневский), «Семипалатинский телеграф» (1914-1915 гг., Ежедневная газета. Редакторы-издатели М.Д. Тлатов, Г.И. Никитин, Е.А. Семенов) газеттері шығып тұрды. Қысқасы, олардың көпшілігі жоғарыда аталған Ресей кадет партиясының баспасөз органдары болып саналды.

Әрине, бұл басылымдардан бүгінде Әлихан Бөкейхан мен Алашорда үкіметіне қатысты қажетті материалдарды іздеп табуға болатыны сөзсіз. Мысалы, Әлихан Бөкейханның ұлы Абай қазанамасы (мүнаһиб) және тағы басқадай мақалалары «Семипалатинский листок», «Семипалатинские областные ведомости», «Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела И.Р.Г.О.» басылымдарында жарияланғаны белгілі. Осы орайда Әлихан Бөкейханның Томск қаласында орналасқан кадет партиясының, яғни орыс қоғамында ең беделді саналатын саяси күштердің бірі – Ресей Конституциялық демократиялық партиясы Орталық Комитетінің мүшесі болғанын естен шығармағанымыз абзал. Кейінде, 1906 жылы ол қазақ кадет партиясын құрып, оның саяси тұғырнамасын жазып дайындады.

Академик Кеңес Нұрпейісов «Алаш һәм Алашорда» кітабында Қазақ кадет партиясының бұл саяси тұғырнамасы, өз кезегінде 1917 жылы құрылған «Алаш» партиясының саяси бағдарламасына негіз етіп алынды [13] деп айтады.

Әлихан Бөкейхан, жалпы қазақ қоғамындағы әлеуметтік-экономикалық, саяси ойдың (публицистиканың) ғана емес, қазақ журналистикасының дамуына да ерекше ықпал еткен дарынды шығармашылық тұлға. Ол өз шығармаларын үш тілде бірдей, мәселен, алаштанушы ғалымдардың айтуында қазақ, орыс және француз тілдерінде еркін жаза білген. Оның мақалалары төңкерістер заманына дейінгі кезеңде-ақ «Дала уалаятының газеті», «Киргизская степная газета», «Семипалатинский листок», «Туркестанские ведомости», «Речь», «Наша жизнь», «Сибирские вопросы», «Мусульманская газета», «В мире мусульман» деп аталатын көптеген басылымдарда үзбей жарияланып тұрды. Әлихан Бөкейханның публицистикалық еңбектерін зерттеуші ғалымдар, тек оның «Қазақ» газетінің бір өзіне ғана 250-ге жуық мақаласы шыққанын айтады.

Ал енді кеңес өкіметі тұсындағы «Темірқазық», «Жаңа мектеп», «Жас қазақ», «Ақ жол», «Еңбекші қазақ», «Кедей туы», «Бостандық туы», «Сәуле» сынды тағы басқадай газет-журналдардағы мақалалары жеке өз алдына бір әңгіме. Жалпы бодандықтың бұғауындағы отар елінің азаттығы үшін арпалысып өткен дарынды публицист-журналист Әлихан Бөкейханның саналы ғұмырында артына қалдырған баға жетпес шығармашылық еңбектері қазақ халқының рухани асыл мұрасы болып саналады. Біздер енді сол асыл мұраны бүгінгі өскелең ұрпақтың игілігіне жарата білуіміз керек.

Әдебиеттер:

1. Әлихан Бөкейхан шығармаларының 7 томдық толық жинағы. – Астана: «Сарыарқа» БҮ, 2009. – 20-21 беттер.
2. Новый энциклопедический словарь, том 8, стр. 452. Изд. Ф.А. Брокгауз (Лейпциг), И.А. Ефрон (СПб).
3. Аққұлұлы С. «Әлихан Бөкейхан. Таңдамалылары». – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995. 12-13 беттер.
4. Ғали хан. Он төрт тоғыз бола ма? – Қазақ, 1914, №91.
5. Аққұлұлы С. «Әлихан Бөкейхан. Таңдамалылары». – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995. 12-13 беттер.
6. Букейханов А. Сибирские вопросы, №10, 16 марта 1908 г.
7. Старый степняк. Сибирские вопросы, №№45-46, 8 декабря 1908 г.
8. Сибирская жизнь, №№17-18, 1908 г.
9. Чермак Л. «Вымирают-ли киргизы?». Сибирские вопросы, №2, 1906 г. Стр. 116-120.
10. Бенькевич В. Тонкорунное овцеводство в Степном крае. Сибирские вопросы, №1, 1907 г.
11. Сибирская жизнь, №58, 1908 г.
12. Косых Е.Н. «Сибирская жизнь»//Томск от А до Я: краткая энцикл. города. – Томск, 2004. Стр.- 311.
13. Нұрпейісов К. «Алаш һәм Алашорда». – Алматы: «Ататек», 1995.

АЛАШТЫҢ РУХАНИ АСТАНАСЫ - СЕМЕЙ ҚАЛАСЫ

*Касымжанова Г.К., қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің оқытушысы
«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК*

Қай халық болса да, өз тарихын, төл дәстүр-салтын, ауыз әдебиетін, тілін қастерлейді. Тарих, этнография, фольклор, тіл - халықтың жан-дүниесі, оның барша әлем алдындағы айнасы. Құмық халқында «Кіші жұлдыздар да аспанның сәнін келтіреді» деген мақал бар. Сол сияқты әлем тарихына әр халық өзінше үлес қосады.

«Тарихымызда елеулі орын алатын маңызды оқиғалардың бірі – Алаш партиясының құрылуы. «Алаш» деген «қазақ халқы» деген ұғым. Алаш - еліміздің ежелгі аты. Ендеше, Алаш қозғалысы – ұлт-азаттық қозғалыс. Ол ғасырдың басындағы ұлттық сана өсуі процесінің құрамды бөлігі», - деп баға берген болатын кезінде тарихшы, ғалым М.Қозыбаев [1].

Осы қозғалыстың басында – саяси мәдениеті әлемдік деңгейге көтерілген, оқыған, сауатты, кәсіби даярлығы заманына сай адамгершілік-имандылық қасиеттері ата-бабамыздың сан ғасырлық қастерлі құндылықтарымен сусындаған Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Тынышбаев, Ж.Ақбаев, Б.Қаратаев сияқты дүлдүлдер тұрса, солардың ізін басқан болашақтың нарқасқа ұлдары – Ж.Досмұхамедов, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, М.Шоқай, Т.Рысқұлов, С.Сәдуақасов, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, тағы басқалар одан әрі дамытты.

Алашорда партиясының құрылуы қазақ елінің тарихында ерекше орын алатын ұлы оқиға болса, сол партияның алғашқы астанасы болған - Семей қаласының аты ұмытылып қала беретіні өкінішті. Семейдің әр көшесінде, көнеден қалған әр ғимаратында ұлы тұлғалардың ізі қалғаны, сол іздің ұмытылып, келешек ұрпақтың ол туралы мүлдем бейхабар екендігі жанға батады.

Алғаш ұйымдасқан «Алаш» партиясының қысқаша тарихына көз жіберсек, «Алаш» партиясының облыстық ұйымдары 1917 жылдың қазан айынан қалыптаса бастайды [2]. Мәселен, Әлихан Бөкейхановтың тікелей ұйымдастыруымен және басшылығымен қазан айының шамамен 12-20 жұлдызы аралығында партияның облыстық ұйымдары алдымен Семейде, сонан соң Омбыда, ал қарашаның 10 жұлдызына қарай Орынборда ашылады. «Алаш» партиясының Семей облыстық комитетінің ашылуы Ә.Бөкейхановтың Тамда 8-10 қазан аралығында болып өткен Сібір автономистері съезінен қайтар сапарында іске асырылады. Ол қайтар жолында Семей қаласына тоқтап, 12-13 қазан күндері қала жұртшылығымен кездесулер өткізіп, баяндамалар жасайды. Ал оның соңы «Алаш» партиясының 15 кісіден тұратын уақытша комитетін ашумен аяқталады. Комитеттің төрағасы болып Халел Ғаббасов, хатшысына Сыдық Дүйсенбин, қазынашы Әнуар Молдабаев сайланды. Комитет мүшелері оған құрметті төраға етіп Әлихан Бөкейхановты сайлайды. «Қазақ» газеті өзінің 1917 жылғы 14 желтоқсандағы санында «Алаш» партиясының Орынборда Торғай облыстық комитетінің ашылғандығын мәлімдейді. Комитетке мүшелікке Орынбор қаласында «тұратын 10 қазақ һәм 4 уезден 4 қазақ, барлығы - 14 адам» сайланады. Комитеттің төрағасы болып Ә.Бөкейханов, төраға серігіне А.Байтұрсынов, хатшысына М.Дулатов, қазынашысына Ж.Жәнібеков сайланады. «Алаш» партиясының жарияланбағанымен, белгілі дәрежеде дайындалып қойған шартнамасы (жарғы) да болған. Ол жөнінде партияның Семейдегі облыстық комитетінің құрылуына байланысты «Қазақта» жарияланған материалдан мынадай деректі оқимыз: «Алаш» партиясының толық шартнамасы Орынборда жасалатын болды, дайын болғанда жұртқа жария қылынады. Қазіргі шарты - комитеттің айтқанын екі қылмайтын, бұйырғанын дәл орындайтын «Алаш» партиясының программасын жақтырып, жөн көрген программадағы мәселелерді іске айналдыруға тырысатын кісі кіреді. «Алаш» программасынан таймайтын, өтірік айтпайтын, шышынан қайтпайтын, жақындық, туысқандыққа бүйрегі бұрмайтын, дүниелікке қызығып сатылмайтын, шыншыл, әділ, тура кісі осы партияға кіреді. Сыртын берсе іші басқа, тіліп берсе жүрегі басқа болатын, сөзіне ісін үйлестірмейтін, «Алаш»

жолынан ауып, айтысып-тартысуға жарамайтын, айнымалы мінезі бар кісі «Алаш» партиясына кірмейді. «Алаш» партиясына кіремін деген кісі осы айтылған шарттарды ойлап, толғап, жүрегі қалайтын болса ғана кіруге жөн» [3].

Семей шаһарын «Алаштың астанасы» деп бертінде атап жүргенімізбен, оның тарихы тым тереңде жатқаны белгілі.

1917-1920 жылдар арасында 3 жыл Семей қаласының Алаш-қала атанып, Алашорданың астанасы болғанын бүгінде біреу білсе, біреу білмеуі - тарихқа жасалған қиянат емес пе? Қазірде көненің көзіндей болған, кезінде ұлтымыздың арыстары кеңесіп, ордаға айналдырған көне ғимараттардың кейбірі адам танымастай өзгеріп, жаңартылып жатса, кейбірі мүлдем жер бетінен жоғалып барады. Осы тарихи сәттердің куәсі болған мәдени ошақтарды көзіміздің қарашығындай сақтап, мұражайға айналдырып, тек қағаз жүзінде ғана айтпай, болашақ ұрпаққа мұра етіп етсек, табыс етсек, нұр үстіне нұр болар еді.

Тарихи мақалалар мен зерттеулерден ішінара кездесіп қалатын деректер бойынша, Ертістің сол жағалауына орналасқан, қазірде Жаңа Семей аталатын жағы Алаш партиясының астанасы болды. Алаш партиясы құрылғанға дейін жарты жыл бұрын қала Алаш-қала болып өзгертілген. Сөйтіп, тағдыр өзі Семей қаласына қазақ халқының мемлекеттігінің символындай жаңа астанасы болу бақытын маңдайына жазған екен.

Семей барлық кезеңде де Қазақстанның рухани орталығы болып келеді. Ол - әдебиет, өнер және ғылымдағы аса көрнекті ұлы тұлғалардың Отаны болып саналады. Абай, Шәкәрім, Мұхтар сынды даналар - тек ұлт қана емес, адамзат мақтанышы. Ал көне Семейде олардың жүріп өткен табанының ізі күні бүгінге дейін сайрап жатыр. Сонымен бірге, Семей екі ұлттың алыбы – Шоқан Уәлиханов пен Федор Достоевскийдің ұлағатты достығына куә болған қала. Сондай-ақ мұнда өлкеміздің рухани өміріне үлкен үлес қосқан Михаэлис, Долгополов, Гросс, Лобановский сынды саяси жер аударылушылар тұрды, міне, өз кезінде ұлы Абай олармен жиі қарым – қатынаста болды. Осыдан - ақ біз Семей - халқымыздың мәдени – рухани байлығының алтын бесігі екенін көре аламыз.

Семей қаласы XIX ғасырдың басында-ақ қазақ даласының ірі аймақтық әкімшілік орталығына айналып үлгерген болатын. Ол білім мен мәдениеттің орталығы болды, оның бірден-бір себебі Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Жүсіпбек Аймауытов, Әлімхан Ермеков сынды тұлғалар білім алған мұғалімдер семинариясының Семейде орналасуы еді. Семейдің бай кітапханасы - білім мен мәдениеттің ошағы еді. Семейде ағартушылық бағытта ғана емес, діни-мұсылмандық білім алуға да мүмкіншілік зор еді. XIX ғасырдың ортасында Абай білім алған Ахмет-Риза медресесі - соның айғағы. Сондай-ақ, Семейде өзіндік өрнегімен ерекше, сол кезде Башқұртстан мен татарстанда жиі кездесетін 12 ірілі-ұсақты мешіттер, тас мешіт, кірпіш, ағаш мешіттер болған. Солардың бірі - Стамбулдан келген архитектор Абдолла әпенді салған мешіт еді. Қазақстанда бірінші болып құрылған футбол командасы да Семейден шыққан еді [4].

Мәдени – ағартушылық және рухани іс – шаралардың кең етек жаюы тарихи үрдіс болып табылады. Қоғамның даму кезеңдері өзгерген сайын мәдени – ағарту шаралары да дамып, өркендейді. Мұның өзі білім беру және мәдени мекемелердің пайда болуына әкеледі. Ол кезде қоғамдық ойлар мен мүдделер халықтық оқулар арқылы таратылып, киелі Семей жерінде училище, мектеп, кітапхана, мұражайлар ашыла бастады.

Сөзсіз, прогресс пен дамудың қозғаушы күштері сауда-экономикалық қызмет болды. Қытаймен шекаралас орналасқандықтан әрі Сібірмен шектескендіктен, Семей керуен жолына айналып, Орталық Қазақстан мен Қытайдың Ресейге тауар тасымалдаушы қақпасына айналды. Тоғыз жолдың торабына айналған Семей солайша сауда істеген саудагердің де, білім іздеген жастардың да қаласына айналады. Бұл қалаға бақытын іздеп, байдың малын айдаушы боп, тағдыр айдап, күдіретті әнші Әміре Қашаубаев та келген, теміржолды салуға келген белгілі қоғам қайраткері Мұхаметқали Тәшеновтың да ізі қалған [5].

Тағы бір жарқын мысал – Абыралыдан шыққан ағайынды Төленовтер, жоқшылықтың зардабынан Кузбасс шахтасынан жұмыс істеуге мәжбүр болған олар ақыры Семейге жүк

тасушы болып келеді, ақырында көп бейнеттен соң, екі революцияны бастарынан өткерген соң Жақсылық Төленов «Жұмсақ» атты жұмысшылардың қоғамдық-саяси қозғалысын ашады, бұл қозғалыс қазақ халқының өмірінде маңызды орын алатын «Алаш», «Үш жүз», «Шора-исламия» сияқты саяси қозғалыстар аясында жеке қарастыруға тұрарлық тақырып. Жақсылық Төленовтің есімі алашорда қозғалысы контекстінде, оның ақын ретіндегі шығармашылығы, оның інілері – кейіннен елге оралған темір ұсташы Сүйіндік Төленов, балуан Игілік Төленов, екі бірдей жоғары білім иесі, химия өнеркәсібінің инженері және геолог, есімі Қ.Сәтбаев, Д.Қонаевтармен қатар аталатын Жармағамбет Төленовтердің есімі жеке-жеке ғылыми еңбектерге тақырып болуға тұрарлық. Жалпы, Семей пролетариаты мен жекелеген тұлғалар алашорда қозғалысының қызметіне кез келген буржуазия мен зиялыларымен тең қызмет етті.

Сонымен қатар Семейдің атын шығарып, даңқын аспандатқан оқиғалар – біртұтас Алаш идеясына ұйыған ұлт зиялыларының бір мүддеге жиналуы [6]. Тарихы 1905 жылдан бастау алатын ұлт-азаттық күрестің белортасында Алаш қайраткерлерінің ұмтылысы тұрғаны анық. Белгілі алаштанушы ғалым Тұрсын Жұрбайдың айтуынша, «бір түп көдеден бастап аспан аясындағы алаш кеңістігін тұтас қамтыған атаулардың басын біріктіріп, жер дауы, жесір дауы, ру тартысы деген түсініктерді ұлттық сана, ұлттық ойлау жүйесі, ұлттық идея, ұлттық мемлекеттік құрылым, тәуелсіз үкімет алқасы, Алаш кеңесі, ұлттық саясат, ұлттық мүдде, ұлттық саяси экономика, ұлттық тіл, ұлттық ғылым, ұлттық қорғаныс, алаштың ортақ отаны, ұлттық намыс, ұлттық мойынсұнбау, ұлттық әдеби тіл, ұлттық ғылым тілі деген ұғымдардың дәрежесіне дейін қасиеттендіре көтеріп, мұқым қазақты Біртұтас Алаш идеясы деген киелі тудың астына біріктірді» [6]. Біріккен орталықтың ордалы ұйытқы мекені - Семей болғаны анық. Алаш ұлттық әскерінің құрылуының бастауы да осы қасиетті шаһардан басталады.

Осы айтылған жайттардың бәрі, орын алған тарихи оқиғалар Қазақ автономиясы ресми астанасы - Семей шаһарының қандай тарихи рөл атқарғанын аңғартатын тағы бір айғақ болады.

Әдебиеттер:

1. Ақанов Ә. Алашорда қайраткерлерінің ұлттық руханиятқа тигізген әсері // Ақиқат. – 2013. – №11. – Б.108-110.
2. Е.Тілешов, Д.Қамзабекұлы. Алаш қозғалысы. – Алматы. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: Сардар, 2014. - 528 б.
3. Алаш. Алашорда: энциклопедия / құраст.: Ғ.Әнес, С.Смағұлова. – Алматы: Арыс баспасы, 2009. – Б.42-43.
4. Алаш-таным: Сборник документов. Т.2. – Семей: Алаш-таным, 2012. – 425 б.
5. Әбдешев М “Алаш Орда” министрлігі // Министры “Алаш Орды”. – Алматы, 2008. – 114 б.
6. Әшкеева, Н. Әлихан Бөкейханов және алашорда үкіметі // Ізденіс = Поиск. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. – 2002. – №2. – Б.228-233.

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК- ЭКОНОМИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕР

*Шотанова А.Н., қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
«Көлік колледжі» КМҚК Абай облысы, Семей қаласы,*

Қазақ елі жалпы тарихында алыс - жақын жаулардан шекарасын қорғап келген. Бұл әрине батырларымыздың намысты жүректерінің арқасы десек те болады. Жалпы тарих пен әдебиет тығыз байланысты. Себебі, тарихта батырларымыз елімізді, жерімізді жаудан найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғаса, әдебиетте ақындарымыз ұшқыр қаламдарымен шындықты жазып, елді оқу – білімге шақыра отырып, территориямызды қорғауға шақырған. Қазақ халқының тарихында 20 ғ бас кезіндегі Алаш зиялыларының алатын орны ерекше. Олар өз халқының тәуелсіздігі мен бостандығы үшін патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы күресті. Сол күрес жолында өздерін құрбан етті. Қазақ халқының азаттығы мен бостандығы үшін күрескен қайраткерлер көптеп саналады. Келесі кезекте тарихқа тікелей қатысы бар қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, «Бес арыстың» бірі А.Байтұрсыновтың ерең еңбегі туралы тоқталамыз.

Бұл қазақ халқының өмірінде үлкен із қалдырған ұлы тұлға. Ондай ұлы тұлғалар туралы Елбасы: «Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде – бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тарихының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Сондықтан халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай – да қиын – қыстау жағдайда адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім жұрттың азаматы болып қала бермек. Тарихтың қай кезінде болсын, олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген», - деп көрсетеді.

Тарихқа қайта оралсақ, сол кездегі хандық, әміршіл биліктердің барлығы қазақ халқының тәуелсіздігі үшін қызмет істей алмайды. Себебі, олар қарапайым халықты қанаумен, әділетсіз басқарумен халықтың кедей болуын көздейді.

Жоғарыда аталған Алаш зиялылары саяси ой саласында демократиялық бағыт ұстаған адамдар. Олардың демократиялық ойлары тек ұлттық тәуелсіздікке қол жеткізумен шектелмейді, келешекте өз халықтарына дербес автономия немесе дербес мемлекет құруды көздейді.

20 ғасырдың ұлы реформаторы, мемлекет және қоғам қайраткері, қазақ ұлтының ғылымының негізін қалушы, ақын – аудармашы, түркітанушы лингвист – ғалым Ахмет Байтұрсыновтың қазақтың ұлт азаттығы мен бостандығы үшін күресінде орны ерекше. Саналы өмірін қазақ жұртының азаттығы, жері, тілі, діні жөніндегі мәселелерге арнаған Ахмет, өз өмірінде неше рет сотталып, неше рет жер аударылған.

Ахмет Байтұрсыновтың саяси – әлеуметтік көзқарасындағы басты мәселелердің бірі – құқықтық мемлекет мәселесі. Ол құқықтық мемлекет қандай принциптердің негізінде құрылу керек деген мәселеге көп көңіл бөледі. Оның пікірінше, қазақ мемлекетшілігінде кәсіптік, рухани деңгейі жоғары, сайлаушылардың талабынан шығатын сауатты парламент құру керек. Ахмет Байтұрсынов құқықтық мемлекетте өкіметті, парламентті қалыптастыруда, қазақ елінің аса ұқыптылықпен қараудың керек екендігін талап етіп, кәсіптік негізде Заң шығаратын, билік жүргізетін азаматтарды сайлауды жан – жақты жақтайды. Ол былай деп көрсетті: «Сайлау көп үшін берілген нәрсе, көп пайдасын көздеп сайланса, тексеріп, таңдап сайланса, сайлау дұрыс өз мағынасында болғаны. Халықтың пайдасы, зарары қаралмай «мынау туғаным – туысқаным, я құдам» деп, яки «мынау анадан пәлендей ақшаны артық беріп тұр ғой» десе, ол сайлау емес, құр талас, болмаса сауда десек болады.

Жазушының бұл пікірі қазіргі Қазақстандағы құқықтық мемлекетті қалай құруға болатындығын ескертіп тұрғандай. Ойшыл айтқандай «анау өзіміздің ауылдың кісісі», «біздің елдің жігіті» деген желеумен, кейде парламентке депутат болуда аты да, заты да, білімі де сай келмейтін адамдардың өтіп кететіндігі өкішті.

А. Байтұрсынов Заң шығарушы органға білімді, халық қамын ойлайтын адамдардың сайлануының керек екендігін, яғни парламенттің кәсіби болуын жақтады. Ол туралы: «Мал бағатындар мал бағуын жақсы білу керек, ел бағатындар елдің қамын жақсы білу керек. Бала оқытатындар бала оқытуын жақсы білу керек», - деді.

Ахмет Байтұрсынов жоғарыда айтылған пікірінде парламент депутаттарының шығарған Заңдарының қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан салт – дәстүрлеріне, әдет – ғұрыптарына қайшы келмеуін, шығарған заңдардың мазмұны мен мағынасының жергілікті ұлт өкілдерінің ұлттық психологиясын, этникалық, шаруашылық ерекшеліктерін ескеріп қабылдауды жақтады.

Ақын жеке адамның құқықтық теңдігі мәселесіне көңіл бөлді. Заң алдында барлық адамдардың ұлтына, нәсіліне, әлеуметтік жағдайына, лауазымына қармастан тең екендігін көрсетеді. Оның бұл пікірі, Қазақстан Республикасының Ата Заңындағы осы мәселелер туралы айтылған пікірлермен үндесіп жатқандығына таң қалмасқа болмайды. Оның пікірінше, қазақ халқына демократиялық құқықтық мемлекетті құру үшін білім, кәсіптік дайындық, күштілік және ұлттық бірлік керек.

Ойшылдың айтқан бұл пікірлері, қазіргі кезде Қазақстан тәуелсіздікке қолы жетіп, өзінің ұлттық, демократиялық, құқықтық мемлекетін құрған кезде өз өзектілігін жойған жоқ. Бұл туралы Елбасы, отандық тарихтағы Алаш партиясының алатын орны туралы айта келіп: «Алаш партиясының жетекшілері ұсынған қағидаттарды күні бүгінге дейін өз маңызын сақтап отыр» - деп, бағасын берді.

Қорыта айтқанда, қазақ халқының тәуелсіздігі, еркіндігі, теңдігі, ұлт азаттығы жолындағы күресте Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов т.б. Алаш зиялыларының алатын орны ерекше. Олар өз халқының мұңын жоқтаған, сол жолда бар білімін, күш – қайратын жұмсап, халқы үшін заман тауқыметін тартқан біртуар азаматтарымыз халқымызда мәңгілік орын алады. Алаш зиялыларының азаттық, теңдік, тәуелсіздік туралы армандары қазіргі тәуелсіз Қазақстан Республикасында орындалды.

Әдебиеттер:

1. Искендірұлы Е: «Бұлт болып тұрған заман – Алаштың азаматына зор жүк». Алматы, 2019 жыл
2. А.Байтұрсынов Ақ жол. Алматы, 1991 ж.
3. Н.Назарбаев. Тарих толқынында. Алматы, 2001 ж.
4. Ғаламтор желісі.

УРОКИ НАЦИОНАЛЬНОГО МУЖЕСТВА И ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ ЗРЕЛОСТИ

*Зарипова А.А., учитель истории
КГУ «Гимназия №17» г.Актобе*

С обретением Независимости Казахстана появились реальные возможности радикально переосмыслить многие проблемы прошлой истории, что необходимо для нравственного обновления и модернизации общественного сознания.

Кажется, совсем недавно официально провозглашалось, что Алаш – националистическая партия, а её лидеры – А. Букейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов и их сподвижники – действительно являются врагами народа. Нам внушали, что алашординцы проникли в советские органы республики и, замаскировавшись, вели подрывную работу против советской власти.

До сих пор старшее поколение помнит, что в учебниках, по которым они учились, утверждалось, что алашевские палачи зверски убили героя казахского народа, организатора национально-освободительного движения А. Иманова.

К сожалению, до сих пор в силу разных причин мы порой плачем или смеёмся над собственной историей вместо объективного изучения и извлечения необходимых уроков.

Между тем, жизнь и деятельность лидеров алашского движения вызывает истинное восхищение и заслуживает вечной благодарности потомков за их преданность высоким идеалам, завидную гражданскую позицию и национальное мужество.

Неслучайно, несмотря на всякие попытки стереть с памяти народа их имена и дела, даже после массовых репрессий в годы культа личности, имена лидеров Алаш сохранились в сознании казахского народа. Все потому, что они до конца выполнили свой гражданский долг перед народом, не отреклись от своих убеждений и проявили себя как настоящие герои, отстаивая коренные интересы своего народа, проявили гражданскую позицию и настоящее национальное мужество.

Удивляет и восхищает, что, несмотря на мрачные годы колониального угнетения, репрессии, лидеры алашского движения выдвигали и добивались всевозможными средствами реализации основополагающих прав и свобод для своего народу. С этой точки зрения представляет познавательный интерес и научно-теоретическую ценность программа партии «Алаш», опубликованная газетой «Казах» 17 ноября 1917 года. Программные требования, выдвинутые сто лет назад, о том, что граждане должны обладать равными правами независимо от национальной принадлежности и вероисповедания, все должны быть равны перед законом и судом и многие другие вполне созвучны современному правовому государству, на путь которого уверенно вступил Независимый Казахстан.

Программа партии «Алаш», выражая исторические чаяния казахского народа, провозглашала, что недра земли с её богатствами, лесные массивы и реки должны принадлежать только государству. В условиях колониальной зависимости, когда законодательные и контрольные функции всецело были за российским самодержавием, лидеры Алаш-Орды выдвигали такие демократические ценности, как свобода слова, собраний, печати, союзов, что свидетельствует не только об интеллектуальной зрелости, но и об их гражданском мужестве. Указанные ценности сегодня стали азбучными истинами и гарантированы основным законом страны.

Программные задачи, посвященные открытию школы на родном языке, о равноправии языков народов, проживающих на территории Казахстана, вполне соответствуют проводимой языковой политике современного Казахстана. И сегодня звучит актуально мысль о том, что судьи должны знать язык местного населения, а в местах их смешанного проживания судопроизводство должно вестись на языке большинства. Преступления, предусматривающие уголовные наказания, должны рассматриваться судом присяжных. Что касается религиозной политики алашординцев, как свидетельствует их программа, религия должна быть отделена от государства, при этом оговаривалось, что все существующие на территории Казахстана традиционные религиозные конфессии должны пользоваться равными правами.

О социальной направленности партийной программы алашевцев свидетельствует 7 раздел, где декларировалось, что взимание налогов должно происходить в зависимости от степени богатства и имущественного состояния граждан. Лидеры Алаш-Орды ясно осознавали, что реализация этих программных планов невозможна без национальной самостоятельности. Однако в тех конкретных исторических условиях они решили добиваться только национальной автономии в составе Российской Федерации, где каждое государство, входящее в это объединение, должно функционировать на основе самоуправления. С этой целью в декабре 1917г была провозглашена Алашская автономия.

Заслуживает особого внимания тот факт, что лидеры Алаш-Орды в перспективе мечтали о национальной самостоятельности и вхождении Казахстана в мировое сообщество. Подобная задача стала возможной только на современном уровне развития страны и реализуется по инициативе президента Н.А. Назарбаева на основе экономических и политических реформ и модернизации общественного сознания. Внушает уважение преданность алашординцев таким непреходящим моральным ценностям как честность, бескорыстие, верность долгу, жертвенность во имя высоких идеалов, которых так не хватает сегодня нашему обществу.

Жизнь и деятельность лидеров Алаш-Орды служат убедительным примером для нового поколения, ведь они в любой ситуации старались следовать и следовали правовым и нравственным нормам. Казалось бы, абсолютное большинство национальной интеллигенции происходило из благополучных семей, получили по тем временам солидное образование, как говорится, трудись и наслаждайся жизнью. Но они избрали путь национального мужества, полный лишений и страданий во имя интересов своего народа. Их основной целью было построение самостоятельного национального государства.

А. Байтұрсынов, находясь в Бутырке, на вопрос следователей отвечал, что его идеалом является поднятие благосостояния, культуры родного народа, и он готов служить той власти, которая удовлетворит его желание. Только человек честный и принципиальный, глубоко верящий в правоту своих убеждений, каким был, безусловно, А. Бұкейханов, взявший на себя всю ответственность за деятельность партии «Алаш» против советской власти, способен был заявить на суде, что он советскую власть не любил, но вынужден её признать. Лишь истинно болеющий душой за народ человек, глубоко переживающий за его судьбу, каким, безусловно, являлся М. Дулатов, мог создать знаменитое «Оян, қазақ!», произведение, ставшее подлинным призывом казахской интеллигенции к своему народу. Кстати, за это произведение автор подвергся тюремному заключению, но это не смогло остановить его от активной политической деятельности.

В своих творениях, влияя на умы и сердца сограждан, М. Дулатов, словом и делом борясь за национальную самостоятельность, обращал внимание на ответственность каждой личности перед народом. Всеми доступными средствами алашординцы разоблачали колониальную политику царской России, вели агитацию и пропаганду против неё, смело и обоснованно раскрывая их злодеяния. М. Тынышпаев, один из активных членов алашского движения, утверждал, что причиной волнений среди казахского населения является политический, экономический и духовный гнёт со стороны правящих кругов царской России. Первоочередными задачами передовой казахской интеллигенции, подчёркивал он, была и остаётся национальная независимость, свобода и равноправие. Для этой цели лидеры казахской интеллигенции использовали любую возможность для разоблачения колониальной политики царизма и разъяснения народу о стоящих перед ними задачах. Об этом свидетельствует Каркаралинская петиция, составленная на Кояндынской ярмарке, использование депутатской трибуны Государственной Думы для оказания влияния на проводимую Имперскую политику в отношении национальных окраин.

Естественно, как и всякие первопроходцы, лидеры алашского движения не были свободны от ошибок, но они ни в коей мере не умаляют роли славных борцов, стоявших у истоков Независимости Казахстана. Президент Н.А. Назарбаев в книге «В потоке истории», говоря о наследии партии «Алаш», отмечал, что многие положения, выдвинутые партией «Алаш», сохраняют своё значение и поныне». Лидеры Алаш-Орды посвятили свою жизнь борьбе за независимость Казахстана, воплотиться которой суждено было только в 1991 году.

По большому счету можно утверждать, что нашу Независимость готовили как могли лидеры алашского движения, для которых национальная самостоятельность была целью всей сознательной жизни. Многие программные задачи, провозглашённые сто лет назад, и сегодня звучат актуально. Мы являемся свидетелями, что национальное мужество и гражданская позиция, проявленные лидерами казахской интеллигенции, не пропали даром. Свидетельство тому – современный Независимый Казахстан, отметивший своё 25-летие.

Изучение и пропаганда этого феномена было бы благодарным долгом перед их памятью.

Литература:

- 1 История Казахстана в 5ти томах. т 4. – Алматы, 2010.
- 2 Движение Алаш, Сб. документов и материалов в 2-х томах. – Алматы, 2005.
- 3 Кузембайұлы А., Абиль Е. История Казахстана. Учебник для вузов. – Костанай, 2009.
- 4 Назарбаев Н.А. В потоке истории. – Алматы, 2003. 5 <https://tarih-tulhalar.kz/ru>

АЛАШОРДАНЫҢ ӘСКЕРИ КЕҢЕСІН ҚҰРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ СОҒЫС ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТІ

*Жанғалиев У.К. аға оқытушы, докторант.
Alikhan Bokeikhan University. Семей қаласы. ҚР.*

1918 жылдың маусым айында Орталық Алашорда комитеті атынан бірнеше қаулылар қабылданды. Қаулылар Алаш автономиясының негізінде Кеңестік билік күші жойылғандығы туралы, Алаш автономиясы жерінде земстваны қайта енгізу, Алашорданың әскери кеңесін құру және оның соғыс жағдайындағы негізгі қызметі әскери жасақтарды құру туралы, Алашорданың Облыстық және уездік комиттетерін құру және осы комиттердің қызмет аясы туралы, демократиялық бостандықтар туралы, жерге иелік ету туралы, мемлекеттік салық туралы, қазақ соты мен тергеу комиссиялары туралы болып келді. Бір сөзбен айтқанда кең ауқымда мемлекеттік іс-әрекеттер жүйесі түзілді және оған қатысты, тиісті нұсқаулар берілді. Осы құжаттарға Алашорда төрағасы ретінде, мүшелер ретінде Ә.Бөкейханов, М.Тынышбаев және Х.Ғаббасовтар қол қойған. Сөйтіп, Алашорда Алаш автономиясының іс-жүзіндегі саяси өмірінің бастапқы көріністерін құжаттар негіздеп берді [1].

Қазақстандағы қоғамдық-әлеуметтік өмірдің ресейлік саяси күштердің билік жолындағы саяси күресінің біртіндеп соғыс жағдайына бет алуына қарай Алашорда әскерін жасақтау ісі қазақ өлкесінің әр аймағында әр түрлі уақытта іске асырылды және ұзағырақ мерзімге созылды. Оны Семейдегі Алашорда әскерінің құрылу тарихынан анық байқаймыз. Семей облысындағы Алашорда әскері алғашқы отрядтары 1918 жылдың қаңтар мен мамыр айлары аралығында жасақтала бастайды.

Алашорданың Орталық және Батыс бөлімінің Кеңес өкіметімен жақындасу және жүргізілген келіссөздерінің нәтиже бермеуі, олардың біртіндеп Кеңестерге қарсы күштермен жақындасуына итермеледі. Бұл қатынастар Кеңестер билігі кезінде жасырын түрде жүргізілген. Алашорда өкілдері Х.Ғаббасов пен И.Әлімбаевтер Кеңес өкіметі мекемелерінде жауапты қызметте жүріп-ақ, Кеңестерден жасырын жүрген кадеттер мен эсерлерге қаражаттық көмек көрсеткен. Оның үстіне қажетті мәліметтермен де жабдықтап тұрған [2].

Көрнекті Алаш қайраткері Б.Сәрсенев поручик Давыдов-Зубаревтің басшылығымен Семей қаласында құрылған эсерлердің әскери ұйымына мүше болып енген. Поручик Давыдов-Зубарев Семей қаласына Барнаулдағы облыстық штабтан келгендегі мақсаты, ол жергілікті Кеңес өкіметіне қарсы көтеріліс ұйымдастыру болды. Алашорда басшылары ортақ жауға қарсы күрес үшін деп поручик Давыдов-Зубаревке Б.Сәрсенев арқылы 29000 сом ақша бергізген. Тікелей көтеріліске Алашорда атынан 100 адамдық атты әскер қатысқан.

Семейдегі Алашорданың әскери санаттағы халықтық милиция жасағын құрудағы Алашорда төрағасы Ә.Бөкейханов, үкімет мүшелері М.Тынышпаев, Х.Ғаббасов, А.Тұрлыбаев, Б.Сәрсенев, Семей уездік земстволық басқарма төрағасы А.Қозбағаровтың қызметтері ерекше болды [3].

Тарихи деректерге қарағанда, Семей облысында Алашорда әскері 1918 жылы қаңтар және мамыр айларында жасақтала бастайды. Екінші жалпы қазақ съезінің қаулысына сәйкес Алашорда үкіметінің Орталық комитеті Семей қаласының Заречная слободка деген бөлігіне 1918 жылдың қаңтар айының бас кезінде келіп орналасады. Заречная слободка Семей жұртшылығы арасында Алаш қаласы атауымен 1917 жылдың желоқсан айынан бастап белгілі бола бастаған.

Саяси оқиғалар шиленіскен 1918 жылдың басында Семейде ұлттық әскер құру ісі қарқынды жүре бастады.

Міне сол Алаш қаласы маңындағы қырда I Алаш атты әскер полкының жасақталу тарихы басталады. Семейде Алаш әскерінің құрылу барасында бүкіл жұртты елең еткізген оқиға – 6 наурыз күні таңертең сағат 9 шамасында Алаш қаласында мылтықсыз жаттығу өткізіп жатқан милиция басшысы Қазы Нұрмұхамедұлының большевиктердің қолынан оққа

ұшуы болды [4]. Бұл кезде Семейде Алашордамен қатар большевиктік билік те үстемдікке ие болатын.

1918 жылдың 18 маусымында «Свободная речь» газетінде облыстық қазақ комитеті мүшесінің хабарлауынша, Алашорда басшылары бастаған 300-ге жуық жасақ және 35 орыс офицер-инструкторлары бар топ қалаға келіп кіргені баяндалса [5], сол күні шаңқай түсте Алаш қаласына ұйымдасқан 500 аттылы әскер офицер-инструкторларымен бірге келген. Қала тұрғындарымен кездесуге келген әскерді земство өкілдері жалынды сөздерімен қарсы алды. Бұл топтың арасында Алашорда Кеңесінің төрағасы Әлихан Бөкейхан да болды. Сол кезеңдегі саяси ахуалға байланысты жергілікті аймақтарда үстемдік ету большевиктік үкімет пен Ұақытша үкімет билігін арқа тұтқан Алашорда үкіметі арасында алма-кезек ауысып отырды.

Жергілікті «Свободная речь» газетінің кезекті санында: «19 маусым күні кешкі 6-лар шамасында жасақ қалада болып, Никольский шіреуі жанындағы алаңда салтанатты кездесу ұйымдастырылды. Жиында штаб полкы бастығының көмекшісі Папин, штаб адъютанты капитан Виноградов және Ұақытша Сібір үкіметінің өкілі Давыдовтар сөз сөйледі. Кездесу кезінде алаңға келген ұлт қайраткері Әлихан Бөкейханның құрметіне подполковник Тохтамышевтың бұйрығымен атты әскер «Алла» деп ұрандады [6].

Әскердің ақ түсті туында қазақ тілінде «Жасасын Бүкілресейлік және Сібір Құрылтай жиналысы», «Жасасын Отанның адал ұлдары» деген жазу болды. Жалынды сөздер айтылған кездесу отаншылдық рухта өтті» [7] деп баяндалады. Мұндай әскери шерулердің өткізілуі жергілікті халықтың Алашорда үкіметіне деген сенімін күшейту және халық арасында ел қорғау ісіне қазақ жастарын тарту мақсатында болды деп тұжырымдауға болады.

Ұлттық әскер құру жолында Алаш қайраткерлерінің Ұақытша Сібір үкіметімен арадағы жазысқан іс-қағаздары мен кеңсе құжаттарынан екі тараптың да талап-мүдделерін аңғару қиын емес. Томск мұрағат қорларындағы құжаттарда Алаш әскерін құрудағы талпыныстар төмендегідей сипат алады.

Алашорда өкіметінің Әскери бөлімі 1918 жылдың 26 шілдесінде Әскери Министрлік басқармасына жолдаған № 235 жазбасында былай деп жазылған: «Алашорда өкіметі Ұақытша Сібір өкіметімен большевиктермен күресеміз және елді Құрылтай Жиналысына дейін жеткізеді деп шешті. «Алашорда» өкіметі өз армиясын құру туралы қаулы қабылдады; қару-жарағы, Армияны ұстайтын айтарлықтай қаражаты жоқ. «Алашорда» өкіметі Ұақытша Сібір өкіметінен қазақ армиясын инструкторлармен, қару-жарақпен, және азық-түліктің барлық түрімен қамтамасыз етуді сұрайды.

Жоғарыда аталған Алашорданың ұсыныстарын 29 шілде және 3 тамыз аралығында 4 күн бойы талқылаған Ұақытша Сібір үкіметі ұлттық әскер құру мәселесіне қатысты Алашорда қазақ халқын басқаратын өкімет органы болып мойындалуы, оған түтін салығы және қазына қажеттілігіне салық жинауға, сондай-ақ ұлттық сот құруға құқы мақұлданып, ұлттық әскер жасақтау турасында келесі талаптары сақталды:

9. Қазақ әскери құрылымдары Сібір армиясымен бірге Алаш территориясын қорғайды, сондай-ақ Сібір армиясы қоятын шарттарды орындайды.

10. Алашорда тарапынан әскерге алу Ұақытша Сібір үкіметі Әскери Министрлігінің келісімі арқылы жүзеге асырылады, әскер қатарына шақырылатындар саны Ұақытша Сібір Үкіметі тарапынан бөлінетін қаржылай және материалдық көмекке байланысты.

11. Ұлттық әскер құру территориялық негізде құрылады.

12. Біртұтас федеративті армия құрылғанша Қазақ әскері Сібір армиясының ережелері бойынша басқарылады, алайда жергілікті территориялық ерекшеліктер де есепке алынады.

13. Федеративті армия құрылғанша Қазақ әскері Сібір армиясының бөлінбес бөлігі саналады.

14. Әскери іс-қимылдар уақытында Қазақ әскері Сібір армиясының басшылығына бағынады.

15. Қазақ әскері Алашорда үкіметінің қолдауымен және Сібір үкіметінің көмегі арқылы қару-жарақ, киім, азық-түлікпен және әскери инструктормен қамтамасыз етіледі.

16. Сондай-ақ Қазақ әскерінің басшысы мен бөлімше командирлері Сібір армиясы тарапынан Алашорда үкіметінің келісімімен тағайындалады [8].

Алаш полктері құрылу барысында өздерін Сібір армиясының құрамдас бөлігіміз деп есептеді. Себебі, Ұлттық әскерді басқару екі жақты, яғни Алашорданың келісімімен, Сібір армиясының құзырында болды. Хамит Тоқтамышевтың әскери министрлікке жолдаған қатынас хаттарынан осы жағдайды аңғаруға болады.

Сонымен бірге қаражатсыз, қару-жарақсыз, киімсіз, нұсқаушысыз отырған Павлодар қаласында 150 жігіт, Зайсанда 200, Қарқаралыда 250 және Өскеменде 250 жиналды. Хат соңына Әскери бөлім меңгерушісі капитан Тоқтамышев пен подпоручик Марцевич қол қойған.

Әлихан Бөкейхан 1918 жылы 25/12 маусымда «Бек тығыз. Семей уезінің земский управасының бастығы Ахметжан Қозыбағарұлына. Семей уезінен болыс басына 30 милиционер алуға қаулы қылды. Осы жігіттерді тоқтаусыз жиясыз. Жиылған азамат, ат Семейге келеді. Алаш Орда бастығы Ғалихан» [9] деп қойған №2 қатынас қағазындағы нұсқауға орай Ахметжан Қозыбағаров іле-шала 26 маусымда Семей уезінің барлық болыстарынан ат-әбзелдерін сайлап, 30 жігіттен милиция даярлауды қатаң тапсырады. Семей уездік Земство басқармасының тапсырысы жіберілген болыстар мыналар: Айғыржал, Аршалы, Аққұм, Белағаш, Беген, Бесқарағай, Бұғылы, Еңірекей, Делбегетей, Кеңтүбек, Көкен, Қайыңды, Қызыладыр, Қызылмола, Қандығатай, Малыбай, Машан, Мұқыр, Сейтен, Семейтау, Свободный, Төлентай, Шаған, Шыңғыс және Үақ.

Алашорда әскері құрамына шақырылуға тиіс 30 адамды кейбір болыстар жібермеген. Мәселен, Айғыржал болысынан даярланған 30 жігіт қосымша шақыруды 1919 жылдың ақпан айына дейін күткен. Олар кейін саяси жағдайға байланысты әскер қатарына шақырудан мүлдем босатылады. Бесқарағай, Кеңтүбек, Сейтен, Свободный, Малыбай, Қайыңды болыстарынан да әскер қатарына ешқандай жігіт алынбаған. Бұлардың түрлі себептері болды. Бесқарағай, Кеңтүбек және Малыбай болыстары тиф ауруының таралуына байланысты әскерге алынатын жігіттерді кейінірек шақыру ұйғарылған. Сейтен және Свободный болысының халқы әскерге жігіттер беруге қарсы болған. Қайыңды болысына қатысты нақтылы дерек жоқ. Семей өңірінде Алаш полктерін құру ісі кедергісіз өтті деуге болмайды. Атап айтар болсақ, Аққұм, Делбегетей және Үақ болыстарында ішінара түрлі арандатушылық әрекеттер орын алған. Большевиктік бағыттағылар Алашорда әскеріне жігіттер бермеу үшін азғыру жұмыстарын жүргізген. Өз кезегінде Алашорда үкіметі мен Семей уезі Земстволық басқармасы бірлесе қимылдап, арандатушыларға қарсы тиісті шаралар қолданған [10].

Осындай бөгеттерге қарамастан, I Алаш атты әскер полкін жасақтауға Семей уезінің 18 болысының жасы 16 мен 50-дің аралығындағы жігіттер қамтылды. Шақырудан тысқары өз еріктерімен Алашорда әскері қатарына жазылған жігіттер де болған.

Әдебиеттер:

1. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – А., 1995. – 256 б.
2. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Т.1. – А., 2008. – 480 с.
3. Аманжолова Д.А. Казахстанский автономизм и Россия. М., 1994. – 224 б.
4. К. Илиясова. Алаш әскері. // Қазақ тарихы. 1997. №6, 58-62 б.;
5. Әлихан Бөкейхан. Шығармаларының 9 томдық толық жинағы. Полное собрание сочинений в 9 томах. / Құрастыран: Жүсіп Сұлтан Хан Аққұлұлы. – Астана: Сарыарқа, 2013. Т. 7. – 530 б.
6. Б. Әбдіғалиұлы. Жетісу майданындағы Алаш әскері. // Қоғам және дәуір. 2017. №1, 14-54 б.
7. Симонов Д. Г. Белая Сибирская армия в 1918 году / Новосибирск: НГУ, 2010. – с. 610.
8. Шульдяков В. А. Гибель Сибирского казачьего войска. 1917–1920., 1-том. – М., 2004.
9. Шишкин В.И. Взаимоотношения Алаш-Орды и Временного Сибирского правительства // Известия УрГУ. Серия 2. 2011, №4, – 110-123 б.
10. Гражданская война в России и мусульмане. Сб. док. Сост. С.М. Исхаков. – М., 2014. – 816 с.

4 – СЕКЦИЯ

**АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ, ФИЛОСОФИЯЛЫҚ
КӨЗҚАРАСТАРЫ**

**АЛИХАН БУКЕЙХАН – ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКИЙ ДЕЯТЕЛЬ,
ОСНОВАТЕЛЬ ПАРТИИ АЛАШ**

Адильбаева А.С.,

*доктор исторических наук, и.о. профессора кафедры истории и географии Alikhan
Vokeikhan university. Семей*

Болатова К.Б.,

*кандидат исторических наук, заведующая кафедрой истории и географии, Alikhan
Vokeikhan university. Семей*

Бакытжанова А.Б.,

*кандидат исторических наук, старший преподаватель кафедры истории и географии
Alikhan Vokeikhan university. Семей*

ALIKHAN VOKEIKHAN UNIVERSITY празднует 25-летие своего основания. Он получил свое название в честь великого сына казахского народа – Алихана Букейхана. Это произошло неслучайно, он родился в Семипалатинской области, в Семипалатинске почти три года работало правительство Автономии Алаш. Предоставленная нашему университету честь имеет полное основание.

Алихан Букейхан является идейным вдохновителем, лидером и организатором национально-демократической партии Алаш и главой первого казахского правительства Алаш-Орда. Всю свою жизнь он посвятил борьбе за независимость казахского народа.

Кроме того, он был одним из самых образованных людей своего времени и крупным ученым, внесшим серьезный вклад в развитие разных отраслей знания. Говоря об образовании, А.Букейхан утверждал: «Каким бы богатством ни обладал народ, не стремящийся к образованию, через некоторое время его богатство перейдет в руки более цивилизованных народов». Это высказывание имеет высокую актуальность и в наши дни, когда идет строительство Нового Казахстана.

Родился Алихан в 1866 году, а по другим данным в 1870 году в ауле № 7 Токрауынской волости Каракаралинского уезда Семипалатинской области в семье волостного султана[1].

Он был прямым потомком Букейхана, сына знаменитого «Кокжал Баракхана», происходящего из рода Торе- Чингизидов. [2].

Традиционному исламскому образованию в медресе совсем юный Алихан предпочел учебу в Каракаралинском городском трехклассном училище. После его окончания молодой чингизид поступил в Омское техническое училище, а затем на экономический факультет Санкт-Петербургского лесотехнического института, который успешно закончил в 1894 году. Еще в годы учебы в институте Букейханов активно участвовал в общественно-политической жизни и даже был внесен в списки неблагонадежных.

Полагаем, что уже в эти годы у юноши стали формироваться устойчивые политические взгляды, приведшие впоследствии в превращении его в лидера казахской прогрессивной интеллигенции.

Начало XX столетия ознаменовалось бурными событиями первой русской революции 1905 года. Оживление политической жизни началось не только в центре Российской империи, но и на окраинах. Организовывались различные партии и движения. Первоначально Букейханов примкнул к конституционно-демократической партии (кадетам) и взялся за организацию ее казахского отделения.

В программе партии значились такие пункты, как борьба за установление конституционной парламентарной монархии и предоставление избирательных прав женщинам. Но, главной задачей провозглашалось участие в работе Государственной Думы, в которой кадеты намеревались бороться за введение всеобщего избирательного права, политических и гражданских свобод для населения империи.

Эти положения разделял Алихан Букейханов, который выступая на Всероссийском съезде городских и земских представителей, выдвинул требования о необходимости свободного употребления родного языка, либерализации законодательства о выборах, свободе вероисповедания.

Эти требования он продвигал и с трибуны 1-й Государственной думы, будучи ее депутатом.

В период 1905-1913 годов его политические взгляды получили окончательное оформление и Букейханов стал активно их пропагандировать в многочисленных публикациях в русской периодической печати. Главным достижением явилась организация первой газеты «Казах». Она стала рупором прогрессивной казахской интеллигенции, оказавшей огромное влияние на пробуждение национального самосознания.

Алихан Букейханов стал видным деятелем в партии кадетов и был избран членом ее Центрального Комитета. Он быстро стал лидером во всех антиправительственных действиях в Омске и возглавил все религиозно-политическое движение в Казахской степи. При этом уже тогда его позиции серьезно разошлись с программными установками кадетов, не признавших национальное самоопределение.

М.Х. Асылбек отмечает «широту мировоззрения и политических позиций А.Букейхана, которые нельзя ограничивать в каких-то узко партийных рамках, будь то даже конституционные демократы. Для него самое важное значение имели не только демократические свободы, а главным образом, освобождение казахского народа от колониального гнета, его самоопределение, а также социальная справедливость, в первую очередь решение аграрного вопроса в пользу большинства казахского населения» [3].

Активизация политической деятельности А.Букейханова произошла после выхода Манифеста от 17 октября, в котором российский царь предоставлял право всем народам империи право на свободу слова, совести, собраний и неприкосновенность личности. Манифест всколыхнул всю Степь, пробуждалось национальное самосознание казахов. Д.Аманжолова считает, что «Для Букейханова политическое пробуждение Степи было не только результатом организационных усилий его самого и его единомышленников, но и важным источником для формирования программы, определения средств и условий консолидации общественного актива» [4].

Именно тогда казахские интеллектуалы приняли «Каркаралинскую петицию», в которой были предъявлены политические требования к российской колониальной власти. Алихан Букейханов принял самое активное участие в составлении петиции. Документ состоял из 47 пунктов, главными вопросами стали выборная система, свобода религии, судопроизводство и земельная проблема.

В части выборов авторы петиции предлагали обязательное участие казахов в высшем законодательном органе Российской империи, введение вместо крестьянских начальников должности мировых посредников.

З.Кабульдинов пишет о значимости Каркаралинской петиции: «подача петиции, в том числе и Каркаралинской, стала одним из важных моментов в политической жизни Казахстана начала XX века. В них в концентрированной форме были выражены наиболее насущные проблемы казахского общества: язык, религия, образование, вопросы переселения крестьян, делопроизводство и т.д. подача подобных обращений в адрес вышестоящих государственных органов демонстрировало заметный рост политической зрелости казахской нации. Оно же свидетельствовало о решимости народа защитить свои ущемленные права в ходе колониальных акции царского самодержавия» [5].

Главным итогом Каракаралинской петиции стал рост политического самосознания казахов, консолидация интеллектуальной элиты в стремлении создать полноценную партию.

Этому способствовали происходящие в империи события – свержение царизма в ходе Февральской буржуазно-демократической революции. И казахский народ, и его лидеры с одобрением встретили революцию, полагая обрести свою государственность.

Партия «Алаш» была образована в июле 1917 года на Всеказахском съезде в Оренбурге. В числе ее организаторов выделяется фигура Алихана Букейханова, ставшего настоящим лидером казахского народа. К этому времени он вышел из кадетской партии по причине кардинального несогласия с их позицией по казахской национальной автономии. Букейханов писал: «партия кадетов против национальной автономии. Мы же, собравшись под знаменем Алаш, решили создать национальную автономию» [6].

Почему было выбрано такое название для партии? Об этом красноречиво поведал известный исследователь Султанхан Аккулы: «нужно вспомнить, что слово «алаш» во все времена означало то же, что и «казах». То и другое - этнонимы, то есть, самоназвание казахского народа. В досоветский период слово «алаш» активно бытовало в речи, и не удивительно, что именно им была названа политическая партия, отстаивавшая право казахов на самоопределение. Создал ее и руководил ею выдающийся государственный и общественный деятель, депутат Первой Государственной Думы России, а в 1917 году председатель санкционированного советской властью Казахского автономного правительства «Алаш-Орда» Алихан Букейханов, которого Султанмахмут Торайгыров назвал Алиханом всего Алаша» [7].

Действительно, партия Алаш и Алашское движение в целом представляют неотъемлемую и важнейшую часть политической деятельности А.Букейханова. Без его участия в тот период не решался ни один вопрос общественно-политической жизни Казахстана. Его роль в истории нашей страны и обретения ею независимости неоспорима и огромна. Так, Первый Президент Республики Казахстан Н.А.Назарбаев в своей книге «В потоке истории» подчеркнул значимость создания партии Алаш для дальнейшего социально-политического развития и идейной консолидации казахского народа в борьбе за независимость. Понадобилось более семидесяти лет, чтобы Казахстан стал суверенным государством. Елбасы отмечает: «Сам факт создания национальной политической организации в нашей отечественной истории не до конца осознается, тем более, что многие положения, в свое время выдвинутые руководителями партии «Алаш», сохраняют свое значение и поныне. Это была не националистическая, а патриотическая организация, которая ставила своей целью постепенную трансформацию казахского общества и его адаптацию к современным реалиям...» [8].

А.Букейханов явился одним из основных разработчиков программы партии. Среди десяти ее параграфов ключевую позицию занимал вопрос о государственно-политическом устройстве России и казахской автономии в ее составе. Алашевцы считали, что Россия должна стать демократической федеративной республикой, а ее субъекты должны быть автономны, иметь одинаковые права и гарантии защиты своих национальных интересов.

Государственное устройство России должно включать Учредительное собрание, Государственную думу, Президента, Совет министров. Выборы органов государственной власти должны быть прямыми, равными, тайными.

Особое внимание уделялось казахской автономии, которая должна была войти в состав Федерации на принципах равенства с другими народами. Провозглашались демократические ценности: равноправие, неприкосновенность личности, свобода слова, печати и союзов.

Религия должна быть отделена от государства. Все народы равны перед судом; суд каждого народа должен быть сообразен обычаям. Взимание налогов должно происходить по степени богатства и имущественного состояния вообще.

Земельный вопрос был самым острым и болезненным для казахского народа, чьи земли отнимались в пользу русских переселенцев. В программе партии «Алаш» содержались

требования запрета продажи земли, возвращение казахам не заселённых переселенцами земель, определение размеров наделов в зависимости от качества почв и рода хозяйств трансформацию казахского общества и его адаптацию к современным реалиям...» [9].

Достаточно лояльно отнесясь к Февральской буржуазно-демократической революции, Октябрьскую А.Букейханов не принял и призвал казахов объединиться под знаменем Алаша.

5-13 декабря 1917 года в Оренбурге состоялся 2-ой Общеказахский съезд, на котором с докладом выступил Алихан Букейханов. Заслушав его, съезд принял резолюцию об образовании территориально-национальной автономии областей из территорий, с господствующим по численности и исторически заселяющим их казахским населением. Автономия должна была объединить области, «представляющие сплошную территорию с господствующим населением казах-киргизским единого происхождения, единой культуры, истории и единого языка» [10].

Был образован Всеказахский Народный Совет Алаш-Орда из 25 человек. 10 мест в нём отводилось русским и другим народам, живущим среди казахов. Председателем Всеказахского Народного Совета Алаш-Орда был избран А.Букейханов.

Д.Аманжолова утверждает: «Таким образом, здесь черты будущего национально-государственного образования выступают достаточно четко, и столь же определенным, с выделением наиболее важных признаков, стало понимание нации как достаточно консолидированной этнической общности» [11].

После того, как 23 января 1918 Оренбург был занят советскими войсками, Букейханов перебрался в Семипалатинск, где 17 февраля победила Советская власть, и Букейханов установил контакт с советскими учреждениями. 2 апреля вместе с Х. Габбасовым и А. Ермаковым по прямому проводу из Семипалатинска вёл переговоры с В.И. Лениным и И.В. Сталиным о предоставлении территориально-национальной автономии Казахстану. 11 июня М. Тынышпаев, Габбасов и Букейханов подписали основные декреты "Алаш-Орды", которые признавали «недействительными на территории автономии "Алаш" все документы, изданные Советской властью», и "действующими законы и декларации Временного правительства", восстанавливали земства, объявляли набор в "народную милицию", вводили налоговую систему.

За 1918 год правительство Алаш издает ряд распоряжений, регулирующих основы землепользования, ведет переписку с другими автономиями. Находясь в эпицентре гражданской войны, отряды Алаш-Орды принимают участие в боевых операциях против большевиков, но большевики все же приходят к власти. Начинается переговоры между руководством советов и партией «Алаш». Итогом этих переговоров стало обещание материальной помощи на культурные нужды будущей автономии, установление мира. Позднее активисты «Алаша» начали подвергаться репрессиям, при этом обе стороны не доверяли друг другу, так как Советы хотели с помощью лидеров и активистов партии «Алаш», усилить свое влияние среди казахского населения. Из всех лидеров "Алаш-Орды" лишь Алихан Букейхан отказался служить большевикам.

В начале 1920 года партия "Алаш" была ликвидирована, а 26 августа того же года был издан декрет "Об образовании Автономной Казахской АССР в составе РСФСР со столицей в Оренбурге.

Несмотря на недолгое существование, движение Алаш оказало огромное влияние на историю Казахстана. Именно лидерами этой партии, еще в начале века, была выдвинута идея о создании независимого суверенного Казахстана. Многие члены движения были не только правозащитниками и политическими деятелями, но и крупными просветителями. Среди этой мощной казахской интеллектуальной элиты наиболее крупной является фигура Алихана Букейханова, всю свою жизнь посвятившего борьбе за независимость Казахстана. Его судьба трагически оборвалась в 1937 году, когда он был обвинен в контрреволюционной деятельности и расстрелян. Через более чем пятьдесят лет накануне распада СССР

А.Букейханов был реабилитирован Постановлением Верховного Суда за отсутствием состава преступления.

25-летие университета названного в честь великого казахского общественно-политического деятеля Алихана Букейхана, является важным событием не только для нашего вуза, города Семей, но и всей Республики Казахстан. Человек, так страстно мечтавший о государственной независимости, о том, чтобы во главе страны стояли образованные и патриотичные граждане, высоко ценивший национальную культуру и самобытность, достоин того, чтобы в его честь были названы школы, университеты, главные улицы всех казахстанских городов и сел. В особенности это относится к нашему городу и области, с которыми тесно связана жизнь нашего выдающегося земляка.

Литература:

1. Алихан Букейхан // <http://novikovv.ru/karkarali-priroda-istoriya-liudi/alichan-bukeychan>
2. Асылбеков М.Х., Сейтов Э.Т. Алихан Букейхан – общественно-политический деятель и ученый. Алматы, 2003, - с.33.
3. Асылбек М.-А. Х. Об эволюции политических взглядов лидера движения «Алаш» Алихана Букейхана /Сайт института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова. // <https://iie.kz/?p=1033&lang=ru>
4. Аманжолова Д.А. А.Н. Букейханов и проблемы политической консолидации казахского народа. // <https://cyberleninka.ru/article/n/a-n-bukeychanov-i-problemy-politicheskoy-konsolidatsii-kazahskogo-naroda>
5. Кабульдинов З. Основные проблемы жизни казахов в Каркаралинской петиции. // <https://e-history.kz/ru/history-of-kazakhstan/show/9216/>
6. Алаш-Орда. Сб. документов. Кзыл-Орда, 1929. С. 34-35, 38, 39-40.
7. Енисеева–Варшавская Л. Алихан всего Алаша. // <https://mysl.kazgazeta.kz/news/476>
8. Назарбаев Н.А. В потоке истории. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 с.
9. Алаш-Орда. Сб. документов. Кзыл-Орда, 1929. - С.73-75.
10. Алаш-Орда. Сб. документов. Кзыл-Орда, 1929. – с.104.
11. Аманжолова Д.А. Из истории соперничества партийно-политических проектов и идей в Степном крае (начало XX в.) // <https://cyberleninka.ru/article/n/iz-istorii-sopernichestva-partiyno-politicheskikh-proektov-i-idey-v-stepnom-krae-nachalo-xx-v>

ШАКАРИМ. ТЕРНИСТЫЙ ПУТЬ К ИСТИНЕ

Рамазанова Ф.С.,

*кандидат исторических наук, ст. преподаватель кафедры истории и географии
Alikhan Bokeikhan University, г. Семей*

Чем дальше отдаляет нас время от трагических страниц в истории нашего народа - насильственной коллективизации, голода 30-х годов, репрессий 20-30-х годов XX века – тем ближе и понятнее становится значимость духовного опыта и наследия общественной мысли, носителями которого являются выдающиеся представители национальной интеллигенции. Алашская идея, идея государственности и служения своему народу, зародившись в начале XX века, продолжает служить делу всей их жизни.

Стереть память о достойных сынах казахского народа советской власти не удалось, хотя и после реабилитации их имена еще долгих 30 лет оставались под запретом. И лишь в 1988-1989 годах было реабилитировано творческое наследие Ахмета Байтурсынова, Миржакипа Дулатова, Шакарима Кудайбердиева, Магжана Жумабаева. Народу были возвращены имена, в том числе Шакарима, чьи стихи, поэмы, исторические и философские труды звучат сегодня как завещание потомкам.

Долгим и мучительным было возвращение бессмертного наследия Шакарима к своему народу. Незаслуженно обвиненный как «враг народа», как активный участник

«контрреволюционной партии Алаш», «один из руководителей байско-кулацкого движения против коллективизации» он был реабилитирован Генеральной прокуратурой СССР в 1958 году, когда были сняты с него все обвинения, «подло и вероломно ему приписанные» [1]. И после реабилитации, в течение 30 лет было категорически запрещено издавать его труды, даже упоминание о нем, ссылка на его труды считались метой неблагонадежности.

Здесь, на наш взгляд, уместно привести такой пример. В те трудные годы репрессий соплеменник Шакарима, в будущем известный педагог-просветитель Жакия Чайжунусов, по крупицам собирал и тайно хранил труды поэта. Сыщики ОГПУ по доносам не раз проводили обыски в его доме. Рискую жизнью, Жакия перепрятывал тетради с записями стихов поэта в сарае под настилом курицы-несушки. Впоследствии некоторые из этих стихов, переданные Ахату Кудайбердиеву, были включены в сборник миниатюр под общим названием «Бәйшешектер бағы» («Сады подснежников») [2].

Несмотря на все запреты, Шакарим бал очень популярен, его непревзойденные по глубине мысли стихи, поэмы, трактаты, эссе жили в народе, переходили из уст в уста. С каждым годом росло настойчивое требование вернуть наследие Шакарима народу.

В декабре 1962 года от земляков поэта, жителей Абайского района направляется письмо в центральные органы Казахстана с настойчивой просьбой обнародовать труды Шакарима.

Семипалатинский обком партии создаёт специальную комиссию для сбора дополнительных материалов из представителей ученых и аксакалов, видевших и знавших Шакарима. Среди них – известный абаевед Кайым Мухамедханов, историк Хайыргельды Нурхайдаров, народный артист Каз.ССР Слямбек Кыдыралин, этнограф-сказитель Сулеймен Уйсумбаев, поэт Кашаф Туганбаев и др. В ходе работы был собран обширный материал о жизни и творчестве мыслителя, воспоминания аксакалов, исследования ученых.

Наряду с этим в этой всенародной акции участвуют все, кто знал и встречался с поэтом. Вот что писали аксакалы, сверстники Шакарима, жители города Семипалатинска Ибрагим Касымов, Кусаин Татимов, Капан Абдурахманов, Мустафа Дюсембаев и другие в коллективном письме в вышестоящие органы: «Мы хорошо знали Шакарим кажы, встречались с ним. Он был настоящим выразителем чаяния нашего народа. Мы и поныне читаем его произведения, восхищаемся его талантом, вдохновляемся его идеями. Много поразительного в его трудах для нынешних и будущих поколений». 85-летний житель Семипалатинска аксакал Кусайын Татимов пишет в своих воспоминаниях: «Я хорошо знал Шакарима. Он был верным сыном своего народа, призывал нас к труду и знанию, жить в мире и согласии. Еще до революции издал в Казани и Оренбурге более 10 книг на казахском языке. Мы просим издания всех трудов поэта, в них много мудрости [3].

В марте 1962 года Семипалатинский обком партии направляет аргументированное ходатайство в ЦК Компартии Казахстана об издании трудов Шакарима. К записке были приложены материалы о жизни и творчестве поэта [3]. Однако справедливое требование народа по-прежнему игнорировалось, железный занавес не раскрывался.

Потребовалось ещё 25 лет, чтобы преодолеть железный занавес красных ренегатов. И только после трагических событий Желтоксана, открытых выступлений казахской молодёжи в Алма-ате против тоталитарного режима и в преддверии развала СССР, Центральный Комитет Компартии Казахстана принимает постановление «О творчестве Шакарима Кудайбердиева (1858-1931гг)». Вот что говорится в этом документе:

«Обстоятельно и всесторонне изучив материалы, хранящиеся в архивах, печатные издания и газетно-журнальные публикации, рукописные тексты неопубликованных произведений, находящихся в фондах Института и литературы и искусства им. М.О. Ауэзова Академии Наук Казахской ССР, Бюро ЦК КП Казахстана согласилось с выводами и предложениями комиссии об освоении и обнародовании произведений Шакарима, талантливого последователя и продолжателя реалистических традиций великого Абая» [4].

Так в неимоверно трудной борьбе восторжествовала справедливость, победила правда, вернулся своему народу Великий Забытый (под таким псевдонимом публиковал Шакарим свои труды в годы репрессий).

Сегодня стихи и поэмы, философские трактаты и песни, переводы и духовные размышления Шакарима звучат как вечный зов к истине, как огонь Прометея, освещающий путь к мудрости. Об этом в первую очередь говорит его знаменитый труд «Үш анық» («Три истинны»), над которым он трудился 30 лет, анализируя величайшие сокровищницы Востока и Запада, хранящиеся в библиотеках и храмах Мекки и Парижа, Медины, Стамбула и Александрии.

В поисках истины, размышляя о смысле жизни, Шакарим как величайший философ приходит к выводу, что первая истина – это материалистическое мировоззрение, вторая – теологическое миропонимание. При этом он подчеркивает, что ни материализм, ни идеализм не дают правильного понимания истины. Да, считал Шакарим, и наука, и религия играют важную роль в жизни человека. Но самой главной потребностью души, по Шакариму, является совесть. Именно совесть он понимает третьей, главной истиной: «Человеческую скромность, справедливость, доброту в их единстве я называю русским словом совесть, – пишет Шакарим, – «Если человек в полной мере уверует в то, что совесть первейшая потребность, ничто не сможет сделать его сердце черным и черствым». Постулаты третьей истины красной нитью проходят через многие произведения автора.

В своих трудах Шакарим, как его учитель и наставник Абай, поднимает актуальные общечеловеческие проблемы, выражает чаяния казахского народа. Следует заметить, что зрелые годы поэта совпали с историческими событиями в Казахстане: буржуазно-демократическая революция 1905-1907 гг., первая мировая война и мобилизация казахской молодежи на окопные работы, национально-освободительное движение 1916 года, февральская и Октябрьская революции 1917 года, гражданская война и анненковская интервенция в чингисских степях, наконец коллективизация в казахских аулах, приведшая к голоду и гибели миллионов казахских шаруа.

Эти события не проходили бесследно в процессе формирования и эволюции мировоззрения поэта, он с болью в сердце воспринимает тяготы и лишения народа, и как патриот-гуманист выступает против насилия и несправедливости соплеменников.

Шакарим велик не только поэтическим мастерством, но и тем, что он был выдающимся просветителем, демократом, продолжателем гуманистических идей Абая, под непосредственным влиянием которого формировалось его мировоззрение. Как известно, Шакарим является сыном старшего брата Абая и, рано оставшись сиротой, воспитывался в его доме.

Какими благими усилиями можно исправить человеческую природу? Что предпринять, чтобы люди научились жить в мире и братстве? Что нужно сделать, чтобы казахский народ был полноправным и независимым? Такие глобальные вопросы тревожат ум Шакарима.

В 1918-1919 годах вместе с лидерами партии Алаш Алиханом Бокейхановым, Ахметом Байтурсиновым, Миржакупом Дулатовым Шакарим активно участвовал в демократическом движении за свободу и национальную независимость казахского народа. Не случайно просветительски-демократические идеи пронизывают его труды, многие из которых были опубликованы в дореволюционном журнале «Айкап», газете «Казах» в 1911, 1912, 1913 годах [5].

В известном труде «Записки Забытого» Шакарим пишет: «Люди, имеющие разум и совесть, питающие милосердие к братьям своим, не могут жить, истребляя друг друга. Правителями следует избирать честных, умных, бескорыстных людей, способных создавать справедливые, гуманные законы и следить за их исполнением».

В другой статье «Барша қазақ білімділеріне хат» («Письмо всем просвещенным казахам») – поднимает проблемные вопросы общественного устройства, советует не заниматься краснобайством, критиканством, учить людей трудиться, давать им образование.

Но всего этого недостаточно. Для избежания в человеке нравственного уродства нужно воспитывать в людях чувство высокой порядочности [6].

В стихах «Біздің мұқтажымыз» («Наши нужды»), «Ғылымсыз адам айуан» (Безграмотный человек подобен животному), «Ей жастар, қалай дейсің бұл дүние?» («Молодежь, как понимаете этот мир?»), «Адамгершілік» («Человечность») поэт призывает свой народ к знаниям, культуре, цивилизованности, расширению кругозора, бороться с ханжеством, невежеством, ленью, завистливостью, стремится пробудить у своих соплеменников чувство чести и достоинства [7].

Как видим, по своей идейной направленности многих труды Шакарима носят не только дидактико-просветительский, но главным образом, социально-демократический характер.

Шакарим был не только крупным поэтом, но и историком-этнографом. По совету Абая для изучения истории своего народа он во время хаджа в 1905-1906 годах, воспользовавшись поездкой в Мекке, посещает Стамбул, Александрию, Париж, в библиотеках которых изучал труды учёных Востока и Запада, проливающие свет на историю казахского народа.

В процессе работы над историей своего народа он обращался к трудам учёных Востока Жусупа Баласагуни, Абылгазы, русских исследователей Радлова, Аристова, Левшина, арабских, китайских, персидских учёных.

И по сей день актуальны его монументальные труды «Родословное» («Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі»), «Мусульманство» («Мусулмандық»). В этих трудах автор пишет, что казахский народ – один из древних тюркских этносов, имеющих богатую культуру, традиции и обычаи.

В «Родословном» Шакарим подробно исследует корни и ветви казахского народа, подчеркивает, что казахские ханы Тауке, Абулмамбет, Абылай, Абулхаир, Жолбарыс, Жангир и другие были защитниками интересов народа, в первую очередь на основе духовности укрепляли единство общества [8].

Шакарим, как и все демократы, был не только пламенным патриотом своего народа, но и истинным интернационалистом. Владея русским, арабским, турецким, персидским языками, следуя заветам своего учителя и наставника Абая, он призывал соплеменников приобщаться к мировой культуре, осваивать русскую культуру, бороться с костью и патриархальщиной. В это благородное дело сам внёс неоценимый вклад, перевёл на казахский язык романы Пушкина «Дубровский» и «Метель», причём в стихотворной форме, произведения Толстого, Салтыкова-Щедрина, Лермонтова, поэмы Физули, газели Хафиза и Навои.

Шакарим, по всеобщему мнению, один из основоположников чингистауской духовно-философской школы. Его знаменитый труд «Три истины» («Үш анық») можно отнести к величайшим источникам духовных сокровищ. Исходя из трёх истин, автор утверждает, что в человеке должны властвовать «честный труд, совестливый разум, искреннее сердце» [9]. На наш взгляд, жизненные проблемы, выдвинутые в трудах Шакарима, не утратили своей актуальности и в наши дни, когда общество испытывает дефицит в духовности и нравственности.

В урочище Жидебай на огромном гранитном постаменте поднялись ввысь две беломраморные шпили-стелы. Это мемориальный Мавзолей двух гениев казахского народа – Абая и Шакарима. Бесперывно ложатся к этим святыням живые цветы от благодарного человечества. Их творения и духовное наследие как жемчужина мудрости, будут жить вечно, излучая свет добра и гуманизма.

Литература:

1. «Социалистік Қазақстан», 1988, 14 апреля.
2. Рамазанов С.Р. Потомкам завещанный подвиг. Алматы, 1998. - С. 38

3. Материалы о творчестве Шакарима Кудайбердиева. КГУ «Центр Документации Новейшей Истории» Управления культуры, развития языков и архивного дела области Абай. Ф.130, Д.159, Оп.20, Л.14,15,16
4. «Казахстанская правда», 1988, 14 апреля
5. Журнал «Абай». 1994, №3, С. 27.
6. Газета «Казах», март 1924 г., №26
7. Шакарим Кудайбердиев. Сочинения. Алматы, изд. «Жазушы», 1988. – С.. 8,95,202,251.
8. Там же
9. Шакарим Кудайбердиев «Үш анық» - «Три Истины». Алматы, 1991. - 80с.

**БОЛЬШЕВИКТИК ҮКІМЕТ ТҮСЫНДАҒЫ АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫН ҚАРАЛАУ
САЯСАТЫ. КЕҢЕС БИЛІГІНІҢ АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА
ҚАТЫСТЫ КӨЗҚАРАСЫ МЕН ШЕШІМДЕРІ**

Ережепова Д.Ж., қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі,

Адамжанова К.,К., тарих пәні мұғалімі,

Семей қаласы, «Әлихан Бөкейхан атындағы № 39 ЖОББМ» КММ

Адамзат қоғамының табиғи болмысы сондай, кез-келген халықтың өзін-өзі тануы, әрбір тарихи кезеңдерде алда тұрған кезекті міндеттерін анықтауы алдымен интеллигенция қызметі арқылы жүретіндігі мәлім. ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі оқиғалардың куәсі болған қазақ интеллигенциясы өз халқының басынан өтіп жатқан түбегейлі өзгерістерді жан-жақты талдап түсінуге, түсініп ол өзгерістерге өз мүмкіншілігінше ықпал етуге тырысты. 20-шы жылдары Қазақстанның саяси өмірінде белсенді рөл атқарған.

ХХ ғасырдың 20—30 жылдары Қазақстанның саяси-экономикалық және әлеуметтік өмірі қарама-қайшылықтарға толы кезең болды. Қазақстандағы саяси идеологиялық күреске байланысты мәселелердің ішінде ең бірінші кезекте "ұлтшылдық" және "ұлттық жікшілдік" деген кең тарап, сол кездегі ұлттық интеллигенция өкілдеріне негізсіз айыптар тағылды.

Ал, 1927—1932 ж.ж. Алаш қозғалысына қатынасқан немесе олармен байланыста болды деген 70-тен астам интеллигенция өкілдері сотқа тартылып, олардың 50-ге жуығы түрлі мерзімдерге қамалды, жер аударылды, атылды.

И. Сталиннің "жергілікті ұлтшылдыққа" қарсы ұстанған саясаты ұлт республикаларында ұлыдержавалық шовинстік пиғылда жүрген коммунистер тарапынан ерекше қолдау тапты. 1925 жылы 9—11 сәуір аралығында өткен Аймақтық партия комитетінің пленумында БК(б)П Қазақ Өлкелік партия комитетінің хатшысы Нанейшвили қазақ коммунистерінің арасында "жікшілдік пиғылдың пайда болу себебі "билікке таласу, бақталастық, тағы басқа" — деп, біржақты көзқарасын білдірді. Ұлттық интеллигенция өкілдері болса, қазақ коммунистері арасында "жікшілдік" ағымның орын алғанын мойындап, мұның бүгінгі таңда атқарылар істерге кесірі тиіп отырғанын жасырмады.

1925 жылдың тамыз айында Өлкелік партия комитетінің хатшысы болып Ф. Голощекин тағайындалды. Ол қазақ зиялылары арасындағы "жікке" ерекше саяси баға беріп, Қазақстанда өзінің жеке билігін орнату ісіне осы мәселені шебер пайдалана білді. [3]

1925 жылы 1—7 желтоқсан аралығында Қазақстанның V Өлкелік партия конференциясы өтті. Осы конференцияда Ф. Голощекин орыс ұлтшылдығы мен жергілікті ұлтшылдық туралы және қазақ коммунистері арасындағы "жікшілдік" туралы сөз сөйлеп, "біреулер рушылдықты, губернияшылдықты көрсетеді, бірсыпырасы оқығандарды айыптайды. Кейбіреулері қазақта зауыт, фабрика жұмысшыларының жоқтығын себеп қылып көрсетеді. Меніңше, мұның негізгі себептері: жалпы қалың бұқарадан алшақтық қалың бұқарамен араласпағандық", - деп түсіндірмек болды. Халықтың жайын, болашағын ойлап, халықтың негізгі бөлігі тұратын ауыл мәселесін көтеріп жүрген ұлттық интеллигенция өкілдерін "қалың бұқарамен араласпаған" деу арқылы ол өзінің елдің саяси-әлеуметтік өмірінен бейхабар екендігін аңғартты.

Ф. Голощекиннің алғашқы күндерден-ақ алға қойған мақсаты — ұлттық мүддені, елдің экономикалық ерекшелігін ескере отырып жұмыс жасауды ұсынған ұлт коммунистерінің белсенді бөлігін биліктен ығыстыру болса, екінші бір көздегені алашорда құрамында болған қазақ оқығандарын партия басшылығындағы жауапты қызметтерден қуу болатын.

Оның бұл ойын жүзеге асыруына қазақ зиялыларының бетке ұстарларын, "Алаш" қозғалысының құрамында болған белсенділерін "сенімсіз әлеуметтік-саяси элементтер" ретінде сипаттап, оларды алдымен қоғамдық-саяси жұмыстардан аулақтатып, одан соң тікелей ашық қуғындауға 1925 жылдың 29-мамырында Қазақстан партия басшылығына жолдаған И. Сталиннің "Ақжол" газеті туралы хаты үлкен көмек көрсетті. Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірін түбегейлі өзгертуге зор ықпал еткен бұл хатта былай делінген еді: "...Мен партияда жоқ интеллигенттердің саяси және идеологиялық майдан күрес ісіне жіберілуіне мүлде қарсымын. Мен партияда жоқ интеллигенттердің қырғыз (қазақ) жастарынан саяси идеологиялық тәрбие берумен айналысуына қарсымын. Біз үкіметті, жастар тәрбиесін партияда жоқ буржуазиялық интеллигенттерге тапсыру үшін алғанымыз жоқ".

Голощекиннің авантюристік айлакер саясатының жаңа торына түскен партия және кеңес қызметкерлері өз уездеріндегі, губернияларындағы жағдай туралы бастапқы кезде Голощекиннің өз әдісі бойынша "күпия түрде", кейін "ұлтшылдар" мен "жікшілдерді" айыптау науқаны кең өріс алған кезде газет-журнал беттерінде ашық жария ете бастады. Осы кезеңде қазақтың көрнекті ұлт қайраткерлерінің ішінде де партияның сұрқия саясатына алданып, бірінің үстінен бірі арыз жазу, баспасөз беттерінде белгілі тұлғаларды ашық түрде айыптау орын алды. Ал, Голощекин осылардың бәрін "ұлтшылдықты", "жікшілдікті", "оңшылдықты" тағы басқа "шылдықтарды" айыптау, қуғынға салу, Қазақстаннан кетіру науқаны кезінде пайдаланды. [6]

Партиялық пленумдар, конференцияларда ұлт зиялыларының "жікшілдігі", "ұлтшылдығы" туралы мәселе қозғалмай қалмайтын болды. Сонымен бірге оларды үш топқа бөліп жіктеу, осылайша олардың жұмыстарына теріс саяси баға беру орын ала бастады. Нақтырақ айтқанда: бірінші топ — алашорда оқығандары, екінші топ — жас ұлтшылдар, үшінші топ — қазіргі үкімет басында отырған коммунистер. Ал осы үш топтағы қазақ оқығандарының ұстанған көзқарастарына келер болсақ, алғашқы алашорда оқығандары "қазақ халқы осы күні теңдікке жетіп отырған жоқ, әлі отаршылдар езгісінде" деп қынжыла айтып жүрді, бодандықтан құтылудың сан-салалы жолдарын өздерінше іздеді. Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов және олардың серіктері большевиктер ұстанған бағытты отарлау саясатының жаңа бір бағыты ретінде бағалады. Сондықтан шын мәнінде большевиктер мен ұлттық күрес басшылары арасында идеялық бірлік болмады. [2] Алашорда оқығандары кеңес үкіметіндегі партия саясатына көңілдері толмай, отарлық езгінің әлі де сақталып отырғанын сынаса, бұларға бүйрегі бұрып тұратын оқығандардың келесі толқыны "коммунистердің жалпы жолы дұрыс, бірақ қазақ арасындағы үкімет істері орыс арасындағыдай тап жолымен жүргізілмеуі керек, қазақтың ұлттық ерешелігі ескерілуі тиіс" деген пікірде болғандар. Үшінші топ — ел билеп, үкімет басында отырған партияның бұйрығын бұлжытпай орындаушылар еді.

Орталықтағы, алдымен Сталиннің тікелей қолдауына сүйенген Голощекин хатшы мұнымен шектелген жоқ еді. Ол енді өз пайымдауы бойынша Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсыновтардың ықпалында болды, жаңа саяси жағдайда солардың ұлтшыл-реакциялық бағытын жүргізіп отыр деп тапқан басшылықтағы қайраткерлерді «ұсақ— буржуазияшыл», «ұлтшыл-уклонистер» деп жариялады, Тура осы принципті негізге ала отырып, онсыз да бөлініп-жарылуға бейім ұлттық интеллигенцияны екі топқа жіктеп, олардың арасына іріткі салды. Мәселен, ол бір баяндамасында былай деп көрсетті: «Основной корень — это разногласия, борьба по линии интернационалистов и националистов. Начало внутри — казахских группировок в партии относится к 1920 г., когда в партию вошли интеллигенты из «Алаш», и первое разделение, первые разногласия были

именно между старыми казахскими коммунистами,— я их буду называть «старыми», т. е. периода 18—19—20 гг. Это те, которые клали первые камни фундамента казахской партийной организации и советов, которые сгруппировались тогда в группировки мендешевцев, между ними и влившейся в партию интеллигенцией, под руководством Ауэзова, Садвакасова С. и кое-кого из молодых, которые сейчас сидят здесь, но я - их не буду называть, и за их спиной — Букейханова. [3]

Пусть товарищи так называемой мендешевской группировки того времени «левили», пусть они не имели ясной программы, пусть они представляли своего рода группировку, но в основном они боролись за партийную линию, а Садвакасов, Ауэзов и др. их сподвижники боролись за алашордынскую линию». [3] Міне, осы арада «алашордалық бағыт» деген ұғымға тоқталу қажет. Голощекин мен голощекиншілердің демократиялық қазақ интеллигенциясына қарсы күрес арсеналында әмбебап қару есебінде қолданылған түрлі «щиналар» мен бірге «алашордашылдық» деген ұғымды да жиі кездестіруге болады. Ал осы саяси ағым болды ма, болса ол нені көздеді? Егер оған қысқа жауап берер болсақ, онда мынаны айтуға тура келеді. Бұл кезде алаш қозғалысының ұйымдық тұрғыдан мүлдем жоқ екендігі мәлім. Сондықтан да сөз Алаш қозғалысы қатарында болған, немесе саяси позициясы жағынан оған жақын тұрған жеке қайраткерлер туралы ғана болуы мүмкін. Голощекин тұсында олардың өзіміз әңгіме етіп отырған С. Сәдуақасовтан басқа С. Қожанов, Ж. Сұлтанбеков, Ы. Мұстамбаев, жоғарыда аталған А. Кенжин, Ә. Әлібеков және басқа көптеген совет, партия қызметінде жүрген белсенді қайраткерлер жатқызылды. [5]

Олардың саяси мемлекеттік құрылысты түбегейлі өзгерту туралы мәселе қоймағандығы өзінен-өзі түсінікті. Ондай бірде-бір саяси құжат жоқ, болуы да мүмкін емес. Ендеше олар жинақтап «ұлтшыл-уклонистер» атанғандай қандай бағыт үшін күрескен еді?

"Ұлтшылдыққа" айыптау науқанының жүргізілуі В. Лениннің көзі тірі кезінен-ақ басталды. Большевиктер 1917 жылдары отар болып келген елдерге азаттық күні жақындағанын уағыздаумен болды. 1917 жылғы сәуір айында Петерборда өткен большевиктер конференциясында: "Ресейдің құрамына кіретін езілген халықтарға Ресей мемлекетінің құрамында қалу немесе дербес мемлекет болып бөлініп шығу мәселесін өздігінен шешуге хұқық берілуге тиіс" — деп мәлімдесе, көп ұзамай большевиктер Ресей мен Шығыстың мұсылман еңбекшілеріне үндеу жолдады.

Қазан социалистік төңкерісін халық теңдікке қолымыз жетті деп үлкен үмітпен қарсы алды. Өкінішке орай, большевиктердің халықты өз еріктілігін алуға шақырған үндеулері бос сөз болып, уақыт озған сайын жалған саясаттың бет пердесі ашыла берді. 1917 жылғы 16-қарашада құрылған Түркістан халық комиссарлары кеңесінің 17 мүшесінің ішінде бірде-бір түркістандық болмай шықты.

Б. Р. Тагеев өзінің "Қан төгіліп, гүл өскен алқапта" деген еңбегінде Халкомкеңестің төрағасы большевик Колесовтің: "...Жоғарғы органға мұсылмандарды енгізу олардың бірде-бір пролетарлық ұйымы болмағандықтан ғана емес, сонымен қатар жергілікті халықтың оларға деген көзқарасы әркілі болып отырғандықтан да мүмкін емес" — деп мәлімдегенін айтады. [4]

Ал, 1917 жылы қарашада Түркістан Кеңестерінің III съезі: "Қазіргі кезде мұсылмандардан жоғары өлкелік төңкерісшіл өкімет органдарына енгізуге болмайды" — деген ұлт намысына тиетін қарар шығарды. Большевиктердің ұстанған бұл саясаты — ұлттық теңдік пен автономия алу жолында тәуелсіздік үшін белсене күрескендерді анықтап, артынан айдар тағып, айыптап қуғындау үшін жасалған арандатылушылық саясат болды.

Тәуелсіздік пен еркіндікке ұмтылған Түркістан автономиясы мен Алаш автономиясын большевиктер қарулы күш қолданып жойды. Түркістан автономиясының басшысы М. Шоқай шетелге кетіп бас сауғалады. 1919 жылы қарашаның 4-де Түркістан майданының революциялық соғыс кеңесі Совет өкіметіне тікелей және жанама түрде қарсы күресіп келген барлық қазақтарға тиісті шарттар орындалған жағдайда толық кешірім жасау туралы қаулы қабылдады. Қазақ автономиясы мәселесін тұңғыш көтеріп, оны өзі іске асырған Әлихан Бөкейханов "найзаның ұшымен, айбалтаның жүзімен болған үкіметке" қызмет етуден бас

тартты. Осы "оппозициялық" қылығы үшін 1920-22 жылдары оған "буржуазиялық ұлтшыл" деген жала жабылып қуғындалды. 1922 жылдың күзінде Ә. Бөкейханов Мәскеуге жер аударылды. [4]

Міне, осындай бір халықты құртып жіберу үшін жасалған саясатқа қазақ зиялылары қарсы тұрды. 1920-жылдары көп ұлтты Түркістандағы күрделі ұлттық қарым-қатынастарды шешуге үлкен үлес қосқан көрнекті қоғам қайраткерлерінің бірі Тұрар Рысқұлов болды. 1920 жылы мамыр айында Т. Рысқұлов РК(б)П Орталық Комитеті мен В. Ленинге "Түрік республикасын құру" туралы баяндамасын тапсырды. Т. Рысқұловтың тікелей басшылығымен әзірленген баяндама Түркістанның саяси әлеуметтік жағдайы мен экономикалық, ұлтаралық қатынастардан дағдарыстардан шығудың жолдары ашып көрсетілді. 15-маусымда Орталық Комитет В. Лениннің тапсыруымен Т. Рысқұловтың "Түрік республикасын құру туралы" тезистерін қабылдамады. 29-маусымда В. Лениннің басшылығымен қабылданған "Түркістан туралы РК(б)П-ның негізгі міндеттері" деп аталған қаулыда Т. Рысқұлов және оның пікірлестері Н. Ходжаев пен Г. Бех-Ивановтың талаптары толық қамтылмады. 16—18 шілдеде делегация мүшелері РК(б)П Орталық Комитеті позициясымен келіспейтіндігін мәлімдеп, олар бұл мәселені Түрік комиссиясының қатысуымен Түркістан компартиясының Аймақтық комитетінде кеңейтілген мәжілісте талқылауына ұсынды. [1] Бұл ұсыныс та қабылданбай, оларға "ұлтшылдар", "басмашылар идеологы" деген жала жабылды.

Т. Рысқұловты Түркістан Атқару комитеті төрағасы қызметінен босатты, ал Низаметдин Ходжаев Түркістан Атқару комитеті президиумына мүшеліктен және Түркістан коммунистік партиясы Орталық комитетіне мүшеліктен шығарылды. ВЦИКЖәне СНК РСФСР Түрік комиссиясының мүшелері "рысқұловшылдық" деген терминді енгізді. Аталған комиссия 1919 жылы 29-қыркүйекте құрылды. Оның жұмыс жүргізу тәртібі РК(б)П ОК-де бекітілді. Комиссияның бастапқы құрамында Ш. З. Элиава (төраға), Г. И. Бокский, Ф. И. Голощекин, В. В. Куйбышев (төраға орынбасары), Я. Э. Рудзутак, М. В. Фрунзе болды. 1919 жылдың соңында Түркістанның басшы қызметкерлері арасында өріс алған ұлттардың өзінің мемлекеттік құрлысын өзі шешу құқы жайлы ұрандарды тәжірибе жөнінде іске асыру туралы айтысқа қатысып, комиссия мүшелері Т. Рысқұлов пен оның жерлестерінің Түрік компартиясын құру идеясына қарсы шықты. 1920 жылы 19-шілдеде Рысқұлов, Ходжаев, Бисерев, Әбусаттаров және Железнев РК(б)П ОК мен Түріккомиссия саясатымен келіспегендіктері үшін қызметтерінен босатылды. Түріккомиссия Өлкелік комитеті таратылып, Уақытша Орталық Комитет құрылды, жауапты хатшы болып Н. Төреқұлов сайланды. Сондай-ақ Түрік Орталық Атқару комитетін де жаңартып, төрағасы А. Рахымбаев бодды. 29-шілдеде РК(б)П Орталық Комитеті Түрік комиссия құрамын толық жаңартып, төрағасы етіп, Я. Г. Сокольниковты тағайындады. 27-тамызда партиялық жұмыстардың бәрі жаңадан құрылған РК(б)П ОК Түркістан бюросына берілді. Түріккомиссияда шаруашылық және мәдени құрылыс мәселелері қалдырылды. Комиссия 1922 жылы 16 тамызда РК(б)П ОК-нің шешімімен өз жұмысын тоқтатты.

1923 жылы 17-25 сәуір аралығында Москва қаласында өткен РК(б)П XII съезі ұлт саясаты туралы мәселеге баса назар аударды. "Партияның және мемлекеттік құрылыстың ұлттық мәселелері туралы" баяндаманы Сталин жасап, "жергілікті ұлтшылдық" деген аса қауіпті ағым (уклон) бар деген пікірін айтты. [1]

Ф. И. Голощекин қазақ оқығандары мен басшы адамдарының ыңғайын байқаған соң, «Қазан революциясы қазақ даласын жанап өткен екен», партия ұйымдары «большевиктенбеген екен», бұған дейін әркім ауызша келгенді соға берген екен деп әуелі бар күшті «Садвақасовщинаға» жапты, сонан кейін «Ходжановщинаны» талқандады. Ара-арасында «Мендешевщина» мен «Сейфуллинщинаны» таластырып, Қазақстанда бір жыл ғана жұмыс істесе де «Рысқұловщинаны» жасап кетті деп, елдің бас көтерер азаматтарын араздастырып, жік-жікке бөліп тастады. Әдебиет майданында КазАПП пен «Алқа» ұйымдары таласқа түсіп, газет бетінде бірін-бірі «әшкерелеп» жатты. [5]

Сонсын, осы қиянат пен қысастыққа ғылыми да, саяси да астар беріліп, жалған айтуға негіз дайындалды. Қазақстанда, әсіресе идеология мен ғылым саласында қит етсе «буржуазияшыл», буржуазиялық-ұлтшыл, ұлтшыл-уклониист» деген атаулар өте жиі қолданылды.

Буржуазия да, буржуазиялық-ұлтшылдық та тек капиталистік қоғамға тән ұғым, ал біздің Қазақстанда патриархалды-феодалдық, тіпті өсіріп айтқанда, феодалдық қарым-қатынас жайлағанын ескерер болсақ, онда айтып, жазып келгендеріміздің тарихи шындығы қайсы? Ойланбағандықтың салдарынан ұлтжандылықты, халқын сүюшілікті «ұлтшылдық» деп табалады, патриоттарды «алашшылсың» деп айыптады.

Коммунистік партияның, әсіресе В. И. Лениннің интеллигенцияны білікті мамандар ретінде социализм кұру ісіне тарту саясатын, яғни игілікті іске пайдалану, мектеп ашу, сауатсыздықты жою, мәдениетті өркендетуге жұмылдыру саясатын Голощекин дұрыс жүзеге асырмады, ырың-жырыңның аяғын 1928-1931 жылдағы қудалауларға ұластырып жіберді.

Бай-феодалдарды конпескелеу науқаны қазақ оқығандарын, әсіресе алаш қозғалысына қатысқандарды тұтқындау, айдау, жазалаумен қатарласа жүргізілді. Оларға «контрреволюциялық топ, ұйым» деп айып тақты. Олар жыл сайын, саңырауқұлақша өсіп, 1929 жылы — 31, 1930 жылы — 82, аштық дәуірлеген 1931 жылы — 80 «бандалық кұрама» болып, 9906 адам қатысыпты-мыс деп абақтыға жабылды. Ф. И. Голощекиннің «Казахстан на Октябрьском смотре», әсіресе «10 лет советской власти» дейтін кітаптарында социализм ісін ілгерлетуге әдейі ұйымдық қарсылық жасалып жатыр деген даурықпасы қанқұйлы процеске айналып кете барды. «Қазақ әдебиеті» газеті Б. Қойшыбаевтың Қазақ ССР Жоғарғы сотының төрағасы Т. Қ. Айтмұхаметовпен өткізген сұхбатында қазақтың маңдай алды оқығандары жөнінде ОГПУ коллегиясының 1930 жылдың 4 сәуір мен 1931 жылы 13 қаңтарда шығарған қаулыларының негізсіз екендігі, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мырзағазы Есполов, Халел Ғаббасов, Дінмұхамет Әділов, Әзімбек Бірімжанов, Ахметжан Юсупов, Мағжан Жұмабаев, Елдес Омаров, Дамулла Шитілеуов, Хайратдин Болғамбаев, Абдолла Байтасов, Кәрім Жәлеловтың, толық ақталып кінәсіз деп табылуы сталиндік заңсыздықты Қазақстанда голощекиншілер әбден асқындырып жібергенін көрсетеді. [4] Бұдан басқа да сот процестері де болды. Мәселен, Қазақ өлкелік партия комитетінің Баспасөз бөлімінің меңгерушісі, ҚазАПП-тың ұйымдастыру бюросының мүшесі, талантты сыншы Ә. Байдилдиннің «ақтың офицері, алаштың нөкері» болды деген айыппен ұсталғаны тарихқа мәлім. 1931 жылы «дұшпан топтың» өкілі деген желеумен 10396 адам тұтқындалған. Демек, интеллигенция өкілдерін қуғындау орталықта да, облыс пен аудандарда болғанын, талай адамдар жазықсыз жапа шеккеніне қазір көзіміз жетіп отыр. Қолдан жасалған қысастықтың мұндай көрінісімен қатар, 1931-33 жылғы аштықтан қырылған 2 миллион 22 мың жанның арасында талай оқыған зиялы боздақтар семьясын, бала-шағасын қимай бірге кеткені жоқ деп ешкім айта алмаса керек.

Осындай зобалаңдардың идеологиялық тұрғыдан асқинуына 1932 жылы 10 қаңтарда ВКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің Мәдениет және Насихат бөлімдері мен Қазақстандық марксизм-ленинизм ғылыми-зерттеу институты «Сталин жолдастың хатына байланысты Қазақстанның теориялық майданындағы күрестің міндеттері туралы» алған қаулысы себепші болды.

Осы біріккен қаулы біздің бүкіл тарихымызды, оның ішінде партиялық, азаматтық, әдеби-мәдени тарихымызды бұрмалауға арқау, мұрындық болды. Бұған дейін әрқилы талпыныстар жасалған, ал мына қаулы ресми түрде қабылданған шешім болып, мәселені мүлде теріс бұрып жіберді. Онда С. Сейфуллин, Т. Рысқұлов, Ғ. Тоғжанов буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық қисындарды насихаттап, үлкен қателіктерге ұрынып отыр, Е. Феодоров, А. Кун еңбектерінде, әсіресе С. Аманжолов пен А. Байтұрсыновтың жоғарғы оқу орындарының Қазақстанда кешеуілдеп ашылып отырғаны туралы пікірлерінде зиянды көзқарас насихатталады деп тапты. Советтік шығыста социалистік революцияның өркен жайғанын түсінбейтін троцкийлік бұрмалауды әшкерелеуіміз керек деп даурықты.

Олай етудің субъективтік сыры да бар еді. Голощекин мен Құрамысовтың Қазақстанда «кішкене Октябрь» өткізіп, ауылды советтендіру, партия ұйымдарын большевиктендіру саясатын пәрменді өткізуіне белсене ат салысып, басқаша ойлағандармен айтысқан, күрескен, коллективизация дәуіріндегі асыра сілтеушілікті, дерективанұсқауларды насихаттауда ыждаһат танытқан «Тоғжановщинадан» әуелі өзі құтылуға тырысып бақты.

1929 жылы тұтқындалып, 1930 жылы 4 сәуірде Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып сынды 14 қайраткерлердің сотталуы сол кездегі қуғын-сүргіннің ең зоры және басы болды. [2] Әрине, оған дейін де «ұсақ-түйектер» болған, бірақ 4 қайраткерді ату жазасына бірден кесу, содан Жүсіпбек Аймауытовтың атылып кету фактісі қазір айтуға ғана оңай. Ал ол кезде зиялыларды аластауға бағытталған «деректер» көп болды. ОГПУ-дің мәлімдемесінде контрреволюциялық топтар 1929 жылы 31 болса, 1930 жылы 82-ге жетті. Ал аштық басталып келе жатқан 1931 жылы 80 топ болып, ұсталған 10396 адамның 9906-сы банды ретінде сотталды. [5] Осылардың бәрі демегенмен, көбі оқыған-тоқығаны бар жандар еді. Түгел демегенмен, осының ең болмағанда тең жарымы алаш қозғалысына қатысқан қазақ зиялылары екенін еске тұтар болсақ, қанша интеллектуалды күштен айырылғанымызды шамалау қиын емес.

Қуғындау саясаты аштықпен қыруға кешкен тұста Қазақстан халқының 49 проценті (2 миллион 22 мың, Партия тарихы институтының дерегінде—1 миллион 500 мың адам) зұлматта өлгенін, 25 проценті республикадан тыс жерлерге босып кеткеніне (Голощекинше, көшуге дағдыланып қалған ел) «Қызыл қырғыннан» басқа қандай ат тағуға болады. Алайда қырғын-қорлық мұнымен бітпей, 1937-38 жылдардың қара құйынына ұласты. Сорпаның бетіне шығатын азаматтардың 66 мыңы қуғын-сүргінге түсіп, 22 мыңы атылып кетуіне ВКПб) Қазақ өлкелік комитетінің Мәдениет және насихат бөлімі мен Қазақстандық марксизм-ленинизм институтының «Сталин жолдастың хатына байланысты Қазақстанда теория майданындағы күрес міндеттері туралы «түсіндірме хатының» тікелей қатысы болғаны даусыз. [1] Осы кезден бастап ұлттық нигилизм мен мангуртизм пайда болып, ауызды аштырмады, аяқты бастырмады. Айтқанға көндірді, айдағанға жүргізді.

Қалыптасып келе жатқан әкімшіл-әміршіл жүйе алдыңғы қатарлы ой-пікірлердің бәріне тосқауыл қойды. Коммунистік догматизм мемлекеттік идеология болып тұрғанда ұлтынды ерекше құрметтеу, салт-дәстүрлерін сақтап, мәртебесін көтеру, ешкімге бағынышты болмауын ойлау тәрізді қадамдардың барлығы "ұлтшылдық" болып есептелді.

Сол бір қиын-қыстау кездің куәгері Нақымжанұлы Әмзе былай деді: "...қазақ жастары азды-көпті оқып, білім алып, өз ұлтының езіліп келе жатқанына көзі жетті де ұлтшыл болды. Орыс пролетариатының күресінен хабары болмады. Қазақ жастарының төңкеріс ұраны Ахметтің "Масасы", Міржақыптың "Оян қазағы" болды. Дара билікке қол жеткізуді мақсат еткен И. Сталин бірінші кезекке оппозициямен күрес мәселесін қойды. Ал, ұлт мәселесі шешімін таппай қала берді. Мемлекет пен партия басшылығында билік үшін талас-тартыс ұлт мәселесіне немқұрайды қарауға себеп бодды. Осындай ішкі партиялық күрес өршіп тұрған кезде одақ көлеміне белгілі мемлекет қайраткері дәрежесіне жеткен Тұрар Рысқұлов 1926 жылы 12—14 қарашада Мәскеуде ұлт мәселесіне арналған одақтық дәрежедегі үлкен кеңес өткізді. Бұл кеңес материалдары мұрағат қойнауында: "Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті Төралқасы жанындағы ұлттар Бөлімі Және РСФСР Халық Комиссарлары Кеңесі Төрағасының орынбасары Рысқұлов жолдастың инициативасы бойынша шақырылған ұлт өкілдерінің — БОАК пен ССР Одағы Орталық Атқару Комитеті мүшелері және ұлттық шет аймақтардың басқа да өкілдерінің жеке кеңесі" деген атпен құпия құжат ретінде сақталып келді.

Кеңестің бүкіл жұмысына басынан аяғына дейін РСФСР Халкомкеңесі Төрағасының орынбасары Т. Рысқұлов төрағалық еткен. Кеңеске автономиялы республикалар мен облыстардан келген Рысқұловтан өзге 49 адам тіркелген. Қазақстаннан 9 адам: Мыңбаев Ж.— ОАК Төрағасы, Қожанов — қызметі көрсетілмеген, Токжігітов — өкіл, Досов — өкіл, Қосымов — облатком төрағасы, Жансүгіров — өкіл, Орынбаев — Ақмола губатком

төрағасы, Сұлтанбеков — Қазақстан жер халкомы, БОАК мүшесі, Мұқтаров — Денсаулық сақтау халкомы. Сондай-ақ, Қазақстан мүддесін Кеңесте Рысқұлов, Мендешев — РСФСР экономикалық кеңесі мүшесі, Асфендияров — БОАК-тың Ұлттар бөлімінің меңгерушісі қорғады. Сонда кеңес жұмысына барлығы 12 қазақ қатысты.

Кеңесте ұлт саясатында жіберіліп отырған кемшіліктер қатты сынға алынды. Күн тәртібіне төмендегідей бес мәселе қойылды:

1. Калинин жолдас басшылық ететін "РСФСР-дың, ұлттық республикалар мен облыстардың құрылысы жөніндегі комиссияның" жұмысына қатысты мәселелер.

2. Партияның Орталық Комитеті IV Ұлттық кеңес сипатындағы ұлттық кеңес шақыруы туралы мәселелер.

3. БОАК-тың Ұлттар бөлімінің жұмысы, оның құқықтары туралы.

4. Ұлт өкілдерін РСФСР-дің Халық Комиссариатының аппаратына тарту туралы.

5. Ұлт аймақтарының өздерінің жұмысындағы кемшіліктер мен жетімсіздіктер туралы.

Кеңестің күн тәртібі негізінен ұлт аймақтарының егемендігін барынша кеңейтуге бағытталған мәселелерден тұрды. Қазақстаннан Рысқұлов, Асфендияров, Мендешев, Досов, Мыңбаев, Қожановтар сөз сөйледі. Кеңесте сөйлеген ұлт өкілдері ұлт саясатындағы барлық кемшіліктерді ортаға салды. Алайда, Рысқұлов өткізген кеңесте көтерілген ұлт мәселесі Сталинге ұнамады. [4]

Кеңестің стенограммасымен танысқан Ф. Голощекин де 1926 жылы 12-желтоқсанда "БК(б)П Орталық комитеті Сталин, Молотов және Косиор жолдастарға "аса құпия" деп белгі соққан хатын жолдады.

Кеңесте сөз алған Ж. Мыңбаев 6 жыл ішінде Қазақстанда әлі де партия ұйымына жергілікті ұлт өкілдерін сайлай алмаймыз. Республикадағы 8 губерния, екі жеке уезд, бір автономиялы облыста партиялық басшылықта бір ғана қазақтың отырғанын, сондай-ақ аппаратты қазақтандырудың да төмен дәрежеде екендігін айтқан болатын. Оны бұл мәселеде С. Қожанов қолдап сөйлеген еді. Қазақтың көрнекті осы екі зиялы азаматы жөнінде Ф. Голощекин хатында: " Мыңбаев және Қожановтың Рысқұлов жолдаста өткен Ұлттар мәжілісіндегі сөздері ешқандай дәрежеде партия ұйымының, үкіметтің пікірін білдірмейді — деп жазды. [6] Ф. Голощекиннің хаты И. Сталиннің ойының үстінен түсті. Т. Рысқұлов өткізген жеке кеңестің ұсыныстарын, оған қатысушыларды ұлтшылдар ретінде айыптауды Голощекинге тапсырды.

Ұлт мүддесі алдындағы азаматтық парызды, партиялық міндет пен қызметтен әлдеқайда биік ұстаған ұлттық интелегенцияның ұстанған позициясы, осы кезеңде "сәдуақасовшылдық", "қожановшылдық", "рысқұловшылдық" және "мендешевшілдік" деген тәрізді Голощекин ойлап шығарған көптеген "шылдықтар" арқылы талқыға түсіп отырды.

Қазақстанда социалистік құрылысты "өркендетуге" арнайы жіберілген Ф.Голощекиннің іс-қимылдарын С.Сәдуақасов, С.Қожанов, Ж.Мыңбаев, Т.Рысқұлов, Н.Нұрмақов сынды қазақ коммунистері батыл сынға алды. Алайда, "сенің саясатың бірден-бір дұрыс саясат" деп Сталиннің өзі дем беріп отырған Қазақстандық "көсемнің" асыра сілтеу саясатын әшкерелеу оңай болмады. Енді сталиндік әкімшіл-әміршіл жүйе көш басында Ахмет Байтұрсынұлы бар бұрынғы Алаш қозғалысының жетекшілерін, белсенді мүшелері мен жақтастарын «Кеңес өкіметіне жау», «буржуазияшыл ұлтшылдар», «Террорлық әрекеттерді дайындаушылар» деген айыптар тағып, 1928 жылдан бастап түрмелерге жапты, 1930 және 1932 жылы екі сот процесінің үкімімен олар ұзақ мерзімдерге концлагерьлерге айдалды, басқа өлкелерге жер аударылды. Одан елге оралғандар 1937-1938 жылдары «үлкен террордың» құрбандары болды. Ахмет Байтұрсынұлы да алғашында ОГПУ, кейін НКВД жөндеттерінің құрығына ілігіп, 1929 жылы тұтқындалып, 1930 жылы он жыл мерзімге концлагерьге кесіліп, ол жаза Солтүстік өлкеге (Архангельск облысына) жер аударылуға өзгертілді. Одан 1934 жылы қазан айында елге оралған Ахаң үш жыл өткен соң 1937 жылы сегізінші қазан күні қайта ұсталды «халық жауы» деген жалған жазамен ату жазасына кесілді.[6]

Патшалық отарлау саясатының тонын айналдырып киген кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйе қазақ қайраткерлерінің ұлт қамын ойлаған қай бір ниетін де өздеріне аса қауіпті санап, олардың арман-мақсаттарын тас-талқан етіп үзді. Осы тарихи кезеңде ұлттық интеллигенцияның алдында жаңа қатынастарға негізделген қоғам құру міндеті тұрды. Жаңа қоғам құру жолында диллемаға айналған мәселе — ұлттық мүдде мен таптық мүдденің ара жігін айыра білу еді. Қазақ зиялыларының "ұлтшылдар", "оңшылдар" немесе т.б. айыптар тағылып, қуғын-сүргінге ұшырауы салдарынан, екі мүдденің алғашқысының үлес салмағы барған сайын кеми түсті. Қазақ ұлты рухани парасаттың даму баспалдағына неғұрлым биіктеп көтерілген сайын, өзі үшін құрбан болған алаш ғұламаларын соғұрлым құрметтеп, тағзым етуі тиіс. Өйткені, ұлттың рухани тәуелсіздігін сақтап қалғандар да, мәнгүрттіктен құтқарып кеткендер де, болашақтағы тәуелсіздіктің қасиетті ұлы жолын анықтап берген де солар деп білеміз.

Әдебиеттер:

1. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995 – 368 б
2. Сляммов А.С. Солтүстік – Шығыс Қазақстан азаматтық қарама – қарсылық кезеңінде. Тарих ғылым . канд. ғылыми дәрежесі үшін автореф – 32 б
3. Вестник временного правительства. 1917. 6 октября.
4. Мажитов Р. Жаханша Досмұхамедов. // Қазақстан тарихы. 2004. № 5
5. Брайнин С., Шафиро Ш. Очерки по истории Алаш – Орда. - Алма – ата: Казкрайиздат, 1935. – 149 с
6. Голощекин. «10 лет пройденных и предстоящие задачи», А-Ата, 1930 г., с. 10

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЖӘНЕ ҰЛТ МҰРАТЫ

Алимкулова Г., Н.,

тарих пәнінің мұғалімі, магистр

Әлихан Бөкейхан атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейі

Астана қаласы

XX ғасыр басында қазақ даласында аса бір күрделі жағдай басталды, ұлттық-отаршылдық езгі барынша күшейді. Патша үкіметі халықтан алатын алым-салықтың түрін көбейтті, қазақтардың шұрайлы жерлерін тартып алып, оған орталық Ресейден жерсіз шаруаларды әкеліп орналастырды, ұлт өкілдерінің білім алуын, әсіресе, ана тілінде оқуын тежеп, оларды орыстандыру саясатын жүргізді. Мұның бәрі түптеп келгенде, Ресей мен оның аймақтарында саяси жағдайлардың шиеленісуіне, әлеуметтік революциялар мен ұлт-азаттық күресінің тууына әкеліп соқты. Бұрын «бұратана» саналып келген халықтардың ұлттық сана-сезімі оянып, оның көрнекті өкілдері туған халқының тағдырына, дамуына көз сала бастап, оның болашағы жайлы ойланды. Алаш қозғалысының негізгі идеясы демократиялы қоғам қалыптастырып, сөзсіз еркіндік пен дамудың алғышарты ретінде қазақтың ұлттық мемлекетін құру болатын. Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті – сол идеяның жемісі. Алаш идеясы әсірешіл ұраншыл қазақтың ойы емес, жалпыадамзаттық құндылық этикасын сақтай отырып, отарлық езгінің құрсауында тұншыққан жұртын азаттыққа шақыру, елім деген қазақтың оқыған азаматының надандық пен отарлық езгінің құрсауында тұншыққан жұртын азаттыққа шығару, өзгемен тең ету.

Алаш идеясы – XX ғасыр басындағы қазақтың ұлттық-мемлекеттік идеясы болатын. Рухани-мәдени кеңістікте Алаш қозғалысы Қазақстандағы жаңашылдық пен жасампаздықтың, түп негізді сақтай отырып еуропалық бағдарда дамудың көшбасшы бағыты еді. Қазақ халқының тарихында әр ғасырдың басы аласапыран оқиғаларға толы болды. Бұл өз кезегінде тарих сахнасына ірі-ірі тұлғалар мен қайраткерлерді шығарып, түбірлі өзгерістерге алып келіп отырды. Әсіресе XX ғасырдың басы айрықша күрделілігімен, сансыз оқиғалардың сапырылысымен, ұлттық сананың оянуымен ерекшеленеді. Осы тұста қазақ даласында да Алаш ұранын көтеріп, қазақ баласын азаттыққа бастаған бір шоғыр қазақ қайраткерлерінің ой-пікірі мен іс-әрекеті жарқырап көрінді. Бұл кез Алаш ардагерлерінің

айтуынша, «қазақтың бар болу немесе жоқ болу» мәселесі таразыға тартылған кез еді. Олай болатыны, бұл шақта қазақ халқы толықтай патшалық Ресейдің басыбайлы боданына айналған еді. Қазақ даласындағы хандық билік ыдыраған, билер институтының қадірі кетіп, орыс сотына қараған, дәстүрлі тіршілік қалпы мен өмір салты елеулі өзгеріске ұшыраған, ұлттық рух бәсеңдеген шақ еді. Алашорда қозғалысы мен Алаш идеясының пайда болуына тікелей осы аталған тарихи жағдайлар себеп болды [1].

Қазақтың алғашқы оқығандары қазақтың жеке өз алдына ел болып, дамыған елдермен терезе теңестіре алатындай жағдайға қол жеткізуін көкседі. Ең алдымен қазақ баласының бір-бірімен пікір алмасуын қамтамасыз ету үшін мерзімді баспасөз құралдарын шығарды. Қазақтың тұңғыш журналы «Айқап» пен «Қазақ» газеті «ұлттың көзі, құлағы һәм үніне» айналды «Алаш идеясы» – қазақтың мемлекеттік, елдің ұлттық идеясы. Өйткені Алаш – халқымызды бесігінде тербетіп, есейіп ат жалын тартып мінгенде бойына күш-қуат және сенім берген ұлттық идея. Алаш – ұлттың өзін бөлінбес тұтас жер, яғни территория ретінде сезінуі. Алаш – ұлттың аспан асты, жер үстінде өз орны бар ел ретінде өз еншісі мен үлесін анықтау характері.

Зиялылардың Алаш атауын таңдауы да жайдан-жай емес еді. Алаш жаңа елдігіміздің, байырғы аймағымыздың рәмізі еді. XX ғасырда қазақтың азаматтық тарихында ең ұлы идея қайсы десек, ол – Алаш идеясы деп жауап беруге болады. Бүгінгі тәуелсіздігіміздің негізі де осы идеяда жатыр. Алаш идеясы үшін күрескен кезең – 1907 жылдан 1930 жылға дейінгі 30 жылдай уақытты ғана қамтыған. Аз болса да ғасырға тең уақыт. Алаштың серкелері – Әлихан Бөкейхан, Мұстафа Шоқай, Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Ғаббасұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы. Алаш зиялыларының алдыңғы толқыны болып есептелетін осынау тұлғалардың әрбірі мемлекет басқаруға қабілетті еді. Олар қазақ елінің сан ғасырлық даму тәжірибесін, салт-дәстүрін төңкерістік әдіспен күрт өзгертуді емес, қайта оларды өркениетті елдердің өмір тәжірибесін ескере отырып, одан әрі дамытуды, білім алып, көппен терезе теңестіруін көздеді. Ең алдымен, қазақтың өз атамекеніне ие болуын мақсат етті. Сол жолда күресті. Сонымен қатар елге демократия, білім-білік алып келу үдерісінің бастауында тұрғандар да – солар болды.

Алаш зиялылары – елшілдік пен Отанға адал қызмет етудің рәмізі. Олар – барды көбейтуші, үзілгенді жалғастырушы, жоқты жасаушы. Алаш қозғалысының тарихи негізі Ресей отаршылдығының қазақ жеріндегі аса асқынған кезеңінен басталды десек те, Алаш идеясы одан әлдеқайда бұрын өмірге келіп, күні бүгінге дейін еліміз, жеріміз деп ұлт болашағын ойлаған әрбір қазақ жүрегінің терең түкпірінен орын тепкен. Өйткені Алаш қозғалысы қазақ қауымындағы отаршылдыққа қарсы бағытталған, прогреске ұмтылған жалпыхалықтық демократиялық қозғалыс еді. Қазақ халқының үздік білім алған, кең ойлы патриот саңлақтарының пайда болуымен тұңғыш ұлттық Алаш үкіметі құрылып, қазақтың саяси идеясының негізі қаланды. Алаш қозғалысының лидерлері халықтың өзіндік санасын жоғары көтеріп, ұлттық бостандық идеясын ұсынды, қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғауда бірізді бағыт ұстанды. Алаш жетекшілерінің ұлт-азаттық ұрандары сол дәуірдің оқыған талапты, талантты жастарын баурап алды.

XX ғасырдың бас кезеңін Алаш көсемі Әлихансыз елестету мүмкін емес. Ол қазақтың тарих көшінің бағыт-бағдарын белгілеп, ел мен жер, тіл мен діл тағдыры, дін мен дәстүр тұтастығын сақтау үшін жұрт жұмысының жауапкершілігін мойнына жүктеп, басын бәйгеге тікті. Бұл кезеңде елге адал қызмет еткен ұлт зиялыларының әрқайсысының тарихымыздағы өзіндік орны, ұлтымыздың оянуына, өркендеуіне сіңірген зор еңбегі бар екені даусыз.

Әлихан Бөкейхан - төрткүл дүниені дүр сілкіндіріп өткен Шыңғыс ханның 23-ші ұрпағы - Төре тұқымынан. Ол өзінің тектілігін атақ- даңққа құмартып, билікке ұмтылумен емес, артына ерген үзеңгілес қандастарына жөн көрсете білуімен, қазақтың кез келген ұл-қызын туған бауырындай сүюімен «Алаштың Әлиханы» бола білді. Егер ол өзінің бас пайдасын ғана ойлап, патша заманында мансапқор болып, шен-шекпенге қызығып, ұлық болғысы келсе, өзі ақсүйек, хан әулеті әрі оқымысты Әлихан Бөкейханға ол жол оңай еді. Бірақ Әлихан қара басының қамын ойлаған жоқ, туған халқының қамын ойлап, белін бекем

байлап, ел үшін еңбек ету жолына түсті. Әлихан – қазақ тарихында демократиялы баламалы түрде сайланған Алаш Орда – «Ұлт кеңесінің тұңғыш төрағасы», «Хан баласында қазақтың Ә. Бөкейханов және ұлттық таным мен руханият әлемі хақы бар еді, тірі болсам қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» – деген асыл ердің тектілік, намысшыл, ұлтжандылық секілді қасиеттері әр қазаққа үлгі болуы тиіс! Ал оны үлгі ету үшін әр адамның санасына Әлиханның қандай намысшыл, ұлтын сүйген ұлы адам екенін жеткізу керек [2].

1905-1917 жылдары аса күрделі тарихи кезеңде Ә.Бөкейхан енді өзін туған халқының ұлт-азаттық күресінің теориялық негізін қалаушы әрі оның саяси серкесіне айналды. 1917-ші 13-желтоқсанында қазақтың ұлттық мемлекетінің шаңырағын қайта көтеріп, туын тіккен Алашорда ұлттық территориялық автономиясы Саяси Кеңесінің төрағасы болып сайлануы-соның бірден-бір айғағы болатын. Бір сөзбен айтқанда, Алты Алаштың ұлы – Әлихан бүкіл Ресей империясының кеңістігіндегі ықпал – беделді саясаткер, қоғам қайраткері санатына көтерілді. Әлихан Бөкейхан- алға қойған мақсатына қол жеткізбей қоймайтын, алған бетінен қайтпайтын бірбеткей тұлға болатын. Мысалы, жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығаруға рұқсат алу үшін Алаш серкесі шаршап- шалдығуды білмей 8 жыл бойы Омбы-Орынбордан бастап, сонау Санкт- Петербордағы патшалық мекемелердің табалдырығын тоздырды.

Әлихан Бөкейхан - қазақ қоғамының реформаторы. Ол негізін қалаған «Алаш» партиясының ұлттық бағыт-бағдары бес түрлі ұстанымға негізделді.

Бірінші ұстаным: Жер, жер және жер. Жерсіз Отан жоқ. Әлихан Бөкейханның ұйғарымы бойынша: «Қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жекеменшікке де, қоныстанушыларға да берілмейді». Яғни, жер – Отан, ал Отанды сатуға да, жекеменшікке айналдыруға да болмайды. Сол жер үшін әрбір намысты қазақ күрескен, әр қазақтың тері мен қаны төгілген деген тұжырымға саяды.

Екінші ұстаным: Жердің астындағы, үстіндегі, аспанындағы барлық игілік қазақ мемлекетіне қызмет етуі керек. Ә.Бөкейханның айтуынша: «Оның әрбір түйір тасы әр қазақтың өңіріне түйме болып қадалу керек» болатын.

Үшінші ұстаным: Ә.Бөкейханның жобасы бойынша, «Қазақтың жерінде өндірілген «бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі керек, яғни толықтай экономикалық тәуелсіздік пен бірлікке қол жеткізуге ұмтылуы тиіс.

Төртінші ұстаным: Қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тіл, дін, діл үстемдігі болуы керек. Егер қоғамның дамуы Алаш әдебиеті - тәуелсіз ұлт руханиятының негізі осы бетімен кете берсе, күні ертең біз «Құранды» да орыс тілінде оқитын боламыз.

Бесінші ұстаным: Тәуелсіз ғылымға, ұлттық салт-дәстүрге негізделген заңға сүйене отырып, ұлттық-демократиялық мемлекет құру еді. Әлихан Бөкейханның тарихи ұлы ерлігінің бірі қазақ халқының ғасырлар бойғы күрес нысанасы өз мемлекеті туралы арман-тілегін демократиялық тұрғыдан тұжырымдап, ғылыми арнада негіздеп, дербестік принциптерін белгілеп берген «Алаш» партиясын, "Алаш орда" үкіметін құруы еді [3].

«Алаш» идеясын басшылыққа алған Әлихан: қазақ ұлтшылдығы - ол өз ұлтын, тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін, ата-баба жерін, Отанды сүю, қорғау және қамқор болу деп насихаттады. Қазақ жерінің тұтастығы үшін күресіп, ата-бабаларымыздан аманатқа қалған туған жердің шекарасын белгілеп, халқының болашағын ойлаған азамат өзінің және туған-туыстарының өмірін осы жолда сарп етті. Қазақ халқының ата-баба жеріне деген, ұлттық мемлекет құрып, өзін-өзі басқаруға деген қасиетті құқын табанды түрде қорғап, сол үшін күресіп өтті. Кеңес өкіметі "Алаш" қайраткерлерін биліктен аластатып, бақылауда ұстағанымен, Әлихан және қазақ зиялылары оқу-ағарту, жоғары білім беру, ғылым және өнер саласында үстемдік етті. Олардың тіл, әдебиет, тарих, математика, физика, философия және т.б. салаларды дамытудағы зерттеу еңбектері сол кезеңде халықтың сауатын ашып, білімін жетілдіруге қомақты үлес қосты. Әлихан Бөкейханов және ұлттың зиялы қауым өкілдері халқына төнген қауіп-қатермен қарумен емес, интеллектуалдық қарумен, білімді игеру арқылы, саналы түрде, мәдениетті күреске шақырды.

Ә.Бөкейхан большевизмді, кеңес өкіметін қабылдаған жоқ, қарсы күресті. Алашорда мүшелеріне қағаз жүзінде кешірім берілгенімен, олардың бәрі де қудаланды. Патша заманында Семей, Павлодар түрмелерінде азап шеккен Ә.Бөкейхан кеңес өкіметі кезінде 1922, 1926 жылдары тұтқындалып, босатылды да, 1937 жылы Мәскеу түрмесіне қамалып, 27 қыркүйекте атылды. Кеңес мемлекеті алғашқыда ғұлама ғалым Ә.Н. Бөкейханның шексіз білімі мен ғылыми-зерттеушілік тәжірибесін мейлінше кең пайдаланып, 56-ға келген шағында зейнетке мезгілсіз шығарып салып, 1937-ші жылдың шілдесіне дейін 15 жылдай уақыт мәскеулік пәтерінде қамауда ұстады. 1937-ші жылдың 27-ші қыркүйегінде Бутырка түрмесінің қабырғасында атылған жалғыз оқтың жаңғырығы- көрнекті мемлекет қайраткері әрі ғұлама ғалым Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханның қазақ атаулы халқының жүрегі мен тарихында мәңгі сақталатынын аңғартқан еді [1, 82 б]. Бүгін таңда Ә. Бөкейхан еңбектері түгел жиналып біткен жоқ. Олар Мәскеуде, Петербургта, Самарада, Омбыда, Семейде т.б. қалаларда шыққан мерзімді баспасөз беттерінде, түрлі мұрағат қойнауларында жатыр. Бұларды тұтас жинап бастыру бір іс болса, Әлиханның тарих, этнография, статистика, экономика, саясат, әдебиет туралы еңбектерін түбегейлі зерттеу, диссертациялар, монографиялар жазу екінші іс екені хақ.

«Алаш» қозғалысы жетекшісінің іс-қимылы мен рөліне қазақтың қазіргі заманғы тарихында алғаш рет, 1920 жылдары Қошмұхаммед Кемеңгерұлы «Қазақ тарихынан» деп аталатын тарихи очеркінде: «Үкіметтің қара қуғын жасаған күндерінде айдауына да, абақтысына да шыдап, ел үшін басын құрбан қылған ат төбеліндей ғана азамат тобы болды. Бұл топты баулыған – Әлихан», – деп жазған еді [4, 5 б]. Ал, ХХ ғасырдың басындағы қазақ тарихын зерттеген Оксфорд және Сорбонна университетінің профессорлары Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш қозғалысының ісіне "Мәдени ренесанс дәуірі" деген баға берді. [5, 26 б]. Өйткені, «Алаш» азаматтары сол тұста кездескен қиындықтардың барлығын жеңді, түпкі мақсатқа жету үшін, қандай да болмасын, замана сауалының оңтайлы шешімдерін таба білді. Алаш қозғалысы совет өкіметі тарапынан терістелгенімен, оның идеялары ұлтжанды азаматтардың жүрегі мен санасында өмір сүріп келді. Оның жарқын әрі бұлтартпас мысалы - тәуелсіздіктің қарсаңында Алаш идеясының қайтадан жаңа күшпен жаңғыруы. Ес жиып, етек жапқан бүгінгі күнде алаштық идея саналы қазақ баласын, елжанды қазақ азаматын қайтадан баурап алуда. Мұның басты себебі, Алаш қозғалысының ең ұлы мақсаты - ұлттық тәуелсіз мемлекет құру идеясымен сабақтасып жатқанында екенін мойындауымыз керек. Алаш қайраткерлері ту еткен ұлттық сананы көтеру, одан туындайтын қазақтың тілі мен тарихын, өнері мен мәдениетін қазақ ұрпағының бойына сіңіру сияқты іргелі мәселеде Алаш зиялыларының сан-салалы мұрасынан, олардың ерен іс-қимылдарынан алар тағылым мол. Сондықтан да Алаш қозғалысына өткен дәуірдің тарихы ретінде ғана қарамай, оны бүгінгі заманымызбен үндес өміршең көзқарастар жиынтығы ретінде бағалап, яғни бүгінгі тәуелсіздік мұраттарымен сабақтасып жатқандығына мән беріп, одан өрісті өнеге, ғұмырлы ғибрат алғанымыз ләзім. Ал бүкіл қазақ даласын осыдан бір ғасырдай уақыт бұрын Алаш рухына бөлеген қазақ ұлдары аманатының жөні бөлек. Біздің ата рухы алдындағы адалдығымыз бен перзенттік парызымыз Алаштың аманатын санамызға сіңіру, соған лайық еңбек ету, өткенге құрмет көрсету. Ал құрметтің ең қастерлісі - Алаш идеясын ұрпақ бойына сіңіру. Алаш идеясы - ұлтты біріктіруші, тұтастырушы идея ретінде қашан да қазақпен бірге жасайды десек, онда сол орасан мақсатты орындау үшін қазақтың тілі мен мәдениеті, өнері мен әдебиеті, тарихы мен салт-дәстүрі, айналып келгенде, қазақты ел ететін, мемлекет ететін рухани олжасы екенін естен шығармағанымыз абзал.

Әдебиеттер:

1. Ә. Бөкейхан шығармаларының толық жинағы 1-том. Астана, 2009;
2. Мырзатай Жолдасбекұлы. Елтұтқа Астана «Kul Tegin» баспасы 2001;
3. «Жалын» Республикалық әдеби-көркем және әлеуметтік журнал. №10, 2016;
4. «Әлихан Бөкейхан». Энциклопедия/Бас.ред. Ж.Тойбаева. Алматы, 2018;
5. Сұлтан Хан Аққұлұлы. Әлихан Бөкейхан. Қазақ жерінің жоқшысы. 1-т. Шымкент, 2016.

XX Ғ. БАСЫНДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ДАМУ КЕЗЕҢІНДЕГІ АЛАШ ӨКІЛДЕРІНІҢ САЯСИ ҚҰҚЫҚТЫҚ ИДЕЯЛАРЫ МЕН ҚЫЗМЕТТЕРІ

Бақтыбеков М.Б.,

*мемлекеттік құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, құқық магистрі.
Семей қ. Қазақстан. Alikhan Bokeikhan University,*

Қазақстан Республикасы әлемде территориясы жағынан тоғызыншы орын алатын, табиғи ресурстарға бай, халықаралық қауымдастықтың толыққанды мүшесі болуды көздейтін, құқықтық және демократиялық даму жолындағы мемлекет. Ел болып қалыптасуымыз және бүгінгі жетістіктерімізге жетуде белгілі-бір тарихи тұлғалардың, тарихи дамудағы оқиғалар мен кезеңдердің, ұлттық мақсат-мүдделеріміздің орны ерекше. Кез-келген мемлекеттің қалыптасуы, конституциялық дамуы тарихи жағдайлармен жүреді. Ал тарихи жағдайларға, қоғамның сұранысына сол халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық құндылықтары, мәңгілік армандары ықпал етеді. Қазақ елі үшін де азаттық, еркіндік, бостандық, ар-намыс, бірлік, т.б. идеялар (құндылықтар) сонау сақ, түркі дәуірінен бастау алып, жалғасын тауып отырды. Қазақ елінің қалыптасуында бұл құндылықтар бір сәт өзектілігін жойған емес. «Кез келген тарихи үрдістің дамуында конституционализм дәстүрлі қоғам мен заманауи (жаңашыл) жүйенің трансформациясында қалыптасады. Сондықтан конституциялық дамуда тарихи негіздерді ескеру аталған құқықтық құбылысты жақсы түсінуге мүмкіндік береді» [1, 139 б.].

Сонау қазақ хандығынан жалғасын тапқан құндылықтар XX ғ. басында тағы бір бекемдеуді қажет етті. Ол қазақ мемлекеттігін айқындау, территорияны белгілеу, егемен ел болу, мемлекет үшін қажетті аппарат пен билік жүйесін құру, мемлекеттік және құқықтық тетіктерді жетілдіру, құқық жүйесін қалыптастыру, ресейдегі бүкіл ұлттардың құқықтарын тең ету, адам құқықтарын қорғау, құқықтық сана мен мәдениетті қалыптастыру сияқты өзекті мәселелер болды.

Қазақ халқы екі ғасырдай өзінің егемендігінен айырылып Ресей Империясының құрамында болды. Бұл кезеңде конституциялық дамуы қайшылықтар мен күрделі процестерге толы болды. Ең алдымен тәуелсіздігінен айырылуы, мемлекеттік басқару патшалық ресей билігімен жүргізілді, мемлекеттік билікке жергілікті халықтың араласуы шектелді, ата қонысынан айырылды, адами құқықтары шектелді, т.с.с. жағдайлар қазақ мемлекеттігінің дамуына тұсау болды. Ұлт болып ұйысуына, мемлекет болып қалыптасуына қауіп төндірді.

XX ғ. басында жалпы әлемде мемлекет пен қоғамның дамуының (конституционализмнің) жаңа басымдықтары анықталып жатты. Бұл объективті процесстер Ресейге және оның құрамындағы мемлекеттерге ықпал етті. Бұл кезеңде әлемдік конституционализмде (мемлекет пен қоғам дамуында) абсолютизмді шектеу (монарх билігін), биліктің тармақтарға бөлінуі, заң үстемдігі, конституциялық бақылау, адам құқықтары, адамның саяси құқықтары, ұлттардың өзін өзі басқаруы (егемендігі) сияқты үрдістер болды. Бұл Ресейде өте белсенді жүрді. Жоғарғы патшалық билікті шектеу мен демократиялық мемлекеттік құрлымды бекітуге ресейдегі патшалық аппарат жетекшілерімен бірге демократиялық көзқарастағы топтардың бағыттары еді[2]. Осы саяси-құқықтық процестерде қазақ елінің де мемлекеттік мәселелері қатар жүрді. Қазақ даласын оятатын, олардың мәселелерін орталық патшалық үкіметке жеткізетін көзі ашық азаматтар белсенді болып, талай жылғы халықтың арман-тілегін орталыққа жеткізді. Сонымен қатар әлемде болып жатқан объективті процестерден қалып қоймай, мемлекеттілікті қалыптастыру бойынша, халықтың сауатын ашу мен әлеуметтік экономикалық мәселелерін көтерген азаматтар тобы қалыптасты. Ол алаш қозғалысы мен алаш идеясы.

Бүгінгі Қазақ елінің мемлекет болып қалыптасуы мен дамуына алаш қозғалысының және алаш өкілдерінің қосқан үлесі баға жетпес. Европа және Ресей мәдениеті мен ғылымымен жете таныс алаш өкілдері қазақ даласына XX ғ. әлем мен қазақ үшін өзекті

мәселелерін әкеліп, ұлтқа қозғау салып, ұйымдастырып, әлемдік көштен қалмаудың қамын жасады. Европалық ғылым мен мәдениетпен жақсы таныс алаш өкілдері елді жан-жақтылы дамыту арқылы болып жатқан процесте үлес алуымызды қамтамасыз етті. Қазақ елінің ғасырлар бойы қалыптасқан құндылықтарын (елдік, мемлекеттік идеясын) бекемдей отырып заманауи европалық мәдениет пен саяси процестердің негізінде жалғастыра білді. Азаттық, еркіндік идеяларын халық арасында ояту арқылы, партия құру, өз үкіметін құру, шекарасын анықтау, заң шығарумен патшалық ресей билігіне ұйымдасқан ұсыныстар жасады.

Алаш қозғалысы жетекшілері мен өкілдерінің басты бағыттарының бірі мемлекеттілікті айқындау жұмыстары болды. 1917 ж. 5-13 желтоқсанда Орынбор қаласында өткен II-ші жалпықазақ съезінде «Алаш автономиясы» деп аталатын ұлттық мемлекеттің құрылғандығын жариялады. «Алашорда- Халық Кеңесі үкіметін алып келген жалпыұлттық күрестің басында ұлттық интелегенция тұрды. Олардың ортақ түсінігі бойынша отарлық езгі мен феодалдық мешеулік жағдайында ұлттық мүддені қорғап, қазақ елін басқа өркениетті елдер қатарына алып шығатын жалқы жол – ұлттық мемлекеттік құрылымның болуы еді. » [3, 5 б.] Мемлекеттің негізгі сипаты оның территориясы болмақ. Бұл мәселе Қазақ мемлекеттің тарих сахнасындағы ең өзекті мәселесі дер едім. Ресей империясының құрамындағы Қазақ елінің территориясын анықтау Алаш арыстарының еңбегі екендігін айтуымыз керек. Алаш идеясының негізінде қозғалған ұлттық мәселе ұлттың ұйысуы мен жер мәселесін шешуге деген батыл қадамдарын көрсетті. Қазіргі Қазақстан Республикасының бұрынғы түркілерден, Ақ Ордадан мирас болып қалған ұлан байтақ жеріне барынша ие болуы алаш ұландары болмағанда кім біледі? Мүмкін барымыздан айырылатын едік. Алаш идеясы қазақ елінің арман-тілегін көтере біліп, ұлттың езгіден босауына, өз алдына мемлекет болуына деген ұстанымдарын танытты.

1896 ж. Половцев, Ф.Щербин патша үкіметінің тапсырмасымен қазақ жерін зерттеу мен оның жер жағдайын бағдарлап, ішкі ресейден шаруаларды қоныстандыру бойынша жұмыстарды жүргізу үшін экспедициялары ұйымдастырылды. Әлихан Бөкейханұлының осы экспедицияның біріне қатысуы қазақ елінің жер мәселесімен терең танысуына мүмкіндік берді. Осының арқасына патша үкіметінің саясатының қауіпті екенін түсінді, себебі жергілікті ұлт өздерінің ата қоныстарынан айырыла бастады. «1864-1885 жылдары Оралдың шығыс жағына 300.000 адам қоныстанса, 1885-1910 ж.ж. 2,5 миллион адам қоныстанды.» [4, 36 б.] «1908 жылға дейін қазақтан мұжыққа 4 миллион десятина жер алынып берілсе, 1913ж. дейін 6 миллион десятина жер алынды» [5, 95 б.] Осындай жұмыстарға қатыса отырып жер мәселесіне қанық Ә.Бөкейханов пен алаш қайраткерлері қазақ жерінің картасын сызуда ұлттық мүддені, қазақ жерін қорғай білді.

Патшалық отарлаумен күресу үшін ұлт зиялылары ұлттық қозғалысқа саналық, ұйымдасқан сипат беруді қарастырды. Осы салада халықтың көзін ашу үшін, маңайда не болып жатқандығымен таныстыру үшін газеттер шығарып, халыққа білім беруге де ден қойды. «Қазақ», «Айқап» газеттерінде елдікке қатысты мақалалар жазылып, халықтың саяси сауатын ашты. Сонымен бірге жалпы қазақ съезімен алаш партиясы құрылып, халықтың демократиялық көзқарастарын қалыптастырып, патшалық билікке ұлттың мүддесін жеткізді. «Күннен күнге күшейіп келе жатқан отарлау саясатынан қазақ елін құтқарудың, өзін-өзі басқарудың сан жолын қарастырған алаштықтар, ең алдымен идеологиялық жұмыстарын жүргізіп, болып жатқан жағдайларды халыққа жеткізіп отырды, күрес шараларын жүргізді» [6, 90 б.]

Алаш партиясының бағдарламасын қабылдау арқылы ұлттық мемлекет құрудың негіздері мен оның басты құрлымдары анықталды. Ең алдымен «Ресейдің демократиялық, федерациялық республика болуы. Демократия мемлекетті халық билеуін көрсетсе, федерация құрдас мемлекеттердің бірлесуі» [7, 259 б.]. Бағдарлама негізінде Құрылтай Кеңес пен Мемлекеттік Дума Президентті сайлайтыны, Президент халықты Министрлер арқылы басқаратыны, Министрлер Құрылтай Кеңес пен Мемлекеттік Дума алдында жауапты болатыны анықталды. Сайлауға барлық адамдар дініне, қанына талғаусыз тегіс, тең қатысатыны белгіленді. Заңды тек Мемлекеттік Дума ғана шығара алатыны, үкімет үстінен

бақылау жасайтыны, қазақ халқы Ресей құрамындағы автономия болатыны, Республикада барлық адамдар тең құқылы болатыны, жиылыс жасауға, жария сөйлеуге, газет пен кітап шығаруға еркіндік, адамның рұқсатынсыз оның табалдырығынан аттамаушылық, кінәлі істердің барлығы тек сотпен шешілуі, ғылым мен білім үйретудің жалпы, тегін, шектеусіз болуы сияқты мәселелерді бекітті.

Алаш зиялыларының патшалық ресей билігіне және кеңес билігіне қазақ елінің мәселелерін жеткізуі жан-жақты жүрді. Ең алдымен саяси қызметтері арқылы Мемлекеттік Думадан бастап жергілікті билікті ұйымдастыруға дейін араласып, демократиялық және ұлттық ұстанымдарды жүзеге асырды. Сонымен қатар қазақ халқының жаһандық жағдайдағы сауатын ашып, саяси құқықтық мәдениетін көтеріп, ұлттық мүддемен санаса отырып мемлекеттік биліктің құрылуын қамтамасыз етті.

Санкт-Петербургта, Орынборда, Омбыда оқыған еропалық және ресейлік ғылым мен мәдениетке сусындаған Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсын, М.Дулатұлы, т.б. алаш қозғалысының өкілдері қазақ даласына әлемдік мәдениет пен өзгерістерді уақытында жеткізді.

Алашорда ұлттық автономиясының құрылуының арқасында ғана қазіргі қазақ мемлекетінің іргетасы ХХғ. заңды түрде бекітіліп, шекарасы сызылып, тарихтағы үлкен маңызы бар саяси құқықтық оқиға болды. Негізгі мемлекеттік алғышарттардың анықталуы мен заңды түрде бекітілуі, ондағы саяси-құқықтық процестердің жүруі әлемдегі конституционализм үрдісінің даму аясында өтті және өз нәтижесін көрсетті, бірақ алаш арыстары осы үшін басын бәйгеге тікті.

ХХғ. басындағы Ресей Федерациясы мен оның құрамындағы ұлттар үшін басталған демократиялық өзгерістерде конституционализмнің негізі болатын мемлекет, мемлекеттік билік, халық билігі, билік тармақтары, одақтас ұлттық республикалар, әр халықтың өзін өзі басқаруы, Конституция, заң, адам құқықтары, теңдік, әділдік, бостандық, саяси жүйе мен партия т.с.с. мәселелер көтерілді. Қазақ жерінде аталған мәселелердің орындалуы мен жүзеге асуында алаш өкілдерінің батыстық демократиялық жағдайды жақсы білуі өзінің жемісін берді. Алаш өкілдерінің көреген саясаты мен қайраткерлік қызметтері болмағанда қазіргі Қазақстанның болуы, бүгінгі дәрежесінің сақталуы қиын еді.

Әдебиеттер:

1. Е.М.Михайлова.первый опыт становления российского конституционализма в начале XX века. Марийский юридический вестник. Чебоксарск. 2011. Выпуск 8., 138-142 С. <https://cyberleninka.ru/article/n/pervyy-opyt-stanovleniya-rossiyskogo-konstitutsionalizma-v-nachale-xx-veka/viewer> (қаралған күн 01.04.2023)
2. Аманжол Нурмагамбетов. Истоки казахстанского конституционализма. <https://kazpravda.kz/n/istoki-kazahstanskogo-konstitutsionalizma/> (қаралған күн 01.04.2023)
3. М.Қойгелдиев. Бөкейханов Ә. Шығармалар. -Алматы: Қазақстан. 1994.-384 бет.
4. Вопросы колонизации. 1912, №11. С.36. Бөкейханов Ә. Шығармалар. -Алматы: Қазақстан. 1994.-384 бет.
5. Қазақ. Қыр баласы. «Қазақ», 1913, №8. Бөкейханов Ә. Шығармалар. -Алматы: Қазақстан. 1994.-384 бет.
6. М.Қойгелді. Әлихан бөкейхан: Таласып тартыспаған кісіге де, халыққа да бәйге жоқ. Алаш-таным. Ғылыми мақалалар жинағы. 1-том. –Семей, 2012, -420 бет
7. Алаш партиясы бағдарламасының жоспары. Бөкейханов Ә. Шығармалар. -Алматы: Қазақстан. 1994.-384 бет.

**АЛАШ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ ӘЛИХАН
БӨКЕЙХАН БАСТАҒАН ҚАЗАҚ ОҚЫҒАНДАРЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ
КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ**

Жақашев Д.Қ.,

*тарих мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі,
Абай облысының Семей қаласы білім бөлімінің «№23 жалпы орта білім беретін
мектебі» КММ, тарих пәнінің мұғалімі, Семей қаласы*

Зерттеу жұмысымның осы бір тарауын ата-бабасының толарсағынан қан кешіп жүріп қорғаған Елі мен Жерін, қаламсабына қан қатып отырып жау тырнағынан арашалаған Әлиханның Бөкейхановтың өз мақаласында қазақ оқығандары туралы айтқан құнды пікірлерімен бастағанды жөн санадым. Алаш қозғалысының негізін салушы ұлт зиялысы «Қазақ оқығандары» атты мақаласында: «Қай жұрттың болсын болашақ тұрмысына ерік беріп, жаңалық кіргізетіні, халықтың ұлғайып кеңеюіне кедергі болатын зиянды ғұрып-әдетін, қараңғылығын жоятын жолбасшы көсемі – сол халықтың өз арасынан шыққан оқығандары. Қараңғы халықтың тұрмысын гүлдендіріп, жарыққа шығаратын да, халықтың еңсесін құрытып, ұйқыға салатын да – оқығандар. Оқығансыз қара халық ешқайда бармақшы емес. Сондықтан оқыған деген сөз түсініп бағалай білген кісіге зор, терең мағына иеленбекші» дей келе, жалпы қазақ халқының «оқыған» туралы ұғымын былайша саралайды: «Оқыған деген сөз не мағынада? Оқыған адам деп шын мағынасында қандай адамды айтуға керек? Әрине, бұл сұрауларға әр халық өз ұғымының дәрежесіне қарай жауап береді. Мысал үшін біздің жалпы қазақ халқының оқыған туралы ұғымын алайық. Қазақша «оқыған» – ақтан қараны тани білсе, оңған сырылға қағаз бетіне із сала білсе, сыртқы сипаты оқыған адамдар осылай болатын шығар-ау деген ұғымына тура келсе, болмаса біреу араларынан шығып, 4-5 жыл бөтен жақта жүріп сыртын бояп «оқыдым» деп қайтып келсе, не болмаса – біреулер үстел артында отырып мекемелерде қызмет істеп жүрген болса, осылардың бәрі де жалпы жабайы халықтың көзінде «оқыған» болып табыла бермекші. Халықтың «оқыған» дейтін адамдарының көбі осы жоғарғы айтылған адамдар. Қара халықтың оқығаннан күтетін жақсылығы да жоғарғы ұғымнан ұғымына түстес келеді. Басына іс түсіп, сорлы болып дауға ұрынса, я болмаса басқа да сол сияқты оқығанға тіленетін істерге кездесе, сол уақытта оқығанды қажет ескереді». Одан әрі оқығандардың бойынан табылуға тиіс қасиеттерді тізбектейді: «...Оқыған адамдарда ең бірінші қасиетті сипат сол – алдымен оларда дүниеден қараған бір белгілі көзқарасы болады, нық бекіген бір мақсаты болады. Айнымайтын бір белгілі идея меншіктенеді. Міне, бірінші оқығанның сипаты осы болса, төменгі айтылған сипаттар өздігінен туа бастайды. Яғни оқыған адамдар, жоғарғы айтқандағыдай өмірі аз, байлық, билік, дәрежені олар мақсат қылмайды һәм ондайларды олар бақ-дәреже деп танымайды, мақтану үшін іс қылмайды, сыртқы бояуға масаттанбайды. Анық әділдік, адамдығына жұрт сенеді. Мынау былай шығар-ау деп айтудан тіл күрмеледі. Жат-жақын, туған-туысқан демейді. Өзін адам баласы үшінмін деп, өзі үшін өзгені құрбан қылмайды. Өзін-өзі күзетеді, сырқ жалын айқайды қолданбайды, «ақырын жүріп анық-анық бас, еңбегін кетпес далаға» дейді. Шын досынан айнымайды, басқаға кек сақтап, дұшмандық ұрығын шашпайды. Болашаққа үлгі болуды мақсат қылады» [1; 4 б.].

XX ғасырдың алғашқы онжылдығы Ресей империясындағы қазақ және басқа да түркі халықтарының ұлттық бірегейлігінің тез өсу кезеңі болды, бұл қоғамдық-саяси өмірдің белсенуінен, мәдени прогресс, ұлттық тілдердің қалыптасуынан, әдебиет пен баспасөздің дамуынан, жаңа идеологиялық концепциялардың таралуынан (пантүркизм, панисламизм, пантуранизм), реформаторлық қозғалыстардан (джадидизм) көрініс тапты. Патша үкіметі ең аз деңгейде болса да ықпал жасап, өлкені басқаруды тиімді ету үшін қалыптастыруға мәжбүр болған қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси көзқарастарының айқындалуы әр түрлі факторлардың әсер етуімен жүріп жатты. Бұл ең әуелі буржуазиялық өмір салты элементтерінің қалыптасуы, этникалық бірігу үрдісінің жеделдеуі мен халық сана-сезімінің өсуінің шарты болған қазақ қоғамының дәстүрлі мәдениеті мен оның ішінде болып жатқан

әлеуметтік-экономикалық өзгерістер еді. «Өзге халықтарға» қатысты патшалық биліктің орыстандыру саясаты және оның салдарынан жұмысшылардың, әсіресе жерді пайдалану саласындағы жағдайының күннен-күнге нашарлауы, олардың құқықтарының жоқтығы, қанаушылық пен кедейлік, білімнің өте төмен деңгейі, басқаруды ұйымдастырудың халыққа қарсылық сипаты, соттың консерватизмі және т.б. халық бұқарасының наразылығының арттырып, осы жағдайға анағұрлым даяр болған әлеуметтік таптың қоғамдық-саяси қызметі арқылы көрініс тапты [2; 38 б.].

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезі қазақ халқының интеллектуалдық күштерінің дамуындағы жаңа кезең болды.

Революцияға дейінгі Қазақ өлкесіндегі мұсылман мектептері мен медреселерінде, немесе «орыс-қазақ», «бұратаналық», ауылдық мектептерде бастауыш білім алып шығуға болатын еді. Мұсылман мектептері мен медреселері байырғы ұлттардың балаларына білім мен тәрбие берудің негізгі, ал Ресей отарлауы басталғанға дейін негізгі буындары болды. Осы мектептер мен медреселердің басты мақсаттары діни білім беру болса да, олардың оқу бағдарламаларында зайырлы пәндердің де үлкен орын алғанын атап өткен дұрыс. Оқыту мен тәрбиелеу әдістерінің үлкен кемшіліктеріне қарамастан, бұл мектептер мен медреселер мешіттің ғана емес, сонымен бірге қоғам мен мемлекеттің мүддесіне де қызмет атқарды. Медреселердің оқу бағдарламаларына мынадай пәндер топтамасы енгізілген: 1) араб тілі, араб риторикасы, морфология, этимология, грамматика, синтаксис, араб тарихы, Құран оқу жөніндегі ғылым және ғылыми-мәдени пікірталастар; 2) дін ілімі мен құқықтану - Құранның мазмұны мен маңызы, құқық, діни ережелер, мұраны бөлу тәртібі туралы ілім, заңтану негіздері; 3) логика, философия, география, математика, астрономия, химия және жаратылыстану ғылымдары [3; 127 б.].

Дәстүрлі мектептердегі оқуды бітіргеннен кейін қазақтар өз балаларын шәкірттерді жаңа әдіспен оқытатын Уфадағы «Ғалия», Орынбордағы «Хусаиния», Троицкідегі «Расулия», «Уазифа» сияқты ірі медреселерге оқуын жалғастыруға жіберетін.

Басқаларымен салыстырғанда, «Ғалия» медресесінде мына пәндер: шығыс тілдері, логика, философия, тарих, математика, география, орыс тілі, адам физиологиясы оқытылатын. Бұл медресенің қабырғасында 300-ден астам қазақ баласы білім алды. Олардың арасында қазақтың белгілі зиялылары, жазушылар Б.Майлин, М.Жұмабаев, педагог-ақын Т.Жомартбаев, М.Оразаев, Н.Манаев, Ж.Тілепбергенов, М.Тұрғанбаев, Ғ.Қайыров, Ә.Сұлтанов және басқалар бар.

Медресенің тәрбиеленушілері озық демократиялық идеялардың ықпалына түсті. Олар ескі оқыту әдістеріне, артта қалушылық пен надандыққа қарсы шықты. Шәкірттер арасында ұлтты түлету, өз елінің тарихын, әдебиеті мен тілін оқып-үйрену, зерттеу идеялары кең таралды. «Ғалия» медресесінің қазақ шәкірттері жастарды әдебиетке тарту мақсатымен 1916 жылдан қолжазба «Садақ» журналын шығарып тұрды. «Садақ» журналы апта сайын шығарылды, оның редакторлары сол жылдары медреседе оқып жүрген Б.Майлин мен Ж.Тілепбергенов болатын. «Садақ» журналы елді жаңғыртуды қазақ әдеби тілін дамыту, ұлттық әліпбиді қалыптастыру, ана тілінде оқулықтар шығару проблемасымен ұштастырды. Елдің көзін ашып, рухани түлеуге үндеген озық ойлы жас зиялы азаматтардың соңына түскен полициялық бақылаудың құпия хабарында былай деп жазылған: «Олар қазақ тілінде теріс бағытта шығарылған, Уфада басылған кітапшаларды әкеліп, халық арасында таратады. Кітапшалар арасынан: «Оян, қазақ!», «Тұр, қазақ!» және «Маса» мысалдар жинағы мәлім, аталған басылымдарда қырғыздардың (қазақтардың) құқықсыз ауыр жағдайы туралы айтылады, аграрлық мәселе қозғалып, қазақтардың пайдалануындағы жер мөлшерінің тарылғаны көрсетіледі» [4; 719,720 б.].

Патша үкіметі осындай оқу ордаларын Ресей мемлекетінің дұшпаны деп бағалап, олардың түркі тілдес халықтарға ықпалын азайтуға бар күшін салды. Ішкі істер министрінің облыс губернаторына 1911 жылдың 12 желтоқсанда жазған құпия хатта былай жазады: «Ресейдегі кейбір мұсылман діни-оқу орындары, мысалы, Қазан қаласындағы жаңа әдістемелі Галеев медресесі, Орынбордағы Хусаинов медресесі және Уфа қаласындағы

Ғалия медресесі, тәжірибенің көрсетіп отырғанындай, осы училищелерде қалыптасқан жалпы бағыттың арқасында жеткілікті дәрежеде сенімді деп санауға болмайтын молдалар оқытып шығаратынына Сіздің назарыңызды аудару қажет деп есептеймін» [5; 55 п.]

Патшалық үкімет қазақ халқының ішінде оқу-ағарту ісін бастауыш білім берумен, яғни орыс тілі мен арифметиканың қарапайым амалдарын үйретумен шектеу жеткілікті деп есептеді, ал орта білім мен жоғары білім беруге мүлде қарсы болы. Отаршыл үкімет мекемелері бастауыш мектептерді қазақ балаларының толыққанды әрі жан-жақты оқуы үшін емес, болыс басқарушыларының жанындағы тілмаш, сұлтандардың іс жүргізушілері және т.б. жұмыстарды атқаруға жарарлық аздаған білім беру үшін ғана ашқан болатын. Патша үкіметінің қазақтарды бастауыш оқу орындарына тартудағы көздеген мақсатын осылайша түсіндіруге болады.

Патша үкіметі қазақ халқы арасынан өзіне сенімді тірек жасауға, әкімшілік аппарат үшін, сондай-ақ орыстандыру рухында ағартушылық қызмет атқаратын сенімді кадрлар даярлауға ұмтылды. Оқу бағдарламаларының мазмұны да қазақ халқының экономикалық және мәдени дамуы мүдделерін негізге алмай, отаршыл әкімшіліктің қажеттері мен талап-тілектеріне бейімделді. Орыс өкімет орындарының мұндай кертартпа саясаты бүкіл отарлау кезеңінде Қазақстанда бірде-бір жоғары оқу орнының ашылмауына әкеп соқты. Отаршыл әкімшіліктің қазақ балаларын орта және оның үстіне жоғары білім алуға жібермеу ниеті ұлттық сана-сезімнің өсуінен, қазақ халқының отаршылдық режимге қарсы ұлт-азаттық қозғалысының өрлеуінен қорқу, сондай-ақ ұлт зиялыларының пайда болуына жол бермеушілік туғызған еді [4; 720,721 б.].

Бұратана халықтың балалары түсе алатын тұңғыш орта оқу орны Орынбор қаласындағы Неплюев әскери училищесі еді, ол кейінірек Орынбор кадет корпусы деп аталды. 1825-1866 жылдары Орынбор кадет корпусын 35 қазақ тәмамдады [6; 6 п.].

Қазақтар оқитын оқу орнының бірі Орынбор гимназиясы еді, 1868-1892 жылдары гимназияда 52 қазақ білім алды [7; 5 п.].

XX ғасырдың бас кезінде қазақтың ішінде «оқығандар» сан жағынан көп болған жоқ. Оның басты себебі – бұл кезеңде Қазақстандағы бірлі-жарым орта білімді мұғалімдер дайындайтын курстар мен училищелер болмаса, арнайы оқу орындарының ашылмауында еді. Түрлі мекемелер мен әкімшілік орындарда қызмет еткен қазақ мамандары, негізінен, Ресейдің оқу орындарында білім алды. Патша үкіметі қазақ халқының жалпы мәдени деңгейінің өсуіне мүдделі болған жоқ, керісінше қараңғылықта ұстау оған пайдалырақ көрінді. Ал XIX ғасырдың соңғы ширегінен бастап қазақ даласында азын-аулақ ашыла бастаған орыс-қазақ мектептері мен гимназиялары жергілікті жұртты «Мұхаммед дінін уағыздаушы молдалардың зиянды ықпалынан» сақтау шін және сонымен бірге «далада орыс ықпалын» жүргізу үшін керек болды. Сонымен бірге отаршыл әкімшілік ресейлік оқу орындарынан бірлі-жарым орынды қазақ жастарына да бөлуге мәжбүр болған. Мұндай шараға ол жыл өткен сайын өсе түскен басқару жүйесінің ұлттық кадрларға мұқтажын қанағаттандыру үшін барды. Осы мақсатта генерал-губернаторлықтар кеңсесі жанынан қазақ студенттеріне жылына 3-4 стипендия белгіленіп отырды. Міне, осы белгіленген қаржыға сүйеніп, қазақ жастары Мәскеу, Петербург, Қазан, Орынбор, Омбы, Варшава сияқты қалаларда түрлі мамандықтар бойынша білім алды [8; 109 б.].

Қазақ интеллигенциясын қалыптастыруда Петербург, Москва, Варшава, Қазан университеттері мен басқа да жоғарғы оқу орындары, сондай-ақ Сібірдің жоғарғы және арнаулы орта білім беретін оқу орындары да айтарлықтай рөл атқарады [9; 32 б.].

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде қазақ жастары үшін Қазан қаласы үлкен білім орталығы болды. Талантты ғалым Б.Кенжетәевтың нақты деректік материалдарға негізделген көрсетулеріне қарағанда 1877-1917 жылдар аралығында Қазан университетінде 37 қазақ жастары оқып, олардың 20-сы бұл оқу орнын сәтті аяқтап шыққан. Аяқталғандардың 15-і заң, ал 5-уі дәрігерлік факультеттерде оқыған [10; 30 б.].

Қазан университетін осы мезгілде аяқтаған жастардың арасында XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі қоғамдық-саяси оқиғаларға белсене араласқан Ахмет Бірімжанов,

Мұхамеджан Қарабаев, Әбубәкір Алдияров, Садық Аманжолов, Базарбай Мәметов, Иса Қашқынбаев, Шафкат Бекмұхамедов, Уалидхан Танашев, Жансұлтан Сейдалин сияқты қайраткерлер болды.

Қазақ жастары үшін есігі ашық оқу ордаларының бірі Қазан малдәрігерлік институты болды. Бұл империяның шығыс бөлігіндегі малдәрігерлік мамандық беретін жалғыз оқу орны еді. Торғай облысынан келіп 1881 жылы бұл институтты аяқтаған М.Ақтанов болды. Ал 1887-1917 жылдар аралығында мұнда 18 қазақ жастары білім алған, оның 15-і оқуларын аяқтап шыққан. Оқу кезінде шәкіртақы оларға Торғай, Семей, Орал, Жетісу облыстарынан және басқа қаржы көздерден берілген. Институттың түлегі Есенғұлов Түбек 1916 жылғы Жетісудағы белгілі оқиғалар кезінде қоғамдық қызметімен көзге түседі. 1894-1908 жылдар аралығында 27 қазақ жастары Қазан мұғалімдер семинариясында оқып, олардың 19-ы толық курсты аяқтаған. Семинарияны аяқтағандардың арасында С.Меңдешев, М.Тұңғачин, Н.Залин, М.Сатбаев сияқты ғасыр басындағы қоғамдық өмірде белсенді қызметімен танылған кісілер бар еді [8; 110 б.].

XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының үлкен бөлігі осы Қазан қаласы оқу орындарын аяқтаған мамандардан тұрды. Б.Кенжетаетовтың есебі бойынша жоғарыда аталған Қазан оқу орындарында 1877-1917 жылдар аралығында барлығы 82 қазақ жастары оқып, олардың 54-і белгілі бір кәсіп иесі ретінде диплом алған [10; 51 б.].

Осы кезеңде жоғары медициналық білімі бар алғашқы қазақ дәрігерлері шықты. Олар негізінен Қазан, Саратов, Томск, Мәскеу университеттерінде, сондай-ақ Санкт-Петербургтің әскери-медицина академиясы мен университетінде білім алды. Мәселен, 1868-1913 жылдарда Қазан университетінің медицина факультетін қазақтың 30 жас дәрігері бітіріп шыққан. Қазан университетінің медицина факультетін 1887 жылы бітірген алғашқы қазақтардың бірі Мұхамеджан Қарабаев болатын. Оны бітіргеннен кейін ол Қостанайда, Торғай облысының Ақтөбе, Ырғыз уездерінде дәрігер болып істеді. 1892 жылы М.Қарабаев медициналық қызмет көрсету саласындағы патшалық саясатты сынағаны үшін Орынбор әкімшілігінің қырына ілігіп, аз уақытқа Самараға кетуге мәжбүр болды. Содан соң Ырғыз уезінде дәрігер болып жұмыс істей жүріп, өлкенің қоғамдық өміріне белсене қатысты. 1895 жылы ол Торғай комитетінің толық мүшесі болып сайланды, орыс дәрігерлерімен бірге медициналық қызмет көрсетуді түбірінен өзгерту және қазақ халқы арасынан медицина кадрларын даярлау жолында күресті.

Революцияға дейінгі Қазақстандағы оба ауруының тұңғыш маманы М.Шомбалов - 1899 жылы, Ә.Алдияров - 1904 жылы Қазан университетінің медицина факультетін, Н.Ипмағамбетов Санкт-Петербург медицина академиясын 1911 жылы бітірді. Олар қазақ халқына медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыруда көп іс тындырды, сондай-ақ Қазақстанның қоғамдық өміріне белсене қатысты. Қазан университеті ұлттық зиялылардың алғашқы кадрларын қалыптастыруда зор рөл атқарды [4; 723 б.].

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде қазақ жастары білім алған ірі орталық, әрине, Петербург қаласы. Империяның саяси оқиғаларға толы астанасында бұл кезеңде, яғни 1889-1894 жылдары Орман шаруашылығы институтында Ә.Бөкейханов, 1900-1905 жылдары Темір жол және көлік институтында М.Тынышбаев білім алды. Қазақ жастары үшін, әсіресе нағыз үлкен білім шаңырағына айналған Петербург университеті еді. Ресей империясында ғана емес, бүкіл Еуропа мәдениеті мен ғылымында өзіне лайық орны бар бұл оқу орнында өткен ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде (1917 жылға дейін) 20-ға жуық қазақ студенті оқып, жоғары білім дипломын иемденді. Олардың қатарында Бақытжан Қаратаев, Бақыткерей Құлманов, Барлыбек Сыртанов, Жаһанша Сейдалин, Айдархан Тұрлыбаев, Жаһанша Досмұхамедов, Мұстафа Шоқаев, Жақып Ақбаев, Райымжан Мәрсеков сияқты XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының саяси өміріне белсенді араласқан қайраткерлер болды.

XX ғасырдың алғашқы он жылдығында Петербург медицина академиясын аяқтағандығы туралы дипломды Санжар Асфендияров, Сәдуақас Шәлімбаев, Халел Досмұхамедов және басқа бір топ қазақ жастары иемденді [8; 111 б.].

Халел Досмұхамедов Санкт-Петербург Императорлық Әскери медицина академиясын 1909 жылы бітірді. Жақып Ақбаев, Бақытжан Қаратаев, Сералы Лапин, Мұстафа Шоқайтар Санкт-Петербург университетінің заң факультетін бітірді. Сәлімгерей Жантөрин, Батырқайыр және Ә.Ниязовтар, С.Нұралыханов және басқалар Санкт-Петербург, Қазан, Томск, Мәскеу университеттерінің заң факультетінде оқып жоғары білім алды.

1902 жылы С.Аманжолов Верный гимназиясын бітіргеннен кейін Қазан университетінің заң факультетіне түсті. Верный гимназиясының басқа да түлектері: Т.Есенқұлов, И.Дүйсенбаев, Ж.Жақыпбаев, И.Жақсылықов Ресей империясының жоғары оқу орындарында оқуға мүмкіндік алды. Жетісу өлкесіндегі алғашқы жоғары білімді қазақ зиялыларының бірі Б.Сыртанов 1891 жылы Санкт-Петербург университетінің шығыс тілдері факультетін бітірді. Осы оқу орнын 1887 жылы Б.Құлманов та үздік бітірген еді.

Ә.Ермеков Семей гимназиясын, содан соң Томск технологиялық институтын, Х.Ғаббаев Мәскеу университетінің физика-математика факультетін бітірген [4; 723 б.].

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялы қауым өкілдерінің негізгі бөлігін гимназиялардың, медициналық училищелердің, мұғалімдер семинарияларының түлектерінен құралды. Олар дәрігер, фельдшер, мұғалім қызметінде, байланыс және банк қызметтерінде, газет-журнал редакцияларында, баспаларда, қоныс аудару және тағы басқа мемлекеттік органдарда істеді. Бұл топтың қатарында А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Е.Омаров, М.Есболов, Т.Шонанов, С.Қадірбаев, Ж.Тілеулин, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, С.Торайғыров, О.Қарашев, С.Досжанов, О.Әлжанов сияқты көптеген белгілі қайраткерлер болды.

Революцияға дейінгі қазақ интеллигенциясы өзінің шыққан ортасы тұрғысынан алғанда әр текті болды: олардың ішінде ақсүйектен, бай-шонжарлар әулеттерінен шыққандармен қатар орта дәулетті отбасылардың өкілдері де, жекелеген қарапайым шаруалардың балалары да болды. Олардың жоғары және орта арнаулы оқу орындарында алған мамандықтары да әр түрлі еді. Олар отарлық қазақ өлкесінің басқару аппаратында түрлі қызмет істеген чиновниктер, денсаулық сақтау саласының қызметкерлері, журналистика, білім беру мен мәдени салада еңбек еткендер және саны жағынан өзге топтардан аз болған инженерлік-техникалық жұмысшылардан тұрды.

XIX ғасырдың соңында, XX ғасырдың бас кезінде қалыптасқан Қазақ интеллигенттерінің тобының басым көпшілігі тек қана бір кәсіби мамандықтың тізгінін ұстаумен шектелмей әмбебап мамандар ретінде қызмет етті: олар оқу-ағарту ісімен де, алғашқы қазақ тілінде басылымдар шығару қам-қаракетімен де, жан-жақты шығармашылық жұмыспен де қатар айналысты. Осылардың барлығына ортақ қасиет, ортақ ерекшелік олардың қазақ қауымының қоғамдық-саяси өміріне белсене араласуы болып табылады. Басқа сөзбен айтқанда, олар XX ғасыр басындағы қазақ қауымының рухани және саяси сұраныстарына мүмкіндігінше толық жауап беруге атсалысты [9; 33 б.].

Сонымен бірге, Алаштың болашақ жетекшілерінің идеялық-саяси тұрғыда қалыптасуына Ресейдің жоғары оқу орындарында оқып, ең кең мағынасында еуропалық және ресейлік мәдениетпен танысуы аса маңызды рөл атқарды. Мәселен, Қазан университетінің заң факультетінің түлегі У.Танашев 1909-1910 жылдары Францияда, Италияда, Швейцарияда Германияда, Австро-Венгрияда болып қайтқан. Қазақ зиялы қауым өкілдері өздерінің дүниетанымының қалыптасу кезеңінде империяның қоғамдық және мемлекеттік өміріндегі ірі оқиғаларға, Ресейдің саяси партиялары мен ұйымдарының туып қалыптасуының куәгерлері болды. Олардың көпшілігі азаттық қозғалысының негізі ретіндегі национализмге мұсылман (У.Танашев, Ә.Бөкейханов), эсер (М.Тынышпаев), кадет (Х.Досмұхамедов, Ж.Сейдалиев, Ә.Бөкейханов) ұйымдардың жұмысына қатысуы арқылы келді. Қазақ қоғамының өмірінде дәстүрлілік пен батыс демократиясының бастауларымен, жалпыадамзаттық жетістіктермен ұштастыруға ұмтылыс олардың анаұрлым сипатты белгісі болса керек [2; 38,39 б.].

Қазақ жастарының біраз бөлігінің үлкен саяси орталықтарда оқып, сол тарихи кезеңде орын алған саяси уақиғаларды өз көзімен көріп, куәгер болуы, қоғамдық жаңғыру

бағытына бет алған орыс қоғамындағы демократиялық күштер мен ағымдардың әсерін басынан өткеруі олардың қоғамдық көзқарастарының жетілуіне, саяси белсенділіктерінің арта түсуіне ықпал етпей қоймады.

Мұрағат және басқа деректер студент қазақ жастарының қоғамдық белсенділіктерінің аса жоғары болғандығын көрсетеді. Мәселен, Петербургтегі Орман шаруашылығы институтының студенті Ә.Бөкейхановтың студенттік ортадағы белсенділігі туралы «Семипалатинский листок» газетінің тілшісі мынадай куәлік келтіреді: «Орман шаруашылығы институтының студенті бола жүріп ол барлық студенттік істерде үлкен белсенділік танытты, әруақытта солшылдар жағында табылды. Марксизм туралы айтыс қызғанда ол экономикалық материализм туралы тезистерді бар күшін салып қорғады». Болашақ Алаш қозғалысы жетекшісінің студенттік және одан кейінгі бірер жылдары да марксистік бағытта тұрғандығын басқа да деректік материалдар қуаттайды [8; 113 б.].

Қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси көзқарастарының қалыптасып, қоғамдық-саяси қызметке кірісуіне бірінші орыс революциясы үлкен ықпал етті. Мәселен, 1903-1909 жылдары Петербург қаласындағы әскери-медициналық академияда білім алған, кейін Алаш қозғалысының белгілі жетекшілерінің бірі болған Халел Досмұхамедовтың саяси көзқарастарының қалыптасуы және саяси сақынада белсенді түрде көріне бастауы оның осы Петербургте өмір сүрген кезіне дәл келеді. Бұған Халел Досмұхамедовтың 1931 жылғы қыркүйектің 14-інде ОГПУ-дің тергеушісіне өз қолымен жазып берген мәлімдемесі дәлел бола алады. «Мен, - деп жазды өз мәлімдемесінде Халел Досмұхамедов, - Петербургке бірінші орыс революциясының қарсаңында келдім. Бұл кезде демократиялық күштер, оның ішінде студенттер қауымы да, жиі-жиі наразылық білдіріп жататын. Қым-қиғаш студенттік өмірге араласумен қатар саяси білімімді жетілдіруге кірістім. Өртүрлі саяси партиялардың бағдарламаларымен таныстым... Мені және басқа қазақ студенттерін ешбір саяси партия бағдарламасы қанағаттандырмады. Социал-демократтар тек қана жұмысшылар туралы айтса, социал-революционерлер шаруалар жөнінде сөйлеп жататын... Кадеттер орыс халқының ұлылығы жөнінде сайрап, басқа халықтар туралы жұмған аузын ашпайтын, ал оңшылдар болса орыс емес халықтарды жамандап, оларды қудалаумен болатын. Сол кезде жолдастарыммен бірге митингіге кездейсоқ тап болғанымызда сонда сөйлеген Милоковтың айтқан сөздерін осы күнге дейін ұмытқан жоқпын. Ол «патша үкіметі орыс емес халықтарды аса дөрекілікпен және ұятсыздықпен қанап отыр» деп еді ...

1905-1906 жылдары мен кейбір қазақ студенттерімен бірге Орал қаласында үгіт жұмыстарын жүргізіп, халыққа елде болып жатқан оқиғаларды түсіндірдім. «Фикр» және «Уральский листок» газеттерінде мақалалар жарияладым. 1906 жылы қырдағы ауылдарды аралап жүргенімде полицияның көзіне іліктім де саяси жұмыс жүргізуіме тиым салынды» [9; 33, 34 б.].

Сонымен бірге осы мәлімдемесінде Х.Досмұхамедов: «Сол уақытта Петербургте жүрген 10 шақты қазақ студенті өз үйірмемізді құрып, Қазан және Мәскеудегі сондай үйірмелермен хат алыстық. Осы үйірмеде алғаш рет біздің негізгі тілектеріміз қалыпқа түсті. Ол: қазақ еліне толық мәдени және саяси теңдік, автономия берілуге тиіс, мұсылмандық шығыспен емес, батыс елдерімен қатынасты нығайту, Түркиядан емес, Жапониядан үйрену, Бұқар мен басқа шығыс елдерінде емес, Ресей және батыс елдерінде білім алу, жаңа негіздегі білім мен мәдениет үшін күресу, бір сөзбен айтқанда, осы үйірмелерде тұңғыш рет кейін алашордалық қозғалыста үстемдік алған пікірлер бір арнаға түсті. 1-революция тек студенттерді ғана емес, біздің қызметтегі интеллигенцияны да оятты, ең негізгісі сол - мұғалімдер арасында қозғалыс ұрығын септі, ал бұл қозғалыстың басында Байтұрсынов тұрды» - деп жазды [8; 113,114 б.].

Бұл құжат XX ғасыр басында Ресей империясының бас қалалары Санкт-Петербург пен Мәскеуде, сонымен қатар Қазақстанмен шектесе орналасқан Омбы, Томск, Орынбор, Ташкент, Саратов қалаларының жоғарғы және арнаулы орта оқу орындарында білім алып, кейіннен Алаш партиясын құруға себепкер болған қазақтың зиялы қауымының қоғамдық-

саяси көзқарастарының қалыптасуының бастаулары мен олардың алғашқы саяси әрекеттерге бару жолдарын айқындауға септігін тигізуімен бағалы.

Бұл құжат сонымен қатар қазақ оқығандарының алғашқы легінің Х.Досмұхамедов, Ә.Бөкейханов, М.Тынышбаев, Ж.Ақбаев, Ж.Досмұхамедов сияқты белгілі өкілдерінің көпшілігі ғасыр басындағы Ресейде орын алған саяси жағдайға сергектікпен әрі сын көзбен қарағанын, содан кейін қандай саяси ұйымды үлгі тұту керектігін анықтағандығын көрсетсе керек.

Бірінші орыс революциясы кезінде Әлихан Бөкейхановтың айналасына жиналған қазақ зиялылары өздерінің саясатқа қадам басқан алғашқы кезеңдерінде сол уақытта патша үкіметіне оппозицияда болған кадеттердің партиясын өздеріне белгілі бір деңгейде үлгі тұтқан.

Осы пікірді 1910 жылы Петербургте А.И.Костелянскийдің редакциясымен басылып шыққан «Формы национального движения в современных государствах» атты еңбекке кірген Әлихан Бөкейхановтың «Қырғыздар» атты әйгілі мақаласындағы ой-тұжырымдары растай түседі: «Қырғыз халқының арасында саяси партиялар әлі пайда бола қойған жоқ ... орыстандыру саясатының ауыртпалығын көтерген басқа шет аймақтардың халықтарындай, қырғыз халқы да үкіметке қарсы пікірде және орыстың оппозициялық партияларына көңіл қояды. Жақын болашақта... қырғыздар арасында қалыптасып келе жатқан екі саяси бағытқа сай екі саяси партия құрылуы мүмкін. Оның бірін ұлттық-діни бағыттағы деп атауға болар, ал оның мақсаты қырғыздарды басқа мұсылмандармен біріктіру болмақ. Екіншісі қырғыз келешегі кең мағынадағы батыс мәдениетін енгізуге байланысты деп есептейтін бағыт. Бірінші бағыт мұсылман-татар партияларын үлгі тұтар, екіншісі - оппозициядағы орыс партияларын, атап айтқанда, халық бостандығы партиясын үлгі етпек» [11; 509 б.].

Саяси өмірге енді ғана араласа бастаған қазақ жастарын бұл тарихи кезеңде, ең алдымен, ұлттық мәселе, оның шешілу жолдары толғантқаны даусыз, сондықтан да олардың бұл мәселеде ұлыдержавалық бағытта болған партияларға сенімсіздікпен қарауы да толық негізді. Досмұхамедов көрсетулеріндегі келесі маңызды факті ол қазақ жастары арасындағы қазақ қоғамының «батыстық» немесе «шығыстық» даму мүмкіндігі төнірегіндегі айтыс. Ондай қызу пікір алысулардың Петербургтегі қазақ студенттері арасында болғандығын мұнда сәл кейінірек оқыған С.Асфендияров та айтады. Ол марксизм-ленинизм институтының қазақ филиалында болған конференцияда (1933) сөйлеген сөзінде мынадай дерек келтіреді: «Алашорда лидерлері арасындағы «батысшылдық» және «түркішілдік» мәселесіне байланысты да анықтық қажет. Менің есімде 1912 жылдың күзінде, бірінші Балқан соғысы тұсында Петроградтағы қазақстандық, татар, өзбек студенттері арасында Түркияны қолдаған үлкен қозғалыс болды. Болғар студенттері бізбен жұдырықтасу алдында тұрды. Сол кездері болып тұрған бір мәжілісте Бөкейхановқа «біз Түркияға барамыз, нағыз ұлтжандылықтың дәлелі осы болмақ!» дедік. Бөкейханов сонда біздің түрікшілдігімізге үзілді-кесілді қарсы шығып, «өздерінді ешқандай да сағыммен алдамаңдар, ескі Түркия ыдырау үстінде» деген сияқты ойларды айтып, біздің назарымызды батыстық өркениетке бұрды [8; 114, 115 б.].

Қазақтың ұлттық-демократиялық интеллигенциясының жетекшілері, біріншіден, патшалық Ресейдің халықты қорлайтын отарлау саясатының мәнін әшекерлеуді және қазақтардың этнос ретінде сақталып қалуы үшін оның келешегіне қатер төндіріп отырған патша үкіметінің өлкені кеулеп бара жатқан жан-жақты басқыншылығын тоқтатуды көздеді. Олар, екіншіден, заң шығарушы және басқарушы үкімет органдарының алдына кадеттердің үлгісімен түрлі петициялар ұйымдастыру арқылы талаптар қою, шерулер ұйымдастыру, мемлекеттік Дума сайлауына белсенді қатысып, парламентке халық өкілдерін өткізу үшін күресуді мұрат тұтты. Үшіншіден, ұлттық-либералдық қазақ интеллигенциясы қоғамның саяси өмірінде өзін өкімет пен жергілікті халық бұқарасын байланыстыратын куш ретінде көрсетуге ұмтылды. Басқа сөзбен айтқанда, ұлттық-либералдық интеллигенция басшылары бірінші орыс революциясы жылдарында империяда, оның ішінде Қазақстанда да, қалыптасқан қоғамдық-саяси хал-ахуал жағдайында орталықтық (центристы) позицияда болуға тырысты.

Сонымен, 1905 жыл қазақ азаттық қозғалысының өрлеу, жаңа сапаға көтерілу кезеңін бастап берді, ал саяси күрес болса, ең алдымен, патшаға, орталық билікке арыз-шағым жазып тапсыру түрінде көрінді. Отарлық тәуелділіктегі қазақ елінің мұқтажын білдірген арыз-тілектер батыста Оралда, орталықта Қарқаралыда, оңтүстік-шығыста Жетісуда, басқаша айтқанда, кең-байтақ қазақ даласының барлық аймақтарында жазылды. Жетісу облысы Лепсі уезінің қазақтары дайындаған арыз-шағымға - 1000 адам, арнайы делегация арқылы Петербургтегі үкімет орындарына тапсырылған Орал және Торғай облыстары қазақтары жазған арыз-шағым - 44 адам, ал белгілі Қоянды жәрменкесінде өмірге келген Қарқаралы арыз-шағымында 14,5 мың адам қол қойған еді [8; 124 б.].

Қазақ оқығандарының қоғамдық-саяси көзқарастарының қалыптасуына I және II мемлекеттік Думаға сайлау және оның жұмысына қатысу ерекше әсер етіп, мол тәжірибе жинақтауға мүмкіндік берді. Ресейдегі азаттық қозғалыстың өрлеу барысындағы тарихи жаңалық болған Дума саулауы Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде айтулы оқиға болды. Қазақ оқығандары Мемлекеттік Думаны империяның Қазақстандағы саясатына, әсіресе жер мәселесіне әсер ету құралы деп бағалап, оның жұмысына зор үміт артты. Сондықтан саулау науқаны мен Думадағы түрлі фракциялардың жұмысына белсене араласты.

1905 жылдың соңына қарай қазақ зиялылары бірінші Мемлекеттік Думаға депутаттар сайлау науқанына қызу кіріскен тұста олар ірі кедергіге тап болды. Қазақ қоғамында бұл кезде белгілі бір саяси платформаны негізге ала отырып үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуге қабілетті саяси ұйымдар жоқ болатын. Мұндай жағдайда Думаға дайындық уақытының тым тар болуына байланысты қазақ зиялылары алғаш рет саяси партия құру ісін қолға алды.

1905 жылдың соңына қарай Орал қаласында өткен бес облыстың (Ақмола, Семей, Торғай, Орал және Жетісу) делегаттық съезі «Қазақ конституциялық демократиялық партиясын» құру туралы шешім қабылдайды. [12; 24 п.].

Орал қаласында жарық көрген «Ал-ғаср-ул-жәдид» басылымы «Қазақ конституциялық демократиялық партиясының» бағдарламасы мәтіні мен жаңадан құрылған партияның мүшелерінің тізімін жариялайды. Олар: Б.Қаратаев, Т.Бердиев, М.Бақыткереев, И.Тоқамбердиев, Х.Досмұхамедов, Н.Ипмағамбетов, М.Мұқанов, Ғ.Рақымбердиев, Ү.Дүйсембин, Избасаров [13; 55-61 б.].

Алайда, қазақ қоғамында жалпыұлттық платформада саяси партияның құрылуына қажетті алғышарттар пісіп-жетілмегеніне байланысты партия құру әрекеті сәтсіздікпен аяқталды. Партия құру жұмысы сәтсіздікпен аяқталса да, жоғарыда атап өткеніміздей, I Мемлекеттік Думаға барлығы 4 қазақ депутаты, ал II Мемлекеттік Думаға қазақ халқынан 6 депутат қана сайланғаны мәлім. I және II Мемлекеттік Дума жұмысына қатынасқан қазақтың оқыған зиялылары мінберден сөз сөйлеп, елдің көкейкесті проблемаларын, әсіресе жер мәселесін көтеріп, шешу жолында ел үмітін ақтауға тырысты. Патша үкіметі елдегі саяси белсенділіктің төмендеуін пайдаланып, Думаны таратқан соң, ондағы көптеген маңызды бастамалар аяқсыз қалды.

Қазақ халқының дамуына өз үлестерін қосқан, болмысы да, көзқарастары да дара туған, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қалыптасқан қазақ оқығандарының алар орны айрықша болды. Өздерінің саяси бағыттары мен әлеуметтік базасы жағынан қазақ оқығандарын үш топқа бөліп қарастыруға болады. Бірінші топқа - «Алаш» қозғалысының либералды-демократтар тобын жатқызуға болады. Кейінірек, партияны осылай деп атап және оның негізін қалаған тұлға, қазақтың халқының сұңғыла саясаткері Әлихан Бөкейханов болатын. Оның басты мақсаты Ресей құрамында қазақтардың автономия ретінде тәуелсіздігіне қол жеткізу болатын. Алаш қайраткерері сұлтандар, байлар мен билер, жериеленушілер мен ауқатты малшылар отбасынан шыққан адамдардан құралды. Олардың басым бөлігі Санк-Петербург, Мәскеу және т.б. Ресейдің орталықтарында жоғары білім алып, отаршыл әкімшілікте – дәрігер, мұғалім, қорғаушы т.б болып қызмет істегендер еді. Бұл топты мынадай жарқын адамдар құрайды: Ахмет Байтұрсынов – «Қазақ» газетінің бас редакторы, ақын, жазушы, лингвист; Жақып Ақаев – заңгер; Мұхамеджан Тынышпаев – инженер; Міржақып Дулатов – жазушы, ақын; Мағжан Жұмабаев – жазушы, ақын; Халел

Ғаббасов – жазушы; Жүсіпбек Аймауытов – жазушы, ақын; Халел Досмұхамедов – дәрігер; Жаһанша Досмұхамедов – экономист; Аспандияр Кенжин – мұғалім; Әлімхан Ермеков – ғалым, ұстаз, математик және т.б. көптеген қайраткерлер [14; 1-24 п.].

Екінші топты - мұсылман қозғалысының өкілдерімен тығыз қарым-қатынаста болған ұлт зиялылары құрайды, олардың көбі кейін Түркияға бағыт ұстанады және соған байланысты «түрікшілдер» атауын иеленген еді. Бұл топтың өкілдері М.Шоқай, С.Лапин, У.Хожа, А.Махмұд, Х.Юрғули-Ағаев, С.Герцфельд, Ш.Шағиахметов, Ә.Оразаев, К.Қары, С.Ақаев, А.Бадин, Кішкенбаев, Кәрімбаев, М.Бехбуди [15; 52 б.] және тағы басқа да қайраткерлер бар.

Үшінші топқа - саны жағынан аз және әлсіз, көзқарастары социалистік бағытты ұстаушы ұлт зиялылары құрады, оларда тек сирек ерекшелік болмаса, көбі кедей малшылар мен жериеленушілерден шықты. Олар: Мұқан Әйтпенев, Көлбай Төгісов, Шаймерден Әлжанов, Қасен-Қожа Бекхожин, Махмұт Уәлиханов, Қазы Торсанов, Байсейіт Әділов, Әлиасқар Қуанышев, Үсен Қосаев, Нұрғали Құлжанов, Ыбырай Төлебаев, Сұлтан Аблаевтар және т.б. зиялылар болды [16; 10 п.].

Тарихи тәжірибенің көрсеткеніндей, күрт әлеуметтік өзгерістер кезеңдерінде зиялылар әрқашанда едәуір белсенділігімен, дербес бастамашылығымен ерекшеленіп отырды. Әлеуметтік, интеллектуалдық және адамгершілік сезімдегі зиялылар қоғамдағы жеке адамның жағдайы туралы, оның санаға қатынасы туралы мәселені көтереді.

Қазақ зиялылары сіңірген ең басты еңбегі: олар жалпыресейлік даму кезеңінің басталғанын дәл уақытында аңғарды, қазақ халқын алға бастаудың амалдарын іздеумен шұғылданып, ол үшін бірінші орыс революциясы ұсынған әлеуметтік-саяси бостандықтар мен құқықтарды пайдаланды, халықты патриархалдық-рулық мешеуліктен шығарып, отарлық езгіден құтқаруға, оған білім мен дамудың, мемлекеттік егемендік қол жеткізудің жолдарын көрсетуге тырысты. Мұның қиын күрес пен күрделі тартыстардан құралған ауыр жол болғаны күмән тудырмайды. Сол себепті де, бұл жолда жетістіктермен бірге, қателіктер де, кемшіліктер де болып отырды. Бірақ, кейінірек сталиндік идеология оларды өз халқына деген қаскүнемдік жасады деп түсіндіргендей емес, керісінше туған елінің өмірін жақсарту бағытындағы күрестің табиғи қиындықтары туғызған еді.

Қазақ зиялыларының көшбасшылары халықтың саяси жағынан көзін ашу үшін оның бойында білімге деген құлшынысты ояту, сауатсыздықты жою қажет екенін түсінді. Қазақ зиялыларының бүкіл қызметі осы мақсатқа арналды деуге болады. Ұлттық «Қазақ», «Қазақстан» газеттерінің, «Айқап», «Сарыарқа», «Абай» журналдары мен басқаларының беттерінде олар тек білім ғана өркениетті дүниеге жол ашады, қазақтардың ұлт ретінде сақталуына көмектеседі деп, қазақ халқын білім алуға шақырды. Тіл мен әдебиетті дамыту ерекше бөліп көрсетілді. Қазақ тілі мен әдебиетінің дамыту проблемалары жөнінде араб графикасы негізіндегі қазақ әліпбиінің тұңғыш талантты реформаторы, «Оқу құралы» (1912), «Тіл құралы» (1914), «Жаңа әліпби» (1928) атты қазақтың тіл ғылымында ғана емес, бүкіл ғылыми түркітану әлемінде де жаңашылдық деп саналған еңбектердің авторы А.Байтұрсынов көптеген мақалалар жазды. «Қазақ» беттеріндегі еңбектерінде А.Байтұрсынов балаларды мектептер мен медреселерде оқытудың маңыздылығын атап көрсетті. Ол өзінің қазақ және орыс мектептеріндегі оқыту проблемалары туралы ой-пікірлерін баяндай келіп, балаларды міндетті түрде екі жыл қазақ тілінде оқытуды талап етеді, «бастауыш мектептер миссионерлік саясаттан тыс болуға тиіс, яғни әрбір халықтың өз тіліне, жазуына және дініне құқығы болуға тиіс» деп санайды. Сонымен бірге ол орысша сауаттылықты да үйрену қажет екенін атап өтеді.

XX ғасырдың басында қазақ зиялыларының қызметінде құқық проблемалары елеулі орын алды, өйткені қолданыстағы патша заңдары көшпелі халықтың құқығына нұқсан келтірді, мұның наразылық туғызғаны табиғи нәрсе. Өз халқының ежелгі өз жеріндегі қасіретті жағдайы туралы толық хабардар болған олар патша үкіметіне қазақ халқының әлеуметтік қажеттері туралы хабар жеткізуге, оның құқықтық мүдделерін қорғауға тырысты. Олардың көпшілігі арнаулы заң даярлығынан өткендер еді, бұл олардың халық бұқарасының

құқықтық білімін кеңейтуіне, олардың құқықтық білімін байытуы мен тереңдетуіне мүмкіндік берді. Қазақ зиялыларының қызметінде жер туралы мәселе өзекті орын алды. Олар өздерінің ғылыми және көсемсөздік мақалаларында, патшалық өкімет орындарына әр түрлі үндеулерінде патша үкіметінің қазақ халқының өмір жағдайларына сай келмейтін заң нормаларын әділ сынға алды [4; 724, 725 б.].

XX ғасырдың бас кезіндегі алдыңғы қатарлы қазақ оқығандары саяси қызметтерінде ұлттық, сонымен бірге, жалпыадамзаттық құндылықтарды қорғауды түпкі мақсат деп таныды. Олар өз халқының отаршылдық құлдықтан құтылып, азаттыққа қол жеткізу ісінде жәрдемдесуге тырысты, әр адамның және әр елдің өз дербестігі мен жалпы адамзат мәдениетінің жетістіктері мен табыстарына еркін қол жеткізу сияқты жалпы адамзаттық игіліктер үшін жан аямай күрескен. Қазақ оқығандары 1905 жылдан бастап осы бағытта дала өлкесінде белсенді қоғамдық-саяси, мәдени-ағартушылық қызмет атқарды.

Патша шенділері қазақ халқының ішінен шыққан көзі ашық, көкірегі ояу өкілдерінің әлемдік өркениет пен мәдениеттің жетістіктерін игеруіне мүдделі болған жоқ. Бірақ халықтың мәдениет пен ғылымға ден қоюына бөгет жасауға бағытталған шаралары күтілген нәтижелерін бермеді. Қазақ халқының білімді игеруге деген мұқтаждықтары патша үкіметін Орынбор, Омбы, Орал, Семей, Верный қалаларында және тағы басқа жерерде көптеген оқу орындарды ашуға мәжбүрледі, оларда қазақтың балалары оқып, бастауыш және орта білімді игерді. Патша үкіметі «бұратана халықтарды» орта және жоғарғы оқу орындарында оқуға рұқсат беруге мәжбүр болды. Жоғарыда атап өтілгендей, қазақ жастары Қазанда, Томскіде, Санкт-Петербургте, Мәскеуде және т.б. қалалардағы университеттерде, техникалық және медициналық оқу орындарда білім алып, түрлі мамандықтардың иесі атанды. Өз халқын оятуда ерекше қызмет атқарған қазақ оқығандарының тамаша шоғыры XX ғасырдың бас кезінде дәл сол буыннан шықты. Олар өз елін отарлық бұғаудан азат, өркениетті, егемен және тәуелсіз ел ретінде көруді армандаған еді. Қазақ оқығандарының өкілдері патша үкіметін дала өлкесінде білім беруді неғұрлым жылдам жүргізгісі келмегені үшін сынады, ал өздері елдің ғылыми саласын қалыптастырудың алғышарттарын жасауға талпыныс жасады. Қазақтың оқыған, білімді азаматтары ғылыми мақалалары, сөйлеген сөздері арқылы өркениетті елдердегі ғылыми жетістіктерді насихаттауға, оның қажеттілігін, қоғамды түбірімен өзгертетін құдыретті күшін дәлелдеуге күш жұмсады. Әрине, олардың бұл бағытта жұмсаған күш-жігері нәтижесіз болмағанын атап өткен жөн.

XX ғасырдың басындағы қазақ оқығандары саясаттанушылар, дәрігерлер, соттар, ақындар мен жазушылар болатын, бұл кез қазақтың білімді азаматтары – Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Ж.Досмұхамдов және басқаларының қалыптасуымен ерекшеленді. М.Тынышбаев, Ә.Ермеков, Х.Досмұхамедов және басқа Алаш азаматтары ғылыми зерттеулермен айналысып, соңына мол мәдени мұра қалдырды. Қазақстан ғылымының қарқынды дамуы кеңес үкіметі жылдарында болғанын жоққа шығаруға болмайды, алайда оның іргетасын нақ XX ғасырдың басында қазақтың оқыған, білімді, талантты жас өкілдері қалаған еді.

Сонымен, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде Ресейдегі жоғары оқу орындарын тәмамдаған қазақ оқығандары өз атамекендеріне қайта оралып, бар білімін, ағартушылық рухын жерлестеріне таратып отырды. Отаршыл үкіметтің тілегеніне қарама-қарсы, жаңа зиялылардың тандаулы тобы өз халқының мүдделерін қорғау жолына бет бұрды, азапқа толы ізденістерден өтіп, олар рухани құлдыққа қарсы шықты және азаттық қозғалысын басқарды.

Сөзімізді қорыта келгенде, XIX ғасырдың аяғы - XX ғасырдың басындағы қазақ халқының қоғамдық санасы, қазақ оқығандарының қоғамдық-саяси көзқарастарының қалыптасуы - тарихтың жол айырығына тап болған қоғамның өзі сияқты күрделі құбылыс. Қазақ даласында енді дүниеге келіп, қоғамдық-саяси көзқарастары қалыптасып келе жатқан жас қазақ оқығандары белсене таратқан саяси идеялар қазақ қоғамының ұйқыдан оянуына ықпал жасап, бұл елдің құқықтық санасы мен ой-өрісіне терең әсер етті. Біз қарастырып

отырған кезеңде отаршылдық идеология мен бостандық идеологиясы арасында ымырасыз күрес жүріп жатқан еді. Сол кезеңдегі қоғамдық-саяси оқиғалардың орталықтары болған ірі қалалардағы алдыңғы қатарлы оқу орындарында білім алып, маңызды саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени құбылыстар мен оқиғаларға куә болған қазақ оқығандарының көзқарастары дәл осындай ымырасыз күрес жағдайында қалыптасты.

Әдебиеттер:

1. Бөкейханов Ә.Н. Қазақ оқығандары // Орталық Қазақстан. - 2016. - 22 қыркүйек (№ 156/157). - 4 б.
2. Аманжолова Д.А. На изломе. Алаш в этнополитической истории Казахстана. – Алматы: Таймас, 2009. – 412 с.
3. Остроумов Н.П. Исламоведение. Введение в курс исламоведения. – Ташкент, 1914
4. Қазақстан тарихы (Көне заманан бүгінге дейін) Бес томдық. 3-том. – Алматы: Атамұра, 2002. – 768 б.
5. ҚР ОММ, 90-қор, 1-тізбе, 773а-іс
6. ҚР ОММ, 26-қор, 1-тізбе, 1602-іс
7. ҚР ОММ, 25-қор, 2-тізбе, 371-іс
8. Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы. Бірінші том. Өңделіп толықтырылған екінші басылым. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2008. – 480 б.
9. Нұрпейсов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
10. Кенжетәев Б.А. Казахские учебные заведения и процесс формирования казахской интеллигенции в середине XIX - начале XX вв. Казань: ПИФ, 1998
11. Букейханов А. Киргизи Формы национального движения в современных государствах / под ред. А.И. Костелянского. – Санкт-Петербург, 1910. – 529 с.
12. Қазақстан Республикасының Президенті архиві (ҚР ПМ). 811-қор, 20-тізбе, 686-іс.
13. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 ж. - желтоқсан 1917 ж. = Движение Алаш. Сборник документов и материалов. Апрель 1901 г. - декабрь 1917 г. - Алматы: Алаш, 2004. - Т. 1. - 552 б.
14. ҚР ПМ. 811-қор, 23-тізбе, 171- іс.
15. Қыдыралиев Д. Қ. Мұстафа Шоқай. – Астана: Фолиант, 2007. – 320 б.
16. ҚР ПМ. 811-қор, 23-тізбе, 218^а-іс.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ-ҚАЗАҚ САНАСЫНЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Жаирбаева Ә. Қ.,

Павлодар техникалық сервис колледжінің оқытушысы,

Павлодар облысы, Павлодар қаласы

Ахмет Байтұрсынұлы- қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар көрнекті ақын, мысалшыл, ана тіліміздің әліппесі мен оқулықтарының авторы, ағартушы. Ол нағыз поэзияның негізін қалап, еркіндікке ұмтылған, азаматтық жыр үлгісін жасаған халқының ардақты азаматы. "Қазағым, елім, қазағым!"-деп, Абай айтқандай, өз ұлтының тәуелсіздігі жолындағы күресте бұқараның жүрегіне қозғау салып, ұйқысынан оятуға бар жанын салды. Елінің болашақ тағдырын, бүгінгі күні мен мен ертеңгісін ақын поэзиясының өзегі болды. Ол өзінің ағартушылық идеяларын халқына өлең жырларымен жеткізуді қалады. Ахметтің өз өлеңдер жинағын «Маса» деп атауы да бекер емес. Ол ұйқыда жатқан қараңғылықтың тұңғышында жатқан халқының құлағына маса боп ызыңдап оятуды ойлады.

Қазақ әдебиетінің тарихында үлкен бір дәуірді алып жатқан алып тұлға. Өзінің барлық күш-жігерін, бар ғұмырын туған халқына деген сүйіспеншілікпен арнап, толассыз еңбекпен шындаған қайратты да қаһарман ғалым деп мақтанышпен айта аламын. Себебі, Ол – қараңғылық тұңғығынан жарық жұлдыздай жарқырап шығып, айналасына нұр, шуақ себумен өткен ағартушы. Оқыту жүйесі қалыптаса қоймаған, мал соңына ерген, малмен бірге ұйықтап, малмен бірге жусаған қалың ұйқыдағы халқының қамын жеп, сауатын ашпақ

боп сары масадай ызындаған үлкен ақын, тілім деп түн ұйқысын төрт бөлген талантты тілші, шебер аудармашы, түркі тілдес халықтар тұлға тұтқан түркітанушы қоғам ісіне араласқан мемлекет қайраткері.

Халқын жайлаған қараңғылықты аңғарған Ахмет қызметін Ақтөбеде, Қарқаралы мектептерінде мұғалім болудан бастайды. «Құл халыққа адамшылық тұқымын шаштым» дегенді сол кездері жазған. Ахмет ағартушылықтан өз халқының мұқтажын іздеді.

Өзін «адамшылық диханшысымын», - деп көрсетті. Ол оқу-ағарту ісін өзінің азаматтық міндеті мен өмірінің мақсаты деп санаған. Ол 1911 жылдың өзінде:

Ызындап ұшқан мынау біздің маса,
Сап – сары аяқтары ұзын маса.
Өзіне біткен түрі өзгерілмес,
Дегенмен қара я қызыл маса.
Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,
Қаққы жеп, қанаттары бұзылғанша.
Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен,

Қоймастан құлағына ызындаса, - деп, білім-ғылымнан кенже қалған, мал бағып марғау жатқан қазақ халқын сол қараңғылықтан маса болып ызындап оятып, алып шығуды өзінің күрес жолының мақсаты етіп қояды. Мақсатым- жұртшылықты оқуға, өнер-білімге, рухани көтерілуге шақыру, адамгершілікті, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу көкірегі сезімді жастарға үлгі болатын дұрыс өмір сүру жолын көрсету дейді. Өз шығармашылығында өз тұсындағы қазақтың қоғамдық өмірінің, халық тіршілігінің шынайы бейнесін көрсете отырып, бар асылын, ойын келер ұрпаққа арнап, үлкен үміт күткен.

Бар ғұмырын мұғалімдік қызметке арнаған және оның жолында жүріп саяси қызметке араласқанын Ахмет 1922 жылы тамыз айында Ташкентке сапарында – елінің көрсеткен сый-құрмет, қошеметіне алғыс айта сөйлеген сөзінде – өз аузымен айтады. Онда ол былай дейді: «Мен – халық мұғалімімін. Оқуым көп емес, аз, бірақ білімді халық мақсаты үшін жұмсағаным рас. Оның да себептері бар. ... Мені тудырған – заман, патша заманының зұлым саясаты, зорлығы, зомбылығы, қорлығы» деп ағынан жарылады. Расында солай да болуы мүмкін. Ол ағартушылық жолға түскенде қазақ балалары оқитын оқулықта болмаған. Баланың оқуына жеңіл, түсінікті әрі артық таңбалардан тазартылған оқу-құралын жасауды қолға алады. Ахметтің тұңғыш шығарған «Оқу құралы» кітабы қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі болып саналады. Бұл әліппе оқытудың жаңа әдістері өңделіп, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылып шығады. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме ретінде әлі күнге дейін маңызы зор оқулық болып бағаланып келеді. Осы еңбегі арқылы халықтың көзін ашып, ағартушылық жұмыс жасайтыны сөзсіз. Ұлтының кез келген саласына немқұрайлы қарамаған ағартушы білім жолына үлкен көңіл бөледі. Себебі, «Оқыған далада қалмайды, білімдінің күні жарық» деген сөз қай уақытта да мағынасын жоймайды.

Ахаңның өміріндегі ең маңызды істер қатарына **үш ірі бастамасын** айтуға болады: Алаш арыстары, Әлихан атамыз және Міржақып ақынмен бірлесе отырып, өз заманы мен елі үшін ұлттың сауаты мен білім саласына арналған "Қазақ" газетін басып шығаруы; «Қазақ» газетінің тұңғыш санында шыққан мақаласындағы Ахмет атамыз газеттің не үшін керектігі туралы негізгі төрт себепті атап өтті.

«**Бірінші**, газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Газеті жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мақау, көзі жоқ соқыр сықылды... **Екінші**, газет – жұртқа қызмет ететін нәрсе, олай болатын мәнісі жұрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп адамдары газет арқылы халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық айтады. **Үшінші**, газет – халыққа білім таратушы. Олай дейтініміз, газеттен жұрт естімегенін естіп, білмегенін біліп, бірте бірте білімі молайып, зейіні өсіп, пікірі ашылып, парасаты жетікпекші. **Төртінші**, газет – халықтың даушысы. «Жұртым» деп халықты арын арлап, зарын зарлап, намысын жоқтайтын азаматтары газет арқылы халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шоқытпасқа тырысады».

Араб графикасын қолдану арқылы "Төте жазу" жасау және "Алаш Орда" үкіметінің қызметіне қатысу.

А.Байтұрсынұлы әліпбиі, яғни төте жазу 1912 жылдардан бастап қолданысқа енгені белгілі. Төте жазудың басты ерекшелігі мыналар еді:

- қазақ тіліне сәйкес келмейтін басы артық әріптерді әліпби құрамынан алып тастады;
- араб жазу заңдылығына тән диакритикалық белгілер қолданылмады;
- дауыстылар жүйесі қазақ тілінің үндестік заңына сәйкес таңбаланды.

Байтұрсынұлы Алаш партиясы бағдарламасын дайындаған топтың құрамында болды. Байтұрсынұлы пен Дулатұлы қазақ арасында бұрыннан келе жатқан ру – жүзаралық алауыздыққа байланысты Алаш Орда үкіметінің құрамына саналы түрде енбей қалды, бірақ олардың қазақ ұлттық мемлекеттік идеясын жасаушы топтың ішінде болғандығын замандастары жақсы біліп, мойындады.

Алаш құрамын бекіткен Оқу-ағарту комиссиясын құрып, оның төрағасы етіп Байтұрсынұлын Алашорда үкіметінің Торғай облысы бөлімінің мүшесі болды. Байтұрсынұлы 1919 жылы наурызда Алашорда үкіметі атынан Мәскеуге келіссөз жүргізуге аттанды, осы жылғы шілдеде Халық Комиссарлар Кеңесі мен Қазақ революциялық комитеті төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

Қазревком мүшесі ретінде Қазақстанның Ресеймен шекарасының қалыптасуына белсенді түрде араласты.

Ахаңның ғұмырында басқа да оқиғалар болды, дегенмен осы оқиғалар елінің жүрегінде терең із қалдырды, оны өз елінің көрнекті ұлы етті, оның тәуелсіздігі туралы арманын асқақ болды.

«Басқадан кем болмас үшін білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек»-деп, деп, аталық әмір беріп, адамдық ұлы міндет жүктейді. Ахмет бабамыз айтпақшы, бұл өмірде білімді, саналы, бай, күшті болу үшін әр адам өз орнын табуы тиіс. Сол маңызды нәрселердің қатарына мен жақсы маман иесі болуды жатқызар едім. Адам өзінің қалауымен бір мамандық таңдап, сол мамандық иесі болуы керек. Олай болса, мамандық таңдау — өміріміздің ең маңызды кезеңі. Мен жүрек қалауыммен, осы техникалық оқу орнына техникалық саласы бойынша, токарь мамандығына түстім. Себебі, бұл саланы зерттеп жүрген академик, ғалымдар аз. Менде Ұлы Ахметтің көрсеткен жолымен, әрбір сөзін өзіме ұстаным етіп, техника саласының дамуына үлесімді қосқым келеді.

Ахмет Байтұрсынұлы — білім мен ғылымның қайнар бұлағы. Білім саласына қосқан үлесі әлі күнге дейін баға жетпес рухани байлық десек, білім саласына жазып қалдырған оқулықтары халқының алтын қорына енген теңдесі жоқ ақпараттар қатарында. Ұлы ұстаз қалдырған туындылары әлі де жүздеген жылдарға өшпес қазына болатыны сөзсіз. Ахметтің ақындығының тарихымызбен бірге жасайтын ұлы тағылымы да осында!

Өлді деуге бола ма, ойландаршы,

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған, -

деп Ахаң бүгін жарқын бейнесімен елінің жадында мәңгі жасай берері ақиқат ғой.. Осындай ақынымыздың, біртуар бабамыздың ұрпағы болғанымды мақтан тұтамын...

Халқын ғылым-білімге көзін ашқан данасы – Ахметі бар қазақ жұрты қандай бақытты ел деп сөзімді аяқтағым келеді.

Әдебиеттер:

1. Имаханбет Р.С. Ахмет Байтұрсынұлы: ғұмырбаяндық деректер. «Алаштың Ахметі»: Респ. Ғыл.-тәж. конф. Материалдары.-Қарағанды: «TENGRI Ltd», 2013.-382 б.
2. Нұрпейісұлы К. Ғасыр басындағы ұлттық интеллигенция. // Егемен Қазақстан. 1997 ж. 5 желтоқсан. –3-5 бб.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. — Алматы: «Атамұра», 2002. — 768 б.
4. «Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық» Алматы 2010

АЛАШ ОРДА ЖӘНЕ ҚАЗАҚ КОМИТЕТТЕРІНІҢ САЯСИ ҰЙЫМДАРЫ

Жанғалиев У.К.,

Аға оқытушы, докторант.

Alikhan Bokeikhan University. Семей қаласы. ҚР.

Қазақ комитеттерінің қоғамдық-саяси ұйымдармен және кеңестермен ара қатынасын нақты белгілеу үшін оған үлкен қомақты түрде анализдік ғылыми сипаттағы сараптаулар мен тарихи деректердің қолданылуын талап ететіні белгілі. Сол кезеңдегі уақытша үкімет бар билікті құрылтай жиналысына қалдырып, толық мағынасындағы заңды өкімет орны бола алмады. Осыған байланысты жергілікті өкімет билігі де үлкен қиындықтармен шешіліп жатты. Төңкеріс әсерінің шұғыл дамуы жағдайында жергілікті билік үздіксіз өзгеріс күйін кешіп, ол үшін әртүрлі ұйымдар мен мекемелер өзара күресті өршіте түсті. Бір жерлерде бейберекеттікке жол берілсе, екінші жерде өкімет билігі әйтеуір бір ұйымның қолына түсті, үшінші жерлерде қос өкімет, үш өкімет немесе қанша ұйым мен мекеме болса, сонша өкімет болды [1,68]. Қалай болғанда да, қоғамдық-саяси өмір ағысын айқындауда өзара тығыз, әрі күрделі қарым-қатынастағы қоғамдық, мемлекеттік ұйымдар тізбегі үлкен ықпалын тигізіп отырды.

Құрамында әртүрлі қоғамдардың өкілдері кірген делегаттар кеңесі, біріккен ұйымдардың атқару комитеттері тағы басқа құрылымдар жергілікті өкімет билігін жүзеге асыруға тырысты. Барлық ұйым өкілдері бас қосқан ортада көкейтесті мәселелер талқыланып, тиісті шешімдер қабылданып жатты.

1917 жылы 3-18 маусым аралығында Семей облысында облыстық делегаттар кеңесі ұйымы құрылды. Оның ережесінде:

- Семей облысында демократиялық негізде тұрақты басқару органдары құрылғанша, облыстық Қазақ комитеті, жұмысшы және солдат депутаттары кеңестері, шаруалар мен казактар депутаттар кеңесі өкілдерінен тұратын делегаттар кеңесі уақытша жоғарғы өкімет органы болып табылады;

- Делегаттар кеңесі жоғарғы аталған ұйымдардан тең өкіл кіру принципі бойынша (әр ұйымнан 15 адамнан) құрылады;

- Делегаттар кеңесінің міндеті:

а) уақытша үкіметтің іс-шараларын жергілікті орындарда жүргізу;

ә) саяси және халық шаруашылық салаларында уақыт талабы тудырған барлық мәселелерді шешу;

б) облыстағы мемлекеттік және қоғамдық мекемелердің демократиялық бастаулардан ауытқымауын қадағалау,- деп көрсетті.

Облыстағы әкімшілік және саяси билікті қолына алған делегаттар кеңесінің атқару комитеті – комиссариат 9 адамнан тұрды. Оған облыстық Қазақ комитетінен Х.Ғаббасов, Ә.Ермеков, Б.Сәрсенов кірді.[2].

Делегаттар кеңесінде Семей облыстық Қазақ комитеті қазақ арасындағы шешілмей жатқан мәселелерді көтеріп, түйінін табуға талпынды. Семейге тәуелсіз, Алаш қаласының дербестік мәселесін, астық жинауға жіберілген қазақ жігіттеріне төлем ақы белгілеу, ел ішіне уездік комиссариаттар құру үшін қазақ комиссарларын жіберу тағы басқа мәселелерді күн тәртібіне қойды.

Делегаттар кеңесі Семей облысы халқының жайына байланысты түрлі жұмыстарды, атап айтқанда, жұмысшы артельдерін ашу, жылқы ұрлаушыларға тиым салар жер-жерде соттар құру, әр ұйымнан екі өкіл кіретін жер ісі комиссиясын сайлау(Қазақ комитетінен Р.Мәрсеков, Х.Ғаббасов кірді), облыстағы тауарлардың шетке шықпауын, әділ бөлінуін қадағалау үшін аралас комиссия шығару(Қазақ комитетінен Ә.Молдабаев тағайындалды) тағы басқа нақты істерді біріге отырып жүзеге асырды.

Күрделі қайшылықты жағдайдан шығу амалын іздеп, жергілікті өкімет орындары мен ұлттық ұйымдар, өзге қоғамдық-саяси бірлестіктер бас қосып, күш біріктіре жол табуға тырысқан әрекеттері көздеген жеріне жете алмай жатты. Себебі, орталық өкімет

орындарының қолдауын таппады. Дегенмен, қоғамдық істі демократиялық негізде жүргізуге алғашқы талпыныстар жасалды, қоғамдық-саяси ұйымдар бұл жолда өзінің алдына қойған мақсат-мүдделерін жүзеге асыруға ұмтылды. Олардың іс-әрекеті өмірлік қажеттіліктен туған табиғи талап-тілектерін шешуге бағытталды. Ұлттық еркіндік үшін күрестің ағымымен «Алаш» партиясы құрылды. Кез-келген қоғамдық ұйым белгілі бір саяси партияны жақтап немесе қарсы шығып жатқанда, ең алдымен билік мәселесін шешу бағдарламасына көңіл қояры ақиқат. Осы тұрғыдан келгенде, Қазақ комитеттерінің орыс кадеттерінің де, эсерлер мен социал-демократтардың бағдарламасын қуаттамай тастауы олардың қазақтың жалпыұлттық мүддесіне сай келмеуіне байланысты болды. Қазақ зиялыларының көш басшысы Ә.Бөкейханов өзінің атақты «Мен кадет партиясынан неге шықтым?» деген мақаласында бұл ойды былайша ұштай түседі: «Кадет партиясы жер адамға меншікті... мұны шөлдегі жалпы қазақ съезіне айтқан едім».[3,18].

I-ші жалпы қазақ съезінде қазақтың ұлттық партиясын құру туралы шешім қабылдағанымен, оның ұйымдарын ашу 1917 жылдың қазан айынан бастап қолға алына бастады.

Қазақ комитеттерінің «Алаш» партиясына үлкен қолдау жасағанын айта отырып, ұйымдық құрылымында олардың өзара жігі бар екенін де айта кеткен жөн. Қазақ комитеттері, біріншіден, уақыт жағынан алғанда «Алаш» партиясы комитеттерінен бұрын құрылды, ал міндеті – құрылтай жиналысына дейін қазақ істерін уақытша өз мойнына алып, ұлт мүддесін қорғау болды. Ал «Алаш» партиясының облыстық комитеттері 1917 жылдың қазан айынан қалыптаса бастады. Ә.Бөкейханов және сол кездегі қазақтың зиялы қауымының басқа өкілдері басқарған Алаш ұйымы... қазақ халқының ұлттық тұтастығы мен оның бірлігінің буржуазиялық даму жолындағы қорғады мүддесін.

Қазақ комитеттерінің мүшелері «Алаш» партиясының комитеттерінің құрылуына көмек бере отырып, оның кей жердегі басшы құрамын толықтырды. Мәселен, қазан айының 12-13 аралығында Том қаласындағы жалпы сібір съезінен кейін Семейде қала жұртшылығымен кездесулер өткізіп, баяндамалар жасаған Ә.Бөкейхановтың тікелей басшылығымен 15 адамнан құрылған Семей облыстық «Алаш» партиясының комитеті құрамына облыстық Қазақ комитетінің белсенді мүшелері: Мәрсеков, Ғаббасов, Ермаков, Әлімбаев, Қозыбағаров, Малдыбаев, Сәрсекеевтер кірді. Комитеттің төрағасы Х.Ғаббасов, жолдасы А.Қозыбағаров, қазынашысы Ә.Малдыбаев, С.Дүйсенбин болды, құрметті төрағасы болып Ә.Бөкейханов сайланды.[4,24].

Омбыда құрылған «Алаш» партиясының облыстық комитетіне облыстық Қазақ комитетінің мүшелері А.Сейтов, М.Жұмабаев, М.Саматов, А.Тұрлыбаев, Е.Итбаев, Қ.Кемеңгеров, Е.Мұқышевтар сайланды [5,56]. Қазақ комитеттері мен «Алаш» партиясының комитеттері арасында тығыз байланыстың орнағанын және екі ұйым да ұлттық мүддені қорғап бір-біріне күш-қуат қосқанын Семей облыстық Қазақ комитеті мен облыстық «Алаш» партиясы комитеті 1917 жылы 28 қарашада бас қосып, облыстық земство басқармасына лайықты азаматтардың тізімін жасап, көпшілікке ұсынуы айғақ.

«Алаш» партиясы комитеттері мен Қазақ комитеттері қалаған ұлттық бірлік пен тұтастық жолын бұзып, ел арасына іріткі салған М.Әйтпенов бастаған Омбы уездік Қазақ комитеті мүшелерінің кереғар әрекеттерін де айтпай өтуге болмайды. Мұндай адамдар уездік Қазақ комитетіне қалай өткенін «Қазақ» газеті: «Аттары аталған адамдардың (М.Әйтпенов, А.Қылышбаев, Ш.Әлжанов) мінез-кұлқы Омбы төңірегіне мәлім. Олардың еш уақыт, еш қызметке риза болмайтыны да айдай анық. Жаз ішінде сайлаусыз зорлықпен уезной комитетке кіріп алып, күзге шейін жанжал- қиянатпен комитетті сайлатқызбай, октябрьдің 20-да сайлау болатынын білген соң, 19-да комитетті зорлықпен бекітіп аламыз деген осылар», - деп баяндайды. 19 қазанда М.Әйтпенов, Ш.Әлжанов, А.Қылышбаев секілді Омбы уездік Қазақ комитетінің өкілдері мен Көлбай Тоғысов 50-60 кісіні қастарына ертіп, облыстық Қазақ комитетіне келеді. Комитет мүшелерін соққыға жығып, тұтқынға алуға әрекет жасайды.

К.Тоғысов, М.Әйтпенов тағы басқалары бастаған топтың Қазақ комитеттерін жаңа жолмен, соны әдіспен бастап кетер жоғарғы саяси сауаттылық деңгейінен табылмағандығын «Үш жүз» партиясының бағдарламасынан байқаймыз. «Үш жүз» партиясының 1917 жылдың қарашасынан желтоқсанына дейінгі аралықтағы іс-қимылынан туған ауытқулардың, біріне-бірі қайшылықты, шатасқан шешімдердің байқалуы [6,59], «тым оғаш қателіктерге ұрынуы» айқын мақсат қоя алмауы көп қазақтың көңілінен шықпағаны да рас.

Қазақ комитеттері де өздеріне сынықты сылтау етіп, жала жабудан көз ашпаған «Үш жүзді» қуаттай алмады. Бәрінен бұрын сайлау алдында елдің берекесін кетіруіне көп алаңдады. М.Дулатов жазғандай, «тәп тізімнің соңында емес, маңызында және халықтың пәтуасында» болатын. Сондықтан айқын ережесі жоқ, «Үш жүз» партиясы «Сарыарқа», «Қазақ», «Бірлік туы» газеттерінің беттерінде сынға алынып, «айға шығып, артқы аяғы мерт болған арыстанша» арам тер болмайық деп басу айтылып жатты.

Қазақ арасындағы алауыздықты большевиктер партиясы қолдап әкеткенін Омбы большевиктерінің «Үш жүздің» депутаттар тізімін өз баспасөздерінде жариялап, таныстырып, «Бөкейхановтар жолы бөлек екенін түсініп, соңынан ермеген қазақ кедейлерінің «Үш жүз» партиясын қызу қуаттаймыз», - деп жалындата жазғаны аңғартады.

Большевиктер 1917 жылдың күзіне қарай Қазақстандағы жұмысшы, шаруа кеңестерінің жетекшілігіне ықпалын арттыру әрекетін күшейте түсті.

Қазақ комитеті уақытша үкімет басшысы Керенскийге жолдаған 17 қазандағы жедел хатында жергілікті кеңестер өздерінің іс-әрекетімен большевизм жолына түскенін айтып, алаңдатушылық білдірді.

Бүкіл халық назарын құрылтайға тігіп, беделді өкімет билігі орнап, босаған тізгінді жиып алар күн туып, бостандық таңы атар деп күткен құрылтай жиналысы шақырылуына санаулы күндер қалғанда Қазан төңкерісі нәтижесінде өкімет басына большевиктер келді. Өздері сеніп сайлаған халық өкілдері – құрылтай жиналысы депутаттары ел билігін демократиялық жолмен шешер деген асыл үміт большевиктік соққыға ұшырап... зорлықшыл төңкеріс сайлау қарсаңындағы халықтың көңіл-күйіне барынша қайшы келген жағдай мен ахуалды тудырды. Ақпан төңкерісі жасаған демократиялық құрылымдар жойылып, мылтықтың күшімен, найзаның ұшымен пролетариат диктатурасы Ресейдің орталық қалаларын шарпып жатты.

Мемлекет күйінің өзгерісі жалпыұлттық, жалпыадамзаттық дәстүрлерді берік ұстаған Қазақ комитеттері сияқты ұлттық ұйымдардың дағдарысына, қиыннан шығар жол іздеп, шарқ ұруына соқтырды. Себебі, «Ақпан төңкерісі қазақтарға қаншалықты түсінікті болса, Қазан (әлеуметтік) төңкерісі оларға соншалықты түсініксіз болды».

Европа тіршілігіне үйлесімді етіп жасалған социал-революционерлердің бағдарламасын бетке ұстаған Кеңес өкіметінің тап күресі саясатын капиталистік қатынастар пісіп-жетілмеген, өзіндік даму жолы, ұлттық ерекшелігі бар қазақ қоғамы қабылдай алмады. Өйткені, антиимпериалистік күрес сатысында тұрған елдерге таптық жіктелуден гөрі ұлттық бірлік пен туыстықты сақтай отырып, алдымен отаршылдық пен ортағасырлық мешеулік шеңгелінен шығып, өркениетті елдер қатарына қосылу мақсаты негізгі мәселе болғандықтан Ресей империясының қазақ өлкесі сияқты С.Сафаров РКП(б) X съезінде көрсеткендей, «Қазан төңкерісі кенеттен түскен жай оғындай болды...Қала жұмысшысы социалистік төңкеріске әзір болғанымен, шет аймақтағы ауылдар әлі ұлттық тәуелсіздікті алған жоқ еді, ол Ресей самодержавиесінің езгісін орыс шаруаларына, орыс деревняларына қарағанда анағұрлым көп көрді». [7,57].

Міне, осындай ұлттық тәуелсіздікті толық баянды ете алмай жатқан тұста большевиктер қаупі тағы төніп, қалыптасқан жағдайларға байланысты автономия жариялау қажеттігі кезек күттірмейтін зор мәселеге айналды. Оның үстіне төңіректегі елдердің Х.Ғаббасов көрсеткендей, Кавказ, Молдова, Литва, Латвия, Башқұртстан, Қалмақ, Ноғайлар тағы кімдер өз тізгінін өзі алмақшы болып, дербестікке жол салуға ұмтылуы да қазақты бейжай қалдыра алмады. Міне осындай тарихи деректерге шолу арқылы XX ғасыр басындағы

Қазақ комитеттерінің қоғамдық-саяси ұйымдармен және кеңестермен арақатынасының қандай жағдайда болғанын көріп білгендей боламыз!

Әдебиеттер:

1. Герасименко Г.А. К вопросу о двоевластии в стране // Октябрьская революция. Народ ее творец и заложник. М., 1992.
2. Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік мұрағаты. Дала генерал-губернаторлығы бойынша Уақытша үкімет комиссарының кеңсесі. 1-т., 3-10іс, 215-п.
3. Сарыарқа. 1918. № 27.2 қаңтар.
4. Старцев В.И. Внутренняя политика Временного правительства первого состава. - Л., Наука, 1980. - 256 с.
5. Махаева А.Ш. Қазақ комитеттері: құрылуы мен қызметінің тарихы (наурыз 1917- маусым 1918 жж.): Дисс. Т.ғ.к. –А., 1995. - 168 б.
6. Елькеев Б. Из истории идейно-политической борьбы в Казахстане в период установления Советской власти. (Возникновение и деятельность казахской социалистической партии «Уш-жуз»). Автореф. ... к.и.н. Ташкент, 1975.
7. Костиркин В.И. Земельные комитеты в 1917 году. - М., Наука, 1975. - 336 с.

БАҚТЫҒАЛИ БИСЕНОВТИҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Захарова А.М.,

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің
2 курс магистранты, Орал қаласы*

Бір идея айналасында топталып, Алаш атты партия құрып, арнайы үкімет жасақтап озық үлгідегі мемлекет құрмақ болған Алаш қайраткерлерінің арасында дәрігерлер де болды. ХІХ ғасырдың соңы – ХХ ғасырдың бас кезінде медицина саласында да қазақ ғалымдары шыға бастады. Жұқпалы аурулардың таралып, өз отандастарының өлім-жітімге ұшырауы қазақ дәрігерлерін бей - жай қалдырған жоқ. Олар өз халқының денсаулығын сақтауға барынша аянбай еңбек етті. Қазақтың алғашқы дәрігер-ғалымдары қатарында Мұхамеджан Қарабаев, Халел Досмұхамедов, Бақтығали Бисенов, ағайынды Асылбек және Мұсылманбек Сейітовтер т.б. болды. 1991 жылы еліміз егемендігін жариялаған тұста қаншама алаш арыстары ақтала бастады. «Алашорда» үкіметінің Х.Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедов, А.Қалменов т.б. белсенділері аталған үкіметке барын салып, күш жігерлерін танытты. Солардың қатарында есімі көп жерде белгісіз себептермен тасада қалып келген Бақтығали (Бақтыгерей, Бах, Бақыш деген есімдері де бар) Бисеновтің еңбектерін атаған жөн.

Бақтығали Бисенұлы Бисенов –Батыс Алашорда мүшесі, өлкемізден шыққан білікті маман-дәрігер, Алаш қозғалысына қатынасқан, ұлтының болашағын ойлаған ұлтжанды қайраткер. Ол Батыстың кең байтақ әсем жерінде 1889 жылы Орал облысы Ілбішін уезі Қызылжар болысы № 5 ауылында (қазіргі Ақжайық ауданы) дүниеге келген. Әкесі Бисен сауатты, дәулетті адам болған. Болыстық орыс-қазақ мектебін, қалалық Романов орыс-қазақ училищесін бітірген соң Орал әскери-реалды училищесіне 1901 жылдың тамыз айында оқуға түсіп, оның толық курсы «өте жақсы» тәртібі мен «жақсы» бағаларымен 1909 жылдың 6 маусымында аяқтаған, оқу орнын бітірген аттестаты 1909 жылдың 30 желтоқсанында берілген [1]. Осы жылы Бақтығали Бисенов Орал әскери-реалды училищесінің жанындағы эзірлік класында бір жыл оқып, жоғары оқу орнына оқуға түсуге даярланғаны туралы анықтама құжат берілген, оның нөмірі №177[2].

Училище оқушылары Ғ.Есенғұлов, И. Қашқынбаев, Ы.Шұғыловтармен бірге оқыған. Оның училищеде оқыған жылдары Ресейдегі І Орыс революциясымен тұстас келді. Осы кезде Орал қаласында Бірінші Орыс революциясы жылдарында «Фикер» «Уральский листок» т.б газеттер шығарылып тұрды. Революция жылдарында осы газеттер маңына ұйысқан Қазақ кадеттер партиясына ниеттес болғандары үшін жандарм бақылауына ілігеді. Бақтығали Бисенов 1907 жылы Орынбор қаласына арнайы барып, Орынбор оқу-ағарту округі

сынақ комитетінде ерлер гимназиясының 8 кластық білімімен латын тіліне сынақ тапсырып, қанағаттанарлық баға алады. Бұл куәліктің нөмірі №28929 [3]. Сөйтіп, 1910 жылы 14 тамызда Саратов қаласындағы Николай Императорлық университетінің медицина факультетіне оқуға түсуге арыз берген және латын тілінен емтихан тапсырған. Медицина факультетінің 1 курсына 1910 жылдың 11 қазанында қабылданады. Бірақ үш жыл өткенде бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуына байланысты оқу курсының тоғыз семестрін мерзімінен бұрын аяқтайды. Бақтығали Бисенов Саратов қаласындағы медицина университетін бітіргендігі жөнінде бағалары қойылған куәлікті 1914 жылдың 14 қарашасында алып шығады. Соғысқа байланысты армия қатарына кетеді. 1917 жылдың 30 сәуірдегі сынақ комиссиясының қорытындысымен дәрігер мамандығын алып, елге келеді. 1917 жылы жедел түрде мемлекеттік сынақтарды тапсырады [4]. Осы жылы Орал облысы 13-Қызылқоға ауылдық-дәрігерлік учаскесінде қызметке кірісіп, еңбек етеді. Ауылдық жерде жұмыс істей жүріп, медициналық университетті бітіргені жөнінде дипломын алу үшін оқу орнына бірнеше рет өтініш жазған. Сонымен қатар Бақтығали Бисенов «Емші дәрігер» біліктілігіне де емтихан тапсырған.

Бақыш еңбек жолын 1917 жылы Орал облысы 13-Қызылқұлгін ауылдық-дәрігерлік учаскесінде қызметке кірісіп, жергілікті жұрттың алғысына бөленеді. Күні-түні тынбай еңбек еткен Бақыш Бисеновтің міндеті де ауыр болғаны анық. Өйткені медицина әлсіз, иен далаға жетпеген заманда әр түрлі жұқпалы аурулардың өршіп тұрғаны белгілі. Ісіне жетік мамандар да жоқтың қасы. Мұнда 1920 жылға дейін еңбек етеді. XX ғасырдың басы орыс патшалығы тыныштығынан айырылған кезең болатын. Патшалық құрылыс дағдарысқа ұшырап, халық арасында толқулар болып жатты. Оның аяғы февраль, октябрь революцияларына, ақтар мен қызылдардың атыс-шабысына, сөйтіп кеңес өкіметінің орнауына әкелді. Аштық, ауыр тұрмыс, ауру-індет, саяси қуғын-сүргін, үздіксіз қантөгістер дәуірі басталды. Ел басына түскен осындай ауыр жағдайда Калмыков уездік денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалған өз заманының білгір маманы Бақтыгерей Бисенов қай жерде қиын ахуал қалыптасады, көмек қолын созып сонда аттанады. Бұл жылдары Калмыков уезінде 120 мыңдай халық тұрған. Уездің өзінде бес дәрігерлік, он фельдшерлік пункт болған. Азамат соғысының басталуымен уез халқына медициналық қызмет көрсетуде көп кедергілер туындайды. Бас дәрігерлік пункт бір ғана мектеп фельдшерінің басшылығымен жұмыс істейді. Уездің орталығындағы қалалық 25 төсектік аурухана дәрігерсіз жұмыс істеп тұрған. Білікті дәрігер, іскер ұйымдастырушы Б.Бисенов 1924 жылдың басында Орал облысындағы Байғұтты ауруханасының меңгерушісі болса, 1925 жылы Жымпиты уездік денсаулық сақтау бөлімінде санитарлық дәрігер, одан көп уақыт өтпей Жымпиты ауруханасын басқарады. Мұндағы медициналық қызмет көрсетуді жоғары деңгейге жеткізген оны 1928 жылы Тайпақ аудандық ауруханасына басқарушы етіп жіберді. Келесі жылдың қаңтарында Орал қалалық совет-партия мектебінің дәрігері, бір жылдан соң Губерниялық денсаулық сақтау бөлімінің емдеу-профилактика ісі жөніндегі инспекторы болып тағайындалады. Бисеновты партия қиырдан-қиырға, қиыннан-қиынға жұмсады. Қиындықтың қандайынан болсын ол жол тауып шыға білді. Жайықтың жағасын жайлаған жұрт осы күнге дейін Б.Бисеновты 1921-1935 жылдағы ауыр тұрмыс пен ашаршылықтан азып-тозған ел ішінде бас көтерген оба індеті сынды түрлі жұқпалы аурулардың бетін қайтарып, елді қатерлі дерттің құрығынан аман алып қалған бірден-бір өте зерделі маман, білікті дәрігер, ұлтын сүйген азамат деп бағалайды. Азамат соғысының аласапыран жылдарында Тайпақ ауданының орталығы Базартөбеде қазақтарға арнап аурухана салдырғаны да ел есінде. Қазірдің өзінде дұрыс жолға жарымаған бұл өңірдің халқы сол кезде Жайықтың арғы бетіне құрылыс материалдарын тасып апарудың қаншалық қиямет екенін жақсы түсінеді. Жайықтың бергі жағасында, уез орталығы-Оралдағы ауруханаға жергілікті халықтың өкілдері бас сұға алмайтындығын, қабылдаған күннің өзінде жеткізбес жол ауыртпалығының азабын ескерген ол елдің болашағы үшін бұл қияметті өз мойнына алған еді. Денсаулықтың негізі ең алдымен сәби күтімі мен дұрыс тамақтандырылуына байланысты екеніне барынша маңыз берген білгір маман балалар тағамы үшін арнайы сиыр табынын бөлуді ұсынады. Осы

мақсатта малшаруашылығы көрмесіне қатысқаны үшін Мақтау қағазы берілген. Оның 1921 жылы Орал губерниялық денсаулық сақтау бөлімі кеңесінде халықтың денсаулық жағдайы және дәрігерлік көмек туралы жасаған баяндамасы архивте сақталған. Мұндай баяндаманы дайындау, әрине, тек мықты маманға ғана сеніп тапсырылатын. Жұмыс бастылығына карамастан Б.Бисенов өзінің білімін жетілдіруді де ұмыт қалдырмаған [6].

Дәрігер Бақтыгерейдің Базартөбе ауылында қызыл кірпіштен 10 орындық емхана тұрғызғаны да ерлік іске пара-пар. Соры бес елі қазақ халқын оба індеті, шешек, сүзек аурулары оңбай тұралатып, сырқаттардың ем-дом қабылдайтын емханада тазалық гигиенасы өте қатаң сақталады. Емхана жанынан монша, дәріхана секілді әлеуметтік нысандар салынып, 1 гектар аумаққа картоп, басқа да көкөніс түрлері егіледі. Медицина ғылымының сауатсыз бұқара халықта жұппалы аурулардан ересектермен бірге балалар да қатты зардап шегеді [7].

1929 жылы Орал қаласындағы кеңестік партия мектебі ауруханасының дәрігері, 1930 жылы 15 шілдеде Орал губерниялық денсаулық сақтау бөлімінің емдеу-прфинспекторы атанады.

Батыс Қазақстан облыстық мұрағатында 10 төсектік Базартөбе ауруханасының есептік құжаттары сақталған. «Төрт ауыл тұрғындарына қызмет көрсеткен аурухана кешені бас ғимараттан, дәріхана мен моншаға арналған қосымша құрылыстан және дәрігерлерге арналған үш шағын үйден тұрған. Аурухана құзырындағы 1 га жерге бақша, 1 га жерге картоп егілген. Ауруханада бір тарантас арба болған, бірақ оған жегетін ат жоқ, сірә өгіз жегілсе керек. 1934 жылға амбулатория есебіне қарағанда, аурухана сол жылы 282 күн жұмыс істеп, 3019 науқасты қабылдаған. 1937 жылдың басында Б.Бисенов Жымпиты аудандық ауруханасына жіберіледі [8].

Әдебиеттер:

1. 1 БҚОМ № 27066 қоры
2. 2 БҚОМ № 27049 қоры
3. 3 БҚОМ № 27071 қоры
4. 6 БҚОМ № 27083 қоры
5. 11.БҚОҚКМ №6 қор
6. БҚОМ 393 ор, 1 тізбе, № 2594 іс
7. Ғ.Әнес, М.Тәж-Мұрат. Батыс Қазақстан облысы энциклопедиясы. –2002-1836
8. 15 Сүлейменова Д.Д Алаш қозғалысы және Жаһанша Досмұхамедов Орал: «Ағартушы» баспасы, 2010 – 236б

АЛАШ ӘДЕБИЕТТАНУЫНДАҒЫ ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯСЫНЫҢ ҰЛТ ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ ҰЛТ ТАРИХЫ (ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАР) АРҚЫЛЫ ТАНЫЛУЫ

Мухамбетжанова Л.Т.,

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курс магистранты,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

(Қазақстан, Батыс Қазақстан облысы, Орал қ.)

Кеңес кезіндегі әдебиеттанудан ұйғарғанымыздай, әдебиетте ол кезде екі түрлі көзқарас болған: жазушы, әдебиеттанушы әдебиетті үстем биліктің идеологиялық қаруы ретінде, басқаларды қаралау үшін саяси күресте пайдаланған. Енді бір топ – әдебиеттің әсемдік, асыл сөздігін мойындаған, себебі, олар үшін өнер, әдебиет – тікелей шындық емес, оның эстетикалық, әсемдік болжамы, интерпретациясы.

А. Байтұрсынұлы, Ш. Құдайбердіұлы, Ж. Аймауытұлы, М. Жұмабаев, М. Дулатұлы, М. Әуезовтер осы ниетпен басты әдебиеттанулық еңбектерін жазғандары белгілі.

Бұл Алаш әдебиетшілері қазақ елінің тәуелсіздігін – дербес мемлекет болуын меңзеген. Өз ғылымы, діні мен тілі бар, еркін мемлекетті аңсады.

Алаш әдебиетшілерінің шығармалары мен зерттеулерімен тәуелсіздікті аңсаған ерекше арманды көреміз. Сондықтан қазіргі тәуелсіз кезде Алаштың осы еркін ойлары ерекше қажет. Алаш әдебиеттануының қажеттілігі осындайдан туады.

Демек, ұлттық әдебиет тек өзіне тән тілінде ғана, соған сай заңдылықтарына сүйене отырып, тіршілікті бейнелей алады. Басты мәселе – жазушы өзінің ішкі рухани бостандығын сақтап отыруы шарт.

Алаш әдебиетінің еркін, тәуелсіздік аңсаған рухын қалыптастырудың басында Ә. Бөкейхан тұрды.

Абайтанудың ірге тасын қалаушы Ә. Бөкейханның әдебиеттанулық мұрасының құндылығы сөзсіз. Арнайы зерттеулер мен хаттарындағы пікірлері әдебиетшінің сол кездегі озық көзқарастың иесі екенін көрсетеді. Өз ұлттық әдебиетіне жанашыр ғана емес, оның білікті маманы бола білген Ә. Бөкейханның ғылыми дәлелденген ой-пікірлерінсіз бүгінгі қазақ әдебиеттануын елестету мүмкін емес.

Әлихантану басталғалы 20 жыл болды. Алғашқылары: Хасен Оралтай, М. Базарбаев, М. Қойгелдиев, Р. Нұрғалиев, С. Аққұлұлының зерттеулері.

Өткен ғасыр басындағы әдебиеттанулық ойдың назары ең алдымен Абай шығармашылығына бұрылды. Әдебиет тарихын зерттеу жыраулардан басталса, жазба әдебиеттің басында тұрған «қазақтың бас ақыны» Ахмет Байтұрсынұлы екені бірден мойындалды. Ұлттық әдебиеттану Абайдың шығармашылығын насихаттап, ол салған жолдың өркендеуін алға тартты. Абай анықтап берген жолды анықтап алу – ХХ ғасыр басында ерекше қажет болды.

ХХ ғасыр басындағы Абайтанудың бастаулары болып саналатын алғашқы зерттеулер ұлт әдебиеттануының да негізгі сипаттарын дәл анықтап берді.

Шәкәрімнің шығармашылығына қатысты Ә. Бөкейханның «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» атты кітабына жазған мақаласы белгілі. Бұл басылым қазақ шежіресінің тұңғышы болып саналады. Мақалада Алаш сөзінің тарихы мен ел тәуелсіздігі сияқты мәселелер батыл көтерілген. Ә. Бөкейханның 1924 жылы «Қыр баласы» атымен В.В. Радлов жариялаған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының Мәскеу мәтінін шығарғаны белгілі. Сөз басында Қыр баласы бұл сюжеттің татар, башқұрт, шешен, тілінде бар екенін айтып: «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» - біздің түрік баласының сүйген ертегісі. Германға «Фауст» қандай болса, түрік баласына «Қозы Көрпеш – Баян сұлуда» сондай» [15, 339 б], - деп түйіндейді. Және бұл нұсқаға «Алдыңғы мектептегі балалар оқуға басылды» деген анықтама берген.

Ә. Бөкейханұлының басқа руымен «Марабай. Ер Тарғын. Түзетіп бастырған: Қыр баласы» атты кітап. Мәскеуде 1923 жылы жарық көрді.

Тарихи жырдың соңында әдебиетші Ә. Бөкейхан өз тарапынан түсініктеме берген: «Бұл жырды В.В. Радлов жазып алған. Мен қара сөзбен жазғанын қысқартып, өлеңмен жазған жерлерін өңдедім», - деп. Бұл түсініктемеде әдебиетші Ә. Бөкейхан Ер Тарғынның кім болғанын, кімдермен соғысқаны, қазақ ұлтының мүддесін қорғау үшін қай жылдардағы тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғаларға қатысты жыр екенін тарихи тұрғыдан нақтылаған мәліметтер келтірген. Тарихи жырдағы жер-су аттары, олардың бүгінгі атаулары да түсіндіріледі. Осыған орай: «Біздің Бөкейлікте Тарғын қысымы деген аймақ бар. Бұлардың жерінде Үш Тарғын деген жерлер бар, - дей келе, жырдан дәлел береді: «Ер Тарғын» Жанарыстан, Үш Тарғын деген тауға барып жайлады, осы жерді мысыр етті» [15, 364 б], – дейді жыр. Арыстанбел ханға қатысты қазақтың ертегісі келтірілген – Шыңғыстың дүниеге келу тарихы. Осындай тарихимәліметтер ауыз әдебиеті шығармаларының мәтініне де байланысты келтірілген.

Сонымен қатар Ә. Бөкейхан қазіргі ХХІ ғасырға қажет адамзат пен дін мәселесін батыл көтерді. Әдебиетшінің келесі еңбегінің де таңдалуы тегін емес еді. Аудармашы Ә. Бөкейхан «Сурат кафеханасы» атты аударма әңгімесінің соңына өз тарапынан қосқаны білініп тұр: «Неғұрлым Құдайды жоғары деп, биік деп, ұлық деп ұқса, соғұрлым жақынырақ, жақсырақ танымақшы. Жақынырақ таныған сайын, Құдайға жақынырақ болмақшы. Жақын болуының мағынасы: рақметін көріп, рақымды болмақ, мейірбандығын көріп, мейірімді болмақ. Біреудің көзі соқыр, біреудің көңілі соқыр. Көзі соқыр жарықты көрмей, «жарық жоқ» дер, яки күнге көзі жетпей, көріп отырған шамын күн деп білер, көңілі соқыр –

халықты айырып, Құдайды танымай, «Құдай жоқ» дер, яки қолына ұстап, көзімен көріп отырған ағашын Құдай деп білер [12, 59 б].

Қай соқырлық та болса – кемшілік. Бірақ соқырлығының бейнетін әркім өзі көреді. «Көзің соқыр» деп қорлауға бола ма? «Көңілің соқыр» деп қорлау да жөн емес.

Конфуций жолындағы Қытай осылай деді. Дін артықшылығына таласып, кафехананы басына көшіріп, улап-шулап отырған жұрт таластарын тастап, жым-жырт болды». Соңғы сөйлем бүгінгі ХХІ ғасырда айтылғандай: «Бұл сөз адам баласының бәріне ағайыншылық көзбен қараған орыстың ұлуғ философы Толстой сөзінен алынды. Ол Бернарден Десан Пиер дегеннің сөзінен алған екен. Басқалар да Толстой көзімен қараса, осы күні Балканда судай ағылып-төгіліп жатқан қанға орын табылмас еді» [15, 373 б].

Аудармашы Ә. Бөкейхан Л.Н. Толстойдың «Жұмыртқадай бидай», А.П. Чеховтың «Хамелеон», Ги де Моппассанның «Симонның әкесі», «Жарасын алдырған ана», Мамин-Сибиряктің «Қара ханым», В.Г. Короленконың «От» атты көркем туындыларын қазақ тіліне аударған. Ескі қырым сөздерінен аударған тәржімелері ерекше көркемдікті көтеріп тұр, олар: «Пайғамбарғахат», «Ешкітау», Н.Маркестен «Құрбан қия», «Сұлтан Сәли», «Азамат Юсуф», «Герейдің ажалы».

Әдебиетші Ә. Бөкейхан әдеби еңбектерінен тыс қоғамдық саяси мінбелерде де қазақтың тәуелсіздік еркіндігі туралы мәселені ашығынан көтерген ғалым.

ХХ ғасыр басындағы қазақтың тілі, әдебиетінің мәз емес жайы туралы Ә. Бөкейхан Мәскеу мінбесінен «Қалалық және жергілікті жер қайраткерлері» съезінде (1905) сөйлеген сөзінде былай деген: «Являюсь представителем 5-х миллионного киргизского народа, занимающего огромную территорию от Урала до Алтая, от линии Сибирской Железной дороги до Омска. Когда я слушал все, что рассказывали здесь поляки, малороссы, латыши, и другие, я точно читаю старую книгу. У нас тоже преследуются школы с киргизским языком, нас тоже давит цензура. Вот уже 13 месяцев я, например, не могу добиться от цензуры разрешения на издание киргизских переводов 46 басен И. Крылова... и я присоединяюсь к предложению тех товарищей, которые просили съезд высказаться за немедленную отмену всех ограничений в правах местных языков» [15, 406 б].

Абайдың тұңғыш кітабын С-Петербургдан жарыққа шығаруда ұлт тәуелсіздігіне қосылған үлес екенін Ә. Бөкейхан өзіне міндет етіп көтеріп алған.

Абайдың өлеңдерін шығарушы Кәкітайдың Ә. Бөкейханға жазған сөздерімен түйінделген мақала ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетшілерінің көңіл күйін көрсетері анық: «Кәкітай хатынан (13 май, 1913 жыл): «Өзің көргендегідей көңіл басқарған жоқ, ғұмыр нұры кетті, басқа үміт қыларлық нәрсе көргенім жоқ. Барарлық жер жоқ. Мұңдасар кісі де кем қалды. Тірі болған соң ғұмыр сүріп жүрміз. Біреуге тигізер пайдақолдан келмеген соң, ең болмаса, ешкімге зарар тигізбесек деп, ақталғаннан басқа жұмыс жоқ» [15, 419 б].

Ә. Бөкейхан – көркем аудармашы. Ол Л.Н. Толстой, А.П. Чехов, В.Г. Короленко, Д.М. Мамин-Сибиряк, Ги де Моппассан, түрік тектес Қырым халықтарының әдеби шығармалары, Антика дәуірінің әдеби туындыларын тәржімалаған. Бұл туралы М. Базарбаев былай дейді: «Ә. Бөкейханның көркем аудармаларының басым көпшілігін 20-30-жылдар аралығында, яғни 1922 жылдан 1927 жылға дейін КСРО Халықтарының Орталық баспасындағы қазақ секциясының әдеби қызметкері болып жүрген кезінде аударғаны байқалады. Оған дәлел ретінде аудармалардың жарыққа шығу мерзімін атаса да болады: Л.Н. Толстойдың «Қажымұраты» 1923 жылдың қыркүйегінде аударылып, келесі жылы басылған. «Кавказ тұтқыны», «Жеті қарақшы», «Жұмыртқадай бидай» (Л.Н. Толстой) – 1925; «Жетпіс жеті мысал» (Л.Н. Толстой) – 1925; «Жердің қысқаша тарихы», «Дүниенің құрылысы» – 1926; В.Г. Короленконың «Баймақан», «Өзі» әңгімелері – 1927 жылы жарық көрген. Басқа да көптеген аудармалары, мысалға, Л. Толстойдың «Сурат кафеханасы» (Дін таласы), «Серуен жасап зерттеу әдісі», «Бір адамға қанша жер керек?», Ги де Моппассанның «Жарасын алдырған анасы», «Симонның әкесі» мен «Ақсақ кемпірі», А.П. Чеховтың «Хамелеоны», В.Г. Короленконың «Оты», Д.М. Мамин-Сибиряктің «Қара ханым», К. Фламарионның «Қанды жауыны», Н. Маркестің «Қырым сөздері» жинағы секілді шағын әңгімелерінің аудармалары

төңкеріске дейінгі «Дала уалаяты газеті», «Қазақ» газеттерінен бастап, кеңес дәуіріндегі «Темірқазық», «Жаңа мектеп», «Кедей туы», «Әйел тендігі», «Еңбекші қазақ», «Ақжол», «Жас қайрат», «Жас қазақ» және тағы басқа көптеген мерзімді басылым беттерінде жарияланып тұрған» [15, 18 б].

XX ғасыр басында «Айқап» бетінде Х. Уалиолланың, Ғ. Қараштың мақалаларында әдебиеттің мәселелері кеңінен қойылды. Ғ. Қараш «Тіл-әдебиет» атты мақаласында: «Тіл-әдебиет бір миллиат үшін, әлбетте, керек. ...Көміліп жатқан мол қазынаны дүниежүзіне шығаруға, үлкен-кіші баршамыз да борыштымыз һәм міндеттіміз», - деп, әдебиеттің өмірдегі орнын анықтап береді, оны насихаттауды алға тартады. Мақаланың басты мақсаты: «Бізде әдебиет бар ма? Бар болса ол қандай?» деген сауалдарға жауап.

Алаш әдебиетшілері үшін Абайды таныту – қазақты таныту деген мәселеге айналған. Абайды кеңес белсенділерінен қорғап алу, оның ұлт бостандығы, еркі үшін күреске шақыратын шығармаларын насихаттау батыл қолға алынды.

XX ғасыр басындағы әдебиеттанудың басты тақырыбы – Абай шығармашылығы, оны талдау арқылы насихаттау болды. Абайдың әдебиеттанулық пікірлері қазақ әдебиеттануының негізгі бағытын анықтап берді. Абайтанудың бастаулары саналатын мақалалар ұлт әдебиетін тану екені түсінікті. 1909 жылы Петерборда Кәкітай Ысқақұлының Абайдың өлең жинағына жазылған «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі» мақаласы жарық көрді. Бұған дейінгі Мұрсейіт қолжазбалары мен газеттерде тарап жүрген Абайдың шығармалары жаңа қазақ әдебиетінің көшбасшысы ретінде нақтылана түсті.

Аталған мақаланың орысша нұсқасы Ә. Бөкейханның аударуымен «Абай Құнанбаев» (некролог) 1905 жылы «Семипалатинский листок» газетінде жарық көрді, кейін 1907 жылы Орыс Географиялық қоғамының Батыс Сібірлік бөлімінің «Записки Семипалатинского подотдела» деген жинағында басылды. К. Ысқақұлы ақынның өмірбаяны, ататегі, әлеуметтік ортасы туралы мағлұматтармен бірге ақын поэзиясының сыншыл реалистік бағытта екенін, сондықтан ол XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіне үлгі бола алатынын атайды.

Ә. Бөкейханның орыс тіліндегі мақаласында әдебиетші осыған қоса Абайдың дін жөніндегі өлеңдеріне түсініктеме береді, оның жаңашылдық сипатын ашып, табиғат лирикасы Еуропа ақындарының дәрежесінен кем емес екендігін айтады. Әдебиетшінің мақаланы орысша жазуы да тегін емес, басқа елдерге Абайды таныту қажет екенін ол сол кезде алға қойғандай.

Ә. Бөкейхан осы мақалада ғылыми ойдың дамуын да түсіндіріп кетеді: «Абаем переведен на казахский язык «Евгений Онегин», особенно в степи популярностью пользуется «Письмо Татьяны», для которого тот же переводчик сочинил мотив. В 1899 году в Кокенской волости казахский певец Адылхан предложил нам послушать «Письмо Татьяны»... В тот же вечер Адылхан, знающий много оригинальных стихов Абая, спел нам несколько его переводов из Лермонтова, пояснив при этом, что Лермонтов был недоволен жизнью, а Пушкин относился к ней как мудрец» [15, 309 б].

С. Торайғырұлы «Қазақ тіліндегі өлең кітаптар жайынан», «Өлең һәм оны айтушылар» мақалаларында Абай жолы, Абай өнегесі бар екенін айтты («Айқап, 1913).

А. Сегізбаев «Халық һәм әдебиет» («Қызыл Қазақстан», 1922, № 11) мақаласында: «Абайдан бұрынғы ақындар мен Абайдан соңғы ақындарды салыстырсақ, Абайдан соңғы ақындардың сөзі тіпті басқа түрге кірген. Оған себеп Абай кейінгі ақындарға жөн сілтеп, бетін түзеген».

Абайдың шығармаларын түсіну, оны әдебиеттің «пән тілінде» түсіндіру XX ғасыр басындағы зиялы қауымның мақсаты болғандай. Бұл мақалаларда әдебиеттану ғылымының нақты мәселелері көтеріліп, әдеби-теориялық тұжырымдар, әдебиеттің тарихи негіздері қарастырылған. Бұл зерттеулердің басты ойы – Абайдан үйренуге шақыру оның қазақ әдебиеті үшін үлгілі шығармашылығының қырларын айқындау.

Ә. Бөкейхан мен Кәкітай Ысқақұлы ең алғаш Абайдың өмірбаяны мен ақындық өнердегі басты ерекшеліктері мен орыс және осы арқылы Еуропа әдебиеттерімен қарым-қатынасын алғаш саралап, Абай кітапханасының да жайын анықтап берген. Кәкітай:

«Абайдың ақындығына ерекше әсер еткен 1880-жылдардағы озық ойлы орыс әдебиеті», - деп қадап айтты. Бұл тұңғыш өлендер жинағынан бұрын Абай атымен басылым көрген ақынның бір топ өлендері Уфа қаласында шыққан Зейнеддин ибн Әміре әл Жауһари әл Омскаяудидің «Насихат қазақиясы» (1909). Мұнда Абай өлендерін қазақ поэзиясының жақұты деп бағалап, өленде мазмұн мен түр бірлігіне Абай танымы тұрғысынан талап қойылды: «Өлеңнің іші алтын, сырты күміс болып, үлгі өрнекпен толы болсын» [12, 63 б].

Тәуелсіздік кезінде М. Мырзахметұлының шығарған Алаш абайтануы «Абайды оқы, таңырқа...» (Алматы: Ана тілі, 1993) атты жинақта жарық көрген зерттеулердің қазіргі абайтануға қосқан үлесі зор. Бұлар: Ә. Бөкейхан «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» (Семипалатинский листок. 1905, № 250), К. Ысқақұлы (Абайдың 1909 жылы Петербургте жарық көрген кітабына алғы сөзі), А. Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» (Қазақ. 1913, № 40, 43), М. Дулатұлы «Абай» (Қазақ. 1914, № 67), Ж. Аймауытов пен М. Әуезовтің «Абайдың өнері һәм қызметі» (Абай журналы. 1918, № 2, «Екеу» деген бүркеншік атпен), М.Әуезовтің «Абай» («Қоңыр» деген бүркеншік атпен 1922 жылы «Шолпан» журналының 4-5-сандарында, І. Жансүгіров Ташкенде шыққан «Абай кітабы» (өлендер жинағына рецензиясы) (1922) «Тілші» газеті, 1923, 8 мамыр), М. Жұмабаев «Алтын хакім Абайға» (1912), Т. Шонанов, «Абай кітабын бастыру керек», («Ақжол», 1921, № 69), Н. Төреқұлов «Әдебиетімізге көз салу» (Қазақ, 1916, № 164), Ғ. Сағди «Абай» (Ақжол. 1923, № 335), Дж. Кеннан «Абайдың орыс достары» // Дж. Кеннан. Сібір және жер аударылғандар. 1906, 3. Әміре «Әдебиет қазақия, яки қазақтардың тіл өнері» (Уфа, 1909), А. Белослюдов «Абай жүрген ізбенен» (1985) Н.Рамазанов «Абай Құнанбаев» орыс тілінде («Әлшархият» (Восточный сборник в честь А.Н. Веселовского.), Мәскеу, 1914, 224-227-66.).

Алаш әдебиетшісі С. Торайғыров «Таныстыру» поэмасында (1918) Абайға былай деп баға берген:

Абай дейік биік бұлтқа жетті,
Аз ілімі жетуіне жәрдем етті.
Алты алашқа атағы айқындалып,
Сүйікті, тағзым мінді, суретті.

Абай поэзиясының асқақ қуаты мен эстетикалық болмысын терең аңғарған С. Торайғыров Абайды бұрынғы өткен көне заман ақындарымен салыстырып:

Оларды қоя алмаймыз

Абаймен тең, Себебі, оқымаған, білімі кем,

Туыс талант Абайдан жиырма есе,

Олардың артығы бар дей алам мен [16, 159 б], - деп, олардың басты

кемшілігі өмір шындығы ақиқатын бере алмауында, – деп тұжырымдаған. С.Торайғыров Абай салған тіл тазалығы, ақындық тілдегі көркемдік құдірет пен өлең құрылысының ерекшелігін атап көрсеткен. С. Торайғыровтың бұл ойы былай деп нақышталған:

«Ер Тарғын», «Қобыландыны» оқып байқа,

Абайды оқы, таңырқа, басың шайқа.

Ақындықтың қуаты есінді алып,

Бас алмастан оқырсың қайта-қайта.

Ұлттың мүддесін Абайдың шығармалары арқылы қорғаған С. Торайғыров ақын өзін Абайдың ақындық, әдебиеттанулық дәстүрін дамытушысы деп санағаны белгілі.

Абай шығармашылығының теориялық негізі болып табылатын А. Байтұрсынұлының 1913 жылғы «Қазақ» газетінде жариялаған «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында тәуелсіздік рухы айқындалды. Әдеби зерттеуде атында тұрған тұжырым толығымен дәлелденеді. А. Байтұрсынұлы Абай өлендерімен 1903 жылы Мүрсейіт қолжазбасы арқылы танысқан екен. Абай неге қазақтың бас ақыны екені талдау арқылы дәлелдене түседі.

А. Байтұрсынұлы – қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына нақты мүмкіншіліктер тудырған бірден-бір ғалым. «Ана тіл» деген терминді де өзі ұсынғанын біз естен шығармағанымыз жөн. А. Байтұрсынұлының «Әліпбиі» мен «Оқу құралы» тұңғыш

әліппеміз болса, оның бірнеше рет қайта басылуы сол кездегі білім беру жүйесі үшін қажет құндылыққа айналғанына көз жеткізеді.

Теоретик А. Байтұрсынұлының таза ғылыми зерттеулермен шектелмей, оның күнделікті сұранысты өтейтін оқулықтар жасау арқылы да пайда әкелуге мән беруі, яғни сол ізденістердің нәтижелерін қолданыстан шықпайтын өміршең оқулықтар арқылы қалың бұқара игілігіне асыруы – білім беру саласындағы тамаша іскерліктің үлгісі.

А. Байтұрсынұлының араб таңбаларын қазақ тілінің фонетикасына сай қолданған жүйелі графикасы 1924 жылы ресми қабылданған. Өзге түркі халықтары (қырғыз, әзірбайжан, т.б.) да оны тұңғыш үлгі ретінде қабылдады. А.Байтұрсынұлы ұсынған «жаңа емле» төте жазу 1913 жылдардан бастап медреселер мен қазақ-орыс мектептерінде де қолданылғаны белгілі.

А. Байтұрсынұлының ұлт тәуелсіздігі туралы ойлары нақты ғылыми зерттеулермен ерекшеленді. Қазақтың тілінің өз әліпбиі болуы керек деген ойы үшін ғалымға жала жабылды. «Ұлт тіліне лайықталып реформаланған араб таңбаларын латыншаға ауыстырудың тиімділігі жоқ», - деген пікір айтқан А. Байтұрсынұлы бастаған зиялы топқа «ұлтшыл», «пантюркист», «панисламист», «кеңеске қарсы» деген айыптар таңылды.

Араб жазуы тікелей ислам дінімен байланыстырылып, ғалымның сан жылғы еңбегі жоққа шығарылды. Уақыт көрсеткендей, латын жазуының да тағдыры ұзаққа бармады.

А. Байтұрсынұлы: «Қазаққа керек оқу екі түрлі: бірі – мұсылманша оқу, бірі русша оқу» [17, 238 б], - дейді. Ноғай, түрік, фарсы, араб тіліндегі кітаптардың оқуға негіз бола алмайтынын ескертеді. Осы ретте А. Байтұрсынұлы замандастарына басты мақсат қояды: «Оқу құралының ең ұлылығы – бала оқытатұғын кітап; оның жақсы болып, балалардың жанын қинамасына жазудың тәртібі болуы шарт». Қазақ әдеби тілінің де түп-тамырын айта кетеді: «Араб әліппесі қазақ арасына дінмен бірге таралған, сіңген, дінмен бірге байласқан әліппені алып тастап, басқа әліппені алдыру қиын жұмыс» [17, 240 б].

Әдеби тілдің негізі қарапайым халықтың тілі болуын да арнайы ескертеді. «Қазақша сөз жазушылар» (1913) атты мақаласында: «Қырық мысал», «Маса» турасында айтатыным: олар халық үшін жазылған нәрсе, халық айтуынша жазылған. Өз тілімізде шығарып емле түзегенше, халықтың айту ауданынан шықпаймыз» [17, 251 б].

А. Байтұрсынұлының араб әліпбиін жақтаған баяндамасы «пәнді мәселені қарауға» («Жаңа Мектеп» 1926, № 7-8) арналған. Осы баяндамада А. Байтұрсынұлы араб жазуы туралы тарихи маңызы бар мәлімет береді: «Түрік жұртының 90 %-ы баяғыдан бері араб әрпін пайдаланып келеді. Әрқайсысының араб әрпімен жасалған хат мәдениеті бар» [17, 254 б].

Әдеби терминдерге қатысты А. Байтұрсынұлы «Түрікшелер құрылтайы» атты мақалада өзінің «Пән сөздерінің жүйесі туралы, түрік тілінің пән сөздері туралы» баяндамасын талдап береді.

Азат елдің ғылымының өзіне тән «пән сөздері» болуын да ерекше қадағалаған ғалым А. Байтұрсынұлы. Осы орайда терминдерге қатысты басты қағидасын түсіндіреді: «Пән сөздері жағынан басынан-ақ қазақ басқалардан бөлек тұтынуы, басқа түріктер әдебиет тілі араб, парсы сөздерімен шұбарланса, көркем болады дегендіктен, екінші, өз тілдерінен пән сөзіне лайық сөздер іздеугеерініп, дайын пән сөздерді ала бергендіктен, түпкі ана тілі мен әдебиет тілі бөлектеніп, өз сөздерін жат сөздер жұтып, жойып жіберу дәрежесіне жеткен. Қазақ жат сөзге әуестенбей, пән сөздерін өз тілінен жасауға тырысты. Әдебиет тілі ауылдағы қазақтың хат білетін, білмейтін – қайсысына да болса түсінікті болуын көздеді. Тіл арасына жік түсіп айырылмас үшін, жат сөздерді амалсыз болған жерде ғана алатын тәртіп қолданды. Ол тәртіп қазақ білімпаздарының тұңғыш тобында қабылданғаны айтылды» [17, 270 б].

А. Байтұрсынұлы мәдениет, әдебиетті ғибратты ғылым ретінде танып, оның бүкіл адамзатқа тән мұра екенін одақтың 1-ші түркологиялық съезіндегі баяндамасында айқындап берген. «Первый всесоюзный тюркологический съезд» (26.11-6.03.1926 Баку.) атты стенограммалық есебінде ғалым дүниежүзілік әдеби, мәдени ортаның міндетін айқындап береді: «Современная культура не есть создание какой-нибудь нации или расы, а результат

совокупных усилий и навыков всего человечества». А.И. Веселовский, Н.И. Конрадтың әдеби байланыс қағидасы туралы пікірлерін А. Байтұрсынұлы қазақша түсіндіре кетеді: «В культуре каждой нации, кроме собственного творения имеются заимствования, и на смешение их культуры влияют их отношения, которые различаются с точки зрения дружественного и неприязненного. Заимствования бывают и при покорении одной нации другой, и при мирном общении народов друг с другом. При этом сходные формы религии, обычаев, нравственности, общественной организации, сродность наклонностей, инстинктов, психологии и т.д. облегчают процесс заимствований и смешения культур» [17, 279 б].

Орыс әдебиетшілері тек әдеби сюжеттердің көшуін, ауысуын меңзесе, А. Байтұрсынұлы дін, салт-дәстүр мен адами, имандылық түсініктерінің сұранысына да назар аударады. Ғалымның осы еңбегінде А. Байтұрсынұлы қазақ әдеби тілінің тағы бір қырын теориялық тұрғыдан түсіндіріп береді:

«Благодаря принципу охраняющему язык от варваризма, мы казахи, имеем в настоящее время единый казахский язык, т.е. наш язык не делится на язык народный и литературный, на говор простонародья и интеллигенции» [17, 383 б]. Қазақ әдеби тілінің стилін А. Байтұрсынұлы осылай айқындап береді. Бұған себеп, басқа тілдерден келген терминдерді мүмкіндігінше қазақ тілінің айтылу тәртібіне бағындырып алу еді: «Все неказахские слова, не согласующиеся с природой казахского языка, точно должны подвергаться изменениям соответствию казахскому говору».

Әдеби стиль, әдеби тіл, компаративистика дүниежүзілік әдеби контекстуралы теориялық түсініктер ХХ ғасыр басында осылай айқындалып берілген.

Әдебиет теориясы бізде қашан туды? Бұл сауалға бүгін дайын жауап бар ма? Осы орайда академик З.Қабдолов былай дейді: «Ахаң жоқта біздегі әдебиет теориясы басы жоқ кеуде секілді еді. Ал басы жоқ дене бола ма? Қайтейік, болады деп келдік...

Бүкіл дүниежүзілік әдебиет теориясында «Арнау» деген бір-ақ түр шауып шықса, бұған «Шешендік сұрау» қосылып қана аздап ажарлануы мүмкін. Ал қазақ поэзиясында Ахаң осының үстіне үш түр (сұрай арнау, зарлай арнау жарлай арнау) қосып, құбылтып, тотының түгіндей құлпыртып әкетеді».

Әдеттегі дәстүр жалғастығының заңына орай осы үш түрлі арнауды әрқайсымыз өзімізше пайымдап, қисындап, кейде, тіпті қиыннан қиыстырып, біз де (Жұмалиев те, Ысмайылов та, Қабдолов та) кітаптарымызға кіргіздік. Бірақ, амал не, бұл жаңалықты тапқан Ахаң екенін кезінде ашып айта алмай, Қажекені сілтеме жасауға мәжбүр болдық...» [18, 72 б].

Қазақ өлең құрылысының теоретигі академик З. Ахметов «Әдебиет танытқыштың» құндылығын былай деп анықтады:

«Әдебиет танытқышта», негізінен, поэтика, стилистика, өлең құрылысына қатысты мәселелер көбірек сөз болады. Автор үлкен тілші-ғалым болғандықтан, оның қазақ поэзиясының ерекшеліктерін осы мәселелерге байланысты тексеріп талдайтыны түсінікті. Автор поэзия тілінің бейнелілігін, сөз қолдану тәсілдерін мұқият зерттеп, теңеу ауыстыру (метафора), алмастыру (метонимия), шендестіру, арнау қайталақтау, дамыту, бүкпелеу секілді ұғымдарды әдеби термин ретінде қолданады. Сөйлемдердің синтаксистік топ болып бірігуін, «оралым», «қайшы оралым» деген сияқты түрлерін ажыратып көрсетеді. Қазақ өлеңінің ырғақтық құрылыс-жүйесін айқындай, бунақ, тармақ, шумақ ұғымдарын қалыптастырады» [19, 64 б].

Демек, қазақ өлең құрылысының, қазақ әдебиет теориясының басты терминдерін Ахмет Байтұрсынұлы қалыптастырған.

«Әдебиет танытқышта» бұл орайда көркемсөздің тектері мен түрлері «адамның жан қоштау керегінен шыққан» нәрселерге жатқызылады. «Нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері. Бұл – сөз өнері болады. Қазақша – асыл сөз, арабша – әдебиет, еуропаша – литература»... Және оның басқа ғылымдардан айырмашылығын айта кетеді: «Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама қадарынша сөз өнері атқара алады. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгіреттер болсын, қандай

әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп, сүгіреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді» [13, 165 б].

«Әдебиет танытқышта» белгілі әдебиет терминдерінің қазақша баламасы көңілге қонымды әрі сәтті түрде қолданысқа енгізілген. Әр категория өзінің логикалық дамуы, қалыптасқан жүйесі бар түсінік ретінде айқындалады. Мысалы: «Байымдаманың зор мүшесі төртеу: бастамасы, ұсынбасы, баяндамасы, қорытпасы» [13, 265 б]. Яғни, әр тұжырымның ішкі заңдылықтары ашылып, парадигма ретінде дәлелденеді.

Қарасөз бен дарынды (көркем) сөздің айырмашылығын Ахмет Байтұрсынұлы нақтылап көрсетеді: «Қарасөз әдебиетте пікір, сүлде түрінде айтылады. Дарынды сөзде пікір сурет түрінде шығады. Яғни, сүлде үстіне өң, ажар, жан, мінез, қылық беріліп, тұрпат, тұлға, түс, бітім, тірі нәрсе болып шығады. Сондықтан да дарынды сөз – көркем-сөз деп аталып, қарасөздер - жалаң сөздер деп айтылады» [13, 269 б].

Ғалым мұнымен шектелмей: «Осы екі түрлі сөзді қалай тануға, олардың дұрыстығын қалай айқындауға болады?» деген сауалдарға жауап береді: «Қарасөздің сынында пікір дұрыстығы, істің растықжағы тексерілсе, көркемсөздің сынында пікір дұрыстығының үстіне пікірге берілген сурет, сұлулық жағы да тексеріледі. Көркемсөзді әрі сүлде, әрі сурет – екі жағынан да тексеруге тиіс болғандықтан, оның сынында мынандай сұраулар боларға керек» [13, 265 б].

Ахмет Байтұрсынұлы ғылыми түсініктің негізін жалғастырып, нақтылай түседі. Демек, қарасөз «шығарманың сүлде жағының сыны» болса, көркемсөзге басқа міндеттер жүктеледі:

1. «Тұрмыстың қай жағын алып сөз қылған? «Мазмұны дұрыс па? Яғни, өмірде ондайқалып ұшырай ма? Өмірде болатын қалып болса, неден болады, неден болатын себебін біліп айтқан ба? Адам баласының бәрінде боларлық қалып па, белгілі бір табында ғана боларлық қалып па? Мұрат қалып па? Кейіп қалып па? Бұл – шығарманың сүлде жағының сыны. Сурет жағының сынында сұраулар мына түрінде болмақ:

2. Көркемсөз табына шын қосарлық сөз бе? Қиял жасаған тұрпаттар, ойдан үйлестірілген оқиғалар пікір санасына тура келіп, дұрыс суреттеп, өндендіріп көрсете ала ма? Тілі өрнекті ме? Әуезді ме? Лұғаты таза ма? Анық па? Қысқасы, ойды өрнектеп, көрнектеп, суреттеп көрсеткендей тілінде шеберлік бар ма? Ақылдың аңдағанын, қиялдың меңзегенін, көңілдің түйгенін тілі дұрыс жеткізе алған ба?» [13, 269 б].

Әдебиет теориясындағы стиль, әдеби тіл, талдау талғау, көркемдік, сюжет деген категорияларды Ахмет Байтұрсынұлы осылай түсіндіріп кетті.

«Көркемдік түсінігінің, көркем шығарманың белгілері қандай?» деген сауалға Ахмет Байтұрсынұлы екі түрлі талап қою керек екенін айтады: «Көркемсөзде екі тысқы, екі ішкі сын болады. Тысқы сындар:

1) Тілдің лұғатының сыны, яғни тілдің дұрыстығы, анықтығы, тазалығы, дәлдігі, көрнектілігі, әуезділігі, өрнектілігі жағының сыны». Яғни, шығарма тілінің стильдік ерекшеліктері, бүгінгі лингвистикалық талдауға сай тысқарғы жағын бөліп айтады. Ғалым бұдан ішкі сындарды бөліп алады, демек, бұл әдебиеттану әдебиеттеориясының еншісі, теориялық талдаудың объектісін нақтылайды:

2) «Суретінің сыны: кестесін келтіріп, ұнасымды түрде үйлестіріп, суреттеуінің сыны. Ішкі сындар:

1) Алынған мінез, айтылған қылық, көрсетілген қалып, жан жүйесінің жөнімен қарағанда, дұрыс, бүтін шығу-шықпауының сыны.

2) Өмір жүзінде айтылған нәрсенің болатындығының себебін дұрыс көрсеткен-көрсетпегенінің, адам қауымындағы қалып түзелу жағына әсер етерлік (пайда-зиян келтірерлік) қуаты бар-жоғының сыны. Көркемсөзді сынағанда, әдебиет түрінің осы төртеуі түгел жұмсалады» [13, 269 б].

Ахмет Байтұрсынұлы теориялық талдаудың, әдебиеттің, көркемсөздің басты мақсатын жоғарыдағы тұжырымның соңғы сөйлемінде қорытынды ретінде түйіндейді. Бүгінгі әдебиеттанудағы аксиологиялық әдістің мән-жайын Ахмет Байтұрсынұлы осылай

алға тартады. Демек, тек маңызды, ұлағатты көркемсөз ғана сынға түсуі абзал. Және оның тысқы және ішкі сынға түсуіне лайықты көрнекті түрі мен ұлағатты мазмұны болуы шарт. Бүгінгі әдебиет теориясындағы «мазмұнды түр» - «содержательная форма» деген категорияның сырын Ахмет Байтұрсынұлы осылай түсіндірген.

Қазақ әдебиет теориясының басты терминдерін, түсініктерін А. Байтұрсынұлы сонау ХХ ғасырдың 20-жылдары анықтап берген екен.

Бұл – өз алдына мойындалып отырған ғылыми факт. Бірақ басты ой – «Әдебиет танытқышта» ұсынылған жаңа концепцияда. Ол біздің бүгінгі сұранысымызды өтеуге керекті эстетикалық тұжырымдарға сай екені таңғалдыра түседі.

Ғалымның келесі теориялық ойларының қалыптасуында ұлттың өз тіліндегі ғылымы мен әдебиеті болуы керек деген қағида тұрғаны айқын.

А. Байтұрсынұлының ұлттық әдебиеттану ғылымының негізгі міндеті – ұлт тәуелсіздігін таныту деген қағидасы қазір аса ерекше қажет.

Ұлт тәуелсіздігі еліне, ғылымға, әдебиетке арымен беріліп, оған адал қызмет еткен А. Байтұрсынұлы еңбегінің Қазақ елі тарихында алатын орны айрықша зор екенін 26 жастағы замандасы М. Әуезов былайша тұжырымдапты:

«Ақаңның бұрынғы айтқан сөзін әлі қазақ баласы ұмытқан жоқ, өлеңіндегі белгілі сарын әлі ескірген жоқ. Әлі күнге қазақ даласының күшті сарыны болып, Арқаның қоңыр желімен бірге есіп шалқып жатыр. Бұдан он-он бес жыл бұрын: Алаштың үмбетінің бәрі мәлім, Кім қалды таразыға тартылмаған? - деп Ақаң айтса, біз де осы күнде соны айтамыз. «Айналып келіп таразыға тартылған, сыннан өткен» деп Ақаңның ғана ардақты атын атаймыз...

Ақаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген ана тілі, Ақаң салған әдебиеттегі елшілдік ұран, «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты – біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын» [20, 70 б].

Бұдан артық айта алмаспыз. Бұл ұрпақ бірінің қадірін бірі біліп, бір-бірін сыйлап, бағалай білген. Бұл – шынайы иманды тектіліктің үлгісі екені сөзсіз. Қазіргі тәуелсіз кездегі әдебиеттануға осы Алаштың тәуелсіздікті алға тартқан еңбектері ерекше қажет. А. Байтұрсынұлының жазықсыз жазаға ұшырап, айыпталуына орай, қайта құру кезеңіне дейінгі уақытта оның еңбектерін пайдалануға тыйым салынып, оның аты да аталмай, ілуде еске алына қалса, тек мансұқталумен келді.

Қайта құру мен жариялық заман арнағаннан кейін жүзеге асырылған ақтау шараларына байланысты А. Байтұрсынұлы мұрасы қайтадан халқының игілігіне айналды. Қазіргі өмірімізді Алаш арыстарынан мирас болған еңбектерсіз көзге елестетудің өзі мүмкін емес.

«Жазған сөз жаным ашып Алашыма» деген өлеңнің жалғыз тармағына сыйғызылған ұран Отан алдындағы адалдықтың жарқын өнегесін көрсеткен «Ұлт ұстазы» Ахмет Байтұрсынұлының қажырлы күрес және шығармашылық жолының Темірқазығы болып табылатыны – оның кез келген еңбегінен, тіпті әрбір сөйлемінен де аңғарылатыны аян.

Осы орайда Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» мақаласында:

«Ақындық, өлеңшілдік ел көзіне қадірсіз көрінсе, кемшілік ақындық пен өлеңшілдікте емес, ақындық пен өлеңшілдікті орнына жұмсамағандықта екендігін, ақындық пен өлеңшілдікті қазақ ақындары, өлеңшілері қайыршы-тіленшілік орынға жұмсағаннан өлеңнің қадірі кеткенін Абай әбден білген соң, өлең жазуға түскен» [13, 157 б], -деп түйіндепті. Әдебиеттанушы Абайдың міндеті:

Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданшыл сөзін қойып, көңілін ашпақ.
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ.

Бұл ойды Ахмет Байтұрсынұлы дәлелдеп береді: «Басқа ақындар аз білімін сөздің ажарымен толтыруға тырысқан, Абай сөздің ажарына қарамай, сыпайылығына қарамай, әр нәрсенің бар қалыбын сол қалыбынша дұрыс айтуды сүйген».

А. Байтұрсынұлы қазақ әдебиеттануында тұңғыш рет Абайдың өлең құрылысына байланысты теориялық тұжырымдар жасайды.

А. Байтұрсынұлының ойынша, «Абай өлеңге басқа көзбен қарап, басқа құрмет, ықыласпен күтіп алып, төр түгіл, тақтан орын берген» [13, 157 б]. Сондықтан оның өлеңдерін зерттеуші А. Байтұрсынұлы: «Үлгілі, терең мағыналы асыл сөздер», - деп бағалайды. Ақынның өлеңге, әдебиетке деген көзқарасын, оның жаңа эстетикалық талғамын А. Байтұрсынұлы «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасын» талдау арқылы анықтап береді. Абай өлеңдерінің ішкі әлемі, шығарманың структуралық талдауын да А. Байтұрсынұлы тұңғыш рет көрсеткен. Ақынның жаңа үлгі, өзгеше өрнек, мазмұн, түр, ырғақ, бунақ, тармақ, жаңашылығы туралы әдеби-теориялық қағидалары – қазақ әдебиеттануының табысы. А. Байтұрсынұлы теориялық талдаулар арқылы Абай шығармашылығының жаңашылдығын, оның мәңгілік – классикалық болуының мәнін ашып берді.

Әдебиеттер:

1. Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы. Алаш, 1991. – 380 б.
2. Жұртбай Т. Алаш ақиықтары». – Астана. Күлтегін, 2006.
3. Жұртбай Т. Ұраным – Алаш. Зерттеулер. I том. – Алматы. Ел-шежіре, 2008. – 472 б.
4. Қазақ әдебиеттануы: тарихы, әдебиет теориясы, сыны, ғылыми тұжырымдары. Ұжымдық зерттеу еңбек. – Алматы. Ғылым, 2003.
5. Исмакова А.С. «Концепция А. Байтұрсынова о романе и эволюция этой жанровой формы в мировой литературе». – Алматы. Ғылым, 2003.
6. Исмакова А.С. «Возвращение плеяды экзистенциальная проблематика в творчестве Ш. Кудайбердиева, А. Байтұрсынова, Ж. Аймауытова, М. Жумабаева, М. Дулатова и М. Ауэзова». – Алматы, 2002.

ҒАСЫРЛАР ТОҒЫСЫНДАҒЫ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Нурмаганбетова К., С.,

*Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, №2 жалпы білім беретін мектеп
Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы*

XX ғасырдың бас кезінде Қазақстанға буржуазиялық қатынастардың енуі, ұлттық буржуазия мен интеллигенцияның қалыптаса бастауы, жалпыхалықтық ояну жағдайда ұлттық мемлекеттік мәселесі күн тәртібінде қайтадан қойылды. Мемлекеттік билік қажеттігін бүкіл елдік көлемде түсіну, есею жолындағы барлық халықтар бастан кешіретіндігі мәлім.

Осы тарихи кезеңде прогресшіл Алаш қозғалысын үш кезеңге бөліп қарастыруға болады. Алғашқы кезеңі қазақ зиялыларының 1905 жылы орал қаласында Ресей зиялыларының партиясы – кадет партиясының қазақ филиалын құруға талпыныс жасалды. Екінші кезең, 1913 жылы Ә.Бөкейханұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлының ұлттық тәуелсіз саяси газет «Қазақты» шығара бастауы. Бұл ұйқыдағы қазақ қауымын Алаш идеясымен, оның мақсат-мүдделерімен таныстырып, ұлттық тәуелсіздікті жеңіп алу жолындағы күреске шақыруға бағытталған қадам болатын. Үшінші кезең – Ақпан төңкерісінен кейінгі кезең: Алаш өкілдері облыстарда қазақ съездерін өткізіп, халықты бүкілқазақтық құрылтай шақыруға үндейді [1:132].

Бірінші бүкілқазақтық съезд 1917 жылы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында өтті. Оған Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария облыстары мен Бөкей Ордасынан, сонымен қатар Ферғана облысының қазақтар мекендеген аудандарының өкілдері қатынасты. Съезге

қатынасушылар саны аса көп болмағанымен (20-дан аса адам), оның күн тәртібіне сол кездегі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне тікелей қатынасы бар аса маңызды 14 мәселе енгізілді. Бұл мәселелердің басым көпшілігі 1917 жылғы сәуір-маусым айларында болған облыстық қазақ съездерінде алдын ала талқыланған болатын және олардың ең маңызды болып саналғандары жалпықазақтық құрылтайға ұсынылған еді. Олар мыналар: «1) Мемлекет билеу түрі. 2) Қазақ облыстарында автономия 3) Жер мәселесі. 4) Халық милициясы. 5) Земство. 6) Оқу мәселесі. 7) Сот мәселесі. 8) Дін мәселесі. 9) Әйел мәселесі. 10) Учредительное собрание сайлауына даярлану һәм қазақ облыстарынан депутаттар. 11) Бүкіл россия мұсылмандарының кеңесі (Шуро-и-Ислами). 12) Қазақ саяси партиясы. 13) Жетісу облысының оқиғасы. 14) Киев шаһарында болатын бүкіл Ресей федералистерінің съезіне һәм Петроградта болатын оқу комиссиясына қазақтан өкіл жіберу»

Съезде А.Байтұрсынов пен М.Дулатов «автономиялы қазақ мемлекетін құру» идеясын ұсынды, ал Ә.Бөкейханов «демократиялық, федеративтік және парламенттік Россия республикасының құрамындағы» қазақтың ұлттық-территориялық автономиясы болуын қолдады.

Бірінші жалпы қазақтық съезде Құрылтай жиналысына сайлау туралы мәселе талқыланып, оның депутаттығына кандидаттыққа әр облыстан ұсынылған 81 адамның тізімін бекітті. Депутаттыққа кандидаттар ішінде бірінші қатарда қазақтың либералды – демократиялық қозғалысының көпшілік таныған көсемдері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, облыс жетекшілері Әлімхан Ермеков, Халел Ғаббасов, Жақып Ақбаев (Семей), Айдархан Тұрлыбаев, Асылбек Сейітов (Ақмола), Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов, Сейітәзім Қадырбаев (Торғай), Жаһанша, Халел Досмұхамбетов (Орал), Мұхамбетжан Тынышбаев, Ыбырайым Жайнақов, Садық Аманжолов (Жетісу), Мұстафа Шоқаев, Әзімхан Кенесарин (Сырдария), Қоңырқожа Қожықов, Ғабдалрахман Оразаев (Ферғана облысынан), Уәлитхан Танашев, Бақтыкерей Құлманов (Бөкей Ордасынан), Алдабек Мангелдин (Самарқанд) т.б. болды.

Бірінші жалпықазақтық съезд өзінің күн тәртібіндегі аса маңызды мәселелердің бірі – қазақ саяси партиясын құру мәселесін талқылау барысында іс жүзінде осы партияны ұйымдастыруға арналған Құрылтай жиналысына айналды. Жаңадан құрылған партия «Алаш» деген атқа ие болды [2:47].

Съездің күн тәртібіндегі 14 мәселе бойынша қабылданған қарарлар тізбегі кейінірек, 1917 жылғы «Қазақ» газетінде қарашаның 21-і күні жарияланған Алаш партиясы бағдарламасы жобасында өз бейнесін тапты.

Съезд Ресей орталығындағы алмағайып заманның бейберекетсіздігінен белгіленген мәселелердің бәрін шешуге мүмкіндік ала алмады. Сондықтан бүкілқазақтық саяси партия – Алаш партиясының құрылғанын ресми түрде мәлімдеп, қазақтың тәуелсіз мемлекетін құру мен үкімет құрамын белгілеуді келесі съездің еншісіне қалдырып, «Қазақ», «Сарыарқа» газеттері арқылы оған дайындық жұмыстарын өршітті.

Бірінші жалпықазақ съезінде «Алаш» партиясының құрылуы сөз жоқ, қазақ халқы өміріндегі елеулі оқиға болды, өйткені ол тұңғыш ұлттық саяси ұйым еді.

«Алаш» партиясы халықтың келешек тағдырын анықтауға тікелей қатынасы бар жалпыұлттық мәселелерді саяси күрестің күн тәртібіне қойып, оларды шешу жолында айтарлықтай қызмет атқарды. Бұл ең алдымен партияның бағдарламасының жобасын дайындаудан, қазақ ұлттық мемлекетін құру ісіне белсенді түрде кірісуден, қазақ қауымынан депутаттар ұсынып, оларды сайлау ісіне қажырлықпен атсалысудан ерекше көрінді. Бұл әрекеттердің барлығы 1917 ж. екінші жартысында жасалды.

Тап осындай шым-шытырық жағдай Қазақстанның батыс бөлігінде қалыптасты. 1917 ж. ақпаннан бастап 1918 ж. қаңтарына дейін Оралда, Жайық өзенінің сол жақ бетінде ақ қазақтар бұрынғысынша үстемдік құрды, ал осы жылдың басында өкімет билігін 3 ай қолында большевиктер наурыз айында жеңіліп – қайтадан үстемдік тізгінін атаман Мартынов бастаған Жайық казак орыстары алды. Сөйтіп, билікке таласқандар бірімен-бірі

қыркымып жатты, халық әсіресе қазақтар олардың қол жаулығына айналып азап шекті, алда не болары белгісіз дағдарысқа ұшырады.

Осы бір қиын-қыстау кезеңде туған өлкеміздің қазақ зиялы қауымының белді өкілдері Жаһанша Досмұхамедов, Халел Досмұхамедов, Уәлитхан Танашев, Бактыкерей Құлманов, Алпысбай Қалменов, Ғұбайдолла Әлібеков, Х.Ахметшин, Н.Арғыншиев, Ғ.Жетпісбаев, т.б елдегі хал-ахуалға асқан сергектікпен қарады, халықты кесапаттан сақтап қалудың жолдарын іздестірді.

1918 жылы 18-21 мамыр аралығында өткен IV Облыстық Орал өңірі қазақтарының съезі болып өтті. Съездің күн тәртібіне 20 мәселе енгізілді, оның соңғы 4-і съездің барысында анықталды.

Съездің күн тәртібіне енген 20 мәселенің негізгілері мыналар: 1. Ресей мен Орал облысындағы ағымдағы жағдайға көзқарас. 2. Земство делегациясының Мәскеуге бару жөніндегі есебі. 3. Орал облыстық земство басқармасының казачествомен одақтасу туралы баяндамасы. 4. Жалпы саяси бағытты анықтау. 5. Кіммен және қандай негізде одақ құру керек? 6. Орал облысының қазақ бөлімінде мықты өкімет құру. 7. Земство мекемелерінің билігін кеңейту. 16. Оралдық земство басқармасын қырға көшіру...

Съезд күн тәртібінің мазмұнынан көрініп тұрғандай, онда жалпы мемлекеттік, аймақтық және ұлттық саясаттың көкейкесті мәселелері болғандығы айқындалып тұр (мәселен, «Кіммен және қандай негізде одақ құру керек?»).

Жалпы саясат жөніндегі өз стратегиясы мен тактикасын белгілей келіп, Орал облыстық қазақ съезі өзінің негізгі міндеттерінде бүкілресейлік Құрылтай жиналысы мен келешектегі Ресей Федерациясындағы қазақ автономиясы үшін күрес идеясын алға тартты.

Алайда Орал облыстық IV қазақ съезінің бұл шешіміне Орал казачествосы әскери үкіметі тарапынан да, Самарада 1918 жылы 8 маусымда құрылған КОМУЧ (Комитет Членов Учредительного собрания – Кеңес үкіметі таратып жіберген Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының мүшелерінен құрылған үкімет) үкіметі тарапынан да, сол сияқты Орталық Алашорда үкіметі тарапынан да қарсылықтар кездесті. (Народное дело, 1918, 31 июля)

Жоғарыда аталған мәселелерді тиімді ұйымдастыру бағытында 1918 жылы қыркүйекте Уфа директориясын құру туралы мәжіліс болып өтті. Сол айдың 11-і күні делегаттар жергілікті басқару жүйесі туралы мәселе талқылап, Алашорданың Батыс бөлімін құру туралы шешімге қол қойды. Бұл мәжіліске Алашорданың Төрағасы Ә. Бөкейханов, мүшелері: Уәлитхан Танашев, Халел Досмұхамедов, Ахмет Бірімжанов, Әлімхан Ермекұлы және Мұхамеджан Тынышбайұлы қатынасты.

Мәжілісте қабылданған шешімнің негізгілері мыналар: 1. Алашорда Алаш автономиясы аумағындағы бірден-бір басқару органы болып табылады. 2. Жергілікті басқару және қалалық өзін-өзі басқару жүйесі Алашорданың Комиссарлары арқылы жүзеге асырады. 3. Батыс Алашорданы басқаратын үкімет орындары мына адамдардан болсын: Ж. Досмұхамедов, Х. Досмұхамедов /Орал облысынан/, Б. Құлманов, У. Танашев /Бөкей Ордасынан/, И. Тұрмағамбетов/Түркістан/. 4. Облыстық, уездік комиссарларды Алашорда тағашыдайды және олар 1917 жылғы Уақытша үкіметтің заңдары анықтаған құқықтарды уақытша пайдаланады. 5. Құрамына Бөкей Ордасы, Торғай облысының Ақтөбе және Ырғыз уездері кіретін Алаш автономиясының батыс аймағын іс жүзінде басқару үшін соғыс жағдайына және қатынас жолдарының нашар дамуына байланысты Алашорданың Батыс бөлімшесі құрылады. 6. Алашорданың осы бөлімшесі автономияның көрсетілген бөлігін (яғни Батыс Қазақстанның едәуір бөлігін – авт.) Алашордадан түсетін маңызды және принципті нұсқаулар негізінде басқарады... 9. Төтенше жағдайлар болғанда және Алашордамен байланыс үзілгенде бөлімше Алашорданың (Орталық үкіметінің – К.Н) құқықтарына ие болады» [3:36].

Алайда большевиктер жаңа құрылған өкіметті аяғына дейін тұрғызбастан қырып-жою саясатын қолданып, ұлттық – демократиялық мемлекет құру идеясын түп тамырымен жоққа шығару мақсатын жүзеге асырды.

Десе де Алаш арыстары елдегі хал-ахуалға асқан сергектікпен қарап, халықты

кесапаттан сақтап қалудың жолдарын іздестіруге тырысып бақты.

1917 жылы 5-13 желтоқсан аралығында Орынбор қаласында өткен екінші жалпы қазақ съезі «Алаш автономиясы» деп аталатын Ұлттық мемлекет құрылатындығын мәлімдеп, оның үкіметін сайлады. Оған Қазақстанның барлық облыстарынан, сондай-ақ одан тыс жерде тұратын Алтай губерниясы мен Самарқанд облысы қазақтарынан және Қырғызстаннан 82 өкіл қатысты. Әлемнің алтыншы бөлігіналып жатқан Ресей империясы көлемінде бұласазор оқиға болмағанымен, сол кездегі отарлық езгідегі қазақ қоғамы үшін оның тарихи маңызы ерекше еді. Өйткені мұның бәрі қазақ елінің XVIII ғасырдан бергі өз бостандығы мен теңдігі жолында орыс империясына қарсы жүргізген азапты күресінің қорытындысы болатын.

Ұлттық күрестің басында тура жолға бастар ұлттық интеллигенцияның түсінігі бойынша отарлық езгі мен феодалдық мешеулік жағдайында аяқ асты болған ұлттық мүддені қорғап, қазақ елін өркениетті елдер қатарына алып шыға алатын жалқы жол – ұлттық мемлекеттік құрылымның болуы еді. Қазақ ұлт- азаттық қозғалысының басшылары осындай батыл қорытындыға келе отырып қателесті ме?!

Жалпы Алашорда үкіметінің өмірге келуіне тікелей себепші болған жағдай уақытша үкіметтің басқа да шет аймақтардағыдай Қазақстанда да ең өзекті ұлттық мәселелерді шеше алмаған әлжуаз, тұрақсыз саяси билікке айналуы, оның арты бүкіл империяны қамтыған анархияға, зорлық пен зомбылыққа ұласуы еді. Қазақстанда жер мәселесінің шешімін таппауы, қоныстанушылар легінің толастамауы, қарулы солдат пен қоныстанушылардың панасыз жергілікті халық үстінен жүргізген озбырлығының өрши түсуі соның айғағы болатын.

Міне, осындай жағдайда ел қамын ойлаған саясаткерлер санасында ұлттық мемлекет туралы мәселенің пайда болуы заңды құбылыс еді. Бүкіл империя көлемін қамтыған саяси тұрақсыздық жағдайында сол тұстағы Орынборда шоғырланған қазақ оқығандары кеңесіп, кезек күттірмейтін ұлттық мәселеге байланысты бір тұжырымға келу үшін жалпы қазақ съезін шақыру туралы шешім қабылдап, оны ұйымдастыру ісін бес адамнан тұрған комиссия өз мойнына алды. Олар Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, С. Досжанов, Е. Омаров болатын. Комиссия «Қазақ» газеті арқылы қазақ және қырғыз халықтарына арнайы үндеу жариялап, артынша қажет деп тапқан жерлерге жедел хат жолдайды.

Әлихан Бөкейханов төрағалық еткен «Алаш» партиясы халықтың келешек тағдырын анықтауға тікелей қатынасы бар жалпы ұлттық мәселелерді саяси күрестің күн тәртібіне қойып, оларды шешу жолында айтарлықтай қызмет атқарды. Бұл ең алдымен партияның бағдарламасының жобасын дайындаудан, қазақ ұлттық мемлекетін құру ісіне белсенді түрде кірісуден, қазақ қауымынан депутаттар ұсынып, оларды сайлау ісіне қажырлықпен атсалысудан ерекше көрінді. Қазақ халқының белгілі зиялы қауымының кеменгерлік ақыл-оймен ұйымдастырылған және халыққа саяси басшылық беруге тарихта елеулі орын алған «Қазақ» газеті ақпан революциясынан кейінгі елде қалыптасқан жағдайға мынадай баға берді: «Россия іріп жатыр, бір аяғы жерде, бір аяғы көрде, не болары белгісіз, ортасына ойран түсіп, түп қазығы суырылып, әркім бетіне кетіп, білгенін істеп жатыр, біреу осы лайсаң бүліншілікке кірмес қамын қылып жатыр. Біз де қазақ-қырғыз болып бірігіп, қам қылмай отыра алмаймыз. Мұндай лайсаң заманда заң жоқ, жол жоқ, қорғалайтын пана жоқ. Әркім өзін-өзі қорғайды. Әуелі, өлмеске; екінші, мал-мүлкімізді талауға бермеске; үшінші осы лаңның ішіне кірмеске қолдан келген күшімізді, ісімізді сарп ету керек. Данышпандар білімін, азаматтар қайратын ұлты үшін аямай жұмсайтын орын осы.

Жүріп өткен қилы жолымыз көрсеткендей, қазақ қоғамы Тәуелсіз мемлекет құру жолын таңдай отырып, қателескен жоқ еді. Ұлттық қанау мен ұлттық теңсіздік болған жерде езілген елдердің табиғи талаптары мен мүддесін қорғайтын саяси институттарға сұраныс қалыптаспақ. Ал, осы негізде пайда болған мемлекеттің саналы түрде жалпы ұлттық мұраттарға қол жеткізуді көздейтін шараларды іске асыруы да табиғи нәрсе. Өздерінің саяси еркіндігін алған елдердің бәрінде де осылай болған. Осы тұрғыдан алғанда, әрине, Алашорданың өмірге келуі тарихи қажеттіліктен туған болатын. Алаш ардақтылары халықтың мұң-мұқтажын терең түсініп, қазақ қоғамында қалыптасқан күрмеуі қиын

мәселелерді шешуге тырысып бақты.

Көптеген қазақ зиялылары Ақпан төңкерісін үлкен қуанышпен қарсы алды. Ресейдегі самодержавиялық монархияның күйреуін демократиялық өзгерістерге жол ашар зор құбылыс ретінде қабылдады. Ендігі кезекте зиялылар бас біріктіріп, елді іске бастап кірісер сәттің туғанын сезініп, халық арасында Ақпан төңкерісінің мақсат-мұраттарын түсіндіріп, оның азаматтық идеяларын уағыздауды қолға алады.

Ұлттық күрестің басында тура жолға бастар ұлттық интеллигенция тұрды. Олардың түсінігі бойынша отарлық езгі мен феодалдық мешеулік жағдайында аяқ асты болған ұлттық мүддені қорғап, қазақ елін өркениетті елдер қатарына алып шыға алатын жалқы жол – ұлттық мемлекеттік құрылымның болуы еді. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысының басшылары осындай батыл қорытындыға келе отырып қателесті ме?!

Қазақ қоғамы Тәуелсіз мемлекет құру жолын таңдай отырып, қателескен жоқ еді. Ұлттық қанау мен ұлттық теңсіздік болған жерде езілген елдердің табиғи талаптары мен мүддесін қорғайтын саяси институттарға сұраныс қалыптаспақ. Ал, осы негізде пайда болған мемлекеттің саналы түрде жалпы ұлттық мұраттарға қол жеткізуді көздейтін шараларды көздейтін шараларды іске асыруы да табиғи нәрсе. Өздерінің саяси еркіндігін алған елдердің бәрінде де осылай болған. Осы тұрғыдан алғанда, әрине, Алашорданың өмірге келуі тарихи қажеттіліктен туған болатын.

Жалпы Алашорда үкіметінің өмірге келуіне тікелей себепші болған жағдай уақытша үкіметтің басқа да шет аймақтардағыдай Қазақстанда да ең өзекті ұлттық мәселелерді шеше алмаған әлжуаз, тұрақсыз саяси билікке айналуы, оның арты бүкіл империяны қамтыған анархияға, зорлық пен зомбылыққа ұласуы еді. Қазақстанда жер мәселесінің шешімін таппауы, қоныстанушылар легінің толастамауы, қарулы солдат пен қоныстанушылардың панасыз жергілікті халық үстінен жүргізген озбырлығының өрши түсуі орның айғағы болатын.

Міне, осындай жағдайда ел қамын ойлаған саясаткерлер санасында ұлттық мемлекет туралы мәселенің пайда болуы заңды құбылыс еді. Бүкіл империя көлемін қамтыған саяси тұрақсыздық жағдайында сол тұстағы Орынборда шоғырланған қазақ оқығандары кеңесіп, кезек күттірмейтін ұлттық мәселеге байланысты бір тұжырымға келу үшін жалпы қазақ съезін шақыру туралы шешім қабылдап, оны ұйымдастыру ісін бес адамнан тұрған комиссия өз мойнына алды. Олар Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов, С. Досжанов, Е. Омаров болатын. Комиссия «Қазақ» газеті арқылы қазақ және қырғыз халықтарына арнайы үндеу қайырылып, артын ала қажет деп тапқан адресстерге жеделхат жолдайды.

Газеттің 26 қараша күнгі санында бұған қосымша съезде негізгі мәселе ретінде Ұлт Кеңесін құру туралы мәселені қарау ұсынылады. «Қазақ» аталған материалдарда ұлттық әскер мен үкімет құрудың қажеттігін жан-жақты дәлелдеп қана қойған жоқ, сонымен бірге оларды ұйымдастырудың нақты жолдарын да белгілеп, оларды съезде талқылауға шақырды. Съезде зиялылардың бір тобы алдымен автономия жариялап, кейін ұлттық кеңес құруға шақырды. Олардың қатарында Уәлитхан Танашев та бар. Ал зиялылардың екінші бір тобы автономия жариялауды кейінге қалдыра тұрып, ардымен милиция бөлімшелерін құру идеясын ұсынады. Дауысқа түскен кезде Уәлитхан Танашев, Жаһанша Досмұхамедов бастаған топтың жақтастарының аздығына байланысты, Әлихан Бөкейханов бастаған Семейлік топ съезде жеңіске жетеді. Жаһанша егер де автономия таяу уақытта жарияланбаса, өз жақтастарымен Түркістан автономиясын қолдайтынын білдірді. Ал бұл шешімге екінші жақ былайша жауап қатады: «Алаш Орда» кеңесі өзі құрылғаннан кейінгі қысқа уақыт ішінде Түркістан аумағын Алаш автономиясына қосу мүмкіндіктерін қарастырады. Егер Түркістан аймағы бойынша бұл шешімге бағынбаса, «Алаш Орданың» халықтық кеңесі барлық облыстардың атынан автономия жариялайтындықтарын мәлімдейді [4:26].

Ал бұл уақытта елге оралған Ж. Досмұхамедов еліміздің Батыс өлкесінде қысқа уақыт ішінде автономия құрып, тұрақты әскерін бекітуге қолға алады. Сол мақсатпен Қаратөбеде съезд өткізеді. (Съезд орны әлі бар Мешіт болған ғимарат – автор). 1918 жылы қаңтардағы бұл съезге Кенжин, Танашев, Қасабұлатов, Мырзағалиев, Қаратілеуов, Жолдыбаев,

Хангереев, Ипмағанбетов және Әлібековтер қатысады. Бұл съезд негізінен автономия жариялауға дайындық болатын.

үкіметінің отаршылдық қоныс аудару саясатын ашық түрде әшкереледі. Жергілікті тұрғындарды христиан дініне көшіру әрекетін батыл айыптады. Ұлт-азаттық қозғалыстың жолында көшбасшыға айналды. Бұл туралы отаршыл билік өкілдері былай деп жазды: «Қоныс аударту басқармасының шенеунігі Бөкейхан қырғыз (қазақ) даласына зор ықпалын тигізіп отыр». Омбы жандармдық басқармасы бастығының айтуынша: «Ол даладағы... Беріле бастады. малшаруашы- умен айналыса- Сондықтан ол патша үкіметінің қуғындауына ұшырап, жер ауда- рылды. 1917 жылға дейін үш рет (1902, 1906, 1908 жылдары) тұтқынға алынып, түрмеге қамалды, ал 1909-1917 жылдары Самарада айдауда болды. Келес өкіметі кезінде де қуғындалды, «қызыл террор» жылдары жазықсыз айыпталып, 1937 жылы ату жазасына кесілді.

Әлихан Бөкейханның идеялық көзқарасы.

Қазақ халқы ұлт-азаттық қозғалысының көшбасшысы Ә. Бөкейхан Қазақ хандығының Ресей империясының бодандығына түсу себептерін анықтау үшін ұлт тарихын терен зерделеді. Ол қазақтардың өз тәуелсіздігінен айырылуының басты себебі: бұрынғы ел билеушілерінің қол астындағы ру-тайпалар мен жүздерді біріктіріп, сыртқы отаршылдық қауіпке қарсы жұмылдыра алмауында деген тұжырымға келді. Ол 1913 жылы былай деп жазды: «Бұрынғы ел билеушілердің басым көпшілігі уақыты мен күшін өзара қастандыққа, күш көрсету мен зорлық зомбылық, алауыздыққа жұмсады». көптомдық жинал қаласында жары «Қырғыздар (қазан тарихы жайлы мат гыздарынын (қаза «Абай (Ибраһим) (казактын) ас беруі Ол хандық билікті қалпына келтірудің нәтижесіздігін түсінді. Ұлт тәуелсіздігіне тек белсенді саяси күрес арқылы ғана жетуге болатынын айтты. Осы мақсатпен Кадеттер партиясына мүшелікке өтті. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарын дамытудың эволюциялық жолымен қазақ мемлекеттігін жаңғырта аламыз деген пікір ұстанды. урпакка жалпы көл мұра қалдырды. Әлихан Бөкейхан ханның алғашқы м журген 1889 жылы Казак халқын біріктіру мақсатында бүкіл қазақтың басын қосып, ұлт етіп ұйыстыратын Алаш идеясын ту етіп алды. Ол еуропалық даму жолын қолдайтын алғашқы қазақ демократтарының бірі болды.

Әлихан Бөкейханның ғылыми-зерттеу жұмыстары.

Сапалы білім мен ұзақ жылдардағы ғылы- ми-практикалық жұмыс тәжірибесі Әлихан Бөкей- Ханға көрнекті энциклопедист-ғалым болып қа- лыптасуына, Қазақстан мен оған шегаралас елдердің тарихы мен мәдениетін және экономикасын терен меңгеруіне игі әсер етті. Сонымен қатар тұңғыш абайтанушы да болды. Ол қазақ халқының мал және егіншаруашылығын алғаш жан-жақты зерт- теген көрнекті ғалым. Ә. Бөкейхан қазақ халқының ауылшаруашылығын дамытуға зор көңіл бөлді. Ол қазақтардың ірі қара малы мен қой тұқымы жайында кептеген еңбектер жазды. Оның ғылыми еңбектері бүгінгі күні ез қундылығы мен маңызын жойған жоқ.

Әлихан Бөкейхан білікті журналист, публицист, ағартушы. Әли- ханның алғашқы мақалалары Омбы техникалық училищесінде оқып жүрген 1889 жылы жарық көрді. Омбыда басылатын «Дала уәлаяты»газетінде жиырмадан астам мақалалары мен фельетондары шықты. Ол «Дала өлкесі», «Семей облыстық ведомстволары», «Қырғыз даласының газеті» және «Түркістан ведомстволары» газеті жұмысына қатысып тұрды. Оның мақалалары Мәскеу, Омбы, Томск және Семей қалаларында шығатын либералдық бағыттағы газеттерде жарық көрді. Әлихан Бөкейхан «Қазақ» газетін ұйымдастыруға зор еңбек сіңірді. Газет беттеріне оның мақалалары қазақ және орыс тілдерінде басылып шықты. Патша үкіметі тарапынан қуғынға ұшырағандықтан, ол мақалаларына «Қыр баласы», «Ғали хан», «Қырғыз-қайсақ» т.б. лақап аттар қойып отырды. Ол өз мақалаларында қазақ халқын отарлық езгіден азат ету, тарих пен мәдениет, әлеуметтік жағдай, саясат пен халық ағарту ісі мәселелерін көтерді.

Ә. Бөкейхан А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, И.А. Крылов, А.П. Че- хов, В.Г. Короленко шығармашылығымен жақсы таныс болды. Бір- қатар еңбектерін қазақ халқына арнаған А. Сорокинмен достық қарым- қатынасын үзбеді. Батысеуропалық мәдениет пен әдебиетті жақсы білді. Сондықтан да Әлихан Бөкейхан орыс классиктерімен қатар, Батыс

Еуропаның әдеби шығармаларын, ғылыми еңбектер мен мектеп оқулықтары, оқыту-әдістемелік құралдарын қазақ тіліне еркін аударды. Ә. Бөкейхан А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, И.А. Крылов, А.П. Чехов, В.Г. Короленко шығармашылығымен жақсы таныс болды. Бірқатар еңбектерін қазақ халқына арнаған А. Сорокинмен достық қарым-қатынасын үзбеді. Батысеуропалық мәдениет пен әдебиетті жақсы білді. Сондықтан да Әлихан Бөкейхан орыс классиктерімен қатар, Батыс Еуропаның әдеби шығармаларын, ғылыми еңбектер мен мектеп оқулықтары, оқыту-әдістемелік құралдарын қазақ тіліне еркін аударды.

Әлихан Бөкейхан халықтың көшбасшысы қандай тұлға болу керектігін өз үлгісімен айқындап берді. «Алаш» көшбасшысы Ә. Бөкейханның қазақ тарихындағы алар орнына Алаштың келесі ірі тұлғасы, қайраткер, ғалым Қошқе Кемеңгеров «Қазақ тарихынан» еңбегінде мына тұрғыда баға берді: «Биліктің қуғындау мен қудалау жылдарында түрмеге қамалып, жер аударылса да бірқатар батыл да ержүрек азаматтар өз халқының болашағы үшін күресті жалғастыра берді. Бул топтың жетекшісі, тәрбиешісі де Әлихан Бөкейхан еді. Ол елінің болашағы үшін қиыншылықтан қорықпайтын ұлтжанды азаматтарды күрескерлік рухта баулып, әдеби тіл нормасының орнығуы мен діни фанатизмнен арылуда зор үлес қосты.

Санкт-Петербург мұрағаттары мен кітапханаларында ізденген Азаттық радиосы олжалы болды. Ол жерден Әлихан Бөкейхан редакциялаған үш басылымның біреуі – «Иртыш» газетінің бір данасы табылды.

БӨКЕЙХАННЫҢ ОМБЫДА ШЫҒАРҒАН ГАЗЕТТЕРІ

XX ғасырдың басындағы қазақтың ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан 1906-1907 жылдары «Иртыш», «Омич» және «Голос степи» (Ф. А. Брокгауз, И. А. Ефрон, Жаңа энциклопедиялық сөздік, 8-том. СПб., 1908 жыл) газеттерін шығарған және редакциялаған. Және де бұл газеттер бір шығып, бір шықпай қалып отырды, ол шығарушы мен редактордың кінәсінен емес еді.

Бейхабар оқырманға жаңағы аталған газеттердің редакторлары ретінде әртүрлі адамның аталуы түсініксіз болып көріну мүмкін. Мәселен, Ресей мемлекеттік кітапханасы газеттер бөлімінің анықтамалығындағы мәліметтер бойынша, «Голос степи» газетінің алғашқы қаңтарлық сандарында редактор-шығарушы ретінде Д. В. Ивановтың есімі көрсетілген, ақпан айындағы сандарында В. В. Кирьяновъ, ал, «Иртышъ» газетінің редакторы И. А. Поваренныхъ деп жазылған. «Омич» газетінің редакторы ретінде көрсетілген адам – В. И. Вереденко деген бәз бір әйел.

Бірақ, бұл жерде үзілді-кесілді түйін жасауға асықпау керек, өйткені, бұл аталған үш басылымның да тағдыры күрделі болды.

Алаштың көсемі һәм Алашорда үкіметінің төрағасы Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан, Мәскеу, 1935 жыл.

энциклопедиялық сөздік» бойынша айтатын болсақ, басылымдардың тағдыры олардың шын мәніндегі шығарушы редакторы болған Әлихан Бөкейханның тағдырына ұқсас болды.

Брокгауз бен Ефронның «Энциклопедиялық сөздігі» әлемдегі ең озық әмбебап энциклопедиялардың бірі деп саналатын. Ол сөздіктің өз заманында немістің «Брокгаузынан», француздың «Ларуссасынан» және ағылшынның «Британникасынан» кем түспегені былай тұрсын, тақырыптық ауқымының кеңдігімен және соңғы (XX ғасырдың басындағы) ғылыми мәліметтерді пайдалану тереңдігімен айрықшаланып, кей тұстарда озық тұрған.

1908 жылдан және дәл сол 8-інші томынан бастап, 22-інші томына дейін Әлихан Бөкейханның өзі аталған энциклопедияның редакциялық алқасының мүшесі болды. Мұнда да бірден үш мерзімді басылымды редакциялаған оның артық қосып жазуы не қателесуі мүмкін емес.

Ең қызығы басқада. 1906 жылғы шілденің соңында Омбыда «Иртыш» газетінің бірінші саны шығады, сосын ол Далалық генерал-губернатор Сухотиннің өкімімен ««зиянды бағытына» байланысты әскери жағдай тоқтатылған мерзімге дейін» жабылады, бірақ, оның ізі суымай жатып, сол жылдың қарашасының соңында оқырмандарға жаңа газет ұсынылады.

Әлихан Бөкейханның 1906 жылдың маусымында Семей облысының атынан бірінші Мемлекеттік думаның депутаты болып сайланғаны белгілі. Дума таратылғаннан кейін Омбыға оралып, газет шығаруға кіріскен ол өз мақаларында жаңа премьер-министр Петр Столыпиннің әрекетін сынайды.

Ойымды қорытындылай келе, «Алаш» партиясы бағдарламасының авторлары демократиялық сайлау жүйесін ұсынды. Депутаттар сайлауы жасырын дауыс беру жолымен жалпыға бірдей тең, төте және құпия өткізілуге тиіс болды. Басылымдардың ішінде қаттырақ жапа шеккені «Омич» газеті еді, оның барлық санын патша әкімдігі тәркілеп алып, жойып жіберген. 74-тен астам «Иртыш» сандарының екеуі ғана құдайдың құдіретімен сақталып қалған: №19 саны Химкиде Ресей мемлекеттік кітапханасында сақтаулы болса, 1906 жылғы 2 қыркүйекте шыққан №36 саны Санкт-Петербургтен табылды.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан тарихы оқулығы 9(8) сынып оқулығы 48-51 беттер. З.Е.Қабылдинова, М.Д.Шаймерденова, Е.М.Куркеев.
2. https://www.azattyq.org/amp/Kazakhstan_alikhan_bukeikhan_akhmet_baitursyn/1880857.html

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ, ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Смағұлова Е. Н.,

«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжінің» 2 курс студенті.

Ғылыми жетекшісі: Мукышева С.А.,

*Педагогика, психология және арнаулы пәндер кафедрасының оқытушысы,
Абай облысы, Семей қаласы*

XX ғасырдың 16-17 ші жылдары сол кездегі қазақ интеллигенттерінің бірі Әлихан Бөкейханов қазақтың тұңғыш ұлттық – демократиялық партиясын – «Алаш» партиясының негізін қалап, жанына өзі секілді елінің қамын ойлаған зиялы қауым жинады. «Алаш» партиясы ұзақ жасамаса да, қысқа мерзімде сол кездегі қазақ халқының саяси проблемаларын шешуге тырысты. Алаштың негізгі идеясы демократиялы қоғам қалыптастырып, сөзсіз еркіндік пен дамудың алғышарты ретінде қазақтың ұлттық мемлекетін құру болатын. Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті – сол идеяның жемісі мен олар ұстанған философиялық көзқарастың жеңісі деп білемін.

«Алаш» партиясының алғашқы бағдарламасы – алғаш рет 1917 жылдың қарашасында «Қазақ» газетінде жарияланған бағдарлама болатын. Оны жасаушылар Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Е.Ғұмаров, Е.Тұрмұхамедов, Ғ.Жүндібаев және Е.Бірімжанов. Бағдарламаның бірнеше тараулары болды. Оларға : мемлекет қалпы, жергілікті халық бостандығы, негізгі құқық, дін ісі, билік, ел қорғау, салық, жұмысшылар, ғылым-білім үйрету, жер мәселесі жатады. Бұл бағдарлама өзінің мақсаты мен мазмұны жағынан сол дәуірдегі саяси-қоғамдық қажеттіліктерді толық қанағаттандыра алатын құжат еді. «Алаш» партиясының маңызды әрі басты құжаты, оның демократиялық, гуманистік принциптерге негізделген саяси құрылым екендігін көрсетеді.

Алаш зиялылары армандап кеткен тәуелсіз кездің жас ұрпағы қазақтың тұңғыш саяси элитасынын Отанды сүю, Отанға қызмет ету, Отан үшін отқа түсуін үлгі етеді.

Алаш арыстарына біз Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мағжан Жұмабай, Жүсіпбек Аймауытұлы, Халел Досмұхаммедұлы, Жаһанша Досмұхаммедұлы, Санжар Асфендиярұлы, Мұхаммеджан Тынышбаев, Мұстафа Шоқай, Қошке Кемеңгеров, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Сәкен Сейфуллин, Райымжан Марсеков, Ыдырыс Мұстамбайұлы, Мұхтар Әуезов, Бақытжан Каратаев, ағайынды Сейітовтер, Шаһизада Шонанова мен Назипа Құлжановаларды жатқызамыз.

«Алаш» партиясының философиялық көзқарасын түсіну үшін олардың принциптерін түсіну керек деп ойлаймын. Оларға:

- Бірінші ұстаным: жер, жер және жер. Жерсіз Отан жоқ. Әлихан Бөкейхановтың ұйғарымы бойынша: «Қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жекеменшікке де, қоныстанушыларға да берілмейді».
- Екінші ұстаным: жердің астындағы, үстіндегі, аспанындағы барлық игілік қазақ мемлекетіне қызмет етуі керек. Ә.Бөкейхановтың айтуынша: «Оның әрбір түйір тасы әр қазақтың өңіріне түйме болып қадалу керек» болатын.
- Үшінші ұстаным: Ә.Бөкейхановтың жобасы бойынша, «Қазақтың жерінде өндірілген «бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі керек, яғни толықтай экономикалық тәуелсіздік пен бірлікке қол жеткізуге ұмтылуы тиіс».
- Төртінші нысана: қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тіл, дін, діл үстемдігі болуы керек, яғни, Х.Досмұхамедовтің пайымдауына жүгінсек, «ұлттық мәдениет үстемдігі сақталуы» тиіс болатын.
- Бесінші, түпкі мақсат: тәуелсіз ғылымға, ұлттық салт-дәстүрге негізделген заңға сүйене отырып, Жапонияның үлгісіндегі ұлттық-демократиялық мемлекет құру еді. Яғни, тағы да сол Х.Досмұхамедовтің пайымдауына жүгінсек, «тәуелсіз сот құрылымы болады, тең және туыстық қарым-қатынастарды қамтамасыз ететін одақтық қағидаттар (заң) жасалады».

Бұл принциптер 1990 жылғы «Қазақстанның суверенитеті» туралы мәлімдемеде қамтылған бес түрлі ұлттық ұстаным еді.

Осы 5 принципті қорыта бесеуінің де түпкі мақсаты тәуелсіз, аяғына нық тұра алатын, білімге құштар азаматтары бар, демократиялы-зайырлы мемлекетті қалыптастыруда.

М.Қойгелдиевтің былай деп жазды: «Бізге бүгін жалпыұлттық деңгейде қорытындылап, жалпыұлттық деңгейде игерілген, яғни ұлттық дүниетаным мен ұетанымның іргетасы міндетін атқара алатын тарих қажет. Ал Алаш қозғалысы сол дүниетанымдық тарихтың өзегі. Өйткені Алаш - халқымызды бесігінде тербетіп, есейіп ат жалын тартып мінгенде бойына күш-қуат және сенім берген ұлттық идея. Алаш - ұлттың өзін бөлінбес тұтас жер, яғни территория ретінде сезінуі. Алаш - ұлттың аспан асты, жер үстінде өз орны бар ел ретінде өз еншісі мен үлесін анықтау харакеті», осындай академик, ғұламалардың айта кеткен пікірлерін мысалға әкеле отыра Алаштың басты идеясының маңызын, саяси көзқарасын нақтылай аламыз.

Осы Алаш қайраткерлері өздері ұрандаған идеяға жету барысында қандай жұмыстар жүргізілді деген сұрақ келеді екен және осы сұраққа жауап іздеу барысында:

- Алашорда өз алдында тұрған міндеттерді ойдағыдай атқару үшін Алаш автономиясының «халықтық милиция» атанған қарулы күштерін жасақтауға үлкен мән берді. Милиция жасақтарын құру мәселесін жан-жақты талдап, оның Алаш автономиясына кіретін әрбір облыс пен уездегі санын анықтап, оларды соғыс өнеріне үйрету мен қажетті қару және киім-кешекпен қамтамасыз ету жолдарын айқындады. Милицияға қажетті қару-жарақ пен оқ-дәрі Алашорданың ұлттық қорының есебінен алынған болды. Милицияны құру мақсатын съезд былай деп анықтады: “... осы күнде мемлекет ішінде бассыздық, талан-тараж, қырылыс-талас болып жатқанын ескеріп, қырғыз-қазақты мұндай бүліншіліктен қорғау үшін ... ешбір тоқтаусыз милиция түзуге кірісуі тиіс...”.
- Алаштықтардың келешекте жүзеге асырылатын идеяларының басым көпшілігі «Қарқаралы құзырхатынан» көрініс тапты. Осы құзырхатта жазылған талаптар және саяси күрестің дәуірлік қажеттіліктері Алаш қозғалысының басты мұраттарын негіздеп, соған орай күрестің амалдары мен тәсілдерін де қалыптастырды. 1905 жылғы бірінші орыс төңкерісінен кейін империялық биліктің тәртіпті күшейтуі, Алаш қайраткерлерінің саяси күрестен де, рухани-ағартушылық қадамдарға баруына ықпал етіп, енді олар халықты ағарту, халыққа өз құқықтарын білдіру шараларын қарастырып, оларды жүзеге асыруға бағыттады.

• Сол кезде Кеңес үкіметі «Алаш» партиясына қарсы болса да, зиялы қауым мойымай жазбалар арқылы жол іздеді. Мысалы: Әлихан Бөкейханның мақалалары мен аудармалары, Ахмет Байтұрсынұлының сауат ашу құралдары мен «Қырық мысал», «Маса» жинақтары, Міржақып Дулатовтың «Оян, қазағы!», Ғұмар Қараштың «Бала тұлпары» мен «Аға тұлпары», М.Тынышпаевтың, М.Шоқайдың публицистикасы тағы да қаншама қайраткерлер мен қаламгерлердің күресшіл рухтағы туындылары алаштықтардың сол кездегі саяси ағартушылық амалдары мен рухани тәсілдерін айта аламын.

• Алаш идесы жалпыхалықтық сипат алды. Қозғалыстың тарихында қазақ қайраткерлерінің мұсылман бауырлармен жақын араласуы да идеяның, оны орындаушылардың қанатын бекітті. I, II Мемлекеттік Думаға енген қазақ депутаттарының мұсылман фракцияларына мүше болуы, Петербурда, Мәскеуде, Қазанда, Уфада, Самарада мұсылмандар ұйымдастырған әртүрлі шараларға қатысуы да қазақ қайраткерлерінің қозғалысты өрістетугіне, қажетті саяси болсын, рухани болсын тәжірибе жинақтауларына оң ықпал еткені күмәнсіз.

Алаш қозғалысы қайраткерлері өздерінің идеяларын жүзеге асыру үшін сол дәуірдің қажет еткен және мүмкіндік берген ауқымы шегінде ұлт азаттығы үшін қажетті саяси, рухани, ағартушылық амалдар мен тәсілдерді жүзеге асырды.

Қорытындылай келе, сол бір отан десе лапылдап оттан бетер жанған зиялыларымыздың ошағының отын өшірмейтін бір перзенті қалмағаны өзекті өртерлік жайттардың бірі деп есептеймін. Алайда, олар артында мәңгі өлмейтін мұра қалдырды, ол мұрамен өскен әрбір Алаш баласы, мына біздер сол Әлиханның, Аханның, Мағжан, Сәкен, Сұлтанмахмұттардың жалғасымыз деп білемін. Біз бүгін Тәуелсіз елде еркін өмір сүріп жатсақ, бұл бір кездегі Алаштың арманының орындалуы, солардың қыршыннан қиылған Өмірлері мен көрмей кеткен қызықтарының өтеуі. Біз әрқайсысымыз - Алаштың баласымыз! Мойнымызда Алаштың аманаты, қолымызда Алаштың туы тұрғанда, біз сол тудың астында «Күн сөнгенше, сөнбейміз!» деген сөздер тәуелсіз қазақтың есте сақтар аманаты.

Осы мақаламды Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 1917 жылы жазылған «Алаш ұраны» атты өлеңімен аяқтағым келеді:

Жасасын Алаш, жасасын!
Алаш туы астында,
Күн сөнгенше сөнбейміз!
Енді ешкімнің Алашты,
Қорлығына бермейміз!
Адамдықтың жолына,
Бастаған ерлер соңында,
Басқаға көңіл бөлмейміз,
Қандай сайтан келсе де,
Алдауына көнбейміз.
Өлер жерден кеттік біз,
Бұл заманға жеттік біз!
Жасайды Алаш, өлмейміз!
Жасасын, Алаш, жасасын!

Әдебиеттер:

1. «Алаш зиялыларының соңғы сөзі» Мәриям Әбсаттар
2. «Алаш жолы» Болатбек Төлепбергенов
3. «Ұраным – АЛАШ!..». Тұрсын Жұртбай
4. <https://ulagat.com/2020/12/23/алаш-қайраткерлерінің-қоғамдық-саяс/>
5. <https://alash24.kz/news/13223>
6. <https://articlekz.com/kk/article/32829#gsc.tab=0>
7. <https://massaget.kz/blogs/27551/>

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ РУХАНИ САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ИДЕЯЛАРЫ

Төлеуғали А.Д.,

«М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжінің» 2 курс студенті

Абай облысы, Семей қ., Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі: Маханбет Ақмарал

«Педагогика және психология» пән оқытушысы Педагогика ғылымдарының магистрі,

«М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі»

Ұлы тұлғаларын білмейінше бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тарихының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Алаштың басты мақсаты қазақ қоғамын бірте-бірте өзгертіп, заманға бейімдеу еді. Алаш орыстары бізге мемлекеттік идеясын ту етіп көтеруді табыстап кетті. Тарихтың қай кезеңінде болсын, олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген.

Бөкейханов Әлихан (Ғалихан) Нұрмұхамедұлы (1866-1937) - Алаш қозғалысының жетекшісі, ғалым, қоғам және мемлекет қайраткері. Бұрынғы Семей облысы, Кар- каралы уезі Тоқырауын болысының 7- ауылында туылған. Орта жүз ханы Бекейдің ұрпағы. Алғашқыда әкесі Қарқаралыдағы молданың қолына оқуға бергенмен, оны місе тұтпаған Әлихан қаладағы үш сыныпты бастауыш мектепке ауысады 1886 ж. Сол қаладағы қазақ балаларына арналған мектепті, 1890 ж бітіреді. Омбыдағы техникалық училищені бітіреді. 1890- 94 ж. Санкт-Петербург қаласындағы Орман институтының экономика факультетінде оқып, сол 20 ғасырдағы Ресейдегі кайшылықтарды өз көзімен көріп, оның саяси көзқарастары қалыптасады. Ол институтты бітіргеннен кейін Омбыға барып, жұмыс істейді. 1896-1903 ж. Щербина экспедициясына қатысып, ол қазақ даласына байланысты Ресей империясының ұстаған мақсатын бұрын өзі байқамаған қырынан керіп, олардың отарлау саясатының ірі шараларын іске асыруға жұмыстанып жатқанына көз жеткізді. Мәскеуде еткен земство және қала қайраткерлерінің съезіне қатысып, қазақ халқының жоғын жоқтап сөз сөйледі. 1905 жылы «Халық бостандығы» (конституциялық-демократиялық) партиясының мүшелігіне, ал 1906 ж. Оның ОК-і құрамына енген болатын. Әлихан Бөкейханов өз кезінде мероприятияларға қатысып өз уақытын бекер кетірген жоқ. Оның түпкі мақсаты: ұлттық мемлекет құру болатын. Ол өз тарихының болашағын ойлап, қазақ жеріне жер салуды, білім алып келуді, азық етуді ойлаған.

Әлихан Бөкейханов кеш үйленеді (35 жасында) Себебі біріншіден оған ата анасы қарсы болады, және өз өмірінің көп уақытын біліммен, қазақтар үшін жанталасады.

Әлихан Бөкейханның ұрпақтары туралы дереккөздер сирек кездеседі. Оның жұбайы Ольга Севостьяновадан туған баласы Өктай (Сергей) Бөкейханов. Өктай Бөкейхановтан Евгений Бөкейханов тарайды. Ал біз дерек етіп көрсетіп отырған ұлт көсемі Әлихан Нұрмұхамедұлының шөбересі, Евгений Бөкейханның баласы Петр Бөкейханов.

Әлихан Бөкейханов өз кезегін жас студент Қайым Мұхамедхановқа өз сенімін білдіреді, себебі Алаш жолын жалғастыратында, қазаққа білім, жер алып келетініне сенген. Сондықтан өз кезінде Қайым Мұхамедхановқа күнде келіп тұратын.

Абақтыдан шыққан Әлихан Бөкейханов сол кезде тарап кеткен дума мүшелерінің артынан Финляндияның Выборг қаласына келеді. Выборг үндеуіне қол қояды. Сол үшін жазаланып, 3 айға Семей түрмесіне жабылады.

Бутырка абақтысына қамалған Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов 1937 жылы 67 жасында Мәскеуде ату жазасына кесіледі. Әлиханның қабірнің қайда екені жайлы мағлұмат тек 2007 жылы жария етілді. Ол Мәскеудегі Дон бауырластар зиратына көмілген.

Мағжан (Әбілмағжан) Жұмабаев Бекенұлы (1893-1938) – ақын, қазақ әдебиетінің көгіндегі 20 ғасырдың басында жарқырай жанған жарық жұлдыздарының бірі, Алаш қозғалысының қайраткері. Туған жері бұрынғы Ақмолада губерниясының Ақмола уезіндегі

Полуденовский болысы (қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Жұмабаев ауданы). Әкесі Бекен (Бекмағанбет) орта дәулетті, өзінің әділдігімен, адамгершілікті парасатымен ел арасында беделі жоғары адам болған. Соған орай оны бір сайлауда болыс етіп сайлаған.

Өз кезегінде Нығмет, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Аққағаз т.б зияткерлер мен кішігірім ұйым ашып, қазақ халқының жағдайын қарастырып, білім іздеп, Ресей империясына дейін жол тартады. Өзін арыстандай айбатты, мықты көрген Мағжан соңына дейін қазақ балаларына ұзақ өмір сыйлауға дейін, қазақ даласын кеңейту үшін өз алдына қойған мақсатына жетіп, “өлместер”-деген атаққа жетеді.

Екінші жалпықазақ съезіне делегат ретінде қатысып, онда оқу мәселесі бойынша құрылған комиссияға төрағалық етті. Ол ғана емес, тіпті 19,20 жасында кішігірім білім ортасында директор атанып, балаларға шағын үйлері мен білім, тамақтарына дейін қамтамасыз еткен. Дәл сол кезде жұмысқа математика пәні мұғалімі болып 2рет кездестірген Гүлсім ханым жұмысқа кіруге құжат тапсырады. Сол сәттен екеуінің романдары басталады. Қанша жерден әйел алсада, өмірінің соңына дейін Гүлсім ханымды сүйіп өткен. Гүлсім, күйеуі Бичуриннің кесірінен Мағжан мен қосыла алмай екеуінің оқиғалары жылға созылмай бірден аяқталады.

<Алқа> атты жасырын ұйым құрғаны үшін деген айыптаулармен Мәскеудегі Бутырка түрмесіне қамалып, 10 жыл айдауға кесілген. 1936 ж. М.Горький мен Е.Пешкованың араласуымен бостандық алып, Қазақстанға оралып, Петропавл қаласындағы мектепте орыс тілі мен әдебиетінен сабақ берген. 1937 ж. Наурызда Алматыға келіп, аударма ісімен айналысқан. 1938 ж. Қайтадан қамауға алынып, ату жазасына кесілген. Кеңестік жүйенің қуғын-сүргінің құрбаны болған Мағжан есімін ақтау ісі 1958 ж. Қолға алынған. Осы жылы ресми комиссия құрылып, ақынның таңдамалы лирикаларын жариялау жөнінде ұйғарым жасалған. Бірақ одан еш нәтиже шықпай, шығармалары басылмай қала берген. Түркістан әскери округінің әскери трибуналы алкасының шешімімен Жұмабаев толығымен, біржола ақталған. Қазір Солтүстік Қазақстан облысының бұрынғы Булаев ауданы М.Жұмабаев ауданы болып аталады.

Мағжанның алғашқы әйелі Зейнеп Шоқан Уәлихановтың інісі Жақып төренің қызы Қадидадан туған. Зейнептен Мағжан Граждан атты ұл көрген. Тағдырдың жазуымен ақын үшін қымбат осы екі жан бірінің артынан бірі опат болды. Зейнебі баладан дүние салды. Артынша тұла бойы тұңғышы шетінеді. Бұл 1 шамамен 1917-1919 жылдардың арасы. 1920 жылы Омбыдағы мұғалімдер курсы Қызылжарға ауыстырылды. Курсқа басшылық ету Мағжанға тапсырылды. Әрі үйреншікті пәндері бойынша сабақ береді. Міне, осы кезде Мағжан жүрегін үлкен сезім билейді. Курста математикадан сабақ беретін Гүлсім деген әйелге ғашық болады. Гүлсімнің бай күйеуі Мағжан мен әйелі арасын біліп қалып, үйін көшіріп әкеткен. М.Жұмабаевтың Ақмола өңірі Қазақстан құрамында қалуына байланысты өзі редакторы болып істейтін «Бостандық туы» газеті редакциясының Қызылжарға көшірілуі Мағжанның осы қалаға келуіне себеп болды. 1921 жылы Қызылжарға келгенде Мағжан енді қалған аз-маз ашық күндерінің, одан соңғы азап жылдарының айнымас серігін кезіктірді. Ол «жан жолдасымсың, өлсең бірге өлемін» деп мандайынан сипап жұбатқан Зылихасы еді. Зылиха апайдың айтуында, бақыттың дәмін Мағжан екеуі де татқан.

Мағжан Жұмабаев жайлы тағы бір қызықты дерек: Тұлға 1938-ші жылы ату жазасына кесілгенімен, Бауыржан Момышұлы 1948-нші жылы көргені жайлы айтқан болатын.

Біз оқып жүрген деректер толық зерттелмеген, яғни жалған деректермен де жазылғаны анық.

Алаш кезінде жазылған оқулықтардағы, оқу-әдістемелік құралдардағы ұлт мұраты мен елдік мәселені жоғары қоятын көзқарас пен ұстаным басты қағидатқа айналу керек.

Әдебиеттер:

1. Қазақ халқының тарихи тұлғалары: Қысқаша анықтамалық.-Алматы «өнер баспасы» , 2011. 1 кітап-304 б.
2. Қойшыбаев. Б., Әлихан Бөкейханов.-Алматы: жеті жарғы, 2001-160 бет

ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАРЫ

Аманкелдінова С.Қ.,

Магистрант, 7М01301 – Бастауышты оқытудың педагогикасы мен әдістемесі

Кулмышева Н. А.,

п.ғ.к., педагогика және психология кафедрасы

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

Қазіргі білім беру ұйымдарының міндеттерінің бірі – кез келген білім алушыға білімді меңгерту ғана емес, оның рухани қасиеттерін танып, ішкі жан дүниесіне әсер ету арқылы жас ұрпақтың өзін-өзі дамытуына жол көрсету. Рухани құндылық бағдары – дұрыс дағдылар мен әртүрлі жағдайларда өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығы. Рухани-құндылыққа тәрбиелеу дегеніміз студент өміріндегі орнын, жауапкершілігін түсініп, өзін-өзі жетілдіріп, айнала қоршаған адамдар мен кез-келген затқа, жан-жануарларға және экологияға жақсылық тілеп, қайырымдылық жасауға тәрбиелеу.

Сондықтан рухани құндылық білімі жеке тұлғаны қалыптастырудың негізі болып табылады. Жоғары ізгілік мұраттардың ең құндысы – руханилық. Өзін-өзі жетілдіретін тұлға үнемі ізгілік ұстанымдарын өз бойында шыңдап, жетілдіруге ұмтылады. Тұлғаның руханилық санасы – өмірдің мәнін, өз тағдырын халықтың тағдырымен ортақ деп түсіну қабілетін дамыту, жақын адамдарының алдындағы жауапкершілігін сезіну, өзінің жеке басына тән азаматтық және адамгершілік парызын орындау.

Жас ұрпаққа рухани тәрбие мен білім беру адам дамуының рухани үйлесімділігін, өмірдің құндылықтарын түсінуге, өзін қоршаған ортамен үйлесімділікте ұстай білуге, жердегі тіршілікті сақтау үшін өзінің қажеттілігін түсінуді қамтамасыз ету.

Сонғы жылдарда педагогикада адамның өзін-өзі дамыту идеясына ерекше көңіл бөлінуде. Дүниені өзінше түсіну, сезіну, өзінің шексіз мүмкіндіктерін толықтай пайдалана алу, өз бетімен білім алып, өзінің еркін дамуына жол ашатындығы туралы тұжырымдар (С.Л. Рубинштейн, В.Г. Ананьев, Л. Хей, Ш. Амонашвили т.б.) қарастырылған [1, 2].

Ғұлама ойшылдарымыздың тұжырымдарына негізделгендігімен құнды. Атап айтар болсақ: Баласағұнның «Ізгілік ілімі», Қожа Ахмет Яссауидің «Хал ілімі», Әл-Фарабидің «Жан қуаты ілімі», Абайдың «Толық адам», «Имани гүл ілімдері», Шәкәрімнің «Шын адам», «Ар ілімі» тағылым мен тәрбиенің тірегі болуында.

Шығыс ғұламалары Омар Хайям: «Адамдардың пайдалысы – адамдарға пайда келтіргендер» десе, А.А. Рудаки бұл ойды одан әрі нақтылай түседі: «Өмір – теңіз, жүзем онда деменіз, ізгіліктен жасалмаса кемеңіз» [3, 4]. «Біз білім беру жүйесі арқылы қоғамдағы жалпыадамзаттық құндылықтарды жаңғыртқымыз келеді. Сол арқылы әр адам өз бойындағы қабілеттерін толық жүзеге асырып, өз мемлекетімізге ғана емес, бүкіл адамзат иігілігіне пайда келтіре алатындай болуы керек. Баланың бойындағы қабілеттерін ашып, оның өз жан-дүниесіне үңіліп, өз болашағына деген сенімін ояту, өзін-өзі құрметтеп, өз ар-ұжданымен өмір сүруі қандай маңызды.

Абсолюттік жалпыадамзаттық құндылықтар ол уақытқа бағынбайтын, ешқандай ортамен, қоғаммен, шектелмейтін, бүкіл адамзат үшін маңызы зор құндылықтар деп қарастырылған. Мәңгілік жалпы адамзаттық құндылықтарды жарыққа шығару ізгілікке жол ашады және барлық адами қасиеттердің өзегі болып табылады. Адамның өз бойында адамгершілік құндылықтарды дамытудың өзі білім болып саналады. Осы орайда, мәңгілік жалпы адамзаттық құндылықтарға тоқталатын болсақ:

Негізгі бес жалпыадамзаттық құндылықтарды атап айтар болсақ: ақиқат, сүйіспеншілік, дұрыс әрекет, ішкі тыныштық, қиянат жасамау. Тәжірибе көрсеткендей тұлғаға сырттан әсер ету арқылы тәрбиелеу үнемі жетістікке қол жеткізе бермейді. Өйткені ол кейде жағымды, кейде кереғар әсер етуі тіпті кей жағдайда тұлғаны ешқандай әсерсіз қалдыруы мүмкін. Ал, егер сырттан тәрбиелеу тұлғаға жоғары талап қою арқылы тұлғаның

ішкі жан дүниесіне әсер етіп, оның ішкі өзгерісіне септігін тигізсе, өз тағдыры үшін ойланып, әрекет ете бастаса, ол нағыз тәрбие заңдылығы болып табылмақ. Мұндай жұмыс дамытушылық, қалыптастырушылық ықпалда жүзеге асырылды.

Тәрбие үрдісінде тұлғаға жоғары талап қоюшылықпен бірге педагогтың тәрбиелік ықпалында өзара құрмет, сенім, мейірімділік және ізгіліктік көзқарас, педагог пен тәрбиеленуші тұлғаның қарым-қатынастар сипаты тұлға бойында белгілі бір ішкі толғаныстарды есепке алу және оның іскерлігі мен дамуына тікелей әсер етуді біртұтас жүйе ретінде қарастыру мәселесі орын алған [4, 5].

Сондай-ақ қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесінде жас ұрпақты ұлттық құндылықтар негізінде руханилық пен адамгершілікке бағдарлап білім-тәрбие беру ісі өткір мәселе саналады. Осы тұрғыда меткепте оқу пәні ұлттық құндылықтарды дәріптеуді, оны білім мазмұнына енгізу арқылы ұлттық тәрбие беруді, оны үздіксіз білім берудің көзіне айналдыруды, оның тереңдігі мен рухани шындығын балалық кезден бастап сіңіруді мұрат етіп отыр.

Бұл орайда пән мазмұны арқылы ұлттық тәрбие беру желісі нені тұтқа етеді деген мәселеге келсек, мұндағы басты құрал оқу материалдары, яғни тақырыбы мен мазмұны жағынан бала рухын тербететін, жанын елжірететін, масаттандыратын, табындыратын, әсемдік сезімін, ар-намыс сезімін оятатын, білуге құштарлыққа, ақ көңілділікке, ерлікті көксеуге, күш-қайратты шыңдауға ұмтылдыратын – нағыз ұлттық, қазақша ойлайтын, қазақша сөйлейтін, тілеуі, қалауы, арманы қазақша болатын, өз бойынан ата-бабасының қаны мен рухын сезінетін, өз халқының би, батыр, шешен, даналарының өнеге-үлгісін ұстанатын, елінің тағдырына, тарихына жаны тебіренетін – көркем шығармалар, адамгершілік бастаулары, әдептілік қағидалары, өсиет әңгімелері, шешендік сөздері және т.б. Міне, осындай қуат бойына дарыған жас ұлан келешекте бәсекеге қабілетті болатынын сенімді [3, 5, 6].

Қазіргі кезеңдегі қоғамның рухани өміріндегі адамның белсенділігін әр түрлі сипатта бағалауға болады. Бір жағынан тұлға мәдениеттің, көркеюіне, өркендеуіне қызмет етіп, жалпы әлеуметтік және ғылыми-техникалық үрдістерге қомақты үлесімді қосудамын деп өзін жұбатуы мүмкін. Екінші жағынан, ол қоғамда гуманистік ұстанымдар жаңғырып, бірлік нығайып, демократия кеңейіп, ұлттық құндылықтардың маңызы өскенін қалайды. Сонымен қатар рухани құндылықтардың социумда кең орын алып, нағыз конструктивті реттеуші – қалыптық күшке айналғанына мүдделі.

Сөйтіп, қатардағы тұлғаның өмір салты техногендік өркениеттің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бейімделген және сол арқылы өзінің материалдық-ағзалық сұраныстары мен мұқтаждықтарын, проблемаларын шешуге тырысады. Жеке адамның нақты іс-қимылы рухани құндылықтардың қалыптасуы мен дамуына тікелей ықпал етуден гөрі жалпы техногендік үлкен механизмнің «тетігіне» айналғанын байқаймыз. Одан өз еркімен босанып кетуде оңай емес. Өйткені, әлеуметтік болмыс сананы билеп тұрған әлемдік глобалды үрдісте бар.

Ал, шын мәнінде қоғамдық болмысты рухани сана реттеп, игеріп, ұйымдастырып отыруы тиіс және бұл процестің түптамыры мәдениет пен руханилық болуы шарт. Сонда ғана адами белсенділікті ақтап алуға болады, оған сенім білдіруге болады және оның тиімді нәтижелерін қоғамдық дамудан көре аламыз [6, 7].

Жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде жасөспірімге рухани тәрбие беру мазмұнын жаңартуда пәндерді оқытуды олардың мазмұнын рухани тәрбиемен сабақтастыра, интеграциялап оқытудың маңызы зор екендігіне көз жеткіздік. Бұл пәнді оқу арқылы адам өзінің мінез-құлқы мен қоршаған ортаға қарым-қатынасын жақсы жаққа қарай өзгерте алады. Сол арқылы өзгені де өз арнасына тарта алады. Әлемде болып жатқан барлық жақсылыққа жаршы бола алады.

Ал ол жақсылықты жасаған адам қалған мың адамға үлгі болады. Мектепте оқу пәндерін интеграциялау арқылы жасөспірімдері ақиқатқа жетуде риясыз сүйіспеншілікпен қызмет етуге, дұрыс іс-әрекет жасауға баса назар аударатын болса жас ұрпаққа тағылымды

тәрбие, үлгілі өнеге беруге болатыны, өзін-өзі тәрбиелей отырып жүрегінде ішкі тыныштық орнату арқылы ешкімге, ешқашанда қиянат жасамауға үйрету басты ұстаным болып қалады.

Адам алғаш білімнің құндылығына сүйене отырып, өз ортасын жақсы жағынан өзгертуге әрекет жасайды. Өйткені рухани жетілудің шыңына көтерілген адам өмірдің мәні мен мағынасын жай ғана түсініп қоймай, жер бетінде ізгілік орнатуға күш салады. Қандай да болсын адамдықты, адамгершілікті бетке ұстаған қоғамның мақсаты - әр адамды рухани байлық деңгейіне жеткізу. Бүгінгі жас ұрпақты оқытып қана қою аз, оны жан-жақты дамыту, жаңаша дағдыларға тәрбиелеу қажет. Әлемдік даму, ғылыми технология адамның ұшқыр ойлы, терең білімді, озық тәрбиелі болуын талап етеді. Сондықтан рухани-адамгершілік тұрғысынан білім беру әр тұлғаның азаматтық келбетінің жоғары болып, олардың кез келген ортада белсенділік көрсете алатын қабілеттерін жетілдіруді көздейді.

Бүгінгі күні біздің елімізде ұлттық және азаматтық құндылықтардың негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру және дамыту, жеке адамның рухани күш-қуат мүмкіндіктерін ашу, адамгершілік пен салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін қажетті жағдайлардың барлығы да жасалуда. Тәрбиенің басты мақсаты әр адамның ішкі құндылығын, тұлғалық қасиетін ашып, бағалауға үйрету. Баланың жас ерекшеліктеріне сәйкес өзін-өзі тануға, өзін дамытуға бағытталған жұмыстар оқу орынында ғана емес, отбасында да ата-аналардың көмегімен жалғасын тауып, өзара ықпалдастық бағытта жүргізілуі керек жанында жүрген аяулы адамдардың бар екенін ұғынуға көмектеседі. Адамдардың сезіміне ие болу және оны ақтай білуге үйретеді. Борыш пен парызға адал болуға тәрбиелейді. Артында өшпейтін ізгілікті із қалдыра білуге талпындырады. Қабілетінді, бойындағы дарынды, азаматтылығыңды дәлелдеуге итермелейді [8].

«Рухани мұраға сүйенбеген елдің жұлдызы жанбайды» демекші, заман ағымы талап етіп отырған ата-бабаларымыздан қалған әдеби мұраларымызды, халқымыздың өсиетін, өнегесін дәріптеп, дәстүрін таңғажайып тапқырлығын, олардан қалған ескірмейтін көне сөздерді, мақалдар мен мәтелдерді бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болатындай, келер ұрпаққа тәлім-тәрбие беретіндей ғасырлар қойнауынан сыр шерткен асыл мұраларымызды рухани-адамгершілік білім беруде тиімді қолдану.

Әдебиеттер:

1. Шалғынбаева, К.К. Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану. - Астана, 2013
2. Рубинштейн, С.Л. Әрекет. Іс-әрекет. Психология. 2-том. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. - Алматы: Таймас, 2005. – 477 б.
3. Ананьев, В.Г. О проблемах современного человекознания.- Санкт-Петербург, 2001. –236 с
4. «Өзін-өзі тану» және басқа оқу пәндері: мазмұны мен әдістерін интеграциялау мүмкіндіктері. Мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал. - Алматы. «Бөбек», ҰҒПББСО, 2013.
5. Ерғалиева, Г.А. Рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде студенттердің өзін-өзі тәрбиелеуінің педагогикалық шарттары: дисс... пед.ғыл.канд. - Атырау, 2007. -
6. Әбілқасымова, А.Е. Қазақ этнопедагогикасы материалдарын математиканы оқыту әдістемесінде пайдалану. - Алматы: Алатау, 1998. - 39б.
7. Таубаева, Ш. Т. Инновационный потенциал преподавателя высшей школы. // Вестник АПН Казахстана. - 2012. - №1.
8. Тілеуова С.С. Болашақ ұстаздарды оқушылардың құндылық бағдарын қалыптастыруға тәрбиелеу: пед.ғыл.канд.ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған дисс.. - Алматы, 1994. - 187 б.

**БЕЙМӘЛІМ АЛАШ: СЕРІКБАЙ АҚАЕВТЫҢ
СЕМЕЙДЕГІ ӨМІР КЕЗЕҢІНЕН (1918-1920 ж.ж.)**

Шаянбаева С.Б.,

*Алматы қаласы химия-биология бағытындағы
«Назарбаев зияткерлік мектебі» тарих пәнінің эксперт мұғалімі
Айдаров Д., 10-сынып оқушысы*

1. Серікбай Ақаев кім еді және оның саяси күрес жылдары

Алаш ұлт-азаттық қозғалысы тарихында өзіндік ұмытылмас қолтаңбасын қалдырған беймәлім Алаш қайраткері Серікбай Ақаев кім еді? Сол себепті, оның өмірінің беймәлім тұстарына, ең алдымен зерттеу жұмыстары барысында жинақталған деректер мен дәйектер арқылы жауаптар беріп көрейік. Осы орайда атап айтуымыз керек, Серікбай Ақаев туралы ғылыми жобаны дайындауда белгілі тарихшы ғалым, Алматы қаласындағы «Ғылым ордасы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны Бас директорының ғылыми жұмыс және халықаралық қызмет жөніндегі орынбасары Нұрлан Бақытжанұлы Сейдиннің ақыл-кеңесі мен көмегі ерекше болды.

Серікбай Ақаев туралы материалдар, жалпы өте сирек кездеседі. Әсіресе, көрнекті саяси тұлғаның жеке басының өмірі жайлы мәліметтер (туған жылы мен жері, білімі, кәсіби мамандығы, алғашқы қызмет атқарған орны т.с.с.) әртүрлі дереккөздерде әрқилы болып жазылып жүргенін атап айтуымыз керек.

Сыр елінің аяулы перзенті Серікбай Ақаевтың өмірбаяны туралы, мысалы мына төмендегі үш түрлі дереккөзден үш түрлі деректерді кездестіреміз. Сондай-ақ, бұл аталғандардан басқа Семей қаласындағы Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығында (қысқаша атауы ҚЗТҚО) сақталған Серікбай Ақаевтың №67 Жеке басының іс қағазы туралы папкіден, оның 1881 жылы дүниеге келгені белгілі болып отыр.

Демек, бұл Серікбай Ақаевтың туған жылы туралы деректердің әртүрлі екенін, бірзділік пен нақтылық жоқтығын көрсетеді. Сонымен қатар оның қайтыс болуына қатысты деректер де әрқилы. Беймәлімдік, ақтаңдақтар көп.

Енді Серікбай Ақаевтың өмірі мен қызметі туралы біз білетін дереккөздерге тоқталып өтейік.

Бірінші дереккөзде – белгілі алаштанушы ғалымдар Ербол Тілешов пен Дихан Қамзабекұлының редакциялық басқаруымен 2014 жылы Алматыдағы «Сардар» баспасынан шыққан «Алаш қозғалысы» энциклопедиялық анықтамасында:

«Алаш қозғалысының қайраткері Ақаев Серікбай Жұмағалиұлы 1880 жылы Торғай облысы, бесінші ауылында дүниеге келген. Орта білім алған. 1916 жылы Наманган уезінде адвокат қызметін атқарған. Бірінші Жалпықазақ сиезінде Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа ұсынылған.

1918 жылы Алашорда Іс басқармасының бастығы болып, Қоқан автономиясы Орталық Комитетінің мүшесіне сайланған. Қоқан автономиясы таратылғаннан кейін Семейге келіп, осы қалада Алашорда үкіметінде болып, оның бірқатар жұмыстарына атсалысқан. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында Қазақстанның юстиция халық комиссариатында жұмыс істеді. Серікбай Ақаев 1930 жылы Алматыда заңгер қызметін атқарған. 1937 жылы қайтыс болған» [1], - деп жазылған.

Екінші дереккөзде – тарих ғылымдарының докторы Тұрсұн Хазретәлі «Алаш һәм Түркістан» атты монографиялық еңбегінде: «Ақаев Серікбай (1883 жылы туған – өлген жылы белгісіз) Перовск (қазіргі Қызылорда) қаласында туған. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының қайраткері. Мамандығы заңгер. 1917 жылдың шілдедегі Орынбор қаласында өткен Бүкілқазақ съезіне қатысқан. Түркістан мұхтарияты халық кеңесінің мүшесі. Қызылорда қаласында қорғаушылар коллегиясында қызмет істеген. Құғындалған» [2], - деп көрсетеді.

Үшінші дереккөзде – профессор З.Е. Қабылдиновтың жалпы редакциялық басқаруымен 2019 жылы Алматыдағы «Литер-М» ЖШС баспасынан шыққан «Қазақстан

тарихы» энциклопедиясы 1-томының 84-інші бетінде Ақаев Серікбай Жұмағұлұлы 1880 (1881) жылы Сырдария облысы Перовск уезінің 5-інші ауылында туылып, 1937 жылдың 21 қарашасында Алматы қаласында саяси репрессияға ұшырағаны, қоғам және мемлекет қайраткері, заңгер болғаны, Ташкент қаласындағы мұғалімдер семинариясын бітіргені [3] туралы т.б. мәліметтер жарияланған.

Көріп отырсыздар, Серікбай Ақаевтың өмірбаянына қатысты әртүрлі дереккөздерде әртүрлі деректер айтылады. Тіпті, әкесінің атын бірінде Жұмағали ұлы десе, екіншісінде Жұмағұл ұлы болып жазылған. Ал, «Қазақ» және «Сарыарқа», «Жас азамат» газеттерінде оның тегі Ақай ұлы деп беріледі.

Сол себепті Серікбай Ақаевтың өмірі мен қызметіне қатысты материалдардың әртүрлігі мен жеткіліксіздігіне қарамастан, зерттеу жұмыстары барысында алғаш рет оның өмірбаяндық хронологиясын құрастыруға мүмкіндігінше нақты ұмтылыстар жасалды. Өз кезегінде бұл көрнекті саяси тұлғаның өмірбаянындағы ақтаңдақтарды ашуға айтарлықтай септігін тигізді.

Сонымен, қандай ізденістер жүзеге асырылды? Оған ең алдымен сол уақыттағы «Қазақ» және «Сарыарқа», «Жас азамат», «Сибирская речь» сияқты басылымдарда жарық көрген материалдар арқылы жауап беріп көрейік.

Алаш ұлт-азаттық қозғалысы жылдары, - деп жазады белгілі алаштанушы ғалым Тұрсүн Хазретәлі «Алаш һәм Түркістан» атты монографиялық еңбегінде [4], - Ташкент қаласында құрылған «Кеңес» үйірмесінің мүшесі Серікбай Ақаев ұлт зиялылары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Мұстафа Шоқай, Мұхаметжан Тынышбаев және тағы басқаларымен тығыз байланыста жұмыс жасады.

1917 жылдың 15 наурызында Әлихан Бөкейхан бастаған 15 қайраткер Минск қаласынан қазақтың 25 елді мекеніндегі беделді азаматтарға әскерлік мәселесі және Бүкілресейлік Құрылтай жиынына депутаттықа сайлау науқанына қамдану туралы жеделхат жолдады [5], мысалы оның бірі Серікбай Ақаев болды.

Ал енді 1917 жылдың 21-26 шілде күндері Орынборда өткен Бірінші Жалпықазақ сиезі Серікбай Ақаевтың кандидатурасын Ферғана облысы бойынша Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутат [6] етіп сайлауға ұсынды.

Алаш қайраткері Серікбай Ақаев 1917-1918 жылдары Түркістан өлкесінде ұлт-азаттық қозғалысқа қызу араласқан және басшылық жасаған көрнекті саяси тұлғалардың бірі. Ол Ақпан төңкерісіне дейінгі уақыт аралығында Самарқанд округтік сотында жұмыс істеп, жергілікті заң қорғау орындарының жеке сенім білдірген уәкілі (частный поверенный) деген қызметте болды. Одан соң Ферғана және Ташкент округтік соттарында азаматтық істер бойынша жеке сенімді уәкіл қызметтерін атқарды.

Зерттеушілер Серікбай Ақаевтың отбасы туралы «Түркістан қаласындағы титулярный советник Баки Қылышбековтың Гүлжәмила атты қызына үйленіп, одан Махфузбек және Мұхтария есімді екі ұлы болған» дейді. Мысалы, 1915 жылғы «Қазақ» газетінің №159 санында басылған шағын хабарда: «Қоқан. Сентябрь жұлдызының аяғында частный поверенный Серікбай Ақаевтың келіншегі ұл тапқан. 14-нші ноябрьге Серікбай мырза Ферғана жағындағы жігіттерді қуаныш тойға шақырды.

Шақырған адамдардың баршасы келіп, бас қосып сөйлесіп, қуаныш тойда отырып, бір азырақ жақсы іс қылды. «Азамат» серіктігінің баспахана ашу талабын қуаттамақ болды.

100 сомнан жарналарын беріп серіктікке кіргендер: 1) Серікбай Ақаев (Қоқан), 2) Еркінбек Ақынбеков (Скоблев елді мекені), 3) Кенжәлі Досов (Әндіжан), 4) Ноғай ағайынымыз И.А. Ғазин (Қоқан)...

Ферғанадағы қазақ жігіттерінің ынтымағына сүйінеміз, қазақ ұранымен шығып тұрған ортамыздағы бір газетаға көмектес-көтермеші болғандары үшін тәңір жарылқасын айтамыз» [7], - деп жазылған. Міне, бұдан Серікбай Ақаевтың отбасында тұңғыш ұлы Махфузбектің 1915 жылдың қыркүйек айы аяғында Қоқанда дүниеге келгені белгілі болып отыр.

Профессор Тұрсүн Хазретәлі жоғарыда аталған «Алаш һәм Түркістан» атты монографиялық еңбегінде Алаш қайраткері Серікбай Ақаев туралы: «Шындығында 1917

жылдың ақпан төңкерісіне дейін Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының қалың ортасында жүрген М. Тынышбаев, М. Шоқай, С. Лапин, Ә. Оразаев, С. Ақаев, Қ. Қожықов сияқты этноэлита өкілдері европалық білім алған, Ресейдің демократиялық қозғалыстарына саяси дайындығы мол тұлғалар еді. Содан да олар 1917-1918 жылдары өздері араласқан Түркістандағы тарихи оқиғалардың алдыңғы сапында болды» [8], - деп атап көрсетеді.

1917 жылдың 5-13 желтоқсан күндері аралығында Орынборда өткен Екінші жалпықазақ съезінің шешімі бойынша Серікбай Ақаев алдағы жылдың басына деп белгіленген Сырдария облыстық съезіне делегат ретінде арнайы шақырылады. Ол туралы көрнекті алаштанушы ғалым Кеңес Нұрпейісов «Алаш һәм Алашорда» кітабында: «Екінші бүкілқазақ съезі Түркістан өлкесін мекендеген қазақтардың Алаш автономиясына қосылу мәселесін талқылау үшін Сырдария облысы қазақтарының съезін шақыруды қажет деп тапты және оған өз өкілдері ретінде Бақыткерей Құлмановты, Міржақып Дулатовты және Тұрағұл Құнанбаевті жіберуге ұйғарды. Осы мәселеге байланысты Әлихан Бөкейханов пен Мұстафа Шоқай бірлікке мәлімдемеге қол қойды» [9], - дейді.

1917 жылдың 18 желтоқсанында «Қазақ» газетінің №55 санында басылған Әлихан Бөкейхан мен Мұстафа Шоқайдың бірлікке мәлімдемесінде Сырдария облысы қазақтарының съезіне болыс басы бір кісінің үстіне мына кісілер: Байсын ақсақал Көлдей ұғылы, Исүфбек Басырға ұғылы, Ибрагим Қасым ұғылы, Имамберді ақсақал, Сабырқұл Алдаберген, Мәуленқұл Байзақов, Алдиярбек Рахымқұлов, Әзімхан Кенесарин, Мұхамеджан Тынышбаев және тағы басқаларға қоса Серікбай Ақаевтың да арнайы шақырылғаны туралы айтылды.

Ал енді 1918 жылдың 3 наурызындағы «Сарыарқа» газетінің №31 санында шыққан «Алаш һәм Түркістан» атты мақалада: «[...] Түркістан уәлаятындағы төрт облыс – Жетісу, Самарқанд, Закаспий һәм Ферғана, Сырдария. Сырдария сиезі Түркістан шаһарында 4 гинуарда ашылып, 9-да жабылды. Сиезге болыс басы бір өкілден шақырылған еді, 72 өкіл келді. Сырдария облысы Алашқа қосылу-қосылмау мәселесі қаралудың алдында Қоқан һәм жалпы қазақ-қырғыз сиездері туралы доклад оқылды. Қоқан сиезі туралы оқылған докладтан һәм біздің сауалымызға берілген жауаптардан анықталды, Түркістан автономиясын иғлан еткен сиезде жалпы қазақ-қырғыз туралы сөз болмайтын һәм Сырдария облысы Түркістанға не себепті қосылатындығы туралы тексерілмепті.

Түркістан Алашқа қосылу-қосылмау мәселесі үш күн тартысқа түсті. Армансыз тексерілді. Алаш баласы бірікпесін деген жан болмады, ұранына қызбаған, ұлтына тартпаған кісі кем болды. Бірсыпыра зиялылар Түркістанға тартты. Түркістан бай, Алаш болып, Түркістанға қарайық, ең болмағанда Сырдария Түркістанға қаламыз десті. Бірақ сөйлесе, дәлелдесе келгенде екі жақ түсініп, Алашқа Алаштан артық ешкімнің жоқтығына көзі жетіп, Түркістанға қарайық деген сөз қалды. Алаш туы астында табысалық деген бір қаулыға келді» [10], - деп жазылды.

Әлбетте бұдан Сырдария облысын Алаш автономиясына қосу мәселесі оңайға түспегенін, ал оған кезінде Әлихан Бөкейхан, Мұстафа Шоқай, Міржақып Дулатов, Серікбай Ақаев, Бақыткерей Құлманов, Тұрағұл Құнанбаев сияқты қайраткерлер үлкен еңбек сіңіргенін көреміз.

Үлкен төңкерістер мен қоғамдық-саяси өзгерістер заманында Серікбай Ақаев киелі Түркістан өлкесіндегі тәуелсіздік жолындағы күрестерге белсене қатысты. 1917 жылдың 27 қарашасында Қоқан қаласында Түркістан автономиясы жарияланып, онда ол Түркістан автономиясы Халық Кеңесінің мүшесі болып сайланды. Өкінішке қарай, Түркістан автономиясы небәрі 64 күн өмір сүрді. 1918 жылдың 10-11 ақпан күндері автономия орталығы Қоқан қаласында большевиктер қанды қырғын ұйымдастырды, сөйтіп бұл мемлекеттік құрылым қарулы күшпен құлатылды [11]. 1918 жылдың ақпан айының басында Түркістан автономиясы өзінің өмір сүруін толықтай тоқтатқан соң, оның үкімет басшылары еріксіз жан-жаққа кетуге мәжбүр болады. Осы уақытта Мұхамеджан Тынышбаев пен Серікбай Ақаев Алашорда үкіметінің астанасы Семей қаласына қарай бет түзеді.

2. Алашорда үкіметінің Іс басқарушысы. №67 Жеке іс қағазы

Азаматтық қарсыласу жылдары Семей қаласы, шын мәнінде ұлттық саяси элита өкілдері алғаш рет жиылып бас қосқан үлкен саяси күрес орталығына айналды. 1918 жылдың қаңтарында Семейге ең алдымен Алашорда үкіметінің басшысы Әлихан Бөкейхан, одан кейін көпұзамай ақпан айының 22 күні Міржақып Дулатов келді.

Сол сияқты осы ақпан айында Семейге жиылған қазақтың қаншама игі жақсылары туралы деректі Алаш милициясының командирі Қазы Нұрмұхамедұлының қайғылы өліміне байланысты қаралы хабардан [12] оқып білеміз. Мұнда негізінен Семейдегі Алаш қаласында Қазы Нұрмұхамедұлын жерлеуге байланысты қаралы жиынға Шәкәрім Құдайбердіұлы, Міржақып Дулатов, Райымжан Мәрсекөв, Жанғали қажы, Мұстақым Малдыбаев, Жүсіпбек Аймауытов және т.б. қатысып, сөз сөйлегені туралы айтылады.

Жалпы, сол уақтағы Алаштың жүрегі Семейде қалыптасқан саяси ахуал туралы жағдай «Жас азамат» газетінде жарияланған «Большевик емес екен» атты мақалада егжей-тегжейлі әңгіме болады. Бұл мақаланың басты бір ерекшелігі, Алашорда үкіметі алғаш іске кіріскен кездегі қазақ даласындағы аласапыран көңіл күй, аумалы-төкпелі жағдай айна қатесіз сипаталып көрсетіледі. Мысалы, онда: «...Міржақып Семейге февральдің 22-інде жеткен екен. Төрт күннен кейін Нұрғали шағым телеграмма жіберіп отыр.

Ол кезде «Алаш Орда» өкілдері болсын, басқа азаматтар болсын, Семейге қарай бет алған уақыт еді. Шеткі Семейге алдымен келген Міржақып еді.

Мұның Семейге келгенін білдіріп, телеграммен сұрап отырған Нұрғали, кейінгі «Алаш Орда» мүшелері келгенді де білдіріп тұрғандығына бұл дәлел. Биахмет пен Имамның совдептен шығарылуын тілеген. Мұның себебі мынау: Семейдің қазақ һәм казак-орысы большевикке тізгінді беріп жібермеске, комитетті, сотты, земствоны қорғауға һәм елге большевикті шығармау үшін арбасып отыруға өкіл кіргізген. Қазақ комитетіне кіргендер: Биахмет Сәрсенов һәм Имам Әлімбаев еді.

Бұл телеграмды Нұрғали қашан беріп отыр деңіз? 6 март күні большевиктер Қазы марқұмды атып өлтірген. Ертеңінде, 7 март күні, Нұрғали қуанғандай, енді бір сойқан салатын ыңғайы келді деп, Көлбайды шақырып отыр. Мұнан артық құдайдан безгендік, жұрттан шыққандық болар ма!?» [13], - деп жазады.

Ал енді сонда Серікбай Ақаев Семейге қашан келді? Бір белгілісі, ол мұнда осы 1918 жылы болашақ Алашорда үкіметі төрағасының орынбасары Мұхамеджан Тынышбаевпен бірге келген еді.

Серікбай Ақаевтың Семейде Алашорда үкіметінің Іс басқармасының басшысы болып қызмет атқарғаны туралы тарихи деректерді жергілікті мұрағатта сақталған төмендегідей ресми құжаттардан көреміз.

Алашорда үкіметінің Іс басқарушысы Серікбай Ақаевтың қолы қойылған екі ресми құжат – Семей қаласындағы Қазіргі заман тарихын құжаттандыру Орталығының 48-кор, 2-тізбе, 1-іс, 138-139 парақтарында сақталған. Бірінші ресми құжат:

«Уведомление Всекиргизского Народного Совета Алаш-Орда о членстве в Совете Сатылгана Сабатаева от 20 июня 1918 года

Всекиргизский Народный Совет Алаш-Орда сообщает, что старший специалист департамента пос-хоз. части ученый агроном Сатылган Сабатаев состоит членом названного выше народного Совета Алаш-Орда.

Председатель Алаш-Орды А. Букейханов

Управляющий делами Алаш-Орды С. Ақаев» [14], - деп аталады.

Екінші ресми құжат:

«Уведомление Отдела национальной милиции Всекиргизского Народного Совета Алаш-Орда Семипалатинскому военному штабу о назначении своего представителя от 20 июня 1918 года

Сообщаем, что наш представитель Ахмед Байтурсынов отзывается, а на его место нашим представителем назначается Абыкей Сатбаев, член Семипалатинского областного Совета Алаш-Орда.

Председатель Алаш-Орды А. Букейханов

Управляющий делами Алаш-Орды С. Ақаев» [15], - деп аталады.

Серікбай Ақаев туралы үшінші ақпарат 1918 жылдың 31 шілдесінде «Сибирская речь» газетінің №32 санында жарияланған «Киргизский добровольческий отряд» деп аталады. Мұнда: «Киргизским национальным советом Алаш-Орды организуются добровольческие отряды из киргизов для борьбы с большевиками. Некоторые из этих отрядов уже принимают активное участие в боевых операциях на Южном фронте.

О действиях киргизских добровольцев управление Алаш-Орды постоянно извещает находящегося в настоящее время в г. Омске киргизского премьер-министра А.Н. Букейханова. Так, им недавно получена из Арката следующая телеграмма: «Муса присутствовал при взятии г. Сергиополя, приехал и лично отрубил головы девяти красным. Большевики убежали в Урджар. За ним послан отряд Габидханова. Управляющий делами Алаш-Орды С. Ақаев» [16], - деген мәлімет берілген.

Серікбай Ақаевтың 1918-1920 жылдардағы өмірі мен қызметіне қатысты Семей қаласындағы Қазіргі заман тарихын құжаттандыру Орталығының 1п-қор, 01-тізбе, 21-іс, 7-парағында сақталған төртінші құжаттың атауы – «Список организаторов Алашского конного партизанского полка, участников организации против Советской власти 1918 года Правительства Восточной Алаш-Орды» [17], - деп аталады. Бұл тізім бойынша отыз сегіз адамның ішінде Серікбай Ақаевтың аты-жөні Әлихан Бөкейхан, Халел Ғаббасов, Сыздық Дүйсенбиннен кейін төртінші болып берілген.

1918 жылдың соңында большевиктер Семейде жеңіске жетіп, Алашорда үкіметі өз жұмысын тоқтатады. Алайда, кеңес өкіметінің алғашқы жылдары ұлт зиялылары жергілікті басқару органдарына жұмысқа жаппай тартыла бастады. Өз кезегінде бұл істен Серікбай Ақаев та шет қалмады. 1918-1920 жылдары Серікбай Ақаев алғашқыда Семей облысына қарасты Қарқаралы қаласының басшысы, одан кейін Қарқаралы уезінің басқарушысы қызметтерін атқарды. Оған қатысты құжаттардың бірі «№133 Протокол съезда управляющих уездами Семипалатинской области от 2 февраля 1919 года» [18], - деп аталады. Бұл құжатта Семей қаласында өтетін жиналысқа қатысуға Семей облысының басқарушысы И.А. Самойлов пен оның көмекшісі С.М. Гордасевич, Семей округтік сотының прокуроры М.П. Нелидов, Семей уезінің басқарушысы міндетін атқарушы П.В. Клепацкий, Өскемен уезінің басқарушысы А.А. Данилов, Зайсан уезінің басқарушысы Н.Е. Бочкарев, Павлодар уезінің басқарушысы С.С. Зефилов, Қарқаралы уезінің басқарушысы Серікбай Ақаева келгені туралы айтылады. Аталған жиналыс хаттамасында Серікбай Ақаевтың Қарқаралы уезінің басқарушысы ретінде аталған съезде «Тұрғындардан мемлекеттік салықтар мен земстволық алымдарды тиімді өндіріп алудың шаралары жөніндегі бағдарламаны» талқылауға белсене қатысқаны жайлы жазылған. Семей губерниясына қарайтын осы бес уез елді басқарушылар арасында жалғыз қазақ Серікбай Ақаевтың болуы, шынында да оның абырой-беделі жоғары саяси қайраткер болғанын көрсетеді.

Ендігі кезекте Серікбай Ақаевтың Семейдегі Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығында сақталған №67 Жеке басының іс қағазы [19] туралы айтып өтейік.

№67 Іс қағазының сыртқы мұқабасына:

«Семипалатинский губернский революционный комитет. г. Семипалатинск.

Личное дело Ақаева Серикбая (Зав. киргизским подотделом).

Начато 17 апреля 1920 года. Окончено 19 (25) июня 1920 года.

Семипалатинский облгосархив, фонд №72, опись-2, дело-1, связка-1. На 15 листах» - деп жазылған.

1-інші құжат – «Личная карточка о служащем в Семипалатинском Губернском Революционном Комитете» - деген. Мұнда төмендегідей мәліметтер берілген. Атап айтқанда, олар:

Қазіргі қызмет орны – Семей губерниялық революциялық комитетінің қырғыз (қазақ) бөлімшесінің меңгерушісі.

Ұлты – қазақ.

Жасы – 39-да.

Білімі – мұғалімдер семинариясы.

Отбасы жағдайы – үйленген.

Тұрмыс жағдайы – орташа қалыпты.

Соғысқа дейінгі және соғыс уағындағы, қазан төңкерісінен кейінгі қызмет түрі – адвокаттық және қоғамдық жұмыстар.

Бұрынғы және қазіргі тұрғылықты жері – Перовск, Семей қаласы. **Жалақысы** – 1300 рубль.

Сотты болуы – сотталмаған.

Қызмет жағдайы – өзгермеген.

Саяси платформасы – республикашыл, федералист.

Мекен жайы – Семей қаласы.

Ескерту: №67 Іс қағазында, жалпы саны онбеске жуық құжат жинақталып тіркелген. Мұнда оның өз қолымен толтырған өмірбаяндық анкетасынан басқа Семей губревкомында атқарған қызметі және іс сапарлары туралы мәліметтер көрініс тапқан. Сол себепті, бұл құжаттарға жеке-жеке тоқталып көп уақыт алып жатпай-ақ, оларды мазмұнына қарай топтап, маңызын түсіндіріп берсек дейміз.

2-інші құжат – «Выписка из протокола соединенного заседания Иностранческого подотдела Семипалатинского Губревкома и членов Коммунистической секции Тюркских народов при Губбюро РКП» деп аталады. Бұл біріккен жиналысқа Жүсіпбек Аймауытов, Әлімхан Ермеков, Самат Шарифетдинов, Зорин, Мухин, Жақып Ақбаев, Кәрім Дүйсебаев, Мәннан Тұрғанбаев, Шикібаев, Биахмет Сәрсенов, Әнияр Молдабаев, Сатылған Сабатаев қатысқан. Жиналыстың төрағасы Әлімхан Ермеков, ал хатшысы Серікбай Ақаев болды. Мұнда Семгубревкомы алдына Мұхтар Әуезов іссапардан қайтып келгенше, оның орнына бұратаналар бөлімшесі меңгерушісі (зав. иностранческого подотдела) міндетін уақытша атқаруға Серікбай Ақаевтың кандидатурасын ұсыну туралы қаулы қабылданаған.

3-інші құжат – «В отдел Управления» деген. Бұл құжат жоғарыда айтылған біріккен жиналыс хаттамасымен тікелей байланысты болып келеді. Мұнда 1920 жылдың 14 сәуірінен бастап бұратаналар бөлімшесінің меңгерушісі қызметін уақытша атқару Серікбай Ақаевқа жүктелгені туралы жазылған.

4-інші құжат – «Приказ №119 по отделу Управления Семипалатинского Губревкома от 22 мая 1920 года» деген. Мұнда Серікбай Ақаев пен осы бұратаналар бөлімшесінің заң секциясының меңгерушісі Биахмет Сәрсенов екеуін Семгубревкомның уәкілетті өкілдері ретінде 7 маусымға дейін Сергиополь (қазіргі Аякөз қаласының бұрынғы атауы) қаласына уездік съезге қатысуға іссапарға жіберу туралы жазылған. Серікбай Ақаевтың іссапары кезінде бұратаналар бөлімшесін басқару жұмысы Мұқыш Боштаевқа жүктелген. Бұйрыққа басқарма меңгерушісі Большаков қол қойған. Ескерту: осы №119 бұйрыққа қоса қолмен жазылған мәтіні ұқсас екі ресми құжат бірге салынған.

5-інші құжат – «№150 Приказ по отделу Управления Семипалатинского Губревкома от 25 июня 1920 года» деген. Мұнда 14 маусымда Серікбай Ақаев пен Биахмет Сәрсеновтың іссапардан қайтып келуіне байланысты Мұқыш Боштаевты бұратаналар бөлімшесінің меңгерушісі қызметін уақытша атқару міндетінен босату туралы жазылған. Бұйрыққа басқарма меңгерушісінің орынбасары Белослюдов қол қойған. Ескерту: осы №150 бұйрыққа қоса қолмен жазылған мәтіні ұқсас бір ресми құжат бірге салынған.

6-ыншы құжат – «В Семипалатинский Губернский Революционный Комитет» деген. Мұнда Түркістан республикасының Әділет комиссарының шақыртуына байланысты 1920 жылдың шілдесінен бастап адвокаттар, айыптаушылар мен азаматтық істер бойынша тараптардың уәкілдері Коллегиясының мүшесі, заңгер Серікбай Ақаевты өз міндетін атқарудан босату туралы жазылған. Бұйрыққа әділет бөлімі меңгерушісінің орынбасары қол қойған.

7-інші құжат – «Заявление члена коллегии правозащитников Серикбая Акаева в отдел юстиции Семипалатинского губревкома от 26 июля 1920 года» деген. Мұнда Серікбай Ақаев өзін Түркістан Республикасының Әділет комиссарының шақыртуына байланысты 26

шілдеден жұмыстан босатуды сұраған. Өтініш соңына С. Ақаевтың қолы қойылған. Ескерту: Өтініш қолмен жазылған және оған 4 тамыздан бастап жұмыстан босату туралы Большаковтың қолы қойылған.

8-інші құжат – «В отдел Управления Семипалатинского губревкома Заявления заведующего Инородческим подотделом Серикбая Акаева» деген. Мұнда Серікбай Ақаев Семгубревкомның Басқарма бөлімінен өзін Түркістан Республикасының Әділет комиссарының жеделхатына сәйкес 1920 жылдың 19 шілдесінен іссапарға деп жіберуін сұраған. Осыған орай ол Басқарма бөліміне өз өтінішіне қоса Ташкенттен келген жеделхаттың көшірмесін де бірге өткізген.

9-ыншы құжат – «Телеграмма из Ташкента» деген. Жеделхатқа «Комиссар көшесі, 33. Тарабаевқа. Серікбайға берілсін. Ташкенттің №2268 Өкімі бойынша мұсылман заңгерлерінің тапшылығына байланысты Ішкі істер комиссары қарауына кешікпей шұғыл жетсін. Түркістан Республикасының Әділет комиссары Хусаин Ибрагимов» - деп жазылған.

10-ыншы құжат – «Выписка из Приказа №176 по отделу Управления Семипалатинского Губревкома от 5 августа 1920 года» деген. Мұнда Мұхтар Әуезовтың 5 тамызда Орынбордан іссапардан қайтып оралуына байланысты Серікбай Ақаевты бұратаналар бөлімшесінің меңгерушісі міндетінен босатып, оны Қырғыз ревкомы қарауына іссапарға жіберу туралы жазылған. Бұл құжатқа басқарма басшысы Большаковтың қолы қойылған.

11-інші құжат – «Мандат Семгубревкома от мая 1920 года» деген. Мұнда 1920 жылдың мамырында мандат иесі Серікбай Ақаевтың Губерниялық еңбекпен қамту бөлімінің ведомствоаралық комиссиясына қатысу және жергілікті жерде әлеуметтік қамту шараларын жүргізу мақсатында арнайы іссапарға жіберілгені туралы жазылған. Мандатқа Басқарманың бөлім бастығының қолы қойылған.

Серікбай Ақаевтың осы №67 Жеке басының іс қағазы жалпы оның өмірі мен қызметіне қатысты көптеген беймәлім жайлар мен тарихи оқиғалардың бетін ашып берді.

Біріншіден, Серікбай Ақаев 1920 жылдың сәуірінде өз қолымен толтырған анкетада 39 жастамын деп көрсетеді. Бұл бізге «Серікбай Ақаев 1880 жылы туған» деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Екіншіден, Серікбай Ақаевтың кеңес өкіметінің алғашқы жылдары Семей губревкомында бұратаналар бөлімшесі меңгерушісінің (зав. инородческого подотдела) уақытша міндетін атқарды, сондай-ақ ол Семей губерниялық сотының адвокаттар, айыптаушылар мен азаматтық істер жөніндегі тараптардың уәкілдері Коллегиясының мүшесі болды.

Үшіншіден, Серікбай Ақаев Семей губревкомындағы қызметі кезінде Жүсіпбек Аймауытов, Әлімхан Ермеков, Жақып Ақбаев, Кәрім Дүйсебаев, Мәннан Тұрғанбаев, Бидахмет Сәрсенов, Әнияр Молдабаев, Сатылған Сабатаев сияқты ұлт зиялыларымен бірге қоян-қолтық жұмыс жасады.

Төртіншіден, Серікбай Ақаевтың Қазревкомының келісімі бойынша 1920 жылдың тамызында Семейден Ташкентке Түркістан Республикасының Әділет комиссары қарауына жаңа қызметке кеткені белгілі болды. 1922 жылдың тамыз айында Алаш қайраткерлері Сұлтанбек Қожанов пен Серікбай Ақаев Ташкент қаласында алғаш рет ұлтымыздың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлының 50 жылдық мерейтойын ұйымдастырып өткізді.

Серікбай Ақаевтың Алаш ұлт-азаттық қозғалысы жылдарындағы Түркістан өлкесі және Семей губерниясындағы (Қоқан – Семей – Ташкент қалалары мысалында) өмірі мен қызметінің хронологиялық ауқымы анықталып, нәтижесінде алғаш рет оның жеке тұлғалық өмірбаяны туралы хронологиялық кесте жасалды.

Әрине, беймәлім Алаш қайраткері Серікбай Ақаевтың Семейдегі сияқты Ташкент және Алматы қалаларындағы өмірі мен қызметі әлі де болса тиянақты зерттеулерді қажет етеді. Бұл енді алдағы уақыттың еншісіндегі іс.

Әдебиеттер:

1. Тілешов Е., Қамзабекұлы Д. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Сардар», 2014. 21-22 бб.
2. Хазіретәлі Тұрсұн. Алаш һәм Түркістан. Монография. Биографиялық көрсеткіш. – Алматы: «Ел шежіре» ҚҚ., 2013. 363-бет .
3. Қазақстан тарихы. Энциклопедия / Жалпы редакциясын басқарған Қабылдинов З.Е. – Алматы: «Литер-М» ЖШС, 2019. 84-85 бб.
4. Хазретәлі Тұрсұн. Алаш һәм Түркістан. Монография. – Алматы: «Ел шежіре» ҚҚ., 2013.
5. Қазақ, 1917, №223.
6. «Қазақ» газеті/Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. 405-412 бб.
7. Қазақ, 29 қараша 1915 жыл, №159.
8. Хазретәлі Тұрсұн. Алаш һәм Түркістан. Монография. – Алматы: «Ел шежіре» ҚҚ., 2013. 289-бет.
9. Нұрпейісов Кеңес. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: «Ататек», 1995. 156-157 беттер.
10. Сарыарқа, 1918 жыл 3 наурыз, №31.
11. Қамзабекұлы Д. Түркістан автономиясы. – Алматы: «Сардар», 2014. 264-бет.
12. Жәнібеков Ж. Алаш құрбандары. Қазақ, 1918 жыл 30 маусым, №262.
13. Жас азамат, 1918 жыл 1 қыркүйек, №5.
14. Уведомление Всекиргизского Народного Совета Алаш-Орда о членстве в Совете Сатылгана Сабатаева 20 июня 1918 года. ЦДНИ ВКО. Ф. 48, оп. 2, д. 1, л. 138.
15. Уведомление Отдела национальной милиции Всекиргизского Народного Совета Алаш-Орда Семипалатинскому военному штабу о назначении своего представителя 20 июня 1918 года. ЦДНИ ВКО. Ф. 48, оп. 2, д. 1, л. 139.
16. ЦДНИ ВКО, г. «Сибирская речь», 1918 г., №32.
17. Список организаторов Алашского конного партизанского полка, участников организации против Советской власти 1918 года Правительства Восточной Алаш-Орды. ЦДНИ ВКО, ф. 1п, оп. 1, д. 21, л. 7.
18. №133 Протокол съезда управляющих уездами Семипалатинской области от 2 февраля 1919 года. ЦДНИ ВКО, ф. 50, оп. 1, д. 40, л. 13-17.
19. Личное дело Акаева Серикбая (Зав. Киргизском подотделом). ЦДНИ ВКО, ф. 72, оп. 2, д. 1, л. 15.

ФОРМИРОВАНИЕ ЦЕННОСТНЫХ ОРИЕНТАЦИЙ ПОДРАСТАЮЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ НА ОСНОВЕ ДУХОВНОГО НАСЛЕДИЯ ПАРТИИ «АЛАШ»

Уксукбаев А.Е.

Учитель истории КГУ «Гимназия №17» г.Актобе

Конкретная социально-историческая ситуация актуализирует определенные духовные тенденции, устраняя или обслуживая другие, не соответствующие ей. Мы живем в эпоху решительной ломки вековых ценностных ориентаций. Процесс смены ценностей, как правило, длителен. Ценностные ориентации, идеалы могут возвращаться, возрождаться или приобретать новый смысл. В условиях социальных потрясений и простые человеческие нормы, и высокие ценности подвергаются критике и изменяются. Аксиологическая проблематика актуальна в условиях модернизационных процессов, так как именно ценности помогают человеку оставаться морально-нравственным, не теряя уважения к самому себе, при этом, оставаясь в эпохе «проекта современности».

Проблема ценностей является одной из самых давно изучаемых в науке. Понятие ценности имеет сложную природу, определяющуюся единством объективных и субъективных факторов. Ценностями в нашем понимании являются любые материальные или идеальные явления, ради которых индивид, социальная группа или общество прилагает

усилия, чтобы их получить, сохранить и обладать ими. То есть ценности – это то, ради чего люди живут и что ценят. С социологической точки зрения, ценностное сознание человека, в частности, молодого поколения, определяется и развивается в процессе социализации, когда им усваиваются ценности в обществе. На их формирование влияют личностный, возрастной, и социокультурный факторы. Другими словами, существует большая зависимость формирования ценностных ориентаций молодого поколения от места рождения, места жительства (город или село), региона, материального положения семьи, социально-политической ситуации в обществе, среды и многого другого.

В современном обществе проблема формирования ценностных ориентаций подрастающего поколения, его вхождения в этот мир, проблема гуманизации современного воспитания звучат особенно актуально. Не случайно новая парадигма воспитания связала цели формирования ценностных ориентаций с воспитанием духовно развитого и свободного человека, способного к творчеству и социальной активности, ответственного за свои деяния перед обществом [1, с. 2].

В психолого-педагогической и социологической науке установлено, что формирование ценностных ориентаций – это сложный непрерывный процесс, протекающий на биологическом, психологическом и социальном уровнях, при котором, с одной стороны, потребности отдельной личности адаптируются к потребностям общественным (или отвергаются ею). Причем формирование ценностных ориентаций носит не пассивный характер, приводящий к конформизму, а активный, при котором индивид добровольно и творчески выстраивает свою роль в обществе, развивая и совершенствуя при этом человеческую природу на уровне генетической памяти. С другой стороны, общество формирует нормы морали и поведения, педагогически целесообразные формы общежития, отношения между людьми в семье, в школе, в учреждениях дополнительного образования, в иной окружающей человека социальной среде.

А.В. Мудрик, рассматривая сущность формирования ценностных ориентаций, подразумевает, что определяющую роль в динамике развития подрастающего поколения играет социальная среда его пребывания, т.е. открытое социокультурное пространство, компонентами которого выступают макро-, мезо-, микрофакторы активно влияющие на данные процессы [7, с. 86]. Процесс формирования ценностных ориентаций – это не только активность формирующейся личности, но и взаимодействие с социальной средой.

Процесс формирования ценностных ориентаций в современных реалиях предполагает активную деятельность личности по усвоению новых ценностей и норм в условиях духовной модернизации общества и формирования национального сознания. Внимание к формированию ценностей и ценностных ориентаций является первоосновой любого государства, общества. Они определяют сферу человеческой жизнедеятельности, интересы, потребности, социальные отношения, критерии оценки значимости, выраженные в нравственных идеалах, установках, что придает для каждого особый жизненный смысл.

Ценности являются не только ориентиром жизни человека, определяющим его цель и стремления, но и выступают в качестве механизма социального контроля для поддержания порядка, демонстрации нравственного образа жизни. В настоящее время в Казахстане проводятся масштабные реформы, страна вступает в новую фазу развития, предпринимаются системные шаги, нацеленные на конкретный результат. Здесь очень важна всеобщая солидарность, приверженность единым целям, стремление каждого на своем месте внести посильный вклад в общее дело. Казахстанцы не на словах, а на деле должны быть патриотами своей страны, испытывать гордость за свою Родину.

Важнейшие консолидирующие национальные ценности еще сто лет назад были сформулированы в программном документе партии «Алаш». Передовые идеи той эпохи: демократия, правовое, светское государство, культурный прогресс, толерантность, гражданственность, всеобщее равноправие, свободы выбора, совести, слова подтверждают, что главной ценностью признавался человек и его интересы [6, с. 55].

В распространении идеи формирования ценностных ориентаций подрастающего поколения, воспитания его в духе патриотизма, демократии и гуманизма большую роль сыграли представители прогрессивной либерально-демократической интеллигенции А. Букейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев и другие последовательные поборники национальной автономии, гражданского общества, правового государства, просвещения, отстаивавшие принципы гуманизма и идеалы общественного развития. Обращаясь к своему народу, они призывали к служению Родине, труду и просвещению, несли идеи верности, долга и гражданственности [4, с. 129].

Лидеры партии «Алаш» были преданы тем вечным ценностям, в которых сегодня мы нуждаемся больше всего: любовь к Отечеству и своему народу, бескорыстие, честность и честь, уважение к труду и знанию, верность долгу, жертвенность во имя высоких идеалов. Несомненно, духовное наследие Алаш – благодатная почва для формирования ценностных ориентаций современного подрастающего поколения [5].

Идеи Алаш очень актуальны и востребованы. В наше время они являются реальной альтернативой и основой формирования национальной идеи современного Казахстана. Секретарь НДП «Нур Отан» Ерлан Карин, выступая на международной научно-практической конференции «Алаш мұраты және тәуелсіз Қазақстан», посвященной 145-летию Алихана Букейханова, сказал: «Если мы будем системно и последовательно пропагандировать благородные дела деятелей движения Алаш, в интересной форме преподносить молодежи, то идеи Алаш найдут достойное место в нашей национальной идеологии» [7, с. 10].

В условиях духовной модернизации казахстанского общества, формирования единого национального сознания, наследие Алаш поистине бесценно, это кладезь передовых идей, которые актуальны и сегодня. Наиболее ценным из его наследия является преданность и жертвенность интересам народа, национальной идее. В современном мире именно эти качества помогут казахстанцам достичь настоящего процветания страны. В книге притчей Соломоновых дается наставление: «Наставь юношу при начале пути его: он не уклонится от него, когда и состарится». Это и есть ключевая идея процесса формирования ценностных ориентаций подрастающего поколения.

Литература:

1. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы. – <http://bt.eduportal.kz>.
2. Алаш Орда: сборник документов / сост. Н. Мартыненко. – Алма-Ата: Айкап, 1992. – 192 с.
3. Аманжолова, Д.А. Истоки национальной демократии. – <http://expertonline.kz/a1876>.
4. Артыкбаев, Ж.О. История Казахстана. – Астана, 2004. – 159 с.
5. Мудрик, А.В. Социальная педагогика: Учебник для студентов пед. вузов. / под ред. В.А. Сластенина. – М.: ИЦ Академия, 1999. – 184 с.
6. Очерк об общественно-политической и научной деятельности А.Н. Букейхана (Букейханова). – <http://www.elimai.kz/zhizn-i-smert-lidera-alash-ordy.html>.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

Нарматов И. С.,

магистрант, тарих пәні мұғалімі

№19 Төле би атындағы жалпы орта мектебі

Түркістан қаласы, Жібек жолы даңғылы 57

Еліміз тәуелсіздік алып, жеке іргелі мемлекет болып жариялануының арқасында Алаш қозғалысының тарихын, оның белсенді қайраткерлерінің өмірін, қоғамдық-саяси қызметтерін зерттеу үшін Қазақстан ғалымдарына үлкен мүмкіндіктер туды. Жалпы Алаш тарихын зерттеу Қазақстандық тарихнамада ел танудың, замантанудың оңтайлы шарасы ретінде қолдауға лайықты, әбден заңды үрдіс болып табылады. Содан болар, тарих ғылымында жеке тұлғалардың ғұмырнамасына сұраныс өсіп отыр.

Мақалада тақырыптың өзектілін ашар бүгінгі тарихымыздағы маңызды үдерістер бойынша, өткенді кіріспеде байланыстырдық. Яғни, қазақ халқының бұрын-сонды тарихында Алаш ұлт-азаттық қозғалысындай қоғамдық құбылыс болған жоқ. Оның ең басты құндылығы – XIX ғасырдың аяғынан бастау алып, мәңгілік идеясы XX ғасырдың 90-шы жылдары еліміздің егемендігі мен мемлекетіміздің тәуелсіздігі мұраттарымен ұласқанында болып отыр. Патшалық Ресейдің озбыр отарлық саясатының езгісінен арылу үшін ең бірінші ұлттың санасын, ояту, оны білім-ғылымға, мәдениетке үгіттеген, соның негізінде тұтас халықты бір тудың астына біріктіруге ұмтылған бұл қозғалыс Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханның ұлы есімімен тығыз байланысты.

Бұл мақалада Кеңестік Қазақстандағы Алаш азаматының жасаған саяси реформасының дәрежесін бүгінгі күнге дейінгі айтылмай қалған және оның бір өз ерекшеліктерін байланыстыра отырып әр түрлі әдістері қарастырылды. Архивта қалған жазулар мен кітапханадағы деректер қарастырылды.

Қазақстанның тұңғыш президенті Н. Ә. Назарбаев «Тарих толқынында» атты кітабында XX ғасыр зиялыларының тағдыры жайында: «Ғасыр басында мемлекет мүддесін ойлаған ұлы қазақтардың жеке басының тағдыры да қасіретті болды. Алайда ұлттық жігер мен толысқан зерде сабағы ұмыт болмады [1].

Жүзжылдықтың алғашқы жартысындағы қазақ зиялыларының жеке басының қасіреті мен қатар өрілген қызметі өзінің бірегей құбылыс ретіндегі тұжырымды деңгейімен ғана емес, азаматтық хәм адамгершілік деңгейімен де осы заманмен үндес» – деп жазды.

Яғни, бәріміз білетіндей Алаш азаматтарының жүргізген саясаттарының бағдарламасындағы пункттарының тармақтарында, білім жөнінде және еліміздің өз алдына тәуелсіз ел болып қалыптасуын сұраған болатын, сол кездегі барлық мәселерді шешу барысында Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан атамыздың Минскіде, жастарымыздың қара жұмыстан босатылып, қатардағы әскер қатарына алынуын сұраған болатын. Жоғарыдағы дерекетрге аргумент келтіретін болсақ аған дәлел, еліміз тәуелсіздігін жариялағаннан кейінгі тұста Алаш зиялылары мен олардың қоғамдық, ағартушылық, саяси қызметіне қатысты ғылыми еңбектер жария бола бастады (Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. 12 мамыр. 2010). А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, Т. Шонанов және т.б. ғалымдардың есімі ел арасында оралғаннан кейін олардың ғылыми еңбектеріне толымды баға беріле бастады.

Жоғарыдан айтып жатқан тарихи тұлғамыздың өміріне көз жүгірткен болсақ ол кісі, 1870 жылы кешегі Семей облысы, Қарқаралы уезі, Тоқырауын болысы, Тоқырауын өзені бойындағы нөмірі жетінші ауылда дүниеге келген. Әлихан ататегі Шыңғыс ханнан бері келе жатқан Төре тұқымынан, Бөкейханнан тарайды. Көкжал Барақ ханның баласы Бөкейхан қазақтың таққа отырған соңғы хандарының бірі. Бөкейханның бес әйелінен он бір ұл болған. Жасынан зерек, алғыр өскен Әлиханды әкесі 1879 жылы Қарқаралыға алып барып, жергілікті молданың қолына оқуға береді.

Сондай-ақ, 1886-1890 жылдар аралығында Әлихан Омбы қаласындағы төрт жылдық техникалық училищеде оқиды. Оны бітірген соң жас техниктің ерекше оқуы мен үлгілі тәртібіне риза болған училище директоры оның қабілетіне сипаттама беріп және жоғарғы оқу орнына барғысы келетінін, сол үшін қазақ қауымдастығының стипендиясын жалғастыра беруді сұрап Қарқаралы уезінің бастығына өтініш хат жолдайды. Сөйтіп, Әлихан 1890 жылы Дала генерал-губернаторы кеңсесінің ұсыныс хатымен 200 сом стипендиясымен Санкт-Петербург Императорлық орман институтының экономика факультетіне түседі. Ол мұнда шынданып, терең білім алумен қатар сабақтан тыс кездері студенттердің әртүрлі бағыттағы үйірмелеріне қызу араласады. Жаңа ғасыр табалдырығын аттағалы тұрған Ресейдің ендігі дамуы қандай бағыт алуы керек деген түрлі пікір-таластардың куәсі болады. Ол бірте-бірте Ресей империясының отарлық езгісі мен қараңғылық шырмауындағы қазақ халқының ауыр тағдырын қатты ойлана бастайды [2, 566].

Санкт-Петербургтегі оқуын ойдағыдай бітірген Әлихан Бөкейхан 1894 жылы Омбыға келгенде экономист мамандығын алған ормантанушы ғылым ғана емес, Ресейдің отаршылдық саясаты туралы өзіндік саясаты бар, сол кездегі Батыс өміріне батыл ене бастаған марксизмнің экономикалық ілімін жақсы игерген білімді саясаткер ретінде қалыптасқан еді. Мұның саяси-әлеуметтік негіздері жеткілікті болатын. Біріншіден, азаттық пен еркіндік мазмұндық негізі болған қазақ эпостары, батырлық жырлар, халықтың бай ауыз әдебиеті болашақ ұлы күрескердің әлеуметтік көзқарасының, рухани байлығының бастауы болды. Ол орманшы-экономист болса да кейін «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Ер Тарғын» сияқты жыр-дастандардың үлгілерін жинап, «Қарақыпшақ Қобыланды», «Батыр Бекет», «Мырза Едіге» сияқты қиссалар туралы зеттеулер жазуы, 1907 жылы орыс оқырмандарын тұңғыш Абай шығармаларымен танысуы, ал 1909 жылы ұлы ақынның шығармаларының Санкт-Петербургте жарық көруіне ықпал етуі кездейсоқтық емес болатын. Екіншіден, саяси сезімі сирек Әлихан Ресей өміріне енген капиталистік қарым-қатынастар жағдайында жұмысшы тобы бірігіп, марксизм ілімі олардың идеологиялық ретінде насихаттап, орталық жерлерде ереуілдер бой көтеріле бастағанын байқады. Мұндай саяси жағдайлардан тыс қала алмаған ол студенттік қозғалыстарға белсенді қатысып, марксизмнің ілімі туралы қызу пікір-таластарда экономикалық материализм қағидаларын қорғаған көрінеді. Бұлардың барлығы болашақ Алаш көсемінің Ресейдің мемлекеттік құрылымын, оның қазақ даласындағы отаршылдық саясатының қыр-сырын тереңірек түсінуге, саяси танымның қалыптасуына игі ықпал етті [3, 866]. Үшіншіден, Ресейдің отарлық саясатына қарсы шыққан Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық көтеріліс туралы әңгіме-аңыздардың әсері де аз болған жоқ. Осындай саяси дайындығы мол басқа да бостандық туралы мәселелер көтеріп, жергілікті тілдің құқығын шектеудің барлық түрін тез тоқтатуды ұсынудың осындай қағитты себептері болатын.

Қазақ халқының тағдыры үшін аса маңызды жер мәселесін Әлихан Бөкейханның тереңірек біле түсуіне Ақмола, Семей және Торғай облыстарын қамтыған Ф. А. Щербина бастаған экспедиция жұмысына қатысуы ерекше ықпал етті. Оның кейін өз шәкірттеріне «Ұлтқа пайдалы адам болғыңыз келсе, бәрінен бұрын орыс өкіметінің атамекеніміздегі жер саясатын мұқият зерттеп, үйренуге тырысыңыз. Сізге не істеу керектігін осы саясаттың өзі-ақ көрсетіп береді», – деп кеңес беруі жайдан жай емес [4, 776].

Әлихан Бөкейхан қазақ қоғамындағы жер мәселесінің үздік маманы, осы тақырыпқа қадам тартқандардың көш бастаушысы ретінде көптеген мақалалар жазды. Санкт-Петербургте шығатын «Речь» газетінің 1914 жылғы 23 қаңтарындағы санында басылған «Мемлекеттік Дума депутаттарына ашық хаты» қоныстану басқармасының қазақ даласының қазынағы қарайтын жерін әртүрлі топтарға – орыстың князьдары мен графтарына үлестіріп берумен ғана шектелмей, православие дінін қазақ жұртына сіңіру қамы да ойластырғандықтары айтылады. Сонымен қатар мақалада Орталық өкіметтің қоныстандыру жұмысын жүзеге асырушыға арналған арнайы орындалуға міндетті бұйрықтың дәлме-дәл мәтіні берілген. Басқарма осыларды мәлімдей отырып, қазақ пен орыстардың бірге қоныстануы басқа дінділерге де православиеге тартуға көмектеседі, осының негізінде Дала

облыстары орыс мемлекеттілігі мен мәдениетіне жақындап, орыспен сіңісіп кетуіне көмектеседі деген пікір білдірген. Бұл тікелей орыстандыру саясатынан басқа ештеңе де емес еді [5, 436].

Жоғарыда жарияланған хаттан кейін редакция оған түсініктеме артық дей отырып, бүгінгі қазақ халқының да, осы күнде қазақ халқының салт-дәстүрінің өзгертіп, тіпті «бір көңілді көтерген әдеті – қонақ күту де жылдан жылға бұрынғыдай болмай барады» деп отаршылдықтың әлеуметтік зардаптарына ой тастай салды. Бұрын жолаушы кез келген үйге түсішу еді және үй иесі қанша кедей болса да тамақ тауып беріп, сыйлайтын, мұндай іс-әрекетті қазақ еш нәрсе ойламай, адалдығымен атқарған, сондықтан қонақтар да мейлінше риза болып, қимай қоштасатынын айта отыратын.

Отарлау саясаты жағдайында қазақ халқының жеке дербес құқығы, ұждан бостандығы, діни сенімі тапталып, мешіт-медреселер, ондағы кітапханалардың тәпкіленгені, басқа да әртүрлі әрекеттердің болғандығы белгілі. Әлихан Бөкейханның «Иртыш» газетінің 1906 жылғы 2 қыркүйек №36 санында жарияланған «Қырғыз (қазақ) петицияларына» атты мақаласында Александр II мен Николай II кезіндегі орталық үкіметтің шеткі аймақтарда жүргізіп отырған осындай саясатынан бірнеше мысалдар келтірген. Уездік бастықтар Түркияда кең тараған тақияны киген қазақтарды қудалаған. Миссионерлер өз уағыздарымен әкімшілік іс-әрекеттерді қолдап, Мұхаммед пайғамбарды сөккен. Атбасар базарында дін қызметшісін өтірікші деп атаған [6, 856]. Ал қазақтардың өзінің діни сезімін аяқ-асты еткені үшін шағымданғанына Омбы мен Семей епископынан мынандай қаулы түскен: оңбаған өсекшіл қазаққа Түркия емес, Ресейдің ақ патшасының қарауында тұрғанын ескерту керек. Бұл 1896 жылы болған еді. Осы мақалада автор қазақтарды өз тілінде оқытуды тежеудің барлық қитұрқылығын атап көрсетеді. Дала Ережесінің 99-бабына сәйкес қазақтар медресе-мектептерді дала генерал-губернаторының рұқсатымен ғана аша алатын. Сондықтан қазақтар ондай оқу орындарын жасырын ұйымдастырды, құпия ұстады. Міне, отарлық саясаттың сиқы елубасылық екенін ашып айтты.

Сонымен қатар, ұлттық рухты көтерудің саяси-әлеуметтік амалдарын жасаған Әлихан Бөкейхан I Мемлекеттік Думаға депутат болып сайланып, оның жұмысына қатыса алмағанымен, заң шығарушы органның кейінгі шешімдеріне жіті назар аударып отырады. Оны әсіресе, Думаның қазақ тағдыры үшін ең өткір жер мәселелеріне қатысты шешімдері қызықтырды. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы №9 және №10 сандарында жарияланған «Үшінші Дума һәм қазақ» атты мақалада 1907 жылғы 3 маусымында екінші Мемлекеттік Дума қуылып, келер сайлаудың тәртібі «3 маусым Заңы» шыққаннан кейін «қазақ халқа надан, Думада депутаттық қол емес» деген сылтаумен бүкіл қазақ халқының депутаттық құқығынан айырылғандығы туралы айтылады, қазақ елінің мәселесі басқа ұлт өкілдерінің қолында қалған жағдайда оның жері 3-ші Думада қандай әңгіме болғанына қысқаша шолу жасады [7, 776].

Ұлттық мемлекетті қалыптастыру идеясы бірнеше ғасырлар бойы қалыптасып отыратын нәрсе. Ұлттық мемлекетті қалыптастыру идеясы ұлттық қажеттіліктердің негізінде туындайтын білім болса, ұлттық идеяның білімін қалыптастыратын нағыз зиялылар. Қазақстандағы ұлттық идея қазақтармен бірге дүниеге келді, әрі тарих сахнасына да қазақтармен қол ұстаса көтерілді. Ұлтқа деген құрмет ұлттық сана-сезімнің қалыптасу деңгейіне байланысты. Жалпы ұлттық сана төмен болса халық халықтық қасиетінен айрылады. Мұндай кезде ұлттық мүдде жеке бастың пайдасының құрбаны болады. Мұратсыз ұлт болып қалыптасуы да, сақталып қалуы да мүмкін емес.. XX ғасырдың басында қазақтың ұлттық идеясы заман талабына сай сапалық тұрғыдан жедел жетілді. Әрі уақыт ағымына орай, саяси тұрғыдан ширығып, Алаш идеясы дүниеге келді. Оны жетілдіруші әрі қозғаушысы Алаш партиясын шынайы қажеттіліктен құрған алаш қайраткерлері тарихи мүмкіндікті мүлт жіберіп алмау жолында жан аянбай еңбек етті. Бұл ел тари-хындағы елеулі кезең турасында Президент Н.Ә.Назарбаев: «XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстанның қоғамдық саяси өміріндегі Алаш партиясының алатын орны мен қызметін зерттеу Отандық тарихымыздың ең өзекті мәселелерінің бірі. Өйткені кезінде

«Алаш» партиясының жетекшілері ұсынған қағидалары күні бүгінге дейін өз маңызын сақтап отыр» - деп, әділ бағасын берді. Қазақ халқының тарихында әр ғасырдың басы аласапыран оқиғаларға толы болды. Бұл өз кезегінде тарих сахнасына ірі-ірі тұлғалар мен қайраткерлерді шығарып, түбірлі өзгерістерге алып келіп отырды. Әсіресе ХХ ғасырдың басы айрықша күрделілігімен, сансыз оқиғалардың сапырылысымен, ұлттық сананың оянуымен ерекшеленеді. Осы тұста қазақ даласында да Алаш ұранын көтеріп, қазақ баласын азаттыққа бастаған бір шоғыр қазақ қайраткерлерінің ой-пікірі мен іс-әрекеті жарқырап көрінді. Бұл кез Алаш ардагерлерінің айтуынша, «қазақтың бар болу немесе жоқ болу» мәселесі таразыға тартылған кез еді. Олай болатыны, бұл шақта қазақ халқы толықтай патшалық Ресейдің басыбайлы боданына айналған еді. Қазақ даласындағы хандық билік ыдыраған, билер институтының қадірі кетіп, орыс сотына қараған, дәстүрлі тіршілік қалпы мен өмір салты елеулі өзгеріске ұшыраған, ұлттық рух бәсеңдеген шақ еді. Алашорда қозғалысы мен Алаш идеясының пайда болуына тікелей осы аталған тарихи жағдайлар себеп болды. Қазақтың алғашқы оқығандары қазақтың жеке өз алдына ел болып, дамыған елдермен терезе теңестіре алатындай жағдайға қол жеткізуін көкседі. Ең алдымен қазақ баласының бір-бірімен пікір алмасуын қамтамасыз ету үшін мерзімді баспасөз құралдарын шығарды. Қазақтың тұңғыш журналы «Айқап» пен «Қазақ» газеті «ұлттың көзі, құлағы һәм үніне» айналды. Бұлардың ұлттық сананы оятудағы маңызы орасан зор болды. Кішкентай жылғадан басталған бұл әрекет ұлғайып, арналанып зор халықтық қозғалысқа ұласты. Алаш қайраткерлері қазақ халқын азат ел ету бағытындағы мақсатты ойларын бес тұғырға негіздеді. Солардың ішіндегі ең бір маңызды тұғырының бірі - қазақ тілінің мәселесі болатын. Бұлай болатыны, А.Байтұрсынұлының сөзі мен айтқанда «тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады». Ұлттың ұлы ұстазы Ахаң бұл бағытта бос үгіт насихатқа салынбай нақты іске кірісіп, қазақ жоғының орнын толтыруға білек сыбанып кірісті. Қазақты біртұтас ел деп танысақ, Алаш идеясын біртұтас қазақ идеясы деп мойындауымыз қажет [8, 776].

Сондай-ақ Ә. Бөкейхановтың Ақпан революциясына дейінгі қоғамдық-саяси жұмыстарға араласуы жөнінде төмендегідей дәлел келтіруге болады. Мәселен, ХХ ғасыр басындағы ұлт зиялылары қай қырынан болмасын шындалуына сол тұстағы қоғамдық саяси ой пікірлер мен осы тұстағы ірі-ірі оқиғалар әсер етті. Олардың қатарында 1905-1907 жылдардағы орыс революциясы әсер еткен еді. Біз жоғарыда бұл іске Әлихан Бөкейхановта араласып, ұлт зиялысы ретінде революциядан үлкен үміт күткенмен, оның үміті көпке созылмағандығын көрдік. Яғни ол патша өкіметінің назарына ілініп, соңы қамаудан бірақ шыққан еді. Бұл да ұлт қайраткерінің болмысын шыңдай түскен жағдай еді.

1906 жылы Омбыдан шығатын кадеттік «Голос степей», «Омич» және «Иртыш» газеттерінде, 1908 жылы Санкт-Петербурда жарық көрген меньшевиктік «Товорищ», кадеттік «Речь», «Слово» газеттерінде редакторлық қызмет атқарды.

1909-1917 жылдары «Дон егіншілік банкі» бөлімшесінде жұмыс істеді. 1911-1914 жылдары «Қазақ» газетінің ұйымдастыруда және оның жалпы ұлттық деңгейге көтерілуіне зор еңбек сіңірді [9, 103-115бб].

Қорытынды. Қорыта айтатын болсақ, қай дәуірдің болмасын ұлты ұлықтаған ұлдары болары сөзсіз. Сол сияқты қазақ елінде де әр ғасырда ұлықтар ұландары табылып жатады. Осындай тұлғалар қатарында ХХ ғасырдың басында өзінің халқына деген адал қызметі мен қоғамдық-саяси әрекеттері үшін көзге түскендердің бірі – Ә. Бөкейханов еді. Ол туралы айту, жазу, зерттеу жұмыстарын әлі де болса толықтыра түсу тарихшылар міндеті.

Әебиеттер:

1. Тарих толқынында / Назарбаев, Нұрсұлтан Әбшұлы, - Алматы : Атамұра, 2003 . - 288 б.
2. Расымбетова Л. Ташкент қаласының ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасыр басында қазақ интеллигенциясының қалыптасуындағы маңызы: тарих ғыл. Канд. автореф. – Алматы, 2010. – 32 бет.
3. Рысбай К. Қазақстан Республикасының тарихы. – Алматы, 2005. – 368 бет.

4. Хазретәлі Т. Түркістанның этносаияси үдерістеріндегі ұлттық элита қызметінің тарихы (XX ғ. Алғашқы ширегі): тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның қолжазбасы. – Семей, 2010. – 313 бет.

5. Наушабаев Ж. Түркістан өлкесіндегі ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың құрылуы мен қызметі (XX ғасыр басындағы Жетісу және Сырдария облыстарының материалдары бойынша): тарих ғыл. канд. ... диссертацияның қолжазбасы. – Алматы, 2010. – 134 бет.

6. Тұмабаев С.Т. Кеңестік кезеңнен кейінгі Орталық Азиядағы тарих ғылымы жәдидшілдік туралы // Отан тарихы. – 2005. – №3. – 45-бет.

7. Вежихи Хекимоғлу. Түркия және Ресей мен КСРО да түрікшілдіктің даму тарихы. (1900-1930жж.басы): тарих ғыл.канд. автореф. – Алматы. 2010. – 30 бет.

8. Рүстемов С. Мұсылмандық қозғалыс һәм қазақ қоғамы // Қазақ тарихы. – 1996. – №4. – 25-296б

9. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: «Санат», 2008. – 392 б.

АХМЕТЖАН ҚОЗЫБАҒАРҰЛЫ – АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ

Нұржанова А.Н.

Alikhan Bokeikhan University, Семей қаласы

Мист-121 тобы, 1 курс, «Тарих»

Ғылыми жетекші: Мұхамеджанова Р.Ж.

Т.ғ.к., Тарих және география кафедрасы

Ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен, ұлттық идея негізінде дүниеге келген тәуелсіз мемлекетімізді сақтап қалып, одан әрі ғұмырлы да бай-қуатты ету қазіргі жастар мен келешек азаматтар ретінде бізге аманат. Ахмет Байтұрсынұлы «Ұлт үшін деген істің ұлғаюна күшін қосып, көмектесіп, қызмет ету – қазақ баласына міндет» деген еді[1,51]. Осы міндет жолында, қазақтың жарқын болашағы үшін сара жол мен мызғымас идея негізін қалап кеткен Алаш арыстарының қоғамдық-саяси қызметін, ұлт тарихын жаңғыртудағы еңбек жолдарын зерделеп, насихаттау мақсатында осы мақаланы жазып отырмыз.

Алаш қайраткерлері қатарында 1918-1920 жылдары Семей уездік Земствосы (кейінде Семей уездік шаруа, қазақ және жұмысшы депутаттар Кеңесі) басшысы қызметін атқарған Ахметжан Қозыбағаровтың алатын орны ерекше. Ол - Алаш партиясының белсенді мүшесі, әрі Ахмет Байтұрсынұлының жақын серігі, қазақ ұлтынан шыққан демократиялық зиялылардың бірі, өз заманындағы Жәкула Күшікұлындай білікті дәрігердің замандасы, ұлт жанашыры. Әрі ол алғашқы білімді дәрігер.

Ахметжан Қозыбағаров 1879 жылы 1 мамырда бұрынғы Семей облысының Шыңғыстау ауданына қарасты Әтей ауылында, (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданында) дүниеге келген. Ахметжанның әкесі ауқатты кісі болыпты, Абаймен замандас, сыйлас-сырлас адам екен. Қозыбағаровтар әулеті басып шығарған шағын кітапшадағы деректерге қарағанда, ғұлама Абайдың ақылымен Қозыбағар екі ұлын Семей қаласында оқытқан деседі. Ахметжан Семейдегі ауылшаруашылық мектеп-интернатын бітіргеннен кейін 1901-1906 жылдары Омбыдағы фельдшерлік мектепте оқыған. М. Қ. Сыдықовтың «Жәкула және оның заманы мен замандастары» еңбегінде 1905-1906 о.ж. IV-класс оқушыларының жылдық және емтиханда бағалары көрсетілген. Берілген мәліметтерге сәйкес Ахмеджан Қозбағаровтың да бағалау нәтижелерін көре аламыз. Ахметжан оқуын бітіріп келген соң 1906-1918 жылдар аралығында Семейдің Затон жақ бөлігіндегі госпитальда фельдшер болып жұмыс істеді[2, 221-226].

Сауатты жас Ахметжан студенттік кезінде-ақ қоғамдық-саяси жұмыстарға белсене араласады. Осы Омбыда оқыған жылдары Ахметжан қазақ жастарының «Бірлік» атты ұйымына қатысып, Әбілқайыр Досов, Жанайдар Сәдуақасов, Хамза Жүсіпбеков тәрізді саяси қайраткерлермен танысады. Өйткені, Ахметжанның сол студенттік шағында Алаштық

тұрғыда қалыптасқан саяси көзқарасы одан кейінгі төңкерістер кезеңінде де еш өзгермеді. Ол шын мәнінде, ұлт мүддесіне қызмет еткен Алаштың нағыз ардагер азаматы болды[3,71].

Ахметжан Қозыбағаровтың ұйымдастыруымен 1921 жылы губерниялық ұйымдар бөлген және бұрынғы Шыңғыстау болысы тұрғындарынан жиналған қаржыға қазіргі Абай ауданының орталығы Қарауылдан 70 шақырымдай жырақта Архат тауының қойнауынан аурухана салдырады. Құйылған кірпіштен тұрғызылған аурухананың екі ғимаратында 16 бөлме болыпты. Сол бөлмелердің барлығының едені тақтайланған. Ғимарат шатыры темірмен жабылған. Өзі осы 1921-1922 жылдар аралығында Шыңғыстауда Архат дәрігерлік бөлімшесін басқарады. 1973 жылы шілде айында Архатқа арнайы барған Ахметжанның ұлы Алаш сол шақта ауруханада әкесімен бірге жұмыс істеген аурухананың атқосшысы болған Әзімжан ақсақалмен кездесіп, көп дерек алған. Әзімжан атаның айтуынша аурухананың қосалқы кей үйлері 1963 жылға дейін сақталып келген екен[4,124]. Сонымен қатар, Ахметжан Қозыбағаров 1923-1927 жылдары Кооперация басқармасы бастығының орынбасары және бастығы қызметін, Семейдің туберкулезге қарсы диспансерінің, «Қаратал» совхозының дәрігерлік бөлімшесінің (1929-1932), Алматы қаласы биохимия комбинатының дәрігерлік бөлімшесінің (1932-1933), Оңтүстік Қазақстан облысы «Ұйық» қой совхозы (1933-1934), Алматы облысы Еңбекші-Қазақ ауданы Түрген қой совхозы (1935-1936), Алматы қаласы №2 Кірпіш заводының амбулаториясының (1936-1937) меңгерушілік қызметтерін атқарады[2,223].

Алаштанушы ғалым Мәмбет Қойгелді «Алаш қозғалысы» зерттеу еңбегінде Ахметжан Қозыбағаровтың Алашорда үкіметінің басшылары Халел Ғаббасов, Жақып Ақбаевтармен тығыз байланыста жүріп, Семейде жастар үйірмесін құрғаны туралы деректер келтіреді. Жас семинаристер Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов «Жанар» ұйымында қызу қызмет атқарса, Ахметжан да олармен қатарласа Семейдегі «Жанар», Қызылжардағы «Талап», Омбыдағы «Бірлік» ұйымдарында қызмет атқарып, «Алаш» партиясының ықпалында болды[5].

Ұлт мүддесі үшін Ахметжан Қозыбағаров көптеген істер атқарады. Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның басшылығымен алғаш «Алаш» партиясының Семей облыстық комитеті құрылғанда, Ахметжан Қозыбағаров оның басшылық құрамына еніп, қоғамдағы саяси жұмыстарға білек сыбана араласады. Ол Облыста қазақ съездерін ұйымдастырып өткізуге қатысып, облыстық қазақ комитетіне мүшелікке сайланады. Сол тұстағы қазақ комитеттерінің тарихи ролін, қазіргі таңда алаштанушылар «ұлттық мемлекеттің негізі, бастау көздері еді» деп бағалайды. Шынында да, аталмыш облыстық комитеттің ұсынысы бойынша ұлттық автономия құру мәселесі, ең бірінші болып Семейдегі қазақ съезінде көтерілді. Ол туралы академик Кеңес Нұрпейісов «Алаш һәм Алашорда» атты зерттеу еңбегінде: «Семей съезінің өзіне тән және басты ерекшелігі, онда мемлекеттік басқару мен қазақ халқының автономиясы туралы мәселелер бойынша қабылданған шешімдер болды» дейді[6,112].

Тарихтан белгілі болғандай, Семей облыстық қазақ сиездері 1917 жылғы сәуірде және 1918 жылғы мамырда ұйымдастырылған. Алғашқы Семей облыстық I қазақ сиезі 1917 жылғы 27 сәуір және 7 мамыр аралығында өткізілді. Жақып Ақпаев төрағалық еткен сиезге Райымжан Мәрсек, Шәкерім Құдайбердіұлы, Ә. Ермекұлы, Н. Құлжанова, С. Сабатаев, Б. Сәрсенов, Х. Ғаббасұлы, Ж. Аймауытұлы, М. Тұрғанбайұлы сияқты қазақтың белгілі белсенді тұлғаларының қатарында біздің кейіпкеріміз Ахметжан Қозыбағаров та бар. Сиезге Өскемен, Семей, Павлодар, Қарқаралы, Зайсан және көршілес Ресейдің Бийск уездерінен жалпы саны 200-ден астам делегат қатысты[4,120].

Міне, осы қазақ қоғамындағы мемлекеттік билік түрі, ұлттық автономия, жер, халық милициясы, земство, оқу, сот, дін және тағы басқадай саяси-әлеуметтік маңызы зор мәселелерді шешуге байланысты 1917 жылдың 21-26 шілдесі аралығында Орынборда өткен Жалпықазақ съезіне Семей облысынан Ә.Бөкейханов, Г.Потанин, Ә.Ермеков, Х.Ғаббасов, М.Боштаев, Ж.Ақбаев, Б.Сәрсеновтермен қатар Ахметжан Қозыбағаров та қатысады. Сондай-ақ, ол «Алаш» партиясы атынан Бүкілресейлік Құрылтай жиынына депутат болып

сайланады. Сол уақыттың өзінде-ақ «Қазақ» газетінде: «Ахметжан Қозыбағаров-фельдшер. Пікірлі, ұлтшыл жастарымыздың бірі»- деп атап жазып, үлкен үміт артқан[3,72].

«Қазақ» газетінің 1917 жылғы №253 санының «Алаш» партиясының Семей облыстық комитетінің ашылуы мен құрылтай жиналысына депутат сайлау барысы туралы редакциялық «Алаш партиясы» атты мақалада «Алаш» партиясының Семейде уақытша обласной комитетінің ашылғанын хабарлайды. Комитет құрамы: Ә.Ермеков, Р.Мәрсекөв, И.Әлімбаев, А.Қозбағаров, Т.Құнанбаев, Х.Ғаббасов, С.Дүйсенбин, Ә.Бөкейханов, М.Малдыбаев, Ә.Молдабаев, Б.Сәрсенов. «Алаш» партиясының Семей облыстық комитеті он бес мүшеден тұрды. Комитет төрағалығына Халел Ғаббасұлы сайланса, орынбасары болып Ахметжан Қозыбағарұлы бекіді. Комитет хатшылығына Садық Дүйсенбин, қазынашысы болып Әнияр Молдабаев сайланды. Комитеттің құрметті төрағалығына Әлихан Бөкейхан ұсынылды. Бұл облыстық комитетке «Алаш» партиясының шартнамасын жасау жүктелді. Комитет шешімі бойынша «Алаш» партиясына: «Алаш партиясының программасын жақтырып, жөн көрген программадағы мәселелерді іске айналдыруға тырысатын кісі кіреді. «Алаш» программасынан таймайтын, өтірік айтпайтын, шыннан қайтпайтын, жақындық, туыскандыққа бүйрегі бұрмайтын, дүниеге қызығып сатылмайтын, шыншыл, адал, тура кісі кіреді... «Алаш» партиясына кіремін деген кісі осы айтылған шарттарды ойлап, толғап, жүрегі қалайтын болса ғана кіруге жөн» делінген. Партия шартында көрсетілгендей, Алаш ісіне адал адам деп Ахметжан Қозыбағаровты айтса болады[7,14-15].

«Алаштың» облыстық комитеттері сол кезеңде ұлт-азаттық қозғалыстың өрістеуіне, халық арасында партияның үлкен беделге ие болуына зор үлес қосты. Облыстық комитет мүшелері Екінші жалпықазақ құрылтай жиынына қатысып, Алаш Орда үкіметінің орнауында үлкен рөл атқарды. Сонымен бірге бұл комитеттер бүкілресейлік құрылтай сайлауында «Алаш» партиясының жеңіске жетуіне атсалысты.

Ал 1920 жылдары Семей уезіндегі бастауыш мектептер саны жетпіске жетті. Міне, осындай өзекті мәселелер жайында Ахметжан Қозыбағаров: «Әрине, бұл бастауыш оқу орындарында білім беретін ұстаздар жағы үнемі жетіспеді, сондай-ақ оқу-құралдарының тапшылығы да қатты сезіліп отырды»-деп «Қазақ» газетінің №265 санында жарияланған «Оқу құралдары» атты мақаласында айтады. Дегенмен, Семей Земстволық басқару органдары бұл кедергілерді асқан қажырлылықпен шеше білді[8].

Кеңестік кезеңде Алашордашылардың мемлекет құруына Кеңес үкіметі барынша кедергі жасады. Алашорда қайраткерлеріне барынша кінә тағып, түрлі жалалар жауып, түрмелерге тоғытты[9]. Бірақ, алғашқыда Алашорда қайраткерлеріне кешірім жасалғанымен, Мемлекеттік Саяси Басқарма органдары қысым жасауын тоқтатпады. 1920 жылдың 20 шілдесіндегі Семей губерниялық төтенше комиссиясының ресми құжатында «А» тізімі бойынша 1483, ал «Б» тізімі бойынша 462, жалпы жиыны 1945 адамды тұтқындауға шұғыл шешім шығарылған. Ондағы бірінші тізім бойынша Әлімхан Ермеков, Ике Әділов, Тұрағұл Ибрагимов, Ахметжан Қозыбағаров, Мәннан Тұрғанбаев, Қаражан Үкібаев, Мұхамеджан Тынышбаев және тағы да басқалардың есімдері аталған[10].

Ахметжан Қозыбағаров 1929-1932 жылдары екі рет ішкі істер органдарының құрығына ілініп, түрмеге жабылады да, оған таққан айыптары дәлелденбегендіктен екі ретінде де заңсыз деп босатылады. Осыдан кейін Ахметжан басқа жаққа кетуге мәжбүр болады. Ахметжан Қозыбағаровқа қатысты 1937 жылдың 26 тамызында Халықтық ішкі істер комиссариаты органдарының тергеу құжаттарында оның 1921 жылдан бастап Алматы қаласында тұрып, №2 кірпіш зауытының емханасында меңгеруші болып істегені, содай-ақ отбасы мүшелері жайлы айтылады.

Ал, 1937 жылдың 9 қыркүйегінде Шығыс Қазақстан облыстық Халықтық ішкі істер комиссариаты Басқармасының жанындағы «үштіктің» Қаулысымен Ахметжан Қозыбағаров кеңес үкіметіне қарсы күрескен астыртын контрреволюциялық ұйымның басшысы ретінде айыпталып, ату жазасына кесіледі. Есіл ер екі-ақ күннен соң атылады. Алайда, арада

жиырма жыл өткен соң, яғни 1947 жылы А.Қозыбағаровтың ісінде ешқандай қылмыстық әрекет жоқ деп тауып, ақтады[11].

Алаш арысының әйелі – Тұрар, үлкен ұлы Алаш пен Сәтен, Жошы, Сара, Рәш есімді ұл-қыздары болған. Қайраткердің жары Тұрар Қозыбағарова атақты батыр Базаралы Қаумен баласының немересі болып келеді. Абай болыс кезінде итжеккенге айдатып жіберетін Базаралының немересі Бекежан Кенесариннің деректеріне қарағанда, ол жездесі Ахметжанның заманында өр тұлға, адал азамат, еліне жанашыр, халқына қормал болғанынан жазады.

Тұрар Қозыбағарованың есімі де Семей жұртшылығына жақсы таныс еді. 1914 жылдың күзінде ұлы Абайдың өмірден өткеніне 10 жыл толуына арналған Семейдегі әдеби кешті ұйымдастырып, өткізуші тамаша педагог-ағартушы Нәзипа Құлжанованың жақын дос, құрбысы ғана емес, сондағы «Біржан-Сара» спектакіліндегі ақын Сараның ролін ойнаған өнерлі жан еді. Ол жайында 1915 жылғы «Қазақ» газетінің 28 наурыздағы 114 санына М.Әуезов «М» – деген бүркеншік есіммен жазған мақаласында: «13 февральда Семейде саудагерлер клубында қазақтың жас талапкерлерінің ыждаһатымен мұсылман атынан жаралыларға деп ашылған науқасхананың һәм қазақ мұқтаж оқушыларының пайдасына болған қазақша әдебиет кешінде болғандарды жазбақшымын...»- дей келіп, кешті Райымжан Мәрсековтың қазақ әдебиеті туралы сөзімен ашқанын, одан соң Н.Құлжанов сөйлеп, Біржан-Сара айтысы қойылып, Сара – қыз Қозыбағаровтың жамағаты Тұрар ханым, Біржан – семинарияда оқитын шәкірт – Жүсіпбек мырза Аймауытов және көріністен соң күй шертіліп, ән айтылып, Абайдың, Ы.Алтынсариннің өлеңдері оқылып кеш көркем де көңілді өтіп, 817 сом жиналғанын айтады [12,159-161]. Тұрар ханым қойылымды сомдаған кейде жүктіліктің 6 айында болған екен. 1915 жылы мамыр айында дүнеге келген қызына қойылымның құрметіне Сара есімі берген екен[13, 3-33].

Алаш Ахметжанұлы дүниеден озған соң, Семей қаласының бір көшесіне Алаш Қозыбағаров аты берілді. А.Қозыбағаровтың үлкен қыздары Сара мен Рәш туралы білетініміз: Рәш Алматы қаласындағы Қазақ медицина институтының бірінші түлегі екені ғана, басқадай дерек жоқ. Алаш Ахметжанұлы туралы деректерде оның кіші інілері Сәтен мен Жошы болғаны туралы айтылады[13,3-33].

Міне, ұлттық рухты өз тағдырынан жоғары қоя білген, кеңестік тарихта «ұлтшыл-ауытқушы» тұрғысынан қаралып келсе, бүгінгі тәуелсіз еліміздің тарихында алаш қайраткерлерінің қоғамдағы атқарған қызметі ұлттық сананы жаңғыртудағы ерлік істерімен құнды болмақ. Үш ғасырға жуық Алаштың арманы болып келген тәуелсіздіктің мұраты ұлттық рухты бодандықтан бостандыққа шығару екендігімен санассақ бүгінгі тарихи білім берудің басты бағыты өткенімізді әділ таразылап, құндылықтарымызды аршып, кейінгі ұрпаққа мұра ету-бүгінгі білім берудегі өткір мәселелердің бірі. Күші зор отаршыл биліктің алдында мұқалған Алаш қайраткерлерінің қайсар рухы- тарихтағы мәңгі өшпейтін ұлттық тағылымы мол құнды дүние.

Әдебиеттер:

1. Исин А.И. Алаш ұлағаты: Алаш қайраткерлерінің ел болашағын елестеткен қанатты, даналық, түйін ойлары. – Алматы, 2017. – 224 б. – қазақша, орысша.
2. Сыдықов, М. Қ. Жәкула және оның заманы мен замандастары [Мәтін] / М. Қ. Сыдықов. - Павлодар : Типография Сытина, 2013. - Б. 284. (Қозбағаров Ахметжан туралы ақпарат берілген).
3. Кенемолдин М. Алаштың ардагер азаматы //Абай.- 2011.- №1.- 71 б.;
4. Тарихқа толы Тарбағатай (IV) Құраст. Е. Қ. Оралбай,. Алматы: «Мерей» баспасы, 2019. – 274 б.
5. Қойгельдиев М. Алаш қозғалысы(Көмекші оқу құралы). Алматы – «Санат», 1995. – 368 бет
6. Нұрпейісов К.Н. Алаш һәм Алашорда./ К.Н.Нұрпейісов – Алматы: «Ататек», 1995. – 254 б.

7. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Желтоқсан 1917ж. – мамыр 1920 жж: Т.2.- Алматы: Алаш, 2005.- 496 б.;
8. Сейсенұлы Д. Алаштың Ахметжаны еді... //Дидар.- 2000.- 3 маусым.- 4 б.;
9. Алаш. Алашорда: Энциклопедия /Құраст.: Ғ.Әнес, С.Смағұлова.- Алматы: Арыс, 2009.- 228 б.;
10. Кенемолдин М. Семей земство және ұлт зиялылары. //Абай.- 2007.- №2.- 94 б.;
11. Садырбаев, А. Ахметжан Қозбағаров [Мәтін] / А. Садырбаев // Аудан тынысы. - 2009. - 4 желтоқсан. - Б. 4. ;
12. «Қазақ» газеті:Алаш азаматтарының рухына бағышталады /Құраст.: Ү.Субханбердина, С.Дәуітов, Қ.Сақов.- Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998.- 555 б.;
13. Козыбағаров А. . Дарю тебе жизнь... [Текст]: управление архивов и документации Восточно-Казахстанской области. Центр документации Восточно-Казахстанской области.- Семей, 2007.- 34 с.

ӘЛИХАННЫҢ БІР ЖОЛДАСЫ

Кәрімхан З.

*п.ғ.м., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты,
Qyr balasy қоғамдық қорының құрылтайшысы*

«Әлекеңнің бір жолдасы – қарқаралық қаракесек Хасен Ақайұлы, найман Зайсан елі Қыдырмолла – байжігіт». Профессор Сағымбай Жұмағұл құрастырған «Естеліктегі Алаш» жинағында ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның інісі Смахан төре осылай дейді [1, 11].

Алаштың саяси қайраткерлері ел ішінде беделді, ауқатты қазақ байларына, дала шонжарларына арқа сүйеген. Мұндағы Ақайдың Хасені – ісі алашқа белгілі тұлға, меценат, бүгінгі тілмен айтқанда филантроп ретінде танымал адам. Ал Қыдырмолда Құрманқажыұлы жайлы біз не білеміз? Ұлт көсемінің жолдасы деп бағаланған оның өмір жолы қалай қалыптасты, нендей еңбек сіңірген, тарихтағы орны қандай деген сауалдарға жауап іздейміз.

Әдетте Алаш тақырыбында қалам тербегенде әркім өз жерінен, өлкесінен шыққан, ұлт-азаттық күрестің бел ортасынан табылған қайраткерлерді зерттейтіні заңдылық. Шығыс өңірде Алаш қайраткерлері ретінде Отыншы Әлжанұлы, Биамет Сәрсенұлы, Райымжан Мәрсеқұлы сияқты санаулы тұлғалар аталғанымен, әлі де белгісіз, еңбегі түгілі есімі айтыла бермейтін, нақты зерттелмеген тұлғалардың шығуы әбден мүмкін. Осы орайда біз бүгінгі кейіпкеріміздің Алаш қозғалысына қатысы бар-жоғын, бір дәуірде өмір сүрген ұлт лидері Әлиханға қалай жолдас болғанын мақала барысында шама келгенше жаза жатармыз.

Өңгімеіміздің әлқиссасы Қыдырмолла Құрманқажыұлының туған жылы мен жері, өскен ортасы мен ағайын-туыс, әке-шешесі жайынан басталады. Қыдырмолла 1860 жылы Терісайрық болысына қарасты Қызылащы өңірінде дүниеге келген. Ататегін таратсақ, найман тайпасының байжігіт-жұмық атасынан, алты жұмықтың ең бір белді руы – сайболаттан шығады [2, 150].

Әкесі Құрманқажы (тарихи деректерде Құрманқажы деп те айтылады) – тарихи тұлға, өзі батыр адам, 1860 жылдардағы манжур әскеріне қарсы күресте жұмық қолын бастаған. Жас кезіндегі аты Қоңыз болған батыр бабамыз жайлы «**Байжігіт көтерілісінің басшысы**» деген мақаламыз [3, 12] жарияланғанын ескереміз, сондықтан ол жайында қайталап жатпаймыз. Қыдырмолда – Құрманқажының бәйбішесі Үкі шешемізден туған екінші ұлы.

Жас Қыдырмолда баланың зерегі болып өседі, оның көшбасшылық қасиеті ерте қалыптасқан екен. Әкеден қалған ен байлық пен дәулетке тербеліп өскен ұл бай баласына тән жастайынан еркелігі болған. Ел естелігіне қарағанда ол шапшаң мінезді, кең, қайырымды азамат дегенге саяды.

Алдымен өзінің ең жақын ағайын-туысына, отбасы мен әулетіне әрдайым ақылшы, кеңесші болуымен көзге түсіп, кейін мұнысы ауыл, аймақ арасына тарала бастайды. Өзі

саналы жан заман ағымын, уақыт бедерін тап басып таниды, ел-жұрттың оқу-білімге жұмылып, сауаттануына ден қояды. Сөйтсе де қыр қазағына тән, дау-жанжалға толы стихиялық оқиғаларда Қыдырмолда есімі кездесіп қалады. Ел аузында сақталған сондай әңгімені «Ғасыр көші» кітабында қоғам қайраткері Сағынбек Ақановқа әкесі Ақан Төлендіұлы әңгімелеп берген. Бұл тосын оқиға Құрбан қажының қартайып, ел билігі Қыдырмолдаға 1893 жылдары болған деп жорамалдаймыз.

Танау батырды атқан кім?

«Сайболат жұрты мен Тәуке елі Қаракұла мырза мекен етіп келген «Қызыл қайың» деген жерге таласып, руаралық текетірестің соңы үлкен жанжалға айналады. Екі жақта қол жасақталып, қарулы қақтығысқа ұласып, бетпе-бет келген шақ туады. Әкіжан кыстауы мен Тапының шығысындағы биік төбенің Шерімбай жағынан Тәукенің жасақтаған қолы шыға келіп, көз салғанда Тайынша қорадан Жалғызталға дейінгі жалпақ дала Сайболаттың қаптаған қалың қолына толып тұр екен дейді. Махмұтхан Кенжиннің дерегіне сүйенсек, тәуке жағы мың қаралы адам болса, сайболаттар екі жүздей адам екен. «Алдын ақ топырақты биікті алқымдап, шеп құрып тұрған екен. Осыншама қаракұрым кең жатқан көп қолды көріп, Тәукенің ішінен Танау батыр «Жекеге! Жекеге!» деп атой салып шыққан екен дейді. Сайболат ішінен Танау батырға қарсы келетін адам шықпайды. Сонда Қыдырмолда жанындағы мергеніне «ат» дейді. Бірақ ол көздей беріп, «көзім бұлдырап кетті» деп көзін уқалай берген екен. Сол кезде Қыдырмолда мылтықты жұлып алып, Танауды көздеп атып жіберіпті» [4, 56].

Ал бұл оқиғаның тағы бір нұсқасында (М. Кенжин) «осы мергендердің ішінде есіріктеу біреуі болса керек, тәуке адамдарын ұйымдастырып ақбоз ат мініп, ары-бері ойқастап жүрген Танау батырды атып түсіреді». Қалай болғанда да Танау батыр сайболаттар жағынан атылған оқтан ауып түседі. «Осы кезде жоғарғы Мойынши тұсынан қаптаған қалың қол шаңдатып, Тәуке руының жасағы тұрған бетке лап берген екен. Қол бастаған батыры қаза болған Тәуке жағы шаңдатқан қалың қолға қарсы шықпай, шегіне беріпті. Сөйтсе Тәуке қолын сескендірген Сайболаттың жасағының алды екі жүздей атты адам екен де, соңы көзге көп етіп көрсету үшін айдаған түйе болған деседі» [4, 57].

Танау батырдың сүйегін алып кеткен сайболаттар жағы оны өзеннің суын басқа жаққа бұрып, арнасына жерлеген дейді. Кейінірек жағдайды естіп білген әке Құрбан қажы ұлына ақыл-кеңес айтып, Танау батырдың өлімі үшін ердің құнына тең ат-түйе айыбын толық өтеп бергізіпті. Бірақ Тәукенің сөзін ұстап жүрген басшысы Әбділдабек бұған көнбей, Семейдегі губернаторға: «Қыдырмолла адамымызды атты, ауылымызды шапты. Құнымызды алып бер!» деп ай бұрын шатыр тіктіріп, ұлықты шақыртады. Тәуке жағы пара беріп ұйымдастырған төтенше жиында Қыдырмолданы жауапқа тартпақ болады. Ресей патшасы берген оқалы погонды тағып, алтын орденін жарқыратып шатырға енген Қыдырмолданы көрген орыс ұлықтары бас шайқап, таңдай қағып қала беріпті. Сөйтсе, Қыдырмолда алған сый-сияпатқа қарап, келген басшылар оны тергей алмайтындарын ашық мойындаған ғой.

Осы оқиғадан кейін екі ру арасындағы жер дауы мен өмірлік мәселелер бейбіт шешілетін күнге жеткен.

Қыдырмолда – халық қамқоры

Руаралық қақтығыстарда қолына қару алуға мәжбүр болған Қыдырмолда кісі қанының сұраусыз кетпейтінін артық сезінеді. Ол – өмірінде қажы сапарына әкесі секілді екі рет барған адам. Тарбағатай өңірінде қажы сапарына екі рет барған тұлғалар: Бөгіс Шаянбайұлы, Бұтабай Жүндіұлы, Құрбанқажы Кенжеұлы, т.б.

«1894 жылғы сапарда Бұтабай қайтыс болғаннан кейін әкелі-балалы екеу оның қалған қаржысын Мекке Мәдинеде жеті жыл оқып жатқан Әбдрахман деген азаматқа беріпті. Кейін Әбдрахман Ресей жеріне оралып, сол қаржыға мешіт салдырған» деген дерек 2008 жылы 17 қаңтарда облыстық «Рудный Алтай» газетінде көрсетілді [5, 7].

Осылайша 1874 жылы және 1894 жылы қажы сапарларынан аман-есен оралған Қыдырмолда әкесінің билігінен соң, сайболат елінде болыстық қызметін 1893 жылдан совет үкіметі келгенше атқарған. Шекара бойындағы ел-жұрттың хал-ахуалын, заман ағымының

қайда бет алып бара жатқанын, онда да болашақ тағдыр патшалық Ресей мен Қытай елінің бірін таңдауында қаларын жақсы сезінген.

Теріскей Тарбағатай жұртының Ресейге бағынышты ел болып, саяси сипатын терең білген, сөйте тұра орынсыз қадам, сәтсіз реформаларды бәрін тұтастай сіңіре бермеген. Текті әкеден берілген тәлім бойынша әділ, кішіпейіл, халыққа жағымды, парасатты болуды үйренген ол сол кезеңдегі орыс билеушілерінің алман-салығына орынсыз жол бергізбейді. Қыдырмолла қажының інілері, балалары орыс тіліне жетік, патша заңынан хабары бар екен. Орыстың одырандаған ұлықтары сайболат руын басқа болыстықтағы елдердей басына алмапты.

«Оқу-білім бар жұрттар...»

Оқу-білім демекші, Тарбағатай еліне 1917 жылдың аласапыраны басталмай тұрған бейбіт шақта ағартушы демократ Сұлтан Махмұт келіп, бала оқытқаны тарихтан белгілі [6].

Ақын әрі мұғалім Сұлтан Махмұттың тарбағатай елінде болуы әлі дұрыс зерттелмей келе жатқан – тақырыптың бірі, бұл жайында іргелі зерттеулер жоқтың қасы. Осы дәуірді жазып жүрген ғалымдарымыз бен жазушыларымыз тиіп-қашты деректер келтірген болады, алайда толық жазылған, барлығы қамтылған, жөні түзу еңбек әлі жазылған жоқ. Десе де, көңіл демдейтіні, Сұлтан Махмұт шығармашылығындағы аз-кем әңгімелер, ел аузында сақталған ескі сөздер бар.

Ақын Тарбағатайда болғаны жайында «Жазықсыз тамған қан» атты очеркінде толық баяндайды, осы туындының кіріспесінде: «13 августа Тарбағатай атанған таудың арғы бетіндегі Қытайға қараған елде едім. Тарбағатай жотасынан созылып түскен әрбір салалардың арасы сайын сарқырап аққан бұлақ, жағасындағы көгал жер, жырақтарда ақ боз үйлі қазақ ауылдары еді. Біз бұл ауылдарды аралап, біріне қонып, біріне түстеніп жүріп, бүгін үшінші қоналқаға Мәсәлім деген бидің ауылында едік. Менің еріп жүрген кісілерім бұл елдердің сыйлайтын ағайындары болғандықтан, олар көрген сый-құрметке мен де ортақ едім» деп жазады [7, 5]. Ел жақсыларына ортақ Сұлтан Махмұтты Қыдырмолданың әкесі Құрбанқажы да аттай қалап шақыртып алады.

Әке пәрменімен жаңаша ашылған мектепте Сұлтан Махмұт Қыдырмолданың бауырлары Мырзасадық, Халым, Молдасадықтарға және баласы Ғабділмәлікті де оқытады. Кейін Қыдырмолла Мырзасадықты Семейдегі орыс мектебіне, Уфа қаласынан келген оқымыстылар сабақ беретін гимназияға жібереді. Кейін Алаш қозғалысына қатысады. Бұл тұлға жайлы алдағы уақытта бөлек әңгіме қозғайтын боламыз. Соңынан Қыдырмолла өз балалары Арынтай, Халық, Әнуарбектермен бірге немересі Айтқазыны да Семейдегі орыс мектебінде арнайы оқытып, орта білімді маман етіп шығады.

Қыдырмолда жастық замандас көңілмен «Махмұт» деп атаған. Біздің тараптан Сұлтанмахмұт есімін ерекшелей жазуымыздың сыры осында жатыр: қазақы аты-жөн нұсқасы бойынша «Сұлтан Махмұт» деп жазылуға тиісті. «Барқытбел баурайында» кітабының авторы Рамазан Әбілмәжінов мынадай бір қызық оқиғаны жазады: «Содан бір күні Қыдырмолда Махмұтқа Қайырбай биге хат жазып беруді сұрайды. «Менің жылқымнан ұрық алуға ұрлап алған айғырымды қайтарсын», – дейді. Сұлтан Махмұттың өзі де Қайырбай биге онша іш келмеген, бір реніші ішінде жүрсе керек:

Ассалаумағалайкум!

Би Қайырбай, қисық мұрын,

Күреңімді ұрлаған сенің ұрың.

Күреңім өзі жүйрік, өзі жорға,

Тезірек қайтарыңыз даудан бұрын.

Айғырымды арқыратып, мініп жүр сенің ұлың.

Маңырақтан көп жылқың ауса бізге,

Менен көрме, малымды қайтар бүгін, – деп жазыпты.

Қыдырмолда: «Махмұт-ау, мынау ұят болады» десе, «Мен басқадай жаза алмаймын» деп жауап беріпті Сұлтан Махмұт ағартушы» [7, 5].

Бұл хаттың дақырты жасы ұлғайған Құрбанқажының құлағына тиеді. Баласына тоқтау салып, хатты жібертпеген екен.

Аласапырандағы амал

Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде патша қазақ даласынан әскер алу жарлығын шығарған кезде Ресей уезінің аға сұлтаны Бұтабайдың қарамағындағы 29 болыс ел жиылып, соғысқа бала бере алмайтындарын, қажет болса азық-түлік, ат-көлік қосатындарын білдіріп талап қояды. Елдің арыз-арманын арқалап Қыдырмолла патшаның Орынбордағы генералына барады. Халық талабын қаймықпай жеткізеді. Генералды көндіріп, әскерге адам бермей, ат-көлік, азық-түлік беретіндей етіп көндіреді. Бұл жазалаушы жасақ шығып, қырдағы момын елге қырғидай тиюден сақтандырудың Алаш арыстары айтқан ізгі амалы болатын. Алаш қайраткерлерінің 1916 жылғы ұстанымы қазақтың өрімдей жастары окоп қазу жұмысына тартылып, майдан шебіне баруды үгіттеу, сол арқылы Шығыс Еуропа жұртын тану, тілін үйренуді жатпай-тұрмай «Қазақ» газетіне жазып жатты [8]. Мұны сонау шығыстағы шеткі елді мекен, болыстықты басқарып отырған Қыдырмолда түсініп отыр деген сөз. Әзірге нақты архивтік дерек шықпайынша, Әлекеңе жолдас қылған Қыдырмолданың осы әрекеті дегенді тиянақ ете тұрмақпыз.

Бұтабай аға сұлтанға қарасты болыстардың ішінде өзіндік қадір-қасиетке, бет-беделге ие болғаны да осы Қыдырмолда қажы. Бір тарихи деректерде Ресей-Қытай шекарасын бөлген кезде Ресей елшілігімен бірге осы жұмысқа қатысқан, осы ісі үшін Ресей патшасынан белгілі дәрежеде марапатқа да ие болыпты.

Қызылдар қысымы

Қыдырмола қажыны совет үкіметі қолға түсіруге қанша тырысқанымен, ұстай алмаған. Ол әулетіне тиісті сексен адамдық қару-жарақты әр ұлының үйіне жасырып, сақтап жүреді екен.

1920 жылы қаңтар айында Құрбанқажы Нұғыман және Төгісұлы Әбділдәбек деген болыстарды шақырып алып: «Мына заманның беті жаман Қытайға көшейік, мен сондағы туыстарыма сендерге қоныс дайындап қойыңдар деп хабар жібердім» дегенді айтады. Сонда Нұғыман «жазда жайлау үстінде көшейін, қазір үдіре көшсем, халыққа зияным тиеді», – деп жауап қатыпты. Қыдырмолдаға арғы бетке өтуді ұсынған қажының өзі Мәке деген бәйбішесінен туған Ғалым, Мырзасадық, Молдасадық деген үш баласымен көшпей қалып қояды.

1924 жылғы тамызда Ақжар аудандық құқық қорғау орындарының Құрбанқажыны ұстау туралы бұйрығы шығады. Атақты батырды ізіне Дмитрий деген застава қызметкері әскер бастап түседі. Әрине, жасы ұлғайған қарт жауынгер қашуды мүлде ойламаған. Жасақ қажының үйін қоршағанда ол намаз оқып жатқан уақытқа сай келеді. Қажы парыз намазында «Ассалаумағалейкум!» деп алдымен оң, сосын сол жағына сәлем еткенде Дмитрий шекарашы жасақты шегіндіріп әкетеді. Өңі бозарып кеткен оның жүзі біраз уақыттан соң қалпына келіп, жүзіне қан жүгіреді. Сөйтсе, өзінен басқа ешкім көрмеген бір тосын жағдайды әскеріне баяндайды. Айтуына қарағанда, ұсталуға тиісті адам шарапатты кісі екен, ол екі жаққа сәлем бергенде сақалының арасынан жыландар ысылдап өзіне тура атылыпты. Содан бастап Құрбанқажыны ұстауға ешкімнің жүрегі дауаламаған. Ол 1925 жылдың 25 қыркүйегінде Қызылащыда өз ажалынан қайтыс болған.

Совет үкіметі шығыс өңірдің ең шеткі нүктесіне жеткенде аймақтың соңғы болыстарының бірі Зейнолла Бұтабайұлының арғы беткен еріксіз көшкенін жазғанбыз. Қытай жеріне өткен Зейноллаға баж салығын шектен тыс қосу және оның сегіз түйеге артқан қымбат бағалы жасауын Таңғыттың шауып алуы жайлы хикая ел арасына кең тараған. Ал атақты Еңсе қажы қытай ұлықтарына үш жүз ат, екі жүз өгіз беріп жүріп, ішкері көшкен қалмақтар жерін сұрап алып, елін қоныстандырған.

Арғы беттегі ахуал

Біздің кейіпкеріміз Қыдырмолда ол жақта туған-туыс ауылымен жайылымдық жерді жалға алып қарапайым күн көрген. Басы артық мал өсірмеген. 1948-1953 жылдардағы арғы беттегі аласапыранда – тап айыру кезеңінде ірі жер иесі, аса бай деген айыптардан таза

құтылған. Әрине, 1951 жылғы «жоғарғы таптың өкілі, бай» деген көрсетіндімен оның үйі тінтілген, екі алтын тон мен алты орденді тәркілеп алған.

Оның саяси мансабы теріскей Тарбағатаймен тәмамдалып, оқып-білім алған ұлдары Қытай жақ бетке таныла бастайды. Ұлдары демекші, Қыдырмолланың екі бәйбішесінен сегіз ұл, төрт қыз туған. Ұрпақтары таратқан шежіреге қарағанда, Қыдырмолда атамыз бес рет үйленіп шаңырақ көтерген. Үлкен бәйбішесінен Ниязбек есімді ұл көреді. Екінші әйелінен туған Күләжан деген қызын Таңғыт үкірдайдың баласы Айдарханға ұзатқан. Сымағұл қажының (бір деректерде Шойтабан қажы) қызы Мәликеден Ғабдылмәлік, Заманбек, Әнуарбек, Талғатбек болса, төртінші әйелінен Уаңбай қажының қызы Сарымсақтан Арынтай, Халық, Шәмшөр, Шәйзат деген балалар көрген. Бесінші рет Алтайдағы Құдайберген төренің Мәкені ұнатып, одан Ұғымбек және Негізузат есімді ұл-қыз сүйген [4, 57].

Қыдырмолданың әпкесінің есімі – Бітіри. Ал Бітіридің жары Демежан – керейден шыққан белгілі оқыған азамат, батыр, үкірдай. Демежанның тарихи тұлға екені, оның қазақ-қытай шекарасын бекемдеген ерен еңбегі қазақтың қабырғалы жазушысы Қабдеш Жұмаділовтың «Тағдыр» романында шынайы суреттеледі [9]. Мың қаралы адамның ішінде басы асып тұратын Демежан Қытайдағы сатқын жазалаушылардың қолынан мерт болады. Мұны естіген Құрбан қажы қызын төркініне алдырмақ болады, бірақ Бітіри қайтпай, ерінің отын өшірмеу үшін сонда қалады. Бұл жайында ақын, ғалым Жанат Әскербекқызы «Бітіридің елге сәлемі» деген өлең жазды.

Қашанда халық тағдырын ойлаған кемел басшы, қажы әрі шежіреші Қыдырмолда Құрбанқажыұлы 1945 жылы Қытай жерінде Шәуешек қаласының Еміл ауылында өз туыстары ортасында құдай ажалынан дүниеден өтеді. Зираты (көрген кісілердің айтуынша, басы кертілген адам бойындай қызыл тасбелгі қойылған) Дөрбілжің қаласында тұр.

Осындай өмір сарсаңын кешкен Қыдырмолда ұрпақтары әкелерін Қытай жеріне жерлеп, 1955, 1962 жылдары туған жерге оралады. Бір әулеттің басына түскен ауыр кезең, тағдырлы жылдар – тұтас қазақ тарихының бөлшектенбес белгісіндей.

Әдебиеттер:

1 Естеліктегі Алаш [Мәтін] / құраст., алғы сөзін және түсініктерін жазған С.Б. Жұмағұл; ҚР Білім және ғылым министрлігі, Л. Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық ун-ті; «Алаш» мәдениет және рухани даму ин-ты. – Ғылыми-танымдық басылым. – Нұр-Сұлтан: Алашорда, 2020. – 488 б.

2 Кенжин Н.М. Құрбан қажы (Қоңыз батыр туралы). // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ХАБАРШЫ. «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №3(42), 2014.

3 Кәрімхан З. Толағай. Тарихи-танымдық толғаныстар. – Нұр-Сұлтан: Qyr balasy ҚҚ, 2021. – 186 бет. + 8 бет жапсырма.

4 Ақанов С. Тарбағатай. Ғасыр көші. – Өскемен: Дайджест, 2013.

5 Шығыс Қазақстан облыстық «Дидар» газеті, 2008 жылы 17 қаңтар.

6 Бейсенбеков К. Асау жүрек. – Алматы: Рауан, 1995.

7 Нұғыманов Б. Жазықсыз тамған қан (Құрбан қажы аузынан). // Шығыс Қазақстан облыстық «Дидар» газеті. 2018 жылғы 24 мамыр

8 Е. Тілешов, Д. Қамзабекұлы Алаш қозғалысы. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Сардар, 2014. – 528 б.

9 Жұмаділов Қ. «Тағдыр». Роман. – Алматы: Жазушы, 1988. – 532 б.

АЛАШТЫҢ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫ ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ

ТҮСІНДІРУ ӘДІСНАМАСЫ

*Арымбеков Б. С., PhD, профессор; Туреханова К. М., ф-м.ғ.к., аға оқытушы
Қазақстан Республикасы, Алматы қ., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті*

Біздің зерттеулердің қорытындысы толықтырылған шынайылық қолданбалары оқу үдерісін, оқу мотивациясын және тиімділігін арттыра алады. Ағымдағы жұмыс толықтырылған шынайылық технологиясының таралу дәрежесін және үздіксіз оқыту қажеттілігі туралы мұғалімдердің пікірін, 3D модельдерін жасау үдерісін және мектеп жағдайында мұғалімдер мен оқушылардың толықтырылған шынайылық қосымшаларын әзірлеу мүмкіндігін зерттеуге бағытталған. Мұғалімдер әр түрлі білім беру жүйесінің ортақ элементі болып табылады және білім берудегі технологияны біріктіру мен қабылдауда шешуші рөл атқарады. 2023 жылдың ақпан айында Қазақстанның ауылдық және қала маңындағы аудандарында физикадан білім беретін мұғалімдерге сапалы зерттеулер жүргізілді. Алынған нәтижелер толықтырылған шынайылық қосымшаларын әзірлеу белгілі бір жағдайларда, оның ішінде негізгі жағымды фактор ретінде оқу жоспарының шектелуін және мұғалімнің жеке басы және физика мұғалімдер арасындағы ынтымақтастыққа ұмтылу жағымды факторлар ретінде байқалды.

Қазіргі уақытта цифрлық медиа жұмыс істеудің, өмір сүрудің және өзара әрекеттесудің жаңа тәсілдерін шығарады [1]. Цифрлық кеңейту мобильді технологияның жетістіктеріне және мобильді құрылғылардың қоғамда және барған сайын көбірек салаларда кеңінен қолданылуына байланысты одан да көп адамдар үшін тәжірибені өзгертеді. Мобильді технология білім беруде оң ықпал етеді, толықтырылған шынайылықпен «таяу онжылдықтағы негізгі білім беру технологиялары» болып саналады[2]. Толықтырылған шынайылық білім беруде қолданылуы зерттелді және бірнеше зерттеулердің ортақ қорытындысы толықтырылған шынайылық қосымшалары оқу процесін, оқу мотивациясын және тиімділігін арттыра алады[3]. Оң нәтижелерге қарамастан, мұғалімдер мен оқушылардың толықтырылған шынайылық тәжірибесін дамыту және толықтырылған мазмұн мен 3D модельдерін құру сияқты сұрақтар әлі де зерттелуде. Қазақстанда білім беруде толықтырылған шынайылық технологиясын қолдану шектеулі, сондықтан оны болашақта қабылдауға және оқу процесінде тиімді пайдалануға әсер ететін негізгі факторларды зерттеу маңызды. Мұғалімдер әр түрлі білім беру жүйесінің ортақ элементі болып табылады және білім берудегі технологияны біріктіру мен қабылдауда шешуші рөл атқарады. Ағымдағы жұмыстың мақсаты толықтырылған шынайылық технологиясының таралу дәрежесін және үздіксіз оқыту қажеттілігі туралы мұғалімдердің пікірін, 3D модельдерін құру үдерісін, мектеп жағдайында мұғалімдер мен оқушылардың толықтырылған шынайылық қосымшаларын жасау мүмкіндігін зерттеу. Мұғалімдердің пікірлері өте маңызды, өйткені физика мұғалімдері мәселені әр түрлі тұрғыдан қарастырады, білім беру жүйесінің ұзақ және көп қырлы тәжірибесі бар және бастапқыда ескерілмейтін факторларды анықтай алады. Ағымдағы зерттеу мұғалімнің толықтырылған шынайылық технологиясы туралы көзқарасына бағытталған. Нақтырақ айтқанда, 2-бөлімде білім берудегі және мәдени мұра салаларындағы толықтырылған шынайылық технологиясы және толықтырылған шынайылық технологиясын пайдаланудағы кедергілер туралы әдебиеттерге қысқаша шолу берілген. Бұл бөлімнің мақсаты қосымша зерттеуді қажет ететін мәселелер мен сұрақтарды анықтау болып табылады, олардың кейбіріне қазіргі зерттеулер жауап беруге тырысады. 3-бөлімде ағымдағы зерттеу сипатталған, ал 4-бөлімде зерттеу сұрақтарына сәйкес талқылаумен біріктірілген нәтижелер берілген. Толықтырылған шынайылықкелесі үш

сипаттамаға ие жүйелер ретінде анықталған нақты және толықтырылған біріктіреді және нақты уақыттағы интерактивті, 3D форматында тіркелген», ал жалпы ол нақты және толықтырылған орталар арасындағы күй ретінде сипатталады. Толықтырылған шынайылық технологиясы бір уақытта нақты және толықтырылған әлемдердің өзара әрекеттесу режимін қамтамасыз етеді. Цифрлық ақпарат мәтін, дыбыс, суреттер, бейне, 3D нысандары нақты әлемде нақты ортаның бір бөлігі болып көрінетіндей етіп қабатталады. Ол пайдаланушыны физикалық ортадан оқшауламайды және бұл мүмкіндік «мүмкін толықтырылған шынайылық барған сайын танымал болуының басты факторларының бірі» толықтырылған шынайылықтағы қолданбалар екі негізгі санатқа бөлінеді: кескінге негізделген қолданбалар және орынға негізделген қолданбалар. Кескінге негізделген қолданбалар бөлінеді сонымен қатар екі санатқа бөлінеді: арнайы белгілерді қажет ететін маркер негізіндегі (мысалы, жылдам жауап коды) және кескін мультимедиялық мазмұнды ойнату үшін триггер болатын маркерсіз бақылау. Орынға негізделген қолданбалар іске қосылады. Пайдаланушының белгілі бір жерге келуі арқылы. Соңғы жылдары көптеген зерттеулер толықтырылған шынайылық технологиясына назар аударды, бұл білім және басқа салаларда айтарлықтай өсті. Атап айтқанда, әдебиеттерді шолуға негізделген, толықтырылған шынайылық білім беруде қолдану жөніндегі зерттеулер тұрақты түрде өсті. Осылайша, толықтырылған шынайылық технологиясы ең жоғары өсімге ие, ол болжанғандай танымал бола бастады және бұл өсу жалғасады деп күтілуде. Толықтырылған шынайылық технологиясы білім беру бірлестіктері тарапынан алдағы жылдары педагогтар қабылдайтын және толықтырылған шынайылықпен «білім беруде стандартты құрал болу әлеуеті бар» ең перспективалы технологиялардың бірі ретінде танылды.

Толықтырылған шынайылық білім беруде қолданылуы барлық білім беру деңгейлерінде, ерте жастағы білім беруде, бастауыш және орта білім беруде, бастауыш мектептен орта мектеп деңгейіне дейін, соның ішінде балабақша деңгейіндегі әртүрлі оқушылар типтері, орта мектеп оқушылары, ересек оқушылар, қарт адамдар, техникалық және кәсіптік жоғары білім және ерекше қажеттіліктері бар оқушылар, сонымен қатар әртүрлі оқу тақырыптарына қала тарихы назар аударатырып, формальды және бейресми оқыту орталары, орналасқан оқыту теориясы және конструктивті оқыту теориясы контекстінде. Бұл зерттеушілердің ортақ тұжырымы: толықтырылған шынайылық оқыту мен оқу үшін көптеген артықшылықтары бар әртүрлі оқу мүмкіндіктерін ұсынуға әлеуеті бар. Сонымен қатар, толықтырылған шынайылық қосымшалары оқу процесін, оқу мотивациясын және тиімділігін арттыра алады. Толықтырылған шынайылық оқушылардың ынтасы мен қызығушылығын тудырады, оқу мотивациясын, оқушының шығармашылығын айтарлықтай жақсартады, шынайы оқу тәжірибесін береді және пайдаланушыларға нақты әлемде тәжірибе арқылы үйренуге мүмкіндік береді. Нақтырақ айтқанда, көптеген зерттеулер мен зерттеулер мен қолданбаларға жүйелі шолулар, сондай-ақ толықтырылған шынайылық қолданбалары оқушылардың өнімділігін жақсартады, пайдаланушының нақты тапсырмаларға шоғырлануына көмектеседі, оқушылардың мотивациясын арттырады, жаңа оқу тәжірибесін береді, зертханадағы оқытушының жұмыс жүктемесін азайту және уақытты үнемдеу өйткені, мысалы, «оқушылар тәжірибелерін ерте аяқтады, құрал-жабдықтарды дұрыс пайдаланды», оқушылардың зертханалық дағдыларын және олардың зертханаларға деген көзқарастарын жақсарту, және оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау, проблемаларды шешу және коммуникация сияқты дағдыларын дамытуға көмектесу.

Мәдени мұра құндылықтарын сақтау, қорғау және жинау болашақ ұрпақ үшін барған сайын маңызды бола бастады және қазіргі уақытта ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құнды тарихи және мәдени құндылықтар жоғалған немесе жойылған жағдайда шешім ретінде пайдаланылуы мүмкін. Толықтырылған шынайылық технологиясы мәдени мұраны тарату және құндылығын арттыру үшін қолайлы болып саналады. Мәдени мұра саласында толықтырылған шынайылық қолданбалары келушінің мәдени мұра сайты туралы тәжірибесін жақсарта алады, оқушылардың түсінігін жақсартады және пайдаланушыларға ойын негізіндегі немесе қалалық ортаны экскурсиялық зерттеу арқылы

тарихты үйренуге көмектеседі. Материалдық емес, материалдық немесе су асты мәдени мұраларына туристік маршруттар түрінде немесе нақты географиялық орындарда тарихи орындар, археологиялық орындар, орналасуға негізделген ойындар түрінде әртүрлі қосымшалар мен жобалар әзірленді. Алматы орта мектепіндегі толықтырылған аясофиясы ретінде, ежелгі малакка жобасы, толықтырылған кампече, толықтырылған помпей, мәдени мұра нысандарындағы жеке турларға арналған толықтырылған шынайылық негізіндегі жүйе, археологиялық майя қалалары толықтырылған шынайылық жүйесі. Пайдаланушылар ескерткіштер мен тарихи ғимараттар туралы интерактивті мультимодальды ақпаратты ала алады. Мұражай контекстінде мысал ретінде колдинг тарихын толықтырылған шынайылықойыны арқылы жеткізуге арналған вейле мұражайының жобасының ойынын келтіруге болады «ойыншылар мұражай инспекторының жоғалып кетуін зерттейтін журналистер рөліне кіреді және туристік мақсатта колдингтің мәдени тарихы туралы толықтырылған шынайылық ойынын құруға бағытталған “ешкімге сену” жобасы. Туризм секторында және қалалық ортада сандық туристік гидтер ретінде тоскана арналған кеңейтілген шынайылық ретіндегі лондон қаласын әртүрлі нүктелерде бейнелеуге арналған үлгілері бар. Тағы бір зерттеу «толықтырылған шынайылық технологиясын кейбір оқушылар дұрыс түсінбеуі мүмкін және оларды сыныптан тыс уақытта оқымауға шақыруы мүмкін» немесе оқушыларға курс тақырыбына қарағанда «толықтырылған шынайылық құрамдастары қызықтырақ» деп көрсетті. Толықтырылған шынайылық қолданбаларын әзірлеудің күрделі процесі: толықтырылған шынайылық тәжірибесін әзірлеу көп уақытты қажет ететін және дұрыс орындау үшін бірнеше нұсқаушыны қажет ететін күрделі процесс, әсіресе орналасу және орынға байланысты қолданбаларда. Бұл техникалық қиындықтарды тудырады, білікті нұсқаушыларды, компьютерлік мамандарды тартуды және кескіндер мен бейнелерді өңдеу және компьютерлік графиканы жасау үшін бағдарламалық құралдарды пайдалануды талап етеді. 3D модельдеу: мәдени мұра саласындағы қолданбалардың қажетті құрамдас бөлігі болып табылатын толықтырылған мазмұнды және 3D модельдерін жасау және оларды бейнелеу толықтырылған шынайылық-дағы ең қуатты мүмкіндік деп санайды, мұғалімдер оны «көтере алмайтын» күрделі процесс ретінде қарастырады. және «толықтырылған шынайылық пайдаланудың ең үлкен кемшіліктерінің бірі» ретінде. Мәдени мұра саласындағы толықтырылған шынайылық қосымшаларын әзірлеу: мәдени мұра саласындағы қосымшаларды жүзеге асыру бұл әр түрлі ғалымдар тобының ынтымақтастығын талап ететін күрделі міндет, тарихи ескерткіштерді цифрлық реконструкциялау үшін 3D модельдеу процесімысалы, ежелгі қалалар) және пайдаланушыларға бірегей иммерсивті тәжірибені ұсыну үшін толықтырылған шынайылық дамуы. 3D модельдеу деректерді жинаудың бастапқы уақытты қажет ететін кезеңін және деректерді жинауды алдын ала өңдеуді және қажетті деректерді немесе бүкіл 3D үлгісін, вена қаласының бір бөлігінің 3D моделі қала әкімдігінің картография бөлімінен алынды. Мәдени мұра саласындағы қосымшаларды іске асыруға әсер ететін қосымша факторлар қалалық ортаның сипаттамалары болып табылады (мысалы, grs сигналдарын қабылдауға мүмкіндік беретін жеткілікті ашық аумақты таңдау керек, зерттеу аймағының орналасуы жеткілікті жақын болуы керек. «әзірлеу және тестілеу мақсатында жиі баруға рұқсат беру» және жобаны демеушілік/қаржыландыру. Технологияның тұрақты өзгерістері және үздіксіз оқытудың әлеуметтік талабы: технологияның үздіксіз және жылдам өзгерістері, шектеулі ұзақ қызмет ету мерзімі және бағдарламалық платформалардың өзгеруі заман талабына сай болу қажеттілігін тудырады. Сонымен қатар, кейбір жағдайларда толықтырылған шынайылық қосымшаларын әзірлеу үшін талап етілетін техникалық тәжірибе (компьютерлік дағдылар және бағдарламалау дағдылары және тиімді мамандарға деген әлеуметтік сұраныс кейбір жағдайларда жеткіліксіз дайындалған мұғалімдер немесе теріс көзқарастар, үздіксіз оқыту қажеттілігін туғызады. Мұғалімдер мен оқушылардың толықтырылған шынайылық қосымшаларын әзірлеуге қатысуы: оқытудың жақсы нәтижелеріне қол жеткізу үшін мұғалімдерді де, оқушыларды де толықтырылған шынайылық қосымшаларын әзірлеуге белсенді түрде тарту ұсынылады. Сондай-ақ мұғалімдердің қатысуы ұсынылды, өйткені дизайнер мен мұғалімнің көзқарасы

арасында айырмашылық бар және мұғалімдер акт сарапшыларына қарағанда педагогикалық тұрғыдан көбірек дайындалған.

Толықтырылған шынайылық қабылдаудың кейбір кедергілері ретінде атап өтілген техникалық мәселелер технология эволюциясы арқылы еңсеріледі және педагогикалық мәселелер педагогикалық тәжірибені өзгерту арқылы шешіледі. Пайдалануға жарамдылық мәселелері, қолжетімді бағдарламалық қамтамасыз етудің мүмкіндіктері, зерттеулер мен практикалық шектеулер салыстырмалы түрде шамалы қиындықтардың кейбірі болып табылады, өйткені оларды зерттеушілер біртіндеп зерттейді және технология эволюциясы арқылы еңсеріледі. Басқа да мәселелер, мысалы, мұғалімдер мен оқушылардың толықтырылған шынайылық қосымшасын әзірлеуге қатысуы, мұғалімдерді үздіксіз оқыту қажеттілігі толықтырылған шынайылық технологиясын білім беруде де, әлеуметтік деңгейде де тиімдірек және қолайлы ету үшін әлі де нақтылауды қажет етеді. Әлеуметтік қабылдау күтілгеннен де күрделі фактор ретінде қарастырылады және жаңа қосымшалар пайда болғанымен, жұртшылыққа баяу таралу бар. Алдыңғы талқылауға сүйене отырып, қазіргі зерттеу мына мәселелерді қарастырады, толықтырылған шынайылық технологиясының диффузиясы, үздіксіз оқыту қажеттілігі, мұғалімдер мен оқушылардың толықтырылған шынайылық қосымшаларын әзірлеуге қатысуы. Содан кейін зерттеу сұрақтары:

1. Толықтырылған шынайылық технологиясы әлеуметтік және білім беру деңгейінде кең таралған ба?
2. Үздіксіз оқыту қажеттілігі туралы мұғалімнің пікірі қандай?
3. 3D модельдеу туралы мұғалімнің пікірі қандай?
4. Мектеп жағдайында толықтырылған шынайылық қосымшасын жасау туралы мұғалімнің пікірі қандай?
5. Мектеп жағдайында толықтырылған шынайылық қолданбасын дамытуға әсер ететін факторлар туралы мұғалімнің пікірі қандай?
6. Мұғалімдер толықтырылған шынайылық қосымшаларын әзірлеу процесінде қандай рөлге ие болғысы келеді?

2023 жылдың ақпан айында солтүстік-батыс Қазақстанның ауылдық және қала маңындағы аудандарында әртүрлі мамандықтағы орта білім беретін мұғалімдерге сапалы зерттеу жүргізілді. Сауалнама және бақылау әдісі басшылыққа алынатын жартылай құрылымдық сұхбат жүргізілді. Диалогты қолдану қолданушылардың жауаптарын жақсырақ түсіндіреді, ал аралас бағалау әдістері негізінен зерттеулерде және сауалнамалар, мұғалімдер мен оқушылардан сұхбат сияқты әртүрлі деректер жинау құралдары қолданылады. және бақылау орналастырылған.

Сауалнама бес бөлімнен тұрады. Мұғалімдер бастапқыда алғашқы төрт бөлімге жауап берді, содан кейін толықтырылған шынайылық технологиясы тұжырымдамалар, әртүрлі салалардағы қолдану мысалдары, енгізу процесі туралы ақпарат алды, содан кейін 5 бөлімнің сұрақтарына жауап берді және сұхбат қатысушылармен диалогпен аяқталды. Бірінші қатысушы үшін ретінде, оның барысында қатысушыларға зерттеу тақырыптары бойынша өз пікірлерін еркін білдіру үшін шектеусіз уақыт берілді. Бүкіл процесс барысында зерттеуші қатысушылардың жауаптары, түсініктемелері, сондай-ақ олардың көзқарасы туралы жазбалар алды. Ағымдағы зерттеу қажеттіліктері үшін көптеген негізгі мамандықтарды, орта білім берудің мектеп түрлерін және педагогикалық тәжірибе деңгейлерін қамту үшін мақсатты кездейсоқ іріктеу негізінде ықтималды емес таңдау таңдалды. Мұғалімдерге көбірек уақыт беру және өз пікірлерін еркін жеткізу үшін жеке сұхбат жүргізілді. Жеке сұхбатқа арналған зерттеу шешімі 20 мұғалімнің шектеулі таңдауына әкелді, себебі көбірек уақыт қажет болды.

Анкета-нұсқау бөлімдері мен зерттеу сұрақтары бойынша ұйымдастырылған деректерді өңдеу үшін мазмұнды талдау қолданылды, ал нәтижелерді көрсету үшін диаграммалар мен кестелер пайдаланылды. Таңдама шағын болса да, біз оқырманға түсінікті және салыстырмалы болуы үшін нәтижелерді пайыздық режимде ұсынуды шештік.

Зерттеуде келтірілген жауаптардың негізінде оқытуда толықтырылған шынайылық диффузиясы байқалмады, өйткені қатысушылардың 100%-ы оқытуда ешқандай толықтырылған шынайылық қолданбасын пайдаланбағанын айтады. Керісінше, жеке-әлеуметтік деңгейде диффузия байқалды, өйткені 50% бұл туралы бірдеңе оқығанын немесе естігенін айтады. Зерттеушінің бақылауларына сүйенсек, толықтырылған шынайылық технологиясымен байланыс жеке қызығушылықпен орта мектеп конференциялары мен мәдени іс-шаралар сияқты білім беру іс-шараларына қатысуға байланысты болды. Сонымен қатар, жеке себептермен немесе оқу сапарлары аясында шетелге барған мұғалімдердің мұражай қолданбаларымен толықтырылған шынайылық технологиясы бойынша тәжірибесі болған, бірақ олар мұны білмеді. Бұл қолданбалар толықтырылған шынайылық қосымшалары болды, бұл толықтырылған шынайылық технологиясы туралы ақпарат алған сұхбаттың екінші бөлігінде түсінікті болды. Бұл факт екінші және үшінші сұрақтағы нәтижелер арасындағы айырмашылықты да түсіндіреді. Екінші сұрақта тек 15% толықтырылған шынайылық қолданбасын пайдаландым деп жауап берсе, 25% «білмеймін» деп жауап берсе, үшінші сұрақта 45% толықтырылған шынайылық негізіндегі кейбір қолданбаларды пайдаландым деп жауап берді. Сондықтан біз толықтырылған шынайылық қосымшасын жеке себептермен пайдаланған мұғалімдердің 45% пайызын қабылдаймыз. Үздіксіз оқыту қажеттілігі туралы бірінші сұрақ: «сізге семинарлар/тренингтер туралы төмендегі жолдардың қайсысымен хабарланады?» семинарларға/тренингтерге қызығушылық танытуды мақсат етіп, олардан хабардар болу жолдарын сұрады. Мұғалімдердің жартысынан сәл астамы (55%) семинарлар мен тренингтер туралы жүйелі түрде 6, 35% ресми және 10% анда-санда хабардар болатынын айтты. Екінші және үшінші сұрақтар семинарға қатысудың да, келмеудің де маңызды факторларын анықтауға бағытталған. Екінші сұрақ бойынша «сіз қандай себептермен семинар/тренингке қатысар едіңіз? (біреуден көп таңдауға болады)», жеке даму семинарға немесе тренингке қатысудың ең маңызды себебі болды. Даму семинарларға қатысудың негізгі мотивациясы ретінде пайда болды, өйткені тұлғаны дамытуды 150 мұғалім және кәсіби дамуды 110 мұғалім таңдады. Әсіресе, 150 қатысушының үшеуінің тұлғалық даму факторы оқытуға бірден-бір себеп болды. Кәсіби қажеттілік пен жеке қызығушылық қатысушылардың жартысынан таңдалды және басқа факторлармен бірге көрсетілді. «сіз қандай себептермен семинарға/тренингке келмейтін едіңіз?» 3-ші сұраққа қатысушылардың барлығы дерлік, 20-дан 17-сі бос уақытты семинарға қатысудағы ең жағымсыз фактор деп санады. Сонымен қатар, 20-ның 14-і бағдарламаның қаржылық құнын маңызды кедергі ретінде көрсетті, ал семинарды өткізу уақытын және бағдарлама тақырыбын қатысушылардың шамамен жартысы, сәйкесінше 20-дан тоғызы және 20-дан 10-ы таңдады. Басқа факторлар, нақтырақ айтқанда, мұғалімдердің қарым-қатынасы, кәсіби мотивациясы, әкімшілік қолдауы, семинарды өткізу жолдары мен бағдарлама талаптары қатысушылардың аздығымен анықталды 8). Төртінші сұрақ, «технологияның тұрақты және жылдам өзгеруі және тиімді мамандарға әлеуметтік сұраныс үздіксіз оқыту қажеттілігін тудырады. Бұл жағдай қаншалықты күйзеліске ұшырады?» тақырыбы қатысушылардың үздіксіз жаттығу қажеттілігі туралы сезімін анықтауға бағытталған. Зерттеушінің бақылаулары негізінде күшті жеке мотивацияның жағымсыз факторларды жеңетіндігі анықталды. Егер семинар қызықты болса, олар жеке уақытын өткізеді, қажеттіліктерді қанағаттандырады, тіпті ақша жұмсайды. Анықталған тағы бір жайт, мұғалімдердің оқытуға деген көзқарасы оң болғанымен, алған білімдерін сабақта қолданбау кері фактор болып табылады. Қорытындылай келе, қатысушылардың 55% семинарлар туралы жүйелі түрде хабардар болуы олардың ресми ақпараттың тар шеңберінен (35%) шығатын жеке қызығушылығын көрсетеді. Семинарға/тренингке қатысудың маңызды факторлары ретінде тұлғалық және кәсіби даму атап өтілді, бұл мұғалімнің жауаптарымен де, зерттеушінің бақылауымен де расталады. Қатысушылардың 50%-ы осы факторларға сілтеме жасағандықтан қажеттілік пен қызығушылық ерекше атап өтіледі. Уақыт пен қаржылық шығындар олардың семинарға қатысуына кедергі болатын ең маңызды кедергілер болып табылады. Соңында, қатысушылардың жиі жаттығулардың өзекті қажеттілігін санайды.

Бұл сұрақ бойынша «білу» сөзі олардың негізгі функциялармен таныс екенін және бірдеңені жүзеге асыру қажет болса, қысқа дайындықпен жаратылыс талаптарын қанағаттандыра алатынын білдіретіні түсіндірілді. Сондықтан бірінші және төртінші сұраққа жауап берген акт мұғалімдерінің санында олардың таныстығы мен білімі туралы сәйкесінше айырмашылық бар. Бесінші сұрақ бойынша, «егер сізге цифрлық 3D үлгісін жасау керек болса, сіз қалай сезінер едіңіз және неге?», аралас сезімдер тіркелді. Қатысушылардың пікірлері мен зерттеушілердің бақылауларына сүйене отырып, жағымды сезімдер бүкіл процесті қызықты және шығармашылық процедура деп санайтындығына байланысты болды, ал теріс және бейтарап пікірлер іске асыру талаптарымен байланысты қатысушылардың көпшілігі (70%) цифрлық 3D модельдерін жасаумен таныс емес. Әртүрлі мамандықтардың 3D жасау процесімен таныс болғаны да қызық болды (30%). Олардың 25 пайызы оларды оқытуда, әдетте тарих және өнер сияқты салаларда 3D бейнелері бар білім беру бейнелері арқылы пайдаланады, деп түсіндірді зерттеушіге. Қатысушылардың жартысы 3D дизайн бағдарламалық жасақтамасын білмесе, 60% 3D модельдерін жасауды үйренуге қызығушылық танытатынын айтты. Мектеп жағдайында толықтырылған шынайылық қосымшасын әзірлеу туралы бірінші сұраққа «мұғалімдер мен оқушылардың толықтырылған шынайылық қосымшасын мектеп жағдайында әзірлеу мүмкін бе?», 55% мұғалімдер мен оқушылардың оқыту контекстінде қолданбаларды әзірлеуі белгілі бір жағдайларда мүмкін деп жауап берді. 30 пайызы шамалы, 10 пайызы әбден мүмкін, 5 пайызы жоқ, ешқайсысы иә деп жауап берді. Жалпы алғанда, 35% (жоқ және шамалы) бұл мәселе бойынша теріс, 55% бейтарап және 10% оң пікірде (13). Екінші сұрақ, «мұғалімдер мен оқушылардың оқыту контекстінде толықтырылған шынайылық қолданбаларын дамыту үшін келесі факторлар қаншалықты адекватты/тиісті?» ұсынылған факторлардың мектеп жағдайында толықтырылған шынайылық қолданбасының дамуына қалай әсер ететінін теріс, бейтарап, оң және қаншалықты дәрежеде анықтауға бағытталған. Алты факторды мұғалімдер бағалады. Қорытынды бойынша мектептің технологиялық жабдықталуы орташа және 30% жеткілікті деңгейде емес. Қолда бар зертхана оң және теріс жағдайларда бірдей пайызды алды, нақтырақ айтқанда мүлде жоқ. Үшінші сұрақ бойынша мұғалімдерге оқыту контекстінде мұғалімдер мен оқушылардың толықтырылған шынайылық қосымшаларын дамытуын шектейтін/шектейтін басқа факторларды қысқаша атап өту ұсынылды.

Ең шектеуші фактор уақыт болып табылады, өйткені қатысушылардың 65%-ы мұғалімдер қатан/шектеу кестесін белгілеген кезде қол жетімді сабақ уақыты жеткіліксіз екенін айтты). Талқылау барысында анықталғандай, сабақтың нақты уақыты қысқарады, себебі сабақ сағаттары үздіксіз емес, әр түрлі күндерге бөлінеді, оқушылардың жұмыс барысын үзеді және осылайша құнды оқу уақытын жоғалтады. Мұғалімдер атап өткен факторлардың ішінде оқушыларға қатысты тағы бір шектеуші фактор – бұл акт дағдыларын және бірлескен жұмысты меңгеру дәрежесі, сондай-ақ олардың осындай тапсырма бойынша жұмыс істеуге дайындығы. Мұғалімдер сабаққа ынталы және қатысуға қабілетті оқушылармен жұмыс жасауды, оларды дұрыс ақпараттандыруды және оқытуды және өткен оқу жылынан бастап іс-шараны әдістемелік және егжей-тегжейлі түрде уақытында жоспарлауды ұсынады.

Мұғалімдердің 3D модельдеу туралы пікірлері жағымды және жағымсыз сезімдерді ашты. Қатысушылардың көпшілігі цифрлық 3D модельдерін жасаумен таныс болмаса да, оқытуда цифрлық 3D модельдерін пайдалануды білмесе де, 3D модельдерін жасау бойынша оқытуға қызығушылық танытатынын айтады. Алдыңғы нәтижелерге сүйене отырып, мұғалімдер мен оқушылардың оқыту контекстінде толықтырылған шынайылық қосымшаларын енгізуі шарттарда мүмкін және мұғалімдер оны толық емес орта мектептерде және әсіресе үлгілі орта мектептерде мүмкін деп есептейді. Оқытудың қолжетімді уақытын қысқартатын оқу жоспарының шектелуі ең шектеуші фактор ретінде шықты, ал басқа факторлар, мысалы, оқушылардың акт бойынша білім деңгейі және оқушылардың әртүрлі танымдық деңгейі сияқты факторлар азырақ әсер етеді, өйткені бұл мәселені мұғалімдер шеше алады. Мұғалімнің толықтырылған шынайылық қосымшасын жасаудағы рөлі туралы

сұрақта олардың көпшілігі әртүрлі мамандықтағы мұғалімдермен ынтымақтастықты қалайды. Мұғалімдердің ұсыныстарының ішінде олардың екеуі ерекше қызығушылық тудырады, оқу жоспарын қысқарту және әрекеттердің сапасы мен жарамдылығы мен тиімділігіне баса назар аудару және орталық қызметтердің қолдауы мен үйлестіруі (мысалы, нақты технология бойынша оқыту. Бұл ұсыныстар мұғалімдердің іс-әрекеттеріне емес, орталық білім беру қызметтерінің әрекеттеріне байланысты, олар қабылданса, білім беруде технологияны тиімдірек пайдалануға әкелуі мүмкін. Нәтижелер білім беруде толықтырылған шынайылық технологиясын тиімді пайдаланудың маңызды факторлары әртүрлі мамандықтағы мұғалімдер арасындағы ынтымақтастықты арттыру және икемді курс кестесі екенін көрсетті. Ынтымақтастыққа баса назар аудару керек, өйткені оны білім беру қауымдастығы қалайды және қабылдайды. Орталық білім беру қызметтерінің қолдауы мен үйлестіруінің, мысалы, ноу-хау арқылы, оқыту арқылы алынған білімді пайдалануды күшейту үшін маңызды. Сұхбат барысында мұғалімдердің анықтаушы рөлі мен тұлғасы да тіркелді, өйткені олар даму барысында туындайтын қиындықтарды шешуде, сондай-ақ оқыту құралы ретінде «пайдалануға дайын» қолданбаларды пайдалану жолында шешуші рөл атқарады. . Толықтырылған шынайылық қосымшаларын әзірлеу бір жақты ретінде қарастырылмауы керек, сондай-ақ дайын қолданбалар оқушыларді тиісті зерттеулерде қолдау көрсетілетін «алдын ала жинақталған оқу тәжірибесімен» шектемейді, өйткені білім де өзара әрекеттесу арқылы құрылады. Бұған қоса, оқу құралдары ретінде дайын қолданбаларды пайдалану мұғалімдер мен оқушылардың, әсіресе мәдени мұра сияқты арнайы салалардағы қолданбаларды жүзеге асыру мүмкін болмайтын жағдайларды қамтуы мүмкін. Соңында, білім беру мекемелері мен мәдениет мекемелерінің технологияның таралуына қосқан үлесі, көбірек әрекеттердің қажеттілігі және білім беру сапарларының артықшылықтары атап өтіледі.

Әдебиеттер

1. Huba, M., Kozák, Š. (2016, November). From E-learning to Industry 4.0. International Conference on Emerging eLearning Technologies and Applications (ICETA), 103-108. IEEE
2. Baygin, M., Yetis, H., Karakose, M., Akin, E. (2016). An Effect Analysis of Industry 4.0 to Higher Education. 15th International Conference on Information Technology Based Higher Education and Training (ITHET), 10(40), 145-155.
3. Demartini, C., Benussi, L. (2017). Do Web 4.0 and Industry 4.0 Imply Education X.0?, IT Professional. 19(3), 37-80.

ҚАЗІРГІ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Тлебалдина Н. Қ., п.ғ.к., аға оқытушы

Қазақстан Республикасы, Семей қ., «Alikhan Bokeikhan University» ББМ

Бүгінгі жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті, тұтастықты сақтау, ұлттық сананың сарқылмауы, тіл мен ділдің баянды болуы үшін мектеп қабырғасында елжандылық тәрбие идеяларын, құндылықтарымызды оқушылар санасына дарытуда Ахмет Байтұрсынов шығармаларының алатын орны ерекше.

Ахмет Байтұрсынов өмірі, шығармашылық жолы, қазақ әдебиеті тарихынан алатын орны, шығармаларының әдеби маңызы туралы, яғни Ахметті танытудың негізі, шығармашылық мұрасын зерттеу мәселелері 20-жылдардан бастау алады.

XX ғасырдың тоқсаныншы жылдары халқымен қайта қауышқан қазақ елінің біртуар арысы Ахмет Байтұрсынов ақталып, еңбектері баспа беттеріне шыға бастауы, шығармаларының жалпы білім беретін мектеп бағдарламасына енгізілуі халқымызды зор қуанышқа бөлеп, қазақ халқының рухын биікке көтергенін айта кету керек.

Публицист, қоғам қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының негізін салушы, жазушы, журналист, ағартушы-педагог, саясаткер, ғылымның әр саласында құнды ғылыми еңбектер жазған әдіскер-ғалым, т.б.

Бұл түсіндірме мақалдың пайда болуын түсіндіреді және оның тарихи-мәдени астарын түсінуге мүмкіндік береді.

Содан кейін студенттер мұғалімге еріп, кіріспеде келтірілген мақал-мәтелдерді қайталай алады. Мұғалімнің қалауы бойынша олар ағылшын тіліндегі қалған мақал-мәтелдердің мағынасын ашады (сөйлеу жаттығуларына көшу). Олар өздерінің немесе достарының өміріндегі оқиғаларды сипаттай алады, әдебиеттен мысалдар келтіреді.

Сабақтың негізгі бөлімінде мақал-мәтелдер мүмкіндігінше кең қолданылады. Мақал-мәтелдер уақытша енгізіледі, яғни оқушыларға мақал-мәтел оқшау айтылмай, мәселе ретінде енгізіледі. Сондықтан оқушылар осы мақал-мәтелдер мен жағдаяттарға өз пікірлері мен көзқарастарын білдіре алады. Мақал-мәтелдің белгілі бір подтекст болатындығын ескере отырып, онымен жұмыс жасау қарапайым көбейтуді емес, оған деген көзқарасыңызды білдіруді қажет етеді.

Егер мақал-мәтелді дербес лексикалық бірлік ретінде енгізу туралы айтатын болсақ, онда сіз көрнекілік қолдануға негізделген техниканы қолдана аласыз (1-қосымша). Мұнда мақалдың мағынасын иллюстрациялар көмегімен жеткізудің қызықты нұсқасын ұсынамыз, әрі мақалдың тікелей интерпретациясын жеткіземіз, әрі аллегориялық мағына беретін суретпен және орысша баламасын бейнелейтін суретпен салыстырамыз. Мысалы, «Culture Shock» тақырыбындағы жаңа лексикалық бірліктермен танысу үшін “**Habit** cures habit. **Custom** is the plague of wise men and the idol of fools. Once is no **custom**. **Knowledge** is power”, поговорку “**Rule** of thumb”. Сонымен, сөздермен (қарамен) таныстырып қана қоймай, студенттердің назарын тілдік және мәдени ерекшеліктерге аударуға болады, мысалы, көптеген ағылшын мақал-мәтелдерінде оба туралы айту (өйткені елде 17 ғасырдағы қорқынышты эпидемия), сондай-ақ орыс/қазақ тіліндегі ұқсас мақал-мәтелдерді немесе сөз тіркестерін табуды және / немесе мақал-мәтелдің мағынасын ағылшын тілінде түсіндіруді ұсынамыз.

Сонымен қатар, мақал-мәтелдер сөздік қорды, атап айтқанда парафразалау дағдыларын жетілдірудің тамаша құралы болып табылады. Сол тақырып аясында сіз келесі тапсырманы ұсына аласыз: «Сөйлемдердің көлбеу бөліктерін орынды мақалмен немесе мақалмен ауыстырыңыз» (2-қосымша). Бұл жағдайда оқшауланған сөйлемдер емес, микроситуациялар немесе микродиалогтар қолданылғаны жөн, ал оның орнына мақал-мәтелдерді тізімнен таңдауды немесе белгілі сөйлемдерді есте сақтауды ұсынуға болады. Мысалы: **It never rains but it pours.** (Беда не приходит одна). Ситуация: Very soon after his father's death Mike's mother died and he became an orphan. "Poor child. One misery after another," said the neighbours.

Сол сияқты сіз грамматикалық құрылымдармен танысып немесе оларды жетілдіре аласыз. Мақал-мәтелдерді салыстыру дәрежесімен, пассивті дауыспен, герундпен танысу

және т.б.мен жұмыс жасағанда қолдану өте тиімді, өйткені бұл грамматикалық құбылыстар туралы мақал-мәтелдер өте аз.

Сонымен қатар, лексикалық құзреттілікті қалыптастыру мақсатында мақал-мәтелдерді қазақ/ орыс тілінен ағылшын тіліне аударумен байланысты тапсырмаларды өнімді деп санауға болады. Сондай-ақ, мақал-мәтелдерді оқытудың сөйлеу ситуациясының негізі ретінде пайдалануды ұсынуға болады. Мысалы, келесі жағдай бойынша диалог құрастырыңыз: «You and your two friends decided to spend weekend together. But one of you wants to do one thing, another doesn't want it, you quarrel and can't take a decision – so many men, so many mind. Nevertheless try to find a way out».

Мұндай тапсырмалар мақал-мәтелдерді сөйлеу барысында қолдана білуді қалыптастыруға, сөйлеу мәнерлілігін арттыруға, жағдайды түсінікті етуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, оқушылар мақал-мәтелдерді диалогта қолдануды ғана емес, оларды мәтіндермен байланыстыруды да үйренеді. Атап айтқанда, тақырыптағы мақал-мәтелді оқып, оның мағынасын талқылап, содан кейін мәтін не айтуы мүмкін екенін ұсына аласыз (2-қосымша).

Тағы бір тапсырма керісінше тәсілді ұсынады. Оқушылар мәтінді оқып немесе тыңдап, одан кейін мақал-мәтелдердің бірін таңдай отырып, оның идеясын жалпылау керек, содан кейін мәтіннің мазмұнына назар аудара отырып, осы мақалдың орысша баламасы не екенін болжау керек (2-қосымша).

Ақыр соңында, мақал-мәтелдерді жазуға үйрету кезінде қолдануға болады: You have divided into four groups and the task for you is the following: for each group I'll give different proverbs and you'll have to write a short story.

Сабақтың негізгі кезеңінде мақал-мәтелдермен жұмыс істеудің, әр түрлі дағдыларды, сөйлеу әрекетінің түрлерін, білімдерін біріктіретін және құзыреттіліктерін қалыптастыратын, соның ішінде әлеуметтік және әлеуметтік-мәдени нәтижелі нұсқалардың бірі - жоба. Бұл сабақтың барлық сабақтарында қорытындылай келе, қорытынды сабақтар ретінде қолданыла алады. Мысалы, біз әр серияға әр түрлі жоба тақырыптарын ұсындық. Олардың кейбіреулері осы тармақта көрсетілген. «Culture Shock» сабақтары сериясындағы жобалар тақырыбының тағы бір нұсқасы: «Қазақстан мен Америка - біз басқамыз», «Қазақстан мен Ұлыбритания (АҚШ) - ортақ нәрсе бар ма?», «Қазақстанға қош келдіңіз», «Мен Батыста неге үйреніп кетпеймін» және т.б. Сонымен қатар, барлық жағдайда оқушылар мақал-мәтелдерді қолдануға жүгінуі керек деген шарт қойылды.

Сонымен, мақал-мәтелдерді сабақ соңында қорытындылауға, оқушылардың жұмысын бағалауды күшейтуге пайдалануға болады.

Мақал-мәтелдерді қолдана отырып қорытындылаудың мысалы: “Better late than never”, “All is well that ends well”, “So many men, so many minds” және бағалау нұсқалары: “Fortune favors the brave” (жағымды пікір), “As you make your bed, so you must lie on it” (жағымсыз пікір), “Never say die” (жұбату), “A cat in gloves catches no mice” (белсендірек болуға кеңес) және т.б.

Сонымен, мақал-мәтелдер сабақтың әр кезеңінде, кез-келген дағдылар мен дағдыларды қалыптастыру үшін қолданыла алады, алайда олардың басты мақсаты әлеуметтік-мәдени идеяларды, соның ішінде лингвистикалық және мәдени салдарды, мәдениеттердің айырмашылықтары мен ұқсастықтарын кеңейту, сонымен қатар басқа мәдениеттер мен халықтардың төзімділігі мен түсінігін қалыптастыруда.

Әдебиеттер:

1. Кунин А.В. Курс фразеологии современного английского языка. – М.: Высшая школа; Дубна: Феникс, 1996. – 378 с.
2. Аникин В.П. Русское устное народное творчество – М.: Высшая школа, 2001. – 367 с.
3. Соловова Е.Н. Методика обучения иностранным языкам. Базовый курс лекций. – М.: Просвещение, 2002. – 239

4. Баганова П.А. Потенциал использования пословиц в обучении иностранным языкам / 5. Слагаемые качества современного гуманитарного образования. – Самара, 2004. – С. 139-144.
6. Prodromou L. First Certificate Star. – Macmillan Heinemann, 1998. – 240 с

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ахметжанова Э. Т., 7M01101 «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының магистранты; Султанова Н. К., п.ғ.к., доцент
Қазақстан Республикасы, Семей қ., «Alikhan Bokeikhan University» ББМ,

Қоғамның дарынды адамдарға деген қажетін қанағаттандыру талабы оқыту, білім беру жүйесінің алдына баланың жеке қабілеті мен әлеуметтік белсенділігінің дамуына жол ашу, шығармашылық тұлға қалыптастыру міндетін қойып отыр.

Шығармашылық тұлға негізі бастауыш сыныпта қалыптасатыны анық. Осы жастағы балалар бойында шығармашылық қабілеттің бастаулары жатыр. Тек өмір тәжірибесінің, дара-дүниетаным, дара-эстетикалық көзқарастың жетімсіздігінен олардың бойларындағы шығармашылық қабілетті ашып көрсете алмайды. Бұлақ көрсең, көзі ашық деген халқымыз. Жалпы шығармашылық туынды өмірге келгенге дейін ұстаз шәкірттің өнеге тұтар ақылшысы, пікірлес досы, бапкері болуға тиіс. Оқушы шығармашылығы үнемі ұстаз, сынып ұжымы, ата-аналар тарапынан қолдау тауып отыруы керек.

Шығармашылық жұмыс істеуге үйренген оқушы жоғары сыныптарда шығармашылық жұмыстың қай түріне болсын бейім болады. Олар жаңа идеяға проблемаларды шешуге тырысады.

Баланың жастайынан шығармашылық қабілетін қалай қалыптастыру керек? Оның жолдары, әдіс-тәсілдері, мазмұны қандай?

Қазіргі таңдағы өзекті мәселенің бірі – осы. Психологтардың зерттеуі бойынша, әрбір жаста шығармашылыққа баулуға өзек болардай өзіндік ерекше қабілет, бейімділік бар екен.

Төменгі сынып оқушыларының дамуын бағыттап, бағдарламаса, онда жоғары сыныпқа келгенде, көбінің шығармашылық мүмкіндігі шектеліп, тоқырап қалады.

Сонымен төменгі сыныпта оқушыларды шығармашылыққа баулып, үйрету үшін қажетті жағдайлардың мазмұнына тоқталсақ:

- Мұғалім ең алдымен, сыныпта шығармашылық көңіл-күй тудыру үшін баланың назарын бір нәрсеге бағыттауы керек. Яғни оқушылардың назарын шығармашылық арнаға бұру үшін үнемі шығармашылық тапсырма – міндеттер, жаттығу, ойын түрлерін ұсынған жөн;

- Әрбір шығармашылық тапсырманы оқушыға ұсынудың жолын, әдіс-тәсілін білу керек;

- Шығармашылық жаттығу ойын тапсырмалардың мазмұны жеткіншектердің жас ерекшелігіне, қызығушылығына үйлесуі керек;

- Тапсырма – міндетпен танысқаннан кейін бала жұмысқа кіріседі.

Мұғалімнің ең үлкен міндеті: бала белгілі бір көркемдік шешім тауып, өз туындысын ұтымды аяқтап шыққанға дейін оны назарынан тыс қалдырмау, шығармашылық бағыт-бағдар беріп отыруы:

- шығармашылықпен жеке дара оқушы емес, сыныптың, мектептің бүкіл балалары ойлауы үшін жағдай, мүмкіндік туғызу керек. Сыныпта, ұжымда өзара шығармашылық қарым-қатынас, шығармашылық ахуал орнату;

- мұғалім – оқушы үшін қарапайым ғана жан. Ал егер ол оқиға, сюжет құруға, образ жасауда жазушылық шеберлік танытса, оқушылар ерекше естиді. Өздерінің күшіне деген сенімі қалыптасады. Сондықтан мұғалімнің шығармашылықпен айналысуы және өзінің жазған дүниелері жөнінде балалармен пікір алмасуы заңды;

- шығармашылық үшін психологиялық қауіпсіздік, еркіндік, ашықтық, бостандықты қамтамасыз ету;
- Шығармашылықты тежейтін үш нәрсе бар: біреуі – сәтсіздікке ұшыраймын, қолымнан еш нәрсе келмейді деген тыс қорқыныш сезімі, екінші - өзіне-өзі тым риза болмаушылық сезімі (не жазса да өзі ұнатпайды, кейде өзін-өзі жек көріп кетеді), үшіншісі – жалқаулық. Ондай жағдайда баланы құтқарудың жолдарын табу;
- Оқушының шығармашылықпен айналысуына мектепте, сабақ үстінде, үйде қолайлы жағдай туғызу;
- Шығармашылық бағытқа баланы жүйелі, саналы түрде қалыптастырып отыру;
- Мұғалім көркем шығармашылық түрлеріне үйретіп, баулу үшін көркемдік өлшемдермен өзі де қарулануы керек. Көркем шығарманың, әдеби процестің механизмін түсінбейтін мұғалім оқушыны әдеби шығармашылыққа үйретіп баулымақ түгілі, оқушы жасаған дүниеге нақты, әділ бағасын беріп, көркемдік дәрежесін тани да алмайды.

Мұғалім оқушы шығармашылығын дамыту, бағыт-бағдар беру ісінде мыналарды ескеруі керек деп ойлаймын:

- шығармашылық тапсырмалардың мазмұн-түрін ойлап табу;
- шығармашылық міндеттерді оқушыға ұсынудың әдіс-тәсілін меңгеру;
- көркемдік шешім табу, оқиға құру, образ жасау үшін кілт боларлық жағдайларды тудыра білу;
- шығармашылық процесті фактілер мен мәліметтерге педагогикалық, әдістемелік тұрғыдан баға, қорытынды бере білу, теориялық, практикалық тұжырымдар жасау.

Бұның өзі шығармашылық сағаттарды жетілдіре түсуге мүмкіндік береді.

Енді осы қабілет, шығармашылық деген сөздердің мағынасын ашсақ. Қабілет дегеніміз не?

Қабілеттер (способности) – бір немесе бірнеше іс-әрекеттерді нәтижелі орындаудың шарты болып табылатын адамның жеке ерекшеліктері. Адамға кез-келген іс-әрекеттерді нәтижелі орындауға мүмкіндік беретін қабілеттердің өзінше сапалық үйлесуді дарындылық деп аталады. Дарындылықтың жоғарғы дәрежесі – талант.

Қабілеттерді оқушыларды бұған дейінгі алған білімі және дағдылармен шектеуге болмайды. Білім, білік, дағдылардың жеңіл тез игеру қабілеттерге тәуелді болады. Екінші жағынан бұлардың игерілуі қабілеттердің дамуына ықпал жасайды.

Білім мен біліктің болмауы, қабілеттердің дамуын тежейді. Қабілеттер оқушыға дайын түрінде берілмек емес, бұлар тәрбиелеу мен оқыту барысында әрдайым жүзеге асатын дамудың нәтижесі. Туа бітті тек нышандар, яғни айтқанда қабілеттер негізінде жататын анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктер болуы мүмкін. Оқу, білім алу қабілеттерінің өзі оқушының нақты іс-әрекетінсіз пайда болуы мүмкін емес. Адамдардың барлық қабілеттері – азаматтық қатынастардың жемісі. Қатынастар деңгейі әр оқушыда әр түрлі болатындықтан қабілеттердің деңгейі әр түрлі болады.

Психологтардың айтуынша, қабілетті айқындау мақсатындағы зерттеулер ХІХ ғасырдан басталған. Бұл қасиеттің терең түбінде талант нышаны жатыр.

Қасиеттің тиімділігін дамыту тәрбие жұмысына және жас ерекшелігінің өзгеруіне де байланысты.

Шығармашылық деген не?

Шығармашылық сөзінің төркіні, этимологиясы шығаруын ойлап табуын дегенге келіп тоқталады. Демек, жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу деп түсіну керек. Философиялық сөздікте: шығармашылық қайталанбайтын, тарихи-қоғамдық мәні бар, жоғары сападағы жаңалық ашатын іс-әрекеттің деп түсіндіріледі. Көрнекті психолог Л.С.Выготский шығармашылық деп жаңалық ашатын әрекетті атағын. Ал осы мәселені терең зерттеген психологтардың бірі Я.А.Пономарев оның дамуын ұғымымен қатар қояды. Өйткені әрбір жаңалық, әсіресе интеллектуалдық тұрғыдағы болса, ол баланың психикасын

жаңа сапалық деңгейге көтереді деп есептейді. Бұл пікір бүгінгі күнгі педагогиканың талаптарына сәйкес келуімен көңілге қонымды.

Зерттеле келе шығармашылыққа берілген анықтамалар да өзгере бастады. Соңғы жылдары шығармашылық сөзімен жаңалықпен қатар бастамалылық, белсенділіктің ұғымдары астарлас қолданылып жүр.

Шығармашылық - өте күрделі психикалық процесс. Ол іс-әрекеттің түрі болғандықтан, тек адамға ғана тән.

Шығармашылық (творчество) - қоғамның материалдық және рухани өмірін жетілдіруде бұрын болмаған жаңа, соны заттар, шығармалар және т.б. өндіретін, адамның танымға және шындықты түрлендіруге бағытталған саналы, мақсатты белсенді іс-әрекеті. Әр түрлі іс-әрекетте (ғылымда, техникада, өнерде қоғамдық қатынастарда, қоғамдық сана түрлерінде, өндірісте, тұрмыста) адамдардың бардық жасағандары – шығармашылық күш – жігерінің нәтижесі.

Шығармашылық барысы негізгі белгілері тұрғысынан адамдардың кез-келген әрекеті үшін біртұтас болады. Ол өмірді мағыналық ұғынуды, жаңа шығармашылық жинақтау жасауды, жаңа идеялар көтерудегі зиялылық іс-әрекеті және оларды өмірге ендіруге дене еңбегі іс-әрекетін біріктіреді. Әртүрлі іс-әрекеттің өзіне тән ерекшеліктеріне сай, шығармашылық барасы да сан-қилы болады.

Мұғалімнің оқушылардың дүниеге көзқарасы, өмірге және еңбекке ұлықтық-талғамдық қатынасы сияқты күрделі тәрбиелік міндеттерін шешуде шығармашылықтың ерекше мәні бар. Мұғалім шығармашылығы теорияны терең білу, осы заманғы келелі мәселелерді мағыналы ұғыну болып табылады. Ол оқу –тәрбие міндеттерін жоғары тиімділікпен шешілуден, ойлаудың томаға- тұйық еместігін, өз ойын сауатты баяндау беруінен, зор сенімнен көрінеді, осылайша оқушы бойындағы қоғамдық белсенділікті оятады.

Ұзақ жылдар бойы шығармашылық барлық адамның қолынан келе бермейді деп қарастырылып келсе, қазіргі ғылым жетістіктері қабілеттің мұндай дәрежесіне белгілі бір шарттар орындалған жағдайда кез-келген баланы көтеруге болатындығы жайлы көп айтуда.

Шығармашылыққа деген қажеттілік күрделі рухани қажеттілік. Әзірге ол барлық адамдарда бірдей деуге болмайды. Ал қоғамда болып жатқан жаңару процестері әр адамнан күнделікті шығармашылық қайтарымды талап етіп отыр.

Шығармашылық - бүкіл болмыстың, қозғалыстың, дамудың, бір сөзбен айтқанда тіршіліктің көзі, табиғат, қоғам құбылыстарында жеке адамның ақыл санысында, іс-әрекетінде, ішкі жан дүниесінде шығармашылықтың табиғи процестері үздіксіз жүріп жатады. Бұл процесс белгілі бір жүйемен дамиды. Ішкі шығармашылық процестері табиғат өзі басқарады. Ал сыртқы факторларды басқару, реттеу жеке адамның ой –санасына, айналысатын ісіне байланысты.

Адамның шығармашылыққа деген жанданысы, оның өз жекелігін, өзқабілеттерін іске асыруға деген жолын ашады. Шығармашылықтың мәнін аша отырып, оның әрекетін ұғымымен тығыз байланысты екенін анықтауға болады. Шығармашылық және әрекет диалектикалық біртұтастықты құрайды. Әрекетшығармашылық тудырып, оны нақты болмысқа айналдырсы, ол шығармашылық әрекетті реттейді, оның амалдарын тиімділігін анықтайды.

Шығармашылық әрекеті оқушылардың бейімін, қызығушылығын дамытуды, олардың шығармашылық күшін дамытуды, олардың шығармашылық күшін жетілдіруді көздейді. Шығармашылық әрекет концерттік қойылым, көркемөнерпаздар байқауы, көркемсөз оқу, қолөнер шеберлері және сурет көрмесінің байқауын ұйымдастыру формасында көрініс береді. Осындай әрекет барысында оқушылардың адамгершілік, әсерленушілік және ерік-жігер қасиеттерін тәрбиелеу міндеттері атқарылады.

Зерттеушілер шығармашылық әрекеттерге әр түрлі анықтамалар береді. Мысалы: И.Я.Лернер шығармашылық әрекет деп білім, білік, дағдыны жаңа жағдайға тасымалдай білуді, объектінің жаңа қызметін көре білуді, жаңа шешім табуды белгілейді.

А.Н.Лук шығармашылық әрекетті мәселені шешудегі көрегендікке, қырағылыққа балайды, идеяларды іске асыру болжай білу қабілеттерін атайды.

Шығармашылық қабілеттер шығармашылық елес, шығармашылық ойлау арқылы қалыптасады. Ал шығармашылық ойлау деп ойдың жылдамдығын, икемдігі, тапқырлығы, дәлдігі алынады.

Шығармашылық әрекет арқылы шығармашылық қасиеттер қалыптасады, әрі қарай дамиды.

Қабілеттің шығармашылық деңгейге көтерілуі неге байланысты деген сұрақтар әрбір адамды мазалайды. Шығармашылық әрекет - өте күрделі процесс және ол адамға ғана тән. Шығармашылық - адам іс-әрекетінің түрі. Мұндай әрекеттің ерекшелігі даму деңгейі текәлеуметтік факторларға емес, табиғи биологиялық факторларға байланысты. Бүгінде шығармашылық қабілеттердің дамуы басты нысана болып, ол оқушыда шығармашылықтың белгілірінің болмауы үлкен проблемаға айналып, ойландыруға тиісті кезге жеткен сияқтымыз. Өйткені өмірдегі сан алуан қиыншылықтарды шеше білу, мемлекетімізді өркениетке жеткізу тек шығармашыл адамдардың ғана қолынан келмек. Тек шығармашылық қана адамға өмірдің мәнін түсінуге, бақытын сезінуге, мүмкіндік туғызады.

Мұндай күрделі мәселені шешуде үздіксіз білім беру ісінің алғашқы сатыларының бірі болып саналатын бастауыш мектептің алар орны ерекше. Өйткені бастауыш мектеп:

1. Оқушылардың интеллетуалдық рухани, табиғи нышандарын дамытуға - өзінің қызығушылықтары мен бейімділіктерін іске қосуға;
2. Жеке адамның сезімдерін қалыптастыруға;
3. ұжымдық және іс-әрекеттер тәсіліне үйретуге;
4. Баланың еркін шығармашылықпен ойлауына, оның барлық қабілеттерін дамытуға, өз күшіне деген сенімінің болуына жағдай жасауы керек.

Шығармашылық – жаңа нәрсені ойлап табуға бағытталған қабілеттер деңгейі.

Қабілеттер проблемасы – оқушылардың жекелік айырмашылықтар проблемасы. Егер барлық адамдардың әрекеттің түрлерімен айналысуға арналған мүмкіндіктері бірдей болса, онда қабілеттер туралы сөз етпеуге де болар еді. Мүлдем еш нәрсеге қабілеті жоқ адам болмайды. Әр адам бойында бір нәрсеге деген қабілет болатындығы кеңестік психология ғылымының негізгі ережелерінің бірі, бірақ ол қабілеттер дәрежесі әр адамда әр түрлі деңгейде болады. Олардың іс-әрекеттің белгілі бір түріне қабілеті не жоғарылау, не төмендеу келеді. Бұған қарап мысалы, музыкаға, хореографияға немесе математикаға қабілеті төмен балаларды дарынсыздар қатарына жатқызу әсте дұрыс емес. Бұл оның қабілетінің басқа салада жатқындығының белгісі. Қабілеттер туа бітті қасиет емес, олар өмір сүру барысында іс-әрекет арқылы дамып отырады. Қабілетін деген термин адамдарың белгілі бір істі орындап, одан нәтижеге жеткізетін қасиетін білдіреді деуге болады.

Қабілет ұғымына берілген психикалық анықтамалар саны баршылық қабілет – іс-әрекеттің белгілі біртүрін ойдағыдай, нәтижелі орындауда көрінетін адамның жеке қасиеті – деп жазды академик Т.Тәжібаев. Қабілеттерін – адамның іс-әрекетінің белгілі бір түрін орындай алу мүмкіндіктері.

Қабілеттердің даму мәселесін зерттей келе А.Н.Монтев, А.В.Петровский, В.А.Куртецкий, Б.М.Теплов, В.С.Шубинский, М.Мұқанов, Т.Тәжібаев, Қ.Жарықбаев қабілеттер оқусыз әрі дамытынын, бірақ онда ол ұзақ процеске айналатындығын атады. Қабілеттер мәселесі зерттеушілердің назарын көптеп аударып келуде. Енді сол еңбектердің кейбіреулеріне тоқтала кетейін. Ең алғаш қабілеттер мәселесін көтерген С.Л.Рубинштейн. Ол іс-әрекеттің қабілетті дамытуындағы ролін нақтылады. Осыдан бастап қабілеттердің әрекетте дамытындығы жайлы теория қалыптасып, бұл екі теория бір тұтастықта қарастырылатын болды. А.Н.Леонтьев басқа ғалымдардың қабілеттерге берген анықтамаларына қосыла отырып, оларды дамытудағы әлеуметтік жағдайлардың шешуші роль болатындығына назар аударады. Педагогикалық қабілеттерді арнайы зерттеген Н.В.Кузмина оның құрамының үш түрлі қасиеттер тобынан тұратындығын анықтап, олардың бір-бірімен байланысын ашып көрсетеді.

Қорыта айтқанда, мектептегі барлық пәндер сияқты, музыка сабағы да оқушыларды азаматтық рухта тәрбиелеп, олардың дүниетанымын дамытып, ой-өрісін кеңейтуді, сонымен қатар музыка саласында білімін жетілдіруді мақсат етеді. Алайда музыка жай сабақ емес, өнер сабағы болғандықтан, оның өзіндік ерекшеліктері және атқаратын міндеттері бар. Атап айтқанда, оқушылардың дүниетанымы, өмірге деген көзқарасы музыкалық шығармаларды тыңдау немесе орындау кезінде алған әсерлену сезімі арқылы тәрбиеленеді. Сондықтан музыка және өмір деген ұғым әр сабақтың ең өзекті мәселесі болып отыруы шарт. Олай болса, оқышының сабақта қолданған барлық әдістері осы түйінді мәселені ашуға бағытталуы тиіс. Ал ән айту, музыка тыңдау дағдыларын үйрену музыкалық сұлулығын, әсем сазын терең түсініп, одан эстетикалық әсер, нәр алу жолдарын жеңілдетеді. Демек, музыка сабағында сезім мен саналылық, көркемдік пен шеберлік шыңдау бірігіп, тұтасып кетуі тиіс. Сонымен қатар оқушы сабақта жұмыстың ұжымдық, топтық, әрі жеке түрлерін алмастыра білуі тиіс.

Әдебиеттер:

1. Р.М.Қоянбаев. Қысқаша педагогикалық сөздіктер Алматы 2003. 26, 60 б.
2. Қазақ педагогикалық энциклопедия сөздігі. Алматы 1995. 120 б.
3. С.Ш.Әбенбаев.Сынып жетекшісі Алматы Дарын 2004. 44-66 б.
4. Мектептегі тәрбие жұмысы.Мектеп баспасы . Алматы 1978. 244-262 б.
5. О.С.Богданова; В.И.Петрова. Бастауыш кластардағы тәрбие жұмысының методикасы. Алматы Мектеп 1980.61-62 б.

**10-СЫНЫПТА ПРОЗАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН
ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**

Тұрсынханова А. Т., 1-курс магистранты

Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ., І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

Бүгінгі таңдағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдерінің мақсаты - оқушының сөз саптаудағы ойын анық, сауатты түрде айтқызып, жазғыза білу; өз бойындағы пікірді жүйелі, дәйекті етіп айта білуге баулу; білік дағдыларын қалыптастыру; тіл мәдениетін дамыту арқылы сөз өнерінің ерекшеліктерін ұғындыру. Аталған міндеттердің барлығын игеру нағыз білікті маманның ісі.

Зерттеу жұмысының жаңалығы - жаңа технологиялар бойынша оқыту әдістемесінің моделін ұсыну; 10-сыныптың бағдарламасында кездесетін прозалық шығармаларды оқытудың әдістемелік жүйесін таныстыру; прозалық көркем шығармалардың тақырыптары бойынша қысқа мерзімді жоспарда қолданатын әдістердің түрлерін ұсыну.

Негізгі міндет - қазақ әдебиетін оқытудағы 10-сынып оқушыларының сөйлеу мен ойлау мәдениетін прозалық шығармалар көмегімен тиімді әдіс-тәсілдердің негізінде қалыптастыру. Дұрыс ойлау мен сөйлеуді үйретуде оқушылардың интеллектуалдық деңгейі, өзін ұстау тәртіптері, рухани құндылықтарын жетілдіруі өте маңызды болып табылады.

Оқушының интеллектуалды дамуы оның өзін және бөтен адамдарды тани білуіне қарай танылады. Адамзат алдымен бір- бірімен танысып, кейін білісіп, сонан соң таниды. Бұл дегеніміз әлемді тану барысындағы теориялық ойлаудың бейімделу үдерісі.

Танысу сатысында оқушы заттың, құбылыстың сыртқы белгілерін танып- меңгереді. Яғни әдебиет сабағында ол ең алдымен шығарманың атауымен, авторымен танысады.

Оқушы жалпы заттардың немесе құбылыстардың өзіндік байланысы мен одан туындайтын қатынастардың түрін және мәнін біліп, анықтайды.

Бұл уақытта оқушы көркем шығарманың қай уақытта жазылғанын, қай жанрда екенін анықтап, мәтінмен бастан аяқ танысып, мазмұнын оқып біледі.

Тану барысында оқушы бастапқы екі сатыда меңгерген заңдылықтары негізінде идея құрап, адамдарға таңсық құбылыстарды танып, аша алатын қабілетін дамыта алады. Бұл дегеніміз, оқушы осы кезеңде, шығарманы талдап, өзіндік ой түйіп, тұжырым жасай алады.

Әдебиетті оқыту әдістемесінің маңызды тармағы оқушылардың әдеби шығармаларды оқуын ұйымдастырумен байланысты. Прозалық шығарма мәтінін оқу, әрине, күрделі де көпқырлы үдеріс.

Біліктілік деп мәтінді оқу арқылы, прозалық шығарманың идеясы мен тақырыбына, мазмұндық ерекшелігіне, сюжеті мен композициясына талдау жасай алуды айтамыз. Ал бүгінгі таңдағы оқушылардың дамыған технологияның түр-түрін күнделікті өмірдегі қолданыста пайдаланатынын ескеретін болсақ, оқушылардың кітап оқуға деген ынтасы - біршама қиын мәселе екендігі айқындала түседі.

Әсіресе, жоғары сынып оқушыларын ірі әрі көлемді шығармаларды оқытуға ынталандыру қиыннан қиын болып бара жатыр.

Күні бүгінгі оқушылардың шығармаларды мұқият, зер салып оқуға бет бұра алмай жүруінің өзі проблемаға оның ішінде әлеуметтік, әдістемелік проблемаларға жатады.

Шынында, оқушыларға көркем шығарманы талдатудың біз білетін бірнеше кезеңдері бары белгілі.

10-сыныптағы оқушылар болып жатқан оқиғаның немесе айналадағы құбылыстың себеп-салдарын білуге деген ынтасы, құлшысыны мен ұмытылысы өседі, көркем шығарманың қадір-қасиетін оның авторымен, шыққан тегімен, айналасындағы қоғамыммен, тарихи тағылымымен байланыстыра түсінуге талпынады. Дәл сол жастағы оқушы оқырман ретіндегі талаптарын жүйелей түсіріп, ақ пен қараны айыратындай дәрежеге жетері айдан анық.

10-сыныпта берілген прозалық шығармаларды оқытуда дәстүрлі оқу түрлері – кітапты мұғалімнің оқуы, рөлге бөліп оқу, өз бетімен оқу сияқты әдістермен ғана шектеуге болмайды.

Жаңа инновациялық технологияларды шеберлікпен және көбірек қолдану арқылы 10-сыныпта қазақ әдебиетінің прозалық шығармаларын жаңа және сапалы жүйеде оқыту дәстүрін қалыптастыру керек.

Қазақ әдебиетін оқытудың жаңа технологиялары – қазақ әдебиеті бойынша оқу бағдарламасында берілген проза жанрының қазақ әдебиетінен берілетін білім мазмұнын жүзеге асырушы тәсілдері жүйесі.

Бұл жүйеде білім берудің көздеген мақсат-міндеттеріне сәйкес формалары, әдістері мен құралдары өзара байланыспен орналасып, мұғалімнің шеберлігінің арқасында оқушылардың бірізділікпен білім алуы ұйымдастырылады.

Негізгі орта білімді аяқтап, аттестатын алған оқушылар 10-сыныпқа келгенде гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттың бірін таңдап, сол пәндер бойынша көбірек білім алады. Яғни, сынып гуманитарлық бағыттағы сынып болса, ондағы қазақ әдебиеті пәнінің де сағат саны көп болмақ. Оған сәйкес, оқу бағдарламасының мазмұны да өзгереді. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі бекіткен оқу бағдарламасына сәйкес 10-сыныпта гуманитарлық бағытта оқытылатын көркем шығармалар тізімі мынадай екен:

- 1) Абай Құнанбаев «Сегіз аяқ», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да», «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Болыс болдым, мінеки», «Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңдері; Он жетінші қарасөз, Отыз екінші қарасөз, Отыз үшінші қарасөз, «Ескендір» поэмасы;
- 2) Жүсіпбек Аймауытов «Ақбілек» романы;
- 3) Ә. Кекілбаев «Аңыздың ақыры» повесі;
- 4) М. Мағауин «Шақан - шері» романы;
- 5) Ш. Айтматов «Алғашқы ұстаз» повесі;
- 6) Ұ. Есдәулетов «Біз түркілерміз»;
- 7) Қ. Жұмаділов «Тағдыр» романы;

8) Шахмардан Құсайынов «Томирис» драмасы;

9) Ш. Мұртаза «Тәуекел той» әңгімесі [1].

Біздің зерттеуіміз тікелей прозалық шығармаларға қатысты болғандықтан, осы шығармалардың арасынан прозалық шығармаларды алып қарастырамыз.

10-сыныпта оқытылатын прозалық шығармалар тізімі:

1. Абай Құнанбаевтың 3 қара сөзі;

2. М.Сәрсекке «Қаныш Сәтбаев» роман-эссе;

3. А.Кемелбаева «Шашты» әңгімесі;

4. Т.Сұлтанбеков «Көшпелі алтын» ғылыми фантастикалық әңгіме;

5. Ш. Мұртаза «Бесеудің хаты» драмасы [1].

Әр шығарма өзінің мазмұнымен, формасымен ерекше болғандықтан, оларды оқыту кезінде әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланамыз.

Абайдың Он жетінші қара сөзін «*Мағынаны тану*» тәсілін қолдана отырып, шығарманың не туралы екендігін түсініп қана қоймай, өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Бұл әдіс тәсіл мағынаны ашып, мәнін тану үшін оқушы бұл кезеңде жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды.

А.Кемелбаева «Шашты» әңгімесін «*Вен диаграммасы*» арқылы талдап, ондағы дана қарт пен Кенжебек бейнесін салыстырып, екі кейіпкерді не байланыстырады соны анықтай аламыз. Әдістің ерекшелігі екі шеңбердегі нысанды жаза отырып, олардың қиысқан жеріне ортақ сипаттар тізіледі.

Ә. Кекілбаев «Аңыздың ақыры» повесін «*Борт журналы*» әдісімен талдай отырып, ондағы өзіне белгілі жайттарды, және сол оқығанда не белгілі болғанын біле алады. Бұл әдістің ерекшелігі оқушының аңғарымпаздығын, зеректігін байқатады. Біз ұсына алатын тағы бір әдіс тәсіл:

«*Зерттеудің алты қадамы*»

1. Тапсырманы анықтау: Мен нені анықтауым керек? Мен не істеймін? Мен қазір не білемін? Маған қандай лексика керек? Мен өз жұмысымды қалай таныстырамын?

2. Ақпараттың орналасқан орны: Мен ақпаратты қайдан таба аламын? Маған кім көмектесе алады?

3. Тиісті ресурстарды таңдау: Бұл ақпарат пайдалы ма? Мен нені сақтауым керек? Маған нені өшіріп тастау керек? Ресурстар қаншалықты сенімді болып табылады?

4. Ақпаратты ұйымдастыру: Мен жазбаларды өз сөзіммен жаза аламын ба?

Мен оларды қалай ұйымдастырамын? Мен ақпараттың қайдан алынғанын белгіледім бе? Мен жеткілікті ақпарат алдым ба?

5. Идеяларды ұсыну: Менен өз жұмысымды қалай таныстыруды сұрады? Мен оны қалай құрылымдауым керек? Мен өз жұмысымды кімдерге таныстыратын боламын? Мен тез тіл табысқышпын ба?

6. Соңғы өнімді бағамдау: Мен бірдемені қалдырып кеттім бе? Менің жұмысымның мәні бар ма? Мен орфографиялық және грамматикалық нормалардың сақталуын тексердім бе? Мен өз жұмысымды оқыған адамның алдында мақтаныш сезіне аламын ба? Мен не үйрендім? [2]

Біздің ойымызша, Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романын «*Фишбоун*» немесе «*Балық қаңқасы*» тәсілімен талдау түсініктірек болады. Бұл әдіс-тәсілде әр оқушыға романды толық оқып шығу керек болады, оқу барысында қаңқаның басына романда қарастырылатын проблема белгіленеді. Жоғары «қосымша бұтақтарына» проблеманың себебі белгіленеді, төменгі «сүйекшелерінде» оқу барысында себепті нақтылайтын дәйектер жазылады. Балықтың «құйрығына» қорытынды жазылады.

Қ. Жұмаділов «Тағдыр» романын «*Ой қозғау*» тәсілі арқылы шығармадағы басты проблеманы негізгі терминдер ретінде құрастырып, одан түйген ойды жеткізу. «Ой қозғау» тәсілінің ерекшелігі шығарманы оқу барысындағы көтерілген басты мәселелерді есте сақтай отырып, сол арқылы жазушының жеткізгісі келген ойын ұғыну.

М. Мағауин «Шақан - шері» романын «Бұл жауабы болса, онда сұрақ қандай болады?» деген әдіс - тәсілмен сабақ түсіндірген ыңғайлы секілді, себебі бұл тәсіл тек қана ойландырып қана қоймай, оқушы шапшаңдығын, ықшамдылығын талап етеді. Мәселен қалай? Оқушыларға сөйлемдер беріп, жауап ретінде осы сөйлемдерді алу үшін сұрақ қандай болатынын анықтауды сұраңыз. Бір оқушы екінші оқушыға «Шақан-шері» романының авторы Мұхтар Мағауин деген жауап болуы үшін сен қандай сұрақ қоюың керек деп сұрайды. Екінші оқушы ойланып, «Шақан-шері» романының авторы кім? деген секілді сұрақ қоя алады.

Ш.Мұртаза «Тәуекел той» әңгімесін «Үш пікір» деген тәсілмен шығарманың неліктен олай аталуын білуімізге болады және де оқушыларға қолдануға бұл тәсіл ыңғайлы. Тағы бір әдіс тәсіл:

«Егер ..., онда не болар еді?»

Оқушылардың бірі жүйрік қиялмен бір ситуация айтады, қалғандары соның шешімін тауып жалғастыру керек. Мысалы, «Егер қазақ халқында той болмаса, не болар еді?» деген секілді сұрақтармен жалғастырамыз.

Бұл тәсіл оқушылардың қиялын дамытып, мидың ойлау белсенділігін арттырады.

Ш. Айтматов «Алғашқы ұстаз» повесін «Данышпан үкілер» тәсілімен талдасақ болады. Оқушылар бұл тәсіл арқылы шығармадағы негізгі ойды, өзіне таңсық болған сөздерді тауып, оны талқылап пікірталасқа айналдырады. Бұл дегеніміз көппен бірге жұмыс жасай отырып, кімнің қандай дәрежеде оқығандығын, түсінгендігін көрсетеді.

«Құндылықтар спектрі»

Бұл форматта оқушылар топтары келісіп немесе келіспей арандататын мақұлдауларға жауап берулері керек. Бірнеше әдістері: оқушылардан жіптің қасына келіп өздері келісетін мақұлдаудың қасына келіп тұруды сұрайды, сондай-ақ, басында оқушылардан мақұлдауды топта талқылауды, кейін топтың атынан, жіптің немесе сызықтың, олар келісетін жағына, өз ұстанымдарын түсіндіре отырып, карточканы орналастыру сұралады.

• Ортақ проблемамен жұмыс істеу үшін, барлық оқушылар өз сұрақтары немесе тапсырмаларына сәйкес сарапшы топ болып, қайта топталады. Талқылау соңында әр оқушы өз сұрағы бойынша сарапшыға айналады, себебі сарапшы топта басқа оқушылармен ол сұрақты талқылады.

• Бастапқы топ қайта құрылады. Тарату басталады. Бастапқы топқа соңғы тапсырма беріледі. Бұл шешім немесе жаңа тапсырма болуы мүмкін. Бұл жаттығудың шешуші мәні — тапсырманы аяқтау үшін оқушылардың бастапқы топтың біріккен «даналығын» құруы болып табылады [2].

Абай Құнанбаевтың үшінші қара сөзін «Дарабоз» тәсілімен талдау арқылы бала еңбегін сабақта бағалауға рейтинг жүйесінің қарапайым түрін ұсынар едік. Мұғалім өзінің жеке шығармашылық журналы төмендегі бағытта бағалау жүйесін қолданады. Бұл баланың төмен баға алу қорқынышынан туатын қажетсіз әрекеттерінен арылып, шынайы еңбегімен көрінуге ұмтылуына ықпал етеді. Ұжымда демократиялық қатынастар орнатуға қызмет етеді.

Ұтымдылығы – бірінші орында баланың қабілетінен гөрі еңбектенуі тұратындығында. Тынымсыз еңбек қабілетті дамытады. Баланың сенімділігі мен қызығушылығын ұштайды.

Бала еңбегі мынадай бағыттарда жан-жақты бағаланғаны жөн:

1. сабаққа қатысуы;
2. оған даярлығы;
3. тапсырманы орындауы;
4. өзіндік жұмысы;
5. ынтасы;
6. сабақтағы жауабы.

Мұндай жағдайда «екі» деген баға болмайды, себебі өзін ықтырып, үркітетін бағаны емес, жинақталған балды көріп, кемшілігін түзетуге мүмкіндігі бар екеніне сенімді болар еді.

Тағы бір ерекше әрі қызықты әдіс бар ол:

«DEAL»

D – Describe – баяндау, суреттеу (оқығанды, көргенді сипаттау, сынау, өлшеу).

E – Explain – түсіндіру (құбылыс немесе оқиға бойынша не білетіндерін, түсінгендерін суреттеу).

A – Analyse – талдау (ақпаратты талдау, қорытынды жасау, себептерін атау).

L – Links – байланыс (болжамдар немесе қорытынды жасау, өзінде бар біліммен байланыстыру). Бұл оқушының мазмұндап айтуымен қатар оның қиялының ұшқырлығын байқай аламыз. Сөз саптаудағы түсіндірмесін, мәліметтерді есте сақтай отырып, қорытындылай білуіне зор септігін тигізеді [2].

Біздің ойымызша, прозалық туындыны оқытудың ең бастысы, сол көркем туынды туралы оқушы пікірі, ойына ерекше көңіл бөлген жөн. Бұл пәннің басқа пәндерді оқытудан өзгешілігі де, күрделілігі де осында.

Прозалық шығармаларды оқу кезінде мұғалім мен оқушының бірлесе отырып қол жеткізген жетістігі – оқушының шығарма тереңіне бойлай алуы, оны жан-дүниесімен сезініп, қабылдай алуы, содан қорытынды шығара білуі. Қазіргі таңда прозалық шығармаларды оқыту әдістемесінде сабақ барысында талдау жасаудың төмендегідей түрлері көптеп пайдаланылады:

- Шығармадағы образ бойынша;
- Шығарманың тақырыптық идеясы бойынша;
- Шығарманың тұтас мазмұны бойынша [3].

Ойымызды қорытындылар болсақ, мектеп оқушыларының рухани дүниесін кемел етіп, оны одан сайын байыта түсу үшін олардың бойына әдебиетпен бірге қамқорлық, адалдық, адамгершілік, эстетикалық, көркемдік сияқты қасиеттерді сіңіру керек. Соның ішінде, прозалық шығармаларды оқыту кезінде әдіс-тәсілдерді ұтымды пайдалана алсақ, болашақ ұрпақтың бойына ең ізгі қасиеттерді дарыта аламыз.

Орта мектептерде оқытылатын барлық пәндер оқушыларға өмірдің құпиясын ашып, жаратылыспен жете танысуға мүмкіндік береді. Ал, сол пәндердің ішінде әдебиет пәні өмірді танудың негізгі құралы, «өмір» қақпасының негізгі кілті бола отырып, өмірдегі әра алуан проблемаларды, көкейкесті мәселелерді терең әрі жан-жақты қарастырып, адам атаулының тіршілігі мен сыртқы болмысына тереңінен сүнгиді.

Сөзіміздің соңын қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің Хан-апасы Қанипа Бітібаеваның мына бір сөзімен түйіндесек: «Мұғалімдер қауымының көтеріп жүрген, болашақта көтеретін жүгі аса ауқымды. Қай кезең, қай заманда болмасын, оның шамшырағы, жарық жұлдызы ұстаздар болды, солай бола бермек. Өркениетті елдер қатарына жету экономикалық байлықтан ғана емес, ең алдымен, білімге тікелей байланысты. Себебі экономикалық өрлеуінің өзі тікелей ғылым-білімге тәуелді екенін түсіндіріп жатудың қажеті жоқ қой деп ойлаймыз» [4].

Әдебиеттер:

1. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. Алматы «Жазушы» 2011.
2. Тойбазарова Н. Интербелсенді оқыту технологиясы. – Нұр-Сұлтан: «Тұран-Астана» университетінің баспаханасы, 2019. – 85 бет
3. Жұмақаева Б. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Алматы: Қыздар университеті, 2015. – 114 бет
4. Бітібаева Қ. Әдебиетті тереңдетіп оқыту: Екінші басылымы. – Алматы: Мектеп, 2003. – 265 бет
5. ҚР Оқу-ағарту министрлігі. 2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық Білім академиясы, 2022. – 332 бет

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАННЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫН ТАРИХИ БІЛІМ БЕРУДЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Хамитова Ә. Б., 1 курс магистранты

Қазақстан Республикасы, Семей қ., Шәкәрім атындағы университет,

Отандық тарих ғылымын жаңа көзқарас тұрғысынан Алаш зиялыларының еліміздің тәуелсіздік үшін күресте ұлттық демократиялық көзқарастары зерделенуде. Сондықтан тарих оқулығындағы ХХ ғасырға байланысты тақырыптарды оқытқанда, осы кезеңнің ерекшелігіне арнайы тоқталып, жан-жақты талдау жасалу керек. Ол жұмыс қазақтың көрнекті мемлекет қайраткері, ХХ ғасырдың басындағы шынайы ұлт көсемі, публицист, энциклопедист-ғалым Әлихан Бөкейханның рухани мұрасының бүгінгі күнмен сабақтастығын көрсетуден басталғаны дұрыс.

Әлихан Бөкейханұлының рухани мұрасын отандық тарихтың дереккөздері ретінде қарап оқытудың өзектілігі маңызды. Біздің мақаламыздың басты мақсаты — жалпы оқу үрдісінде отандық тарихтың өзекті мәселелерін оқытуда оның еңбектерін пайдаланудың әдістемелік негіздерін көрсету.

Тарихты оқытуда, зерттеуде әртүрлі әдістер қолданылады. Соның бірі тарихи тұлғаны зерттеудегі жүйелеу, талдау, салыстыру, инновациялық әдістері. Бүгінде Қазақстан тарихын оқытуда қойылатын негізгі талап пен әдіс: тарихи мазмұн мен педагогикалық ойдың толықтығы; оның алға қойған мақсатқа сәйкестігі; білімнің ғылымилығы; тарихи деректердің анықтығы; түрлі білім көздерін қолдану. Оның ішінде отандық тұлғатанудың қазіргі заманғы методологиялық әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, тарихи тұлғалардың қызметі мен тарихтағы алар орнын бағалаудың өлшемдерінің қалыптасуы тарих мазмұнын жаңалауда объективті тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Осындай инновациялық ақпараттық әдіс-тәсілдердің бірі — «Prezi», «MindMeister», «LearningApps» «Jamboard» онлайн электронды тақтасы және әртүрлі оқытудағы қызықты танымдық бағдарламалар.

«Prezi» бағдарламасы түрлі 3D презентациялар жасау үшін өте ыңғайлы. Бұл бағдарламаны тарих сабағындағы түрлі оқиғаларды баяндау, жобалық зерттеу жұмысын қорғау кезінде қолдануға болады. «MindMeister» ол интеллект картасы, ой картасы, яғни диаграмма түріндегі графикалық жазбаны қолдана отырып, тұжырымдамаларды құру әдісі. «LearningApps» — бұл әртүрлі пәндер бойынша интерактивті оқу-әдістемелік қосымшалар жасауға мүмкіндік беретін білім беру процесін қолдау үшін арналған сервис. «Jamboard» онлайн электронды тақтасы сабақ барысында салыстырмалы, сәйкестендіру әдісін қолдануға болатын арнайы бағдарлама.

Осылайша тарихи тұлғалардың шығармаларын оқытудағы әртүрлі тәсілдерді пайдалану арқылы мақаланың мақсатына жетуге мүмкіндік болды. Мақаланың мақсатына жету жолында тарихты оқытудағы жаңашылдыққа ерекше көңіл бөлінді. Соның ішінде жаңартылған білім мазмұнына сәйкес әдістемелік жүйенің спиральды, сараланған, тұлғалық қасиетті қалыптастыруға бағытталған, сын тұрғысынан ойлау технологиялары арқылы тақырыпты өрбіріп көрелік. Орта мектептің 8-сыныптарында оқытылатын Қазақстан тарихы пәніндегі негізгі тақырыптарды оқыту барысында Әлихан Бөкейхан еңбектеріне сүйеніп, қысқа мерзімді сабақ жоспарын құруға болады.

Жалпы сабақты КМЖ жоспары арқылы жүргізуде сабақтың мақсатын ақындаймыз. Білімділік қабілетін айқындауда оқушыларға Алаш партиясының жетекшісі Әлихан Бөкейхановтың өмірімен таныстыру мәселесі анықталады. Екіншіден, дамытушылық қабілеті айқындалады. Демек, танымдық білімдерін арттыру, ой-өрісін жан жақты жетілдіру. Сөздік қорын байыту. Қорытынды жасау дағдыларын арттыру. Үшіншіден, тәрбиелік қабілетін айқындау, оқушыларға қазақтың мақтанышын үлгі ету. Отанын ,туған жерін сүйетін жас ұрпақты тәрбиелеу.

Мектептегі тарих сабағының басында оның «Қазақстан тарихы» деген мақаласынан мынандай үзіндіні келтірсек: «... Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, қайда тұрғандығын, не істеп, не қоятындығын білмейді, келешекте басына қандай күн туатынына көзі жетпейді. Бір

халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынан өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады. Дүниеде өзге жұрттар қатарында келе, қор болмайтын, тұқымым құрып қалмасын деген халық өзінің шежіресін иманы дәрежесінде ұғып білуге тиіс...» [1, 20].

Орта мектептегі тарих оқулығындағы күрделі тақырыптардың бірі ХХ ғасырдың басындағы Қазақстанның саяси-әлеуметтік дамуы. Осы мәселелердің мәнін ашу кезінде Әлихан Бөкейханның Қазақстандағы саяси-идеялық ахуал туралы пікірі, ұсыныстары баяндалады. Мысалы, «Мен кадет партиясынан неге шықтым?» [2, 261] еңбегін пайдалану қажет. Бұл еңбектің мазмұнында мына оқиғалар түсіндіріледі: Ол 1906 жылы кадеттер партиясының орталық комитетіне мүше болып сайланған еді. Кадет партиясының бағдарламасының негізгі идеясы Ресейде парламенттік басқару жүйесін енгізуге бағытталған. Қазақ зиялылары парламенттік басқаруға көп үміт артты, оның болашағымен қазақ қоғамының саяси прогреске көтерілуін тікелей байланыстырды. Осыған орай 1905 жылы желтоқсанда Әлихан Бөкейханның басшылығымен Орал қаласында кадет партиясының қазақ қоғамындағы филиалы құрылды. 1906–1917 жылдар аралығындағы кадет партиясының талаптары Алаш зиялыларының пікірінше, басқа саяси партияларға қарағанда демократиялық, либералдық, реформалық сипаттарымен қазақ халқының мүддесіне, даму эволюциясына біршама жақын келді. Қазақ зиялылары да партияны құру арқылы парламенттік, конституциялық жолмен болашақта республика мәртебесі бар ұлттық автономияға қол жеткізуге болады деген пікірде болды. Алайда, 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін, кадеттер партиясының басшылары, тек Польша мен Финляндияның ғана өзінің мемлекеттік құрылымын өзі шешу құқығын мойындап, Ресейдің құрамындағы басқа халықтардың жеке мемлекеттік, өзін-өзі билеу дәрежесіне өзі ие болуына үзілдікесілді қарсы болды. Осыған байланысты Әлихан Бөкейхан былай деп жазды: «кадеттер партиясы жер адамға меншікті болып берілсе де, жөн дейді. Кадет партиясы ұлт автономиясына қарсы. Біз Алаш ұранды жұрт жиылып, Ұлт автономиясын тікпек болдық... біздің қазақ-қырғыз дін ісін көркейтетін болса, үкімет ісінен бөліп қойған оң болады жазылу тарихына байланысты тарихи-саяси оқиғалар тізбегін түсіндіру оқушыларға тақырыпты меңгеруге көмек беретін сөзсіз.

Сонымен қатар, «ХХ ғасырдың бас кезеңіндегі Қазақстан» деп аталатын тараудағы негізгі сұрақтардың бірі мерзімді басылымдардың шығуы және оның тарихи маңызы. Осы мәселелерді оқыту барысында білім мен тәрбиені қатар беру үрдісі жүреді. Сондықтан да 1911–1915 жж. шығып тұрған «Айқап» және 1913–1918 жылдардағы «Қазақ» газеті сияқты басылымдарындағы Әлихан Бөкейханның рөлін көрсету өте орынды болады. Ол үшін «Қазақ» газетінің беттеріндегі ұлт болашағын ойлаған, жазған пікірлерін талдау арқылы тақырыпты ашуға болады. Осы арқылы сабақта ұлттық баспасөздің қоғамдық-саяси сананы оятудағы рөліне баға беру арқылы ХХІ ғасырдағы ақпараттық құралдардың тарихи маңыздылығымен байланыстыра түсіндіру керек. 8-сыныпта «ХХ ғасырдың бас кезеңіндегі Қазақстан» тақырыбы бойынша қазақ зиялыларының Ресей империясының Мемлекеттік Думасындағы қызметіне баға беру мақсатын түсіндірген кезде Әлихан Бөкейханның «Сайлау», «Саясат күйі», «Петроград хаты» [1, 177] деген танымдық, тәрбиелік мәні бар мақалаларын талдаған жөн. Мақаланың негізгі мазмұны Қазақ даласында үш жылда бір өтетін сайлаудың барысы жайлы Әлихан Бөкейхан оны былай түсіндіреді: «... сайлау сайын жұрт өрт шыққандай, жау шапқандай жанталасып әбігер болады... өстіп жұрт бүлінгендегісі не? Болыстық, билік, ауылнайлық, елбасылық... ары қарай қазақ сайлауын Европа сайлауымен салыстырып, болашақта білімді, оқыған, білетін адамдардың сайлауға қатысып, ел басқару ісіне араласқаны дұрыс», — деген пікір айтып, сайлаудың мағынасын түсіндіріп: «Болыс, би, ауылнай һәм елу басы болмақ...» жұрт үшін қылатын қызметі (яғни халыққа қызмет жасау — Авт.), ақыл да, ұсталық та (өз ісінің шебері, кәсібилік мағынасында — Авт.) оқумен, істеумен (тәжірибемен — Авт.) жүре ұлғаяды. «Дүниядағы жер билігі күннен-күнге ақылды, ұста жұрт қолына ауып барады... Жұртқа ғаділ би пайдалы, көпке сүйенген, көп сөзін тыңдаған, билігін орнына салатын, арам жемейтін (парақор емес — Авт.), іс білетін (профессионал — Авт.), халық үшін жаумен айтысатын болыс пайдалы... Бұған ең құрметті

ақсақал, ғаділ, жұрт қамшыл, сатылмайтын жөн білетін жақсыны сайлау керек» [3, 31]. Осы мақаланың бүгінгі тәуелсіз Қазақстан үшін зор мәні бар екенін түсіндіргенде тақырып ашылады, оқушының білімінің өсуіне зор ықпал жасайды.

Қазақстанның XX ғасырдың басындағы экономикалық мәселелерге байланысты күрделі сұрақтарының бірі — қазақ жеріне орыс шаруаларының қоныстануы және қазаққа 15 десятинадан жер бөліп беру мәселесіне арналған. Тақырыптың негізгі мақсатына жету үшін оқулықтағы берілген материалдарды толықтыра түсу үшін Әлихан Бөкейханның «Көшпелі Һәм отырықшы норма» деп аталатын еңбегіндегі патша үкіметінің қоныстандыру саясатының мәнін түсіндіретін ой-пікірін талдау керек. Сонымен қатар, оның «егер қазақ 15 десятинадан берілетін жерді алуға келіссе, қазақ жеріне келетін, қара шекпенділер саны өсе түседі, ал ол өз кезегінде қазақтың өз жерінде азшылыққа айналып, барлық құнарлы жерінен айырылатындығын» түсіндіріп жазғанын айту керек. Осы сұрақты толықтыра түсу үшін Әлихан Бөкейханның «Жауап хат» деген еңбегінен үзінді келтірсе болады.


Мысалы, ол былай дейді: «сол 15 десятинадан жер алам десендер...». 1. Қазақтың бас адамдары! Әуелі сіздер адаспаңдар, ынтымақпен іс істеңдер. 2. Қазақтың байлары, күштілері! Жарлы-жақыбайлы нашарларды жермен теңгеріңіздер (жер беріңдер — Авт.) ... 3. Алашқа аты шыққан адамдар! Көсемдіктеріңізден адаспай, түзу істеңдер! Сіздер адассаңыздар, аттарыңнан адасады. Арттарыңнан ергендердің обал-сауабына сіздер қаласыздар...». Оның осы ой-пікірінде ел ішіндегі жақсы, беделді, ауқатты адамдарды ұлтының қамын ойласын, үлгі берсін деген үндеу бар екенін түсіндіргенде, Әлихан Бөкейханның еш уақытта тек байлардың қамын ойлаған деген пікір қате, оның жаулары оған байшыл деп жала жапқаны көрінеді. Әлихан Бөкейханның осы жазған еңбектерін дұрыс түсіндіріп талдаса, тақырыптың мәнін ашуға мүмкіндік туады. 8-сыныпта оқытылатын Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы тақырыбын оқытқанда, оқулықтағы Алаш зиялыларының көтеріліс туралы пікірлері, жазалаушы отряд, соғыс жайлы үстіртін берілген мәтіндерді толықтыру қажет. Ол үшін Әлихан Бөкейханның «Тағы да соғыс», «Қазақтан солдат алына ма?», «Күнбатыс майданынан», «Мәскеу хаты», «Бұратаналар тақырыбы», «Қазақ жұртына», «Алаштың азаматына» [4] деген мақалаларында берілген соғыстың шығу себебі, екі әскери одақтың құрылу тарихын сипаттай келе ол былай дейді: «...бұл соғысқа (1914 жылғы бірінші дүниежүзілік соғыс — Авт.) Россия кіретін болды. Россия кіріскен соң Германия амалсыз кіріскелі тұр. Австриямен әуелде жасасқан шарттары солай... Кім жықса да (жеңседе — Авт.) Еуропа, Азия жері қайта бөліске... салынар. Осындай зор саясат ісінен хабарсыз жату біздің оқушыларға жарайма?».

8-сынып оқулығындағы «Алаш қозғалысы» және «Алаш партиясының құрылуы» деген тақырып бар. Осы тақырыпты түсіндіру барысында Әлихан Бөкейханның тарихи тұлғасын көрсетуде «Алаш партиясы», «Екінші жалпы қазақ съезі» атты мақалаларындағы партия бағдарламасын талдау қажет. 1917 жылы 21 қарашада «Қазақ» газетінде «Алаш» партиясының бағдарламасының жобасы жарияланды.

Бағдарлама 10 бөлімнен тұрады: 1. Мемлекет қалпы. 2. Жергілікті бостандық. 3. Негізгі құқық. 4. Дін ісі. 5. Билік Һәм сот. 6. Ел қорғау. 7. Салық. 8. Жұмысшылар. 9. Ғылым-білім үйрету. 10. Жер мәселесі [5, 37].

Сонымен қатар, оның азаттық жолындағы күресте, қазақтың қамын ойлаған, болашағына сенген, өзге ұлт өкілдері мен достастығына тоқталып, олар туралы Әлихан Бөкейханның жазған еңбектерін талдаса дұрыс болады. Мысалы, оның «Г.Н. Потанин» деген еңбегі бар [6, 180]. Бұл еңбекте Алаш зиялыларының арманын, Алаш қозғалысының түпкі мақсаты қандай екенін, Потанин сөзімен берген: «... Елдің тұрмысын, тілін, мінезін білмеген кісі көш басын алып жүре алмайды. Олай болса көп ұлттан құралған Ресейді бір орыстың билеймін дегенінде мағына жоқ. Ресей өзге тілі, тұрмысы, қаны басқа жұртқа автономия беруі керек. Қазақты автономия қылсақ. Қараөткел (қазіргі Астананың тұрған жері — Авт.) Алаштың ортасы, сонда университет салып қазақтың ұлын, қызық оқытсақ, Қозы-Көрпеш–Баянды шығарған, Шоқан, Абай, Ахмет, Міржақыпты тапқан қазақтың кім екенін Еуропа сонда білер еді-ау», — деген Потаниннің ой-пікірін береді. XX ғ. басындағы қазақ

интеллигенциясының көрнекті өкілдері тарауы бойынша оқушыларға тарихи тұлға туралы теориялық түсініктер беру керек. Ол үшін «Н. Нұрмақов — тарихи тұлға: деректік және тарихнамалық талдау» атты монографияның «Тарихи тұлға: теория және методология» атты бірінші тарауы оқытып, одан кейбір тұжырымдарды алған дұрыс. Бұл тарихи фактіні методологиялық тұрғыдан арнайы зерттегенде тұлғалардың тарихи рөлін ашуға мүмкіндік береді. Осындай тұжырымды ХХ ғасырдың басында ақын С.Торайғыров айтқан: Дулатов, Байтұрсынов, Бөкейханов, Білемін бұл үш ердің айтпай жайын. Кешегі қара күнде болмап па еді, Бірі күн, бірі шолпан, бірі айым. Солардан басқа кеше кім бар еді, Қазақ үшін шам қылған жүрек май [7, 26].



ХХ ғасырдың басында Қазақстанның саяси-экономикалық даму тақырыбын оқыту барысында оқытудың әртүрлі технологияларына сүйеніп, оқушыларға сапалы білім беру бүгінде басты мақсат, себебі бұл білімнің нәтижесін бағалауға мүмкіндік береді. Сондықтан Әлихан Бөкейханның еңбектері арқылы Қазақстан тарихын оқыту мен тәрбиелеу кезінде қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды


қолдану, оқушылардың белсенділігін арттырып, олардың танымдық және зерттеу қызметін тиімді ұйымдастыруына, шығармашылық қасиеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Сабақ барысында қолдануға болатын ақпараттық технологиялардың бірі — «Prezi» [8] бағдарламасы. «Prezi» бағдарламасында 3D эскиздерді қолдану арқылы Ә.Бөкейханның ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамының дамуы туралы ой-пікірлерін түсіндіруге болады. Презентация барысында «Әлихан Бөкейхан ел басқару ісінде ұстанған негізгі қағидаларына сараптама жасауға болады. Бұл бағдарламаны тарих сабағындағы Әлихан Бөкейханның ұлт жанашыры, ұлт көсемі болатын бейнесін көрсету және жобалық зерттеу жұмысын қорғау кезінде қолдануға болады (Осы тақырыпты тереңдетіп оқыту үшін «MindMeister» [9] атты ақпараттық технологияны қолданған дұрыс. Оқушыларға «MindMeister» бағдарламасы жөнінде түсіндіргеннен кейін, «Әлихан Бөкейхан — Ұлы дала елінің жаңғырту жолын көрсетуші» тақырыбы бойынша тапсырма беріледі. Бұл тапсырма мынандай дескрипторлар



бойынша орындалуы тиіс: – ХХ ғасырдың басындағы Қазақстанның жағдайына шолу жасайды; – Ә.Бөкейханның Қазақстанның ХХ ғасырдың басындағы саяси-экономикалық дамуы туралы пікірінен үзінді келтіреді; – Ә.Бөкейханның жер мәселелесі жөнінде көзқарасын талдайды; – Ә.Бөкейхан пікірі бойынша ХХ ғасырдың басындағы Қазақстанның дамуының жол картасын дайындайды..

«MindMeister» бағдарламасы арқылы жасалған тапсырма ХХ ғасырдың басындағы Қазақстан тақырыбы бойынша «LearningApps» [10] интерактивті оқуәдістемелік қосымшасының бағдарламасын қолданып, үй тапсырмасын сұрауға болады. «LearningApps» құралдары әртүрлі интерактивті тапсырмаларды жасауға мүмкіндік беретіндігін түсіндіріп, соның негізінде ХХ ғасырдың басындағы Қазақстанның дамуы туралы Алаш зиялыларының көзқарастарын викторина, сұрыптау, топтастыру, жіктеу, мәтінді енгізу, кроссворд, уақытша таспа және т.б. әдіс-тәсілдері арқылы үй тапсырмасын орындалуын тексеру қажет.

Мысалы «Айқап» журналының жер туралы ұстанымы мен «Қазақ» газетіндегі Алаш зиялыларының көзқарастарын салыстыру қажет» «Алаш зиялыларының оқу мен білім туралы пікірлерін сәйкестендір» деген тапсырмаларын құрып, орындатуға болады. (Сурет 3) «LearningApps» бағдарламасымен жасалған салыстыру тапсырмасы «LearningApps» бағдарламасымен жасалған тапсырма.



Қорыта айтқанда «XX ғасырдың басындағы Қазақстан» деп аталатын тақырыптың маңыздылығы — азаттық идеясының жаңаша сипат алғандығын жас ұрпаққа түсіндіру болды. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның қалыптасып, дамуы XX ғасырдың басындағы Алаш зиялыларының еңбектеріндегі көрсетілген басты ұстаным негіз болды. Соның нақты дәлелі Әлихан Бөкейханның мақалада талданған рухани мұрасы және өсиеттері бүгінгі күнмен сабақтастырылып берілді. Мысалы: «Ұлтына, жұртына қызмет ету — білімнен емес, мінезден», «Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын». Мақалада Ә. Бөкейханның ұлт қамын, ел болашағына алаңдаған ой-пікірлері талқыланып, оның әр еңбегі ұлттық идея, ұлттық санадан ешқашан айнымағандығы дәлелденді. Алаш қозғалысы көсемінің ғибраты, жүріп өткен жолы, азаттық жолындағы күресі — тәуелсіз мемлекет құрған, егемен ел болған бүгінгі қазақ баласының үлкеніне де, кішісіне де тағылым болғандығы жаңа әдіс-тәсілдермен оқушыларға түсіндіруге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. «Қазақ» газеті: Алаш азаматтарының рухына бағышталады / Құраст. Ү. Субханбердина, С. Дәуітов. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. — 568 б.
2. Бөкейхан Ә. Шығармалары / Ә. Бөкейхан. — Алматы: Қазақстан, 1994. — 384 б.
3. Бейсенбекова Н.А. Сарыарқаның ұлы азаматтары (XX ғасырдың басы) / Н.А. Бейсенбекова, З.Ғ. Сақтағанова, Л.Қ. Шотбақова. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2008. — 438 б.
4. Бөкейхан Әлихан Нұрмұхамедұлы (1866–1937). Шығармаларының 9 томдық толық жинағы. Т. 6 / Құраст.: Жүсіп Сұлтан Хан Аққұлұлы. — Астана: «Сарыарқа», 2013. — 520 б.
5. Бейсенбекова Н.А. Әлихан Бөкейхан — ұлт мақтанышы / Н.А. Бейсенбекова, Г.М. Смағұлова, Л.К. Шотбақова. — Қарағанды: Гласир, 2016. — 198 б.
6. Бейсенбекова Н.А. Қазақстан тарихының тарихнамасы / Н.А. Бейсенбекова. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2009. — 250 б.
7. Бейсенбекова Н.А. Н. Нұрмақов — тарихи тұлға: деректік және тарихнамалық талдау / Н.А. Бейсенбекова, Г.М. Смағұлова, Л.К. Шотбақова. — Қарағанды: «Таис» баспаханасы, 2020. — 213 б.
8. <https://prezi.com/dashboard/next/#/presentations>.
9. <https://www.mindmeister.com/ru/mm/signup/basic>.
10. <https://learningapps.org/>.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

*Ахметжанова Н. М., 7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті ББ-ның I курс магистранты
Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ., I.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті*

Білім алушыларды зерттеу жұмысына тарту проблемасы XVIII-XIX ғасырларда шетелдік педагогтардың еңбектерінде қарастырылды. Дж. Дьюи, Ж.Ж.Руссо, И.Песталоцци және басқалар оқушыларды зерттеу жұмысына баулу арқылы оларды әлемді тануға ынталандыру идеясын алға тартты. Ресейде бұл көзқарасты К.Д.Ушинский қолдады.

Оқушылардың зерттеу іс-әрекетінің психологиялық негізі олардың әрбір адамға тән ізденіс әрекеті болып табылады. Ол мінез-құлық механизмін іске қосатын және жұмыс істеткізетін қозғалтқыш мотив ретінде әрекет етеді.

«Жалпы білім беретін мектептің өзекті мәселесі оқушылардың зерттеушілік құзыреттілік арқылы ғылыми ақпараттарды қалай алуға және өңдеуге үйрету болса, жоғары сынып оқушысы сол құзыреттілікті қалай меңгергенін көрсетеді. Егер білім неғұрлым терең, жүйелі, саналы болса, оқушы есінде соғұрлым ұзақ әрі берік сақталады. Сонда ғана жоғары сынып оқушысы зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін дұрыс және толығымен тұжырымдап, теориялық және эмпирикалық зерттеулердің әртүрлі әдістерін қолдана отырып, зерттеу мәселесіне қатысты әдебиеттерді талдай алады» [1,187].

Тұлғаның ізденімпаздық мінез-құлқы әдеттегі өмірлік жағдайларда, стандартты өмір немесе кәсіби мәселелерді шешуде көрінбейді. Адам мінез-құлқының ізденімпаздық сипаты проблемалық жағдайлар туындаған жағдайда, мәселені объективті түрде шешу, қажеттілікті әдеттегі жолдар мен құралдармен қанағаттандыру мүмкін болмаған кезде үлкен маңызға ие. Оқушының ғылыми-зерттеу әрекетін ізденіс әрекеті механизмдерінің жұмыс істеуі нәтижесінде туындайтын және зерттеушілік мінез-құлық негізінде құрылған интеллектуалдық және шығармашылық қызметтің ерекше түрі ретінде қарастырған жөн.

Ғылыми-зерттеу іс-әрекетін табысты жүзеге асыру үшін субъектіге нақты зерттеу қызметін табысты жүзеге асырудың шарты зерттеушілік қабілеттер қажет болып табылады.

Зерттеу қабілеттері ізденіс әрекетінің тұлға бойында көрініс табуы, маңыздылығы, зерттеу іс-әрекетінің әдістері мен тәсілдерін меңгеру деңгейі арқылы ашылады. «Зерттеу іс-әрекетінің тәсілдері мен әдістері» дегенде мына мәселелерді ескеру керек: мәселеі айқындау, сұрақтар қою, гипотеза қою, ұғымдарды анықтау, жіктеу, бақылау, эксперименттер жүргізу, қорытындылар жасау, материалды құрылымдау, түсіндіру, дәлелдеу және қорғау.

Зерттеу қызметі барысында білім алушылар өздері үшін жаңа білім беру өнімдерін (гипотезалар, әдістер, құралдар, қорытындылар) жасайды және сол арқылы өздерінің шығармашылық қабілеттерін дамытады. Бұл олардың білім берудегі және одан әрі кәсіби қызметтегі жетістіктерін арттырады.

Д.Б. Богоявленская, бұл шығармашылық адам бәсекеге қабілетті. Жеке тұлғаның жеке өзін-өзі жүзеге асыруы үшін өзіне деген сенімділік, шығармашылық ойлау, бастамашылық, ақылға қонымды тәуекелге бару, жетістіктерге мотивация, өзін-өзі лайықты бағалау, серіктестермен ынтымақтаса білу, жоғары тиімділік сияқты қасиеттер маңызды. Бұл қасиеттер оқушылардың бойында зерттеу әрекеті барысында қалыптасады [2, 45].

Мектеп оқушыларының түрлі деңгейдегі конкурстарға, олимпиадаларға, конференцияларға, пәндік апталықтарға, интеллектуалдық марафондарға белсенді қатысуы қарастырылған іс-шаралар шеңберінде білім беру зерттеулерін немесе оның элементтерін жүзеге асыруды көздейді.

Оқушылардың ғылыми-зерттеу әрекетінің бірнеше түрлері бар:

- ситуациялық-реферативті. Жұмыстың бұл түрі оқушының мәселені жариялау және оны шешудің нұсқаларын жобалау мақсатында әртүрлі әдеби көздерден алынған мәліметтердің аналитикалық байланысын жүзеге асыратындығымен ерекшеленеді;

- аналитикалық-жүйелеуші. Жұмыстың бұл түрінде зерттелетін процестер мен құбылыстардың сандық және сапалық көрсеткіштерін бақылау, бекіту, талдау, синтездеу, жүйелеу жүреді;
- диагностикалық-болжамдық. Бұл қызмет зерттелетін жүйелердің, құбылыстардың, процестердің сапалық және сандық өзгерістерін зерттеуді, қадағалауды, түсіндіруді және болжауды, олардың болашақтағы жағдайы туралы ықтимал пайымдаулар ретінде болжам жасайды. Әдетте ғылыми-техникалық, экономикалық, саяси және әлеуметтік болжамдар жүзеге асырылады;
- өнертапқыштық-рационализаторлық. Қызметтің бұл түрі қолда бар механизмдерді, құрылғыларды жетілдіруге, жаңаларын жобалауға және жасауға бағытталған;
- ғылыми-зерттеу қызметінің эксперименттік - зерттеу түрі алынған нәтижені растау немесе жоққа шығару мақсатында гипотезаны тексеруді көздейді .

Оқушылардың зерттеушілік іс-әрекеті олардың жұмысының мазмұнын, әдістерін және мұғалімнің басқару іс-әрекетінің сипатын алдын-ала анықтайтын бірқатар принциптер негізінде ұйымдастырылады.

Ғылыми-зерттеу дайындығына негізделген іргелі идеяларға келесі принциптерді жатқызуға болады:

- оқушының танымдық қызығушылықтарына бағдарлану принципі;
- таңдау еркіндігі және өз оқуы үшін жауапкершілік принципі;
- білімді алу тәсілдерімен бірлікте игеру принципі;
- ақпаратты өз бетінше іздеу дағдыларын дамытуға сүйену принципі.

Қазіргі білім берудің басты міндеті – білімді жеткізу ғана емес, ең алдымен оқушының осы білімді меңгеру қажеттілігі мен қабілетін дамыту. Осы негізде ғана білімнің оқушылардың дүниені шығармашылықпен тану құралына айналуын қамтамасыз етуге болады:


- оқытудың өнімді және репродуктивті әдістерін біріктіру принципі;
- білім динамизмі туралы түсініктерді қалыптастыру принципі. Ғылыми-зерттеушілік білім беру мазмұны оқушының алдында адамзат тәжірибесі догмалардың жиынтығы ретінде емес, өзгермейтін заңдар мен ережелердің жиынтығы ретінде емес, тірі, үнемі дамып отыратын организм ретінде көрінетіндей етіп құрылуы керек;
- зерттеу туралы идеяны өмір салты ретінде қалыптастыру принципі. Зерттеуде зерттеу тек оқытудың әдістері мен әдістерінің жиынтығы ғана емес, оның мазмұны мен мағынасы болып табылады;
- авторлық оқу бағдарламаларын пайдалану принципі. Оқушы мен мұғалімнің шығармашылық оқу-зерттеушілік өзара іс-қимылына арналған оқу бағдарламасы. Оқу бағдарламасы әрдайым авторлық зерттеуде бола отырып, мектептің жалпы білім беру бағдарламасы негізінде құрылады.

Оқу-зерттеу қызметінің негізгі міндеттері келесідей:

- оқушылардың ғылыми шығармашылыққа деген қызығушылығын қалыптастыру, ғылыми-зерттеу міндеттерін өз бетінше шешудің әдістемесі мен тәсілдерін үйрету;
- дербестік пен шығармашылық ойлауды дамыту, оқу барысында алған теориялық және практикалық білімдерін тереңдету және бекіту;
- талантты және дарынды оқушыларды анықтау.

Ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің құндылығы мынада: оқушылар ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптардың барлық талаптарын сезінетін ғалымдардың көзқарасынан әртүрлі мәселелерді қарауға мүмкіндік алады.

Дегенмен, ғылым мен білім саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының мазмұны бірдей емес. А.В. Леонтовичтің пікірінше, білім саласындағы және ғылыми-зерттеу қызметіндегі зерттеу жұмыстары онда қолданылатын ғылыми әдіс бойынша бірдей, бірақ күрделілігі, әдістері (олар оқушылардың орындауы үшін қолжетімді болуы керек) жағынан айтарлықтай ерекшеленеді және ең алдымен оқушыларды дамытуға бағытталған. Автор бұл айырмашылықтарды 1-суретте көрсетеді [3,8]:



Сурет 1. Ғылым мен білім саласындағы ғылыми-зерттеу қызметі

А. В. Леонтовичтің пікірінше, «оқушылардың зерттеу қызметі – бұл негізгі құрал ретінде оқу зерттеуін қолданатын білім беру технологиясы, маманның басшылығымен қоршаған әлемнің объектісі немесе құбылысы туралы идеяларды құруға бағытталған алдын-ала белгісіз шешіммен оқу зерттеу міндеттерін орындауды қамтиды [3, 9].

Зерттеу жұмысы барысында оқушылар құбылыстар мен өздерін қызықтыратын объектілерді зерттейді. Ол үшін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың әдіс-тәсілдерін, өзіндік тәжірибелік дағдыларын пайдаланады. Бірақ оқушылардың жүргізген ғылыми-зерттеу жұмыстары толық мағынасында академиялық болып саналмайды.

Сонымен, оқушылардың зерттеушілік әрекетінің ең маңызды айырмашылығы – бұл әрекет процесінде оқушылар ғылыми әдісті қолдана отырып, субъективті жаңа білім алады. Білім беру зерттеулері ғылыми саладағы зерттеулерге тән негізгі кезеңдерді қамтитынын атап өткен жөн:

- проблемалық мәселені анықтау және тұжырымдау;
- осы мәселеге арналған теорияны зерттеу;
- зерттеу әдістерін таңдау және оларды іс жүзінде меңгеру;
- өзіндік материалды жинақтау, оны талдау және жалпылау;
- ғылыми түсініктеме;
- өзіндік қорытынды.

Оқу-зерттеу қызметін әртүрлі негіздер бойынша саралауға болады: мақсаттар, объект, қолданылатын әдістер, өткізу орны мен уақыты, ұзақтығы, қатысушылар саны.

Зерттеудің міндеттеріне сәйкес оны репродуктивті және инновациялық деп бөлуге болады. Инновациялық зерттеулер объективті жаңа ғылыми нәтижелерді алуды көздейді, ал репродуктивті зерттеулер бұрынғы алынған нәтижелерге негізделеді.

Зерттеу мазмұны бойынша теориялық және эксперименттік деп бөлуге болады, бұл білім алушылардың өз бақылаулары мен эксперименттерін, екінші жағынан гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарын жүргізуді көздейді. Бұл зерттеулер әртүрлі көздердегі фактілерді, материалдарды зерттеу және жалпылау бойынша жұмыстарға бағытталған.

Білім беру зерттеулерін монопәндік, пәнаралық және пәннен тыс деп бөлуге болады.

Монопәндік зерттеу бұл бір оқу пәні (академиялық пән) аясындағы жоба, ол сынып-сабақ жүйесіне өте жақсы сәйкес келеді.

Пәнаралық зерттеу мәселені шешу үшін әртүрлі пәндерден білімдерді тартуды талап етеді.

Пәннен тыс зерттеулер жалпы білім беру ұйымының оқу жоспарына кіретін пәндер шеңберінен шығады.

Оқу зерттеуінің келесі түрі уақыт пен орны бойынша анықталады. Зерттеу сабақта және сабақтан тыс болуы мүмкін. Ұзақтығы бойынша зерттеу қысқа мерзімді болуы мүмкін және мысалы сабақты немесе оның бір бөлігін алуы мүмкін; бірнеше күн немесе аптаға созылатын орта мерзімді; айларға немесе жылдарға созылатын ұзақ мерзімді болуы мүмкін.

Зерттеулерді жеке білім алушылар да, топтар да жүргізе алады. Бұл ретте зерттеуге қатысушылар бір сыныптан немесе мектептен, сондай-ақ әртүрлі мектептерден немесе тіпті елдерден болуы мүмкін. Бұл жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың арқасында мүмкін болды.

Зерттеу барысында нәтижеге қол жеткізу үшін оқу сабақтарын ұйымдастырудың дәстүрлі танылған формаларымен қатар дәстүрлі емес сабақ формаларын қолдану қажет. Бұл сабақтар-зерттеу, жобалық сабақтар, презентация сабақтары, сараптама сабақтары, саяхат сабақтары болуы мүмкін.

Педагог пен білім алушының зерттеу жұмысының негізгі формальды мақсаты мен нәтижесі қабылданған нормаларға сәйкес орындалған және ресімделген зерттеу жұмысы болып табылады, онда оқушының жеке даму қадамы мағынасы ретінде айқын көрінеді және түсіндіріледі.

Қорытындылай келгенде, оқушылардың зерттеушілік әрекеті – бұл интеллектуалдық әрекетті, әртүрлі білім, білік, дағдыларды меңгеру үдерісін, сонымен қатар танымдық қызығушылықты дамыту, зерттеушілік құзіреттілікті қалыптастыруды қамтитын үздіксіз оқу процесі.

Әдебиеттер:

1. Алдамбергенова Г.Т., Р.Ж. Шынтаева. Оқушылардың зерттеушілік құзіреттілігінің даму үдерісі. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы № 4(80), 2019ж.
2. Богоявленская Д.Б. Исследовательская деятельность как путь развития творческих способностей // Исследовательская деятельность учащихся в современном образовательном пространстве: Сб.ст. – М., 2009. – С.44-50.
3. Леонтович А.В., Саввичев А.С. Исследовательская и проектная работа школьников. 5-11 классы / Под ред. Леонтовича А.В. – 3-е изд. – М: ВАКО, 2018. – 160 с.

ТІЛ ДАМУ САБАҚТАРЫНЫҢ ТИПОЛОГИЯСЫ

*Варзегова Ж. О., Арнайы пәндер оқытушысы, педагогикалық ғылымдарының магистрі
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ., Ә.Марғұлан атындағы ППУ, М.Қанатиянов
атындағы жоғары колледжі*

Тіл дамыту сабағында оқушылардың тілдік әрекетіне баса назар аударылады, ол ауызша да, жазбаша түрде де көрінеді. Мұндай сабақтың мақсаты - тіл туралы алған біліміне сүйене отырып, балалардың сөйлеу тілінің лексикалық және грамматикалық құрылымын мақсатты түрде байыту, оларды басқа біреудің сөзін қабылдауға (түсінуге) үйрету, сонымен қатар қазақ тілінің нормаларына сәйкес өз сөздерін (мәтіндерін) құру.

Оқушылардың тілін дамыту бойынша жұмыс баланың жалпы ойын дамыту дегенді білдіреді. Шынында да, бала тәртіпке қалай үйренсе де, ол күн сайын өзінің жұмысы туралы, көрген нәрселері туралы айтады, ойын қалыптастырады. Сондықтан қазақ тілі сабақтарында дамытушы жұмыс балалардың жалпы ойын дамытуға бағытталуы керек. Яғни, баланың тілін дамыту мәселесі оның ойлауымен байланысты болуы мүмкін, сонымен қатар ойлау мен сөйлеу процесінің бірлігінде ұйымдастырылуы мүмкін.

Жалпы бағдарламада тіл дамытуға арнайы сағаттар беріледі. Бағдарламада балалардың тіл мәдениетін дамыту және олардың ойлау жүйесін жақсарту мақсатында әр сыныптағы балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты тәрбиелік мәні бар оқу материалы бар. Сондай-ақ, бағдарламада ауызша-жазбаша жаттығулар, шығарма диктанты арқылы тіл дамыту бойынша жұмыстарды жүзеге асыру қарастырылған.

Демек, сабақ қазақ тілін оқытудың негізгі ұйымдастырушылық формасы болып табылады. Сабақтың типологиясы мен құрылымы мәселесі отандық әдістемеді дәстүрлі болып табылады. Қазіргі кезеңде сабақты ұйымдастырудың теориялық және практикалық мәселелерін әзірлеуге Ф.Оразбаева, Н.Құрманова, С.Рахметова, Т.Әбдікәрім және т. б. танымал әдіскерлер үлкен үлес қосып отыр.

Ф.Оразбаеваның айтуынша, тіл – ақиқатты көрсетудің тәсілі. Бір жағынан, баланың тіл байлығы жаңа идеялар мен тұжырымдамалармен байытылуына байланысты, екінші жағынан - тілді жақсы білу, сөйлеу табиғаттағы және қоғамдағы күрделі байланыстарды білуге ықпал етеді. Жақсы дамыған сөйлеу қабілеті бар балалар әрдайым барлық пәндерден жақсы оқиды [1, 78].

Н.Ж. Құрман тіл дамытуды тар мағынада оқушылардың ауызша және жазбаша түрде толық сөйлеу қарым-қатынасына дайындығын қамтамасыз ететін сөйлеу дағдыларының жиынтығын игеру деп түсінеді. Сонымен қатар, тіл мен сөйлеу дағдылары оқушыларға сөйлеу дағдыларын үйрету үшін негіз болып табылады [2, 54].

Ауызша сөйлеудің сипаттамасын ең егжей-тегжейлі жасаған Л.Брахман болатын. Ол «Коммуникативті тілдік шеберлік» терминін қолданады және келесі белгілерді қамтитынын айтады:

1. Тілдік (ана тілінде немесе шет тілінде сөйлеуді тек алынған білім негізінде, тілді жүйе ретінде түсіну арқылы жүзеге асыруға болады);
2. Дискурстық (байланыс, логика, ұйымдастыру)
3. Прагматикалық (әлеуметтік контекстке сәйкес коммуникативтік мазмұнды жеткізе білу);
4. Ауызекі (лингвистикалық және прагматикалық құзыреттілік негізінде, тілдік формаларды іздеу үшін ұзақ үзілістерсіз, табиғи қарқынмен, қиналмай, үйлесімді сөйлей білу);
5. Әлеуметтік-лингвистикалық (тілдік формаларды таңдай білу, «қашан сөйлеу керектігін, қай кезде қалыс қалу, кіммен; қашан, қайда және қандай жолмен сөйлесуді білетін») [3, 19].

Қазақ тілі сабағы – бұл ең алдымен оқушылардың тілі мен ойлауын дамыту сабағы. Бұл талап пәннің өзіндік ерекшелігіне байланысты, оның әлеуметтік функциясы тілдің коммуникативті функциясында ашылады.

Егер тіл дамыту бойынша жұмыстарды жүйе деп санайтын болсақ, онда қазақ тілі сабағына арналған дәстүрлі әдіс-тәсілдер, сондай-ақ жаттығулар енді жеткіліксіз болып саналады. Мәселе мынада, келісілген тілдік дағдыларын үйрету осы саладағы барлық міндеттерді бірдей орындамайды және тек мәлімдемелердің (мазмұндама мәтіндері немесе шығарма) шығу тегіне ғана байланысты емес.

Оқушылар тілінің лексикалық қорын және грамматикалық құрылымын байыту міндетін, тіл мәдениеті бойынша жұмысты (тіл нормаларын оқыту) елемеге болмайды, оны арнайы «тілдік» сабақтарда мақсатты түрде жүргізу керек. Демек, қазақ тілі сабақтарының дәстүрлі түрлерімен салыстырғанда тіл дамыту сабақтарының мақсаттары едәуір кеңейеді. Оларға мыналар жатады:

- оқушылардың сөздік қорын және сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын байыту; дәл, мәнерлі, осы сөйлеу жағдайына сәйкес келетін тілдік құралдарды таңдауға үйрету;
- тіл нормаларын үйрету және оны сөйлеу жағдайына, сөйлеу мәнері мен стиліне байланысты орынды, ретті қолдану;

- оқушылардың сөйлеу әрекетін жетілдіру және дамыту, яғни тілдің барлық деңгейлерінде (фонетикалық, лексикалық, морфологиялық және синтаксистік) сөйлеуді қалыптастыру және қабылдау процестері;

- тілдесімнің негізгі сипаттарын дамыту.

Тілді дамыту сабақтарының ерекшелігін нақты көрсету үшін біз оларды қазақ тілі сабақтарымен, мысалы, грамматика сабағымен салыстырамыз. Екінші жағынан, әдебиеттік оқу сабақтарымен салыстырғанда айырмашылықтарды анықтауға болады. Сонымен, қазақ тілі сабағында тіл бірліктерін оқып, оларды қолдануды үйрену маңызды орын алады. Бұл лингвистиканың негізгі бөлімдерімен байланысты болғандықтан, қазақ тілі сабағында тіл білімі басым және тіл басымдықта болады деп айта аламыз. Әдебиет сабағында әдеби шығарма оның идеялық-семантикалық, құрылымдық және тілдік аспектілерінің бірлігінде басты назарда болады. Мұнда бәрі көркем мәтінмен анықталады.

Сонымен қатар, тіл дамыту сабақтарында тек мәтін бойынша ғана емес, тілді қабылдау бойынша да жұмыс жасалады – мұнда оқушылар әртүрлі формада өз пікірлерін жасайды. Сонымен қатар, тіл дамыту сабағында оқушылардың сөздік қорын және грамматикалық құрылымын байыту бойынша мақсатты, жүйелі, аспектісіз жұмыс жүзеге асырылады, сонымен қатар сөйлеу мәдениетін, қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеп-дамытуға баса назар аударылады.

Осылайша, тілді дамыту сабақтарының міндеттері әдебиет сабақтарына қарағанда кеңірек, өйткені олар проблемалардың кең ауқымын қамтиды. Тіл дамыту сабағы неғұрлым ауқымды міндеттерді орындайды: оқушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту мұнда мәтіннің лингвистикалық және әдеби заңдылықтарына терең ену арқылы ғана емес (тақырыпты тереңдетіп оқытатын сыныптарға тән), сонымен қатар оқушылардың сөйлеу белсенділігінің арқасында да жүзеге асырылады. Осылайша, жалпы орта білім беретін мектептің өзекті мәселелері, ауызша қарым-қатынас мәдениеті бар тілдік тұлғаны тәрбиелеу мәселелері қатар шешіледі.

Тілдік сабақтардың ерекшеліктерін қысқаша сипаттайық. Тіл дамыту сабағының ерекшелігі оның атауында тұр: мұнда тілдік тұлғаның тілдік дамуына басымдық беріледі. Сонымен қатар, оның ерекшеліктері сабақтың мақсаттары, мазмұны, типологиясы, сонымен қатар оқыту әдіс-тәсілдерінен байқалады.

Тіл дамыту сабақтарының негізгі мақсаттары:

- коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру және тілдік тұлғаны дамыту;
- коммуникативтік біліктер мен шығармашылық қабілеттерді жетілдіру;
- оқушылардың сөздік қорын және сөйлеу тілінің грамматикалық құрылысын байыту;
- тіл нормаларына үйрету және оларды сөйлеу барысында қолдану;
- сөйлеу мәдениеті мен тілдік қарым-қатынас дағдыларына оқыту;
- сөйлеу әрекетінің негізгі түрлерін дамыту: айтылым, жазылым, тыңдалым және оқылым;

- ойлауды дамыту және сөйлеу барысында қолданылатын тіл құралдары арқылы ойлау қызметі (талдау және синтез, абстракция және жалпылау) процестерін қалыптастыру;

- тілді оқыту мен тілді дамытудың теориялық негізі ретінде негізгі сөйлеу тұжырымдамаларымен танысу.

Тіл дамыту сабақтарындағы білімді игеру әдісі рецептивті емес, репродуктивті емес, бірақ негізінен эвристикалық, зерттеу болып табылады. Тіл дамыту сабақтарындағы оқыту мазмұнының негізінде тілдік тұжырымдамалар жүйесінің сөйлеу, оның формалары, түрлері, қасиеттері туралы теориялық білім жүйесі жатыр.

Сабақтың мазмұнына практикалық және танымдық сөйлеу тапсырмаларын енгізу тіл дамыту сабағының тағы бір ерекшелігі болып табылады. Жаттығулар оқушыларды сабақ тақырыбына апаратын танымдық сұрақтар болып табылады. Сөйлеу жағдайына сәйкес практикалық мәселелерді шешу оқушылардың танымдық қажеттіліктерін дамытуға ықпал етеді, сөйлеу дағдыларын игеруге оң уәждеме қалыптастырады, білімді саналы түрде игеруді қамтамасыз етеді.

Дәстүрлі мағынада ережелердің болмауы, дайын анықтамаларды сұрақтар мен тапсырмалар жүйесімен, алгоритмдер мен жадынамалармен алмастыру баланы өздігінен қорытулар жасап, көзқарастарын айта білуіне жетелейді. Ізденіс және шығармашылық сипаттағы жаттығулардың басым болуы оқушылардың ақыл-ой және сөйлеу белсенділігін арттыруға ықпал етеді.

Тіл дамыту сабағында дәстүрлі қазақ тілі сабағымен салыстырғанда мұғалім мен оқушының өзара қарым-қатынасының сипаты өзгереді. Мұғалімнің рөлі – баланың танымдық және сөйлеу әрекетін басқару, танымдық мәселелерді бірлесіп іздеуді және шешуді ұйымдастыру, жоғары даму әлеуеті бар сөйлеу жағдайларын құру. Бала – тілдік оқу жағдаяттары аясындағы түрлі тілдік әрекеттің субъектісі.

Ауызша қарым – қатынас мәдениетін балалар тек теориялық білім түрінде ғана игермейді. Ол тіл дамыту сабағының барлық мазмұнын қамтиды және мұнда оқу және білім беру диалогтары барысында жүзеге асырылады.

Сабақтың құрылымы оқу міндеттері мен тілдік жағдаяттарының мақсаттары мен мазмұнына байланысты. Бұған ең алдымен:

- тілдік жағдаятына кіріспе және тілдік мотивацияны құру;
- оқу мәселесін анықтау, оны шешу жолдары мен алгоритмдерін табу;
- ауызша және жазбаша түрдегі мәлімдемелерді қабылдау немесе генерациялау бойынша оқу және сөйлеу қызметін ұйымдастыру;
- бақылау және талдау, кейіннен жасалған мәлімдемелер мен мәтіндерді түзету; қол жеткізілген тілдік мақсаттарына қатысты қорытындылар мен пайымдаулар жасау сияқты құрылымдық элементтер жатады.

Т.Әбдікәрімнің дәйектемесі бойынша сабақтарды дидактикалық мақсаттарға байланысты жіктеуге негізделген тілді дамыту сабақтарының типологиясын ұсынамыз. Тіл дамыту сабақтарының негізгі түрлері:

- оқу материалын түсіндіру сабағы (аралас сабақ),
- материалды бекіту сабағы және сөйлеу әрекетінің әр түрінде білік пен дағдыларды қалыптастыру,
- материалды қайталау және коммуникативтік дағдыларды дамыту сабағы,
- коммуникативтік және тілдік құзыреттілікті жетілдіру және материалды жалпылау сабағы,
- білім мен дағдыларды тексеру сабағы (бақылау),
- қателіктер бойынша жұмыс сабағы (шығармаларда және басқа да жазбаша жұмыстарда).

Мектептегі тіл дамыту сабақтарының ұйымдастырушылық формалары:

- баяндау сабағы;
- шығарма сабағы;
- жазба жұмыстарын талдау сабағы;
- стилистика және тіл мәдениеті бойынша айтылым және жазылым арқылы орындалатын жаттығулары қолданылатын қазақ тілі сабақтарының фрагменттері (фонетикалық, лексикалық, орфографиялық, грамматикалық және т.б. тақырыптарды зерттеу бойынша) [4, 51].

Мектепте мұндай тәжірибе тіл дамыту сабағы бір уақытта бақылау сабағы болған кезде пайда болды (эссе немесе презентация сабағы). Тіл дамыту сабағы оқу кезеңін ескере отырып құрылуы керек, сондықтан ол түсіндіру сабағы, жалпылау сабағы және бақылау сабағы болуы мүмкін. Осылайша, қазақ тілі сабағының бір түрі ретінде тіл дамыту сабағы оқу мақсаттарының, мазмұнның, оқыту технологиясының ерекшелігімен, сондай-ақ мұғалім мен оқушының өзара әрекеттесу ерекшеліктерімен сипатталады.

Тіл дамыту сабағы – бұл әр түрлі тілдік жағдаяттар модельденетін, жеке маңызды коммуникативті мәселелер де, әлеуметтік маңызы бар мәселелер талданатын қазақ тілі сабағы. Бұл тәжірибе сабақта диалогтарда, тілдік ойындарында, драмалауда және тілдік қарым-қатынасының басқа түрлерінде алынады. Осылайша, жоғары даму әлеуеті бар

бірыңғай тілдік орта жасалады. Қазақ мектебінің өзіне тән ерекшелігі әрқашан руханият, өсіп келе жатқан адамның адамгершілік тұрғыдан қалыптасуына назар аудару болды, сондықтан сабақта да, сабақтан тыс уақытта да тұлғаны әлеуметтендірудің көптеген әдістері мен формалары жинақталады.

Тіл мен сөйлеуге қатысты қазіргі көзқарастарға, тілдік әрекеттің негізгі түрлерін қалыптастыру жағдайларына сәйкес келетін интегралды әдістемелік жүйені құру мәселесі оқушылардың тілдік дамуының принциптері теориясын әзірлеу және негіздеу қажеттілігін айқын көрсетеді.

Әдебиеттер:

- 1 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас негіздері. – Алматы, 2000. – 208 б.
- 2 Құрман Н.Ж. Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері: Монография. – Астана: Тіл комитеті, Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2008. - 160 б.
- 3 Брахман Л. Раннее детство: развитие речи и мышления: Методическое пособие. - М.: Мозаика-Синтез; М.: ТЦ Сфера, 2003. -168 с.
- 4 Әбдікәрім Т. Бастауыш сыныпта мәтін арқылы тіл дамытудың ғылыми негізі мен оқыту әдістемесі (монография). - Алматы: Ғылым, 2002. - 312 б.

**МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАНЫҢ СУРЕТ САЛУДА ТҮЛҒАЛЫҚ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ**

*Майлыбай М., «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру
бағдарламасының 1 курс білімгері;*

*Ғылыми жетекші: Капенова А.А., п.ғ.к, қауымдастырылған профессор
Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ., Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу
университеті*

Қай кезеңде болмасын жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру қоғам алдындағы ең жауапты, маңызды іс болып табылады. Мемлекеттің даму, жаңару жолындағы жаңалықтар мен түрлі өзгерістер еліміздің білім беру саласында да өз әсерін тигізуде. Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ата-ана мен баланың өзара әрекеттестігінің әсері туралы ғалымдар еңбегінде кеңінен көрініс тапқан.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында білім берудегі басты міндет ретінде жеке тұлғаның шығармашылық және рухани мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауаттық өмір салтының негіздерін қалыптастыру, жеке тұлғаның дамуына жағдай жасай отырып, олардың ақыл-ойы мен зердесін байыту сондай-ақ әлемдік және тандық мәдениет жетістіктеріне үйрету атап көрсетілген[1].

Осы ретте, мектеп жасына дейінгі баланың тұлғалық дамуына ата-ананың өнегесі – барлық жағдайдағы ең күшті бағдар екендігі сөзсіз. Отбасындағы шынайы ұлттық тәрбие қолға алынбай, бала ұлттық тәрбиенің нәрін татпай, оның ұлттық менталитеті қалыптаспайды. Ондай жағдайда ол өзін де, өзгені де сыйлап, құрметтеп, отбасының, елінің намысын ойлап жарытпайды. Балаларды тәрбиелеуде ата-аналарды оқу-тәрбие үрдісіне қатыстыру, олармен тығыз байланыс жасау мәселесі негізгі орын алуға тиіс.

Баланың отбасындағы-тұлғалық қасиетін жетілдіретін жағдайдын бірі-отбасы ішілік және отбасынан тысқары атқарылатын еңбек отбасындағы күнделікті тұрмыс қажеттілігін қамтамасыз етуден туындайтын еңбек баланы әлеуметтік қатынасқа түсіріп, оны ересек өмірге тәрбиелейді. Баланың психикалық дамуы үшін әлеуметтік орта қажет. Отбасы-баланың оқу, дамуы мен өмірлік қарекеті өтетін орта болып табылады.

Ата-ана баланың тұлғалық қабілеттерін ескере отырып, ұлттық құндылықтар мен қолөнер, жалпы бала икеміне қарай өнерге баулып, балабақшаға барғанда тәрбиеші-педагог

ұйымдастырылған іс-әрекетте бала бойындағы икемділік, талант пен дарындылығын арттыра түспек.

Қазіргі уақытта сурет салу балабақшадағы оқу іс-әрекетін оқыту үшін өте маңызды. Балалардың ой-өрісін кеңейту үшін сурет салу өнері ең қажетті ұйымдастырылған оқу қызметтерінің бірі болып саналады. Сурет салу ересектер топ балаларының оқу іс-әрекетін оқытудың негізгі мақсаты-балаларға өмірде кездесетін қарапайым заттарды бейнелеуге үйрету. Жасына байланысты балалар өздері салған суреттердегі заттардың ұзындығы мен көлемін ғана көрсете алады. Сондықтан, сурет салудағы ең бастысы-сол заттың екіншісінен айырмашылығы, ол көрген және көрген нәрсесі бойынша тақырыптың биіктігін, көлденеңдігін ажырату. Пәнді зерттеу тапсырмасын орындау барысында бала заттардың өзіндік түсін байқап, оларды басқа пәндермен салыстыруды үйренеді. Егер балалардың бұл қабілеттері дұрыс қалыптасса, онда мектепке барған кезде баланың сурет салуға көбірек мүмкіндігі болады. Сурет салуды үйрену балалардың визуалды есте сақтау қабілетін, қиялын дамытуға үлкен әсер етеді.

Сурет салу - баланың ақыл-ой дамуымен қатар физикалық тұрғыдан дамуына да ерекше әсер ететін әдістердің бірі. Бала өзін айнала қоршаған әлемді бақылау арқылы сурет салу кезінде қол-көзді үйлестіріп, ұсақ саусақ моторикасын дамытады және ұсақ бөлшектерге назар аудару арқылы зейінін шоғырландырады әрі дамытуға мүмкіндік алады.

Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі бала үшін ересектердің, ата-ана мен педагогтың бағалауы аса маңызды. Бала олардың мадақтауын жақсы көреді. Сурет салуда ата-ана мен педагогтың берген мадағы баланың өзіндік бағалауын жоғарлатады.

Сурет салу - балалардың қиял әлемі арқылы сыртқы ортаны түсіну тәсілі. Бала кішкентай кезінен сурет салуды үйренсе, бұл оның ұсақ моторикасын дамытуға көмектесіп қана қоймай, арман әлемінде өмір сүруге мүмкіндік береді. Ол баланың елестетуіне көмектесетін мультфильмдер, кітаптар, фильмдерді айтпағанда, шығармашылық ойлау үрдісін де дамытады. Бала ертегілер әлеміне саяхат жасай отырып, сурет салу барысында қағазға қалағанша көптеген нұсқалармен өзін қоршаған табиғат, ортаны көрсетуді меңгереді.

Жалпы сурет бейнелеу өнерінде ерекше орын алады. Сурет-бейнелеу өнерінің негізі. Суретсіз бейнелеу өнерін суреттен тыс кескіндеме, сәулет, композиция, мүсін ретінде қарастыруға болмайды. Сурет салу барысында бала әртүрлі сезімдерді сезінеді: ол өзі жасаған әдемі бейнеге қуанады, егер ойы дұрыс шықпаса уайымдайды. Бұл туралы көрнекті педагогтар Я.А. Коменский, Г. Песталоцци, Ф. Фребель және көптеген отандық зерттеушілер жазды. Олардың жұмыстары мынаны дәлелдейді: сурет салу және көркемдік іс-әрекеттің басқа түрлерімен айналысу балалардың өздері мен ересектермен толыққанды мағыналы қарым-қатынасына негіз жасайды; олар терапевтік функцияны орындайды, балаларды қайғылы, қайғылы оқиғалардан алшақтатады, жүйке кернеуін, қорқынышты жеңілдетеді, қуанышты, көтеріңкі көңіл-күй тудырады, жағымды эмоционалды жағдайды қамтамасыз етеді[2].

Сондықтан педагогикалық процеске әр түрлі көркемдік, шығармашылық әрекеттерді кеңінен енгізу өте маңызды. Мұнда әр бала ересек адамның қандай да бір қысымынсыз өзін толық көрсете алады.

Т.С. Комарова былай деп санайды: жалпы эстетикалық тәрбие жағдайында балалардың көркем шығармашылығы объективті көркемдік құндылықтарды жасаудан гөрі белгілі бір өнер түрін мейлінше жетік меңгеру және эстетикалық дамыған тұлғаны қалыптастыру әдісі ретінде қарастырылады [3].

Балалар шығармашылығын зерттеуші Е.А. Флерина оны баланың суреттегі, модельдеудегі, құрылыстағы қоршаған шындықты саналы түрде көрсетуі, қиялдың жұмысына негізделген рефлексия, оның бақылауларын көрсету, сондай-ақ сөз, сурет және басқа да өнер түрлері арқылы алған әсерлері деп бағалайды. Бала қоршаған ортаны пассивті түрде көшірмейді, оны жинақталған тәжірибеге, бейнеленгенге деген көзқарасқа байланысты қайта өңдейді[4].

Сурет салу - негізгі мақсаты шындықтың бейнелі көрінісі болып табылатын бейнелеу әрекетінің бір түрі.

Сурет салу-мектеп жасына дейінгі балалар үшін ең қызықтыларының бірі: ол баланы қатты толқытады, жағымды эмоциялар тудырады. Өте ерте, бала әр түрлі жолмен ұмтыла бастайды, алған әсерлерін білдіре бастайды: қозғалыс, сөздер, мимика. Оған қалыптасқан бейнелердің өрісін кеңейтуге мүмкіндік беру керек. Оған материал беру керек: қарындаштар мен қағаздар, осы материалды қалай өңдеу керектігін үйрету. Қалыптасқан суреттердің материалдық көрінісі оларды тексерудің және байытудың тамаша құралы болып табылады. Балалардың шығармашылығын қандай формада білдірсе де, оны барлық жағынан көтермелеу керек.

Осы ретте біз мектеп жасына дейінгі баланың сурет салуда тұлғалық ерекшеліктерін есекере отырып балаларды ерте жастан сурет салуға үйретуде белсенділік педагог-тәрбиешіге тиесілі екенін есте ұстаған жөн, өйткені ол баланы бейнелеу ізденістері мен эксперименттеріне бағыттайды. Баланың келесі жас кезеңдеріндегі тәуелсіз шығармашылығы сурет салу саласындағы бірлескен жұмыстың қаншалықты қызықты және танымдық өтуіне байланысты болады. Жұмыстың кейбір ерекше түрлерін ойлап табу арқылы педагогикалық процесті жеңілдетуге және қиындатуға болмайды. Ең бастысы, ересек адам қалаған нәтижеге жету үшін оқу процесін тәрбиелеуге және қатаң бақылауға айналдырмау. Оқытуды ұмытпай, балалардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктерінен аулақ болу маңызды.

Алғаш баланың психикалық дамуына 1787ж неміс ғалымы Тидеманның «Баланың қабілеті дамуын бақылау» тақырыбында еңбек жазды[5]. Ол бұл еңбегінде туғаннан 3 жас аралығындағы баланың дамуын бақылау арқылы алған нәтижелерін берген болса, неміс психологы В. Штерн (1871-1938) баланың таным, қабылдау және сөйлеу үрдістерінің дамуына қатысты егіздер әдісі, тест, биографиялық сияқты көптеген экспериментальды зерттеулер жүргізе келе, ойын-баланың әлеуметтену құралы деп, 1914 жылы «Ерте сәбилік шақ психологиясы» атты еңбегін жарыққа шығарды[5,916].

Мектеп жасына дейінгі баланың психикалық дамуы олардың қарым-қатынасқа, ойынға, сыртқы әсерлерге деген қажеттіліктеріне сай туындаған көптеген қарама-қайшылықтарға негізделе жүреді. Мектеп жасына дейінгі баланың тұлға болып қалыптасуы үшін оның әлеуметтік ортамен жүргізген өзара байланысы ерекше фактор болып табылады.

Сондықтан, біз бақылау тәжірибесі барысында Талдықорған қаласы «Арман балабақшасының «Ақтиін» ересектер тобында бақылау іс-тәжірибесін өту барысында балаларға сурет салғызу арқылы тұлғалық ерекшеліктерін байқау үшін алдымызға келесі міндеттерді қойдық:

1. Әр түрлі бейнелеу материалдары, құралдарымен және көркемдік әдістермен жұмыс істеу қабілетін бекіту;
2. Түстерді араластыру нәтижесінде әртүрлі реңктерді алуға үйрету;
3. Баланың эмоционалды-эстетикалық күйін білу үшін түспен жасалған кескіннің сипатын жеткізуге үйрету;
4. Сурет салу техникасын үйрету;
5. Балаларға табиғаттан қарапайым сурет салуды үйрету.
6. Ұлттық ою-өрнек (геометриялық, өсімдік) жасауды және әртүрлі пішіндегі қарапайым үлгілерді жасауды үйрету.

Жоғарыда аталған міндеттерді жүзеге асыру барысында балаларға сурет салғызу арқылы бейнелеу материалдарын пайдалану қабілетін қалыптастыру; түстерді әртүрлі тәсілдермен араластыру қабілетін қалыптастыру; түс, пішін, қарапайым композициялық дағдылар сезімін қалыптастыру жүзеге асырылады.

Балаларды сурет салуға үйретуде сәтті дамытудың маңызды шарттарының бірі-балалармен сабақта жұмыс істеудің әртүрлілігі мен өзгергіштігі. Жағдайдың жаңалығы, жұмыстың ерекше басталуы, әдемі және алуан түрлі материалдар, балаларға қызықты қайталанбас тапсырмалар, таңдау мүмкіндігі және басқа да көптеген факторлар – бұл балалардың бейнелеу іс-әрекетіне монотондылық пен зеріктіруді болдырмауға көмектеседі,

балалардың қабылдауы мен іс-әрекетінің жандылығы мен жеделдігін қамтамасыз етеді. Мұғалім әрдайым жаңа жағдайды жасауы маңызды, сондықтан балалар, бір жағынан, бұрын алған білімдерін, дағдыларын, екінші жағынан, жаңа шешімдер мен шығармашылық тәсілдерді іздей алады.

Бейнелеу қызметі, мазмұны, формалары, балалармен жұмыс істеу әдістері мен әдістері, сондай-ақ олар әрекет ететін материалдар жүретін жағдайлар неғұрлым әр түрлі болса, балалардың көркемдік қабілеттері соғұрлым қарқынды дами бастайды. Балалардың шығармашылық әлеуетін ынталандыратын, яғни олардың шығармашылық ойлауын, қиялын және жалпы көркемдік және шығармашылық қабілеттерін дамытатын ең қызықты іс-шаралар - бұл әр түрлі қызықты іс-шаралар.

Көңіл көтеру тек қызығушылықты емес, терең, тұрақты қызығушылықты тудыратын сапаны білдіреді. Ойын – сауық сабақтарын өткізудің мақсаты-көркем және шығармашылық қызметке тұрақты мотивация жасау, өз көзқарасын, көңіл-күйін бейнеде білдіруге ұмтылу. Барлық сабақтарды қызықты ету мүмкін емес және оған ұмтылудың пайдасы жоқ. Бірақ мұғалім әр сабаққа ойын-сауық элементтерін енгізіп қана қоймай, қажет. Ойын-сауық сабақтары екі түрге бөлінеді: дәстүрлі бейнелеу материалдарымен және стандартты емес немесе дәстүрлі емес материалдармен.

Балалардағы көркемдік және шығармашылық іс-әрекетке тұрақты мотивацияны сақтау көбінесе екінші типтегі сабақтарға көмектеседі – дәстүрлі емес материалдармен, дәлірек айтсақ, стандартты емес сурет салу техникасын қолдана отырып. Өйткені, барлық жаңа және бұрын зерттелмеген нәрселер әрқашан үлкен қызығушылық тудыратыны ешкімге күпия емес.

Әдебиеттер:

- 1 *Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабы. 2007 жыл 27 шілде № 319 Заңы.*
- 2 Әлмұхамбетов Б.А., Балкенов Ж.Ш. Сурет салу және бояумен жұмыс істеу әдістері. – Алматы: Мектеп, 1987. – 188 б.
- 3 Комарова Т.С. Методика обучения изобразительной деятельности и конструированию [Текст] / Т.С. Комарова – Москва: Просвещение, 1991. – 256 с.
- 4 Флерина Е.А. Развитие изобразительной и конструирующей деятельности дошкольников. – М.: Искусство, 1992. – 108 с.
- 5 Андреев, В.И. Педагогика: учебный курс для творческого саморазвития. – 2-е изд. – Казань: Центр инновационных технологий, 2000. – 124 с.

«ҚҰЛАГЕР» ПОЭМАСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ЭСТЕТИКАҒА ТӘРБИЕЛЕУ

Кабдолова Г. Н., 2 курс магистранты

Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ., І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,

Эстетикалық тәрбие мәселесіне анықтама беретін болсақ, эстетика тұлғаның жандүние сұлулығы, қоршаған әлемдегі көріністі тани білу, табиғат әлеміндегі тылсым дыбыстарды тыңдай білу, сезіне білу т.б. атауға болады. Жас ұрпақты қоршаған ортадағы сұлулық, әсемдік, нәзіктік, үйлесімділікті сезіне білуге, алған әсерін шығармашылық жұмысында көрсетуге, бейнелей білуге үйретеміз [1,3]. демекші жас ұрпақты сұлулыққа баулудың тағы бір жолы ол өз жерінің тарихы, мәдениеті, әдебиеті. Әдебиет пәні арқылы оқушылардың бойына рухани мәдениетті қалыптастырудың бірден-бір көзі бізге қалдырып кеткен жыр дүлдүлдерінің мол мұрасынан ұрпақты азықтандыру. Ал, бұл мәселенің бірден-бір шешуші көзі ол мектеп табалдырығы «Эстетикалық білім мен тәрбие беретін пәндер әдістемесі бастауыш сынып оқу-тәрбие үдерісінде әдебиет, музыка, бейнелеу өнері әдістемесі мен еңбекке баулу әдістемесінің бірігіп интернацияланған түрі, көркем еңбекке

оқыту әдістемесі сабақтарында, сыныптан тыс жұмыстарында жүзеге асырылады. Эстетикалық тәрбие берудегі негізгі бастау қайнар көзі дәстүрлі қазақ қоғамында ғасырлар бойы жинақталған құндылықтар жүйесі, рухани мұралары, халық ауыз әдебиеті болуы, жаһандану дәуіріндегі рухани құндылықты сақтауға арналған сақтанатын бірден-бір жол» [1,3]. десек, Ілияс ақын бізге «Құлагер» поэмасы арқылы сұлулықтың сұлу сарайын мәңгі қалдырып кетті.

«Құлагер» поэмасындағы ақынның сөз саптауы, әсем тілінің көркемдігі туралы М.Қаратаев «Қазақ поэзиясының Құлагері» деген ғылыми зерттеуінде: «Мұндағы ұмытылмас сұлу картиналар, айқын, әдемі образдар, шындықтан туған романдикалық леп, бұлақша сылдыраған нәзік лирикалық сезім, серпінде, кең эпикалық құлаш, балы сорғалаған құнарлы бай тіл, ұйқасы сыңғыраған кәдімгі он бір буынды кара өлеңнің мінсіз-мүлтіксіз үлгілері «Құлагер» поэмасын шын мәнінде поэзияның «сұлу сарайы», Жансүгіров творчествосының биік шыңы деуге толық дәлел бола алады» - деп тұжырымдаған. Қаламгер топшылағандай Ілиястың «Құлагер » поэмасы сөз сұлулығынан өрнек салады. Ата-бабамыз қалыптастырып кеткен салт-дәстүрді өз поэмасында көркемдікпен әдемі жеткізе білген. Әр оқушыны баулап алатын бұл поэманы сұлулықтың символы десек те артық болмайды.

«Көркем мәтін - қарым-қатынасқа бағытталған эстетикалық құндылығы жоғары шығарма» - демекші [2,20]. бүкіл қазақ халқының дүниетанымын шығарма арқылы көре аламыз «өмір – автор – мәтін – идея - оқырман» жүйесі арқылы жүзеге асады. Оқушыға осы идеяны, әсемдікті жеткізу мұғалім құзіретінде. Әр оқушы поэманы оқи отырып рухани байиды. Көз алдынан қазақ даласының керемет көріністері өтіп жатады. Ақанның жан сұлулығын табиғатпен егіз етіп керемет суреттеген.

Сұлулық жерден өніп, көктем жауған,
Тапқан ол тыныштықты таза таудан.
Шомылып мөлдір көлге, орманда ұйықтап,
Жақсы жер жұмбақ жанын аялаған.
Қарағай, қайың, талдар – қалың орман,
Тау мен тас жеке жанға болған қорған.
Қиқулап өлең айтып, күйлер тартып,
Сері үшін құс, көбелек қылған думан.
Таза тас сияқтанған күміс кесек.
Жапырақ секілденген таза төсек.
Жүрегін жуықтаса жаралаған:

Кір өмір, тікен тұрмыс, улы өсек.[3,316].

Керемет табиғат көріністерін ақын жанының тазалығымен үйлестіре егіздеп, суреттей білген ақынның шеберлігін көруге болады. Табиғаттың ғажайып күшін сезіндіре білген.

Ақанды сол күндегі сопы десек,
Әсем тау оған құбыла, Мекеге есеп.
Ән- азан, әдемі сөз- намаз болып,
Кітап боп көңілін ашқан гүл – бәйшешек

Ақан жүрген тау тасты Мекеге теңеуі Ақанның жан тазалығын шебер суреттеген. Сонымен қатар адам портретін жасағанда да ақын көркемдеуіш құралдарды керемет қолдана білген.

Сұрша тал- сұлу қолдың саласындай,
Қып- қызыл қайың - қыздың баласындай.
Жамылған жанат ішік, мөлдір сұлу,

Көзінің Көкше көлі шарасындай - деп табиғат пен адам арасындағы тығыз байланысты көрсете білген. Ақан бойындағы тазалықты табиғат тазылығымен байланыстырған. Қаламгердің әр өлең шумағын оқысаң елдің тарихынан хабардар боласың, өзінің туып өскен жерінің сұлулығын жырлау арқылы ұрпаққа эстетикалық тәрбие беруде

мол мұра қалдырған. Болашақ ұрпаққа тарихын үйретуде бірден- бір жол ол өзінің тарихы мен әдебиеті.

«Әлемді көркем сөзбен эстетикалық тұрғыдан игеретін – әдебиет. Оның пәні тікелей болмағанымен, үздіксіз кеңейіп отырады. Оның саласына: табиғи және қоғамдық құбылыстар, орасан әлеуметтік катаклизмдар мен бұқараның қозғалыстары, тұлғаның рухани өмірі, оның ойлары мен сезімдері енеді. Әдебиет бұл материалдарды өзінің әртүрлі жанрларында немесе әрекетті драмалық тұрғыдан қайта жаңғырту не оқиғаларды эпикалық баяндау, адамның ішкі жан дүниесін лирикалық тұрғыдан ашу арқылы қамтиды [4 ,156]. Ілиястың Құлагер поэмасында да әлеуметтік мәселелерді көтере отырып Ақанның жан дүниесін ашады. Ақан арқылы сол кездің тарихи шындығын көрсетеді. Оның «Құлагері оқушыны бірде көңілін толқытып, бірде қуантып, бірде ызаға буландырады. Құлагерді жоғалтқан кездегі Ақанның сезімі жүйрігіне деген шын достығы арқылы оқушыларды патриоттық тәрбиеге тәрбиелеуге болады. Қазақ халқы әрқашан атты, жылқы малын құрметтеген халық. «Құлагер» жүйрігін сипаттау арқылы оқушылардың бойына қайсарлық пен батырлықты дарытуға болады. Тұлпарға деген сүйіспеншіліктерін әртүрлі ойындар арқылы ашуға болатын еді. Егер оқушыға Ақанның Құлагері сияқты жүйрігің болса қалай баптар едің? Өз жүйрігінді бейнелеп суретпен салсаң – деген тапсырмалар беру арқылы оқушыларды қазақтың салт дәстүріне біртабан жақындатар едік.

Оқушы сурет салу арқылы өз ойын жеткізіп берер еді. Әдебиет сөз арқылы берілсе, сол сөз өнерін көркемдікпен оқушының санасына құя білу мұғалім шеберлігінде. «Оқуды ештеңе, ешқандай көркемдік әсерлер алмастыра алмайды. Ол – тіл жаратылысына арқа сүйейтін, өз бойына ұрпақтар тәжірибесін жинақтаған, қабылдау барысында шығармашылық серіктестікке бағыт алатын көркемдік коммуникацияның негізгі формасы. Әдеби шығарманы оқу - табиғи тілімізге қайтара әсер етеді, тілді сезінуді дамытады, оны байытады, тілдік шығармашылыққа ықпал етеді. Оқу – өзге көркемдік коммуникациялардың эстетикалық іргетасы» [4,159]. Ілиястың «Құлагер» поэмасын оқу арқылы оқушыларды шығармашылық жұмысқа қызықтыру олардың ой- санасын тереңдетіп естерінде мәңгі сақтауға көмектеседі. Мысалы, Сағынайдың асын беру үстіндегі іс әрекетті суретпен салып көрсет десек оқушы бірден поэманың сол тұсын оқуға тырысады. Оқып отырып салу ол оқушыға мәліметті жеткізіп ғана қоймайды, сол оқиғаларды түсініп қабылдауына көп көмектеседі. Мәдениетті сылдыр сөз арқылы емес суретті картина арқылы қабылдау өз нәтижесін береді. Сонымен қатар еліміздің тарихына үңілуіне себеп болады. Ақанның Құлагерді өзінің өміріне тең қоюы оқушыны терең толғандырады. Құлагерсіз Ақан өмірі қараңғы түнек, тек Құлагерімен ғана әсемдікті сезінеді. Құлагермен бірге барлық сұлулық әлемі жоғалғандай. Міне, ақын сүйген Құлагерді оқушыға салғызу арқылы да оқушылардың бойына эстетикалық тәрбиені қалыптастыра аламыз. Құлагер Ақан серінің сұлулығы – идеалы. Ақансыз ол өлеңінде айтуды, сауық кештерді сайрандауды да тоғарды. «Идеалист – эстеттер көркем бейненің сан алуан табиғатын тек ақын жазушының субъективтік көзқарасына әкеп тірейді, сонымен түсіндіреді, олардың белгілі ортада, объективтік дүниемен байланыста екенін елемейді. Әрине, жазушы өмірді көшіре салмайды, ол оны ой елегінен өткізіп, өзінің эстетикалық мұраты биігінен бейнелейді, өзінің идеялық көзқарасы, суреткерлік танымы тұрғысынан суреттейді. [5,8]. Қаламгердің «Құлагер» поэмасы да ақынның ішкі дүниесін көрсетеді. Бірде қайғырып, бірде қуанып жоғары эмоциялық күшке берілгендей. Бүкіл қуатын шығармасына төгеді. «Ілияс арманы – өмірден сұлулықты, үйлесімді, әсемдікті, әділеттілікті аңсаған ақын әлемі, заманына сыймаған мал, даңқ дүниесіне, озбырлық дүниесіне табынған « теріс азуларға», « қылмысқа қиянатқа» үн көтерген, өткір үн қатқан ақын әлемі. Оқушылардың поэма арқылы алған танымдық түсініктерін ары қарай эстетикалық санасын қалыптастыруға көркем еңбекпен байланыстыру орынды. Бұл ретте балаларға « Хикая картасын» ұсынуға болады. Оқушылар өз түсінгендерін этап бойынша суретке салып шығады. «Өнерді қабылдауға тәрбиелейтін де – эстетика. Өнер – ең жоғарғы рухани әсерлердің бірі және ол адамды эстетикалық ләззатқа бөлейді. Сірә, Пушкиннің « Қиялды көз жасыммен суарам», « үйлесімге тәнті боп» демекші Ілиястың поэмасында Құлагер мен Ақан тағдыры өте үйлесімді

сәйкескен. Бірн-бірі толықтырып тұратын кейіпкерлер оқырманына ерекше рухани күш беріп, сұлулық әлеміне жетелеп отырады. Ақан өз Құлагеріне деген махаббаты арқылы қазақ баласының атқа деген құрметін оятады. Жылқы малы қазақ халқының ежелден келе жатқан қасиетті төрт түлігінің бірі. «Туған жер» бөлімі арқылы тарихты еске түсіреді

Сайраған бұлбұлдайын әншілері,

Зулаған дүлдүліндей жүйріктері.

«Хан тұрып қазағыңа, ханды ант ұрған»,

Қонысы Абылайдың бір күндігі – деп киелі жер екендігін еске салады.

Шығармадағы көркемдік элементтерді табу, тану оңай дүние емес. Оны табу үшін шығармаға бойлап ену керек, Оны бір емес, бірнеше рет ой жүгірте тереңдей оқу керек. Сонда ғана көркем туындыдағы інжу- маржандарды табуға болады. Әдебиеттен дәріс беретін мұғалім жер астынан асыл кен іздеген инженер – геологқа пара- пар, немесе адам ағзасынан кінәратты тауып, тануға бүкіл білім, тәжірибесін жұмсаған дәрігерге ұқсас. Міне, мұғалім де солар сияқты шығарманың өн бойынан өзіне қажет інжулерді, шәкірт жанына нұр себер, жақсылық нышандарға жетектер, жан әлеміне ыстық леп берер, алаулаған арпалыс, ашу кек туғызар штрих-детальдарды іздеуге тиіс. Ал оны, А.С.Пушкин айтқандай, рухани көзбен оқыса ғана мұғалім таба алмақ [5, 31]. Сол себепті оқушыларға поэмадағы әр бөлімнен көркемдеуіш құралдарды тергізіп «Кім жылдам» немесе «Кімдікі көп» деген әдіс - тәсілдермен оқушылардың қызығушылығын ашып, жарыс сабақ ұйымдастырса болады. Ары қарай шығарманың толық мазмұнын ашу үшін Де Бононың «Алты қалпақ» әдісімен оқушыларды еркін сөйлетуге болады.

Ақ қалпақ - Фактілер. Мен қандай ақпарат алдым? Маған қандай ақпарат алу қажет?

Қызыл қалпақ – Түйсік. Менің сабақтан алған әсерім... Өз ойларыңызды айтыңыздар

Сары қалпақ – Позитив. Жағымды тұстары қандай болды. Басқа сабақтан айырмашылығы?

Қара қалпақ – Жағымсыз. Қандай проблемалар болды? Кешіліктерін айтыңыз.

Жасыл қалпақ – Креатив. Менде қандай идеялар бар? Келесі сабақтардың қалай өтуін қалаймын?

Көк қалпақ – Шолу. Жалпы сабаққа көзқарасым. Мен қандай қорытындыға келдім.

Осы тәсіл арқылы оқушылардың қаншалықты поэманы оқу арқылы білім алғандығын тексеруге болады. Және де әр оқушының қалай түсінгенін өз ойын еркін жеткізуіне мүмкіндік беруге болады. Мұғалім әр кез тек шығарманы жалаң оқытпай шәкірттерін үнемі шығармашылыққа баулап отыру қажет сонда ғана оқушының таным- түсінігін кеңейте аламыз. «Ұстаздың балаға деген үлкен жүрегі болуы керек. В. А. Сухомлинскийдің «Жүрек жылуы балаларға» деген ұлағатты сөзі сондай үлкен жүректен шыққан ой түйіні. Балаларға сүйіспеншілік жоқ жерде, ұстаз жоқ. Мұғалім балаға өсу үстіндегі және де оның ойы, талғамы, намысы бар, өзінің жан әлемі бар тіршілік жан иесі деп қарауға тиіс. Өнер туындысындағы барлық эстетикалық, эмоциялық қуатты шәкірт бойына дарыту үшін әдебиет мұғалімі өзі де өнерді сүйетін, бар жанымен түсінетін адам болуы парыз. Өнерді сөйлете білу үшін ол әрі актер, әрі режиссер, әрі педагог, әрі жазушы, әрі әдебиетші, – демек, бес аспап адам болуы тиіс [5, 33].

Яғни, әдебиет сабағының басқа пәндерден ерекшелігі де осында. Әдебиет пәнін өнер ретінде қарап балалардың бойына шығармашылық дарын дарыта білсек ғана оқушы бойына сұлулықты қалыптастыра аламыз. Тек шығарманың көркемдік жағына ғана назар аудармай әлеуметтік, эстетикалық, эмоциялық жақтарын да тереңдей аша білу керек. Сол үшін мұғалім сабағында бірнеше тәсілді ұтымды қолдана білу керек. Ең ұтымды тәсіл құлақпен естіп қана қоймай көзбен көрсе оның есінде мәңгі қалады. «Құлагер» поэмасын бейнетаспадан көрсетсе оқушы ондағы әдемі табиғатты, қазақтың ас берудегі салт-дәстүрлерін, бәйге жарысындағы ат жарыстарының көрінісін көз алдынан өткізіп бірден эстетикалық, эмоциялық әсер алар еді. Эстетикалық тәрбиені қалыптастыруда әдебиет пәнінің рөлі зор. Әдебиет пәні мен көркем еңбек пәнін ұштастыру екі есе нәтиже алып келеді. Эстетикалық тәрбиесіз оқушыны елестету мүмкін емес. «Оқушылардың эстетикалық тәрбиесі оқу және сыныптан тыс тәрбие

процесінде іске асырылады. Эстетикалық білімнің негізі – оқу пәндері. Олар әдемі жазуға, мәнерлеп оқуға және айтуға үйренеді. Ал бұл мәдениетті сөйлеуге көркемдігін танытып, қалыптастыруға, қиялын дамытуға игі әсер етеді [1, 65]. Сондықтан әдебиет сабағын үнемі көркем еңбек, музыка, тарих пәндерімен тығыз байланыстырып отыру керек.

А.Байтұрсынов «Білім-біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік сол білімді іске асыру дағдысы» деп бағалаған. «Қызықтырар ұстаз болса, қызықпайтын шәкірт болмас» дегендей бүгінгі күннің ұстазы – шығармашылықтың адамы. Сол себепті мұғалім ХХІ ғасырдың жаңа идеяшыл ұстазына айналу үшін, үнемі іздену үстінде жүріп, жаңа технологияларды тереңінен меңгерген жағдайда, өзінің білімі мен біліктілігін арттырған кезде ғана нағыз ұстаз болады.

Әдебиеттер:

1. Эстетикалық білім мен тәрбие беретін пәндер әдістемесі, Талдықорған, 2021.
2. Мучник Г.М. Текст в системе художественной коммуникации.- Алматы: Мектеп, 1998.
3. Илияс Жансүгіров. Көп томдық шығармалар жинағы.- Алматы: Қазығұрт, 2004.
4. Боров Ю.Б. «Эстетика» Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020.
5. Ақшолақов Т. Шығарманың көркем айшықтарын таныту. Алматы: Рауан, 1998.

РЕГИОНАЛЬНЫЙ КОМПОНЕНТ СОДЕРЖАНИЯ ОБУЧЕНИЯ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ

*Муратова Б. К., магистрант 1 курса, университет имени Шакарима города Семей
Научные руководители: Байгожина Ж. М., к.п.н., профессор Дюсекенева И. М., PhD
Республики Казахстан, г. Семей, Университет имени Шакарима города Семей*

В настоящее время наблюдается изменение отношения к региональным знаниям, что объясняется развитием международных отношений. Этот фактор определяет актуальность связи изучения иностранных языков с проблемами регионов, которые в последнее время приобретают всё большую самостоятельность. Обращение к региональному компоненту содержания в обучении иностранному языку продиктовано стремлением приблизить процесс обучения к реальности, используя культурологический контекст, что предполагает реализацию компетентностного подхода, предполагающего формирование и развитие компетенций, позволяющих индивиду ориентироваться в различных типах культур и соотносимых с ними коммуникативных нормах общения, адекватно интерпретировать явления и факты культуры (включая речевую культуру), и использовать эти ориентиры для выбора стратегий взаимодействия при решении личностных и профессионально значимых задач и проблем в различных типах современного межкультурного общения.

Региональный компонент содержания в обучении иностранному языку призван преодолеть непонимание между представителями разных культур. Преодоление непонимания возможно с помощью раскрытия психологии, характера народа посредством описания его индивидуальности в сравнении с такими же характеристиками другого народа. Сравнение проводится, главным образом, по степени выраженности у них тех или иных черт или качеств. В связи с этим представляется целесообразным предложить такое предметное содержание для обучения иностранному языку, которое позволило бы сформировать умение выражать региональную специфику родной культуры средствами иностранного языка. Для реализации данной цели необходимо обращение к региональному компоненту, выражающемуся во включении в содержание обучения иностранному языку региональной специфики содержания, рассматриваемого в культурологическом контексте и позволяющего изучать культуру родной страны и страны изучаемого языка в сопоставлении друг с другом. Для этого необходим такой подход к образовательному процессу, который предусматривает самореализацию устремлений студентов, индивидуальное формирование их умений подбирать факты родной культуры для соответствующих целей, привносить элементы

творчества, а также формирование и развитие личности специалиста, умеющего не только адаптироваться к меняющимся условиям и ситуациям, но и способного творчески реализовывать свои возможности. Это является шагом к реализации главной цели инновационного образования – сохранению и развитию творческого потенциала человека. Всё названное должно быть осознано студентами, то есть доведено до уровня понимания.

Структура системы образования в Казахстане предполагает включение этнокультурного образовательного пространства. Основной задачей этнокультурного образования является воспитание поликультурной личности, знающей родной, государственный и иностранный языки, которые, по мнению С.С. Кунанбаевой, являются: – средством межкультурного общения; – средством познания чужой и своей национальной культуры, своего и других языков; – инструментом свободной ориентации и жизнедеятельности в современном поликультурном и мультилингвальном мире; – ценностной базой для ориентации и выбора коммуникативного поведения и невербальных норм взаимодействия с учетом специфики развития и состояния стран, регионов, мировой цивилизации.

При организации процесса обучения иностранному языку с использованием регионального компонента содержания следует исходить из реальных жизненных ситуаций в рамках как социокультурного, так и профессионального общения. Целесообразно знакомить обучающихся с историей, политикой, социальными отношениями, философией, литературой, искусством и другими сферами, образом жизни и бытом, но не только дать знания, но и объяснить систему ценностей народа, чтобы разрушить стереотипы, снять предубеждения и барьеры, обеспечить понимание чужого, научить воспринимать «странное», «непохожее на своё», изменить отношение. В качестве источника содержания обучения иностранному языку с использованием регионального компонента выступают факты родной и иностранной культуры, раскрывающие суть затрагиваемых/обсуждаемых проблем.

«Иностранный язык» как учебная дисциплина, обзор которой нам бы хотелось сделать с учетом интереса нашего исследования, в этой системе занимает особое место. Своеобразие иностранного языка заключается в том, что в ходе его изучения приобретаются не знания основ науки, а формируется коммуникативная культура посредством получения новой информации. Поэтому с точки зрения высказанного, региональный компонент в определении содержания обучения на занятиях по иностранному языку в неязыковом вузе необходимо основывать на следующих положениях:

- 1) учет сформулированных целей обучения иностранным языкам в неязыковом вузе с позиции диалога культур;
- 2) учет приведенных в данном параграфе точек зрения ученых-методистов на определение содержания обучения;
- 3) необходимость формирования умений, составляющих выделенную нами новую профессионально-педагогическую функцию будущего специалиста – организатора межкультурного общения.

Региональный компонент в обучении иностранным языкам – это сложная и методологическая категория, лингвистический аспект которого включает в себя:

1. Знания о регионе.
2. Языковые явления, отображающие специфику региона.
3. Специальные тексты по региональной проблематике (краеведческие статьи, газетные публикации, художественные тексты).

Тексты как способ отражения регионального содержания тематики должны выражать:

1. Регионально-ориентированные речевые ситуации.
2. Визуально-текстовые материалы (кинофильмы, видеоролики, прагматические материалы).

На основе взаимосвязи общественных связей и потребностей формирования функций и теоретических положений межкультурных коммуникаций, региональный компонент в обучении иностранным языкам позволит обучающимся:

1) Глубже понять и усвоить отдельные языковые явления и лингвострановедческие реалии в их компарации, сравнивать и сопоставлять реалии культурной и быденной жизни страны изучаемого языка и Казахстана;

2) Расширить содержательные основы обучения иностранному языку;

3) Способствовать развитию и совершенствованию межкультурной коммуникативной компетенции обучающихся;

4) Овладеть знаниями о родном крае и умения высказываться на региональные темы, усилить прагматический компонент иноязычной коммуникативной компетенции и подготовиться к практической деятельности в своем регионе;

5) Лучше понимать иноязычную культуру и формировать в себе повышенную толерантность к участникам коммуникации.

Необходимо отметить, что региональная подготовка будущего специалиста при этом не означает узкую специализацию. Региональное насыщение содержания обучения способствует умению специалиста адаптировать и преломлять свои профессиональные умения и навыки с определенным местом работы и спецификой региона. В случае перехода специалиста в новый географический или административный регион, региональная подготовка будет иметь для него большое методическое значение в плане повышения возможностей производственной социальной адаптации.

В заключение хочу сказать, региональный компонент содержания, используемый в процессе обучения, призван способствовать более глубокому осознанию себя носителем родной культуры, а также развитию умения представлять родную культуру в условиях межкультурного общения. Региональный компонент содержания влияет на уровень проблемности обсуждения предметов речи, так как при решении речевых задач с использованием регионального компонента содержания необходимо постоянное проведение параллелей между фактами культуры родной страны и стран изучаемого языка, выявление регионально-специфического, их сравнение. Региональный компонент содержания может быть включён в процесс обучения в различном объёме или стать его основой в зависимости от учебных целей.

Литература:

1. Кунанбаева С.С. Современное иноязычное образование: методология и теории.- Алматы, 2005 с.112-114

2. Калкеева К.Р. Теоретико-методологические основы систематизации и конструирования содержания истории педагогики и образования Казахстана: дис. д-ра пед. наук. - Караганда, 2010, с.197

3. Гальскова Н.Д. Практические и общеобразовательные аспекты обучения иностранным языкам.- Иностр. языки в школе. -1995 – с. 8-11

4. Гальскова Н.Д. Современная методика обучения иностранным языкам: Пособие для учителя.- М.: АРКТИ, 2000. – 165 с.

5. Кожаметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика.- Ғылым, Алматы, 1998.- с. 317.

ЖАСӨСПІРІМДІК КЕЗЕҢ ТӘРБИЕСІ БОЛАШАҚ КЕПІЛ

Омарбаева Ж. Т., арнайы пән оқытушысы

*Қазақстан Республикасы, Семей қ., Д.Қалматаев атындағы
мемлекеттік жоғары медицина колледжі*

Жаратылыстан жүрек жылуы мен мейірім шуағы мол халықтың бірі қазақ. Жасөспірімдік кезең тәрбиесіне деген немқұрайлық оның табиғатына мүлдем жат. Өйткені қазақтың ел алдындағы абырой беделі, қадір қасиеті, тек жеке басының жақсылығы немесе дәулеті мен ғана емес, бауырынан өрген ұрпақтарының салауаттылығы жарактылығымен өлшенген. Ата-бабаларымыздың сондай ектілік деген ұғымды ежелден қастерлеп, оның атадан балаға мирас қылып қалдыруында терең сыр жатыр. Шығыстың ғұламасы Әл-Фараби: «Жас жеткіншектеріңді көрсетіңіз, мен сіздің болашақтарыңызды айтып берейін» деген. Қазіргі кезеңде қазақ халқының өмірінде бұрын соңды болмаған оқуға, еңбекке, қоғамдық өмірге ықыласы жоқ балалар саны күннен күнге артуда. Бұлар дәрежі әдепсіз барлық жарамсыз әдеттерге еліктеуге бейім келеді. Психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік сүйемелдеу баланың оқу үдерісінде субъекті болуына жағдай жасауды көздейді, яғни, бала өзін-өзі өзгерту үшін оқиды, педагог үшін де, баланың өзі үшін де негізгі мәселе оның дамуы болып табылады. Осыған байланысты психологиялық-педагогикалық үдерісте балалардың белсенділік, өзіндік әрекетін танытуына, сонымен қатар, оның интеллектуалдық және тұлғалық дамуын арттыруына барынша психологиялық-педагогикалық жағдай жасау қажет. [5] Бұл кезеңге тән тағы бір ерекшелік жасөспірім барлық нәрсені өз бетімен орындап, үлкен адамдардың қамқорлығымен ақыл кеңесінен құтылғысы келеді. Жасөспірімнің ересектен айырмашылығы тек үлкен адамдармен қатынасының өзгеше келетініндей емес, сонымен қатар биологиялық дамуы (жыныс т.б жетілуі) жағынан кеңінен өріс алатынында. Ал жалпы алғанда жасөспірім тың өзгеше сипатта келеді. Мысалы, жеткіншек төменгі кластарда оқып жүргенде үйге берілген тапсырманы тек жаттап алатын болса, жеткіншек жасында үй тапсырмасын өз сөзімен түсінікті етіп айтуға талпынады. Кейбір жасөспірім жастағылар осы кезеңде бұрынғы қалыпынан үлкен адамдармен қарым-қатынаста болғанда мейірімді, сыпайы келсе енді өрескел түрде, яғни тәртіп бұзуға икем келеді. Осы мәселені анықтаудан зерттеушілер арасында талас бар. Дегенмен психиканың бұл ерекшелігі жасөспірімде әлеумет өмірінің өзінің ерекшелігінен болар. Жасөспірім бәрін өзім істей алам, «Сендер мені әлі бала деп ойлайсындар» деп наразылық білдірсе де оның қолынан әлі де көп нәрселер келе бермейді. Ересектерге ұқсап іске ұмтылғанымен, сол істі орындаудағы мүмкіншілігі кіші мектеп жасындағылардай басқаша айтқанда, бір жеткіншек істі игеру жағынан бала да, ал талап қою жағынан ересек. Жасөспірім осы сияқты қасиеті қазірде және өткен дәуірлердің жасөспірімдерінде де бірдей тән. Мұнымен қатар бүгінгі заман жасөспірімдері үлкен адамдардың талабына көне кетпейді. Себебі, біріншіден қазіргі кезде оқушылардың көпшілігінің соның ішінде жасөспірім жасындағылардың көбінесе оқудан айналысатын басқа тапсырмасы жоқ. Біз ілгеріде өткен дәуірлерде бала кіші жасынан материалдық игіліктерді өндіруге (мал бағуға, от не пішен шабуға) жегілетінін ескердік. [3] Қазір де бұл сияқты міндеттердің көпшілігі үй – ішінде кездесіп жарымайды. Керісінше ата-аналар жасөспірім оқу тапсырмасын орындай алмайды деп, үй шаруасынан босатады. Ал, жасөспірім бала кезінен ересек кезеңіне ауысуы психологиялық тұрғыдан жаңа сапа, бірақ осыдан ауысудың себебі сол болып келген психикалық дамудың салдарынан: егер үлкендер жасөспірімді бала деп есептесе, керісінше олар өзін есейдік деп санайды. Бұл екі арадағы дәл келмеушілік қайткенде де жеткіншектің дамуына әсер ете алады. Жасөспірімнің өз беттілік қасиетке ұмтылып, үлкендердің қамқорлығына босануға тырысуы баланың бәрінде кездесетін болғаны мен бір қатары күні-түні фантастикалық әдебиеттерді оқып, солардың кейіпкерлеріне еліктейді. Сабақтан тыс мезгілде жасөспірім радиотехника электротехникамен танысып едәуір білім алады. Мұнымен қатар бұл жастағылар бойынан әлі де балалық кездесіп тұрады. (мысалы: ұлдар қыздардың шашын тартып мазалауыт.б) бірақ сол жеткіншек таныс емес үлкен адамдардың алдында өзін мәдениетті түрде ұстауға тырысады.

Әдетте жеткіншектерді тәрбиеге көнбейтін қиын жас деп сипаттайды. Солай деп бағалайтыны біріншіден бұрынғы кездегі психикасы мінез-құлқы өзгеріп, соның негізінде жаңа қасиеттер пайда болатыныннан. Кейде мұндай өзгеріс аз уақыттың ішінде болуы мүмкін. (бірақ өзгеріске ұшырау жасөспірімде бір уақытта кездеспейді). Екіншіден осындай психиканың жаңа саласының пайда болуынан бала қиналысқа ұшырайды уайым шегеді, оның тәрбиеге көнуіне бөгет жасайды. [2] Мұндай өзгерістерді психологтар түрліше дәлелдейді. Осы ғасырдың бас кезінде психолог З. Фрит жасөспірім үлкендердің қамқорлығына көнбейтінін «өзім бәрін орындаймын дейтінін жыныс қасиетінің салдарынан болатын санасыз әуесқойлық» деп түсіндірді. Бұл пікірге көптеген психологтар қарсы. Жасөспірімдердің тәрбиеге көнгісі келмеуі түпкілікті емес, уақытша кездесетін уақыттың бірі. Қоғамдық ортаның жеткіншекті тәрбиелеуге ықпалы зор. Қоғам дамуының ерекшелігіне қарай жастарға қойылатын талап үнемі өзгеріліп отырады. Осы талапқа сай жеткіншек бала жасынан үлкендер жасына өтерде қоғам жағдайы оған түрліше әсер етіп, баланы әр-түрлі фантастикалық іске ұмтылтырады. Мұндай уақытша келіспеушілікпен күресу мектептегі және үй ішіндегі тәрбие жұмысының негізінде болады. Егер тәрбие не оқу жұмысы жеткіншектермен жақсы жүргізілсе ұнамсыз әдеттерден аулақ болады.

Баланың мінезін жалпы деңгейін ынтасын жақсы білу үшін, оның дамуына адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына не нәрсе қажет екендігін әрбір әке, әрбір ана білуге міндетті. Баланың жас ерекшелігі, әр жасқа тән болатын дағдарыстардың себептері туралы түсіндіріп, олардан баланы қиындықсыз алып шығуға көмек көрсетуге ата-анаға көмекке келетін – мұғалім. Өйткені мектеп жасындағы баланың көбіне көп негізгі әрекеті – оқу. Оқу барысында ол білімге, қарым-қатынасқа, имандылық адамгершілікке үйренеді. [4] Сонда мұғалімнің жеке бас үлгісі, сөзі мен ісінің сәйкестілігі, талапшылдығы отбасында баға жетпес құралына айналады. Тәрбиенің нәтижелігі терең тамырлы тәрбиені бойына дарытқан ортада болмақ. Ол ата-аналар өз міндетін жеке түсінгенде, мұғалімдермен ынтымақтастықта болған жағдайда алға басады. Қазіргі уақытта дамуында ақаулары бар балалар саны артып отыр. Оларды оқыту жүйесі кеңейіп, түзете-дамыту технологиялары жетілдірілуде. Білім беру жүйесінде даму мүмкіндігі шектеулі балаларға айырықша орын бөлінген. Бұл балаларға қатысты біздің алдымызда тұрған негізгі міндетолардың әлеуметтік ақталуы мен бейімделуіне, қоғамдағы толыққанды өмірге дайындалуына жағдай жасау және көмек көрсету. Осы заң аясында жарымжан балаларға ерте бастан білім беру мәселесіне мән берілген. [1] Оларды білім беру, әлеуметтік, медициналық тұрғыда қамтамасыз ету қарастырылған. Инклюзивті білім беру – мүмкіндігі шектеулі балалардың жалпы білім беретін мектептерде тең жағдайда бірдей білім алуына қолжетімділігін ұйымдастыру. Мәселен, арбамен қозғалатын балалар үшін мектептерде арнайы пандустар өзге де мүмкіндіктер қарастырылуы керек. Инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру.

Әдебиеттер:

1. Возрастная и педагогическая психология // Под. ред. А.В. Петровского. - М., 2014.
2. Грейс Крайг. Психология развития. - СПб., 2018
3. Жас ерекшелік психологиясы, М.М. Муханов, Алматы 2017, 93-95 б.
4. Кулагина И.Ю. Возрастная психология. М., 2017.

**ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДЕ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ КӨЗҚАРАС АРҚЫЛЫ МЕКТЕП
ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДА САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Оразбекова Б. Қ., магистрант

Ғылыми жетекші: Қыдырмолдина А. Ш.

*Қазақстан Республикасы, Семей қ., «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті»
КеАҚ*

Адамзаттың бүкіл өмірінде адам үшін маңызды құндылықтардың бірі-денсаулық. Салауатты өмір салтын ұстану өте маңызды және қажет, әсіресе балалар арасында, сондықтан салауатты өмір салтына құндылық көзқарасын қалыптастыру, оны сақтау үшін барлық жағдайларды жасау қажет. Салауатты өмір салтын ұстану әрдайым қажет, бірақ жасөспірім кезінде бұл процеске көп көңіл бөлу керек. Адам үшін ең үлкен құндылық-оның денсаулығы.[2] Денсаулық дегеніміз не? Қандай адамды сау деп санауға болады?Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы келесі анықтаманы қабылдады:"денсаулық - бұл ауру мен зақымданудың болмауы ғана емес, сонымен бірге толық дене, психикалық және әлеуметтік әл-ауқаттың жағдайы". Психикалық денсаулық-бұл адамның өз қабілеттерін жүзеге асыратын, әдеттегі өмірлік күйзелістерге төтеп бере алатын, өнімді жұмыс істейтін және өз қауымдастығына үлес қоса алатын әл-ауқат жағдайы. Көбінесе денсаулық адамның өзіне байланысты. Сіздің денсаулығыңызға ұқыпты қарау, демек, салауатты өмір салтына деген көзқарас балаларда өздігінен пайда болмайтынын, бірақ мақсатты педагогикалық әсер нәтижесінде дамитынын есте ұстаған жөн. [4] Денсаулық-бұл адамның бір рет және өмір бойы алатын сыйы емес, әр адамның және қоғамдағы барлық адамдардың саналы мінез-құлқының нәтижесі. Осылайша, мұғалімнің алдында тұрған басым міндеттердің бірі-білім беру қызметі процесінде балалардың денсаулығына құндылық қатынасын қалыптастыру. Балаларды салауатты өмір салтына баулу мектеп оқушыларын Денсаулық сақтау білімі мен дағдыларымен қаруландыруды, күн тәртібін, қозғалыс белсенділігін, қатаюды, ұтымды тамақтануды ұйымдастыруды; шиеленісті жеңілдетуді, жеке гигиенаны сақтауды, дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарының әртүрлі нысандарын, сондай-ақ денсаулықты сақтаудың тиімді педагогикалық технологияларын пайдалануды қамтиды.Әлеуметтік денсаулық-бұл біздің әлемдегі басқа адамдармен өмір сүру және қарым-қатынас жасау қабілеті. [3] Физикалық денсаулық - бұл толық физикалық әл-ауқат, тыныш және бақытты, ешқандай бұзушылықсыз, өмір ағымы. Рухани денсаулық-бұл өз халқының білімі, діндері, дәстүрлері мен тарихының еркін, үйлесімді және практикалық байланысы. Мұғалімнің ең қиын, маңызды міндеті-баланың денсаулығына қалай қамқорлық жасау керектігіне қызығушылық танытатын жағдайлар жасау. Салауатты өмір салтын ұстануға тікелей шақыру және жаман әдеттерге тыйым салу, қорқыту мен қорқыту тек нәтижесіз ғана емес, сонымен бірге зиянды, өйткені олар балаларда жасырын қарсылық тудырады. Құндылық бағдарларын, сенімдерін, белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру мұғалімнің оқушыларды білім алудың және өңдеудің белсенді процесіне тартуға ықпал ететін осындай әдістер мен әдістерді қолдануы арқылы мүмкін болады. [4] Бұл білім беру процесіне қатысушылар арасындағы сенімді қарым-қатынас жағдайында, ынтымақтастық пен ынтымақтастық жағдайында болуы керек. Бала кезімізден бастап күніңізді зарядтаудан бастау жақсы және пайдалы екенін білеміз. "Зарядтау" сөзінің өзі қазірдің өзінде түсіндіреді-Біз күні бойы сақталуы керек энергияны зарядтаймыз. Таңертеңгілік жаттығулар сізді оятуға, бұлшық еттеріңізді оятуға, дененің барлық жасушаларына "таңғы асқа" оттегінің бір бөлігін жеткізуге мүмкіндік береді, сондықтан одан кейін күніне осындай жағымды сезім пайда болады. Балаларға арналған таңертеңгілік жаттығулар да маңызды ұйымдастырушылық мәнге ие. Бұл күнделікті бола отырып, күнді құрылымдайтын, белсенді, жемісті уақытты талап ететін рәсім. Күнделікті жаттығулар сіздің денсаулығыңызға қамқорлық жасауға, бала кезінен бастап дененіздің қажеттіліктеріне құрметпен қарауға үйретіледі. [1] Бала қалыпты өмір сүру үшін жасалуы керек нәрселер бар екенін түсінеді: тістерін тазалау, жуу, тарау, жаттығу. Таңертеңгілік жаттығулар әртүрлі вариацияларға ие, бірақ олардың негізгілері:

мойынға, қолға, магистральға арналған жаттығулар. Орыс тілі, оқу, математика сабақтарында оқушылар ұзақ уақыт статикалық қалыпта болған кезде дене шынықтыру минуттарын таңдауға мұқият қарау керек. Оларға магистраль мен аяқтың үлкен бұлшықеттері де, қолдар мен саусақтардың кішкентай бұлшықеттері де қатысуы керек. Бұл статикалық жүктеменің әсерімен байланысты дененің физиологиялық жүйелеріндегі теріс ауысуларды алып тастауға мүмкіндік беріп қана қоймайды, сонымен қатар қолдың ұсақ бұлшықеттерінің дамуына, дұрыс графикалық дағдыларды, ең алдымен жазу дағдыларын дамыту үшін қажетті нәзік моторлық үйлестірулерді жетілдіруге ықпал етеді. Денсаулық адамның белсенді өмірінің қажетті шарты болып табылады және адамның бүкіл өмір жолында қалыптасады.[3] Егер біз балаларды ерте жастан бастап өз денсаулығын бағалауға, қорғауға және күтуге үйрететін болсақ, Білім жас ұрпақтың денсаулығын нығайту функциясын орындайды. Әрине, балалардың денсаулығын сақтау міндетін бір мұғалім шеше алмайды. Бірақ егер біздің мұғалімдеріміздің әрқайсысы осы мақсатты қойып, оған ұмтылса, сайып келгенде, біздің балаларымыз бен болашағымыз жеңіске жетеді.

Әдебиеттер:

1. Савельева Т. А. оқу процесінде оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру. - URL: <http://saveleva31.ru> 2016.
2. Хазова С.А. кәсіби дене шынықтыру-спорттық білімге құзыреттілік тәсіл // Адыгей мемлекеттік университетінің хабаршысы. 3 Серия: Педагогика және психология. – 2018. – № 7. – Б. 248.
3. "Денсаулық мектептері" бағдарламасы. - URL: <http://sch3s.narod.ru/ShZdorov/prog> 2016.
4. Щербина А. и. жеке тұлғаның адамгершілік тәрбиесінің тұжырымдамалық негізі ретінде рухани құндылықтар құбылысы //
5. Тарихи және әлеуметтік-тәрбиелік ой. – 2012. – № 2. – Б. 106.

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМІНІҢ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кадирсизова Ш. Б., PhD доктор; Оралова А. М., магистрант

Қазақстан Республикасы, Семей қ., Шәкәрім атындағы Семей университеті

Қазіргі қоғамда айтарлықтай өзгерістер орын алуда, соның ішінде және білім беру жүйесінде. Жаңа әдістерді белсенді іздеу және тереңдетілген мамандарды даярлауды жақсарту тәсілдері ғылыми білімі, зерттеу тәжірибесі, педагогикалық шеберлігі бар оқытушы. Кәсіби дайындыққа жоғары талаптар қойылады.[2] Болашақ мұғалім, оның білімі, білімі және мәдениет деңгейі. Мұғалім - бүкіл білім беру процесінің маңызды тұлғаларының бірі. Ол әртүрлі басқару мәселелерін шеше білуі керек, оқушылар ұжымын басқарып қана қоймай, оны басқарудың теориясы мен практикасы, белгілі бір жеке қасиеттер туралы арнайы білімді қажет ететін сапалы жаңа деңгейге көтере білуі керек.[5] Мотивациялық басқаруды қамтамасыз ететін басқарушы мұғалімнің жеке қасиеттері де өте маңызды. Мұғалім менеджері болу оңай және ұзақ жұмыс емес. Ғылыми еңбектерде «басқару құзыреттілігі» ұғымын жүйелік білім ретінде қарастыруға болады. Оларды келесі компоненттер жиынтығымен анықтауға болады:

- осы мамандық немесе лауазым үшін қажетті білім;
- функционалдық лауазымдық міндеттерін табысты орындау үшін қажетті дағдылар;
- кәсіби, іскерлік және жеке маңызды қасиеттер процесіте өз күштерін, қабілеттері мен мүмкіндіктерін толық іске асыру қызметі;
- гуманистік дүниетанымды, рухани-құндылық бағдарларын, тұлғаның адамгершілік және этикалық қағидаттарын қалыптастыру үшін қажетті мәдениет;
- кәсіби қызметтің мотивациялық саласы. Бұл мәселені шешудің бір жолы іске асыру процесітерінде жатыр. Кадрларды даярлау мен тұлғаны қалыптастыруға бағытталған

тәсілболашақ бастауыш сынып мұғалімдері.[2]Құзыреттілік-адамның ішкі және сыртқы ресурстарды пайдалану негізінде кәсіби және кәсіби емес қызметтің белгілі бір міндеттерін шешуге дайындығында көрінетін білім беру нәтижесі.Психологиялық-педагогикалық құзыреттілік бастауыш сынып мұғалімі үшін оның кәсіби қызметінің негізі болып табылады. Мұғалім көптеген оқу пәндерін оқуға негіз қалайды және дүниетанымды, өзіне, айналасындағыларға, оқу еңбегіне деген көзқарасты қалыптастырады, бұл бастауыш мектеп жасындағы бала, оның ерекшеліктері, дамудың әлеуметтік факторлары туралы білім жүйесінсіз мүмкін емес.Бастауыш сынып мұғалімінің пәндік құзыреттілігі: бастауыш сынып мұғалімі үшін қажетті пәндік салаларда білім мен дағдылардың болуы және олармен жұмыс істеу қабілетімен сипатталады.[4]

Әдістемелік құзыреттілік: бастауыш мектепте оқыту мен тәрбиелеудің классикалық және заманауи әдістерін, формаларын, құралдарын, әдістерін, технологияларын білумен, оларды қолдана білумен, шығармашылықпен өңдеумен сипатталады.Педагог-білім беру саласындағы заманауи маман. Бастауыш сынып мұғалімі-бастауыш мектеп жасындағы балалардың мұғалімі және тәрбиешісі. Педагог-интегративті тұлғалық кәсіби маңызы бар білім ретінде кәсіби педагогикалық мәдениеттің тасымалдаушысы. Қазіргі бастауыш сынып мұғалімінің шеберлігіол білімге негізделген коммуникативті мәселелерді шешеді.Психологиялық-педагогикалық заңдылықтар,оның ішінде белгілі біржас психологиясы саласындағы білім қоры.[3]Бастауыш сынып мұғалімі коммуникативті қызметті үйлестіру жағдайы,оқу процесі шынымен де қанағаттанарлық болуы үшінпедагог пен оқушыларға, сондай-ақ қойылған мақсаттарға қол жеткізу.Оқушылар ұжымымен жұмыс істейтін мұғалім отбасының қалыптастырушы рөлін және бұл рөлдің оның мүшелерінің құндылық бағдарларына тәуелділігін жақсы түсінуі керек. Мұндай ақпаратқа ие болу отбасындағы қарым-қатынастың баланың жеке дамуына, оның мінезіне, мінез-құлық реакцияларына қалай әсер ететінін болжауға мүмкіндік береді.[5]Бастауыш сынып мұғалімдерінің педагогикалық іс-әрекетінің өзіндік ерекшеліктері бар: ол көптеген функцияларды біріктіруге мәжбүр, оның ішінде оқу-тәрбие қызметі ғана емес, сонымен қатар ұйымдастырушылық жұмыс, білім беру іс-әрекетінің барлық қатысушыларымен (оқушылар, ата-аналар, мектеп әкімшілігі) белсенді қарым-қатынас процесі. Бастауыш сынып мұғалімінің жұмысы сынып жетекшілігін де, мұғалімнен басқарушылық құзыреттілікті жүзеге асыруды талап ететін көптеген әртүрлі пәндерді қамтамасыз етуді де қамтиды.[5]Мұғалімнің ата-аналармен қарым-қатынасы бейімделу кезеңінде бастауыш сынып оқушысына қатты әсер етеді. Сондай-ақ, өзара іс-қимыл қоғамның әлеуметтік талаптарына байланысты, олар мұғалімнің отбасымен толыққанды ынтымақтастығын талап етеді.Білім беру қызметі маманнан әртүрлі салаларда кең және терең білімді талап етеді. Бұл әсіресе мектеп оқушыларына әртүрлі ғылыми пәндерден сабақ беретін бастауыш сынып мұғаліміне қатысты. Сондықтан оның жалпы білімі тіл білімі, әдебиет, математика, жаратылыстану, тарих, бейнелеу өнері, музыка салаларында айналуы керек.[2]Жұмыстың нәтижелерін талдай отырып, басқарушылық қызметтің қолданылатын түрлері мұғалімнің басқарушылық құзыреттілігін дамытуға; тұрақты кәсіби жетілдіру қабілетін қалыптастыруға; перспективалық педагогикалық тәжірибені қалыптастыруға; мұғалімдердің кәсіби құзыреттілік деңгейін нақты арттыруға, инновациялық қайта құру жағдайында жұмыс істеуге дайындықты қалыптастыруға ықпал еткенін атап өтуге болады. Сонымен қатар, мұғалімдерді мұғалімдер сайты немесе блогын әзірлеу және жүргізу процесіне тарту, мұғалімдердің кәсіби конкурстарға қатысуының белсенділігі мен тиімділігін арттыру мәселелері өзекті болып қала береді.[1] Осылайша, бастауыш сынып мұғалімінің «кәсіби құзыреттілігі» санаты мұғалімнің өзінің педагогикалық мүмкіндіктерін, балалар тобының ерекшеліктерін, оның даму перспективаларын, қоғамның өзіндік ерекшеліктерін түсінуіне негізделген. Мұндай тұжырымдамалық хабардарлық мұғалімнің педагогикалық технологияларды, негізгі мақсатты сәтті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін әдістерді таңдаудағы (көшіруден гөрі) кәсіби икемділігін анықтайды – бастауыш сынып оқушысының жеке басының дамуына жағдай жасау.

Әдебиеттер:

1. Байжуманова Н.С. Особенности формирования профессиональной компетентности / Н.С. Байжуманова // Вестн. Ка- раганд. ун-та. Сер. Педагогика. — 2017. — № 2 (54). — С. 77–83.
2. Василенко Н. Школа будущего / Василенко Н. // Директор школы. – 2016. - № 4. – С.32 - 48.
3. Лекомцева Е. Н., Н. А. Мухамедьярова Структура организационно-управленческой компетентности педагога, работающего с талантливыми обучающимися // 10.05.16/ [Электронный ресурс] / - Режим доступа: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/struktura-organizatsionno-upravlencheskoy-kompetentnosti-pedagoga-rabotayuschego-s-talantlivymi-obuchayuschimisya>
4. Сенновский И.Б. Управленческая деятельность учителя // 10.05.16/ [Электронный ресурс] / - Режим доступа: URL: https://portalus.ru/modules/shkola/rus_readme.php?subaction=showfull&id=1193230019&archive=1196815145&start_from=&ucat=& (дата обращения: 14.10.19).
5. Хмель Ф.И. Основы менеджмента: Учебник. Вид. 2-ге, випр., доп. –К.: Академиздат, 2017 – 576с.

**АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІ:
МАҢЫЗЫ, ҚҰНДЫЛЫҒЫ, ӨМІРШЕНДІГІ**

*Оспанжан С., 7M01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ 1-курс магистранты
Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ., І.Жансүгіров атындағы Жетісу
университеті*

Қазақ елі тәуелсіздік алғалы бері қазақтың тарихын зерттеуге жаңаша көзқарастар мен ой-пікірлер қалыптасты. Соның ішінде кеңестік кезеңдегі Қазақстан тарихын зерттеу мен зерделеуде шаң басқан тарих беттері ашыла бастады. Қазақ зиялыларының, яғни Алаш қайраткерлерінің жүргізген еңбектері қайта қаралды. Бұл мәселені ХХ ғасырдың 80-жылдардың соңында алғаш рет белгілі тарихшы ғалымдар К.Нұрпейісов, М.Қозыбаев, М.Қойгелдиев, Ә.Тәкеновтер ұлт зиялылары 1916 жылғы патша жарлығына дейін патша үкіметінің отарлауына қарсы тұрғандығы және оқу-ағарту саласында атқарған қызметтерін атап өтеді. Ұлт зиялыларының алға қойған басты мақсаттарының бірі - халыққа білім беруде, оқу-ағарту және ғылым мәселесі еді. ХХ ғасыр басында «Қазақ» газетімен қатарлас «Айқап» журналы да Алаш қайраткерлерінің ғылыми-ағартушылық бағытындағы еңбектерін жарыққа шығарып отырды. «Қазақ» газетінде А.Байтұрсынұлы пен М.Дулатовтың «Алаш азаматтарына» деген мақаласында «халықтың мәдениет жолында ілгері басып, ел қатарынан қалмасына себепші болатын нәрселердің бірі: баспа сөз, яғни газет-журнал, кітап екендігі шексіз» – деп көрсетуінің астарында үлкен мән жатыр [1, 78 б]. Сонымен қоса, халыққа ағартушылық қызметтің үш негізгі қажеттілігін атап айтады. Ол: білімді мұғалім, оқыту құралдары және оқыту бағдарламасы. Енді осы бағытты дамыту жолында ұлт зиялыларын оқулықтар дайындауға шақырып, ғылыми-ағартушылық қызметін жүргізді.

1913-1918 жылдар аралығында А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов негізін салған «Қазақ» газеті апталық басылым болып шықты. «Қазақ» газеті өз беттерінде халық ағарту және кітап шығару мәселелеріне баса көңіл бөлді. Ұлт зиялылары «Қазақ» газеті беттерінде қазақ балаларын оқытудың әдістемелері жайлы өз ойларын жариялап отырды.

Қазақ халқының тарихи-мәдени өмірінде өзіндік із қалдырған, республикада халық ағарту ісі мен жоғары педагогикалық ұлттық мектепті қалыптастыруда және оның іргетасын қалауға белсене ат салысқан, жеке басқа табыну кезінде зорлық-зомбылық пен заңсыздықтың құрбаны болған, көп жылдар бойы есімдері ескерілмей келген халқымыздың адал перзенттері. А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедұлы, С.Сейфуллин және т.б. педагогикалық мұрасының бүгінгі таңда ғылыми мәні орасан зор.

Республикамызда жаңа қазақ мектебінің негізін қалауда оқу-ағарту ісін дамытқан қазақтың ойшыл ағартушылары Ш.Құдайбердіұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Ғ.Қарашев, Х.Досмұхамедов, Ә.Бөкейханов, М.Шоқай және т.б. зиялыларының баға жетпес мұралары негізінде жеткіншектерді тәрбиелеу қазақ халқының болашағын қалыптастырушы күш деп білеміз.

1922-23 жж. ұлт мектептерін төл оқулықпен, бағдарламамен қамтамасыз етуде біраз шаралар іске асырылды, қазақ тілінде 14 оқулық шығарылды. Олардың ішінде «Физика», «Грамматика», «Педагогика», «Алгебра», «Мектеп гигиенасы» т.б. бар.

XIX ғасырдың соңында жарық көре бастаған қазақ баспасөзінің алғашқы қарлығашының бірі – «Дала уалаяты» газетіндегі Алаш қозғалысының көрнекті қайраткері О.Әлжанұлының мақаласында ұлтқа қажетті оқулық мәселесі көтеріледі. Мектепке керек оқу құралы орыс тілінен аударма арқылы жасалғандығы құпталады. Кітаптың орыс қарпімен шыққаны мақұл саналады. Сонымен қатар, алаш қайраткерінің мақаласынан бүгінгі шындықпен сабақтасатын жағдайды байқаймыз. Осы күні біздің қоғам қазақ тілі үшін орыс қарпінен бас тартып, латынға ауысу жағдайында тұрған кезде XX ғасырдың басында да алфавит ауыстырудың саяси-әлеуметтік, рухани-ағартушылық астары бар болғанын аңғарамыз. Алаш қайраткері мақұл көрген орыс алфавитінен Алаштың 100 жылдығында еліміз бен ұлтымыздың болашағы үшін саналы түрде латынға көшкеніміз дұрыс деген пікірдеміз.

ҚазАСК Республикасының Халық ағарту комиссары А.Байтұрсынұлының төрағалығымен 1921 жылдың 31 қаңтарында Орынбор қаласында зиялы қазақ азаматтарының мәжілісі өтті. Қорытындысында белгілі пәндер бойынша азаматтар шұғыл арада оқулық даярлауға тартылуы көрсетіледі: Арифметика – М.Тұрғанбайұлы, Геометрия – Б.Сәрсенұлы, Естествознание (жаратылыстану) – Е.Омарұлы, Қ.Кемеңгерұлы, География – Ә.Бөкейхан, Қазақ-қырғыз тарихы – М.Жұмабайұлы, Жалпы тарих – Х.Болғанбай, Мектепте гигиена – Ж.Тілеулин, Алгебра (бастауыш) – Е.Омарұлы, Педагогика – М.Жұмабаев, Психология – Ж.Аймауытов, Хрестоматия – С.Сейфуллин, Ж.Аймауытұлы, Қазақ тілінің ахуалы – А.Байтұрсынұлы, Теория словестности – М.Жұмабайұлы.

М.Жұмабаев ондаған поэма, жүздеген лирикалық өлеңдерін жазумен бірге, оқытушылық қызметті атқара жүріп, тұңғыш педагогикалық оқулықтар жазып қалдырды. Ол жазған «Бастауыш мектепте ана тілі» (1925), «Сауатты бол» (1926), «Педагогика» (1922) атты оқулықтары педагогика және әдістеме ғылымдарына қосқан мол қазына болып саналады. М.Жұмабаев орыс, батыс педагог-психолог ғалымдар еңбектерін оқи отырып, сонымен бірге тәрбиенің ұлттық ерекшеліктерін ескере өзінің «Педагогика» атты оқулығын жазудағы ұстанымын былайша сипаттайды: «Тәрбие ғалымдарының пікірлерін тандап алуға ұмтылдым. Шамам келгенше қазақ жанына қабыстыруға тырыстым... Бізде бұрын пән тілі болмағандықтан түрлі терминдерге тап басқанда қазақша сөз табу көп күшке тиді. Қалайда курстарда оқыған мұғалімдердің жәрдемімен таза орыс сөздері қазақшаға айналдырылды. Ал енді жиһан тілі болып кеткен сөздері қазақшаға аударам деп азаптануды тиіс таппадым» [2].

Шынында да ол кезде қазақша педагогикалық терминдер жоқтың қасы еді. М.Жұмабаев жүзден астам педагогикалық жаңа терминдерді ойлап тауып, тілімізге енгізген. Бұл ғылыми еңбек алғаш басылымы 1922 жылы 15 қыркүйегінде жарық көрді. Автор 14 ірі бөлімнен құрып, әр бөлімінде педагогика ғылымын жан-жақты саралап, болашақ ұрпақ тәрбиесін беруде таптырмас көмекші құрал етіп қалдырған. М.Жұмабаевтың педагогикасының мақсаты: 1. Ақыл тәрбиесі, 2. Құлық тәрбиесі, 3. Сұлулық тәрбиесі, 4. Дене тәрбиесі.

Ақыл тәрбиесі – түзу ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын болса. Құлық тәрбиесі – жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын болса. Сұлулық тәрбиесі – сұлу сөз, сиқырлы үн, әдемі түрден лаззат алып, жан толқытатын болса. Дене тәрбиесі – ыстық-суық, аштық-жалаңаштық, тұрмыста жиі ұшырайтын. Тәрбиенің бұдан басқа да бірнеше түрлері бар. Автордың төрт тәрбиеге баса көңіл бөлуі сол заманның талабынан туған көзқараспен астасып жатыр. Бүгінгідей экономикалық, экологиялық және құқықтық

тәрбие ол жылдарды (1930) онша актуальды мәселе болмаса керек. Автор осы тәрбиенің төрт түрін тәптіштеп түсіндіре келіп, былай дейді: Егер де адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Бала берік денелі болса, түзік ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы әуен, әдемі түрден ләззат алып, жан толқындырарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса ғана адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы... Балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын...» – деу арқылы М.Жұмабаев тәрбие мақсатын айқындап береді [2].

Педагогика пәнін М.Жұмабаев 5-ке бөледі: 1. Жалпы педагогика. Адамның дене һәм жан күштерін тәрбие қылу жолдарын көрсетеді. 2. Дидактика. Оқытудың негізгі жолдарын көрсетеді. 3. Методика. Оқытудың негізгі жолдарына негіздеп, белгілі бір пәнді қалай оқыту жолдарын көрсетеді. Мысалы, мектепте қазақ тілі пәнін қалай оқыту керек екендігін үйрететін пән — қазақ тілінің методикасы деп аталады. 4. Мектепті басқару. Бұл пән мектеп қалай салынуға, қалай басқарылуға тиісті, сынақтарға шәкірттерді қалай бөлу керек, оқу уақытын қалай белгілеу керек. Міне осылар сықылды мектеп құрлысы жолдарын көрсетеді. 5. Педагогика тарихы. Түрлі заманда түрлі тәрбиеге адамзат қалай қараған, қандай жолдармен жүрген, тәрбие дүниесінде қандай білімпаздар өткен, олар қандай жаңа жолдар тапқан. Педагогика тарихы осыларды баяндайды.

Қазақ тіл білімі тарихында жазылған тұңғыш ғылыми және оқу-әдістемелік еңбек саналатын А.Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» (қазақ тілінің сарфы) атты кітап Орынбор қаласынан 1914 жылы жарық көрді. Еңбектің «Сөз басы» деп аталатын кіріспе бөлімінде қазақ тілінің ерекшелігі және оның түркі тілдерінің құрамдас бір бөлшегі екендігі айтылады: «Қазақ тілі – түрік тілінің бір тарауы. Дүниядағы жұрттың тілі негізінде үшке бөлінеді: 1) түбіршек тіл, 2) жалғамалы тіл, 3) қопармалы тіл... Біздің қазақ тілі – түркі тілдің бір тарауы болғандықтан, жалғамалы» [7,17]. А.Байтұрсынұлы, сонымен қатар, ұлттық әдебиеттану ғылымының да негізін қалады. Ғалымның «Әдебиет танытқыш» атты зерттеуінде қазақ әдебиетінің тарихы үлкен екі кезеңге бөлініп қарастырылды: 1) Діндар дәуірі; 2) Сындар дәуірі [3, 172].

А.Байтұрсынұлына дейін арнайы әдістемелік еңбектер болған жоқ, бұл салада жинақ болып басылып шыққаны мүлдем жоқ еді, тек бірлі-жарым осы мәселелердің кейбір тұстарын ғана қамтитын мақалалар ғана болды.

Ұлттық әдебиетіміздің эволюциялық даму жолын, көркемдік-жанрлық ерекшелігін, танымдық-эстетикалық белгісін толық сипаттап аша алмаса да, бұлайша екіге бөліп қарастырудың өзін біз осы салада жасалған алғашқы тәжірибе, болашақ ізденістерге бағыт-бағдар деп танимыз.

Алаш қайраткерлерінің қиын-қыстау заманда танытқан қажырлы еңбегінің практикалық мәні мен өнегелі жолы ерекшелігін атап айтсақ:

➤ Алаш қайраткерлері XIX ғасыр соңынан бастап қазақ ұлтын оқу-ағартуға үндеген орыс ғалымдарының оқу-әдістемелік еңбектерін ұлт мүддесі тұрғысынан насихаттады;

➤ Алаш дәуірінен әртүрлі ғылым салалары бойынша бүгінгі күнге жеткен терминдер де қажеттілігіне орай оқулықтарымызға негіз болуға тиіс;

➤ Алаш кезінде жазылған оқулықтардағы, оқу-әдістемелік құралдардағы ұлт мұраты мен елдік мәселені жоғары қоятын көзқарас пен ұстаным басты қағидатқа айналу керек.

Мәселен, XX ғасырдың алғашқы жартысында ғылым тілін қалыптастыруда сүбелі үлес қосқан Ә.Бөкейхановтың «Қыр баласы» деген лақап атпен жариялаған ғылыми аудармалар мен жер өз осінен өзі айналады деген түсінікті беру үшін «жер өзінен өзі ұршықтай айналады» немесе «жер күннен дөңгелек жолымен, арқандағы аттай айналады» деп қазаққа етене жақын таныс, күнде үй тіршілігінде көріп жүрген ұршық пен арқандаулы атты еске түсіреді. Бұл оқырмандардың құбылысты ұғынықты, тез қабылдауына тиімді әдіс еді.

Алаш зиялыларының мұрасын танып-білу бүгінгі таңдағы әртүрлі ғылым салаларындағы терминдерге балама табу, бүгінгі жаңа Қазақстан құрудың алдындағы ұлттық білім беру мен ана тілінің мәртебесіне үлгі болатыны сөзсіз. Қазіргі жаңартылған білім беру бағдарламасы оқушының сөйлеу әрекетінің төрт түрін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды жетілдіруге бағытталған. Бұл сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша түйінді дағдылар оқу жоспарында «спиральді» тәсілмен берілген. Қарапайымнан күрделіге қарай, бірте-бірте білім, білік пен дағдылары кеңейтіліп қалыптасады. Қарапайым бақылауға тәжірибе арқылы білімі қалыптасуына, алған білімін қайта өмірде қолдана білуге бағыттау (функционалды сауаттылық) – Ә.Бөкейхановтың жариялаған ғылыми аудармалар мен оқулықтарында оқырмандардың құбылысты ұғынықты, оңай, әрі тез қабылдап алуына тиімді әдіс ретінде қолданылған.

Ә.Бөкейхановтың қалың елі қазағына ескі танымнан арылып, заман талабына бейімделуіне ой салды. Мектеп мұғалімдері мен жоғары сынып оқытушыларына арналған «Жаңа мектепті» неге шығару керек болды?» мақаласында «қазақша жаңадан жазылған кітаптар, қазақша оқыту, айналадағы жағдайға қол артып оқыту – еңбек мектебі, баулу мектебі. Жаңа програм» екенін зерделеп, журнал «мақсұты қысыр пәлсапа сату емес, қисын жырларын жырлау емес, қазақ мектебіне араласу, қазақ оқытушысының мектептегі күнбе-күндік жұмысына жәрдемші болу, оқытушылармен пікір алмастырып, жүкті «әуп-әуп» деп күш қосып бірге тарту» болатынын ұғындырды. Осынау кемел де келелі істерде мұғалімдерге қолдау білдіріп, жәрдемші болуды перзенттік парызы санады. Ол жаһандық білім саласында қалыптасқан кейбір дәстүрлі оқыту әдіс-тәсілдеріне сын көзімен қарап, ұлттық дүниетанымға үйлесе бермейтін педагогикалық пайымдардың қисынсыздығына өз уәжін айтты, дәлелді пікірлер келтірді [4].

Қорыта айтқанда, Алаш зиялылары қазақ елін адамзат өркениетінің төріне шығаруды, «Алаш» бағдарламасындағы жаппай оқу-ағарту ісін енді кеңес өкіметі дәуірінде тиянақты жүзеге асыруға басшылық етуімен қатар, оған өзінің қомақты үлесін де қоса білді. Қазақ халқының рухани кемелденуіне қажетті келелі мәселелерді шешудің практикалық жолдарын көрсетті. Бүгінгі білім үдерісінде ұлттық мүдде мен ұлтке адал қызмет ететін жас ұрпақты тәрбиелеудің нақты жолын қажеттілікке сай нұсқап тұр. Еңбекке баулу, ақыл, құлық, сұлулық, дене тәрбиесі ұштасқан, алған білімін шынайы өмірде пайдаланатын, креативті ойлай алатын жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруға жол ашады. Қараңғы қапаста жатқан қара халықты өнер-білімге үгіттеп, елдің көкірегіне білім мен өнерді қондыруды мақсат етті және оқу-ағарту жұмысына белсене араласып, соның нәтижесі туған халқына теңдік, азаттық, бостандық, өркениетті даму алып беретін бірден-бір жол деп ұғынды. ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ халқының «рухани көсемі» болған Алаш қайраткерлері өнер мен ғылымның сан-саласын жете меңгерген, ұлттық сананың оянуы мен азаттығы жолындағы күресте нағыз ерлік көрсетті.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Таңдамалы шығармалары. Құраст. Тілешов Е., Айтова Н. – Алматы, «Полиграфкомбинат» 2022. – 240 б.
2. Жұмабаев М. Педагогика. Алматы: Рауан 1992. – 165 б.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2008. – 172 б.
4. Бөкейханов Ә. Шығармаларының толық жинағы: 7-т.: мақалалар, талдаулар, хаттар, жеделхаттар (телеграмдар) / Құраст. Аққұлұлы Ж.С. – Астана: Сарыарқа, 2010.
5. Бөкейханов Ә. Шығармаларының толық жинағы: мақалалар, жарияланымдар, ғылыми ізденістер, ауыз әдебиетінің үлгілері, көркем аудармалар, хаттар, жеделхаттар (телеграмдар) / Құраст. Жүсіп С.А. – Астана: Сарыарқа, 2013 .
6. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: «Ататек», 1995. – 256 б.
7. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫН ЗЕРТТЕУ МӘНМӘТІНІНДЕ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Панияз Ш., тарих пәнінің мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Астана қ., Әлихан Бөкейхан атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейі

Қазақ тарихындағы жарқын беттердің бірі ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан бастаған алаш арыстары жол салған Алаш қозғалысы екені мәлім. Алаш қозғалыс ретінде 1905 жылдан бастап жанданып, XX ғасыр басындағы қазақтың ұлттық санасының оянуында белгілі бір ізін қалдырған, ұлы бастаманы ұран ете отырып, қазақтың елдігі мен бірлігі, Отаншылдық рухын жоғары көтерген, ұлт мұрасын ұлы еткен ұлы қозғалыс. Алыстан алаш десе, аттандырған бүкіл бір ұрпаққа өнеге мен даңғыл жолды салып, бағыт-бағдарды айқындап берген ұлы қозғалыс. Алаш қозғалысы өміршең, өршіл болды. Алаш қозғалысы ұлтымыздың мәдени дамуын жаңа сатыға көтеріп, жалпы қазақтың ұлт ретінде, мемлекет ретінде дамуына айтарлықтай ықпалын тигізді. Кейінгі ұрпаққа зор тәлім мен тәрбие бере алатын даңғыл жолдың бағытын салып берді.

«Алаш» сөзін ту еткен ұлт зиялылары өмірден өтсе де, XX ғасыр соңында жылт етіп қазаққа көрінген бостандық сәулесінің бір шамшырағы осы «Алаштық рух» негізінде жағылғаны хақ.

Алаш қозғалысының қалыптасу жолы - ұлттық зиялылардың қалыптасу жолы. Ол ұзақ, әрі бұралаң, қасіретті жолдардан тұрды.

XIX ғасыр аяғы мен XX ғасыр басында патшалық Ресейдің Орталық Азияны отарлауы аяқталды. Патшалық билік өз бұғауын салып, тырп ете алмайтын отарлық, күшті әскери билік орнады.

Осындай саяси жағдайда алаш зиялылары жалпы Ресейде болып жатқан түрлі саяси оқиғалардан сабақ ала отырып, қазақ қоғамын ілгері жылжытатын өрге сүйер күш, амал-айла іздеді. Жаңа қалыптасқан зиялы топ өз халқының мақсат-мүддесін қорғау жолына түсті. Халықты патшалық езгіден азат етуге, оған білім ғылым үйрете отырып, саналы түрде отаршылдыққа күресуге шақырды. Мәселен М.Дулатұлы Бутырка түрмесінде жазған хатында былай деп баяндаған: «...Мен өзімнің құлдыққа түсіріліп, езгіге салынған бейшара халқымның осы құлдық жағдайдан шығуына көмектесуді өз борышым санадым... Саяси саладағы оқиғаларды дер кезінде болжай алмадым деп санаймын, ал қазір Кеңес үкіметіне қарсы күрес деп отырғанның бәрі менің қазақ ұлтын дербес, тәуелсіз, бақытты жағдайда көргім келген тілегім ғана» [1, 724 б.].

Алаш қайраткерлері қоғамда болып жатқан түрлі саяси оқиғаларға өз көзқарастарын білдіріп, оны баспасөз беттерінде жариялап та отырды.

Саяси партия, ұлттық мемлекет құру жолында күреске шыға отырып «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің негізін қалады. Партияның бағдарламасын қабылдап, қазаққа қажетті ұлттық мүдделерді бірінші орынға қоя білді.

Жаңадан құрылған партия «Алаш» деген атқа ие болып, оның бағдарламасы қабылданды. Осылайша Ә.Бөкейхан пен оның серіктестерінің 1905-1917 жылдардағы көзқарас эволюциясы 1917 жылғы шілдеде ұлттық-демократиялық мақсат-мүдделерді көздейтін Алаш саяси ұйымын (партиясын) құруға алып келді. Зерттеуші Қойгелдиев өзінің Ә.Бөкейхан туралы зерттеуінде: қазақ кадеттерінің бағдарламасы... сол кезде Оралда Камиль Тухватуллиннің басқаруымен шығып тұрған "Фикер" газетінде жарияланған", — дей келіп, "онда қазақ жерін бүтіндей сол елдің меншігі етіп жариялайтын заң қабылдау, ішкі Ресейден көшіп келіп қоныстану толқынын тежеу, кедей жұмысшыларға еркіндік, теңдік беру, оларға пайдалы заңдар шығару, қазақ балалары үшін мектеп, медресе, университеттер ашу туралы, т.с.с. талап-тілектер айтылған", — деп жазды [2, 45 б].

Алаш қайраткерлері XX ғасыр басында тікелей білім мен ғылымның дамуына қазақ тілі мен әдебиетінің өркендеуіне орасан зор үлес қосты. Ғасыр басында тілі жалпақ жұртқа

түсінікті, қиялдан-қиял, ойдан-ой туындаған жаңа туындылар, тарихи көркем шығармалар дүниеге келді.

«Алаш қозғалысының белді, белсенді мүшелері қазақ жазба әдебиетінің тақырыптық-идеялық, жанрлық, көркемдік тұрғыдан байытты» [3, 81 б.].

Қазақ тарихы мен шежіресін зерттеуге зор үлес қосылды. Оған қазақ тарих мектебінің негізі қалаушы С.Асфендияровтың, М.Тынышбайұлының, Ә.Ермековтің, Ш.Құдайбердіұлының еңбектері куә бола алады.

Алаш қайраткерлерінің барлығы да мұсылманша білім мен тәрбие алып, бойларына кісілік, адамгершілік, туған халқының салт-дәстүрін құрметтеу сияқты қасиеттерді бойына сіңірді. Шынайы мұсылмандықтың қыр-сырын меңгеріп, қазаққа жақын діни дәстүрлерден сусындады.

Мәселен, «қазақ кісі өлтіріп, құн төлеп, ана заңды жамылып, бір-бірінен кек аламын деп, сотқа барып, өтірік жан беріп қайталап жүр. Мұнда қаншалық мұсылманшылық бар [4, 390 б.] деген ойын білдіреді. Мұнда алаш қозғалысы өкілдерінің адамгершілік қасиеттерден өзге, шариғат заңдарын сақтау, оны сыйлау мен күнделікті өмірде қолдану сияқты нормалар мен әдет-ғұрыптарды жеткілікті меңгеріп ой қорытқанын білуге болады.

Әлемде дін атын жамылып, діннің желеуімен болып жатқан сан соғыстар халықты қырғынға ұшыратуда. Бейбіт елдің құты қашып отырған заманда, діннің мемлекеттік идеологияны жүргізу мен бірлік пен тұтастықты сақтауға қаншалықты рөл атқаратынын айтудың өзі артық болғанымен, жастар арасында имандылық тәрбиесін жүргізуде алаш көсемдерінің жүріп өткен жолы мен исламдағы ұстанған бағыты зор өнеге. Бойында имандылық қасиеттерді қалыптастырған ұрпақ бойында елін, жерін сүю, Отанына шексіз берілу, оның әр тасы мен гүлін қамбат көру мен қастерлей білуі сияқты азаматтық патриоттық қасиеттер табылары шындық емес пе?

Алаш қозғалысы қазақтың біртуар азаматтарының басын біріктіре алды. Оның құрамында инженер, дәрігер, заңгер, педагог, ақын-жазушы, физик, математик сынды түрлі мамандық иелері кіргенімен, барлығының ортақ мақсат мүддесі болды. Дәлел ретінде «Оба ауруының тұңғыш маманы - М.Шомбалов-1899 жылы, Ә.Алдияров - 1904 жылы Қазан университетінің медицина факультетін, Н.Ипмағамбетов – Петербург Университетінің медицина академиясын 1911 жылы бітірді» деген дерек кездеседі. [5, 723 б.]

Алашты ұран еткендердің мақсат-мүддесі жоғары, армандары биік болды. Ол мақсат - әрине, қазақ халқының өзге жұрттармен терезесі тең білімді, болашағы зор, азат елдер қатарына қосылуы жолында күресу, сол жолда құрбан болса да, туған халқының мұңын мұңдап, жоғын жоқтау. Сұлтанмахмұтша айтқанда «қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болам, қараңғылықтың көгіне күн болмағанда кім болам» деп елге пайда тигізуді мақсат етуі.

Ол туралы: «Қазақ зиялыларының жаңа буыны жалпы ұлттық мүдделерді білдіріп, ағайыншылдық, рушылдық пиғылдардан арылуға тырысты. Олардың пікірінше, қазақ қоғамын рулық-тайпалық ұстанымдар бойынша бөлінуден арылту, түптеп келгенде, үдеген отарлық үстем саясат жағдайында ұлттық бірлікті орнықтыру үшін қажет болды,- деп жазады Тұңғыш Президентіміз «Тарих толқынында» еңбегінде [6, 158 б.].

Қазіргі заманда қолына билік тисе, алдымен өзінің баю жолын көздеп, қоғамда дендеп кеткен кезінде Абай сынаған қазақ арасындағы рушылдық, парақорлық қасиеттерден арылуға алаш зиялыларының адамгершілік қасиеттері үлгі болары хақ. Шынайы елін жерін сүйген кез-келген азамат жалпы халықтың қамын жесе, ұлтының ертеңін ойласа жемқорлыққа жол бермейтіні анық.

Алаш көсемдерінің ішінде жас ұрпаққа өнеге мен үлгі, шынайы патриотизмнің бейнесі ретінде Мұстафа Шоқай есімін зор құрметпен атап өтеміз. Ол - қазақ қана емес, бүкіл түркі әлеміне ортақ қайраткер. «Қымбатты менің отандастарым!.....Менің ең негізгі қамқорлығым сендерді әрқайсыңа біздің болашақ отанымызды - Түркістанды құру үшін қажетті әртүрлі іскерлік жұмыстарға орналастыру болмақ» [7, 59 б.]. Бұл келтірілген тарихи деректер Мұстафа Шоқайдың тек қазақтық емес, түркі халықтарының бірлігі үшін де саяси

күреске шыққандығын дәлелдеп отыр. Болашақта түркі халықтарының бірігуі үшін, ортақ интеграциялық шет-шекара қалыптасуы үшін Мұстафа Шоқай бабамыз аңсаған осы арман ел бірлігін қалыптастыруға негіз болары сөзсіз. Жалпы түркі жастарының болашағының жарқын болуына Мұстафа Шоқай салып берген жол тура жол болмақ.

1930 жылдардағы қазақтың басына төнген зор қауіп-қатерді тайсалмай тұрып, қарсы алып, өз бастарын қатерге тіксе де алаштың ертеңін ойлаған ұлы бабаларымыздың ұлы армандары орындалды. Еліміздің тәуелсіздік алуы қазаққа шын бақыттың орнаған заманы болды. Арғы-бергі тарихымыз түгенделіп, 1997 жылы «Жалпы ұлттық татулық пен саяси-қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы болып жарияланып, алаш мұрасын зерттеуге көңіл бөлінді. Бабаларымыздың еңбектері зерттеліп, халық жадына ене бастады.

Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан жағдайында бәсекеге қабілетті дамыған елдердің қатарына ену үшін қанша жер асты байлығымыз болса да ғылымды, ең алдымен мықты білім мен технологияны игерудің аса қажет екендігін ХХ ғасыр басында А.Байтұрсыновтың аса көрегендікпен айтқан ойларының бүгінгі күнмен үндесіп жатқанын аңғарамыз. Қазіргі кезде әлемдік саясатта бірінші орында әскери күш-қуат пен экономикалық байлық емес, ақпараттық-технологиялық, біліми байлықтың алдыңғы орынға шыққаны айтпасақ та түсінікті. Осынау мақсаттарға жету үшін халықтың өзіндік жазуы, қажетті оқу құралдары, ұлттық мектептері болуы керек. Оларды жолға қою ең алдымен ана тіліміздің мәселелерімен айналысуға, оны оқу пәні дәрежесіне көтеруге ден қойып, қазақ тілі мен әдебиетінің теориялық негізін қалаған да А.Байтұрсынов бастаған Алаш зиялылары болатын. Өйткені тіл барлық істің басы, онсыз ешбір білімнің дамуы мүмкін еместігін олар өз уақытында көре білді. Бүгіндері ана тіліміздің биік дәрежесін көтеруде Ахметтің тіл мен әдебиет, баспасөз турасында айтқан пікірлерін ескеріп, ел азаттығының идеялық тұғырнамасын баспасөзде бірізді тиянақты жасаудың уақыты пісіп жетілгенін, ұлттық идеологияны толық қалыптастырудың кезі келгендігін сезінгендейміз. Ұлтты ұйытып, санаға серпіліс әкелетін «Қазақ» сияқты ұлттық намысты ту етер тәуелсіз баспасөзді өркениетті тұрғыда қалыптастыру бүгінгі қазақ қоғамы үшін әлі де өте-мөте маңызды болып қала берері хақ.

Ә.Бөкейхан және сол кезеңде қазақтың зиялы қауымының басқа өкілдері жетекшілік жасаған Алаш пен Алашорда Қазақстандағы қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселелерін шешу жолдарын анықтауда ұлттық-тұтастық және халықтық бірлік принциптеріне сүйенді. Мұндай позиция, әлбетте, аталған мәселелерді шешуде таптық принциптер мен пролетариат диктатурасын негізге алған большевиктерге қарама-қарсы еді. Сондықтан да Алаш көсемдері мен Алашорда үкіметінің басшылығы Қазан төңкерісінің ұрандарын, Кеңес өкіметінің идеялары мен нақтылы іс-әрекеттерін қабылдамады, оларға қарсы шықты.

Осы принципті мәселеде Алаш пен Алашорда жетекшілері саяси күресте де, кеңес өкіметіне қарсы нақтылы іс-әрекетте де негізінен ауызбірлік танытты. Алайда олардың арасында жекелеген қоғамдық-саяси мәселелер жөнінде (мысалы, Қазақ автономиясын жариялау мерзімі мен "Түркістандық" қазақтарға көзқарас туралы) кезінде уақытша түсініспеушілік пен қарама-қайшылықтар да болды. Осыған ұқсас жәйттер Әлихан Бөкейханов басқарған Алашорданың орталық үкіметі мен Жанша Досмұхамедұлы басқарған оның батыс бөлімінің арасында да орын алғанымен ұлт мәселесіне келгенде бірігіп, ортақ шешімге келе білді. Жанша Досмұхамедұлы мен Халел Досмұхамедұлы Орталық Алашорданың атынан Мәскеуге барып, В.И. Ленинмен және И.В. Сталинмен жүзбе-жүз кездесіп, алаш автономиясын мойындау жөнінде келіссөз жүргізгенін білеміз.

Сонымен қатар Алаштың көрнекті жетекшілерінің қайраткерлік іс-әрекеттері қоғамдық өмірдің әр саласында олардың әрқайсысына тән ерекшеліктерімен тарихта хатталып қалды. Мәселен, Әлихан Бөкейханның саясаткерлігі, саясат жүргізудегі "батысшылдығы" ерекше көзге түсті, Ахмет Байтұрсыновқа ең әуелі ағартушылық-ғылымдық пен саяси қимылда байсалдылық және ұстамдылық тән болды. Халел Досмұхамедов пен Мұхаметжан Тынышбаевтардың қоғамдық қайраткерлігінен ғалымдық, зерттеушілік қасиеттері басым жатты. Ал Міржақып Дулатов пен Жақып Ақбаев ең алдымен

қоғамдық қайраткерлер ретінде нақтылы іс-әрекеттің адамдары еді. Олар халықты оятудың және оның ұлттық санасын жебеп, жігерлендірудің аса көрнекті шеберлері болды [8, 7 б].

Қазіргі түрлі саладағы интеграция мен жаһандану үрдістерінде, түрлі саяси-идеологиялық тасқындар аясында ұлт болып, мемлекет тәуелсіздігін сақтап қалу жолында арқа сүйер алтын арқауымыз тіл, діл, дін, тарих, салт-сана, соларды тең ұстасак тәуелсіздігіміз баянды боларын кезінде алаш қайраткерлері көрегендікпен болжағанын көреміз. Бұл мәселелер тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласымен терең үндесіп жатыр.

Алаш зиялылары болашақ қазақ мемлекетін құру жолында ұлттық мектеп, ұлттық әскер құру, қазақты жерге орналастыру, сауда-саттық пен өнеркәсіпті ұйымдастыру, жастарды тәрбиелеу сияқты сан түрлі мәселелермен айналысты. Олар көтерген мәселелер бүгіндері қалыптасқан тәуелсіз мемлекетті сапалы құру жолында алдымыздан көлденең шығып отыр. Тәуелсіздік жолында атқарылып жатқан игі істер алаш арыстарының арманының жалғасы іспеттес деуге әбден болады. Бұл күндері басымыздан өткеріп жатқан саяси-экономикалық, әлеуметтік-құқықтық өзгерістер мен демократиялық қоғам орнату барысындағы қиындықтар мен оларды шешу жолдарын бір ғасырдай бұрын алаш зиялылары айтып кеткен болатын. Олардың ұлт болашағы жайлы айтқан ойлары мен пікірлері қазіргі тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің іргетасы, тұғыры болып табылатыны сөзсіз.

Сондықтан тәуелсіздік пен ұлт тағдыры жолында қызмет қылған алыптарымыздың іс-әрекеті мен өнегелі ғұмырын әспеттеу, оны жас ұрпақтың бойына сіңіру отаншылдық, ұлттық сезімді қалыптастыруда ерекше маңызды екені даусыз. Олар тәуелсіз мемлекетті асқаралы биіктерге жетелеуге көмектеседі. Алаш арыстары бастап берген ұлттық либералды-демократиялық бағыттар мен ұлттық құндылықтар бүгінгі күні тәуелсіз Қазақстанның өркениетті мемлекет құру жолындағы бағдаршамы ретінде заңды жалғасын тауып отыр.

Жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудің шынайы үлгісі мен өнегесі бола білген алаштықтар салып берген бағыт ешқашан ұмытылмақ емес.

Жастарымыздың Қазақстан Республикасының Конституциясын, мемлекеттік рәміздерін құрметтей білуі, Отанға деген шексіз махаббаты, туған халқының салт-дәстүрі мен өнеріне деген ілтипат белгісі, имандылық иірімдерін меңгеруі сияқты асыл қасиеттерді меңгеруіне Қазақстан тарихын білу үлкен рөл атқаратыны белгілі. Ендеше, Қазақстан тарихы – отаншыл ұрпақты тәрбиелеу құралы ғана емес, жастардың ұлттық сана-сезімінің қалыптасуында берік қамал бола алатын күш.

Бейбіт заманымызда шынайы патриоттық сезімдер ата-ананы құрметтеу, ұстазды сыйлау, ұлттық құндылықтарымыздан сусындау, білім-ғылымды игеру, халқына қалтқысыз адал қызмет ету, туған халқының тілі мен әдебиетін меңгеру сынды адами қасиеттерден бастау алып, сол мәнмәтінде өмір сүру салтын қалыптастыруды қажет етеді. Осы жолда, осы мәнмәтінде жаңа Қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу мен қалыптасуында әрбір алаш ұлдарының ісі мен еңбегі үлгі екені анық. Жастайынан «Отанды сүю -отбасынан басталады» деген ұлы ұғымды жас ұрпақ санасына сіңіру қоғам алдында тұрған келелі мәселелердің бірі екенін ұмытпайық.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан тарихы 3-том, «Атамұра» Алматы, 2002;
2. Қойгелдиев М. Алаш өткен жол. // Ақиқат.-1994.-№2.-45 б.
3. Қазақ тарихы: әдістемелік журналы; 2012 жыл, №2;
4. Әлихан Бөкейханов шығармаларының толық жинағы V том; Астана, 2010;
5. Қазақстан тарихы 3-том, «Атамұра» алматы, 2002;
6. Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқынында» Алматы, 1999;
7. Қазақ тарихы журналы; 1996 жыл №5.
8. Назанова Н. «Алаш» либералдық-демократиялық қозғалысы идеологиясының маңыздылығы. – Шымкент. – 2007.

АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДЕ МӘЛІМЕТТЕРДІ ӨНДЕУДЕ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ

Сапарбаев Т. Қ., информатик – оқытушы

*Қазақстан Республикасы, Жетysай қ., № 4 Абай атындағы жалпы орта мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі*

Жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың пайда болуы, мәліметтердің айырбасы және тәуелсіз ақпараттық ресурстардан сенімді және өнімді ақпарат беру желілерімен байланысты ресурстарға көшуді қамтамасыз етті. Сандық ақпараттың экспоненциалды өсуі, оның алуан түрлілігі мен экономиканың тұрақты дамуына, қоршаған ортаны басқару мен әлеуметтік салаға және телекоммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы үшін әлемнің озық елдерін индустриалды қоғамды ақпаратқа көшіру бағдарламаларын жариялауды.

Қазіргі заманғы қоғам, тауарлар, қызметтер және еңбек нарығы көп жағынан алғанда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қарқынды дамуымен байланысты өзгерістермен сипатталады. Кәдімгі адам өміріндегі компьютердің қызметі екпінмен артып келеді. Компьютер қоғамдық өмірдің барлық дерлік: білім беру мен медицинада, телевизия және радиода, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында және т.б. тиімді көмекші құрал бола алатын салаларында қолданылады.

Бүгінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар шағын кәсіпорындардың, дүкендердің, мекемелердің, жұмысқа орналастыру бюроларының, тіпті фирмалардың да ажырамас жабдығына айналып отыр. Компьютерлік жүйелер көмегімен құжаттамалар жүргізіліп, электронды пошта және мәліметтер банктерімен қатынас қамтамасыз етіледі. Компьютерлер кең ауқымды өндірістік міндеттерді атқаруда қолданыс тауып, түрлі агрегаттардың үздіксіз жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

ЭЕМ жүйелері бір мекемедегі немесе елдің түрлі аймақтарында отырған түрлі пайдаланушыларды өзара байланыстырады және желі арқылы хабар алмасуды ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың пайда болуы, сенімді және ақпараттық желілер деректемелеріне байланысты тәуелсіз ақпараттық ресурстардың ресурстарға өтуіне және жалпыланған көшуіне ықпал жасады.

Соңғы ширек ғасырда компьютерлік технологиялар өз дамуында үлкен секіріс жасады. Біздің техникалық прогресстің барлық жемістерін пайдаланғандығымызға қарамастан, проблемалардың үлкен шоғырын шешуге арналған, өмірімізді одан сайын жеңілдете түсетін бұлтты технологиялардың бар екендігін біріміз білсек, біріміз білмейміз [1].

Бұлтты технологиялар – бұл ақпаратты сақтау мен өңдеуге арналған, өзінде аппараттың құралдарды, лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді, байланыс каналдарын, сондай-ақ пайдаланушыларға техникалық қолдау көрсетуді біріктіретін қолайлы орта. «Бұлтты» сервистердің көмегімен, тек Интернет желісі мен веб-браузерге қосылуды ғана пайдалана отырып ақпарат ресурстарына қол жетімділікке ие болу мүмкін болды.

Кез-келген типтегі ұйымды басқару (ол тіпті ірі кәсіпорын немесе шағын фирма болсын) ақпараттың үлкен ағымын өңдеумен және соның негізінде жедел және болашағы бар шешімдерді қабылдаумен байланысты. Сондықтан басқару жұмыстарын автоматтандыру экономиканы жетілдірудің негізгі бағыты болып табылады. Экономикалық-математикалық әдістерді, есептеу техникасы мен байланыстың қазіргі заманғы құралдарын қолдану басқаруды одан әрі жетілдіру үшін жаңа мүмкіндіктерді туғызады.

Іс-әрекеттің барлық салаларына ақпараттық технологияларды енгізу ғылымның жедел дамуымен, адам мүмкіндіктерінің сапалық секірісімен, ақпарат көлемінің үнемі өсіп отыруымен, болып жатқан процесстер мен құбылыстардың күрделілігімен шарттасып жатыр. Ақпараттандыру мен тауар сатуды дақдан шет қалған жоқ.

Тауарды интернет арқылы сату – бұл күрделі интернет – көптеген сыртқы және ішкі байланыстары бар шаруашылық кешен. Интернет-дүкенді, оның ақпараттық ағымдарын,

сату процессін, құжат айналымын және өзге де процесстерді басқару ұсақ және ірі мәселелері бір-бірімен тығыз байланысты күрделі жүйені білдіреді.

Сандық ақпараттың экспоненциалдық өсу көлемі, оның алуан түрлілігі мен экономикалық үшін тұрақты даму маңызы, сондай-ақ, табиғатта пайдалану, әлеуметтік сала және телекоммуникациялық технологиялардың жедел дамуы ақпараттық қоғамның индустриалды бағдарламасында әлемнің озық елдерінде жарияланды [2].

Ұйымдарды басқаруды дамыту (белсенді жүйелер – АЖ) әртүрлі салалардың жағдайында нарықтық экономикаға көшуді, оның тұжырымдамалық негіздерін әзірлеу және іске асыру тетіктерін түбегейлі жаңа жүйесін басқаруды талап етеді. Бұл шара қазіргі заманғы экономиканың даму үрдістерінің басқарылуына күрделі әлеуметтік-экономикалық жүйелермен жаңа талаптарды қояды. Бұл маңызды шарты табысқа жетудің дәл және сенімді жүйесі болып табылады.

Мұндай ақпаратты басқару АЖ құрылымындағы әкімшілік басқарылуында тиімді болады. Бірақ қолда бар ақпаратты одан да маңызды болу қажет. Бұл үшін барлық ақпарат жүйелік-визуалды түрде болуы тиіс.

Нарықтық экономикаға көшудегі түрлі салалардың ұйымдарын (Актив жүйелері - АЖ) басқаруды жетілдіру түбегейлі жаңа басқару жүйелерін енгізудің тұжырымдамалық негіздері мен механизмдерін әзірлеуді талап етеді. Бұл экономиканың қазіргі даму үрдістері кешенді әлеуметтік-экономикалық жүйелерді басқару бойынша жаңа талаптарды туғызады. Ұйымдағы істердің жай-күйі туралы нақты және сенімді ақпаратқа ие болу табысқа жетудің ең маңызды шарты, ешкімге сендіру қажет емес.

Менеджердің осындай ақпаратты иеленуіне тек актив жүйелердің құрылымында тиімді әкімшілік бақылау белгіленсе ғана қол жеткізуге болады. Бірақ қолда бар ақпаратпен жұмыс істей білу маңызды. Ол үшін барлық ақпарат жүйелі түрде - визуально ұсынылуы керек.

Мысалы, кез-келген жабдықпен жұмыс істеу қажет болса, онымен «байланыс» арнайы бағдарлама (жүргізуші) арқылы жасалады. Компанияға Microsoft Word бағдарламасының форматында келісімшарттар жасалуы мүмкін. Осыған байланысты, осы бағдарламамен жұмыс істеу керек, алынған мәліметтерді ақпараттық дерекқорға сақтау қажет. Бір жүйемен (ақпараттық базамен) немесе басқалармен алмасуды ұйымдастырғанда, ол алмасу файлын қалыптастыру (және оқу) міндеті ретінде пайда болады, және оны жеткізу міндеттеледі [3].

Іс жүзінде барлық осындай міндеттер есептелмейді. Бірақ оларды шешу мүмкіндігі басқа жүйелермен интеграциялау үшін (қолданыстағы ұйымдастыру) пайдаланылатын бағдарламалық пакеттің әлеуетін айқындайды.

Көптеген жағдайларда кешенді бухгалтерлік есептерді шешуде бір бағдарламалық пакеттегі басқа бағдарламалық пакеттің мүмкіндіктерін пайдалану, әр түрлі жүйелер арасында деректер алмасу және т.б. қажет болады. Бұл автоматтандырылған міндеттердің ерекшеліктеріне, компанияның (ұйымның) автоматтандырылған құрылымы және басқа да көптеген себептерге байланысты болуы мүмкін .

Деректер базасы арасында деректерді беру күрделілігі сияқты мәселе де бар, яғни, қажетті деректерді берудің қандай түрінде. Деректер клиенттік жағынан динамикалық түрде жасалатын және кәсіпорынның түрлі бөлімдерінде орнатылған және олардың арасында ақпараттық коммуникацияны ұйымдастыратын XML файлы түрінде беріледі. Осылайша, желі технологиясы кәсіпорынның (ұйымның, компанияның) автоматтандырылған ақпараттық жүйесін ұйымдастыру үшін негіз болып табылады. Желілік технологиялар бірыңғай деректер банкіні құруға және біртұтас интеграцияланған әртүрлі техникалық құралдарды пайдалануға негізделген: сервер, жұмыс станциялары және компоненттік жабдық түрінде орындалады .

Желілік технологияның негізгі режимі «Клиент-Сервер» болып табылады, ол келесідей технологияны іске асыруға мүмкіндік береді. Сервер жұмыс станциялары пайдаланушылар мен бағдарламалар жұмыс істейтін барлық дерекқорды орналастырады. Желі деректерін өңдеу бағдарламаларын іске асырудың бірнеше жолы бар.

Жұмыс станцияларында деректер жүйеге енгізіледі, өңделеді және тексеріледі, содан кейін серверге хабарламалар жібереді; өңдеу негізінен серверде жүзеге асырылады. Көптеген жағдайларда сервер тек ақпаратты сақтайды және деректерді өңдеу процедуралары жұмыс станцияларында орындалады .

Клиент-сервер процесі әр түрлі каталогтарда орналасқан серверде бірнеше тәуелсіз дерекқорды ұйымдастыруға негізделген.

Әрбір жұмыс станциясы белгілі бір массивтерге ғана қол жеткізе алады. Әртүрлі массивтерге өкілеттіктер мен қатынау құқықтары басқаша болуы мүмкін.

Дамыған модульді пайдалану есеп айырысу және бухгалтерлік операцияларды орындау уақытын қысқартуға, сондай-ақ құжаттарды уақытылы және сенімді айналымда ұстауға көмектеседі. Деректерді интеграциялау мәселесі өте көп өлшемді және әртүрлі [4].

Оны шешуге қолданылатын әдістердің күрделілігі мен сипаты жекелеген деректер көздерінің қасиеттерін және жалпы көздер жиынтығын, қажетті интеграция әдістерін қамтамасыз ету үшін қажет интеграция деңгейіне айтарлықтай тәуелді.

Әдебиеттер:

1. «Информационные технологии бухгалтерского учета» О.П. Ильина СПб: Питер, 2012 г.
2. Николаева Т.П. Основы информационной экономики. Учеб. пособие. СПб.: ООО ЛЕКС СТАР, 2009
3. Автоматизированные информационные технологии в экономике / под ред. Г.А. Титоренко. М.: Компьютер, ЮНИТИ, 2010.
4. Информационные технологии в управлении / под ред. Ю.М. Черкасова. М.: ИНФРА-М, 2009.

ВАЖНОСТЬ ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОГО СОЦИАЛЬНОГО СОПРОВОЖДЕНИЯ

*Абдикаримов М. О., к.п.н., Турлыбекова А. Н., магистрант
Республики Казахстан, г. Семей, Университет Шакарим*

Психолого-педагогическое и социальное сопровождение предполагает создание условий для того, чтобы ребенок стал субъектом в процессе обучения, т. е. ребенок учится для самообразования, основной проблемой как для педагога, так и для самого ребенка является его развитие. В связи с этим в психолого-педагогическом процессе необходимо создать максимальные психолого-педагогические условия для проявления активности, самостоятельной деятельности детей, а также повышения их интеллектуального и личностного развития. [1] Еще одна особенность, присущая этому периоду, заключается в том, что подросток хочет выполнить все самостоятельно и избавиться от Совета разума под покровительством старших людей. Отличие подростка от взрослого заключается не только в том, что у него разные отношения с людьми постарше, но и в том, что он широко культивируется с точки зрения биологического развития (пол и др.). А вообще подросток девственница имеет другой характер. Например, в то время как подросток может только запоминать домашнее задание, когда он учится в младших классах, В подростковом возрасте он пытается произносить домашнее задание понятным образом своими словами. Некоторые подростки в этот период проявляют доброту, вежливость при общении с людьми старше прежней позы, а теперь склоняются к грубому поведению, то есть к нарушению порядка. Из определения этой проблемы у исследователей есть споры. Тем не менее, эта особенность психики, вероятно, связана с самой спецификой социальной жизни В подростковом возрасте. Пока подросток может делать все сам, протестуя: «вы думаете, что я еще ребенок», у него еще не так много вещей. Несмотря на то, что он стремится к делу, как и взрослый, его шансы на выполнение этого дела у младших школьников, другими словами, один подросток-это ребенок с точки зрения освоения дела, а взрослый с точки зрения иска. Подобное свойство подростка одинаково характерно и в настоящем, и в подростковом возрасте прошлых эпох.

При этом современные подростки не уступают требованиям старших людей. Потому что, во-первых, в настоящее время у большинства учащихся, в том числе в подростковом возрасте, нет другого задания, которым они часто занимаются. Мы учли, что в прошлые эпохи ребенок с младшего возраста употреблялся в пищу для производства материальных благ (выпаса скота, пожаротушения или сенокоса). [3] даже сейчас многие из этих задач не встречаются дома. Напротив, родители освобождаются от домашних дел, утверждая, что подросток не может выполнять учебную задачу. Ну, переход от подросткового возраста к взрослому-это психологически новое качество, но причина перехода от этого-следствие психического развития: если взрослые считают подростка ребенком, то наоборот, они считают себя взрослыми. Эти два несоответствия также могут повлиять на развитие подростка, когда он вернется. Попытки подростка родить под опеку взрослых, стремясь к собственной самостоятельности, показывают, что ребенок встречается у всех, и один ряд днем и ночью читает фантастическую литературу и подражает их героям. Во внеурочное время подросток знакомится с электротехникой радиотехники. Кроме того, эти молодые люди до сих пор живут в детстве. (пример: мальчики беспокоятся, натягивая девичьи волосы.б) но этот подросток пытается вести себя культурно перед незнакомыми пожилыми людьми.

Подростков обычно описывают как трудных молодых людей, которые не поддаются воспитанию. В первую очередь это связано с тем, что в прошлом психика меняла свое поведение и на его основе появлялись новые качества. Иногда такое изменение может произойти за короткое время. (но изменения не встречаются в подростковом возрасте одновременно). Во-вторых, с появлением новой сферы такой психики ребенок испытывает трудности, мешает ему поддаваться воспитанию. [2] такие изменения по-разному доказываются психологами. На рубеже этого столетия психолог З. Фрит объяснил, что подросток не поддается заботе взрослых «неосознанно одержим тем, что говорит, что выполняет все сам» из-за гендерных качеств. Против такого мнения выступают многие психологи. Нежелание подростков поддаваться воспитанию является не окончательным, а временным. Общественная среда имеет большое влияние на воспитание подростков. В зависимости от специфики развития общества требования к молодежи постоянно меняются. В соответствии с этим условия общества, переходя от подросткового возраста к старшему, оказывают на него различное влияние, побуждая ребенка стремиться к разнообразному фантастическому делу. Борьба с таким временным несогласием лежит в основе воспитательной работы в школе и на дому. Если воспитательная или учебная работа хорошо ведется с подростками, то можно избежать неприятных привычек.

От твари исходит тепло сердца и доброта. Равнодушие к воспитанию ребенка совершенно чуждо его природе. ведь достоинство казахов перед страной, достоинство, не только личное благополучие или достаток, но и благополучие их потомков. В том, что у наших предков было такое чувство долга, он глубоко укоренился в том, что он унаследовал от бабушки к ребенку. Ученый Востока Аль-Фараби сказал:» Покажи своих молодых подростков, и я расскажу тебе о твоём будущем". На современном этапе с каждым днем растет число детей, которые не имеют ни малейшего желания учиться, трудиться, жить общественной жизнью в жизни казахского народа. Они имеют тенденцию имитировать все непристойные привычки, которые являются грубыми непристойными. Каждый отец, каждая мать обязаны знать, что необходимо для формирования нравственных качеств ребенка, чтобы хорошо знать общий уровень его характера. Объясняя возрастные особенности ребенка, причины кризисов, которые характерны для каждого возраста, приходя на помощь родителям, чтобы помочь вывести из них ребенка без проблем-педагогу. Ведь чаще всего основной деятельностью ребенка школьного возраста является чтение. В процессе обучения он учится знаниям, общению, нравственности. [4] тогда личность учителя, идентичность его речи и дела, напористость становятся бесценным инструментом в семье. Воспитание детей-залог будущего, почетное дело семьи и учителей. Результативность воспитания будет в среде, которая привила глубоко укоренившееся воспитание. Он продвигается, когда родители понимают свою задачу индивидуально, сотрудничая с учителями. В настоящее

время растет число детей с дефектами развития. Расширяется система их обучения, совершенствуются коррекционно-развивающие технологии. Особое место в системе образования отведено детям с ограниченными возможностями в развитии. Это основная задача, стоящая перед нами в отношении детей, создание условий и содействие их социальной реабилитации и адаптации, подготовке к полноценной жизни в обществе. В рамках данного закона особое внимание уделяется вопросам раннего образования детей. [1] предусмотрено их образовательное, социальное, медицинское обеспечение. Инклюзивное образование-организация доступа детей с ограниченными возможностями к равному образованию в общеобразовательных школах на равных условиях. Например, для детей, передвигающихся на колясках, в школах должны быть предусмотрены специальные пандусы. Отрицание какой-либо дискриминации детей на основе инклюзивного обучения, обеспечение равноправного отношения ко всем людям, а также создание специальных условий для детей с особыми потребностями в обучении.

Литература:

1. «Начальная школа» — №2, 2016 г. Основные принципы воспитания ребенка С. 30-31
2. Возрастная и педагогическая психология / / под. Петровский, изд. А. В. Петровский. - М., 2017.
3. Грейс Крейг. Психология развития. - Санкт-Петербург., 2016г
4. Возрастная психология, М. М. Муханов, Алматы 2014г, С. 93-95
5. Кулагина И. Ю. Возрастная психология. М., 2017. г
6. Методическое пособие для учителей 10 классов общеобразовательной школы "самопознание», "Бобек", Алматы, 2018 г., С. 6-15.

ОҚШАУЛАНУ ТҮРЛЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бейбітқызы А., магистрант; Кулмышева Н.А., п.ғ.к.

Қазақстан Республикасы, Семей қ., «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

Бүгінгі таңдағы оқушылардың қоғамға әлеуметтік ортаға бейімделуі, қарым-қатынас негізінде оқшаулану жағдайына түсу, әлеуметтенуіндегі қиыншылықтар, оның тұлғалық қасиеттерін зерттеуге, зерттеу нәтижесінде түзету жұмыстарын жүргізуге, өмірдің қиын жағдайынан шыға білуге ықпал етуге қажеттіліктерінен туындап отыр. Осындай жауапты жұмысты атқара отырып, біз оның табысына барлық қоғам мүдделі екенін есте ұстауымыз керек.

Біздің қоғамдағы ең өзекті мәселе қарым-қатынастың әлеуметтік-психологиялық сипатымен байланысты. Еліміздің болашағы жастар екенін ескере отырып, әртүрлі топта, ұжымда қарым-қатынастың нәтижесінде кездесетін оқушының оқшаулану себептеріне түсінік беруіміз маңызды деп ойлаймын. Оқушының ұжымнан оқшаулану жағдайлары бірнеше себептің негізінде болады. Жалпы оқушылардың өз арасында туындаған оқшаулану жағдайларын тәрбиеші аңғарысымен-ақ оны дұрыс басқаруды, және оған қойылатын талаптарды тиімді жүзеге асырып отыру қажет деп есептеймін.

Қарым-қатынас – жалпы адам өмір сүруінің негізгі жағдайы. Адам қалыпты өмір сүру үшін, өзінің психикалық қасиеттерін дамыту үшін, жеке тұлғалық ерекшеліктерін жетілдіру үшін, сондай-ақ білім меңгеріп тәжірибе жинақтау үшін адамдармен қарым-қатынасқа түседі. Қарым-қатынас арқасында ғана адам өзінің кім екенін танып, өзін өзгелерден ажырата алады, өзін басқалармен салыстыру арқылы басқа адамдағы қасиеттерді меңгереді. Қоғамнан тыс адам өмір сүре алмайды. Адам психикасының дамуындағы қарым-қатынастың ролі ерекше. Сондықтан адам өзгелермен қатынасқа түсу арқылы ғана қалыпты өмір сүре алады.

Оқушылардың өз құрбылары арасындағы қарым-қатынас сипаты көбінесе мектеп жасына дейінгі балалардың ересектермен қарым-қатынасы туралы М.И.Лисина зерттей келе балалардың әлеуметтік мінез-құлқы мен жеке басының дамуын тек ересектермен қарым-қатынасымен ғана түсіндіруге болмайтындығын атап өтеді. Оқушының жасы ұлғайған сайын оның жеке басының дамуында қарым-қатынас ерекше орын алатындығын айтып өтеді. Өз құрбыларымен қарым-қатынас жасай отырып, өзінің ішкі жан дүниесіндегі тұйықтықты аша алады, өз құрбыларымен өзара әрекеттесе отырып, өз көзқарастарын жеткізе алады [1].

Швейцариялық философ Р. Вейсс жалғыздықтың эмоциялық күйі қоғамнан тыс қалумен сипаттайды. Шынайы жалғыздық – өз еркімен топтан шығу, жаны жалғыздыққа душар жандар деп көрсетеді. Әлем танымы үшін қазіргі әлем танымына өте алмайды деп санайды. Танымның жаңаша даму тәсілін қояды, оның ғылымы қай жерде бітсе, ол сол жерден таным үрдісін бастайды.

Арнаулы арудың басқа жолы адамның ішкі рухани дүниесіне бағыт беру болып табылады, Сыртқы әлем өзінің барлық пайда болуында құдай даңқымен орындалады, оны қоршаған ортадан табу үшін, алдымен оны өз жүрегіңде сезінуің керек. Жерде немесе космостық кеңістікте емес, біздің адамзат болмысында терең мәнге ие уақыт пен кеңістіктен тыс бос сана рухани әлемді ашады [2].

Белгілі психологы С.Л. Рубинштейннің ойынша «Оқшаулану», «Тұйықтық», «Ұяндық» сияқты ұғымдарының мағынасы терең. Психология ғылымы үшін бұл ұғымдар ерекше маңызға ие. Ол сана мен іс-әрекеттің бірлігі жөніндегі идеяны алға тартқаны белгілі. Ғылымға енуі теориясын дұрыс түсінуге бағыт береді. Сана мен әрекет бірлігінің мәні: тұлғаның санасы мен барша психикалық қасиеттері әрекетте көрініп қана шектелмей, сол әрекет процесінде қалыптасады. Адамның ішкі де, сыртқы да әлемнің бастауы мен барша мазмұны осы іс-әрекетте. Осындай пайымдаудан ұяндық басым болғанда оқшаулану, тұйықтық пайда балады деп есептейді [3].

Кеңес психологы К. Рубинский өз еңбектерінде «Оқшаулану» ұғымы зерттеуші топ үшін жалғыздықты сипаттайтын әртүрлі формаларды жалпылаушы ретінде көрсетеді оқшаулану ұғымын жан-жақты түсіндіруге тырысады.

Ғылыми зерттеу теориясы бойынша адамдардағы бостандықты шектеу - әрдайым үлкен жауапкершілікті іс. Тәрбие саласында баланың қандайда бір теріс қасиетіне байланысты өз бөлмесіне қамап қою, яғни бір өзін қалдыру жазасы қолданылады. Көптеген балалар қатаң сөгіс, жазалау деп қабылдамайды. Дегенмен кейбір балалар өзін мен қажетсіз адаммын, маған бәрі теріс қарайды деп сезінеді [4]. Оқшаулану ұғымы - қабылдау, қарым-қатынас, әрекет және мінез-құлқы сферасында да қолданылады. Ендігі кезекте бұларға сипаттама беруге тырысайық. Қабылдау сферасындағы оқшаулану кезінде біртекті жағдай құрылуына орай, қажетті ақпараттарды қабылдағысы келмейтін күйі көрінеді. Қарым-қатынас сферасындағы оқшаулану әрекеті адамды басқа адамдардан уақытша бөліп тастау көрінеді. Мінез-құлық сферасындағы оқшаулану егер адам өзінің әрекетін басқара алмаса, онда оқшаулану арқылы оны өзінен және айналасындағыларынан бөлектеу арқылы арылуға болады. Бұдан кейін онда кінәлілігін, ұялу сезімдері туындайды [5].

Адамның жеке дара ерекшеліктеріне әсер етпеуіне кім кепіл. Топтан оқшаулану жағдайларында оған кері әсер ететін жағдайларда кездесуі мүмкін, яғни күтпеген нәтиже, эффектілер көрінуі мүмкін.

Психология ғылымында осы бағыттағы зерттеу жұмыстары жоқтың қасы. Дегенмен қарым-қатынас мәселесіне байланысты анықталатын қарым-қатынасында өзгешелігі бар екенін сипаттайтын түсініктер кездеседі. Д.И. Фельдштейн жас кезеңдеріне және психологиялық ерекшеліктеріне байланысты оқшаулану жасөспірім кезеңде басым болып келеді. Себебі жасөспірім кезеңде ол өзіне көңіл аударуды талап етеді. Белсенді және топтан тыс қалған балаларды салыстырмалы түрде зерттеді. Оқшауланған балалар өзіне байланысты жеке тұлғалық мәселелерді жақын қабылдайды. Бұл жағдай психикаға кері әсерін тигізеді. Сонымен қатар өзіне сенімсіздік, эмоционалды тұрақсыздық, үрей, қорқыныш тудырады [3].

Ұжымдағы оқшаулану мәселесі психолог М.А.Алемаскин өз еңбектерінде «топтан тыс қалу» ұғымдарымен байланыстырады. Ол қарым-қатынас барысында жағымды пікір орнайтын қоғамда өзін жайлы сезінеді. Танымдық қасиеттері, қызығушылығы төмен деңгейде қалыптасқан жағдайда оқушының ұжымнан оқшаулануы орын алады [5].

Изоляциялатын тілінен аударғанда *isolation* - жекелену, бөліну изоляция генетикада алып тастау немесе қиындығы еркін шағылыстыру. Психологияда аффектілі изоляция психиканың қорғаныштық механизмі. Әлеуметтік изоляция адамның әлеуметтік топтан тыс қалуы. В. Даля сөздіктерінде «изоляция» ұғымы топтан немесе ұжымнан тыс қалу дегенді білдіреді [4].

«Изоляция» ұғымы сыртқы, «жалғыздық» ішкі, яғни изоляцияның шарттары жалғыздық жағдайын анықтаумен қамтамасыз етеді. Зерттеулерге сүйенетін болсақ, физикалық, ақыл-ой немесе эмоционалды жағдайға ғана емес, топтан тыс қалу белгілі бір жас кезеңіне сәйкес қызығушылықтарына тікелей байланысты

Медицина саласында изоляция ұғымы емдеу әдісі ретінде қолданылады. Адам сырқаттанған кезде оны сыртқы қозу әсерлерінен қорғау мақсатында қолданады. Адамның өз қалауы бойынша оқшаулау, мұны ұжыммен байланыстыратын болсақ, оқушы сыныпта өзіндік ерекшеліктері мен қалауы бойынша бөлек жүруді ұнататындығын көрсетеді. Дәрігерлік емдеу мақсатында жоспарлы түрде құрылуы мүмкін. Ал мұны психология тәжірибесімен байланыстыратын болсақ, кей жағдайда баланың өз мінез-құлқындағы теріс қылықтарды жөндеу мақсатында мұғалім ол баланы топтан оқшаулата отырып, жеке әрекеттер орындату арқылы, жалғыз өзі орындату шараларын қолдану негізінде психологиялық коррекциялық жұмыстар жүргізілетінін көрсетуге болады.

Медицина саласында изоляциялау әрекеті емдеу әдісіне қосымша ретінде қолдануы сияқты педагогикалық тәжірибеде де бала тәрбиесінің әдіс-тәсілдеріне қосымша қолдану арқылы жүргізілуі мүмкін [6].

Медицинада эффектті емес әдістердің орнына қарай изоляция белгіленуі сияқты психологиялық іс-шараларда балаға қолданылған тәрбиелік әдістер тиімсіз жағдайда оны жалғыз қалдырып, оқшаулау арқылы жаза қолдану негізінде жүргізілуі мүмкін Жалпы адамды әлеуметтен оқшаулау, яғни изоляциялау өз еркі немесе міндетті түрде болып бөлінеді. Міндетті изоляция экстремалды жағдайда қолданылуы мүмкін. Изоляциялау көрсеткіштері сипатталады, қандай адам изоляцияланатындығы сипатталады; изоляциялау тактикасы анықталады; изоляцияланатын бөлмеге қойылатын талаптар сақталынады; изоляцияны өткізу ережелері қатаң сақталынады; изоляцияны аяқтау ережелері нақты көрсетіледі [6].

Ғылымдағы «оқшаулану», «изоляция», «жалғыздық» ұғымдары педагогикалық және психологиялық әдебиеттерде жиі қолданылатыны белгілі. «Оқшаулану» ұғымы социометриялық зерттеулердің нәтижесінің көрінісі. Көрнекті психолог Я.Л. Коломинский, О.В. Стрелкова «изоляция» және «оқшаулану» ұғымдарын синоним ретінде қолдануға болатынын анықтады [4]. Ендігі кезекте осы айтылғандарды педагогикалық тәжірибеде қолдануға байланысты сипаттауға тырысайық.

Тұлғаның өзін-өзі тану процесін және қарым-қатынастың коммуникациялық, интеракциялық, перцепциялық құрылымдарын жетілдірудің заңдылықтары мен мүмкіндіктерін негізге алып, психологиялық технологияларды оңтайлы қолданудың теориялық және практикалық тұрғылары. Қазақ қыздар мемлекеттік педагогикалық университетінің профессоры, психология ғылымдарының докторы Хорлан Тоқтамысқызы Шерьязданованың ғылыми мектебінде жан-жақты зерттеліп келеді.

Қарым-қатынас негізінде Х.Т. Шерьязданова – «Бөбек» балалар қорының Президенті Сара Алпысқызы Намазбаева басшылығымен жүзеге асырылып келе жатқан «Өзін-өзі тану» республикалық жобасының психологиялық тұжырымдамасын дәйектеп, негіздеген алғашқы ғалым. Осыған орай, Х.Т.Шерьязданованың белсенді ұстанымы «Адамзаттың ақыл-ой қазынасы» айдарымен 10 томдық аса құнды еңбек 2005 жылы жарық көрді. Оның еңбектерінде жас ерекшеліктерге қатысты қарым-қатынас біліктілігін дамыту,

психологиялық білімдерін тереңдету кәсіби дайындаудың психологиялық негізі ретінде сипатталады. Қарым-қатынас тиімді болуы үшін оның «кәсіби педагогикалық қарым-қатынас» деңгейіне көтерілу керектігін, оның жолдары мен амалдарын тұжырымдайды [2].

Табиғатта жерден жұлынып алып, құнарсыз құмға тастаған өсімдіктердің өмір сүруі мүмкін емес екені сияқты, адамның да қоғамнан тыс болуы мүмкін емес екені белгілі. Өскелең ұрпақты қоғамдық өмірге қатыстыру, жеке тұлғаның қасиетін дамыту және оны қоғамда толық мәнді өмір сүруге дайындауды тәрбиеге қойылатын талаптардың бірі ретінде қабылдап, қоғам болып бірге қызмет атқарайық.

Әдебиеттер:

1. Жақыпов С.М. Жалпы психология негіздері [Текст]: ЖОО студенттеріне, магистранттарға, докторанттарға және оқытушыларына арналған оқулық / С. Жақыпов. - Алматы: Алла прима, 2012. - 203 б.
2. Х.Т. Шерьязданова Психология и общения / Х. Т. Шерьязданова, Ш. С. Марданова // Высшее образование сегодня. - 2015. - №3. - С. 41-48
3. Жарықбаев Қ. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2006. – 309 б.
4. Макаренко А.С. Семья и воспитание детей. - М.: Просвещение, 2008. - С. 456-481.
5. Блонский П. П. Психология и педагогика. Избранные труды. — М.: «Юрайт», 2016.
6. Выготский Л.С. Вопросы детской (возрастной) психологии. Собр. соч. - М.: Педагогика, 2007. - 504 с.

**ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ӘДЕБИ
МҰРАСЫН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ**

*Алтаева З. Ж., педагогика ғылымдарының магистрі, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі;
Абдиходжаева Н. Б., педагогика ғылымдарының магистрі, қазақ тілі мен әдебиеті пәні
мұғалімі;*

*Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ., Қ. Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп-
гимназиясы*

«Қазақ өлеңінің Абайдан кейінгі алыптарының, айтулы дiңгектерінің бірі ғана емес, бірегейі – Мағжан Жұмабаев», – деп академик-жазушы Зейнолла Қабдолов ерекше бағалайды. Шындығында, Мағжан поэзиясы тұнық тазалығымен, өміршеңдігімен, асқақ арманымен, нәзіктігімен, сұлулығымен халқымыздың аса қымбат мұрасына айналып отыр. Мағжан тек қазақтың айтулы ақыны ғана болды десек, қателесеміз. Қазақ әдебиетінің ХХ ғасыр басындағы жарық жұлдызы, ақын, ағартушы, педагог, қоғам қайраткері, аудармашы Мағжан Бекенұлы Жұмабаевтың қазақ елі үшін атқарған еңбегі өлшеусіз. «Шолпан» атты өлеңдер жинағымен қазақ поэзиясын жаңа бір деңгейге көтерсе, Алаш орданың оқу комиссиясының мүшесі ретінде қайраткерлік келбетін қалыптастырды. Ағартушы Мағжан Жұмабаев «Педагогика», «Бастауыш мектептегі ана тілін оқыту жайы», «Сауатты бол!», «Оқу-жазуға үйрету», «Ересектерге оқу кітабы» атты еңбектерімен қазақ педагогикасы, оқу-ағарту саласының дамуына, өркендеуіне жол ашқан құнды мұралар деп бағалаймыз. Аударма саласында да өнімді еңбек етті. И. Гете, Г. Гейне, М. Лермонтов, А. Фет, А. Блок секілді ақындардың өлеңдерін, М. Горький, В. Иванов Д. Мамин-Сибиряк әңгімелерін аударып, қазақ аударма өнерін байытты. «Шолпанның күнәсі» әңгімесі талай қазақ оқырманын тәнті етті.

Ақын поэзиясы қайталанбас құбылыс ретінде қазақ әдебиетін ХХ ғасырдың басында-ақ Еуропа, орыс әдебиетінің биік деңгейіне көтерді. Ақынның қуатты, бойға жігер, жүрекке от беретін рухты үні, ізденістері мен жаңашылдығын, ішкі шығармашылық құдіретін жұрттан бұрын байқаған әрі аса жоғары бағалаған Мұхтар Әуезов: «Мағжан – мәдениеті зор ақын. Сыртқы кестенің келісімі мен күйшілдігіне қарағанда, бұл бір заманның тегінен асқандай, сезімі жетілмеген қазақ қауымынан ертерек шыққандай...

Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз – Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін», – деп жазды [1.4]. Ұлы суреткердің бұл пікірін Мағжанның артына қалдырған өшпес рухани мол мұрасы дәлелдейді. Поэзия әлемінде айрықша із қалдырған өзіндік үлкен өнер, өрнек тудырған, терең сырға, ұшқыр қиялға толы өлең дүниесін кейінгіге аманат еткен Мағжан шығармаларының құндылығын күн өткен сайын жаңа бір қырынан тани түсеміз.

Мағжан поэзиясынан ақындықты, адалдықты, ұлылықты көруге болады. Ақын шығармашылығынан жілігі татымас, жасық жолдарды ұшыратпайсыз, халқына деген айрықша сүйіспеншілікті сезінесіз. Мағжан шығармашылығындағы басты тақырып – ел мен жер тағдыры. Халқына азаттық өмір тілеген ақын туған елінің өткен тарихына көз жіберіп отырады. Сол арқылы тарихи шындықтың бетін ашады. Мағжан шығармашылығының негізгі арқауына айналған тақырыптардың бірі – туған жер. Елім, жерім, ерім деп соққан ақын жүрегінің қайнарынан төгілген отаншылдық өлеңнің шынайы үлгісі «Түркістан» өлеңі:

Түркістан екі дүние есігі ғой,
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған,
Түріктің тәңір берген несібі ғой [2.35].

Ақын бұл өлеңінде Түркістан, Тұран – тұтас түндік дей отырып, бәрі – түркі жері, қазақ жері деп таниды. Бұл өлеңінде туған жерге, өз топырағына, Шығысына деген ғажайып сүйіспеншілігі, перзенттік патриотизмі айқын көрінеді. Отаншылдық сезімінен өрілген рухты жырлар ақын шығармашылығында жеткілікті. «Туған жер» өлеңіне назар салайық:

Жаралдым топырағыңнан, сен – түбім,
Жалған жоқ, бәрі сенен жаны – тәнім.
Сенен басқа жердің бәрі қараңғы,
Жарық болар Шолпан, Айым, сен – Күнім.
«Сүйемін» өлеңінде:

Алаш деген елім бар,
Неге екенін білмеймін,

Сол елімді сүйемін [2. 100], – деп кең байтақ жеріне жүрек жарды жырын арнайды. Халықты рухани тұрғыдан тонап, тілінен, дінінен, ділінен айыру үшін зұлымдық, жымсық әрекеттерді тынымсыз жүргізген патшалық империяның сары даланы күңіреткен, қазақ даласын ойран -топыр еткен жалмауыз саясатына қарсы былайша тіл қатады:

Жаралы құба жонда кім зарлаған?
Қансырап қанын жұтып кім сарнаған?
Қайғылы сар даланы күңіреткен,

Зарына адам шыдап тұра алмаған. «Елім» деп еңіреп, әділеттік жолда жалынды жырын жалау еткені үшін тарихтың «ақтаңдақ» бетінен орын алған сөз шеберінің өрелі ойының терең иірімдерінен тамаша суретті сөздер өріледі. «Түркістан», «Ескі Түркістан», «Орал», «Көкшетау» атты өлеңдері арқылы сүйікті оқырмандарын елін, жерін сүйуге баулиды. Туған ұлтын, халқын сүйгенін «Тұранның бір бауырында», «Қырғыз, қазаққа», «Еділде», «Алатау» атты жырларынан да аңғартады. Оның ақ нәсердей төгілген жыр жолдарында өзіндік өмір өлшемдері, түйінді, тұғырлы таным дүниесі кестелі өрнекпен нақтыланып, даралық сипатқа ие болып тұрады. «Көкшетау» өлеңіндегі:

Аспанменен тірескен,
Тәңірменен тілдескен.
Көкшетауым біп биік,
Қою қара көк бұлт,
Жайнап, ойнап, құлпырып

Көкшетауды тұр сүйіп, [2. 95], – жолдардан Мағжанның ұлтына, халқына деген шексіз махаббаты сезілсе, одан кейінгі:

Қалың елім, қалың қара ағашым,

Қайраты мол, айбынды ер, алашым!

Өзі-ақ құлар, сырың берме, сабыр қыл,

Ақымақтар байқамаған шамасын, – деген жолдардан оның ертеңгі болашақтан үміті, қалай болғанда да осы қиындықтың артында азат күндердің келеріне деген сенімі көрінеді. Мағжан шығармашылығындағы «Жаралы жан», «Қазақ тілі», «Өткен күн», «Айға», «Тілегім», «Мен жастарға сенемін» өлеңдерінде ұлттық мүдде мен ұлттық тақырып кеңінен көрініс тапты.

Ақынның жастарды отаншыл болуға баулитын айрықша поэзиясы орта мектептердегі жаңартылған білім беру жүйесі бойынша құрастырылған қазақ әдебиеті пәнінің бағдарламаларында, оқулықтарында аз қамтылған. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған қазақ әдебиеті оқулығының «Балалар мен үлкендер» бөлімінде М. Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасы берілген [3. 64]. «Батыр Баян» поэмасы тілі, сюжеттік құрылымы, композициялық құрылысы жағынан ең озық үлгідегі, ақынның шеберлігін, талантының сан қырын, кемел дарынын тап басып танытқан, шоқтығы биік, көркемдік деңгейі жоғары – туынды. Ақын аталған поэманы 1923 жылы отызға толған шағында Ташкентте Мұхтар Әуезовтің пәтер-үйінде бір түнде жазып шыққан. Поэма негізінде 1993 жылы кино да түсірілген. Осы мәліметтен біз Мағжанның ақындық қуатының жоғары екенін көреміз. «Батыр Баян» поэмасын оқу арқылы жас ұрпақ өткен ғасырларға шегініс жасайды. Ел намысын өз басының бақытынан биік қойған батырларымыздың іс-әрекетіне куә болады. Поэмадағы алаш рухы, ел намысы мәселелерінің қалай көрініс тапқанына талдау жасап, тұжырым жасайды. Поэманың ең басты жетістігі – Баян батырдың шындықтан сомдалған соны тұлғасының жасалуы және шынайы көркем образ ретінде сомдалуы. Баян – артына аңыз да, тарихи дерек те қалдырған тарихи тұлға. Ол туралы деректер Шоқан Уәлиханов жазбаларында бар. Мағжан ел аңызы мен ақын қиялын бір-бірімен ұштастырып, тарихи шындық пен көркемдік шындықты жымдастырып, оқырманын еліктіріп әкетеді. Поэманы оқи отырып Батыр Баян кім? Ардақ тұтар тұлға ма? Інісін өлімге қиған қанішер ме? Осы секілді алуан сұрақтың жауабын оқырман өзі табады. Батыр Баян – елі үшін жаралған ұлы тұлға, өйткені ұлттық намыс, отаншылдық рух, Отан бәрінен қымбат. Мағжан жер-суы үшін, тілі үшін жанын пидә еткен ерлердің тұлғасын ерекше екпінмен, серпінмен өрнектейді, Алаш тарихын жүйрік зерделейді. Мағжанның поэзиясы – жас ұрпақ тәрбиесінде осындай ерекшеліктерімен құнды әрі бағалы. Сондықтан Мағжанның әдеби, тілдік мұрасын орта білім беру жүйесінде кеңінен насихаттап, тәрбие ісінде, білім үдерісінде тиімді қолдану жас ұрпақтың ел тарихы мен әдебиетінен, мәдениетінен терең сусындауына жол ашады. Орта мектептің әдебиетіне ақынның «Түркістан», «Сүйемін», «Қазақ тілі», «Мен жастарға сенемін», «Мен кім?», «Алтын хакім Абайға», «Сағындым», «Толқын», «Қарағым», тағы басқа өлеңдерін қайта енгізу кезек күттірмейтін мәселеге айналуы шарт. Жас ұрпаққа ардақты ақынның мұрасын кеңінен насихаттау тәрбие ісін алға қойып, өркендетуге жол ашады. Ақынның отаншылдық тақырыбын қозғаған жыр жолдары бүгінгі ұрпақты Отаншыл болуға үндейді, елін сүйуге баулиды, тарихты қадірлеуге үйретеді. Жалпыадамзаттық әрі ұлттық құндылықтарды бағалай білуге қалыптастырады.

Қазіргі білім беру үдерісінде Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегін кеңінен қолдану тәрбие ісінің алға басуына оң ықпал етер еді. «Педагогика» орыс зерттеулерінен аударылған немесе көшірілген еңбек емес, сол кездегі көркем тілмен жазылған ғылыми монография саналады. Мұндағы «Жан тәрбиесі» мен «Ұлт тәрбиесі» бөлімдері – педагогика саласына қосылған үлкен жаңалық. Қазақ ұлттық тәрбиесінің негізгілерін зерттеп, зерделейді. Тарту сөзінде: «Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалім. Еліміздің аз ғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын – мұғалімдердікі. Бірге оқысқан, бірге оқытысқан, жылдарымыз бір, жолымыз бір қазақ мұғалімдері!», – дейді [4. 64]. Қазақ мұғалімінің тиісті орнын көрсеткен өнегелі сөзді қазіргі қоғам дөп түсінсе, білім беру саласындағы қордаланған мәселелер өз түйінін тарқатары сөзсіз. Ал тәрбие тұжырымдамасында және Абай іліміндегі «толық адам» тұлғасын қалыптастыру үшін: «Балаға тәрбиені өзінің шамасына, жаратылысына қарай беру керек.

Жас бала – жас бір шыбық, жас күнде қай түрде иіп тастасаң, есейгенде сол иілген күйінде қатып қалмақ. Теріс иіліп қалған шыбықты артынан түзеймін десең, сындырып аласың. «Баланы бастан» деген сөздің мәнісі осы. Тәрбие деген – баланы бетке қақпай, бетімен жіберу емес. Яки отырса басқа, тұрса аяққа ұрып, көр қылып өсіру де емес. Баланы тәрбие қылу – тұрмыс майданында ақылмен, әдіспен күресе білетін адам шығару деген сөз», – деген Мағжанның сөзін әрбір мұғалім жете түсінуі тиіс. Мағжанның өткен ғасырда айтқан пікірі қазіргі білім беру үдерісінің басты қағидаты мен мақсатына айналған «функционалдық білім беру» бағытымен ұштасып жатқандығын аңғару аса қиын емес. Ұлттық таным мен түсінікке сай жазылған «Педагогика» еңбегін әрбір қазақ мұғалімі оқыту үдерісінде тиімді қолданса, ұтары көп.

XX ғасыр алып тұлғаларының шығармашылық тағдырын зерттеуші, академик Рымғали Нұрғали: «Мағжан поэзиясы мәңгі өлмес, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасар алтын көпір, асыл қазына, інжу-маржаны махаббат, сүйіспеншілік, ғашықтық стихиясының сан алуан тылсым, жұмбақ күйлерін шерткен, терең ақындық шабыттан толқып туған, адам жүрегінің мың сан дірілін шеберлікпен бейнелеген, ішкі мазмұны мен түр кестесі жымдаса ұласқан, ықшам, жинақы, жұп-жұмыр жауһар дүние», – деп Мағжанның еңбегіне зор баға береді [5. 42].

Қорыта келгенде, Мағжан Жұмабаев – қазақ поэзиясында жарқын жырларымен от шашып, өшпес із қалдырған тұлға. Алаштың руханиятына Мағжан Жұмабаев қосқан асыл қазына қазақ мектебінде кеңінен насихатталып, тереңінен оқытылуы тиіс.

Әдебиеттер:

1. «Аңыз адам» журналы, №1(37) қаңтар 2012.
2. Жұмабаев М.Өлеңдер, поэмалар. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2009.
3. Керімбекова Б., Қуанышбаева Ә. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2017.
4. Жұмабаев М. Шығармалар жинағы. 3-том. Аудармалар, ғылыми еңбек, мақалалар. – Алматы: Жазушы, 2008.
5. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: «Күлтегін», 2002.

АЛАШТЫҢ АСЫЛ МҰРАТЫ: ТІЛ, ЖАЗУ, МӘДЕНИЕТІН БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БОЙЫНА ДАМУЫ

Жандосова М. К., бастауыш сынып мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Талдықорған қаласы, «Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№2 орта мектеп»

КММ

Ұлт тарихында өзіндік орны бар Алаш қоғалысы мен Алашорда үкіметінің іс-әрекеті тарихымызда демократиялық қоғам құруға бағытталған алғашқы қадамымыз болды. Жалпыхалықтық саяси тәжірибемен қатар зор рухани мұра қалды. Алаштың асыл аманаты бізге тарихи-мәдени бірегейлігімізді, қарапайым тілмен айтсақ, қазақы қалпымызды қасиеттеп сақтауға міндеттейді. Ел тарихында жарқын өмірімізге бастапқы бетбұрыс жасауға негіз болған Алашорда қозғалысы тарихының ұлт тарихымен біте қайнасып жатуының деректі дәлелі мол.

Алаш зиялыларының еңбектері бүгінгі таңда да негізгі бағдарымыз болуы керек. Латын әліпбиіне көшкен кезде тіліміздің шынайы болмысын таңбалайтындай емле ережелерін даярлауымыз керек. Сонымен қатар терминжасамдағы ұстанымдарды нақтылап, шеттен енген сөздерді игеруде, қазақ тілін оқытудың жаңа әдістерін ұсынуда ХХ ғасырдың басындағы алаш арыстарының еңбектерін негізге алып, орыс тілінің үлгісімен бұрмаланып кеткен тұстарды қайта қарауымыз керек. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы бастаған алаш зиялылары негізін қалап берген ғылыми жүйеге қайта оралуымыз керек. Негізгі мақсат – Қазақстандағы әр азаматтың мемлекеттік тілді жетік білуіне жағдай жасау. Тіліміз еркін

дамыған жағдайда ғана Қазақстан тәуелсіздігі тұғырына түседі. Қазақстандағы әр азаматтың мемлекеттік тілді жетік білуіне жағдай жасау. Тіліміз еркін дамыған жағдайда ғана Қазақстанның тәуелсіздігі биіктей береді.

Тәуелсіздікті құрметтеу, тәуелсіз елдің азаматы бола білу – оның қасиеті мен қадірін түсінудің айқын жолы өз халқының жүріп-өткенін білуге, құрметтеуге барып тірелетініне сөз жоқ.

Өткенге қарап басымызды иеміз, ертеңге қарап білек сыбанамыз демекші, бүгінгі бала – ертеңгі жаңа әлем. Демек бұрыннан қалыптасқан бағдарлама мен тәртіп ол үшін ескірген, тозған. Ал қазір ол барлық тұлғасымен жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Сондықтан оған жүйелі жәрдем беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттайтын, қабілет-қасиеттерін дамытатын мектеп шаңырағы қажет.

Қазіргі кезеңде Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие процесіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды. Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту процесін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияларды ендіруді міндеттейді. Білім мазмұны жаңа процестік біліктермен, ақпаратты қабылдау қабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және нарық жағдайындағы білім беру бағдарламаларының нақтылануымен байи түсуде.

Атап айтқанда:

- Қоғамдық біліммен бара-бар педагогикалық технологияның кеңінен қолданылуына және ғылымның рөліне мән берілуде;

- Ақпараттық дәстүрлі әдістер қазіргі заманғы компьютерлік құралдарға ығысып орын беруде;

- Баланың жеке басын тәрбиелеуде, оның жан дүниесінің рухани баюына, азамат, тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлінуде.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі – жеке тұлғаның шығармашылығын қалыптастыруға бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы. Осы орайда білім беру саласы қызметкерлерінің алдында тұрған басты мәселе-элеуметтік және ұйымдастыру тұрғысынан білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестіру, оны өмірде пайдалану.

XX ғасырдың 80-жылдары аяғында Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі болған өзгерістер оқыту, тәрбиелеу ісіне де жаңалықтар енгізіп, жаңа леп әкелді. Республика мектептеріндегі оқыту жаңадан жазылған төл оқулықтар, жаңа бағдарламалар негізінде жүргізіліп, білімнің әлемдік стандартқа сай болуы қарастырылды. Оқытудың жаңа технологиялары кеңінен енгізіле бастады. Әсіресе халықтық педагогиканы пайдаланып, ұлттық негізде тәрбиелеуде атқарылған шаруалар ауқымы кең. Еліміз егемендігін алу арқылы мүмкін болған жаңа буын оқулықтарының да ғылыми негізі ретінде дамыта оқыту жүйесі алынып отыр.

Егеменді еліміз осы орайда білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, терең білімді, ізденімпаз, барлық ісіне шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын жеке тұлға тәрбиелеуге ерекше мән берілуде. Осы орайда оқушының танымдық қызығушылығын арттырып, шығармашылық әрекетке бағыттталып келеді.

Оқушы қоршаған ортаны, әлеуметтік дүниені, табиғи әлемді танып білу барысында, олардың ішкі қасиетін анықтап, даму заңдылықтарымен танысып, басқа адамдармен қарым-қатыныс жасай білуге дағдыланады. Осы бағытта негізделе отырып, белсенділік танытып, іс-әрекетке араласып, өзінің сұранымын, қажеттілігін қанағаттандырады. Олардың өзара маңыздылығын ажырата отырып, танып білуші субъектісінен тәуелсіз өмір сүруге үйренеді. Заттар мен оның қасиеттерін түйсік, қабылдау және ақыл-ой арқылы танып білуге болады.

Жалпы орта білім беретін мектеп оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытудың негізгі факторы олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге, баланың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл-ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу жолға қою керектігі саналады. Оқушының шығармашылық қабілеті де оның ойлау мен практикалық әрекеттері арқылы ғана дамиды. Ойлауға үйрететін сабақтарды дамыта сын тұрғысынан ойлау жүзеге асатын дамыта оқыту сабақтары деп білеміз.

Сын тұрғысынан ойлауды қалыптастыру балаға ақыл-ой әрекетін меңгеруге жағдай жасау деп қарастыру керек. Дамыта оқыту сабақтарында ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасындағы ерекше қарым-қатынас орнайды. Мұғалім - бұл жағдайда дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бақылаушы, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана баланың интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады.

Бастауыш сынып оқушысының тұлғасын дамыту, оқушының оқу білігін қалыптастырып, олардың білім, білік, дағдысын жоғарғы деңгейге жеткізу әр мұғалімнің мақсаты болып табылады. Озық ойлы, тапқыр да, нәзік сезімтал, пайымды шәкірттердің іскерлігін, мүмкіндіктерін ескере отырып, бағыт-бағдар беру, ой-өрісін дамыту, логикалық ойлау қабілетін ашу әр мұғалімнің міндеті.

Жалпы әр ұстаздың мақсаты-дүниежүзіндегі жаңалықтар мен дамуына хабардар бола отырып, одан да жоғарғы деңгейге жеткізіп, оқытудың тиімді тәсілдерін ұсыну болып табылады. Өйткені заман талабына сай барлық салада даму өте жедел жүзеге асуда.

Қазіргі таңдағы әлеуметтік жағдайларды ескере отырып, жеке тұлғаны қалыптастыруда білім мен тәрбие ұштасқан тұста ғана оқу үрдісі нәтижелі болады.

Жас ұрпақты ұлтжандылыққа тәрбиелеуде ұлттық санасын оятып, тілін дамытып және білім беруді тиімді әдістемемен жандандыра түсіп дамыта оқу керектігі туындап отыр. Оқушының тілін дамыту – қазіргі кезде оқу-тәрбие ісіндегі басты мәселе. Біздің елімізде қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Соған орай оқу орыс тілінде жүретін сыныптарда егемендік еліміздің мемлекеттік тілі – қазақ тілін оқыту өмірлік зор маңызға ие. Орыс сыныптарындағы қазақ тілі сабағының білімдік дәрежесі бүтіндей басқа. Өйткені, орыс топтарындағы қазақ тілін оқытудың әдісі де, оған қойылатын талаптары да өзгеше. Мақсаты – оқушыларды қазақша сөйлей білуге үйрету болады да, сол сөздерден сөйлем құрау үшін грамматикалық ережелер, анықтамалар сөз үйретудің техникасы ретінде қарастырылады.

Тілдің құдіреті оның міндетті қызметінде «Тіл дамыту дегеніміз – тілдік норманың жетілу, ширау, даму дәрежесі» тіл ғылымдарының ғалымы М. Балақаев айтқандай, қазіргі таңдағы тіл саясатының басым бағыттарының бірі – мемлекеттік тілді дамыту мен оның қолданылу аясын кеңейту болса, оның кешенді тармағы – тәуелсіз мемлекетіміздің болашағына адал қызмет ететін мемлекеттік тілді жетік меңгерген оқушыларды тәрбиелеу болып табылады.

Оқушылардың ауызекі сөйлеу тілін мәтіндер арқылы дамытуды жүзеге асыру нәтижесінде олардың қазақ тілінен білімдері толықтырылып, мәтінмен жұмыс. Тілді үйретуде мәтіннің қатысым әрекетіндегі маңыздылығына сәйкес, оны іріктеп, таңдаудағы негізгі ұстанымдар төмендегідей жүйеленген: мәтін мазмұны толықтай аяқталып, белгілі бір логикалық жүйеге бағынуы; мәтін тақырыбы күнделікті өмір талабына сай, танымдық сапасы жоғары, тәрбиелік мәнінің зор болуы; мәтін мазмұны оқушылардың түсінісуіне қолайлы, даму деңгейлеріне сай болуы; мәтінді іріктеп, таңдауда фонетикалық, лексикалық, грамматикалық ерекшеліктердің ескерілуі; мәтін мазмұнының нақты, қызықты болуы.

Тілде қарым-қатынас жасау сөйлесім әрекетінің барлық түрлері тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім әрекеттерінің негізінде жүзеге асырылады.

Оқытудың қазіргі уақыт талаптарына сай әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, мәтіндермен жүйелі жұмыс жүргізу арқылы оқушылардың сөздік қорларын байытып, сөйлеу тілдерін дамытуға болады. Мәтіндермен жұмыс барысында оқушылардың өз бетінше ақпарат алып,

онымен жұмыс істеу дағдылары дамытылып, қазақ тілі бойынша білімдері толық түсері сөзсіз. Тілді оқытып, үйретудің сапасын арттыру әртүрлі жағдайларға байланысты.

Басты мақсатым – оқушыларға қазақ тілін меңгерту, сауатты жазуға үйрету, қазақ халқының әдет-ғұрпын, тілін құрметтеуге, Отанды сүйеге баулу.

Сабақ өткізу, оқыту барысында өткізілетін ең күрделі жұмыс түрлерінің бірі – сабақта мәтінмен жұмысты ұтымды ұйымдастыру. Мәтінмен жұмыс – сабақта өтілетін әртүрлі жұмыстардың жиынтығынан құралады. Олар: дыбыстармен жұмыс; сөздіктермен жұмыс; сөздік қорларын жетілдіру; тіл дамыту; ережемен жұмыс; ауызша сөйлей білуге дағдыландыру;

Мәтін алдындағы жаттығулар мен соған сәйкес жұмыс түрлері мынадай бағытта жүргізіледі: тілдік тұлға мен сөйлем үлгілерін мәтінде танып, айыра білу және әртүрлі құрылымдық материалдарды (сөзжасам элементтері, етістіктің жақ, шақ түрлері, т.б.) меңгерту.

Келесі мәтінмен жұмыс кезеңі. Бұл кезеңде мәтіннің тілдік материалы мен құрылымы орындалады. Мәтін ішінен қажет мәліметті бөліп алу, айыра білуге машықтандыру жаттығуларын әртүрлі тәсілмен орындау. Мәтінмен жұмысты былайша ұйымдастырамын: оқығанның мазмұнын айту, мәтін бойынша сұраққа жауап беру, жоспар жасату, бірнеше бөлімге бөліп оқыту, негізгі жанама ойды таптыру, қорытынды жасату.

Шартты түрде алып отырған үшінші кезеңде мәтінді оқып, түсініп, негізгі ойды қазақ тілінде жеткізе білу. Мәтінді оқығаннан кейінгі жұмыстар: логикалық сұрақтар, сөздік жұмыстар, фонетикалық жаттығулар, сөйлем құру, мәтінге жоспар құру, аударма, мәтінге ат қою, диалог, ситуация құру, мәтіннің мазмұнын жоспар бойынша айту.

Осы аталған іс әрекеттерді жүзеге асыруда оқушылар өзара тілдік қарым қатынасқа түседі. Тілдік қарым қатынасқа түсу деген сөз — біз оқытудың коммуникативтік технологиясын да іске асыру. Мәтінді оқытудың мынадай түрлерін сабақ үстінде қолдану мұғалімнің жеке зерттеушілік жұмыстары үшін өте пайдалы: Дауыстап оқыту арқылы — оқушының сөйлеу элементтерін меңгергендерін байқауға болады, тағы да бір тиімділігі — оқушылар бірінің қатесін бірі естіп және түзетіп отырады. Іштей оқу — бұл жұмыстың мақсаты оқушылардың шапшаң оқу дәрежесін анықтау. Мысалы: оқушыларға іштей шапшаң оқу үшін бір мәтін беріліп, қай жерге дейін оқу керектігін белгіленеді. Әркім белгілеген жерге келгенде кітаптарын жауып, бітіргенін байқатады. Осылайша оқушылардың оқу шапшаңдықтарының мөлшерін мұғалім өзі белгілеп отырады.

Тіл дамыту жұмысы — күрделі де шығармашылық процесс. Тіл байлығының мол болуы бір жағынан балада жаңа құбылыс, көрініс, ұғымдар мен түсініктердің көбеюіне, ал екінші жағынан, тілді жан-жақты меңгеруіне байланысты. Тілдің жақсы дамуының құралы тілдік қор болып табылады. Тіл дамытудың негізгі мақсаттары: өз ойын жүйелі түрде еркін жеткізе білу; байланысты сөйлей білу; мазмұндылығы; анықтығы, мәнерлілігі; грамматикалық, орфографиялық қатесіздігі.

Тіл дамытудың негізгі мақсаттарын жүзеге асыру үшін, оқудың алғашқы аптасында мына мәселелерді анықтап алдым: сыныптағы әрбір баланың жалпы сөздік қоры; сөздің дыбыстық жағын меңгеру дәрежесі; байланыстырып сөйлеу дәрежесі. Сөзді, сөйлемді, сөз тіркестерін тақпадан, кітаптан, дәптерден дұрыс оқыта білу — қазақ тілін меңгертіп, сөздік қорларын молайтуға септігін тигізеді. Мәтінмен жұмыстың негізгі міндеттері: қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға, сөйлемді дұрыс құрай білуге, байланыстырып сөйлеуге, еркін оқуға үйрету.

Сөйлеу және оқуды меңгерген соң, жазу тілі қалыптастырылады. Сөз — тілдің негізгі өлшемі. Мәтінмен жұмыс тіл дамытудың басқа түрлері сияқты сөздік жұмысы оқу-тәрбие жұмысының барлық саласында жүргізіледі. Балалар сөзді ұғу арқылы сөйлеу үстінде тілін дамытады. Сөздік жұмысы оқушының ойын дамытумен тығыз байланысты. Тіл дамыту жұмыстарында жаңа сөздермен жұмыс ерекше орын алады. Тақырыпқа байланысты сөйлем және сурет бойынша әр түрлі мәтін құрастыру, жаттығу жұмыстарын жазу, кешендік талдау жасау.

Жазу арқылы жүйелі сөйлеуді, сөйлеу стилін үйрету және ауызекі сөйлеуге жұмыс жасатуға болады. Ауызекі сөйлеу әдісінің бірі – диалог арқылы дамыту. Диалог құру үшін белгілі бір тақырыпта оқуға байланысты оқушының сөздік қорын дамыту, жаңа сөздер үйретіп, мағынасын ұқтыра отырып, оларды жасайтын формаларды меңгертіп, сөйлем құрауға үйрету, сөз бен сөзді байланыстыруға, ауызша ойларын жүйелі айтуға, әңгімелеуге жаттықтыру керек. Сонда оқушы диалог құру кезінде сауатты сөйлеуге, қазақ тілінің грамматикасын ескере отырып диалог дұрыс құруға тырысады. Бұл оқушының тілін дамытады.

Жоғарыда аталған әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, мұғалім өз жұмысына талдау жасап, қызметіндегі артықшылықтары мен кемшіліктерін көре алады. Мұғалім әр сабақта оқушыға жағдай жасап, түрлі технологияларды жүйелі қолданып, оларды шығармашылықпен пайдалана білсе, жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болады; қазақ тіліне қызығушылық көтеріледі, ауызекі сөйлеуі дамиды, коммуникативтік дағдылар қалыптастырылады.

Қорыта айтқанда, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын аттыру үшін мұғалім шебер болуы керек. Ол баланы қалай оқыту, оның сабаққа деген ынтасын қалай ашуға болады деген сұрақтар төңірегінде жұмыс жасауы тиіс. Жалпы адам баласы есту, көру, ұстап көру, сезу және иіскеу арқылы есте сақтайды. Кейбір оқушылар жазбашаға, кейбірі ауызшаға қабілетті болып келеді. Интербелсенді оқыту барысында оқушылар өзіндік пікір қалыптастырып, өз ойларын дұрыс жеткізе білуге, өз көзқарасын дәлелдеуге, пікірталас жүргізуге, басқаларды тыңдауға, өзге пікірді сыйлауға және онымен санасуға үйренеді. Оқушылардың функционалдық оқу сауаттылығын дамыту жолдары түсіндіріліп, ағымдағы оқу жылында мәселені бірлесіп шешу енгізілді. Сондықтан, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру Қазақстан мектебі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамытудың басты ұстанымы болуы шарт. Осы ретте, қазақ тілі пәнін дұрыс жүргізе білудің маңызы зор.

Әдебиеттер:

1. А.Шормақова, Ә.Ахмет, Д.Әлімақын, Т.Рамазанов. Рухани жаңғыру – алаштың асыл мұраты: тіл, жазу, мәдениет. «Елтаным» баспасы Алматы, 2018.
2. К. Ж. Бұзаубақова Педагогикалық жоғарғы оқу орны студенттеріне арналған оқу құралы. Тараз 2014.
3. Республикалық әдістемелік ғылыми-педагогикалық журнал «Ұстаз еңбегі» Сәуір №11(70) 2022.

АЛАШ АРЫСТАРЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ

Камзаханов А.М., Тусупекова З.Д., Жайсаңбаева Қ.Н.

«Қ.Рысқұлбеков атындағы №33 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Алаш арыстарының педагогикалық мәдениет - адамдардың өмірі мен іс-әрекетін ұйымдастырудың түрлері мен формаларында, олардың қарым-қатынастарында, сондай-ақ олар жасаған материалдық және рухани құндылықтарда көрініс табатын қоғамның тарихи қалыптасқан деңгейі, адамның шығармашылық күштері мен қабілеттері. Қарым-қатынас мәдениеті қазіргі педагог имиджі құрамының бірі боп табылады. Ұжым өмірінің жетістігі, белгіленген мақсатқа жету барысындағы әрекеті - ұжымдағы психологиялық ахуал, өзара түсінушілікке құрылған ұжым ішілік байланыстар, басшылық пен әріптестердің өзара сыйластық бағытына байланысты. Алаш арыстарының педагогикалық мәдениеті - білім, қоғамдық мораль нормаларының көрініс беруі, қарым-қатынас әдебі мен мәнері, эмоциялық жағдайдың айқын көрініс беруі, мұғалімнің сөйлеу мәдениеті және өзара түсінушілік, басқа адамдардың жағдайын сезіну дағдысы, алынған ақпаратты дұрыс түсіну сынды адамгершілік-психологиялық қасиеттердің кешенінен тұрады.

Алаш арыстарының педагогикалық мәдениет - бұл мұғалімнің білім беру процесінің барлық қатысушыларымен әлеуметтік-психологиялық өзара әрекеттесу жүйесі, оның мазмұны ақпарат алмасу, тәрбиелік ықпал ету, қарым-қатынасты ұйымдастыру болып табылады. Қарым-қатынас негізделетін негізгі моральдық нормалар: айналасындағы адамдардың әрқайсысының қадір-қасиетін құрметтеу, олардың ішкі әлеміне деген сенім және ұқыптылық, эмоционалды сезімталдық, ізгі ниет. Педагогтар арасындағы өзара қарым-қатынас мәдениеті әсіресе оқушылар үшін әлеуметтік әдептің үлгісі ретінде маңызды. Мұғалімнің педагогикалық мәдениеті оқу-тәрбие үрдісі мен педагогикалық үрдісте бірігіп психологиялық климатты құруға ықпал етеді.

Алаш арыстарының негізіндегі мұғалімнің педагогикалық мәдениетінің жоғары деңгейі тәрбие мен оқыту арқылы қалыптасқан кәсіби қызметі мен педагогикалық әдебі, педагогикалық қызметке адалдығы, парызы, өз еңбегінің нәтижесіне жауапкершілігі болып табылады. Соңғы жылдары мұғалімнің жалпы, кәсіби және коммуникативті мәдениетін қалыптастыруға көп көңіл бөлінеді, бұл оның нормативті қызметінің шегін кеңейтуге, құндылықтарды құруға және оны беруді қамтамасыз етеді, оқушылардың тәрбиесі мен дамуын жүзеге асыруға, әлеуметтік және азаматтық ұстанымды қалыптастыруға көмектеседі. Қарым-қатынас мәдениеті мұғалімнің жеке басының ішкі мәдениетінің құрылымдық бөлігі болып табылады және оқыту іс-әрекетінің нәтижелеріне айтарлықтай әсер етеді. Қарым-қатынас мәдениеті - адамның интеллектуалдық, рухани және эмоционалды қасиеттерінің жиынтығы, олар адамгершілік нормалары мен қарым-қатынас ережелеріне негізделген сәтті әрекеттесудің және мінез-құлықты бақылаудың қажетті шарты болып табылады. Педагогикалық құрамдағы қарым-қатынас мәдениетінің мәні моральдық бағыт, оның барлық мүшелерінің әлеуметтік жауапкершілігінің басымдылығы, құндылықтар мен мақсаттардың бірлігі болып табылады. [1] М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов педагогикалық мәдениетті жалпыға бірдей педагогикалық құндылықтардың, педагогикалық іс-әрекеттің шығармашылық әдістері мен кәсіби педагогикалық мінез-құлықтың ажырамас жүйесі ретінде қарастырады, олардың негізінде өмір бойы кәсіби және жеке өзін-өзі дамыту мен тәрбиелеу жатыр. Оның құрамына мынадай бөліктер енеді:

1. Педагогикалық ізгілік бағыт, ол өз кезегінде бастапқы жеке ұстанымды, моральдық-идеялық және шығармашылық-рефлексиялық компонентті қамтиды. Олардың әрқайсысының өзіндік құрылымы бар және мұғалімнің жеке басының кәсіби өзін-өзі жүзеге асырудың әртүрлі аспектілерін анықтайды.

2. Мұғалімнің кәсіби және жеке қасиеттері - жанашырлық, толеранттылық, шығармашылық және рефлексияға қабілеттілік. Эмпатия адамның ішкі жан дүниесін түсіну, басқаның өмірі үшін алаңдау деген ұғымды білдіреді.

3. Толеранттылық - әртүрлі адамдардың наным-сенімдеріне, көзқарастарына, діни сенімдеріне қатысты жеке қасиет ретінде көрінеді. Басқа адамның дүниетанымына қатысты шыдамдылықты, оның құндылықтарын мойындауды білдіреді.

4. Креативтілік - кәсіби қызметтің негізгі бағыттарын шығармашылық тұрғыдан қайта ойлауға дайындық. Мұғалімнің шығармашылығының ерекше маңыздылығы, оның педагогикалық шығармашылыққа дайындығы көптеген жаңашылдықтармен, әр түрлі балама педагогикалық жүйелермен анықталады. Педагогикалық шығармашылыққа мұғалімнің қатысуы оның педагогикалық мәдениетінің деңгейін сипаттайтын «тиімді фактор» ретінде қарастырылады.

5. Рефлексия - өзіне тән арнайы іс-әрекеті бар, өзіндік білімі бар және өзіне ден қою, өзін-өзі басқару, өзін игеруді сана арқылы қалыптасқан қабілет.

6. Кәсіби білім - теориялық жалпылаудың жоғары деңгейі.

Е. В. Бондаревская педагогикалық мәдениеттің негізгі жүйелік құрылымына мыналарды жатқызады:

- Мұғалімнің оқушыларға қатысты ізгілік бағыты және тәрбиелеуші бола алу қабілеті;
- Психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі мен дамыған педагогикалық ойлау;

- Сабақ беретін пән саласы бойынша білімі мен педагогикалық технологияларды меңгеруі;
- Шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі. Жүйе ретінде өзінің педагогикалық қызметін (дидактикалық, тәрбиелік, әдістемелік) негіздей алу іскерлігі;
- Жеке авторлық білім беру жобаларын жасау қабілеті;
- Кәсіби мінез-құлық мәдениеті, өзін-өзі дамыту әдістерін, өз қызметін ретке келтіру тәсілдерін меңгеру.

Зерттеушілер педагогикалық мәдениеттің құрылымдық бөліктеріне мыналарды жатқызады:

Аксиологиялық компонент, педагогикалық еңбек құндылықтарын (педагогикалық-психологиялық білім, ақыл-ой еңбегінің мәдениеті, дүниеге көзқарас, құқықтық мәдениет, педагогикалық такт т.б.) қабылдау мен меңгеру;

Технологиялық компонент, білім беру үрдісіне қатысушылар арасындағы іс-әрекеттің сипатын, әдістері мен тәсілдерін, қарым-қатынас мәдениетін, педагогикалық құрал-жабдықтарды, педагогикалық техника мен ақпараттық және білім беру технологияларын қолдану. Бұл педагогикалық іс-әрекеттің сәттілігінің және ықтимал қателіктердің алдын алудың кепілі ретінде жеке педагогикалық қабілеттердің барлық спектрін дамыту қажеттілігін түсіну, сонымен қатар осы қабілеттерді дамытудың ең ұтымды әдістерінің қажеттілігін саналы түрде дамыту.

Эвристикалық компонент - педагогикалық қызметтің мәні мен мақсатын білу, оларды балалардың табиғи мүмкіндіктерін шығармашылық тұрғыдан жүзеге асырумен байланыстыру; мұғалімнің басқалардың позициясымен байланыстыратын педагогикалық ұстанымы; өзінің педагогикалық және функционалды педагогикалық міндеттерін тұжырымдап, шығармашылықпен шеше білу; тұтас білім беру бағдарламасын құра білу; оқушылардың жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін көре білу; эвристикалық қызметтің нысандары мен әдістеріне ие болу; оқушылардың рефлексия мен өзін-өзі бағалаудың қол жетімді формаларын қолдануды қамтиды.

Педагогикалық тактінің ерекшелігі қарым-қатынас болғандықтан мұғалімге түрлі мәселелерді, қиын жағдайларды шешуге тура келеді, шешуде қателіктерге жол бермес үшін такт оны қорғайды. Педагогикалық тактінің ерекшелігі мұғалімнің қарым-қатынас барысында мына аспектілерді сақтауды талап етеді:

оқушылардың өмірлік тәжірибелері аз болғандықтан, олар мұғалімнің сөзі мен ісін дұрыс түсінбей жатса, мұғалімге эмпатия керек, сол арқылы ғана ол оқушылардың жан дүниесін түсіне алады;

педагог өзінің қарым-қатынас ортасы «мұғалім-оқушы» ғана емес «мұғалім-әкімшілік», «мұғалім – мұғалім», «мұғалім-ата-аналар» болуын ұмытпауы тиіс. Ол мұғалімнің сыпайылығын, құрметін, ұстамдылығының көрініс беруін қарастырады.

педагогикалық мақсатты қарым-қатынас тек өзара құрмет жағдайында ғана құрылатынын мұғалім есінде ұстауы қажет.

оқушылармен сәтті қарым-қатынасты орнату үшін мұғалім өзін, өзінің жеке-психологиялық қасиеттерін, темпераментін бағалай алуы керек.

Қарым-қатынас көбінесе мұғалімнің оқушылардың алдында өзін қалай ұстайтынына байланысты болады. Тактіні ұстанатын педагог орын алған жағдаятты тез және қателіксіз шешеді, қандай да бір оқушының қарым-қатынасқа түсудегі қиналысын жазбай таниды, сол арқылы оқушыға ықпал етуде қажетті сөзді, дауыс екінін қалыпты ете отырып, оқушыны ыңғайсыз жағдайға қалдырмастан дұрыс шешімін табады. Педагогтың қарым-қатынас стилі педагогикалық тактінің көрінуі деп санауға болады. Авторитарлық стильде мұғалім ұжым ішіндегі әрекеттің барлығын өз қолына алады, нәтижесінде оқушылар педагогтан психологиялық қолдауды іздемейді, ұжымда сенім орын алмай, қоғамдық пікір жайлы екі жақты пікір қалыптасады. Либеральды стильде мұғалім шешім қабылдауда қиналады, көп нәрсеге немқұрайлы қарайды, талап қоймайды, оның нәтижесінде ұжымда бір-біріне жағымсыз бағыттағы шағын топшалар пайда болады, ұйымшылық жоғалады.

Демократиялық стильде мұғалім оқушылармен ашық қарым-қатынас жасайды. Нәтижесінде оқушылардың өзіне, өзінің мүмкіндігіне деген сенімі, дұрыс адамгершілік бағдары жақсы психологиялық климат қалыптасады. Педагогикалық тактінің талаптарына сай мұғалім оқушылармен байланыста өзіне қарым-қатынастың демократиялық басқару стилін алып, олармен шынайы қарым-қатынас мәдениетіне қол жеткізуі тиіс. Мұғалімнің қарым-қатынас стильдерімен педагогикалық этика, педагогикалық такт байланысты.

Сонымен, педагогикалық такт педагогикалық мәдениетпен бірге қалыптасады және нақты педагогикалық қызметте көрініс береді. Ол педагогтың өз ісінің шебері екендігін көрсетеді. Мұғалім өзіне ғана тән педагогикалық тактіні өзіне қалыптастырып және сонымен жұмыс жасай білуі қажет. Өзін жетілдіру сияқты педагогикалық тактіде де шек жоқ.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Педагогтың кәсіби стандарты. <http://g.engime.org/pedagogti-kesibi-standarti-jalpi-erejeler.html?page=38>
2. Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы заңы.№ 293-VI ҚРЗ. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>
3. Подласый И. П. Педагогика: в 3 к-х кн., кн.1: Общие основы.: учебник для студентов вузов, обучающихся по направлениям подгот.и специальностями в обл. «Образование и педагогика». 2-е изд., испр. и доп. — Москва: Владос, 2007. — 527 с.
4. Профессиональное образование: Словарь. Ключевые понятия, термины, актуальная лексика. / С.М. Вишнякова. - М.: НМЦ СПО. 1999.- 538 с.
5. Педагогика/ Л.П.Крившенко, М.Е.Вайндорф-Сысоева и др.; Под ред. Л.П.Крившенко. - М.: ТК Велби, Изд-во Проспект, 2004.- 432 с.
6. Кукушин В.С. Введение в педагогическую деятельность: изд-е 2-е исправ. И доп. – М.: ИКЦ МарТ; Ростов-на-Дону: МарТ, 2005. – 256с.
7. Писарев В.Е. Теория педагогики / В.Е. Писарев, Т.Е. Писарева/ – Воронеж: Издательство «Кварт», 2009. – 612 с.
8. Зеер Э.Ф. Личностно-ориентированное профессиональное образование / Э.Ф. Зеер. – Екатеринбург: Изд-во Урал. Гос. Проф.-пед. ун-та, 1998. – 126с.
9. Зимняя И.А. Педагогическая психология: учеб. для вузов / И.А. Зимняя. – М.: Логос, 2003. – 384с.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАННЫҢ ОҚУ-АҒАРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ОЙ ТОЛҒАМДАРЫ

*Карипбаева Ш. Т., педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
Қазақстан Республикасы, Семей қ., Alikhan Bokeikhan University*

Еліміздің тәуелсіздік алып, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болуы ұлттық құндылықтарымызды және ұлттық мәдениетімізді өскелең ұрпаққа танытуға жағдай туғызды. Әлемдік білім кеңістігінен сүбелі орын иелену үшін бүгінгі және болашақ жастарға әдебиетіміз бен мәдениетіміздің кезінде жабулы қалған ақтаңдақ беттерін ашып беру міндеті тұр. Өркениеті дамыған елу елдің қатарынан көрінудің бір өлшемі ретінде қаралатын білім беру жүйесінің жаңа технологиялармен жарақтануы рухани жан дүниесі бай, жан–жақты дамыған білімді жеке тұлғаны тәрбиелеумен сабақтас.

Қазіргі кезде ұлттық өнердің және мәдениеттің, ұлттық әдебиеттің тарихы мен оның әрбір көрнекті өкілінің мұрасына зор жауаптылықпен қарау, шынайы дұрыс бағасын беру – келешектің игілігіне бағытталған жұмыс болуы тиіс.

Бөкейханов Әлихан Нұрмұхамедұлы (1870-1937) - көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ғұлама ғалым, ұлт азаттық қозғалысының теориялық негізін салушы әрі көсемі, қазақтың тұңғыш саяси партиясын ұйымдастырушы және Алашорда үкіметінің төрағасы. Еліміздің тәуелсіздігі қоғамдық, әлеуметтік, мәдени және рухани санамызға жаңашыл

ізденістер мен түбегейлі өзгерістер әкелді. Арғы-бергі тарихты танып-таразылауға, танымал тұлғалардың кезеңі мен қызметін, өмірі мен шығармашылық мұра-мирастарын зерттеп-зерделеуге жаңа мүмкіндіктер ашылды. Ол практикалық әдістің лабораториялық әдіске жақын екендігін дәлелдейді. Оның ойынша, практикалық әдіс мұғалімнің басшылығымен сабақты бекіту кезеңінде қолданылады [1].

Әлихан Бөкейхан оқушының қажетті білім алуы мұғалімнің шеберлігіне байланысты екендігін айтады. Ол былай деп жазады: «Баланы баулыған оқытушы ісіне шебер болса, өзі де, балаларды табиғатты әліп-бидей оқып, аты бәйгеден келіп, бүркіті түлкі алып қызыққа батады да, қуанады. Бала оқуға күйі түскен қаршығадай, түлеп ұшады».

Автор ең қажетті лаборатория ол қоршаған ортаны, табиғатты көзбен көру деп есептейді. Лабораториялық әдісті оқушылар табиғат құбылыстарын ұзақ бақылау арқылы іске асырады. Ғалым-педагог оқыту мазмұнын ұлттық психологиямен байланыстыруға ерекше мән берген. Ол оқушыларға өздерінің өмірлерімен, күнделікті тыныс-тіршілігімен байланысты соған қажетті материалдар беріп отырған.

Әлихан Бөкейханның бүкіл саналы қызметі ұлттық жаңару мен жаңғыруға қуатты серпін берді. Алаштың жаңа тұрпаттағы мемлекетшіл элитасын қалыптастырған санаткер кейінгі толқын алдындағы парызына сарабалдықпен келді. «Алда әлі күнді көре білетін ұрпақ келеді!» деп, текті де кекті өскіннің түптің түбінде тәуелсіздік жолындағы кемел істі жалғастырады әрі баянды етеріне нық сенімде болды. «Жолдастарыма жұрт хәм Отан игілігіне еткен жұмыстарына өнім, береке берсін деп тілеймін. Қайда жүрсем де бар күшімді Отанның бағы хәм еркі жолында сарп етпекпін» деген азаматтық ұстанымын өнегелі ісімен дәлелдеп, ұлтқа қызмет ету ұлағатына ақтық демі таусылғанша адалдық танытты. Қайраткер ең бірінші кезекте «бойында ата қаны суымаған» (Қошқе Кемеңгерұлы) ұрпақты коммунистік идеология аранына жұтылып кетуден сақтандырып, рух тазалығын қастерлеуді аманаттады. Дінше Әділұлына жазғанындай, «не балаларға сабақ беріп, не журналға, газетке мақала жазып Алашқа қызмет қылмасақ, не қазақ тілінде кітап жазбасақ, өзге жол бізге бөгеулі ғой!». Міне, «ақылға, жан жүрекке кісен салған» (Мағжан Жұмабайұлы) тоталитарлық жүйе қысымына алынып, кеңестік цензураның жіті бақылауында болған Әлихан Бөкейхан ғаламдық ой-сана биігіндегі энциклопедиялық білімін ел игілігіне жаратып, өмір талқысында жинақтаған тәжірибесімен бөлісуді перзенттік борышы санады. Жас ұрпақтың санасына Алаш идеясын сіңіру мұратындағы табанды да қажырлы қадамдарынан бір табан шегініс жасағаны жоқ. Қазақ топырағындағы іргелі ғылым салаларының орнығуына еңбек еткен санаткердің бұл бағыттағы игі істері, біріншіден, «Алаш» партиясы бағдарламасы жобасындағы «Ғылым-білім үйрету» әрі Жалпы қазақ құрылтайының (сиезінің) оқу мәселесіне қатысты қаулысындағы 1. Ұлт мектептеріне программа жасау. 2. Мұғалімдер қалай оқыту тәртіптерін үйрететін жолбасшы кітаптар жазу. 3. Тәрбие жайынан кітаптар жазу. 4. Бүкіл қазақ-қырғызға оқу ісін қалай жүргізу туралы жоба шығару. 5. «Қазақ» емлесін тексеріп, түзету. 6. Қазақ-қырғыз тіліне пайдалы кітаптарды тәржімә ету» сипатындағы күн тәртібіне өткір қойылған мәселелердің оңтайлы шешім табуына ұйытқы болу мұратынан туындады. Екіншіден, 1921 жылдың бас кезінде Ташкентте құрылып, 1922 жылдың күзінен Халел Досмұхамедұлы төрағалық еткен Қазақ білім комиссиясы ұйымының ұлттық мектептерді ғылыми және көркем әдебиеттермен қамтамасыз ету жұмысын жандандыруға бағытталды [2].

Әлихан Халелдің халық мұрасын жинауға қатысты ұсыныстарын қолдап, «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу» жырының (В.Радлов жазып алған нұсқасы) алғысөзін, ғылыми түсініктерін жазып, өңдеп баспаға ұсынды (КСРО Халықтарының кіндік баспасы, 1924. Мәскеу). Ахмет Байтұрсынұлымен бірге «Жиырма үш жоқтауды» (КСРО Халықтарының кіндік баспасы (ЦИН СССР), 1926. Мәскеу) жарыққа шығарды. «Қозы-Көрпеш-Баян» - біздің түрік баласының сүйген ертегісінен. Норманға «Фауст» қандай қымбат болса, түрік баласына «Қозы-Көрпеш-Баян» сондай» деген эстетикалық таным биігінен бағалады. Әубәкір (Әбәбәкір) Диваев жиған «Бекет батыр», «Мырза Едіге» кітаптарына жазған рецензияларында (сын мақалаларында) аталған жырларды мектепте оқытудың әдеби-тарихи

сипаттағы маңызына баса назар аударды. Әлихан Бөкейхан Мәскеу, Ташкент, Орынбор, Қызылорда қалаларында жарық көрген «Темірқазық» (1923), «Сәуле» (1923-1924), «Жас қайрат» (1923-1924), «Жас қазақ» (1923-1924), «Қызыл Қазақстан» (1921-1929, қазіргі «Ақиқат»), «Әйел теңдігі» (1925-1934, қазіргі «Қазақстан әйелдері»), «Шолпан» (1922), «Сана» (1923-1924), «Жаңа мектеп» (1925-1933, қазіргі «Қазақстан мектебі») журналдары, «Ақ жол», «Теңдік», «Кедей теңдігі», «Қосшы» газеттеріндегі оқу-ағарту саласы мен қазақ мектептерінің жай-күйі, мұғалім білімін жетілдіру мен оқыту әдіснамасы, шет елдерде білім алып жүрген шәкірттерге жәрдемдесу, жергілікті биліктің халық ағарту ісіндегі жауапкершілігіне қатысты мақалалары, көркем және ғылыми аудармаларымен қазақ халқын рухани кемелділік биігіне жетеледі.

Орта мектеп мен жоғары оқу орындарына арналған педагогикалық және ғылыми-әдіснамалық журналдарды жарыққа шығаруды қолға алған қыр перзенті зайырлы білім беру талаптарын өткір көтеріп, өркениет өріне ұмтылатын елшіл жастар ой-өрісінің арынды болуын көздеді. Олардан өмір тәжірибесін оқыту үдерісінің практикалық мәселелерімен байланыста зерделеген ерекше бітімдегі білікті әдіскер маман Әлиханның жаңашыл тұрпаттағы ұстаздық ұлағатын танимыз.

Алаш қайраткері: «Біздің қазаққа қазіргі кезде баласын оқытатын мектеп, жерін гүлдететін су, елге қызмет қылатын Боргенсен мен Миллер сықылды жігіт, май алатын, жүн жуатын, тері илейтін, ет сататын, мал өсіретін, егін салатын кәператип керек», деп ұтқыр уақыттың талабымен толықтай үйлесетін кәсіби біліктілікті мамандар дайындауды қазақ қоғамының түйінді мәселесі деп білді. Мектеп мұғалімдерінің шәкірт тәрбиелеуге жауапкершілікпен қарап, оқушыларды кәсіби шеберлікке баулудың ел өркендеуіндегі маңызына айрықша ден қойды. «Ала арқанға шандыған сынық арба қазақ елінің мәңгі-бақи еншісіне тиген жоқ. Қазақ шаруасы да өркендемек. Әйтпесе, қазақ еліне кеңес өкіметінің орнағаны өтірік» деген толғанысымен қазақ шаруасының шаруашылық тізгінін нық ұстауына, «шабандылықтан» (Әлиханның қалың елі қазағына тағатын көп кінәсінің бірі) арылып, заман талабына бейімделуіне ой салды. Қазақ қоғамындағы дәстүрлі мал шаруашылығын әлем елдерінің озық үлгісімен дамытудың маңызына жаңа билік назарын аудартып, сөз бен нақты істің үйлесімде болуын ескертті. Мектеп мұғалімдері мен жоғары сынып оқытушыларына арналған «Жаңа мектепті» неге шығару керек болды?» мақаласында «қазақша жаңадан жазылған кітаптар, қазақша оқыту, айналадағы жағдайға қол артып оқыту – еңбек мектебі, баулу мектебі. Жаңа програм» екенін зерделеп, журнал «мақсұты қысыр пәлсапа сату емес, қисын жырларын жырлау емес, қазақ мектебіне араласу, қазақ оқытушысының мектептегі күнбе-күндік жұмысына жәрдемші болу, оқытушылармен пікір алмастырып, жүкті «әуп-әуп» деп күш қосып бірге тарту» болатынын ұғындырды. Осынау кемел де келелі істерде мұғалімдерге қолдау білдіріп, жәрдемші болуды перзенттік парызы санады. Терең энциклопедиялық білім иесі Әлихан жаһандық білім саласында қалыптасқан кейбір дәстүрлі оқыту әдіс-тәсілдеріне сын көзімен қарап, ұлттық дүниетанымға үйлесе бермейтін педагогикалық пайымдардың қисынсыздығына өз уәжін айтып отырды. Сан ғасырлық рухани құндылықтар тұрпайы социологизм тезіне алынып, пролеткультшілдікпен таза мансұқталып жатқан бассыздықты тежеу мақсатында адамзаттық гуманизм биігіндегі өміршең тәжірибелерге иек арту ғана қоғамдық ілгерілеуге жол ашып отыратынын парасат биігінен зерделеді [3]. Бұл ретте «ғұмыр сыны мен тіршілік тезінен оқшау жатқан түпнегізі дүдәмәл тәжірибесіз білімде негіз де, бет те жоқ, білім анасы – тәжірибе» деген Бөкейханның «Серуен жасап зерттеу әдісі» мақаласы қазақ педагогикасының тарихында оқшау тұратын өзгеше бітімдегі ой-толғам тұрғысынан құнды. XX ғасыр басындағы қазақтың мемлекетшіл тұлғаларын қалыптастырған Әлихан Бөкейхан елдік істерге ұйытқы болып, қоғам ісін атқарар жаңа тұрпаттағы зиялы қауымның кісілік кейпі, азаматтық болмысы қандай болу керек деген өміршең мәселеге жауап іздеді. «...Қорқамын: жалпы жұрттың қараңғылығынан, «басшы боламын» деп тонын айналдырып киіп, жұрт тілегін өзінің соқыр тиынына айырбастағаннан!» деп әлеуметті өрге жетелер ел азаматтарының ар-ұждан тазалығын, қоғамға адал қызмет ету парызын ұғындырды. Коммунистік билікке тән әміршіл-әкімшіл

жүйенің шындықты бұрмалап, ақиқаттан алшақтауын нақты мысалдармен дәйектеп берді. Мысалы, «Қазақтың саны көп пе, аз ба? Бұл екінші мәселе. Тынышбайұлының, жолдас Сириустың, Есеп мекемесінің құшақтап отырған сипырлары (цифрлары) өтірік» екенін сын тезіне салғанында, 1926 жылы Кеңестер Одағында жүргізілетін кезекті санаққа жауапкершілікпен келу қажеттілігіне нақты ұсыныстарын білдірді. Иә, Алаш көсемі Әлихан Бөкейханды Қазан төңкерісінен кейін орын алған аштық алапаты, өртеңге өскен ұрпақтың тұрлаулы тағдыры бей-жай қалдырмады. Қазақ даласын жайлаған аштықтан қандастарын құтқару ісіне ұйытқы болып, Алаш мұратындағы сенімді ізбасар серіктерін жұмылдырған қайраткер Семей губерниясы аштарға жәрдем қылу комитеті «Семей губернесінің үйездеріне бөліп 20 шақты қазақтың азаматтарын жіберді. Олардың көбінесе жинағандары аяқты малдар. Бұл малдарды осы тірі күйінше ашыққандарға жіберу үшін Ақмола һәм Қостанай губернелерінің жәрдемдес болып көмек көрсетулері қажет. Сондықтан ол жаққа екі кісі жіберіп отырмыз. Олар біздің аяқты малдан берген жәрдемдерімізді ешкімнің қатысына қарамай-ақ бөліп береді. Һәм Семейден жиналған малдарды ашыққандарға аман жеткізіп беруге де олар көз болатынын» жеткізді. «Ауылдағы панасыз балаларды қорғау - міндетіміз» атты мақаласымен 1914-1923 жылдардағы қилы кезең шындығына ақиқат сәулесін түсіріп, тоталитарлық жүйенің қылмысын әшкереледі. Кеңес қоғамының көкейкесті мәселелерін өткір көтеріп, айдай анық шындықты тұмшалап жасыруға болмайтынын ұғындырды. «...Ел ішін апат ауыр қаптады, ашаршылық кірді; ел шыбындай қырыла бастады... осындай сұрапыл мезгілдерде оқу тәрбие жұмысы жесір қалды. Жетім-жесір байсыздар көбейді. Ашаршылықтан кейін қазақ ауылында катөлек (котелек – ыдыс, құты) арқалаған жетім бала толып кетті. Мұндай балалар орыс қалаларында да көбейді» [4].

Әлихан, біріншіден, Қазақстанда есепке алынған панасыз балалардың саны 180.000 мың болатынын, алайда ол санатқа енгізілмей, есебі алынбай қалғандары да бар екенін; екіншіден, ата-ана мейірін, отбасы шуағын көрмей өскен көңілі қаяу, қаны қара жеткіншектердің психологиясындағы ауытқулардың қоғам үшін қаншалықты қауіпті екенін ескертеді. Осындай қиямпұрыстар орын алған қатыбас қоғам шылауында үйсіз-күйсіз көше кезген аш-жалаңаш, қарасирақ панасыздарды қамқорлықтан айырып, тәлім-тәрбие беруге немқұрайлы қарауға болмайтынына большевиктер билігінің назарын аудартты. Оның ішінде қазақ ұстаздарына жүктеліп отырған зілдей ауыртпалықты парасат пайымына салып, «панасыз балалардың ауылындағы қамқоры – оқытатын ұстазы, оқытушылары... ауылдағы балаларымызды қорғау – зор міндетіміз» екенін ұғындырып, оларға қорған болудағы қоғам жауапкершілігіне, мұғалім мейіріне сенім артады. Міне, қаймана елінің осынау қилы тағдырына күйінген қайраткер бұрын-соңғы болмаған саяси катаклизмдерді басынан өткеріп жатқан халқына дем беріп, әрбір саналы азамат атқаратын келелі істердің бағыт-бағдарын нұсқады, одан шығудың тағылымды жолдарын көрсетті. «Тозған егістікке жоңышқа салсаң, бидай жақсы өседі» мақаласында «Мал бақ, егін сал, әдіс қыл, амал қыл, шебер бол, мерген бол, еңбекке, білімге жалын. Еңбекке, білімге жалынған еуропалықтар - міне, бес жүз жыл болады – жұт, аштық жоқ... Қазақ кедейі, сен қашан осы жолға түсе аласың?» деп, аштықтың қанды шеңгелінен аман-есен шыққан елдердің өмір тағылымын алға тартты.

Ұлтын бейқамдықтан арылуға шақырып, тары салып, оны қауға тартып суарған Қарқаралы оязы Шұбартау елінің игілікті істерін үлгі етіп ұсынды. Өзенге тоған қазып, егін салған елдің кәператив (кооператив) болып іс қылып отырғанын айтқанда, «егін салатын жабдық, жақсы тұқым беріп, инженер жіберіп тоғанын түзетіп, жоңышқа салатын жолды көрсетіп жіберетін Наркомземнің жер бөлімі болу керектігін» үнемі пысықтап отыруы, әсіре науқаншыл большевиктік саяси сойқандардың кезекті ылаңынан халқын сақтандыруы болатын.

Алаш көсемі Қазақстан билігінің саяси ағысынан күштеп шеттетілгенімен, қазақ шаруашылығын қолға алу, шаруашылықты (кооперация) дамыту, шикізаттан дайын өнім мен бұйым алудың нақтылы жолдарын бағамдау, ұлт мамандарын дайындау сынды өміршең мәселелердің бағыт-бағдары мен жай-күйін назардан тыс қалдырған емес. Кооператив мектептерін ашудың ұлт өміріндегі маңызын бағамдап, қыр тіршілігіне қан жүргізетін

осынау істердегі ұстаздар қауымының абыройлы міндеттерін ой талқысына салды. Кооперация жайын толық түсіну үшін Смағұл Садуақасұлының қазақ тілінде жазылған «Кооперация мен қазақ шаруасы», «Салмақбай ауылында кооперация қалайша ашылды», «Қарыз серіктігі, оның қара шаруаға пайдасы» кітаптарын оқу керектігін айтты. Отаршылдық дәуірден бері шикізат орталығы болып келген қазыналы жер қойнауындағы байлықты қазақ игілігіне жаратып, өңдеу зауыттарын ашу туралы ұсыныстары бүгіндері де өзінің өзектілігін жойған жоқ. «Исторические судьбы киргизского края и культурные его успехи» атты іргелі зерттеуімен ұлы даланың мың жылдық жылнамасын зерделеп, азаттық үшін арпалысып өткен Кенесары Қасымұлы көтерілісінің ұлт-азаттық сипатына алғаш тарихи баға берген Әлихан қазақ тарихын оқыту мәселесіне де ұлттанудың күретамыры тұрғысынан келді. «Тарих керек» мақаласында («Қызыл Қазақстан», № 10, 1922) «Афтономиялы республика болып, қағазға жазған тарихы болмаса, қазақ халқы басы бақыр қазандай ергежейлі болады. Мұны еске алып, аңды, қазақ азаматы! Көбінесе оқу білім камиссариаты қазақ халқының тарихын түзуге кірісу керек» деп рухани кемелділіктің өзегі ұлт тарихын оқытуда жатқанын шегелеп көрсетті. «Тарих – елдің айнасы, тарихтан ел өткен уақыттағы мінін көреді. Айна жоқ болса, адам бет-аузын көре алмайды. Тарих жоқ болса – ел өткен күнін һәм мінін көре алмайды. Мінін көре алмаған соң, өмірін ондай алмайды. Ондамаған соң мәжнүн болып, құдыққа құлайды», «Тарих болса ел өсіп өнеді. Тарих болмаса, ел жоғалады. Бұл – хақ нәрсе» деген толғанысымен ұлт жасампаздығы ата тарихынан бастау алатынын ұрпақ санасына сіңірді. Ол, түптеп келгенде, бөлшебектер өкіметін қабылдамаған Алаш көсемінің кеңестік ұлтсыздандыру саясатына деген рух қарсылығы болатын.

Әлихан француз жұлдызшысы Камиль Фламарионның «Астрономия әліп-биі» (1924), Т.Тутковскийдің «Жердің қысқаша тарихы» (1926) Д.Гравенің «Дүниенің құрылысы» (1926) ғылыми еңбектерін қазақшалап басып шығарды. Сонымен қатар қазақ тіліне аударылған ғылыми кітаптарға сын пікір жазып отырды. Мәселен, А.Байтасұлының Ю.Вагнерден аударған кітабына («Еңбекші қазақ». 1925.08.05), М.Әуезұлының ғылыми аудармасына қатысты «Жердің жаратылысы жайында әңгімелер» («Еңбекші қазақ». 1925.28.02), Ешмағамбетұлының М.Томскийден жасаған аудармасына («Еңбекші қазақ». 1925.14.05), М.Жұмабайұлының «Сауатты бол!» кітаптарының («Жаңа мектеп».1926.№5) басты жетістіктерімен қатар негізгі кемшіліктеріне әділ сын көзқарасын білдірді. Әлихан «жаңа дәуірдің жаңа қалам қаһармандары шығулы, жаңа салт-сананың жырын жырлайтын жаңа кітаптар жазулы, мектептер бүтіндей жаңарулы» екенін айтқанда, таптық танымға шырмалып қалмай, ұлттық және адамзаттық ой-өріс биігінде болуға шақырды, әсіре тапшылдыққа сын көзімен қарады. Мәселен, «Ана мен бала» кітабына (Мананикин, М.Шомбалұлы, Аққағаз Досжанқызы, Ермек келіні Рақия, Сара Есқызы) жазған сынында «Саулық комиссариаты «кедейге кітап жазып бастық» деп көкірегін соғар. Ол соқырлық. Кітабың таптікі емес, елдікі» деп ескертті. Қорыта айтқанда, Мәскеуден аттап шыға алмай ұйқамағында отырған 1922-1937 жылдары Әлихан Қазақ елін адамзат өркениетінің төріне шығаруды мақсат еткен «Алаш» бағдарламасындағы жаппай оқу-ағарту ісін енді кеңес өкіметі дәуірінде тиянақты жүзеге асыруға басшылық етуімен қатар, оған өзінің қомақты үлесін де қоса білді. Қазақ халқының рухани кемелденуіне қажетті келелі мәселелерді шешудің практикалық жолдарын нұсқады [5].

XX ғасыр басында алмасқан қоғамдық құрылыстар мен жіктелеген екі дәуірдің шекарасында өмір сүріп, сол бір аласапыран заманның шындығын әдебиет тілінде үлкен суреткерлікпен бейнелеген қаламгердің бірі – Әлихан Бөкейхан. Ол қазақ халқының отаршылдық пен ішкі ауқатты топтың екі жақты езгісіне қарсы тәуелсіздік үшін күрес идеясымен сусындап, әдеби шығармашылығының төңкеріс тұсында бастады да, оны 20-жылдары айрықша дамытып жетілдірді. Ақын, драматург, прозашы, публицист, сыншы, аудармашы Әлихан Бөкейхан бұл кезде әдебиеттің көптеген жанрларында өнімді жұмыс істей жүріп, осы жанрлардың ұлттық әдебиетімізде орнығуына, шеберлік жағынан жетілуіне

аса зор еңбек сіңірді. Қоғамдық дамудың бағыт-бағдары мен заманның қайшылықты сипаты жайлы кең толғанып жазды.

Қорыта келе, Әлихан Бөкейханның артында бірталай ғылыми мұра да қалды. Қазақтың демократтық – ағартушылық әдебиеті, орыстың және дүние жүзі әдебиетінің озық үлгілерінен сусындаған Әлихан Бөкейхан бүкіл шығармашылық өмірінде әдебиет арқылы адамдық, адамгершілік және туыстық идеяларын уағыздады. Отаршылдық пен үстем таптың екі жақты қанауында езіліп келген туған халқын оқу, өнер, білім жолына үгіттеді.

Әлихан Бөкейханның өмірі мен шығармашылығы аяқталғанымен, оның шығармашылығын қазіргі қоғаммен байланыстырып жан – жақты талдау өскелең ұрпақтың басты міндетіне айналмақ.

Әдебиеттер:

1. Қойгелдиев «Ә. Бөкейханов» А., 1994 ж.
2. Бөкейхан Ә. Шығармаларының толық жинағы [Мәтін]: мақалалар: жазбалар: баяндамалар: үндеулер: ғылыми зерттеулер: әдеби аудармалар: хаттар(ашық хаттар): жеделхаттар (телеграммалар) : 1915-1917. VI том. – Астана: Сарыарқа, 2013. – 520 б.
3. Әшкеев Н. «Ә.Бөкейхановтың ұлттық мемлекет құрудағы ұстанған негізгі принциптері» // Ақиқат, 2002, №3, 50-55 б.
4. М. Қойгелдиев «Ә. Бөкейханов шығармалары» А., 1994.
5. Төлебаев «Алаш партиясы» II Егемен Қазақстан 2001 ж. 7 Желтоқсан.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

*Султанова Н. К., п.ғ.к., доцент; Крымбай Б. С. п.ғ.магистрі
Қазақстан Республикасы, Семей қ.*

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі тұрақты өзгеріп тұрған әлемде табысты бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдайлар жасайды. Жетекші ғалымдар мен практиктер жүргізген көптеген психологиялық-педагогикалық зерттеулер нақты мектепке дейінгі жасты зияткерлік, тұлғалық әлеуметтік және эмоционалдық дамуын стратегиясымен үздіксіз байланысты екендігін және мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылатындығын ескере отырып, Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңғырту, дамыту ісіне ерекше көңіл бөлді. Осыған орай ҚР-ның мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты бар, бұл стандарттың негізгі міндетіне тоқталатын болсақ [1]:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын айқындайды;

2) оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне, заттық-кеңістіктік дамытушы ортаның мазмұнына, тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне, мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін ұйымдастыруға қойылатын талаптарды белгілейді.

Және де стандарт бірнеше бөлімдерден тұрады, соның ішінде ерекше атап өтетіні "тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар" деген бөлімде әрбір баланың жетістіктерінің психологиялық-педагогикалық диагностикасы негізінде ұйымдастырылған оқу қызметі мен режимдік процестер арқылы іске асырылатын білім беру салалары бойынша күтілетін нәтижелер көрсетілген.

1) күтілетін нәтижелер түріндегі мақсаттар жүйесіне жету есебінен мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының сапасын арттыруға;

2) ұлттық дәстүрлерге, сондай-ақ жалпы адамзаттық қағидалар мен нормаларға негізделген рухани-адамгершілік және мәдени-әлеуметтік құндылықтарды қалыптастыруға;

3) тәрбиелеу, дамыту және оқытудың мақсат-міндеттерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптардың, мектепке дейінгі және

бастауыш білім беру деңгейлерінің арасындағы жүйелілік, тұтастық, сабақтастық және үздіксіздік қағидаттарының бірлігін қамтамасыз етуге;

4) балалардың, соның ішінде ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуды қамтамасыз ететін психологиялық-педагогикалық жағдайларды жасауға;

5) мектеп жасына дейінгі балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, ойын қызметінен оқу қызметіне біртіндеп өтуге дайындыққа;

6) жеке тәсілдер негізінде балалардың түрлі іс-әрекеттерінде олардың қабілеттерін, бейімділіктерін, талаптары мен дарындылықтарын дамытуға;

7) мектеп жасына дейінгі балалардың бастауыш мектепте оқуына тең мүмкіндік беруді көздейтін қарапайым қимыл-қозғалыс, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық білім, білік және дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

9. Әрбір жас тобы бойынша дағдыларды меңгеру деңгейі осы стандартқа қосымшаға сәйкес 1, 2, 3, 4, 5-кестелерде келтірілген.

10. Баланың қалыптасқан дағдылары:

1) дене бітімі дамыған;

2) білуге құмар;

3) белсенді;

4) эмоциялық елгезек;

5) үлкендермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасау құралдары мен өзара іс-қимыл тәсілдерін меңгерген;

6) өзі, отбасы, қоғам (жақын әлеумет), мемлекет (елі), әлем және табиғат жөнінде алғашқы түсініктері бар;

7) мектепте оқуға қажетті біліктер мен дағдыларды игерген мектепке дейінгі ұйым түлегінің моделін сомдайды.

"Білім беру мазмұнына қойылатын талаптар" деген бөлімде мектепке дейінгі білім берудің мақсаты, жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игерудің нормативтік мерзімдері, типіне, түріне және меншік нысанына, сондай-ақ оқыту тіліне қарамастан мектепке дейінгі ұйымдарда және жалпы білім беретін мектептердің мектепалды сыныптарында балалардың міндетті түрде меңгеруі тиіс мазмұнның көлемі көрсетілген. **Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:** Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты осы жас кезеңінде тұлғаның қалыптасуы үшін қажетті алғашқы білім, білік және дағдыларды қалыптастыру болып табылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту:

1) балаға өмір бойы қажетті жеке қасиеттерін қалыптастыру үшін негіз болып табылатын жалпы адамзаттық құндылықтарға баулуға;

2) халықтық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға, әдебиет пен өнерге, фольклор мен еліміздің мәдени мұрасына негізделген білім беру мазмұнын іске асыруға;

3) ерекше қажеттіліктері бар балаларға инклюзивті білім беру үшін жағдайлар жасауға;

4) мектепке дейінгі тәрбие және оқытумен қамтылған және қамтылмаған балаларды дамыту мәселелерінде ата-аналардың біліктілігін арттыру, оларды психологиялық-педагогикалық консультациялық қолдаумен қамтамасыз етуге бағытталған.

13. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны әртүрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы кіріктіру жолдарымен іске асырылатын: "Денсаулық", "Коммуникация", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеуметтік орта" бес білім беру саласына негізделген.

14. "Денсаулық" білім беру саласы.

Мақсаты: өз денсаулығына саналы қарауды дамыту, денсаулықтың адамға табиғаттың берген басты құндылығы екенін түсінуге тәрбиелеу, қимыл белсенділігін дамыту және дене бітімі қасиеттерін қалыптастыру.

"Денсаулық" білім беру саласы дене бітімі қасиеттерін дамытуды; негізгі қимыл түрлерін жетілдіруді; қимыл дағдыларын қалыптастыруды; қимыл ойындарының түрлерін ұйымдастыруды және өткізуді; спорттық жаттығуларды орындауды (шанамен, шаңғымен

сырғанау, велосипед тебу, жүзу); спорттық ойындардың (футбол, баскетбол, бадминтон және басқалар) элементтерімен танысуды қамтиды.

"Денсаулық" білім беру саласының мазмұны баланың денсаулығын сақтауға және нығайтуға; тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға және балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибесін негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы байытуға; шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін пайдалана отырып, тәрбиеленушілердің қимыл белсенділігіне сұраныстарын жетілдіруге бағытталған.

"Денсаулық" білім беру саласындағы ұйымдастырылған оқу қызметі:

- 1) дене шынықтыру;
- 2) қауіпсіз мінез-құлық негіздері.

15. "Коммуникация" білім беру саласы.

Мақсаты: айналадағы адамдармен араласуға қабілетті, көптілді тұлғаны тәрбиелеу үшін баланың қажетті коммуникативтік дағдыларын дамыту.

"Коммуникация" білім беру саласы балалар әрекетінің әртүрлі нысандары мен түрлерінде ауызша және байланыстырып сөйлеуді, шығармашылық сөйлеу әрекетін дамытуды; тілдің дыбыстық мәдениетін тәрбиелеуді; белсенді сөздікті байытуды, тілдің грамматикалық жағын қалыптастыруды, балалар әдебиетімен таныстықты дамытуды, мәнерлеп оқуды және мазмұндауды; мемлекеттік, орыс, ағылшын және басқа тілдерді дамытуды қамтиды.

"Коммуникация" білім беру саласының мазмұны ересектермен және балалармен еркін араласу дағдыларын дамытуға; зейінділікке, сөйлеуге, балалар әдебиетіне қызықтыруға бағытталған.

"Коммуникация" білім беру саласының ұйымдастырылған оқу қызметі:

- 1) сөйлеуді дамыту;
- 2) көркем әдебиет;
- 3) сауат ашу негіздері;
- 4) қазақ (орыс тілінде оқытылатын топтарда), орыс (қазақ тілінде оқытатын топтарда) және шет тілдерінің бірі;
- 5) драма.

16. "Таным" білім беру саласы.

Мақсаты: қоршаған әлеммен өзара іс-қимыл үшін қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерген мектепке дейінгі тұлғаны қалыптастыру.

"Таным" білім беру саласы қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыруды: жиынтық туралы түсініктерді, сандық есептеу дағдыларын жетілдіруді, геометриялық пішіндер туралы түсініктерді қалыптастыруды, кеңістікті және уақытты бағдарлауды; құрылыс, табиғи және қалдық материалдар және конструктордың бөліктерінен құрастыруды; тірі және өлі табиғат заттары мен маусымдық құбылыстар, өсімдіктер туралы білімін кеңейтуді, қазақ және басқа халықтардың әлеуметтік-мәдени құндылықтары, дәстүрлері мен мерекелері туралы, адамдардың ортақ мекені ретінде Жер планетасы, оның табиғатының ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейтуді қамтиды.

"Таным" білім беру саласының ұйымдастырылған оқу қызметі:

- 1) қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру, бөбек жасы топтарында (1 жастан 3 жасқа дейін) – сенсорика;
- 2) құрастыру;
- 3) жаратылыстану.

17. "Шығармашылық" білім беру саласы.

Мақсаты: баланың шығармашылық ойлау мәдениетінің негізі ретінде оның сезімдік-эмоциялық саласы мен қиялын дамыту.

"Шығармашылық" білім беру саласы сурет салу; мүсіндеу, жапсыру және өнер туындыларын қабылдау мен түсінуді дамытуды, қоршаған ортаға эстетикалық қатынасты қалыптастыруды; өнер түрлері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыруды; музыканы, отандық композиторлардың шығармаларын, ұлттық музыкалық аспаптарды, көркем

әдебиетті, фольклорды қабылдауды; көркем шығармалардың кейіпкерлеріне жанашырлықты ынталандыруды; балалардың өзіндік шығармашылық қызметін іске асыруын қамтиды.

"Шығармашылық" білім беру саласының ұйымдастырылған оқу қызметі:

- 1) сурет салу;
- 2) мүсіндеу;
- 3) аппликация;
- 4) музыка.

18. "Әлеумет" білім беру саласы.

Мақсаты: Отанға деген сүйіспеншілікке, үлкендерді құрметтеуге, айналасындағыларға жағымды мінез-құлықты және қайырымды қатынасты тәрбиелеу.

"Әлеумет" білім беру саласы қоғамда өзін ұстаудың адамгершілік нормаларын, сондай-ақ жалпы адамзаттық құндылықтарды меңгеруді, баланың ересектермен және құрбыларымен қарым-қатынас жасай білуін; дербес болуын, өзінің қылықтарына жауап беруін, өзінің қимылдарының мақсаттылығы мен реттеуді; адамгершілік қасиеттерін: елгезектікті, жанашырлықты, өзінің туыстары мен жақындарына құрметпен қарауды, өзінің отбасын жақсы көруін дамытуды; салт-дәстүрлерді сақтауды, тарихты, қазақ халқының тұрмысын білуді және құрметтеуді; Қазақстан біздің ортақ үйіміз екені туралы түсініктерін кеңейтуді, сондай-ақ басқа халықтардың мәдениетін, дәстүрлерін құрметтеуді; еңбек пен шығармашылықтың әртүрлі түрлеріне қызығушылықтарын қалыптастыруды; тұрмыста, қоғамда және табиғатта қауіпсіз мінез-құлық негіздерін тәрбиелеуді қамтиды.

"Әлеумет" білім беру саласының ұйымдастырылған оқу қызметі:

- 1) өзін-өзі тану;
- 2) қоршаған ортамен танысу;
- 3) экология негіздері.

19. Балаларды тәрбиелеу мен оқыту деңгейлерін қадағалау баланың жасына сәйкес жетістіктерінің мониторингі негізінде жүзеге асырылады:

- 1) 1-деңгей – бала белгілі бір қимыл мен біліктерді жаңғырта алады;
- 2) 2-деңгей – бала не істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие;

3) 3-деңгей – бала өзінің білетінін және жасай алатынын қолданады, білімін өз бетінше және шығармашылықпен қолдана алады [2].

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы:

ерте жастағы балалар үшін – 7-15 минут;

мектепке дейінгі орта жастағы балалар үшін – 15-20 минут;

мектепке дейінгі естияр жастағы балалар үшін – 25-30 минутты құрайды.

Қорыта келе мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастыруда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың барлық жас деңгейлері үшін оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарында белгіленеді.

Әдебиеттер:

1. 348 бұйрық 2022-2023ж. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалы және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы
2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 3-қосымша

ҚОРШАҒАН ОРТА АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МҮМКІНДІКТЕРІ

Султанова Н.К., п.ғ.к., доцент; Қрымбай Б.С. п.ғ.магистрі

Қазақстан Республикасы, Семей қ.

Мектепке дейінгі педагогика тарихына үңілсек, тәрбиелеу мен білім беру үдерісінде қоршаған ортамен таныстыру төмендегіше бөлімдерден құралып, іс жүзіндегі тәрбиелеу ісінде қолданылып отырған. Оған

1. қоғамдық өмір құбылыстарымен таныстыру;
2. әлемдегі айнала қоршаған заттар туралы қарапайым түсінігін қалыптастыру;
3. табиғатпен таныстыруды жатқызамыз.

Аталған бөлімдердің әрқайсысының өзі тұлғалық сапаларын қалыптастырудың негізгі міндеттеріне айнала алады. Себебі, мектеп жасына дейінгі жастағы балалардың қоғамдық өмір құбылыстармен таныстыруда жас ерекшеліктері ескеріліп, қоғамда болып жатқан түрлі жаңалықтарға балалардың назарын (көре, ести, анықтай тани біуін) аударып, қызығушылығын арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізіледі. Өзін қоғамдағы болып жатқан әр түрлі тарихи құбылыстар мен туған жері және үлкендердің күнделікті іс – әрекеті туралы білімдерін жетілдіру балада өз ортасына деген қарапайым дүниетанымы қалыптасуына себепші болады. Соның нәтижесінде жауапкершілік, ұстамдылық, борыш сезімінде еріктік сапалары қалыптасып, отбасы, қатарлары, зиялы қауымдар т. б. мағлұмат беріліп, қарым – қатынасты мәдени тұрғыда (әдептілікке, сыйластыққа және т. б.) меңгертуге күш салады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың *әлемдегі айнала қоршаған заттар туралы қарапайым түсінігін қалыптастыруда* қоршаған орта жөнінде ұғымдарын байытатын нақты ғылыми мәліметтер алуының маңызы зор. Әлемдегі айнала қоршаған заттар туралы қарапайым түсінігін қалыптастыру кезінде балалардың сенсорлық тұрғыда жетілуіне мүмкіндік жасалады. Балаларға заттардың болмысы, оның қайдан келетіндігі жөнінде мағлұмат беріледі. Баланың өмірлік бағыт – бағдарындағы – қажеттілігінен экология, азаматтық борыш, өзіндік ерік сапалары: ұқыптылық, жауапкершілік, үнемділік және т. б. негіздері қаланады. Ғалым А. А. Анцифорова зерттеулерінде қоршаған ортамен таныстыруда мектепке дейінгі жаста бала дамуы мен тәрбиеленуі балалар бақшасында жағдай жасалғанда ғана жүзеге асатыны сөз болады. Мұнда ғалым баланың сөздік қоры дамитындығын ескере отырып, тұрмыстық заттармен сапасы мен ерекшеліктерін нақтылап таныстыруды басты назарда ұстанғандығы байқалады [1].

Ал, М. В. Минкина пайымдауынша, баланың қоршаған өмірі – бұл құрылыс құралдары», анализаторлардың (сезім мүшелер) баланың ойлауы мен сөйлеуін дамытады және қалыптастырады. Кіші жастан баланы айнала қоршаған ортамен таныстыру оның ақыл – ойы дамуына негіз бола отырып, адамгершілік және эстетикалық сезімдер қалыптасады. Автор қарапайым білім беруде баланы дамытатын маңызды шарттарын атап көрсетеді: тәрбиешінің маңызды ролі, оның басшылығының балалардың барлық танымдық әрекетіне әсері, балалармен тығыз байланыста болу және әр баланың дербес өзгешеліктерінің білімі; айналаны таныстыруды ұйымдастыру: а) әртүрлі немесе біркелкі әрекеттерде өзіндік қызығушылығын топтастыруы; б) көрнекілік әрекеттердің танымдылығын қамтамасыз ету; в) сезімдік қабылдау мен сөздік түсінудің арасындағы байланысты дұрыс қамтамасыз ету, тәрбиеші сөзінің айқындылығы және бала сөзінің дамуы; рухани көтерілу мен еске түсірудің байланысы [2].

Қоршаған ортамен таныстырудың келесі бөлімі – *Табиғатпен таныстыру*. Табиғат – бүкіл тіршілік атаулының алтын ұясы, аялы бесігі, өсіп – өнер мекені туралы нақты түсініктер мен ұғымдар қалыптасуымен қатар, жалпы білімі толысып, сөздік қоры молаюмен қатар, туған өлкеге деген сүйіспеншілік сезімі қаланады. Табиғатпен таныстыру барысында бала, сондай – ақ әлемдегі тірі және өлі денелермен танысуда оларды ажырата білуге машықтанады. Оларға деген жағымды көзқарастары қалыптасады. Табиғатта болатын жыл

мезгілдері өзгерістерімен танысуда баланың уақыт, кеңістік туралы бағдарлану, оларды меңгеру мүмкіндіктері жетіледі. Балада эстетикалық талғам негіздері (сұлулықты, сүйкімділікті, мейірімділік т. б.) қалануына негіз болады. Табиғатты қорғау – жер бетінде бейбітшілікті сақтау мәселесімен де тікелей байланысты. Табиғат – баланың рухани дамып жетілуінің, жан дүниесінің қалыптасуының сарқылмайтын қайнар көзі. Адам өмірінде алмастыруға болмайтын мәңгілік тірегі – табиғат. Табиғат – арайлып атқан таң, қызара батқан күн, жарық аспан, жұлдызды түн, самал жер, жұтатын ауа, ішетін су, біз басып жүрген киелі Жер, тіршілік көзі топырақ, өндіріс, жер қойнауындағы байлық, жайқалған жасыл желек, ұшқан құс, жүргірген аң, жорғалаған жәндіктер, сусыған жылан, суда жүзетін балық, тасыған – тағы. Сан ғасырлар бойы адам өзін аялаған табиғат құшағында тіршілік ете жүріп, оның сан алуан құпия сырларына көңіл бөліп, қадірлей білді. Адам оны «Табиғат – Ана» деп құдіретті тұтады. Сонымен өзіміз тіршілік етіп отырған табиғат – ананы қорғау және алуан байлықтарын барынша ұқыпты пайдалану бүкіл адамзат алдында тұрған келелі де қаситті мәселелердің бірі болып табылады [3].

Сонымен, біз «шығармашылық қабілет» ұғымының соңғы уақыттарда көптеген зерттеулердің негізгі арқауы болғанын көреміз. Шығармашылық туралы айтылған ойлар мен жасалған тұжырымдамаларды талдай отырып, оны мына төмендегідей ерекшеліктермен сипатталатын дәм әрекеті деген қорытынды жасаймыз:

- Шығармашылықтағы қарама – қайшылықтардың болуы,
- Әлеуметтік немесе жеке адамға деген мәнінің болуы,
- Шығармашылыққа арналған шарттардың, жағдайдың болуы,
- Шығармашыл тұлғаның жекелік қасиеттерінің болуы,
- Нәтиженің жаңалығы, сонылығы

Оқыту барысында балалардың шығармашылығын қалыптастыру және дамыту мәселесі шығармашылық процестің қандай кезеңдерден, яғни неден басталатын, немен аяқталатындығын білуді талап етеді. Көрнекті француз математигі Адамар шығармашылық процесті кезеңге бөледі: [4].

1. Дайындық кезеңі
2. Инкубация, жасырын идеялар, тұйыққа тірелу кезеңі
3. Интуицияның жарқ етуі. Эврика
4. Тексеру кезеңі

А. Н. Лук шығармашылық процестің 5 кезеңге бөледі [4].

1. Айқын, және дұрыс қойылған мақсат
2. Күшті жұмылдыру, қосымша мәліметтер іздеу
3. Проблемадан уақытша кетуі. Инкубация
4. Интуицаның оянуы. Инсайт.
5. Нәтиженің дұрыстығын тексеру

Қорытындылай келе, «шығармашылық қайшылықтарды шешуге бағытталған, ол үшін жекелік қасиеттердің болуын талап ететін, нәтижеде әлеуметтік не жеке адам үшін мәні бар соны жаңалыққа әкелетін адам әрекеті», - деп тұжырым жасаймыз.

Әдебиеттер:

1. Анциферова А. А. Знакомство дошкольников с окружающей жизнью. – Ульяновск, 1973.
2. Минкина М.В. Развитие дошкольника в процессе ознакомление с окружающим. – Минск: Нар.асвета, 1970. – 126 с.
3. Қ. Аймағамбетова М.Б. Утелова. Мектеп жасына дейінгі балалардың қоршаған ортамен таныстыру арқылы тұлғалық сапаларын қалыптастырудың ерекшеліктері.// Хабаршы. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті «Бастауыш мектеп және дене мәдениеті» сериясы №4, (47) Алматы, 2015
4. Лук А.Н. Мышление и творчество.- М.: Политиздат, 1976.

ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫ НЕГІЗДЕРІ

Халидина Қ. Е., магистрант; Кулмышева Н. А., п.ғ.к.

Қазақстан Республикасы, Семей қаласы, «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

Адамның жалпы ой қабілеті 15-16 жасқа қарай әдетте қалыптасып болады, сондықтан оның бала кездегідей шапшаң өсуі байқалмайды. Алайда ол одан әрі жетіле береді. Күрделі интеллектуалды операцияларды меңгеру және ұғымдық аппараттың бауы жас жігіттер мен қыздардың ақыл-ой қызметін неғұрлым орнықты әрі пәрменді етіп, оны бұл тұрғыдан ересектің іс-әрекетіне жақындатады. Әсіресе арнайы қабілеттер шапшаң дамиды. Қазіргі зерттеулер ақыл-ой қабілетінің саралануы қыздардан гөрі ер балаларда ертерек басталып, неғұрлым айқын көрінеді. Қабілеттер мен мүдделердің мамандануы нәтижесінде басқа да көптеген барлық айырмашылықтар неғұрлым елеулі және практикалық тұрғыдан маңызды болады. Арнайы қабілеттердің қалыптасуының өзі оқытудың сипаты мен бағытына орасан зор дәрежеде байланысты екенін есте ұстау қажет.

Дарындылық – адам психикасының өмір бойы жүйелі түрде дамып, басқалармен салыстырғанда адамның бір немесе бірнеше іс-әрекет төңірегінде әдеттен тыс, сирек кездесетін жоғары нәтижелерге жету мүмкіндігі. Бұл өмір сүру барысында дами беретін, адамның өзгелермен салыстырғанда әрекеттің бір немесе бірнеше түрінде жоғары нәтижеге жету мүмкіндігін айқындайтын психиканың жүйелі сапасы.

Дарындылықтың түрлері: Интеллектуалды дарындылық; академиялық дарындылық; көркемдік дарындылық; шығармашылық дарындылық; лидерлік немесе әлеуметтік дарындылық; спорттық дарындылық.

Дарындылық түрлерін анықтау критерийлері ретінде мыналарды атауға болады:

- 1) әрекет түрі және оны қамтамасыз ететін психиканың салалары;
- 2) дарындылықтың қалыптасу дәрежесі;
- 3) байқалу формасы;
- 4) әрекеттің сан алуан түрінде байқалу кеңдігі;
- 5) жас ерекшелігі дамуының ерекшеліктері.

Әрекеттің негізгі түрлеріне: практикалық, теоретикалық баланың жасын ескеретін болсақ, көркем-эстетикалық, коммуникативтік және рухани құндылық жатады [1].

Психиканың салалары интеллектуалдық, эмоционалды және ынталандырушы еріктік болады. Әрбір саланың аясында психикалық ұйымдастырудың мынадай деңгейлерін атап көрсетуге болады. Яғни, интеллектуалдық саланың аясында сенсомоторлық, кеңістік-көру (визуалды) және ұғымдық-логикалық деңгейлер.

Дарындылық түрлерін «Әрекет түрі және оны қамтамасыз ететін психиканың салалары» критерийі бойынша жіктеу дарындылық табиғатының сапалық болмысын түсінуде анағұрлым маңызды. Бұл критерий бастапқы болып табылады.

Бұлай жіктеудің аясында мынадай екі мәселені шешуге болады: – Дарындылық пен жекелеген қабілеттердің арақатынасы қандай?

– Дарындылықтың «шығармашылық дарындылық» деген ерекше түрі болады ма?

«Дарындылық» және «шығармашылық дарындылық» ұғымдары мәнделі болып табылады. «Шығармашылық дарындылық» шартты түрде айтсақ, бұл – кез келген әрекетті жоғарғы деңгейде орындау ғана емес, сонымен қатар оны қайта жасау және дамыту болып табылады.

«Дарындылықтың қалыптасу дәрежесі» критерийі бойынша дарындылықты былай жіктеуге болады; актуалды дарындылық, әлеуеттік дарындылық.

Актуалды дарындылық – бұл жас ерекшелігі және әлеуметтік нормалармен салыстырғанда нақты пәндік салада іс-әрекетті орындаудың жоғары деңгейінде байқалатын психикалық дамудың белгілі бір көрсеткішіне қол жеткізген баланың психологиялық сипаттамасы [2]. Актуалды дарынды балалардың ерекше категориясын талантты балалар

құрайды. Таланты бала – бұл қол жеткізген табысы объективті жаңашылдық пен әлеуметтік маңызды талаптарға сай келетін бала деп есептеледі. Әлеуметтік дарындылық – бұл әрекеттің белгілі бір түрінде жоғары нәтижеге жетудің психикалық мүмкіндігі бар, дегенмен сол сәтте өз мүмкіндігін оның функционалды жетімсіздігінен жүзеге асыра алмайтын баланың психикалық сипаттамасы. Бұл әлеуеттің дамуына бірқатар келеңсіз себептер (қиын отбасы жағдайы, ынталандырудың аздығы, өз әрекетін реттей алмау, қажетті білімдік ортаның болмауы, т.б.) кедергі болады. Әлеуеттік дарындылық баланың бастапқы психологиялық мүмкіндігіне нақты дамытушы ықпалды қамтамасыз ететін жағымды жағдайда байқалады.

«Байқалу формасы» критерийі бойынша айқын және жасырын дарындылық туралы айтуға болады.

Айқын дарындылық баланың әрекетінен нақты көрінеді. Баланың дарындылығы күмән тудырмайды, оның жетістігі көзге ұрып тұрады.

Жасырын дарындылық атиптік, жасырын формада байқалады, оны айналасындағылар байқамайды. Нәтижесінде бала дарынды емес деген қате қорытынды жасалуы мүмкін. Ол «болашағы жоқтардың» қатарына жатқызылып, қажетті көмек пен қолдаудан ажырауы мүмкін. Көбінесе «сүйкімсіз үйректен» көп адам «ғажайып аққуды» көре алмайды, дегенмен осындай «болашақсыз балалардың» жоғары нәтижеге жеткені жиі кездеседі [3].

Жасырын дарындылық феноменін тудыратын себептерді бала қалыптасатын мәдени ортадан, оны қоршаған адамдармен қарым-қатынас жасау ерекшелігінен, оны тәрбиелеп, дамытудағы ересектердің қателіктерінен іздеу керек. Жасырын дарындылық – табиғаты жағынан күрделі құбылыс.

Жасырын дарынды балаларды анықтау бір сәттік психодиагностикалық бақылаумен шектелмейді. Мұндай типтегі дарынды балаларды идентификациялау – баланың мінез-құлқын талдаудың көп деңгейлі әдістер кешеніне негізделген ұзақ процесс.

«Әрекеттің сан алуан түрінде байқалу кеңдігі» критерийі бойынша жалпы және арнайы дарындылықты көрсетуге болады.

Жалпы дарындылық әрекеттің сан түрінен байқалады және олардың өнімділігінің негізі болып табылады. Жалпы дарындылықтың маңызды аспектісі – ақыл-ой белсенділігі және оның өзіндік реттілігі.

Жалпы дарындылық баланың мақсаттылық дәрежесін, әрекетке ынты-шынтысымен берілу деңгейіне сәйкес анықталады.

Арнайы дарындылық әрекеттің нақты бір түріне поэзия, математика, спорт, қарым-қатынас, т.б. қатысты болады. «Жас ерекшелігі дамуының ерекшелігі» критерийі бойынша ерте және кеш байқалатын дарындылық деп жіктеуге болады.

Ерте дарындылыққа мысал ретінде «вундеркиндтерді» атауға болады.

Вундеркиндтің сөзбе-сөз аудармасы «ғажайып бала». Олар жасына лайық емес мүмкіндіктерімен таң қалдыратын, психикалық дамуы ерекше балалар.

Дарындылықтың белгілері:

Дарындылықтың белгілері дарынды баланың мінез-құлқының екі аспектісін қамтиды: инструменталдық және ынталандырушы (мотивациялық).

Инструменталдық аспектінің белгілері:

1) Іс-әрекеттің арнайы стратегиясының болуы. Соған сәйкес іс-әрекеттің нәтижелілігінің негізгі үш деңгейі анықталады:

- іс-әрекетті тез игеру және оны орындаудың жоғары нәтижелілігі;

- берілген жағдаяттан шешім қабылдау жағдайында әрекеттің жаңа тәсілдерін ойлап табу және қолдану;

- пәнді терең меңгеру есебінен жағдаятты жаңаша бағалауға мүмкіндік беретін әрекеттің жаңа мақсаттарын ұсыну.

2) Дарынды баланың өзін-өзі реттеу жүйесінің болуына қатысты «бәрін өзінше жасау» бейімділігінен байқалатын өзіндік дербес сапалы іс-әрекет стилінің қалыптасуы.

3) Дарынды баланың білімін ұйымдастырудың ерекше типі: жоғары құрылымдылық; сан алуан байланыстар жүйесінен оқылатын пәнді тани білу қабілеті; нақтылық сипат жалпы идеяларға құмарту, жалпы заңдылықтарды тауып, құрастыруға бейімділік.

4) Оқытылудың өзіндік типі. Дарынды балалар кіші жастан бастап, оқуға деген құмарлықтарымен ерекшеленеді, сондықтан оларға мақсатты түрде ықпал ете отырып, вариативті, байытылған дербестендірілген білім беру ортасын құру жөн.

Дарынды бала – әрекеттің белгілі бір саласында айрықша нәтижелерімен мұндай нәтижеге жетудің ішкі алғышарттары болады ерекшеленетін бала. Дарындылықтың бірден бір белгісі – тілдің ерте шығуы. Әсіресе, егер бала бөлек-бөлек сөздерден қарапайым сөйлемдерге көшсе, бұндай балалардың сөз байлығы да мол, әңгімесі де мәнерлі болып келеді және олар сөздің реңі мен нюанстарын іштей сезеді [4]. Сөйлемдері ұзақ және орынды. Көп балаларда әзіл-оспақ қасиеттері кездеседі. Олардың есте сақтау қабілеті жақсы дамыған, ойлау қабілеті де жан-жақты. Дарынды балалар әдетте 4 жасында хат таниды, оқи алады. Тәжірибелі психолог-мұндай баланы өткір көзқарасынан және өзінің ерекше іс әрекетіне қарап көпшілік ішінен иез тауып алады. Егер үлкендер мен бала қарым-қатынасында сенімділік болмаса, ең үлкен дарын да танылмай қалады. Дарындылық, сол сияқты қарапайым зейінділік жылулық сүйіспеншілік және қамқорлық ортада ғана ашылады.

Баланы дарынды деп бағалау шартты нәрсе. Баланың үздік қабілеттері оның болашақтағы жетістіктерінің тікелей әрі жеткілікті көрсеткіші бола алмайды. Бала бойында байқалған дарындылықтың белгілері уақыт өте келе жоғалып кетуі де мүмкін. Бұл жағдай дарынды балаға арналған практикалық жұмыстарды ұйымдастыруда ескерілуі тиіс. Сондықтан да практикалық жұмыстар кезінде «дарынды бала» ұғымының орнына «дарындылық белгілері байқалатын бала» ұғымын қолданған дұрыс.

Дарынды баланың мінез-құлқындағы ерекшеліктер:

1. Іс-әрекетінің өзіндік стратегиялық ерекшеліктері бар оқушы.

2. Кез келген іс-әрекетті «өзінше орындауы».

3. Кез келген қиын істен жеңілді, жеңілден – қиынды көру ерекшелігімен дараланады.

Айқын дарындылық дарынды оқушының жетістіктерінің айқындығы соншалық, «бұл бала дарынды» деген қағидаға еш күмән жоқ. Жасырын түрде кездесетін дарындылық баланың іс-әрекетінің нәтижесі көбінде жасырын түрде байқалады [5].

Дарынды бала мінез-құлқының ынталандырушылық аспектісі мынадай белгілермен сипатталады:

1) Пәндік әрекеттің (белгілерге, дыбыстарға, түстерге, техникалық құралдарға, өсімдіктерге) немесе өз белсенділігінің (дене, танымдық, көркем-мәнерлі, т.б.) белгілі бір тараптарын таңдауда жоғары сезімталдық.

2) Білуге құмарлықтан көрінетін жоғары танымдық қажеттілік.

3) Нақты бір сабаққа немесе әрекет саласына деген айқын байқалатын қызығушылық.

4) Стандартты, типтік, дайын жауаптарды қажет етпеу, қайшылықты, анық емес ақпараттармен жұмыс істеуді ұнату.

5) Өз еңбегінің нәтижесіне жоғары талапшылдық, қиын мақсаттар қоюға, соған жетуге талаптануға бейімділік.

Дарынды баланың мінез-құлқы жоғарыда аталған белгілерге сәйкес келуі міндетті емес. Дарындылықтың мінез-құлықтық белгілері вариативті әрі әлеуметтік мазмұнға тәуелді болады. Дегенмен осы қасиеттердің біреуін бала бойынан байқасаңыз, оны маманның көмегімен ұзақ уақыт бойы мұқият зерттеп талдау қажет [6].

Жеткіншек шақта интеллектілік дамуыдың сипаттамасы. Интеллект - адамның ақылды әрекет ету, рационалды ойлау, тіршілік сұрақтарын дұрыс шешу қабілеті. Жалпы қабілеттің бір көрсеткіші интеллектік қабілеттер - жаңа өмірлік жағдайға бейімделуді негіздейді. Интеллектінің негізіне белсенділік, ортаның өзгеруіндегі интеллектік мінез-құлық, бейімделгіш әрекет жасауға мүмкіндік беретін ортаның мүмкіндіктері жатады. «Интеллект» ұғымы көпжоспарлы, интеллектінің формалды сипаттамасында – оны қабілет, ал мазмұнды сипаттамасында нақты танымдық іс-әрекет деп қарастырады. Интеллектіні танымдық іс-

әрекеттің жоғары формасы, ал шығармашылықты интеллектінің жоғары формасы деп түсіну мәселесіне әр түрлі өзгерістерге байланысты туындайтын адамның әлеуметтік функциясы кіреді.

Ақыл немесе интеллект (лат. *intellectus* түсіну, ұғыну, танып білу, ақыл-ой) – жоғары дамыған және күрделі миы бар организмдердің психикалық қызметінің айрықша функциясы; ақпарат алуға, оны сақтауға, өңдеуге және беруге, жаңа білімдер қорытып шығаруға, жеткілікті негізделген шешімдер қабылдауға, алға қойылатын мақсаттарды тұжырымдап, соларға жетуге бағытталған іс-әрекеттерді қадағалауға, қоршаған ортада болатын хал-ахуалдарды дұрыс бағалауға қабілеттілік [7].

Ақыл-ой өңдейтін хабардың аса маңызды қайнар көзі және ол қорытып шығаратын білімдерді, шешімдер мен мақсаттарды қолданудың объектісі объективтік дүние. Осы тұрғысында адамның ақыл-ой немесе интеллектілік қызметі объективті шындықты өзгертуге бағытталған қызметтің негізінде бейнелендіру болып табылады.

Интеллект — жеке тұлғаның ақыл-ой қабілеті. Ақыл-ой сезімі адамның таным әрекетімен байланысты.

Ы. Алтынсарин «Білім дегеніміз – өзімізді қоршаған шындықты танып білу» - деп анықтама берсе, Ж.Аймауытов «Адам – табиғатқа бағынған денесі бар зат» деп анықтама береді [4].

Интеллектуалды даму мәселесін 19 ғасырдың соңында неміс психологы Г. Эббингауз зерттеген. Сол кезеңде интеллект мәселесін шетелдік психологтар А. Бине, М. Вертхеймер, Д.Дьюи, В. Келер, Т. Симон және т.б. [3] қарастырған болатын.

Ал, «Білім және Ғылым» энциклопедиялық сөздігінде: интеллект (ой - өрісі): 1) индивидтің ақыл-ой қабілеттерінің салыстырмалы тұрақты құрылымы; 2) ойлауға тиімді танымдық қабілеттілік [4].

Сонымен американдық невролог К.С.Лешлидің есептеуінше, «интеллект қандай да бір дифференциалданбаған нервтік энергияның қызметі» және ол мидың атқаратын функциясы болып табылады. Ол мида интеллект үшін арнайы «орталық» бар екен деген пікірмен келіспейді. Оның интеллект адамның туғаннан бастап берілетін жүйке жүйесінің биологиялық ерекшеліктерінің қызметі деген түсіндірумен келіспеуге болмайды [8].

Э. Клапаред және В. Штерн интеллекті жеке адамның психологиялық қабілетінің жаңа жағдайларға бейімделу қасиеті деп анықтайлы. Э. Клапаредтің пікірінше, психикалық функциялар соның ішінде интеллект және ерік ағзаның қандай да бір қажеттілігінің қанағаттануы үшін дамиды.

Френсис Гальтон интеллекті танымның әрбір мәселесін шешу үшін қажетті әмбебап қабілет деп қарастырады. Оның дәлелдеуінше, бұл қабілет жеке адамның ішкі қасиеті және ол оның жүйке жүйесінің биологиялық ерекшеліктерімен анықталады [5].

К.Пироковский интеллекті ақыл-ой қабілеттерінің ең жоғары түрі деп анықтама береді. Ол қиыстыру қабілеті, талдауға қабілеттілік, ұғымдардың пайда болуын және т.б. адамның ақылының барлық функцияларын жүйелі түрде танитындай әдіс ұсынуға талпыныс жасап жатыр [8].

Интеллектің маңызды көрсеткіштеріне ғалымдар еске сақтауды, оның дамуын, көлемін жатқызса, интеллектінің маңызды сапаларына тоқталатын болсақ, әуестік, құмарлық - маңызды қарым-қатынастағы бір құбылысты жан-жақты білуге ұмтылу. Бұл қасиет белсенді таным әрекеті нәтижесінде негізделеді; ақылдың тереңдігі - негізгісін ажырата білу, кездейсоқтың ішінен қажеттісін таба білу қабілеті; ақылдың икемділігі және қозғалмалылығы - жаңа байланыстар мен қатынастарда заттарды ойлап табу, тәжірибелерін кең қолдана білу, бір қалыпты ойлаудан арылу қабілеттілігі; қисынды ойлау - ойлардың бірізділігі қатаң сақталуы, зерттелетін объектінің барлық маңызды жақтары, оның өзара байланысының мүмкіндіктері сипатталады: дәлелді ойлай білу; сыни тұрғыдан ойлай білу; ойлаудың кеңдігі.

Сонымен біз оқушылардың интеллектуальды даму деңгейін анықтап, баға беру үшін интеллектің жоғарыда айтылған қасиеттерін ескеретініміз сөзсіз. Сондай-ақ біз

оқушылардың интеллектуалды даму деңгейін сипаттау барысында, ең алдымен, олардың оқу іс-әрекетінің өнімділіген сүйенгеніміз дұрыс деп есептеймін. Тағы бір ескеретін жәйт, оқушы қандай ұғымдарға сүйенетінін, оның сөздік қорын, сөйлем құрау қабілетін, өз ойын жетік білдіре ала ма, салыстыруға тіл байлығы жете ме, эстетикалық жеткізілу деңгейі, т.б. қасиеттерін есепке алған жөн. Интеллекті адамның шынайылықты тануының негізгі формасы ретінде оқушылардың оқыту үрдісіндегі интеллектуалды іс-әрекетін ең алдымен ойлау ретінде, бірақ ойлауды психикалық үрдіс ретінде емес, баланың барлық психикалық сферасын оғаш, керісінше, оқу-танымдық іс-әрекетіне біріктіріп қарастырамыз.

Мектеп сыныптарда оқушылар ғылымдардың негіздерін оқып, игеруге кіріседі. Балалардың алдында көлемі зор білімдерді меңгеру жойылады. Игерілуге тиісті материал, бір жағынан, оқу-таным және ойлау қызметінің бұрынғыдан гөрі неғұрлым жоғары дәрежесін талап етіп, ал екінші жағынан, оларды дамытуға бағытталған. Оқушылар математикадағы, физикадағы, химиядағы ғылыми ұғымдар жүйесін, белгілердің ерекше жүйесін меңгеруге, теориялық тұрғыдан пайымдап үйренуге тиіс. Нақ осы жаңа әрі объективті тұрғыдан ең қиын оқу пәндері білімдерді меңгеру әдістеріне жаңа талаптар қойып, жоғары дәрежедегі интеллектіні – теориялық, формальдық, рефлексстік ойлауды – дамытуға бағытталған. Мұндай ойлау жас өспірімдік кезеңге тән болғанымен, ол кішкентай жеткіншектерде дами бастайды.

Әдебиеттер:

1. Ерматов Ш.Р. Дарынды балаларға арналған мектеп оқушыларының шығармашылық белсенділігін дамыту туралы/ Білім-образование, 2009. №5, 3-5б.
2. Акменбетов Қ.Ж. Дарындылықтың теориялық негіздері // Педагогика мәселелері, 2009. №2, 130-134б.
3. Бекжанова М.Б. Дарынды балалармен жұмыс – заман талабы // Қазақстан орта мектебі, 2009. №5/6, 18-25б.
4. Бектібаева З. Дарындылық дамытудың теориялық негіздері // Қазақстан мектебі, 2009. №6,71-73б.
5. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии– СПб: Питер Ком, 1999.
6. Дьяченко О.М. Проблема индивидуальных различий в интеллектуальном развитии ребенка // Вопросы психологии. - 1997. - № 4. - С.138-142.
7. Битуова Т.Р. Қазақстандағы дарындылық мәселесі бойынша инновациялық-педагогикалық қызмет.-Астана-2005
8. Дружинин В. Н. Психология общих способностей. - 2-е издание. - СПб.: Питер, 2002.

АЛАШ АРЫСТАРЫНЫҢ АМАНАТЫ - ҚҰЛДЫҚ САНАДАН АРЫЛУ

Құдайбергенов А.Қ., Alikhan Bokeikhan University-нің аға оқытушысы
Ибраева Г.М., қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, мектеп директоры. Абай облысы
Бесқарағай ауданы білім бөлімі "Қара-Мырза негізгі мектебі" КММ.
Құдайбергенова А.Қ., «№11 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ. Семей қаласы

Ұлттық таным темірқазығы саналған Алаш идеясы есімізге түссе ұлт болып ұйысудың, мемлекет болып іргемізді бекітудің алғы шарттары ойымызға оралады. 1913 жылы «Қазақ» газетінде ұлт-азаттық «Алаш» қозғалысының көшбасшысы Ә. Бөкейхан: «Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел-қайда жүріп, қайда тұрғанын, не істеп, не қойғандығын білмейді, келешекте басына қандай күн туатынына көзі жетпейді»- деп жазыпты. Осы айтылған ұлағатты ұлы сөз бүгінгі біздің өмірімізді «Алаш» идеясына жақындатып қана қоймайды, ойландырады. Алаш көшбасшыларының бірі, ағартушы Ахмет Байтұрсын: «Бүгінгі қоғам кешегі күннің бауырынан туады»-деген екен.

Ұлы даланың ұлық мекені Ұлытау төрінде Қазақ хандығының 550 жылдығы тойланатын күн өткен сұхбатында президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев елді селт еткізер жоғарыдағы Алаш көсемдерінің сөзімен сабақтас, ойымен қанаттас пікірлер айтты. Көп ұзамай анықталып, өтетін іс-шаралардың жоспары Үкімет қаулысымен бекітілді. Демек Алаш көсемдерінің өздері айтқандай: «кешегі күннің бауырынан шыққан қоғам» өткеніне үңіле бастады. Яғни бүгінгі Қазақ мемлекеті кешегі XV-ғасырда іргесін қалаған Қазақ хандығының заңды жалғасы, тарихи сабақтастығы. Сол аталарымыздың ұлы бастамасын жалғастыруды ниет еткен, сол асыл мұраттар жолында бастарын бәйгеге тіккен Алаш арыстарының арманы Қазақ мемлекетін құру еді. Бүгінгі Қазақстан Республикасының ұстанып отырған кейбір саяси бағыттары осы Алаш идеясымен астасып жатыр. Мысалы азшылықтағы ұлттардың құқығын шектемеу идеясының Алашорда үкіметінің алғашқы съезінің күн тәртібіндегі «Алашорда» уақытша Ұлттық Кеңесінің құрамы 25 адам болып бекітіліп, 10 орынды орыс және басқа ұлт өкілдеріне қалдырылуы көп жайды аңғартса керек.

Алаш аманатына адалдық, Алаш идеяларын іске асырудан басталады. Тәуелсіздігімізді тұғырлы ету үшін қызмет ететін, ұлттың рухын көтеріп, қазақтың қазақ екенін сезіндіретін уақыт жетті. Яғни сізбен біз ол үшін ең алдымен қоғамымыздың жаңартылуына, ұлт игіліне қатысты жанды мәселелермен айналысуымыз керек. Алаштың дүние танымын өткен шақпен ғана байланыстырып қойсақ, осы ұлы іс үшін ғұмырларын қиған есіл ерлеріміздің аруағы алдында қиянат болар еді. Қандай мемлекет болмасын үкілі (титулды) ұлттың алатын орыны мен үлес салмағы (үстемдігі емес) мемлекет құрушы ұлттың қажеттіліктерін. Тілін, дінін, мәдениетін, дәстүрін бірінші орынға қоятынын, қойыпта жүргенін көріп те естіп те жүрміз. Кез келген халықтың тарихында гуманизм идеалары әйтеуір бір кезеңде алдыңғы қатарға шығып, ұлттың жаңғыру дәуірін жасайды. Оны Еуропада «Ренессанс» деп атап, әдебиет, өнер, мәдениет тарихында арнайы зерттеу нысанына айналған. Абай дәуірінде «бас-басына би болған..» қазақ Алаш тұсында бас көтеріп, бірлікке шақырып, еркіндікке ұмтылды. Отанына халқына, артынан ерген ұрпағына үлкен қамқорлық танытты. Алаш зиялыларының гуманизмі нағыз ұлттық жаңғыруды туғызған ренессанстық сипаттың күре тамыры еді. Бүгінгі дүрбелеңге толы дүниеде елдің арасына ешқандай сына қағылмастай тұтастық, арасынан ши өтпестей топтасқандық керек. Алаш көшбасшыларының ұлылығы да сонда олардың таптық жіктелуге де, ұлтшылдық томаға тұйықтыққа да ұрынбауында. Олар қазақтың жоғын жабайы ұлтшылдық сарынмен жоқтамаған.

Сонау 1905 жылы Ә.Бөкейханның Мәскеуде земство және қала қайраткерлері съезінде сөз сөйлеп, 5 миллион қазақтың тең құқығын үзілді кесілді талап еткенін бүгінгі ұрпақ біздер күн сайын есімізге алып отырсақ артық емес, (депутаттарымыздың құлағына алтын сырға). Алаштың саяси көсемінің осыдан 110 жыл бұрын айтқан «қазақтардың жуық арадағы мұқтажына» әлі күнге дейін қол жеткізе алмай келеміз. Туған тілді тума тілдің жетегінде

өмір бойы қалдыруға болмайтынын ескерген Алаш көсемдерінің: «тілі жоғалған ұлттың, өзі де жоғалады»- деп алаңдауы, бүгінгі ұрпақ бізді де әлі алаңдатуда.

Кеңес заманында халықтың рухани сана-сезімі мен ұлттық ерекшеліктерді сақтау инстинкті болып табылатын ұлтшылдықтың классикалық мәні мен мағынасы өрескел бұрмаланды. Ұлтшылдыққа қарсы «интернационализм» деп аталатын ұғымды қарама-қайшы қойды. Сол үрдіс бүгінгі күні де өз мәнін жойды деп айта аламыз ба? Ж.Аймауыт: «ұлты үшін құрбан болуға шыдағандық-ұлтшылдықтың осы күнгі ең бірінші ережесі»-десе енді бір сөзінде : «ұлты үшін құрмет қылмай, бас қамын ойлап жүрген азаматтардың елі артта қалып отыр. Ұлтшыл жұрттардың (Германия,Англия,Жапония,Түркияны айтып отыр) баласы жасынан «ұлтым»-деп өседі дей келе одан әрі ол, «Естеріңде болсын, қара халықтың мәдениетті болуынан, мәдениетті сымақтардың қазақ болуы қиын, баласына осы бастан ұлт рухын сіңіріп, қазақ өміріне жақындатып тәрбиелеу керек «-депті. Бүгінгі күні де біздің «мәдениетті» замандастарымыздың қазақ болуы қиынға соғып, ұлттық қасиеттерден оқшаулануы жалғасып отыр. Олар өздерінің осындай қылықтарымен ана сүтін берген өз ұлты алдындағы күнәларын «интернационализммен» бүркегілері келеді. Өз ұлты мен тілін құрметтемеген қазақтың (егер қазақ деп айтуға болса) өзге ұлтты құрметтеуінің толыққанды боларына күмәніміз бар. Кезінде Алаш арыстары таңдаған ұлттық рухты көтеретін, ұлттық бірлік саясаты елімізде кең көлемде жүргізіліп жатыр. Бұл- «саясат»! жалпы саясат деген ұғымды біз әлі дұрыс түсініп жүргеміз жоқ. Кез келген саясаттың астарында ұлттық мүдденің белсенділігі жатуы керек өйткені ол- саясат. Ал біздегі қазіргі саясат кері бағытқа жұмыс істеуде.

Ұлттар достығы ел тыныштығы мемлекеттің керегесі мен шаңырағы. Шаңырақты шайқалтпау үшін рухани бірлік пен достық әрине керек. Шаңырақты сақтап тұрудың бір аспектісі этносаралық қарым-қатынаста шешуші факторлардың бірі-тіл. Кейбір полиэтностық мемлекеттер үшін түйткілге айналған проблеманың орыс тілді азаматтардың мүмкіндіктерін сақтап, жағдай жасау арқылы бұл мәселе шиеленіспей шешімін тауып жатыр. Әйткенмен осы саясаттың, «әттеген-айы» қонағын құдайдай сыйлайтын қазақтың, қонағының тілін төрге шығарып, өзінің босағада қалып қоюы. Біз әлі, «тауларды аласартпай, даланы асқақтату» мен келеміз Керісінше таулар асқақтап болып, асқандықтан аспандап бара жатқан жоқ па? Кезінде бүгінгі этностардың ата-бабаларын құшақ жайып қарсы алған ақ жүректі қазақ халқының жақсылығына жақсылықпен жауап беру адам баласының адамзаттық инстинктерінің бастысы емес пе еді? Кейінгі кезде керісінше жергілікті халыққа көзін алартып, кикілжің шығаруға әуес отандастарымыздың әр жерден бас көтеруі нені меңзейді? Ұлы орыстық шовнизмді көкसेген халық арасында алауыздықтың ұрығын шашып жүрген мұндай «отандастарды» ауыздықтауға қауіпсіздік комитеті мен прокуратура неге әлсіздік танытады. Конституция мен заң шеңберін аттап кетіп отырған мұндайларға дер кезінде **қатаң** шара қолданылып, тойтарыс берілмесе, көп ұлтты Отаннан от шығып кетуі ғажап емес, қазақтың жүйкесі мен намысын бұлай сынай беруге болмайды. Кешегі Сарыағаштағы кісі өлімінің салдарын тез жазылатын бір күндік жара деп қараймыз ба? Мұндай арандатушылықтың артында кімдер тұрғанын терең зерттеп зерделеу заң орындарының жауапты жұмыстарының ең маңыздысы. Біздің құқық қорғаушылар осындай істердің алдын алудың орнына оқыс оқиғаларды тосып отырып, шарықтау шегіне жеткен де баратын жазалаушы отряд сияқты. Оларда ең алдымен қазақты кінәлі етіп ақ қарасына қарамай жауырды жаба тоқығылары келеді. Арандатулардың артында кімдер тұрғанын зерттеп, зерделедік пе? Ауызарына келгенін айтып қазақтарды интернет желісі арқылы балағаттап жүрген қарапайымдылардың (аттарын атағым да келмейді) көкसेгені не, оларды қолдап отырғандар кім, білсек те білмеген қалып танытамыз. Бұл нағыз қаперсіздік, қаперсіздіктің артында қатер келіп тұрғанын байқамау мүмкін емес, ойланайық ағайын! Осындай жасқаншақтығымыздың салдары ортақ отандымызды қорғау жүгі иығымызға түссе қалай болмақ? Жоғарыдағы айтылған «отандассымақтардың» ортақ отанды шын жүректен қорғауларына күмәнім бар. Ұлттық сана бірінші орынға көтерілмей ұлттық құндылықтар аяқасты бола бермек. Ұлттық сананы ұлықтап, қалыптастыру үшін мектеп қабырғасынан

бастау керек десек те, бүгінгі күні мектеп қабырғасынан алыстап кеткендерді қайтпекпіз. Яғни жастар, осы жастар ісімен айналысып жүрген ұйымдар, партиялардың өзі ұлттық қоғам құру қамында емес, олар Алаш идеясынан алшақта, ойлары билікпен мансапта. Көпшілік партиялардың бағыты центр еуропалық, американдық модуль- азаматтық қоғам қағидаларына бет бұрған тек қана сол бағытта жұмыс істеп келеді. Азаматтық қоғам тұсында ұлттық құндылықтар екінші орынға кетеді. Соның салдары бүгінгі қазақ тілінің жай күйінің көрсеткіші сияқты күнделікті жаныңда еріп жүрген, ұлтқа қатысты проблемалар болып қоғам дертіне айналуға. Ал бұл дерттің зардабын жергілікті жұрт қазақтар, ұлтына жаны ашитындар ғана сезіне алады.

Кезінде Ресей жоғарғы Думасы : «Отандастарды қорғау» туралы арнайы заң қабылдағаны мәлім. Сондағы олардың көксегені – баяғы Ұлы державалық саясат. Сол саясаттың ұшығын бүгінгі күні есі бар адам баласы көріп те біліп те отыр. Украина мен Қырымға тапа-тал түсте басқаны көзіне ілмеген, бас салған аю мінез айналасына қарап, келесі кім?- деп айбат көрсете бастады. Интернет желілері мен Ресейлік телеарналары арқылы Жириновский мен Лимонов дегендер Украинаның кебін Қазақстанға кигізу ықтималдылығы туралы айтып та үлгерді. Путиннің өзі де: «Қазақтарда мемлекет болмаған»-деп отқа май құйып қойды. Қазақстанның солтүстігінде өздерін еркін сезінетін «казактар қоғамы» өздеріне «қажетті» сәтті күтіп жалаңдап отыр.Тіпті интернет арқылы Ресейдің жаңа картасының жобасын жасап біздің солтүстік аймақтарды өз қиялдарымен меншіктей бастады.

Қит етсе орыстардан үлгі алатын, солардың істегенін қайталайтын біздің мемлекет солардан неге үлгі алып, неге «ұлтшыл» болмайды. Себебі бізде жалпақшешейлік, өзге ұлттарға жағымсу басым, ұлттық санамыз құлдық санадан әлі де шыға алмай жатыр. Осы құлдық санадан құтылу жоғары жақтан басталуы керек-ақ. Әсіре орысшылмыз одан келетін қатер мен қауіпке талдау жасап қарамаймыз. Патшалық Ресей бодандыққа енген қазақтарды жаншып, АҚШ тағы үндістердің кебін кигізді. Советтік Ресей кезінде Сталин мен Голощекиннің пәрмені мен 40 пайыз қазақты жасанды аштықпен қырса, 1937 жылы ұлтымыздың бетке шығар қаймақтарын тегістей атып тастады. Қарап отырсаңыз отарлаушы елдің тарихтағы қара ниетті қылықтарына кешіріммен қарап, «көшпенді» елді бұғалықтауды мәңгілік мансұқ етіп келе жатқанына көндігіп кеткенбіз. Қызылдар жеңіп, Ресей патшасының тағы талқан болса да қазаққа жақсылықтың ауылы таяй қойған жоқ. Ә. Бөкейхан бастаған «Алаш» партиясы жеке дербес мемлекет болуды көксеп, күрескенімен оның аяғы немен тынғаны белгілі. Кешегі желтоқсандағы (1986жылғы) жазықсыз мүрделер мен төгілген қан кімнің қолы мен жасалынып еді?.. егер де сол жүйе ыдырамағанда не болар едік.Қазірдің өзінде Мәскеу баяғы жүйені аңсап бұрынғы кеңестік мемлекеттерді өз қарамағына қайта алып, қораға қамау ойын іске асыруда. Іргеміздегі қытайдың да өз жоспары бар коммунистік идеология ны жандандыруға ат салысып келе жатқан мақта мен кісі бауыздайтын саясатшыл көршіміздің бір көзі- біздегі мол байлықта болса, енді бір көзі- тарыдай шашылған ауыз бірлігі жоқ, кең қолтық қазақ жұртында. Осы бір қазақ сескенетін тағдыр талайымызға жазған көршілерден сақтану үшін ұлттық санамызды ұлықтамай болмайды.

Әдебиеттер:

1. Алаш қозғалысы, Құраст: Е.Тілешов, Д.Қамзабекұлы, И.Нұрахмет. Алматы, «Сардар» 2008. 324 б.
2. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995. – 368 б.
3. Сайлаубай Е.Е. Алашорда үкіметінің шығыс бөлімі: 07.00.02 тарих ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2001. – 179 б.
4. Аққұлұлы С. Әлихан Бөкейхан. Қазақ жерінің жоқшысы. II том.-Астана: «Алашорда», 2017. – 904 б.
5. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
6. М.Қозыбаев «Жауды шаптым ту байлап», Алматы, 1994. – 192 б.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫ

Төлебаева Т.Т.

«Бөбек» балабақшасының меңгерушісі, Қазақстан Республикасы, Семей қ

Мектеп жасына дейінгі кезеңде тәрбиелеу қабылданған стратегиялық жоспары жүзеге асыру мақсаты ұлттық ойындарды балаларға үйрету, насихаттау. Қандай ұлт болса да өз жолын, болашағын айқындап, айналасына баға береді, бір-біріне еліктейді, бір-бірінен үйренеді.

«Қоғам өмірінің өзгеруі, демократиялық өзгерістерге бұрылуы мектеп жасына дейінгі балаларға тәрбие беру үрдісін халықтың өткен тарихымен, рухани-мәдени мұраларымен, өмірлік бай тәжірибесімен тығыз байланыста ұйымдастырып, ұштастыра жүргізуді талап етеді» деп көрсетеді А. Айталы өзінің «Ұлттану» атты еңбегінде .

Ойын, адамның балалық шағынан бастап бүкіл саналы ғұмырының барлық кезеңінде бірге болып еретін ерекше құбылыс. Сондықтанда ұлттық ойын мәселесін тек қана педагогтар мен психологтардың емес, әлеуметтанушылар мен этнографтар, өнертанушылар ғылыми объект ретінде жан-жақты қарастыруда. Ұлттық ойындар ғылымның қай саласында зерттелсе де көптеген ғалымдардың ойы бір жерден шықты, ол ойынды адам мәдениетінің бір бөлшегі ретінде алып қарауы болып табылады.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алып, дербес мемлекеттікке қол жеткізуіне орай баланы ата мұра дәстүрінде тәрбиелеуге халықтың ынта-ықыласы арта түсті. Бұл ұрпақтар жалғастығының, дәстүр сабақтастығының нығая түсуіне септігін тигізеді.

Күрделі қоғамдық феномен ретінде дене тәрбиесі мен спорт қоғамда адамдардың өмір тіршілігінде, тұрмыс салтының құрамдас бөлігіне айналады.

Ұлттың өмірі дене тәрбиесі мен спорт саласындағы ұлттық тәрбиені анықтай береді.

Ұлттық тәрбие қоғамның және жеке ұлттың өмірлері мен өзара қарым-қатынастарының тәрбиесімен тығыз байланыста болуы керек.

Ұлттық тәрбиенің табиғаты әрі күрделі, әрі қарама-қайшылыққа толы болып келеді. Қазақ халқының «туыстық сезімге» барынша жақын екендігі қашаннан белгілі. Мұның өзі ұлттыққа құндылықтарға байыппен қарауды, оны әрбір ұлттың нақты ерекшелігіне сәйкес қарастыруды талап етеді.

Дене тәрбиесі мен спорттағы ұлттық тәрбие өзара байланысты үрдістердің тұтас бір жүйесін ұсынады, оның басты мақсаты жалпы адамдық, әлеуметтік жағдайды жақсарту болып табылады.

«Күллі адам атаулының дүниені бейнелеу заңдары ұқсас, әрбір жекелеген жағдайда ұлттық тәрбие жалпы адамзаттық қана емес, ұлттық өзгеше тәрбиені де іске асырушы ретінде көрініс береді» деп жазады белгілі ғалымдар Құралбекұлымен, С. Әкімбаулы .

Дәстүрлі дене шынықтыру мен ойындар ел арасында кең жайылғандығымен, қоғамдық өмірдің барлық саласын қамти алатындығымен ерекшеленеді.

2002 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау жөніндегі агенттігі БІ. Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясы салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемаларының Ұлттық орталығының «Салауаттану-денсаулықты сақтау» бағдарламасы бойынша салауатты өмір салтын қалыптастыру тұжырымдамасы жарыққа шықты . Онда, «мектепке дейінгі кезең» деген арнайы бөлім қарастырылып былай деп анықтама берілген, - «Мектепке дейінгі кезең - бала ағзасының өте қарқынды дамиды маңызды кезеңі. Осы кезеңде ағзаның бүкіл жүйелер мен мүшелері, дене және жүйкелік-психикалық дамуы қалыптасып, жетіле түседі. Қазіргі балалар арасындағы жүргізілген дәрігерлік бақылаулар көрсеткендей балалардың жүрек-тамыр, ішкі секреция, жүйке, тыныс алу, иммундық жүйелер т.басқа аурулардың балалар арасында әсіресе жас балалар арасында көптеп таралуы дәрігерлерді, ата-аналарды алаңдатуда.

Балалар ағзасының қорғаныш күші, ауруға қарсылық көрсете алуы жетімсіз екендігі байқалуда. Сондықтан мектепке дейінгі жастағы балалар әртүрлі ауруларға жиі ұшырауы байқалады.

Мектепке дейінгі балаларда салауатты өмір салтын қалыптастыру бағдарламасының мақсаты, денсаулық туралы ұғымды жүйелі және бірізді қалыптастыру, гигиеналық дағдылары мен салауатты өмір салтының уәждеріне ерте кезден бейімдеу болып табылады.

Міндетті денсаулық қорғау жөніндегі алдын алу шараларының кешенін сақтап қалуды, балалардың денесі мен жүйке-психикалық үйлесімділігін дамыту және денсаулығының нығаюын дене шынықтыру сабақтары арқылы қамтамасыз ету қажет.

Денсаулықты қорғау мәселелерінде мектепке дейінгі жастағы балалардың әлеуметтік белсенділігі ойын, әр түрлі сауықтыру әдістері, күн тәртібін бұзбау, тиімді тамақтану, таза ауада жиі болу арқылы салауатты өмір салтын қалыптастырудың ақпарат-ойындық үлгілері арқылы жасалады.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру олардың психологиялық, дене қимыл-әрекеті мүмкіндіктері мен жасы ескеріліп өткізіледі, сөйтіп балада мінез-құлығының белгілі гигиеналық тұрақтылығы қалыптасады, гигиеналық ұғымдарды жете түсіну, дағдылар, салауатты өмір салтының уәждемалары, жеке бас гигиенасы, күн тәртібі, өзіне-өзі қызмет ету, денсаулық сақтау және нығайту, мәдени гигиеналық мінез-құлық қалыптасады. Бұл үшін жас ерекшеліктеріне байланысты алуан түрлі ойыншықтар, қуыршақтар, ойындар кеңінен пайдаланылады» деп көрсетілген.

Н. Мыңжан өзінің «Қазақтың қысқаша тарихы» атты еңбегінде «...қандай да болмасын ойын түрінде тәлімдік, тәрбиелік өнеге бар. Ойындар ұлт мәдениетінің алуан түрлерімен тоғысып, араласып жатады. Не бір дарынды азаматтар да осы топтардың арасында жүріп жетіліп, жұртқа ісімен танылады. Бұл-ұзақ тарихи дәуірлерді сабыла басып өткен қазақ халқының игі дәстүрі, ұлтқа тән асыл мұрасы» деп жазады .

Ұлт ойындары жөнінде, тіпті жалпы ойын туралы, оның әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан қажеттілігін түсіндіруде ғалымдардың көзқарастары әр-түрлі қалыптасты. Мысалы: Орта ғасырларда, діни көзқарастар үстемдік алып тұрған кездерде, тек ойын ғана емес, жалпы ойын-сауық атаулыға қарсы насихат жүрді.

Ойынға қарсы дін иелерінің күрескені соншалық, бүкіл әлемдік деңгейде пікір айтылып, ойын атаулыны әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің негізі деп пікір айтуға тиым салынды.

Осындай субъективті факторларға байланысты ұлт ойындары Европа халықтарының арасында әлсіз өрістеді. Ал керісінше, Шығыс мемлекеттерінде, Орта Азия, Қазақстан секілді елдерде жағдай басқаша бағыт алды. Себебі көшпенділер өркениетінде ұлт ойындарының әлеуметтік әсері күшті болды. Ол тек көңіл көтеру құралы емес өмір сүру, дүниені танып, білу, ақыл-ойдың, дене мүшелерінің дамуына, еңбекке баулу секілді адамның өмір сүру қажеттілігін қалыптастыратын әрекет ретіндегі орны зор болды .

Қазақ Кеңес Энциклопедиясында ұлттық ойындарға былай деп анықтама берілген: «Ұлттық ойындар, қазақтың ұлт ойындары-ежелгі заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын-сауық түрлері. Бүгінгі бізге жеткен ұлт ойындарының тарихы Қазақстан жерінде қалыптасқан алғашқы қауымдық құрылыстан басталады. Тоғыз құмалақ, қуыршақ, асық ойындары Азия елдерінде тайпалық одақтар арасында тараған. Ұлттық ойындар негізінде халық әр-түрлі жаттығулар жасау арқылы дене шынықтыру негізін қалады. Мұның әлеуметтік, тәрбиелік мәні де болды. Ұлттық ойындар кейіннен спорттық ойындарға айналды».

Әдебиеттер:

1. Қазақ балабақшаларында тәрбиелеу және білім беру мазмұнын жаңарту тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігі.- Астана: 2010.
2. «Балбөбек» бағдарламасы. Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясы. - Алматы: 2006. -172 б.
3. Ошанов О.Ж. Көкпар ойынының түпкі мәні туралы // В кн: Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі және бүгіні. -Алматы : Ғылым, 2001.-347,349-350 б.
4. Төтенаев Б.Ә. Қазақтың ұлттық ойындары. -Алматы: Қайнар, 1994. -55 б.
5. Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спорт заңы. 1999.

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ БЕЙНЕСІ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ХАҚЫНДА

Елекенова Р.Ә.

Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейінің қызметкері, Семей қ.

Биылғы жылы ақын, аудармашы, сазгер, тарихшы, философ Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл толды. Шәкәрім Құдайбердіұлы - Абайдай ұлы ұстазынан тәлім-тәрбие алған, Абай дәстүрін жай ғана жалғастырмай, дамыта жалғастырушы, қазақ әдебиетінің дамуына зор үлес қосқан ақын.

1988 жылы Шәкәрім Құдайбердіұлының аты мен шығармалары толық ақталғаннан кейін ақын өмірі мен шығармашылығын зерттеу жұмыстары жүргізіле бастады. Бұл жұмыстардың бастауында ұлы Ахаттың сіңірген еңбегі зор. Әкесінің атының ақталуына күш жұмсап, мол мұрасын қағаз бетіне түсіре отырып, араб әріпіндегі еңбектерін қазіргі жазба әрпіне аударып, Алматыдағы Ұлттық кітапхана, Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасы, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты және Абай қорық-музейінің алтын қорына табыстады.

Музей қызметкерлері қалалық, республикалық, Ресей архивтерінде сақталған құжаттарды, сонымен қатар, Абай қорық-музейінің қорына өткізген әкесінің еңбектерін қарастырып, Шәкәрімнің өмірі, қоғамдық қызметі, қажылық сапары, фотосуреттері туралы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, музей қорына жинақтады. Жинақталған әрбір дерек өз құндылығымен қымбат. Соның ішінде, ақын өмірі мен шығармашылығын насихаттауда бейнелеу өнер туындыларының да алар орны ерекше.

Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік қорық-музейінде 778 картина бар, соның 250-ге жуығы Шәкәрім тақырыбын қамтиды. Бейнелеу өнері туындаларының басым бөлігі ұлы ақын Абай Құнанбайұлының және оның туыстық айналасының, ақын шәкірттерінің, Алаш арыстарының, Абай шығармаларын зерттеушілер мен насихаттаушы ғалымдардың портреттік бейнелері және Абай, Шәкәрім, Мұхтар шығармаларының желісімен салынған сюжеттік этюдтер, туған жерлерін бейнелейтін пейзаждар болып табылады. Шәкәрім Құдайбердіұлы ақталғанға дейінгі суретшілер салған ақын портреттері кездеспейді. Тек Шәкәрім Құдайбердіұлының 1912 жылғы, кейіннен табылған 1924-1927 жылдар аралығындағы фотосуреттері жарияланып жарыққа шыққаннан кейін ғана ақын портреттері салына бастады. Көбінесе портреттерден 1912 жылғы фотосуретіне қарап салынған ақын бейнесін көре аламыз.

1940 жылы Абай музейі құрылғаннан бастап Абайға қатысты суретшілерге тапсырыстар беру арқылы бейнелеу өнерінің туындылары жинала бастаса, Абай музейінің қорына тапсырыс бойынша Шәкәрімнің алғашқы портреті 1988 жылы шілде айында түседі. Музей қорына Шәкәрім Құдайбердіұлына қатысты портреттер, сюжеттік картиналар мен туыстық айналасына қатысты картиналар жинақталады. Шәкәрім портреттерін салуда суретшілер ақынның шығармаларымен жан-жақты танысып, кейіпкерінің өмір сүрген ортасын, сол заманды зерттей отырып қана қалам тартқан.

Алғашқылардың бірі болып Шәкәрім портретін салған – Тамара Гавриловна Кузнецова. 1943 жылы туған. 1967 жылы Алматы көркем училищесінің театр бөлімін бітірген. 1970 жылдары өткен Семей суретшілерінің қылқалам туындылары көрмесінің қатысушысы, кескіндемеші. 70-80-ші жылдары Ф.М.Достоевский атындағы драма театрында қоюшы суретші қызметін атқарған. Т.Кузнецованың кенепке майлы бояумен салынған бірі - 100x130, екіншісі - 150x220 көлеміндегі екі «Шакарим Құдайбердиев» портреті (КП-5166, КП-5167) 07.07.1988 жылы № 8 акті бойынша Абай музейінің қорына қабылданған. [3. 57 б.]

1995 жылы 14 сәуірде Абайдың 150 жылдық мерейтойы қарсаңында Семей қаласының Шәкәрім атындағы Мемлекеттік университетінің «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының профессоры, Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының мүшесі (1997), Қазақстан Республикасы Дизайнерлер одағының мүшесі Нұрбұлан Нұғыманұлы

Өтепбаевтың «Шәкәрім» атты графикалық портреті (КП-5818) қорға қабылданды. Музейдің түсім кітабында № 22 акті бойынша сатып алынған. Барлығы- 13 жұмыс деп көрсетіледі. [3. 101 б.]

Суретші Н.Өтепбаевпен Абай музейінің шығармашылық байланысы осы кезеңнен бастап бүгінгі күнге дейін жалғасын табуда. Н.Өтепбаев Абай музейінің бейнелеу өнері қорын 2008 жылы сангинамен салынған «Шәкәрім» портреті 50,5x40 (КП-6529), қағазға тушьпен салынған «Ахат Құдайбердиев» портреті 28x21, 2018 жылы қағазға гуашьпен салынған «Шәкәрім» портретімен толықтырды.

Н.Өтепбаев салған Шәкәрім портреттерінен ақынның шынайы бейнесін көруге болады. Оларға қарағанда ақынның өткір көздеріне еріксіз назар аударасың, көздері арқылы терең ойға шомып, болашақты бағдарлап тұрған бейне, өз өлеңдерін іштей оқып, өміріндегі көргенін, білгенін жеткізгісі келетіндей сезінесің. Суретшінің ақын бейнесін толық меңгеріп, бет-әлпетіндегі қатпарды, пропорциясын, бейненің қағаз бетіне композициялық орналасуын жан-жақты ойластырғаны көрініп тұр.

Сөз ортасында тағы бірнеше қылқалам шеберлерінің туындыларына тоқтала кету орынды. Бұхарбаев Әбдімәлік 1940 жылы туған. Өзбекстанның белгілі монументалист-суретшісі, протретші. Ұлты – қазақ. Ташкент метрополитеніндегі Хамза мен «Өзбекстан» станцияларын, «Чор су», «Тата» қонақ үйлерін әрлеумен айналысқан. 1990 жылдан туған халқының тарихы мен мәдениетіне, оның дана ойшылдарына ойысып, Күлтегін, Асан қайғы, Әл-Фараби, Қорқыт ата, Ақсақ Темір, Абайдан басталып, бүгінгі қоғам және өнер қайраткерлері Н.Назарбаев, Б.Төлегенова, Т.Әубәкіров, Ф.Оңғарсынова, О.Сүлейменов т.б. циклді портреттерін салған. Бұл репродукцияларды музейге қабылдау туралы түсім кітабында (Акт № 13 1997 г. Куплено у известного художника монументалиста Узбекистана Абдумалик Бухарбаева г.р. 1940. Ташкент. Казах. «Шакарим Қудайбердиев» бумага 28x35. 2000 теңге. КП-6080 29x35, КП-6063 22x32) көрсетіледі. Яғни, Ә.Бұхарбаевтың «Шәкәрім Құдайбердіұлы» 29x35 (КП-6080), 22x32 (КП-6063) көлемді екі портретінің репродукциялары бар. [3. 111 б.]

Суретші С.Пожарскийдің «Шәкәрім портреті» КП-6336 [3.135б.] және Абай ауданының «Құрметті азаматы» Амантай Мұқатаев, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі болған Ж.Кәрібжановтың 1995 жылы Абай Құнанбайұлының 150 жылдық мерейтойында сыйға берген «Шәкәрім» портреттері музей қорын толықтыра түсті.

1998 жылы суретші А.Манабаевтың кенепке майлы бояумен салған «Шәкәрім» портреті [3.135 б.] музей қабылданады.

Музей қорындағы мазмұны жағынан да, салыну техникасы жағынан да ерекше туындылар сериясы Мақаш Әлиакпаровтың портреттік, композициялық, сюжеттік картиналарымен мольға түскен.

1970 жылдан бастап Мақаш Әлиакпаров Абай музейімен тығыз байланыс жасап келеді. 1975 жылы музей өз қорына суретшінің 17 жұмысын алса, бүгінгі күнде барлық жиыны - 213 картинасы түскен.

Қазақ әдебиетінде орыны ерекше Шәкәрім Құдайбердіұлының өмір жолымен ақынның ұлы Ахат арқылы кеңінен таныс М.Әлиакпаровтың: «Шәкәрім Құдайбердиев» (2006), «Шәкәрімнің портреті» (1975), «Абай мен Шәкәрім» (1995), «Ұмытылған» (1995), «Құлагер» (1995), «Абай жерінде» (1995), «Өрмекші» (1995), «Шәкәрімді қайта жерлеу» (1995), «Бастау» (1997), «Шаған өзені» (1999), «Шынғыстау даласында» (2001), «Туған жер» (2008), «Ымырт» (1996), «Қойтас» /Еңлік пен Кебектің кездескен жері/ (1975), «Саят қора» (2006), «Абайдың туған жері – Қасқабұлақ» (2003), «Қызыл тастар» (1997), т.б. картиналары ақынның ауыр да қызықты тағдыры, туған жерінің жазиралы даласын, қыстауы мен саят қорасын жан-жақты суреттейді.

М.Әлиакпаров шығармашылығындағы «Ұмытылған» (1995) сериялы жұмысының орны ерекше. «Бұл туындыны «ержүректік симфониясы» деп атауға лайық. Батырлық пен батылдық кең де еркін жырланған, сары және қызғылт түспен асқақ бейнеленген. Тұңғыық пен жарық дүниенің бітпес күресі суретшіні күйбең тіршіліктен, тұрмысты бейнелеуден

арашалап алады. Оны қатайтып, бізді жалғыздық тұңғыығына жетелейтін түстердің алмасуына әкеледі. Бұл қияметтен инедей болып көрінген үміт сәулесі ғана құтқара алады. Тек сол ғана, қараңғылықты серпіп жіберіп, өмірді сақтап қалатын сәуле – Қайырымдылықтың жеңуіне деген үкідей үміт» -деп суреттейді музейде ұзақ жылдар қызмет атқарған М.Мұхамедова[5.4 б.].

Мақаш ағамыздың «Өрмекші» (1995), «Шәкәрімді қайта жерлеу» (1995) шығармалары – Шәкәрім тақырыбына салынған суреттерінің ішінде музейге келген көрермендердің ұзақ тамашалайтын туындылары. Олар Шәкәрім заманындағы құрығын салған соқыр саясаттың қанды күрмеуіне түскен сол кезеңдегі зиялы қауым бейнесі, ойды, сөзді, тілді тұншықтырған кезеңді суреттейді. Ұлы француз суретшісі О.Роденнің «Қарандар, тағы да қарандар!» деген сөзі осы кезде ойға оралады. Кенепке майлы бояумен салынған «Өрмекші» картинасының жанынан жай ғана қарап өтпей, оған үңіле қараған ақын Б.Ахмер ішкі сезімін, толғанысын

«Өрмек» өлеңімен білдіреді:

Күнә – шеңгел, кеудеге көз ораған,
Сабырсыздау сондықтан назалы адам.
Жанға түскен жалғыз дақ қанға тарап,
Алпыс екі тамырды мазалаған.
Тылсым өмір, жұмбағы шешілер ме,
Ағат кетсең, адамдар кешірер ме?
Жүрек пен көз тұрады күнде айқасып,
Жалған ғұмыр – қан майдан есіл ерге.
Аттамайды арынан шайыр екі ел,
Ол бұзылса, күңіреніп сайын кетер.
Сұлу қылып қойсаң да сұмдығыңды,
Көз жетпейтін шындыққа ойым жетер.
Шексіздіктен келетін әрі асқысы,
Қиял дейтін санамның талмас құсы.
Көз жасы мен күлкіден тоқылыпты-ау,
Мың перделі ғұмырдың алғашқысы... [7.135 б.]

Бүгінгі күнде аталған суретшілер салған Шәкәрімнің бейнесін көптеген кітаптардың иллюстрациясы мен мұқабаларынан көруге болады.

Бейнелеу өнері – адамзат мәдениетінің ең бір ертедегі түрі екенін ескерсек, бұл адам хатының бірінші тарихи түрі. Тасқа қашалып салынған сурет бізге жіберілген хат іспетті, бейнелі сөздер қалдырды. Шәкәрім Құдайбердіұлы өз ізін «Мен кетермін, сөз қалар, Ақ қағазға басылып» - деп өлеңдерімен қалдырса, ақын бейнесінің бейнелеу өнеріндегі ізін суретшілер жеткізбек.

Әдебиеттер:

1. Каталог. Семей қаласының суретшілері XIX-XXI. «Дом печати» полиграфиялық орталығы. Семей, 2017
2. «Шәкәрім» энциклопедиясы. «Тенгри» баспасы, Семей, 2008 жыл.
3. Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейінің түсім кітабы. № 6
4. М.Әлиакпаров. Ізгілік. «Сезоны» баспасы, Мәскеу, 1997 жыл.
5. М.Әлиакпаров буклет. Дайындаған М.Мұхамедова.
6. Н.Өтепбаев. Шәкәрім. Қолжазба.
7. Б.Ахмер. «Өрмек» өлеңі.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе сөз.....	3
------------------	---

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС БАЯНДАМАЛАРЫ

Құрманғалиева-Ерджиласун. Г. Батыста Әлихан Бөкейхан мен алаш туралы зерттеулер, жаңа деректер.....	4
Еспенбетов А.С. Әлихан және Сұлтанмахмұт: алаштық ұстаным.....	9
Сүлейменова Д. Д. Алашорданың Батыс бөлімінің жетекшісі, заңгер Жаһанша Досмұхамедовтың еңбегінің тарихы мен тағылымы.....	14
Шаңбай Т.Қ. Әлихан Бөкейханның еркіндік фәлсафасы.....	18
Шанбай Т.Қ., Георгий Пряхин Абай и «Алаш».....	26
Әубәкір Ж.М. Хакім ұлағатының өміршеңдігі.....	29
Байдалы Р.Ж.Алашорда үкіметінің торғай бөлімі.....	34
Сайлаубай Е.Е., Рахметуллин Е.Алаш әскерінің тарихы.....	45

1 – СЕКЦИЯ. ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЖӘНЕ АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ:

ЖАҢА ДЕРЕКТЕР МЕН ІЗДЕНІСТЕР

Özgecan Kesici Territory and the Kazakh nation: bordering the alash orda.....	52
Джумалиева Л.Т. Азаттықты аңсаған алаш азаматы - Әлихан Бөкейханов.....	62
Мухамеджанова Р.Ж. XX ғасыр басындағы Семей өңіріндегі қазақ зиялылары және баспасөз ісі.....	66
Әбікенова Г.Т. Есімі аңызға айналған жарқын тұлға – Әлихан Бөкейханов.....	70
Оспан А. Қ., Нурсанова С. Движение Алихана Бөкейхана и алаша: новые данные и поиски.....	72
Онгарова А.А. Ахметов С.И. Деятельность и роль партии и организаций, созданных тюркской интеллигенцией в борьбе за национальную независимость.....	76
Онгарова А.А. Формирование идеи движения алаш.....	79
Байсарина Қ.Қ., Шакарова А.С. Әлихан Бөкейхановтың шығармашылық және рухани мұрасы.....	83
Ерболат Ә.Е. Әлихан Бөкейхан және алаш қозғалысы: жаңа деректер мен ізденістер.....	87
Дәуіт Ә. Әлихан Бөкейханов XX ғасырдың ең көрнекті тұлғасы.....	91
Муқышева С.А., Еркімбаева З.Е. Әлихан Бөкейхан және алаш қозғалысы: жаңа деректер мен ізденістер.....	96
Кундукова М.Т., Есболат А.Е. Алаш және тәуелсіздік мұрасы.....	98
Қанатұлы М., Адильбаева А.С., Сайдахметов Д.К. Алашская идея и независимость Казахстана.....	101
Наубәт Л. Ұлтымның ұлы көсемі.....	106
Шамшадинқызы А. Ұлтқа қызмет ету білімнен емес мінезден.....	110
Askar Kumar. Alaş ideasi yolundaki Hasan Oraltaу'in sosyal ve siyasi hizmeti.....	119
Байсеитова А.Ж. Әлихан Бөкейханның бүркеншік есімдері.....	123
Сәрсекова Г.К., Ғабдылжанатова А. Алаштың арыстаны Әлихан Бөкейханов.....	126
Кидралиева А.Б. Әлихан Бөкейхан және қазақстандағы ұлт-азаттық мәселелері.....	128
Мақсұтова А.Ә., Жұматайұлы С. «Алаш»- ұлттық қозғалысының тәуелсіздік идеясын жүзеге асыру жөніндегі тарихи ақиқат.....	135
Мухамеджанова Р.Ж., Бальшинов А.У. XX ғасырдың басындағы Семей өңіріндегі халық ағарту ісінің қайраткерлері және қызметі.....	137
Ожерельев О.Е. Становление казахской интеллигенции и демократической мысли в Казахстане.....	141
Уксукбаев А.Е. Формирование ценностных ориентаций подрастающего поколения на основе духовного наследия партии «Алаш».....	145
Баймұланов Ш. Семей және «Алаш» қозғалысы. ұлт-азаттық «Алаш» қозғалысының жетекшісі - Әлихан Бөкейхановтың семейдегі өмірі.....	147
Канжекенова П.Б. М.Әуезов қазақ әдебиетінің тарихын жасаушы.....	151
Тұрсынханова Қ.Қ. Шәкәрім шежіресі –тарих тамыры.....	156

2-СЕКЦИЯ. АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ӘДЕБИ ЖӘНЕ ТІЛДІК МҰРАСЫ

Төлебаева Қ.Т. Қалихан Алтынбаевтың «Гепек батыр», «Қойбағар» дастандары: тарихилық және көркемдік	158
Мүрсәлім Г. О. Жанат Әскербекқызы поэзиясындағы импрессионизм	166
Аитова Ж.Ж. Маралтай шығармашылығындағы лирикалық қаһарман	170
Гүлжиһан Б. К. Әлихан Бөкейханның астрономиялық терминдерінің уәждемесі	173
Зекенова Ш.З. Қазақ тілі терминдерін саралаудың ұстанымдары	178
Айтқожин М.К. М.Әуезовтің шәкірті - Қайым Мұхаметханов	181
Ақтайлақова Н.Н. Алашты оятқан «Оян қазақ»	183
Смагулова А. А. Алаш қайраткерлерінің әдеби және тілдік мұрасы	186
Аскербекова Ж. К. Алаш зиялыларының көркем шығармалары мен аудармаларының ұлт руханиятындағы орны	192
Кундусбаева Н.Б. Шәкәрімнің «Нартайлақ-Айсұлу» поэмасындағы жер-су атауларының тарихи-көркемдік сипаты.....	196
Аймакова Ж.С. Тахауи Ахтанов әңгімелерінің тақырыптық-көркемдік ерекшеліктері	199
Байжанова М.Қ. Ә. Әлімжанов шығармаларындағы «қала» мен «дала» образы	205
Ешниязова М. Ж. Хамза Есенжанов: Жаңа деректер мен ізденістер	208
Әбдіразақ Ш.Ғ. Тектінің ұрпағы – Ғазымбек Бірімжанов	212
Абдыкаримова С.К. Новые сведения о публицистике Алихана Букейханова.....	218
Қайрат Д. Отыншы Әлжановтың ағартушылық туралы мақалалары	220
Мукатова Ж.М.Фразеологиялық бейнелік мәнерлегіш тәсілдер	226
Қанатқызы Ш. Алаш қозғалысы тұсындағы қазақ тілі мен әдебиеті	229
Нурпеисова Е.Б. М.Әуезов өмірінің Семей кезеңінің зерттелуі	236
Накупов А. Алаш ардақтылары және ана тілі.....	239
Абылкасимова Г.А. Олжас Сүлейменов шығармаларындағы түркілік сарын.....	244
Аубакирова М.А. Қазіргі прозадағы үрдістер	249
Ахат А. Д. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы «жан» микроконцептісі	251
Ахметова С.М. Әлихан Бөкейханның қазақ әдебиеті мен баспасөзін дамытудағы аудармашылық рөлі	253
Baltakayeva M. K. A brief critical analysis of the directions of structural, stylistic and semantic features of phraseological units in the theoretical studies of russian and english scientists	256
Бектурова А. К. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесінде туынды сөздердің зерттелуі.....	261
Zhakurova A.M. Structural and content specificity of advertising texts	264
Жумекеева Г. Қ. Ахмет Байтұрсыновтың оқу-ағарту саласындағы еңбектері мен қазіргі кезеңдегі тілдің әлеуметтік мәселелері және тілдік мұрасы	267
Қыдырғалиева Ж. О. Әдеби және тілдік мұрамыздағы алаш ізі	276
Мухаметжанова К.М. Көркем мәтіндегі шылаулардың стильдік қызметі.....	280
Өмірбекова Н.С. М.Әуезов – ғасырдың ұлы жазушысы	283
Тоқтасынова Ұ. М. Алаш зиялылары және ұлт тілі.....	285
Мырзекенова С. С. Тулебаева К.Т. Понятие пародии в литературе	289
Ибрашева Д. Е. Новое содержание "старых" сюжетов. Шварц и Андерсен	296
Какимжанова А. Л. Ахат Шәкәрімұлының шәкәрімтанудағы орны	302
Закирова К.Э. Концепция женственности в русской культуре	304
Таганянова З.О. Поэт Крылов в критике и журналистике	309
Зилькенов С.О. Бөрі бейнесінің архитиптік сипаты	314
Иманбаева З.Ж. «Оғызнама» және қазақ эпостарындағы қалыңдық іздеу мотиві	318
Искакова Ж. К. Определение понятие «метафора» в современной лингвистике	322
Рыбченко-Демьяненко Е. Понятие и структура концепта в современной лингвистике	324
Муратова А. М. Развитие лексического состава русского литературного языка (вторая половина XIX - начало XX вв.).....	327
Мағденова А.Д. Формирование языковой и речевой компетенций при работе с текстом.....	330
Есенбаева Ж. Б. Черты «Гайнственной» повести в «Призраках» И.С Тургенева.....	332
Нурикенова Ж.А. Русская литература 19 века: тема игры и игрока	335
Ақын Ә. Ұлттық тәрбиені жалғастырушы әке (Абай Құнанбайұлының шығармашылығы негізінде)	340
Мусабекова З.К. Әдеби өлкетану мәселелері	343
Бектемирова Л.У. Әлихан Бөкейханов публицистикасының тақырыптық аясы	345

3-СЕКЦИЯ. АЛАШ МҰРАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Сұлтанов Ө.С. Ә. Бөкейхан білім жолында	348
Жанғалиев У.К. Алашорданың әскери кеңесін құру және оның соғыс жағдайындағы негізгі қызметі	353
Kodirova D.A. Development of education in the conditions of sustainable development of the country	356
Кенемолдин М. Әлихан Бөкейхан және сiбiр басылымдары	358
Касымжанова Г.К. Алаштың рухани астанасы - Семей қаласы	364
Шотанова А.Н. Алаш қайраткерлері еңбектеріндегі әлеуметтік-экономикалық аспектілер	367
Зарипова А.А. Уроки национального мужества и интеллектуальной зрелости	368
Жанғалиев У. К. Алашорданың әскери кеңесін құру және оның соғыс жағдайындағы негізгі қызметі	371

4-СЕКЦИЯ. АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ, ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Адилбаева А.С., Болатова К.Б., Бакытжанова А.Б. Алихан Букейхан – общественно-политический деятель, основатель партии Алаш	374
Рамазанова Ф.С. Шакарим. Тернистый путь к истине	378
Ережепова Д.Ж., Адамжанова К.,К. Большевиктік үкімет тұсындағы алаш қозғалысын қаралау саясаты, кеңес билігінің алаш қозғалысына қатысушыларға қатысты көзқарасы мен шешімдері	382
Алимкулова Г.,Н. Әлихан Бөкейхан және ұлт мұраты	389
Бақтыбеков М.Б. XX ғ. басында қазақстанның конституциялық даму кезеңіндегі алаш өкілдерінің саяси құқықтық идеялары мен қызметтері	393
Жакашев Д.Қ. Алаш ұлт-азаттық қозғалысының жетекшісі Әлихан Бөкейхан бастаған қазақ оқығандарының қоғамдық-саяси көзқарастарының қалыптасуы	396
Жаирбаева Ә. Қ. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ санасының шамшырағы	406
Жанғалиев У.К. Алаш орда және қазақ комитеттерінің саяси ұйымдары	409
Захарова А.М. Бақтығали Бисеновтің қоғамдық қызметі	412
Мухамбетжанова Л.Т. Алаш әдебиеттануындағы тәуелсіздік идеясының ұлт әдебиеті және ұлт тарихы (тарихи тұлғалар) арқылы танылуы	414
Нурмаганбетова К.,С. Ғасырлар тоғысындағы алаш қайраткерлерінің идеяларының құндылығы	423
Исаев М. С. Джаханша Досмұхамедовтың «Қырғыз-қазақ күнделікті құқықтарының негізгі ережелері және оны жүзеге асырушы орган ретінде халықтық сот» атты ғылыми-зерттеу жұмысы	429
Қанатұлы М., Адильбаева А.С., Мадриков К.Е. Политико-правовые взгляды Алихана Букейханова	432
Kanatuli M., Adilbayeva A.S., Seytkalieva B.S., Akhmetova D.K. Alaş figürlerinin kültürel ve dilsel mirasi ve modernliđi	438
Санақова С.М.,Маханбет А. Әлихан Бөкейханның шығармашылық мұрасы және қазақ тарихындағы орны	440
Смағұлова Е. Н., Мукышева С.А. Алаш қайраткерлерінің саяси-құқықтық, философиялық көзқарастары	443
Төлеуғали А.Д.,Маханбет А. Алаш зиялыларының рухани сананы қалыптастырудағы идеялары	446
Аманкелдінова С.Қ., Кулмышева Н. А. Жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде жасөспірімдердің құндылық бағдарлары	448
Шаянбаева С.Б., Айдаров Д. Беймәлім Алаш: Серікбай Ақаевтың Семейдегі өмір кезеңінен (1918-1920 ж.ж.)	451
Уксукбаев А.Е. Формирование ценностных ориентаций подрастающего поколения на основе духовного наследия партии «Алаш»	458
Нарматов И. С.Әлихан Бөкейхановтың қоғамдық саяси қызметі	461
Нұржанова А.Н. Ахметжан Қозыбағарұлы – алаш қайраткері	465
Кәрімхан З. Әлиханның бір жолдасы	469

5-СЕКЦИЯ. АЛАШТЫҢ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫ ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ

Арымбеков Б. С., Туреханова К. М. Түсіндіру әдіснамасы	474
Тлебалдина Н. Қ. Қазіргі жаңартылған білім беру жүйесінде А.Байтұрсынұлы шығармаларын оқытудың өзектілігі	480
Қанатұлы М., Адильбаева А.С., Секей С. Наследие Алашской интеллигенции по проблемам просвещения казахских детей (в контексте казахской государственности)	485
Кокебаева Б.С. Шет тілі оқытуда лексикалық құзыреттілікті қалыптастыруда мақал-мәтелдерді қолдану	491
Ахметжанова Э. Т., Султанова Н. К. Мектеп оқушыларының шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық ерекшеліктері	496

Тұрсынханова А.Т. 10-сыныпта прозалық шығармаларды оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер	500
Хамитова Ә. Б. Әлихан Бөкейханның рухани мұрасын тарихи білім беруде пайдаланудың әдістемелік негіздері	505
Ахметжанова Н. М. Білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекетінің жалпы сипаттамасы.....	510
Варзегова Ж. О. Тіл дамыту сабақтарының типологиясы.....	513
Майлыбай М. Мектеп жасына дейінгі баланың сурет салуда тұлғалық ерекшеліктерінің қалыптасуы ...	517
Кабдолова Г. Н. «Құлагер» поэмасы арқылы оқушыларды эстетикаға тәрбиелеу	520
Муратова Б. К. Региональный компонент содержания обучения иностранному языку	524
Омарбаева Ж. Т. Жасөспірімдік кезең тәрбиесі болашақ кепілі	527
Оразбекова Б. Қ. Қазіргі білім беруде құндылықтық көзқарас арқылы мектеп оқушылары арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру.....	529
Кадирсизова Ш. Б., Оралова А.М. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру ерекшеліктері	530
Оспанжан С. Алаш зиялыларының ғылыми-ағартушылық еңбектері: маңызы, құндылығы, өміршеңдігі	532
Панияз Ш.Алаш қозғалысын зерттеу мәнмәтінінде жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру	536
Сапарбаев Т. Қ. Ақпараттық жүйелерде мәліметтерді өңдеуде интеграциялау технологияларын қолдану.....	540
Абдикаримов М. О., Турлыбекова А. Н. Важность психолого-педагогического социального сопровождения.....	542
Бейбітқызы А., Кулмышева Н.А. Оқшаулану түрлерінің ерекшеліктері.....	544
Алтаева З. Ж., Абдиходжаева Н.Б. Қазіргі білім беру үдерісінде Мағжан Жұмабаевтың әдеби мұрасын оқытудың маңызы.....	547
Жандосова М. К.Алаштың асыл мұраты: тіл, жазу, мәдениетін бастауыш сынып оқушыларының бойына дамыту.....	550
Камзаханов А.М., Тусупекова З.Д., Жайсаңбаева Қ.Н. Алаш арыстарының педагогикалық мәдениеті ...	554
Карипбаева Ш. Т. Әлихан Бөкейханның оқу-ағарту мәселелері туралы ой толғамдары.....	557
Султанова Н.К., Қрымбай Б.С. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастыру жолдары	562
Султанова Н.К., Қрымбай Б.С. Қоршаған орта арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудағы мүмкіндіктері	566
Халидина Қ. Е., Кулмышева Н. А. Дарынды оқушылардың зияткерлік қабілеттерін дамыту негіздері...568	568
Құдайбергенов А.Қ., Ибраева Г.М.,Құдайбергенова А.Қ., Алаш арыстарының аманаты - құлдық санадан арылу.....	573
Төлебаева Т.Т. Ұлттық ойындардың бала тәрбиесіндегі орны мен маңызы	576
Елекенова Р.Ә. Шәкәрім Құдайбердіұлының бейнесі бейнелеу өнерінің хақында.....	578

Ғ ы л ы м и б а с ы л ы м

«Әлихан Бөкейхан оқулары - 2023» Алаш мұрасы: тағылым және сабақтастық» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдары. «Alikhan Bokeikhan University» білім беру мекемесі. Абай облысы Семей қаласы. Семей: «Zhardem» республикалық баспа компаниясы. 14 сәуір 2023 жыл, - 584 бет.

Авторлық редакцияда

Scientific publication

Materials of the international scientific-practical conference «ALIKHAN BOKEIKHAN READINGS-2023 Alash heritage: knowledge end succession. Alikhan Bokeikhan University. The city of Semey, Abay region. Semey: Republican publishing company "Zhardem". April 14, 2023-584 pages.

In the author 's edition

Басуға 07 04 2023 ж. қол қойылды. Пішімі 60x84/16 Шартты баспа табағы 20
Әріп түрі Times New Roman. RISO басылымы. Есептік баспа табағы 18,75 Таралымы 500 дана
Тапсырыс № 781 . Бағасы келісімді

Signed in print on 07 04 2023. Paper size 60×84/16.
Typeface Times New Roman. Print RISO. Printed sheet. 36,5. Conditional printed sheet. 36,5.
Circulation 100 copies. Order No. 781

Басылымға жауапты Әубәкірова М.С.
Responsible for the publication M. S. Aubakirova



Семей қ. Мәңгілік Ел,11



@bokeikhan_university



+7 (7222) 44-24-56
+7 700 643 43 56



141@abu.edu.kz



барлық ақпарат abu.edu.kz